Бурхануддин Маргинаидің «Хидоясы» фикх мавераннахр мектебінің тарихы бойынша, бұл аймағындағы шариғаттын шын бар болғаны туралы құнды материалды қамтиды. «Хидоя» материалында мұсылман құқығының мәселелерін зерттеу Мавераннахрда ғана емес, мұсылман дүниесінің тарихи-мәдени аймақтарындағы шариғаттың таратылуы мен қызмет ету механизмін түсіндіру үшін методологиялық мағынаға ие.

¹ Шығыс қолжазбалар жинағы. Т. IV. Ташкент, 1957. Б. 217.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСИ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Оқырманға ұсынылатын біршама жанама түрдегі және қысқартылған, Н.Гродековтың редакциясындағы "Хидояның" аудармасы біздің құқықтық санамыздың, өзбек халқы мәдениетінің құрамдас бөлігі бастаулардың бірі ретінде Бурхануддин Маргинаниидің құқықтық мұрасының қайталанбаушылығы мен маңыздылығын көрсетеді. «Хидояда» баяндалған шариғаттың ережелері мен нормалары, әдістері мен принциптері біздің құқықтық дүниені сезінуімізге, ислам дінін насихаттайтын халықтардың рухани құндылықтары мен дәстүрлеріне жақын.

Біздің халқымыздың тарихи мақұлданған, қазіргі өмір салтының шын гуманистік және демократиялық құқықтық идеялары мен процедураларына кірумен қатар, Өзбекстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің тереңдеуі мен даму аспектілерінің бірі ретінде исламның рухани құндылықтары, шариғаттың құқықтық нормалары мен демократиялық принциптерінің жаңаруы, сонымен бірге халықтық көпшілігінде шариғат құқықтық сана-сезімінің толық өңделген дәстүрлері мен стереотиптеріне өскелең мүддесі болып табылады.

Соңғы 70 жылда бізде өткізілген әлеуметтік эксперименттері шариғаттың сақталу және кері кету процессінің логикалық аяқталуына әкеліп, мұсылман құқығының мәселелеріне әрбір қызығушылықты толықтай жойды. Бұл себептен, Батысқа, сонымен бірге Ресей мен мұсылман шетелге қарағанда, терең монографиялық зерттеулер, мақалалар туралы сөз қылмай, бізде шариғат бойынша қазіргі талаптарға аз-кем сәйкес келетін жұмыстар, мамандар жоқ.

Ал өмір ең алдымен ғалым-заңгерлерден, олардың құқықтық мәселелерге қызығушылықтарын ояту, жалпы құқық жасауға қабілеттілігін ашу үшін, тарихи мақұлданған және құқықтық дүниені түсіну, құқықтық санасы мен исламның дәстүрлі тарату аймақтарының халықтар тәжірибесінің ерекшеліктерін теңбе-тең бейнелейтін тұжырымдаманы, өңдеулерді табуын талап етеді. Өйткені құқықтық манкуртизм біздің халықтардың құқықтық санасының әрекетсіздігі ретінде ғана болмай, көбінде оларды тікелей түршіктіріп, қазіргі құқықтық нормаларға сәйкес өмірге және қызметке қалыпты өтуіне кедергі жасайды.

«Хидоя» заңгерлер, шығыстанушылар, тарихшылар үшін ғана емес, шығыс шындығын талқылуға талаптанатындар да үшін үлкен қызығушылықты оятады. Бірақ

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оны меңгеру қиынға түседі. Ең алдымен тілдік тосқауыл. «Хидоя» араб тілінде жазылып, содан кейін парсы, ағылшын және орыс тілдеріне аударылған. Бірақ мұндай кітаптардың санды саны бар. Бұл аудармалардың бар болған жайғдайдың өзінде де, олар әлемнің түрлі елдер кітапханалары бойынша таратылған.

Х И Д А Я. МҰСЫЛМАН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕСІ

Осы қайта басылым барлық Шығысты зерттейтіндерге, жеке алғанда, мемлекет тарихы мен құқығы, шариғат, мұсылман құқығы, тіпті жалпы Мавераннахрдың тарихы мен құқығы бойынша жұмыс істегенде студенттер мен ұстаздарға, мамандарға маңызды құжатты оқу құралы ретінде көмектеседі. Және де бұл басылым туған өлкені бүкіл әлемге танытқан біздің ұлы отандасымыз Бурханнуддин Маргинанидің естелік құрметіне, және де оның қайтыс болғанынан 800-жылдығына ұштастырылған.

Осы мұсылман құқығы іргелі ескерткішінің қайта басылуына қатысқандардың барлығына үлкен алғысымызды білдіреміз.

Кітаптар туралы бірнеше қысқа мақалаларды ұсынылатын шығармадағы тәртібімен баяндаймыз.

А. Х. САИДОВ,
заң ғылымдарының докторы,
профессор.

I ТОМ

I Кітап. Зекет туралы

«Зекет» термині заңмен бақыланатын қайырымдылық шараны атау үшін қолданылады, бұл жағынан ол жекелеген адамдардың өз мүлкінен кедейлер үшін ерікті түрде беретін қайырым шарасы – садақадан ерекшеленеді; ондай қайырым түрі «Сый туралы» тарауда жан-жақты қарастырылады. Әдетте «қайырымдылық» сөзінің мағынасы қандай да бір өтемді талап етпейтін істі атау үшін жұмсалатындықтан, мұсылман заңдарымен бақыланатын қайырымдылық түрі жайлы сөз қозғағанда «зекет» сөзінің араб тіліндегі мағынасын қазақ тілінде толық және дәл жеткізетін балама жоқтығы ескеріліп бастапқы терминнің өзі қолданылады. Кейбір жағдайда зекет және садақа сөздері бір-бірімен шатастырылады. Алайда бұл сөздердің араб тіліндегі мағына алшақтығы айтарлықтай, зекет діншілдікті сипаттамайтын және о дүниелік игіліктен үміт күтуге құқық бермейтін, тек заңмен белгіленген міндетті орындауды білдірсе, садақа әрі рухани әрекетті, әрі дене қимылын білдіретіндіктен болашақта өтемін алудан үміттенуге құқық береді. Зекет салығы Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с) өзінен басталады, бастапқыда оны өзін жақтаушылар арасындағы ең кедейлердің қажетін өтеу үшін өз шешіміне қарай жұмсады; бірақ кейіннен зекетті тарату нысандары Құранның түрлі аяттары арқылы толық та дәл анықталды. Атап өтуге тиісті бір жағдай, пайғамбар өз отбасының мүшелерін зекет таратылатындар қатарынан шығарып тастады, әсіресе бұлардың қатарында хашим тайпасының мүшелеріне тән болған өз-өзін ұстаудағы менменшілдік, өркөкіректік танытқандар болды. Алайда оларға бұның өтемін қайтару үшін қоғам мүлкіне түсетін әскери жорықтар олжасының бестен бір бөлігін алуға рұқсат берді. Мұхаммед пайғамбардан кейін бірнеше ұрпақ тұсында мұндай зекет дұрыс жиналып келді және анықталған міндетке сай тиісінше, дәл таратылып отырды.

Мұсылман мемлекеттерінің басым көпшілігінде зекет қазіргі уақытқа дейін өндіріп алынады, бірақ оның алғашқы нысандарына әлдеқашаннан таратылмайды; және бастапқыда кедейлердің басындағы жағдайды жеңілдету үшін жұмсалған зекет енді тіпті ең бай мемлекеттердің өзінде оның басшысының қазынасына түседі, ал ол болса өз пайдасы үшін жиналған зекеттің өтемі үшін мешіттер салу және өзінің сарайы маңында біраз кедейлерді ұстап, олардың қажетін қамтамасыз ету арқылы ар-ұятын бағындыруға тырысады. Кедейліктен немесе билеушілердің сарандығынан туған бұл тәртіп енді қалыпты құқық сияқты болып шықты және зекет жинаудан алынған кіріс мемлекеттік деп саналатын болды. Көптеген ғасырлар бойы зекет жылжымайтын мүліктен алынбайды және осы атауға байланысты қазір бір аумақтан басқа бір

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

аумаққа тасымалданатын тауардан кедендік баж салығы жиналады. Зекет туралы кітапты оқи отырып, оны жинау жөніндегі ережелердің көпшілігі Арабия мен Сирия үшін қолайлы екенін байқауға болады, себебі бұл заңдар о баста сол жерлерде туындады және ғасырлыр бойы тұрғындардың басты байлығы болып мал саналды. Зекет жөніндегі заңдар айтарлықтай тұрғыда ескіргенмен және өзінің бастапқы мәнінен айырылғанмен, олар назарда ұстауға лайық, себебі, зекет туралы кітапта тікелей нысан ретінде қарастырылмаған көптеген мүлік жайлы мәселелер кейде сол заңдар арасында кездейсоқ сөз болады. Зекет туралы кітапта сондай-ақ ораза айы кезінде кедейлерге берілетін пітір садақасы жайлы да тарау бар, пітір садақасын беру діни нұсқау болып табылады және оның көлемі (садақаның басқа түрлерімен салыстырғанда) заңмен дәлме-дәл анықталаған.

Зекет – ғибадаттың немесе рухани құқықтың бес кітабының бірі. Одан кейін төменде «муамалат» (мәміле) немесе дүниауи құқық жайлы сөз қозғалады, ол некеден басталып адамның соңғы дүниауи актісі саналатын мұра жөніндегі өсиетнамасымен аяқталады. Алайда гермафродиттер жайлы тағы бір қосымша қысқа тарау берілген.

II Кітап. Неке туралы

Барлық келісімдердің ішіндегі аса маңыздысы саналатын бұл мәміленің бастапқы негіздері жайлы тамаша өте қарапайым тілмен кітаптың бірінші тарауында айтылады: ешбір іс қағазын толтырудың қажеттілігі жоқ; ешқандай да салт, рәсімнің орындалуы талап етілмейді; бұл актінің заңдылығы некелесуші тараптардың куәгерлер саны жеткілікті болған жағдайда жасалатын тек ауызша мәлімдемесіне негізделген. Жазбаша міндеттер тек Исламның тарауынан біраз уақыт өткен соң барып қана пайда болды. Бұл тараудың бөлімдері некеге қойылатын тыйымдар мен шектеулерге толы, бұл жағынан мұсылмандар мен иудейлер заңдары арасындағы жақын ұқсастық байқалады. Бұл шектеулердің ең бастылары ешкімнің туыстық қарым-қатынастық аясында некеге тұруға тыйым салынған туыстарымен некелесуіне болмайтыны, бір мезгілде төрт әйелден артық алуға болмайтыны және туыстық дәрежесі арқылы тыйым салынатын, бір-біріне жақын екі әйелге үйленуге болмайтыны сияқты мәселелерді қамтиды. Ғалым, саясаткер және зерттеуші үшін әйелдерге қатысты II және III тарауларда айтылған заңдар барынша қызықты ерекшеліктер болып табылады; мұсылмандар арасында әйел жынысы көптеген жеке құқықтар мен тәуелсіз артықшылықтарға ие екенін көруге болады, әрине, олар мұсылман әйелдер заң немесе ғұрыпқа сай бағынуға тиісті құқықтық шектеулердің орнын толтырады. Бұл жеке құқықтар неке туралы кітап мәтінінің өзінде егжей-тегжейлі қарастырылатындықтан оларды қайталап жатудың қажеттілігі жоқ. Бұл жеке артықшылықтардың ең жақсысы болып әйелге некеге тұру барысында қамқоршыларына қарамастан таңдау жасауға берілетін еркіндік, сондай-ақ егер неке келісім-шарты қыз баланың өте ерте жасында жасалған болса оған кәмелет жасына жеткеннен кейін берілетін таңдау құқығы саналады, сонымен қатар кәмелет жасының өзі заң арқылы өте ерте белгіленеді. Оған қоса әйел өзінің неке сыйына толықтай иелік етуге құқылы, оны қалай жұмсағысы келсе де – сыйға бере ме, мұраға қалдыра ма немесе басқа бір жол арқылы ма – ерінен және оның жеке мүлкіне қатысты қойылатын қандай да бір қиын міндеттерден

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тәуелсіз түрде өзі шешеді. Алтыншы тарау мұсылман заңгерінің әйел жынысының сезіміне қатысты мәселеде қалыптан тыс сыпайылығын танытады, онымен қатар ол, әрине, гаремнің бейбіт өмірімен қатар, әділдік талаптарын да сөз етеді. Алайда бұл жағдайда мәтіннің өзі барлық жағдайды анықтап береді.

III Кітап. Сүт туыстық туралы

Жай ғана нәзіктік ақ пейілділікті әлі бұза қоймаған қоғамда сүт туыстықтың байланысы аталас, қандас туыстықтан кейін ең берік және ұзақ мерзімді болып келеді. Біздің еліміздің ең алыс аудандарының өзінде сүт ана жалдамалы қызметшіден көрі қарапайым бір туыс сияқты саналады. Азия халықтарында бұл қатынас одан да әрі таратылады: омырау енген бала өзі алғашқы азығын алған әйелдің қандас туысына дейін жақындатылады. Осының нәтижесінде туыстық орнайды, ол бойынша қандас туыстық кезіндегідей некеге тұруға болмайтын туыстық жағдай пайда болады. Сол себепті сүт туыстық арқылы тұруға болмайтын неке тыйымы неке жайлы алдыңғы кітаптың екінші бөлімінде айтылған қандас туыстық жағдайындағыдай болып келеді. Қарастырылып отырған бұл кітап соған қосымша болып саналады.

IV Кітап. Ажырасу туралы

Алғашқы алты тараудың мазмұнынан оқырман ажырасу жайлы мұсылман заңдарының барлық жағынан иудей заңдарына жақын екенін байқай алады. Ажырасу үшін де некеге тұру кезіндегідей, ешбір жазбаша шара орындау талап етілмейді, оның үстіне некені бұзу ерінің жай ғана ауызша жасаған мәлімдемесі арқылы жүзеге асады. Көптеген мұсылман елдерінің әдет-ғұрыптары мен жергілікті жағдайлары ажырасу туралы жазбаша құжаттардың болуын талап етеді (бұл жағдайда мұсылмандар еврейлерден үлгі алған) және ол кем дегенде аса бір маңызға ие шарт болмаса да оның орындалмауы үлкен әдепсіздік саналатын болды. Ажырасу туралы заңдарды оқу барысында ерінің әйелінен соншалықты жеңілдікпен бостандық алатыны таң қалдырады, егер еркектің басында тым жиі кездесетін жеңіл ойлылық пен жылдам құбылмалықты еске алатын болсақ, бұл жеңілдік әлсіз жыныстыны ашу немесе қыңырлық тудыратын қорлықтың ең төмен сатысына жеткізетін сияқты. Алайда араб заңгері ажырасуды оған барғысы келетін сылтаулардың барлығы болмаса да басым көпшілігі заңсыз деп саналатын жағдайлармен шектеп қойды. Талақ өз күшін жоймауы үшін ол үш рет айтылуы тиіс және ажырасу формуласының жеке айтылуларының арасында аз дегенде бір ай уақыт өтуі қажет; немесе ажырасуға ашу немесе ыза себепкер болған жағдайда ойланатындай және өкінуі мүмкін болатындай уақыт өтуі тиіс. Бұл уақыт өткенге дейін ажырасу татуласуды білдіретін қандай да бір сөзді айту немесе акт арқылы кез-келген уақытта күшін жоюы мүмкін. Сонымен қатар күйеуі егер өз әйелінің шектен тыс жаман қылығына дәлелдер келтіре алмаса неке сыйын қайтарып беруі міндетті. Некені әділетсіз немесе өз дегенімен бұзуға ең мықты кедергі бола алатын заң мынау – күші жойылмайтын ажырасу кезінде өзіне талақ берген ерімен қайта қосылуы үшін ажырасқан әйел басқа бір еркекпен некеге тұрып, оның іс жүзінде орындалуы және оның осы жаңа ерінің талақ беруі тиіс. Осының, жоғары

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

дәрежедегі парасатты шешімнің арқасында, ажырасу мұсылмандар арасында үлкен ұнамсыздыққа ие және ол абыройдан айыратыны белгілі, сондықтан оны жүзеге асыру заң жүзінде жеңіл болғандығына қарамастан ол салыстырмалы түрде өте сирек кездеседі. Он бесінші тараудың атауы мен орнына қарап, әрине, оның ажырасатын әйелге сынақ үшін белгіленген мерзімге жалғаса төленуі тиіс ақы жөнінде түсіндіреді деп қорытынды шығаруға болады. Алайда бұл іс жүзінде бұлай емес: бұл тарауда тек әйелге ғана емес, сонымен бірге ата-ана, балалар, кедейлер немесе еңбекке қабілетсіз туыстар мен құлдарға да төленуі тиіс ақыға ие болу құқығы қарастырылады. Үй тұрмысын орнату бойынша, бұл, бәлкім, ұсынылып отырған бүкіл шығарманың барынша пайдалы бөлімі мүмкін. Оның көптеген тұстарында адамгершілік мәселелері айтарлықтай дәрежеде көрініс береді және ол төмендегі кітапқа орынды кіріспе бола алады

V Кітап. Құлдарды бостандыққа жіберу туралы

Құлдарға жақсы ниет таныту оларға қатысты шығарылған кейбір жекелеген шешімдердің қалыпты адамгершілік сезімдер мен адамның табиғи ар-намысына қайшы келетіндігіне қарамастан, жалпы мұсылман заңдары ұстанымдарының артықшылығы болып танылады. Құранның XXIV тарауында құлдарға осы жақсы ниетпен қарау бұйырылған сноска; бұл бағыттың белгілері қарастырылып отырған шығарманың көптеген бөлімдерінде байқалуы мүмкін. Практика жүзінде мұндай жақсы ниет таныту тек мұсылман құлдарға қатысты сақталады, себебі, пайғамбар ізбасарларының басқа дінді ұстанушы құлдарға мұндай қарым-қатынас жасауды өздеріне міндет санамайтынын, әрине, болжауға болады. Алайда біз мұсылмандардың құлдарға ие болуы жөнінде Тунис пен Алжирдегі айуандардың қолына құлдыққа түсетін христиандар төзуге тиісті қаталдықтар бойынша ұғым қалыптастырсақ үлкен әділетсіздік жасаған болып табыламыз. Құлдарды бостандыққа жіберуге қатысты ережелер тек мұсылмандарға қатысты ғана қолданылады; ал құлдармен жақсы қарым-қатынас орнатуды бұйыратындары барлығына бірдей қатысты. Көптеген жағдайда заң құлдарды әділетсіздіктен қорғайды және оларды «құқық іздеушілер» деп жариялайды. Кейбір жекелеген жағдайда, сонымен қатар, заң бұл санаттағы, ең бір үмітсіз және кемсітілген адамдарға түрлі жеңілдіктер береді, мудаббарлар, мукатабтар, умми-уалад және мазундар туралы заңдарды көруге болады. Жалпы алғанда, мұсылман құл Еуропаның көптеген елдерінің кедей және тәуелді таптарының басындағы бүкіл жауыздықты тым аз, ал мүмкін, мүлде басынан өткермейді. Егер мұсылман құлдар тәртібіне сай ынталандыруға лайық деп табылса, онда көптеген жағдайда олармен құлдардан көрі қарапайым достар және сенім көрсетілген адамдармен арадағыдай қарым-қатынас орнатылады, олардың қолы жоғары мемлекеттік лауазымдарға жетпесе де, мазундар сипатында олар көбінесе өздеріне бостандық сатып алуға мүмкіндік беретін байлық жинайды. Бостандыққа жіберу тәртібі осы кітаптың алғашқы бес тарауында егжей-тегжейлі баяндалған.

VI тарау Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с) дейін де Арабияда көптен болған және тек пайғамбар бекіткен ғұрып жайлы баяндайды: құлды бостандыққа жіберу мырзаға діншілдік актісін жасауға мүмкіндік береді, оны орындау, қайтыс болғаннан кейін де,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оның мүлкіне зиянын тигізе алмайды. VII тарауда аса жоғары маңыздылыққа ие мәселенің, атап айтқанда (адамның) тегін анықтау мәселесінің бір бөлігі қарастырылған. Бұл тарау құл әйелдерден туған балалар, некеде туған балалар сияқты заңды екенін, сондай-ақ мұсылман құқығы да рим құқығы сияқты некеден тыс заңсыз туған бала мен оның әкесінің туыстығын мойындамайтынын, бірақ заңсыз туудың кінасын тек бір ғана анасына жүктейтінін көрсетеді.

Ескерту. – V кітаптың мәтінде баяндалмағанын, себебі, құл ұстау ағылшын иеліктерінде 1843 жылы жойылғанын атап өту қажет; соған байланысты, көнені жинаушылар үшін ғана қызықты болмаса, бұл мәселеге қатысты заңдарды баяндаудың қажеттілігі жоқ.

VI Кітап. Ант туралы

Ант беру қоғамды байланыстырушы элементтердің бірі болып табылады; көптеген жағдайда ол қоғамдық қауіпсіздік пен жеке меншікті басты қамтамасыз етуге қызмет етеді. Сондықтан үнемі және барлық қоғамда ант бұзушылық аса қауіпті қылмыс ретінде жазаланып келді. Алайда, мұсылман құқығы бұл қылмыс үшін, жала жабуды санамағанда, арнайы жаза белгілемейтінін ескеру қажет. Себебі, заңгер о дүниеде жазалану үрейінің өзі оның алдын алу үшін барынша күшті деп санайтын тәрізді. Бұл көзқарас жазалы және күдікті саналатындардан талап етіліп, олардың тазару үшін беретін антына қатысты күшке ие. Мүлікке қатысты істерде сот ант бұзу қылмысын тәртіпке салудың жеңіл жолымен жазалайды; бірақ төтенше маңызды жағдайларда, мәселе адам өміріне қатысты болғанда, ант бұзу қылмысының жалғыз салдары ретінде әділетсіз төгілген қан үшін өтелетін өсімақы саналады. Әрине, мұндай жаза мүлде аз. Алайда заң шығаруда жіберілген мұндай кемшілік тек мұсылмандарға ғана тән емес.

Ескерту. – Қазіргі уақытта ант бұзу қылмысы ағылшын қылмыстық кодексі бойынша жазаланады.

II ТОМ

VII Кітап. Жазалар туралы

Бұл кітапта тек діни сипаттағы қылмыстардың жазасы туралы сөз болады: жеке адам мен меншікке қатысты қылмыстар арнайы тарауларда қарастырылады. Зинақорлыққа қатысты жаза, әрине, қатал; алайда біз бұл қаталдықты Левиттің кітабының XX тарауында дәл осы қылмыс туралы айтылғанмен салыстырсақ оны айыптауға бармаймыз. Іс жүзінде, айғақ ретінде талап етілетін куәгерлер түсініктерінің өздерінің ерекшеліктері бойынша бұл қылмыстың қандай да бір уақытта арабтардың

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

көшпелі тұрмысының өзінде нақты ашылуы мүмкін бе екен – ол сұрақ тудырады, сондықтан мұндай жазаны белгілеу айыпты тараптар қылмысын ерікті түрде мойындағаннан басқа жағдайларда айтарлықтай дәрежеде өз мәнін жоғалтқан болып шығады. Мұндай мойындаулар исламның алғашқы кезеңінде кейбір жағдайда кездескені белгілі; әділ кесілген өлімді күтіп тұрып қылмысын мойындап, айтуы Мұхаммед пайғамбардың алғашқы ізбасарларының дінге ынтасының айтарлықтай жоғары болғанын көрсетеді. Алайда, осы жағдайлардың өзінде өлім жазасын іс жүзінде орындау қажеттілігін болдырмас үшін барынша сақтық шараларын жасау ұсынылады.

Бұл кітаптың алғашқы үш тарауы тек қана зинақорлық және кез келген заңсыз байланыстар үшін кесілетін жазаларды қарастырады.

Үшінші тарау куәгер түсініктерін айтқаннан кейін оларды шектеулерге қатысты қызықты ережелерді қамтиды. Бұл ережелер қылмыстық практикада қылмыстың барлық түрлеріне таралады. Бұл тарауда сондай-ақ куәгер түсініктері жайлы назар аударуға тұрарлық көптеген жалпы заңдарды табуға болады.

Маскүнемдіктің жазасы туралы ілімді қамтитын төртінші тарау мұсылман құқығы бойынша шығармада мұндай жарамсыз қылыққа қатысты болуы мүмкін деген жұмсақтықтың көптеген мысалдарын көрсете алады, шамасы, белгілі бір дәрежеде ішімдік қолданысы үшін заң тарапынан қуғындау қаупіне ұшырамауға болатын сияқты.

Бесінші тарауда жаланың барлық түрлері жайлы айтылады, бұған ер немесе әйел адамның жақсы атағына зиян келтіру мақсатында айтылған кез келген сөзді жатқызуға болады, сондай-ақ оның айтылуының заңдылығына күман тудыруға да болады. Жала жабудың жазасы тек әділ ғана емес, әбден қисынды салдармен қоса жүреді; жала жабушы соңында, қашан болсын куә болу құқығынан біржола айырылады.

Алтыншы тарауда қарастырылатын түзеу жазалары жеке адамға жасалған ұсақ тәртіпсіздіктің кез келген түрінен бастап, қорлау мен балағатты қоса алғанда белгіленеді. Іс жүзінде, Түркия, Персия мен Үндістанның қазіргі заманғы мұсылман соты белгілейтін жазалардың үштен екісі *таазир*, түзеу жазасы санатына жатады.

Қарастырылып отырған кітапта құлдарға кесілетін жазалардың жұмсақтығын атамай кетуге болмайды, әрі оларға дінге қарсы жасалған кез келген қылмысының түрі үшін басы азат қылмыстыларға берілетін жазаның жартысы беріледі. Мұндай жұмсақтық құлдарға қатысты сезімнің ерекше сыпайыгершілігін танытатын ниет арқылы түсіндіріледі.

VIII Кітап. Ұрлық туралы

Бұл кітапта ұрлықтың ең елеусіз түрінен бастап барынша қатаң түріне дейін барлығы қарастырылады. Ұрлық, егер оның соңынан адам өлтіру болмаса, үнемі және бір тәсілмен дене мүшесінен айырумен жазаланады; егер адам өлтірілсе қылмыскерге кек алу заңы бойынша өлім жазасы кесіледі. Ұрлық үшін кесілетін жазаның мұндай түріне қатысты оның жарамдылығының төмендігін ескере отырып көптеген қарсылық айтуға болады. Алайда, бұл – ұрлыққа қатысты Құранда көрсетілген бірден бір жаза.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бұл кітаптың VII тарауы ерекше назар аударуды қажет етеді, себебі ол қоғамдағы татулық пен қауіпсіздік қарсы жасалуы мүмкін ең соны және жауыз қылмысты қарастырады. Бұл тараудың, сондай-ақ ұрлық туралы заңдардың көптеген басқа да жеке бөліктерінің мәнін түсіну үшін мұсылман заңдары жүзеге асатын елдер тұрғындары ұстанатын әдет-ғұрыптардың ерекшеліктерін ескеру қажет. Осы кітаптың соңында қызбалық кезінде жасалған өлімді қарастыру кезіндегі заңның жұмсақтығын көрсететін тамаша мысал берілетінін атап өту қажет.

Ескерту. – VIII кітап тастап кетілді, себебі, қазір Үндістандағы ағылшын иеліктерінде ұрлық 1860 шыққан қылмыстық кодекс арқылы жазаланады.

IX Кітап. Нұсқаулар

Бұл кітап Мұхаммед пайғамбардың саяси нұсқаулары деп атауға болатын жағдайлардың басым бөлігін қамтиды. Ол саяси тұрғыдан да, құқықтық тұрғыдан да пайдалы: бірінші тұрғыдан пайдалы болатын себебі, арабтардың өздері алғашқы жаулап алушылықтары кезінде басшылыққа алған (және олардан кейінгі барлық мұсылман ұрпақтары қабылдаған) ұстанымдарын түсіндіреді; екінші тұрғыдан пайдалы болатын себебі, бұл жерде жаулап алынған елдерге қатысты баяндалған ережелердің көпшілігі қазіргі уақытқа дейін өз күшін жойған жоқ.

X Кітап. Тастандылар туралы

Мұхаммед пайғамбардың өз миссиясын жүзеге асыруы кезіндегі ең алғашқы және барынша мақтауға тұрарлық істерінің бірі болып оның өз отандастарының жас балаларды тағдыр тәлкегіне тастап кететін немесе оларды асырай алмайтын жағдайда өлтіріп тастайтын жабайы ғұрыптарын жұмсартуы саналды. Қарастырылып отырған кітап Мұхаммед пайғамбардың осы мәселе бойынша қалыптастырған қағидаларының егжей-тегжейлі түсінігі болып саналады.

XI Кітап. Табылған заттар туралы.

XII Кітап. Қашқын құлдар туралы (V кітаптың себебімен қалдырылып кетілді)

XIII Кітап. Хабарсыз кеткендер туралы

Бұл кітаптарда баяндалған ережелер жалпылай алғанда кәдімгі табиғи әділдікпен қатаң түрде келіседі және барлық игілікті қоғамдарда осындай ережелерге қойылатын талаптарды толығымен қанағаттандырады.

XIV Кітап. Серіктестік туралы

Бұл кітап жекеменшік мүлікке қатысты практикалық жағынан пайдалылығынан көрі тапқырлығымен танылатын көптеген нәзік айырмашылықтарды қамтиды. Оқырман бұл пікірлердің көпшілігін өмірлік практиканың жемісінен көрі ұзын-сонар сөйлей беретін діндардың схоластикалық сандырағы немесе сауданың еркін тынысы деп санауы мүмкін. Алайда осы тектес сансыз пікірлердің арасынан іс жүзінде

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

көптеген маңызды практикалық ережелер кездеседі. Жекеменшік туралы көптеген мұсылман заңдары (оларды орнату осы еңбектің басты мақсаттарының бірі болып табылады) кейбір жағдайда өте дәл баяндалады; оларда кездесетін іс жүзіндегі байлыққа қарсы тұратын болжалды байлықтың нәзік бөліктері көптеген ғасырлар бұрын мұсылман мемлекеттерінде осы мәселелер өз шешімін тапқан нәзік тұстар мен дәлдіктің қызықты картинасын бере алады.

XV Кітап. Уақыфтар туралы

Барлық мұсылман елдерінде жер телімдері, үйлер және түрлі жылжымалы немесе жылжымайтын мүліктерді қайырымдылық немесе дінді қолдау мақсаттарына арнау ғұрпы қалыптасты. Мешіт салу, су қоймасын орнату, тіпті құдықты жалпылама қолданысқа арнау да осы санатқа жатады; монғолдар билігінің гүлденген дәуіріндегі қайырымдылықтың немесе діншілдіктің пайдалы көрінісі болып табылатын осы тектес көптеген асыл ескерткіштерді Үндістаннан күні бүгінге дейінге кездестіруге болады. Шындығында, бұл билеу әлдеқашан өзінің күшін жоғалта бастады, онымен қатар мұсылмандық діншілдік пен әсемдік ескерткіштерінің де құлай бастағаны байқалады. Көптеген жер телімдері әр уақытта діндарлық немесе қайырымдылық мақсаттарға арналды және арнау актілерінің көпшілігі күні бүгінге дейін жалпылама айм атауымен өз күшін жоғалтқан жоқ. Осы жағдайға байланысты қарастырылып отырған кітап айтарлықтай көңіл бөлуге лайықты, себебі, онда осындай мақсатпен меншік мүлікті алудың түрлі тәсілдері аса дәлдікпен талқыланады.

XVI Кітап. Сауда-саттық туралы

XVII Кітап. Ақша ұсату туралы

Бұл кітаптарды егжей-тегжейлі қарастыру алғысөзде баяндағаннан көп орын мен уақыт алған болар еді. XIV кітапқа қатысты біз жасаған ескертулерді барлық жағынан осы екі кітапқа да қлдануға болады. Сауда-саттық туралы кітап көптеген жанама мәселелерді қарастырады, олардың арасында қызықты саналатыны - VIII тарауда қарастырылған өсімқорлық. Өсімқорлық жайлы мәселеде мұсылмандар бұл еврейлерге бұл іспен айналысуға тыйым салатын иудей заңдарын дәл қабылдап алды. Ақша ұсату туралы кітап белгілі дәрежеде осы тарауға қосымша болып бола алады, себебі, онда баяндалған заңдардың басты мақсаты, шамасы, қымбат металдарды айырбастау кезінде өсімқорлықтың алдын алу болып саналады.

XVIII Кітап. Кепіл және кепілдік туралы

Бұл кітапта жеке адам үшін, сондай-ақ мүлік үшін кепілдіктің әр түрі қарастырылады; ол практикалық тұрғыдан, әсіресе, кепіл беруші туралы заңдағы көптеген маңызды мәселелерді қарастырады, сондықтан іждаһатты оқуды қажет етеді.

XIX Кітап. Қарыздарды аудару туралы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бұл кітап белгілі бір дәрежеде алдыңғы кітапқа қосымша болып саналады, себебі, онда қарастырылатын келісім әдетте қарызға берушіге кепілдік беру тәсілімен жүзеге асады.

XX Кітап. Қазылардың міндеттері туралы

Бұл кітапта қарастырылатын сұрақтар барлық елдер үшін ерекше маңызға ие, себебі қазылардың іс-әрекетіне негізінен кез келген қоғамның жақсы тұрмысы мен бақыты байланысты. Мұсылмандар бұл мәселеге үлкен береді, сондықтан белгілі заңгерлер тарапынан оны қарастыратын көлемді көп шығармалар жазылды. Бұл кітаптың I және II тарауларында қысқаша түрде сот орындауға міндетті мінез-құлық ережелері анықталады; алайда, осы және кейінгі тарауларда берілген пікірлер қарастырылатын сұрақтан қатты алшақтайды, шындығында, олардың орны басқа кітаптарда болуы тиіс.

XXI Кітап. Куәгерлер түсініктері туралы

XXII Кітап. Куәгерлер түсініктерінен бас тарту туралы

Бұл екі кітап та бүкіл шығармадағы ең пайдалы кітаптар қатарына жатады және сот рәсіміндегі кейбір барынша маңызды ұстанымдарды қарастырады. XXI кітаптың соңғы тарауы ант бұзушылық үшін берілетін жазалар өте жұмсақтығын және сол қолданысында адамдарды қорқытудан көрі олардың сезіміне көбірек бағытталғанын көрсетеді. Бұл жұмсақтық әдетте біздің де заңгерлер беретін пікірлермен түсіндіріледі. Абыройсыздық пен куәлік беру құқығынан айырылу болашақта мұсылман заңдары кесетін жазалар сияқты міндетті болуы мүмкін; бірақ қайткен күнде де жалған куәлік беру, жалпы алғанда, мұсылмандар арасында христиандар арасына қарағанда аз жеккөрушілік туғызады.

III ТОМ

XXIII Кітап. Сенімхаттар туралы

XXIV. Талап туралы

Бұл кітаптардың біріншісі айтарлықтай ерекшелікке ие емес, себебі, сенімді өкілдер мен әр түрлі уәкілдер жайлы заңдар жалпы алғанда бізде қолданыстағы заңдарға ұқсас. XXIV кітап негізінен дауларды шешу, ант қабылдау және соған ұқсас мәселелер туралы ережелерді түсіндіреді; сондай-ақ онда даулардың түрлі себептері туралы көп жанама мәселелер қарастырылады. V тарауда жоғарыда сөз болған даудың тууын анықтау мәселесі талқыланады; көп әйел алушылық пен күң ұстаушылыққа жол беретін барлық қоғамда бұл мәселе даудың жиі нысаны болуы тиіс.

XXV Кітап. Мойындаулар туралы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бұл кітап туралы сөз болғанда тек мұсылман құқығы бойынша меншік құқығын анықтау немесе оны басқаға аудару кезінде мойындаудың формальды актінің күшіне ие болатындығын атап өту қажет.

XXVI Кітап. Келісімдер жайлы XXVII Кітап. Музарабат туралы

Бұл кітаптарда көптеген техникалық сипаттағы мәселелер қарастырылады. Музарабат, шамасы, өсімқорлықта кіналаудан құтылу үшін ойлап табылған айла түрінің бірі болған; мұндай айла арқылы дәулетті адам өсімқорлықпен кіналанбай-ақ өзінің капиталынан кіріс таба алады. Келісімнің мұндай түрі Үндістанда өте жиі кездеседі.

XXVIII Кітап. Сақтау үшін қалдыру туралы XXIX Кітап. Несие туралы XXX Кітап. Сыйға беру туралы

Бұл кітаптарда, негізінен, әдеттегі жағдайларда қолданылатын қарапайым ережелер баяндалады. Алайда, сыйға беру туралы мұсылман құқығы рим құқығынан сыйлаушыға өзінің сыйын кері қайтарып алу үшін шектеусіз билік беретіндігімен айтарлықтай ерекшеленітінін атау қажет.

XXXI Кітап. Жалға алу туралы

Бұл кітап айтарлықтай практикалық маңызға ие, себебі, онда жерді жалға беруден бастап жұмысшыны немесе малды жалдауға дейін құндылықтарды пайдаланудың сан түрі қарастырылады.

XXXII Кітап. Мукатабтар туралы XXXIII Кітап. Қамқорлық туралы

Бұл кітаптарда баяндалған заңдардың көпшілігі қазір қажетсіз болуына байланысты практикалық мағынасын жоғалтқан болуы, немесе Арабияда, Персияда және Түркияда ғана сақталып қалуы мүмкін. Алайда қамқор болушыға берілетін артықшылықтар мен жеңілдіктер әлі күнге дейін өз күшін жоғалтқан жоқ және барлық мұсылман елдерінде көбіне даудың нысаны ретінде көптеген құқық мәселелері бойынша үлкен маңызға ие. Құлға өз бостандығы үшін саудаласу және сатып алу құқығын беру құл иелену туралы мұсылман заңдарын өзіндік тұрғыдан айқындай түседі.

XXXIV Кітап. Мәжбүрлеу туралы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Заңгерлердің, жазушылардың басым көпшілігі бостандықтың болмауының, мәжбүрлеудің түрлі қылмыс жасауға итермелейтіндігімен және осындай мәжбүрлеу арқылы істелген кез келген әрекеттің заңды күші болмайтындығымен келіседі. Алайда мұсылман кодексінде бұл ереже міндетті болып қолданылмайды, себебі қарастырылып отырған тараудан көрініп тұрғандай, мәжбүрлікпен жасалған келісім немесе басқа әрекеттер дегенмен заңды күшке ие және қорқыныштың ықпалымен жасалған қылмыстар белгілі дәрежеде кіна ретінде жауапқа тартылады.

XXXV Кітап. Қамқорлық туралы

Бұл кітапта әдеттегі және кездейсоқ құқығынан айырылушылықтың түрлері қарастырылады. Бұл кітаптың екінші тарауы мұсылман заңдарының барынша көрнекі ерекшеліктерінің бірін қарастырады. Кәмелет жасына толғандарға заңды түрде қамқорлық жасаудың бүкіл қоғамға қаншалықты пайдалы еенін қарастыру біздің міндетімізге жатпайды. Алайда мағынасыз ысырапшылдық пен ақылсыздықтың басқа да барлық түрлеріне орынды шектеулер қою дұрыс болып саналады; мұндай шектеулер жалпылама таратылған жағдайда отбасылық мүлік пен берекені қорғау үшін пайдалы болатыны күдік тудырмас еді. III тарауда баяндалған қарыз алушыларға қойылатын тыйымдар жайлы ережелер толық назар аударуды қажет етеді.

XXXVI Кітап. Айрықша құқықты құлдар (мазундар) туралы

Мырзаның өз құлына бостандықта туған адамға тән барлық дерлік құқықтар мен артықшылықтарды беруіне өкілеттік бере отырып, оған өзінің бұлжымас иелік ету құқығын сақтайтын мұсылман заңдарының бұл нұсқауы жалпы алғанда мұсылман құқығына тән, құлдарға көрсетілетін қамқорлықты танытады. Іс жүзінде бұл нұсқау мұндай айрықша құқыққа ие құлды қандай да бір артықшылықтардан айырылған және өз еркіне иелігін жоғалтқан жай ғана жұмыс күшінен көрі бағынышты клиент дәрежесіне көбірек жақындатады.

XXXVII Кітап. Заңсыз басып алу туралы

XXXVIII Кітап. Шафи туралы

Бұл кітаптарда белгілі маңыздылыққа ие мәселелер қарастырылады. Олардың біріншісінде баяндалған нұсқаулар негізінен алғанда табиғи әділдікпен айқындалған; екіншісінде баяндалатын ережелер аралас иеліктің ыңғайлылығы мен құрылымы туралы баяндайды. Заңсыз басып алу туралы кітаптың кейбір бөліктері Арабияға тән белгілі ғұрыптар арқылы түсіндіріледі. Ортақ жылжымайтын мүлікті алуға мирасқорлық құқығы мұсылман заңдары жинағының ерекшеліктерін танытады. Алайда ол жеке тұлғалардың мүдделері үшін табыс немесе қолайлылық тудырса да, бітпес даудың тууына себеп болу мүмкіндігіне байланысты бұл құқықтың өзінің пайдасыз жақтары бар. Белгілі шектеулер жағдайындағы шафи әділ және адамгершілік бар нұсқау болып табылады.

IV ТОМ

XXXIX Кітап. Бөлу туралы

Бұл кітап негізінен мұраға қалдырылған мүлікті бөлуді түсіндіреді. Мұсылман құқығы бойынша, рим құқығындағы сияқты, қандай да бір мүліктің ортақ иелері оны өз араларында бөліп ала алады, әрі оны бөлу актісі үшін ерекше қоғамдық тұлғалар тағайындалады. Бұл ережелер басқа да ортақ иелері бар мүліктерге қатысты қолданылады. Бұл тарауда баяндалған зерттеулердің мақсаты – қандай мүліктерді бөлу орынды және қандай жағдайда сот ортақ мүлік иелерін оны бөлуге мәжбүрлейтінін көрсету. Ортақ иеліктегі мүлікті одан түсетін кірісті пайдалану мақсатында бөлу туралы заңдар V тарауда баяндалған және көптеген қызықты тұстар мен өзіндік ерекшеліктерге ие.

XI Кітап. Жерді өңдеу туралы келісім-шарттар

XLI Кітап. Бақ өсіру туралы келісім-шарттар

Бұл кітаптар біршама пайдалы болып табылады, басты себебі, онда жерге иелік туралы шешімдер кездеседі. Бұл кітаптарда жерді жалға беру өте жетілмеген және ақша айналысқа аз енген кездегі мәселелер тәртібі қарастырылады. Алайда бұл кітаптарда барлық ғасырларда қолдануға тиімді көптеген жер иелену ұстанымдары түсіндірілген.

XLII Кітап. Бауыздау

Мұсылман заңдары да иудей заңдары сияқты тағамға қанды қолдануға қатаң тыйым салады, бұл кітапта баяндалатын түрлі сақтық қағидалары осы арқылы түсіндіріледі. Бұл кітаптың жекелеген тұстарына қарағанда пайғамбар өзінің ізбасарларын тағамның тазалығына қатысты ерекше ұқыптылыққа үйретіп қана қоймай, тағамға қолдану үшін сойылатын малға да адамшылықпен қарауды қозғаған. Бұл ұмтылыс пайғамбар үйреткен көптеген ережелерден байқалады.

XLIII Кітап. Құрбан шалу туралы

Құрбан шалу қандай да бір оқиғаны еске алу, сондай-ақ күнасын жуу үшін адамзаттың көне заманнан келе жатқан рәсімі болып саналады. Бұл кітапта айтылып отырған құрбан шалу - Құдайдың әмірі бойынша Ибраһим пайғамбардың өз ұлын құрбандыққа шалмақ болып бойұсынғаны екені анық. Араб комментаторларының түсіндіруі бойынша, құрбандыққа шалынбақшы болған ұл Исхақ емес, араб тайпаларының арғы бабасы Исмайыл болған. Олар бұл шешімді Құранның отыз жетінші сүресінде баяндалған осы оқиға туралы әңгіменің мазмұнының екіжақтылығына қарамастан, сол әңгімемен байланысты шығарады. Бұл оқиғаның жыл сайынғы аталуы зуль-хиджа айының (қажылық орындалатын ай) оныншы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жұлдызына сай келеді, оны қажыға барушылыр Мина жазығында мерекелейді және қажылықтың міндетті рәсімдерінің бірі болып саналады. Алайда бұл рәсімді орындау мүмкіндігі барлардың бәрі үшін міндетті болып саналады және оны әркім өзінің үй-жайында орындай алады. Бұл рәсімді орындаудың ережелері саны жағынан аз және қиындық тудырмайды, ал азаматтық құқыққа қатысты алғанда мүлікке байланысты жекелеген маңызға ғана ие болуы мүмкін. Дәл осы ескерту айтарлықтай дәрежеде келесі кітапқа да қатысты

XLIV Кітап. Қорлау туралы

Бұл мәселені қарастыру көптеген мүлде болымсыз мәселелерді қозғайды және бұл кітапқа әдеп туралы трактат деп қарауға болады. Әсіресе әйел қарапайымдылығын шектен тыс дәріптеу және әйелді қорлайтын кез келген әрекеттен, тіпті ол туралы ойлаудың өзінен алшақ болуға деген ұмтылыс ерекше назар аударуға лайық. Бұл өте жақсы, алайда бұл ұмтылыс кейбір жазушылар теріс болжайтындай, әйелдерді толығымен қамап қоюды талап етуге жетпейді. Іс жүзінде мұндай қамау қандай да бір заң арқылы қойылатын талаптардың емес, қызғаныштың немесе тәкаппарлықтың нәтижесі, оны Хидаяаның кейбір бөлімдерінен аңғаруға болады. Сонымен қатар әйелдерді гаремге қамап қою мұсылман елдерінде кең тараған әдет-ғұрып емес.

XLV Кітап. Бос жатқан жерлерді өңдеу туралы

Мұсылман үкіметтерінің басым бөлігі бос жатқан немесе тасталып кеткен жерлерді құнарландыруға ерекше қолдау көрсетті; бұл қолдау осы тектес жерді өңдеген адамға оны иелену құқығы ұсынылғандығынан көрініс тапты. Қарастырылып отырған кітаптың айтарлықтай бөлігі жер өңдеуге қатысты еңбекте табысқа жету үшін климаттық жағдайларға байланысты ерекше құнды болып табылатын суға ие болу құқығын талдауға арналады; бұл үшін негізінен сумен қамтамасыз етудің дұрыс жасанды жолдарын орнату қажет болып табылады.

XLVI Кітап. Тыйым салынған ішімдіктер туралы

Өзінің ізбасарларына шарап ішуге тыйым сала отырып, пайғамбар тек оларды әдепсіз қылықтар жасаудан және маскүнемдіктің басқа да зиянды салдарынан сақтандыруға көздеді. Құранда алғашында күшті ішімдікті пайдаланған кездегі артықшылыққа жол бермес үшін қатты мас болғанша ішуге тыйым салынғаны баяндалған; бірақ мұндай тыйым түрі жеткіліксіз болғандықтан, мастық тудыратын ішімдік, сусындардың барлығына тыйым салынып, мүлде заңсыз деп табылған шешім шығарылды.

Қарастырылып отырған кітапта, негізінен, түрлі діндарлардың қандай сусындарға іс жүзінде тыйым салынған деп саналатыны жөніндегі пікірлері баяндалады, сонымен бірге бұл мәселеде алғашқы мұсылмандардың қатаң ар-ұяты анық көрінеді. Алайда қазір мұсылмандар күшті ішімдіктер туралы өздерінің заңдарын

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

аса қатаң сақтамайды, себебі, қазіргі заманғы ғалымдардың пікірі бойынша кез келген сұйықты ішуге болады, тек әзәзілдікке апармас үшін оларды аз мөлшерде ішу керек.

XLVII Кітап. Аңшылық туралы

Бұл кітап, шындығына келгенде тек XLII кітапқа қосымша болып табылады, сондықтан оған бұл кітапты қарастыру кезінде жасалған барлық ескертулерді қолдануға болады.

XLVIII Кітап. Кепілге мүлік қою туралы

XLIX Кітап. Жеке адамға қарсы жасалған қылмыс туралы

Жеке адамға қарсы жасалған қылмысқа жаза белгілеу барысындағы жазалау заңы алғашқыда осылай болуға тиісті дұрыс мағынада анықталған және қатал, әрі біркелкі жазалаудың ең тиімді тәсілі ретінде әділдікпен кесілген болып көрінеді. Сондықтан біз бұл заңды барлық қоғамның алғашқы нұсқаулары қатарында кездестіре аламыз. Мұхаммед пайғамбарға дейін, Арабияда қоғамдық сот төрелігінің қызметі әлі аз белгілі болған тұста жеке өкпе адамдардың бір бірінен жеке кек алуы мен өзара соғыстың бітпес көзі болып саналды және Исмайыл ұрпақтарының арасында әдет-ғұрыптың қанқұйлы қатал болуына ықпал етіп тұрды және бұл кемістік емес, керісінше жақсы ғұрып ретінде саналды. Пайғамбар көп кешікпей өзі бастаған қайта құрулардың толыққандығы үшін арабтардың әдет-ғұрпына бұл мәселеге қатысты өзгерістер енгізу қажеттігін түсінді; сондықтан бір мезгілде өзінің жерлестерінің қанды кек алуды аңсауын қанағаттандыру үшін, әрі қоғамдық тыныштықты сақтап тұру үшін ол Мединаға жер аударғаннан кейін Құранның қанды кек алуға рұхсат беретін және Мұса пайғамбар заңының тиісті бөлігінің толыққа жуық көшірмесі болып саналатын сүресін жариялағаны айтылады. Теңдік мәселесі бұл нұсқаудың негізі болып саналатындықтан, мұсылман ғалымдары өз комментарийлерінде, шамасы, теңдікті сақтауға мүмкіндік беретін барлық жағдайда дерлік мәтіннің дәлме дәл мағынасын ұстанған. Алайда, іс жүзінде, кек алу өзінің тура мағынасында – қандай да бір дене мүшесінен айыру тәсілі арқылы сирек қолданылады; әдетте мұндай кек алудың орнына істің жайына және келтірілген зиянның сипатына қарай ақшадай айып салынады. Іс жүзінде жеке адамға қарсы жасалған қылмыс үшін кек алудың мұндай түрі қаншалықты әділетті болып көрінгенімен оны есепсіз түрде қолдану кезінде дөрекі жөнсіздік пен әділетсіздік болмай қоймайды, ал олар бұл кітапта комментаторлар баяндаған түрлі түсіндірулермен және талдаулармен өтелмейді.

Сондықтан мұсылман соттары, еврейлер сияқты, адам өлтіруден басқа жағдайдың бәрінде Құранның сөзін еврейлер Тораның сөзін қалай түсінсе, солай түсінеді, яғни олар қасиетті мәтінге сөзбе сөз түрде іс жүзіндегі кек алу мағынасын үстемейді, бірақ, әдетте, келтірілген зиянның дәл мөлшері көлемінде төлемақы белгілейді. Мұның барлығы жеке адамға қарсы алдына ала ойланып, дайындалған қылмысқа қатысты. Алайда еріксіз немесе кездейсоқ қылмыс үшін мүліктік жауаптылық кейбір жағдайда, әрине, шамадан тыс қатал көрінеді; дегенмен жауап берудің мұндай түрі нашар дамыған қоғам мен төмен деңгейдегі өркениет үшін тиісті

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қауіпсіздікті және адамның жеке басын лайықты дәрежеде құрметтеуді дамыту қажеттілігіне байланысты толықтай негізді болып саналады.

I Кітап. Уира туралы

Бұл мәселені қарастыруға қолданылатын пікірлердің тәртібі ап-анық қисынсыздық пен далбасалықты танытқанмен, қарастырылып отырған бұл кітапта жеке адамның қауіпсіздігін қорғау мен қоғамдағы тыныштық пен игілікті сақтауды көздейтін көптеген ойлы және пайдалы шешімдерді табуға болады. Бұл кітаппен танысу барысында біз адам тек өз қолымен жасаған ашық әрекеттері үшін ғана емес, оның бейғамдығы, қиыңдылығы немесе қырсыздығының салдарынан келтірілген әрбір залал үшін де жауапқа тартылатынын көре аламыз. Алғашында вираның өлшемі дәл белгіленді, әрі ер адамды өлтіргені үшін жүз түйе көлемінде вира төленетін болып анықталды және соған сәйкес қылмыстың басқа түрлері үшін вира анықталды. Алайда, кейіннен әдет-ғұрыптар мен мүліктік құндылықтардың өзгеруі тек келтірілген шығынға ғана сәйкес емес, сондай-ақ істің жай-жапсарына да қарай вира өндіріп алудың басқа да тәсілдерін ала келді. VI тарауда адам белгісіз себептерден өлген жағдайда тек мұсылман құқығы жүргізетін тергеудің жалғыз түрі баяндалады. Бұл тергеудің бұл әдісі тек тазару антын айту арқылы жүргізілді. Алайда мұндай әдіс Арабия мен Ирақ үшін және қарастырылып отырған заңдар бірінші рет кодификацияланып отырған (жинақталып, жүйеленген) қоғамдық өмір жағдайында қолдануға жарамды болуы мүмкін еді. Дегенмен бұл әдіс жаңа дамып келе жатқан ондай қоғамдық өмірде қанағаттанарлықсыз болып шығуы мүмкін. Бұл тарауда баяндалған заңмен ұқсас заң бұрын тергелмеген өлім үшін жауапкершілік сол отбасы басшысының немесе өліктің денесі табылған жердің иесінің мойнында қалатын Еуропаның сакс және солтүстікті мекендейтін басқа да халықтарының арасында болғанын атап өту қажет.

II Кітап. Уираны өндіріп алу туралы

Бұл кітап таза жергілікті мақсатта ғана қолданылады, себебі ол арабия тайпаларынан олардың біреуіне алдын ала дайындалмай жасалған залал үшін вира өндіріп алуды ғана қарастырады. Бұл шешімдер Исламның Отанындағы қоғам құрылымын бет-бейнесін танытатын картинаны береді. Алайда, осы және мұның алдындағы екі кітапта ұсынылған шаралар қоғамдық құрылым толық жетілмеген жағдайда пайдасыз, бәлкім, орындалуы мүмкін емес болса да бұл шешімдер жабайы халықты заңның шеңберінде және тиісті бағыныштылықта ұстау үшін лайықты ойластырылған.

III Кітап. Өсиет туралы

Өсиет жасау тәртібіне қатысты кейбір ескертулер некені қарастырғанда баяндалған ескертулерге ұқсас. Іс жүзінде көне араб халқының өмірінде жазу аз қолданылғандықтан заңдардың комментарийлеріндегі барлық актілер ауызша деп

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қарастырылады. Сондықтан, бұл кітапта қарастырылатын барлық өсиеттер ауызша жасалған акт санатына жатады. Бұл кітаптың барынша қызықты ерекшеліктері болып өсиет жасаушыларға олардың өз мүлкін бөлу барысындағы ұйғарымына қойылатын шектеулер болып табылады.

ЛІІІ Кітап. Гермафродиттер туралы

Осы және бұдан кейінгі тарау бұдан бұрын қарастырылған барлық мәселелерден толықтай бөлек тарау ретінде соңғы тарау деп аталады және бүкіл шығармаға қосымша тәрізді болып табылады. Барлық ықтимал жағдайларға сәйкес, гермафродиттер нақты өмірге қарағанда қиялда өмір сүретін тіршілік иесі тәрізді. Сондықтан біз бұл соңғы кітаптың мазмұны өзі өзі жайлы айтады деп қалдырамыз. Соңғы тарау әсіресе бүкіл шығарманың тек осы бөлігінде ғана (күні бұрын сату жөніндегі жазба мен сот шешімдерін санамағанда) хаттың түрлі формалары жайлы айтылатындығымен назар аударуға лайықты.

ХИДАЯ

МҰСЫЛМАН ҚҰҚЫҒЫНА КОММЕНТАРИЙЛЕР

I КІТАП

ЗЕКЕТ ТУРАЛЫ

Терминнің анықтамасы. – «Зекет» сөзі алғашқыда «тазару» мағынасында қолданылған; сонымен қатар бұл термин неге мүлік иесінің кедейлерге берген мүлкінің бір бөлігін атауға қолданылады және оның қалған бөлігінің мөлшері сол арқылы анықталады? Кейбір комментаторлар зекетті «міндетті садақа» деп атайды.

I Тарау. Кіріспе.

II Тарау. Малдан берілетін зекет туралы.

III Тарау. Жылжымалы мүлктен берілетін зекет туралы.

IV Тарау. Жинаушының алдындағы тұлғаларға қатысты заңдар туралы.

V Тарау. Кеніштер мен қазыналар туралы.

VI Тарау. Жерден алынған өнімнен алынатын зекет.

VII Тарау. Зекетті беру және оны алатын адамдар туралы.

VIII Тарау. Пітір садақа туралы.

I Тарау

Зекеттің міндеттілігі және оны міндетті ететін жағдайлар. – Зекет - Алла әрбір бостандықта туған, ақыл-есі дұрыс, кәмелетке толған және мұсылман адам үшін белгілеген тәртіп және оның заң тілінде «*нисаб*» (несібе) термині арқылы анықталатын

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

мөлшердегі жылжымалы немесе жылжымайтын толық меншігі бар және бұл меншікке толық бір жыл мерзімінде иелік еткен болуы тиіс. Мұндай иелік «*хаулани-хаул*» деп аталады. Зекеттің міндеттілігі Алланың Құран Кәрімде «зекет беріңдер» деген сөзімен бұйрық болып бекітілген. Мұндай бұйрық түрлі хикаяларда да кездеседі; сондай-ақ, зекет көпшілік мақұлдаған ғұрыптар арқылы да белгіленеді. Зекет берушінің бостандықта туылған болуы бұл жағдай, яғни бостандықта туылу мүліктің толыққанды иесі болу құқығын иелену үшін міндеттілікке негізделеді. Кәмелет жасына толған және ақыл-естің дұрыс болу қажеттігі төменде егжей-тегжейлі баяндалатын ойларға байланысты болуы міндетті шарттар ретінде қойылған. Мұсылман болу шарты зекет беру кәпірлер орындай алмайтын діндарлық актісі болып табылуымен байланысты. *Нисабқа* ие болу зекет берудің шарты болатын себебі – меншіктің бұл көлемін пайғамбар зекет жарнасы үшін ең соңғы өлшем ретінде анықтаған. «Хаулани хаул» екі түрлі себепке байланысты шартты болып саналады: біріншіден, мүліктің көлемі артуы үшін белгілі бір уақыт мерзімі қажет және заң бұл мерзімді бір жыл деп анықтайды, себебі Пайғамбар: «Бір жыл мерзімінде меншік иесінің иелігінде болмаған мүліктен зекет берілмейді» - деген; екіншіден, нисаб иесі бір жыл көлемінде өз мүлкінің көлемін арттыра алады, себебі, бір жыл төрт маусымға бөлінеді, ал әдетте мүліктің бағасы бұл маусымның әр қайсысында әр түрлі болуы мүмкін; жоғарыды келтірілген ереже осыған байланысты белгіленген. Кейбір адамдардың пікірінше, зекет «хаулани хаул» мерзімі өткен соң барып берілуі тиіс; ал басқалардың пікірінше, оның берілуі меншік иесінің көзі тірісінде өмір бойы міндетті.

Зекет кәмелетке толмағандар мен ақыл-есі кемдерден алынбайды. – Зекет кәмелетке толмағандар мен ақыл-есі кемдер үшін міндетті емес. – Шафиғи зекет мүлікке иелік етумен байланысты, сондықтан ол кәмелетке толмаған және ақыл-есі кем мүлік иелері үшін де, басқаларға - әйелін асырайтын, жер телімін ұстайтын және салық төлейтіндерге міндетті болғаны сияқты, - оларға міндетті, дейді. – Бұған біздің ғалымдарымыз болса, зекет - діндарлық актісі, сондықтан ол төлейтін адамның тек өз еркімен берген мүлкі болуы тиіс; ал кәмелетке толмағандар мен ақыл-есі кемдер заң бойынша мұндай келісім беру құқығына ие емес, себебі ол үшін ең алдымен ақыл-есі дұрыс болуы тиіс, деп қарсы пікір айтады; бірақ бұл шешім салық төлеушілерге қолданылмайды, себебі салық мемлекеттік шығындарды өтеу мақсатында жерге иеліктен алынады; сондай-ақ ол салық төлеушілерге теңестірілетін жер теліміне қатысты да қолданылмайды.

Кейбір жекелеген жағдайда зекет ақыл-есі кемдерден алынады. – Егер ақыл-есі кем адам бір жыл көлемінде ақылды адамның ісінің нышанын танытса, онда бұл нышан рамадан айының кезінде танылған жағдайға тең деп саналуы керек; яғни бір жыл барысында қайтадан ақыл-есі дұрыс адамның кейпін танытса, сондай-ақ бұл рамадан айының кезінде де болса, одан зекет алынады, сондай-ақ ол ақыл-есінің кемдігіне байланысты қаза қылған күндерінің оразасын өтеуі керек. - Әбу Йусуф бұл жағдайда мұндай адамдардың ақыл-есінің дұрыс болған мерзімнің ұзақтығын назарға алу қажеттігін ескерткен; яғни, бұл мерзім бір жылдың жартысынан көп уақытқа созылса, онда ақыл-есі кем адам зекет береді; ал егер ол бір жыл уақыттың басым бөлігі мерзімінде ақыл-есінің дұрыстығын танытпаса, онда ол үшін зекет беру міндет емес. Бұл жерде табиғи ақыл-есі кем болу мен кездейсоқ ақыл-ес кемдігі бірі біріне тең

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

саналатындығын атай кету қажет. Табиғи ақыл-есі кем болу деп әлдекімнің бойындағы бала кезінен бастап кәмелет жасына толғаннан кейін де жалғасатын кемістік саналады. Кездейсоқ ақыл-ес кемдігі деп адам кәмелет жасына толғаннан кейін пайда болған кемістік аталады. Әбу Йусуфтің егер кімде кімнің кәмелет жасына жеткен кезде есі кем болса, ал кейіннен ол кемістіктен айықса, онда оның кәмелет жасы оған толған күннен бастап саналатыны сияқты, оның сол сауыққан мезгілінен бастап (оның мүлкіне «хаулани хаул» белгілеу үшін) бір жыл мерзім саналады.

Зекет мукатабтардан алынбайды. – Зекет *мукатабтар* үшін міндетті емес, себебі ол құл ретінде қандай да бір мүліктің толыққанды және тәуелсіз иесі болып саналмайды, соған байланысты ол өзінің құлдарын да бостандыққа жіберу құқына ие бола алмайды.

Зекет қауқарсыз борышкерден алынбауы тиіс. – Егер адамның мойнында қарыздары көп болса және қарыздары оның бүкіл мүлкінің құнына тең келіп немесе одан да асып түссе, онда ол адам үшін зекет беру міндет емес. – Имам Шафиғи мұндай адам үшін зекет міндет екенін дәлелдейді, себебі, зекет төлеуге міндеттейтін себептің анықталуы мүмкін, атап айтқанда – артып отыратын нисабтың болуына байланысты. – Бұған біздің ғалымдарымыз былай деп жауап береді: тек ішуге ғана арналған су таяммум (дәрет алу) үшін бар деп саналмайтыны сияқты және киетін киім үшін әзірленген матаның зекет беру үшін бар деп саналмайтыны сияқты, мұндай ауыртпалық жағдайында нисаб бар деп санала алмайды. Бірақ егер мүліктің құны қарыздың мөлшерінен артып тұрса және бұл артық құн нисаб деп саналуға келсе, әрі ол қарыз деп саналмаса, онда зекет осы артық құннан беріледі. Бұл жағдайда қарыз болып жеке адамдарға төленуі тиіс қарыз түрлері саналады; сондықтан ант ретінде берілген немесе кінаны жуу үшін аталған қарыздар нисабтың жалғасуы себепті зекет беру міндетін жоймайды, себебі, олай болмаса, нисаб бар деп саналмас еді; ал мезгілінде төленбеген зекет нисаб жойылғаннан кейін зекет төлеу міндетін жояды. Нисаб егер меншік иесі оған екі жылдан артық зекет төлемей-ақ иелік етсе бар деп саналады, әрі екінші жылды ескере отырып одан зекет алынбайды, себебі, зекет мүліктің қырықтан бір бөлігі ретінде иелік еткен алдыңғы жыл үшін берілуі тиіс, демек, екінші жыл барысында нисаб бекітуге қажетті мүлік көлемінің жоқ екені анық. Тағы да, мүлік иесі оған бір жыл мерзімінде зекет төлемей иелік етсе және одан кейін басқа бір жолмен бұл нисабты иелігінен шығарса, әрі одан кейін басқа бір нисабты иемденсе және сол соңғы нисаб толығымен бір жыл бойы оның иелігінде болса нисабты жою орындалады; онда осы екінші нисабтан ешқандай нисаб төленбейді, себебі, қырықтан бір бөлік әлдеқашан, бірінші иеліктен шығарылған нисабтан алынатын зекеттен тиесілі болған. – Зуфар бұл екі жағдайдағы да ережені жоққа шығарады; сондай-ақ Әбу Йусуфтың оны екінші жағдайға қатысты жоққа шығаратыны белгілі. – Зекеттің мезгілінде төленбеуі оны кейіннен төлеу міндетін жоюы мүмкін, оған сол төленбеген зекетті талап етушінің іс жүзінде жеке тұлға екендігі негіз болады, себебі мұндай талап етуші болып – табындағы малға қатысты алғанда – имам, тауарлар үшін – имам өкілеттік берген адам; ал мүліктің барлық басқа түрлеріне қатысты алғанда имам зекет жинау үшін өкілеттік берген адам ретінде мүлік иесінің өзі саналады.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Зекет күнделікті тұрмысқа қажет бұйымдардан берілмейді. – Тұрғын үй, киім-кешек, үй жабдықтары, жақын арада және міндетті түрде қолданылатын мал, қызметші ретінде қолданылатын құлдар, жеке қажеттілік үшін қолданылатын қару түрлерінен зекет берілмейді; барлық бұл бұйымдар күнделікті тұрмысқа қажет бұйымдар санатына жатады және олардың ешқайсысы өсім беретін мүлік болып санала алмайды. Бұл көзқарас ғалымдардың меншігін құрайтын ғылыми кітаптарға және қолөнершілердің құралдарына қатысты, себебі олар бұл адамдар үшін күнделікті тұрмысқа қажетті заттар болып саналады.

Күдікті меншіктен зекет алынбайды. – Егер әлдекім басқа біреуден қарызын талап етіп жүрген болса, ал ол бұл талапқа қарсы келетін болса және осылайша бірнеше жыл өтіп кетсе, әрі талапкердің ешқандай дәлелі болмаса, ал қарыз алушы кейіннен көпшілік алдында куәгерлердің қатысуымен өз қарызын мойындаса, онда талапкер өткен жылдар үшін зекет⁸ беруге міндетті емес. Заң тілінде мұндай күдікті мүлік «зимар» терминімен белгіленеді; дәл осы термин тауып алынған заттар, қашқын құлдар, ешқандай дәлелі жоқ заңсыз басып алынған мүлік, орны ұмытылып қалған суға батырылған немесе шөлде көмілген мүлік, сұлтан зорлықпен тартып алған мүлікті анықтау үшін де қолданылады; мүліктің осы түрлерінің барлығы пітір-садақадан да босатылады, себебі зекет төлеуді міндетті ететін себеп (нисабқа ие болу) олар зимар санатына өтетін тұста мүлік иесінің тікелей меншігінде болмаса да олардың әрқайсысына қатысты жеке анықталуы мүмкін; осы арқылы зекет төлеу міндеттілігі жойылады, бұл жолаушының өзінің тікелей қарамағында болмаса да, үйде қалдырылған зекет берілуге тиісті мүлкіне теңестіріледі. – Біздің ғалымдарымыз бұған екіжақты қарсылық білдіреді: біріншіден, Әли зимар саналатын мүліктен зекет берілмейтінін айтқан; екіншіден, зекет беруге міндетті себеп болып табылатын меншік өсім беріп тұрған мүлік болуы тиіс, ал ол меншік иесі оны тікелей басқарып отырған жағдайда ғана жүзеге асады; бұл ұстанымды жолаушының үйде қалдырылған мүлкіне қатысты қолдануға келмейді, себебі ол мүлкін өкілдері арқылы басқара алады.

Меншік иесінің үйінде тығыған мүлкі зимар мүлік санатына деп санауға келмейді, себебі, ол оңай табылуы мүмкін; үйден басқа бір жерде (мысалы, бақта) көмілген мүлікке қатысты біздің ғалымдарымыз түрлі көзқарас білдіреді.

Зекет талассыз мүліктен алынуы тиіс. – Қарыз алушының мойындауына сәйкес, қарыз берушінікі деп саналатын мүліктен, бұл қарыз алушының бай немесе кедей болуына қарамастан, зекет берілуі тиіс, себебі, мұндай мүлік қарыз алушыға қайтарылып берілуі мүмкін; егер қарыз алушы жасалған талапқа қарсылық білдіретін болса, онда талап жеткілікті дәлелдермен расталып тұрса немесе қазының өзі талаптың әділдігіне сенімді болса ғана мұндай мүліктен зекет берілуі тиіс, себебі, бұл жағдайда да мүлік қайтарылып беруі мүмкін. – Егер өзінің қарызын мойындаған қарыздар адам кедей болса, яғни қазы оны жарлы деп таныса, онда Ханифаның пікірінше, мұндай мүліктен зекет берілуі тиіс және бұл ғалым қарыз алушыны кедей деп тану қабылданбауы мүмкін деп санайды. Алайда имам Мұхаммед бұл жағдайда талап етіліп отырған мүліктен зекет берілмейді деп санайды, себебі, қазының қарыздар адамды кедей деп тануын қабылдау қажет. - Әбу Йусуф қарыз алушыны қазының шешімімен кедей деп жариялаудың заңдылығына қатысты мәселеде Мұхаммедпен келіседі; бірақ,

⁸ Талап етіліп жүрген қарыздан.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сонымен бірге мұндай мүліктен зекет алынбауы тиіс деген Ханифаның пікірімен де келіседі.

Қандай да бір мүлікті сатуға ниеттену ол мүліктен зекет беруге міндеттейді. – Егер кімде кім қайта сату үшін құл сатып алса және одан кейін өзінің ондай ниетін жария етіп оны өзі қалдырса, онда одан зекет берілуі тиіс, себебі, бұл жағдайда ниет әрекеттің өзімен, алғашқыда оны сатып жіберу ниетінен бас тартумен байланысты, ал ниет қандай да бір әрекетпен байланысты болғанда бұлай жариялау үшін иман болуы тиіс. Егер кейіннен ол оны сату туралы ниетін қайта жарияласа, онда мұндай жариялаудың күшіне сәйкес, ол іс жүзінде сатылғанға дейін одан ешқандай зекет алынбауы тиіс, себебі, бұл жағдайда ниет әрекетпен байланысты емес, соған сәйкес, ол іс жүзінде сатылып жіберілгенше мұндай жария етудің ғана нәтижесінде сауда нысаны болып санала алмайды; сонда ол үшін төленген бағадан зекет алынуы тиіс.

Егер әлдекім қайта сату үшін қандай да бір зат сатып алса, онда бұл зат ниет пен әрекет арасындағы байланыс нәтижесінде сауда-саттық нысаны деп саналуы тиіс. Бұл әлдекімнің мұраға қандай да бір мүлік алып, оны сатуға ниет еткен жағдайға қарсы тұрады; мұндай мүлік оған ие болған адамның ниетіне ғана сәйкес сауда-саттық нысаны болып саналмайды, себебі, бұл жағдайда мұндай ниеттің әрекетпен ешқандай байланысты емес.

Егер әлдекім сыйлыққа беру, өсиет ету, неке, хульа және вира жолымен мүлікке ие болса және оны сатуға ниет білдірсе, онда бұл мүлік (ниеттің болуына байланысты) тауар болып саналады, Әбу Йусуфтің пікірінше, бұл жағдайда ниет әрекетпен байланысты деп ойлайды. - Имам Мұхаммедтің мұндай мүлікті тауар деп санамайтыны жөніндегі пікірі белгілі, себебі, бұл жағдайда ниет сауда-саттық келісімі болып саналатын саудаласу әрекетімен байланысты емес; алайда, кейбір адамдардың пікірінше, жоғарыда келтірілген көзқарастардың айырмасы керісінше қабылдануы тиіс, яғни бірінші көзқарас Мұхаммедтікі, екіншісі Әбу Йусуфтікі.

Зекет төлеу барысында, бұл әрекет ақиқат болуы үшін, ниет болуы қажет. – Зекет төлеу кезінде дәл осы зекетті төлеу ниеті болмаса немесе нисаб мүліктен зекетке бөлінетін бөлікті белгілеу кезінде бұл ниет болмаса зекет төлеу заңды болып саналмайды, себебі, зекет төлеу діндарлық әрекет болып саналады, ал ол үшін ниеттің болуы түпкілікті маңызды; ниеттің негізгі белгісі оның төлеммен байланысы болуы тиіс. Алайда, зекет төлеу кедейлерге тарату тәсілінің нәтижесінде жиі қайталанып отыратын әрекет болғандықтан, қолайлылық үшін ниеттің мүліктің зекетке арналған бөлігін беру кезінде болуы жеткілікті (жоғарыда айтылғандай).

Жоғарыда келтірілген ереже қолданылмайтын жағдайлар. – Егер кімде кім өзінің барлық мүлкін кедейлерге бөліп беретін болса және бұл кезде оның зекет төлеу ниеті болмаса, онда бұл мүлікке қатысты зекет төлеу жағдайы жақсы ниеттілік ұстанымына байланысты жойылады, себебі, бұл міндет мүліктің кейбір бөлігіне қатысты жүктеледі; ал барлық мүлік осы жолмен таратылып болғанда бұл бөлік таратылған мүліктің қатарына қосылуы тиіс, себебі, зекетті қандай да бір ерекше ниетпен анығырақ анықтаудың ешбір қажеттігі жоқ.

Егер кімде кім кедейлерге өзінің нисабының бір бөлігін таратып берсе және бұл кезде оның зекет төлеу ниеті болмаса, онда Мұхаммедтің түсіндіруі бойынша, осы таратылған бөлікке қатысты зекеттің міндеттілігі өз күшін жояды, себебі, зекетке

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

берілетін мүлік бөлігі нисабтың құрамына енетін барлық бөліктен бірдей мөлшерде алынуы тиіс; ал нисабтың бөлігі кедейлерге таратылып бергенде онымен бірге мүліктің зекет алынуы тиіс бөлігі де берілген болып саналады. - Әбу Йусуф нисабтың дәл осы бөлігінен (кедейлерге таратылған) зекет беру міндеті жойылмайды деп санайды, себебі, таратылған нисабтың бірде бір бөлігі шындығында зекет деп белгіленбеген. Осылайша, нисабтың қалған бөлігінен зекет алынуы тиіс. Бұл бүкіл нисаб толығымен таратылып берген жағдайға қарсы тұрады, себебі, зекет алынуы тиіс бөлік толық мүлік құрамына енеді.

II Тарау

МАЛДАН БЕРІЛЕТІН ЗЕКЕТ

«Сауаим» терминінің анықтамасы. – «Сауаим» ғалымдардың пікірі бойынша түйе, ірі қара, қой-ешкі және басқа жылдың басым бөлігі бойы далада жайылып жүріп өсетін малды атауға қолданылатын «саим» сөзінің көпше түрі; сондықтан, егер мұндай мал жайылымға тек жылдың жарты бөлігіне жайылымға шығарылатын болса, ал қалған жартысында қолдан жемделетін болса, онда бұл сауаим санатына жатпайды. – Бұл тарау бірнеше бөлімдерге бөлінеді.

I Бөлім. Түйе және сол текті малдан берілетін зекет

Бес түйеден бір ешкі алыну тиіс және тағы басқа. – Түйенің саны бестен кем болса ешқандай зекет алынбауы тиіс; егер түйенің саны беске жетсе және олар жыл бойы далада жайылып жүретін болса, онда одан бір ешкі алынады, себебі, зекет тек осындай, яғни жыл бойы далада жайылатын түйелерден алынуы тиіс, яғни олар алдын ала дайындалған жем-шөппен жемделмейтін болуы тиіс.

Зекет түйеден төмендегі мөлшермен алынады: 5-тен 9-ға дейін бір ешкі; 10-нан 14-ке дейін екі ешкі; 14-тен 19-ға дейін үш ешкі; 20-дан 24-ке дейін төрт ешкі; 25-тен 35-ке дейін бір *бинти-махаз*, яғни бір жастағы ұрғашы бота; 36-дан 45-ке дейін бір *бинти-лабан*, яғни екі жастағы ұрғашы бота; 46-дан 60-қа дейін бір *хиққа*, яғни төрт жасар інген; 60-тан 75-ке дейін бір *физаят*, яғни бес жасар інген; 76-дан 90-ға дейін екі жастағы екі ұрғашы бота; 91-ден 120-ға дейін екі хиққа, екі төрт жасар інген. Зекеттің бұл мөлшері Пайғамбардың өзінің ізбасарлары мен өкілдеріне берген хаттары мен нұсқауларында анықталған. Түйенің саны 120-дан асқанда зекет жоғарыда айтылған ережелер бойынша саналады.

Мысалы, 125 түйеден алынатын зекетті анықтау қажет болғанда 5 түйеден бір ешкі, ал 120 түйеден екі хиққа алынуы тиіс; егер түйенің саны 120-дан 10-ға артса, онда одан екі ешкі алынады; егер артық түйенің саны 15 болса, одан үш ешкі алынады; егер артық түйе саны 20 болса, одан төрт ешкі; егер артық түйе саны 25 болса, онда одан бір ұрғашы бір жасар бота алынады; егер барлық түйенің саны 150 болатын болса, одан үш хиққа алынуы тиіс; ал барлық түйенің саны 155-тен асатын болса, онда

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бір ешкі және үш хикқа, яғни 150 түйе үшін үш хикқа және қалған бесеуі үшін бір ешкі; 160 түйеден үш хикқа және екі ешкі; 170 түйеден үш хикқа және төрт ешкі; 175 түйеден үш хикқа және бір ұрғашы бір жасар бота; ал 186-дан 195-ке дейінгі кез келген түйе санынан үш хикқа және бір ұрғашы екі жасар бота; 196-дан 200-ге дейінгі кез келген түйе санынан төрт хикқа алынуы тиіс. Зекет 150-ден артық әр 50 түйе үшін осы ретпен берілуі тиіс. Біздің ғалымдарымыз тарапынан осындай есеп ұсынылады. – Шафиғи түйенің саны 120-дан тек біреуге ғана артса, үш екі жасар бота алынуы тиістігін дәлелдейді; түйенің саны бұдан артқан жағдайда әр 40 түйеден бір ұрғашы екі жасар бота, ал әрбір 50 түйеден бір хикқа алынуы тиіс. Бұл ереже Пайғамбардың өзінің бір өкіліне берген жазбаша насихатына негізделеді, сонымен қатар, бұл насихатта әрбір артық бес және одан да көп түйе үшін бір ешкі алынатыны жайында ештеңе айтылмайды. – Біздің ғалымдарымыз өздерінің түсіндіктерін дәлелдеу үшін Пайғамбардың Омарға жазған хатына сілтеме жасайды, онда былай делінген: «Әрбір бес түйе үшін зекетке бір ешкі алынуы тиіс».

Тек інгендер ғана зекеттің заңды төлемі деп есептеледі. – Түйеден зекет беретін уақытта заңды зекет сипатында тек інгендер ғана саналатынын атау қажет, себебі, еркек түйелер Қасиетті Құран мен ауызша жеткен әңгімелерде айтылғандай, тек өзінің құнына⁹ қатысты ғана заңды деп саналады.

Зекет төлеу үшін түйенің кез келген тұқымы қабылданады. – Жоғарыда айтылған ережелер түйенің кез келген – бакрлық, арабы немесе басқа тұқымына қатысты қолданылады, себебі, олардың барлығы «*шутур*» (түйе) терминімен анықталады.

II Бөлім. Мүйізді ірі қарадан берілетін зекет

Отыз бас ірі қарадан бір жастағы бір бұзау алынуы тиіс. – Мал саны отыздан кем болса одан ешқандай зекет алынбайды; жылдың басым бөлігі бойы далада жайылып жүрген 30 бастан бір *табъи*, яғни бір жасар еркек немесе ұрғашы бұзау алынуы тиіс, 40 бастан бір *мисна*, екі жасар торпақ алынуы тиіс, Пайғамбардың өзі осылай деп көрсеткен; мүйізді ірі қараның саны 40-тан асқан жағдайда (Ханифаның түсіндіруі бойынша) зекет 60-қа дейін жоғарыда баяндалған ережеге сәйкес саналуы тиіс; яғни мүйізді ірі қараның саны 40-тан бір басқа артса, онда ол үшін бір миснаның қырықтан бір бөлігінің құнына тең қосымша зекет төленуі тиіс; егер мүйізді ірі қара саны екі басқа артса, онда қосымша зекет бір миснаның жиырмадан бір бөлімінің құнына тең көлемде төленеді және 60 басқа дейін ірі қара үшін солай беріледі. – Бұл баяндалғанның барлығын Мабсут қолдаған, сондай-ақ бұл қасиетті жазбалардағы кез келген 30 пен 40 (мүйізді ірі қара) арасындағы саннан зекет беру анықталғандығына негізделеді, сонымен қатар 60-тан артық мал саны үшін де солай анықталған, бірақ ол мал саны 40 пен 60 арасында болған жағдай, яғни аралық сандар үшін анықталмаған. – Хассан бұл жағдайда, Ханифа ілімі бойынша, мүйізді ірі қараның саны 40 пен 49-дың арасында болғанда артық бас үшін зекет алынбайтынын бекітеді; ол 50 бастан бір мисна және одан басқа миснаның төрттен бірі немесе табъидің үштен бірі алынуы тиіс,

⁹ Зекет төлеу кезінде еркек түйенің құнын ақшалай беру ғана заңды деп саналады; малдың өзә зекет ретінде қабылданбайды.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

себебі, табындағы малдан зекет алынғанда ол әр *ақадтан*, яғни толық он бастан, мысалы, 30, 40 немесе 50 бастан алынуы тиіс; бұлардан артық саннан зекет алынбайды. – Ханифаның екі шәкірті де 40 бастан артық малдан 50-ге дейін зекет алынбайтынын бекіте айтады. Бұдан басқа Ханифаның осындай пікірін танытатын тағы бір әңгіме бар; ол Пайғамбардың Маазға айтқан сөздеріне негізделеді: «Мүйізді малдың укасынан ештеңе алма». Пайғамбар бұл жерде «укас» сөзі 40 пен 50 арасындағы кез келген санды білдіретінін түсіндірген. 60 бас мүйізді ірі қарадан бір жасар екі еркек немесе ұрғашы бұзау; 70 бастан – бір мисна бір табы; 80 бастан – екі мисна; 90 бастан – үш табы; 100 бастан – екі табы және бір мисна алынуы тиіс. Ары қарай да солай, әр келесі он бастан кезекпен бір мисна мен бір табы алынуы тиіс; себебі, Пайғамбар 30 бас мүйізді ірі қарадан бір табы, ал 40 бастан бір мисна: 110 бас мүйізді ірі қарадан екі мисна және бір табы, ал 120 бастан төрт табы алынуы тиіс екенін белгілеген.

Әдетте, екі табын мүйізді ірі қарадан зекет мынадай тәртіппен есептеледі: табын отыз немесе қырық бастан топқа бөлінеді, одан кейін әр отыз бастан бір табы, ал әр қырық бастан – бір мисна алынады.

Енеке (буйвол) басқа мүйізді ірі қарамен тең саналады. – Енеке зекет берілетін кезде мүйізді ірі қараға теңестіріледі, себебі, олар мүйізді ірі қараның бір түрі деп саналады. Алайда, біздің елдерде, яғни Персия мен Үндістанда енекелер мүйізді ірі қараның бір түрі болып саналмайды, себебі, егерде әлдекім: «мен мүйізді ірі қараның етін жемеймін» деп ант берсе, содан соң енекенің етін жесе, онда мұнымен ант бұзылмайды.

III Бөлім. Ешкіден берілетін зекет туралы

Қырық ешкіден бір ешкі алынады. – 40 бастан кем ешкіден зекет алынбайды; ал жылдың басым бөлігінде далада жайылып жүрген 40 ешкіден бір ешкі алынады және бұл зекет 40 пен 120-ны қоса санағандағы кез келген ешкі саны үшін жеткілікті деп саналады; егер ешкі саны 120-дан артық болса, онда осы саннан 200-ді қоса санағандағы аралықта ешкі санынан зекетке екі ешкі берілуі тиіс; егер ешкі саны 200-ден артық болса, онда осы саннан 399-ға дейінгі аралықта зекетке үш ешкі алынады; ал 400 бастан төрт ешкі алынады, ал 400-ден жоғары әр артық жүз бас үшін бір ешкі алынады. Пайғамбар осылай белгілеген және осымен барлық ғалымдар келіседі. – Қойға да ешкіге белгіленген ережелер қолданылатынын айта кету керек, себебі, «ғанам» сөзі хикаяларда қойға да, ешкіге де бірдей қолданылады.

Қозылар мен лақтар зекет белгіленген кезде бір жасқа дейін санаққа алынбайды. – Ешкі немесе қойдан зекет берілген кезде *джузъа* емес, *синни* қабылдануы мүмкін; Заһиридің «Риуайатында» осылай айтылған. «Синни» термині бір жастан асқан лақты білдірсе, «джузъа» термині бір жасқа толмаған лақты атауға қолданылады. Ханифаның екі шәкірті де зекет *джузъадан* берілуі мүмкін екенін айтады. Ханифаның осы түсініктемеге сәйкес екіжақты негіздегі пікірі белгілі: біріншіден, Пайғамбар: «Зекет *джузъа* мен *синниден*» тұрады; екіншіден, құрбан шалу *джузъаны* союмен жүзеге асады, соған сәйкес, зекет те солар арқылы төленуі мүмкін. – Заһиридің «Риуайатындағы» түсініктің де екіжақты негізі бар: біріншіден, Әли былай

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

деген: «Зекет төлеу кезінді синниден кіші ештеңе қабылдануы мүмкін емес»; екіншіден, ешкіден зекет беру кезінде міндетті түрде үлкендігі орташа мал берілуі тиіс, ал қой джузъасы өзінің көлемі жағынан бұл талапты қанағаттандырмайды; дәл осындай себеппен ешкіден зекет берген кезде де ешкі джузъасы қабылданбайды. Екі шәкірттің бірінші дәлеліне мынадай қарсы пікір айтуға болады: «джузъа» термині (хикаяларда кездесетіндей) түйенің джузъасын, яғни ботаны білдіреді; ал құрбандық туралы айтқанда шешім қабылдау үшін ешбір ережені негізге алуға болмайды, себебі құрбандыққа джузъа шалу (балама арқылы емес) қасиетті мәтіннің тура мағынасы бойынша мақұлданады.

Зекет беру кезінде еркек мал да, ұрғашы мал да бірдей қабылдануы тиіс. – Ешкі мен қойдан зекет беру кезінде еркек мал да, ұрғашы мал да қабылдануы мүмкін, себебі хикаяларды «шат» термині екеуіне де қатысты қолданылады.

IV Бөлім. Жылқыдан берілетін зекет туралы

Жылқыдан алынатын зекет әр бастан бір динар немесе олардың барлық құнының жүз динарынан бес динар көлемінде алынуы тиіс. – Айғырлар мен биелер жылдың басым бөлігінде далада бірге жайылып жүрсе, онда иесіне зекет төлеу ұсынылады, - не олардың әр басынан бір динар көлемінде, не олардың барлығын бағалап алып, осы құнның жүзінен бес динар төлеу қажет; соңғы тәсілді Зуфар қабылдаған. Екі шәкірті де жылқыдан зекет берілмеуі тиіс деп бекітеді, себебі, Пайғамбар мұсылмандар жылқы мен қолдарындағы құлдар үшін зекет бермесін деп бұйырған. – Ханифа өзінің жоғарыда келтірілген түсіндірмесіне «кәдімгі жылқының әр басынан бір динар немесе он дирхем алынуы тиіс» деген шешімді дәлел ретінде келтіреді. Ал Пайғамбардың екі шәкірт сүйенетін шешімін алатын болсақ, ол жерде кәдімгі табындағы жылқы емес, соғысқа пайдаланылатын жылқы туралы айтылып тұр.

Зекет тек қана айғырлардан немесе тек қана биелерден тұратын табыннан алынбауы тиіс. – Тек қана айғырдан тұратын жылқының нисабынан ешқандай зекет алынбауы тиіс, себебі, бұл нисаб төл арқылы көбейе алмайды; осылайша, дәл осы себеппен тек биелерден тұратын табыннан да зекет алынбайды; бір хикая арқылы белгілі Ханифаның пікірі осындай. – Алайда, ол туралы тағы бір хикая бар, ол бойынша, биеден зекет алынуы тиіс, олардың арасында айғыр болмаған күннің өзінде, себебі, иесі кейде оларға төл алу мақсатында айғырларды қосуы мүмкін; бірақ бұл шешім тек айғырдан тұратын табынға қатысты қолданылмайды.

Есек пен қашырдан, егер олар сауда көзі болып саналмаса, зекет алынбауы тиіс. – Есек пен қашырдан зекет алынбауы тиіс, себебі, Пайғамбар былай деген: «Есек пен қашырға қатысты мен аян алдым» деген. Бірақ, егер бұл жануарлар сауда көзі болып саналатын болса, онда олардан зекет алынуы тиіс, себебі, біздің заманымызда зекет сауда көзі болып саналатын меншіктің кез келген түрінен алынады.

V Бөлім. Лақ, бұзау және ботадан алынатын зекет туралы

Бір жасқа толғанға дейін отар мен табындағы төлден зекет алынбауы тиіс. – Ханифаның түсіндіруі бойынша бір жасқа толмаған лақ, бұзау және ботадан зекет

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алынбауы тиіс; егер әлдекім, мысалы, 25 бота немесе 40 лақ немесе 30 бота сатып алатын болса және оны сатып алғаннан кейін толық бір жыл өтсе де, олардан зекет алынбайды; сондай-ақ олар өскеннен кейін де толық бір жыл өткенше зекет алынбайды.

Жиырма бес ботадан бір бота алынуы тиіс және ары қарай да солай. - Әбу Йусуф 40-тан аз лақтан немесе 30-дан аз бұзаудан немесе 25-тен кем ботадан зекет алынбауы тиіс деп санайды; және 76-ны қоса алғанға дейін бір бота алынады; себебі, 76 миснадан екі бинти-лабан алынуы тиіс және осы зекет 76-дан жоғары 145-ке дейін кез келген саннан алынады; осы саннан 3 бота алынады, себебі, миснаның бұл санынан екі хикқа және бір бинти-маһаз алынуы тиіс. - Әбу Йусуфтың бұл мәселе бойынша түсіндірмелеріне қатысты басқа әңгімелердің барлығы белгілі; бірақ жоғарыда келтірілген түсіндірме ең кейіннен жасалған түсіндірме ретінде басым күшке ие.

Зекет төлеу кезіндегі ауыстыру мәселесі. – Егер әлдекім зекетке бір мисна төлеу керек болса және ол табындағы мүйізді ірі қараның барлығының не жас, не үлкендігіне байланысты оның өзінде болмаса, онда зекет жинаушыға бірінші жағдайда жас малмен бірге миснаның құнының айырмасын ақшамен алу және екінші жағдайда – үлкен малды алып, оны мен миснаның құнының арасындағы айырманы иесіне ақшалай беру ұсынылады. Екінші жағдайда зекет жинаушыға ешбір мәжбүрлеу болмайтынын атап өту керек, себебі, оған не қажетті мөлшерге (бір миснаға) жеткізу, не оның құнын ақшалай толтыру тапсырылады және жоғарыда түсіндірілген жағдайларға байланысты жоғары қатардағы мал қабылдау сауданың сыртқы бейнесі үшін маңызды. Сондықтан ол мұндай малды қабылдауға мәжбүр болмайды, сондықтан, егер мал иесі өз тарапынан мұндай малды беруге ешқандай қарсылық білдірмесе, онда зекет жинаушы бұған қарамастан іс жүзінде оны иеленуші болып саналмайды. Дегенмен зекет жинаушы төменгі қатардағы малды және осы мал мен оның құнының арасындағы айырманы ақшалай қабылдауға мәжбүр болуы мүмкін; сондықтан, егер мал иесінің тарапынан зекетті осы жолмен алуға ешқандай қарсылық болмаса, онда жинаушы оны иеленуші болып саналады, себебі, бұл жағдайда мал иесі мисна үлесі ретінде төменгі қатардағы малды беріп тұрғандықтан мұндай келісім сауда-саттық сипатында болмайды, соған сәйкес бұл малмен бірге оның ақшалай құнының айырмасын төлейді.

Зекет төлеу кезінде берілуге тиісті малдың орнына оның ақшалай құнын төлеу заңды. – Егер мал иесі зекет беру кезінде зекетке алынуға тиісті малдың өзінің орнына оның ақшалай құнын төлесе, онда, біздің ғалымдарымыздың пікірінше, зекетті берудің осы жолы мақұлданады. Дәл осы тәсіл айыпты өтеу, пітір садақа немесе ондықты (жер теліміне қатысты) төлеу кезінде, сондай-ақ антты орындау кезінде де өз күшіне ие. – Шафиғи зекеттің мұндай жолмен төленуі заңсыз деп санайды, себебі, қасиетті мәтіндерде нақты анықталған әлдененің баламамен алмастырылуы заңсыз. Мысалы, құрбан шалу кезінде құрбандық малдың құнын ақшамен өтеу алмастыру – заңсыз. – Біздің ғалымдарымыз зекет беруді Құдайдың өзі бұйырды және ол кедейлерге садақа ретінде таратуға келетіндей болуы керек деп бұған қарсылық танытады. Бұл алғашқыда зекетті белгілеудің мақсаты кедейлердің жағдайын қамтамасыз етіп, олардың қажеттіліктерін жеңілдету болғанын көрсетеді; бұл мақсатқа зекет ретінде нақты малды беру түрінде де, ның құнын ақшалай беру түрінде де қол

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жеткізіледі, зекетті мұндай жолмен алмастырып беру, сондай-ақ ол неге джизияны немесе әр бас үшін беру кезінде де заңды болып саналады. Бірақ бұл пікір діндарлық актісі болып саналатын құрбан шалу кезінде қолданылмайды, сонымен қатар құрбандыққа шалынатын малдың қанын ағызу түбегейлі түрде қажетті шарт болып есептеледі, сол себепті, бұл екі жағдайдың арасында ешқандай ұқсастықтың жоқтығына байланысты, бұл жағдайды құрбан шалумен салыстыру арқылы ешқандай шешім шығаруға болмайды.

Жұмыс күші саналатын малдан зекет алынбайды. – Жүк тасу, жер жырту сияқты жұмыс түрлеріне арналған түйе және өгізден зекет алынбайды; сондай-ақ олар жарты жыл немесе одан астам уақыт қолдан азықтандырылған жағдайда да олардан зекет берілмейді. – Малик бұл түсіндірмені жоққа шығарады. – Бұл түсіндірмені мақұлдайтын біздің ғалымдарымыздың дәлелдері үш түрлі: біріншіден, Пайғамбар үй жануарларының осы екі түрі аталған жағдайларда зекеттен босатылуы тиіс екенін нақты бекіткен; екіншіден, зекет төлеуді белгілейтін жағдай болып өсім беретін меншікке иелік ету саналады, ал мал тек екі жағдайда ғана өсім беруі мүмкін: не оны жайылымға жібергенде¹⁰, не оны сатқанда; ал қарастырылып отырған жағдайда бұл екі шарттың бірі де жоқ; үшіншіден, үй жануары қолдан азықтандырылған жағдайда оның күтімі үлкен шығынды қажет етеді, ал бұл жағдай осы тектес жағдайларда малдан өсім алу мүмкін болатын пайданы теңдестіреді және осылайша, өсім алу мүмкіндігі, бәлкім, бар бола тұрса да, іс жүзінде меншіктің көбеюіне апармайды.

Зекет құны орташа малмен төленуі тиіс. – Зекет жинаушының жинап жүрген меншіктің ең жақсы түрін беруді талап етуіне болмайды; сондай-ақ, ол бұл мүліктің ең нашар түрін де қабылдай алмайды; бірақ орташа түрін алуы тиіс, себебі, Пайғамбар осылай деп бұйырды және сондай-ақ, зекетке құны орташа мүлікті арнауға байланысты мүдделі екі тараптың – кедейлердің де, зекет берілуге тиісті меншік иесінің де мүддесі назарға алынатынады.

Зекет төлеу мерзімдері арасында қосылған меншікке қатысты заң. - Кімде кім нисабқа ие болса және жыл бойы өзінің мүлкімен осы тектес өсім алатын болса, ол бұл өсімді нисабқа қосуы керек, ал зекетті өз мүлкінен төлеуі тиіс. – Шафиғи кейіннен алынған мүлік бірінші нисабқа қосылмауы тиіс деп санап, мұнымен келіспейді, себебі, бұл өсімді құрайтын мүлік өз алдына жеке және алдыңғы меншікке қатысты алғанда тәуелсіз құқыққа ие болады және осыған байланысты ол зекетке қатысты да тәуелсіз болуы тиіс, ол өсім немесе бастапқы мүлікке байланысты болатын нисабтан (жыл бойғы) түскен пайдаға алынған мүлікке қарсы қойылады; сондықтан мүлік өсімінің бұл екі түрі өзара шатастырылмауы керек. – Біздің ғалымдарымыз бұған нисабқа оның төл алу, пайда табу немесе кейіннен сатып алу жолымен алынған өсімін қосуға себеп болып оның біртектілігі саналуы тиіс деп қарсы пікір айтады; бастапқы және кейіннен сатып алынған мүлік біртекті болғанда оларды қалай да ажырату неге қиындық тудырады, яғни, осыған сәйкес бастапқы мүліктің қандай да бір өсіміне қатысты хаулани-хаул белгілеу де қиындық келтіреді; ал хаулани-хаул назарға тек қолайлылық үшін алынатындықтан, осы жерде іс жүзіндегі біртектілік кейінгі өсімді бастапқы мүлікке қосуға жеткілікті себеп деп бекітуге болады. Дәл осы себеп осы жағдайда да айқын.

¹⁰ Мал жайылымда еркін жүргенде, яғни еркек мал аналық малға жанасу нәтижесінде төл алынады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Афуға қатысты ережелер. – Екі шейх те зекет *афуден*¹¹ емес, нисабтан алынуы тиіс деп санайды; бірақ Мұхаммед пен Зуфар ол нисабтан да, афуден де, екеуінен қоса алынуы тиіс деп бекітеді.

Пікірлердің осындай айырмасы нәтижесінде, афу мал өлген кезде, нақты тек нисаб қана қалған кезде екі шейхтің ілімі бойынша, бұрын төленуі міндетті болған барлық бұдан кейін де төленуі тиіс; Мұхаммед пен Зуфардың пікірінше, зекет мүліктің азайған барлық бөлігіне сәйкес азайтылуы тиіс. өздерінің пікірін нақтылау үшін Мұхаммед пен Зуфар зекет беру Құдіретті күштің бергеніне ризашылық ретінде міндетті екенін және афу де нисаб сияқты, Жаратқанның бергені, яғни ол екеуі бірдей дәрежеде берілген береке, неге зекет екеуінен бірдей тең мөлшерде алынбауы тиіс. – Шейхтер өздерінің түсіндірмесін бекіту үшін екі түрлі дәлел келтіреді: біріншіден, Пайғамбар нақты айтқан: «Бес түйеден зекетке бір ешкі беріледі және түйенің саны одан көп болғанда, онға дейін зекет алынбауы тиіс»; сондай-ақ Пайғамбар әр нисаб үшін зекет белгіледі және оны афуден алуға тыйым салды; екіншіден, афу нисабқа тәуелді, нисаб пен афуді қоса алғанда олардың бір бөлігі өлген кезде, *музабарат* келісімі кезінде әрбір кездейсоқ шығын капиталға емес, пайдаға саналатыны сияқты, шығын неге алдымен тәуелді немесе екінші кезектегі бөлік ретінде афуге жатқызылады. Осының негізінде Ханифа афу шығынын алдымен осы мүліктің барлық көлеміне, ал одан кейін барып нисабты құрайтын мүліктің басты атауына жатқызады және ары қарай да нисабты құрайтын мүліктің ең төменгі атауына дейін солай жүреді, себебі, нисабтың ең жоғары атауы төменгі нисабқа қатысты алғанда бірінші кезекті болып табылады. Әбу Йусуфтің пікірінше, кез келген шығын алдымен афуге, ал содан кейін барып, нисабтың бірге жинақталған барлық атауына қатысты болады.

Бүлікшілер мен кәпірлер алған зекет жағдайы. – Егер бүлікшілер мен кәпірлер қандай да бір жеке мұсылман тайпасын жеңсе жіне олардың малынан зекет алса, онда мұндай бүлікшілер қуылғаннан кейін, заңды имам бұл тайпаға басқа ешқандай зекет салмауы тиіс, себебі, жағдайдан көрініп тұрғандай, имам бұл тайпаны қорғай алған жоқ; зекет алу құқығы имамға ол қамтамасыз еткен қорғау нәтижесінде беріледі. Алайда ғалымдар бұл қарастырылып отырған жағдайда тайпа салық емес, екінші рет зекет беруі тиіс деп шешті, себебі, алдыңғысы (салық), қасиетті мәтіндерге сәйкес, жауға қарсы күресетін әскерлердің пайдасына түсуі тиіс, ал бұл жерде салық сол бүлікшілердің пайдасына түсуі мүмкін болатындықтан, осы ережені алға тартуға болады. Ал зекетті тек кедейлер ғана пайдалана алуы мүмкін, ал бүлікшілер бұл мағынада кедейлерге сөз болып отырған тайпадан алғанынан бермейді. Сондықтан, бұл тайпа тиісті орнына жету үшін қайтадан зекет төлеуі тиіс; бірақ ол салық төлеуге тиіс емес. Біздің кейбір ғалымдарымыз егер сөз болып отырған тайпа бүлікшілерге зекет төлеу кезінде садақа беруді ойласа, онда осымен бұл тайпаның зекет беру міндеті жойылады және зекетті екінші рет төлеудің қажеті жоқ; қандай да бір жөндетке немесе тонаушыға зекет төлеу садақа ретінде саналады, себебі, бұл елдің адамдары, олар қандай мүлікке ие болмасын, кек алу үшін оларға қайтадан шабуыл жасалуы мүмкін болғандықтан, іс жүзінде кедей. Алайда, бірінші түсіндірме (тайпа қайтдан зекет беруі

¹¹ «Афу» терминінің сөзбе-сөз мағынасы «босатылған». Үй малынан зекет белгілеу кезінде ол бір нисаб пен екіншісінің арасындағы кез-келген аралық санды, мысалы, 25 пен 36 түйе арасын белгілеу үшін қолданылады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тиіс деген) осы айтылғанға қарағанды басымырақ, себебі, бұл жағдайда зекет төленеді және *a certiori* жатқызылып таратылады.

Тағаллиб тайпасы зекет беруге қаншалықты міндетті. – Тағаллиб тайпасының жас балалары малдан зекет төлеуге міндетті емес; ал бұл тайпаның ер адамдарына міндетті нәрсе әйелдеріне де міндетті, себебі, олармен «олар қоғамдық салықты мұсылмандардан екі есе артық төлеуі тиіс» деген шартпен келісім жасалған; мұсылман әйелдер зекет төлеуге міндетті, бұдан тағаллиб тайпасының әйелдері зекетті екі есе артық төлеуі тиіс екені шығады; бірақ жас мұсылман балалардан ешқандай зекет алынбайтыны сияқты, тағаллиб тайпасының жас балалары да зекет беруге міндетті емес.

Мүліктің кездейсоқ жойылуы зекет төлеуден босатады. – Егер қандай да бір мүлік одан зекет төлеуге тиіс болғаннан кейін (яғни, хаулани хаул өткеннен кейін) иесіне ешқандай пайдасыз жойылса, онда зекет төлеу міндеті осымен жойылады. – Шафиғи егер мүлік оның иесі одан тиісті зекетті төлей алатын жағдайда, яғни зекет талап етілгеннен кейін барып немесе мүлік иесі зекет сұрай алатын адамды тапқаннан кейін (мұндай адам оны сұрамаса да) жойылған болса, онда бұл жағдайда мүлік иесі зекет көлемінде жауапты, себебі, ол мүмкіндігі бола тұра мұны істемеді; сонымен қатар, егер ол зекетті оны сұрай алатын адамның талабы бойынша төлемеген болса, онда мұндай әрекет өз меншігін өз еркімен жойғанға тең саналуы мүмкін еді. – Біздің ғалымдарымыз бұған зекет нисабтың бөлігі немесе үлесі ретінде міндетті саналады деп қарсы пікір білдіреді; ал бұл жойылған бөлік жойылған бөлікке қосылғандықтан, осы жағдаймен одан зекет төлеу міндеттілігі жойылады, бұл құлдың *джанайат* (жеке адамға қарсы қылмыс) жасағаны сияқты, құлдың иесі оны *уалиджанайатқа* немесе жәбірленушінің шығынының орнын төлей алатын адамға беруі тиіс; алайда, егер бұл құл сол кезде өліп қалса немесе хабарсыз жоғалып кетсе, онда оның иесі оны жәбірленушіге беруге жауапты емес болып саналады және осының нәтижесінде беру міндеттілігінің өзі жойылады. Шафиғидидің екінші дәлелдемесіне келетін болсақ, меншік иесі зекет алушы ретінде белгілеген кедейді санамағанда ешкім зекет сұраушы болып санала алмайды, деп жауап беруге болады, ал қарастырылып отырған жағдайдың өзі мұндай ойдың болуына жол бермейді. Зекет жинаушының оны талап етіп, ал меншік иесі селқостықпен оны төлемей, бұдан кейін нисаб жойылған жағдайға келетін болсақ, ханафи ғалымдарының арасында пікір қайшылықтары бар: кейбіреулер жойылған нисаб иесінің мойнында бекітілген зекетті төлеу жауапкершілігі тұрады деп дәлелдейді; ал басқалар бұл жағдайда да зекет талап етілмеуі тиіс, себебі, нисабты оның өзі жоймаған болуы мүмкін.

Нисабтың ішінара жойылуы соған сәйкес зекет төлеуден ішінара босатуға апарады. – Егер хаулани хаулден кейін нисабтың бір бөлігі (мысалы., үштен бірі) жойылған болса, онда осыған сәйкес, зекетке талап та жойылады, бұл бүкіл нисабтың жойылуы кезінде талаптың да толық жойылатыны сияқты, сонымен бірге бүкіл зекетті төлеу міндеттілігі жойылады.

Зекет алдын ала төленуі мүмкін. - Егер нисаб иесі одан хаулани хаул мерзімі өткенге дейін зекет төлейтін болса, онда мұндай төлем түрі заңды деп есептелуі тиіс, себебі, ол нисабқа иелік ету кезінде, зекет төлеуге міндеттейтін себеп мерзімі келген кезде жүзеге асырылған; сондықтан борыш қолхатының болуына байланысты қарызды

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

созып төлеу сияқты, мұндай төлем түрі де мақұлданады; мысалы, дала құсын жаралағаны үшін *мухрим*¹² ол (жаралы құс) әлі тірі кезінде өтемақы төлейді. Бұл түсіндірмеге Малик қарсы пікір айтады.

Егер бір нисабтың иесі хаулани хаул мерзімі өткенге дейін бұл нисабтан бірнеше жыл бұрын алдын ала зекет төлесе немесе қосымша нисабтың қандай да бір бөлігі үшін төлесе, онда мұндай төлем мақұлданады, себебі, бірінші нисаб зекет төлеуге міндеттейтін себеп ретінде бірінші кезекті мәнге ие, ал бұдан артылғанның барлығының мәні екінші кезекте болады.

ІІІ ТАРАУ

ЖЕКЕ ҚОЗҒАЛМАЛЫ МҮЛІК ЗЕКЕТІ ТУРАЛЫ

I Бөлім. Күмістен төленетін зекет туралы

Екі жүзден кем дирһемнен зекет төленбейді. – Екі жүзден кем дирһемнен зекет төленбейді, себебі, Пайғамбар бес «ауқийадан»¹³ кем сомадан зекет төленбейтінін бекіткен, ал бір ауқийа қырық дирһемге тең келеді.

Екі жүз дирһемнен екі жарым пайыз көлемінде зекет алынады. – Зекет берілуге тиісті күміс нисабы екі жүз дирһем болып анықталады. Егерде кімде кім екі жүз дирһемге ие болса және мұндай иелік толық хаулани хаул мерзімі бойы жалғасын тапса, онда бұл сомадан бес дирһем зекет алынуы тиіс, себебі, Пайғамбар Маазға: «Екі жүз дирһемнен бес дирһем, ал жиырма мисқал алтыннан жарты мисқал зекет ал» - деп жазған.

Екі жүзден артқан әр қырық дирһемнен екі жарым пайыз көлемінде зекет алынуы тиіс. – Екі жүз дирһемнен жоғары әр артық сомадан, егер бұл артық сома қырық дирһемнен кем болса, зекет берілмейді, ал қырық дирһемнен зекетке бір дирһем алынады және ары қарай да әр қырық дирһемнен солай алынады; бірақ қырық дирһемнен кем сомадан зекет алынбайды. Ханифа осылай деп үйретеді. Екі шәкірті де екі жүз дирһемнен артық әрбір сомадан тиісті зекет алынуы тиістігін айтады және Шафиғи де бұл пікірмен келіседі, себебі, Әли туралы әңгімелерде Пайғамбардың осылай деп бұйырғаны баяндалады, сондай-ақ зекет Жаратушының бергеніне алғыс ретінде төленеді. Зекет төлеуге міндеттейтін шарт ретінде мұндай меншік иесі жеткілікті түрде ауқатты тұлға саналатындай нисаб түрлеріне ие болу қойылады; ал нисабқа ие болу нәтижесінде мұндай ауқаттылық бар деп есептелген жағдайда, артық соманы нисабқа теңестірудің қажеттілігі болмайды, сондықтан зекет, соған сәйкес, осы артық соманың мөлшері қаншалықты көп болса да оның әрқайсысынан алынуы тиіс.

Қарсылық. – Жоғарыда баяндалған ереже мүйізді ірі қараның нисабтан кем әр артық мөлшерінен зекет берілуі тиіс деген шешім шығаруға апаруы мүмкін, ал оған

¹² Меккеге келіп, ихрамға – аңшылық тыйым салынған жер бөлігіне – кірген қажы

¹³ Күміс салмағының өлшем бірлігі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қатысты «афу» саналатын әрбір артық мөлшерден зекет алынбауы тиіс деген басқа ереже бар екені белгілі.

Жауап. – *Қиас* (ұқсастық) бойынша шешім осылай; бірақ мүйізді ірі қараның артық саны «афу» саналады, себебі, әрбір артық мөлшерден тиісті зекет төлеу кезінде осы әрекет арқылы осы мүлікке зекет беруші меншік иесі мен зекет алушы бірдей ие болып табылады. Мысалы, 25 түйеден бір жасар бота алынады; егер саны бұдан артатын барлық түйеден зекет алынатын болса және меншік иесінің 26 болса, онда жиырма алтыншы түйеден бір жасар ботаның $1/25$ бөлігі алынуы тиіс болады, ал мұндай соманы тек зекет алушымен бірдей меншік иесі болған жағдайда ғана төлеуге болады; бұлайша мәжбүрлеп меншік иесі атандыру заңсыздық болып табылады. Алайда ыдыс немесе ақша түріндегі күміске мұндай қарсылық жүрмейді, сондықтан зекет екі жүзден артық әр артық сомадын алынуы тиіс.

Күмістен нисаб анықтауға қатысты ережелер. – Екі жүз дирһем күмістен нисаб *уазн-сабъа*, яғни жетілік салмақпен есептеледі (әр) он дирһем жеті мисқалға сәйкес келеді), себебі, осындай салмақ мөлшері Омардың үкімінде қолданылған және осыдан келіп дирһамның салмағы белгіленген.

Күмісі басым дирһемдер күміс саналуы тиіс және құрамында қоспасы болса да оларға күміске қатысты заңдар қолданылуы керек; осы ереже «ыдыс» деп саналатын кесе, құмыра және сол сияқты барлық басқа заттарға да қатысты қолданылады. Ал қоспасы көп дирһемдер күміс деп емес, тек назарға алынуға тиісті іс жүзіндегі құны бойынша бағаланатын тауар ретінде ғана саналуы қажет. Соған сәйкес, егер олардың құны нисабқа тең болатын болса, кез келген басқа жылжымалы меншік сияқты оны сату ниеті бар болса, онда одан зекет алынуы тиіс. Сондықтан құрамында қоспа бар кез келген ыдысты бағалау кезінде құрамындағы қоспа нисабқа тең келетін тұстан басқа жағдайда оны сату ниетінің бар болуы назарға алынуы тиіс; сонда сату ниетінің бар болуы айтарлықтай шарт болып табылмайды, сондай-ақ бағалау құны да есепсіз қалады, себебі, күміс нисабына ие болу кезінде бұл екі жағдай да зекетті анықтау үшін назарға алынбайды. Жоғарыда баяндалған жағдай ақшаның құрамында үнемі белгілі бір дәрежеде қоспа болуына байланысты осы тектес түсіндірулерді қажет етеді, себебі, таза күміс нақыштауға келмейді және неғұрлым берік металды қоспайынша ол нақышты сақтай алмайды; бірақ оның құрамындағы қоспа әдетте аз мөлшерде болады, сондықтан артық мөлшер назарға алынуы тиіс: егер күміс көбірек болатын болса, зекет берілуге тиісті зат күміс болып саналуы тиіс, ал олай болмаған жағдайда (яғни, салмағының жартысынан көбі қоспа болғанда) оған жоғарыда баяндалған бағалау қолданылады.

II Бөлім. Алтыннан берілетін зекет туралы

Жиырмадан кем мисқалдан зекет алынбауы тиіс; жиырма мисқалдан оның екі жарым пайызы алынуы тиіс. - 20 мисқалдан кем алтыннан зекет алынбауы тиіс, себебі, 20 мисқал осы металдың нисаб құрайтын ең аз сомасы болып табылады; 20 мисқалдан хаулани хаул мерзімі өткеннен кейін жоғарыда сілтеме жасалған беделді

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тұлғаның негіздемесіне сай жарты мисқал алынады. – Бұл жағдайда мисқал¹⁴ деп жеті мисқал он дирһемге тең келетін салмақты түсіну ұсынылады, ал мисқал 20 караттан¹⁵, әр карат бес граннан тұрады.

Зекет жиырмадан жоғары әр төрт мисқалдан екі жарым пайыз көлемінде алынады. – Алтынның мөлшері жиырма мисқалдан жоғары болғанда мұндай артық мөлшердің әрбір төрт мисқалына екі карат көлемінде зекет белгіленеді, себебі, зекет қырық бөлік көлемінде алынады, ал екі карат – төрт мисқалдың қырықтан бір бөлігі; Ханифаның ілімі бойынша төрт мисқалдан кем кез келген артық мөлшерден зекет алынбауы тиіс. Екі шәкірті де алдыңғы бөлімде түсіндірілгендей, әрбір артық мөлшерден тиісті зекет алынуы тиіс деп бекітеді. Мұндай пікір қайшылығы алдыңғы бөлімдегідей негіздемеге ие: Ханифа бөлшек сандар зекеттен босатылуы тиіс деп санайды, ал екі шәкірті қарсы көзқарас танытады. – Ханифа жоғарыда айтылған өз пікірін келесі жағдайға байланысты негіздейді: динардың заңды құны он дирһем деп анықталады, ал динар мен мисқал салмағы тұрғысынан өзара тең; соған сәйкес, төрт мисқал алтынның құны қырық дирһемге тең, сол себепті төрт мисқалдан кем сомадан зекет алынбауы тиіс, себебі сома қырық дирһемге тең, ал қырық дирһемнен кем сомадан зекет алынбайтыны (жоғарыда келтірілгендей, Амр-бинидің Хармге айтқаны бойынша) нұсқалып қойылды.

Жалпы ереже. – Зекет «теббар» терминімен анықталатын алтын және күміс құймалардан алынуы тиіс; сондай-ақ, қолдануға бола ма, жоқ па (мысалы, сақина және сол сияқтыларды) – оған қарамастан, алтын және күміс әшекейлер мен бұйымдардан алынуы тиіс. – Шафиғи пайдаланылуына рұқсат етілген, сондықтан киілетін киімге немесе киімнің бір бөлігіне теңестірілетін әйелдердің алтын немесе күміс әшекейлерінен, сондай-ақ ерлер тағатын сақиналардан зекет алынбауы тиіс деп санайды. – Біздің ғалымдарымыз бұған қарастырылып отырған жағдайда да зекет төлеуге міндеттейтін себеп бар деп қарсы пікір білдіреді; сонымен қатар, алтын мен күмістен жасалған бұйымдар өзінің сипаты тұрғысынан меншік мүліктің өсімін танытады, себебі, бұл металдар негізінен мүліктің өсімін көрсетуге тиісті сауда-саттық қатынастарды жеңілдетуге қызмет етеді; зекет төлеуге міндеттейтін себеп болып мүліктің іс жүзіндегі емес, болжалды өсімі саналуы тиіс, бұл ереже үстіге киілетін киімге қатысты қолдануға келмейді, оны өсім беруге қабілетті мүлік деп санауға болмайды.

III Бөлім. Жеке жылжымалы мүліктен берілетін зекет туралы

Кез келген тауардан зекет алынуы тиіс. - Құны алтын мен күмістің нисабына тең болатын тауардың кез келген түрінен зекет алынуы тиіс, себебі, Пайғамбар тауар бағаланып және оның бағасын белгілейтін құнынан әр екі жүз дирһемнен бес дирһем көлемінде зекет алынсын деп бұйырған. Бұған меншік иесінің осы тауарды өсім алу үшін жинағаны негіз болатынын айтқан, сондықтан осы тұрғыдан алғанда ол заң алдында сол мақсат үшін қызмет ететін алтынға немесе күміске теңестірілуі мүмкін; ал

¹⁴ Жарты дирһем, сондай-ақ осы салмақты монета

¹⁵ Карат — 1/24 унций

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

зекет осы металдардан алынуы мүмкін болғандықтан, осы сияқты ол тауарлардан алынуы тиіс. Алайда маңызды шарт болып осы заттарды сату ниетінің болуы саналады және оларға иелік етудің пайда табуға немесе меншік мүлкін арттыруға жол ашатыны нақты анықталуы керек.

Тауардан нисаб белгілеу тәсілдері. – Мұхаммед зекет жинау мақсатымен түрлі тауарларды бағалау кезінде олар кедейлердің мүддесіне қарай, қанша нисаб керек болса, сонша нисабқа бөлінуі тиіс екенін айтқан. Солайша, егер қандай да бір затты дирһеммен бағалағанда оның құны күмістің нисабына тең келетін болса, ал динармен бағалағанда ол алтынның нисабынан аз болатын болса, онда ол дирһеммен бағалануы тиіс; және керісінше, оның құны алтынның нисабына тең болатын болса, онда динармен бағалануы тиіс. – Һидаяны құрастырушы Ханифаның жоғарыда баяндалған түсіндірмемен сәйкес келетін пікірінің барлығын айтады. – Басқаша жағынан алғанда, Мұхаммед «Мабсутта» бағаланатын заттың иесі өз қалауынша алтынмен де, күміспен де бағалай алатынын, себебі, олардың екеуі де құндылық өлшемі болып табылатынын және заттың бағасын анықтауға бірдей дәрежеде жарамды екенін айтқан. - Әбу Йусуфтің зат оның сатып алынған бағасымен бағалануы тиіс екені жөніндегі пікірі белгілі. Осылайша, егер ол дирһемге сатып алынған болса, онда сол дирһеммен бағалануы тиіс; егер динарға сатып алынған болса, онда динармен бағалануы тиіс; ал егер ол басқа қандай да бір ақшаға сатып алынған болса, онда барынша жиі қолданыстағы ақшамен бағалануы тиіс. – Басқаша алғанда, Мұхаммедтің зат қандай ақшаға сатып алынса да, бұл зат жалпы қолданыстағы ақшамен бағалануы тиістігі, сондай-ақ күшпен тартып алынған мүліктің те солай бағалануы керектігі жөніндегі пікірі белгілі.

Мүліктің зекет төлеу міндеті анықталғаннан кейін қандай да бір жолмен кемуі одан зекет төлеу міндетін жоймайды. – Егер нисаб жылдың басында да, сондай-ақ оның соңында да толық болса, онда осы мерзім бойында болған қандай да бір кему одан зекет төлеу міндетін жоймайды, себебі, бұл бүкіл мерзім бойындағы толық нисабты анықтау қиындық тудырады; сонымен қатар, жылдың басында нисабтың толықтығы зекет төлеуге міндеттейтін себепті анықтау үшін, ал жыл соңында оның толықтығы осы міндеттіліктің өзін анықтау үшін қажет, ал аралық мерзімде нисабтың мұндай толықтығы қажет болып табылмайды.

Құнды металдар құймасымен және ағымдағы ақшамен нисаб құрау түрлерінде басқа кез келген жылжымалы мүлік біріктірілуі мүмкін. - Жеке жылжымалы мүліктің немесе басқа заттардың бағасы алтынмен және күміспен біріктірілуі мүмкін. – Мысалы: егер кімде кімнің иелігінде құны жүз дирһем тұратын жылжымалы мүлік және жүз дирһем ақшаның өзі болса, онда бұл жылжымалы мүліктің құны бір толық нисаб құру үшін осы жүз дирһемге үстелуі тиіс. Бұл мүліктен зекет алынуы тиіс, себебі, оны төлеуге себеп болып, екі түрде келіп тұрса да, осы меншіктің сатуға арналғандығы саналады, оның үстіне жылжымалы мүлікті сату оның иесінің өзінің әрекетімен белгіленеді; ал заң бойынша ақшаға ие болу сауда жасаумен теңестіріледі.

Күміс дәл осы мақсатпен алтынмен біріктіріледі. – Алтын мен күміс тура осы тәсілмен бір бірімен біріктіріле алады, себебі, құндылық бірліктері ретінде, өздерінің

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

әрекеті бойынша, бұл металдар біртектес және оларға иелік ету бірдей дәрежеде зекет төлеуге міндеттейтін себеп болып табылады.

Ханифаның пікірі бойынша, алтын мен күміс бір бірімен жинақ¹⁶ құны бойынша біріктіріле алады; ал екі шәкіртінің пікірі бойынша, олар бағасы бойынша емес, салыстырмалы салмағы бойынша біріктірілуі тиіс. Мысалы: егер әлдекім жүз дирһем күміс және бес мисқал алтынға (құны жүз дирһемге тең келетін) ие болса, онда Ханифаның ілімі бойынша, мұндай адам зекет төлеуі қажет; ал екі шәкіртінің пікірі бойынша мұндай міндеттілік болмайды, себебі, олар алтын мен күмістен зекет белгілеу кезінде олардың құнын емес, тек салмағын басшылыққа алу керек деген көзқарасты жақтайды; сондықтан салмағы екі жүз дирһемнен кем күміс ыдыстың құны бұл сомаға тең келетініне, тіпті одан артатына қарамастан, одан зекет алынбауы тиіс. – Екінші жағынан, Әбу Ханифа алтын мен күміс бір бірімен олардың мәніне қатысты емес, құнына ғана қатыстыанықталуы мүмкін болатын біртектілігі нәтижесінде ғана біріктірілетінін дәлелдейді.

IV Тарау

ЗЕКЕТ ЖИНАУШЫНЫҢ АЛДЫНДАҒЫ ТҰЛҒАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗАҢДАР ТУРАЛЫ

Мүліктік меншікке қатысты ант түрінде айтылған сөздер қабылдануы тиіс. – Егер кімде кім өзінің мүлкімен¹⁷ зекет жинаушыға келіп: «Мына мүліктің менікі болғанына осынша ай өтті, әлі бір жыл тола қойған жоқ» немесе «Мен мұнша және осынша сома қарыздармын» десе және өзінің сөзін растау үшін ант ететін болса, онда зекет жинаушы оның мұндай өтінішін қабылдауы тиіс және ештеңе талап етпеуі керек, себебі, мұндай адам зекет төлеу міндетін кері қайтарған жауапкер саналады, ал жауапкердің ант беру арқылы расталған өтініші қабыл алынуы тиіс. Сондай-ақ, әлдекім осыншама мүлктен басқа жинаушыға зекет төлеп қойғанын баяндаса да, оның өтініші қабыл алынуы тиіс, себебі, зекет жинаушы тек сенім артылған тұлға болып қана саналады және ол зекетті жинайды және сақтауға тапсырылған мүлік ретінде сақтайды; ал осы жинаушыға келген адамның жоғарыда берілген өтініші тек сақтауға белгіленген орынға жеткізуді ғана мақсат етеді және мұндай өтініш егер тек қарастырылып отырған жылы зекет жинаушы осы орында болса ғана қабыл алынуы тиіс.

Егер, керісінше, бұл жинақтаушы орында бұл жыл бойы басқа жинаушы болмаса, онда өтініш те, ант та, тегінде жалған деп танылып қабылданбауы тиіс. Егер меншік иесі өзі тұратын қалада кедейлерге тарату түрінде мүлкінен зекет төлегені туралы баяндаса, онда оның осы баяндауына сенім артылуы тиіс, себебі, өз қаласында мүлік иесі өз мүлкінен зекет жинауға және оны кедейлерге таратып беруге өкілетті тұлға табылады, әрі бұл өкілеттік өз мүлкінен зекет жинаушының алдына келгенше

¹⁶ Алтын мен күміс әрқайсысының салыстырмалы салмағы бойынша емес, екеуінің де құны бойынша бір нисабқа келтіріле алады

¹⁷ Бұл тарауда «мүлік» деп малды емес, тауарды түсіну қажет.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жалғаса береді, ол жағдайда зекет жинау өкілеттігі соңғысына ауысады, себебі, мүлік те, оның иесі де осы жинаушының заңды билігіне¹⁸ қарайтын болады. – Бір сөзбен айтқанда, бұл төрт жағдайда да мүлік иесінің өтініші қабылдануы тиіс. Осы сияқты, меншік иесінің малға қатысты өтініші де алғашқы үш жағдайда қабылдануы тиіс, бірақ төртінші жағдайда – мүлік иесі өзінің өтінішін ант беру арқылы растаса да, бұлай емес. – Шафиғи бұл жағдайда да өтінішке сенім артылуы тиіс деп санайды, себебі, оның өтінішінен байқалып тұрғандай, мүлік иесі зекет талап етушінің еңбегін мойындаған тәрізді. – Бұған қарсылық ретінде біздің ғалымдарымыз малдан зекет жинау құқығы тек мемлекет басшысына ғана берілген және мүлік иесінің бұл айрықша құзырдың алдын алуына болмайды. Бұл «батин» (ішкі немесе үй ішілік) термині анықталатын басқа түрлі немесе басқа сипатты мүлік түріне қатысты қолданылмайды, одан зекет алу мүлік иесінің өзіне тапсырылады.

Кейбіреулердің малға қатысты алғанда, бірінші жағдайдағы меншік иесінің өзі төлеген зекеттің жалғыз ғана дұрыс және міндетті зекет болып табылады және одан кейіннен алынғанның барлығы, соған сәйкес, әділетсіз қысымшылық саналады деп түсіндіретінін атап өту қажет; сонымен қатар, басқалардың пікірі бойынша, соңғы зекет міндетті, ал біріншісі – ерікті, нәпіл немесе қайтарымсыз санатына жататын әрекет деп танылуы тиіс. – Бұл жағдайда мынадай сұрақ туады: меншік иесінің өтініші қабыл етілетін болса, онда оның зекет төлегені жайлы құжат тапсыруы қажет пе, жоқ па? – Мұхаммед «әл-Джами ас-Сағир» еңбегінде бұл жағдайды айтарлықтай қажетті шарт деп қоймайды; ал «Мабсут» еңбегінде оны осылай таниды және осы соңғы пікірді (Хусейннің жеткізуі бойынша) Әбу Ханифа да қолдайды. Бұл түсіндірме егер меншік иесі белгіленген зекетті төледім деп сендіретін болса және қолында оны растайтын құжаты болса, онда ол оны тапсыруы қажет дейтін пікірге негізделеді; «Заһир-Риуайатта» баяндалған түсіндірме бұлай құжат тапсыруды бір қолтаңбаның екінші адам қолтаңбасына ұқсас келуіне байланысты дәлелді деп санамайды.

Зиммилердің¹⁹ өтініштері қабылдануы тиіс. – Мұсылманның зекетке қатысты өтініштері қабыл болатын жағдайлардың барлығында зиммидің дәл осындай өтініштер қабыл алынуы тиіс, себебі, оған мұсылманмен салыстырғанда екі есе артық салық салынады және олардың біріншісінің меншігіне қатысты назарға алынатын барлық жағдайлар екіншісінің де меншігіне қатысты назарға алынуы тиіс.

Жатжерліктердің өтініштері қабылдана алмайды. - Егер мемлекет басшығы тағайындаған зекет жинаушыға тауарын алып жат жерлік келсе, онда бұл шенеунік мұсылмандар немесе зиммилер беретін өтініштерге артылатын сенімге еш назар аудармастан, одан әдетте жатжерліктерден не алынатын болса, соның барлығын алуы тиіс, тіпті, бұл жат жерлік өзіндегі құл әйелдерді *умм-уалад* деп жариялағаннан басқа жағдайда өзінің өтінішін ант беру арқылы растағысы келсе де; мүліктің барлық басқа түрлеріне қатысты алғанда оның өтініші ешқандай назар аударуға тұрмайды, себебі, одан мұндай жолмен алынатын салық іс жүзінде зекет емес, керісінше, оған мүлкінің қауіпсіздігі үшін қажет болғандықтан берілетін қорғаныс орнын өтеу сипатындағы контрибуция²⁰ саналады. Сондықтан, жоғарыда қарастырылған, құл әйелдерін *умм-*

¹⁸ Бұл заңға қатысты комментарий (басқа жерде де сияқты) бұл жерде орнатыла алмайтын жергілікті дәстүрлерге немесе жағдайтарға байланысты

¹⁹ Мұсылман мемлекетінде тұратын кәпір адам

²⁰ Соғыста жеңілген мемлекеттің жеңіп шыққан мемлекетке төлейтін соғыс салығы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

уалад деп жариялағаннан жағдайдан басқа уақытта одан әдетте жатжерліктерден алынатын салық алынуы тиіс, сонымен қатар, бұл өтініш назарға алынуы тиіс және оған жат жерліктің (мысалы) мынадай өтініші қандай негізде қабылданатын болса: оның жанындағы барлық басқа адамдарға қатысты «олар оның балалары», сондай негізде толықтай сенім артылуы тиіс; сонымен бірге, құл әйелдерге қатысты осы сияқты өтініштер қабыл алынуы тиіс, себебі, умм-уалад құқықтары баланың тегін анықтаудан басталады және соған сәйкес, құл әйелдер иеліктен шығарылмайтын меншікке жатады; ал салық тек иеліктен шығарылатын мүлікке ғана салынуы мүмкін.

Тауарлардан алынатын зекет мөлшері. - Мұсылманнан оның мүлкінен десенің (десятина) төрттен бір бөлігі алынуы тиіс. – Омар өзінің зекет жинаушыларына осылай үйреткен.

Зекет жатжерліктердің елу дирһем және одан жоғары тұратын мүлкінен алынуы тиіс. – Егер жатжерлік жинаушыға тек елу дирһем тұратын мүлікпен келсе, онда одан жатжерліктер мұсылмандардың да осындай аз ғана мүлкінен салық алатын жағдайын санамағанда ештеңе алынбауы тиіс. Бұл жағдайда жатжерліктің мүлкінің осы мөлшеріне дәл осындай (мөлшері жағынан) салық салынуы тиіс, себебі, жатжерліктерден алынатын мөлшер тек өзара келісім немесе төлем түрінде алынады, ал мұсылмандар мен зиммилерден іс жүзінде әдеттегі немесе екі есе мөлшердегі зекет алынады; сондықтан, мұсылмандар мен зиммилердің зекет алынатын мүліктері нисабқа тең болуы тиіс. «Әл-Джами ас-Сағирде» баяндалған ілім осылай дейді. – «Мабсутте», зекет туралы тарауда жатжерлікке тиесілі мүліктің көлемі шағын болған жағдайда (яғни, нисабтан кем болғанда) мұсылмандардың бұған қатысты әдет-ғұрпы қандай болғанына қарамастан, олардан ештеңе алынбауы тиіс, себебі, нисабтан аз мүлік афу, яғни зекеттен босатылған деп саналуы тиіс; сондай-ақ, мұндай аз көлемдегі сомаға қатысты мемлекет тарапынан қорғау қажеттілігі тумайды, себебі, жолаушылар жол бойындағы шығындарына жарату үшін өздерімен шағын көлемдегі соманы алып жүрулері тиіс және қарақшылар оларға өздерінің шабуыл жасауына нысан ретінде қарамайды.

Жатжерліктердің мүлкінен алынатын салықтың көлемі. – Егер жинаушыға жатжерлік екі жүз дирһеммен келсе және жатжерліктер мұсылмандардан қандай мөлшерде салық алатыны нақты белгісіз болса, онда мұндай мүліктен десе (десятина) алынуы тиіс; ал егер жатжерліктердің тек жиырмадан немесе қырықтан бір бөлігін ғана алатыны белгілі болса, онда осындай бөлік алынуы тиіс; бірақ, егер олар барлық мүлікті алатыны белгілі болса, онда мұсылман зекет жинаушы олар тәрізді әрекетке бармауы тиіс, онда бұл ұрлық болған болар еді. – Егер жатжерліктер мұсылмандардан ештеңе алмайтыны белгілі болса, онда олардан да ештеңе алмаған орынды болады, жат елдерде саяхаттап жүрген мұсылман саудагерлері салықтан босатылатындай түрде болуы тиіс; сондай-ақ, жат мемлекеттер мұсылмандарға мейірбандық пен қайырымдылық танытқан кезде олардан ештеңе алмайтынына байланысты, осыған өтеу ретінде жатжерліктерден де ештеңе талап етілмеуі қажет, себебі, мұсылмандардың барлық адамдарға рақым етуі әдептілікке жатады.

Салық бірнеше рет алынбауы тиіс. – Егер жатжерлік жинаушыға келсе және ол одан десе алса, ал бұдан кейін осы жатжерлік жинаушы мекенінің тұсынан қайта өтетін болса, онда хаулани-хаул мерзімі өткенге дейін одан ештеңе алынбауы тиіс,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

себебі, десе жыл бойы бірнеше рет алынатын болса, онда мұндай жолмен меншіктің өзі де жойылып кетер еді, ал салық қорғалатын меншік түрлерінен жиналады; сонымен қатар, мұндай қорғау түрі «аман», яғни қорғау қайта басталатын жаңа жылдың басына дейін жалғасады, себебі, жатжерліктің мұсылман аумағына бір жылдан артық тұруына рұхсат етілмейді; бірақ екінші жылдың соңында одан қайтадан салық талап етілуі мүмкін, себебі, салықтың мұндай түрі мүліктің жойылуына апарып соқпайды. – Жоғарыда баяндалғанның барлығы да жатжерлік десені төлегеннен кейін, жоғарыда түсіндірілгендей, жыл бойында өз отанына қайтпайтын жағдайға негізделген; егер ол отанына қайтатын болса, онда десе (десятина) ол мұсылман аумағына екінші рет келген жағдайда қайта алынуы тиіс, тіпті ол мұсылман аумағынан өз отанына дәл десені төлейтін күні кетіп, ол жақтан да дәл сол күні қайтып келсе де солай, себебі, ол мұсылман аумағына аяқ басқан әр жолы оның жаңа келісі барысында оған жаңа қорғау көрсетіледі. Одан басқа, ол қайтып келгеннен кейін салықтың қайталанып алынуы оның мүлкінің жойылуына апаратын себеп санала алмайды, себебі, ол әр қайта оралған сайын жаңа табыс табады.

Шараптан зекет десе (десятина) көлемінде алынуы тиіс. – Егер зимми зекет жинаушының мекенінің тұсынан шараппен және доңыз етімен өтетін болса, онда жинаушы екінші заттан емес, бірінші заттан десе алуы тиіс. Шараптан алынатын десе деп оның шараптың бағаланған құнынан (заттың өзінен емес) алынуын түсіну қажет. Бұл жағдайда доңыз еті мен шараптың арасында жасалған айырмашылық «Захири-Риуайаттан» алынған. – Шафиғи шараптан да, доңыз етінен де ештеңе алынбауы тиіс деп санайды, себебі, бұл заттардың ешқайсысы заңды түрде бағалауға жатады санауға келмейді. – Басқа жағынан алғанда, Зуфар бұл екі заттың екеуінен де десе алынуы тиіс деп дәлелдейді, себебі, зиммилердің өзінде олар заңды мүлік деп саналады. - Әбу Йусуф те егер зимми ол екеуіне бірдей иелік етсе ғана салық осы екі мүлік түрінен де алынуы тиіс дейді; алайда, ол бұл жағдайда доңыз етін шарапқа қосымша деп қарастыруы мүмкін, себебі, былай деп қоса жазады: «егер зимми жинаушыға шарап не доңыз етімен келетін болса, онда десе доңыз етінен емес, шараптан алынуы тиіс». – «Захири-Риуайаттың» түсіндірмесі екі жақты пікірге негізделген: біріншіден, «зауатул-қийам» атауымен анықталатын заттың бағалау құны да заттың өзі сияқты қарастырылуы қажет, ал доңыз еті осы санатқа жатады; сонымен қатар, «зауатул-эмсал» санатына жататын заттың бағасы осы заттың өзі сияқты қарастырыла алмайды, ал шарап осы санатқа жатады; екіншіден, жинаушы десені мемлекет көрсетіп отырған қорғаудың өтемі түрінде талап етуге құқылы; мұсылман шарапты одан сірке қышқылын әзірлеу үшін сақтау мақсатында шаралар қолдана алады, ол сондай-ақ зиммидің иелігіндегі шарапты да заңды түрде сақтай алады; алайда, оның бұл зиммидікі болып саналатын доңыз етінен ештеңе қолдануына жол берілмейді, сондықтан, қолында доңыз еті бар зимми исламды қабылдайтын болса, онда ол оны не жойып жіберуі тиіс, не лақтырып тастауы тиіс. Ал мұсылманға қандай да бір жолмен өзінің доңыз етін жаратуына жол берілмейтіндіктен, бұдан шығатын шешім – ол басқаға тиесілі доңыз етін сақтай алмайды. Осы жерден мемлекеттің зиммиге тиесілі доңыз етінен ешқандай салық ала алмайтыны көрінеді, себебі, ол бұл тектес мүлікке қорғау көрсетеді деп санала алмайды.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер тағлиб тайпасынан болатын бала немесе әйел зекет жинаушының мекені тұсынан қолындағы қандай да бір мүлікпен өтетін болса, онда олардың біріншісінен ештеңе алынбауы тиіс, бірақ, соңғысынан малдан алынатын зекет туралы тарауда түсіндірілгендей, осы тайпаға жататындар үшін белгіленген зекет алынуы тиіс.

Егер әлдекім зекет жинаушыға жүз дирһеммен келіп, үйде тағы бір жүз дирһемі бар екенін және хаулани-хаул мерзімі өткенін мәлімдесе, онда, бұған қарамастан жинаушы бұл жүз дирһемнен де, басқа жүз дирһемнен де зекет ала алмайды, себебі, бірінші жүз дирһемге ол қорғау көрсетіп отырған жоқ, ал екінші жүз дирһем – нисабтан кем.

Зекет «бидоат» немесе «музарабат» аталатын мүліктен алынбауы тиіс. – Егер әлдекім жинаушыға қолында «бидоат» сипатындағы екі жүз дирһеммен келетін болса, онда жинаушы одан ешқандай зекет алмауы тиіс, мүліктің іс жүзіндегі иесі одан зекет төлеуге оған өкілеттік берген жоқ; дәл осы ереже зекетжинаушыға келген адам оған музаварат келісімі негізінде берілген мүлікке ие болған жағдайда да сақталады. Екі шәкірті осылай үйретеді және Ханифа да олармен келіседі. Бұл түсіндірме *музариб* зекет төлеуге қатысты мәселеде қарастырылып отырған мүліктің не іс жүзіндегі иесі, не «мұндай мүлік иесінің» өкілі болып табылмайтындығына негізделеді; сондықтан, бұл жағдайда, егер тек келісім-шарттың өзінің сипаты бойынша музарибке мүліктің нисабқа тең келетін сомасы түрінде мұндай пайда үлесі ұсынылмаған болмаса зекет талап етуге негіз жоқ. Бұл айтылған соңғы жағдайда музариб мұндай үлестің іс жүзіндегі иесі болатындықтан одан зекет алынуы тиіс.

Кұл-мазундар зекет беруі тиіс. – Егер ешкімге қарызы жоқ құл – мазун жинаушыға екі жүз дирһеммен келетін болса, одан зекет алынуы тиіс. - Әбу Йусуф жоғарыда баяндалған көзқарастан Ханифа қашан болсын бас тартты ма және бұл мәселеге қатысты басқа (яғни жинаушы құл- мазуннан зекет алуы тиіс деген) пікір білідірді ме немесе жоқ па – оның нақты белгісіз екенін айтқан; бірақ ол алдыңғы жағдайда екі шәкіртімен келісетіні жөніндегі (музарибтен зекет алынбауы тиіс деген) деректен оның осы мазуннен де зекет алынбауы тиіс деген пікірмен келісетіні жөнінде болжам жасауға болады, себебі, мүлік иесі болып мазун емес, оның қожайыны саналады; ал мазун тек бұл мүлікке қатысты келісім жүргізуге ғана өкілетті, сондықтан ол бұл мәселеде музарибпен бірдей құқыларды пайдалана алады. – Басқалардың пікірі бойынша, музариб пен мазунның арасындағы айырмашылық мынада: мазун оған сеніп тапсырылған мүлік бойынша өз есебінен келісімдер жасау құқығына ие және сондықтан әр түрлі меншіктік міндеттемелерді орындайды. Бұл міндеттемелердің барлығы оның қожайынына жүктеле алмайтындықтан, бірақ осы міндеттемелерді орындау кезіндегі қауқарсыздық көрсеткен жағдайда сатылып жіберілуі мүмкін болатын мазунның өзінің жеке басы арқылы қамтамасыз етілетіндіктен, бұл жерде мазунның өзі, сенім артылған тұлға ретінде музавараттың мүлкін басқаратын музарибпен салыстырғанда, өзін-өзі қорғауға мұқтаж емес. Сондықтан музарибтің барлық мүліктік міндеттемелері мүліктің тікелей иесінің мойнында, сондықтан да мүлік иесі өз меншігіндегі мүліктің қорғалуына мұқтаж адам болып саналады. Осы жерден мазун мен музарибтің арасындағы айтарлықтай айырмашылық көрінеді; бірақ, Ханифаның музарибтерге қатысты белгілі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

көзқарасынан оның мазундар жөніндегі пікірі жайлы ешқандай шешім жасауға болмайды.

Мазундар жинаушыға егер өздерінің қожайындарымен бірге келсе зекет бермейді. – Егер мазун жинаушыға өзінің қожайынымен бірге келсе, онда жинаушы (мазуннан емес, бірақ) қожайыннан зекет алуы тиіс, себебі, зекет берілуге тиісті мүліктің іс жүзіндегі иесі сол болып табылады. Сондықтан істің ағымына қарай байқалатындай, құл қарастырылып отырған мүлікке тең келетін сома мөлшерінде қарыздар саналатын жағдайды санамағанда, зекет қожайыннан алынуы тиіс. Соңғы жағдайда қожайыннан ешқандай зекет талап етілмеуі тиіс, себебі, (Ханифаның айтуы бойынша) қожайын іс жүзінде мазунға сеніп тапсырылған ешқандай мүлікке ие емес. – Екі шәкіртінің пікірі бойынша, қарастырылып отырған мүлікпен бірге басқаның (дәлірек айтқанда қарыз берушінің) құқығы байланысты, сондықтан, мұндай меншік түрінен зекет алынбауы тиіс, себебі, (екі шәкіртінің түсіндіруі бойынша) қандай да бір мүлікке қатысты қарыздың болуы одан зекет алынуына жол бермейді.

Егер кәпірлер көп тұратын елге келген саудагер кәпірлер тарапынан қойылған зекет жинаушыға келіп, өз мүлкінен зекет төлесе, ал одан кейін хақ мұсылмандар қойған жинаушыға келсе, онда осы соңғы жинаушы одан қайтадан белгіленген зекетті талап ете алады, себебі, зекетті кәпірлер қойған жинаушыға төлеудің өзі қате болып саналады.

V Тарау

КЕНІШТЕР МЕН ҚАЗЫНАЛАР ТУРАЛЫ

Айырмашылықтар. – Бұл тектес заттар заң тілінде үш түрлі терминмен аталады, нақты айтқанда: «маадан», «канз» және «риказ». «Маадан» терминімен кен немесе металдың табиғи кен орны; «канз» терминімен қазына немесе жерге²¹ көмілген басқа мүлік; ал «риказ» терминімен кеніштер де, қазыналар да аталады: кеніштер – сөзбе сөз мағынада, ал қазына – ауыспалы мағынада.

Кеніштердің бестен бір бөлігі зекетке алынуы тиіс. – Егер «харадж» немесе «ушр» (десе немесе салық салынатын) жерден алтын, күміс, қорғасын немесе жез кеніші табылатын болса, онда біздің ғалымдарымыздың пікірі бойынша, оның бестен бір бөлігі зекетке берілуі тиіс; бұл зекет «хумс»²² деп аталады. - Шафиғи кеніштен ештеңе алынбауы тиіс деп санайды, себебі, оның ашылуы толығымен еркін және ол оны тапқан адамның меншігі болып табылады; осыған қатысты кеніш дала құсына теңестірілуі керек. Бірақ, дегенмен, егер кеніш метал өндіретін болса, онда зекет беруге міндеттейтін нисаб иесіне оның өз мүлкінен өсім алу үшін берілетін жеткілікті уақыт ретіндегі хаулани-хаул мерзіміне қарамастан, оған зекет белгіленуі тиіс, ал бұл жағдайда кеніштен өндірілетін метал іс жүзінде өсім алу болып табылады, сондықтан хаулани-хаул мерзімі өтін күтудің қажеті жоқ. – Біздің ғалымдарымыз бұған екі түрлі қарсылық білдіреді: біріншіден, Пайғамбар риказдың бестен бір бөлігі алынуы тиіс

²¹ Қазынаны көмудің мұндай дәстүрі Орта Азияда кеңінен тараған

²² Сөзбе сөз алғанда: бестен бір бөлік.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

деп бекіткен, ал «риказ» термині, жоғарыда аталғандай, кеніштерге қатысты да қолданылады; екіншіден, салық салынуға тиісті жерден табылған кеніш, әлдеқашан кәпірлердің меншігі болған болуы мүмкін, тек содан кейін барып, жаулап алу нәтижесінде мұсылмандардың иелігіне көшкен болуы мүмкін, сондықтан кеніштің өзі де, одан алынған метал да бестен бір бөлігі алынуға тиісті «ғанимат» немесе «әскери олжа» деп аталады. – Бұл қандай да бір алдыңғы иенің құқығын анықтауға болмайтын дала құсына қатысты ережеге қарсы келеді.

Қарсылық. – Егер кеніш осындай жолмен әскери олжаға айналдырылатын болса, онда бұл жерде одан алынатын метал барлық әскерлердің ортақ иелігіне өтуі тиіс деген қорытынды шығаруға болады.

Жауап. - Әскерлердің кенішке иелік ету құқығын жаулап алынған аумақтың барлығына тұтастай иелік ету құқығына сәйкес, тек ауыспалы түрде ғана белгілеуге болады; бірақ іс жүзінде кенішті ашушы оның нағыз иесі болып табылады, сондықтан әскерлердің ауыспалы мағынада анықталған меншікке ие болу құқығы осы кеніштің құнының тек бестен бір бөлігіне ғана қатысты болады; меншіктің іс жүзіндегі толық құқылы иесі кеніштің бестен төрт бөлігіне ие болады және мұндай иелік тек оның жалғыз өзіне ғана беріледі.

Үйдің ішінен табылған кенішке қатысты жағдай. – Егер әлдекім өзінің жеке меншік үй-жайының аумағынан кеніш тапқан болса, онда Ханифаның ілімі бойынша, бұл кеніштен ештеңе алынбауы тиіс. – Екі шәкірті жоғарыдағы жағдайларға қатысты айтылған шешімдерге сәйкес, мұндай кеніштің де бестен бір бөлігі алынуы тиіс, себебі, бұл шешім осы жағдайға да қатысты қолданыла алады. – Ханифа кеніш өзі тұрған жердің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы тиістігін айтып қарсы келеді немесе оны Құдай осы жермен бірге жаратты деп қарау керек, дейді; ал жердің өзінен ештеңе алынбауы тиіс болғандықтан, бұдан жердің ешқандай ерекше бөлігінен де (мысалы, кеніштен) ештеңе алынбауы тиіс деген қорытынды шығады, себебі, бөліктің бүтіннен айырмасы жоқ. Бұл шешім жермен бірге жаратылмаған, бірақ кейіннен біреу көмгендіктен оның құрамдас бөлігі санала алмайтын қазынаға қатысты қолданылмайды.

Жеке меншік болып табылатын жерде орналасқан кеніш жағдайы. – Егер кеніш қандай да бір адам тапқан үй-жайдың өзінің аумағында емес, салық салынуға тиісті және осы мүлік иесінің жеке немесе толықтай меншігі саналатын жерде табылған болса, онда бұл тектес жағдайға қатысты Ханифаның екі жеке пікірінің бар екені белгілі: оның бірі бойынша, кеніш үй-жай аумағында табылған жағдайдағыдай, мұндай кеніштен ешқандай зекет алынбауы тиіс; екінші пікір бойынша, мұндай кеніштің бестен бір бөлігі алынуы тиіс. Бұл пікірлердің біріншісі «Мабсутте», ал екіншісі «әл-Джами ас-Сағирде» баяндалған. Ол үй мен жердің арасында айтарлықтай айырмашылықтың барлығы жөніндегі түсінікке негізделген, себебі, үй орналасқан жердің өзі ешуақытта онда әдетте өсетін жемістерді өсіруге жарамды деп санала алмайды (сондықтан мұндай жерден ешқандай салық алынбайды; егер үйдің ауласында кездейсоқ жағдайда құрма ағашы өсіп шығып, жеміс бере бастаса, онда соған қарамастан ол салықтың кез келген түрінен босатылады); дегенмен, өзінің өнім беру қабілеттілігіне сай, жер салық жинаудан босатылмайды, сондықтан, оларда орналасқан барлық кеніштердің бестен бір бөлігі алынуы тиіс.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Көмілген қазыналар жағдайы. – Егер әлдекім «канз», яғни көмілген қазына тауып алса, онда барлық ғалымдардың пікірі бойынша, жоғарыда келтірілген әңгімеге сәйкес, мұндай қазынаның бестен бір бөлігі алынуы тиіс, себебі, онда айтылған атауды (нақты айтқанда «риказ») қазынаға да қатысты қолдануға болады. Алайда, қарастырылып отырған қазынада мұсылман бедері (мысалы, имандылық рәмізі саналатын сөздер²³) бар метал ақшалар бар болатын болса, онда қазына «луқат», яғни олжа деп саналады, ол жөнінде басқа жерде айтылатын болады. – алайда, егер бұл монетада кәпірлердің нақышы (мысалы, қасиеттілердің немесе пұттардың) көрініп тұрса, онда барлық жағдайда да мұндай қазынаның бестен бір бөлігі алынуы тиіс; яғни, меншік иесінің өзінікі саналатын жерден де табылса да, сондай-ақ, басқа адамдардың меншігі саналатын жерден немесе жекелей ешкімнің меншігі саналмайтын қауымдық жерден табылса да, жоғарыда келтірілген ережеге сәйкес оны бестен бір бөлігі алынуы тиіс. – Бұл жерде егер қазына қауымдық иеліктегі жерден табылса, онда оның бестен төрт бөлігі ашу құқығына сай, оны тапқан адамға берілуі тиіс, себебі, басқа әскерлердің қазына туралы еш хабары болған жоқ және, сондықтан, онда олардың ешқандай үлесі жоқ; соған сәйкес, қазынаны тауып алушы толығымен оның иесі саналады. Дәл осы ереже (Әбу Йусуфтің пікірі бойынша) қазына оны тауып алған адамның өзінің немесе басқа адамның иелігіндегі жерде орналасқан жағдайларға да қатысты қолданыла алады, себебі, қазынаға ие бол құқығы оны ашу немесе қайтару себептеріне сәйкес анықталады, ал қазына оны тапқан адамның тарапынан ашылады немесе қайтарылады.

Мұхаммед пен Ханифа, басқа жағынан алғанда, жаулап алған кезде жерді имам кімге (мұндай адам «мухтаттун-лах», жер берілген алғашқы адам деп аталады) тапсырса, қазына сол адамдікі болып табылады деп санайды және қандай да бір жерге толығымен ие болу тапсырылған алғашқы адам, ондағы бар нәрсеге айқын иелік етуге әлі кіріспесе де, ондағы бар, орналасқан нәрсенің барлығының да шын мәніндегі иесі болып табылады; тура сол сияқты, құрсағында інжу бар балықты аулап алған адам осы балықтың құсағында інжу бар екенінен ешқандай хабары болмаса да, сол інжудің иесі болып саналады²⁴. – Бұдан ары қарай егер жер тапсырылған адам оны сатып жіберсе, сонда да ол дегенмен осы жерден кейіннен табылуы мүмкін қазынаның қандай да бір түріне иелік құқығынан айырылмайды, себебі, мүліктің мұндай түрі сату кезінде келісім бойынша сатып алушының меншігіне өтетін, мысалы, кеніш сияқты жердің құрамдас бөлігі бола алмайды. Егер бұл жерге ие болу тапсырылған алғашқы адамның кім екені белгісіз болса, онда барлық ғалымдардың пікірі бойынша, қазынаның бестен төрт бөлігі ислам бекіткен уақыттан бастап алғашқы иелік етуші ретіндегі белгілі адамға өтеді. – Егер қазына нақышының өшіп қалуына байланысты оның шығу тегін (мұсылмандарға немесе кәпірлерге жататындығын) анықтау күман тудыратын метал ақшалардан тұратын болса, онда мұндай жағдайда (Захири-Риуайат бойынша) оларды кәпірлер жасаған деп санау керек. Кейбіреулер соңғы уақытта мұндай метал ақшаларды мұсылмандардікі деп санау қажеттігін айтып жүр.

Жат жерлерде табылған кеніштер мен көмілген қазыналар туралы. – Егер мұсылман қорғаумен жат жерге барса және кәпірдің ауласынан риказ тауып алатын

²³ Кәлима, мұсылмандық иманды білдіретін: «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі».

²⁴ Бұл жағдай айтарлықтай дәрежеде қызықты;

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болса, онда опасыздық немесе исламға қайшылық тудыратын себеп болмас үшін ол бұл риказды (оның маадан немесе канз екеніне қарамастан) иесіне беруі тиіс, себебі, жат елдегінің барлығы шындығында оның тұрғындарына тиесілі болып саналады. Егерде жат елде жүрген мұсылман ашық жерде (біреудің үй-жайы болып саналмайтын) немесе шөл далада риказ тауып алатын болса, онда бұл риказ жеке оның өзінікі болып табылады, себебі, оған ешкімнің толығымен иелік ету құқығы жоқ, егер ондай құқық болған жағдайда бұл әрекет опасыздық болып саналушы еді. Бұл жағдайда осы жолмен табылған риказдың бестен бір бөлігі алынбауы тиіс, себебі, оны тапқан адам әскер емес, ұры болып табылатындықтан, мұндай мүлікті әкери олжа деп санауға болмайды.

Асыл тастарға салық салынбайды. – Таудан табылған ақықтың бестен бір бөлігі алынбауы тиіс, себебі, ақық – тас, ал Пайғамбар: «Тастардан хумса болмайды» деген.

Сынапқа оның бестен бір бөлігі көлемінде салық салынуы тиіс, бірақ бұл салық інжуге де, кәріптасқа (янтарь) да салынбайды. – Ханифаның бұл мәселеге қатысты соңғы пікірі бойынша сынаптан оның бестен бір бөлігі мөлшерінде зекет алынуы тиіс. - Әбу Йусуф бұл пікірмен келіспейді. Ханифа және Мұхаммедтің айтуы бойынша інжу мен кәріптастың бестен бір бөлігі алынбауы тиіс. - Әбу Йусуф бестен бір бөлік мөлшеріндегі зекет теңізден алынатын барлық асыл тастар сияқты, бұлардан да алынуы тиіс, себебі, әдетте кәріптастың бестен бір бөлігін алатын еді. – Ханифа мен Мұхаммед бұған теңіз қойнауын «соғыс кезінде бағындырылған жерлер» деп атауға болмайтынын айтып, қарсы көзқарас білдіреді; сондықтан, одан алынған барлық заттар олар алтын немесе күмістен жасалған болса да әскери олжа деп санала алмайды; ал Омар кәріптастың бестен бір бөлігін егер ол тасты теңіз жағасына толқын лақтырып тастаса ғана алатын болған; мұндай жағдайларда Ханифа мен Мұхаммед оған бестен бір бөлік мөлшерінде салық салуды құптайды.

Егер әлдекім қауымның иелігіндегі жерден жеке мүлік болып табылатын, мысалы, ыдыс немесе киім түріндегі қазына тауып алатын болса, онда бұл оны тауып алған адамға тиесілі болады және одан оның бестен бір бөлігі мөлшерінде зекет алынуы тиіс, себебі, мүлік алтын немесе күміс сияқты, әскери олжа деп аталатын заттар қатарына жатады.

VI Тарау

ЖЕР ӨНІМДЕРІНЕН АЛЫНАТЫН ЗЕКЕТ ТУРАЛЫ

Табиғи жолмен суарылатын жерлердің өнімінен оның оннан бір бөлігі түрінде зекет алынуы тиіс. – Жерде өсірілетін барлық өнім түрлерінен, бұл жер үлкен өзендердің (Сайхун және Жайхун²⁵ сияқты) жыл сайынғы ағыны арқылы немесе маусымдық жаңбыр арқылы суарылатынына қарамастан, олардың оннан бір бөлігі немесе десе («ушр» аталатын салық түрі) алынуы тиіс. Зекеттен босатылатындар:

²⁵ Сырдария және Әмудария.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

орман, бамбук және шөп. Ханифаның пікірі осындай. – Екі шәкірті егер жылдық өнім сомасы бес *уасқ* немесе алпыс *сааға* жететін болса, оннан бір бөлік үнемі өнім²⁶ беретін нәрселерден ғана алынуы тиіс деп бекітеді; олар әрі қарай шөптер оннан бір бөлігі алынатындар қатарына жатпайды деп бекітеді. – Осы жерден көрініп тұрғандай, Ханифа мен екі шәкіртінің көзқарасындағы айырмашылық екі нәрсеге қатысты болып табылады: біріншіден, салық салуға міндеттейтін мөлшер ретінде оннан бір бөлікті алу; екіншіден, үнемі өнім беру. Бұл екі мәселенің біріншісіне қатысты екі шәкірттің пікірі екіжақты: біріншіден, Пайғамбар: бес уасқтан кем көлемнен зекет алынбауы тиіс; екіншіден, оннан бір бөлік садақаға теңестіріледі, себебі, ол міндетті саналу үшін бұл салық тек байларға ғана түсетіндей болып, қандай да бір нисаб мөлшері белгіленуі тиіс. – Ханифа бұған Пайғамбар ушр жерден өндірілетіннің барлығынан бірдей алынсын деп бұйырғанын және бұл шешім ешбір көлемді белгілеп жатпастан, жалпылама қолдану үшін шығарылғанын айтып қарсы пікір танытады. Пайғамбардың екі шәкірт сүйенетін шешіміне келетін болсақ, ол тек тауарларға қатысты ғана қолданылуы тиіс, яғни оны былай деп түсіну қажет: зекет жер өнімдерінен егер олар көлемі бес уасққа тең келіп саудаға салынатын тауарға айналатын болса алынуы тиіс, себебі, Пайғамбардың заманында жерден алынатын түрлі өнімдер уасқпен сатылды және уасқтың құны қырық дирһеммен анықталды, сондықтан бес уасқ құны екі жүз дирһем болды, ал бұл көлем бағаланатын мүліктің нисабы ретінде белгіленген; олардың екінші дәлеліне жер өнімдерінің оннан бір бөлігін зекетке беру міндеті меншік иесінің емес, жердің өзінің құнарлығына байланысты жағдай деп қарсылық білдіруге болады (сондықтан уақыф жерлерінің де оннан бір бөлігіне салық салынады), сондықтан меншік иесінің бай немесе кедей екендігін қалай анықтап назарға алуға болады? Дәл осы негіздемеге сәйкес, қарастырылып отырған жағдайда тек мүліктің өсімін анықтау үшін ғана белгіленетін хаулани-хаулдың қажеттілігі жоқ, ал жер өнімдерінің өзі осындай өсім болып табылады.

Екінші пікірге қатысты екі шәкірт те өз түсіндірмесін дәлелдеу үшін Пайғамбардың: «өсімдіктерден (яғни, шөптерден) садақа алынбауы тиіс» деген шешімін келтіреді; бұл жерде «садақа» деп оннан бір бөлікті түсіну керек, себебі, нисабқа тең келетін мүліктен алынуға тиісті зекетке тыйым салынбайды. – Бұл ескертуге жауап ретінде Ханифа екіжақты қарсылық білдіреді. Біріншіден, ол жоғарыда баяндалған әңгімедегі ережеге сүйенеді; ал екі шәкірт келтіретін шешімге келетін болсақ, онда «садақа» термині арқылы бұл жағдайда «ушра» атауы берілген салықты емес, ерекше жинаушылар жинайтын садақаны түсіну керек. Ханифа бұл заттардың оннан бір бөлігі алынбауы тиіс деген пікірмен келіседі. Екіншіден, көбінесе жер өңдеудің өнімі болып тұрақты жеміс бермейтін, мысалы, қауын, қияр сияқты өнімдер саналады; алайда олар жерден алынатын өнім саналады, ал жерден зекет алуға себеп болып дәл осы одан алынған өнім саналатыны белгілі, сондықтан да мұндай жерге салық салынуы керек, яғни, соған сәйкес одан оның оннан бір бөлігі алынуы тиіс; ал орман, бамбук немесе шөпті өсіру үшін топырақ алдын ала өңделмейді; керісінше, әдетте жерді осы тектес өсімдіктерден тазалайды. Бірақ, осыларды өсіру үшін әлдекім қандай да бір жолмен жерді өңдей бастаса, онда оның өнімінің оннан бір бөлігі алынуы тиіс.

²⁶ Мысалы, жеміс ағаштары сияқты.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Қолмен суарылатын жерден алынатын өнімнің оннан бір бөлігінің жартысы алынуы тиіс. – Ханифа мен екі шәкіртінің пікірі бойынша, шелек, механикалық құрылғылар немесе түйелер арқылы суарылатын жерден алынатын өнімнің оннан бір бөлігінің жартысы (яғни, жиырмадан бір бөлігі) алынуы тиіс. Екі шәкірт Ханифаның пікірімен алынатын өнім сол жерде тұрақты өсірілетін болса және бұл өнімнің көлемі ең аз дегенде бес уасққа тең болуы тиіс деген шартты шектеу арқылы ғана келіседі, дегенмен Ханифа мұндай нақты шектеулерді қоймайды. – Қолмен суарылатын жерлердің өнімінің оннан бір бөлігінің жартысының алынуына негіздеме ретінде оларды өңдеуге жұмсалатын шығынның дәл осындай, үлкен өзендердің ағынымен немесе маусымдық жаңбырмен суарылатын жерлердің шығынан артық болуы саналады.

Екі санатқа да жататын жерлерге қатысты ережелер. – Жылдың бір бөлігі бойы табиғи жолмен суарылатын, ал басқа бөлігінде қолмен суарылатын жерлерге қатысты салық жылдың басым бөлігіндегі суарылу тәсіліне сәйкес белгіленеді; яғни, егер жер жарты жылдан артық уақыт бойы табиғи жолмен суарылса, онда салық оннан бір бөлік көлемінде салынады, ал олай болмаған жағдайда – барлық өнімнің оннан бір бөлігінің жартысы, яғни жиырмадан бір бөлігі көлемінде салынады.

Әбу Йусуф уасқпен саналмайтын өнімдердің әрқайсысынан (мысалы, шафран немесе мақта сияқты) егер олардың құны басқа барлық (мысалы, қазіргі тары сияқты) өнімдерден төмен бағаланатын өнім құнының бес уасқына тең келетін болса ғана, оның оннан бір бөлігі алынуы тиістігін айтқан, себебі, уасқпен өлшенбейтін өнімдер заң бойынша тек тауарлар сияқты бағалау жолымен нисаб арқылы саналуы мүмкін. – Басқаша қырынан алғанда, Мұхаммед мұндай өнім түрлерінен егер олардың көлемі оларды өлшеуге қолданылатын өлшемнің ең жоғары бес бірлігіне тең болатын болса оның оннан бір бөлігі алынуы тиіс деп дәлелдейді. Мысалы, мақта *манмен* және *хамлмен* өлшенеді және әр хамл үш манға тең, сондықтан мақтаның нисабы бес хамл болады; басқаша алғанда, шафран *диргаммен*, *астармен*, *ратлмен* және *манмен* өлшенеді, ал ман осылардың үшінде ең үлкен салмақ бірлігі болғандықтан, шафранның нисабы оның бес манына тең болады. Мұндай пікірді Мұхаммед астық немесе сол тектес өнімдерге нисаб белгілегенде уасқтың бірлік ретінде осы тектес өнімдердің ең үлкен өлшем бірлігі болғандықтан алынғандығымен негіздейді; дәл осы ереже басқа барлық өнімдерге нисаб белгілегенде қолданылуға тиісті.

Балдан оннан бір бөлік алынуы тиіс. - Оннан бір бөлігі көлемінде алынатын жерден жиналатын балдан оннан бір бөлік алынуы тиіс. – Шафиғи балдан ештеңе алынбауы тиіс деп санайды, себебі, бал да жібек сияқты, жәндіктің өнімі болып табылады, ал мұндай өнімдер оннан бір бөлік түрінде алынатын салықтан босатылуы тиіс. - Біздің ғалымдарымыз бұған екі түрлі қарсылық білдіреді: біріншіден, Пайғамбар балдың оннан бір бөлігі салынуы тиіс деп белгілеген; екіншіден, аралар балды гүлдер мен оннан бір бөлігі алынатын жемістерден жинайды, ал бұдан олардан жиналатын балдың да оннан бір бөлігі алынуы тиіс, ал жібек оннан бір бөлігі алынбайтын жапырақтармен қоректенетін жібек құрттарынан алынады. – Ханифа нисабты бал үшін соншалықты маңызды емес деп санай отырып, балдың мөлшері қандай болғанына қарамастан, оның оннан бір бөлігі алынуы тиіс деп санайды. - Әбу Йусуф Ханифаның зекет туралы түсіндірмелерінің жалпы бағытына сәйкес бал үшін нисаб оны бағалау

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жолымен белгіленуі тиістігін хабарлайды; ары қарай Әбу Йусуф егер балдың мөлшері он кирбтан²⁷ кем болса ғана одан ештеңе алынбауы тиістігін айтады, себебі, мұндай салық түрі Пайғамбарға салық төлеген кезде сайяр тайпасына салынған. Басқа жағынан алғанда, Әбу Йусуфтың балдың нисабы бес сирққа²⁸ тең екені жөніндегі пікірі белгілі, себебі, астық үшін уасқ өлшем бірлігі болғаны сияқты, сирқ балға қатысты ең үлкен өлшем бірлігі болып табылады. Дәл осы ереже қант құрағына да қолданылады; яғни Мұхаммедтің пікірі бойынша, қант құрағынан одан алынатын қанттың мөлшері бес сирққа тең болған жағдайда оннан бір бөлік салық алынуы керек.

Жабайы бал мен жабайы өсетін жемістерден оннан бір бөлік салық алынуы керек. – Жабайы түрде жиналатын бал мен жемістердің оннан бір бөлігі алынуы керек; «Заһири-Риуайатта» баяндалған түсіндірме осындай. - Әбу Йусуфтің бұл жөнінде мұндай өнімдерден ештеңе алынбауы тиіс, себебі, зекет төлеуге міндеттейтін себеп болып жердің өнімділігі саналып тұр, ал бұған қарастырылып отырған жағдайда орын берілмеуі тиіс деген пікірі белгілі. – «Заһири-Риуайатта» баяндалған түсіндірме жердің өнімділігі, егер жердің өзі бірдеңе өндіретін болса, анықталып қойғандығына, ал жабайы бал мен жабайы өсетін жемістерді бұлай деп атауға болмайтындығына негізделеді.

Салық салынатын жерлерде өндірілетін өнімдердің барлығының, еш талғаусыз, оннан бір бөлігі алынуы тиіс. – Оннан бір бөлік түрінде салық салынатын жерлердің барлық өнімдерінен осы мөлшерде салық алынуы керек және одан осы жерлерді өңдеуге қажетті болған адамдар мен малды ұстауға шыққан шығындардан кейін ештеңе шегерілмейді, себебі, Пайғамбар мұндай шығындарға қатысты түрлі салықтарды белгіледі және жаңбыр арқылы суарылатын жерлерден десе, ал қолмен суарылатын жерлерден десенің жартысы алынатынын анықтады, сондықтан жерді өңдеу бойынша кез келген ерекше шегерім жасау артық болып табылады.

Тағалиб тайпасы мекендейтін жерлерден екі десе алынуы тиіс. - Оннан бір бөлік түрінде салық салынатын және тағлиб тайпасы мекендейтін жерлерден «екі еселенген ушр» немесе бестен бір бөлік алынуы тиіс; мұнымен барлық ғалымдар келіседі. – Алайда, Мұхаммедтің тағлиб тайпасының мұсылмандардан сатып алған оннан бір бөлік алынатын жерлерден тек әдеттегі оннан бір бөлік алынуы тиіс деген пікірі белгілі, себебі, ол иелік басқа бір адамның қолына өткен кезде жер салығы өзгермеуі тиіс деп санайды.

Екі еселенген десе мөлшерінде салық салынатын жерге иеліктің басқаға өту жағдайлары. – Егер зимми тағлибтің бұрын екі еселенген десе алынатын жерін сатып алса, онда ол да ол жерден екі еселенген десе төленуі тиіс. Мұнымен біздің барлық ғалымдарымыз келіседі, себебі, мұсылманмен салыстырғанда зиммиден заңды түрде екі есе мөлшерде талап етуге болады, сондықтан ол жинаушыға тауарлармен келген жағдайда одан мұсылманмен салыстырғанда екі есе мөлшерде зекет алынады. Бұл ереже мұсылман тағлиб тайпасынан жер сатып алғанда (яғни, мұндай жерлерге бұрынғы мөлшерде десе мөлшерінде салық салынады), сонымен қатар, мұндай жерге ие болған тағлиб исламды қабылдағанда да қолданылады. – Ханифа осы көзқарасты

²⁷ Кирб - 50 миним.

²⁸ Сирқ 36 ратлге тең.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

барлық жағдайда ұстанады: жер бастапқыда тағлиб тайпасына тиесілі болғанда да, тағлиб тайпасы оны мұсылманнан сатып алғанда да, себебі, екі жағдайда да, егер мұндай жерді мұсылман сатып алса, екі есе мөлшерде десе төлеу өз күшін сақтап қалады. Ханифа мұндай жерлерге салынатын салық жойылмайтын²⁹ болып белгеленген және, соған сәйкес, жердегі мұндай ауыртпалық оны сатып алған кезде мұсылманның мойнына түсіріледі және дәл осы жолмен жерді сату кезінде оған түсірілетін салық онымен бірге беріліп отырады деп санайды. - Әбу Йусуф жоғарыда қарастырылған жағдайда жерге мұсылман иеленуші иелік жасап тұрған мерзім бойында одан әдеттегі десе алынуы тиіс, оған басқадай ешбір салық салынбауы тиіс, себебі, екі еселенген десе тағлиб иеленушіден оның діни сеніміне байланысты алынған болатын, ал бұл ұстаным жер мұсылманның иелігіне өткеннен кейін мағынасын жоғалтады. – Әбу Йусуф «Қудурде» Мұхаммедтің (Риуайат-Сахих бойынша) пікірі жоғарыда баяндалған түсіндірмемен сәйкес келетінін айтады. – «Һидаяның» авторы, дегенмен, Мұхаммедтің Ханифамен жалпы ұстанымдар да, жерге салынатын салық ол басқаның иелігіне өткен кезде бұрынғы мөлшерде қалуы тиіс деген пікірімен де келісетіні анық деп санау қажеттігін айтады; бірақ Мұхаммед бұл ұстанымды ары қарай жалғастырады: оның пікірі бойынша, мұсылманның тағлибтен екі есе салық салынатын жерді сатып алғаннан кейін жаңа иеленуші бұл бір рет төленетін салықтан артық төлемеуі тиіс, себебі, иеліктің ауысуы бұл жерге салынатын салық ережелерін еш өзгертпейді.

Мұсылманнан зиммиге өтетін жерден алым алынуы керек. - Егер мұсылман христианға – зиммиге жер сататын болса және ол оған иелік ететін болса, онда, Ханифаның пікірі бойынша, мұндай жерден алым алынуы тиіс, себебі, алым мұсылман болмаумен байланысты төленеді. - Әбу Йусуф пікірі бойынша, бұл жерлерден жиналатын екі еселенген десе алымдар белгіленген заттарға жұмсалуды тиіс; мұндай жұмсау түрін қолдану десені алымға өзгертумен салыстырғанда жеңілірек. – Мұхаммед жерге бұрынғыдай десе түрінде салық салынуы тиіс деп санайды: ары қарай мұндай жерлерден жиналған десе зекет түрінде қолданылуы тиіс деп санайды. Егер мұсылман «шифат»³⁰ құқығымен христианға тиесілі болған мұндай жерді алатын болса немесе оған иелік ету құқығы мұсылман сатушыға сату келісімінің жарамсыздығына байланысты қайта қайтып келген болса, екі жағдайда да мұндай жерлерден бұрынғыдай десе алынуы тиіс; бірінші жағдайда жердің бұрынғы иесімен сату келісімін жасау арқылы, мұсылман шафи³¹ ретінде өзінің ниетін орындауы тиіс (шифат құқына сәйкес жерді сатып алуы тиіс), бұл жағдайда осыған байланысты, келісім ақырында мұсылманның христиандан жерді сатып алуымен аяқталады; ал екінші жағдайда жерге иелік ету құқығы сауда келісімінің жарамсыздығы нәтижесінде мұсылманға қайта қайтқан кезде іс ешқандай да келісім жасалмағандай болып қарастырылады. Сонымен қатар, мұндай жарамсыздықтан іс жүзінде мұсылманның құқығына ешқандай зардап келмейді, себебі, мұндай келісімді мүлде назарға алмау орынды, осыған байланысты, бұл жағдай өз мағынасы бойынша сауда келісімі мүлде

²⁹ Мұсылман мен тағалибидің арасында жасакан алғашқы келісім-шартқа орай

³⁰ Сату кезінде мирасқорлық құқығын беретін шекарастық немесе көршілестік

³¹ Мұндай құқыққа ие болған тұлға

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болмаған жағдаймен тең. Осы пікірлердің барлығы бойынша мұндай жерден бұрынғыдай десе алынуы тиіс.

Мұсылман жағдайы. – Егер мұсылман үйі салынған жерді баққа айналдырып алса, әрі ол осы жердің бұрыннан бірінші иесі саналса (яғни, бұл жер оған о бастан сыйға тартылса), онда ол осы жерден - егер оны десе төлеуі тиіс сумен суаратын болса - десе төлеуі тиіс және алым алынатын сумен суаратын болса - алым беруі керек, себебі, мұндай жер өзінің алғашқы сипаты бойынша десе төленетін де, алым берілетін де жер болып саналмайды, соған сәйкес, салық салу осы жерді суару тәсіліне қарай белгіленуі тиіс, себебі, мұндай тәсіл жерді өңдеу шығындарын анықтау үшін өлшем болып табылады.

Маджус³² жағдайы. – Маджус өз үй-жайынан десе де, алым да төлемеуі керек, себебі, Омар үй-жайды барлық салық түрлерінен босатқан. Бірақ егер маджус өз үй-жайы салынған жерді баққа айналдырса, онда бұл жер десе төленетін сумен суарылатын болса да одан алым төлеуі керек, себебі, маджус десе төлеу міндеттелмейді, себебі, десе құрбан шалу сипатына ие және діншілдік көрінісі болып табылады, бұны орындауға мұсылман еместердің құқығы жоқ. Сондықтан ол өзінің жағдайына сәйкес алым төлеуге міндетті және алым оның мұсылман еместігінің жазасы түрінде көрініс табады. «Һидаяның» авторы (екі шәкіртінің пікіріне сәйкес) қиас бойынша десе төленетін сумен суарылатын жерден маджус десе төлеуге тиіс еді деп санайды, әрі Мұхаммедтің пікірі бойынша ол бір рет алынатын десені, ал Әбу Йусуфтің пікірі бойынша екі еселенген десені төлеуі керек. Бұл пікірлердің негіздемесі жоғарыда баяндалды.

«Десе төленетін су» және «алым төленетін су» анықтамалары. – Қандай да бір жеке адам иелік етпейтін жаңбыр суы және құдықтар мен бұлақ сулары десе төленетін су деп аталады; аджам³³ билеушілері тарапынан (мысалы, Ярджуд өзені) қолдан салынған каналдар мен су құбырларың суы алым төленетін су болып саналады.

Жайхун аталатын Харзим өзені Мұхаммедтің пікірі бойынша, Сайхун, Дажла (Тигр) және Фурат (Евфрат) сулары сияқты десе төленетін су саналуы тиіс, бұл өзендер мәнісінде ешкімге тиесілі саналмайтындықтан, сондықтан ешкім оларға қатысты түпкілікті артықшылыққа таныта алмайтындықтан, олар ашық теңіз суына теңестірілуі тиіс. - Әбу Йусуф барлық бұл өзендердің суын алым төленетін су деп санайды, себебі, кейде олардың үстімен кемелерден көпірлер жүргізіледі, бұл иелік етудің көрінісі және осы көпірді жүргізгендердің тарапынан өзенді қорғаудың белгісі болып саналады; сондықтан бұл өзендердің суы, сөзсіз, алым алынатын болып саналуы тиіс.

Тағлиб тайпасының әйелдері мен жас балаларының меншігіндегі жерлерге салынатын салықтар. – Тағлиб тайпасының әйелдері мен жас балаларының иелігіндегі жерлер осы тайпаның кәмелет жасындағы ерлерінің жерлеріне қатысты заңдарға бағынады; яғни десе төленетін жерлерден екі еселенген десе алынады, ал алым төленетін жерлерден бір рет төленетін алым алынуы тиіс, себебі, тағлиб тайпасымен қайырымдылық мақсатымен алынатын салықтардың барлығын олар екі еселеп төлеуге міндетті деген шартпен бейбіт келісім жасалған болатын; бірақ бұл

³² Отқа табынушы немесе сиқыршы.

³³ Араб тілінде барлық шет мемлекеттер солай аталады

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

шарт мемлекет пайдасына алынатын салықтарға қойылмайды. Одан басқа, мұсылман әйелдер мен жас балалардың жерлерінен бір рет төленетін десе алынады, сондықтан, тағлиб тайпасына тиесілі мұндай жерлерден екі еселенген десе алынуы тиіс.

Тау шайыры, мұнай немесе күкірт көздері десе төленетін жерлерде орналасқан жағдайда олардан ештеңе алынбауы тиіс, себебі, бұларды жердің өнімі саналатындар қатарына, (мысалы) өсімдіктер санатына жатқызуға болмайды, бірақ ешбір салық түрі салынбайтын жер астынан шығып жатқан бұлақ суына жақын келеді. Бірақ мұндай жерлердің иесі егер бұл аталғандар алым төленетін жерде орналасқан болса, алым төлеуі қажет; бірақ мұндай алым түрі егер мұндай кен орындарымен шектес жерлер өңдеуге болатын жағдайда ғана салынуы тиіс, себебі, жерден алым төлету оның өңдеуге жарамдылығының салдары болып табылады.

VII Тарау

ЗЕКЕТ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ЗЕКЕТ БЕРІЛЕТІН АДАМДАР ТУРАЛЫ

Зекет берілетін адамдар. – Зекет келесі сегіз санаттағы адамдар пайдасы үшін төленеді: біріншіден, пақырлар; екіншіден, міскіндер³⁴; үшіншіден, зекет жинаушылар (егер олар осы һашимдік³⁵ болмаса); төртіншіден, мукатабтар (китабат келісімінің орындалуы арқылы босату үшін зекет төленетіндер); бесіншіден, нисаб мөлшеріндегі мүлкі жоқ қарыздар адамдар; алтыншыдан, *фи-сабил-уллаһ*; жетіншіден, *ибнус-сабил* және сегізіншіден, *муаллифатул-қулуб*³⁶. Зекет таратылып берілетін алғашқы адамдар болып Құранда нақты белгіленген осы сегіз санатқа жатқызылатын адамдар саналады; себебі, бұл адамдардан басқа ешкім орынды немесе заңды түрде зекетті пайдалана алмайды. Алайда, соңғыларына қатысты (*муаллифатул-қулуб*) Пайғамбар заманынан бері заң өз күшінен айырылды, себебі, бұларға зекет олардың мұсылмандарды мазаламауы үшін, сондай-ақ қажетті жағдайда олардың күшіне сүйене алу үшін, пара немесе сыйлық түрінде беріліп отырды. Бірақ Құдай Исламды нығайтқаннан соң, оның жолындағыларға күш-қайрат берген соң және мұсылмандарды мұндай көмектен тәуелсіз еткен соң, оларға ары қарай зекет берудің мұндай себебі тыйылды. Мұнымен барлық ғалымдар келіседі.

«Пақыр» және «міскін» терминдерінің анықтамасы. – «Пақыр» термині нисаб мөлшерінен біраз кем мөлшердегі мүлікке ие адамдарды атау үшін қолданылады. «Міскін» терминімен меншігінде ешқандай мүлкі жоқ адамдарды атайды. Терминдердің мұндай түсініктемесін Әбу Ханифа берген. Басқалардың пікірі бойынша, жоғарыда берілген түсініктемеге кері түсініктемені дұрыс деп санау керек (яғни, «пақыр» - еш мүлкі жоқ жарлы, ал «міскін» - кедей).

Зекет жинаушыға тиесілі үлес. – Имам зекет жинау тапсырылған шенеунікке осы жиналған зекеттен оның еңбегіне сай болатын үлесті бөліп беруі керек; сондықтан бұл үлес оның өзіне де, оның көмекшілеріне де жеткілікті мөлшерде болуы тиіс және ол міндетті түрде барлық жиналған зекеттің сегізден бір бөлігімен шектелмеуі керек. –

³⁴ «Пақырлар» мен «міскіндер» терминімен кедей адамдар аталады, олардың айырмашылығы төменде келтіріледі

³⁵ Пайғамбар тайпасының ұрпақтары

³⁶ Сөзбе сөз айтқанда: жүректі тыныштандыратын

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Шафиғи зекет сегіз санатқа жатқызылатын адамдарға тиесілі болатындықтан сегіз тең бөлікке бөлінуі тиіс және оның біреуі заң бойынша жинаушыға бөлінуі тиіс, осылайша ол барлық жиналған зекеттің сегізден бір бөлігін алуға құқылы болады деп дәлелдейді. Біздің ғалымдарымыз бұл пікірге қарсылық білдіреді, себебі, зекет оны жинаушыға садақа түрінде емес, белгілі қызметті атқарғаны үшін сый ретінде төленеді, бұдан оның орындаған жұмысына сәйкес келетін үлес төленуі қажет деген шешім шығады; сондықтан зекет жинаушы ол бай³⁷ болса да бар жиналғаннан өзіне сый алуға құқылы.

Басқа терминдердің анықтамасы. – Құранда кездесетін «фир-рикаб» терминін (зекет таратылатын адамдарды белгілегенде) мукатабтар деп түсіну қажет; бұл анықтама Саид-бин-Джирден алынды. Құранның осы жерінде «ғарим» термині арқылы қарыз адамдар аталады. Шафиғи бұл термин арқылы басқалар арасындағы дауды басу нәтижесінде қарыздар болғандарды атау керек дейді. «Фи-сабил-уллаһ» термині арқылы (сонда) мүлкінің жеткіліксіздігінен (Әбу Йусуфтің айтуынша) Ислам жолындағы соғыстарға, яғни «жиһад фарзға» қатыса алмайтын адамды атау қажет. – Мұхаммед, керісінше, бұл терминді өзінің кедейшілігінен белгіленген қажылықты өтей алмайтын адамды атауға қолдану керек деп дәлелдейді; алайда бұл соңғы анықтама бірінші анықтамаға енген, сондықтан қарастырылып отырған терминді осы екі санаттағы адамдарға да қатысты қолдануға болады. – Дәулетті әскерлерге (біздің ғалымдарымыздың пікірі бойынша) ешқандай зекет берілмеу қажеттігін атап өту қажет, себебі ол кедей адамдар арасында таратуды мақсат етеді.

«Ибнус-сабил» термині жат елде қоныстанған және өз мүлкін отанында тастап кеткен, соның нәтижесінде өмір сүруге барлық қажеттіліктерінен айырылған адамдарды атау үшін қолданылады.

Жоғарыда аталған жеті санаттағы адамдар арасында зекет таратып беру орынды деп саналады және меншік иесі (зекетті жинаушыға тапсырған емес, өзі тікелей төлеген) оны түрлі санаттағы адамдар арасында өзі жеті адамға тең бөліп таратып бере алады немесе осы адамдардың біріне тұтастай береді. Біздің ғалымдарымыздың пікірі осындай. – Шафиғи меншік иесі оны әрбір жеке санаттағы үш адамның арасында ғана бөліп бермесе, өз мүлкінен тікелей зекет төлей алмайды дейді. – Екі жақтың да дәлелдері араб тілінің ерекшеліктерімен байланысты. Біздің ғалымдарымыз қолдайтын пікірді Амр-бин-Аббас айтқан.

Зекет зиммилерге берілмеуі тиіс. - Зекет зиммилерге, яғни елдің мұсылман емес азаматтарына беріле алмайды, себебі, Пайғамбар Маазға мынадай бұйрық берген: «Бай мұсылмандардан зекет алып, оны кедей мұсылмандарға таратып бер». Елдің мұсылман емес азаматтарының зекеттен үлес алуға құқы болмаса да, оларға «садақа», яғни қайырымдылық түрінде садақаның берілуі мүмкін. – Шафиғи зиммилердің зекеттегі сияқты, садақадан үлес ала алмайды; бірақ біздің ғалымдарымыз өз көзқарастарын Пайғамбардың садақа еш айырмасыз, барлық діндер өкілдеріне берілуі тиіс деп бұйырған шешіміне негіздейді. Біздің ғалымдарымыз сондай-ақ егер Пайғамбардың Маазға жоғарыда келтірілген бұйрығы болмаса, онда олар зекеттің зиммилерге таратылуын заңды деп санаған болар еді деп дәлелдейді.

³⁷ Бұл жерде түсінікті аудармаға мүмкіндік бермейтін сөз мағынасы аясында айналатын қарсылық пен жауап қалдырылған

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Зекетті пайдалану заңды деп саналмайтын жағдайлар. – Егер кім де кім өз мүлкінен берілуге тиісті зекетті мешіт салуға немесе өлікті жерлеуге пайдаланса, соған қарамастан зекеттің бұлай төленуі заңды болып саналмайды, себебі, бұл жиналатын мүлік оны алуға құқылы адамға немесе адамдарға тапсырылуы тиіс деп белгіленген; ал бұл жағдайда мұндай тапсыру көрініс таппайды.

Егер зекет қайтыс болған адамның қарыздарын төлеуге қолданылса, онда мұндай қолдану заңды деп саналмайды, себебі, бұл жағдайда да бекітілген тапсыру байқалмайды.

Егер кімде кім өз мүлкінен берілетін зекетті құлға бостандық беру мақсатында оны сатып алу үшін қолданса, онда мұндай әрекет зекет төлеу ретінде саналмайды. – Имам Малик мұндай әрекет белгіленген зекет төлеуге тең деп санайды. Құранда берілген *фир-риқаб* термині осы мақсатта сатып алынған және одан соң азат етілген құлға қатысты қолданылуға тиісті деп дәлелдейді. – Бірақ біздің ғалымдарымыз бұған құлды азат ету әдеттегі мүліктен айыру шарасымен тең және оны ешбір мағынада меншікті беру немесе аудару деп түсіндіруге болмайды деп қарсы пікір айтады.

Зекеттен үлес ала алмайтын адамдар. – Зекеттің қандай да бір бөлігін беру заңсыз болып табылады, себебі, Пайғамбар: «Зекетті байларға беру заңсыз» деп жариялаған. – Шафиғи зекетті бай болғанына қарамастан әскерлер арасында бөліп беруді қолдайды; бірақ жоғарыда келтірілген Пайғамбардың шешімі оның түсіндірмесінің бұрыстығын көрсетеді.

Мүлік иесі өз мүлкінен өзінің әкесіне, атасына немесе үлкен атасына заңды түрде зекет төлей алмайды, сондай-ақ, ұлына, немересіне немесе шөбересіне төлей алмайды, себебі, мүлікті қолдану оның өзі және осы адамдар үшін ортақ болып табылады, яғни, осы туыстардың әрқайсысы басқасының мүлкін пайдалана алады; осының нәтижесінде бұл тектес жағдайларда мүлікті басқа біреуге беру әрекеті толық мағынада орындалмайды.

Мүлік иесі өз мүлкінен өз әйеліне заңды түрде зекет төлей алмайды, себебі, ері мен әйелі жалпыға ортақ қабылданған әдетке сәйкес, мүлікті ортақ қолдану құқына ие; сондай-ақ, сол пікірлер күшіне сәйкес, әйелі де (Ханифаның пікірі бойынша) өз мүлкінен өзінің күйеуіне заңды түрде зекет төлей алмайды. – Екі шәкірт те әйел өз күйеуіне заңды түрде зекет бере алады, себебі, Абдулла-ибн-Массудтың әйелі Пайғамбардан ол күйеуіне садақа беруге тиіс пе деп сұрағанда ол былай деп жауап берген: «Бұл жағдай да сен екі міндетті орындауға тиіссің: садақа міндеті және туыстық міндеті». – Бұған біздің ғалымдарымыз Ханифаның беделіне сүйене отырып былайша қарсылық білдіреді: бұл хадисте айтылған «садақа» термині «нәпіл садақа», яғни «ерікті садақаны»³⁸ білдіреді деп түсіну қажет.

Мүлік иесі өз мүлкінен өзінің мукатабы, умм-уалады немесе мудаббарына заңды түрде зекет бере алмайды, себебі, қандай да бір жолмен құлдың ие болған мүлкі оның қожайынының мүлкі болып саналатындықтан, бұл жағдайлардың ешқайсысында мүлікті басқаға беру әрекеті орындалмайды, ал қожайын өзінің мукатабының мүлкіне онымен тең дәрежеде мирасқрлық құқына ие, сол себепті қожайынның мукатабтың иелігіне мүлік аударуы дұрыс саналмайды.

³⁸ «Садақай-фарз» яғни «міндетті садақа» категориясына жататын зекетке қайшы, сол себепті екі оқушымен келтіріліп, аталған жағдайда қолданыла алмайды

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Мүлік иесі өз мүлкінен өзінің жартылай босатылған құлына заңды түрде зекет төлей алмайды, себебі, мұндай құл (Ханифаның пікірі бойынша) мукатаб ретінде саналуы мүмкін; бірақ екі шәкірт мұндай құлға зекет төлеу заңды деп санайды, себебі, олар оны өз қожайынына қарыздар деп санайды³⁹.

Зекет бай адамның құлына заңды түрде төлене алмайды, себебі, егер зекет мұндай адамға берілетін болса, онда ол (зекет) бай болғандықтан зекетті қолдануға құқығы жоқ қожайынның мүлкіне айналады. Сондай-ақ зекетті бай адамның жас баласына да беру заңды болмайды, себебі, бұл бала өзінің әкесінің мүлкімен бай, бұл бай адамның кәмелетке толған кедей баласының жағдайына сай емес, оны асырап, тәрбиелеу оның ата-анасының мойнындағы қарыз болып саналса да ол үшін әкесінің мүлкі байлық болып табылмайды. Бұл жағдай бай адамның әйелінің де жағдайына қатысты, себебі, егер ол кедей болса өзінің күйеуінің мүлкімен немесе оның өзін асырауы нәтижесінде алғанымен немесе осы асыраудың өзімен байланысты бай деп санала алмайды.

Нашим тайпасының адамдарына зекеттің қандай да бір бөлігін төлеу заңсыз, себебі, Пайғамбар: «Уа, Нашимнің ұрпақтары! Құдай расында да сендерге «ғассала»⁴⁰ мен «ширкті»⁴¹ заңсыз етті және оның орнына сендерге әскери олжаның бестен бір бөлігінің бір бөлігін алуды бұйырды» деген. «Ғассала» терминін бұл жерде нашим тайпасына жататын адамдардың алуы заңсыз болатын (нәпіл садақамен салыстырғанда) мүлік зекетін түсіну керек. «Ширк» термині де осындай мағынаға ие. Нашими тайпасы ретінде өз тегін Манафтың ұлы Нашимнен бастайтын Әли, Аббас, Жафар, Укаил және Харис -ибн-Абдул-Мутталиб әулеттерін санау қажет. Пайғамбардың жоғарыда берілген сөзінде Пайғамбардың тайпаға өз есімін берген үлкен атасы Нашим айтылып тұр⁴².

Зекетті егер жаңылысып оны алуға құқы жоқ адам алса, ол төленді деп саналады. – Егер кімде кім біреуге оны алуы орынды деп ойлап зекет берсе, ал кейіннен оның бай немесе нашимдік немесе мұсылман емес екенін білсе, немесе егер бұл адам зекетті қараңғыда беріп және кейіннен зекетті алушы оның әкесі немесе ұлы екенін білетін болса, онда бұл жағдайда зекет толығымен төленді және оны төлеу міндеті аяқталды деп саналады. Ханифа мен Мұхаммед осылай деп үйретеді. - Әбу Йусуф жоғарыда келтірілген жағдайларда зекет төлеу міндеті жалғасады деп саналуы тиіс, себебі, оны жаңылысып берген адамның өзінің зекетті кімге беретіні жөніндегі мәліметті оны төлемей тұрып жинауына үнемі мүмкіндігі болды. Сондықтан, оның айқын салғырттығына байланысты айқын кінәсының нәтижесінде мұндай әрекет жарамсыз деп, ал белгіленген зекет оның мойнында жатқан парыз ретінде саналуы тиіс; тура дәл осы жағдайдағы сияқты әлдекімнің бірнеше ыдысқа құйылған суды таңдауға мүмкіндігі болып, олардың бірі таза, енді бірі лас болса немесе бірнеше киімді таңдау мүмкіндігі болып, олардың бірі таза, енді бірі лас болса, әрі бұл адам тиісті түрде ойланып барып белгіленген дәрет алу үшін осы ыдыстардың бірін таңдап алса немесе бұл киімдердің бірін киіп, одан соң дұға жасаса, ал соңынан оның қателік жібергені анықталса, онда оның қайтадан дәрет алуы және дұға оқуы міндетті деп саналады.

³⁹ Яғни құлдықтың қалған мерзімі бойында.

⁴⁰ Адамдардың жуынуынан ластанған су.

⁴¹ Адам денесінен шыққан кір.

⁴² Ары қарай тек араб тайпалары туралы сөз болады, сондықтан біз үшін пайдасы кем.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Ханифа мен Мұхаммед қарастырылып отырған мәселеге қатысты өз пікірлерін Пайғамбардың осыған ұқсас жағдайларда айтқан хадистерімен бекітеді. Сондай-ақ олар тек белгілі тұспалдаулардан әлдекімнің ахуалы және жағдайы жөнінде түсінік жасауға болатынын және мұндай түсінік зекет беруші адамның жеке пікірі бойынша болмаса жеткілікті шындық бола алмайтынын дәлелдейді. Бұл жағдай әлдекім дұға оқу кезінде жүзін Қағбаға бұрғысы келіп басқа жаққа қараса және дұға жасаса, онда оған дұғасын қайталау міндетті емес болатын жағдайға сәйкес келеді. – Ханифаның зекетті осындай қате жолмен, бай адамға берген кезде оны төлеу міндеті орындалды деп есептелетіні, бірақ егер зекет қателікпен һашимдікке, оны беруші адамның атасына немесе ұрпағына берілсе орындалды деп саналмайтыны жөніндегі пікірі мәлім; алайда Заһиридін «Риуайаты» жоғарыда баяндалған түсіндірмемен келіседі. – Бұл жерде баяндалғанның барлығы зекеттің қажетті ой жүгіртіліп және оны беруші тарапынан оны алушы адамның орынды тұлға ретінде қабылданып барып төленгендігіне негізделеді; ал егер зекет беруші тиісінше ойланбаса немесе ойланғаннан кейін де әлдебір күдік қалып қойса, оны алушы адам кейіннен зекет алуы орынды тұлға ретінде танылған жағдайдан басқа уақытта зекет төленді деп санала алмайды.

Зекет қателікпен оны алуға құқы жоқ адамға төленіп қойса, егер бұл адам зекет төлеушінің құлы немесе мукатабы болмаса, оны төлеу міндеті орындалды деп саналады. – Егер әлдекім басқа біреуге зекет төлейтін болса және кейіннен оның өзінің құлы немесе мукатабы екенін анықтаса, онда мұндай әрекет белгіленген зекеттің заңды түрде төленгені ретінде санала алмайды, себебі, бұл жағдайда мүліктің басқаға берілуі (жоғарыда аталғандай) көрініс тауып тұрған жоқ, ал зекет төлеу мүліктің толықтай басқаға берілуіне негізделеді.

Зекетті қандай да бір мүліктің толық нисабына ие адамға төлеу орынды деп саналмайды, себебі, мұндай адам «ғани» (бай) атауымен аталатын қатарға жатады деп саналады, себебі, заң тілінде бұл терминмен нисабқа ие адам аталады. Алайда, қандай да бір адамның «ғани» деп саналуы үшін шарт ретінде ауыртпалықтар мен талаптардың (борыш туралы қолхат сияқты) барлық түрлінен бос нисабқа ие болу қойылған; дәл осы бос мүліктің мөлшерінен зекет алу заңды деп санала алмайды, себебі, оны төлеу міндеті (хаулани хаул мерзімі бойында) нисабтан өсім алумен байланысты.

Зекетті алуы заңды бола алатын басқа адамдар. – Зекеттің нисаб мөлшерінен аз мүлік иесіне төленуі ол адамның денсаулығы дұрыс, өзі еңбекке қабілетті болса да заңды бола алады, себебі, мұндай адам кедей деп санала алады, ал кедей зекет таратылып берілетін нақты тұлғалардың бірі ретінде (Құранда) аталған, сондай-ақ іс жүзіндегі қажеттілікті анықтау қиын болуы мүмкін. Сондықтан жоғарыда келтірілген ереже көмек көрсетуді қажет ететіндер деп саналатын адамдарға да қатысты қолдағылуы тиіс; ал нисаб мөлшеріндегі мүлікке ие болмау оның иесінің жағдайының кіріптарлығының жеткілікті түрдегі дәлелі деп саналуы тиіс.

Егер кімде кім өзінің мүлкінен берілетін зекеттің екі жүз дирһемге дейінгі бір бөлігін біреуге беретін болса, онда мұндай әрекет жексұрындық болып табылады, бірақ, дегенмен, заңды. – Зуфар мұндай әрекет заңды емес, себебі, мұндай көлемде зекет алған адам бай болып шығады, ал бұл зекет бай адамға берілді деген қорытынды жасауға апаруы мүмкін деп санайды. – Бұған біздің ғалымдарымыз мұндай көлемде

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

зекет алған адамның баюы осы алудың өзінің нәтижесі болып саналады және осыған байланысты мұндай адамды зекет алғанға дейін «бай» деп атауға болмайды; алайда, зекет алудың нәтижесінде кімде кім байыса, онда мұндай әрекет (зекет берушінің тарапынан) тура қандай да бір лас жерге жақын оқылған намаз сияқты, жексұрындық саналады.

Әбу Ханифа: «Мен кедейге оны осы күні қайыр сұраудан босататын көлемде зекет беруді ең жоғары мақтауға лайық деп санаймын» деген.

Бір қаланың зекеті (кейбір жағдайларды санамағанда) басқа қалаға берілмеуі тиіс. - кейбір жағдайларды санамағанда бір қаланың зекетін басқасына аудару жексұрындық деп саналады, себебі, зекетті алдымен өз қаласының зекет алушы адамдарына төлеу қажет; сондай-ақ, зекет төлеу кезінде «джауара» (көршілік) құқығы назарға алынуы тиіс. Сондықтан бекітілген зекетті өз туған қаласынан басқа қалаға аудару жексұрындық болып саналады, бұл жерде тек мына жағдай есепке алынбайды: егер туыстар мен зекет төлеуші адамның туған қаласының тұрғындарымен салыстырғанда көбірек мұқтаж адамдардың пайдасына аудару көзделсе; себебі, бірінші жағдайда қандас туыстар арасындағы айрықша міндеттерді орындау қажеттілігі бар, ал екінші жағдайда – көбірек мұқтаж адамдарға көмек көрсетілуі тиіс. Алайда, жоғарыда баяндалған жағдайларды есепке алмағанда, зекетті бір қаладан екіншісіне аудару жексұрындық саналғанмен, мұндай әрекет зекетті өз мәнінде төлеумен тең, себебі, қасиетті мәтіндерде зекет таратылып берілетіндердің бір тобын атау үшін қолданылған «пақыр» (кедей) термині жеке емес, жалпы мағынаға ие.

VIII Тарау

ПІТІР САДАҚА ТУРАЛЫ

Терминнің анықтамасы. – «Пітір садақа» термині арқылы «‘идул-фитр», яғни оразаның аяқталуын білдіретін айтқа байланысты кедейлерге таратылатын садақа аталады.

Пітір садақаның міндеттілігі. – Пітір садақа барлық бостандықта туған, қарыздардан азат нисаб мөлшерінде мүлікке иелік ететін мұсылмандар үшін міндетті. Пітір садақаның міндеттілігі Пайғамбардың оразаның аяқталуына байланысты айтқан: «Жас бала болсын, кәмелетке келген болсын әрбір адам кедейлерге жарты *саа* бидай немесе бір *саа* тары немесе арпа таратып берсін» деген шешіміне негізделеді. Пайғамбардың бұл сөзі бізге Саълаб ибн Адуиден жеткен, бірақ хадис-ахад⁴³ қатарына жататындықтан, ол бірақ діни емес, тек адамгершілік міндетті жүктейді.

Пітір садақаның міндеттілігінің шарттары. – Пітір садақаның міндеттілігі оны беру толық болатындай бостандықта туумен негізделеді. Бұл міндеттілік бұл берілетін сый мұсылман еместер тарапынан орындай алмайтын құрбандық сипатына немесе діндарлық белгісіне ие болатын түрде Ислам арқылы негізделген. Нисабқа ие болу да пітір садақаның міндеттілігінің шарты болып қойылған, себебі, Пайғамбар: «Садақаны тек байлардың артық мүлкінен ғана күтуге болады» деп хабарлаған. –

⁴³ Мақұлданған риуаят қатарына жатқызылмаға жалғыз тұлғалардың риуаяттары

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Шафиғи пітір садақаның өзіне және отбасына арналған бір күндік азығы бар кез келген адам үшін міндетті екенін айтады, бірақ, Пайғамбардың жоғарыда келтірілген нұсқауы оған қарсы дәлел болады. – Байлық мөлшері ретінде нисаб қойылғанын атап өту қажет, себебі, ол заңмен анықталған мөлшер болып саналады; алайда, бұл нисаб ауыртпалықтың барлық түрінен бос болуы тиіс деген ескерту айтылған, себебі, олардан бос емес нисаб бар деп есептелмейді; бірақ өсірілуі қажетті шарт болып есептелмейді. – Жоғарыда аталғандай, нисабқа ие болумен үш түрлі міндет байланысты: біріншіден, садақаны қабылдауға тыйым салынуы; екіншіден, құрбандық шалудың міндеттілігі және үшіншіден, пітір садақа берудің міндеттілігі.

Пітір садақа беруге міндетті адамдар. – Пітір садақа беру (жоғарыда белгіленген мөлшерде) оны төлей алатын әр адам үшін міндетті, себебі, Ибн Амир Пайғамбардың пітір садақаны бүкіл адамзат үшін және еш айырмасыз екі жыныс үшін бұлтармас міндет (парыз) түрінде бекіткенін айтады.

Кез келген адам пітір садақаны өзінің жас балалары үшін төлеуге міндетті, себебі, ол қамқоршы болып табылады және оларды асырау оның мойнындағы міндет ретінде қойылады; сондықтан осы жас балалардың мойнындағы садақа беру міндетін орындау да олардың әкесінің немесе оның орнындағы адамның міндеті саналады. Тура осындай жолмен әркім өзінің меншігіндегі құлдар мен құл әйелдер үшін де белгіленген садақаны беруге міндетті, себебі, ол олардың қамқоршысы болып табылады және оларды асырау оған байланысты. Жоғарыда айтылғанның барлығы құлдар қарастырылып отырған адамның иелігінде саудаға салынатын нысан ретінде емес, оның қандай да бір жеке және тәуелсіз мүлікке иелік етпейтін балаларының жағдайына тең халде болатыны туралы пікірге негізделеді, себебі, осы соңғы жағдайда екі шейхтің пікірі бойынша пітір садақа олардың осындай мүлкінен берілуі тиіс. – Мұхаммед олардың соңғы пікірімен келіспейді. – екі шейх те заң шығарушы пітір садақаны белгіленген *нафақаға* (әйелі, балалары және басқа туыстарын асырауға арналған мөлшер) теңестірген және сондықтан пітір садақа нафақаға тең дәрежеде қарастырылуы керек деп қарсылық айтады.

Пітір садақа беруі міндетті емес адамдар. – Ері әйелі үшін садақа беруі міндет емес, себебі, оған қамқорлық етуге және асырауға қатысты оның құқығы толық емес, себебі, ерінің әйеліне қамқорлық ету тек неке меншігі құқының аясында ғана күшке ие, ал асырауға қажет мүлік беру міндеті *рауатиб* (күнделікті тұрмысқа қажетті заттар) термині арқылы аталатын тек азық-түлік, киім-кешек және үй-жайды қамтиды; бұдан басқа оның мойнына ешқандай міндеттер артылмайды. – Сондай-ақ отбасының мүшелері саналса да ешкім өзінің кәмелетке толған балалары үшін де пітір садақа беруге міндетті емес, себебі, ата-анаға оларға қамқорлық ету немесе қорғау құқықтары берілмеген. – Алайда, егер кімде кім өзінің әйелі немесе кәмелетке толған балалары үшін олардың өздері тарапынан оған мұндай қалау білдірілмесе де пітір-садақа төлеген болса, онда соған қарамастан мұндай төлем өзінің ізгі ниеттілігіне сай заңды болып саналады, әрі олардың мұндай төлеммен келісімі, жалпыға ортақ ғұрыпқа сәйкес, өз өзінен түсінікті.

Ешкім өзінің мукатабтары үшін пітір садақа беруге міндетті емес; сондай-ақ мукатаб та оны өз есебінен төлеуге міндетті емес, себебі, ол пақыр (кедей) саналатын топқа жатады деп есептеледі.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Ерекшелік. - Әркім өзінің мұдаббарлары мен умм-уалады үшін пітір садақа төлеуге міндетті, себебі, қожайын оларға толықтай билік жүргізеді.

Саудаға салу мақсатында ұсталатын құлдар үшін пітір садақа төлеу міндет емес. – Ешкім өзінің иелігіндегі саудаға салынатын тауар ретіндегі құлдар мен құл әйелдер үшін пітір садақа төлеуге міндетті емес. – Шафиғи мұндай құлдар үшін де пітір садақа төлеу міндетті және оны олар үшін белгіленген зекетті төлеуге міндетті болғаны сияқты, олардың қожайыны төлеуі тиіс деп дәлелдейді. – Бір сөзбен айтқанда, Шафиғи екі жеке және түрлі себеп бойынша пітір садақа құлдан, ал зекет оның қожайынынан алынуы тиіс және соған байланысты мұндай төлем бір мүліктен алынған қайталанып, екі рет алынған пітір садақа мағынасында түсіндірілмеуі тиіс деп санайды. – Біздің ғалымдарымыздың пікірі бойынша, құл үшін пітір садақа төлеу міндеті, олар үшін зекет төлеу міндетті болғаны сияқты, қожайынның мойнына артылады; соған сәйкес, егер пітір садақаны төлеу міндетті болса, онда осы жолмен бір жылдың мерзімінде бір мүліктен екі садақа алынған болар еді, ал бұл заңды емес.

Пітір садақа құлға басқа біреумен бірігіп иелік еткенде міндетті емес. – Басқа біреумен бірігіп құлға иелік еткенде оның ешбір иесіне де пітір садақа төлеу міндетті емес, себебі, олардың ешқайсысы жеке алғанда оның толық иесі болып саналмайды, сондай-ақ оны толықтай асырап сақтауға міндетті емес. Тура осы сияқты, екі немесе бірнеше құлға бірігіп иелік еткенде де (Ханифаның пікірі бойынша) олардың ешқайсысы пітір садақа төлеуге міндетті емес. – Екі шәкірт бұл жағдайда бірлескен иелердің бөлшек емес, бір немесе бірнеше толық құлға иелік етумен шамалас келетін мөлшерде пітір садақа төлеуі міндетті деп санайды. Мысалы, екі адам бес құлға иелік ететін болса, онда олардың әрқайсысы екі жарым емес, екі құл үшін пітір садақа төлеуге міндетті. – Алайда, кейбіреулер екі шәкірттің Ханифаның жоғарыда келтірілген пікірімен келісетінін айтады, себебі, әрбір жеке иенің үлесі иелік етуді бөлгенге дейін қандай да бір немесе бірнеше құлдан жинала алмайды, және соған сәйкес, бұл құлдардың ешқайсысы иелердің біреуіне жекелей тиесілі емес.

Мұсылман емес құлдар үшін пітір садақа төлеу міндетті. – Мұсылмандар Са‘лаб ибн Адуи жеткізген хадиске және жоғарыда келтірілген беделді пікірлерге сәйкес өздерінің мұсылман емес құлдары үшін пітір садақа төлеуі міндетті, себебі, бұл хадисте «құлдар» термині жалпы мағынада қолданылған және тек мұсылман құлдармен ғана шектелмеген. Сонымен қатар, Аббас жеткізген хадистерден Пайғамбардың: «Әрбір бостандықта туған адам үшін, сондай-ақ христиан болғанына, иудей болғанына немесе пұтқа табынушы болғанына қарамастан әрбір құл үшін пітір садақа төлеңдер» дегені көрінеді. Ары қарай қарастыратын болсақ, пітір садақа төлеу міндетті, себебі, бұл жағдайда осы міндетке себеп белгіленуі мүмкін және құлдың иесі осы міндетті өзінің мойнына алуға құқылы. – Шафиғи бұл жағдайда ешбір пітір садақаның төленуі тиіс емес деп санайды, себебі, оны төлеу құлдың иесінің емес, оның өзінің мойнындағы міндет; ал құл (қарастырылып отырған жағдайда) мұсылман емес болғандықтан мұндай міндетті орындауға құқықтық тұрғыдан қабілетті емес.

Мұсылман еместің иелігіндегі құл үшін пітір садақа төлеу міндетті емес. – Егер құл мұсылман болып, ал оның иесі мұсылман болмаса, онда бұл жағдайда барлық ғалымдардың пікірі бойынша мұндай құл үшін ешқандай пітір садақа төленуі тиіс емес; біздің ғалымдарымыздың пікірі бойынша – олар құл үшін пітір садақа төлеу

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

міндеті оның қожайынының мойнында деп санайтындықтан, ал бұл жағдайда қожайын – мұсылман емес; Шафиғидің пікірі бойынша – ол пітір садақа құлдың өзінің мойнында жатқан міндет және оны төлеу құлдың қожайыны үшін міндет деп санайтындықтан; бұл жағдайда құлдың қожайыны мұсылман болмағандықтан пітір садақа төлеуге құқықтық тұрғыдан қабілетті емес.

Саудаласушы тараптардың біріне еркін таңдау құқығы беріле отырып сатылған құлдың жағдайы. – Егер құл сатылса және саудаласушы тараптардың біріне, сатып алушыға немесе сатушыға келісім жасалғаннан кейінгі ораза айты кезінде жариялануы мүмкін болатындай еркін таңдау құқығы берілсе, онда бұл жағдайда бұл құл үшін пітір садақаны оған түпкілікті иелік ететін тараптардың бірі төлеуі тиіс. – Зуфар пітір садақаны төлеу міндеті саудаласушы тараптардың еркін таңдау құқығы берілгенінің мойнына артылуы тиіс деп дәлелдейді, себебі, бұл құлға иелік *de facto* (іс жүзінде) соған тиесілі. – Шафиғи бұл билік түпкілікті келісім жасалғанға дейінгі уақыт аралығында құлға иелік еткен және ол сатып алушы деп санайтын тарапқа тиесілі деп санайды, ал бұл құлды сату кезінде белгіленген ереже бойынша оны асырау міндеті қоса жүретіні сияқты, пітір садақа төлеу міндеті де иелік ету құқығымен бірге жүретіндігіне негізделеді. – Біздің ғалымдарымыз осы жағдайда құлға иелік ету әлі анықталмаған іс болып табылады деп дәлелдейді, себебі, егер еркін таңдау құқығы берілген адам келісімді бұзғысы келсе, онда құлға иелік ету құқығы оны сатушыға қайтарылады; бірақ, басқа жағынан алғанда, егер бұл адам сауда-саттық келісіміне өзінің ризашылығын білдіретін болса және сол арқылы оны іс жүзінде орындаса, онда құл осы келісімнің алғашқы жасалған сәтінен бастап сатып алушының меншігіне айналады; ал бұл құлға іс жүзіндегі иелік ету құқығы осылайша анықталмағандықтан, бұл құқықпен байланысты пітір садақа төлеу міндеті де анықталмаған болып қалады. Бұл нафақаға қарсы тұрады, ол әдеттегі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін күнделікті керек болып отырады, сондықтан оны төлеу ешбір жағдайда кейінгі қалдырыла алмайды. – Егер бұл құл саудаға салынатын болса, ғалымдар арасында одан алынатын зекетке қатысты да осындай пікір алшақтықтары бар.

Бөлім. Пітір садақаның мөлшері және оның міндеттілігі мен төлеудің мерзімдері туралы

Пітір садақа мөлшері және төлеуге қолануға болатын заттар туралы. – Пітір садақа бидай, ұн, кебек немесе кепкен жемістер арқылы берілетін болса, олардан жарты саа; құрма немесе арпамен берілетін болса – бір саа мөлшерінде төленеді. – Екі шәкірт те хадистердің біріне сәйкес, пітір садақа төлеу кезінде кепкен жемістер арпаға теңестірілуі тиіс деп санайды; мұндай түсіндірмемен Ханифа да келіседі. – Бірінші түсіндірме «әл-Джами ас-Сағирде» келтірілген. – Шафиғи бұл аталғандардың барлығынан пітір садақа бір саа мөлшерінде алынуы тиіс деп санайды, себебі, Әбу Саид Қудури Пайғамбардың тұсында түрлі өнімдер арқылы төленетін әдеттегі пітір садақа осындай болғанын айтады. – Біздің ғалымдар өз пікірлерін жоғарыда баяндалған Са‘лаб ибн Адуи жеткізген хадис арқылы бекітеді және Пайғамбардың

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

барлық сахабаларының (Хулафау рашидуна⁴⁴ және басқалар сияқты) түсіндірмелері де біздің ғалымдарымыздың түсіндірмелерімен сәйкес келеді; Шафиғидің Әбу Саид жеткізген хадисті келтіруінен тек Пайғамбар заманында адамдар өте қатаң түрде төлеп отырғаны көрінеді. – Екі шәкірт (кепкен жемістер арпаға теңестірілуі тиіс деген пікірін растау үшін) құрма кепкен жемістердің бір түрі саналады деп дәлелдейді; ал ол арпаға тең деп қарастырылатын болса, онда осыдан бір санатқа жататын барлық кепкен жемістер осы ережеге бағынуы тиіс екендігі шығады. – Ханифа бұған кепкен жемістер және бидай бір біріне сәйкес келеді, себебі, кедейлер бидай ұнын кебекпен бірге жеуге қолданатыны сияқты, олар кепкен жемістерді де дәнімен немесе сүйегімен қоса жеуге қолданады; құрма арпаға теңестіріледі, себебі, құрманың сүйегі де арпаның кебегі сияқты, желінбей, лақтырылып тасталады деп қарсы пікір айтады. – Арпа ұны арпамен тең деп саналуы тиіс, бірақ, пітір садақаны ұн немесе арпаның, бидайдың кебегімен төлегенде олардың құнын есепке алған дұрыс, яғни, егер, мысалы, бидайдың жарты саасының құны бидай ұнының жарты саасының құнына тең келетін болса, нда мұндай жағдайда бидайды ұнмен алмастыруға болады; тура сол пікір арпа мен арпа ұнына да қатысты қолданылады. – Бұл «әл-Джами ас-сағирде» аталмаған, себебі, көп жағдайда бидай мен арпа ұнының құны төмен емес, керісінше, осы астық өнімдері құнының бағасынан біршама жоғары.

Пітір садақаны нанмен төлеген кезде тек оның құны ғана есепке алынуы тиіс; барлығы қолдайтын түсіндірме осындай.

Ханифаның пікірі бойынша, бұл жерде айтылып отырған сааның жартысы салмағын өлшеу арқылы анықталуы тиіс; ал екі шәкірттің пікірі бойынша, оның көлемін өлшеу керек.

Пітір садақа төлеу кезінде бидайға қарағанда ұн бағаланады, ал ұнға қарағанда (Әбу Йусуфтің түсіндірмесі бойынша) ақша бағаланады, себеі, ақша қажеттіліктерді барынша толық түрде, ал ұн бидайға қарағанда неғұрлым жылдамырақ қамтамасыз етеді, себебі, бидай тағамға пайдалану үшін алдымен тартылуы тиіс. - Әбубәкір әл-Айямуштың ұнға да, ақшаға да қарағанда бидай артық бағалануы тиіс, себебі, пітір садақаны бидаймен төлеу орынды деп саналады, ал ұн мен ақшаға қатысты пікір қайшылықтары бар деген көзқарасы белгілі.

Әбу Ханифа мен Мұхаммедтің пікірі бойынша саа сегіз ирак ратлінен⁴⁵ тұрады. - Әбу Йусуф саа бес те үш ратлден ғана тұрады деп санайды, себебі, Пайғамбар: «Біздің саа басқалардікінен аз» деген. – Екі соңғы ғалым (құқықты оқытушы үшеудің ортаңғысы мен ең кішісі, нақты айтқанда, Ханифа мен Мұхаммед) бұған қарсылық білдіреді: Пайғамбардың «уду'» (дәрет алу) үшін мөлшері бір мидке тең (екі ратлге тең) келетін суды, ал «ғұсыл» (су құйыну арқылы толық дәрет алу) үшін бір сааға тең (сегіз ратлге тең) қолданғаны белгілі; Омар да сааны осындай мөлшерде қолданған. Сонымен қатар, бұл саа һашимдер (Пайғамбардың тұсында) қолданған саадан аз, сондықтан, жоғарыда келтірілген хадисте айтылғандай сааны пітір садақа төлеуге қолданылатын өлшем бірлігі деп санау заңды.

Пітір садақаны төлеу міндетінің басталу мерзімі. – Пітір садақа төлеу міндеті ораза айты күнгі таң шапағынан басталады; яғни, бұл міндетті орындау үшін осы

⁴⁴ Пайғамбардың тікелей ізбасарлары, әділетті халифалар

⁴⁵ Ратлдің салмағы шамамен бір фунт.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

нақты анықталған мезгілдің басталуы шарт болып қойылады. – Шафиғи пітір садақаны төлеу міндеттілігі рамазан айындағы оразаның соңғы күні күннің батуымен басталады деп дәлелдейді. Мұндай пікір айырмашылығы нәтижесінде, егер (мысалы) мұсылман емес адам исламды қабылдаса немесе ораза айты мерекесі қарсаңында сәби дүниеге келсе, онда біздің ғалымдарымыздың пікірінше, қатарға жаңадан қосылған мұсылман немесе дүниеге жаңа келген сәби үшін пітір садақа төлеу міндеттілігі туады; Шафиғидің пікірі бойынша, пітір садақа алынбауы тиіс. Басқаша алып қарағанда, оның өзінің пікірі бойынша, егер бала немесе құл рамазан айының соңғы түні қайтыс болса, онда олардан пітір садақа алынуы тиіс; біздің ғалымдарымыз бұған қарсы пікірді ұстанады. – Қарастырылып отырған жағдайда Шафиғидің дәлелдері келесі мәселелермен байланысты: атауынан көрініп тұрғандай, пітір садақа өзінің мәні бойынша пітірмен (оразаның тоқтатылуымен) байланысты, ал рамазан айының соңғы күні күннің батуы пітір деп санала алады, себебі, бұл уақытта ораза тоқтатылады. – Бұған біздің ғалымдарымыз қарсылық білдіреді: ешбір күмансыз, пітір садақа пітір әрекетімен байланысты болса да, бұл әрекеттің өзі түнде емес, күндіз орындалуы қажет; себебі, бұл мейрам «ләйаиль-фитр» (ораза тоқтаған түн) деп емес, «аййамуль-фитр» (оразаның тоқтаған күні) сөздерімен аталады. Бұдан пітір садақа беру міндеттілігін орындау ораза айтының қарсаңы емес, сол күнгі таңмен байланысты екені көрінеді.

Пітір садақаны ораза айты, мейрам күні мешітке осы мейрамда оқу үшін белгіленген намазға бармай тұрып төлеу ең жоғары мақтауға ие, себебі, Пайғамбар осылай істеген, сондай-ақ, пітір садақаға қатысты ереже кедейлердің қажеттіліктерін жеңілдету түрінде берілген, яғни, осындай сый арқылы оларға мейрамға қуану және мейрам күні орындалуы тиіс рәсімдерді қуанышпен орындау мүмкіндігін беру көзделеді. Пайғамбардың мұндай ниетінің жүзеге асуы, егер, пітір садақа айт намазы оқылғанға дейін таратылып берілсе барынша орынды деп санауға болады.

Пітір садақаны айттың басталуына дейін беру заңды деп саналуы тиіс, себебі, орындауға міндеттейтін арнайы себептер белгіленгеннен кейін міндеттің кез келген сәтте орындалуы заңды, бұл тура хаулани-хаул мерзімі өткенге дейін зекет төлеудің заңдылығы сияқты.

Егер кімде кім ораза мейрамы күні пітір садақа төлемесе, онда, ешнәрсеге қарамастан, мұндай төлемнің міндеттілігі өз күшін сақтап қала береді және оны кейіннен төлеу орынды, себебі, ол кедейлердің жағдайын жеңілдету үшін белгіленген және оның осылай анықталуы өз күшінде қалады. Бұл, егер «аййамун-нахр» (құрбан шалатын күн, зұль-хиджа айының оныншы жұлдызы) өтіп кетсе өз күшін жоғалтатын құрбан шалу міндеттілігіне қарсы тұрады, себебі, ол діндарлықтың белгісі танылатын әрекет болып табылады, әрі бұл жерде басқалардың мұқтажы мен құқықтары ешбір түрде қозғалмайды.

II КІТАП

НЕКЕ ТУРАЛЫ

Терминнің анықтамасы. – «Никах» сөзі алғашқы мағынасында «тән арқылы қосылу, жыныстық қатынаста болу» деген ұғымды берді. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша бұл сөз жалпы мағынадағы «одақ» ұғымын береді. Заң тілінде бұл сөзбен бала тууды заңдастыру мақсатын көздейтін ерекше сипаттағы жеке келісім аталады.

I Тарау. Кіріспе.

II Тарау. Некелесуші тараптар арасындағы қамқорлық және теңдік туралы.

III Тарау. Маһр немесе қалың (неке сыйы) туралы.

IV Тарау. Құлдар некесі туралы.

V Тарау. Кәпірлер некесі туралы.

VI Тарау. Қисм немесе ерінің некеде тұруды әйелдері арасында тең бөлуі.

I Тарау

НЕКЕ КЕЛІСІМ-ШАРТЫН ЖАСАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Неке «мәлімдеу» (заң келісуші тараптардың біріншісінің сөзін осылай деп түсінеді) және «келісу» (екінші тараптың жауап сөзі) арқылы ауызша қиылады, яғни орындалады және заңды түрде бекітіледі; мәлімдеме де, келісім де құқықтық практикада келісім-шарттың осы түрінің талаптарына барынша жауап береді деп танылған өткен шақ түрінде айтылуы тиіс⁴⁶.

Неке сондай-ақ бір тараптың – мәлімдемені бұйрық райда және екінші тараптың - келісімді өткен шақта айтуы арқылы да қиылуы мүмкін. Яғни, ер адам екіншісіне былай деп айта алады: «Қызыңның некесін менімен бекіт», ал ол: «Мен бекіттім» (мағынасы: «менің қызымның некесін сенімен»). Неке келісім-шартын осы тәртіппен бекіту заңды болып саналады, себебі: «қызыңның некесін менімен бекіт» сөзі неке келісім-шартын бекітуге сенімді білдіреді. Басқа жағынан алғанда, төменде түсіндірілетіндей, некеге отыру кезінде үшінші адам неке келісім-шартын бекіту үшін некелесуші тараптардың екеуінен де өкілеттік алған болуы мүмкін; бұдан қалыңдық әкесінің «мен бекіттім» деген жауабы мәлімдемені де, келісімді де алмастырады, бұл «Мен некені бекіттім және мен некені қиюға келістім» дегенмен бірдей.

Неке келісім-шарты сондай-ақ «никах», неке сөзімен де орындалуы мүмкін, бұл жағдайда әйел еркекке: «Мен сенімен мынадай ақша мөлшерінде⁴⁷ некеге отырдым» дейді, ал еркек оған: «мен келістім» деп жауап береді; сондай-ақ «тазуидж», неке келісім-шарты сөзі арқылы да орындалуы мүмкін, бұл жағдайда әйел: «Мен сенімен неке келісім-шартына отырдым» дейді, ал еркек алдыңғы жағдайдағыдай, «Мен келістім» деп жауап береді; сондай-ақ «хиба⁴⁸», сый сөзімен де, бұл жағдайда әйел: «Мен өзімді саған сыйладым»; ары қарай «тамлик», беру, жіберу сөзі арқылы, бұл

⁴⁶ Араб тілінде етістіктің осы және келер шақтағы түрлері бір формамен білдіріледі, сондықтан, осы шақта жасасқан неке шарты екі ұшты болады

⁴⁷ Бұл жерде қалың мал мензеледі

⁴⁸ Осы және бұдан кейінгі екі термин әйелдің өзіне қалың мал талпа етпейтінін білдіреді

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жағдайда ол «Мен өзімді саған жібердім» дейді; ең соңында «садақа» сөзі арқылы орындалуы мүмкін, бұл жағдайда әйел «Мен өзімді саған садақаға бердім» дейді.

Шафиғи неке тек «никах» және «тазуидж» сөздерімен ғана жүзеге асуы мүмкін деп санайды. Оның ойынша «тамлик» сөзі (мысалы) тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да неке ұғымын бермейді; тура мағынасында бермейтін себебі, бұл термин ешқашан неке ұғымын беру үшін қолданылған емес; ауыспалы мағынасында бермейтін себебі, кез келген метафора тек оны дұрыс қолданған жағдайда ғана белгілі бір мағынаға ие болады, ал бұл жағдайда ол жоқ, «никах» және «тазуидж» терминдері арқылы (жоғарыда аталғандай) жыныстық қосылу, одақтасу ұғымдары беріледі, ал иелік етуші мен иеленетіннің арасында ешқандай одақ жоқ. Біздің ғалымдарымыз бұл жағдайда беру, жіберу жыныстық қосылу құқығына себеп бола алады деген дәлелді келтіреді (мысалы, құл әйелге иелікті басқаға берген жағдайда), ал жыныстық қосылу іс жүзінде иелену құқығы бойынша жүзеге асады; неке арқылы сондай-ақ жыныстық қосылу құқығы беріледі. Соған сәйкес, беру және неке ұғымдары жыныстық қосылуға бірдей құқық беретін себеп болатын болса, онда бірінші терминмен (тамлик) ауыспалы мағынада соңғысын (никах) алмастыруға болады.

Неке келісім-шарты «бай‘а», сауда сөзі арқылы орындалуы мүмкін, бұл жағдайда әйел еркекке «Мен өзімді сенің қолыңа саттым» дейді. Неке келісім-шартын бұлай орындау мақұлданады, себебі, сату сатып алушыға иелік құқығын береді, ал иелік ету құқығы арқылы жыныстық қосылу құқығы қоса беріледі, бұдан, ауыспалы мағынада, сатуды некемен теңдестірудің дұрыстығы көрінеді.

«Риуайат Сахихтің» түсіндірмесі бойынша, неке келісім-шарты «иджара», жалдау сөзімен орындала алмайды (мысалы, әйел еркекке «Мен өзімді саған осынша ақшаға жалдауға бердім» деп айтатындай); не «ибахат», рұхсат сөзімен; не «ихлал», заңдастыру; не «нарат», қарыз сөздері арқылы орындала алмайды. Бұл терминдердің ешқайсысы жыныстық қосылуға құқық беретін негізді білдіре алмайды. Сондай-ақ неке «уасийат», өсиет сөзі арқылы орындала алмайды, себебі, өсиет етілген мұраға иелік ету құқығы өсиет етушінің өліміне дейін берілмейді; дұрыс рәсімделген, бірақ некелесуші тараптардың бірінің өлімінен кейін орындала алатын неке келісім-шарты жарамсыз болған болар еді, соған сәйкес, бұл жағдайда (өсиет неке келісім-шартын орындау үшін қолданылатын термин ретінде) бұл пікір а fortiori қолданылады.

Неке келісім-шарты куәлердің қатысуымен орындалуы қажет. – Неке мұсылмандар арасында тек кәмелет жасына толған, ақыл-есі түзу, мұсылман екі ер адамның немесе бір ер адам және екі әйелдің қатысуымен ғана орындалады. Бұл куәгерлер мінсіз де немесе толығымен мінсіз емес те, сондай-ақ өтірік айтқаны үшін жазаға тартылған болуы да мүмкін. Осы шығарманы құрастырушы куәгерлер сөзінің болуы неке келісім-шартын дұрыс орындау үшін айтарлықтай шарт болып табылады деп санайды, себебі, Пайғамбар: «Куәгерлерсіз неке неке болып саналмайды» деген. Осы ереже Маликтің дұрыс неке үшін куәгерлердің оң куәлік етуі емес, жариялылық жеткілікті деген шешімінің бұрыстығын көрсетеді.

Неке куәгерлері қамтамасыз етуге тиісті шарттар. – Куәгерлер бостандықтағы адамдар болуы тиіс, себебі, олар sui juris әрекет етуге құқықтық тұрғыдан қабілетсіздігі нәтижесінде құлдардың куәлік етуі жарамсыз; куәгерлер кәмелет жасына толған және ақыл-есі дұрыс болуы тиіс, себебі, кәмелетке толмағандар

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

мен ақыл-есі кемдер өз бетімен әрекет етуге қабілетсіз деп танылады. Ең соңында, мұсылман болуы міндетті, себебі, кәпірдің мұсылманға қатысты куәлік етуі заңсыз.

Неке келісімін орындаған кезде басқа жағдайларда куәлігі қабылдана алмайтын адамдар куә бола алады. - Куәгерлердің жынысы олардың құқықтық қабілеті үшін айтарлықтай шарт бола алмайды, сондықтан неке бір ер адам мен екі әйелдің қатысуымен заңды түрде орындала алады; сондай-ақ куәгерлердің мінсіздігі де айтарлықтай маңызды шарт болып саналмайды, сондықтан (біздің ғалымдарымыздың түсіндірмесіне сәйкес), екі фаасықтың⁴⁹ (пасық) – әділетсіз адамның қатысуымен орындалған неке заңды күшке ие болады. – Шафиғи куәгерлердің мінсіздігі маңызды шарт деп санайды, себебі, куәгерлік сыйлау мен құрметтеуге лайық, себебі, Пайғамбар: «Куәгерлерге құрмет көрсет» деген, ал әділетсіздер мұндай құрмет көрсетуге лайық емес, дұрысы – керісінше. Бұған біздің ғалымдарымыз әділетсіздер өздеріне қатысты мәселеде әрекетіне өздері жауапты және сондықтан, егер олар басқаларға қатысты алғанда әрекет етуге қабілетсіз деп саналса, оларға куәлік ету құқығы берілуі тиіс деп қарсылық білдіреді; сондай-ақ, әділетсіз адам сұлтан мен имамның да міндетін атқаруға құқылы, яғни, соған сәйкес, қазы немесе куәгер бола алады. - Өтірік айтқаны үшін жауапқа тартылған адам жалпы алғанда құқықтық қабілетті адам ретінде неке қию кезіндегі мәлімдеме мен келісімге куәгер де бола алады және тек осымен ғана шектеледі, себебі, жоғарыда баяндалған жағдайдан басқа уақытта олардың куәгерлігін қабылдауға тыйым салынған; бұл жағдайда, дәл осы мөлшерде зағиптардың, сондай-ақ басқа жағдайда рұхсат етілмейтін, некелесуші тараптардың балаларының куәгерлігіне де жол беріледі.

Кәпірлер кәпір әйелдің некесіне куәгерлік ете алады. – Егер мұсылман еркек мұсылман емес әйелмен екі мұсылман емес еркектің қатысуымен некеге отырса, онда мұндай неке, Әбу Йусуф пен Ханифаның түсіндіруі бойынша, заңның алдында дұрыс деп саналады. Мұхаммед пен Зуфар мұндай неке заңды емес, себебі, неке қию кезіндегі мәлімдеме мен келісім туралы куәгерлік жалпы мағынадағы куәгерлікпен тең, ал мұсылман еместердің мұндай куәгерлігі мұсылмандарға қатысты алғанда заңды емес. Бұл қарсылыққа екі үлкен ұстаз⁵⁰ неке қию кезінде куәлік қандай да бір мүлікке қатысты мәселені шешу үшін емес (мысалы, қалың, неке сыйын беру), тек ерінің некеде бірге тұруына құқығын анықтау үшін талап етіледі деп жауап береді.

Неке келісім-шартындағы делдал белгілі жағдайда оны жүзеге асыруға куәгер бола алады. – Егер кімде кім оның жас қызының некесін басқа біреу қидырғанын қаласа және сол басқа біреу осыны қалаған адамның қатысуымен сол некені қидырса, әрі жоғарыда аталған екі адамнан (өзінің жас қызын бергісі келген адам мен делдалдан) басқа куәгер ретінде тағы бір адам болса, онда осындай тәртіппен қиылған неке заңды деп саналуы тиіс. Бұл жағдайда некелесуші тараптың бірі болып өзінің жас қызының өкілі ретінде әкесі, ал қыз әкесінің қалауын танытатын делдал неке келісім-шартына қатысушы бір тарап ретінде қатыспастан өз әрекетіне жауап беруге қабілетті куәгер ретінде саналуы қажет. Бірақ егер жас қыздың әкесі кетіп қалса және неке келісім-шартын жасау кезінде оған қатыспаса, неке заңды болмайды, себебі, бұл жағдайда ол өз қызының өкілі бола алмайды, ал бұл өкілдік делдалға өтеді, онда

⁴⁹ «Фасық» термині осы және басқа жерде «әділ» сөзінің термині ретінде қолданылады

⁵⁰ Әбу Йусуф пен Ханифа

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ол некелесуші тараптардың бірі болып шығады да неке келісім-шартын орындауға куәгер болу қабілетін жоғалтады. Бұл жағдайда неке тек бір куәгердің қатысуымен қиылады, ал некеге бір куәгердің қатысуы жеткіліксіз, соған сәйкес, неке заңды деп табылмайды.

Дәл сол ереже егер әкесі кәмелетке толған қызының некесін өзінен басқа тек бір ғана куәгердің қатысуымен қидыратын болса қолданылады: егер қызы неке келісім-шартын жасау кезінде қатысатын болса, неке заңды, ал басқа жағдайда – заңсыз.

Бөлім. Некеге тұру кезінде тыйым салынған туыстық және жекжаттық дәрежелері; некеге тұру заңды деп болатын әйелдер және заңды болмайтын әйелдер.

Шешесімен және әжесімен некеге тұру заңсыз. – Еркек өзінің шешесімен де, әкесі жағынан болатын әжесімен де, нағашы әжесімен де некеге тұрмайды, себебі, Құдай Құранда былай дейді: «Сендердің шешелерің (умм) және сендердің қыздарың сендер үшін тыйым салынған», ал, «умм» сөзінің алғашқы мағынасы – «бас» немесе «тамыр», бұл жерден әже ұғымы осы тыйымның мағынасында қамтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, біздің барлық ғалымдарымыз бірауыздан мұндай неке одағының заңсыз екенін айтады.

Өзінің қызы немесе немересіне үйлену заңсыз. – Жоғарыда келтірілген Құран мәтінінің күшіне сәйкес, ер адам өзінің қызына да, немересіне де, жалпы алғанда өзінің тікелей ұрпағы саналатын әйел баласына үйлене алмайды.

Өзінің әпке-қарындастарына, тәтесіне немесе бауырларының қыз балаларына үйлене алмайды. – Жоғарыда келтірілген тыйымда әпке-қарындастар, әпке-қарындастары мен аға-інілерінің қыздары, әкесі мен шешесі жағынан болатын тәтелері қамтылған; сонымен бірге әкесі мен шешесінің тәтелері; барлық қандас және кіндіктес аға-інілерінің барлық қыздары; барлық қандас және кіндіктес әпке-қарындастарының қыздары: Құранның жоғарыда келтірілген мәтінінде кездесетін *амма, хала, ах* және *ухт* терминдері туыстықтың барлық дәрежелеріне қатысты қолданылады.

Енесіне үйленуге болмайды. – Еркек некеде тұрған кезде қызымен жыныстық қатынаста болған немесе болмағанына қарамастан, өзінің әйелінің шешесіне үйлене алмайды. Құдыретті ие бұл тектес неке одағына оған қатысты ешбір нұсқау айтпастан тыйым салған.

Өгей қызына үйленуге болмайды. – Некеде шешесімен жыныстық қатынаста болған еркек өз әйелінің қызына үйлене алмайды. Заң мәтіні бойынша осы жағдай арқылы бұл тектес некенің заңсыздығы анықталады және бұл жерде қыз өз шешесімен бірге өгей әкенің гаремінде тұрушы санала ма, жоқ па – есепке алынбайды. Бірақ: «Сендердің гаремдерінде тұратын әйелдерің, әйелдеріңнің сендер жыныстық қатынаста болған қыздары сендер үшін заңсыз» деген мәтіннің өзі тек ғұрыпқа сілтеме жасайды, ол бойынша, жаңа некеге тұрған әйелдердің қыздары өз шешелерінің соңынан өгей әкесінің үйіне келеді, қызының шешесімен өгей әкесінің гаремінде бірге тұруы заңсыз дегенді білдірмейді⁵¹.

⁵¹ Бұл ескерту келтірілген мәтіннің екі ұштылығын түсіндіру мақсатында жасалған

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Өгей шешесіне де, атасының әйеліне де үйленуге болмайды. – Мұндай неке заңсыз саналады, себебі, Құдай былай деп бұйырды: «Өз әкелерің мен аталарыңның әйелдеріне үйленбеңдер».

Келінге немесе немере келінге үйленуге болмайды. – Мұндай неке де заңсыз болады, себебі, Құдай былай деді: «Өз ұлдарыңның әйелдерімен де, өз ұлдарыңнан туған қыздармен де некеге тұрмаңдар».

Сүт ана мен сүт әпкеге үйленуге болмайды. – Сүт ана мен сүт әпкеге үйлену заңсыз болып табылады, себебі, Құдыретті иеміз: «Сендерді омырауымен емізген шешелеріңе де, әпкелеріңе де үйленбеңдер» деп бұйырған, ал Пайғамбар: «Қандас туыстық үшін тыйым салынғанның барлығы сүт туыстыққа да тыйым болып саналады».

Апалы-сіңлілерге үйленуге болмайды. - Бір-біріне әпке мен сіңлі болатын екі әйелмен некеге тұруға және жыныстық қатынас жасауға болмайды, сондай-ақ иелік ету құқығы бойынша (құлдар туралы сөз болып тұр) апалы-сіңлілермен жыныстық қатынас жасауға болмайды, себебі, Құдіретті иеміз апалы-сіңлілермен бұлай бірге тұрудың заңсыздығын айтқан.

Жоғарыда айтылғанның жеке жағдайы. – Егер еркек құлдығындағы әйелдің өзінің күңі болып саналмайтын әпкесі не сіңлісімен некеге тұратын болса, заң алдында мұндай неке дұрыс, себебі, неке келісім-шартын жасаушы екі тарап та құқық тұрғысынан қабілетті деп саналады. Бірақ бұл неке дұрыс және заңды күші бар саналатындықтан, бұл еркек осыдан соң ол өз әйелімен некеде жыныстық қатынаста болған-болмағанына қарамастан, өзінің әйелінің құлдықтағы әпкесімен (сіңлісі) жыныстық қатынасқа түсе алмайды, себебі, заңның алдында әйел – foemina fututa. Сондай-ақ бұл еркек өз құлдығындағы әпкесімен жыныстық қатынастан бас тартқанша немесе оны бостандыққа жібергенше немесе оны басқаға әйелдікке бергенше өз әйелімен де жыныстық қатынаста бола алмайды; тек осыдан кейін ғана ол өз әйелімен жыныстық қатынаста бола алады. Мұндай тәртіп апалы-сіңлілермен тек шартты түрде ғана бірге тұруға жол бермеу үшін де ұсынылады. Бұл тәртіпті сақтау кезінде заң бұзушылық болмайды, себебі, оның алдында құл әйел құлдықтан азат болмаса – foemina fututa емес.

Басқа жеке жағдай. – Егер еркек екі жеке неке келісім-шарты арқылы апалы-сіңлілермен некеде тұрған болса және олардың қайсысының алғаш орындалғаны белгісіз болса, онда екі неке де бұзылуы тиіс, себебі, көрініп тұрғандай, неке апалы-сіңлінің біреуімен заңсыз деп саналуы тиіс, бірақ қайсысымен екені белгісіз. Бұл жағдайда қарастырылып отырған некелердің ешқайсысы да заңды деп санала алмайды, себебі, олардың алдыңғысын анықтау мүмкін емес және некелердің бірінің заңдылығын мойындау дұрыс емес, себебі, некелесуші тараптарға ешқандай артықшылық бере алмайды: некенің артықшылығы болып заңды түрде бала туу саналады, ал бала туудың жыныстық қатынассыз болмайтыны белгілі, оған бұл жағдайда екі тараптың бірінің, нақты айтқанда әйелдің нақты анықталмауына байланысты заң тұрғысынан жол берілмейді. Сондай-ақ некенің заңдылығын бұлай мойындау бұл жағдайда заң бойынша жыныстық қатынас жасауға некелесуші тараптардың ешқайсысының да құқығы жоқ болғандықтан, олардың (некелесуші тараптардың) екеуіне де қатысты алғанда әділетсіз болған болар еді. Осы себептердің

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

барлығына сәйкес екі неке де бұзылуы тиіс. Бұл жағдайда апалы-сіңлілердің әрқайсысы қалыңның, неке сыйының жартысын алуға құқылы. Егер олардың бірі өзі қатысушы ретінде неке келісім-шартының қайсысы алдыңғы екенін дәлелдей алса, онда ол неке сыйын толығымен алуға құқылы болар еді; бірақ бұл жағдайда некенің алдыңғысы анықталмай қалып отыр, сондықтан неке сыйы апалы-сіңлілердің екеуінің арасында бөлінеді.

Басқа ғалымдар мұндай тәртіптің тек апалы-сіңлілердің арасында некенің алдыңғысы жайында талас туғанда және олардың әрқайсысы өзінің мәлімдемесін растайтын дәлелі болмаса да өз жағдайын айтса – сол кезде сақталуы тиіс екенін айтқан; апалы-сіңлілердің екеуі де өздерінің алдыңғы неке қайсы екені жайында ештеңе білмейтінін жарияласа, онда өзара неке сыйының жартысы алуға келісім бермейінше оларға ештеңе төлеудің қажеті жоқ, олар бұлай істеуге алғашқы некені анықтау мүмкін болмаған жағдайда ғана құқылы. Сондықтан олар не өз неке келісім-шартының алдыңғы екенін қорғап шығуы керек, не неке сыйының жартысын алуға келісуі тиіс. Осыдан кейін барып, апалы-сіңлілердің әрқайсысына неке сыйының жартысын беру жөніндегі үкімнің шығарылуы дұрыс болып саналады. – Егер апалы-сіңлілердің әрқайсысы өздерімен жасалған некенің алғашқы екенін қорғаса және өз құқыларының дәлелі ретінде бірдей дәрежеде куәлік келтіре алатын болса, онда барлық ғалымдардың бірауыздан құптауына сәйкес, олардың екеуі де неке сыйының жартысын алуға құқылы.

Тәтесімен немесе аға-інілерінің қыздарымен некеге тұруға болмайды. – Мұндай некенің заңсыздығы бұл туралы Пайғамбардың «Заһир Риуайатта» келтірілген сөздерінен байқалады.

Өзара туыстық қатынастағы екі әйелмен некеге тұруға болмайды. – Бұл жерде әйелдер арасындағы өзара туыстық деп егер олардың бірі еркек болған жағдайда екіншісімен некеге тұруға болмайтын жағдайдағы туыстық дәрежесі саналады. Бұл тыйымның мақсаты туыстар арасында некеге тұруға жол беруге болмайтын жағдайдағы тыйымдармен бірдей.

Еркек әйел мен оның өгей қызына үйлене алады. – Екі әйелмен некеге тұруға – егер олардың бірі жесір, ал екіншісі осы жесір әйелдің қайтыс болған күйеуінің басқа әйелден туған қызы болған жағдайда рұхсат беріледі. Бұл жағдайда неке кедергі болатындай қандас туыстық та, сүт туыстық та жоқ. – Зуфар мұндай түсіндірмемен келіспейді және мұндай жағдайда қиылған неке заңды болып санала алмайды дейді: егер қыздың орнына еркекті қоятын болса, онда оны мен жесір арасындағы неке заңсыз болып табылады және бұл пікір осы жағдайға – бір еркектің ол екеуімен некесіне қатысты қолданылуы тиіс. – Бұл қарсылыққа біздің ғалымдарымыз мына жауапты айтады: әйелдер арасындағы туыстық дәрежесін бұл жолмен анықтағанда екі әйелдің де орнына еркекті қойғанда заңды некеге тұру қаншалықты заңды болатын болса, бұл жағдайдағы туыстық заңсыз болатын дәрежеде анықталуы тиіс. Қарастырылап отырған жағдайда егер жесірді еркек деп санаса, онда ол оған туыс емес әйелдің қызы ретінде өзінің өгей қызына заңды түрде үйлене алған болар еді. – Сондай-ақ, «Нақл-Сахихте» Джабирдің ұлы Абдулланың Әлидің әйелімен және қызымен некеге тұрғаны жайында баяндалады.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Некениң заңсыз болуына себепкер жағдайлар. – Егер еркек бір әйелмен зина жасаған болса, онда оның шешесі мен қызы ол үшін тыйым салынған әйелдер болып саналады. – Шафиғи олар тыйым салынған әйелдер болып саналмайды, себебі зина *хурмат-мусахаратпен* (туыс болуға тыйым) байланысты емес, себебі, туыс болуға тыйым салатын бұл заң құдайдың құлдарына берілген береке ретінде айтарлықтай ерекшелікке ие, ал, зина қылмыс саналатындықтан Құдайдың берген берекесіне апаратын жолға сала алмайды. – Бұған біздің ғалымдарымыз мынадай жауап береді: жыныстық қатынас әрекеті оған қатысушы екі жақтың келісімді түрде қан араластыруының себебі болып саналады, соған байланысты, осы қатынастың нәтижесінде туған немесе туатын бала осы жағдаймен байланысты, шешесімен де, әкесімен де туыстық қатынаста болады, сондықтан да әдетте: «бұл бала – мұндай еркек пен мұндай әйелдің ұрпағы» делінеді; бала мен оның ата-анасының арасында осындай туыстық орнаған болса, онда ол оның ата-анасының өздерінің арасында да орнайды, бала шешесінің бір бөлігі саналса да ол толығымен әкесіне тиесілі саналады, осыған сәйкес шешесінің бір бөлігі баласына оның әкесі арқылы тиесілі болады және керісінше де солай. Ал егер еркек пен әйелдің арасында өзара келісімді қан ауыстыру болған болса, онда осыдан шығатыны – бұл әйелдің шешесі немесе қызы мәнісінде осы еркектің шешесі немесе қызы, ал әйелдің шешесі зинадан туған баланың әжесі болған болар еді. Сонымен, ол (әйелдің шешесі) бұл ұрпақтың тамырының тамыры, ал ұрпақ оның бұтағының бұтағы болады; бірақ егер зинақорды да оның бұтағы, ал әйелдің шешесін зинақордың тамыры деп санамаса, бала да оның бұтағының бұтағы бола алмайды; осыдан зинақордың өзі жыныстық қатынаста болған әйелдің шешесімен некесі оның өз шешесімен некесіндей заңсыз болады. Тура сол көзқарас қызына да қатысты.

Егер әйел тәнқұмарлықпен еркекке жақындаса, онда осы әйелдің шешесі де, қызы да ол үшін тыйым салынған болып саналады. – Шафиғи олай деп санамайды. Осындай пікір алшақтығы еркек тәнқұмарлықпен әйелге жақындаған немесе оның жыныс мүшелерін көрген; сондай-ақ әйел тәнқұмарлықпен еркектің бала тудырушы мүшесіне қараған жағдайларға қатысты айтылады. Біздің ғалымдарымыз осындай жағдайлардың барлығында мұндай әйелдің шешесі мен қызы тыйым салынған деп санайды; ал Шафиғи бұған қарсылық ретінде жай ғана көру немесе жақындау іс жүзінде жасалған жыныстық қатынас ретінде саналмайтынын, сондықтан, жыныстық қатынасқа түскеннен кейін заң арқылы талап етілетін әдеттегі әрекеттердің⁵² бұл жағдайда қажетсіздігін айтады. Бұған біздің ғалымдарымыз жоғарыда аталғандай әрекеттердің жыныстық қатынастың себебі немесе қоздырушысы ретінде солай деп табылуы тиіс деп жауап береді.

Егер еркек әйелге тәнқұмарлыққа ұрық шашқанға дейін берілсе, онда кейбіреулердің пікірі бойынша, бұл осы әйелдің туыстарына қатысты хурмат-мусахаратқа (туыс болуға тыйым) апарады, алайда, бұл тыйымның болмауының мүмкіндігі де белгілі, себебі, жатырдан тыс ұрық шашудың өзі арқылы еркек өзінің жыныстық қатынасқа түскісі келмегенін көрсетеді, сондықтан бұл әрекетті олай деп санауға болмайды. Сондай-ақ кейбіреулер жоғарыда аталған тыйым *immissionis penem in ano* кезінде де салынуы мүмкін, себебі, осы тектес әрекет тәнқұмарлыққа салынып

⁵² Дәрет алу және т.б.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жақындасумен тең деп те санады; бірақ, хурмат-мусахарат үшін бұл шарт болып қойылмайды, себебі, жыныстық қатынас тек сол жағдайда ғана нәтижесі болып баланың тууы саналатын өзінің анықтамасына сай болады, ал бұл жағдайда жоғарыда сипатталған әрекеттің орындалу түріне байланысты олай болуы мүмкін емес.

Еркек өзінің ажырасқан әйелінің белгіленген иддат⁵³ мерзімі толық аяқталғанға дейін оның әпкесі не сіңлісімен некеге тұра алмайды. – Егер еркек өз әйелімен толық немесе жойылатын талақ арқылы ажырасса, онда ол оның (ажырасқан әйелдің) иддат мерзімі аяқталғанға дейін оның әпкесі не сіңлісімен заңды түрде некеге тұра алмайды. – Шафиғи мұндай некенің заңды болатынын айтады, себебі, талықтың кез келген түрі некені толығымен бұзады және заңсыздығын біле тұра өзінің ажырасқан әйелімен иддат мерзімі кезінде жыныстық қатынасқа түскен еркек зинақор ретінде жазалануы тиіс. – Бұған біздің ғалымдарымыз талақтың түріне – толық немесе жойылатындығына еш байланыссыз, апалы-сіңлілердің біріншісімен бірінші неке оның кейбір салдарының болуына байланысты, иддат мерзімі аяқталғанға дейін іс жүзінде жалғаса береді, мысалы: асырау, қорғау және басқа еркекпен некеге тұруға құқықтық қабілетсіздік. Талақ туралы кітапта өзінің ажырасқан әйелімен оның иддат мерзімі кезінде жыныстық қатынасқа түскен еркектің зинақорлық жасады деп жазалануы тиістігі туралы ештеңе айтылмаған; бірақ жазалар туралы кітап бойынша, ол осындай жаза алуы тиіс, себебі, талақ арқылы еркектің некеде бірге тұру құқығы жойылады, соның нәтижесінде жыныстық қатынас зинақорлық деп қарастырылуы керек. Дегенмен, оның басқа құқықтары иддат мерзімі аяқталғанға дейін (жоғарыда аталғандай) талақпен жойылып кетпейді; сондықтан, егер ол осы мерзім ішінде апалы-сіңлілердің екіншісімен некеге тұратын болса, онда бұл олардың екеуімен де некелескен болып саналар еді, ал бұған толығымен тыйым салынған.

Күлдармен некеге тұру. – Қожайын өзінің күлдығындағы әйелмен не ханым өзінің күлымен некеге тұра алмайды, себебі, неке оның нәтижесі, яғни бала бірдей дәрежеде әкесіне де, шешесіне де тиесілі болуына бағытталған; ал қожайын мен күлдың жағдайы өзара таласты; сондықтан, бұл ұрпақ қожайын мен күл әйелдің арасында немесе ханым мен күлдың арасында тең бөлінуі мүмкін емес.

Китабимен⁵⁴ некеге тұру. – Құдайдың сөзі бойынша китаби әйелмен некеге тұру заңды саналады: «Кітапта айтылған топтардағы мухсанатәйелдер сендер үшін заңды» (бұл жерде «мухсанат» термині мұсылман әйелді емес, тек адал және абыройлы әйелді атау үшін қолданылған). – Китаби әйелдері де азат және күлдар сияқты некеге тұруға қатысты мәселеде заң тұрғысынан тең дәрежедегі құқықтарды иелене алады және ол туралы төменде баяндалатын болады.

Маджустермен (отқа табынушылар) некеге тұру. – Маджустармен некеге тұру Құдайдың сөзі бойынша заңсыз: «Сендер маджустармен китаби сияқты жыныстық қатынаста бола аласыңдар, бірақ сендер олардың қыздарымен некеге тұра алмайсыңдар және олардың құрбан шалуларына да қатыса алмайсыңдар».

Пұтқа табынушы әйелдермен неке. – Құранның сөзі бойынша пұтқа табынушы әйелдермен некеге тұру заңсыз: «Көп құдайға табынатын әйелмен иман жолына түскенге дейін некеге тұруға болмайды».

⁵³ Ажырасқан әйел ажырасудан кейін жаңадан некелесу үшін өткізуге тиісті мерзім

⁵⁴ Китаби (христиандар, иудейлер және сабейліктер) кітаптарды (Алланың) және пайғамбарларды мойындайды.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Сабейлік әйелдермен некеге тұру. – Мұсылман еркек егер сабейлік әйел Кітап пен пайғамбарларға сенетін болса онымен некеге тұра алады; бірақ, егер ол Кітапқа сенбесе және жұлдыздарға табынатын болса, онда мұндай әйелмен некеге тұруға болмайды, себебі, ол пұтқа табынады. – Ханифа мен екі шәкіртінің⁵⁵ пікірлерінің арасындағы қайшылық сабейліктер жайлы көзқарастардың айырмашылығына байланысты туады: Ханифа оларды китаби, ал екі шәкірті жұлдызға табынушылар деп санайды.

Қажылық кезіндегі неке. – Қажылық кезіндегі ихрам⁵⁶ кезінде некеге тұру еркектер үшін де, әйелдер үшін де заңды. – Шафиғи Пайғамбардың: «Мухримдер⁵⁷, некеге тұрмаңдар және некеге шақырмаңдар» деген ережесіне сүйене отырып мұндай неке заңсыз деп саналуы тиіс дейді, бұдан мухримнің оның қорғауындағы әйелмен некеге тұруына болмайтыныдығы анықталады. – Бұған біздің ғалымдарымыз Маймунаға мухрим бола тұрып онымен некеге тұрған Пайғамбардың өзін мысалға келтіреді. Шафиғи мысалға келтірген ережені олар жыныстық қатынас жасауға қойылатын тыйым ретінде түсіндіреді. «Никах»⁵⁸ сөзіне «уати»⁵⁹ сөзінің мағынасын бере отырып, олар бұл мәтінді: «Мухримдер (еркектер) жыныстық қатынас жасамайды және мухримдер (әйелдер еркектердің өздерімен жыныстық қатынасқа түсуіне жол бермейді)» деп түсінеді. – алайда мұндай түсіндірме біраз әлсіздеу болып табылады, себебі, «никах» сөзі ешқашан әйелдің еркекті өзімен жыныстық қатынас жасауға жіберуі деген мағынада қолданылған емес; дұрысы, қарастырылып отырған мәтіннің грамматикалық құрылысы бойынша оны болымды мағынадағы тыйымнан көрі, блымсыз мағынадағы ескерту ретінде түсіну қажет деген шешім жасау оңды болар еді.

Мұсылмандардың күндермен некеге тұруына болады. – Басы азат мұсылман еркек басы азат әйелмен некеге тұра ала ма, яғни, белгіленген неке сыйын төлей ала ма немесе лайықты түрде оны асырай ала ма, жоқ па – оған қарамастан мұсылман немесе китаби күнмен заңды некеге тұра алады. – Шафиғи китаби күнмен некеге тұру заңсыз, себебі, еркіндіктегі адам заңды түрде күнмен некеге тұра алмайды (аса қажетті жағдайды санамағанда), себебі, мұндай әрекетке бару арқылы, атап айтқанда – (оның тәнінің бір бөлшегі саналатын) ұрығын күннің құрсағына және құлдықта туатын балаға жіберу өзінің тәнінің бір бөлігін құлдыққа салады. Сондықтан, оның пікірі бойынша, тек аса қажеттілік қана мұндай некені заңдыстыруға жол береді; ал бостандықтағы әйел үшін белгіленген неке сыйын төлей алу және оны тиісінше асырай алу мүмкіндігі бостандықтағы еркекке оның күнмен некеге тұруына тыйым салады. Алайда ол бұл ережені мұсылман күндерге қатысты емес деп санайды. – ал біздің ғалымдарымыздың түсіндіруі бойынша кез келген күнмен некеге тұру заңды саналуы тиіс, себебі, некеге қатысты Құран мәтіні барлық – бостандықтағы да, құлдықтағы да әйелдерді қамтиды. Ал Шафиғидің «мұндай әрекетке бару арқылы бостандықтағы еркек өз тәнінің бір бөлігін құлдыққа салады» деген қарсылығына келетін болсақ, онда оған былай деп жауап беруге болады: күнмен некеге тұру арқылы бостандықтағы еркек тек (одан) бостандықтағы бала тудыру мүмкіндігін ғана

⁵⁵ Мұхаммед пен Зуфар.

⁵⁶ Қажылардың Меккеде болу уақыты.

⁵⁷ Меккеде жүрген қажылық жасаушы.

⁵⁸ Тура мағынасында жақындасу, ауыспалы мағынасында некелесу

⁵⁹ Сөзбе сөз: одақ, жалпы айтқанда: жақындасу

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жоғалтады; бірақ бұдан ол іс жүзінде өз тәнінің бір бөлігін құлдыққа салады деген шешім шығаруға болмайды, себебі, оның бұл бөлшегі (атап айтқанда, ұрығы) өз алдына алғанда бос та емес, бос емес те емес; ал еркек жалпылай алғанда бала тудырудан бас тарта алатындықтан (некеге тұрмай немесе бедеу әйелмен некеге тұрып та), онда, әрине, бас бостандығы жоқ бала тудырудан бас тарту оның өзінің еркінде.

Азат әйелмен некеде тұрған еркек күнмен некеге тұра алмайды. – Басы азат әйелмен нелескен еркек заңды түрде күнмен некеге тұра алмайды, себебі, Пайғамбар бұл мәселеге қатысты былай деп шешім шығарған: «Азат әйелден кейін күнге үйленбе». – Шафиғи басы азат әйелмен некеден кейін күнмен некеге тұру құл үшін заңды саналуы керек дейді. Малик те мұндай неке егер ол азат әйелдің келісімімен орындалған болса заңды деп санайды. Алайда, жоғарыда келтірілген ереже бұл түсіндірменің екеуін де жоққа шығарады, себебі, ол барлық жағдайларды қамтиды және оны түзету шарттылықтарға жол бермейді. Сонымен қатар, некенің заңдылығы екі тарап үшін де, еркекке де және әйелге де бірдей дәрежеде береке болып саналады, бірақ оны пайдалану құлдар үшін жартылай шектеліп қойылған, сондықтан олар бостандықтағы еркек үшін рұхсат етілетін төрт әйелдің орнына екі әйел ғана ала алады (ол жөнінде төменіректе сөз болады), ал бұл еркек құлдарға қойылатын құқықтық шектеулер күндерге де қатысты қолданылуы тиіс. Алғашқылар үшін ол сандық жағынан алғандағы шектеу түрінде көрінеді; бірақ мұндай шектеуді күндердің некелеріне қатысты қолдануға болмайтындықтан, ол күндер үшін сапалық сипатта көрінуі тиіс, мысалы, күндердің некелерінің заңдылығын белгілі жағдайлармен шектеу арқылы, бұл жағдайда басы азат әйелмен некенің болмау шарты қойылып отыр.

Бір-ақ күнмен некеде тұрған еркектің басы азат әйелмен некеге тұруына болады. – Еркек күннен кейін басы азат әйелмен заңды некеге тұра алады, себебі, бұған Пайғамбар рұхсат берген. Сонымен қатар, басы азат әйел түрлі жағдайда заңды некеге тұра алады, себебі, күндерге қатысты қолданылатын құқықтық шектеулер оған қойылмайды.

Егер еркек басы азат әйелмен толық ажырасқаннан кейін оның иддат мерзімі кезінде күнмен некеге тұрса, онда мұндай неке, Ханифаның пікірі бойынша, заңсыз. – Екі шәкірті мұндай некенің заңды екенін дәлелдейді, себебі, бұл жағдайда оны басы азат әйелден кейін күнмен некелесумен теңестіруге болмайды; сондықтан, егер еркек осы әйелінен кейін басқа әйелмен некеге тұрмауға ант беретін болса және одан соң бұл әйелден бас тартып, оның иддат мерзімі кезінде жаңа некеге тұратын болса, онда бұл ант бұзушылық болып саналмайды. Ханифа бұл жағдайда басы азат әйелмен неке оның кейбір салдарларына сәйкес ішінара жалғаса береді деп санайды, сондықтан, сақтық ұстанымына сәйкес, басы азат әйелдің иддат мерзімі кезінде күнмен некеге тұруға жол берілмеу тиіс деп шешеді, бұл екі шәкірт келтіріп отырған ант беруге қатысты жағдайға қарсы келеді: бұл жағдайда ант беруші алдыңғы әйелдің *қисм*⁶⁰ құқына зиян келдірмеу үшін өзінің гаремге басқа әйелді ендірмейтіні жөніндегі ниетін білдіруді ғана көздейді және бұл құқық талақ арқылы жойылады.

Басы азат еркектердің төрт әйел алуына рұхсат берілген. – Бостандықта туған еркектің бостандықтағы немесе құлдықтағы төрт әйелмен некеге тұруына рұхсат беріледі, бірақ одан артпауы тиіс, себебі Құдай Құранда былай деп бұйырған: «Сендер

⁶⁰ Әйелдерімен алалықсыз тұру

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

өздеріңе ұнайтын екі, үш немесе төрт әйелмен некеге тұра аласыңдар». Және осы айтылған сөзде әйелдердің саны анық белгіленгендіктен, оның анықтап қойғанынан артық әйел алу заңсыз деп табылады. – Шафиғи өзінің «басы азат еркектердің күндермен некесіне тек аса қажеттілік жағдай туғанда ғана жол беріледі» деген қағидасына сүйене отырып, еркек заңды түрде бірден артық әйел – күң ала алмайды деп дәлелдейді; бірақ жоғарыда келтірілген мәтін оның дәлеліне қарсы келеді, себебі, «ниса», әйел термині бостандықтағы әйелдерге де, күндерге де –қатысты бірдей қолданылады.

Күлдардың екі әйел алуына рұхсат беріледі. – Еркек-күлға екі әйелден артық әйелмен заңды некеге тұруға болмайды. Малик күл да бостандықтағы еркектерге қанша әйел алуға рұхсат берілсе заңды түрде сонша әйел ала алады деп есептейді, бұл жерде ол некеге қатысты мәселелердің барлығы бойынша күл бостандықтағы еркектер пайдаланатын құқықтарды олармен бірдей пайдалана алады деген қағидаға сүйенеді, сондықтан (оның пікірі бойынша), күл өзінің қожайынының келісімінсіз некеге некеге тұруға толығымен құқылы. – Біздің ғалымдарымыз бұл жағдайда күлдық қалыпты құқықтар мен артықшылықтардың жартысынан айыруға апаратын болса, ал төрт әйелмен некеге тұрудың заңдылығы осындай солардың қатарында тұрса, онда еркіндікті сезіну тиісті түрде қанағаттандырылып тұру үшін, күлдың заңды түрде тек екі әйел алуына ғана рұхсат бар.

Әйелдерінің саны заңды түрде толық деп саналған еркек олардың бірінің иддат мерзімі кезінде некеге тұра алмайды. – Егер төрт әйелі бар еркек олардың бірімен толық талақ арқылы ажырасса, онда осы әйелдің иддат мерзімі кезінде ол заңды түрде жаңа некеге тұра алмайды. Шафиғидің түсіндірмесі мұнымен келіспейді. Бұл мәселеге оның көзқарасы мен жауабы әйелімен ажырасқан еркектің оның (әйелінің) иддат мерзімі кезінде оның әпкесі немесе сіңлісімен некеге тұрғысы келген жағдайға қатысты айтылғандармен бірдей.

Еркектің зинақорлықтан жүкті болған әйелмен некеге тұруына болады. – Еркектің зинақорлықтан жүкті болған әйелмен заңды түрде некеге тұруына болады, бірақ ол жүктіліктен айырылғанға дейін онымен жыныстық қатынаста болмауы керек. – Ханифа мен Мұхаммедтің ілімі осылай дейді. Ал Әбу Йусуф мұндай жағдайда орындалған некені заңсыз деп санайды. Егер әйелдің кімнен жүкті екені белгілі болса, онда барлық ғалымдардың бірауызды пікірі бойынша, мұндай неке – заңсыз. Әбу Йусуф өзінің пікірін мынадай көзқараспен бекітеді: әйелдің кімнен жүкті екені жария болған жағдайда некенің заңсыздығы foetus нәзіктік ұстанымына сәйкес туады, ал бұл, өзінің айыпсыздығы бойынша заңның қалай бұрмаланғанына қарамастан, тіпті зинақорлықтан пайда болса да, іс жүзінде осы ұстанымның нысаны болып табылады; осы ұстанымның негізінде түсік жасату заңсыз; сондықтан зинақорлықтан жүкті болған әйелмен некеге тұру, ол әйелдің кімнен жүкті екені белгілі болса да, дәл сол себепке байланысты заңсыз.

Біздің ғалымдарымыз осы мәселеге қатысты айтылған Құран мәтініне сүйене отырып, мұндай әйелмен некеге тұру заңды деп жауап береді, себебі, онда: «Сендер үшін тыйым салынған дәрежелердегі (туыстық және белгі) әйелдерден басқалардың барлығы заңды» делінген; жүктіліктен айырылғанға дейін жыныстық қатынасқа түсуге тыйым басқа ұрық салынған жерге өз ұрығын салудың түпкілікті түрдегі

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

әдепсіздігімен байланысты, бұған хадистерде де тыйым айтылған. Әбу Йусуфтің «foeti әкесінің кім екені белгілі болған жағдайдағы некенің заңсыздығы нәзіктік ұстанымына байланысты» деген дәлеліне келетін болсақ, оның еш негізі жоқ, себебі, мұндай некенің заңдылығы foeti өзінің құқығынан емес, әкенің құқығынан басталады.

Құлдыққа жүкті болып алынған күнмен некеге тұруға болмайды. - Егер соғыста құлдыққа алынған әйел жүкті болса, онымен заңды түрде некеге тұруға болмайды, себебі, foeti әкесі белгілі⁶¹ деп есептеледі.

Еркек өзінің умм-уаладын⁶² оның жүкті кезінде басқаға некеге бере алмайды. – Егер еркек өзінің умм-уаладын ол жүкті кезде басқаға біреуге беретін болса, онда мұндай неке заңды күшке ие бола алмайды, себебі, умм-уалад өзінің мырзасы үшін *фираш* немесе неке төсегі бойынша әйелі болып саналады, сондықтан ол заң бойынша құрсақтағы балаға қатысты талап қоя ма, жоқ па – бұған қарамастан, оның әкесі деп саналады. Егер мұндай неке заңды деп саналатын болса, онда бір әйелмен екі еркектің жыныстық қатынасқа түсу құқығы анықталған болар еді, ал мұндай құқық заңсыз, себебі, мұның нәтижесінде осы әйел дүниеге әкелетін баланың нақты әкесіне қатысты күман туған болар еді.

Қарсылық. - Умм-уалад заң алдында өзінің мырзасы үшін *фираш* саналады; сондықтан оның басқамен некесі, шындығында, егер ол жүкті болмағанның өзінде де заңды болуы мүмкін емес.

Жауап. – Мырзаның өз умм-уаладына *фираш* құқығының салмағы заң алдында әлсіз: егер мырза баланың өзінен екенін жоққа шығаратын болса, онда дәл осы сәтте мырзаның тарапынан ешбір ант беріп растауды қажет етпей-ақ, оның әйелді жүкті ету құқығы заңсыз деп табылады.

Сондықтан, әйелге *фираш* құқығы әйелдің жүкті емес кезінде айтарлықтай маңызға ие бола алмайтындықтан, умм-уаладтың некесіне, егер ол жүкті болмаса, мырзаның еркіне қарап кедергі келтіре алмайды.

Бірақ еркек өзінің жыныстық қатынасқа түскен күнін басқаға бере алады. – Егер еркек өз күнімен жыныстық қатынасқа түссе және бұдан кейін оны басқаға әйелдікке берсе, онда мұндай неке заңды деп саналуы тиіс, себебі, күң өзінің мырзасы үшін *фираш* деп санала алмайды. Бұл осы әйел бала туған жағдайда егер мырзаның өзі оған ниеттілік танытса ғана бала осы мырзадан туылды деп саналатынан көрінеді. Дегенмен мырзаның тарапынан оның бір айлық тазару мерзімін күтуі және содан кейін барып оны басқаға әйелдікке беруі орынды деп саналады. Осы арқылы ол өз ұрығының басқаның ұрығымен араласуының алдын алады. Ханифа мен Әбу Йусуфтің пікірі бойынша, бұл күңнің ненесі заңды деп саналатын болса, онда күйеуі оның некеге тұрғаннан кейінгі бірінші айлық тазару мерзімін күтпей-ақ онымен сол сағатта жыныстық қатынасқа түсе алады.

Мұхаммед ерінің тарапынан айлық тазарудың бір толық мерзімі бойы онымен жыныстық қатынасқа түсуден бас тарта тұруы дұрыс деп санайды, себебі, оның құрсағында оның алғашқы мырзасының ұрығы болуы мүмкін; сондықтан, күнді сатып алған жағдайда кеңес етілетіндей, әйелдің осы ұрықтан тазаруы қажет. Екі үлкен ұстаздың бұл жағдайға қатысты пікірі мынадай: мұндай некеге ресми сипат беретін

⁶¹ Оның дұшпан жағына қатысты екеніне еш күманның жоқтығына байланысты.

⁶² Иесінен бала туып, оны иесі өзінің заңды деп таныған күң

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

заң шешімінің өзі ерекшелігіне сай бұл әйелдің құрсағының бос екеніне жеткілікті дәлел болып саналуы тиіс, себебі, заң бойынша, неке тек осындай болжам бар болған кезде ғана өз күшіне ие деп саналады; сондықтан, бұл жағдайда күннің тазаруы орындалуы міндетті болып табылатын ережеге айналмауы немесе күнді тіпті ол жүкті болған кезінің өзінде саудаға салу жағдайымен салыстырғанда мақтарлық болуы тиіс.

Егер еркек әйелдің зина жасағанын біле тұра некеге тұратын болса, онда екі үлкен ұстаздың пікірі бойынша, ол айлық тазаруын күтпестен-ақ онымен сол сағаттың өзінде жыныстық қатынасқа түсе алады. Бірақ Мұхаммед ерінің тарапынан некеге тұрғаннан кейін алғашқы айлық тазару мерзімі өткенге дейін жыныстық қатынас жасамауы құптарлық іс болады деп санайды. – Пікірлерді бір жағынан екі үлкен ұстаздың, екінші жағынан Мұхаммедтің қорғауы мәселенің алғашқы жағдайдағыдай қарастырылуымен байланысты.

Уақытша қолдану үшін некеге тұру заңды емес. - Еркек әйелге: «Мен сені сенімен жыныстық қосылу үшін осынша уақытқа, осынша өтемақы үшін аламын» дейтін жағдайдағы *никах-мутъа* немесе жыныстық қатынас үшін уақытша неке заңды күшке ие болмайды. Барлық алғашқы ұстаздар оның заңсыздығымен келіседі. «Нақл Сахихте» алғашқыда жоғарыда баяндалған сипаттағы уақытша пайдалануға некенің бір түрі ретінде жол беруге болады деп санаған Ибн Аббастың оған Әли Пайғамбардың некені мұндай тәртіппен орындалуы заңсыз екенін жариялағанын түсіндіргеннен кейін өз пікірінен бас тартқаны жайлы баяндалады. Осылайша, барлық алғашқы оқытушылар осы жолмен орындалған неке заңды күшке ие бола алмайтындығымен келіседі.

Сондай-ақ некеге уақытша тұру заңсыз. – Никах-муаққат немесе уақытша неке аталатын, яғни еркек әйелмен белгілі мерзімге, мысалы, он күнге некеге тұрып және екі куәгердің қатысуымен осы мағынада неке келісім-шартын жасайтын некенің түрі заңды күшке ие бола алмайды. Зуфар мұндай некенің заңды және міндетті деп санайды, себебі, оны орындау кезінде айтылатын белгілі уақыт кезеңіндегі ұзақтығы жөніндегі шарты неке міндеттілігін заңды күшінен айырмайды, себебі, неке келісім-шартына жарамсыз немесе заңсыз шарттардың енгізілуі нәтижесінде ғана неке заңсыз деп санала алмайды. – Ал біздің ғалымдарымыздың түсіндіруінше, уақытша неке уақытша жыныстық қосылумен ұқсас, сондықтан, онымен бір негізде заңсыз деп танылады, себебі, келісім-шарттарды қарастыру кезінде әріптерге емес, оның мағынасына көбірек назар аудару қажет. Сондықтан, уақытша неке қандай мерзімге жасалғанына қарамастан, неке келісім-шартына белгілі мерзімнің енгізілуіне байланысты, заңсыз, ал бұл жағдай заңсыздығы барлық алғашқы ұстаздар тарапынан бірауыздан анықталған мутъа түріндегі неке келісім-шартының айтарлықтай белгісі болып табылады.

Бір неке келісім-шарты арқылы екі некеге тұру жағдайы. – Егер еркек бір келісім-шарт арқылы екі бірдей әйелмен некеге тұратын болса және оның бірі ол үшін рұхсат етілген, ал екіншісі тыйым салынған болса, онда неке келісім-шартының тек осы тармағы ғана заңсыз болатындықтан, олардың біріншісімен неке заңды, ал екіншісімен заңсыз деп табылады. Бұл жағдайда неке келісім-шарты бір уақытта басы азат адам мен құл сатылғандай болатын сауда келісім-шартына айтарлықтай қарсы: мұндай келісім-шарт заңсыз, себебі, сату-сатып алу келісім-шарты оның мазмұнына

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

басы азат адамды құлмен бірге сату заңсыздығы енгізілгендіктен заңды күшінен айырылады. Құлға қатысты алғанда мұндай келісім-шарттың заңды күші болуы үшін басы азат адамның оны сату-сатып алу келісім-шартына қосуға келісімінің болуы қажет. Мұндай келісімнің болмауы заңсыз сипаттағы шартты танытады, сол арқылы бүкіл сауда келісім-шарты құлға қатысты алғанда да өз күшінен айырылады, ол туралы тиісті жерде түсіндірілетін болады. – Неке келісім-шартының қарастырылып отырған жағдайында, Ханифаның пікірі бойынша, неке сыйы толығымен некесі заңды деп саналатын әйелдің пайдасына беріледі. Екі шәкірттің түсіндіруі бойынша, бұл жағдайда неке сыйы екі әйелдің жағдайына және қоғамдық орнына сәйкес түрде екіге бөлінеді: некесі заңды саналатыны өзінің неке келісім-шарты бойынша үлесін алады, ал қалғаны ерінің пайдасына қалады. «Мабсутта» да осындай түсіндірме берілген.

Соттың белгілеуі бойынша неке. – Егер әйел еркектің үстінен арыз беріп, онда оның өзімен некеге тұрғанын мәлімдеп және өзінің мәлімдемесін куәгерлердің жауаптары арқылы дәлелдесе, ал осының нәтижесінде сот оны осы еркектің әйелі деп жарияласа, онда іс жүзінде бұл еркек онымен ешқашан некеге тұрмағанына қарамастан, әйел онымен заңды түрде бірге тұра алады. Бұл істің сыртқы жағына қатысты сот үкімі күшінің белгісі. Егер кейіннен бұл әйел еркектің өзімен жыныстық қатынаста болғанын қаласа, онда ол еркек онымен заңды түрде жыныстық қатынасқа түсе алады; бұл сот үкімінің істің мәнісіне қатысты күшінің белгісі. Істің сыртқы жағына және мәнісіне қатысты сот үкімі күшінің мұндай қысқаша түсіндірмесін Ханифа берген; оны сондай-ақ Әбу Йусуфтің алғашқы түсіндірмелерінің қатарынан да табуға болады. Әбу Йусуфтің кейінгі түсіндірмесі, сондай-ақ Мұхаммед пен Шафиғидің пікірі бойынша бұл еркек ол әйелмен жыныстық қатынасқа түсе алмайды, себебі, сот жалған куәгерлік жауаптар арқылы жаңылысу нәтижесінде қате шешім шығарды, ал үкім шығару кезіндегі қателік оны істің мәнісі бойынша күшінен айырады. Белгілі бір жағдайда алғанда, бұл істің не сыртқы жағы, не ішкі мәнісі бойынша үкім өзінің заңды күшіне ие бола алмайтын құлдар немесе кәпірлердің куәгерлік еткенімен бірдей. Бірақ бұл жағдайда үкім істің сыртқы жағы бойынша күшке ие, себебі, куәгерлер сырттай шын куәлік етті, ал мәнісі бойынша үкімнің заңды күші жоқ, себебі, куәгерлердің сөзі өз мәнісі бойынша жалған; алайда құлдар немесе кәпірлер куәгерлік еткен жағдайда сот үкімі сырттай да заңды күшке ие бола алмайды, себебі, куәгерлердің құлдар немесе кәпірлер екенін анықтауға болады, ал олардың мұсылмандарға қатысты куәлік етуі соттың тарапынан қабылданбайды.

Ханифа бұған қарсы, себебі, бұл жағдайда қазының сенімі бойынша куәгерлер шындықты атады; бұл сенім нәтижесінде сот үкімі заңды күшке ие болады, себебі, куәгерлердің жауаптарының ақиқаттығына көз жеткізу мүмкін емес, бұл осы жағдайдың куәгерлер құлдар мен кәпірлер болған жағдайдан айырмашылығы, ал оларды сот кезінде жеңіл анықтап алуға болады, соның нәтижесінде мұндай куәгерлердің жауаптары не дәлелді, не заңды күшке ие бола алмайды. Үкім дәлелдерге негізделетіндіктен және бұл жағдайда үкім істің мәнісі бойынша заңды күшке ие бола алатындықтан, арызданушы мен жауапкердің арасында некенің құрылуын болған жағдай ретінде қабылдаудың нәтижесінде (куәгерлердің жауаптарының дәлел ретінде шындығына көз жеткізуге мүмкіндіктің жоқтығына байланысты) үкім арызданушының пайдасына ішкі мәнісі бойынша заңды күшке ие болады, осы арқылы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тараптардың арасындағы келіспеушілік түпкілікті шешіледі. Егер үкім істің мәнісі бойынша заңды күшке ие болмай, тек сырттай ғана күшке ие болса, онда тараптар арасында келіспеушілік шешілмей, өршіп кетер еді, себебі, соттың некенің заңдылығын мойындауы нәтижесі болып арызданушыға жыныстық қатынаста болу құқығының берілуі саналады, ал бұл құқық істің сыртқы жағы бойынша емес, ішкі мәнісі бойынша ғана тек соттың үкімі арқылы беріледі; осы соңғы үкім арқылы арызданушының жыныстық қатынасқа түсу құқығынсыз, тек бірге тұру құқығы анықталады.

Мұндай арыз түрі жалпы мүліктік арызға (яғни, иелік ету негізін анықтамай) қарсы тұрады, бұл жерде арызданушының жауап берушімен некеде бірге тұру және жыныстық қатынасқа түсу құқығының негіздемесі болып сотта некенің бұрыннан бар деп табылуы саналады. Егер еркек, мысалы, күннің үстінен арызданса және сот оған иелік ету құқығын беруге үкім шығарса, ал кейіннен куәгерлердің сотта жалған куәлік еткені анықталса, онда бұл жағдайда үкім тек істің мәнісі бойынша емес, сыртқы жағына қатысты ғана заңды күшке ие бола алады, себебі, күнге иелік ету құқығының негіздемесі бірнешеу, - сатып алу-сату, сыйлау және мұрагерлік,- және бұл негіздемелердің қандай да біреуінің басқасының қасында басымдығын анықтау мүмкін емес, осының нәтижесінде үкім істің мәнісі бойынша заңды күшке ие бола алмайды. Жоғарыда қарастырылған неке жағдайына қатысты сот үкімін шығару үшін некені арыз берілгенге дейін болған деп табудың қажеттігін айту қажет, себебі, сот үкімі арқылы арыз бергенге дейін болмаған дерек емес, арыз бергенге дейін болған дерек жалпыға хабарланады және расталады; егер арызданушы мен жауапкердің арасында неке арыз бергенге дейін болған дерек ретінде қабылданбаса, онда сот үкімі арқылы іс қозғалғанға дейін болғандығы анықталмаған дерек расталған болып шығар еді. Соған сәйкес, бұл жағдайда сот үкімінің негіздемесіне арызданушы мен жауапкердің арасында неке болғандығы алынуы тиіс, ал бұл жалпы меншік құқығына дейінгі емес, тек некеге дейінгі арызда ғана болуы мүмкін, себебі, бұл жағдайда иелік ету құқығына негіздемелердің көптігіне байланысты, олардың біреуінің басқасының алдындағы басымдығын анықтау мүмкін емес.

II Тарау

ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАУ ЖӘНЕ НЕКЕЛЕСУШІ ТАРАПТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢДІК ТУРАЛЫ

Әйел өзінің қамқоршысының келісімінсіз некеге тұра алады. – Ақыл тоқтатқан, кәмелет жасындағы әйел неке келісім-шартының оның қамқоршыларынсыз және олардың келісімінсіз жасалғанына, сондай-ақ бұрын жыныстық қатынаста болған-болмағанына қарамастан өз еркі және келісімі бойынша некеге тұра алады. Ханифа мен Әбу Йусуфтің «Заһир Риуайатта» баяндалған пікірі осындай. - Әбу Йусуф бірақ неке тек асыраушының немесе қамқоршының қатысымен ғана қиыла алады деп санайды. Мұхаммед неке қамқоршысыз да қиылады, бірақ оның заңдылығы соның келісіміне байланысты деп санайды. Малик пен Шафиғи қамқоршының келісетіні немесе келіспейтініне қарамастан, әйел ешбір жағдайда некеге тұра алмайды деп санайды; сондай-ақ әйел өзінің қыздарын күйеуге бере алмайды, құлдарын некелестіре

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алмайды, біреудің сенімхаты бойынша некелесуші тараптардың бірінің орынбасары немесе өкілі ретінде неке қию кезінде әрекет ете алмайды. Мұның барлығы некенің орындалу мақсаты – заңды түрде бала туу және басқа артықшылыққа ие болу, ал егер бұл әрекеттің орындалуы қандай да бір түрде ерекшелікпен әйелдерге тапсырылса, онда олардың ақылсыздығы және жағымпаздық пен алдауға икемділігіне байланысты бұл мақсатқа қол жеткізілмеген болар еді. – Мұхаммед некелестіру кезінде қамқоршының рұхсаты міндетті шарт ретінде қойылса, мұндай сақтықтың негізі жоқтығын айтып қарсылық білдіреді. Бұл жағдайда «Заһир-Риуайатта» пікірі мынадай: неке қиб кезінде әйел тек өзіне ғана қатысты әрекет етеді, ал кәмелет жасында, ақылы дұрыс болғандықтан және жақсы мен жамандықты айыра алатындықтан, ол бұлай етуге құқықтық тұрғыдан қабілетті; ал мұндай жағдайда ол мүлікке қатысты әрекеттерді орындауға құқықтық тұрғыдан қабілетті деп саналса, онда күйеу таңдауда оған өз бетімен әрекет етуіне еркіндік беру қажет. Сондықтан, неке келісім-шарты әйелдің өзі арқылы жасалған жағдаймен салыстырғанда, некеге тұру кезінде әйелге қамқоршы тек оған осы жағдайда ерсілікке барды деп кіна қойылмас үшін ғана қажет. Барлық осы себептерге байланысты әйел қамқоршының келісіміне тәуелсіз, неке тең болмаса да заңды түрде некеге тұра алады; бірақ соңғы жағдайда қамқоршының некені бұзуға еркі бар.

Кәмелет жасындағы әйел тең емес некеден басқа жағдайда өзінің қамқоршысының келісімінсіз некеге тұра алады. – Ханифа мен Әбу Йусуфтің некелесуші тараптар тең болмаған жағдайда некенің заңсыз екендігі туралы пікірі айтылады. Сондай-ақ Мұхаммедтің кейіннен екі үлкен ұстаздың пікіріне қосылып, солармен мұндай некенің заңсыз деп саналуының тиістігі және оның заңды болуы қамқоршының келісіміне байланысты екенімен келіскені де айтылады.

Кәмелет жасына келген қыз өз еркінен тыс күйеуге беріле алмайды. – Қамқоршының кәмелетке толған қызды оның еркінен тыс некеге мәжбүрлеуі заңсыз. – Бұл неке жағдайынан бірдей хабарсыздығына байланысты кәмелетке толған қызды жас қызбен қатар қоятын Шафиғидің іліміне қарсы келеді; сондықтан мұндай қыздың әкесі оның келісімінсіз оған неке сыйы немесе веноға иелік етуді жүргіздіруі мүмкін. – Бұл жағдайда біздің ғалымдарымыздың пікірі мынадай: кәмелетке толған қыз ерікті және *мука таба*, яғни заңның ораза, намаз және басқа міндетті ғұрыптарына бағынады; соған сәйкес, ешкімнің оған қамқорлық етуге толығымен билігі жоқ, ал жас қыздарға олардың ақылының әлі жеткіліксіздігіне байланысты басқалардың осындай билігі болуы керек, кәмелетке толған қыз естілік жасына жеткендіктен оның түсінігі толық деп есептеледі. Егер басқаша болса, онда оның заңның барлық ғұрыптарын сақтау міндетті болмаған болар еді; бұдан мұндай қыздың барлық жағдайда кәмелет жасындағы ұлмен теңестірілуі қажет екені көрінеді және некеге тұру мәселесіне қатысты оның барлық әрекеттері мүлікке қатысты жағдайдағыдай заңды күшке ие. Сондықтан қыздың әкесінің оның анық немесе болжамды келісімінсіз оған веноға иелік етуді жүргіздіруге құқы жоқ, сондай-ақ, қыз тыйым қойған күннің өзінде де бұны істей алмайды.

Қыздың тарапынан жасалатын келісім белгілері. – Кәмелетке толған қыздың қамқоршысы неке келісім-шартын жасау кезінде оның орнында болуға өкілеттік алғаннан кейін оның келісімін сұраса және ол бұл сұраққа жауап бермесе немесе

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жымиса, онда бұл оның келіскенін білдіреді, себебі, Пайғамбар: «Қызға оған қатысты істер бойынша барлық сұрақтар қойылуы тиіс және егер ол үндемесе немесе жымиса, онда бұл оның келісімін білдіреді». Сондай-ақ, ол өзінің қалауын жариялауға ұялатындықтан оның өз келісімін сөзбен айтуын күтуден көрі болжауға болатындықтан да үн қатпауды немесе жымиюды қыздың келісімі деп санау керек. Жек көрудің белгісі саналатын көз жасымен салыстырғанда күлкі үн қатпаудан да көрі келісімнің анық белгісі, себебі, көз жасы көбінесе қуаныштың емес, уайымның салдары болады, қуаныш сирек жағдайда ғана көз жасының себебі болады. Алайда, басқа ғалымдар егер қыздың күлкісі әзілді немесе мазақты танытатын болса, онда ол келісімнің белгісі деп санала алмайды, сондай-ақ көз жасы да егер оған айғай мен шағым қосылмаса қарсылықты танытады деп қабылданбауы керек.

Бірақ егер кәмелетке толған қызға неке оның қамқоршыларынан басқа біреудің немесе *уали бағид*, яғни әкесі, ағасы немесе әкесінің аға-інісінен басқа, алыс туыс болып келетін қамқоршылардың бірі тарапынан ұсынылса, онда қыз анық және нақты келісімін өзі айтпаса оның күлкісі немесе үн қатпауы жеткіліксіз, себебі, оның үн қатпай қалуы бөтен адамның алдындағы жасқаншақтық немесе ұялшақтық деп түсіндірілуі мүмкін, ал егер ол келісім белгісі деп саналса, онда бұл жағдайда ол күдікті болып көрінуі мүмкін. Егер оған некені ұсынушы оның әкесінің немесе басқа бір тікелей қамқоршысының өкілі болып келсе, онда алдыңғы жағдайда аталғандарды оның келісімі немесе наразылығының жеткілікті түрдегі белгілері деп санау қажет. – Некені мұндай жағдайда ұсыну кезінде неке ұсынылатын қызға күйеуі егжей-тегжейлі аталып, сипатталуы керектігін айта кеткен дұрыс, қыз бұл айтылғандардан онымен некеге тұруды қалайтынын немесе қаламайтынын негіздеп, өзі үшін ол жөнінде нақты түсінік қалыптастыра алатын болуы керек. Бірақ неке сыйын немесе веноны егжей-тегжейлі атаудың немесе анықтаудың қажеттілігі жоқ, себебі, неке оның орындалуы кезінде айтарлықтай шарт болып саналмайтын ешбір веносыз да қиылуы мүмкін.

Егер еркек кәмелетке толған қыздың некесін оған айтпай, сыртынан қиғызса, онда оған бұны хабарлаған кезде қыз үшін некені қиғызған адам оның қамқоршысы немесе осы әрекетті орындауға өкілетті адам болған жағдайда ғана қыздың еркінің белгісі ретінде келісім үшін – үн қатпай қалу немесе күлкі, наразылық үшін жылау жеткілікті деп саналады. Егер бұл жағдайда қыздың қамқоршыларынан басқа бір адам болса, онда қыздың еркі нақты сөзбен білдірілуі тиіс; сонымен қатар бұл кезде де оған алдыңғы жағдайдағыдай неке сыйы емес, ұсынылып отырған күйеу аталып және егжей-тегжейлі сипатталуы керек. – Егер қызға бұл хабарды жеткізуші адам *фудули*, яғни өкілетті де емес, оның қамқоршысы да емес болса, онда бұл рәсімнің заңды болуы үшін не сан, не көргенділік айтарлықтай шарт болып есептеледі: некенің қиылғаны жайында қызға не екі адам, не бір, бірақ абыроймен аты шыққан адам хабарлауы тиіс; Ханифа осылай деп үйретеді. Егер хабарлаушы адам тек қыздың қамқоршысы жіберген адам болса, онда одан жоғарыда аталған шарттардың орындалуы талап етілмейді: мұнымен барлық ұстаздар келіседі. Қарастырылып отырған жағдаймен ұқсас жекелеген жағдайлар көп кездеседі, мысалы, жіберген адамды кері шақырып алу және мазунға берілген артықшылықтар мен өкілеттіліктерді жою.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Сайиба (жыныстық қатынаста болған әйел) тарапынан білдірілетін келісім белгілері. – Егер сайибаның (жыныстық қатынаста болған әйел) қамқоршысы оған некені ұсынатын болса, онда оның келісімі «мен келісемін» деген немесе құптау мағынасын білдіретін сөзді айту арқылы білдірілуі тиіс, себебі, Пайғамбар: «Сайибалардан сұрау керек» деген және еркекпен жыныстық қатынаста болған әйел үшін жас қыз сияқты үндемей қалуға немесе ұялуға себеп жоқ, ал оның еркін білдіретін жоғарыда аталған сырттай ишаралар сайибаның ұсынылып отырған некеге келісімін куәландыруға жеткіліксіз.

Әйел әлі де кұнасыз қыз деп есептелетін жағдайда келісімді білдіретін белгілер. - Егер қыздың қыз екендігінің дәлелдері секіріс не басқа бір күш түсу, не жаралану, не ай сайынғы қан ағудың жиілігінен кездейсоқ жоғалса, онда ол әйтсе де қыз деп саналуы тиіс; яғни үндемей қалу – оның ұсынылып отырған некеге келісімін білдіреді, себебі, ол – шындығында қыз және сондықтан, әйелмен салыстырғанда ер адамдардың қасында ол ұялуға не қысылуға бейім, заңның алдында тек еркекпен жыныстық қатынаста болған әйел ғана өзін еркін ұстайды. – Ханифаның пікірі бойынша, қыз тіпті зинаның нәтижесінде қыз екендігінің дәлелдерін жоғалтса да оған осындай құрметтеу белгілері көрсетілуі тиіс; бірақ Әбу Йусуф, Мұхаммед және Шафиғи мұндай қыздың тарапынан үн қатпау оның ұсынылып отырған некеге келісімінің жеткілікті белгісі ретінде қабылданбауы тиіс, себебі, еркекпен жыныстық қатынаста болғандықтан ол шындығында сайиба деп саналуы тиіс. Ханифа бұған адамдардың алдында ол әлі қыз болып қалады, сондықтан сөз қату оның тарапынан әдепсіздік деп қабылданады, сол себепті ол үндемей қалуы тиіс, оның сезімталдығын қорламас үшін үн қатпауы жеткілікті деп саналуы керектігін айтып қарсылық білдіреді. Бұл жағдай әйел өзінің қыз екендігінің белгілерінен бұрыс немесе заңсыз орындалған некенің нәтижесінде айрылған жағдайға қарсы қойылады. Мұндай заң жыныстық қатынастың деректерін оның нәтижелерін (иддат және неке сияқты) құрайтын заңдармен және баланың кімнен туғандығымен анықтайды, сонымен бірге, дәл сол заң зинақорлықты жасыруды мақұлдайды; бірақ зинақорлық жалпыға жария түрде жасалмаса ғана, себебі, зинақорлықпен жария түрде айналысқан әйел тарапынан үндемей қалу оның ұсынылып отырған некеге келісімінің жеткілікті белгісі ретінде саналмайды.

Растау немесе жоққа шығару. – Егер еркек әйелге: «Сен біздің достарымыздың сенің некенді менімен қиғанын естідің де үн қатпадың» десе, ал оған әйел: «Жоқ, мен қабыл алмадым» немесе «Мен келіспедім» деп жауап берсе, онда оның бұл мәлімдемесіне сену қажет. – Зуфар үндемей қалу – адамның қалыпты жағдайы және оны қорғаған адам – жауапты, ал некені жоққа шығару осы бастапқы жағдайды өзгерту болып табылады және оны қорғаған адам – талап етуші деген ереженің негізінде еректің мәлімдемесіне сену керектігін айтады. Бұл жағдайды мына жағдаймен теңестіруге болады: бір тұлға сауда-саттық келісіміне еркін таңдау шартымен қатысады және таңдауға берілген мерзімнің аяқталуына байланысты келісімнен бас тартады, ал екінші тұлға бұл бас тартуды мойындамайды; бас тартуды мойындамаған жақтың мәлімдемесіне сый көзбен қарау қажет, себебі, ол бастапқы жағдайға, үн қатпауға негізделіп тұр.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Басқа жағынан, біздің ғалымдарымыз бұл жағдайда әйелінің неке кезіндегі үнсіздігіне сүйене отырып неке келісім-шартының заңдылығын және өзінің әйелге иелік ету құқығын қорғайды деп санайды; ал әйел болса, өзінің бас тартуын қорғай тұрып күйеуінің талаптарына қарсы шығады, сондықтан ол жауапкер деп саналуы тиіс, бұл мына жағдаймен бірдей: затты сақтауға алған адам сақтаған затын қайтардым деп дәлелдейді, ал сақтауға берген адам ол өзіне қайтармағанын айтады; бұл жағдайда затты сақтаушының мәлімдемесі құрметтелуге лайық, себебі, ол сырттай қарағанда өзін жауапкершіліктен босатқысы келген талап етуші болып көрінгенмен, ал адамның қалыпты жағдайы – бостандық және жауапкершіліктен босау екені белгілі, шындығында жауапкер болып табылады. Сауда-саттық келісімін жасау кезіндегі таңдау жағдайына алатын болсақ, онда іс басқаша, себебі, сатудың міндеттілігі таңдау мерзімі аяқталғаннан кейін хбарланған, соған сәйкес, бас тартуды қорғайтын адам сырттай алғанда да, іс жүзінде де жауапкер болып табылады. Бірақ егер күйеуі куәгерлер жауабы арқылы әйелінің неке кезінде үндемегенін дәлелдейтін болса, онда бұл неке осы арқылы заңды болып саналады. – Ханифаның пікірі бойынша, егер күйеуі неке кезінде әйелдің үндемегенін дәлелдеуге куәгерлер таба алмайтын болса, онда әйелді ант беруге мәжбүрлеуге болмайды. Бұл, Ханифаның пікірі бойынша, ант беру жауапкер үшін міндетті деп саналатын алты жағдайдың бірі. Екі шәкірт мұнымен келіспейді, ол жөнінде сауда жөніндегі тарауда толық айтылатын болады.

Балалардың некесі олардың қамқоршылары тарапынан жасала алады. – Ұл немесе қыз баланың некесі олардың ата-анасының билігімен жасалған жағдайда қыз баланың қыз екенінің белгісі сақталса да, сақталмаса да, заңды деп табылады, Себебі, Пайғамбар: «Неке ата-аналардың туыстығына тапсырылады» деген. Малик бұл билік барлық туыстардың ішінде тек әкесіне ғана тиесілі деп дәлелдейді. – Шафиғи некелестіру тек әкесінің және атасының билігі деп дәлелдейді және бұған жас сайибаға қатысты ешбір қамқоршы - әкесі де, атасы да мұндай билікке ие бола алмайтынын қосады. – Малик билік бостандықта туғандардың билігі қажеттілікке қарай анықталады деп қарсы пікір айтады; бұл жағдайда мұндай қажеттіліктің қажеттігі жоқ, себебі, жас балаларға жыныстық құмарлық көрсетілмейді, бірақ қасиетті мәтіндер арқылы жас балаларға билік ету әкесіне берілген, бұл – ұқсастығына (қиас) қарап орындауға болатын жағдайға қарсы тұрады; ол, сондай-ақ, атасы әкесіне теңестіріле алмайтынына байланысты, жас балаларға билік ету мәселесінде онымен бір қатарға қойыла алмайтынын қосады.

Біздің ғалымдарымыз өз жағынан әкеге берілетін билік ұқсастық бойынша пікірге келуге қарсы тұрмайды, керісінше, онымен келіседі деп дәлелдейді: неке діни, сондай-ақ азаматтық сипаттағы көптеген түсініктердің сақталуын талап ететін ұстаным; ол егер некелесуші тараптар жалпыға ортақ мағынада алғанда өзара бір-бірімен тең болмаса, онда толығымен дұрыс деп санала алмайды, ал мұндай теңдікке үнемі қол жеткізіле бермейді; сондықтан тең неке мүмкіндігі өтіп кетпес үшін әкесіне балаларының жас кезінде олардың некесін қидыруға билік беріледі. – Шафиғи некелестіру билігін әкесі мен атасынан басқа біреуге беру жас бала үшін ауыртпалық болар еді деп қарсылық білдіреді, себебі, жас баланың жақсы тұрмыс мен бақытын оның әкесі мен атасының ойлағынындай ешкім ойламайды. Осы ұстанымның негізінде басқа алыс туыстарына баланың мүлкіне иелік ету билігі берілмейді, бұл жас баланың

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жеке басына қатысты мәселемен салыстырғанда маңыздылығы аз іс болып табылады, сондықтан мұндай қамқоршылардың осы бағыттағы іс-әрекеттері a fortiori заңсыз деп табылады.

Біздің ғалымдарымыз туыстық ата-анадан басқа да туыстар арқылы да өзара ықыластылыққа себеп бола алады, ал оның жеткіліксіздігі кері нәтижеге апармас үшін бала кәмелет жасына келген кезде оның жас кезінде ол үшін асыраушысының билігі арқылы қиылған некемен оның келісуіне не келіспеуіне таңдаудың берілуі алдын ала шарт болып қойылады және бұл келісім мұндай некенің заңдылығының айтарлықтай маңызды шарты деп қойылады; мүлікке қатысты әрекеттерде бұған қарсы ұстанымдар байқалады, онда қайталауға жол беріледі, себебі, мұндай әрекеттердің мақсаты – пайдаға қол жеткізу, ал бұл тек оны қайталаған кезде ғана болуы мүмкін; бұл жағдайда кез келген жоғалған мүлікті қайтару мүмкін емес, сондықтан мүліктік сипаттағы әрекеттерге иелік ету – ол түпкілікті болмағандықтан – пайдасыз, ал түбінде қателікке және шығынға апаратын жерде түпкілікті биліктің орнауы мүмкін емес.

Шафиғидің екінші (сайибаның некесін қиғызу билігі оның ешбір қамқоршысына, әкесі мен атасына да берілмейді деген) тұжырымын қорғау үшін айтатын пікірі мынадай: жас қыз сайиба болу арқылы ақылы жетілген және өзі өзінің жағдайын ойлауға, әрекет етуге қабілетті деп саналады, себебі ол сайиба жағдайына өту арқылы еркекпен араласуды үйренеді; заң қыздың жас ерекшелігін назарға алмастан осы ұстанымдарға сүйенеді, себебі, оны анықтау қиын, әрі күдікті болған болар еді. Бұған біздің ғалымдарымыз жас қызға асыраушы керек, ол қажетсінетін мейірім мен туыстық ықыласты да ойлау керек деп жауап береді; сондай-ақ оның еркек жыныстымен баланың бойында болмайтын құмарлықсыз таныс болуы оған барлық адамдарға қатысты алғанда қосымша ақыл береді деп санауға болмайтынын айтып жауап береді. – Одан әрі Пайғамбардың жоғарыда келтірілген сөзінің сипаты жалпылама және талғаусыз екенін байқауға болады, сондықтан Малик пен Шафиғиге жеткілікті жауап бола алады.

Жас балаларды некелестіру кезінде туыстар мұра беру кезіндегі тәртіппен жүреді; бірақ алыс туыстардың бұл билігі неғұрлым жақын дәрежедегі туыстардың билігімен кейіндетіледі.

Жас балалардың некесі олар кәмелетке толғаннан кейін де міндетті болып қалатын жағдай. – Егер жас баланың неке әкесі немесе атасы тарапынан қиылса, онда кәмелет жасына келгеннен кейін ол келісемін немесе келіспеймін деп жөнсіздік көрсете алмайды, себебі, ата-ананың бұл істегі шешіміне жамандық ойлаумен қатысты деп күдікпен қарауға болмайды, себебі, олардың өз ұрпағына деген махаббат сезімі күмансыз. Осыдан мұндай некенің кәмелет жасында қиылған неке жағдайындай екі жаққа да міндетті екені көрінеді.

Жас балалардың некесін олардың асыраушылары қиып, олардың өздері кәмелетке толғаннан кейін келісу немесе келіспеу құқығы сақталатын жағдай. – Егер жас балалардың неке келісім–шарты олардың ікесі мен атасынан басқа асыраушыларының бірінің тарапынан жасалса, онда Ханифаның ілімі бойынша, кәмелет жасына толғаннан кейін некелесуші екі жақ та, әрқайсысының мұндай некені мойындау немесе мойындамау құқығы бар. Әбу Йусуф бұл жағдайда алғашқы жағдайдағыдай, некелесуші тараптарға ешқандай таңдау берілмейді дейді, себебі, ол

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ата–ана мен асыраушыларды бір дәрежеге қояды. Бұған Ханифа мен Мұхаммед туыстар жас балаларға неғұрлым алыс дәрежеде болса, соғұрлым олардың туыстық сезімдерінің жылуы аз деп саналатынын айтып жауап береді; сондықтан, жас балалардың арасында неке қию кезінде асыраушылардың бойында өз пайдасын ойлаушылық немесе жас бала үшін зиянды басқа бір ой болуы мүмкін екенін ойлап сақтық таныту қажет. Бұл қастыққа асыраған бала кәмелетке жеткеннен кейін заң арқылы оған таңдаудың – ол жас болған кезде оның асыраушысы қидырған некемен келісу немесе келіспеу еркіндігінің берілуі арқылы жол бермеу қарастырылған.

Алайда, асыраушылардың қатарына заң жас баланың әкесі мен атасынан басқа оның анасы мен сотты қосатынын ескерту қажет, олардың біріншісінің қосылу себебі, әйел болғандықтан, ақылы қысқа деп саналады; ал екіншісінің қосылу себебі, балаға туыстық қатынасы болмағандықтан жат адам ретінде; соған сәйкес, бұл жағдайда да асыраған балаға ол кәмелет жасына жеткеннен кейін таңдау құқығы берілуі тиіс. Сондай-ақ некелесуші тараптар кәмелет жасына жеткеннен кейін некені бұзуға тілек білдірсе соттың шешімінің маңызды шарт екенін есте ұстау қажет. Бұл жағдай күнді босату кезіндегі таңдау құқығының берілуіне қарсы тұрады: егер қожайын өзінің күнін басқа біреуге берсе және оны одан соң азат етсе, онда азаттық алған соң ол егер өзіне қажет болса не некеде бірге тұра беруге, не өзі қолдамаса оны бұзуға құқылы, оның үстіне соттың шешімі айтарлықтай шешім болып табылмайды. Бірақ бұған дейін қарастырылған жағдайда кәмелет жасына жеткеннен кейін некені сақтау не бұзу еркіндігі некелесуші тараптардың құқығының бұзылуын болдырмас үшін олардың өзіне берілген, себебі оның бұзылуы түрлі жағдайларда болуы мүмкін және оған жол берілген (мысалы, неке бұзылмаған) жағдайда неке қарым-қатынастарына көптеген зиян келген болар еді. Мысалы, асыраушы асыраушы неке келісім-шартын жасау кезінде сәйкес емес неке сыйына немесе тең емес некеге келісім беруі де мүмкін.

Осылайша некенің бұзылуы басқа құқықтар мен міндеттердің бұзылуына апаруы мүмкін, сондықтан оның заңдылығы үшін соттың шешімі маңызды шарт болып саналуы тиіс. Егер күн босатылғаннан кейін оның оның некені сақтау немесе бұзу еркіндігіне келетін болсақ, онда оның мүлде басқа ұстанымға негізделгенін байқаймыз: оны құлдықтан босату арқылы күйеуінің оған билігі мен құқығы да, сондай-ақ оның өзінің некедегі міндеттері де айтарлықтай дәрежеде кеңейеді және оған құлдықтан босауға дейін қиылған некесін сақтауға немесе бұзуға берілген таңдау оның өзі үшін тек анық зияннан қорғау ғана болып табылады. Міне, бұл құқықтың құлдарға емес, күндерге берілу себебі осыдан, құлдарға мұндай ұстаным жүрмейді, күндердің некені бұзуы тек көрсетілген қысымнан босау деп қарастырылады және оған соттың шешімі талап етілмейді, себебі, кез келген тұлға, әрине, өзіне жасалған зияннан арылуға құқылы.

Кәмелетке толғаннан кейінгі некеге келісім белгілері туралы. – Егер некесі бала күнінде қиылған әйел кәмелет жасына жеткен соң сол неке келісім-шартының күшіне енгені жарияланған сәтте үндемесе, онда Ханифа мен Мұхаммедтің пікірі бойынша, бұл үнсіздік оның келісімінің белгісі деп қабылдануы қажет; ал егер ол кәмелет жасына толған соң да неке келісім-шартының барлығынан бейхабар қалатын болса, онда некені сақтау немесе бұзу құқығы оның бар екені әйелге хабарланғанға дейін оның құзырында қалады. Мұхаммед неке жайлы хабарламаның анық және

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

белгілі түрде болуын қосымша шарт етіп қояды, себебі, ол әйелдің бала кезінде оның асыраушысы оған айтпай некелестіре алады; ал білместік себебінен туған үнсіздікті келісім белгісі деп санауға болмайды дейді; бірақ ол әйелді оның бала кезінде жасалған некесіне қатысты заң тарапынан ұсынылатын келісім беру мен бас тартудың бірін таңдау құқығымен таныстыруды шарт ретінде қоймайды, себебі, бұл құқық заң арқылы белгіленген және оны білу - әркімнің міндеті, себебі, заңды білмеу сот барысында қорғауға дәлел бола алмайды. Мұндай пікір қожайынына қызмет етіп жүріп заңды білуге мүмкіндігі болмайтын күнге қатысты қолданылмайды; сол себепті оның тарапынан заңдарды білмеу оның күң болып жүрген кезінде жасалған некені сақтау немесе бұзу құқығын жалғастыруға түпсіздікті себеп болып табылады.

Кәмелет жасына толғаннан кейінгі некені сақтау немесе бұзу құқығы жойылатын жағдайлар. – Қыздың бұл құқығы оның үнсіздігімен жойылады; бірақ еркекке де тиесілі мұндай құқықтың жойылуы үшін оның тарапынан үн қатпау жеткіліксіз; ол өзінің еркін сөзбен немесе іспен білдіруі керек, мысалы, оған неке сыйын төлеу, онымен бірге тұру немесе т.б. Осындай анық ерік білдіру әйелдің тарапынан да мынадай жағдайда қажет етіледі: күйеуі ол кәмелет жасына толмастан онымен жыныстық қатынаста болса: ол не: «Мен келісемін» немесе «Мен келіспеймін» деген сөздермен, не күйеуінің өзімен жыныстық қатынаста болуына келісу және т.б.

Бұл құқықтың жалғасу дәрежесі. – Кәмелет жасына толғаннан кейін қыздың некені сақтау немесе бұзу құқығы мәжіліс⁶³ аяқталғанға дейін жалғаспайды. Бірақ сайибаның немесе жігіттің дәл осындай құқығы тіпті олар мәжілістен кетсе де жойылмайды: бұл құқық неке ережесі арқылы бақыланатын мақсаттардың бұзылу қаупіне сақтықпен байланысты қарсылық ұстанымымен белгіленген; неке арқылы қол жеткізу көзделетін мақсаттарға қол жеткізу түрлерінде қарсылықпен орындалған нәрсе келісім арқылы жойылады, ал қыздың тарапынан үн қатпай қалу – келісім үшін жеткілікті белгі, бірақ сайиба немесе жігіт үшін ол жеткіліксіз және онымен сайиба мен жігіттің құқығы емес, қыздың құқығы жойылады. Сонымен қатар, сайибаның құқығы оның күйеуінің әрекетімен белгіленбейді, ол белгілі; ал күйеуінің әрекетімен белгіленбеген жағдай ажырасу кезінде болатындай, мәжіліспен шектеле алмайды. Күңнің босағаннан кейінгі тура осындай құқығына қатысты қарсы жағдай байқалады, себебі, бұл құқық босатылған күңнің үндемей қалуымен жойылмайды, мәжілістің аяғына дейін сақталады және мәжілістен шығу арқылы ғана жойылады, себебі, күңнің бұл құқығы күңнің қожайынының әрекетімен, оны босатудың өзімен анықталған. Міне, сондықтан да, әйелі күйеуінен ажырасу немесе некеде бірге тұру құқығын алатын жағдайдағыдай мәжіліс осы жағдайда назарға алынады.

Кәмелет жасына толғаннан кейін некені сақтауға келісім бермеу нәтижесінде оны бұзу – ажырасу емес. – Ері мен әйелінің арасында кәмелет жасына толғаннан кейін некені сақтауға келісім бермеуге байланысты туған бөліну, оны бастаған тарап қайсы екеніне қарамастан, ажырасу деп саналмайды, себебі, бұл жағдай ажырасу кезіндегідей емес, бөлінудің бастамашысы заң бойынша әйел болуы да мүмкін. Дәл осы себепке байланысты, күңнің азаттық алғаннан кейін некені бұзуы да ажырасу деп саналмайды.

⁶³ Жастың кәмелетке толуы уақытында болған жері немесе қоғамы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Жас балалар арасындағы неке кезіндегі мұрагерлік тәртібі. – Жоғарыда айтылғандай, егер өзінің асыраушысы тарапынан күйеуге берілген жас қыз бала кәмелет жасына толғанға дейін өлсе, онда оның мұрагері күйеуі болады; тура осылайша, осындай некеде тұрған жігіт кәмелет жасына толмай өлсе, оның мұрагері әйелі болады. Мұрагерліктің дәл осындай тәртібі некелесушілердің бірі кәмелет жасына толғаннан кейін өлетін болса да сақталады (егер өлім неке бұзылғаннан кейін болмаса). Бұның негіздемесі: ab origine неке келісім-шарты дұрыс, заңды және кәмелет жасына толған некелесуші тараптардың бірінің немесе екеуінің де еркі бойынша бұзылғанға дейін осындай болып қала берер еді; бірақ бұның мүмкіндігі екі тараптың бірінің өліміне байланысты жойылатындықтан, неке мәңгіге заңды болып қалады, сондықтан неке ұстанымдары арқылы некедегілерге берілетін барлық екіжақты пайдалы бұлжымастан көзі тірі жақтыкі болып бекиді. Бұл жағдай неке оған заңды билігі жоқ тұлға арқылы жасалған жағдайға қарсы тұрады. Онда некелесушілердің бірі неке заңды күшіне енгенге дейін өлсе, онда екіншісі одан ешбір мұра алмаған болар еді, себебі, бұл жағдайда некенің болуына некелесуші тараптардың келісімі шарт болады, сондықтан олардың бірінің неке жөнінде өзінің еркін жариялағанша келген өлімі оны заңсыз етеді; ал алдыңғы жағдайдағы некелесушілердің бірінің кәмелет жасына толғанға дейінгі немесе некені бұзғанға дейінгі өлімі бұл некені заңды күшінен айырмайды, керісінше, оны бекітеді.

Некелестіру кезінде асыраушы ретінде құқығы жоқ тұлғалар. – Басқаларды некелестіру құқығына ие бола алмайтындар: құлдар, жас балалар және ақылы кемдер, себебі, мұндай адамдар заң алдында өздеріне қатысты алғанда құқықтық қабілетсіз тұлға болғаны сияқты, а fortiori басқаларға қатысты алғанда құқықтық қабілетсіз; сонымен қатар асыраушыларға мұндай құқық ахуалына байланысты өз жағдайларын өздері ойлай алмайтын (жас балалар мен ақылы кемдер сияқты) жеке адамдардың жағдайын ойлау ұстанымына сай беріледі, ал мұндай адамдардың некесін қию өздері де сол себептерге байланысты құқықтық қабілетсіз адамдарға тапсырылса бұл ұстаным бұзылған болар еді.

Еркек немесе әйел мұсылманға қатысты мәселеде Алланың айтуы бойынша кәпірге мұндай билік берілмейді: «Ол кәпірлерге мұсылмандарға қатысты ешбір құқық бермейді». Егер кәпірге мұндай билік берілген болса, онда оған бұл Құран арқылы тыйым салынған құқықты берген болар еді. Осы ереженің негізінде кәпірлердің мұсылмандарға қатысты берген куәгерлігі сотта қабылданбайды, сондай-ақ мұсылмандар мен кәпірлер бір-біріне мұрагер бола алмайды.

Кәпірге Алланың сөзі бойынша өзінің кәпір балаларына қатысты осындай билік беріледі: «Кәпірлер кәпірлерге билік ете алады»; сондықтан кәпірлердің кәпірлерге қатысты берген куәгерлігі сотта қабылданады және олар бір-біріне мұрагер бола алады.

Әкесі жағынан туыстары болмаса олардың орнына шешесінің туыстары жүре алады. - Әкесі жағынан туыстары болмаған жағдайда некелестіру билігі Ханифаның пікірі бойынша шешесінің туыстарына беріледі (егер олар әкесі жағынан бір ру немесе тайпаға жататын болса), мысалы, шешесі, нағашысы немесе нағашы әпкесі және туыстық жақсы ниеттілік ұстанымы негізінде басқа да туыстық дәрежесі бойынша некелесуге тыйым салынатындардың барлығы. Мұхаммед бұл билік әкесінің

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

туыстарынан басқа ешкімге беріле алмайды деп дәлелдейді. Ханифаның пікірі де осы рухта тарайды. - Әбу Йусуфтің бұл мәселеге қатысты екі пікірі белгілі. Көпшілікке барынша кең тараған пікір бойынша, ол Мұхаммедпен келіседі, бұл мәселеге қатысты олардың пікірі екіжақты: біріншіден, Пайғамбар: «Неке әкесінің туыстарына тапсырылады» деген (жоғарыда айтылғандай); екіншіден, неке қию билігі руды келіссіз және тең емес некелерден қорғау мақсатында белгіленген, ал осы рудың абыройын қорғау мәселесі әкесінің туыстарына тапсырылған, олар әсіресе өздерінің руының қаны нашар немесе төмен қанның қосылып масқараланбауын қадағалауы керек. – Ханифа некелестіру билігі баланың аман-есендігі үшін белгіленген, егер бұл билік балаға барынша жақын тұрған туыстарға берілсе бұл жақындық оның аман-есендігі үшін қам жеуге мәжбүрлейтіндіктен, оған әбден қол жеткізуге болады деп қарсы пікір айтады.

Жас күннің әкесінің туыстарының орнында оның мауласы⁶⁴ бола алады. – жас күннің мауласы дәл сол жерде күннің некелесуге тыйым салынған дәрежедегі туыстарының болғанына қарамастан, оны азат ету арқылы заңды түрде күйеуге бере алады, тек олардың арасында әкесі жағынан туыстары болмаса болғаны, себебі, маула күнге қатысты алғанда олардың орнына жүретін адам болып табылады.

Сот негізгі қамқоршылар болмаса олардың орнына жүре алады. - Негізгі қамқоршыларынан айырылған адамдарды некелестіру билігіне Пайғамбардың нұсқауы бойынша сот немесе имам ие бола алады: «Қамқоршыларынан айырылғандарға сұлтан қамқоршы бола алады».

Негізгі қамқоршылар болмаған кезде оларды жақын жердегі келесі ең жақын туыс алмастырады. – Егер жас баланың ата-анасы немесе басқа ең жақын негізгі асыраушылары алыста болатын болса, онда мұндай ұзақта болудың өзі «*гаибати-муикатъа*»⁶⁵ терминімен аталады, ал жақын жердегі туыстығы жағынан да келесі ең жақын қамқоршы заңды түрде некелестіре алады. – Зуфар мен Шафиғи мұндай алмастыру заң заңсыз деп дәлелдейді, себебі, кемсітуші некені қидырып, руды ұятқа қалдырудан сақтау үшін некелестіру билігі қалыпты тәртіп бойынша бірінші асыраушыға тиесілі; бұл құқық оған ие тұлғаның болмауына байланысты өзінің заңды күшінен айырыла алмайды, себебі, заң адамның жоқ болуын құқықты жоюдың себебі деп санамайды. Сондықтан, өзінің қайда болғанына қарамастан, негізгі асыраушы жас баланың некесін қию кезінде жоқ болса да оны өзі нелестіре алады. Сонымен қатар, алыс туыс ең жақын туыстың көзі тірі кезінде оның билігін ала алмайды, себебі, ең жақын туыс алыс туыстан бұрын тұрады.

Бұл жағдайда біздің ғалымдарымыз мынадай пікір айтады: жас балалардың некесін қидыру билігі, жоғарыда айтылғандай, олардың мүддесіне сай белгіленген; сондықтан оған тек өз мүдделерін өз бетімен ойлай алмайтын тұлғаларға қатысты ғана жол беріледі; бұл ереже некелестіру туыстығы ең жақын, бірақ оған қатыспаған асыраушыға тапсырылғанда ғана назардан тыс қалады, себебі, іс осындай жағдайда шешілетін болғанда оның сақтығы мен ойының мейірімділігінен пайда күтудің өзі қиын, сондықтан бұл билік туыстық жағынан келесі кезектегі, бірақ өзі сол жерде бар

⁶⁴ Азат етуші.

⁶⁵ Бұл терминмен асыраушының керуен жолында жатпайтын басқа қалаға кетуі белгіленеді. Басқалардың пікірі бойынша, бұл терминмен үш күндік қашықтықтың бәрі білдіріледі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

асыраушыға өтеді. Бұл егер бірінші асыраушы өлсе немесе ақылынан адасып кетсе билік осы жағдайдағыдай келесі туысқа ауысатындықтан да дұрыс болып табылады. Зуфар мен Шафиғи ұсынған «өзінің қайда болғанына қарамастан асыраушы жас баланы некелестіруге қатыспаса да оны қидыра алады» деген қағидаға келетін болсақ, ол дұрыс дәлелденбеген; әрі егер оны дұрыс деп қабылдаған күннің өзінде туыстығы жөнінен алыс, бірақ өзі сол жердегі қамқоршы осы жағдайға байланысты оның орнына іспен тікелей және жақын таныса отырып табысты келісім-шарт жасай алады, ал жағдай керісінше болғанда ол ең жақын, бірақ өзі жоқ туысқа қатысты алғанда дұрыс. Осылайша, билік жөнінен олар бір жағдайда тұрады және ол жас баланың неке келісім-шартын жасау кезінде де сақталады.

Ақылынан адасқан әйелге қамқоршы болу оның ұлына тиесілі. – Егер ақылынан адасқан әйелдің екі қамқоршысы – бірі оның ұлы, ал екіншісі әкесі болса, онда Ханифа мен Әбу Йусуфтің пікірі бойынша оны күйеуге беру құқығы әкесіне емес, оның ұлына тиесілі. Мұхаммед оның әкесі ұлына қарағанда оған көбірек қатысы бар адам ретінде бұл жағдайда қамқоршы болып табылады. – Бұған екі үлкен ұстаз ұл еркектер қатарында басқалардың бәрінің алдында тұрады, ал қамқоршылық құқығы дәл осы туыстық жағынан алғандағы басымдылық арқылы беріледі. осылайша, әкесінің кез келген туысы (мысалы, әкесінің ағасының ұлы) бұл жағдайда нағашы атасының алдында тұрады, тіпті соңғысының туыстығы алғашқысының туыстығына қарағанда жақын болса да солай.

Бөлім. Кафаат немесе теңдік туралы

Кафаатты анықтау. - «*Кафаат*» терминінің сөзбе сөз мағынасы – теңдік. Заң тілінде ол еркек пен әйелдің арасындағы теңдікті атау үшін қолданылады. Әр түрлі жеке жағдайлар төменде анықталатын болады.

Теңдік некеде қажет. - Некелесу кезінде Пайғамбардың өсиеті бойынша некелесушілер арасындағы теңдік назарға алынады: «Қарандар, неке әйелдердің тек тиісті қамқоршыларымен орындалатын болсын және тек тең келетіндермен». Некелесушілер арасындағы теңдік сондай-ақ некеден мынадай салдар күтілетіндіктен де қажет: жыныстық қатынас, қарым-қатынас және достық сияқты байланыстар тек өзара тең адамдар арасында ғана толыққанды бола алады. Мысалы, дәрежесі жоғары саналатын рудан шыққан әйел төмен саналатын рудан шыққан еркекпен жыныстық қатынаста болуды және араласуды өзін кемсіту деп қабылдаған болар еді. Сондықтан, теңдік еркектің тұрғысынан алғанда анықталуы керек, яғни, күйеуі өзінің әйелінің теңі болуы тиіс; бірақ, әйеліне қатысты алғанда бұл талапты сақтау міндетті болып табылмайды, себебі, еркек дәрежесі төмен саналатын рудан шыққан әйелмен жыныстық қатынас арқылы кемсітілмейді. – Некедегі теңдікті талап етудің себептерінің бірі – некені растау және оның заңдылығы мен күшін анықтау кезінде теңдік мәселесі назарға алынатындықтан екенін атау қажет. Сондықтан, егер әйел өзінен төмен еркекпен некеге тұратын болса, онда оның қамқоршылары мұндай некенің салдары ретінде туатын абыройсыздықты жою үшін некені бұзуға құқылы.

Тайпаның немесе рудың теңдігі қажет. – Теңдікті анықтау кезінде адамдар арасындағы айырмашылықтың көзі ретінде есепке ру алынады. Сондықтан, былай

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

делінеді: «Бір құрайш олардың барлық тайпаларындағы басқаға тең», яғни бір тайпаның басқа тайпаның, һашимнің нифл, тайимнің аду алдында басымдылығы жоқ. Тағы былай делінеді: «Араб арабқа тең». – Мұндай көзқарас Пайғамбардың осы мағынада айтылған сөзіне негізделеді. Осы жерден құрайш тайпасынан шыққан бірде біреудің басқалардың алдында артық деп саналмауының қажеттілігі көрінеді. Имам Мұхамедтің «жекелеген тайпалар мен құрайш руларының арасындағы басымдық оның калиф руындағы сияқты айқын және көпке мәлім болғанынан басқа жағдайда назарға алынбайды» деген пікіріне келетін болсақ, онда оның ниеті жанжал мен өзара тартысты басу үшін калифатқа көрсетілетін құрметке байланысты, басқаларға қарағанда осы жеке ру айрықша назарға алынуының қажеттігін айту болған; бірақ ол басқа руларда шығу тегі жағынан теңдік жоқ дегенді айтпаған, себебі, құрайштың Ханаанның ұлы Назирден шығатыны белгілі. – Ибн Ходжа құрайш Маликтің ұлы Қаһрден шыққанын айтады. «Құрайш» сөзінің өзі тобыр, жиналған халық мағынасын беретін «курш» сөзінің кішірейтілген формасы. Олар бұл атауды бұрын түрлі елдер мен қалаларда сауда жасап, әдетте Меккеде жиналуына байланысты иеленген. Арабтар өз тегін Назирден ерте өмір сүрген, ал Ибн Ходжаның пікірі бойынша Қаһрден ерте өмір сүрген атадан бастамайды.

Бану бахил тайпасы бірде бір тайпаға тең емес, себебі, ол өзінің көргенсіздігімен бүкіл Арабияға мәлім болған. Жоғарыда аталған тайпалардың бір де бірі оны өзіне тең санамайды.

Иманның теңдігі қажет. – Мауали, аджам, яғни араб та емес, құрайш те еместер өзара барлық жағынан тең, себебі, оларға қатысты назарға шығу тегі емес, Ислам діні алынады. Сондықтан аджамның екі немесе одан да көп Ислам дінің қабылдаған ұрпағы ата-бабасы мұсылман болған басқаға тең; бірақ Ислам дінін өзі немесе әкесі қабылдаған мұндай аджам әкесі мен атасы мұсылман болған аджамға тең емес, себебі, тектің ерекше атауы (мысалы, «мұсылмандар») ең аз дегенде атасы арқылы, яғни екі ұрпақпен анықталады. Ханифа мен Мұхаммедтің ілімі осындай. - Әбу Йусуф әкесі мұсылман аджам әкесі мен атасы мұсылман әйелге тең саналуы тиіс дейді.

Исламды жеке өзі қабылдаған аджам әкесі мұсылман әйелге тең емес.

Бостандық теңдігі қажет. – Бостандыққа қатысты алғанда теңдік ол иманға қатысты керек болғандықтан қажет, себебі, құлдық кәпірліктің, имансыздықтың салдары, ал имансыздық тексіздік пен көргенсіздіктің бастауы болып саналады.

Адамгершілік теңдігі қажет. – Ханифа мен Йусуфтің ілімі бойынша діншілдік пен рақымшылдықтың теңдігіне көңіл аудару қажет. Бұл пікірді барлығы қолдайды, себебі, рақымшылдық – артықшылықтың қайнар көзі, ал күйеуінің азғындығынан әйеліне абыройсыздық пен ұят сол әйелге оның туыстарының жолсыздығынан келетін ұяттан да көп. – Мұхаммед рақымшылдықтағы жағымды теңдік есепке алынбауы тиіс, себебі ол діндарлықпен байланысты, ал оған әдеттегі дүниауи істерге қатысты қағидаларды қолдануға болмайды деп дәлелдейді. Алайда ол некелесуші тараптардың бірі өзіне жек көрушілік пен мысқылды өзінің мысалы, көпшілік алдына мас күйде жалаңаш шығу сияқты төмен және ұят әрекетімен тудыратын жағдайды есептемейді.

Жағдайдың теңдігі қажет. – Некелесуші тараптардың мүлікке қатысты теңдігіне көңіл бөліну керек, бұған еркек жағынан қалыптасқан қалыңды төлеп, әйелін лайықты түрде асырау жатады. Егер ол бұл екі шығынды да немесе олардың бірін

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

көтере алмайтын болса, онда қандай да болсын әйелге тең деп санала алмайды. Қалың әйелмен жыныстық қатынаста болу құқығы үшін берілетін төлем болғандықтан, әрі неке одағының беріктігі әйелді лайықты асырай алу шартына негізделетіндіктен, адамның бұл бағыттағы төлем қабілеті қажетті а fortiori болып табылады. – Кейбіреулердің пікірі бойынша әйелін лайықты түрде асырау мүмкіндігі деп күйеуінің әйелді бір ай мезгілінде асырау қабілетін түсіну қажет. Ал басқалар бұл мерзім бір жылға дейін созылуы керек деп санайды. Қалыптасқан веноны төлеу қабілеті деп оның некеге тұру сәтінде төленуге тиісті бөлігі мен *муаджаль* «шұғыл» атауы берілген бөлігін төлей алу мүмкіндігі жатады; ал веноның *мууджаль*, «кейінге қалдырылған» бөлігін некеге тұрғаннан кейін біраз уақыт өткенге дейін төлемеу ұйғарылған, сондықтан қалыңның осы бөлігіне қатысты күйеуінің төлем қабілеті некелесуші тараптардың арасындағы сөзсіз орындалуы шарт болып қойылмайды.

Әбу Йусуф күйеуінің қалың төлеу емес, әйелді лайықты асырай алу қабілетіне көңіл бөлу қабілетіне көңіл бөліну керек, себебі, осы қалыңның кейінге шегерілуі мүмкін, ал әйелді лайықты асырау міндетіне қатысты бұлай деуге болмайды дейді. Еркек егер ауқатты адамның баласы болса қалыңды төлей алатынын есепке алу керек. Ханифа мен Мұхаммедтің түсіндірмесі бойынша, күйеудің қалың төлей алу және әйелді лайықты асырай алу қабілетінен тәуелсіз, жалпы алғандағы ауқаттылығын есепке алу керек, сондықтан тіпті осындай төлем қабілеті бар болған күннің өзінде ол үлкен байлыққа ие әйелдің теңі деп санала алмайды, себебі, адамдар байлықты артықшылықтың қайнар көзі, ал кедейлікті жек көру керек деп есептейді. Әбу Йусуф өз тарапынан байлыққа бұлай қарауға болмайды, себебі ол табиғатынан тұрақсыз, мүлікті таңертең сатып алып, кешке жоғалтып алуға болады деп дәлелдейді.

Атақтардың теңдігі қажет. - Әбу Йусуф пен Мұхаммедтің пікірі бойынша неке кезінде мамандықтардың теңдігіне көңіл бөліну керек. Ханифа бұл мәселеге қатысты екі пікір айтқаны белгілі. Сондай-ақ Әбу Йусуфтің егер мамандық өте алмайтын кедергі түрінде, соншалықты қорлық көрсететіндей болмаса, оған көңіл бөлмей-ақ қоюға болады деген пікірі белгілі. Мысалы, шаштараз, тоқымашы, тері илеуші, сондай-ақ қоқыс жинаушылар саудагерлерге, парфюмершілерге, дәріханашыларға немесе банкирлерге тең санала алмайды. Мамандық немесе кәсіпке көңіл бөліну ұсынылатын ұстаным адамдардың өздерінің мамандықтарына көрсетілетін құрмет дәрежесіне сай белгілі сипатқа ие болатындығымен байланысты. Басқа жағынан алғанда жоғарыда айтылғанға қарсы мамандық адам тұлғасымен байланысты емес деген пікір дәлел бола алады, сондықтан қор саналатын кәсіп үнемі көбірек құрметтелетін кәсіппен алмастырылуы мүмкін.

Әйел өзіне сәйкес емес қалыңмен некеге тұратын жағдай. - Егер әйел некеге тұру кезінде оған төленуі тиісті⁶⁶ төлемнің құнынан төмен қалыңға келісетін болса, онда Ханифаның ілімі бойынша оның асыраушылары күйеуінің не қалыңды толығымен төлеуін, не некенің бұзылуын талап ету арқылы мұндай некеге қарсылық білдіре алады. Екі шәкірт те асыраушылардың мұндай билігі жоқ екенін айтып нақтылайды: оннан дирһемнен артық кез келген қалың заңды түрде әйелге тиесілі және ешкімді заңды түрде өзіне тиесілі нәрседен бас тартуға мәжбүрлеуге болмайды; егер әйел қаласа қалыңның өзіне тиесілі бөлігінен нақты анықталып айтылғаннан

⁶⁶ Бұл қалың малдың мағынасы келесі тарауда түсіндіріледі

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

кейін бас тартуына болады; Бұған Ханифа егер қалың мөлшері үлкен болса, онда асыраушылар құрмет пен ізет құқығына ие болады және мардымсыз қалың оларға ұят болып таңылады деп жауап береді. Бұл жағдайға теңдік талаптарымен қатар көңіл аударылу керек. Нақты айтылып анықталғаннан кейін әйел қалыңның өзіне тиісті бөлігінен бас тартқан жағдайда бұл бас тарту асыраушылар үшін ұят болып табылмайды.

Әкесі өзінің жас балаларының некесін сәйкес емес қалың үшін қиятын жағдай. – Егер әкесі өзінің жас қызын үйлесімсіз аз қалың үшін күйеуге беретін болса немесе жас ұлын шамадан тыс үлкен қалың төлеу міндетімен үйлендіретін болса, онда мұндай неке олар үшін міндетті болып саналады және заңды күшке ие болады. Әкесі мен атасынан басқа ешкім мұндай некеге заңды түрде тұрғыза алмайды. Мұнымен барлық ғалымдар келіседі. Екі шәкірт те қалыңның мұндай кем немесе артық болуы олар айқын болған кезде ғана заңсыз деп санайды: үйлесімсіз тым аз немесе шамадан тыс үлкен қалың белгіленген неке келісім-шарты заңды болып санала алмайды. Бұл пікір келесі қағидаға негізделген: әкесінің немесе атасының жас балаларды некелестіру билігі олар балалардың мүддесін қалыпты көздеушілер екендігімен белгіленеді, ал бұл көңіл бөлу келісім-шарттан көрінбейтін болса, онда осы жағдай арқылы келісім-шарт заңды күшінен айырылады; жас қыз үшін үйлесімсіз тым аз және жас бала үшін шамадан тыс үлкен қалыңға келісу жас баланың өзі үшін оған лайықты көңіл бөлінбегендікті көрсетеді.

Жас бала үшін оның асыраушысы сауда жасаған жағдай жоғарыда баяндалғанға ұқсас болып табылады: егер зат өзінің құнынан анағұрлым төмен бағаға сатылған болса немесе өз бағасынан анағұрлым қымбат сатылған болса, онда мұндай саудасаттық келісім-шарты заңды күшке ие бола алмайды. Бұл ережені неке келісім-шартына да қолдануға болады. Осыдан әкесі мен атасынан басқа ешкімнің шамадан тыс көп немесе шамадан тыс аз қалыңға келісуге өкілеттігі жоқтығы шығады. Бұған қатысты Ханифа бұл жағдайда заңның тек жас балаларға қамқорлық жасау себебіне сүйенетінін және ол себеп ретінде туыстық жақындықты көретінін айтады; некелестіру кезінде қалыңға қарағанда анағұрлым маңыздырақ мәселелерге көңіл бөлу қажет, ал мүліктік сипаттағы келісімдерде тек пайда немесе шығынға қатысты мәселелер маңызды, сондықтан бұларға тиісінше көңіл бөлмеу асыраушылардың билігін заңды күшінен айырады. Ал басқаларға қатысты (әкесі мен атасы емес) алғанда заң туыстықты жас балаларға қамқорлық көрсетудің себебі деп қарастырмайды, себебі, туыстықтың алыстығына байланысты олардың тарапынан көрсетілетін қамқорлық дәрежесі кем болады.

Әкесі жас балаларды құлдармен некелестіре алады. - Әкесі өзінің жас қызын заңды түрде құлға бере алады немесе ұлын күнге үйлендіре алады. – «Һидаяны» құрастырушы ескертеді: Ханифаның пікірі осы, ол әкесінің бұлай теңдікті бұзуының салмақты негізі бар деп саналуы тиіс, сондықтан мұндай неке келісім-шартының заңды күші бар деп дәлелдейді; бірақ егер әкесінің айтарлықтай пайдаға ие болмай осылай істегені анықталса, онда неке келісім-шарты заңды болмайды. Бұл мәселеде екі үлкен ұстаз Ханифамен келіседі. Екі шәкіртінің пікірі бойынша мұндай неке келісім-шарты жас баланы екі бірдей тиімсіз жағдайға қоятындықтан заңды күшке ие бола

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алмайды: бірінші тиімсіздік – теңдіктің жоқтығы, ал екіншісі – тұрақты орнының жоқтығы, себебі, ол құл иеленушінің еркіне байланысты.

Бөлім. Некелестіруге берілетін сенім немесе өкілеттік туралы

Неке кезіндегі делдалдар және олардың өкілеттіктері туралы. – Неке кезіндегі делдалдар некелесуші тараптар неке келісім-шартын жасауға өкілеттік берген адамды білдіреді. Өкілеттіктің бұл түрі *уакалат-бин-никах* деп аталады.

Жігіт өзінің нағашы ағасының қызымен заңды некеге тұра алады. – Зуфар мұндай некенің заңды күші болмайды деп дәлелдейді.

Егер әйел еркекке өзімен неке келісім-шартын жасауға өкілеттік берсе, онда мұндай неке заңды күшке ие болады. Зуфар мен Шафиғи мұндай неке заңды емес деп санайды, себебі, ешкім берілетін адамды бере алмайды және оның қожайыны бола алмайды. Мысалы, егер қандай да бір мүліктің иесі біреуге оны сатуды тапсырса, ал ол оны өзіне сатса, онда мұндай сауда заңды саналмайды, себебі ешкім бір мезгілде мүлікті беруші, әрі осы мүліктің иесі бола алмайды. – Шафиғи қажеттілік туған болса қамқоршы өзінің қамқорлығындағы жас қызбен заңды түрде некеге тұра алады деп санайды, себебі, егер оған мұндай құқық берілмесе жас қыз мүлде күйеуге шыға алмаған болар еді; бірақ жай ғана өкілеттік алған адам бұлай істей алмайды, себебі, жас баланың әрқашан өзінің асыраушысы болады⁶⁷. Біздің ғалымдарымыз өз тарапынан некелестіруге өкілеттік алған адам тек делдал ғана, неке келісім-шартын жасаушыға осы келісім-шарттың салдары ретіндегі міндеттіліктер жүктелмейді, сондай-ақ келісім-шарттың мәнісіне қатысты туындайтын қарсылықтар келісім-шарттың өзіне емес, ол шарт етіп қоятын құқықтар мен міндеттерге қатысты; ал Зуфар мен Шафиғи келтірген сауда-саттық жағдайында өкілетке ие болған адам тек делдал ғана емес, сонымен бірге келісім жасауға мүдделі адам болып саналады, сондықтан оған салдар болып туындайтын міндеттер жүктеледі. Бұл жерде неке келісім-шартын жасауға өкілет берілген адам тек делдал ғана болатындықтан, ол некелесуші екі тараптың да өкілетті адамы болған жағдайда оның «мен бекіттім» деген мәлімдемесі әрі некені ұсынуды, әрі некеге келісуді білдіретінін ескеру керек; сондықтан некені екі жеке сөзбен бекітудің қажеттілігі жоқ.

Өкілеттігі жоқ адаммен неке келісім-шартын жасау жағдайлары. – Егер әлдекім күннің некесін оның иесінің келісімінсіз жасаса, онда мұндай некенің заңдылығы күн иесінің еркіне байланысты болады: егер ол оны мақұлдаса, онда неке заңды, ал керісінше жағдайда ол заңды күшінен айырылады.

Тура осылайша, еркек екі куәгердің қатысуымен әйелге айтпай некеге тұрған жағдайда немесе әйел еркекпен оның келісімінсіз некеге тұратын болса, онда мұндай некенің заңдылығы да сол жағдаймен байланысты болады. Бұл мәселеге қатысты біздің ғалымдарымыздың пікірі осындай. Олар неке *фудули*, өкілетті емес адам арқылы жасалса, осы келісім-шарт заңдылығына келісімінің берілуі шарт болып саналатын тарап бар болған жағдайда келісім-шарт жасалды деп саналуы тиіс дейді. – Шафиғи фудули, өкілетті емес адам жасаған барлық әрекеттер мынадай негізде заңды күшке ие

⁶⁷ Асыраушысы оған тыйым салынатын туыстық қатынаста болмауы және некелесуге оңтайлы сәт түспеуімен шарты орындалған жағдайда

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бола алмайды деп бекітеді: келісім-шарттың мақсаты оның салдары болатын құқықтарды белгілеу; мысалы, сауда-саттық келісім-шарты мүлікке иелік ету құқығын белгілеуді мақсат етеді, ал неке келісім-шарты жыныстық қатынасқа түсу құқығын белгілеуді мақсат етеді; ал фузули өзінде өкілеттіліктің болмауына байланысты ешқандай құқықты белгілей алмайды, сондықтан фузули орындаған әрекеттердің заңды күші жоқ. – Біздің ғалымдарымыз бұл жағдайда келісім-шарттың негіздері, ұсыныс пен келісім құқыққа қабілетті адамның (яғни, кәмелет жасына толған және ақыл-есі орнындағы) тарапынан жасалатынын және келісім-шарттың мәнісіне қатысты екенін; сондай-ақ мұндай келісім-шарттың салдарынан ешкімнің мүддесіне нұқсан келмейтінін, себебі, мұндай келісім-шарттың заңдылығы оны жасауға мүдделі тараптардың бірінің келісіміне байланысты және осы тарап келісуге немесе келіспеуге толықтай құқылы болатынын айтып қарсылық білдіреді. Шафиғи келтірген дәлелге келетін болсақ, кейде келісім-шарттың күшіне ену мерзімі белгілі бір уақытқа шегеріледі, мысалы, келісімнен белгілі бір мерзімге бас тарту құқығына ие бола отырып сауда-саттық келісім-шартын жасау сияқты. Бұл кезде меншікке ие болу белгілі бір мерзім өткенге дейін шегеріледі.

Егер өкілеттілігі жоқ адам басқа екі адамға: «Менің мынадай, қазір осы жерде жоқ әйелмен некеге тұрғаныма куә болыңдар» десе және әйел мұны кейіннен естіп және келіссе, онда мұндай неке, бәрібір, заңды күшке ие бола алмайды. Бірақ жоғарыда айтылған жағдайларда басқа бір үшінші адам: «Мен мына әйелдің некесін осындай еркекпен бекіттім» десе және әйел мұны естіп келісімін берсе, онда мұндай неке заңды болады. Тура солайша, егер әйел: «Менің мынадай, қазір осы жерде жоқ еркекпен некеге тұрғаныма куә болыңдар» десе және ол еркек бұл жөнінде естіп, келіскен болса, онда мұндай неке, бәрібір, заңды күшке ие болмаған болар еді. Бірақ, тура сол жағдайларда сонда тұрғандардың бірі: «Куә болыңдар, мен осындай адамның атынан келісім беремін» десе және ол еркек болғанды естіп, келісімін берген болса, онда неке заңды болған болар еді. Ханифаның ілімі осындай.

Әбу Йусуф егер әйел: «Мен мынадай еркекпен некеге тұрдым» (ол жоқта) десе және ол еркек оның мұндай сөздерін естіп, келіскен болса, онда неке заңды болған болар еді деп дәлелдейді. Бір сөзбен айтқанда, Ханифа мен Мұхаммедтің пікірі бойынша, фузули (өкілеттілігі жоқ адам) бола тұрып бір адам бір мезгілде неке келісім-шартын жасау кезінде некелесуші екі тараптың өкілеттігі бойынша немесе бір жақтан фузули ретінде және екінші некелесуші тараптан өкілетті адам ретінде әрекет ете алмайды. Әбу Йусуф бұған қарсы пікірді ұстанады. Бірақ егер екі өкілетті емес адам некелесуші тараптардың өкілі ретінде неке келісім-шартын жасаса немесе олардың бірі фузули сипатында, екіншісі некелесуші тараптың өкілі ретінде әрекет ететін болса, онда біздің ғалымдарымыздың (Ханифа, Мұхаммед және Әбу Йусуф) пікірі бойынша, мұндай жағдайда жасалған неке келісім-шарты заңды болады. Әбу Йусуфтің жоғарыда келтірілген жағдайлардың біріншісі бойынша пікірі мынадай: неке келісім-шартын жасау кезінде бір адам екі адамды алмастыра алады және осы бір адамның мәлімдемесі екі мәлімдеме деп санала алады⁶⁸ (сондықтан, бір адамға некелесуші екі тарап та өкілеттік берсе, неке келісім-шарты осы адамның бір мәлімдемесімен жасалады). Бұл адам өкілетті болмаған жағдайда неке келісім-

⁶⁸ Яғни «ұсыну» мен қабылдау», басқаша айтқанда, ұсыныс та қабылдау да бір кісіден болады

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

шартының заңды күшіне енуі некелесушы тараптардың соңғы келісіміне байланысты болады; бұл да хульға⁶⁹ арқылы ажырасқан жағдайдағыдай: егер еркек «өз әйелін хульға арқылы осынша (төлемге) жібергенін» жарияласа (ол жоқта), ал әйелі мұны естіп келіскен болса, онда хульға заңды болған болар еді; сонымен бірге, ажырасу немесе бостандыққа жіберу кезіндегідей: егер еркек «өз әйелін мың дирһемге жібергенін» (ол жоқта) айтса және ол оны естіп келіссе; немесе ол: «өзінің құлын мың дирһемге бостандыққа жібергенін» (құл жоқта) айтса және құл бұл жағдайды естіп келіскен болса, онда ажырасу және бостандыққа жіберу заңды болған болар еді.

Бұған Ханифа мен Мұхаммед бұл жағдайда өкілетті емес адамның: «Мен мынадай әйелді мына еркекпен некелестірдім» немесе «Мен мынадай әйелге үйлендім» деген мәлімдемесі заңды күші жоқ келісім-шарттың тек бір тарапына ғана тең, себебі, оның жасалуы екінші тараптың жауабына байланысты, ал бұл тек келісім-шарт жасалатын жиынға қатысып отырған адам сол жиын аяқталғанға дейін жауап берген кезде ғана заңды күшке ие болады. Сауда-саттық кезіндегідей, бұл келісім-шарттың жасалуы бұл жиынның орны мен мезгілінің басқа жер мен уақытта жалғаса алмайды. Бір адамға екі тарап та өкілеттік берген жағдайда да келісім-шарт заңды күшке ие болады, себебі, оның мәлімдемесі екі тарапқа да қатысты қолданылады. Келісім-шарт тараптардың атынан келген өкілеттігі жоқ екі адам арқылы жасалғанда ол заңды деп саналуы тиіс, себебі, ол келісім-шарттың барлық маңызды белгілеріне ие. Сондай-ақ ол хульға, өтемақы беріп ажырасу және бостандыққа жіберу (Әбу Йусуф келтірген) кезінде де заңды, себебі, күйеуінің немесе қожайынының мәлімдемесі шартты түрде оның тарапынан берілген ант болып табылады, ал ол онымен орындаудан еш бас тарта алмайтын дәрежеде тығыз байланысты, сондықтан келісім-шарт оның бір өзі арқылы жасалады.

Некелестіруге өкілетті адам өзінің өкілетінің шегінен шығатын немесе оның мәнісіне қарсы әрекет ететін жағдай. – Егер біреу басқа біреуге бір әйел табуға өкілеттік берсе, ал ол бір мәлімдемемен⁷⁰ оны екі әйелге үйлендірсе, онда мұндай неке ол екі әйелге қатысты да заңсыз. Ол екеуіне де қатысты алғанда да заңсыз, себебі, өкілеттіктің мәнісіне қарсы жасалған; ол екі әйелдің біреуімен де жасалмаған, себебі, келісім-шартта олардың үлкендігі анықталмаған; сондықтан екеуімен де неке бұзылуы керек.

Егер бір адам басқа біреуге оған әйел табуға өкілеттік берсе және оның өкілетін алған адам оның атынан үшінші бір адамға тиесілі күнмен неке келісім-шартын жасаса, онда Ханифаның түсіндірмесі бойынша мұндай неке заңды, себебі, өкілетті адам өзінің өкілетінің шартына сай қатаң әрекет етті, себебі, «әйел» деген сөз барлық әйел жынысын – бостандықта туғандарды және күндерді де қамтиды. Бұл жағдайда ешбір күман болмауы керек, себебі, өкілетті адамның өзіне емес, үшінші бір адамға тиесілі күн туралы сөз болып тұр; сондай-ақ әдепсіз ештеңе болуы да мүмкін емес, себебі, сенім білдіруші бұрын бостандықта туған әйелге үйленбеген деп топшыланады. – Екі шәкірт те бұлайша өкілетті адам арқылы жасалған неке егер әйел сенім көрсетушіге тең болмаса ғана заңсыз болады деп дәлелдейді, себебі, «әйел» термині арқылы жалпы алғанда үйленуге тұратын әйел аталады, ал еркектер әдетте өздеріне

⁶⁹ Күйеуі өз әйелін оның жағынан кішігірім сыйақы үшін босатуы

⁷⁰ Яғни бір неке шартымен

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тең әйелдерге үйленеді; сондықтан, сенімге ие болған адам өзіне сенім көрсеткен адамға тең әйелмен ғана неке жасауға өкілетті екенін түсіну қажет.

Бұған Әбу Ханифа ғұрып өкілетті адамға үлкен кеңшілік ұсынады, себебі, дәрежесі биік тектен шыққан еркектердің өзі де кейде өздеріне әйел етіп күндерді де, өздеріне тең, бостандықта туған әйелдерді де алады деп жауап береді; ал осы негізде өкілетті адам тек бір топтағы ғана әйелдерді таңдаумен шектелмейді, себебі, «әйел» терминін кең мағынада түсіну қажет. Егер әдет неке үшін бірінші кезекті мағынаға ие деп болжасақ, онда бұған әдет екі түрлі болады деп жауап беруге болады: олардың біреулері сөзге қатысты (мысалы, жалпы алғанда жануарларды атайтын «дабба» сөзінің қолданысы ғұрып бойынша тек жылқыны атау үшін ғана шектелген), ал басқалары әрекетке қатысты (ораза айты кезінде жаңа көйлек кию ғұрпы сияқты). Бұл жағдайда ғұрып сөзге емес, деректерге қатысты, сондықтан, шектеулі мағынада қолданыла алмайды. – Төменіректе, сенімхаттар туралы сөз болғанда бұл жағдайда екі шәкірт теңдікті басқа көзқарас тұрғысынан қарастыратыны көрсетілетін болады, нақты айтқанда, егер еркектің қандай да болсын бір әйелге үйленуі қажетті жағдай болып қойылмаса, онда оның өкілетті адам арқылы некеге тұруға деген қалауы оның өзіне тең болатын әйелге ғана қатысты болады.

ІІІ ТАРАУ

МАҺР НЕМЕСЕ ҚАЛЫҢ МАЛ ТУРАЛЫ

Неке неке сыйынсыз да заңды. – Неке келісім-шартында неке сыйы жайлы айтылуына немесе айтылмауына қарамастан неке заңды деп саналуы тиіс. «Никах» термині сөзбе сөз алғанда еркек пен әйелдің арасындағы қосылу, жыныстық қатынас, одақты білдіреді және неке сыйын төлеуді заң тек некенің нысаны – әйелге көрсетілетін құрмет ретінде белгілеген; сондықтан неке сыйы жайлы неке келісім-шартында айту оның заңдылығы үшін айтарлықтай маңызды шарт болып саналмайды. Оның үстіне неке келісім-шартында неке сыйы төленбейді деп арнайы айтылғанның өзінде де неке заңды күшке ие болады. – Малик бұл пікірмен келіспейді.

Он дирһем – заң бойынша неке сыйының ең аз мөлшері. – Ең аз неке сыйы – он дирһем. – Шафиғи құнды заттың төлемі ретінде айналымда жүрген кез келген ақша белгісі заңды неке сыйы деп санала алады, себебі, заң бойынша неке сыйы әйелге тиесілі және оның көлемі оған байланысты болуы тиіс. Біздің ғалымдарымыз бұған қарсылық білдіреді: біріншіден, Пайғамбар айтқан: «Он дирһемнен кем неке сыйы жоқ»; екіншіден, неке сыйы заң арқылы әйелге көрсетілетін құрмет ретінде белгіленген, сондықтан оның ең аз мөлшерін заң алдында мағынасы бар болатын сомада анықтау қажет. Мұндай сома болып тура он дирһем саналады, себебі, осы сома ұрланған болса заң саусағын шабу арқылы жазалайды.

Неке сыйы он дирһемнен кем болған жағдай. – Егер еркек неке сыйын он дирһемнен кем мөлшерде белгілесе, онда біздің ғалымдарымыздың пікірі бойынша, әйелі дегенмен де он дирһемді толық алуы тиіс. – Зуфардың пікірі бойынша ол *махрумисль* – оңды неке сыйын алуы қажет – себебі, егер неке келісім-шартында белгіленген

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сома оны неке сыйы деп атауға соншалықты аз болса, онда бұл қандай да неке сыйының жоқ болуымен тең. – Бұған біздің ғалымдарымыз бұл жағдайда аз неке сыйы белгіленуінің сәйкессіздігі заң арқылы әшкереленеді, заң неке сыйының он дирһемнен кем болуына жол бермейді және әйел егер бұдан аз сомаға да келіскен болса, осы сомаға разы болады. Басқа жағынан алғанда, бұл жағдайды неке сыйы мүлде тағайындалмайтын жағдаймен теңестіруге болмайды, себебі, кейде әйел тек өзінің еркекке деген махаббаты үшін ғана өзіне ие болу құқығын ешбір сыйлықсыз да беруі мүмкін; бірақ бұл жағдайда бірде бір әйел тым аз сыйлыққа келіспейді. Егер жоғарыда айтылған жағдайда күйеуі әйелімен іс жүзіндегі некеге, яғни жыныстық қатынасқа дейін ажырасса, онда ол біздің барлық үш ғалымымыздың пікірі бойынша, ол өзінің неке сыйынан бес дирһем ала алады. Зуфар бұл жағдайда ол неке сыйы белгіленбеген жағдайдағыдай, тек мутъа⁷¹, сыйлық алуға ғана құқылы.

Әйел неке сыйын алуға неке іс жүзінде орындалғаннан кейін немесе күйеуінің өлімінен кейін толық құқылы. – Егер кімде кім он немесе одан көп неке сыйын белгілесе және одан кейін іс жүзінде некелессе (жыныстық қатынас арқылы) немесе өлсе, онда бұл екі жағдайда да әйел неке сыйын толық алуы тиіс: себебі, бірінші жағдайда ол күйеуіне неке сыйы арқылы төленген құндылықты, яғни будъа⁷² жеткізені үшін; екінші жағдайда күйеуінің өлімі арқылы неке оның барлық жеке мәселелері мен салдарларында түпкілікті бекиді және олардың қатарына неке сыйын төлеу де жатады.

Әйел неке іс жүзінде орындалғанға дейін ажырасқан жағдайда неке сыйының жартысын алуға құқылы. – Егер еркек алдыңғы оқиға жағдайларында өзінің әйелін *халуат-сахихке*, іс жүзіндегі некеге дейін жіберсе, онда ол бұл жағдайда Алланың бұйрығы бойынша оған белгіленген неке сыйының жартысын алады: «Егер сендер оларды танып білместен жіберсеңдер және неке сыйын белгілеп қойсаңдар, онда оларға өздерің белгілегеннің жартысын төлеуге тиіссіндер».

Қарсылық. – Бұл жағдайда келісім-шарттың нысаны әйелге оған тиіспей қайтарылатындықтан, сауда-саттық келісім-шартын екі тарап та жойған кезде тауардың бағасы төленбейтін жағдайдағыдай неке сыйы төлемге жатпайтын болуы керек еді.

Жауап. – Ол жағдайға қиас (ұқсастық) бойынша екі көзқарас қолдануға болады. Олардың біріншісі жоғарыда баяндалған қарсылықта көрсетілген; ал екіншісі: неке сыйын толық төлеу дұрыс болар, себебі, күйеуі өзінің жыныстық қатынасқа түсу құқығын пайдаланған жоқ, бірақ одан ерікті түрде бас тартты, бұл сауда-саттық кезінде тауар егер сатып алушының кінәсінен сатушының қолында жарамсыз болып қалса, оның құнының толық төленуінің тиістігі сияқты. Бірақ бұл екі тұжырым да бір біріне толықтай қарсы; сондықтан оларға көңіл бөлінбейді және жоғарыда баяндалған қасиетті мәтінге жүгіну қажет. Бұл жағдайда *хилуат*, яғни екеуден екеу оңаша қалудың болмағаны ескеріледі, себебі, біздің ғалымдарымыздың пікірі бойынша, хилуат жыныстық қатынасқа тең болады, ол жөнінде төменіректе сөз болады.

Егер неке келісім-шартында неке сыйы анықталмаса, онда әйел оған тиісті (маһр-мисл) неке сыйын алады. – Егер еркек әйелмен неке сыйын белгілемей немесе

⁷¹ «Мутъа» сөзінің мағынасы төменде келтіріледі

⁷² Сөзбе сөз: қыз болуы

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

неке келісім-шартында оның неке сыйын алмайтынын ескертпей некеге тұрса және одан кейін онымен жыныстық қатынаста болса немесе өлсе, онда әйел маһр-мисл, яғни оған тиісті неке сыйын алуы тиіс. – Шафиғи күйеуі өлген жағдайда әйелі ештеңе алмауы тиіс дейді; бірақ оның көптеген шәкірттері мен ізбасарлары жыныстық қатынас болған жағдайда әйелдің маһр-мисл⁷³ алуға құқылы екенімен келіседі. Шафиғидің дәлелі неке сыйы - әйелдің құқығы екенімен түсіндіріледі, сондықтан, ол некелескеннен кейін егер өзі қаласа одан бас тарта алатыны сияқты, ол кейінірек те одан бас тарта алады. – Бұған біздің ғалымдарымыз неке сыйы үш жеке құқықты қамтитынын айтып қарсылық білдіреді: біріншіден, неке сыйының он дирһемнен кем болмайтынын белгілеген заң құқығы (жоғарыда айтылғандай); екіншіден, неке сыйының маһр-мислден кем болмауын бақылайтын асыраушылардың құқығы және үшіншіден, неке сыйы меншік ретінде иелігіне түсуге тиісті әйел құқығы. Заң құқығы және асыраушылардың құқығы неке келісім-шартының орындалуы кезінде емес, оның жасалуы кезінде назарға алынуы тиіс; соған сәйкес, неке келісім-шарты жасалған кезде неке сыйы тек әйелдің құқығын нақтылы көрсетеді, сондықтан ол одан неке келісім-шарты жасалғанға дейін емес, тек одан кейін ғана бас тарта алады.

Алдыңғы оқиға жағдайында әйел егер заңды некеге дейін ажырасатын болса сыйлық алады. – Егер еркек неке келісім-шартында неке сыйын белгілемей немесе неке сыйы болмайды деген шартпен әйелмен некеге тұрса, онда жыныстық қатынасқа дейін ажырасқан жағдайда әйел Алланың бұйрығына сәйкес мутъа, яғни сыйлық алуға құқылы: «Оған өздеріңнің байлықтарыңа сай бай, ал кедейліктеріңе сай кедей сыйлық беріңдер». Бұл сыйлық Қасиетті кітапқа сәйкес күйеуі үшін міндетті, бірақ Малик мұнымен келіспейді. Бұл мутъа, яғни сыйлық оны алуға тиісті әйелдің тәуір киіп жүруіне лайық матадан тігілген үш киімнен тұрады. Мутъа: *дирра*, яғни көйлектен, *химар*, яғни жамылғыдан, *мальхаффат*, яғни сырт киімнен тұрады. Бұл сан (үш киім) Айша мен Ибн Аббастың түсіндірмесі бойынша анықталған. Бұдан қайырымдылыққа қатысты алғанда мутъа әйелдің ахуалы мен жағдайына қарай анықталғаны дұрыс (мұндай да түсіндірме бар: ол Қархиге тиесілі), себебі, ол әйелге лайықты неке сыйын алмастыра алады; бірақ, дегенмен де, мутъа тек еркектің ахуалы мен жағдайына сәйкес анықталғаны дұрыс деген пікір көбірек мақұлданады, себебі, жоғарыда келтірілген Қасиетті кітап мәтіні бойынша: «Өздеріңнің байлықтарыңа сай бай, ал кедейліктеріңе сай кедей» делінеді. Бұл сыйлықтың бағасы маһр-мисльдің жартысынан аспауы және бес дирһемнен кем болмауы тиістігін атап өту қажет. «Мабсутта» да солай айтылған.

Неке келісім-шартын жасағаннан кейін неке сыйын анықтау жағдайы. – Егер еркек неке сыйын белгілемей әйелмен некеге тұрса және кейіннен ерлі-зайыптылар оған қатысты бір келісімге келсе, онда күйеуімен жыныстық қатынаста болғаннан немесе оның өлімнен кейін әйелі бұл неке сыйын толығымен алады; ал жыныстық қатынасқа дейін ажырасқан жағдайда ол тек сыйлық қана алады. Шафиғи де келіскен Әбу Йусуфтің пікірі бойынша, бұл жағдайда әйел некелескеннен кейін ерлі-зайыптылардың өзара келісімі бойынша белгіленген неке сыйының жартысын алуы тиіс, себебі бұл неке сыйының көлемі нақты анықталған және оны төлеу күйеуіне міндетті болған; сондықтан Кітаптың сөзі бойынша әйел оның жартысын алуға тиіс:

⁷³ Әкесі жағынан, мысалы әкесінің әпке-қарындастары, алған қалың мал

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

«сендер оларға белгілегеннің жартысын төлеулерің керек». Біздің ғалымдарымыз бұл жағдайда былай деп ой қорытады: ерлі-зайыптылардың некелескеннен кейінгі келісімі бойынша анықталған неке сыйы әйел неке келісім-шарты бойынша алуға тиісті неке сыйын, яғни маһр-мислді алмастырады; ал мұндай неке сыйы бөлінбейді, соған сәйкес, оны алмастырушы неке сыйын да екіге бөлуге болмайды. Жоғарыда келтірілген мәтін тек әдеттегі неке келісім-шартын жасау кезінде анықталған неке сыйына ғана қатысты қолданылады.

Некеден кейін неке сыйына қосу жағдайы. – Егер күйеуі некеден кейін әйелінің пайдасына өз тарапынан бірдеңе қосса, онда бұл қосымшаны төлеу – ол үшін міндетті. Зуфар мұнымен келіспейді, ол жөнінде сауда-саттық келісімі жасалғаннан кейін бағаның өсірілу жағдайы сөз болатын сауда-саттық туралы кітапта көрсетіледі. – Бірақ, неке сыйына мұндай қосымша берілу мақұлданғанмен, ол жыныстық қатынасқа түскенге дейін ажырасқан жағдайда оның міндеттілігі жойылады. - Әбу Йусуфтің пікірі бойынша, осы соңғы жағдайда әйелі неке сыйының өзінің жартысымен қоса алғанда оған қосымшаның да жартысын алуға құқылы. – Пікірлердің бұл айырмашылығының себебі, Ханифа мен Мұхаммедтің түсіндірмесі бойынша, тек нақты және міндетті деп белгіленген төлемді ғана бөлуге болады, ал Әбу Йусуф неке келісім-шартында белгіленген неке сыйына кейіннен үстелген қосымша да неке сыйының өзі сияқты міндетті, сондықтан ол да сондай негізде бөлінуі тиіс.

Әйел өзінің барлық неке сыйынан бас тартуы мүмкін. - Әйел өзінің күйеуін неке сыйын жартылай немесе тіпті толық төлеуден заңды түрде босата алады, себебі, неке келісім-шартын жасағаннан кейін ол неке сыйын алуға тек өзі ғана құқылы (жоғарыда түсіндірілгендей) және одан оның бас тартуы іс жүзіндегі некеден (жыныстық қатынастан) кейін деп болжалады.

Хилуат-сахих, екеуден екеу бірге оңаша қалу жағдайы. – Егер күйеуі әйелімен оңаша қалса, әрі жыныстық қатынасқа түсуге не заңды, не табиғи кедергілер болмаса және одан кейін онымен ажырасса, онда бұл жағдайда неке сыйы толығымен әйелдің пайдасына беріледі. Шафиғидің пікірі бойынша, бұл жағдайда әйел неке сыйының тек жартысын алуға ғана құқылы, себебі күйеуі неке келісім-шартына енгізілген нысанға иелік ету тек жыныстық қатынас арқылы орындалатынымен санасуы керек, онсыз неке сыйын алу құқығы толығымен анықталған және бекіген деп санала алмайды. – Бұған біздің ғалымдарымыз қарсы: онда бұл жағдайда әйел келісім-шарт нысанын⁷⁴ жеткізу арқылы неке келісім-шартындағы өзінің міндетін орындады және одан тәуелді шарада күйеуінің осы нысанға иелік етуіне барлық кедергілер жойылған, сол арқылы әйелдің белгіленген нысанды жеткізгені үшін төлем болып саналатын неке сыйын алуға құқығы анықталған және бекіген деп саналуы керек. Бұл жағдай сауда-саттық кезінде сатушы сатылған мүлікті жеткізуді ұсынатын, ал сатып алушы алынған затқа иелік етуді ойламайтын жағдай сияқты: сатып алушы иелік етуге кірісті, сатылған зат сатушыда сақталып қалды, ал сатып алынған заттың құнын төлеу сатып алушы үшін міндетті деп саналады.

Хилуат неке іс жүзінде, яғни жыныстық қатынас арқылы орындалды деп саналмайтын жағдайлар. – Егер күйеуі әйелімен олардың екеуінің бірінің науқас жағдайында немесе ораза айы кезінде немесе Меккеге парыз немесе ерікті қажылық

⁷⁴ Яғни, қыздың тазалығы, бузъя

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жасау кезінде немесе Пайғамбардың қабірін зиярат ету кезінде (умра аталатын) сондай-ақ, әйелінің ай сайынғы тазару кезінде онымен оңаша қалған болса, онда бұл хилуат-сахих, яғни толық оңашалану болып саналмайды. Егер мұндай хилуаттан кейін олар ажырасатын болса, онда әйелі неке сыйының жартысын алуға ғана құқылы, себебі, барлық бұл жағдайлар жыныстық қатынасқа кедергі деп саналады: науқас жағдай - әлсіздік пен дәрменсіздікке немесе жыныстық қатынас осы жағдайда олардың екеуінің біріне зиян әкелуінің мүмкіндігіне байланысты; ораза айты кезіндегі жыныстық қатынас – тәубеге келу мен күнасын жуудың қажет болуы себебіне байланысты; қажылық пен Пайғамбардың қабірін зиярат ету – жыныстық қатынас күнасын құрбандықпен өтеу қажеттігіне байланысты; ал әйелдің ай сайынғы қаны – заңды да, табиғи да кедергі болуына байланысты.

Ерекше жағдай. – Егер екеуінің бірі нәпіл, яғни ерікті ораза тұтқан болса, онда әйел неке сыйын толық алуға құқылы, себебі, мұндай оразаның бұзылуы аса маңызды емес; дәл осы жағдай тура осы тұжырымдарға байланысты күнасынан айырылу үшін немесе беруге байланысты ұстаған оразаға да қатысты.

Әтепмен хилуат жағдайы. – Егер *маджбуб*⁷⁵, әтеп өзінің әйелімен оңаша қалса және кейіннен онымен ажырасса, онда Ханифаның пікірі бойынша, әйел неке сыйын толығымен алуы тиіс. Екі шәкіртінің пікірі бойынша, бұл жағдайда әйел неке сыйының тек жартысын алуға ғана құқылы, себебі, маджбуб ауру еркектен де әрмен жыныстық қатынасқа қабілетсіз. *Иннинге*, жыныстық қатынасқа қабілетсіз адамға қатысты басқаша болуы тиіс, себебі, заң ұрық шашу қабілетінің болуы, болмауына қарамастан, бала тудырушы мүшесінің бар болуын талап етеді, ал маджбубте ол жоқ. Ханифа басқа жағынан әйел некенің нысанын тек жеткізуге ғана міндетті (күйеуі оған тиісе және жанаса алатындай) және бұл міндет оның тарапынан мүмкіндігінше орындалуына байланысты, ол жыныстық қатынас іс жүзінде орындалғандай неке сыйын толық алуға құқылы.

Әйел жоғарыда аталған барлық жағдайда да ажырасқаннан кейін сыпайылық ұстанымы бойынша, оның құрсағында күйеуінің ұрығы бар болуына байланысты, сақтық үшін *иддат* (сынақ үшін белгіленген мерзім) ұстануға міндетті. Сонымен бірге, иддат заң мен foeti құқығы болып саналады; некелесуші тараптардың олардың арасында жыныстық қатынас болмады деген мәлімдемесіне сенуге болмайды, себебі, әйелді мұндай мәлімдеменің негізінде иддаттан босату жоғарыда аталған, некелесуші тараптардың құқығынан дербес және жеке тұратын құқықтарды бұзу болып табылған болар еді. Неке сыйына келетін болсақ, ол туралы мәселе мүліктік мәселе болып табылады, оның шешімі өз негізінде сақтық ұстанымын (иддат сияқты) да, жалпы алғанда күдік тудыруға себеп болуы мүмкін әлденені қамти алмайды; сондықтан, хилуат-сахих болмағандықтан, неке сыйы төлемге жатпайды. Қудури өз кітабының түсіндірмелерінде егер жыныстық қатынасқа заңды кедергілер (мысалы, ораза) туған болса, онда иддатты ұстану міндетті, себебі, бұл жағдайда жыныстық қатынасқа түсу қабілеті бар деп есептелетінін ескертеді. Ал егер бұл кедергі қалыпты болса (мысалы, ауру немесе тым жас болу), онда иддат ұстану міндетті емес, себебі, бұл жағдайда жыныстық қатынасқа түсу мүмкіндігі жоқ.

⁷⁵ Жыныстық мүшесінен айырылған әтеп

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Ажырасу кезінде әйеліне сыйлық беру мақұлданатын немесе міндетті болатын жағдайлар. – Екі жағдайды санамағанда, күйеуі талақ берген кез келген әйелге мутъа (сыйлық) беру мақұлданады: 1) әйеліне неке сыйы белгіленген және талақ неке іс жүзінде орындалғанға дейін берілген жағдайда және 2) оған неке сыйы белгіленбеген, ал талақ тағы да неке іс жүзінде орындалғанға дейін берілген жағдайда. Бұл екі жағдайда сыйлық тек мақұлданып қана қоймайды, сонымен бірге міндетті саналады. Шафиғидің пікірі бойынша, әйелге неке сыйы белгіленіп, оған талақ неке іс жүзінде орындалғанға дейін берілгеннен басқа барлық жағдайда сыйлық міндетті. Ол некенің бұзылуы нәтижесінде әйелі түсетін қауқарсыз жағдайдың өтемі түрінде мұндай сыйлық беру оның күйеуі үшін міндетті деп санайды; қарастырылып отырған жағдайда сыйлық неке сыйының жартысымен алмастырылады, себебі, ажырас неке келісім-шартының бұзылуына тең, ал сыйлық екі рет берілмейді. Біздің ғалымдарымыз бұған қарсы, оларешбір неке сыйынсыз некеге тұруға келіскен әйелдің ғана маһр-мислі сыйлықпен алмастырылатынын айтады. Сонда, ажырасқан жағдайда ол неке сыйынан мүлде айырылады, сондықтан кез келген неке сыйының маңызды ерекшелігін құрайтын төлем ретінде сыйлық міндетті болады. Солайша, сыйлық маһр-мисльдің орнына жүреді және бұл жағдайда ол неке сыйына қосымша немесе оның бөлігі ретінде жүрмеуі тиіс, сондықтан әйелге неке сыйының қандай да бір бөлігі берілуге тиісті болғанда міндетті де емес. Шафиғидің «ажырасу салдарынан күйеуі әйелін қауқарсыз жағдайға түсіруіне байланысты күйеуі тарапынан өтем ретінде сыйлық беру міндетті» деген қағидасына келетін болсақ, онда бұған күйеуі жағынан мұндай әрекет қылмыс болып саналмайды, себебі, ажырасудың бұл түріне заң арқылы рұхсат берілген және сыйлық ол үшін міндетті болып санала алмайды, керісінше, мақтау мен құрметтеуге лайықты әрекет болып табылады.

Неке келісім-шартын жасаушы тұлғалардың арасындағы өзара алмасу жағдайы. – Егер кімде кім өзінің қарындасын немесе қызын біреуге әйелдікке беріп, осы үшін оның өзіне әйелдікке қарындасын немесе қызын беруін шарт ретінде қойса, бір неке келісім-шарты басқасының төлемі ретінде жүретін болса, онда осы келісім-шарттың екеуі де заңды күшке ие болады. Шафиғидің пікірі бойынша, бұл келісім-шарттың екеуі де заңсыз, себебі, ол екеуі бойынша екі әйелдің әрқайсысы екіге бөлінетін сияқты: бір жартысы некенің нысаны, ал екінші жартысы неке сыйы болып шығады; егер біреу өзінің қызын басқа біреуге әйелге берсе және оны басқа біреудің қызы үшін неке сыйы ететін болса, онда олардың біріншісінің қызының жеке басы⁷⁶ екіншісі мен оның қызының арасында бөлінгендей болады, - бір жартысы күйеу ретінде екінші еркекке және тағы бір жартысы неке сыйы ретінде оның қызына; ал неке иелігі немесе меншігін бөлуге болмайды (заң бойынша неке жеке емес, толық иелену түрінде белгіленген), бұдан мұндай алмасудың заңсыз екені шығады. – Бұған біздің ғалымдарымыз неке келісім-шартын жасаушы неке сыйы деп мәнісінде олай бола алмайтын нәрсені белгіледі (әйелдің будъасы басқа бір әйелдің меншігі бола алмайды); бірақ осының барлығына қарамастан неке келісім-шарты заңды күшін сақтайды және әр әйел неке сыйы ретінде шарап немесе доңыз белгіленген жағдайдағыдай маһр-мисль алуы тиіс. Шафиғидің «неке иелігінде серіктестер болмайды» деген тұжырымына келетін болсақ, ол дұрыс, бірақ бұл жағдайда бөлу

⁷⁶ Бузъа, қыз болу

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

немесе серіктестік жоқ, себебі, қыздардың бірінің будьасы неке келісім-шарты арқылы басқасының меншігі бола алмайды.

Күйеуінің тарапынан қызмет көрсету шартымен жасалған неке жағдайы. – Егер бостандықта туған еркек әйелмен белгілі бір мерзім бойында (мысалы, жыл бойы) оған қызмет етуді мойнына алып немесе оған Құран үйретуге міндеттеніп некелесе, онда Ханифа мен Йусуфтің пікірі бойынша, дегенмен оған маһр-мисль төлеуі қажет. Мұхаммед бұл жағдайда әйел еркектің бір жылғы қызметінің құнына тең келетін соманы алуы тиіс деп санайды. Бірақ, егер құл өзінің қожайынының келісімімен осыған ұқсас жағдайда әйелмен некелесе, онда мұндай неке заңды күшке ие болады, ал әйел тек оның қызметіне ғана құқылы болады. Шафиғи әйел екі жағдайда да тек неке келісім-шартымен белгіленген қызметке құқылы болады, себебі, заңды неке сыйы деп айырбастау құнына қабілетті барлық нәрсені түсіну қажет деген пікірді ұстанады. Соған сәйкес, бұл жағдайды еркек өзі некелесіп, ол үшін басқа біреудің қандай да бір қызметін қоюды немесе белгіленген мерзімде өзі әйелдің малын бағуды міндетіне алатын жағдаймен салыстыруға болады. – Бұл тұжырымға қатысты біздің ғалымдарымыздың қарсылықтары екіжақты. Біріншіден, қандай да бір мүліктік меншік орнына іздеуден басқаша әйелді иемденуді талап етуге (яғни, заңсыз қалауға) болмайды; ал Құранды үйрету бұл анықтамаға келмейді; сондай-ақ уақытша пайдалану да (біздің ғалымдарымыздың ойынша) – ол не маңызды, не тұрақты болмағандықтан, мүліктік меншік бола алмайды, ал меншік дегеніміз – тұрақты зат және өзінің мәнісі бойынша мүлікті білдіреді; ал қызмет көрсету өз мәнісі бойынша меншік бола алмайтындықтан, әйелді иеленуді бостандықта туған адамның қызметіне айырбас түрінде іздеу заңсыз болады.

Құлдың әйелді некеге алып, оған қызмет етуді өзіне шарт етіп қоятын жағдайы бұған қарсы тұрады, себебі, бұл жерде әйелді иелену заттай мүлікке айырбас түрінде талап етіледі, ол ретінде құлдың еңбегі саналады, себебі, еңбегін пайдалану үшін құлдың өзіне иелік ету қажет, ал құл – заңды меншік түрі, соған сәйкес, оның қызметін пайдалану да заңды. Сондықтан, мұндай неке құлды неке сыйы ретінде беруге тең болады, ал бостандықта туған күйеуге оны істеуге болмайды. Екіншіден, әйелдің өзінің бостандықта туған күйеуінен қызмет көрсетуді талап ете алатын жағдайда болуы заңсыз, себебі, бұл олардың шартты жағдайларының ауысуына тең болған болар еді, себебі, некенің қажетті шарттарының бірі бойынша әйелінің күйеуіне қызмет етуі саналады, ал күйеуі әйелінің қызметін пайдаланады; сондықтан, неке одағының қажетті шарттарын бұрмалайтын мұндай неке - заңсыз. Неке сыйы ретінде басқа біреудің қызметін қою еш заңсыздықты көрсетпейді, себебі, бұл арқылы неке одағының қажетті шарттары бұрмаланбайды. Неке сыйы ретінде құл күйеуінің қызметін пайдалану да заңды болып табылады, себебі, оның өз әйеліне көрсететін қызметі шын мәнісінде өзінің қожайынына көрсететін қызметі болып шығады, ал ол сол қожайынынан некеге тұруға өзінің әйеліне қызмет көрсету шартымен келісім алған. Әйелінің малын бағу да заңды, себебі, бұл қызметтің сипаты уақытша емес, тұрақты және еркектер үшін оны өздерінің әйелдеріне көрсетуге рұхсат етіледі, сондықтан ол неке одағының қажетті шарттарын бұрмаламайды. Жалпы алғанда неке сыйының орнына күйеуі үшін қор саналатын қызмет түрлерін көрсетуге тыйым салынған, ал мал бағу қорлық болып саналмайды.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Жоғарыда аталғандай, Мұхаммед бұл жағдайда әйел күйеуінің қызметінің құны бағаланған соманы алуы тиіс деп санайды, себебі, оның пікірі бойынша, күйеуінің қызметі меншік болып саналады, бірақ ол бұл қызметті әйелінің меншігіне заттай түрде жеткізе алмайды, себебі, бұл арқылы некенің негізгі қағидалары бұзылған болар еді. Бұл жағдай неке сыйы ретінде үшінші бір адамның меншігі саналатын құл белгіленген жағдайға ұқсас: онда күйеуі әйеліне осы құлдың құнын төлеуі қажет болған болар еді. – Ханифа мен Йусуф, басқа жағынан, бұл жағдайда әйел маһр-мисль алуы тиіс деп санайды; олар қызмет меншік бола алмайтынын әлдеқашан дәлелдеп қойған, себебі, әйелі өзінің бостандықта туған күйеуінен ешбір жағдайда қызмет көзрсетуді талап ете алмайды, себебі, бұл неке одағының негізгі қағидаларын бұзушылық болған болар еді. Неке сыйы ретінде күйеуінің қызметін белгілеу шарап немесе доңызды неке сыйына белгілеумен тең, себебі, мұндай неке сыйын заттай жеткізу заңсыз, сондықтан неке сыйының өзі бағалауға жатпайды. Мұндай жағдайларда, яғни неке сыйы жоқ болғанда заң маһр-мисльді міндеттейді.

Әйелі неке сыйын күйеуіне қайтарып беретін немесе оны төлеуді талап етпейтін жағдай. – Егер еркек әйелмен мың дирһемге тең болатын неке сыйымен неке келісім-шартын жасаса, одан кейін әйел бұл соманы иелене отырып, оны күйеуіне сыйласа, ал ол бұл сыйлықты иеленіп, одан соң әйелмен іс жүзіндегі некеге дейін ажырасса, онда ол әйелден бес жүз дирһем талап етуге құқылы, себебі, заң алдында ол сыйлыққа дәл сол соманы алған жоқ (яғни, неке сыйының жартысын), әйел ол соманы іс жүзіндегі неке орындалғанға дейін ажырасқан жағдайда күйеуіне қайтаруы тиіс, себебі, ақша келісім-шартты жасаған кезде де, оны жойған кезде де оған ұқсас басқа нәрсе болмайтын құндылық түріне жатады. Тура сол тұжырым неке сыйына салмағы немесе көлемі өлшенетін заттар ұсынылған жағдайда да қолданылады. Бірақ егер әйелі күйеуіне соманың өзін иеленбей тұрып мың дирһем сыйласа (яғни, өзінің неке сыйын алуға құқығынан бас тартса) және күйеуі бұдан соң онымен неке іс жүзінде орындалғанға дейін ажырасса, онда екі тарап та бір-бірінен ештеңе талап ете алмайды. Мұндай шешім заңды әйел үшін қолайлы түсіндіруге негізделген. Алдыңғы жағдайға ұқсас деп қарағанда, әйелінің өзі неке сыйын алу құқығынан бас тартуына байланысты күйеуі оны төлеу міндетінен босатылса да, әйелінен неке сыйының жартысын алуға тиісті сияқты еді, бірақ, әйелі, шамасы, ол соманы (неке сыйының жартысын) төлеуден босатылмаған, ол сома олар неке іс жүзінде орындалғанға дейін ажырасқан жағдайда күйеуіне қайтарылуы тиіс болған. Заңның қолайлы түсіндірілуі әйелі алудан бас тартқан неке сыйымен бірге күйеуіне неке іс жүзінде орындалғанға дейін ажырасқан жағдайда әйелі қайтаруға тиіс болған сома қайтарылды деп саналуында. ал заң алдында бұл мақсатқа қол жеткізіліп тұрғандықтан, оған қай жолмен қол жеткізілгеніне назар аударылмай-ақ қойса да болады; яғни, мақсат – неке іс жүзінде орындалғанға дейін ажырасқан жағдайда күйеуінің неке сыйының жартысын қайтарып алуы болатын және бұл мақсат орындалды, ажырасу жолымен емес, оның алдындағы сыйлық жолымен, іс жүзінде бұлардың айтарлықтай айырмасы жоқ.

Егер еркек әйелмен мың дирһем болатын неке сыйын беру шартымен некелессе және әйел тек бес жүз дирһемді ғана иеленсе, ал бұдан соң күйеуіне мың дирһемнің барлығын - өзі алған бес жүз дирһемді де, әлі алмаған бес жүз дирһемді де сыйласа немесе тек осы соңғы, өзі алмаған бес жүз дирһемді сыйласа, онда Ханифаның ілімі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бойынша, неке іс жүзінде орындалғанға дейін ажырасқан жағдайда екі тарап та бір бірінен ештеңе талап ете алмайды. Екі шәкірті бұл жағдайда күйеуі әйелінен неке сыйының өзі иеленген бөлігін қайтаруды талап ете алады деп санайды. Олар бұл жағдайда жекеден жалпыға қарай жүреді: егер әйелі күйеуіне неке сыйын оған өзі әлі иелік етпей тұрып толығымен сыйлаған болса, онда неке іс жүзінде орындалғанға дейін ажырасқан жағдайда күйеуі әйелінен ештеңе талап ете алмаған болар еді; ал егер әйелі неке сыйын толық иеленіп, бұдан соң оны күйеуіне сыйласа, онда неке іс жүзінде орындалғанға дейін ажырасқан жағдайда күйеуі әйеліне өзі бастапқыда төлеген барлық неке сыйының жартысын алуға құқылы. Бұдан, екі шәкірт егер әйел неке сыйының бір бөлігін иеленсе және олар неке іс жүзінде орындалғанға дейін ажырасса, әрі осы жағдайда әйелі оған барлық неке сыйын қайтарып берсе, онда күйеуі неке сыйының сол бөлігін алуға құқылы деп санайды. Олар бұл шешімді бір жағынан мынадай пікірмен бекітеді: неке сыйының біраз бөлігін күйеуіне сыйға беру неке сыйын осы бөлікке кемітуге тең, сондықтан осы бөлік неке келісім-шартынан⁷⁷ шығарылған деп саналуы қажет; соған сәйкес, егер күйеуіне неке сыйының әйелі әлі иеленбеген бөлігі сыйға берілсе, онда бұл неке келісім-шартына неке сыйының көлемі жағынан әйелі иелік етуге кіріскен бөлігіне тең келетін неке сыйын қосумен тең болады (сауда-саттық кезінде сатушы сатылған заттың бағасының жартысын шегереді, ал бұл осы затты белгіленген бағамен салыстырғанда оның жартысына сатқанмен бірдей болады). Сондықтан сыйланған бөлік неке сыйынан мүлде шығарылып тасталады және әйел иеленген бөлік толықтай алғандағы неке сыйын алмастырады.

Әйел неке сыйына иелікке кіріскен соң оны күйеуіне сыйлап, ал одан соң олар іс жүзіндегі некеге дейін ажырасса, онда күйеуі әйелінен алғашқыда алған неке сыйының жартысына тең келетін соманы талап етуге құқылы (жоғарыда аталғандай) болатыны сияқты, бұл жағдайда да ол әйелден ол иелік етуге кіріскен соманың жартысын талап етуге құқылы, себебі, бұл сома тұтастай алғандағы неке сыйын алмастырады. Әбу Ханифа бұған күйеуі өз тарапынан әйеліне ешбір бір өтемсіз-ақ тиісті неке сыйының жартысын төлеуден босатылғанымен қанағаттауы керек деп қарсылық білдіреді; соған сәйкес, іс жүзіндегі некеге дейін ажырасқан жағдайда оның әйелден ештеңе талап етуге құқығы жоқ. Ал екі шәкірттің «бастапқы неке сыйынан шегеру неке келісім-шартынан шығарылуы тиіс» деген қағидасына келетін болсақ, онда оған егер ол дәлелденген қағида деп қабылданатын болса, онда мысалы, жиырма дирһеммен жасалған некеде әйелі он бес дирһемді күйеуіне беретін болса, онда ол әйеліне бәрібір он дирһем қарыз болып қалады: егер неке келісім-шартынан он бес дирһем шығарылса, онда неке бес дирһеммен жасалған болып шығады, ал заң неке сыйының он дирһем болуын талап етеді. Осыдан бұл тұжырымды дұрыс деп қабылдау жаңсақ және негізсіз шешімге апаруы мүмкін екендігі шығады, ал бұл оның бұрыстығын көрсетеді.

Егер еркек әйелмен мың дирһем неке сыйымен некелессе және әйел оны осы неке сыйының жартысынан аз бөлігін, мысалы екі жүз дирһемді төлеуден босатып, неке сыйының қалған бөлігін иеленуге кіріссе, ал содан кейін олар іс жүзіндегі некеге дейін ажырасса, онда Әбу Ханифаның пікірі бойынша, күйеуі әйелінен бастапқы неке

⁷⁷ Негізгі мәтінде бұл сөз: «Сондықтан ол келісім шарттың шығуымен байланысты», яғни, келісім шарт жасасуға дейінгі уақыт бөлігімен, сол себепті оған еңбеген мерзіммен

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сыйынан шегеріліммен бірге осы неке сыйының жартысын құрайтын соманы, яғни үш жүз дирһем талап ете алады, ал екі шәкіртінің пікірі бойынша, ол әйелі иелік етуге кіріскен бөліктің жартысын, яғни төрт жүз дирһемді талап ете алады.

Заттардан тұратын неке сыйы жағдайы. – Егер еркек әйелмен неке келісім-шартында аталған әр түрлі заттардан тұратын неке сыйы үшін некелессе және әйел оған оларды сыйға берсе, онда іс жүзіндегі некеге дейін ажырасқан жағдайда ол одан ештеңе талап ете алмайды. Бұл ереже заңды әйел үшін тиімді етіп түсіндіруге негізделген. Қиас (ұқсас жағдай) бойынша еркек заттардың құнының жартысын талап етуіне болатын сияқты еді, себебі, әйел (алдыңғы жағдайлар бойынша) өзі алған неке сыйының жартысын қайтарып беруге тиісті, бірақ ол өзінің барлық неке сыйын күйеуіне сыйлағандықтан іс жүзінде олай істей алмайды, сондықтан, шамасы, ол осы неке сыйын құрайтын заттардың жартысының құнына тең келетін соманы төлегені дұрыс болар еді. Заңның әйел үшін тиімді түсіндірілуіне мына пікір негіз бола алады: іс жүзіндегі некеге дейін ажырасқан жағдайда әйелден ол иелік етуге кіріскен бөліктің жартысын талап етуге құқылы күйеу бұл жартыны әйелінен сыйлық түрінде бұған дейін алып қойды; ал әйел күйеуіне ол кезде бұл заттардан басқа ештеңе бере алмайтын болғандықтан (олардың барабарлығы неке келісім-шартында аталу арқылы анықтала алады), бұдан күйеуінің әйелінен ол іс жүзіндегі некеге дейін ажырасқан жағдайда қайтаруға тиістісін алғандығы шығады. Бұл қарыздан тұратын неке сыйы жағдайына қарама қарсы тұрады: әйел осы қарызға иелік етіп және оны күйеуіне сыйлаған соң іс жүзіндегі некеге дейін ажырасқан жағдайда осы қарыздың жартысының сомасын төлеуге тиісті болған болар еді, себебі, заңның алдында қарыз барабарлығын анықтауға болатын құндылықтардың қатарына жатпайды; сондай-ақ, әйелі түрлі заттардан тұратын неке сыйына (жоғарыда баяндалғандай) иелік етуге кіріскен соң бұл заттарды күйеуіне сататын жағдайға да қарсы тұрады, себебі, сонда бұл заттар күйеуінің меншігіне төлемнің орнына өткен болар еді де ол ешбір өтемсіз неке сыйының жартысын кейін талап ете алар еді. Егер неке сыйы малдан немесе осы мақсатқа күйеуі қарызға алған заттардан тұратын болса, онда іс жүзіндегі некеге дейін ажырасқан жағдайда мұндай неке сыйына да неке келісім-шартында нақты аталған заттарға қолданылған ереже қолданылады, себебі, барлық бұл заттар қарыз берушіге заттай қайтарылуға тиіс, сондықтан, олардың барабарлығы анықтала алады.

Әйелдің пайдасына шешілетін ерекше шартты жағдайлар. – Егер еркек әйелмен мың дирһем⁷⁸ неке сыйымен оны туған қаласынан әкетпеуге немесе онымен некеде тұрған кезде екеуден артық әйел алмайтын шартпен некеге тұрса, онда осы шарттар орындалған жағдайда әйел тек осы анықталған неке сыйын алуға ғана құқылы, себебі, ол заң белгілеген неке сыйымен⁷⁹ салыстырғанда анағұрлым көп және ол оған өзі келісті. Ал егер еркек неке келісім-шартында қойылған ерекше шартты бұзатын болса, яғни оны туған қаласынан алып кетсе немесе оның үстіне таға бір әйел алатын болса, онда әйел маһр-мисль алуға құқылы, себебі, еркек әйелдің пайдасына шешілетін ерекше шартты мойнына алды және оны орындамады, сондықтан әйел мың дирһем алып қанағаттанбады деп есептеледі және өзінің маһр-мислін толықтай алуы

⁷⁸ Маһр-мисльмен, яғни бұл жағдайда одан артықтау болады

⁷⁹ Он дирһем.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тиіс. Тура сол тұжырым әйел өзіне құрметпен қарау шартымен мың дирһем неке сыйына немесе оған қымбат көйлек сыйлыққа келіскен жағдайға да қолданылады.

Егер еркек әйелмен мың дирһем неке сыйымен оны туған қаласынан әкетпеуге, бірақ ол жерден оны алып кетсе онымен онда екі мың дирһем неке сыйымен де тұруға шарт қойып некелессе, онда ол өзі қабылдаған бірінші шартты орындаған жағдайда әйел мың дирһем неке сыйын алуға ғана құқылы; ал егер ол әйелді туған қаласынан алып кетсе, онда ол екі мың дирһемнен артық, мың дирһемнен кем болмайтын маһр-мисль алуға құқылы. Ханифа осылай деп үйретеді. Екі шәкірті екі шарттың екеуін де заңды деп табады: егер күйеуі әйелімен оның туған қаласында тұратын болса, онда ол мың дирһем, ал басқа жағдайда екі мың дирһем алуы тиіс. – Зуфар екі шарт та заңды күшке ие бола алмайды және сомасы екі мың дирһемнен артық, бір мың дирһемнен кем емес болса, әйелі екі жағдайда да маһр-мисль алуы тиіс деп санайды. Қарастырылып отырған жағдай жалға алу туралы кітапта айтылған жайға негізделген, ондағы әлдекімнің тігіншіге: «Егер сен бұл көйлекті маған бүгін тіксең, мен саған бір дирһем төлеймін, ал егер ертең тіксең жарты дирһем төлеймін» дегені сияқты, ол жайында төменіректе сөз болады.

Неке келісім-шартында нақты анықталмаған мүліктен берілетін неке сыйы жағдайы. – Егер еркек әйелмен оған неке сыйы ретінде нақты анықтамай, екі құлдың біреуін беретін болып некелессе және оған: «Өзіңе неке сыйы ретінде осы екі құлдың біреуін ал» десе және бұл екі құлдың бағасы екі түрлі болса, онда Әбу Йусуфтің түсіндірмесі бойынша, әйел оның маһр-мислі құлдың құнынан кем болса, онда құны азырақ болатын құлды алуы керек, ал оның маһр-мислі құны көбірек тұратын құлдан артық болған жағдайда қымбатырақ тұратын құлды алуы тиіс; оның маһр-мислі құны азырақ тұратын құлдан жоғары, қымбатырақ тұратын құлдан артық болған жағдайда ол маһр-мисль алады. – Екі шәкірт осы жағдайлардың барлығында әйел құны аз тұратын құлды, ал іс жүзіндегі некеге дейін ажырасқан жағдайда осы құлдың құнының жартысын алуы тиіс деп санайды. Өздерінің ойын олар мына тұжырыммен негіздейді: маһр-мисль тек шарт болып бекітілген неке сыйы өзінің мәнісі бойынша оны төлеу міндеттілігін қабылдауға жол бермейтін жағдайларда ғана міндетті; бірақ мұндай міндеттілік құны төменірек құлға қатысты алғанда орындалуы мүмкін, себебі, оны неке сыйына қабылдаудың дұрыстығына қатысты ешбір күдіктің болуы мүмкін емес⁸⁰, сондықтан оны неке сыйына қабылдау да – міндетті. Бұл жағдай хульа немесе «бір мың немесе екі мың» немесе «осы құлдан немесе анау құлдан»⁸¹ өтем орнына бостандыққа жіберу жағдайына ұқсас, ол жағдайда хульа үшін де, бостандыққа жіберу үшін де өтемге ұсынылған құндылықтардың төмені беріледі, себебі, бұған қатысты ешқандай күманның болуы мүмкін емес. Тура сол тұжырым жоғарыда қарастырылған жағдайға қатысты да қолданылады. – Бұған жауап ретінде Ханифа былай деп ой қорытады: маһр-мисль неке келісім-шартының негізгі міндеттемесі болып саналуы тиіс, сатып алынатын нәрсенің заңды бағасы ретінде сауда-саттық келісімінің негізі болып саналуы тиіс, себебі, бұл міндеттеменің барынша әділ өлшемдері.

⁸⁰ Яғни, қымбатырақ құлға қатысты күдік болар еді, алайда, одан арзан құлға қатысты еш күдік жоқ, өйткені ол күйеудің беретін қалың малының ең төменгі шегі болып табылады

⁸¹ Бұл шарттардың екі ұштылық жағдайындағы заңның түсіндірмесін қатысты

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Соған сәйкес, бұл нормадан шығуға тек неке сыйының анықтамасы нақты және толық болған жағдайда ғана жол берілуі мүмкін; қарастырылып отырған жағдайда неке сыйы күйеуінің тарапынан анықталмағандықтан, оның сипаттамасы толық емес, екі құлдың нақты қайсысын неке сыйына беретінін айтқан жоқ; ал бұл хульа, яғни өтем арқылы бостандыққа жіберетін жағдайға қарсы тұрады, себебі, бұл әрекеттердің ешқайсысына да қандай да бір мөлшерде өтем белгіленбеген (неке келісім-шартындағы маһр-мисль сияқты). Егер құл өзінің қожайынына: «Мені босат» десе және қожайыны: «Сен азатсың» десе; немесе әйелі өзінің күйеуіне: «Маған хульа талағын бер» десе және ол әйелге: «Мен хульа бердім» десе, онда құлда да, әйелде де қожайынының немесе күйеуінің алдында ешбір төлем міндеттілігі қалмайды. Дегенмен егер әйел еркекке: «Мені әйел етіп ал» десе және ол әйелге: «Мен сені әйел етіп алдым» десе, онда ол әйелге маһр-мисль беруі тиіс; бірақ, қарастырылып отырған жағдайда құны қымбатырақ тұратын құлдың құны маһр-мисльден кемірек болғанда әйел өзінен өзі бұл айырымға келіседі, ал маһр-мисль құны төменірек тұратын құлдың құнынан кемірек болған жағдайда күйеу бұл қосымшаға келіседі, соған сәйкес, әйел жағдайға байланысты екі құлдың біреуін алуын тиіс. Егер олар іс жүзіндегі некеге дейін ажырасса, онда әйел өзінің күйеуінен құны төмен тұратын құлдың бағасының жартысымен бірге тағы мутъа сыйлығын алуы керектігін айту қажет. Сыйлықтың құны тіпті құны төменірек тұратын құлдың бағасының жартысынан артық болған жағдайда да күйеуі үшін орындау міндетті саналатын ғұрып арқылы осылай белгіленген.

Нақты сипатталмаған мүліктен тұратын неке сыйы жағдайы. – Егер еркек әйелмен некеге тұрып оған нақты анықтамай неке сыйы ретінде қандай да бір мал атаса, онда неке сыйын мұндай тәртіппен белгілеу дұрыс саналады және әйел бұл жағдайда орташа бағалы мал алуға құқылы, ал күйеуіне ол әйелге осындай мал бере ме, әлде осы малдың құнын ақшамен төлей ме – оның өз қалауына сай құқық беріледі. – «Һидаяны» құрастырушы неке сыйын мұндай тәртіппен белгілеу тек малдың тұқымын немесе басқа белгілерін нақты атамастан, түрін анықтаған жағдайда ғана дұрыс саналады дейді (мысалы, еркек әйелге тұқымы араб немесе түрік екенін анықтамай: «Мен саған неке сыйына жылқы беремін» немесе «есек беремін» десе); бірақ, малдың түрі анықталмағанда (мысалы, «Мен саған неке сыйына төрт аяқты мал беремін» десе), неке сыйын бұлай белгілеу белгілеу заңсыз және әйелдің маһр-мисль алуға құқығы бар. – Шафиғи маһр-мисль жоғарыда аталған екі жағдайда да міндетті дейді, себебі, оның пікірі бойынша, неке келісім-шартына неке сыйы ретінде саудасаттық келісім-шартының бағаланатын нысаны бола алатын нәрсе ғана енгізіле алады, ал нақты сипатталмаған заттар осы жағдайда нақты сипатталмаған мал сияқты бағалауға келмейді.

Біздің ғалымдарымыз неке келісім-шарты өз мәнісі бойынша мүлік бола алмайтын ұғымға (әйелдің будъасын пайдалану мүліктік меншік болып санала алмайтыны сияқты) мүлік айырбасы болып саналады деп қарсы пікір айтады; алайда заң малдың басқа бір жақ ешқандай мүлік қайтарып беруге тиіс болмайтын жағдайдағы айырбас кезінде екінші бір жақтың қарызы түрінде саналуына жол береді. Мысалы, заң бойынша нақты сипатталмаған міндетті түрде жүз түйе тұратын *дийат*⁸²

⁸² Төгілген қан үшін төленетін құн

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жағдайында; сондай-ақ неке сыйын да бұл жағдайда күйеуі өзінің қарызы деп түсінетін мүлік деп санау қажет; бұл мүліктің сипатының белгісіздігі жүктелген қарызды заңды күшінен айырмайды. Мысалы, егер кімде кім өзінің мойнында құл немесе анықталмаған басқа бір қарыз бар екенін мойындаса, онда бұл қарызды мойындау заңды күшке ие болады, ал бұл қарыздың сипаттарын барынша нақтырақ анықтау қарыз берушіге қалдырылады.

Қарсылық. Егер неке сыйын белгілеуді қарыз қолхатына теңестіретін болсақ, онда қарыз қолхатына нақты анықталмаған мүлік енгізілетіні сияқты, неке сыйына да түрі мен тұқымын нақты анықтамай-ақ малды енгізуге болатын болып шығады, ал бұл неке келісім-шартында заңды деп табылмайды.

Жауап. – малдың түрін анықтау неке сыйын белгілеу кезінде белгіленген неке сыйы екі жақтың да мүддесі үшін орташа құны белгілі болатын мүліктен тұруын талап ететін ережеге сәйкес шарт болып қойылған; бірақ бұл орташа құнды тек мүліктің түрі белгілі болған жағдайда ғана анықтауға болады, әрі оның құны жағынан ең жақсы, ең нашар және орташа түрін анықтауға болады; егер мүліктің түрі белгісіз болса, онда мүліктердің сансыз көптігіне байланысты, оның оның орташа құнын да анықтау мүмкін емес. – Бірақ, жоғарыда аталғандай, күйеуіне ол әйелге неке сыйын берген кезде оның өзінің қалауы бойынша, оған не құны орташа белгіленген малды, не оның құнын ақшалай төлеуге еркіндік беріледі, себебі, орташа құнды тек бағалау арқылы ғана анықтауға болады, және соған сәйкес, малдың құндылығы төлемнің көлемін анықтайды, ал екінші жағынан, малдың түрін белгілеу оның ақшалай құнын анықтайды.

Егер неке сыйына сұрпы (сорт) анықталмай мата белгіленсе, онда әйфел маһр-мисль, сәйкес неке сыйын алады, себебі, әдеттегі «мата» термині арқылы матаның сұрпы мен сапасының алуан түрлі және көп болуына байланысты, неке сыйының ақшалай құны анықтала алмайды. Бірақ егер күйеуі матаның сұрпын анықтаса, мысалы, егер ол: «Мен неке сыйына харрауи⁸³ беремін» десе, онда неке сыйын бұлай анықтау дұрыс болады және жоғарыда келтірілген тұжырымдарға сәйкес, ол өзінің қалауынша сапасы орташа харрауидің кесегін бере алады немесе оның құнын ақшалай төлей алады. Тура сондай таңдау оған матаны жеткізу келісім-шартының талабына орай ол матаның ұзындығын, енін және сапасын анықтаған кезде беріледі. бұл қағида «Заһир Риуайатта» баяндалған және оның негізіне киім *зауатуль-әмсал*, саны жағынан тура сондай мөлшерде алмастыруға болатын заттардың қатарына жатпайды деген тұжырым алынған. – Осындай таңдау құқығы күйеуіне ол неке сыйын салмағы, көлемі өлшеп сатылатын тауар түрінде белгілесе және егер тауардың түрі емес, тегі ғана анықталған жағдайда да беріледі. Соңғы жағдайда (түрі анықталмаса) ол таңдай алмайды және неке келісім-шартында өзі нені белгілесе тура соны беруі тиіс, себебі, бұл жағдайда неке сыйы белгіленген салмағы, көлемі өлшеп сатылатын тауардан күйеудің мойнындағы қарызға айналады.

Заңсыз заттардан неке сыйын беру жағдайы. – Егер мұсылман еркек әйелмен оған неке сыйына доңыз немесе шарап беруді міндетіне алып некелессе, онда бұл әйел маһр-мисль алуы тиіс, себебі, бұл тектес заттарды алуға келісім беру заңды болмайды. Заңды күші заңсыз шарт енгізуден жойылмайтын неке келісім-шарты бұл жағдайда

⁸³ Гератта тоқылатын кенептің ерекше түрі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

өзінің заңды күшінде қалады, бұл сауда-саттық келісім-шартына қарсы тұрады, онда заңсыз шарт қойылу салдарынан ол өзінің заңдылығын жояды. Сондай-ақ, неке сыйына жоғарыда аталғандай заттарды белгілеу мақұлданбайды, себебі, олар мұсылманның мүлкі болып санала алмайды, сондықтан, бұл жағдай неке сыйын тағайындамаумен тең, бұл тектес жағдайда заң маһр-мисль беруді бұйырады.

Жалған неке сыйын тағайындау жағдайы. – Егер неке сыйына бір шағын бөшке сірке суы тағайындалса және кейіннен бұл бөшкеде сірке суы емес, шарап екені анықталса, онда Ханифаның пікірі бойынша, әйел маһр-мисль алуы тиіс. Екі шәкірті бұл жағдайда әйел сапасы орташа сірке суын алуы тиіс және оның мөлшері шараптың мөлшеріне тең болуы қажет дейді. – Егер еркек неке сыйына өзі ерекше белгілеген құлды тағайындаса (мысалы, егер ол: «Мен неке сыйына мына құлды беремін» десе) және кейіннен құл ретінде белгіленген адам сол кезде азат болған болса, онда Ханифа мен Мұхаммедтің пікірі бойынша, бұл жағдайда әйел маһр-мисль алуы тиіс. Әбу Йусуф бұл жағдайда әйел құлдың орнына тағайындалған адамды осындай сападағы құлдың құнына теңестіре отырып, оның толық құнын алуы тиіс дейді. Ол күйеуі өз әйелін кейіннен беруі мүмкін емес болып шыққан қандай да бір мүлікті алуға үміттендіріп қойғандықтан, оған осы мүліктің құнын төлеуге немесе түрі жағынан осыған ұқсас затты беруі тиіс (тек егер неке сыйына тағайындалған зат *зауатуль-эмсал* санатына жататын болса ғана), бұл да неке сыйына нақты анықталған құл оны әйелдің меншігіне бергенге дейін өлген жағдайға ұқсас мәселе.

Әбу Ханифа, басқа жағынан алғанда, осы, яғни тағайындау мен нақты көрсету⁸⁴ біріккен жағдайда назарға тек соңғысын алу қажет, себебі, анықтаудың осы түрі барынша нақты және толық, сондықтан қарастырылып отырған жағдай неке сыйына шарап немесе доңызды⁸⁵ белгілеумен бірдей. Мұхаммед (құлға қатысты мәселеде Ханифамен келіскен, бірақ, жоғарыда көрсетілгендей, сірке қышқылына қатысты басқа пікірді ұстанған) аталған зат нақты көрсету арқылы белгіленген затпен бір топқа жататын зат болған жағдайда неке келісім-шарты сол заттардың соңғысына (белгіленген затқа) қатысты қарастырылуы керек; ал егер аталған және белгіленген зат екі түрлі болса, онда неке келісім-шарты осы заттардың алдыңғысына (аталған затқа) қатысты қарастырылуы тиіс, себебі, затты атау арқылы анықтау оны белгілеу жолымен анықтауға қарағанда нақтырақ болады, себебі атау арқылы заттың өзі, ал белгілеу арқылы тек оның мәні анықталады. Сондықтан, әлдекім сақина үшін асыл тас сатып алғанда оған лағыл керектігін шарт етіп қойса және кейіннен бұл тас лағыл емес, гранат болып шықса, онда мұндай сауда тастардың әр түрге жатуына байланысты заңды болып саналмайды. Бірақ, егер тас лағыл деп сатып алынып, кейіннен меруерт болып шықса, онда сауда заңды болады, себебі, тас қырлаушылар бұл екі тасты да бір түрге жатқызады. Қарастырылып отырған жағдайда құл мен азат адам – бір түрдегі тұлғалар; соған сәйкес, келісім-шарт нақты белгіленген затқа қарастырылады және әйел маһр-мисль алуы тиіс. Бірақ, сірке суы мен шарап әр түрге жатады және мүлде басқа мақсаттарға пайдаланылады (сірке суы мұсылмандар үшін харам емес, ал шарап харам, яғни тыйым салынған); соған сәйкес, келісім-шарт атау арқылы анықталған

⁸⁴ Тасмият пен ишарат – бейіншісі затты нақты атау; екіншісі – затты нұсқап көрсету

⁸⁵ Яғни бұл жағдайда қалың мал жарамсыз болып, маһр-мисль тағайындалады

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

затқа қатысты қарастырылады, ал әйел шараптың мөлшеріндегідей сірке суын алуға құқылы.

Егер неке сыйына белгілеу жолымен анықталып екі құл тағайындалса, (мысалы, егер кімде кім: «Неке сыйына мына екі құлды беремін» десе) және кейіннен олардың бірі құл, ал екіншісі азат адам екені анықталса, онда Ханифаның пікірі бойынша, әйел тек құлды алуға ғана құқылы, онда да егер оның құны он дирһемге тең болатын болса ғана, себебі, бұл құл нақты белгіленген; ал анықталған неке сыйының міндеттілігіне жол берілетін жағдайларда осының өзі арқылы маһр-мисльдің міндеттілігі жойылады. Мысалы, егер әлдекім неке сыйына құны бес дирһем болатын мата белгілесе, онда әйел осы матаны және ақшалай бес дирһем алады, яғни барлық неке сыйының құны он дирһемге тең, ал бұл заң бойынша неке сыйының ең аз мөлшеріне тең және оның үстіне ешқандай төлем жасау міндетті емес. Әбу Йусуф қарастырылған бірінші жағдайда әйел құлды және құл деп санап, азат болып шыққан адамның құл ретіндегі құнын алады, себебі, күйеуі әйелін екі құл алуға үміттендіріп қойды, кейіннен біреуі азат адам болып шыққандықтан оны әйелдің иелігіне беру мүмкін болмай қалды, сондықтан оның құнын төлеу міндетті болып табылады. Мұхаммед (осы мағынада Ханифаның да пікірі бар) әйел құлды және оның үстінен егер осы құлдың құны маһр-мисльдің құнынан төмен болса, оның құнын маһр-мисль құнына толтыруға қажетті мөлшерде мүлік алуы тиіс деп санайды. Ол өз пікірін келесі келесі тұжырыммен негіздейді: егер күйеуі неке сыйы ретінде белгілеген екі адамның екеуі де бостандықтағы адамдар болып шықса, онда (Мұхаммедтің түсіндірмесі бойынша) әйел маһр-мисль алған болар еді; соған сәйкес, әйтеуір, бұл екі адамның бірі құл болса, онда әйел осы құлды және оның үстінен осы құлдың құнымен бірге алғанда маһр-мисль құнына тең болатын мүлік алуы тиіс.

Әйел заңсыз некеге тұрып, ол іс жүзінде орындалғанға дейін бұзылған жағдайда неке сыйын алуға құқысыз. – Егер қазы (сот) әйелді некенің заңсыздығына байланысты өз күйеуімен жыныстық қатынасқа түскенге дейін айырса, онда әйелдің неке сыйын алуға құқы жоқ, себебі, неке келісім-шартының өзінің заңды күші жоқ, сондықтан, неке сыйына қатысты ешбір міндеттің орындалуын талап ете алмайды; неке сыйын төлеу тек жыныстық қатынастың өтемі түрінде ғана белгіленген, ал бұл қарастырылып отырған жағдайда оған жол берілген жоқ. Бұл жерде неке сыйын төлеу хилуат-сахихтан, екеуден екеу оңаша қалғаннан кейін де міндетті емес, себебі, некенің заңсыздығына байланысты, заң хилуат-сахихті жыныстық қатынасты нұсқайды деп санай алмайды, сондықтан, оны болды деп санауға еш негіз жоқ. Дегенмен, заңсыз некеде, жыныстық қатынасты әрбір қайталау неке сыйын төлеуді міндет етіп қоймайтынын ескеру керек, себебі, бұл жағдайда некеге ие болу құқығы күманды саналады. Осы жерден бұл жағдайдың әлдекім өзінің ұлының күнімен қайталап жыныстық қатынасқа түсіп немесе өзінің әйелімен қайталап жыныстық қатынасқа түсіп, ал кейіннен оның әйелге берген талақты онымен некелесуге тәуелді етіп қойғаны анықталған болса: бұл екі жағдайда да тек бір неке сыйы ғана төленуі қажет, себебі, бұл жерде некені иелену құқығында күман бар. Бұл жағдай әлдекім өзінің әкесінің, шешесінің немесе әйелінің күнімен қайталап жыныстық қатынасқа түсіп, өзінің әрекетінің заңды деп саналуын талап еткен жағдайға қарсы тұрады: бұл жерде оған жыныстық қатынасты әрбір қайталаған сайын неке сыйын төлеу міндетті,

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

себебі, оның басқа біреуге тиесілі күнмен жыныстық қатынасқа түскеніне еш күман жоқ. Қарастырылып отырған жағдай сондай-ақ басқа бір адаммен ортақтасып ұсталатын күнмен қайталап жыныстық қатынасқа түскен жағдайға да қарсы тұрады, ол кезде жыныстық қатынасты әрбір қайталаған сайын басқа біреудің күнімен жыныстық қатынасқа түскені үшін белгіленген өтемнің жартысы мөлшерінде төлем жасау міндетті (Абдул-Азиздің Ибн Амрге «Бурхануль-айнде» баяндауы бойынша), себебі, әрбір жыныстық қатынасты ол өз серіктесімен ортақтасып жасалды.

Іс жүзінде некелесіп, ол кейіннен заңсыз деп табылған жағдайда әйел неке келісім-шартында тағайындалған⁸⁶ неке сыйынан артпайтын маһр-мисль алуға құқылы. – Егер еркек әйелмен заңды күші жоқ некеге тұрса және онымен жыныстық қатынасқа түссе, онда ол маһр-мисль алуға құқылы; бірақ, біздің ғалымдарымыздың түсіндірмесі бойынша ол оған неке келісім-шартында тағайындалғаннан басқа ештеңе ала алмайды. – Зуфар бұған қарсы көзқарасты ұстанады: ол бұл жағдайдың сатылған заттың келісім-шартта көрсетілген бағасы оның іс жүзіндегі бағасынан төмен болған кездегі заңсыз сауда-саттық жағдайымен ұқсастығын қарастырады; ол кезде заңды бағаны төлеу, оның мөлшеріне қарамастан, міндетті болады және тура осы тұжырымды ол қарастырылып отырған жағдайға қолданады. – Біздің ғалымдарымыз бұған күйеуі алған құндылық (атап айтқанда - әйелдің будьасын иелену) мүліктік меншік бола алмайды және сондықтан, неке сыйын тағайындағаннан басқаша бағалана алмайды; ал тағайындалған неке сыйы маһр-мисльден артық болған жағдайда бұл айырманы төлеу міндетті емес, себебі, өз кезегінде онсыз да заңсыз деп саналатын келісім-шарттың мазмұнына енетін неке сыйын тағайындау – заңсыз деп табылады; басқаша алғанда, егер тағайындалған неке сыйы маһр-мисльден кем болса, онда бұл айырманы төлеу де міндетті емес, себебі, ол неке сыйын тағайындау кезінде енгізілмеген. Заңсыз сауда-саттық келісім-шартының нысаны бағаланатын зат болып келетін жағдайға мұның қарама-қарсылығы, міне осыдан көрінеді, сондықтан қайтарып беру оның құнына байланысты шешілуі тиіс.

Заңсыз неке бұзылғаннан кейін әйел тиісті иддат мерзімін ұстауға міндетті. - Заңсыз деп табылған некеден кейін әйелдің иддат мерзімін ұстануы – егер ол осы некеде жыныстық қатынаста болған болса – міндетті; иддат мерзімі соңғы жыныстық қатынас уақытынан емес, неке бұзылған уақыттан бастап есептелуі тиіс.

Заңсыз некеден туылған баланың шыққан тегі анық деп саналуы тиіс. – Заңсыз некеде жыныстық қатынаста болған әйелден туған баланың шыққан тегі анық және ол әйелдің бұрынғы күйеуіне тиесілі деп саналады. Бұл бала өзінің қамқоршысы болмаған жағдайда өліп қалуы мүмкін деген деген оймен, осы баланың қамын ойлаумен байланысты белгіленеді. – Мұхаммед (оның түсіндірмесімен келісетін қазылардың үкімдері де бар) баланың туған мерзімі некелесуге қатысты алғанда емес, бірінші жыныстық қатынасқа қатысты алғанда одан шегеріліп тасталатын болуы керек, себебі, неке заңсыз деп табылған жағдайда жыныстық қатынастың болған-болмағанын анықтауға дерек бола алмайды, ал, заңды некеде, бұған керісінше, оның (некенің) жасалуы баланың туу мерзімін есептеу кезінде негізгі мәлімет болып саналады.

⁸⁶ Яғни маһр-мисль неке келісім шартында көрсетілген қалың малдан жоғары болса, әйел тек осы қалың малды ғана алып, оған маһр-мисль тағайындалмайды

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Маһр-мисльдің, яғни лайықты неке сыйының мөлшері. – Әйелдің маһр-мислі (лайықты неке сыйы) оның әкесі жағынан әйел туыстарының, мысалы, оның бірге туған әпке, сіңлілері, әкесінің апа, қарындастары, әкесінің аға, інілерінің қыздарының неке сыйының көлеміне және құнына сай шешілуі тиіс. Бұл – Ибн Массуд баяндаған ережеге сай: «Әйелге неке сыйы әдетте оның әкесі жағынан туыс болып келетін әйелдерге берілетін көлемде берілуі тиіс». Сонымен қатар, еркектердің дәрежесі оның әкелері шыққан рудың дәрежесіне сай анықталады, себебі, заттың бағасы оның шығу тегінің ерекшеліктерін есепке алу арқылы ғана анықталуы мүмкін.

Әйелдің маһр-мислі Ибн Массудтың жоғарыда баяндалған ережесіне сай, оның шешесінің немесе нағашы әпкесінің (егер олар да әкесінің руынан шыққан болмаса) неке сыйына сай анықтала алмайды. Егер бұл әйелдің шешесі де оның әкесінің руынан шыққан болса (мысалы, әкесі жағынан ағасының қызы сияқты), онда оның неке сыйын маһр-мисльді анықтаған кезде ескеруге болады.

Әйелдің маһр-мислін анықтаған кезде оның жасы, сұлулығы, байлығы, ақылы және мінез-құлқының неке сыйы салыстырылып отырған әйелдердің осы қасиеттеріне тең болуы назарға алынуы қажет. Сондай-ақ маһр-мисль тұрғылықты орын және жағдайларға (аласапыран және қиын кездер тыныш және бейбіт кезеңге қарсы қойылады) сәйкес те өзгереді. Одан басқа, заңға білгір адамдардың пікірінше, сондай-ақ, назарға қыз немесе қыз еместік жағдайы да алынуы тиіс, себебі, қыз бен сайибаның (жыныстық қатынас көрген әйелдің) неке сыйының мөлшері әр түрлі болады.

Әйелдің қамқоршысы оның неке сыйының кепілі бола алады. – Егер әйелдің қамқоршысы өзіне оған төленуге тиісті төлемнің кепілін алатын болса, онда бұл кепілдіктің заңды болып саналады, себебі, ол мойнына осы тектес міндеттерді алуға құқылы және кепілдікке жол беретін (неке сыйын төлеуде) келісімде кепіл беруші болады. Әйел кепіл берудің басқа да жағдайлары сияқты, кейіннен неке сыйын төлеуді күйеуінен немесе кепіл берушіден талап етуге құқылы және егер кепіл беруші неке сыйын төлесе, онда ол кепіл беру жайлы жалпы және қалыптасқан ережелерге сай оны әйелдің күйеуінен талап етуге құқылы. Сондай-ақ, кепіл берушінің тарапынан осындай кепілдікке некелесуші әйел жас қыз бала болған жағдайда жол беріледі. Бұл жағдай әкесі өзінің жас баласының мүлкін сатқан және осындай сауда-саттық келісім-шартына кепіл болған жағдайға қарсы тұрады, бұл заңды емес, себебі, кепіл беруші некеге қатысты алғанда тек делдал болып табылады, ал сауда-саттық келісім-шартына қатысты алғанда осы келісім-шарттан туындайтын барлық құқықтар мен міндеттерді мойнына алатын серіктес болып табылады; сонымен қатар, баланың әкесі сатып алушыны күні бұрын сатып алу бағасын төлеуден босатуға және бұл төлемді тек жас бала кәмелет жасына толғаннан кейін ғана талап етуге құқылы; сондықтан, егер әкенің сауда-саттықтың мұндай келісім-шартындағы кепілдігі қабылданса, онда бұл қарызды төлеуде өзі өзіне кепіл болуға тең болған болар еді, ал бұл – қисынсыз нәрсе.

Қарсылық. Әкесіне өзінің жас баласының сатылған мүлкінің бағасын басқарғаны сияқты, жас қыз баласының неке сыйын да басқару құқығы беріледі; сондықтан, егер, әкесінің неке сыйына қатысты қамқорлығы дұрыс мәселе деп табылса, онда бұл қарыз төлеу кезінде өзінің өзіне қамқорлығын дұрыс деп тапқанмен бірдей болып шығады.

Жауап. - Әкесі өзінің жас қыз баласының неке сыйын басқару билігіне неке келісім-шартын жасауға қатысушы тарап ретінде емес (сондықтан ол қызы кәмелет

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жасына толғаннан кейін оның неке сыйына иелік ете алмайды), өзінің қыз балаға ата-аналық қатысына байланысты ие болады, сол себепті, ол бұл жағдайда қарыз төлеу кезінде өзі өзіне қамқоршы болып табылмайды.

Әйел неке сыйының некелескеннен кейін бірден берілуге тиісті бөлігі төленгенге дейін некенің іс жүзінде орындалуына қарсыласа алады. - Әйел өзіне тиісті неке сыйы төленгенге дейін, сауда-саттық кезінде де басшылыққа алынатын қағидалар негізінде күйеуінің иелігіне өтетін нысанға өзінің құқығын бекіту мақсатымен күйеуін өзімен жыныстық қатынасқа түсуге жібермеуіне болады.

Әйел сондай-ақ, жоғарыда келтірілген тұжырымдарға сәйкес, өзіне тиісті неке сыйы төленгенге дейін күйеуінің сапарда өзіне еруіне де қарсылық көрсете алады.

Басқа жағынан алғанда, *маһр-муаджжаль*, неке сыйының некелескеннен кейін бірден төленуге тиісті бөлігі төленгенге дейін күйеуіне әйелінің жолға шығуына немесе достарына баруына тыйым салу билігі берілмеген, себебі, күйеуіне әйелінің үйден кетіп қалуына жол бермеу құқығы оның будьасын тек өзі ғана және дербес пайдалану құқығына негізделген, ал бұл құқық оған неке сыйының ол үшін тиісті бөлігін төлегенге дейін берілмейді.

Неке сыйын төлеу некелесуден кейінгі әлдеқандай мерзімге қалдырылған болса, әйел іс жүзіндегі некеге қарсылық көрсете алмайды. – Жоғарыда баяндалған ережеге неке сыйы толығымен немесе оның бір бөлігі *муаджжаль*, бірден төленуге тиісті болған жағдайда жол беріледі; ал егер оның барлығы *мууджжаль*, кейінге қалдырылған⁸⁷ болса, онда әйел күйеуінің өзімен жыныстық қатынасына қарсылық көрсету құқығына ие бола алмайды, себебі, ол мууджжаль неке сыйына келісім беру арқылы мұндай қарсылық құқығын жоғалтты. Бұл төлем кейін шегерілген жағдайда саудагер заттың төленуге тиісті бағасы төленгенге дейін оны бермей қоюға құқығы болмайтын сауда-саттық жағдайына ұқсас. Әбу Йусуф бұл жерде келтірілген түсіндірмені жоққа шығарады және бұл жағдайда әйелі өзіне тиісті неке сыйы төленгенге дейін күйеуінің өзімен жыныстық қатынасқа түсуіне қарсылық білдіре алады деп санайды.

Жоғарыда келтірілген жағдайға ұқсас жағдайларда әйелі іс жүзіндегі некеден кейін жыныстық қатынастың қайталануына қарсылық білдіре алады. – Ары қарай, тіпті күйеуі жыныстық қатынасқа түскеннен кейін де, хилуат-сахихке жол берілген соң да, жоғарыда баяндалған ережелер өз күшінде қалатындығын ескеру қажет; яғни әйеліне оған неке сыйының тиісті бөлігі төленгенге дейін күйеуінің өзімен жыныстық қатынасқа қайта түсуіне қарсылық көрсету немесе сапарға бірге шығудан басқа тарту құқығы беріледі. Ханифа осылай деп үйретеді. Екі шәкірті, керісінше, әйеліне бұл жағдайда бұл тектес қарсылық немесе бас тарту құқығы берілмейтінін дәлелдейді. Дегенмен, бұл тектес көзқарастар қайшылығы тек жыныстық қатынас немесе халуат-сахих оған әйелдің толық келісімімен болған жағдайға ғана қатысты екенін ескеру керек. Бірақ, егер ол зорланса, кәмелетке толмаған немесе ақылынан адасқан болса, онда оның бас тарту немесе қарсылық көрсету құқығы, біздің барлық ғалымдарымыздың бірауыздан шыққан пікірі бойынша, тоқтатылмайды.

⁸⁷ Яғни келісім шарт бойынша қалың малдың болашақтағы бір мезгілге, мысалы, бір жылдан кейін немесе басқа уақытқа белгіленген болса

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бірақ жыныстық қатынасқа қарсылық көрсету жағдайының өзінде әйел күйеуінің тарапынан өзін асырау құқығын иеленеді. – егер әйел күйеуінің өзімен қайтадан жыныстық қатынасқа түсуінен бас тартса да , ол (Ханифаның пікірі бойынша) күйеуінен тиісінше асырауды талап етуге құқылы екенін ескеру орынды, себебі, оның бас тартуы қырсықтықтан немесе сөзге құлақ қоймаудан емес, күйеуінің жұбайлық құқығына қарсы болудан емес, өзінің дербес құқығын қорғау қажеттілігінен туған. Екі шәкірт бұл жағдайда ол асырау құқығын иеленбейді, себебі, неке келісім-шартының жалғыз нысаны, жоғарыда көрсетілгендей, не бірінші жыныстық қатынас арқылы, не хилуат-сахихке келісім беру арқылы күйеуінің иелігіне өткен деп санайды. Бұл екі әрекеттің кез келгені арқылы әйелдің неке сыйына құқығы белгіленеді және ол бұдан әрі қарай өзінің будьасын пайдаланудан бас тарту құқығын иеленбейді; бұл – сатушы сатып алушыға сатылған затты оның құнын төлегенге дейін берген соң, сол сатылған затқа оның ешқандай құқығы болмайтын сауда-саттық жағдайына ұқсас. – Ханифа бұған әйел жыныстық қатынасқа қайта түсуге қарсылық көрсете отырып, пайдаланғаны үшін күйеуі тарапынан төлем жасау шарт болып қойылған нәрседен бас тартады және келісілген төлем жасалғанға дейін, ол әрине, бұл затты пайдалануға беруден бас тартуға құқылы деп қарсылық білдіреді. Ал екі шәкірттің «әйелдің барлық неке сыйына құқығы алғашқы жыныстық қатынаспен беліленген және т.б.» деген дәлеліне келетін болсақ, онда әйелдің барлық неке сыйына құқығы жыныстық қатынасқа бір рет түсу немесе бір рет хилуат-сахих жағдайы арқылы белгіленуі тиіс, себебі, бұл сәтте ары қарай не болатыны әлі белгісіз және болып кеткен нәрсенің өз күшіне енуіне кедергі келтіретін себеп бола алмайды. Бірақ әйелдің жыныстық қатынастың қайталануына қарсылық көрсету құқығы өз күшінде қалады, себебі, неке сыйы тұрақты жыныстық қатынастың да, сондай-ақ жеке түрінің де өтемі болып табылады.

Күйеуі әйеліне неке сыйын толық төлегеннен кейін оған толық билікке ие болады. – Күйеуі әйеліне оған тиісті неке сыйын толық төлегеннен соң, Алланың сөзіне сәйкес, оны қайда қажет деп тапса – сол жаққа алып кете алады: «Олардың өздерінің үйлерінде тұруға мәжбүрлендер». Кейбіреулер күйеуі әйелін оны өзі алған қаладан басқа қалаға алып кете алмайды, себебі, жолға шығу үшін зиянды болуы мүмкін, бірақ, оны оның туған қаласымен көршілес ауылдарға алып кете алады, себебі, бұл алыс сапарға шығу деп саналмайды деп дәлелдеген.

Некелесуші тараптардың арасындағы неке сыйының көлемі жайлы талас жағдайы. – Егер еркек әйелмен некеге тұрып, кейіннен олардың арасында неке сыйының көлемі жайлы талас туса, онда әйелдің мәлімдемесі оның маһр-мислі көлеміне дейінгі ең сенімді, ал күйеуінің мәлімдемесі – маһр-мисль көлемінен артық барлық көлем ретінде ең сенімді деп қабылдануы тиіс. Бұл ереже Бұл ереже күйеуі әйелімен жыныстық қатынаста болды деп есептелген жағдайда қолданылады; ал іс жүзіндегі некеге дейін ажырсақан жағдайда күйеуінің мәлімдемесі неке сыйының тек жартысына дейін ғана сенімді деп есептеледі. Ханифа мен Мұхаммедтің ілімі осындай. Әбу Йусуф күйеуінің мәлімдемесі ажырасқанға дейін де, одан кейін де барлық мәселеде, сенімді деп саналуы тиістігін дәлелдейді, егер еркек тек әйел қалыптасқан ғұрып бойынша күтетін неке сыйын одан аз көлемде белгілеуге ұмтылатын болса ғана бұлай істей алмайды деп санайды. Мұндай түсіндірме мақұлдауға лайық. Әбу Йусуф

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

өзінің қағидасын келесі оймен негіздейді. Қарастырылып отырған жағдайда әйел жауапкер деп саналатын өзінің күйеуінен айырманы сұраушы талапкер саналады; жауапкердің мәлімдемесі ант беру арқылы бекіген жағдайда сенімді деп саналуы тиіс, сондықтан, бұл жағдайда күйеуінің мәлімдемесі егер ол тек соншалықты болмашы неке сыйын көрсетпесе осылай деп саналуы тиіс, әйтпегенде жағдай оған анық қарсы болып тұр. Мәселенің бұлай қойылуына әйелдің будьасын бағалау – қажетті іс екендігі жайлы пікір негіз болады, сондықтан, егер келісілген неке сыйына қарай отырып қандай да бір шешімге келуге болатын болса, онда маһр-мисль қарастыруға жатпайды.

Ханифа мен Мұхаммед бұл жағдайда барлық қиын мәселелерде істің жағдайы қай жақтың пайдасына қарап тұрса, сол жақтың мәлімдемесіне сенім көрсетілу қажет, ал бұл жағдайда істің жағдайы кез келген неке келісім-шартында неке сыйының қалыпты бөлігі саналатын маһр-мисльді талап етіп отырған тұлғаның пайдасына бағытталып тұр. Қарастырылып отырған жағдай матаны бояушы мен иесінің арасында бояудың көлеміне қатысты талас туатын жағдайға ұқсас, әрі сенім бояудың⁸⁸ іс жүзіндегі бағасын атаған адамның мәлімдемесіне көрсетіледі. Ал «іс жүзіндегі некеге дейін неке сыйынң жартысына қатысты тек күйеуінің ғана мәлімдемесі ең сенімді» деген қағидаға келетін болсақ, ол оның (бұл қағиданы Мұхаммед «әл-Джами ас-Сағирде» және «Мабсутта» баяндаған) өзінің «әл-Джами әл-Кабирде» баяндаған «әйелге тиісіті мутъа, сыйлық берілуі керек» деген қағидасына қайшы келетінін ескерту қажет (бұл Ханифа мен Мұхаммедтің әйелге сыйлық неке келісім-шарты бойынша, ажырасқаннан кейін, ал, маһр-мисль ажырасқанға дейін берілуі керек, біріншісі – бірінші жағдайда, ал соңғысы – маһр-мисль екінші жағдайда берілуі тиіс деген пікірлеріне сай келеді). Бірақ екі автордың арасындағы бір қарағандағы қарсылық егер олардың мәселені әр түрлі қоюына көңіл бөлсе, оңай келісіледі.

Мысалы, «Мабсутта» мың және екі мың дирһем жағдайы шамаланған, яғни, күйеуі өзінің неке сыйына мың дирһем тағайындағанын айтады, ал әйелі екі мың дирһем талап етеді. Әдеттегі сыйлықтың бағасы бұл екі соманың алғашқысының жартысынан аз болғандықтан, сыйлық беру талапкер саналатын әйел үшін тиімсіз екені түсінікті. Екінші жағынан, «әл-Джами әл-Кабирде» он және жүз дирһем жағдайы ұсынылған, яғни күйеуі неке сыйына он дирһем тағайындағанын айтады, ал әйелі жүз дирһем талап етеді; оған сәйкес⁸⁹ сыйлық, мүмкін, жиырма дирһемге бағаланады деп есептейік: сондықтан, бұл жерде әйелге сыйлық беру орынды екені түсінікті. Бұл жөнінде «әл-Джами ас-Сағирде» баяндалған тұжырымның неке сыйына қатысы жоқ, сондықтан, неке сыйына қатысты тек «Мабсутта» баяндалғанды ғана қарастыруға болады. Ханифа мен Мұхаммедтің неке сыйының көлеміне және некені жалғастыру жөнінде ерлі-зайыптылардың арасындағы таластың тууына ілімін барынша толық баяндау үшін күйеуі өзінің тағайындаған неке сыйының көлемі мың дирһем деп мәлімдейді, ал әйелі екі мың дирһем талап етеді деп шамалайық. Егер әйелдің маһр-мислі мың дирһемнен аспайтын болса, онда неке сыйы күйеуінің мәлімдемесіне сай берілуі керек; бірақ егер ол екі мың дирһемге тең немесе одан артық болса, онда әйелдің мәлімдемесі қабылдануы керек.

⁸⁸ Бояулар бағаларының айырмашылығына байланысты, талас тудыратын кесінді бояуының бағасы бояудың дұрыс бағасының нормасы бола алады

⁸⁹ Арабша «мисль» оған сәйкес деген мағына білдіреді

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер тараптардың бірі өзінің мәлімдемесін қорғау үшін куәгерлік жауаптарды қоса берсе, онда оған сенім көрсетілуі қажет. Егер бірінші болжал, яғни әйелдің маһр-мислі мың дирһемнен аспайтын жағдайда екі тарап та куәгерлік жауаптар әкелсе, онда сенім әйел жаққа көрсетілуі тиіс, себебі, куәгерлік жауаптар арқылы оның мың дирһемнен артық қосымша көлемге құқығы анықталады. Бірақ, екінші болжал бойынша, маһр-мисль екі мың және одан да көп дирһем деп саналғанда сенім күйеуінің тарапына берілуі тиіс, себебі, куәгерлік жауаптар арқылы әйелдің өзінің маһр-мислінің бір бөлігін шегеруі анықталады. Егер әйелдің маһр-мислі бір мың бес жүз дирһем болатын болса, онда екі тарап та ант беруі керек, ал бұдан кейін әйелге бір мың бес жүз дирһем беріледі. «Тахриджур-Разиде» осылай баяндалған. Қархи осы жағдайлардың барлығында да екі тараптың ант беруін талап етіп, одан кейін әйелге маһр-мисль берілуі тиіс дейді. – Жоғарыда баяндалғанның барлығы ерлі-зайыптылардың арасында неке сыйының сипаты емес, көлеміне қатысты таластың туып жатқанын көрсетеді: біздің барлық ғалымдарымыздың бірауызды пікіріне сәйкес, бұл соңғы жағдайда сипатының қандай болғанына қарамастан, әйелге негізгі неке сыйы болып табылатын маһр-мисль берілуі керек.

Бір тарап пен екінші тараптың мұрагерлерінің арасындағы талас жағдайы. – Егер некеде тұрған ерлі-зайыптылардың бірінің өлімінен кейін олардың көзі тірісі мен қайтыс болған жақтың мұрагерлерінің арасында неке сыйының көлеміне қатысты талас туатын болса, онда бұл таластың шешіміне көзі тірі ерлі-зайыптылардың арасында осындай талас туған жағдайда соны шешуге қолданылатын ұстанымдар басшылыққа алынады, себебі, ерлі-зайыптылардың бірінің өліміне байланысты маһр-мисль алу құқығы жойылмайды.

Ерлі-зайыптылардың мұрагерлері арасындағы талас жағдайы. – Егер күйеуі мен әйелінің екеуі де өліп, олардың мұрагерлерінің арасында неке сыйының көлеміне қатысты талас туатын болса, онда Ханифаның пікірі бойынша, өлген әйелдің әдеттегі неке сыйының көлемінен аз неке сыйын тағайындаса да, күйеуінің мұрагерлерінің мәлімдемесіне сенім көрсетілуі керек. Мұхаммед көзі тірі ерлі-зайыптылардың арасындағы осы тектес талас қалай шешілсе, бұл талас та солай шешілуі керек деп санайды. Ал егер мұрагерлер неке сыйының сипаты жайлы таласып, әрі олардың бірі неке сыйының түрі аталған деп санап, ал екіншісі оны жоққа шығаратын болса, онда Ханифаның пікірі бойынша, екінші тараптың мәлімдемесіне сенім көрсетілуі керек. Бір сөзбен айтқанда, Ханифаның пікірі бойынша, ерлі-зайыптылардың екеуінің де өлімінен кейін маһр-мисль назарға алынбауы тиіс, ол жөнінде кейінірек сөз болады. Басқа жағынан алғанда, оның екі шәкірті де бұл жағдайда маһр-мисль берілуі керек деп санайды.

Өлген әйелдің мұрагерлері оның өлген күйеуінің мүлкінен белгіленген неке сыйын алуға құқылы. – Ерлі-зайыптылардың екеуі де өлсе, Ханифаның түсіндірмесі бойынша, әйелдің мұрагерлері оның өлген күйеуінің мүлкінен неке сыйын егер ол ерекше түрде белгіленсе, ала алады; ал егер ол белгіленбесе, онда олардың ештеңе талап етуге құқы жоқ. Екі шәкірті де әйелдің мұрагерлері екі жағдайда да оның неке сыйын: бірінші жағдайда – белгіленген сыйын, ал екінші жағдайда маһр-мисльді алуы керек деп санайды. Бірінші жағдайда олар белгіленген неке сыйын талап ете алады, себебі, әйелі күйеуінен бұрын өлген кезден басқа жағдайда ол күйеуінің мүлкінен

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

төленуге тиісті оның мойнындағы қарыз болып табылады; әйелі күйеуінен бұрын өлсе, күйеуі әйелінің мұрагері деп саналады да, оның мұрагерлік үлесі әйелдің мұрагерлеріне берілуге тиісті неке сыйынан алынып тасталуы керек. Екінші жағдайда маһр-мисль өлген күйеудің мүлкінен төленуге тиісті белгіленген неке сыйы тәрізді қарыз болып табылады; соған сәйкес, ол өлген жағдайда ерлі-зайыптылардың тек бірі өлген жағдайдағы сияқты, бұл да жойылмайды. – Бұған Ханифа ерлі зайыптылардың екеуі де өлді деп саналатын жағдай олардың замандастарын да өлді деп санауға болатын ой тудырады, себебі, ерлі-зайыптылар ұзақ уақыт бірге тұрғаннан соң барып өлді деп түсінуге болады; ал замандастары жоқ болған жағдайда қазы маһр-мисльдің нақты құнын қалай анықтайды? Дегенмен, басқа жағдайда, Ханифа өлген ерлі-зайыптылардың көзі тірі замандастары бар болса, әйелдің көзі тірі мұрагерлерінің маһр-мисль алуына қарсылық білдірмейді.

Күйеуі әйеліне жіберген заттарға қатысты талас жағдайы. – Егер күйеуі әйеліне әлдебір зат жіберіп, оны әйелі сыйлық деп атаса, ал күйеуі осы затты неке сыйының бір бөлігін төлеу үшін жібергенін айтса, онда күйеуінің мәлімдемесіне сенім көрсетілуі тиіс, себебі, ол беруші жақ болып саналады және оның ниетін тек ол өзі ғана біледі деп шамаланады. Сонымен қатар, күйеуі өзінің мойнындағы міндеттерді сыйлық беруге кірісуден бұрын орындауы тиіс екені түсінікті; сондықтан, жіберген зат тағам (қуырылған, қайнатылған, пісірілген және т.б.) дайындауға арналған азық-түлік болғаннан басқа жағдайда оның мәлімдемесіне сенім берілуі тиіс; олай болмағанда сенім әйелінің мәлімдемесіне берілуі тиіс, себебі, күйеулері әдетте бұл тектес сыйлықтарды неке сыйы есебінде жібермейді; ал егер бидай немесе арпа жіберілетін болса, онда сенім күйеуінің мәлімдемесіне берілуі тиіс. Кейбір ғалымдар әйелге жіберілуі тиіс заттар күйеуінің міндеті деп саналатын, мысалы, жейде, көйлек немесе сырт киім неке сыйы есебінде саналмауы тиіс деп дәлелдеген, бірақ, бұл істің жағдайы арқылы анық түрде жалғанға шығарылады.

Бөлім. Кәпірлер мен жат жерліктердің алдын-ала келісілмеген неке сыйы және өлекседен тұратын неке сыйы туралы

Егер христиан дініндегі еркек христиан дініндегі әйелге неке сыйы жөнінде алдын-ала келіспей үйленсе немесе неке сыйына олардың ғұрпы бойынша заңды санауға болатын өлексені тағайындаса және одан кейін онымен жыныстық қатынасқа түссе, не іс жүзіндегі некеге дейін ажырасса, не өлсе, не оны тастап кетсе, онда бұл жағдайлардың барлығында да – егер тіпті ерлі-зайыптылардың екеуі де бұл кезде мұсылмандықты қабылдаса да, әйелдің неке сыйын алуға құқы жоқ. – Тура сол заң жат жерде некеге тұрған жат жерліктерге қатысты да қолданылады. Жат жерліктерге қатысты екі шәкірті Әбу Ханифамен келіседі; бірақ, зимми (мұсылман үкіметінің азаматы) саналатын христиандарға қатысты олар егер еркек жыныстық қатынаста болса немесе өлсе, онда әйел маһр-мисль алуға, ал некелескен соң жыныстық қатынасқа түспей тұрып ажырасса сыйлық алуға құқылы деп санайды. – Зуфар жат жерлік әйел екі жағдайда да (яғни, күйеуі өлген жағдайда да, ажырасқан жағдайда да) маһр-мисль алуға құқылы деп дәлелдейді, себебі, заң некені тек мүліктік меншік үшін өтем төлеу мақсатында ғана іздеуге немесе қалауға жол береді және бұл ереже мұсылмандар мен кәпірлер үшін бірдей дәрежеде міндетті. Бұған екі шәкірт жат жерлік кәпірлер ислам заңдарын орындау міндетін мойындарына алмайды, әрі оны

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қабылдай да алмайды; зиммилер, керісінше, барлық істер мен уақытша заңдарға бағынатын барлық әрекеттерде (зинақорлық, өсімқорлық және т.б.) мұсылман заңдарына бағынады, себебі, олар мұсылман елінің қалыпты азаматтары сияқты өз мойындарына осы заңдарды сақтау міндетін әбден ала алады.

Ханифа бұған зиммилер діни сипаттағы істерде де (ораза немесе намаз сияқты), мұсылман заңдары бойынша жағымсыз болса да, бірақ олардың дүниетанымы бойынша дұрыс деп санауға болатын істерге (мысалы, шарап пен доңыз етін сату) қатысты да исламның ешқандай заңдарына бағынбайды, себебі, олардың өздерінің дініне сәйкес барлық істерінде еркіндік беру – біздің парызымыз; сондықтан, барлық осындай әрекеттерге қатысты зиммилер жат жерліктермен тең саналады. Бірақ бұдан барлық діндер бойынша бар жерде қылмысты іс саналатын зинақорлықты шығарып тастау керек; сондай-ақ өсімқорлықты да, себебі, ол Пайғамбардың хадисі бойынша барлық жеке міндеттер қатарынан шығарылып тасталғандықтан, заңды түрде тарала алмайды: «Байқандар, өз араларыңда, егер кімде кім өсім алса, онда міндеттілік болмайды».

«Һидайаның» құрастырушысы «әл-Джами ас-Сағирде» Мұхаммед айтқан: «Егер христиан еркек христиан әйелмен еш неке сыйынсыз некелесе және т.б.» қағиданы екіжақты түсінуге болатынын айтады: біріншіден, неке келісім-шартында неке сыйының болмайтыны ерекше шарт болып қойылған; ал екіншіден, неке келісім-шартында ол туралы мүлде сөз болмауы да мүмкін. Кейбіреулердің пікірі бойынша, неке сыйы заңсыз заттардан тұрған немесе ол туралы неке келісім-шартында сөз болмаған жағдайға қатысты екі хадис бар: олардың бірі бойынша әйел маһр-мисль алуға құқылы (оны екі шәкірт те осыны қолдайды), ал екіншісі бойынша – ол ештеңе алмайды. Хадистердегі бұл әртүрліліктен Ханифа мен Мұхаммедтің пікірлеріндегі алшақтық туады.

Кәпірлердің шарап пен доңыз етінен тұратын неке сыйы туралы. – Егер зимми еркек сол діндегі әйелмен некелесе және сол шарап пен доңыз етінен тұратын неке сыйын тағайындаса, ал кейіннен олардың бірі немесе екеуі де ислам дінін қабылдаса, онда әйел исламды неке сыйын иеленуге дейін қабылдағанына қарамастан, өзіне неке сыйына тағайындалған заңсыз заттарды алуға – егер олар неке келісім-шартында нақты белгіленбесе – құқылы; ал бұлай болмаса, онда неке сыйы шараптан болған жағдайда әйел оның құнын ақшалай алуға, ал неке сыйы доңыз еті тағайындалған жағдайда - маһр-мисль алуға құқылы. Ханифа осылай үйретеді. - Әбу Йусуф әйел екі жағдайда да маһр-мисль алуға құқылы деп дәлелдейді. – Мұхаммед, керісінше, ол екі жағдайда да осы заттардың құнын ақшалай алуға құқылы деп санайды. Екі шәкірттің бұл жағдайдағы ой қорытулары мынадай: иеленуге кірісу арқылы затты алу құқығы белгіленеді және толығымен күшіне енеді; соған сәйкес, бұдан иелік етудің некемен ұқсас жағы көрінеді - екеуі де бұрын болмаған құқықты тудырады; сондықтан, шарапқа немесе доңыз етіне неке сыйы ретінде иелік етуге кірісу – мұсылман әйел үшін заңсыз, сондай-ақ нақты анықталды ма, әлде тек жалпылама түрде ғана аталды ма – оған қарамастан, неке сыйы ретінде мұндай заңсыз заттар енгізілген келісім-шарттың өзі де заңсыз. Ары қарай Әбу Йусуф өз ойын егер мұндай неке сыйына иелік ету неке келісім-шартын жасаумен тұспа-тұс келсе және бұл кезде екі тарап та ислам дінінде болған болса, онда әйел маһр-мисль алуы тиіс

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болған болар еді деп жалғастырады. Бұл тұжырымды ол осы жағдайға қатысты да қолданады. Басқа жағынан алғанда, Мұхаммед неке келісім-шартына басқа діни топтардың сенімі бойынша меншік деп саналатын, тыйым салынған заттарды (ислам діні бойынша) енгізуді мақұлдауға болады; бірақ бұл заттарды жеткізу ерлі-зайыптылардың екеуінің де исламды қабылдауына байланысты заңсыз болып табылады, сондықтан, неке сыйына құл тағайындалып, оны әйелге тапсырғанға дейін ол өлген жағдайдағыдай, күйеуі әйеліне неке сыйының құнын төлеуі тиіс.

Бұл жағдайда Ханифа былай деп ой қорытады. Нақты анықталған неке сыйы неке келісім-шартын жасаған сәттен бастап әйелдің меншігі саналады, сондықтан, мұндай неке сыйын қалай жұмсау құқығы әйелдің өзіне беріледі: ол оны өз қалауынша біржола бере салуы да немесе қандай да бір өтемақыға не қайтарымсыз тек оған иелік ету құқығын беруі де мүмкін. Бұл жағдайда иелік етудегі айырмашылық мынадан көрінеді: әйеліне шарап түріндегі неке сыйын бергенде күйеуі ол (шарап) үшін кез келген жауапкершіліктен босайды, бірақ, некелесуші тараптардың екеуінің де Исламды қабылдағанына қарамастан, әйел де бұл шарапқа иелік ету құқығынан айырылмайды, бұл оның шарапты күшпен тартып алған жағдайда да жойылмайтыны сияқты; мысалы, егерде әлдекім, зиммийден шарапты күшпен тартып алса және ол зиммий кейіннен Исламды қабылдаса, дегенмен, ол осы шарапты қайтаруын талап етуге құқылы. Бұл қағиданы қарастырылып отырған жағдайға қатысты да қолдануға болады (бұл зиммий шарап немесе доңыз етін сатып алып, кейіннен сатып алынған затқа иелік етуге дейін Исламды қабылдаған жағдайға қарсы тұрады: бұл жағдайда ол сатып алынған затқа заңды түрде иелік етуге кірісіе алмайды және сауда-саттық келісімінің өзі заңсыз болып шығады, себебі, ол заңды күшіне тек сатып алынған заттың оны алушының иелігіне қабылдануынан кейін ғана енеді, ал келісімнің нысанының өзінің мұсылман үшін тыйым салынған зат екеніне байланысты бұған жол берілуі мүмкін емес), Ал егер тыйым салынған затты нақты белгілемесе, онда тек іс жүзіндегі ғана иелік оған меншік құқығын белгілейді; ал Исламды қабылдау бұл құқықтан айыратындықтан, әйелі өзіне неке сыйы ретінде тағайындалған доңыз етінің құнын ақшалай ала алмайды, себебі, доңыз еті *зауатуль-қиим*, оған құны жағынан тең келетін басқа затпен алмастыруға болмайтын заттар тобына, ал шарап *зауатуль-әмсаль*, мұндау алмастыруға жол берілетіндер тобына жатады, сондықтан, егер күйеуі әйеліне Ислам дініне өткенге дейін заттардың өзінің орнына неке сыйының құнын ақшалай ұсынған болса, онда әйел шараптың құнын емес, доңыз етінің құнын қабылдауы тиіс болған болар еді. – Күйеуі егер бұл жағдайда әйелімен іс жүзіндегі некеге дейін ажырасса, онда неке сыйына қатысты біздің ғалымдарымыздың пікірлері әр түрге бөлінетінің ескеру қажет: оған маһр-мисль беруді мақұлдайтындар оған сыйлық беруді, ал күйеуінің неке сыйына белгіленген заттардың құнын әйеліне төлеуі міндетті деп санайтын басқалары осы соманың жартысын беруді ұсынады.

IV Тарау

ҚҰЛДАРДЫҢ НЕКЕСІ ТУРАЛЫ

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Құлдар өзінің қожайынының келісімінсіз некеге тұра алмайды. – Құлдың немесе күннің некесі қожайынының келісімінсіз заңды деп санала алмайды. Малик құлдың қожайынының келісімінсіз жасалған некесі заңды, себебі, құл талақ беруге заң тұрғысынан қабілетті, соған сәйкес, ол некеге де тұра алады деп санайды. – Біздің ғалымдарымыз бұған екі түрлі жауап береді: біріншіден, Пайғамбар: «Өзінің қожайынының келісімінсіз некеге тұрған құл – зинақор» деген; екіншіден, неке құлдың да, күннің де бағасын кемітеді, сондықтан, олар өздерінің иелерінің келісімі мен мақұлдауынсыз мұндай келісім-шартты жасай алмайды.

Мукатабтар⁹⁰ да өздерінің иелерінің келісімінсіз некеге тұра алмайды. – Мукатабтың да некесі оған қожайынының келісімінсіз заңсыз деп саналуы тиіс, себебі, құлдардың бұл түрінің мукатаб (жазбаша келісім) шарты бойынша меншік алуға еркі болса да, қажеттілікке сай некеге қатысты мәселеде бәрібір құлдық туралы заңға бағынышты деп саналуы тиіс. Дәл осы себепке байланысты мукатаб өз иесінің келісімінсіз жеке өзінің құлының некесін заңдастыра алмайды.

Еркек немесе әйел жынысты мукатабтар өздерінің күндерін некелестіре алады, бірақ мукатаб әйелдердің өздері иелерінің келісімінсіз некеге тұра алмайды. – Мукатаб өзінің күндерін заңды түрде күйеуге бере алады, себебі, ол осы арқылы оның неке сыйы түрінде меншікке ие болады. Мукатаб «әйел өзінің иесінің келісімінсіз некеге тұра алмайды, бірақ, ол өзінің күндерін күйеуге бере алады, себебі, ол осы жолмен олардың неке сыйын алады. Тура осы сияқты, мудаббарлар⁹¹ да, умм-уалад⁹² та өзінің қожайынының келісімінсіз некеге тұра алмайды, себебі, оның оларға жүргізетін билігі оның өлген күніне дейін жалғасады.

Құл өзінің әйелінің неке сыйын төлеу үшін сатылуы мүмкін. – Құл өзінің қожайынының келісімімен некеге тұрған кезде ол некелесетін әйелдің неке сыйы оның жеке басның қарызы болып табылады; оны төлеу үшін ол сатылуы мүмкін, себебі, бұл қарызды төлеу міндеті (ол үшін құқықтық тұрғыдан қабілетті тұлға – қожайыны жасаған) некеге тұрғаннан кейін оның мойнына артылады, ал бұл қарызды төлеу қамы оның қожайынының (некеге келісім беруші ретінде) мойнында болады, қожайын құлдардың саудадағы қарыздары болған кездегідей, қарыз берушіні шығындалып қалудан сақтайды.

Мудаббар мен мукатаб өздерінің әйелдерінің неке сыйын еңбекпен өтеулері тиіс. – Мудаббар мен мукатаб сатыла алмайтындықтан, егер некеге тұрған болса неке сыйының құнын олар еңбекпен өтеулері қажет, себебі, оларға иелік ету құқығы басқаларға беріле алмайды. Неке сыйының бағасы әйелі шығынға ұшырамас үшін олардың шамасы жететіндей болуы тиіс; бірақ олардың жеке басы неке сыйын төлеуге қатыстырыла алмайды.

Қожайыны құлға әйелімен ажырасуға бұйрық берген жағдайда құлдың келісім беру дәрежесі. – Егер құл өзінің қожайынының келісімінсіз некеге тұрса және ол бұдан соң оған: «Әйеліңе талақ бер» немесе «Оны жібер» десе, онда мұндай бұйрық арқылы қожайынының өзінің құлының некесіне келісімі бекімейді. Бұл тектес бұйырулар неке келісім-шартының орындалуына кедергіні танытады, себебі,

⁹⁰ Мукатаб деп өз иесімен жасасқан келісім шарт бойынша өз бостандығын сатып алу үшін ақшаны өз еңбегімен табатын құлды атайды

⁹¹ Мудаббар деп ерекше тадбир келісім шарты бойынша өз иесінің өлімінен кейін бостандық алатын құл

⁹² Умм-уалад – иесінен бала туған күн, оны иесі өз баласы деп мойындаған. Иесінің өлімінен кейін бостандық алады

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

«ажырасу» және «айырылу» терминдері арқылы неке келісім-шартының орындалуына кедергі де, оны бұзудың өзі де білдіріледі. Сондықтан, қожайынның жоғарыда келтірілген сөздерін неке келісім-шартының орындалуына кедергі мағынасында түсінген дұрыс, кедергіні құлдың тіл алмаушылығы мен бас имеушілігі немесе некеде бірге тұруды тоқтатуды некеге тұруға берілетін келісімге қарағанда маңызы аз әрекет деп түсіну тудырып тұр. Бірақ егер қожайын өзінің құлына: «Өзіңнің әйееліңе жойылатын талақ бер» десе, онда бұл оның некеге келісім беретінін білдіреді, себебі, жойылатын талақ тек қиылған некеде ғана берілуі мүмкін, ал оған құлдың иесінің келісімі болуы қажет.

Құлдың өзінің қожайынының қалауы бойынша жасалған некесі заңсыз деп табылған жағдайдағы неке сыйына қатысты міндеттер. – Егер кімде-кім өзінің құлын күнге үйлендіргісі келсе және кейіннен олардың некесі заңсыз болып шықса⁹³, ал олардың арасында неке жыныстық қатынасы болса, онда, Ханифаның пікірі бойынша, құл оның әйеліне берілуге тиісті неке сыйының төлемі үшін сатылуы қажет. Екі шәкірті де, керісінше, бұл қарызды құлдан ол азат етілген соң талап ету керек деп санайды. Көзқарастардағы бұл айырмашылық Ханифаның құлдың заңды да, заңсыз некесі кезінде қожайынының келісімінің болуын маңызды деп шарт санайтындығынан туады, оның пікірі бойынша, сондықтан, неке сыйы түріндегі қарыз қожайынның мойнында артылады; ал екі шәкірті болса, қожайынның келісімі тек дұрыс және заңды некенің маңызды шарты болады деп санайды, сондықтан, заңсыз некенің неке сыйын төлеу құлдың қожайынының мойнына артылмайды (осыдан келіп олар бұл неке сыйын құлдан ол кейіннен босатылған бір жағдайда талап ету керек деп бекітеді), себебі, олардың пікірі бойынша, некелесудің мақсаты – ұстамсыз қатынастан сақтану, ал бұл мақсатқа заңсыз неке арқылы емес, тек заңды неке жолымен ғана қол жеткізіледі, Сондықтан, егер әлдекім некеге тұрмауға ант беретін болса, онда бұл ант тек заңды некеге дейінгі уақытқа ғана қатысты болады. Қарастырылып отырған осы жағдайға сенімхат арқылы жасалған сауда-саттық жағдайы қарсы қойылады, сенімхат заңды да, заңсыз да келісімдерге қолданылады және әр түрлі, мысалы, құлдарды азат ету құқығы және т.б. сияқты өкілеттіктерді қамтиды.

Басқа жағынан алғанда, Әбу Ханифа қожайынның құлға берген бұйрығындағы «неке» сөзі жалпы мағына береді және мысалы, тура осы тектес жағдайдағы сауда-саттық келісімін жасауға берілген сенімхат сияқты әр түрлі жағдайда қолданылуының мүмкіндігін айтады. Заңсыз некенің де заңсыз сауда-саттық келісім сияқты көптеген салдары болуы мүмкін, атап айтқанда: осындай некеден туған баланың әкесінің кім екендігін анықтау, неке сыйын төлеу міндеттері және иддатты сақтау (ажырасқан жағдайда). Ал, екі шәкірт келтірген ант беру жағдайына келетін болсақ, мұндай жағдайда оны қолдану орынды болып саналмайды.

Өзінің қожайыны некелестірген мазунның⁹⁴ қарыздар жағдайы. – Егер кімде-кім өзінің қарыздар мазунын қандай да бір әйелмен некелестірсе, онда мұндай неке заңды болады және оның әйелі оған берілуге тиісті неке сыйына байланысты, оның басқа да несие берушілері сияқты осы мазунның несие берушісі болады; яғни бұл сатылуы қажет және одан түскен сома оның әйелі мен басқа да несие

⁹³ Некені жарамсыздыққа әкелетін туыстық немесе басқа жағдаяттарға байланысты

⁹⁴ Иесінен саудамен немесе колөнермен айналысуға рұқсат алған құл

МҰСЫЛМАН ДҰНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

берушілерінің арасында олардың әрқайсысына одан алынуға тиісті мөлшерге сәйкес бөлінуі тиіс. «Һидаяның» құрастырушысы бұл ережені тек неке маһр-мисль немесе одан да аз төлем үшін жасалған жағдайда ғана қолдануға болады, ал егер неке сыйы маһр-мисль мөлшерінен артық болса, онда басқа несие берушілер әйелмен тең дәрежеде маһр-мисль мөлшеріне дейін алуға құқылы, яғни маһр-мисльдің артығын тек несие берушілердің талабы қанағаттандырылғаннан кейін барып қана төлеуге болады дейді. Бұл шектеу құлдың қожайынының өз құлын некелестіре алу құқығы құлдың жеке басына иелік ету құқығының белгісі (ол төменде түсіндірілетін болады) екендігінен туған, ал бұл құқық неке арқылы жойылмайтындықтан, некенің өзі толығымен орынды және заңды күшке ие.

Қарсылық. – Некенің нәтижесінде несие берушілердің құқығы сырттай да, ішкі мағынасы жағынан да жойылады; сондықтан, мазунның қарыздарын төлеу кезінде алдымен оның бастапқы несие берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау дұрыс болар еді; ал сонымен бірге, бұл жағдайда несие берушілер қатарына әйелі енгізіледі және оған олармен тең дәрежедегі құқықтар беріледі.

Жауап. – Несие берушілердің құқығы мазунның некесімен қасақана жойылмайды; бірақ, неке заңды деп табылған екен, онда осы қарыздың себебінің бар болуына және оның заңдылығын жоятын сылтаудың жоқтығына байланысты, тиісті неке сыйы төленуі тиіс; ал неке сыйының өзі зиянды қарызға тең болады, яғни, бұл – қарыздар мазунның бұрынғы несие берушісімен бірге жаңа несие берушісі болып табылатын басқа адамның меншігінің жойылуы немесе шығындалуы нәтижесінде оның (мазунның) мойнына артылатын қарыз түрі; ал мазунның өзі науқас қарызгер сияқты болады: егер алдын ала қарыз алған науқас некеге тұрса, онда оның әйелі осы қарастырылып отырған жағдайда берілетін маһр-мисль мөлшерінде, басқалармен бірдей дәрежеде оның несие берушісі болып саналады.

Күйеуге шыққан күннің қожайыны оған күйеуінің үйінде тұруына келісім бермеуі мүмкін. – Егер қожайын өзінің күнін басқа біреуге әйелдікке беретін болса, онда бұл оған күнді күйеуінің үйіне жіберу міндетін жүктемейді, себебі, ол күн өзінің қожайынының қызметшісі болып қала береді. Күйеуі қожайынының келісімімен, оған қолайлы уақытта оның үйіне әйеліне келіп тұра алады, себебі күннің қызметін пайдалану құқығы күнді иеленуші ретінде оның қожайынында қалады.

Егер күйеуге шыққан күннің қожайыны оған күйеуінің үйінде тұруға рұқсат берсе, онда күйеуі оны асырауға міндетті. – Егер күйеуге шыққан күннің қожайыны оған күйеуінің үйінде тұруға рұқсат берсе, онда күйеуі оны асырауға, яғни оған ас және баспана беруге міндетті. Ал егер ол бұған рұқсат бермесе, онда күйеуінің мойнына ешқандай міндет артылмайды, себебі, асырау неке қарым-қатынасы үшін сыйақы болып табылады, ал әйел оны басқа бір жерде емес, тек күйеуінің үйінде тұрып қана орындай алады. Егер қожайын өзінің күйеуге шыққан күніне күйеуінің үйінде тұруға рұқсат берсе, онда да, соған қарамастан, оны шақыртып алып, одан өзіне қызмет етуді талап ете алады, себебі, оның күннің қызметін пайдалану құқығы оған билік жүргізуші ретінде жалғаса береді және бұл құқық күннің некеге тұруымен жойылмайтыны сияқты, оның күйеуімен бірге тұруына келісім берумен де жойылмайды.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

«Һидаяның» құрастырушысы Мұхаммедтің: «Қожайын өзінің құлын немесе күнін заңды түрде некеге бере алады» дегенде құлдардың мұндай некеге келісімі жайлы айтпайтынын ескертеді, ал бұл мұндай келісімнің некенің заңдылығы үшін маңызды шарт болып саналмайтынын көрсетеді. Дәл осындай көзқарасты біздің ғалымдарымыз да ұстанады, олардың пікірі бойынша қожайын өзінің құлдарын некеге тұруға күшпен мәжбүрлей алады, яғни, қожайыны бекіткен құлдардың некесі олардың келісіміне қарамастан, заңды деп саналуы қажет. Шафиғидің пікірі бойынша, қожайынның өзінің құлын некеге күшпен мәжбүрлеуге құқы жоқ. Осыған ұқсас пікірді Әбу Ханифа да айтқан. Бұл екі пікір де келесі тұжырымға негізделеді: неке адамның табиғи артықшылығы саналады, ал құл өзінің қожайынына табиғат заңдары бойынша емес, иелік ету заңдары бойынша тиесілі; сондықтан, қожайын өзінің құлының некесіне қатысты алғанда оған түпкілікті тұрғыда билік ете алмайды, ал күннің жағдайы басқаша, ол онымен жыныстық қатынасқа түсуге құқылы жіне бұл құқықты ол өзінің билігі арқылы басқа бере алады. Біздің ғалымдарымыз бұған қарсы пікір айтады, қожайын құлды некеге тұруға мәжбүрлеу арқылы өзінің меншігін зақымданудан сақтауды көздейді, себебі, некелесу арқылы құл зинақорлыққа салынудан шектеледі, ал зинақорлық күйзелу мен зақымданудың⁹⁵ себебі болуы мүмкін. Сондықтан, қожайын өзінің құлдары мен күндерінің некелеріне қатысты толық билік иеленеді, бірақ, оның еркек немесе әйел жынысты мукатабтарына қатысты мұндай иелігі жоқ, олар бостандықта туғандармен бірдей артықшылықтарға ие және олардың келісімі некеге тұруы үшін маңызды шарт болып саналады. Егер басқаша болған болса, онда бұл арқылы олардың артықшылықтары мен құқықтық қабілеттері толық жойылған болар еді.

Өзінің күйеуге шыққан күнін іс жүзіндегі некеге дейін өлтірген қожайынның оның неке сыйын алуға ешқандай құқығы жоқ. – Егер кімде кім өзінің күнін басқа біреуге күйеуге берсе және күйеуі онымен жыныстық қатынасқа түскенге дейін оны өлтірсе, онда, Ханифаның пікірі бойынша, күйеуі ешқандай неке сыйын төлеуге міндетті емес. Екі шәкірті де бұл жағдайда әйелі өз өлімімен өлген жағдайдағы сияқты, күйеуі неке сыйын толық төлеуі тиіс деп санайды, олар бұ жерде күштеп өлтіру болсын, табиғи болсын, өлім өмірдің тоқтатылуы екенін негізге алады. Бұл әйелді басқа біреу өлтірген жағдайға қатысты қолданылады, ал қандай жағдайда неке сыйы қожайынға төленуі тиіс; қарастырылып отырған жағдайда да ол неге төленуі тиіс. Бұған Ханифа былайшы жауап береді: күннің қожайыны маула⁹⁶ ретінде өтемақы талап етеді, ол өзінің әрекеті арқылы күйеуін өтемақының нысанына (әйелдің будьасы) иелік етуге жіберген жоқ және соған сәйкес, осының өзі арқылы оның өтемақы алуға құқығы жойылады, бұл да бостандықтағы әйелдің діннен безуі жағдайындағы сияқты: егер бостандықта туған әйел күйеуімен жыныстық қатынасқа түскенге дейін діннен безсе, онда оған ешқандай неке сыйы берілмейді, себебі, ол өзінің осы әрекеті арқылы неке келісім-шартының нысанын күйеуінің иелігіне берудің алдын алып қойды. Бұл тұжырым қарастырылып отырған жағдайға қатысты да қолданылады. Ал екі шәкірттің «өлгеннің өлімі - тағдыры» деген қағидасына келетін болсақ, бұл қағида дұрыс болса да, ол бұл дүние үшін емес, алдағы, о дүниеге

⁹⁵ Зинақорлық үшін жазаға 50 мәрте дүре соғылады.

⁹⁶ Азат етуші

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қатысты. Азаматтық заңдар бойынша адам өлтіру кек алу, құн талап ету және т.б. сияқты салдары бар жою әрекеті деп саналады, сондықтан оны азаматтық заңдар бекіткен неке сыйын жоятын салдары бар әрекет деп санау қажет.

Егер бостандықта туған әйел некедегі жыныстық қатынасқа дейін өзін өзі өлтірсе, онда оның неке сыйы төленуі тиіс. – Егер бостандықта туған әйел күйеуін өзімен жыныстық қатынасқа жібермей тұрып, өзін өзі өлтірсе, онда оның неке сыйы дегенмен де төленуі қажет, Зуфардың пікірі бұған қарсы, ол бұл жағдайды іс жүзіндегі некеге дейін діннен безумен және тағы да іс жүзіндегі некеге дейін күннің өлтірілуімен салыстырады. Ол күйеуі ешқандай неке сыйын төлеуге тиісті емес деп дәлелдейді, себебі, неке келісім-шартының нысанын оған иелік етуге берудің жолы әйелдің өзін өзі өлтіруі арқылы кесілді. Бұған біздің ғалымдарымыз азаматтық заңдар бойынша әлдекімнің өзіне өзі келтірген зияны назарға алынбайды деп жауап береді, сондықтан, өзі өзіне қол жұмсау жағдайы қожайынының өз күннің өлтіруімен салыстырғанда табиғи өлім деп саналуы қажет, күнді өлтіру азаматтық заңдар бойынша жазалауға және айыпкерді өзінің айыбын түрлі әрекеттер арқылы өтеуге тартатын теріс қылық болып табылады.

Егер кімде кім басқа біреудің күнімен некеге тұрып, онымен азиль () жасауды қаласа, онда, Ханифаның пікірі бойынша, бұл әрекетті жасау оның қожайынының келісіміне байланысты болады. Дәл осындай пікір «Заһир-Риуайатта» баяндалған. Екі шәкірттің пікірі бойынша бұл әрекетті жасауға келісімді күннің өзі беруі тиіс, себебі, жыныстық қатынас оның әйел ретіндегі құқығы саналады, ал азиль арқылы ол қалыпты жыныс қатынасынан айырылады. Сондықтан оның келісімінің бар болуы азиль бостандықта туған әйелдің тарапынан берілген келісіммен тең дәрежеде азиль әрекетін жасалудың заңдылығы үшін маңызды шарт болып табылады. Қарастырылып отырған жағдайға жыныстық қатынасқа түсетін⁹⁷ адамға тиесілі күннің жағдайы қарсы қойылады: жыныстық қатынас оның құқығы саналмайды, сондықтан ол өзінің қожайынынан немесе иесінен оны талап ете алмайды, соған сәйкес, азиль жасауға оның келісімі де талап етілмейді. «Заһир-Риуайат» қорытындысы мынадай тұжырымға негізделген: некенің мақсаты – бала тудыру болып саналады, оған күннің қожайынының құқығы бар⁹⁸, ал азиль оны бұзады, сондықтан азиль жасауға күннің емес, оның қожайынының келісімінің болуы маңызды шарт болып табылады. Бұдан бостандықта туған әйел мен күннің некедегі құқықтарының арасындағы айырмашылық көрінеді.

Өзінің қожайынының қалауы бойынша некеге тұрған күн құлдықтан босағаннан кейін неке келісім-шартын бұза алады. – Егер күн некеге өзінің қожайынының қалауы бойынша тұрса және кейіннен бостандыққа қол жеткізсе, онда оған өзінің қалауы бойынша оның күйеуінің бостандықта туғанына немесе құл екеніне қарамастан, некені бұзу немесе некеде бірге тұруды жалғастыру құқығы беріледі, себебі, Пайғамбар Барираға (Айшаның мукатабы болған) ол босағаннан кейін: «Сен өзің өзіңе ханымсың және өзің өзіңнің билігіндесің» деген. Пайғамбардың бұл сөзі күйеуі бостандықта туған адам немесе құл болса да, оның екі жағдайда да, ол өзі өзіне ханым болғандықтан, бұған қарамастан, некені бұза алатынын көрсетеді. Шафиғи егер

⁹⁷ Оған иелік ету құқығы бойынша.

⁹⁸ Күннің туған балалары оған тиесілі болуы себепті.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оның күйеуі бостандықта туған болса, онда ол мұндай таңдау құқығын иелене алмайды деп санайды. Бірақ жоғарыда келтірілген хадис оның пікіріне қарсы тұрады. Сонымен қатар, әйелінің бостандық алуымен бірге, күйеуінің оған жүргізетін билігі артады: ол күң болған кезде күйеуі ажырасу формуласын тек екі рет қана айта алатын, ал ол босағаннан кейін ол енді бұл формуланы үш рет айтуға құқылы. Сондықтан, әйелі босағаннан кейін күйеуінің оған жүргізетін билігін күшейте алмауы үшін, әйелге неке келісім-шартын бұзу құқығы әділетті берілген. Дәл осындай ереже мукатаба өзінің қожайынының қалауымен некеге тұрып, кейіннен босаған жағдайда қолданылады. Зуфар мукатабаның ешқандай таңдау құқығы жоқ, себебі, неке келісім-шарты оның келісімімен жасалған, әрі ол өзіне тиесілі неке сыйын алған⁹⁹, соған сәйкес, ол күйеуге келісімін алмай берілген күнге (босатылғаннан кейін) ұсынылатын артықшылықтарды пайдалана алмайды дейді. Бұған біздің ғалымдарымыз былай деп жауап береді: бұл тектес таңдау құқығының себебі (әйелі босағаннан кейін күйеуінің билігінің артуы) – мукатаба үшін де, толық күндіктегі әйел үшін де біреу, себебі, мукатабаның иддат мерзімі босағанға дейін екі ай болды және оған талақ тек бұл үшін белгіленген формуланы тек екі рет қайталау арқылы берілді, ал босағаннан кейін оған үш рет талақ айтылады және оның иддат мерзімі үш айлық тазаруға дейін жалғасады.

Егер күң өзінің қожайынының келісімінсіз некеге тұрса, онда босағаннан кейін оның некені бұзуға құқығы болмайды. – Бұл жағдайда неке заңды және өз күшінде болады, себебі, кәмелет жасында және ақыл-есі орнында болғандықтан, күң босағаннан кейін некеге тұруға құқықтық тұрғыдан қабілетті, ал некенің қожайынның билік ету құқығына байланысты болатын заңсыздығы әйелдің бостандық алуымен жойылып кетеді. Бірақ ол алдыңғы жағдайдағыдай таңдау құқығын иелене алмайды, себебі, ол босағанға дейін некенің заңды күші жоқ болды, соған байланысты, оның босауы күйеуінің құқықтарының артуына апарған жоқ, бұл құлдықтан босағаннан кейінгі некелесумен тең болады.

Иесінің келісімінсіз күңмен некелесу жағдайы. – Егер әлдекім мың дирһем неке сыйы үшін иесінің келісімінсіз күңмен некелессе, оның маһр-мислі бар болғаны жүз дирһем болса, әрі ол онымен жыныстық қатынасқа түссе, ал бұдан соң ол босатылса, онда мың дирһем болып тағайындалған барлық неке сыйы күңнің қожайынының пайдасына беріледі, себебі, күйеуі күңнің қожайынына тиесілі затты иеленді, ал қожайын ол үшін төлем алуға құқылы, ол төлем болып неке сыйы табылады. Ал егер күң босатылғанға дейін іс жүзінде орындалмаса, онда неке сыйы толығымен күңнің пайдасына беріледі, себебі, күйеуі оның меншігі болып табылатын затты иеленуге кірісті, соған сәйкес, әйел өзі босатылғаннан кейін беріліп тұрған белгіленген төлемді алуға құқылы, сондықтан неке сыйының сипаты дұрыс және тек бір ғана неке сыйы міндетті болып саналады. Бұл жағдайда, күңнің қожайынының келісіміне немесе оның босауына байланысты болатын некеге дейінгі жыныстық қатынастан соң басқа неке сыйын талап етуге жол берілмейді, себебі, некенің заңдылығы бастапқы келісім-шартқа негізделген, ол неке іс жүзінде орындалған сәттен бастап қана заңды күшіне енеді; сондықтан неке сыйы бір рет қана төленеді.

Әкесінің ұлының күңімен жыныстық қатынасқа түсу жағдайы. – Егер әкесі өзінің ұлының күңімен жыныстық қатынасқа түсетін болса және ол әйел бала туып,

⁹⁹ Қалың малы иесінің иелігіне өтетін күңнің некесі жағдайына қайшы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оны әкесі өзінің баласы деп таныса, онда күң баланың умм-уалады болады және әкесі өз ұлына оның құнын төлеуге міндетті. Бірақ ол күң үшін неке сыйын төлеуге міндетті емес, себебі, өзін өзі қорғау түрінде әкесі ұлының кез келген меншігін пайдалана алады, соған сәйкес, ол өзінің ұрығын сақтау үшін өз ұлының күңін де пайдалана алады, бұл да мәнісі бойынша өзін өзі сақтау болып саналады. Ал, өмірді сақтаумен салыстырғанда өз ұрығын сақтаудың маңызы азырақ болғандықтан, ол ұлына осы күңнің құнын төлеуге міндетті; әйтпесе ештеңе төлеместен ол өзінің ұлынан тамақ болатын нәрсені алуға қалай құқылы болады. – Бұл жағдайда әкесінің бұл күңге қатысты меншік құқығы балаға қатысты құқығын мәлімдеуге дейін белгіленуі керек, егер ол күнді толық иеленбесе немесе ең болмағанда оған иелік етуге ешқандай құқығы болмаса (бұл жағдайда олай емес, сондықтан ол онымен заңды түрде некелесе алады) оның балаға қатысты мәлімдемесінің де заңды күші болмайды; сондықтан ол күнді пайдалануға аргіоті құқылы болды тану дұрыс; әрі бұл жерде ол өз күңімен жыныстық қатынасқа түсті және укур төлеуге міндетті емес деп санау сияқты жеңлдікке жол беру керек; - Зуфар мен Шафиғи әкесі күң үшін неке сыйын төлеуі тиіс деп санады, себебі, олардың пікірі бойынша, оның күңге қатысты құқығы *истилад* – баланы өзінікі деп танумен анықталады, бұл күнді басқа біреумен ортақтасып пайдаланған жағдайдағыдай; ал бұл тәрізді жағдайларда бірінші жыныстық қатынасқа түскенге дейін басқаға тиесілі болған күң үшін неке сыйы төленеді.

Ұлы өзінің күңін өз әкесіне әйелдікке беретін жағдай. – Егер кімде кім өзінің күңін өз әкесіне әйелдікке беретін болса және ол бұл некеде бала туса, онда біздің барлық ғалымдарымыздың пікірі бойынша, ол әйел әкесінің умм-уалады болмайды және бала бостандықта туды деп саналады; сондай-ақ әкесі ұлына оның құнын төлеуге міндетті емес, себебі, мұндай неке заңды болатындықтан, ол әйел үшін белгіленген неке сыйын төлеуі тиіс, мұнымен біздің ғалымдарымыз да келіседі. – Шафиғи мұндай неке заңды болып саналмайды деп үйретеді. Біздің ғалымдарымыз қарастырылып отырған жағдайда былайша ой қорытады: күң ұлдың әкесінің меншігі емес, себебі, барлық мәселелерге қатысты оның қожайыны бұрыннан ұлы саналады; ұлы күңге қатысты алғанда әкесінде жоқ құқықтарға ие: ол (ұлы) оны сата алады, босата алады, күйеуге бере алады; әкесінің күңге қатысты алғанда тек жалғыз артықшылығы – ұлының күңі ретінде онымен жыныстық қатынасқа түскен жағдайда зинақорлық үшін белгіленген жазадан босау, себебі, мұндай жыныстық қатынас жаңсақ иелік ету деп түсіндірілуі мүмкін; ал әкесінің бұл күңмен некесі заңды деп табылатындықтан, оның ұрығын сақтауға да әйелмен некелесу арқылы қол жеткізіледі (*истилад* – күң туған баланы өзінікі деп тану жолымен емес), сондықтан баланың тууы арқылы әкесінің ұлының күңіне иелік ету құқығы белгіленбейді және әйел оның умм-уалады болмайды. – Бұл жағдайда әкесі күңнің немесе баланың құнын төлеуге міндетті емес, себебі, ол неке арқылы оларға меншік құқығын иеленбейді. Бірақ ол ұлына әйелге алған күңнің қожайыны ретінде белгіленген неке сыйын төлеуі тиіс; ал бала күңнің қожайынының інісі болғандықтан, бостандықта туады және осы бір жағдайға байланысты құлдықтан босатылды деп саналуы қажет.

Бостандықта туған әйелдің құлмен некесі егер ол құлды сатып алса заңды күшін жояды. – Егер бостандықта туған әйел құлмен некеде тұрып, құлдың қожайынына: «Оны мен үшін мың дирһемге босат» десе және ол оны әйелдің қалауы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бойынша босататын болса, онда осы арқылы олардың некесі жойылады. – Зуфар мұндай жолмен бұл неке заңды күшін жоғалтпайды деп санайды. – Біздің ғалымдарымыз бұған құл бұл жағдайда өзінің әйелінен бостандыққа қол жеткізеді, әйел осы арқылы оған қатысты уил – патронат құқығын алады деп қарсылық білдіреді; егер әйел күнасын өтеуге міндетті болғанда және өзінің күйеуін осылай сатып алды қалаған болса, онда күна осы жолмен жуылды деп саналар еді. – Зуфардың пікірі бойынша, құлды азат етуші деп оның иесін санау керек, себебі, әйелдің «мен үшін» немесе «маған» деген өтініші мүлде орынсыз, себебі, босатушыға тиесілі емес құлға қатысты алғанда оны бостандыққа жіберу дұрыс болмайды; соған сәйкес, әйелдің өтінішінің заңды күші жоқ болғандықтан, құлды босатушы ретінде оның иесі саналады. Басқа жағынан алғанда, біздің ғалымдарымыз әйелдің өтінішіне заңды күш беру жолы бар деп табады: құл азат етілгенге дейін әйелдің оған иелік ету құқығы болды деп санауға болады (мұндай құқық бостандық беру әрекетінің заңды болуы үшін маңызды шарт болып табылады), ол жағдайда оның «мен үшін бостандық бер» деген өтінішін алдымен оған мың дирһем үшін құлды иелену құқығын беру деп түсіндіріп, одан соң барып оны «ол үшін» немесе «оның атынан» азат етіп, ал құлдың қожайынының «мен бостандық бердім» деген жауабын алдымен ұсынылып отырған төлем үшін оның әйелге құлды иелену құқығын беруге келісімі деп, одан соң «ол үшін» және «оның атынан» босатылды деп түсіну қажет болады. Ал бұл әйелдің осы құлға иелік ету құқығы белгіленген болса, онда олардың некесі заңды күшінен айырылады, себебі, құл иелену құқығы неке құқығымен үйлеспейтіндіктен, бостандықтағы әйелдің өзінің құлымен жасаған некесі заңсыз саналады. Егер әйел өзінің күйеуінің қожайынына: «Оны мен үшін босат» немесе «Менің атымнан» десе, бұл әрекет үшін төлем туралы ештеңе айтпаса, онда Ханифа мен Мұхаммедтің пікірі бойынша, неке заңды күшінен айырылмайды және уил құқығы құлдың иесінде қалады. - Әбу Йусуф бұл жағдай алдыңғыға ұқсас және неке де бұзылды деп саналуы керек, себебі, билік ету құқығы құлдың қожайынынан оның әйеліне бостандық беру әрекетінің заңдастырылуы арқылы өтті (бұл үшін төлем жасалмаса да) деп саналуы тиіс дейді.

Қарсылық. – Меншікті төлемсіз басқаға беру – сыйлауға тең, ал сыйлықты алушы адамның иелігіне өткенше сыйлықтың заңды күші болмайды; мына жағдайда иелік етуге кірісу көрінбейді, соған сәйкес, иелік етуді басқаға беру қалайша заңды күшке ие бола алады?

Жауап. – Қарастырылып отырған жағдайда иелік етуге кірісу назарға алынбайды, оның зиһар кезінде де назарға алынбайтыны сияқты, егер кімде кім зиһарды сатып алуға және кедейлерге тамақ таратуды өзінің орнына басқа біреуге тапсыруға міндетті болса, ал ол адам өзіне жүктелгенді таратып берсе, онда таратушы делдалдың иелік етуге кірісуіне қарамастан, бұл сый жасалды деп саналады; осы тұжырым қарастырылып отырған жағдайға қатысты да қолданылады. - Әбу Ханифа мен Мұхаммед бұл мәселеге қатысты мынадай ой айтады. Сыйлыққа иелік етуге кірісуді Пайғамбар өсиет еткен; сондықтан ол ұмыт қалдырыла алмайды; сондай-ақ ол өз мәнісі бойынша жай ғана болжам немесе рұқсат беру арқылы ғана белгіленбейді де, ол тек сауда-саттық кезінде ғана солай болуы мүмкін, көзге көрінетіндіктен, ол онда заңды келісім болып табылады; ал жоғарыда Әбу Йусуф келтірген зиһар үшін төлем

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жасау жағдайында кедейлер сыйға берілген тамаққа иелік етуге кірісуге өкілеттілер болып табылады, ал құл (қарастырылып отырған жағдайдағы) иеліктің көзге көрініп тұрған нысанының жоқтығына байланысты, иелік етуге кірісу мәселесінде әйелінің өкілетті адамы болып санала алмайды.

V Тарау

КӘПІРЛЕРДІҢ НЕКЕСІ ТУРАЛЫ

Кәпір ерлі-зайыптылардың некесі олардың екеуі де Исламды қабылдаған жағдайда бұзылмайды. – Егер кәпір еркек пен әйел куәларсыз өз араларында немесе әйел басқа кәпір еркекпен ажырасқаннан кейін иддат мерзімін сақтап жүргенде неке құрса және бұл олардың діни құрылымының заңдарына қайшы келмесе, әрі бұдан кейін олардың екеуі де Исламды қабылдаса, онда Ханифаның ілімі бойынша, олардың некесі заңды күшін сақтайды. Зуфар олардың некесі Исламның алдында екі жағдайда да заңсыз деп санайды: куәларсыз жасалғанда да, әйел иддат мерзімін сақтап жүргенде құрылғанда да; бірақ кәпірлер бұл үшін исламды қабылдағанға дейін немесе олар бұл істі сотқа тапсырғанға дейін жауапқа тартыла алмайды. – Алғашқы жағдайға қатысты (куәлардың болмауы) екі шәкірті Ханифамен келіседі, бірақ екінші жағдайға қатысты (иддат мерзімін сақтау) олар Зуфардың пікірін жақтайды, ал ол былай деп ой қорытады: қасиетті жазбалардың мәтіні барлық адамдарға бірдей дәрежеде қатысты болады, сондықтан ол кәпірлер үшін де міндетті; бірақ мына жағдайда тараптар олардың мұндай некесін заңды деп табуға болатындықтан емес, зиммийлер сияқты кешірімділік ұстанымы бойынша ғана жауапқа тартылмайды; ал егер тараптардың арасында талас туса немесе олар Исламды қабылдаса, онда олардың некесі заңсыз деп табылып, бұзылуы қажет. – Екі шәкірті мынадай ой айтады: көп күйеуі болушылықтың заңсыздығы мұсылмандар арқылы жаппай мойындалған және мұсылмандар арасындағы бодан кәпірлер барлық мұсылмандар жалпылама мойындаған заңдардың уақытша шешімдерін орындауға міндетті: куәларсыз некелесудің заңсыздығы туралы мұсылмандардың өздері түрлі көзқарастарды ұстанады, ал кәпірлер заңдардың таласты тұстарындағы уақытша шешімдерді орындауға міндетті емес. Сондықтан, көп күйеуі болған жағдайда (иддат мерзімі кезінде жасалған неке сияқты) некені бұзу қажеттілік деп саналады, бірақ ол куәларсыз жасалған неке үшін міндетті емес. Ханифа кәпірлердің қарастырылып отырған некесі заңның қаулысы арқылы заңды күшінен айырылмайды, себебі, бұл қаулылардың кәпірлерге қатысы жоқ деп дәлелдейді; сондай-ақ, иддат мерзіміне сенбейтін күйеуден ажырасқан соң оны ұстауды міндет деп санауға негіз жоқ, себебі, иддат мерзімін сақтау оның қажеттілігіне сенетін мұсылман күйеуінен ажырасқан кәпір әйел үшін міндетті саналады. Бұл жағдайда мұсылманның иддатқа қатысты құқығының бұзылуына байланысты әйелдің кәпірмен некесі заңды күшінен айырылған болар еді, ал қарастырылып отырған неке оны бекіткен кезде заңсыздық дәлелдерінің болмауына байланысты ab initio заңды күшке ие болғандықтан, ол оны ерлі-зайыптылардың екеуі де Исламды қабылдағаннан кейін де сақтап қалады, себебі, куәлардың жауаптарының болуы неке келісім-шартын жасау уақытын белгілеген кезде

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

маңызды шарт болып саналмайды; ал талас тудырған жағдайлар немесе Исламды қабылдау некелескеннен кейінгі уақытта туды; сол сияқты некенің заңдылығы иддат мерзімінің болуымен де бұзылмайды, бұл басқа біреудің әйелімен жаңылыс жыныстық қатынасқа түскенмен бірдей, ол кезде әйел белгіленген иддат мерзімін ұстануы тиіс, бірақ бұдан неке өзінің заңды күшін жоғалтпайды.

Кәпірлер арасындағы неке тыйым салынған туыстық дәрежесінде жасалған болса және ерлі-зайыптылардың екеуі де Исламды қабылдаған жағдайда ондай неке бұзылуы қажет. – Егер маджус өзінің шешесімен немесе қызымен некелесе, ал кейіннен олардың екеуіде Исламды қабылдаса, онда олардың некесі бұзылуы тиіс. Екі шәкірттің пікірі осындай, олардың пікірі мұсылмандар арасында некелесуге болмайтын дәрежедегі туыстардың некесі заңсыз деп саналатыны жайлы тұжырымға негізделеді; сондықтан бұл ереже кәпірлерге қатысты да қолданылуы тиіс (олардың иддатқа қатысты тұжырымдарында көрсетілгендей); Исламды қабылдағаннан кейін ерлі-зайыптылар заңсыз некеде бірге тұруына байланысты жауапқа тартылуы тиіс, ал бұл неке бұзылуы керек. Ханифа олардың пікірімен келіседі, себебі, мұндай неке «Риуайат-Сахих» бойынша да заңды деп саналғанмен де, ерлі-зайыптылар арасында некелесуге болмайтын туыстық дәрежесі олар Исламды қабылдағаннан кейін некеде бірге тұруды жалғастыруға жол бермейді; сондықтан неке бұзылуы керек. Бұл жағдай иддат жағдайына қарсы келеді, ол Ханифаның пікірі бойынша, некеде бірге тұруды жалғастыруға кедергі болмайды.

Егер кәпір ерлі-зайыптылардың бірі Исламды қабылдаса, онда мұндай неке бұзылуы тиіс. – Егер кәпір ерлі-зайыптылардың бірі исламды қабылдаса, онда неке бұзылуы тиіс. Ал егер ерлі-зайыптылардың бірі (Исламды қабылдамай-ақ) некені бұзу өтінішімен сотқа жүгінсе, онда Ханифаның пікірі бойынша неке бұзылмауы тиіс. Мұнымен екі шәкірті де келіспейді. Олар жоғарыда келтірілген екі жағдайда да неке заңды күшін жояды деп санайды. – Ханифа бұл екі жағдайдың арасында айырмашылық барлығын айтады, оны былай деп негіздейді: ерлі-зайыптылардың бірінің құқығы екіншісінің талабы бойынша заңды күшін жоймайды, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың бірінің діни наным екііншісінің талабымен өзгертіле алмайды: ерлі-зайыптылардың бірі Исламды қабылдаған жағдайда бұдан екіншісінің діни наным өзгеріп кетпесе де, бірақ, кәпірді мұсылманмен бір дәрежеге қоюға болмайды, себебі, Ислам – бағынушы емес, бағындырушы және сондықтан неке бұзылуы тиіс. Бірақ, ерлі-зайыптылардың екеуі де талас тудырып тұрса, онда, біздің ғалымдарымыздың бірауызды пікірі бойынша, неке бұзылуы тиіс, себебі, олардың арасындағы екіжақты тартыс үшінші адамға некені бұзуға өкілеттік береді және некенің мұндай жағдайда бұзылуы заңды күшке ие болады.

Діннен безгендер некеге тұруға құқықтық тұрғыдан қабілетсіз. – Діннен безген еркек ешбір әйелмен де – мұсылманмен де, кәпірмен де, діннен безген әйелмен де заңды некеге тұра алмайды, себебі, ол өлтірілуі тиіс; өлім жазасы орындалғанға дейін оған өзін діннен безуге апарып соқтырған адасулары жайлы ойлануына үш күн мұрсат беріледі, ал неке оның бұлай ойлануына кедергі келтірген болар еді; сондықтан, мұндай жағдайда некеге тұруға заң жол бермейді.

Дәл осы себептербойынша діннен безген әйел мұсылман еркекпен де, кәпірмен де заңды түрде некеге тұра алмайды, себебі, ол өзінің адасулары туралы ойлануы үшін

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

абактыға жабылады (жоғарыда түсіндірілгендей), ал оның күйеуіне көңіл бөлуі бұл ойлардың басқа жаққа ауып кетуіне апарар еді, сонымен қатар, оның абақтыға қамалуына байланысты олардың арасында ерлі-зайыптық қатынастардың болуы мүмкін емес; ал некенің заңдылығы жеке қарастырылатын неке келісім-шартына емес, одан туындайтын маңызды міндеттердің орындалуына байланысты; және олар орындалмаса, онда некенің өзі заңсыз.

Егер әкесі немесе шешесі мұсылман болса, онда олардың балалары да мұсылман болады. - Ерлі-зайыптылардың бірі мұсылман болған жағдайда олардың балалары Исламда тәрбиеленуі қажет. Тіпті кәпір ерлі-зайыптылардың бірі Исламды қабылдап, олардың бұған дейін де жас балалары бар болса, ата-аналарының бірінің Исламды қабылдауына байланысты олар да мұсылман деп саналуы қажет. Бұл балаларға қамқорлық жасау ұстанымына негізделген.

Егер кәпір ерлі-зайыптылардың бірі Ислам тұрғысынан екіншісінің діни нанымынан жоғары деп танылатын діни құрылымда болса, онда олардың балалары жоғары қатардағы діни наным бойынша тәрбиеленуі тиіс. – Егер ерлі-зайыптылардың бірі китаби, екіншісі – маджус болса, онда олардың балалары оларға деген қамқорлық ұстанымына сәйкес, китаби деп саналуы тиіс, себебі, (Исламның алдында) маджус китабиден нашар. Бұл қағида Шафиғидің іліміне қайшы, ол китаби мен маджустың дінсіздігін бір қатарға қояды; бірақ біздің ғалымдарымыз китабиді маджустен жоғары қояды.

Ерлі-зайыптылардың бірі Исламды қабылдағаннан соң сот екіншісіне де Исламды қабылдауды ұсынуы керек және ол бас тартқан жағдайда неке бұзылуы тиіс. – Егер кәпір ерлі-зайыптылардың бірі - әйел Исламды қабылдаса, ал күйеуі бұрынғыша кәпір болып қала берсе, онда сот күйеуіне де Исламды қабылдауды ұсынуы тиіс, егер ол келіссе, онда олардың некеде бірге тұруы жалғаса береді, ал олай болмаса, онда олар айырылысуы қажет. Ханифа мен Мұхаммедтің пікірі бойынша, бұл айырылысу ажырасумен бірдей. Сол сияқты, күйеуі Исламды қабылдаса, ал оның әйелі маджус болып қалса, онда сот оған Исламды қабылдауды ұсынуы тиіс, егер ол келіссе, онда ол, бұрынғыдай, өзінің күйеуінің әйелі болып қала береді, ал егер ол бас тартса, онда олар айырылысуы керек; бірақ бұл айырылысу ажырасуға жатпайды. - Әбу Йусуф екі жағдайда да олар ажыраспайды деп санайды. –Ерлі-зайыптылардың исламда жоқ екінші жұбына сот арқылы Исламды қабылдауды ұсыну туралы ереже біздің ғалымдарымызға тиесілі. Шафиғи сот бұл тектес талаптарды қоймауы тиіс деп санайды, себебі, бұл қыспақ жасағанға тең, ал бізбіздің арамызға келген зиммийлерге қыспақ жасамауды міндетімізге алғанбыз.

Қарсылық. – Бұдан бұл жағдайда неке құқықтарының тоқтатылмайтындығы шығады, ал Шафиғи кәпір ерлі-зайыптылардың бірі исламды қабылдаған жағдайда некеде бірге тұру тоқтатылуы тиіс деген пікірді ұстанады.

Жауап. – Мұсылмандар мен кәпірлер арасындағы ерлі-зайыптық қатынастарға жол берілмеуі тиіс, сондықтан, некеде бірге тұру егер неке іс жүзінде әлі орындалмаса, ерлі-зайыптылардың бірі Исламды қабылдаған сәтінен бастап тоқтатылады, себебі, бұл жағдайда, ерлі-зайыптылардың некедегі өзара құқықтары әлі белгіленбеген. Басқа жағынан алғанда, егер ерлі-зайыптылардың бірі неке іс жүзінде орындалғаннан кейін барып Исламды қабылдаса, онда некеде бірге тұруды тоқтату ажырасу кезіндегі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сияқты, әйелдің үш айлық тазару мерзімі өткенге дейін кейінге қалдыралады, себебі, некедегі өзара құқықтар белгіленген. Бұл жағдайда біздің ғалымдар осылай деп ой қорытады. Ерлі-зайыптылардың бірі Исламды қабылдаған жағдайда, діни сенімдердің әр түрлі болуына байланысты некенің заңдылығының маңызды шарттары бұзылады, сондықтан, заңсыз болып шыққан некеде бірге тұруды тоқтатуға себептер табылуы қажет. Исламды қабылдаудың өзі, діни әрекет ретінде мұндай себеп бола алмайды; сондықтан, ерлі-зайыптылардың Ислам дінінде жоқ екіншісіне де Исламды қабылдау ұсынылуы тиіс, бұл ұсыныс ол бұдан бас тартқан жағдайда некені бұзуға заңды себептің бар екенін көрсету үшін керек. - Әбу Йусуф өзінің жоғарыда баяндалған пікірін былайша негіздейді: некені бұзуға себеп болып тұрған нәрсе – Исламды қабылдауға қарсылық әйелі жағынан да, күйеуі жағынан да көрсетілуі мүмкін; сондықтан, некені бұл себепке негіздеп бұзу ажырасу деп саналмайды, бұл да ерлі-зайыптылардың бірінің екіншісінің үстінен меншікке иелік ету құқығын алуына байланысты олардың айырылысуы ажырасу болып саналмайтыны сияқты жағдай. – Ханифа мен Мұхаммед бұған Исламды қабылдаудан бас тарту арқылы күйеуі әйелін саналы түрде әдеттегі тілектестіктен айырады, себебі, мұндай бас тартудың нәтижесінде некеде бірге тұру тоқтатылады, дегенмен, оның қолында Исламды қабылдау арқылы некеде бірге тұруды жалғастыру билігі бар деп жауап қайтарады; сондықтан сот некені бұзу кезінде де, күйеуі бедеу немесе оның бала тудыру мүшесі жоқ болған жағдайдағыдай, тек оның орынбасары деп қана санала алады. Бірақ әйел өзі ажырасуға құқықтық тұрғыдан қабілетсіз, сондықтан, оның Исламды қабылдаудан бас тартуы нәтижесінде некені бұзу кезінде сот оның орынбасары болып санала алмайды.

Әйелдің Исламды қабылдаудан бас тартуы салдарынан неке бұзылған кезде, егер неке іс жүзінде орындалған болса, ол неке сыйын алуға құқығын сақтап қалатынын ескеру қажет, себебі, оның неке сыйын алуға құқығы жыныстық қатынастың болуымен белгіленеді; ал егер некеде жыныстық қатынас болмаса, онда ол ешқандай неке сыйын ала алмайды, себебі, неке оның кінасынан бұзылып тұр, ал оның неке сыйын алуға құқығы іс жүзінде белгіленген жоқ. Бұл жағдай әйел діннен безген немесе өзінің күйеуінің ұлымен жыныстық қатынасқа түскен жағдайға ұқсас.

Егер ерлі-зайыптылардың бірі жат елде жүріп Исламды қабылдаса, онда әйелді сынау мерзімі аяқталғаннан кейін неке бұзылады. – Егер әйелі жат елде жүріп Исламды қабылдаса, ал күйеуі Исламнан тыс қала берсе немесе шетелдік өз отанында жүріп Исламды қабылдаса, ал оның әйелі маджус болып қала берсе, онда некені бұзу әйелдің үш айлық тазару мерзімі өткенге дейін кейінге қалдырылады, ал бұдан кейін ол біржола шеттетіледі. Бұл ереже келесі тұжырымға негізделеді: Исламды қабылдау некені бұзуға сылтау бола алмайды (жоғарыда айтылғандай), ал ерлі-зайыптылардың екіншісіне Исламды қабылдау туралы ұсыныс жасауға – мұсылман сотының болмауына байланысты – мүмкіндік жоқ, себебі, мұсылман сотының билігі басқа елдерде жүрмейді және жат жерде мойындалмайды; алайда, ыза тыйылуы үшін неке бұзылуы тиіс; сондықтан, үш айлық тазару мерзімін күту шарты сот арқылы некені бұзуды алмастыруы тиіс және бұл жағдайда ол жыныстық қатынасқа түскен әйелге де, сондай-ақ бұл қатынаста болмаған әйелге де қатысты болады. – шафиғи күйеуімен жыныстық қатынаста болған әйел мен оған түспеген

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

әйелдің арасында айырмашылық бар деп қарайды, жоғарыда айтылғандай, ол ерлі-зайыптылардың бірі Исламды қабылдаған кезде олардың мұсылман елінде болуы мен болмауының арасында осындай айырмашылық болады деп қарайды.

Егер әйелі жат жерлік болса, онда күйеуінің Исламды қабылдауына байланысты неке бұзылғаннан кейін оның иддат мерзімін сақтауы міндет емес. – Кәпірлер арасындағы неке күйеуінің Исламды қабылдауына байланысты бұзылса, онда біздің барлық ғалымдарымыздың бірауыздан шыққан пікірі бойынша, әйелдің иддат мерзімін сақтауы міндет емес. – Ханифа бұл ереже әйелі Исламды қабылдап, ал күйеуі жат жерлік болған жағдайға да қатысты болады дейді; бірақ екі шәкірті де бұл жағдайда ол мұсылман аумағына қоныс аударған жағдайда орындауға тиісті болатын жағдайдағыдай иддат мерзімін сақтауға міндетті деп санайды, ол жөнінде кейінірек түсіндіріледі.

Китаби әйелдің күйеуінің Исламды қабылдауы некені бұзуға сылтау бола алмайды. – Егер китаби әйелдің күйеуі Исламды қабылдаса, онда некеде бірге тұру жалғаса береді, себебі, мұсылманның китаби әйелмен некесі *ab initio* заңды деп саналады, яғни, соған сәйкес, оның жалғасуы *a fortiori* заңды болады.

Ислам дінін қабылдаған адамның мұсылман аумағына қоныс аудару жағдайы. – Егер кәпір ерлі-зайыптылардың бірі Исламды қабылдап, одан соң мұсылман аумағына қоныс аударса, онда неке бұзылуы тиіс. Шафиғи мұнымен келіспейді. Бірақ егер ерлі-зайыптылардың бірі мұсылман аумағына тұтқын ретінде әкелінсе, онда, барлық ғалымдардың бір ауызды пікірі бойынша, неке бұзылады. Ал егер тұтқын ретінде ерлі-зайыптылардың екеуі де әкелінсе, онда біздің пікіріміз бойынша, неке бұзылмауы тиіс; бірақ, Шафиғи керісінше санайды. Бұдан біздің ғалымдарымыздың пікірі бойынша ерлі-зайыптылардың екеуінің әр басқа елдерде тұруы некені бұзудың себебі деп саналатыны, ал тұтқынға алынудың мұндай себеп болмайтыны шығады, ал Шафиғи бұған қарама-қарсы пікірді ұстанады. Ол былай деп ой қорытады. Ерлі-зайыптылардың бірінің жат елге кетуі некені бұзуға емес, олардың бір-біріне билігінің тоқтауына себеп болады, жат жерлік адам мұсылман билігінің қамқорлығында, мұсылман аумағында, ал оның әйелі өз елінде тұрған кезде оның некесі бұзылмайды, сондай-ақ, ол мұсылман еркек егер басқа жерге пана іздеп кетіп, ал әйелін мұсылман елінде қалдырса да бұзылмайды; бұл екі жағдайда да некеде тұру жалғаса береді және бұл ереже қарастырылып отырған жағдайға да қатысты. Бірақ, тұтқынға алыну міндетті түрде некені бұзатын себеп деп қарастырылуы керек, себебі, тұтқын тек қана және міндетті түрде тұтқынға алушыға ғана тиесілі, ал мұндай иелік ету құқығы тұтқынның некесін тоқтатқанға дейін белгілене алмайды, бұл тұтқын өзінің барлық қарыздарынан босатылған деп саналатын ұстанымға байланысты.

Біздің ғалымдарымыз бұған басқа елге кету арқылы неке қатынастарының барлығы – тікелей орындалатындары да, неке келісім-шартынан туындайтындары да тоқтатылады және сондықтан некенің бұлай бұзылуы туыстық дәрежелердің заңсыздығынан туған жағдайға ұқсас болады деп қарсылық танытады. Басқа жағынан алғанда, тұтқынға алу адамның некеге тұруына кедергі болмайтын құқық береді, сондықтан тұтқынға алушы өзінің тұтқын күңімен заңды түрде некелесе алады, ол құқық бойынша, тұтқын күңмен некелесу осыған дейін бар некеде тұруды жалғастыра беруге де кедергі болмайды, себебі, басқаның әйелін күң ретінде сатып алу оның

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

некесін бұзбайды. Ал Шафиғидің тұтқынға алуға қатысты қағидасына келетін болсақ, тұтқынға алушы тұтқынға алынған адамға меншіктік құқық бергенмен де, бірақ некенің нысаны (анықтап айтқанда, әйелдің жыныс мүшесін қолдану) өз мәнісі бойынша құқықтың нысаны бола алмайды, сондықтан тұтқынға алу некені тоқтатпайды. Сонымен қатар, күйеуінің мұсылман аумағында мұсылман билігінің қарамағында болуын некені бұзудың себебі деп санауға болмайды, себебі, оның біраз уақыттан соң үйіне қайту ниеті бар, сондықтан, оның әйелімен бұлайша бөлек тұруын басқа жаққа уақытша кетіп қалу деп санауға болады, ал бұл некені бұзбайды.

Жат жерден мұсылман аумағына қоныс аударған әйел некеге тұруға құқылы¹⁰⁰. – Егер әйел жат жерден мұсылман аумағына қоныс аударса және зиммия болса немесе Исламды қабылдаса, онда ол заңды түрде некеге тұра алады. Ханифа бұл жағдайда ол иддат мерзімін сақтауға міндетті емес деп санайды. Екі шәкірті әйел иддат мерзімін сақтауы қажет деп табады, себебі, неке мұсылман аумағында мұсылман заңдарының күшімен бұзылып жатыр. Ханифа бұған иддат алдыңғы некенің салдары және неке байланысының маңызы үшін белгіленген, бірақ, жат жерліктерге қатысты алғанда бұл пікірдің мәні жоқ, сондықтан тұтқын әйелдер үшін иддат міндетті емес деп қарсылық танытады.

Бірақ, егер бұл әйел жүкті болса, онда ол жүктіліктен айырылу мерзімін күтуі тиіс. – Егер алдыңғы жағдайда айтылған әйел жүкті болса, онда ол жүктіліктен айырылғанша некеге тұрмауы қажет. «Заһири-Риуайатта» баяндалған ілім осындай. Ханифаның мұндай некені мақұлдайтыны мәлім, бірақ, ол әйел зинақорлықтан жүкті болған неке жағдайындағыдай, әйел жүктіліктен айырылғанша күйеуі онымен жыныстық қатынасқа түспеуі керек деп санайды. Жоғарыда келтірілген пікірлердің біріншісі мына тұжырымға негізделген: foeti әкесі белгілі (жат жерлік ретінде), сондықтан мұндай әйелдің бірінші некесі баланың әкесінің кім екенін анықтауға қатысты назарға алынады, ал жаңа некеге ұрықтардың келіссіз, ұят араласып кетуінің алдын алу үшін тыйым салынады.

Ерлі-зайыптылардың бірі діннен безген жағдайда неке бұзылады, бірақ некеде тұруды бұлайша тоқтату ажырасу емес. – Егер ерлі-зайыптылардың бірі Исламнан шығып кетсе, онда Ханифа мен Әбу Йусуфтің пікірі бойынша, неке бұзылады, бірақ олар ажыраспайды. Мұхаммед егер күйеуі діннен шықса, онда некенің бұзылуы – ажырасу болады, себебі, осы жағдай мен күйеуі Исламды қабылдаудан бас тартқан жағдайдың арасындағы ұқсастықты көруге болады деп дәлелдейді. Соңғы жағдайдағы сияқты, Исламды қабылдау арқылы некелік қатынастарды сақтау билігі оның қолында тұрса да, ол, шамасы, әйелін өз ниеті бойынша тілектестіктен айырады, қарастырылып отырған жағдайда да, ол өзінің діннен безгендігіне байланысты, тағы да сол мәселеде күналы. Ханифа Исламды қабылдаудан бас тарту мен діннен безудің арасында айырмашылық бар деп санайды және оны былайша негіздейді: діннен безгеннің қаны заңның аясында қорғалмайды және оның өмірі *мубах* (оны кез келген адамның өлтіруіне болады), мұнымен неке жойылады; ал ажырасумен заңды түрдегі неке тоқтатылады, сондықтан, діннен безуді ажырасумен салыстыруға болмайды. Ал Исламды қабылдаудан бас тартқан жағдайда некені бұзу бұйырылады, себебі, діннің әр түрлі болуына байланысты, некенің

¹⁰⁰ Ол өз елінде күйеуде болған болса да.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жоғарыда түсіндірілген маңызды міндеттері орындалмайды. - Әбу Йусуф Исламды қабылдаудан бас тартқан жағдайға қатысты келтірілген пікірді ұстанады. – Егер күйеуі діннен безсе, ол некеде болған кезде әйелімен жыныстық қатынасқа түскендіктен, әйелінің өз неке сыйын толық алуға құқығы сақталатынын ескерту қажет; ал егер араларында жыныстық қатынас болмаса, онда ол неке сыйының жартысын алады. Ал діннен әйелі безген жағдайда, егер неке іс жүзінде орындалса, онда ол неке сыйын толығымен алады, ал егер некеде тұрған кезде араларында жыныстық қатынас болмаса, онда ештеңе алмайды, себебі, қарастырылып отырған жағдайда неке оның кінасына қатысты бұзылып тұр.

Егер күйеуі мен әйелінің екеуі де діннен безсе, онда неке жалғаса береді. – Егер ерлі-зайыптылардың екеуі бірдей діннен безсе және қайтадан бірге Исламды қабылдаса, онда заңның қолайлы түсіндірілуіне сай, олардың некесі бұзылмайды. Зуфар бұл жағдайда неке заңды күшінен айырылады дейді, себебі, бұған ерлі-зайыптылардың біреуінің діннен безуі де жеткілікті, ал екеуі бірдей діннен безген болса, онда некенің түбегейлі бұзылуы қажет. Бірақ, біздің ғалымдарымыз Пайғамбардың шадыман сахабалары заманындағы бір оқиғаны келтіреді, ханифа тайпасының барлығы бірдей діннен безіп, кейіннен Исламға қайта оралғанда Пайғамбардың сахабалары ол тайпаны қайтадан некеге тұруға мәжбүрлеген жоқ, ал олардың діннен безуі бұл оқиғаның уақытының белгісіздігіне байланысты, бір мезгілде болды деп саналды. Бірақ, егер бірге діннен безгеннен соң ерлі-зайыптылардың бірі Исламға қайта қайтып келсе, онда олардың екіншісінің діннен безуіне байланысты, неке бұзылады, ал бұл некеде бірге тұруға да, қайтадан некелесуге де кедергі деп табылады.

VI Тарау

ҚИСМ НЕМЕСЕ НЕКЕДЕ ТҰРУДЫ БӨЛІСУ

Күйеуі өзінің барлық әйелдерімен тең тұруы керек. – Егер кімде кімнің екі немесе одан да көп әйелі болса, әрі олардың барлығы бірдей бостандықта туған болса, онда олардың бірін ол қыздай, ал басқаларын сайиба кезінде алғанына қарамастан, некеде бірге тұруды ол әйелдердің арасында тең етіп бөлуі қажет. Пайғамбар: «Екі әйелі бар және олардың біріне әділетсіз болған адам есеп күні бір жаққа иіледі (яғни, бір жағына қарай сал болып қалады)» деген. Айша Пайғамбардың өз әйелдерінің арасында бірге тұруды былай деп тең етіп бөлгенін айтады: «Уа, Алла, мен өзімнің билігімдегіні тең бөлемін; менің билігімдегі жоқ үшін мені жазалай көрме» (адамның билігінде жоқ нәрсе деп ол бейімділікті ойлады).

Бұрын алынған әйел мен кейіннен алынған әйел – некеде бірге тұруды олардың арасында бөлу мәселесінде өзара тең болады, себебі, жоғарыда келтірілген хадис жалпы мағынада қолданылады және *қисм* неке құқықтарының бірі болып оның құрамына енеді және оны пайдалануға әйелдердің барлығы өзара тең саналады.

Бірақ некеде бірге тұруды әйелдердің арасында бөлу тәсілі күйеуінің құзырында. – Күйеуіне бірге тұру өлшемін тағайындау тапсырылған, яғни, ол, өзінің қалауынша, әр әйелімен біртіндеп бір күн немесе одан да көп бірге тұра алады. Бірге

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тұруды әйелдердің арасында күйеуінің тең бөлу міндеттілігі деп, жыныстық қатынасқа түсу емес, тек бірге болу саналатынын ескеру қажет, себебі, жыныстық қатынасқа түсу бала тудыру мүшесінің ұрық шашу қызметіне байланысты және сондықтан, ынтықтық сияқты, ол да үнемі күйеуінің ырқында болмайды.

Әйелдердің жағдайлары әр түрлі болса, онда бірге тұруды олардың арасында бөлу осы жағдайға байланысты болады. – Егер кімде кімнің екі әйелі болып, олардың бірі бостандықта туған, екіншісі күң болса, онда ол адам бірге тұру уақытын тең етіп үшке бөлуі тиіс және оның екі бөлігінде бостандықта туған әйелімен және қалған бірінде күңімен бірге тұруы керек, себебі, бізге жеткен әңгімелер бойынша, Әли осылай істеген және күң әйелі бар болған жағдайда бостандықта туған әйелмен жаңа некеге тұра беруге болатынына да байланысты, бірақ, керісінше істеуге болмайды. Бұдан күннің некелік құқықтарының бостандықта туған әйелдің некелік құқықтарына қарағанда кем екендігі көрінеді. Мукатаба, мудаббара және умм-уалад әйелдер қисм құқығына қатысты мәселеде күң деп саналады.

Қисм күйеуі сапарға шыққан кезде міндетті емес. – Күйеуі сапарға шыққан кезде әйелдердің қисм құқығы болмайды. Ол сапарға өзімен бірге кімді қаласа, соны алып кете алады; бірақ оларға жеребе тартуды ұсынған дұрыс болады және жеребе кімге түссе, күйеуімен сапарға сол шығады. – Шафиғи бұл тәсіл - яғни сапарға күйеуімен қай әйелдің шығатынын анықтау - күйеуі үшін міндетті деп табады, себебі, Пайғамбар сапарға шығар алдында үнемі әйелдерінің арасында жеребе тастайтын болған. Біздің ғалымдарымыз Пайғамбар бұл арқылы өз әйелдерін сабырлыққа шақыруды көздеген деп дәлелдейді. Сондықтан олардың арасында жеребе тастау – тек мақұлдауға ғана болатын әрекет. Күйеуі сапарға шыққан кезде әйелдері қисм талап ете алмайды, себебі, оның олардың бір де бірін алмай қоюы да мүмкін, сондықтан, ол өзі кімді қаласа, өзімен бірге соны алып кете алады.

Сапардың уақыты қисм есебіне алынбайды, яғни күйеуі сапардан қайтқан соң, сапарға өзімен бірге әкеткен әйелімен көбірек болғанына байланысты үйде қалған әйелдерінің арасында уақытты теңестіруге міндетті емес, себебі, күйеуі сапарда болған кезде үйде қалған әйелдерінің онымен бірге тұру құқығы болған жоқ.

Әрбір әйел өзінің күйеуімен бірге тұратын кезегін басқа әйелге заңды түрде бере алады, себебі, хадистен Замъаның қызы Сула өзінің кезегін Айшаға бергені белгілі. Бірақ әйел өзінің күйеуімен бірге тұру кезегінен біржола бас тартатын болса, онда ол өз кезегін кейіннен қайтара алмайды, себебі, ол өзіне әлі бекітілмеген құқықтан бас тартып тұр, тек толық бекітілген құқықтан ғана бас тартуға болады; сондықтан, ол егер өз кезегін қайта қайтарып алғысы келген болса, онда бұл күйеуімен бірге тұруға басқаның кезегін тартып алғанмен бірдей болар еді.

ІІІ КІТАП

РИЗА НЕМЕСЕ СҮТ ТУЫСТЫҚ ТУРАЛЫ

Терминнің анықтамасы. – «Риза» сөзімен, заң тұрғысынан, омырау сүтімен өсіруге қажетті белгілі уақыт бойында әйелдің (анасының емес) омырау сүтін емген бала аталады¹⁰¹.

¹⁰¹ Сүт туыстық бойынша әйелдің сүтін емген өз балалары арасында да, бөтен балалары арасында да некеге тыйым салынған

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Сүт туыстықтың некелесуге тыйым салатын дәрежелері. – Егер әдеттегі уақыт бойы омырау емізгені дәлелденсе болды, барлық дәрежедегі сүт туыстық оған (емізуге) қатысы бар адамдар арасында некеге тұруға тыйым салуға апарады. – Шафиғи егер баланың омырауды ең аз дегенде жеке-жеке алғанда бес рет емгені дәлелденбесе, бұл тыйымды белгіленді деп санауға болмайтынын айтады; сондықтан егер бала белгілі бір уақыт бойы – бір сағат немесе бір күн бойы үздіксіз емсе, онда бұл жағдай некеге тұруға кедергі тудыратын себеп болып табыла алмайды, себебі, Пайғамбар: «Кім де кім бір не екі рет емсе немесе емізсе некесіне тыйым салынбайды» деген. Біздің ғалымдарымыз өз пікірлерін қасиетті мәтінге негіздейді. Алла тағала Құранда: «Сендерге омырауын енгізген аналарың сендер үшін тыйым салынғандар» деген. Пайғамбар: «қандас туыстық тыйым салғанға сүт туыстық та тыйым салады» деген, ал бұл ереже сүт туыстықтың арасында үлкен немесе кіші айырмашылық жасамайды¹⁰².

Қарсылық. – Сүт туыстықтың үлкен дәрежесі некелесуге тыйымды анықтау үшін өте қажет, ал ол бұл жағдайда омырау сүтін емген баланың бойы мен денесінің өсуіне байланысты тек қанның бірдей болуынан сақтыққа негізделген, ал ұзақ уақыт бойы емізбесе бала олай өсе алмайды. Сонымен қатар, хадистерде сүт туыстық баланың өсуі үшін негізгі азық көзі деп саналатынына да нұсқау бар.

Жауап. – Некелесуге тыйым баланың өсуімен байланысты қанның бірдейлігінен сақтыққа негізделсе де, бұл байланысты анық белгілеуге болмайды, сондықтан, сүт туыстық бойынша некеге тыйым салу оның дәрежесімен емес, баланың өсуіне негізгі себеп болып тұрған емізудің өзімен байланыстырылады. Ал Шафиғи келтірген Пайғамбардың хадисіне келетіне болсақ, біздің ғалымдарымыз, егер бұған қатысты олар келтірген Құран аяттары уақыты жағынан Пайғамбардың Шафиғи келтірген хадисінен кейін түскен болса, онда, дегенмен де, бұлардың соңғысы Құранның мәтініне қайшы келетіндіктен, назарға алынбауы тиіс.

Емізу уақытының ұзақтығы. – Ханифаның пікірі бойынша, емізу отыз айға созылуы тиіс. Екі шәкіртімен Шафиғи бұл мерзімді екі жыл деп белгілейді. Зуфар бала үш жыл бойы емізілуі тиіс деп санайды, себебі, екі жылға міндетті түрде тағы да біраз уақыт қосылуы қажет (ол жөнінде төменде сөз болады) деген пікір бар және осы біраз уақыт деп ол бір жыл мерзімді санайды, себебі, осы уақыт бойында бала мүлде өзгеруі мүмкін. Екі шәкірт алланың сөзіне арқа сүйейді: «Оның (баланың) анасының құрсағындағы және оны омыраудан айырғанға дейінгі уақыты отыз ай»; жүктіліктің ең аз мерзімі - алты ай, сондықтан емізуге екі жыл уақыт қалады. Сонымен қатар, Пайғамбар: «екі жылдан кейін емізу жоқ» деген. Бұған қатысты Ханифаның пікірі екіжақты: біріншіден, ол жоғарыда келтірілген мәтінге сүйенеді, ол бойынша Алла екі түрі нәрсе, *хамл* (жүктілік уақыты) және *фисал* (омыраудан айыру уақыты) туралы айтатыны және ол екеуі үшін бір уақыт аралығынн, атап айтқанда отыз айды белгілегені анықталады. Бұдан, осы уақыт аралығын осы екі құбылыстың екеуінің әрқайсысы үшін де жеке-жеке пайдалануға болатыны көрінеді; екі қарызы бар болған жағдайдағыдай, мысалы, әлдекім өзінің басқа біреуге «екі ай ішінде төленуге тиісті мың дирһем және бес өлшеи бидай» қарыз екенін жарияласа, онда осы екі ай уақыт мерзім екі қарыздың әрқайсысына қатысты бірдей дәрежеде қолданылады. Бұл

¹⁰² Сүт туыстықтың үлкен немесе кіші туыстығы сүтпен тамақтандырудың ұзақтығымен белгіленеді

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тұжырым жоғарыда қарастырылған жағдайға қатысты да қолданылады. Дегенмен, егер бұлай санауға жол берілсе, онда бала ана құрсағында да отыз ай бойы жататындай болып шығады; сондай-ақ, іс жүзінде заң жүктілік мерзімін екі жылмен шектейді. Бұған біз жүктілік мерзімін отыз айдан кем мезгілмен шектеудің себебі бар деп жауап береміз.

Аңыздан бала анасының құрсағында екі жылдан артық уақыт жатпайтыны белгілі; ал фисалға қатысты мұндай шектеу жоқ, оның үстіне, егер бала екі жыл бойы омырау емсе, онда ол омыраудан айыру қандай да бір уақыт аралығымен шектелмейтіндіктен, керісінше, бала омыраудан бірте-бірте шығарылатындықтан, оны бұл мерзім аяқталғаннан кейін де еме беруіне болады, бұл баланың омырауды аса қиналмай ұмытып, басқа тағамға үйренуімен қатар жүреді. Сондықтан емізуге екі жыл уақыттан артық тағы да қосымша мерзім берілуі тиіс және осы қосымша уақыт алты ай деп белгіленген, бұл жүктіліктің ең аз мерзіміне сәйкес келеді, себебі, бұл уақыт арылығының өтуі баланы азықтандыру тәсілін өзгертуге себеп болады, әрі ана құрсағында баланың болуы мен омырау емізу - бір-бірімен сыйымсыз¹⁰³. Хадисте берілген және екі шәкірт келтірген Пайғамбардың сөзіне келетін болсақ, ол – емізгені үшін ақы төленуін белгілеуді талап еткен кезде тек емізу уақытының ұзақтығын анықтауға қатысты, яғни, екі жылдан артық уақыт емізгені үшін баланың әкесінен мұндай ақы төленуін талап етуге заңды негіз жоқ екенін көрсетеді; тура осы сияқты, Құранның: «Аналары өз балаларын екі жыл бойы емізулері керек» деген мәтіні де емізу уақытының ұзақтығын талап беріп анықтауға қатысты.

Белгіленген мерзімнен артық емізу некеге тұруға тыйым салуға себеп бола алмайды. – Емізуге белгіленген уақыт аяқталғаннан кейін де бала омырауды еме беретін болса, онда бұл некеге тұруға тыйым салудың себебі деп санала алмайды, себебі, Пайғамбар емізуге белгіленген уақыт өткеннен кейін сүт туыстықтың жоқтығын жариялаған; сондай-ақ, тек баланың өсуіне себеп болатын осындай емізу дерегі болған жағдайда ғана некеге тыйым салынады, ал бала ол тек белгілі уақыт бойы емген жағдайда ғана өсуі мүмкін, себебі, үлкендер әйелдің омырауын емгеннен айтарлықтай пайда ала алмайды.

Баланың емізуге белгіленген уақыт аяқталғанға дейін омыраудан шығып кетуі назарға алынбайды, яғни, егер бала омырау емізудің белгіленген толық мерзімінен бұрын емуді қойса, ал омырауда бірінші баланың еметін уақыты аяқталғанға дейін, әлі де басқа бала еметін сүт қалып тұрса, онда олардың арасында сүт туыстықтың талабы бойынша некеге тұруға тыйым салынады. «Заһири-Риуайат» осылай деп үйретеді. – Хасан Ханифаның мұндай тыйым тек бірінші бала әрі басқа тағам түріне үйренбеген, анасының сүтімен ғана өмір сүре алатын жағдайда салынуы тиіс деген пікірін келтіреді, ал егер бала анасының сүтінен басқа да тағамға біржола үйреніп алса, онда бұл жағдай омыраудан айырғанмен тең деп саналуы тиіс. Бала оған анасының сүтінен басқа да тағам жеткілікті болған жағдайға жетсе, оның өмірін қолдау жасау осы арқылы түпкілікті өзгеріп, омырау сүті арқылы өсу тоқтаған болса, бұл жағдайда сүт туыстық талабы бойынша некеге тұруға тыйым салынбайды; сондықтан, сүт туыстыққа апаратын қанның бірдейлігі де белгіленбейді.

¹⁰³ Яғни, соңғы алты айда әйел емізе жүріп, аяғы ауырлап қалуы мүмкін; сонымен қатар, ол құрсағындағы балаға зардап келтірмей, бірінші баласын емізуді жалғастыра алмайды

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Емізуге белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін баланың еме беруіне бола ма? – Бұл сұрақ бойынша әр түрлі пікірлер бар. кейбіреулер бұлай емуге рұқсат жоқ, себебі, бұл әрекеттің өзіне тек қажеттілік бойынша ғана рұқсат беріледі, әрі сүт, өз мәнісі бойынша, әйелдің ағзасын құрайды, ал оны пайдалануға тек қажеттілікке байланысты ғана рұқсат беріледі, ал бұл қажеттілік емізу мерзімінің аяқталуымен жойылады дейді.

Сүт туыстық бойынша некеге тыйым салу туралы жалпы ережелердегі ерекше жағдай. – «Қандас туыстық арқылы тыйым салынғанға сүт туыстық арқылы да тыйым салынады» (Пайғамбардың жоғарыда келтірілген сөзі бойынша), бұл ереже әпке не қарындасының сүт анасына¹⁰⁴ қолданылмайды, онымен заңды некеге тұруға болады, өзінің әпкесі немесе қарындасының туған анасымен некелесуге болмаса да, себебі, ол некеге тұрмақшы еркектің өзінің де туған анасы немесе еркектің әкесі жыныстық қатынасқа түскен әйел болады, еркекке бұл екі әйелмен де некеге тұруға тыйым салынған. - Әпкесі немесе қарындасының сүт анасына қатысты үш түрлі көзқарас бар: біріншіден, егер еркектің туған қарындасының сүт анасы бар болса, онымен некелесуге тыйым салынбайды; екіншіден, еркектің сүт туыстықтағы әпкесі немесе қарындасының туған анасы бар болса, онымен де некеге тұру заңды болады; және үшіншіден, араларында сүт туыстық жоқ ұл және қыз бала бір әйелдің омырауын емсе, әрі қыз бала дәл осы мезгілде мұнымен қатар тағы бір әйелдің омырауын емген болса, онда ұл бала өзінің сүт қарындасының сүт анасы болып табылатын осы соңғы әйелмен заңды некеге тұра алады.

Ер адам өзінің туған ұлының әпкесі немесе қарындасымен некелесе алмайды, себебі, ол оның өзінің туған қызы немесе өзі жыныстық қатынасқа түскен әйелдің қызы болып табылады, ер адам үшін олардың екеуімен некелесу де заңсыз, алайда, ол өзінің сүт ұл баласының әпкесі немесе қарындасымен заңды некеге тұра алады.

Сүт туыстық бойынша некенің заңсыз саналатын жағдайы. – Ер адам өзінің сүт әкесінің немесе сүт ұл баласының әйелімен заңды некеге тұра алмайды, сол сияқты, жоғарыда келтірілген хадистің негізінде оның өзінің туған әкесінің немесе туған ұлының әйелімен некеге тұруына тыйым салынады.

Қарсылық. – Қасиетті мәтіндерде ер адамдардың өздерінің ұлдарының әйелдерімен заңды некеге тұруына болатындығы айтылған, ал бұл олардың сүт туыстықтағы ұлдарының да әйелдерімен некелесуді заңды деп санауға себеп бола алады; бірақ іс жүзінде жағдайдың керісінше екені байқалады.

Жауап. – Жоғарыда келтірілген шектеу бұған дейін келтірілген пікірлерге сәйкес, сүт туыстықтағы ұрпақтардың әйелдеріне емес, өзінің тікелей ұрпағының әйелдеріне ғана қатысты қолданылады. Бұл жерде шектеу сүтке байланысты қойылады (яғни, өзі себебі саналатын сүтке); мысалы, егер әйел қыз баланы емізсе, онда әйелдің күйеуіне, әкесіне және ұлына осы қыз баламен некеге тұруға тыйым салынады, өйткені, бұл әйелдің омырауына сүт жиналуына себеп болған еркек әйелі емізген нәрестенің сүт әкесі саналады. – Шафиғидің мұндай шектеу еркектің сүтіне байланысты емес, себебі, бір құрсақтан туған жағдайда қойылатын шектеу қанның бірдей болу қаупіне негізделген, ал омырау сүті еркектің емес әйелдің қаны арқылы пайда болады. – Бұған біздің ғалымдарымыз үш жақты қарсылық танытады.

¹⁰⁴ Осы жағдаяттың келешектегі анықтамаларынан белгілі болатындай, бұл соншалықты екі ұшты сөз

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Біріншіден, олар Пайғамбардың жоғарыда келтірілген «Қандас туыстық арқылы тыйым салынғанға сүт туыстық арқылы да тыйым салынады» дейтін хадисіне сүйенеді, қандас туыстық бойынша қойылатын шектеу әкесіне де, шешесіне де қатар қойылатындықтан, ол сүт туыстықта да екі жақты қойылуы тиіс. Екіншіден, Пайғамбар бірде Айшаға (ол Әбу Қаистың ағасы Афланың өзінің үстінде тек бір ғана көйлек болғанда келгеніне шағымданғанда): «Афланың бұл ісі маңызды емес, себебі, ол сенің әкең жағынан құрсақтас ағаң» деген; бұл құрсақтас туыстық ер адамдар жағынан да орнайтынын және баланы емізген әйел оның сүт анасы саналатыны сияқты, оның күйеуі сол баланың сүт әкесі болатындығын дәлелдейді. Үшіншіден, еркек әйелдің омырауына сүт жиналуының себебі саналады, сондықтан, сақтық шарасы түрінде, сүт некеге тыйымның себебі болып, одан (еркектен) тарайды деп саналуы тиіс.

Еркекке өзінің туған ағасы немесе інісінің әпкесі немесе қарындасымен (туған аға немесе інісінің құрсақтас әпке немесе қарындасымен) некелесуіне рұқсат берілетіндіктен, ол өзінің сүт ағасы немесе інісінің әпкесі немесе қарындасымен заңды некеге тұра алады.

Ұл мен қыз бала бір омырауды емген жағдайда олардың некелесуіне тыйым салынатынын ескерту қажет, себебі, олардың анасы – біреу, яғни, олар бір-біріне – аға және қарындас.

Әйел өзін емізген әйелдің ұлдарымен де, сол ұлдардың ұлдарымен де заңды некеге тұра алмайды, себебі, оны емізген әйелдің ұлдары оның сүт бауырлары, ал олардың ұлдары нағашы бауырлары саналады.

Еркек өзін емізген әйелдің күйеуінің қарындасымен заңды некеге тұра алмайды, себебі, ол оның әкесі жағынан әпкесі болып келеді.

Әйелдің омырау сүтін басқа нәрселермен араластыру жағдайы. – Егер әйелдің омырауынан шыққан сүт сумен араластырылса және ондағы сүттің мөлшері судан көбірек болса, онда ол некеге тыйым салуға себеп болады, ал бірақ, егер судың мөлшері сүттен көп болса, онда ол некеге тыйым салуға себеп бола алмайды. – Шафиғи сүттен су басым болған жағдайда да некеге тыйым салынады деп санайды, себебі, бұл қоспада да белгілі мөлшерде әйелдің омырау сүті бар, сондықтан, әсіресе, сақтық шарасы туралы ойлағанда ол міндетті түрде ескерілуі тиіс. – Бұған біздің ғалымдарымыз қоспаның құрамында аз мөлшерде болған нәрсе онда жоқ деп саналады, бұл мысалы, біреу «ешқашан сүт ішпеймін деп» ант беріп, одан кейін оны көп сумен араласқан түрде ішетін болса, онда ол ант бұзды деп табылмайды.

Егер сүт басқа бір сусынмен араластырылса және оның құрамында сүттің мөлшері басым болса да, мұндай қоспа некеге тыйым салудың шарты бола алмайды. Ханифаның ілімі бойынша осылай. Екі шәкірті қоспада сүттің мөлшері басым болса, мұндай қоспа некеге тыйым салуға себеп болады деп санайды. «Һидаяны» құрастырушы екі шәкірттің бұл пікірі сүт пен басқа азықтар араластырылғаннан кейін басқадай өңдеуге жатпайтынын ескереді дейді; ал егер бұл қоспа қайнатылса немесе басқа бір жолмен отқа қойылса, барлық ғалымдардың бірауызды пікірі бойынша, онда бұл қоспа некеге тыйым салудың себебі бола алмайды. – Екі шәкірт қоспа қайнатылып немесе басқа бір жолмен өзгертілмесе, оның құрамындағы мөлшері жағынан көп нәрсе (сүт пен судың араласуы жағдайы сияқты) қарастырылуы керек деп дәлелдейді. –

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Ханифа қоспаны дайындау мақсатына, атап айтқанда баланың өмірін қорғауға қатысты мәселеде, басқа азық – негізгі, ал сүт – тек оған қосымша болып қана саналады, сондықтан, сүттің немесе басқа азықтың басым екенінің айтарлықтай маңызы жоқ деп санайды.

Егер сүт дәрімен араластырылса, әрі онда сүттің мөлшері көп болса, мұндай қоспа некеге тыйым салуға шарт болып қойылады, себебі, омырау сүт өмірді қорғау үшін қолданылады, емізудің де басты мақсаты сол, ал дәрі тек баланың асқазанын бекіту немесе ас қорытуды жақсарту үшін беріледі.

Егер баланы емізетін әйелдің сүті малдың сүтімен араластырылса, әрі әйелдің сүті көбірек болса, онда мұндай қоспа некеге тыйым салуға шарт болады; ал егер малдың сүті көбірек болса, онда мұндай қоспа некеге тыйым салуға шарт бола алмайды; бұл жерде әйелдің омырау сүті сумен араластырылған жағдайдағы пікір қолданылады.

Басқа әйелдің омырау сүтімен араластырылу жағдайы. – Егер бір әйелдің сүті басқа әйелдің сүтімен араластырылса, онда, Әбу Йусуфтің пікірі бойынша, олардың қайсысының сүті көбірек болғаны назарға алынуы тиіс, осыған сәйкес, некеге тыйым салу шарты белгіленеді, себебі, бұл екі сүт бір-бірімен араластырыла келе біртекті нәрсе береді, сондықтан бұл қоспаның әсері екіншісінен өзінің мөлшері жағынан басым болып келетін нәрсемен байланыстырылуы тиіс. – Мұхаммед пен Зуфар бұл жерде сипаты жағынан бір түрге жатататындықтан, тыйым екі сүтке де байланысты болады деп санайды; ал бір түрге жататын екі нәрсені араластырғанда олардың қайсысының мөлшері басым екендігін қарастыруға болмайды, себебі, сипаты жағынан ұқсас заттарды бір-біріне қосу олардың бірінің өзгеруіне немесе бүлінуіне емес, тек олардың мөлшерінің ұлғаюына ғана әкеледі, әрі олардың екеуінің де мақсаты біреу – баланың өмірін қолдау. Бұл мәселеге қатысты Ханифаның екі пікірі белгілі, олардың бірі Әбу Йусуфтің, ал екіншісі Мұхаммедтің түсіндіруіне сай келеді.

Қыздың омырау сүті некеге тыйым салуға шарт болып қойылады. – Егер қандай да бір себеппен қыздың омырауынан сүт шығатын болса, онда бұл некеге тыйым салуға шарт болады; яғни, егер бұл сүт ұл балаға берілсе, онда қыз осы баланың сүт анасы деп саналады да онымен некеге тұруға тыйым салынады, Алланың Құранда айтқан сөзіне сәйкес: «Сендерді емізген аналарың сендер үшін тыйым салынған (әйелдер)». Бұл мәтін жалпылама түрде айтылған, сондықтан, ешбір шектеусіз, барлық әйелдерге қатысты бірдей дәрежеде қолданылады; сонымен қатар, қыздың сүті баланың өсуіне жағдай тудырады, ал бұл қанның бірдейлігінен сақтануға себеп болады.

Мәйіттің сүті де некеге тыйым салуға себеп болады. – Егер сүт өлген әйелдің омырауынан алынған болса, осындай сүтпен некеге тыйым байланысты болады. – Бұл ереже Шафиғидің пікіріне қайшы келеді, оның айтуынша, бір құрсақтан тарауға байланысты некеге тыйым салынған кезде бұл тыйым алдымен бала омырауын емген әйелге қатысты болады және сол арқылы осы тыйым ол әйелдің басқа да туыстарына тарайды; ал оның өлімі арқылы тыйымның алғашқы нысаны жойылады. Сондықтан, егер еркек осы жағдайда онымен жыныстық қатынасқа түскен болса, онда ол зинақорлыққа белгіленген жазаға тартылмаған болар еді, әрі мұндай әрекет үшін оған қандас туыстық бойынша некеге қойылатын тыйым да салынбаған болар еді. – Біздің

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ғалымдарымыз сүт туыстық бойынша некеге салынатын тыйым қанның бірдейлігіне негізделеді, себебі, бала өсіп-жетіледі, мұндай нәтиже осы жағдайда да омырау емуден көрінеді деп дәлелдейді.

Әйелдің сүті некеге тыйым болмайтын жағдайлар. – Егер әйелдің сүті балаға түтік арқылы берілетін болса, онда осы жағдай сүт туыстық бойынша некеге қойылатын тыйымның шарты болады. «Заһири-Риуайатта» баяндалған ілім осындай. – Мұхаммедтің әйелдің сүтін балаға мұндай тәсілмен беру оразаның бұзылуы сияқты, некеге тыйыммен де байланысты деген пікірі белгілі; алайда, «Заһири-Риуайат» бойынша, мұндай қайшылықты түсіндіру оразаны бұзудың мақсаты денені қорғау екендігімен байланыстырылады және бұл мақсатқа еміздікті пайдалану арқылы қол жеткізіледі; сонымен қатар, сүт туыстық бойынша некеге салынатын тыйымның себебі болып баланың өсіп-жетілуі саналады, оған түтік арқылы қол жеткізілмейді, себебі, адамның өмірін қолдауға тек ауыз арқылы берілетін азық қана қолданыла алады.

Егер еркектің кеудесінен қандай да бір себеппен сүт шыққан болса, онда ол (сүт) сүт туыстық бойынша некеге салынатын тыйыммен байланысты болмайды, себебі, бұл зат іс жүзінде сүт емес, соған сәйкес, баланың өсіп-жетілуіне жағдай тудыра алмайды. – Бұл тұжырым сүт тек бала тууға қабілетті адамдардың ғана омырауынан шығуы мүмкін деген пікірге негізделеді.

Сүт туыстық бойынша некеге тыйым салуға ешкінің немесе басқа бір малдың сүті шарт бола алмайды; яғни, екі балаға – ұл мен қызға бір ешкінің сүті берілетін болса, онда олардың арасында сүт туыстық бойынша белгіленетін неке тыйымы орнамайды, себебі, адамдар мен малдың арасында қанның бірдейлігі болуы мүмкін емес (яғни, қандас туыстыққа апара алатын), ал сүт туыстық бойынша некеге салынатын тыйым қанның бірдейлігіне негізделеді.

Екі әйелдің бірі екіншісін емізетін жағдай. – Егер еркек жас қыз баламен және есті әйелмен некеге тұрса және олардың үлкені біріншісін емізетін болса, онда бұлардың екеуі де еркек үшін некелесуге тыйым салынған әйелдер болып саналады, себебі, егер некеде бірге тұру ары қарай жалғасатын болса, онда бұл бір мезгілде екі бірдей әйелмен – сүт анасы және оның сүт қызымен тұрғанмен бірдей болар еді, бір мезгілде анасы және оның туған қызымен некеге тұруға тыйым салынғаны сияқты, бұған да тыйым салынған. – Бұл жағдайда егер күйеуі жасы жағынан үлкен әйелмен жыныстық қатынасқа түспеген болса, онда оның ешқандай неке сыйын алуғы құқығы жоқ екенін ескерту қажет, себебі, неке ол іс жүзінде орындалғанға дейін бұзылды; ал жас қыз неке сыйының жартысын алуға құқылы, себебі, некенің бұзылуына ол себепкер емес.

Қарсылық. – Жас қыздың некесінің бұзылуына оның өзі себепкер, өйткені, омырау ему оның өзі істеген әрекет болып саналады.

Жауап. – Омырау ему талассыз, оның өзі істеген әрекет саналса да, жас қыздың әрекеті оның құқығын бұзады деп санауға болмайды, себебі, ол егер өзі мұра алуға тиісті адамды өлтірген болса, онда бұл әрекет арқылы оның мұра алуға құқығы жойылмас еді. Сонымен қатар, жасы үлкен әйелмен мұны алдын ала ойластырып, некені қасақана бұзу ниетімен жүзеге асырған болса, онда еркек одан өзінің жас қызға беруге тиісті жарты неке сыйын талап етуге құқылы; бірақ бұған егер жасы үлкен әйелдің жас қыздың осы еркектің әйелі екенін біле тұра, дәл осындай мақсатпен

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

әрекеттенгені дәлелденген жағдайда ғана жол беріледі. – Мұхаммедтің екі жағдайда да күйеуі жасы үлкен әйелден өзі жас қызға беруге тиісті неке сыйының жартысын талап етуге құқылы деген пікірі келтіріледі, яғни, оның ойынша, жасы үлкен әйел емізк арқылы некені бұзуды көздеді ме, жоқ па – оған қарамастан бұл құқық сақталады. Бірақ, бірінші түсіндірме («Заһири-Риуайатта берілген»), сөзсіз, құқықтық тұрғыдан барынша тәлімді, себебі, жоғарыда сипатталғандай, жасы үлкен әйел өз әрекеті арқылы күйеуін неке сыйының жартысын төлеу міндетіне итермелеп тұрса да (іс жүзінде мұндай неке сыйын төлеу міндетті болмас та еді) және оның бұл әрекеті шығын әкелгенмен тең болып тұрса да, қарастырылып тұрған жағдайда ол шығын әкелушінің өзі емес, тек оның себепкері ғана бола алады, себебі, жас қызды емізу некенің бұзылуына апарады, ал ол шешесі және қызымен бірге некеде тұруға болмайтындықтан ғана бұзылады.

Сонымен қатар, некені жою әлі де болса неке сыйын төлеуді міндет етіп қоймайды, керісінше, осы төлемді жоюға апарады; бірақ, неке сыйының жартысын *мутъа* немесе сыйлық түрінде төлеу – бекітілген ғұрыпқа сәйкес – міндетті; ал некені жою мұндай сыйлықтың төленуін міндеттейді және осы көзқарас тұрғысынан алғанда жасы үлкен әйел келтірілген шығынның себепкері саналады және осы шығынды әкелуші емес, оның себепкері ретінде әйел жауапкер саналуы үшін оның қаскөйлік ниеті дәлелденуі тиіс. Бұл жағдай құдық қазу жағдайына ұқсас: біреу жасырын ниетпен басқа біреудің жерінде немесе үлкен жолдың бойында құдық қазса, онда ол осы құдыққа құлаған әр адамға *дийат* төлеуі тиіс, ал ол мұндай құдықты өз жерінен қазған болса мұндай жауапкершілікке тартылмайды. Қарастырылып отырған жағдайда жасы үлкен әйел жас қыз оның күйеуінің әйелі екенін білмеген болса және оның емізу арқылы некені бұзу жөніндегі ниеті дәлелденбеген болса, оның қаскөй ниеті болды деп жазаға тартылмайды. Ал егер ол жас қыздың осы еркектің әйелі екенін білмеген болса немесе ол оны емізген кезде некені бұзуды ниет етпесе, керісінше, оны өлімнен құтқарғысы ғана келсе, онда бұл жағдайлардың ешбірініде де қаскөй ниет бар деп саналмайды, сол сияқты, ол жас қыздың осы еркектің әйелі екенін біліп, ал оны емізу арқылы өзінің некені бұзуға себеп болатыны білмеген жағдайда да қаскөй ниет бар деп саналмайды.

Қарсылық. – Мұсылман аумағында заңды білмеу назарға алынбайды; бұл жағдайда заңды білмеу қалайша ақтау ретінде келтіріледі?

Жауап. – Заңды білмеу бұл жерде заң үкімін жоққа шығару (оған жауапкершілік жүктейтін) мақсатымен емес, тек некені бұзу ниеті немесе заңды алдын ала ойластырып бұзғаны үшін айыптауға жол бермеу мақсатымен назарға алынады, ондай жағдайда әйелдің әрекеті басқаша қарастырылған болар еді; ал бұл айыптар дәлелденбеген болса, онда ол жауапкершіліктен босатылады, себебі, ондай жауапқа ол осы айыптар дәлелденген жағдайда ғана тартылуы мүмкін.

Сүт туыстықты анықтау үшін куәгерлердің жауаптары тек куәгерлердің белгілі саны болған жағдайда ғана заңды болады. – Сүт туыстықты белгілеу үшін тек әйелдердің ғана куәгерлігі жеткіліксіз саналады; ол тек екі еркектің немесе бір еркек пен екі әйелдің куәгерлігі арқылы ғана белгіленеді. – Имам Малик сүт туыстық егер *адиль* болса бір ғана әйелдің де куәгерлігі арқылы белгілене алады деген, себебі, оның айтуынша, тыйым – заң құқықтарының бірі, соған сәйкес, бір ғана куәгерлік

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

арқылы белгілене алады, мысалы, біреу ет сатып алып, басқа біреу оның *маджус* шалған құрбандық екенін айтқан болса, онда бұл етке салынатын тыйымды белгілейді. – Біздің ғалымдарымыз некеге салынатын тыйымның иелік ету құқығының тоқтатылуынан ешбір айырмасы жоқ деп дәлелдейді, ал мұндай құқық тек екі еркектің немесе бір еркек пен екі әйелдің куәгерлігі арқылы ғана жойылуы мүмкін; сонымен бірге, бұл жағдайда етті тағамға пайдалануға осы еттің иесінің меншік құқығын бұзбай-ақ тыйым салынуы мүмкін, себебі, ет оны тағамға пайдалануға тыйым салынған жағдайда да оның меншігі болып қала береді. Бұдан, бұл тектес тыйымның айқын діни сипаттағы мәселеге қатысты екені, соған сәйкес, тек бір ғана куәлікпен де белгілене алатындығы көрінеді.

IV КІТАП

ТАЛАҚ НЕМЕСЕ АЖЫРАСУ ТУРАЛЫ

Терминнің анықтамасы. Бастапқыда термин жіберу, босату деген мағынаны білдірген. Заң тілімен айтқанда бұл сөз белгілі сөздерді айту арқылы некені бұзу немесе неке келісімін заңды күшінен айруды білдіреді.

I тарау. Сүннет талақ немесе дұрыс жолмен ажырасу туралы.

II тарау. Ажырасуды жүзеге асыру туралы.

III тарау. Ажырасу өкілеттігі туралы.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

IV тарау. Айман немесе шартты серт арқылы ажырасу туралы.

V тарау. Ауру адамдардың ажырасуы туралы.

VI тарау. Раджғат немесе ажырасқан әйелге қайту туралы.

VII тарау. Йла туралы.

VIII тарау. Хулға туралы.

IX тарау. Зихар туралы.

X тарау. Лиған немесе өзара қарғыс туралы.

XI тарау. Еркектің жыныстық әлсіздігі (импотенция) туралы.

XII тарау. Ғиддат туралы.

XIII тарау. Баланың тегін анықтау туралы.

XIV тарау. Хиданат немесе кәмелет жасқа толмаған балаларға қамқорлық туралы.

XV тарау. Нәпақа немесе асырау туралы.

I тарау

СҮННЕТ ТАЛАҚ НЕМЕСЕ ДҰРЫС ЖОЛМЕН АЖЫРАСУ ТУРАЛЫ¹

Ажырасудың әр алуан түрлері. Ажырасу үш түрлі болады: біріншіден, «ахсан» немесе аса мақтауға тұрарлық; екіншіден, «хасан» немесе мақтауға тұрарлық; ажырасудың осы екі түрі сүннет талаққа жатады; үшіншіден, «бидғат» немесе мақтауға тұрарлық емес.

¹ Сүннет талақтың тура мағынасы «сүннет қағидалары бойынша жасалған ажырасу». Оған қайшы мағынадағы талақ бидғат «жаңа», «рұқсат етілмеген» немесе «мақтауға тұрарлық емес» ажырасудың түрі болып табылады. «Мақтауға тұрарлық» және «мақтауға тұрарлық емес» терминдері халық арасында кеңінен қолданғандықтан қабылданған.

Ахсан талақ. Ахсан талақ немесе аса мақтауға тұрарлық талақ күйеудің әйелімен жақындаспаған бір «тухрдың»¹ ішінде ажырасудың бір формуласын айту арқылы жүзеге асырылады. Одан кейін күйеу әйеліне ғиддат немесе белгіленген сынақ мерзімін өткізу мүмкіндігін береді. Ажырасудың бұл түрі аса мақтауға тұрарлық деп аталуының екі себебі бар: біріншіден, Пайғамбар (с.а.с) сахабалары ғиддат мерзімі аяқталғанша, үш ажырасу, яғни, ажырасу формуласын үш рет айтқан адамнан гөрі ажырасуды бір реттен асырмаған адамның қылығын мақтан етіп, айрықша мақұлдады. Екіншіден, ажырасқан кезде ер адам ғиддат мерзімін бұзып, өз ар-намысына еш нұқсан келтірмей, әйелін қайтаруға ерікті. Одан басқа ажырасудың бұл түрінде әйелдің өзіне де аз нұқсан келтіреді, өйткені ғиддат мерзімінің бітуіне қарамастан, ол өз күйеуіне заңды түрде қосыла алады. Ажырасудың бұл түріне ғалымдар қарсылық білдірмеген.

Хасан талақ. Хасан талақ немесе мақтауға тұрарлық талақ күйеудің жақындастық жасаған әйеліне бірінен соң бірі келетін үш «тухрда» ажырасудың формуласын үш рет қайталауымен орындалады. Имам Маликтің пікірі бойынша ажырасудың бұл түрі «бидғатқа», яғни, мақтауға тұрарлық емес талаққа жатқызылуы қажет және бір реттен аспайтын ажырасу аяқталмаған деп саналуы керек, өйткені, ажырасу өз алдына қауіпті және жағымсыз қылық болып саналады және оған сылтау ретінде ыңғайсыз әйелден құтылу қажеттігі ғана бола алады, ал мұндай қажеттілік үшін бір «тухра» мерзімі жеткілікті. Біздің ғалымдарымыз бұл мәселе жөнінде екі пікірде: біріншіден, олар Пайғамбардың Ибни-Омарға келтірген ережесіне жөн сілтейді: "Сүннет сенен бір-ақ нәрсе талап етеді: тухрдың келуін күтіп, әрбір тухрда

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ажырасудың бір формуласын ғана айтасың". Екіншіден, ажырасудың орынды болуы оның қажеттілігін анықтау үшін емес, тек қана оның керек екендігінің дәлелінде негізделген. Бұл құбылыс жасырын, іс жүзінде ғана анықталады, ал ажырасудың формуласын күйеудің әйелімен жақындасу уақытында (тухрдың басында) айту ажырасудың қажеттілігінің дәлелі болып табылады. Ажырасу формуласын келесі екі тухрда қайталау бұл дәлелді қайталауға сәйкес және тек осы негізде ғана рұқсат етіледі. Кейбір ғалымдар ғиддат мерзімі өте ұзаққа созылып кетпес үшін күйеудің ажырасу формуласын тухрдың аяғына қарай қоя тұруды жөн деп санайды. Алайда, күйеудің формуланы тухрдың басында айтуы керек, өйткені тухр аяғында формуланы айтқаннан кейін ажырасуды ниет ете тұрып, әйелімен жақындастықты қалауы мүмкін және жақындстықтан кейін ажырасуға тыйым салынған.

¹ Яғни екі айлық нифас аралығындағы уақыт.

² Бұл ажырасудың басқа түрлеріне қайшы, өйткені басқа жолмен ажырасқан әйел екінші еркекке тиіп, ажыраспай, өзінің бірінші күйеуіне қайтып тұрмысқа шыға алмайды.

Бидғат талақ. *Бидғат* талақ немесе талақтың азған түрі ерінің әйеліне «талақ» сөзін бір мезгілде бірден үш рет айту арқылы немесе бір *тухр* кезінде «талақ» сөзін үш мәрте бөліп қайталау арқылы беріледі. Егер ері талақты осы түсіндіріліп отырған тәсілдердің бірімен үш рет айту арқылы беретін болса, онда талақ заңды деп саналады, алайда оны беруші заң бұзушы болып табылады. Имам Шафиғи талақтың бұл үш түрінің бірдей заңды күшке ие екенін және басқа жолының болуы мүмкін еместігін айтқан, себебі талақтың өзі заң актісі болып табылады және бұл заңдылық онымен байланысты болуы ықтимал қауіп жайлы ешбір ұғымға жол бермейді. Онымен қатар, талақты әйелдің ай сайынғы хайыздан таза кезінде беруге де болады, себебі бұл жағдайға дейінгі тыйым болып талақтың өзі емес, *иддаттың* шамадан тыс созылуы саналады. Басқа бір жағынан, біздің ғалымдарымыз талақтың өзі қауіпті, қолдауға болмайтын іс-шара екенін айтады, себебі ол уақыт тұрғысынан алғанда да, рухани сипаты жағынан да көптеген мәселелермен байланысты құрылатын некені бұзады; оған еріне лайық емес әйелден босау қажеттілігі туған жағдайда ғана жол беріледі және мұндай бостандыққа қол жеткізу үшін бір мезгілде үш рет «талақ» беруге себеп жоқ; дегенмен кезекті үш *тухр* кезінде берілетін үш талаққа жол беруге болады, себебі бұл некені бұзу қажеттілігінің туғанын тағы да дәлелдей түседі. Имам Шафиғидің «талақтың заңдылығы онымен байланысты болуы ықтимал қауіп жайлы ешбір ұғымға жол бермейді» деген қағидасына келетін болсақ, біз оған талақтың заңдылығы бір жағынан алғанда (ол бағыныштылықты жоятындықтан) оның қауіптілігі жөнінде ойға жол бермейді, алайда басқа бір жағынан алғанда (некені бұзудың өзін рухани және материалдық сипаты жағынан көптеген мәселелермен байланысты болғандықтан) ол қауіпті деп саналуы тиіс деп жауап береміз.

Бір *тухр* кезінде «талақты» екі рет айтуды, сондай-ақ жоғарыда түсіндірілген мерзім кезіндегі үш талақты «бидғат» немесе азған талақ түріне жатқызуға болады.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Ғалымдар арасында мына мәселе көтерілді: «бидғат» ұғымына бір туһр кезінде жойылмайтын бір талақты айтуды жатқызуға бола ма? «Мабсут» еңбегінде имам Мухаммад: «Кімде-кім жойылмайтын талақ беретін болса, бұл талақ туһр кезінде берілсе де, ол Сүннеттен шығады, себебі, талақтың мұндай формуласын айтудың аса бір кесімді қажеттілігі жоқ, ол мақсатқа иддат мерзімін күту арқылы қол жеткізуге болады» деген; алайда «Зиадатта» ол былай дейді: «бұл тәсіл кезек күттірмейтін бостандықтың аса қажеттілігі туған жағдайда талқыға түспеуі тиіс, ол иддат мерзімін күтуден тыс, жойылмайтын талақ арқылы жүзеге асады».

Сүннет бойынша талақ жасау кезінде сақталуға тиіс ерекшеліктер. Сүннет талақ жасау кезінде (сүннет бойынша белгіленген тәсілді назарға алу) екі түрлі жағдайда көрініс береді: санға қатысты және уақытқа қатысты. Санды сақтау талақ формуласын айтуды бір ретпен ғана шектеуден көрінеді және бұл талақ жойылатын талақ болуы тиіс (жыныстық қатынасқа түскен әйелге қатысты да, сондай-ақ мұндай қатынасқа түспеген әйелге қатысты да). Уақытқа қатысты (жыныстық қатынасқа түскен әйелге ғана қатысты) сүннетті сақтау ері ажырасатын әйелімен жыныстық қатынасқа түспеген туһрдың кезінде талақ айтудан көрінеді, себебі, басты назарға ажырасудың қажеттілігі, сондай-ақ дәлелдің бар не жоқтығы алынады; әйелімен жыныстық қатынасқа түсуге тілегі жаңадан артқан кезде (туһрдің басындағыдай) талақты айту ажырасу қажеттілігінің барынша сенімді дәлелі болып табылады, себебі ай сайынғы (хайыздан) тазару кезінде әйелге мұндай тәнқұмарлық тумайды, ал мұндай туһр кезінде – жыныстық қатынасқа түскен кезде әйелге деген тәнқұмарлық басылады. Ал жыныстық қатынасқа түспеген әйелге келетін болсақ, оған туһр да, ай сайынғы хайыздан тазару жағдайы да бірдей, яғни оған бірінші жағдайда талақты айту оның екінші жағдайымен салыстырғанда барынша бұрыс немесе қолдауға тұрмайтын жағдай емес. Бұл имам Зуфардың берген түсініктемелеріне қайшы келеді. Ол жыныстық қатынасқа түскен әйелдерге қатысты да, жыныстық қатынасқа түспеген әйелдерге қатысты да осындай көзқарасты ұстанады. Бірақ біздің ғалымдарымыз жыныстық қатынасқа түспеген әйелдерге тәнқұмарлық үнемі күшті болатынына және бұл тәнқұмарлық ол әйел ай сайынғы тазару мерзімінде болса да азаймайтынына, ал жыныстық қатынасқа түскен әйелге тәнқұмарлық туһр мерзімінің жаңаруымен қайта туындап отыратынына көңіл бөледі.

Ай сайынғы тазарудан өтпейтін (хайызы жоқ) әйелге қатысты сүннет нормаларын сақтау. Егер әйел өте жастығына немесе егделігіне байланысты хайызы болмаса және ері оған дұрыс жолмен үш рет талақ бергісі келсе, онда ол алдымен бір рет талақ айтуы керек, ал кейіннен бір ай өткен соң, - екінші рет тағы бір рет, одан кейінгі ай өткен соң – үшінші рет талақ айтуы тиіс, себебі, Құранда түсіндірілгендей, бір айлық мерзім әйелдің ай сайынғы тазаруына сәйкес келеді. Бұл жерде егер бірінші талақ айдың басында берілген болса, онда үш ай осы мерзімнен басталып ай күнтізбесі бойынша саналуы тиіс екенін ескеру қажет; ал егер талақ айдың ортасында берілген болса, онда белгіленген мерзімді анықтау ажырасу үшін де, иддат уақытын белгілеуге қатысты да саналуы қажет. Әбу Ханифа ілімі - осы. Екі шәкірті де екінші ай да, үшінші ай да ай күнтізбесі бойынша саналуы керектігін, ал талақ айдың ортасында берілген жағдайда бірінші айдың басы келесі – төртінші айдың есебінен толтырылуының қажеттігін баса айтады. Сондай-ақ ескеретін тағы бір жағдай: ері

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

әйеліне жыныстық қатынастан кейін бірден, ерлі-зайыптық қатынас пен ажырасу арасында ешбір уақыт өткізбей-ақ заңды түрде талақ бере алады. Имам Зуфар бұл жағдайда ерінің бір ай мерзім беруі қажеттігін айтады, себебі, бұл мерзім жаңа айлық тазару мерзімінің ұзақтығына сәйкес келеді және жыныстық қатынастан кейін тәнқұмарлық басылады және белгілі бір уақыт өткенге дейін қайта туындамайды.

Біздің ғалымдар жоғарыда аталған жағдай солайша орындалса жүктілік қауіпі болмайтынын, ал ай сайынғы хайызы жоқ әйелге жыныстық қатынастан кейін берілген талақты құптарлық жағдай деуге болмайтынын дәлелдейді, себебі, бұл жағдайда жүкті әйелге белгіленетін иддат мерзімін анықтауда күдік тууы, яғни жүктілік пайда болуы мүмкін. Ал Имам Зуфардың "жыныстық қатынастан кейін тәнқұмарлық басылады" деген сөзіне қайтарар жауап: әрине, бұл айтқаны дұрыс деп саналғанымен, қарастырылып жатқан жағдайдағы тәнқұмарлық әдеттегі кездердегі тәнқұмарлықтан күштірек болады, себебі, бұндай жағдайда күйеу бала туылып қалған кезде оған жүктелетін жауапкершіліктен үрейленбей өз тәнқұмарлығын өз еркін баса алады. Осыған орай әйел күйеуі үшін әр уақытта тәнқұмарлық объектісі болады, ал осы жағдай (әйелдің ай сайынғы хайызы болмау) әйелдің шынайы жүктілік жағдайымен пара-пар, алайда жүкті әйелмен жыныстық қатынасқа түскеннен кейін ажырасу заңды болып саналады, өйткені оның иддат мерзімі жөнінде шүбә жоқ, ал жүктілік мерзімі тәнқұмарлық мерзімі болып саналады, өйткені күйеу осы мерзімде өз әйеліне не оның бала тууы үшін, не осы жақындастықтан кейін оның жүкті бола алмауы себебінен құмарлық сезінуі мүмкін; сол себептен хайызы жоқ әйелге күйеуінің тәнқұмарлығы азаймауы мүмкін.

Жүкті әйелге қатысты сүннет нормаларын сақтау. Егер күйеу өзінің жүкті әйелімен ажырасудың дұрыс жолымен формуланы үш мәрте айту арқылы (яғни Сүннет нормаларына сай) ажырасқысы келсе, онда ол ең алдымен формуланы бір мәрте, бір ай өткеннен кейін екінші мәрте, тағы бір ай өткеннен кейін тағы бір мәрте формуланы айтуы қажет. Бұл Абу Ханифа мен Абу Юсуфтың ілімі. Мұхаммед пен Зуфар болса, жүкті әйелге қатысты талақ сунна оған формуланы бір рет айтуда болады, өйткені ажырасу өз бетінше қауіпті әрі құптауға келмейтін шара болып табылады, одан басқа, ажырасудың үш мәрте айтылатын формуласы үшін заң жүзінде қойылған ереже күйеуі алдымен бір мәрте ажырасады, содан соң бір ай мерзім немесе келесі хайыздан тазарудан кейін екінші мәрте ажырасады, содан кейін бір ай мерзімнен соң немесе тағы да хайыздан тазарғаннан соң үшінші мәрте формуланы қайталап айтуда. Алайда, жүкті әйелдің өте жас немесе егде әйелдікі сияқты хайыз болмағандықтан (сол себепті бір ай мерзім хайыздан тазару мерзімі болып саналмайды), оның жүктілік мерзімі бір ұзаққа созылған туһр болып саналады. Бұдан шығатын нәтиже Сунна бойынша әр формула бір туһрмен шектелетіндіктен, бір формуладан артық айту орынсыз болып саналады.

Абу Ханифа мен Абу Юсуф бұған ажырасу қауіпті әрі құптауға келмейтін шара бола тұрса да, шұғыл қажеттілік пен бір айлық мерзімнің бітуімен бұл қажеттіліктің жеткілікті дәлелі болады; осы себептен бұл мәселе хайызы болмайтын өте жас немесе егде әйелдің мәселесіне теңестіріледі. Бұл пікір қарастырылып жатқан уақыт мерзімінің денсаулық пен күші бар адамдарда тән құмарлықтың жандануына жеткілікті, сондықтан ажырасу актісін іс жүзіне асыру жүкті әйелге қатысты

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болғандай, басқа әйелге де қатысты қажеттілік болып табылады. Бұл жағдай хайыз мерзімі ұзаққа созылған әйелдің жағдайына қайшы келеді (яғни сәтсіздік жағдайы немесе дене құрылысының нәтижесінде өте ұзаққа созылған хайыз мерзімі), өйткені бір айлық мерзімнің бітуі бұндай әйелге қатысты қажеттіліктің дәлелі ретінде бола алмайды; бұл дәлел ол үшін белгілі уақытта мүмкін болатын хайыздан тазарғаннан кейін басталатын туһр мерзімі басталған кезде орын табады, ал жүкті әйел үшін бұндай жағдай туа алмайды.

Хайыздан тазару уақытында ажырасу формулаларын айту жағдайлары. Егер еркек өз әйелімен хайыздан тазару мерзімі кезінде ажырасатын болса, онда оның заңды күші болмайды, өйткені, ажырасудың бұл түрі құпталмаса да, бұл құптамау қандай да бір елеулі жағдайға негізделмеген, тек хайыз мерзімінде жасалған ажырасу өте ұзаққа созылған иддатқа апарып соғуына себепші болатындықтан, оны заңды күшінен айырмайды. Құптамаудың немесе тыйым салудың бұл түрі «яхъ-юль-кариһи» деп аталады және іс-әрекеттің заңды күшіне қатысы жоқ, сол себепті хайыз мерзімі кезінде жасалған ажырасу заңды болып саналуы тиіс. Алайда күйеуінің оны жойғаны дұрыс болады, себебі Омардың баласы хайыз мерзімі кезінде өз әйелімен ажырасқан кезде, Пайғамбарымыздың (с.а.с) Омарға өз баласына әйелін қайтадан өз үйіне кіргізуге әмір берген туралы мәлімет бар. Бұдан хайыз кезінде жасалған ажырасудың заңды күші бар, алайда оны жою құпталатын әрекет болып саналатынын білуге болады. Ажырасуды жою туралы бұл ілім бізге белгілі ғалымдардың басым көпшілігі тарапынан қолдау табады; қарастырылып жатқан жағдайда ажырасуды жою тек қана мақтауға лайық болып емес, үш себеппен міндетті екендігі шүбәсіз. Біріншіден, Омардың «өз баласына бұйыруды» қалады, ал бұйырқтың орындалуы міндетті түрде болуы керек. Екіншіден, хайыз мерзімі кезінде ажырасу заңды бұзуға апарып соғады, оны заң бұзушының құзырындағы барлық амалдармен міндетті түрде өтеу керек, ал осы жағдайда заң бұзушылықтың өтелуі оның салдарын, яғни иддатты жою болып табылады. Үшіншіден, иддаттың жалғасуы әйел үшін пайдасы жоқ шара, сол себепті оны зиян тиюден сақтау үшін жырасу жойылуы қажет. Осы барлық себептер бойынша хайыз мерзімі кезінде жасалған ажырасуды күйеу жоюы керек, содан соң әйел өз хайызынан тазарғаннан кейін, күйеу әйелімен ажыраса алады, не келесі туһр басталар кезде өзімен бірге қалуға рұқсат етуі мүмкін.

Хидояны құрастырушы бұның бәрі Мабсутта келтірілген деп атап өтеді. Тахауи айтуы бойынша егер күйеу қаласа, онда ажырасу жасалып, жойылған хайыз мерзімі кезінен кейін тікелей келетін туһрдың басында әйелімен дұрыс ажыраса алады. Қарини болса, Тахауиды Абу Ханифаның сөзін келтіреді деп айтады. Мабсуттан алынған мәселе өз кезегінде екі оқушының пікірін білдіреді, ол пікір ажырасудың дұрыстығы ажырасудың екі формуласын айтудың арасында айлық хайыздан тазару мерзімінің толығымен аяқталуымен ескеріледі.

Айлық тазару кезінде айтылғандықтан, бірінші айтылған формула дұрыс деп саналмайды, сол себепті мерзімі аяқталған кезде оны келесі айлық тазару мерзімі есебінен толықтырылады; алайда, айлық мерзімнің бір бөлігін қалдырып, бір бөлігін ғана ескеру заңсыз, сондықтан келесі айлық тазару толығымен ескерілуі қажет. Тахауидің пікірі бойынша бұндай уақытта ажырасу оның барлық салдарымен бірге жойылатындықтан, айлық тазару кезінде жасалған ажырасу мүлдем болмаған сияқты

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

есептеледі; сол себепті ажырасуды осы тазарудан кейінгі келетін туһр кезінде жасаған дұрыс болып саналады.

Егер еркек өз әйеліне «Сен Сүннет бойынша үш мәрте ажыратылғансың» дейтін болса, сонымен бірге ол сөзін айтқан кезде қандай да бір ерекше ниеті болмаса, оның әйелімен жақындастығы болғанын, әйелдің айлық тазаруға ұшырағыштығын ескеретін болсақ, әйел осы туһрда бірінші рет және келесі екі туһрда екі рет ажырасқан деп санауға болады; ал егер күйеу осы сөзін айтқан кезде үш ажырасудың бірден орын алуын немесе әр жеке ажырасу әр келесі айдың соңында орындалатынын қаласа, онда әйел не айлық тазару мерзімі кезінде болсын, не ажырасудың орындалу кезіндегі туһрда болсын, осы екі жағдайда да ажырасу күйеудің қалауымен болады. Егер әйел иддаты айлық мерзіммен саналатын әйелдер қатарына жататын болса (мысалы, егделікке байланысты айлық тазарудың тоқтауы), күйеуі ерекше ниетті меңземей жоғарыда келтірілген сөздерді айтса, онда бір ажырасу осы сөздер айтылған кезде, екіншісі ай аяқталған уақытта, үшіншісі келесі ай біткен кезде жасалады, өйткені бұндай әйелдің айлық мерзімі жоғарыда айтылғандай хайызы болатын әйелдің айлық тазару мерзіміне сәйкес келеді. Егер де күйеу ажырасуды бір кезде және бір уақытта жасауды ниет етсе, онда бұрын айтылғандай, оның қалауына қарай осы ажырасу жүзеге асырылады. Бірақ егер күйеу «үш мәрте» сөзін қалдырып, тек «Сен Сүннет бойынша ажыратылғансың» дейтін болса, онда бірыңғай және бір уақытта үш ажырасуды жүзеге асырудың заңды күші жоқ. Бұл мәселе бойынша дәлелдердің барлығы араб тілінен алынған және өз күші мен мәнін идиомалық сипаттардың белгілі ерекшеліктерінен алады.

Бөлім.

Ажырасуды айтуға құқықтық қабілеті бар тұлғалар туралы. Әр күйеу есі дұрыс және кәмелетке толған болса, заңды күші бар ажырасуды жасауға құқылы; ал бала, есі ауысқан немесе түсінде сөйлейтін адам ажырасатын болса, онда оның екі себеппен заңды күші болмайды: біріншіден, өйткені Пайғамбарымыз бұл жөнінде: "Әр ажырасу - бала мен есі ауысқан адамның ажырасуынан басқа - заңды" деген; екіншіден, адамның құқықтық қабілеті есінің дұрыс болуымен шартталады, ал бұл шарт кәмелетке толмаған бала мен есі ауысқан адамда орындалмаған, түсінде сөйлейтін адам болса, өзінің еріксіз сөйлеуінің нәтижесінде осы екеуіне теңестірілген.

Мәжбүрлеп жасалған ажырасу заңды. Біздің ғалымдарымыздың пікірі бойынша қысыммен, мәжбүрлеп жасалған ажырасу заңды болып саналады. Шафидің айтуы бойынша бұндай ажырасудың заңды күші жоқ, өйткені мәжбүрленген адамның еркін таңдауы жоқ, сол себепті бір де бір формалды жария жасалған акт еркін таңдау шарты орындалмаған жағдайда заң тарапынан назарға алынбайды. Бұл жайт ажырасу формуласын әзілдеп айтқан тұлғаның жағдайына қайшы келеді, өйткені бұл тұлғаның еркін таңдау шарты орындалған, ал бұл акт заңдылығының себебі болып табылады. Екінші жағынан біздің ғалымдарымыз қарастырылып жатқан мәселедегі тұлға толық құқықтық қабілеті шарттары орындалу кезінде ажырасу формуласын айтады, соның нәтижесінде мәжбүрленбеген немесе қажеттілік негізінде ажырасқан тұлғаның жасаған ажырасу дәрежесіне теңеледі; сонымен қатар, бұл себеп мәжбүрленген адамның ажырасуына да қатысты, өйткені ол мәжбүрлеушінің қауіпті іске асыруы мүмкіншілігінен құтылу қажеттілігінен туындайды. Бұл ой қарастырылып жатқан

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

мәселедегі мәжбүрленуші тұлғаның екі таңдауы болуында негізделген: таңдаудың біреуі қауіп төндіретін себеп болса, біреуі мәжбүрмен жасалатын ажырасу болып табылады; осы екі таңдауды қарастыра отырып, адам ең аз зардап келтіретінді, яғни ажырасуды таңдайды; бұл өз кезегінде адамның бұл уақиғаның жағдаяттарына сәйкес әрекет етуді қаламаса да, басқаша айтқанда ажырасқысы келмесе де, таңдау еркіне ие болғанын дәлелдейді. Бұл жайт адамның ажырасуды қаламай, әзілмен ажырасқан сияқты ажырасудың заңды болмысын бұзбайды, сол себепті заң жүзінде ажырасуға мәжбүрленген адамның ажырасуы да заңды болып саналады.

Адамның мас күйінде жасаған ажырасуының заңды күші бар.

Егер кімде-кім ашыған ішімдік, мысалы, шарап ішіп, ажырасу формуласын мас күйінде айтатын болса, онда ажырасудың заңды күші болады. Кярихи мен Тахауи болса, бұл жағдайда ажырасу орындалмайды; осыған сәйкес Шафидің де белгілі пікірі бар. Олар өздерінің пікірін келесі дәлелдермен айқындайды: осы ниеттің заңды болмысы ақылдың ойлай алу қабілетімен қамтамасыз етіледі; ал бұл қабілет болса, шараптан мас болған кезде тоқтатылады; бұл жайт лаудаиум сияқты рұқсат етілген, бірақ естен тандыратын дәрмек әсерімен ажырасу формуласы айтылған кезде ажырасудың заңды күші болмайтын жағдайға теңесуі керек.

Бұған біздің ғалымдарымыз қарастырылып жатқан мәселеде ойлау қабілетінің уақытша тоқтап қалуы заң бұзушылық арқылы іске асырылған, сол себепті сөйлеушінің ақылы сау кезінде жұмыс істейтінін ескерсек, ал ол жасаған ажырасу заңды болуы керек болғандықтан, ашыған ішімдіктерді ішуге тыйым салынғанын білуі қажет екені жөн. Алайда, егер адам ақылдан айырып, сандырақ немесе миының асқынуына апаратын мөлшерде шарап ішетін болса, сондай-ақ, осы кезде ажырасу формуласын айтса, онда бұндай ажырасудың заңды күші болмайды.

Мылқау адамның ажырасуы заңды болып саналады. Мылқау адамның ажырасу формуласын айту кезінде дұрыс және анық ишаратпен білдірсе, заңды болып табылады, өйткені, мылқау адамдардың ишараттары әдеттегі құқық күшіне және кәдімгі сау адамның сөзіне тең. Мылқаудың ажырасу кезінде қолданылатын ишараттардың алуан түрі төменде кең түрде түсіндірілмек.

Әйелдерге айтылатын ажырасу ажырасу формулаларының саны. Күнге, оның күйеуі құл немесе еркін туылған адам екендігіне қарамастан екі формуладан артық айтылмайды; еркін туылған әйелге үш формуладан артық айтылмауы тиіс.

Шафидің айтуы бойынша формулалардың санын анықтаған кезде күйеудің халін білу керек, яғни егер күйеу еркін туылған адам болса, әйелі күн болған жағдайда да үш формула айтуға өкілетті; егер де құл болса, онда әйелі еркін туылған болса да, екі формуладан артық айта алмайды, өйткені, Пайғамбарымыз (с.а.с): «Ажырасуда еркектің, ал иддатта әйелдің халі қарастырылуы қажет» деген, сонымен қатар, тұлғалық мағына биліктің барлық жағдайларында маңызды жайт болып табылады және бұндай мағына құлға қарағанда еркін туылған адамға көп лайықты, сол себепті оның билігі әлдеқайда кең.

Бұл мәселе жөнінде біздің ғалымдарымыз екі түрлі айтқан: біріншіден, олар Пайғамбарымыздың (с.а.с) «күнге екі формула айтылады және оның иддаты екі айлық тазару» деген ережесіне сүйенеді; екіншіден, әйел заң объектісі ретінде ресмиліктің беретін белгілі пайдаға кенеледі; алайда, құлшылық адамды осы пайданың жартысына

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ғана құқылы етеді, осыдан, күнге бір жарым формуладан артық айтылу қажеттігі көрінеді, бірақ бұндай бөлу мүмкін болмағандықтан, ажырасу формуласының саны екіге дейін жеткізіледі. Шафидің келтірген «ажырасуда күйеудің халі қарастырылуы тиіс» деген Пайғамбарымыздың сөзіне келсек, бұл сөз ажырасудың заңды болмысы күйеудің халімен себептелуін түсіндіріледі.

Өз құлының әйеліне мырза ажырасу жасай алмайды. Құлдың өз әйеліне жасаған ажырасуы заңды күшке ие; алайда, мырзаның құлының әйеліне жасаған ажырасуында бұндай күш жоқ; өйткені жұбайлық иелік тек құлдың жеке құқығы және бұл құқығынан бас тарту мырзасының емес өзінің ғана құзырында.

II Тарау

Ажырасуды орындау жөнінде

Ерекшеліктер. Ажырасу өзінің орындалуы жағынан екі түрлі болады: «сарих», немесе анық айтылған, және «киная» немесе тұспалданған.

Анық айтылған ажырасу жөнінде. Талақ-сарих немесе анық айтылған ажырасу формуласын айтқан кезде күйеудің тура және дәл сөзді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, «Мен сенімен ажырасамын», немесе «Сен ажыратылғансың», осының нәтижесінде талақ-раджғи немесе жойылатын ажырасу болады, яғни күйеуіне ажырасқаннан кейін иддаттың бітуіне дейін әйелін қайтарып алуға мүмкіндік беретін ажырасу болып табылады. Ажырасудың бұл формулалары сарих немесе дәл, анық деп аталады, өйткені олар ажырасудан басқа еш жерде қолданылмайды. Қасиетті Құранның аяттарынан анық ажырасуды жоюдың заңды күші бар екенін көруге болады.

Ажырасу ниеті осы формулаларды айтқан кезде оның заңдылығының міндетті шарттылығын білдірмейді, өйткені бұл формулалар басқа мағынада қолданбай, тек қана ажырасудың іске асырылуын білдіреді. Осы формулалардың айтылуы нәтижесінде тек қана жойылатын ажырасудың орындалатынын атап кеткен жөн. Күйеудің толық ажырасу ниеті болса да, бұл ниетінің орындалуы заңның белгілеген иддат мерзімі біткенше шегеріледі, сол себепті бұл ниеті назарға ілінбеуі қажет. Егер де оның ниетінде тек некеден арылу ықыласы болса («талақ» термині кей кезде бұл мағынада қолданылады), және бұл орайда қазы алдында мәлімдеме жасаса, онда бұндай мәлімдеме жарамсыз болып табылады, себебі, ол күйеудің мақсат еткен ниетіне сәйкес емес, керісінше Алла алдында жарамды болады, өйткені, ол өз сөзін мақсат тұтқан мағынада айтты. Егер де ол дене еңбегінен босауды білдіргісі келсе, онда бұл сөзі мүлдем жарамсыз болады, өйткені, «талақ» сөзі дене еңбегіне байланысты «босау» мағынасында қолданыла алмайды, алайда кей кездері құлдыққа байланысты «босау» мағынасында қолданылуы мүмкін.

Сондай-ақ, тағы да атап кететін бір жайт, бұл сарих формулаларын айтушы адам ажырасуды бірнеше мәрте жасауды ниет етсе де, ажырасу бір мәрте ғана орындалады. Шафи ажырасудың осы түріне сәйкес формулаларды айтушы адам ниет еткендей болатынын дәлелдейді. Екі тараптың дәлелдері араб тілінің ерекшеліктеріне негізделеді.

Дәл ажырасудың әртүрлі формулалары. Егер күйеуі әйеліне ешқандай да өлшеусіз немесе бір не болмаса екі ажырасуды орындау мақсатында «Сен ажырасу үстіндесің», немесе «Ажырасу арқылы ажыратылғансың», немесе «Ажырасуға сәйкес

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ажыратылғансың»¹ десе, ол кезде бір ғана жойылатын ажырасу жүзеге асырылады; егер де ол үш мәрте ажырасуды ниет етсе, онда әйелі оның ниетіне қарай үш рет ажыратылған болады. Көрсетілген жағдайдағы барлық дәлелдер араб тілінің ерекшеліктері негізінде алынған.

Егер күйеу өз әйеліне «Сен ажырасу арқылы ажыратылғансың» деп, «Ажырасу» сөзімен бір ажырасуды, «Ажыратылғансың» сөзімен екінші ажырасуды ниет еттім десе, оның бұл мәлімдемесі қабыл болуы тиіс, өйткені осы екі сөздің әрқайсысы ажырасуды ниет ету мағынасында айтылуы мүмкін, сол себепті бұл кезде күйеудің әйелімен жақындасқан жағдайда екі жойыла алатын ажырасу орындалады. Егер күйеу әйелінің барлық денесін меңзеп, «Сен ажыратылғансың» деп айтса, бұл кезде ажырасу орын алады, себебі, ол әйел денесінің орнына әйелдің өзін тұспалдап отыр. Бұл қағида дененің белгілі бір бөлігіне немесе мүшесіне қатысты айтылған кезде де сақталады, мысалы, күйеу әйеліне «Сенің мойның», немесе «Сенің көкірегің», немесе «Сенің жыныс мүшелерің» - «ажыратылған» десе, бұл сөздер барлық денеге байланысты айтылады, өйткені «көкірек» пен «дене» сөздері әйел затын ашық түрде көрсетсе, ал басқа сөздер әйелге байланысты көп қолданатындықтан келтірілген. Сонымен қатар, бұл сөздер Құран мен Сүннетте кездеседі, ал Сүннетке сай осы мағынада «қан» деген сөз де қолданыла алады. Ажырасу сондай-ақ әйелдің денесінің қандай да бір жалпы бөліміне қатысты қолданылады; мысалы, күйеуінің өз әйеліне «Денеңнің жартысы» немесе «Үштен бірі» - «ажыратылған» деуі сияқты, өйткені, кез келген мұндай жалпы бөлу әртүрлі келісім шарттардың –мысалы, сауда-саттықтың - объектісі ретінде қолданыла алады, сол себепті ажырасудың да объектісі бола алады. Алайда, қарастырылып жатқан объект (яғни, әйелдің денесі) мұндай бөлуге келмейді, сондықтан ажырасу формулалары оның толық денесіне қатысты айтылуы керек және қанда да бір бөлігімен шектеле алмайды.

¹ Осы және басқа келтірілген формулалар тура мағынада келтірілгендіктен көп жағдайда түсініксіз болып келеді, алайда аударма сөзбен мағынасын жеткізу мүмкіндігі болмаған соң, олардың әрбірінің өзіне тән мағынасы немесе күші болады.

Кез келген дене бөлігіне немесе мүшесіне қолданылып айтылған ажырасу формуласы айтылғанда – егер ол жалпы қабылданған мағынада барлық дененің мағынасын бермесе – ажырасудың заңды күші болмайды. Егер де күйеуі өз әйеліне «Сенің қолың» немесе «Сенің аяғың» - «ажыртылған» десе, онда ажырасу іске асырылмайды. Зуфар мен Шафи болса, қарастырылып жатқан жағдайда орындалады деп айтады. Ғалымдар арасында құлақ, мұрын және тағы басқа жалпы қабылданған мағынада барлық денені білдірмейтін жеке бір дене мүшесіне қатысты орындалған ажырасуға қатысты дәл осындай қайшылық көрініс тапты. Шафи мен Зуфардың айтулары бойынша бұл мүшелер ерлі-зайыптылардың ләззат алуларына – мысалы, сүйісу, жанасу және т.б. - себепші болады; жоғарыда келтірілгендер неке туралы заң аясына кіретіндіктен, ажырасу объектісіне жатуға тиіс. Осыған орай, осындай мүшелерге қатысты ажырасу іс жүзіне асырылған кезде, әйелдің барлық денесіне, сондай-ақ, дененің жалпы бөліміне, мысалы жартысына қатысты да орындалады.

Бұл белгілі бір дене мүшесіне: қолға немесе аяққа қатысты неке қиюды қолданғанға қайшы келеді; мұнымен некенің жарамсыз екені білінеді, өйткені осы дене мүшесіне қатысты және ол мүшеден барлық денеге таралатын заңдылықтың орын

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алуы ақылға сыяр емес, себебі дененің басқа мүшелеріне қатысты заңсыздық осы жекеленген мүшелерге қатысты заңдылықтан асады; ажырасу кезінде бұған қайшы әрекет орындалады. Бұған біздің ғалымдарымыз қол немесе аяқ сияқты жекеленген дене мүшесі өз бетінше неке объектісі ретінде бола алмағандықтан, осындай мүшеге қатысты некенің қиылуы заңсыз болып саналады, сол сияқты әйелдің сілекейі мен тырнағына да осы үкім жүреді. Бұл жақындастық немесе байланыс жүзеге асырылатын дене мүшесінің ажырасу объектісі ретінде қарастырылу қажет деген пікірге негізделген, ал қол болса, ондай байланыс немесе жақындастық объектісі болмайды. Сондықтан некені бұндай дене мүшесіне қатысты қолданудың заңды күші жоқ; бұған қарағанда дененің жалпы бөлімі (мысалы, жартысы) біздің ғалымдарымыздың пікірінше неке объектісі ретінде қарастырыла алатын болса және мұндай некенің заңды күші бар болып саналса, осыған орай дененің жалпы бөлімі ажырасу объектісі ретінде де алынуы мүмкін.

Ішке немесе арқаға қатысты орындалған ажырасуға қатысты да дәл осындай пікірлер қайшылығы кездеседі; алайда, бұл жағдайларда осы аталған дене мүшелерінің жалпы қолданыста барлық дене білдірілмейтіндіктен ажырасу іс жүзіне асырылмайды.

Жекелеген ажырасу өзінің орындалуы жағынан толық ажырасуға тең. Егер де күйеу өзінің әйеліне жарты талақ формуласын айтар болса, ол кезде толық талақ орындалады, өйткені талақ бөлуге келмейді; ал бөлінбейтіннің бір бөлігі айтылатын жағдайда осы бөлінбейтін тұтасты толығымен айтқан сияқты болады; осыған ұқсас талақтың төрттен бірі, бестен бірі деп айтылған кездерде де талақ толығымен орындалады.

Ажырасудың екі ұшты формулалары. Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен екі талақтың үш жартысымен ажыратылғансың» десе, ол кезде үш талақ орындалады, өйткені екі талақтың жартысы бір-бірден екі толық талаққа сйкес келсе, үшінші жартысы тағы бір толық талаққа сай болады, осыған сәйкес екі талақтың үш жартысы үш талаққа тең болады. Ал егер ол: «Сен бір талақтың үш жартысымен ажыратылғансың десе» онда кейбір ғалымдардың пікірінше екі талақ орындалуы керек, себебі, екі жарты бір талақты құраса, екінші жарты жоғарыда келтірілген себептермен екінші талаққа тең болады. Ғалымдардың көпшілігі келтірілген түсініктердің біріншісін құптайды.

Ажырасудың айқындалуы қиын формулалары. Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен ажыратылу үстіндесің, бірден екіге дейінгі талақпен», немесе «Бір мен екі талақтың арасында», онда бұл кезде ажырасу іс жүзіне асырыла алады; егер де ол «Бірден үшке дейін» немесе «Бір мен үштің арасында» десе, онда екі ажырасу орындалады. Бұл Абу Ханифаның ілімі. Екі шәкірті бірінші формула екі, ал екінші формула үш талаққа апарды. Екінші жағынан Зуфар бірінші формуланы айтудың нәтижесінде ештеңе де болмайды, ал екінші формуланы айтқанда тек бір талақ қана орындалады. Бұл үкімді бұған ұқсас жағдайда бір адамның: «Мен жердің бір бөлігін мына қабырғадан ана қабырғаға дейін саттым» деген сөзіне теңестіріп шығаруға болады: екі қабырға келісім-шартқа енгізілмейді. Сол сияқты қарастырылып жатқан жағдайда да екі шекара ішіндегісіне енгізілмейді, ал осы мәселеде шекара ретінде «бір», «екі», «үш» деген сөздер шекара болып табылады, сол себепті бір мен екі ажырасудың арасында

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бір ажырасу болады. Екі шәкірт осы сөз айналымында әдетте бір адам екіншісіне: «Менің меншігінен бірден жүз дирхамға дейін ал» деген сөйлемде жүз дирхамды меңзелгендей, тұтас зат немесе ең жоғары шегі түсініледі деген пікір айтады. Абу Ханифа болса, мұндай айқындалуы қиын тәсілді қолдану кезінде ешқандай да анық сан дәл айтылмайды; мысалы кімде-кім «Мен алпыста жетпіске дейінгі жастамын» немесе «алпыс пен жетпістің ортасындамын» десе, осы екі шектің арасындағы нақты емес жасты меңзеген болады. Екі шәкірттің пікірі болса, оған жауап ретінде тұтастың айқындалуы қиын формуламен түсіндірілуі заттың парықсыз болған кезінде қолданылады, ал ажырасу болса, ондай парықсыз емес, қатерлі әрі құптауға келмейтін процесс болып табылады деуге болады.

Зуфардың пікіріне келер болсақ, онда оған ең алдымен екінші шекараны анықтап алу үшін бірінші шекараны анықтау қажет; ал қарастырылып жатқан жағдайда ажырасу орын алмаған болса бірінші шекара (яғни нақты ажырасудың өзі) жоқ, болуы да мүкін емес. Бұл жайт Зуфардың дәлел ретінде келтірген сауда-саттық жағдайына қайшы, ал осы мәселеде қарастырылып жатқан шекаралар («қабырға» деп белгіленген шекаралар) шын мәнінде сауда-саттық келісім шарты жасалғанға дейін болған. Күйеудің екінші формуланы айтқан кезде бір рет ажыраспақшы болғанын ғана ниет етсе, онда бұл ниет Аллаһ Тағала тарапынан қабыл болуы мүмкін, өйткені оған (күйеуге) сөзінде жасырылған әртүрлі ниет ету рұқсат етілген; алайда, бұл ниет істің көрініс тапқан жағдаяттарына қайшы келетіндіктен, сот тарапынан қабыл етілмейтінін атап өту қажет.

Егер күйеу өз әйеліне: «Сен екі мәрте бір рет ажыратылғансың» десе, және бұл сөзімен осы сандардың туындысы ретінде ажырасудың санын мақсат тұтса, онда бір жойылатын ажырасу орындалады. Зуфар өз кезегінде осы формуланың нәтижесі ретінде екі ажырасу болып табылады дейді, өйткені есеп тілінде осындай сөздің нәтижесі болып осы сан айтылады. Бұл пікірге Хасан ибн Зиад та ортақтасады. Бірақ, күйеуі жоғарыда келтірілген формуланы айтып, «Сен бір және екі мәрте ажыратылғансың» дегенді ниет етсе, онда үш ажырасу іс жүзіне асырылады, себебі, бұл сөз осы мағынамен түсіндірілуі мүмкін, өйткені, «фи» сөзі (араб тілінде көбейту амалын белгілеу үшін қолданылады) сондай-ақ, «және» деген мағынада да қолданыла береді (яғни, қосу амалын да білдіреді). Алайда, ажырасып жатқан әйелмен жақындастық болмаса, «Сен бір және екі мәрте ажыратылғансың» деген жағдайдағы сияқты бір ғана ажырасу іс жүзіне асырылады; ал егер де жақындастық болмай тұрып, ол «Сен бір және екі рет ажыратылғансың десе», онда ажырасу үш рет орындалған сияқты болады. Ал егер ол бір ажырасудың екіншісіне кірісіп кеткен мағынада айтқысы келсе, мысалы: «Сен бір мәрте екі ажырасумен ажыратылғансың» десе, онда бір ажырасу ғана орындалады, ал «екі ажырасумен» деген сөзі артық болып табылады, өйткені, ажырасу түсінігі өзіне басқа түсінікті кірістірмейді.

Егер күйеу өз әйеліне: «Сен екі мәрте екі рет ажыратылғансың» деп, осы сандардың қосқанда шығатын туынды санды меңзеп айтар болғанның өзінде де ажырасу екі-ақ рет қана орындалады. Зуфардың пікірі бойынша бұл жағдайда талақ үш рет орындалады, өйткені шын мәнінде бұл тәсілмен ажырасу төрт рет орындалады, алайда оның жоғары заңды саны үшеу болып табылады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Кеңістікті, орынды меңзеумен орындалатын талақ. Егер күйеуі өз әйеліне «Сен осы жерден Сирияға дейін ажыратылғансың» десе, онда бір жойылатын талақ іс жүзіне асырылады. Зуфар бұл формуламен толық немесе жойылмайтын талақ жасалады дейді, себебі, ажырасу мұндай сипатқа ие болған жағдайда, бұл формула толық талақ жасалатын, шамамен: «Сен ұзақ талақпен ажыратылғансың» деген формулаға тең келеді, бұдан қарастырылып жатқан мәселеде де осындай ажырасу орындалатыны белгілі. Екінші жағынан біздің ғалымдарымыз осы формула ажырасуға ұзақтық сипатын бермейді, қайта ажырасу басқа мағынаға ие болады, өйткені белгілі бір жерде орындалған талақтың, басқа кез келген жерде де күші болады. Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен Меккеде ажыратылғансың» деген жағдайда, талақ тез арада қандай да бір елде орындалады; сонымен қатар, егер де ол «Сен осы үйде ажыратылғансың» десе де, ажырасудың дәл сол шарттары орындалатын еді, өйткені, ажырасуды белгілі бір орынмен шектеу мүмкін емес. Егер де ол: «Ол қандай да бір уақытта Меккеге, немесе осы үйге кіргенде ажыратылады» деуді қаласа, онда оның сөзі Аллаһ тарапынан қабыл болса да, сот тарапынан қабылданбайды, өйткені, оның сөзінің грамматикалық құрылымы осы түсінікке қайшы болады.

Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен Меккеге кірген кезде ажыратыласың» десе, ол кезде әйел Меккеге кіргенге дейін ажыратылмайды, себебі күйеуі осы жағдайға байланыстырып, шарт қойды. Егер де ол: «Осы үйдің кіре берісінде ажыратылғансың» десе, онда осы сөзі «үйге кірсең» деген мағынаны білдіреді, өйткені сөздің мұндай құрылымы көп жағдайда шартты білдіреді және бұл жерде тікелей мағынасында қолданыла алмайды, сол себепті шартты түрде түсінілуі қажет.

Бөлім.

Уақытты белгілеумен жасалатын ажырасу. Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен бүгінгі күннен ертеңгі күнге қарағанда бір тәуліктен кейін ажыратылғансың» немесе «Сен бүгінгі күннен бастап бір тәулікке кейін ажыратылғансың» десе, онда бірінші жағдайда ажырасу сол мезетте орындалса, екінші жағдайда келесі күннің басында басталады; осы екі формуладағы екінші сөз артық болып саналады, себебі, біріншіден, егер ол «бүгінгі күннен» дегенде, ажырасу дереу сол кезде орындалады және келесі күнге қалдырылмайды; екіншіден, егер ол алдымен: «ертең» деп бастаса, онда ажырасу келесі күнге қалдырылып, формуланы айтқан күнде жүзеге асырылмайды.

Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен ертең ажыратыласың» десе, онда ажырасу келесі күннің таңынан басталады; егер де ол «ертең» сөзімен келесі таңның соңын мақсат тұтса, онда бұл мағына Аллаһ тарапынан қабыл етіледі, алайда сот бұны қабылдамайды, өйткені, бұл істің жағдаяттарына қайшы келеді. Бірақ егер ол: «Сен ертеңгі күні ажыратылғансың» деген сөзімен «ертеңгі күннің соңында» екенін мақсат еттім деп айтса, онда Абу Ханифаның пікірі бойынша бұл сөзі сот тарапынан да қабыл болады. Екі шәкірті болса, бұл сөзі Аллаһ тарапынан қабыл болса да, сот тарапынан қабыл болмайды дейді, өйткені «ертең» және «ертеңгі күн» бір мағынаны білдіреді, себебі, «ертең» сөзі екі жағдайда да қоса алғанда мағынасында қолданылады; осыдан «ертеңгі күні» деген сөз тіркесін қолданған кезде, күйеудің осы сөздерді айтқан кезде ешқандай да айрықша ниет етпей, ажырасу келесі күннің бірінші минутынан басталатынын білуге болады. Абу Ханифаның бұл туралы дәлелдері күйеудің осы сөздерді айтуы кезінде қандай да бір айрықша ниет ету мүмкіндігі болуына

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

негізделген, өйткені, «күні» деген сөз «зарф», яғни, барлық қосылып келетін сөздер оған тәуелді болуды талап етпейтін қосып алу бөлшегі ретінде енгізілген. Қарастырылып жатқан жағдайдағы күйеудің ешқандай да ерекше ниет етпеген кезде ажырасудың неліктен келесі күннің басынан басталуының себебі, басқа қайшы келетін себептің жоқ болуынан ажырасудың басталуы осы мерзіммен анықталуында; ал назарға ажырасу мерзімінің басын айқындау қажеттігі алынғандықтан, ажырасушы адам формуладағы мерзімді күн аяғына белгілесе, онда осы уақыт қабыл етілуі тиіс, және бұл ажырасушы: «Сен ертең ажыратылғансың» («күні» деген сөзін тастап) деген сөзіне қайшы келеді. Осы соңғы сөзінде егер ол ертеңгі күннің соңын меңзеген болса, онда бұл ниеті сот тарапынан қабылданбайды, өйткені «ертең» сөзі «күні» сөзінен бөлек келсе, бұл әйелдің ертеңгі күні толығымен ажыратылуын білдіреді, яғни ажырасу мерзімі күннің басынан басталады. Осыдан ертеңгі күннің соңын ажырасудың басы деп алу істің көрініп тұрған жағдайларына қайшы екенін көруге болады.

Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен кеше ажыратылғансың», ал өзінің некесі формуланы айту күні қиылса, онда бұл ажырасу орынсыз болып табылады, өйткені, ол бұл формуланы айтуға құқығы жоқ мерзімге байланыстырған, осыған орай «Сен мен туғанға дейін ажыратылғансың» дегендей, бұндай ажырасудың заңды күші жоқ. Алайда, егер қарастырылып жатқан жағдайда ол айтқан мерзімінен бұрын некелескен болса, онда ажырасу формуланы айту кезінен басталады, өйткені, егер ер адам формуланы өткен шақта айтып, ажырасса, онда бұл ажырасу орындалып жатқан осы шақты меңзейді, себебі, бұл формула өткен шаққа емес осы шаққа қатысты айтылған, сондақтан, бұл оның кеше ажырасып, ол туралы бүгін жариялап жатқанын білдірмейді.

Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен маған тигенге дейін ажыратылғансың» десе, онда бұл ажырасу орындалмайды, өйткені, бұл формула ажырасу іс жүзіне асырылмайтын уақытқа қатысты, сол сияқты осы жайт егер күйеуі: «Сен менің балалық шағымда ажыратылғансың» немесе «түсімде» дегенде де көрініс табады.

Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен, мен сені ажыратпасам, ажыратылғансың немесе мен сені ажыратпағаннан кейін ажыратылғансың» десе және ізінше үндемей қалатын болса, онда ажырасу орындалады, өйткені ол оның сөйлемей тоқтап қалу мерзіміне келеді. Бірақ егер ол: «Мен сені ажыратқанша сен ажыратылғансың» десе, онда ажырасу оның өліміне дейін орындалмайды, өйткені осы жағдайда ғана оның аладғы өміріне деген үміті болмаса, ажырасу іс жүзіне асырылады.

Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен ажыратылғансың, сенімен ажырасқанша, сен ажыратылғансың» десе, онда әйелі ажырасудың соңғы формуласының негізінде ажыратылған болып табылады, яғни, «сен ажыратылғансың»; бірақ бұнда атап кетерлік бір жайт: осы ажырасуда күйеуінің сөзі ол айтқан формуланың бірінші бөлігімен тығыз байланысып тұруы керек. Осындай түсініктеме заңға қолайлы түсінік жасау мүмкіндігіне негізделген, өйткені ұқсастығына қарай бірінші ажырасу (нақты айтқанда: «Сен ажыратылғансың, мен сенімен әзірше ажыраспаймын») сол сияқты орындалады; осыған орай, бұл формуламен әйелмен жақындастық болған жағдайда ажырасу екі мәрте іс жүзіне асырылады. Бұл Зуфардың да ойы. Алайда, қарастырылып жатқан мәселеде заңды тым қолайлы тұрғыдан түсіндірудің себебі серт беруші

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

адамның өз сертін серт бұзу күнәсына батпайтындай болып орындау болып табылады, ал бұл болса, оның сөзінен ажырасуға өкілетті ететін ажырасу формуласының, дәлірек айтса: «Сен ажыратылғансың, мен сенімен әзірше ажыраспаймын» сөзінің бір бөлігін алып тастайтын болса, онда қалған бөлігінің күшімен әйел ажыратылған болып саналады. Осыған сәйкес жағдаяттар айман (ант) туралы кітапта келтірілген.

Егер еркек бөтен әйелге: «Мен саған үйленген күні ажыратылғансың» десе және оған түнде үйленер болса, онда ажырасу орындалады. Өйткені, «күн» деген сөздің күндізгі уақытты білдіретін мағынасы болады және дәл осы мағына жалғасы бар (мысалы – ораза) бір құбылысқа қатысты қолданылады. Кейбір кезде бұл терминмен жалпы уақыт белгіленеді, сол кезде бұл атау өткінші немесе бір сәттік ажырасу сияқты құбылысқа қолданылады. Осыған орай аталған жағдайда «күн» сөзінің күндізгі және түнгі уақытқа қатар қолданылады деп түсіну қажет. – Алайда егер күйеуі «күн» сөзімен жалпы уақыт емес тек тәуліктің күндізгі бөлімін меңзеген болса, онда оның осы сөзі сот алдында қабылданған болады, себебі, оған «күн» сөзін қай мағынада қолданса да өз еркі, өйткені, қалыптасқан әдет бойынша «күн» сөзімен күндізгі мерзім, ал «түн» сөзімен түнгі уақыт белгіленеді.

Бөлім

Егер ері әйеліне: «мен сенімен ажырастым» десе, оның әйеліне талақ беруді ниет еткеніне қарамастан, бұл сөзді айтумен еш нәрсе орындалмайды; бірақ, егер ол талақ беруді ниет ете тұрып: «мен сенен айырылыстым (бөлек кеттім)» немесе «сенің маған келуіңе тыйым салынды» десе, онда олардың арасында талақ орнайды. – Шафиғи ажырасу ниеті бар болғандықтан алдыңғы жағдайда да олардың арасында талақ орнауы керек деп санайды, себебі, некеде иелік ету құқығына әйелі мен ері бірдей дәрежеде ие, яғни, әйелі ерінен оның өзімен жыныстық қатынасқа түсуін талап ете алатын болса, ал ері әйелінен жыныстық қатынасқа жылдам түсуін талап ете алады; сондай-ақ, екеуіне бірдей жыныстық қатынастың некедегі заңдылығы да тиесілі; ал талақ ері мен әйелі үшін бірдей күші бар осы құқықтан айыру және осы құқықты иелену мақсатымен қолданылады. Соған сәйкес, тура жоғарыда келтірілген екінші және үшінші тіркестерді айту кезіндегідей алғашқы тіркесті айту кезінде де талақ орнады деп саналуы тиіс. – Біздің ғалымдарымыздың дәлелдері талақ еркек емес, әйелге (күйеуі бар әйел үйінен шыға алмайтындықтан) қатысты жүргізілетін мәжбүрлеуді жою үшін қолданылатындығына негізделеді. Егер тіпті (Шафиғи айтқандай) талақ некедегі иелік ету құқығын жою мақсатында қолданылады деп санауға болатын болса да, оған былай деп жауап беруге болады: ері әйеліне иелік етуші, ал әйелі ерінің иелігіндегі (адам), сондықтан, әйелге «күйеуге шыққан», ал еркекке «әйел алған» деген сөздер қолданылады. Соған сәйкес, иелік ету әйелге қатысты алғанда оның нысаны (объект) ретінде қолданылады. Бұл айырылысу немесе тыйым салуға қарсы тұрады, бұлардың біріншісі, яғни айыру арадағы байланыстың толығымен жойылуы деп, ал екіншісі, тыйым салу – заңдылықтың жойылуы болып саналады; ал ол екеуі некеде тұрған екі тарапқа бірдей тиесілі болғандықтан, бұдан айырылысу мен тыйым салуды қолданудың екі тарапқа бірдей дәрежеде мәжбүрлеу болып табылатындығы көрінеді, ал талақты қолданудың тек әйелге қатысты ғана күші бар.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер ері өз әйеліне: «Сен не бір рет ажырастың, не мүлде ажырасқан жоқсың» десе, олардың арасында талақ орнамайды. «Ғидаяны» құрастырушы мұндай түсіндірменің «*әл-Джами ас-сағирде*» де берілгенін, сондай-ақ басқа түсіндірменің жоқтығын айтады, мұны Ханифа және тағы бір жерде Әбу Йусуф те айтады. – Мұхаммедтің ілімі бойынша (онымен Әбу Йусуф басқа бір жерде келіседі), мұндай жағдайда жойылатын бір талақ орнауы тиіс. «Мабсуттың» талақ туралы бір тарауында күйеуі әйеліне: «сен не бер рет ажырастың, не мүлде ажыраспадың» дегенде Мұхаммедтің түсіндірмесі бойынша, бір рет жойылатын талақ орнайтыны туралы баяндалған. Бірақ, бұл тіркес пен алдыңғы тіркестің мағынасы жағынан ешбір айырмасы жоқ; яғни, қарастырылып отырған жағдайға қатысты «әл-Джами ас-сағирде» барлық ғалымдардың бірауызды пікірі келтірілген болса, онда бұдан Мұхаммедтің бұл сұрақ бойынша екі түрлі көзқарасты қалдырып кеткені көрінеді. Оның дәлелі талақ беру тіркесіне «бір рет» сөзі мен «жоқ» болымсыз мағынасының арасына талғауды білдіретін «не» деген шылауды қосудың нәтижесінде талақтың саны күманды көрсетілуіне негізделген; сондықтан бұл шылауға көңіл бөлінбеуі тиіс, сонда «сен ажырастың» деген тіркес қалады. Бұл күйеуінің әйеліне «сен ажырастың немесе ажыраспадың» деуіне қарсы, әрі бұл жағдайда талақтың өзіне қатысты алғанда күман туатындықтан, олардың арасында талақ орнамайды. – Ханифаның дәлелдері араб тілінің ерекшеліктеріне негізделген.

Егер күйеуі әйеліне: «сен мен өлгеннен кейін немесе сен өлгеннен кейін талақсың» десе, онда мұндай тіркесті айтудың ешбір салдары болмайды, себебі, бірінші жағдайда күйеуі өлімнен кейін талақ жасауға құқықтық тұрғыдан қабілетсіз болатындықтан, ол (талақ) туралы тыйым салынған уақытқа қатысты айтып тұр; ал екінші жағдайда әйел талақтың нысаны болып санала алмайды, ал іс жүзінде талақтың заңды болуы үшін бұл шарттардың екеуі де өте қажет.

Тараптардың бірінің екіншісіне құл иелену құқығы анықталған жағдайда неке бұзылады. – Егер күйеуі өз әйеліне (күң ретінде) жеке немесе басқа біреумен бірге иелік ететіні анықталса, немесе әйелі өзінің күйеуінің иесі болып саналатын болса, онда олардың арасындағы неке бұзылады, себебі, құл иелену құқығы мен (некеде) иелік ету құқығы бір-бірімен үйлеспейді. Соңғы жағдайда, неке бұзылуы тиіс, себебі, егер ол бұзылмаса, онда әйел бір мезгілде әрі иелік етуші, әрі иелік нысаны, яғни күйеуінің иелігіндегі адам (неке келісім-шартына сәйкес) болып саналған болар еді. Ал бірінші жағдайда некенің бұзылуы қажет болатын себебі – некеде иелік ету қажеттілікке сай орнайды, ал күйеуі іс жүзінде өз әйелінің жеке басына иелік етуші болып табылғанда бұл қажеттілік өз мәнін жоғалтады және онымен бірге некеде иелік ету де тоқтатылады.

Сонымен бірге, күйеуі өз әйелін сатып алған жағдайда да неке күшін жояды. – Егер күйеуі өз әйелін (күң ретінде) сатып алса және бұдан кейін оған талақ беретін болса, онда бұл жағдайда талақ орнамайды, себебі, оны айтқан кезде некенің заңды күші болмаса, талақ та болмайды, ал бұл жағдайда неке өзінің барлық түрі мен мәні жағынан тоқтайды, себебі, неке тіпті иддатқа қатысты алғанда да жалғаса алмайды. Сонымен бірге, әйелдің өз күйеуіне жеке немесе басқа біреумен бірге иелік ететіні анықталса және күйеуі әйеліне талақ беретін болса, бұл кезде олардың арасында талақ орнамайды, себебі, бұл жағдайда да, жоғарыда айтылған себептерге

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

байланысты неке өз күшін жойған. – Мұхаммед соңғы жағдайда талақтың заңды күші бар деп санайды, себебі, әйелдің мойнында иддат міндеті бар және сондықтан неке өзінің салдарларының бірінде жалғасады; ал бұл күйеуі әйелін сатып алған жағдайға қарсы келеді, себебі, онда неке тұтастай тоқтатылады және әйелінің енді оны иеленуші болып саналатын және онымен жыныстық қатынасқа түсуге құқығы бар күйеуінің алдында тіпті иддат міндеті де болмайды.

Күң әйелге оны бостандыққа жіберу шартымен берілген талақ шарт болып қойылған әрекет жүзеге асқан соң барып орнайды. – Егер еркек басқа біреудің күнімен некеге тұрып, оған: «Сен бостандыққа жіберілсең екі талақ аласың» десе және бұдан соң иесі күнді бостандыққа жіберсе, онда олардың арасында талақ орнайды; бірақ күйеуінің бұл талақты жою билігі бар, себебі, ол оны бостандыққа жіберудің талақтың шарты етіп белгіледі, ал бостандыққа жіберу талақтың шарты болып саналады (осы шақты болуы мүмкін емес, бірақ болашақта болуы ықтимал нәрсе ретінде шарт бостандыққа жіберуге тәуелді болып қойылған). Ал шарт орындалғаннан кейін талақ орнайтындықтан, ол бостандықтағы әйелге айтылғандай айтылады, соған сәйкес, ол екі талақ арқылы қатаң тыйым салынған¹⁰⁵ болып саналмайды.

Егер қарастырылып отырған жағдайда күйеуі өзінің күң әйеліне: «ертең сен екі талақ аласың» десе, ал күннің иесі оған: «ертең сен бостандық аласың» десе, онда күйеуі онымен қайтадан заңды некеге тұра алмайды, бұл үшін әйел басқа бір еркекпен некеге тұрып, ол жаңа күйеуінен талақ алып барып, одан соң иддат мерзімін күтуі тиіс (ол үш айлық тазару мерзіміне тең). Екі үлкен ғалымның ілімі осындай.

Мұхаммед күйеуінің талақты жою билігі бар деп санайды, себебі, күйеуі талақты күннің иесі беретін бостандықпен байланыстырды; сондықтан, талақ құлдықтан азаттық алумен байланысты. Ал бостандық та құлдықтан азаттық алумен байланысты болғандықтан, бұдан көрінетіні – талақ азаттық алумен байланысты және талақ азаттық алған күнге ғана беріледі (сондықтан бұл әйелдің иддат мерзімі үш айлық тазару мерзіміне тең, ал егер ол күң болған болса, оның иддат мерзімі екі айлық тазару мерзіміне тең болған болар еді), және мұндай жағдайда да талақты жою тура алғашқы жағдайдағыдай мақұлданады.

Екі үлкен ғалымның дәлелдері күннің иесінің оны азаттыққа жіберуді күйеуінің талақты байланыстырған жағдаймен байланыстыруымен бекітіледі. Сөз болып отырған әйелге қатысты алғанда оның азаттық алуы құл саналып жүрген кезінде күшіне енетіндіктен, талақ та сол жағдайларда заңды күшке ие болады; бірақ күң екі талақтың нәтижесінде өзінің күйеуі үшін некеде қатаң тыйым салынған әйел болып саналады, сондықтан талақтың жойылуы бұл жағдайда мақұлданбайды және күйеуі әйелі алдымен басқа еркекпен некелескенге дейін қайтадан заңды некеге тұра алмайды; бірақ бұл тұжырым сақтық ұстанымына негізделетін иддатқа (бұл оның үш айдан тұратын тазару мерзімінен көрінеді) қатысты қолданылмайды, сақтық ұстанымы оның толық орындалғаны жөнінде ешбір күдіктің тумауы мақсатында белгіленген. Ал Мұхаммед ұсынған «талақ бостандық алумен байланыстырылғандықтан, ол тек құлдықтан азаттық алғаннан кейін ғана орнайды» деген тұжырымына келетін болсақ,

¹⁰⁵ Талақты үш рет айту бостандықтағы әйелге айтылатын талақтың ең үлкен саны болып саналады, ал екі - күнге айтылатын ең үлкен сан, бұдан көрінетіні – егер талақ әйелге оның күң кезінде берілген болса, онда ол жойылмайтын талақпен ажырасқан болып саналады.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ол тұжырымның еш салмағы жоқ, себебі, бостандық азаттық берумен байланысты болса, онда азаттық алу бостандықтың себебі болып көрінеді және азаттық алу мен талақ бір-бірімен бір мезгілде орындалатын болып байланыстырылғандықтан, талақтың орындалуы да оның дауыстап айтылуымен байланысты, себебі, соңғысы алдыңғысының себебі болып табылады. Бұдан талақтың бостандықтан кейін орындалатыны емес, бостандықтың талақпен байланысты екені көрінеді.

Бөлім. Салыстыру арқылы ажырасу және оның түрлері туралы

Талақтың саны саусақпен көрсетілетін белгілер арқылы анықталуы мүмкін. – Егер күйеуі әйеліне: «Сен талақсың – бұлайша» деп бас, сұқ және ортаншы саусақтарын жоғары көтерсе, онда талақ үш рет айтылды деп саналады, себебі, әдет бойынша саусақты көтеру белгілі бір санмен байланыстырылғанда сол санды белгілейді деп түсіну қалыптасқан, ал «бұлайша» сөзі тура осындай ойды білдіреді. Бұл жағдайда үш саусақ көтерілгендіктен, талақ үш рет айтылды деп түсіну қажет. Егер мұндай тіркесті айту кезінде тек бір саусақ қанакөтерілген болса, онда бір талақ қана болады; ал егер екі саусақ көтерілсе, онда – екі талақ болады. – Нақты бір санды белгілеу үшін саусақтың бүгілмей, толықтай жазылып, тік көтерілуі қажет екенін айту қажет. Алайда біздің кейбір қазіргі заманғы ғалымдарымыз ажырасатын әйелге қолдың сырты қаратылып тұрса, онда бүгіліп тұрған саусақтар саналуы тиіс деген пікір айтады. – Егер талақ беруші: «мен талақ белгісін екі бүгілген саусақпен бердім» десе, ал өзі саусақтарын жазып көрсетсе, онда оның мұндай мәлімдемесі соттың алдында емес, Алланың алдында қабыл алынады, бұл мынадай жағдайға ұқсас, егер ол былай деген болса: «Мен саусақтарыммен емес, қолымның алақанымен (қолдың жабық бөлігімен) талақ белгісін беруге ниеттендім»; сондықтан да діни көзқарасы жағынан бірінші жағдайда екі талақ орын алса, ал екінші жағдайда бір талақ орын алады, себебі белгілер жабық күйдегі қолмен де, түзу саусақтармен де беріле алады, сол үшін де ол талақтың санын таңбалармен көрсеткісі келгені мүмкін; алайда бұл істің көрінетін белгілі жағдайларына қайшы келгендіктен, сот алдында саналмайды.

Бірақ талақ саны көрсетілген саусақ белгілерімен тек талақтың формуласы санға байланысты түсінікке негізделген болған жағдайда ғана анықтала алады. – Егер жоғарыда қарастырылған жағдайда талақ формуласы айтылған кезде «былай» сөзі айтылмай кетсе, және жоғары көтерілген бас бармақ, сұқ саусақ және ортаншы саусақпен белгі көрсетілсе де, бір ғана талақ болып саналады. Себебі бұл белгі санды білдіретін сөзбен («былай» деген) байланысты емес; сондықтан да мұндай жағдайда тек бір талақпен ажырасу болып саналатын «сен ажырасқансың» деген сөз ғана өз күшінде болады.

Ерекше күшпен айтылған талақ жойылмайды. – Егер күйеуі талақ айту барысында өз сөзіне әсіресе күшті, қатты реңк берер болса, немесе ерекше сипаттағы қосымшамен айтар болса; мысалы, «Сен қайтарылмастай ажырасқансың» десе, немесе: «Сен шын мәнінде ажырасқансың» десе, ажырасқан әйелімен жыныстық қатынаста болған-болмағанына қарамастан мұндай жағдайда жойылмайтын талақ орын алады. – Шафиғидің айтуынша егер әйелімен жақындасқан болса, онда ажырасу жойылатын болып саналады. Себебі мұндай ажырасқаннан кейінгі иддат мерзімін өтеп жүрген әйелдің қайтуы заң қағидаларымен освящено. Демек, мұндай ажырасуға жойылмайтын деген сипат беру заңға қайшыкелгендік болады. Сондықтан да күйеуі

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

мұндай жыныстық қатынаста болмаған әйеліне жойылмайтын талақ айта алмайды, және де «қайтарылмастай» сөзі бұл жағдайда мағынасынан айырылады, мысалы күйеуі әйеліне «Сен талақты жоятындай құқығымның қалмауы шартымен ажырасқансың» деген жағдайда.

Біздің ғалымдарымыз келесідей пікір айтады. Күйеуі өзі айтқан ажырасуға ажырасу қандай сипатқа ие болса, сондай сипат берді, себебі жыныстық жақындасуда болмаған әйеліне қатысты (сол сияқты иддаты біткен кез-келген әйелге қатысты да) жойылатын талақ орын алады; сондықтан да қарастырылып отырған жағдайда жыныстық жақындасуда болған әйелге де, болмаған әйелге де қатысты жойылмайтын талақ орын алады. Себебі күйеуі айтқан ажырасу формуласымен расымен іс жүзінде ажырасуға қатысты қолданылатын болып табылады. Ал жойылатын талақ формуласына қосымша болып айтылатын шарт (Шафиғи өз түсіндірмесіне қолдау ретінде келтіретіндей), ажырасу формуласының мұндай құрылысы орынсыз, себебі жойылмайтын ажырасу еш ерекше ниетсіз айтылған талақ кезінде де, немесе екі талақ беру ниеті жағдайында да орын алады. Ал үш талақ беру ниеті кезінде болса, осы үш талақ орын алуы тиіс, себебі «жойылмайтын» деген түсінік үш талақпен толық қабысады. Егер де күйеуі әйеліне: «Сен жойылмайтын ажырасумен ажырасқансың» - десе, немесе «Сен ақиқат жүзінде ажырасқансың» - десе, және де мұнымен «Сен - ажырасқансың» деген сөзбен бір талақты айтуға ниет етіп, қосымша сөздермен – «жойылмайтын», немесе «ақиқат жүзінде» - басқа ажырасу, онда мұндай формуланы айту нәтижесінде екі жойылмайтын ажырасу болып саналады, себебі бұл қосымша сөздердің өзі жеке-жеке ажырасуға себеп бола алады.

Егер күйеуі әйеліне: «Сен ең шамадан тыс, шектен тыс шыққан ажырасудасың» - десе, онда мұндай жағдайда жойылмайтын ажырасу орын алады.

III Тарау

Ажырасуға өкілеттік туралы

Талақ күшке енуі үшін жақты есімдік ажырасушы екі жақтың бірімен айтылуы қажет.—Тағы айта кету керек, күйеуі «Таңда!» деген сөзді айтқанда, «өзінді» деген жақты есімдікті не күйеуі, не әйелі айтуы қажет. Егер күйеуі «Таңда!» десе, ал әйелі: «Мен таңдадым!» деп жауап берсе, онда талақ болмайды. Өйткені барлық ғалымдардың пікірі бойынша, талақ тек «өзінді» есімдігі ажырасушы екі жақтың бірімен айтылған жағдайда ғана күшке енеді. Сонымен қатар, өйткені екіұштылықты көрсететін қандай да кез келген жағдайда да бұл есімдік ештеңеге меңзеле алмайды. Әйелінің бұл сөздері екі түрлі түсіндірілуі мүмкін: әйел не өзінің күйеуін таңдайды (бұл талаққа апармайды), не өзін таңдайды (мұның нәтижесі жойылмайтын талақ болады). Сондықтан «өзінді» деген жақты есімдік болмағанда, іс жағдайының екіұштылығына байланысты талақ болмайды.

«Өзінді» деген жақты есімдікті, өз мәлімдемесіне парықсыз, ерлі-зайыптылардың екеуі де айта алады.—Егер күйеуі әйеліне: «Өзінді өзің таңда!» десе, ал әйелі: «Таңдадым» деп жауап берсе, онда жойылмайтын талақ болады. Өйткені «өзінді» сөзі күйеуінің мәлімдемесінде кездеседі, ал әйелінің сөздері бұл мәлімдемеге жауап болып табылады. Сондықтан бұл сөздердің астарында ол шындығында өз өзін

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

меңзейді. Егер мұндай жағдайда күйеуі: «Өзіңнің қалауың бойынша таңда!» дегеніне әйелі: «Мен таңдадым» деп жауап бергенде, онда жойылмайтын талақ болар еді. Бұл екі жағдайда да дәлел араб тілінің идеоматикалық ерекшеліктеріне негізделген.

Немесе «өзіңді» жақты есімдігі әйелінің жауабында айтылуы қажет.—Егер күйеуі әйеліне: «Таңда!» десе, ал әйелі: «Өзімді өзім таңдадым» деп жауап берсе, онда күйеуінің ниеті сондай болған жағдайда, талақ болуы қажет. Өйткені мұндағы «өзіңді» сөзі жауапта кезігеді, ал күйеуі өзінің ниеті жайлы мәлімдемесінен байқалса, сол мағынада күйеуінің сөзі түсіндірілуі қажет.

Оның таңдау музари немесе жалпы уақытта көрінсе, талақ болады.—Егер күйеуі әйеліне: «Таңда!» десе, ал әйелі оған музар уақытында немесе жалпы (араб ілінде осы шақты да, келер шақты да білдіретін) уақытта: «Мен өзімді өзім таңдаймын (немесе «таңдаймын»)» деп жауап берсе, онда оның мұндай жауабының салдары дұрыс түсініктемеге негізделген талақ болып табылады.—Алалогия бойынша бұл жағдайда талақ болмайды деп ойлауға болар еді, өйткені әйелінің келер шақта айтқан жауабына қарап, онда ол талақты таңдауға уәде беру болар еді және осындай түсініктеме, егер ол осы шақта айтылған болса, оған да берілуі мүмкін. Бұдан көретініміз, бірінші ниетте әйелдің жауабы тек уәдені ғана білдіретіндігінің, ал екіншісінде екіұштылықты білдіретіндігінің нәтижесінде талақ болмайды. Мысалы, егер күйеуі әйеліне: «Ажырас!» десе, әйелі «Атлейку нафси» немесе «мен ажырасамын» деп жауап берсе, онда жоғарыда қарасырылған жағдайдағыдай талақ орын алмайды. Бірақ неғұрлым дұрысырақ түсініктеменің себебі – екі түрлі. Біріншіден, Құранда таңдау құқығы жайлы айтылған сүре түскенде: «Уа, нәби! Өз әйелдеріңе айт: Егер осы дүниенің өмірін қаласаңдар...», Пайғамбар Аишаға: «Мен саған бірдеңе айтамын, бірақ өзіңнің ата-анаңмен ақылдаспағанша, жауап берме»,—дейді, содан соң ол оған жоғарыда келтірілген сүрені оқып, оған таңдау құқығын береді. Аиша: «Мұндай мәселеде мен анаммен де, әкеммен де ақылдаспаймын, бірақ мен Алланы және Оның елшісін таңдаймын»,—дейді. Пайғамбар Аишаның бұл сөздерін осы шақтағы «мен таңдаймын» деген мағынаны беретін жауабы деп қабылдайды. Екіншіден, «ахтарту» «мен таңдаймын» сөзі, қазының алдында куәлік бергенде дәл «әшһаду» «мен куәлік етемін» сөзі сияқты, тура мағынасында айтқанда осы шақты білдіреді, ал ауыспалы мағынасында келер шақыт білдіреді. Бұл жағдай әйел: «Атлейку нафси» «мен ажырасамын» деген жауабына қарама-қайшы. Өйткені бұл жағдайда оның сөзін осы шақ мағынасында қабладана алмайды, себебі ол сөз айтылып тұрған кездегі нақты ешетеңеге қатысты емес. Ал «ахтарту» «мен өзімді өзім таңдаймын немесе таңдаймын» сияқты сөзі, керісінше дәл әйелдің өзіне қатысты нақты бар затқа қатысты.

Күйеуі таңдау құқығын үш рет бергенде, ал әйелі бір рет қана жауап берсе, онда күйеуінің ниетіне қарамастан, үш талақ болады.—Егер күйеуі өз әйеліне: «Таңда, таңда, таңда!»—десе, әйел: «Мен біріншісін» немесе: «екіншісін», немесе: «үшіншісін таңдадым»—деп жауап берсе, онда, Ханифаның пікірі бойынша, үш талақ болады және бұл үшін күйеуінің ниеті міндетті түрде болу керек деген шарт талап етілмейді. Өйткені бұл жерде күйеуі «таңда» сөзін тұспалы мағынада ғана айтқанменен, бірақ оның үш рет қайталап айтуы талақ деген ниетін білдіреді. Өйткені әйелге берілетін таңдау тек жалғыз осы мақсатпен қайталанатын.—Екі шәкірт те жоғарыда келтірілген

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жағдайлардың әрқайсысы тек бір талақ болады дегенді айтады. Бірақ олар дәл осы жағдайда күйеуінің талақ беруге деген ниеті міндетті түрде қажет шарт болып табылмайды деген Ханифаның пікірімен келіседі.—Дәл сол сияқты әйел тек: «Мен таңдадым»,—деп жауап берген жағдайдағыдай мұндай жауаптың нәтижесі үш талақ болып табылады. Әйел: «Мен таңдау таңдадым»,—деп жауап бергенде де солай болады. Мұндай түсініктемені барлық ғалымдар да береді. Өйткені әйел тек: «Мен таңдадым»,—десе, онда оның мұндай сөздердің салдары үш талақ болып табылады. Соған сәйкес, ал бұл сөздерге қосымша күш беретін сөздер қосса, онда үш талақ болуы қажет a fortiori.

Күйеуі «талақ» сөзін айтса, онда бұл жойылатын талаққа әкеледі.—Егер күйеуі әйеліне: «Сен бір талақты таңдауға еркің бар» немесе «бір талақ қатысты таңда»,—десе, ал әйелі: «Мен өзімді өзім таңдадым»,—десе, онда бір жойылатын талақ болады. Өйткені күйеуі әйеліне тікелей сөзбен айтып, бір талаққа дейін таңдау берді (жоғарыда келтірілгендей). Сондықтан мұндай сөздердің нәтижесі бір жойылатын талақ болады.

Бөлім.

Талаққа өклеттілікті табыстау кезінде еркін талақ күйеуінің ниетіне қарамастан, әйелі қанша қаласа, сонша болады. Мұндай жолмен болған талақ жойылмайтын талақ болады.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Сенің шаруаң сенің өз қолыңда»,—десе, осылайша үш талақ беруге ниеттенсе, ал әйелі: «Мен өзімді бір талақпен таңдадым»,—деп жауап берсе, онда үш талақ орын алады. Бұл жағдайға дәлел араб тілінің идиоматикалық ерекшеліктеріне негізделген. Бірақ егер әйелі: «Мен өзімді бір талақпен ажыраттым» немесе «Мен өзімді бір талақпен таңдадым»,—деп жауап берсе, онда бір талақ болады. Жауап екіұшты емес, тура сөздермен берілсе де, бұл талақ жойылмайтын талақ болады. Өйткені күйеуінің тұспалды жойылатын емес, жойылмайтын талаққа тең сөздеріне қатысы жоқ.—Күйеуі тарапынан бұған оның үш талақ беру ниеті болғандығы негіз болуына «Сенің шаруаң сенің өз қолыңда» деген сөзі шектеулі де және кең ауқымды да түсініктемеге жол береді. Өйткені дәл оның астарында бір талақты да, үш талақты да меңзеуге болады. Сондықтан мұндай талақтың күші бар, өйткені онымен сол сөздердің мүмкін болған мағыналарының бірі расталады. Бұл алдыңғы бөлімде қарастырылған сөзге қарама-қайшы, нақты айтқанда сол бөлімде кең ауқымды мағынада түсіндіріле алмайтын етіп түсіндірілген: «таңда» сөзі.

Еркін талаққа өкілеттілік анық бір уақыт аралығымен немесе бірнеше сондай уақыт аралығымен шектелуі мүмкін.—Егер күйеуі әйеліне: «Сенің ісің бүгін және бүрсігүні сенің өз қолыңда»,—десе, онда бұл сөзбен айтылып тұрған уақыт аралығына түн мезгілі кірмейді. Егер әйел жоғарыда келтірілген формула айтылған күні өзіне талақты таңдауға берілген еркіндіктен бас тартса, онда оның мұндай құқығы бұл күнге шындығын жоғалтады, бірақ оған бүрсікүнгіге мүмкіндігі қалады. Өйткені күйеуі әйелінің мұндай таңдау еркіндігін нақты аралық күн (нақтырақ, ертең деген) белгілеп, арнайы екі уақытқа нақты белгіледі. Бұған оның еркін таңдау құқығы таралмайды.—Зуфардың айтуынша, бұл екі уақыт аралығы да талақ таңдау еркіндігінің бір көрінісіне тең. Күйеуі әйеліне: «Сен ертең және бүрсігүні талақсың» десе, бұл екі талақ емесе, бір талақ дегенді ғана білдіреді (бір қарағанда, бір талақ бүгін, ал екінші талақ бүрсігүні болуы керек сияқты). Бұдан көретініміз, осылайша ой жүгірту арқылы жоғарыда

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

келтірілген формуланы айтудың салдары талақты еркін таңдаудың бір көрінісін ғана болып табылады деген қорытындыға келу қажет.—Алайда, бұған талақтың өзінің қасиеті бойынша, ешқандай уақыт аралығына шектелмейді деп жауап беруге болады. Ал талақты еркін таңдау құқығының берілуі мұндай шектеуге кіре алады. Сондықтан бірінші уақыт аралығына жатқызылған құқық соның жалғыз өзімен шектелген, ал бүрсігүнгіге берілген құқық осы күні қайтадын басталады.

Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Сенің ісің бүгін және бүрсігүні сенің өз қолыңда»,—десе, онда мұндай анықтамамен түн мезгілі осы уақыт аралығына кірістіріледі. Зихари-Риааят бойынша, егер әйелі өзіне берілген талақты еркін таңдау құқығын уақытында қолданып қалмайтын болса, онда бұл құқық істен шығады. Сосын ол онымен ертеңгі күні қолдана алмады. Өйткені бұл сияқты формула берілген талақты еркін таңдау құқығының бір көрінісіне тең. Себебі осы формуламен белгіленген екі уақыт аралығында («бүгін және ертең»), әйеліне берілген құқық аяқталатын ешқандай аралық жоқ.

Қарсылық.—талақты еркін таңдау үшін белгіленген екі уақыт аралығында мұндай құқық тоқтайтын уақыт болмаса да, бірақ арасында түн бар. Бұл мынадай қорытындыға әкеле алады, бүгінге және ертеңге берілген таңдау еркіндігі белгіленген формуланы бір рет айтумен шектелмеген.

Жауап.—Дәл осы жағдайда талақы еркін таңдаудың екі рет берілу құқығы орын алмаған. Өйткені арасында түннің келуі қандай да бір істі үзіп немесе созғаныменен, алайда оны не бөлмейді де, не аяқтамайды. Мысалы, соттың жұрт алдындағы отырысындағы іс түн келгені себепті тыңдауы кейінге қалдырыла алады. Бірақ, алайда, бұл жағдай сот тәртібін үзбейді. Сондықтан жоғарыда келтірілген формуланың айтылуы мынадай: «Сенің ісің екі күн аралығында сенің өз қолыңда»—деген сөзге тең. Осының нәтижесі талақты еркін таңдау құқығының бір рет көрсетілуі болып табылады.

Талақты еркін таңдау құқығы әйелі одан өзіне мұндай таңдау үшін берілген мерзімнің немесе бірнеше мерзімі толық бітпейінше, бас тартқандығымен жойылмайды.—Әбу Ханифаның мына пікірі бар, әйелі өзіне берілген талақты еркін таңдау құқығынан бас тартқанда да, бірақ оны пайдалану оның өз еркінде. Өйткені ол одан бас тартуға уәкіл етіледі (яғни, ол өзіне күйеуі ұсынған өзінің келісімімен бас тарта алмайды). Себебі оның бұл құқығы күйеуі: «Сенің ісің сенің өз қолыңда»,—деген формуласы айтылған сәтте әйелінің келісімінсіз орнатылады (мысалы, күйеуі: «сен талақсың»,—деп талақты тура бергенде, бұл кезде талақ әйелінің келісімінсіз орнатылады). Сондықтан таңдау еркіндігі ертеңгі күні де әйелдің еркіне қалады. Ол кезде әйел заңды түрде, талақты таңдап, өзіне берілген құқықты пайдалана алады. Бұл қорытынды Захири-Риааятта былай негізделген: егер әйелі талақты бүгін таңдағанда, онда ол ертең таңдау еркіндігінен айырылар еді. Сондықтан, егер ол бүгін таңдау құқығынан бас тартса, онда ертеңінде ол талақ пен некенің жалғасуын арасында некені таңдамай, талақты таңдауы қажет. Өйткені өзіне екі нәрсенің бірін таңдау құқығы берілген адам, біреуден артық таңдай алмайды.

Бізге белгілі Әбу Юсуфтың пікірі бойынша, егер күйеуі әйеліне: «Сенің ісің бүгін де және сонымен қатар ертең де өзінің қолыңда»,—десе, онда бұл екі мәрте еркін таңдау құқығын бергенмен тең болады. Өйткені бұл жағдайда таңдау мүмкіндігі

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алдыңғы нақты бөліну болмаған, тек екі аралық та бір сөзбен айтылған жағдайға қарама-қарсы және нақты белгіленген екі уақыт аралығына жатқызылған.

Талақты еркін таңдау құқығының мерзімі қандай да бір белгілі оқиғаның басталуына жатқызыла алады.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Сенің ісің пәленше келгенде, сол күні өз қолыңда»,—десе, ал сол адам шынымен де келеді. Бірақ әйелі түн батқанша, оның келетіні жайлы білмейді. Онда әйелге берілген құқық шынайылықтан айырылады. Өйткені ол әлдебір жалғастықты көрсетеді. Соған сәйкес, ол жатқызылған «күн» сөзі «күндізгі уақыт» мағынасы деп түсінілуі қажет. Ол аяқталған соң бұл құқықтың өзі де тоқтатылады.

Талақты еркін таңдау құқығы оның жауабын кешіктірумен, әйелі өз орнынан тұрғанға және сол сияқтыға дейін жойылмайды (ол қандай ба бір белгілі мерзімге жатқызылған жағдайда).—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Сенің ісің сенің өз қолыңда» немесе: «таңда!»,—десе, ал әйел күні бойы жауап бермесе және өз орнынан тұрмаса, онда әйел басқа әлдебір нәрсемен шұғылданбағанша, таңдау құқығы әйелдің өз билігінде қалады. Өйткені «еркіндік» немесе «қалау» формуласы арқылы талаққа өкілеттілік талақ жасауға деген өкілеттілік болып табылады (яғни, күйеуі мұндай өкілеттілікпен өз әйеліне талақ айту билігін береді, өйткені өз атынан өзі мәміле жасайтын адамды уәкіл адам деп атайды, ал бұл жағдайда әйелі өз атынан талақ айтып тұр, сондықтан ол уәкілдің анықтамасын қанағаттандыратын болып болжанады). Ал өкілеттілікті бергенде жауап беру құқығы, осы тараудың басында көрсетілгендей, мәлімдеменің аяқталғанына дейін жалғасады. Егер әйел мәлімдемені естіп тұрса, онда әйелдің тыңдап тұрғандағы халі назарға алынуы қажет. Егер әйел мәлімдемені айтып тұрған адамды тура есітемес, онда әйелдің осындай мәлімдеменің хабарламасын тыңдап тұрған халі назарға алынуы қажет. Өйткені, бұл амри-бияд талақ жасауға өкілеттілікті беру болып табылса да, бірақ, алайда оның кейінге қалдырылу мүмкіндігі де қарастырылады. Себебі ол әйел талақ формуласын айту актісіне дейін талақ мәселесін кейінге қалдырады. Сондықтан бұған бір жағынан өкілеттілікті беру, ал екінші жағынан кейінге қалдыру қамтылады. Кейінге қалдыруға жол беретін бұл өкілеттілік мәжілістен кейін, әйелге мәлімдеме хабарландырылатын мәжіліске дейін өз күшін сақтайды (егер ол бірінші мәжілісте болмаса). Ал өкілеттіліктің берілуімен болған амри-бияд әйел өз орнынан тұрғанда жойылады (әйел күйеуінің мәлімдемесін дәл өзі тыңдаған жағдайда). Бірақ күйеуінің халі назарға алынбауы керек. Өйткені оған қатысты кейінге қалдыру сатып алу-сату мәмілесін жағдайынна қарама-қарсы даусыз. Себебі бұл мәмілені іске асыру мәлімдемесінің мәлімдеме айтылған мәжілістен кейін күші болмайды. Өйткені мәміленің бұл түрінде мәжіліс немесе сатушының халі сатып алушы мәжіліспен назарға теңдей алынады. Және сатып алушы келіспегенше, сатушының кез келген уақытта бас тартуына жол беріледі. Өйткені сатып алу-сату тек жекеменшікті басқа қолға беру ғана болып табылады. Мұнда кейінге қалдыру мүлдем рөл атқармайды. Қарастырылып отырған жағдайға келер болсақ, біз бұдан бұл мәселеде күйеудің халі емес, тек әйелдің ғана халі назарға алынатындықтан, әйелдің халі түрлі жолдармен, кейде оны бір орынан екінші орынға ауыстыру арқылы, ал кейде, жоғарыда көрсетілгендей, басқа нәрсемен шұғылдану арқылы өзгеруі мүмкін екендігін ескеру керектігін көреміз.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Талақты еркін таңдау құқығы әйел өз орынан көтерілген сәтте жойылады.— Әйелге берілген талақты еркін таңдау құқығы ол өзінің орнынан тұрған сәтте бітеді. Өйткені бұл әрекет бас тартуды көрсетеді. Себебі тұрған кезде талқылануы керек болған нәрседен назар басқаға ауады. Бұл, мысалы, ол әйел күні бойы жауап бермей және соған қоса өз орнынан тұрмай, басқа іспен шұғылданбаған жағдайға қарама-қарсы. Бұл жағдайда оның таңдау жасауға құқығы бар. Өйткені мәжіліс немесе хал кейде қысқа мерзімді болады, ал кейде жалғасты да болуы мүмкін. Сондықтан оның бұл құқығы мәжілісті тоқтататын немесе оған берілген құқықтан бас тартатындығын көрсететін қандай да бір оқиға болып қалмағанша жалғасады. Бұл жағдайда өзге нәрсеге шұғылдануға ауысудың астарында жалпы кез келген іс емес, өз қасиеті жағынан мәжілісті тоқтататын іс деп түсіну қажет екенін айта кету керек.

Талақты еркін таңдау құқығы қозғалыстағы халдің тыныш қалыптағы халге ауысуымен жойылмайды.—Егер күйеуі талақты еркін таңдау құқығын беретін формуланы айтқан уақытта, әйелі аяғымен тұрып тұрған болып, содан соң отырса, онда бұл құқық өз күшінде қалады, жойылмайды. Әйелдің мұндай әрекеті бас тартқандықты көрсетпейді, өйткені мұндай жолмен оның ойы жинақталады.—Дәл осындай қағида осы белгіленген формула айтылған сәтте отырған әйел жастыққа шынтактап сүйенгенде немесе жастыққа таянып отырып (күйеуі сөйлеп тұрғанда), таянғанынан көтеріліп, турасынан отырғанда да орын алады. Өйткені жоғарыда тізіліп өткен халдер отырыстың бір түрінен екінші түріне ауысу ғана болып табылады. Және дене мүшесінің бір бөлігіне отырған халден дәл сондай халге, тек басқа жағына отырып ауысуы бас тартуды білдірмейді. Біздің автор Джами-ус-Сағирде берілген түсініктеме осындай екенін және ол өте құпталатынын айтады.—Өзге шығармаларда алғашында әйел тура отырғанда, сосын жастыққа шынтактап сүйенгенде, ол таңдау құқығынан айырылады делінеді. Өйткені халді бұлай ауыстыру күйеуінің сөзіне деген немқұрайлылықты танытады. Ал бұл бас тартумен тең.

Әйелі өзіне берілген талақты еркін таңдау құқығын бұзбай, өзінің достарымен кеңескісі келетіндігін айта алады.—Егер әйел талақты еркін таңдау құқығын алғаннан кейін өз әйкесімен кеңескісі келетінін немесе куәгерлер тапқысы келетінін айтса, онда мұндай сөзіменен оған берілген құқық бұзылмайды. Өйткені кез келген істе кеңесу пайдалы. Ал куәгерлер күйеуі кейін белгіленген формуланы айтқандығын теріске шығарғын жағдайда қажет болуы мүмкін. Сондықтан әйелдің мұндай қалауын білдіруі оған берілген талақты еркін таңдау құқығын жоюға себеп бола алмайды.

Егер әйел төрт аяқтының үстінде мініп немесе түйенің үстінде кетіп бара жатқан болса, сосын күйеуінің сөзін естіген соң тоқтатса, онда оған күйеуінің сөзімен берілген талақты еркін таңдау құқығы жойылмайды. Бірақ егер әйел өзінің сапарын жалғасытар берсе, онда ол жойылады. Өйткені жануардың аялдау немесе аялдамауы әйелдің тарапынан болған әрекетпен тең. Өйткені жануардың қозғалысы үстіндегі адамның еркіне байланысты. Қайық немесе кеме үй сияқты болады. Себебі кеменің қозғалысы әйелге берілген талақты еркін таңдау құқығын жоймайды. Өйткені қайықтың немесе кеменің қозғалуы әрқашан оның үстіндегі адамның еркіне байланысты бола бермейді.

Бөлім.

Күйеуі әйелін талаққа нақты сөзбен уәкіл етсе, онда мұндай өкілеттіліктің нәтижесі жойылатын талақ болып табылады.—Егер күйеуі әйеліне айтарлықтай

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ешқандай ниеті болмастан немесе бір талақ беру ниетімен: «Ажырас»,—десе, ал әйелі: «Мен ажырастым»,—деп жауап берсе, онда жойылатын бір талақ болады. Егер әйелі: «Мен үш талақ бердім»,—десе, күйеуінің ниеті сондай болса, онда үш талақ орын алады. Бұған жалпы және тектік талақ өзінің төменгі көрінісін алады деген ой негіз болады. Бірақ өзге де тектік есімдер сияқты ол, сонымен қатар, бүтінге қолданылатындықтан, онда үш талақ беру ниетіне де жол беріледі. Ал күйеуінің тарапынан айтарлықтай ниеті болмаған жағдайларда, жойылатын бір талақ орын алады. Өйткені талақты айтуға өкілеттілік әйеліне нақты сөздермен берілген. Ал нақты сөздермен айтылған талақтың формуласы нәтижесінде жойылатын талаққа әкеледі.— Егер күйеуі, қарастырылып отырған жағдайда, екі талақ беру ниеті болғанда, онда мұндай ниет рұқсат етілмейді. Өйткені тектік есім басы еркін әйелге қатысты бұл мағынада түсіндіріле алмайды, ал күң-әйеліне қатысты болса, мұндай түсініктемеге жол беріледі. Өйткені күңге екі талақ беруі толық үш талақты білдіреді. Сондықтан да күйеуінің мұндай ниеті бұл істің көрініп тұрған жағдайына қарсы келмейді.

Егер алдыңғы жағдайда әйелінің жауабы жойылмайтын талақтың формуласы болатын болса, онда, дегенмен де, әйелдің өзі айтқан формуланың нәтижесі жойылатын талақ болып табылады.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Ажырас»,—десе және әйелі: Мен некені бұздым»,—деп жауап берсе, онда жойылатын талақ орын алады. Өйткені некені бұзу талақпен бірдей. Мұны мынадан көруге болады. Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Мен сені (өзімнен) жойылмайтындай ажыраттым»,—деп, сонда талақ беру ниеті болған болса, онда жойылмайтын талақ болады. Егер әйел (қарастырып отырған жағдайдағыдай): «Мен некені бұздым»,—дегеніне күйеуі: «Мен бұған келістім»,—дегенде де дәл сондай жойылмайтын талақ орын алады. Сондықтан әйелдің: «Мен некені жойылмайтындай бұздым»,—деген сөзі күйеуінің оған жай талаққа берілген өкілеттілігіне тең. Бірақ қарастырылып отырған жағдайда әйелі жай талаққа берген, қосылып айтылған жойылмайтын деген анықтама сөзболмашы болып есептеледі және тек жай талақ болады. Дәл солай, егер әйел: «Мен сені бір жойылмайтын талақпен қайтардым»,—деп жауап бергенде де, мұның нәтижесі тек жойылатын бір талақ болар еді. Бұл жауап қалауы бойынша берілген жауапқа қарамақайшы. Өйткені егер әйел: «Мен өзімді өзім таңдадым»,—деп жауап бергенде, онда ешқандай талақ болмас еді. Өйткені мұндай сөздер талақпен біртекті емес. Сондықтан, егер күйеуі өзінің әйеліне: «Мен сені таңдадым» немесе: «Таңда»,—дегенде, онда да ешқандай талақ орын алмас еді. Дәл солай, әйелі бірінші болып: «Мен өзімді өзім таңдадым»,—дегенде, күйеуі: «Мен келістім»,—деп жауап бергенде, онда да ешқандай талақ болмайды. Алайда, бәріне жағымды болып табылатыны—күйеуі берген өкілеттілікке әйелі: «Мен өзімді өзім таңдадым»,—деп жауап бергенде, талақ болады деген пікір. Бірақ қарастырылып отырған жағдайда күйеуінің «ажырас»,—деген сөзі ажырасуға өкілеттілік бола алмайды. Сондықтан да әйелінің: «Мен өзімді өзім таңдадым»,—деген жауабының мәні жоқ.

Белгілі болған Ханифаның пікір бойынша, осы жағдайда әйелінің: «Мен некені бұздым»,—деген жауабы талаққа әкелмейді. Өйткені ол күйеуі айтуға мүмкіндік берген өзге формуланы айтуды өз мойнына алумен күйеуі берген өкілеттілікке қарсы әсер етеді. Өйткені «некені бұздым» деген сөз «талақ» сөзінен басқаша. Біріншісінде

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

талақ меңзеледі, ал екіншісі нақты сол сөздің өзі болып табылады. Ал күйеуі тарапынан талақтың формуласын нақты сөзбен айту мүмкіндігі берілген.

Осылайша талаққа берілген өкілеттік кері тартып алуына болмайды.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Ажырас»,—десе, онда ол осы сөзімен талаққа өкілеттігін кері ала алмайды. Өйткені бұл сөз оны ант беруге итермелейді. Себебі талақ жасауды талақ формуласын әйелі айтуымен шарттап қойды. Ал ант міндеттінің күшті әрекеті болып табылады. Сондықтан оның орындалуынан жалтаруға рұқсат етілмейді. Алайда, егер әйел орнынан тұрып кетсе немесе кетіп қалса, онда оған талақ жасауға билік берген жоғарыда келтірілген күйеуінің сөздері өзінің заңды күшінен айырылады. Өйткені олардың күші айтылған халмен шектелген. Бұл күйеуі өзінің әйеліне: «Өзіңнің зирраңды (тауар-әйел) ажырат»,—деген жағдайға қарама-қайшы. Өйткені оның мұндай сөздері орынмен шектелмейтін сенімділік болып табылады. Сондықтан сенім білдіруші қалаған уақытында оны кері қайтарып ала алады.

Талаққа өкілеттік жалып сөзбен де берілуі мүмкін.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Қашан ажырасуды қаласаң, сонда ажырас»,—десе, онда әйел талақ формуласын дәл сол кезде немесе кез келген басқа келер уақытта айтуға ерікті. Өйткені «қашан» сөзі барлық уақытты қатиды. Сондықтан күйеуінің мұндай сөздері мынадай: «Өзің қашан қаласаң, сонда ажырас»,—деген формуланы айтқанмен тең.

Егер ер адам басқа бір ер адамға: «Менің әйелімді ажырат»,—десе, онда бұл басқа бір адам талақты дәл сол сәтте немесе кез келген басқа келер уақытта іске асыра алады. Ал күйеуі оған берген өкілеттікті кері ала алады. Өйткені оның сөздерінің салдары не абсолютті, не уақыты шексіз бола алмайтын сенімділік болып табылады. Бұл күйеуі әйеліне: «Ажырас»,—дегендегі жағдайға қарама-қайшы. Өйткені оның мұндай сөздері сенімділік емесе, өкілеттік беру болып табылады. Себебі оны айтқандықтан әйел басқаның атынан емес, өзінің атынан әрекет етеді. Бірақ егер ер адам басқа бір ер адамға: «Менің пәленше деген әйелімді ажырат»,—деп бұған қосып: «егер қаласаң»,—десе, онда сол ер адам дәл сол сәтте ғана талақ айту өкілеттігіне ие. Және күйеуі бұл өкілеттікті кері ала алмайды.—Зуфардың айтуынша, осы және бұдан алдыңғы жағдай өзара ұқсас. Өйткені: «Егер қаласаң»,—деген сөздің біріншісінде айтылуында және осы сөз екіншісінде айтылмауында еш айырмашылығы жоқ. Өйткені осындай жолмен уәкіл етілген адам, өзіне: «Қаласаң мына затты сат»,—деп айтылған сатып алу-сату мәмілесін жасауға уәкіл етілген адам сияқты, ақырында өзінің еркі бойынша әрекет етеді.—Біздің ғалымдарымыздың дәлелі күйеудің сөзі өкілеттікті беру болып табылады дегенге құрылады. Өйткені ол талақты өзі ұсынған адамның еркімен шарттайды және өзі де өз атынан әрекет ететін қатысушы болып табылады. Бұған қоса, талақ сатып алу-сату кезінде жол берілмейтін кейіне қалдыруға жол беріледі.

Үш талақ айтуға уәкіл етілген әйелі өзіне бір талақ бере алады.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Өзіңе үш талақ бер»,—десе, ал әйелі өзіне бір ғана талақ берсе, онда бір талақ орын алады. Өйткені үш талақ айтуға уәкіл етілген әйел мұндай өкілеттік салдарында бір талақ айтуға құқылы.

Бірақ әйелі бір талақ айтуға уәкіл етілгенде, ондайда ол өзіне үш талақ бере алмайды.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Өзіңді бір рет ажырат»,—десе, ал әйелі өзіне үш талақ берсе, ондайда, Ханифаның пікірі бойынша, бір де бір талақ орын алмайды.—Екі шәкірт те бір талақ болады дегенді айтады. Өйткені әйел өзіне өкілеттік берілмегенмен

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қоса, өзіне уәкіл етілгенді істеді. Сондықтан бұл жағдай күйеуінің: «Мен сені мың талақпен қайтарамын»,—деген жағдайға ұқсас. Сонда үш талақ орын алады. Өйткені ол өзінің өкілеттігі барға, бұған қоса өкілеттігі жоққа айтты. Соған сәйкес, біріншісі жарамды, ал екіншісі маңызсыз болып табылады. Осы жағдайда да дәл сол байқалады.—Ханифаның дәлелі бұл жағдайда әйел өзіне күйеуі жасауға бермеген өкілеттік әрекетін істеуге тырысты дегеннен құралады. Сондықтан әйел, шамасы, күйеуінің айтқан қалауын орындау үшін емес, өзіне өзінің бастамасы бойынша талақ береді. Өйткені күйеуі оған тек бір талаққа ғана өкілеттік берді. Ал бір талақ пен үш талақ арасында қарама-қайшылық бар. Өйткені «үш» сөзі күрделі санды, ал «бір» сөзі қарапайым бірлікті білдіреді. Бұл күйеуінің өзінің әйеліне мың талақ берген жағдайына қарама-қайшы. Бұл кезде үш талақ болады. Өйткені ол басқаны қалағандықтан істейді. Ал бұл алдыңғы жағдайға қарама-қайшы (нақты айтқанда, күйеуі әйелінің үш талақпен ажырағанын қалағанда, ал әйелі бір талақ қана айтуы кезде). Себебі бұл кезде оған берілген тіпті үш талақ айту өкілеттігі салдары болса да, бір талақ болады. Ал қарастырылып отырған жағдайда әйел үш талаққа уәкіл етілмеген және ол өзі ие болған өкілеттігіне қарама-қайшы әрекет еткендіктен, осының салдарында оның істеген әрекеті маңызсыз.

Талақтың қасиетіне қатысты әйелінің жауабы күйеуінің мәлімдемесіне сәйкес болмаған жағдайда, онда талақ әйелдің жауабымен емес, күйеуінің мәлімдемесіне сәйкес орын алады.—Егер күйеуі әйелінің жойылатын талақпен ажырағанын қаласа, ал әйел өзіне жойылмайтын талақ берсе, немесе керісінше, онда күйеуі қандай талақ қаласа, сондай талақтың түрі орын алады. Ал, егер күйеуі өзінің әйеліне: «Өзіңе бір жойылатын талақ бер»,—десе, ал әйелі: «Мен өзіме бір жойылмайтын талақ бердім»,—деп жауап берсе, онда жойылатын талақ орын алады. Өйткені әйел талақты нақты сөздермен, бірақ күйеуі айтқан, қалауға қарама-қайшы сияқты, маңызсыз қосалқы анықтамамен айтты. Бірақ біріншісі (яғни, өз қасиеті бойынша жойылатын, нақты сөзбен болған талақ) күйеуінің қалауына сәйкес орын алады. Басқа жағынан, егер күйеуі өзінің әйеліне: «Өзіңе жойылмайтын бір талақ бер»,—десе, ал әйелі: «Мен өзіме жойылатын талақ бердім»,—деп жауап берсе, онда әйелдің жойылатын талақ дегенінің мағынасы жоқ. Өйткені күйеуі өзі талақтың түрін анықтап алып, әйелінен оған ешқандай анықтама бермей, талақ тек жай ғана айтуды талап етеді. Сондықтан әйелдің мұндай жауабы талақтың формуласын қате айтқанмен тең. Ал соған сәйкес, талақ оған күйеуі берген анықтама бойынша орын алады, яғни жойылатын немесе жойылмайтын.

Ал талаққа өкілеттік әйелінің қалау-ықтиярына берілген жағдайда, күйеуінің мәлімдемесімен әйелінің жауабы әр түрлі болғандықтан, ол шындықтан айырылады.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Егер қаласаң өзінді үш рет ажырат»,—десе, сосын әйелі өзіне бір талақ берсе, онда әйелдің мұндай жауабының еш нәтижесі жоқ. Өйткені күйеуінің сөзінің мағынасы мынадай: «Егер сен үш талақты қаласаң, онда ажырас». Ал әйел өзіне тек бір талақ бергендіктен, бұдан көретініміз – оның үш талақтың қаламайтындығы. Соған сәйкес, күйеуі қойған шартты орындамағаны себепті талақ орын алмайды.

Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Егер қаласаң өзінді бір рет ажырат»,—десе, сосын әйелі өзіне үш талақ берсе, ондайда, Ханифаның пікірі бойынша, бір де бір талақ

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болмайды. Өйткені тек бір талақты қалау, үш талақты қалаудан жақсы. Бұл жоғарыда қарастырылған, үш талақ ету бір талақ жасағанға қарама-қайшы екендігі көрсетілген жағдайға ұқсас. Дәл осы жағдайда да солай: үш талақты қалау бір талақты қалауға қарама-қарсы. Салдарында, әйелдің үш талақ айтуы оның бір талақ айтқысы келмегендігін көрсетеді. Яғни, күйеуі қойған шарт орындалмады. Екі шәкірт те бұл жағдайда бір талақ болатынын айтады. Өйткені үш талақ өзіне бір талақты да қамтитыны негізінде, бір талақты қалауы үш талақты қалауға қамтылған жоғарыда айтылған түсіндірмеге сәйкес). Сондықтан, күйеуі қойған шарт, негізінде орындалды.

Әйеліне талақ айтуға берілген өкілеттік егер ол өзінің қалауын күйеуінің қалауымен шарттаса, шындықтан айырылады.—Егер күйеуі өзінің әйеліне талақ етуге өкілеттікті мынадай: «Егер сен осыны қаласаң, сен талақсың»,—деген сөздермен беретін болса, ал әйелі оған: «Егер сен осыны қаласаң, мен қалаймын»,—деп жауап берсе, бұған күйеуі өз кезегінде: «Мен қалаймын» (талақты меңзеп),—деп жауап берсе, онда талаққа өкілеттік болмыстан айырылады. Өйткені мул талақты әйелдің еркімен шарттады. Ол бұл жағдайда ештеңемен шектелмейді, яғни, бөтен ештеңеге тәуелді емес. Бірақ әңгімеден әйелі өзінің еркін күйеуінің еркімен шарттағаны анықталады. Соның нәтижесінде талақтың шарты, нақты айтқанда, әйелінің тәуелсіз еркі орындалмаған. Соған сәйкес, әйел еркін таңдау бойынша әрекет еткен жоқ. Мұнымен, әрине, өкілеттік жойылады. Күйеуінің соңғы жауабындағы сөзі: «Мен қалаймын» сөзі, өз салдарында талақ болмайды, ниеті талақ болса да. Өйткені күйеуінің соңғы жауабын талақ мағынасында түсінуге негіз болатындай, әйелінің сөзінде талақ жайында ештеңе айтылмайды. Ал жалғыз ниет әлі жеткіліксіз. Өйткені ол еске алынбаған затқа қатысты шындыққа ие бола алмайды. Егер күйеуі (өзінің соңғы жауабында): «Мен сенің талағыңды қалаймын»,—десе, егер күйеуі соны меңзесе, онда талақ болады. Өйткені бір нәрсеге қатысты білдірілген қалау сол заттың бар екендігін меңзегендіктен, бұл жағдайда, шамасы, *de novo* талақ береді. Сондықтан да оның: «Мен сенің талақ болғаныңды қалаймын»,—деген сөзі «Мен сенің талағыңды берудемін»,—дегенге тең. Бұл кезде талақ болады. Бұл егер ол: «Мен сенің талағыңды меңзеп тұрмын»,—дегендегі сөзінің салдарына қарама-қарсы. Ал бұл жағдайда талақ болмас еді. Өйткені ниетін айту әлі ол қатысты болған нәрсенің бар екендігін қорытуға мүмкіндік бермейді.—Бұған қоса, егер жоғарыда айтылған жағдайда әйел: «Егер менің әкем соны қаласа, мен қалаймын, немесе: «Егер пәленше жағдай болып қалса» (әрине, мұның астарында әлі болмаған жағдай меңзелген),—деп жауап бергенде, әкесі ақырында өзінің талақ қалайтынын айтса немесе әйел айтқан жағдай болатын болса, онда, дегенмен, талақ болмайды. Және өкілеттік өз болмысынан айырылады. Бірақ егер әйел өзінің: «Егер пәленше жағдай болса»,—деген сөзінің астарында болып кеткен бір жағдайды меңзесе, онда талақ болады. Өйткені болып қойған жағдаймен шарттау дереу немесе шартсыз талаққа тең.

Талаққа өкілеттік белгісіздік бөлшек арқылы уақытқа қатысты айтылғанда, онда ол әрқашан барлық уақыт пен орынға созылады.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Сен қашан қаласаң, сонда талақсың» немесе: «Қашан қаласаң да»,—десе, сосын әйелі: «Мен мұны қаламаймын»,—деп оның ұсынысын қабыл алмаса, онда әйелдің бас тартуы әлі аяғына дейін болған жоқ. Өйткені қарастырылып отырған жағдайда әйел ие болған билік оған берілген орынмен немесе халмен шектелмейді. Ол әйел мұндай

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

билікті не дәл сол орында, не басқа жерде пайдалана алады. Өйткені «қашан» және «қашан болмасын» сөздері кез келген уақытқа қатысты, тәуелсіз қолданылады. Сондықтан да «қашан қаласаң» және «қашан қаласаң да» сөздерінің мағынасы мынадай: «қай уақытта қаласаң да». Соған сәйкес, олармен орын да шектелмейді. Егер әйел осы жағдайда бас тартса, онда мұндай бас тарту ақырғы емес. Өйткені күйеуі оны өзі қалаған уақытта талаққа өкілеттік етті. Осының нәтижесінде бұл билік әйел талақты қаламаған уақытқа созылмайды. Алайда, бұл жағдайда әйел өзіне бір талақтан артық талақ айтуға уәкіл етілмегенін айта кету керек. Өйткені, «қашан» және «қашан қаласаң да» сөздері барлық уақытқа тиесілі, бірақ бір талақтан артық емес. Сондықтан әйел өзі қалаған уақытта өзіне талақ беруге уәкіл етілген. Бірақ оны жиі, қаласа болды айтпауы керек.

Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Қаласаң болды, сен сондай жиі талақсың»,—десе, онда әйел бірінен соң бірі үш талаққа дейін ажырасуға уәкіл етілген. Өйткені «қаласаң болды, сондай жиі» деген сөз талақ айту актісінің қайталануына жол береді. Бірақ бұл әйелдің еркімен талақтың шартталуы дәл қазір бар болып тұрған некемен шектелген және ол болашақ некеде қамтылуы мүмкін болмайтынын айта кету керек. Сондықтан, егер әйел өзіне үш талақ берсе, сосын қайтадан мұндай неке ол ер адам үшін заңды болғаннан кейін сол еркекпен некелесе, ал содан соң өзіне талақ айтса, онда мұндай орын алмайды. Өйткені неке *de novo* басталды. Және тағы да әйел бір формулада өзіне үш талақ айтуға құқығы жоқ екендігін айта кету керек. Өйткені «қаласаң болды, сондай жиі» деген сөз бір рет екенін ишара етеді және олар қатысты болған сол жағдайларға мағлұматарды біріктіруге жол бермейді. Сондықтан әйел өзіне заңды түрде жеке-жеке үш рет үш талақ айта алады. Бірақ бір уақытта, бір орында емес.

Талаққа өкілеттік орынға қатысты белгісіз бөлшегімен айтылғанда, үздіксіз болады.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Қайда қаласаң да, сен талақсың»,—десе, ондайда, дегенмен, әйелі өзіне талақты күйеуі талақ формуласын айтқан орында ғана бере алады. Егер әйелі өз орынан талақтың бұл формуласын айтпай жатып тұрса, онда оның еркі нәтижесінде назарға алынбайды. Өйткені «қайда болса да» деген сөз мекен стек болып табылады, ал талақтың ешқандай орынмен байланысы жоқ. Сондықтан «қайда болса да» деген сөз мағынадан айырылған және жоғарыда келтірілген формуланы айтудың нақты орнымен шектелген талаққа тек бір еркі қалады. Бұл талақтың қатысы жоқ уақытпен белгілеген жағдайға қарама-қайшы (яғни, күйеуі: «қашан қаласаң»,—дегенде). Өйткені ол басқа емес, қандай да белгілі бір мерзімде болуы мүмкін. Сондықтан талақта уақыттың айтылуы нақты белгілі бір мерзім бола ма, оған тәуелсіз, мысалы, «сен ертең талақсың» деген сияқты немесе: «қашан қаласаң, сен талақсың» деген сөздегідей жалпы уақытты көрсеткені сияқты болғанда назарға алынады.

Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Сен қалағанда, талақсың»,—десе, ал әйелі бұл сөзге үндемесе, онда әйелдің қалауына қарамсатан, жойылмайтын талақ орын алады. Ал егер әйел үнсіз тұрмай: «Мен бір жойылатын талақ қалаймын»,—десе және күйеуі: «Менің де қалауым сондай»,—деп жауап берсе, онда талақ болады. Өйткені әйелінің еркі мен күйеуінің ниеті арасында келісім орнатылды. Бірақ әйелі үш талақ қалағанда, ал күйеуі тек бір жойылмайтын талақ бергісі келгенде, немесе керісінше, онда жойылатын талақ орын алады. Өйткені әйелі істеген талақ актісі оның еркі күйеуінің еркімен

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

келіспегеннің нәтижесінде маңысыз болып қалады. Ал күйеуінің («сен талақсың») сөзі орнында қалады және өзінің салдарында бір жойылатын талақ болады. Бірақ егер күйеуінің айтарлықтай ниеті болмаса, онда тек әйелінің ғана еркі назарға алынады. Сондықтан, әйелі үш талақ қалай ма, әлде тек бір жойылмайтын талақ қалай ма, әйелі қандай талақты қаласа, сондай талақ болады. Өйткені мұны еркін таңдау құқығы талап етеді. Біздің кейігі ғалымдардың пікірі осындай.—Хидаяның компиляторы Мабсутта Мұхаммед Ханифаның түсіндіргені бойынша, әйелінің еркіне тәуелсіз бір талақ болуы қажет дегенін келтіреді. Бірақ екі шәкірттің пікірі бойынша, әйел өзіне өзі талақ бермейінше, талақ болмайды. Осылайша, ол бір жойылатын талақ пен үш жойылмайтын талақ арасында еркін таңдай алады. Осындай қарама-қайшылық құлдарды азат етуге қатысты да бар. Яғни, егер қожайын өзінің құлына: «Қалай қаласаң, сен азатсың»,—десе, онда, Ханифаның түсіндіргені бойынша, құл дәл сол сәтте азат болады. Ал екі шәкірттің пікірі бойынша, ол өзі кетуді қаламағанша, азат емес.—Екі шәкірттің дәлелдері мынадай: күйеуі өзінің әйеліне өзін талақ ету құқығын берді және ол талақ, әйелдің өзі қалағандай, бір жойылатын немесе жойылмайтын немесе үш талақ. Сондықтан оған барлық жағдайда, яғни, жыныстық қатынасқа дейін де, одан кейін де өзінің еркі берілуі үшін, талақ оның қалауымен шартталған болуы керектігі талап етіледі. Өйткені, егер талақтың өзі әйелінің еркімен шартталмағанда, онда ол жыныстық қатынастан кейін талаққа қатысты өз еркі жоқ болар еді. Өйткені жыныстық қатынасқа дейін өл өзіне үш талақ бере алмайды, себебі бұл жағдайда әйелі иддатқа дейін бір жойылмайтын талақпен талақ етіледі. Осыдан кейінгі талақтардың объектісімен орынды бола алмайды.—Ханифа мынадай дәлел келтіреді: «қалай» сөзі анықтауды талап етуді қажет етеді. Ал өкілетті белгілі бір нәрсеге беру текті заттың болуын талап ететін сияқты. Ал талақ тек жасалғаннан кейін ғана болады.

Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Сен қанша болғанын қаласаң, сонша талақсың» немесе: «немен қаласаң»,—десе, онда әйел қанша рет талақ алуды қаласа, сонша рет ажырасуға уәкіл етілген. Өйткені «қанша болғанын қаласаң, сонша» және «немен қаласаң» деген сөзі санға қатысты қолданылып тұр. Бұдан күйеуі әйеліне оның өзінің қарап шешуіне қарай, талақтың санына қатысты өкілеттік бергені анықталады. Алайда, егер әйел қандай да бір талақ айтпастан бұрын орынан тұрса, онда бұл өкілеттік күшінен айырылады. Дәл солай, егер ол талақтан бас тартса, онда мұндай бас тарту бір жола болып есептеледі. Өйткені бір реттік өкілеттіктің бұл түрі актінің қайталануына жол бермейді және осындай мағынада түсіндіріле алмайды. Ал талап етіліп отырған актіні дереу орындалудың қалау мағынасында түсінілуі мүмкін болған үндеу дәл солай дереу жауап талап етеді.

Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Үшеуден немен қалағаныңмен ажырас»,—десе, онда әйел өзіне тек үш емес, бір не екі талақ беруге уәкіл етілген. Ханифаның пікірі осындай.—Екі шәкірті, керісінше, әйел егер қаласа өзіне үш талақ бере алады дегенді айтады.—Екі жақтың да дәлелдері араб тілінің идиоматикалық ерекшеліктеріне негізделген.

IV ТАРАУ.

АЙМАН НЕМЕСЕ ШАРТТЫ АНТ АРҚЫЛЫ ТАЛАҚ ЖАЙЫНДА

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Талаққа қатысты «айман» терминінің анықтамасы.—Бұл жағдайда айман сөзінің астарында шартты жағдаймен шартталған талақ айтылады. Бұл шартталғанға айман атауы тағылды. Өйткені өзінің алғашқы мағынасында бұл термин күшті немесе билікті білдіреді. Шарттаушы адамның мұндай шарттауы оны талақ болу арқылы немесе еркіндікке ету арқылы орындамау үшін осы шарттан қашу үшін мықты болуға түрткі болып табылады.

Болашақ некеде болуға қатысты айтылған талақ сол неке жасалған соң орын алады.—Ер адам талақты некелесуге қатысты етсе немесе оны сол оқиғамен байланыстырғанда (яғни, талақты некелесумен шарттаса), бөтен әйелге: «Егер мен сенімен некелесем, сен талақсың»,—десе немесе: «Мен некелесетін кез келген әйел талақ болады»,—десе, ондамұндай кезде талақ орын алады (некелесумен шартталған).—Шафи бұл жағдайда талақ болмайтындығын айтады. Өйткені Пайғамбарымыз некелескенге дейін талақ орын ала алмайды деген.—Біздің ғалымдарымыз бұған талақтың некемен байланысы айман немесе талақты некелесу фактісімен шарттау болып табылады деп жауап береді. Өйткені жоғарыда келтірілген екі формула сияқты мұндай формулалар өз бойына шартты және салдарын қамтиды. Ал олар орынды болу үшін дәл осы уақытты билігі болуды қажет етпейді. Өйткені талақ өзі шартталған оқиға болмағанша талақ орын алмайды, ал сол кезде сәйкесінше билік орын алуы қажет. Оқиға болғанша жасалған мұндай мәлімдеменің мақсаты мұндай антпен ант беруші адам сол әйелмен некелесуден ұстап тұратындығына құрылған. Ал Шафи келтірген Пайғамбарымыздың сөзіне келер болсақ, болашақта болуы мүмкін болған оқиғаның басталуымен шарттағандай емес, ол тек дереу талақ тыйым етілгенге дейін ғана қатысты болады.

Егер ер адам талақ болуды әлдебір белгілі шартпен байланыстырса, талақ өзі шартталған (некеден басқа) кез келген оқиғаның болуымен орын алады. Ол мынадай, мысалы, күйеу өзінің әйеліне: «Егер мына үйге кірсең, сен талақсың»,—деген сөздермен көрініс табуы мүмкін. ал талақ талақтың шарты болған оқиға басталғанда орын алады. Бұған барлық ғалымдар күйеудің мәлімдемесі кезінде ерлі-зайыптылық билік болу себепті жол береді. Сірә, бұл мәлімдеме талақ шартталған оқиға басталғанша өз күшінде қалады.

Айман арқылы талақ іске асуы үшін сондай билікке уақытша ие болғандыққа көрсетумен болу немесе ерлі-зайыптылық билік өз күшінде болған уақытта немесе ол айтылуы қажет.— Егер осыған ант еткен адамның сол уақытта некелік билігі болмаса немесе егер ол талақты келешекте сондай билік болатындығымен байланыстырмаса, талақты некелесу оқиғасымен байланыстыру заңсыз болып табылады. Шартты ант қатысты болған салдар шынымен де болатын оқиға болуы аса талап етіледі. Өйткені бұл оқиғаның болу қаупі ант етушінің еркіне әсер етер еді. Осылайша, шарт айтылатын кезде немесе ерлі-зайыптылық билік өз күшінде болғанда немесе сондай билікке болашақта болатындығына сілтегенде айманның белгілері анық көрінер еді (нақты айтқанда, антпен шартталған оқиғаның басталу қаупінен мәжбүрлеу).

Қарсылық.—Бұл жерде айтылған нәрсе алдыңғы жағдайдағы өзінің әйеліне: «Егер мен сенімен некелесем, онда сен талақсың»,—деген адамға қатысты келтірілген

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

түсініктемеге қарама-қайшы келеді. Өйткені дәл осы шақта оның қолында некелік билік жоқ және талақты болашақта некелесумен байланыстырмайды.

Жауап.—Бұл адам талақты бар құқықпен байланыстырмаса да, бірақ ол оны сондай құқықтың себебімен шарттайды (нақты айтқанда, некемен). Ал себеппен байланыс құқықтың өзімен болған байланысқа тең. Өйткені онда сол құқық қамтылған.—Бірақ егер ер адам бөтен әйелге: «Егер сен пәленше үйге кірсең, онда сен талақсың»,—десе, нәтижесінде ол адам сол әйелмен некелесіп және ол әйел сол үйге кірсе, онда талақ орын алмайды. Өйткені бұл ер адам дәл осы жағдайда некелік билігі жоқ және талақты келешекте болатын сондай билікпен байланыстырып тұрған жоқ.

Әр түрлі әрекет ететін бес шартты бөлшек.—Шартты бөлшектер мыналар: «егер», «қашан», «қашан болмасын», «әр ... болғанда», және «сондай жиі ... болғанда». Бұлардың ішінде шартты тек «егер» сөзі. Ал мұның қалған сөздерін қолданғанда шарттылық тек меңзеледі. Осы сөздердің алғашқы төртеуімен шартты орындаған кезде, айман немесе ант орындалды және бұдан былай енді жоқ. Яғни, егер шарт болып қойылған оқиға тағы бір рет болғанда, онда салдары екінші рет орын алмас еді. Өйткені жоғарыда келтірілген сөздер өзінің артынан шартта айтылған оқиға басталғанда болашақта болатын барлық нәтижені тартпайды. Сондықтан, шартпен қойылған ол оқиға басталған болса, онда шарттың өзі орындалды және одан әрі жалғаспайды. Ал ант шарттың болмағандықтан өзінің күшін сақтамайды. Бұл қағидадан шығатыны, алайда, мына жан-жақты қолданылатын: «сондай жиі ... болғанда» шығарып тастау керек. Сондықтан шарттың салдарының қайталануын талап етеді.

Егер күйеу өзінің әйеліне: «Сен үйге кіргенде-ақ, сондай жиі талақсың»,—десе, ал әйелі онда үш рет кірсе (мұның нәтижесі талақ болады), содан соң басқа ер адаммен некелессе, содан кейін қайтадан өзінің бірінші күйеуімен некеге тұрса, содан соң күйеуі қойған талақ шартын қайтадан орындаса, онда талақ орын алмайды. Өйткені үш рет үйге кіруімен шартталған оқиға, нақты айтқанда, талақ, осы жағдайдың үш рет қайталануымен шартталған үш талақта, бірінші некеде болғанда орын алған болатын. Ал айманның немесе шартты анттың жалғасуы шарттың да, салдардың да жалғасуына байланысты болғандықтан, онда бұл соңғылардың аяқталуы анттың өзін де тоқтатады.

Егер «сондай жиі ... болғанда» сөзі некеге қатысты кіргізілсе, мысалы, егер ер адам: «Сондай жиі осы әйелмен некеге тұрамын, ол талақ»,—десе, онда ол онымен екінші рет некеге тұрғанда да, әйел бірінші және екінші некенің арасында басқа еркекпен некеде болғаннан кейін, сол әйелмен некеге тұрған сайын талақ болып отырады. Өйткені мұнда салдар некелесудің нәтижесі болып табылатын талақ жасауға оның билігіне қатысты. Ал некелік билік қандай да бір жекелеген инстанциямен шектелмегендіктен, бірақ міндетті түрде кез келген некенің салдары болып табылатындықтан, онда бұдан көретініміз, соңғы талақ та әр некелескен сайын орын алуы қажет.

Талақ кезіндегі шартты ант некелік биліктің құқығын өтеумен жойылмайды.—Талақ кезінде некелік билік құқығы жойылғанда әрекетінен айырылмайды. Яғни, егер күйеуі өзінің әйеліне: «Осы үйге кіргенде, сен талақсың»,—десе, нәтижесінде бір немесе екі талақ берсе, сосын оның иддаты орындалған соң, онда, дегенмен, осындай талақтың соңынан болған некелік құқықты жойғаннан кейін де бұл шартты ант өз

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

күшінде қалады. Бұлай болған себебі, антқа қойылған, әйелінің белгілі бір үйге кіру туралы шарты әлі орындалмаған, сондықтан жалғасты болды. Ал бұл шартты анттың салдары, нақты айтқанда, талақ, қойылған бұл антың шартын орындау арқылы әлі де келешекте орын алуы қажет. Бұдан ант та жалғасатынын көреміз.

Осылайша, егер антпен қойылған шарт некелік құқық бар кезде орындалатын болса, онда ант орындалған болып есептеледі және анттың шартын орындау бойынша сияқты талақ болдады. Және, себебі ант еткен адам оның салдарына ұшырауы мүмкін, яғни, талақ. Егер анттың шарты болып қойылған оқиға неке құқығы бұзылғаннан кейін басталатын болса, онда, дәл осымен, ант орындалады, бірақ талақ болмайды. Өйткені бұрынғы әйелі талақтың орынды объектісі бола алмайды. Өйткені мұндай орындылық болу үшін әйел биліктің некелік құқығының объектісі болуы қажет.

Шарт болып қойылған оқиғаның басталуы турасында екі жақ арасындағы талас-тартыс.—Егер шарт болып қойылған оқиғаның басталуына қатысты күйеуі мен әйелі арасында келіспеушіліктер пайда болса, онда біріншісі (күйеуі) әлі ол оқиға орын алмады деп сендіретін болса, ал екіншісі (әйелі) ол оқиға әлдеқашан басталып қойды дейтін болса, онда күйеуінің мәлімдемесі сотта жарамды болуы қажет, егер тек әйелі өз сөзінің шын екендігіне дәлел әкелмесе. Өйткені күйеуі жауап беруші ретінде талақтың бар екендігін және осы жағдаймен шартталған өзінің биліктің некелік құқығының жойылғандығын теріске шығарады. Ал әйелі талапкер ретінде талақ орын алды деп сендіреді. Бұл мұндай қасиеттің шарты, бұл оқиғаның басталуы әйелінің көрсетілімінен басқа өзге әдістермен орнатылуы мүмкін болатын жағдайға жатады. Егер бұл шарт өзінің қасиеті жағынан оның орындалуы тек әйелінің көрсетілімімен ғана орнатылуы мүмкін болса, онда оның мәлімдемесі күйеуінің мәлімдемесінен айырықша қабылдануы қажет. Алайда, бұл әйелінің мәлімдемесі өзге әйелге емес, тек өзіне ғана қатысты болатын жағдайға жатады. Мысалы, егер күйеуі өзінің әйеліне: «сенің етеккірің келгеннен бастап, сен талақсың және, сонымен қатар, басқа да менің пәленше әйелім талақ»,—десе, соңында ол әйел өзінің етеккірі басталғанын айтса, онда талақ басқа әйеліне қатысты емес, тек оның өзіне қатысты ғана болады. Мұндай қорытынды дұрыс түсініктемеге негізделген. Ал аналогия бойынша, екеунің ешқайсысына да талақ болмайды деп ойлау керек сияқты. Өйткені әйелі талақтың шарты болып қойылған оқиға болып қойғанын және соған сәйкес, талақ болу қажет екендігін айтатын талапкер рөлінде, ал күйеуі оның мұндай әділ мәлімдемесін теріске шығаратын жауапкер болып табылады. Ал талапкердің мәлімдемесі дәлелсіз қабылданбауы қажет.

Заңның неғұрлым дұрыс түсініктемесіне қарастырылып отырған жағдайда әйелі өз-өзіне қатысты сынау рөлінде болып табылатын ой негіз болады. Өйткені оның етеккірі басталғанын тек оның өзінен ғана білуге болады. Сондықтан оның бұл жағдайдағы мәлімдемесі дәл иддат немесе жыныстық қатынас мәселесінде сияқты қабылдануы қажет. Мысалы, егер бұрын ажырасқан әйел «бірінші иддаты біткен соң басқа еркекпен некелескенін, ол онымен белгіленген жыныстық қатынасқа түсіп, сосын оған талақ беріп, екінші де иддаты аяқталғанын» айтса, онда оның бірінші күйеуімен екінші некесінің заңдылығы анқыталған кезде оның мұндай мәлімдемесі қабылданады. Дәл осылай әйелінің қарастырылып отырған жағдайда өзіне қатысты да мәлімдемесі жарамды болады. Бірақ ол басқа әйеліне қатысты жарамды болмайды.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Өйткені мұндай мәлімдеме соған қатысты ғана куәлік көрсетілім болады, ал, әсіресе, осы жағдайдағы сияқты, бұл әйелі мен басқа әйелі арасындағы, жолдас-әйелдері сияқты, дұшпандыққа байланысты оның (күйеуінің) әділдігі күдікті болғанда, бір куәгердің көрсетілімі жарамды болмауы қажет. Сондықтан әйелінің мұндай мәлімдемесі басқа әйеліне қатысты жарамды болмайды.

Дәл солай, егер күйеу өзінің әйеліне: «Егер сен Аллаһ сені тозақ отымен азаптағанын қаласаң, онда сен талақсың, ал менің мына құлым азат»,—десе, ал әйелі: «Мен сондай азапты қалаймын»,—деп жауап берсе немесе егер күйеуі: «Егер мені жақсы көрсең, онда сен талақсың және сенімен бірге менің мына басқа әйелім де»,—десе, ал әйелі: «Мен сені жақсы көремін»,—деп жауап берсе, онда екі жағдайда да күйеуінің сөзі қаратылып айтылған әйеліне қатысты талақ орын алады. Бірақ алдыңғы жағдайды қарастырған кездегі айтылған себептерге байланысты бірінші жағдайда құл азат етілмейді, ал екінші жағдайда басқа әйелі талақ болмайды.

Қарсылық.—Бұл жағдайлардың біріншісінде талақ орын алмауы керек сияқты болып көрінеді. Өйткені жауапта анық өтірік бар. Себебі кім болмасын тозақта азапталуды қалайды деп ойлай алмаймыз.

Жауап.—Өтірік бар екені әлі анық емес. Өйткені, бәлкім оның күйеуіне деген қорқынышы қатты болғаны сонша, ол тіпті тозақ азабымен қорқытылса да одан босағысы келеді. Бірақ, дегенмен, тіпті ол өтірік айтса да, талақ әйелдің өзіне қатысты оның жауабымен байланысты. Ал ол атаған басқа адамға қатысты талақ та, құл азат ету де әйелінің жауабына байланысты емес. Сондықтан да бұл басқа адамға қатысы жоқ.

Әйелінің етеккірімен шартталған талаққа қатысты ереже.—Егер күйеуі талақты: «Сенің етеккірің келгеннен бастап, сен талақсың»,—деп өзінің әйелінің етеккірі келуімен шарттаса және сосын әйелі өзінен етеккір келгенін байқаса, онда етеккір келгеннен бастап үш күн өтпейінше, талақ орын алмайды. Өйткені оның аз мерзімі дұрыс емес және ол заңмен орнатылған істе қабылдана алмайды. Ал тек сондай тазару күйеуі айтқан формулада меңзелуі қажет. Бірақ тазару үш күн бойы орын алғанда, онда талақ басынан бастап үкім етілуі керек.

Бірақ егер күйеу өзінің әйеліне: «Сенің етеккіріңнің бір мерзімі аяқталған соң, сен талақсың»,—десе, онда ол осы сөдерді айтқаннан кейінгі келесі етеккірден тазарғанша және әйелінің тухры немесе тазалық мерзімі болмағанша, қайтарылмайды. Өйткені етеккірдің бір мерзімінің астарында толық етеккір деп түсіну қажет. Ал етеккір толық тазалық мерзімі келмейінше дұрыс кемел болмайды.

Егер де күйеуі әйеліне: «Бір күн ораза ұстаған соң, сен талақсың»,—десе, онда талақ бірінші ораза ұстаған күнінің кешінде орын алады. Егер ол тек: «Сен талақ ұстағанда талақсың»,—десе, онда оның оразаны бірінші ұстаған сәттен бастап талақ орын алады.—Бұл жағдайға дәлел араб тілінің идиоматикалық ерекшеліктеріне негізделген.

Егер күйеуі өзінің жүкті әйеліне: «Сен маған ұл туып берсең бір рет, егер қыз туып берсең екі рет талақсың»,—десе, ал әйелі ұл және қыз, яғни егіз туса, бұған қоса, қайсысы бұрын туғаны белгісіз болса, онда қазы бір талақ үкім етіп беруі керек. Бірақ сақтық ету екі талақ та қабылдауды әмір етеді.—Бұл жағдайда иддат немесе әйелдің сынақ периоды ол босанғанда аяқталады. Өйткені, егер ол бірінші ұлын туғанда, онда

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бір талақ болар еді де, оның иддаты қызының туылуымен аяқталар еді. Содан соң осы соңғы туылуының салдары ретінде басқа талақ бола алмас еді. Анасының иддатын аяқталуы некені толық бұзатындықтан, содан кейін талақ орын ала алмайды. Бір жағынан, егер ол бірінші қызын туғанда, онда екі талақ орын алар еді және оның иддаты ұлының туылуымен аяқталар еді. Жоғарыда келтірілген ойлар бойынша, содан кейін басқа талақ орын ала алмас еді. Бұдан көретініміз, бірінші жағдайда тек бір талақ қана болар еді, ал екінші жағдайда екі талақ орын алар еді. Бірақ осы жағдайда істің жағдайына қатысты күмән салдарында екінші талақ үкім етілмейді. Алайда (жоғарыда келтірілгендей), сақтық ету бұл талақты екі талқ деп есептеуге әмір етеді.

Жиі қайталануға жол беретін актімен шартталған ажырасу жағдайы.—Егер күйеу өзінің әйеліне: «Егер Зайдпен және Амрумен сөйлесетін болсаң, онда сен үш талақтасың»,—десе, сосын нәтижесінде бір талақ берсе, содан соң әйел иддаты аяқталғаны себепті онымен арасы ажыраса, содан кейін Зайдпен сөйлессе, содан соң қайтадан өзінің бірінші күйеуімен некелессе және осыдан соң Амрумен сөйлессе, онда ол біріншімен бірге екі талақ алады.—Зуфар бұл қарастырылып отырған жағдайда күйеуі берген үш талақтың салдарында бір де талақ болмайды дейді.—Бұл жағдай төрт түрлі көзқарас бойынша қарастырылуы мүмкін: біріншіден, неке бар кезде екі шарт та қойылғанда, нақты айтсақ, Зайдпен де, Амрумен де сөйлесу, мұның нәтижесі, сірә, талақ болуы керек; екіншіден, екі шарт та неке жоқ кезде орындалғанда, бұл кезде талақ орын алмайды, мұның да себебі белгілі; үшіншіден, бірінші шарт неке бар кезде орындалғанда, ал екінші шарт неке жоқ кезде орындалғанда, бұл кезде де талақ орын алмайды, өйткені оқиғаның шарты болып қойыған бұл салдар некеден тыс орын ала алмайды; төртіншіден, бірінші шарт некеден тыс орындалғанда, ал екіншісі неке бар кезде орындалғанда. Міне, осы жағдайларға қатысты Зуфардың пікірі мен біздің ғалымдарымыздың пікірі бір жерден шықпайды.—Зуфардың дәлелдері келесіге құрылған: талақтың шарты болып қойылған екінші оқиға басталған кезде талақ орын алу үшін некенің бар болуы қажетті шарт болып табылады. Дәл солай, талақтың бірінші шарты болып қойылған оқиға басталған кезде де неке болуы қажет. Өйткені бұл екі оқиға да талаққа қатысты жиынтықта қарастырылуы қажет. Себебі егер талақтың осы екі шарты орындалмаса, талақ орын ала алмайды.—Бұған біздің ғалымдарымыз қарастырылып отырған жағдай ант берушіге зияны бар акт бола отыра, оның құқыққа қабілеттілігімен шартталған ант жағдайы болып табылады. Ант айтқан сәтте некенің бар болуы осы анттың салдары (талақ) талақтың шарты болып қойылған оқиға басталғанда сенімділікпен орын алу үшін қажетті шарт болып қойылған. Ал қарастырылып отырған жағдайда ант айтқан сәтте неке расымен да бар болғандықтан, онда бұл соңғысында заңды күші бар. Ал талақтың шарты болып қойылған оқиға басталған сәтте де некенің бар болуы бұл анттың салдары неке бар кезде орын ала алуы үшін қажетті шарт болып орнатылады. Өйткені бұл салдар некеден тыс орын ала алмайтын талақ болып табылады. Бірақ қарастырып отырған жағдайда талақтың бірінші шарты болып қойылған оқиғаның басталу сәті ант заңды бола алатын кезде ешқандай уақыт аралығына, осы анттың салдары орын алуы мүмкін болған уақы аралығына да сәйкес келмейді. Сондықтан еске алынған уақыт аралығы бар ант жалғасатын сияқты бір рет қана қарастырылады. Бұған некенің бар болуы аса қажетті

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болып табылмайды. Өйткені анттың бар болуы осы актінің салдарын жасағанда басты тұлға болып табылатын ант берушіге байланысты.

Күйеуі алдымен шартты талақ айтып, содан соң әйелін нақты екі талақпен қайтарғандағы жағдай.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Егер сен осы үйге кірсең, саған үш талақ болады»,—десе, нәтижесінде оны екі нақты талақпен қайтарса, содан кейін ол белгіленген иддат мерзімі біткеннен кейін басқа еркекпен некелесе, ол онымен жыныстық қатынасқа түсіп, әйелге талақ беріп, сосын әйел қайтадан өзінің бірінші күйеуімен некелесіп, күйеуі айтқан үйге кірсе, онда, екі үлкеннің пікірі бойынша, оған үш талақ түседі.—Мұхаммедтің айтуынша, бірінші күйеуімен екінші рет неке қымай тұрып алған екі талақтан кейін әйелге үш талақ қана түсе алады. Зуфар да осылай ойлайды. Түсініктемелердегі бұл келіспеушіліктің негізі екі үлкен ғалым екі талақты да аралық неке нәтижесінде мүлдем күшінен айырылған деп есептейтіндігі болып табылады. Сондықтан бірінші күйеуінің үш талақты жаңартуға билігі (бұрын шартты айтылған) әйелі өзіне қайтып келгеннен кейін жаңарады. Мұндай жағдай Мұхаммед пен Зуфардың пікіріне қарама-қарсы. Олар бұл талақ жойылмаған және сондықтан да бұрын айтқан екі талақты үшке дейін толтыру үшін күйеуінде тек бір талақ айтуға ғана билігі қалды деп есептейді (бұл төменде түсіндіріледі). Түсініктемелерде бұл келіспеушіліктерді қолдану мынадай жағдайда көрінеді: күйеуі бір талақты әйелінің белгілі бір үйге кіруімен шарттап, нәтижесінде екі талақ берсе және сол әйел басқа еркекпен некелескеннен кейін өзінің бірінші күйеуіне қайтады. Осыдан кейін күйеуі белгілеген үйге кіреді. Онда, Мұхаммедтің түсіндіргені бойынша, әйел қатаң тыйымға түседі. Өйткені алдыңғы екі талақ аралық неке арқылы жойылмайды. Ал екі үлкен ғалымның пікірі бойынша, ол қатаң тыйымға алынбайды. Өйткені алдыңғы екі талақ аралық неке арқылы жойылған деп есептейді.

Үш нақты талақ жағдайы.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Мына үйге кіргенде, сенде үш талақ»,—десе, нәтижесінде оны нақты үш талақпен қайтарса, содан соң ол басқа бір еркекпен некеге тұрса, одан талақ алып, сосын қайтадан өзінің бірінші күйеуімен некелесе және осыдан соң күйеуі айтқан үйге кірсе, онда бір де бір талақ орын алмайды. Зуфардың айтуынша, үш талақ болуы қажет. Өйткені жалпы шартты антты айту арқылы осы некенің салдары болып табылатын некелік билік құқығы күші және екінші некемен туындайтын құқығы күшінде көрсетілген шартты орындаған кезде жалпы үш талақ пайда болады. Ал шартты талақтың формуласы нақты сөзбен емес, жалпы сөзбен айтылған. Сондықтан шартталған үш талақ бар деп жорамалдау мүмкін болады (нақты алғашқы үш талақтан кейін). Дәл осы себепті анттың әрекеті жалғасады. Өйткені мұндай ұсыныста осыған ұқсас жағдай болуы мүмкін екендігі меңзеледі.—Біздің ғалымдарымыздың бұл жағдайлардағы пайымдаулары мынады. Анттың салдары жалпылама үш талаққа құрылмайды. Бірақ күйеуі осы неке бар болуы себепті айтуға құқығы бар шартталған үш талаққа құрылады. Өйткені ол қорқыту ретінде өзіне ант берді. Ал мұндай характер болу-болмауы екіталай оқиға болып табылатын кейінгі некемен уәкіл етілген талақтарда емес, өз антында айтылып өтілген талақтарда ғана болуы мүмкін. Ал осы ерекше талақтарда қамтылған анттың салдары нақты үш талақпен жойылғандықтан (соның нәтижесінде талақ объектісі бар болуы тоқтайды), ант та жойылған. Бірақ егер жоғарыда келітірілген сөздермен айтылған анттан кейін күйеуі бір жойылмайтын талақ бергенде, олай болмас еді. Өйткені бұл

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жағдайда талақ объектісінің бар болуының жалғасуы нәтижесінде ант өз күшінде қалады.

Өзінің әйелімен болатын жыныстық қатынас актісімен шартталған талақ жағдайы.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Мен сенімен жыныстық қатынасқа түскенде, сенде үш талақ болады»,—десе, осыдан кейін ол әйелісен жыныстық қосылса, онда жыныстық қатынас кезінде талақ орын алады. Бұл жағдайда күйеуі сол сәтте бұл жыныстық қатынасты бітірмегенде де, не өсімақы төлеуге, не махри-мисль төлеуге душар болмайды. Бірақ күйеуі қысқа уақыттан кейін қайтадан әйелімен жыныстық қатынасқа түсетін болса, өсімақы төлеу де, махри-мисль төлеу де міндетті болады. Бұл жағдай мынаған ұқсас: егер қожайын өзінің күңіне: «Мен сенімен жыныстық қатынасқа түскенде, сен боссың»,—десе, осыдан кейін онымен жыныстық қатынасқа түссе, онда күң қатынас болған сәтте бос болады. Алайда, дәл сол сәтте тоқтатқанда да, күң пени төлеуді талап ете алмайды. бірақ егер бірақ үзілістен кейін жыныстық қатынасты бастаса, одан мұндай өсімақы ала алады. Захири-Риуаятта келтірілген ілім осындай.—Әбу Юсуфтың ол жыныстық қатынасты бәсеңдеткен кезде өсімақы төлену қажет, тіпті аяғына дейін тоқтатпай қайтадан бастаса да деп айтқан пікірі белгілі. Өйткені қарастырылып отырған жағдайдағы бәсеңдетілген жыныстық қатынас талақтан кейінгі жыныстық қатынасқа немесе азат еткенге тең. Бірақ зина үшін белгіленген жаза орын алмайды. Өйткені басында жазаланбайтын болған жыныстық қатынас оны бітіргенде жазаланатын бола алмайды, себебі жыныстық қатынас түгелімен бір әрекет болып табылады. Алайда өсімақы міндетті болады. Өйткені бұл актінің тыйым етілген объектісімен жыныстық қатынас жасау не тиісті, не белгіленген жазаға, не пеняға мойындала алмайды.—Захири-Риуаятта келтірілген пайымдама, қарастырылып отырған мәселе бойынша, мынадай: «джима» (жыныстық қатынас) терминінің астарында жыныстық актінің басы деп түсініледі, ал оның жалғасуы басы емес. Сондықтан бұл терминнің астарында *de novo* жыныстық қатынасы түсінілмейді. Бұл үзіліс және қайта бастау жағдайына қарама-қарсы. Өйткені бұл соңғы жағдайда жыныстық қатынас талақтан кейін орын алады. Алайда, тіпті осы жағдайда орын мен құмарлықтан туындаған күмән салдарында жазалану орын алмауы қажет. Бірақ осы жағдайлар кезінде пеня міндетті емес. Өйткені тыйым етілген объектімен жыныстық акт жасау жазасыз да, пенясыз да қалдырыла алмайды.

Бұған қоса, егер жоғарыда келтірілген жағдайда күйеуі жыныстық қатынаспен жойылатын талақты шарттағанда, онда, Әбу Юсуфтың пікірі бойынша, мұндай талақ, негізінде, жыныстық қатынастың бәсеңдетілуімен жойылады. Бірақ егер ол жыныстық қосылуды бітіріп, сосын біраз үзілістен соң қайтадан бастаса, барлық ғалымдардың пікірі бойынша, онда талақ жойылады.

Бөлім. Түсіндірме немесе ерекшелік жайында

Түсіндірмемен немесе Аллаһтың қалауына сілтеу орынды болмайды.—Егер күйеуі өзінің әйеліне осы сөздерді айтқанда еш кідіріссіз немесе бөлмей: «Сен талақсың (осыған қосып), егер мұны Аллаһ қаласа»,—десе, онда талақ орын алмайды. Өйткені Пайғамбар: «Ер адам талақ антын бергенде, немесе азат еткенде: «егер Аллаһ қаласа» десе, онда ол ант бұзушы бола алмайды»,—деген. Және, сонымен қатар, күйеуі шарт ретінде өзінің сөзіне «Егер Аллаһ қаласа» деген сөзді кірістіргендіктен бұлай болмайды. Сондықтан талақ Аллаһтың қалауымен шартталып, сол шарт

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

орындалмағанша орын ала алмайды. Ал Аллаһтың қалауы белгісіз болғандықтан, онда осы қалаумен шартталған ештеңе анықтала алмайды.—Ал қарасытырылып отырған жағдайда шарт оның алдында болған сөздердің әрекетіне жол береді. Сондықтан жоғарыда келтірілген барлық формулалар осындай басқа да жағдайларда сияқты өзара байланысып, кідіріссіз айтылғаны жөнінде түсіндірме жасалған. Ал: «егер соны Аллаһ қаласа» деген сөз, өйткені мұнда кірістірілген шарт ретінде көрсетілген, негізінде, олар мұндай шартты анықтамайды. Өйткені шарттың астарында осы шақта жоқ, бірақ келешекте бола алатын әлдебір нәрсе меңзеледі. Сондықтан қазір бар нәрсе шарт болып атала алмайды, дәл солай, бұл анықтамаға оның болуы мүмкін емес болған нәрсе де келмейді. Ал Аллаһтың қалауы осы анықтамалардың немесе біріншісіне, немесе екіншісіне келеді.

Егер алдыңғы келтірілген жағдайда формула талақ формуласы мен түсіндірме арасында кідіріспен айтылса, онда Аллаһтың қалауына қатысты түсіндірмемен болған талақ орын алады.—Алдыңғы тезисте келтірілген нәрсе «егер соны Аллаһ қаласа» деген сөз талақ формуласынан кейін дереу және оны қандай да бір аялдаумен бөлмей айтылған жорамалға негізделген. Бірақ егер күйеуі алдымен: «Сен талақсың»,—десе, ал содан соң сәл үнсіз тұрып, сосын: «егер соны Аллаһ қаласа»,—деген сөз қосса, онда бірінші сөздің заңды болатындығы орнатылады. Өйткені қосылған сөздер бірінші сөзден бас тарту болып табылады. Ал бұл заңды болып есептелмейді.

Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Сен талақсың, егер соны Аллаһ қаласа»,—десе және әйелі ақырғы сөздерді айтқанша қайтыс болатын болса, онда талақ орын алмайды. Өйткені бірінші сөздер «егер соны Аллаһ қаласа» деген түсіндірмесінің нәтижесінде күйеуінің қалауына сәйкес әсері болмайды.

Қарсылық.—Өлім талақтан бұрын болғандықтан, яғни талақ өлім салдарында орын алмайды, онда бұдан шығатыны, бұл жағдай осы мәселеде күйеуінің егер соны Аллаһ қаласа» деген сөзін формуладан алып тастайды және осымен әрекеттің бірінші сөдеріне қатысты олардың жойылатынын арылтады. Сондықтан, талақтың жоғарыда келтірілген жағдай кезінде әйелдің өлімі салдарыоған тиісті болуы керек сияқты еді. Өйткені оның өлімі «егер соны Аллаһ қаласа» деген сөзді айтпай жатып, «сен талақсың» сөзін тұрып тұрып айтқаннан кейін болды.

Жауап.—Өлім талақ объектісінің, яғни әйелінің, өмірін тоқтату арқылы талақтың алдын алады. Бірақ ол бұл жағдайда түсіндірме әрекетінің алдын алмайды. Өйткені түсіндірменің болуы әлі тірі, айту күйеуінің билігінде болған мәлімдеменің болуына байланысты. Бірақ егер күйеуі сол түсіндірмені айтпай тұрып өзі өліп кеткенде, басқаша болар еді. Өйткені онда күйеуінің соңғы сөздері, нақты айтқанда: «егер соны Аллаһ қаласа» түсіндірмесі айтылмас еді.

Санға қатысты басқасын алып тастап айтылған талақ орынды болады.—Егер күйеу өзінің әйеліне: «Саған бір талақсыз үш талақ»,—десе, онда екі талақ орын алады. Егер ол: «Саған екеусіз үш талақ»,—десе, онда бір талақ орын алады. «Истисна» терминімен белгілі болған сөйлеудің мұндай формасы алынып тасталғаннан кейін бүтіннен қалған қалдықты білдіреді деген ереже бар және сөйлеудің бұл формасы құпталады. Өйткені мұндайлар арасында, мысалы, «мен пәленшеге тоғыз дарагим қарызбын» немесе: «мен пәленшеге бір дарагимсіз он дарагим қарызбын» деген сөздер арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Бұдан

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

көретініміз, сөздің мұндай әдісі, нақты айтқанда, толық бір бүтіннен бір бөлігін алып тастау, құпталады. Өйткені ол, дәл осы жағдайдағыдай, алып тастағаннан кейін қалғанды жай ғана еске алғанмен тең.

Бірақ бүтіннен бүтінді алып тастау құпталмайды. Өйткені мұндай алып тастаудан кейін мүлдем ештеңе қалмайды, мұны айта кетуге де болатын еді. Сондықтан да, егер күйеу өзінің әйеліне: «Саған үшеусіз үш талақ»,—десе, онда үш талақ орын алады. Өйткені бүтіннен бүтінді алғанда мағынасынан айырылады және талақ формуласы болуы үшін осы сияқты айту әдісіне рұқсат етілмейді.

Егер тек ол бұған алдыңғысымен, нақты айтқанда, талақ формуласымен, тікелей байланысты болып қалмаса, мұнда, алдыңғы жағдайлардағы сияқты, алып тастаудың ешқандай әсері жоқ.

V ТАРАУ.

НАУҚАС АДАМДАРДЫҢ АЖЫРАСУЫ ЖАЙЫНДА

Өлім аузында жатқан ер адам әйеліне талақ беріп, әйелдің иддаты бітпейінше қайтыс болып кетсе, онда әйелі оған мұрагер болады.—Егер өлім аузында жатқан күйеуі әйеліне не бір жойылмайтын талақ, не үш талақ беретін болса және әйелінің иддаты бітпей тұрып көз жұматын болса, онда әйелі күйеуінің мүлкінен мұрагер болуға құқығы бар. Бірақ егер күйеуі әйелінің иддаты біткеннен кейін қайтыс болатын болса, онда әйелі ештеңеге мұрагер бола алмайды.—Шафи өз сөзінде жоғарыда келтірілген жағдайлардың екеуінде де әйелі күйеуінің мүлкінен еш нәрсеге мұрагер бола алмайды, өйткені күйеуіне мұрагер болуына себепкер ететін некелік байланыс талақ арқылы бұзылатындығын айтады. Осы негізде, егер күйеуі әйелін жойылмайтын талақпен қайтарып және әйелі иддаты бітпей қайтыс болса, онда күйеуі әйелінен ештеңеге мұрагер болмас еді. Өйткені, бір-біріне мұрагер болуға себеп болатын, араларына туыстық орнатушы некелік байланыс үзілді.—Бұған біздің ғұламаларымыз былай жауап береді: қатты науқас кезінде жалғасын тапқан некелік байланыс әйел адамның күйеуіне мұрагер болатынына себеп болады. Бірақ күйеуі әйелінің бұл құқығын жойылмайтын талақ беру арқылы бұзғысы келгенде, әйелді нұқсаннан сақтау мақсатында әйелінің иддаты біткенше, берген талағының күшке енуін кейінге қалдырып, заң оның мұндай ниетіне қарсы шығады. Мұндай кейінге қалдыру рұқсат етіледі. Өйткені оның түрлі салдарына қатысты иддат кезінде неке бар болып есептеледі. Сондықтан талақ кезінде әйелін қамтамасыз етуге арналған заңды бөлігі, міндеті түрде баспана беру керектігіне қатысты және сол сияқты, неге мұрагер болу құқығына қатысты заңды түрде неке өз күшінде қалған деп есептеуге болады. Бірақ иддат мерзімі аяқталғаннан кейін одан әрі кейінге қалдыру мүмкіндік берілмейді. Өйткені өзінің салдарының ешбірінде де жалғаспайды.

Алайда бұл жағдай күйеуінен бұрын әйелі қайтыс болған жағдайдан өзгеше (Шафиде келгендей). Өйткені бұл жерде некелік байланыс күйеуінің әйеліне мұрагер болуына себеп болып табылмайды. Себебі әйеліне талақ айтылғанда, ол ауру емес, сау болған және әсіресе күйеуі өзі әйеліне жойылмайтын талақ беріп, соны қаласа, күйеуінің оған мұрагер болу құқығына қатысты да некелік байланыс бұзылады. Мұны

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бұл жағдайдан қорытуға болады. Некелік байланыс бұзылғандықтан, егер тіпті ер адам әйеліне мұрагер болу өзінің құқығын құртқысы келмесе де, осыны қаласа да, бұл құрту *a fortiori*-ге ілесуі қажет. Егер әйелі өлер алдында өзінің күйеуінің ұлын өзімен жыныстық қатынасқа жол берсе және иддаты бітпей жатып өлетін болса, некелік байланыс күйеуінің келісімісіз де тоқтауы мүмкін. Бұл жағдайда күйеуі әйеліне мұрагер бола алмайды. Өйткені олардың некелік байланысы үзілген және ер адам мұндай жоюға келіспесе де, оның мұрагер болу құқығы жойлған.

Өлім аузында жатқан күйеуі талақ берсе, егер күйеуінен бұл талақты әйелдің өзі сұраған болса, өз еркімен солай таңдаса немесе төлеу үшін солай істесе, онда ол әйел күйеуінің мұрагері бола алмайды.—Егер әйел ауру күйеуінен жойылмайтын талақ сұрайтын болса және күйеуі оның бұл өтінішін орындаса немесе егер күйеуі таңдау мүмкіндігін берсе, ал ол әйел өзін таңдаса немесе әйел адам күйеуінен хульа, яғни төлеу талағын алуға қол жеткізе алса, және күйеуі оның иддаты бітпей тұрып қайтыс болатын болса, онда ол әйел күйеуінен мұра етіп ештеңе ала алмайды. Өйткені талақтың өз күшіне енуін кейінге қалдыруға болатын жалғыз себеп әйелдің күйеуіне мұрагер болу құқығын қорғауды білдіреді. Ал дәл осы жағдайда әйел адам бұл құқықты өзі жойып отыр. Бірақ егер әйел күйеуінен өзін жойылатын талақ арқылы қайтаруын сұраса және ол әйеліне үш талақ айтатын болса, ол күйеуінің мұрагері болады. Өйткені жойылатын талақ некені бұзбайды. Ал әйелінің мұндай талақ сұрауы өзінің күйеуіне мұрагер болу құқығының жойылуына келісетінін көрсетпейді.

Әйелі мен күйеуі өзара келісім жасасқан жағдайда, егер күйеуі жарияланған талақтан кейін өзін әйелі алдында қарыздар деп мойындаса немесе әйеліне бірдеңе мұра етсе, онда әйелі құны жағынан төменірегін—қарыз, мұра, не ерекше мұра етілген зат алады.—Егер ер адам өлер алдында, әлі сау кезінде әйелін үш талақпен қайтардым деп жариялайтын болса, ерте болғаны сонша, тіпті әйелінің иддаты аяқталған болса және әйелі соны растаса, ал аяғында ер адам әйеліне біраз сомма берешек екенін мойындаса немесе әйеліне бірнәрсе мұра етсе, онда әйелі күйеуі өлгеннен кейін үш нәрседен ең азын алуға құқығы бар, нақтырақ айтқанда: мұра етілген нәрсені, қарызды немесе мұраның заңды үлесін, яғни, егер мұраның сол заңды үлесі қарыздан немесе мұрадан азырақ болса, онда әйелі дәл соны алады. Қарыз немесе мұра құндылықтың ең азы болған жағдайда да дәл осылай қарастырылады. Бұл Ханифаның ілімі.—Оның екі шәкірті де оның қарызы да, заңмен мұра етілгені де дегенді айтады. Сондықтан әйел істің барысына қарай не барлық қарызды, не барлық мұра етілгенді алу құқығына ие (егер ол тек өсиет бойынша мүлік бөлігінің заңды түрде күшке ие болған үшіншісінен аспаса). Егер ер адам әйелінің өтініші бойынша өлім аузында жатып, әйеліне үш талақ айтатын болса, соңында өзін біршама сомма көлемінде әйелінің алдында қарыздар деп мойындаса немесе оған бірдеңе мұра етсе, онда мұндай жағдайда, Зуфардан басқа барлық ғұламалардың пікірі бойынша, әйелі құндылығы ең азын алуға құқылы, нақты айтқанда: не қарызын, не мұра етілгенді, не мұраның заңды үлесін.—Зуфар болса, мұндай жағдайда әйел өзіне мұра етілгенді толығымен (бірақ күйеуінің бүкіл мүлігінің үштен бірінен артық емес) немесе күйеуі мойындаған қарызды толығымен, бірақ мұраның заңды үлесін емес, алуға құқылы дегенді айтады. Оған деген құқығы талақ талап етуімен жойылған. Онымен қарыздық міндетінің не мұра етілген нәрсенің заңдылығына болған кедергі алып тасталынады.—Бірінші мәселеге қатысты екі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

шәкіртінің де әкелген дәлелі мына келесі нәрселерден тұрады. Күйеуі мен әйелі өзара талақ болғанына және иддаттың уақыты өткеніне келісіп тұрса, онда сол уақыттан бастап, әйел өз күйеуіне бөтен болады және ер адам бұдан былай күдікті бола алмайды (әйелді өзге мұрагерлерінен артығырақ көруінде және оған мұраның заңды үлесінен көбірек беретіндігінде). Бұдан шығатыны, ер адамның әйелдің пайдасына куәлік етуі жарамды болуы қажет. Сондықтан ол өзінің мүлігінен заңды түрде зекет төлей алады немесе әйелдің әпкесі не сіңілімен неке қия алады, ал, дәл солай, ол әйел де заңды түрде басқа ер адаммен некеге тұра алады.

Бұл—екінші жағдайға қарама-қарсы. Онда иддаттың уақыты әлі бітпегені жоғарыда келтірілген күмәнға негіз болады. Бірақ күмән тудырушы нәрсе әлі жасырын және белгісіз жағдай. Сондықтан күмән келтіретін факттің өзі, не қауіп емес, тек күмән негізіне ғана мән беріледі. Қауіп негізі иддат аяқталмағанына қатысты болғандықтан, онда осы күмәннің салдары орнатылады, нақты айтқанда: қарыз міндетінің немесе өсиеттің заңды күші жоқтығы. Дәл туыс не қасиеттік адамдардың бірі екіншісіне қатысты айтқан куәлігінің жарамсыз болатынындай, дәл осымен күйеуінің не әйелінің бір бірі жайлы айтқан куәлігінің жарамсыздығы белгіленеді. Өйткені неке мен туыстық күмән туғызудың негізгі себебі болады.—Ханифаның дәлелдері мынадай: күмән екі жағдайда да болады: екінші жағдайда болатын күмәннің болуы, өйткені әйел өзіне заң бойынша тиесілі болған мұра үлесінен көбірек алу үшін өзіне қарызды алу міндетін не мұра алуға жол ашу мақсатымен талақты таңдай алады. Ал бірінші жағдайда күмән болатыны, өйткені әйелі күйеуінен мұраның заңды түрде белгіленген үлесінен көбірек ала алуы үшін екеуі талақты және иддаттың мерзімін қажетті уақытқа сәйкес жария көрсетуге өзара келісіп алуы мүмкін. Мұндай күмән ақырында қарыздық міндет немесе мұра мұраның заңды түрде белгіленген мөлшерінен артығырақ болған кезде расталады. Нәтижесінде мұндай артық болғандық алынып тасталуы тиіс және заң бойынша әйел осы үшеуінің ең азын: қарыз, мұра не мұраның заңды үлесін алуын талап етуі қажет.—бұл жерде заңды датқа және мұраға қатысты күмән болмауы қажет екенін айта кету керек. Ол ерекше ережелерге сәйкес барлық мүлікке пропорционалды белгіленеді. Зекет және куәлік көрсетілімдері күмән тудырушы объект болып есептелмейді. Өйткені әйеліне қатысты қандай да бір істе куәлік көрсетілімін беру үшін күйеуі әйеліне өзінің жекеменшік мүлігінен зекет төлей алатын көріністе күйеуі мен әйелі өзара келісім жасасты деген нақты жайт болған жоқ.

Егер әрине болған қауіп тікелей не анық болмаса, қауіп кезінде берілген талақ әйелді мұрагер болу мүмкіндігінен айырады.—Егер күйеуі қоршауға алынған қалада не соғыста болып, әйеліне үш талақ берсе, тіпті күйеуінің өлімі оның иддаты біткенше орын алса да, онда әйелі бұл жағдайда күйеуінің мұрагері бола алмайды. Бірақ егер ер адам соғыста болса, не өлтірілуге үкім шығарылған қылмыскер болып, осындай жағдайда әйеліне үш талақ беретін болса, онда әйелі фазра (немесе «заңды айналып өтуші») деген негізде ол өлтірілгеннен кейін не қаза болғаннан кейін заңның дұрыс талқылануы бойынша күйеуінен мұра алады. Бұл тек ер адам (талақ сөзін айтқан кезде) қауіпті аурумен ауырса (оның төсекте жатуымен не басқа белгілерінен байқалатын) немесе оның өмірі үшін қауіптенетіндей жағдайда болса, заңның мұндай жағы ол ер адамның тарапынан күйеуінің мүлкі әйелдің құқығымен ажыратылмастай байланысты болғанда ғана белгіленеді. Күйеуінің өміріне қауіп соншалықты төніп

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тұрмаған жағдайда талақ берілсе, заңның бұл белгіленуіне берілмейді. Ер адам қоршауға алынған қалада, немесе соғыста болған жағдайда қауіпте болған болып есептелмейді. Өйткені бірінші жағдайда ол дұшпаннан қорғану жағдайында, ал екіншісінде оның шабуылының көрінісі. Дегенмен, соғыстағы адам не өлтірілуге жөнелтілген адам күмәнсыз қауіпті жағдайда тұрғандығы анық. Демек біріншідей емес, тек мұндай екінші жағдайда заңның осындай қатынасы белгіленуі мүмкін.—Түпнұсқада жоғарыда келтірілген жағдайларға ұқсас түрлі жайттар келтіріледі. Олардың да талқылаулары дәл сондай ережелерге негізделген.—Алайда бұл жердегі, яғни: «ол осы жолмен өлгенде, не өлтірілгенде» деп айтылған сөз екі жағдайдың арасында да айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін көрсететінін айта кету керек. Дәл аурудан өлгенінің себебінің айтарлықтай айырмашылығы жоқ сияқты, яғни күйеуі ауру себепті қайтыс бола ма, әлде өлтіріле ме. Ауру кезінде берілген шартты талақ, егер тек талақтың шарты әйелдің өзінің әрекеті болмаса, әйелін күйеуіне мұрагер болу құқығынан айырмайды.—Егер дені сау күйеуі әйеліне: «Пәленше айдың бірінші күні болғанда», немесе «Сен осы үйге кіргенде» немесе «Пәленше кешкі дұғаны айтқанда» немесе «Пәленше осы үйге кіргенде» «сен талақсың»,—десе, және оның қойған бұл шарты ол науқас боп қалғанда орындалатын болса, онда әйелі оның мұрагері бола алмайды. Бірақ егер ол өзі өлім аузында жатқанда осындай шарт қойса, онда әйелі оған барлық жағдайда да мұрагері бола алады. Тек бір жағдайдан басқа, нақты айтқанда: күйеуінің қойған шартын орындағанда, мысалы: «егер сен осы үйге кірсең» деген шарты. Жоғарыда келтірілген талақтың шарттары төрт топқа бөлінуі мүмкін екендігін айта кету керек: біріншіден, талақ кейбір белгілі бір мерзімге негізделгенде; екіншіден, өзге адамның әрекетіне негізделгенде; үшіншіден, күйеуінің өзінің қандай да бір әрекетіне негізделгенде; төртіншіден, әйелдің өзінің қандай да бір әрекетіне негізделгенде. Өз кезегінде, бұл топтардың әрқайсысының екі бөлімшеден тұрады: біріншіден, шартты талақ дені сау кезде айтылса, бірақ шарттың орындалуы күйеудің науқас кезінде орын алса; екіншіден, шарттың да, шарттың орындалуының да күйеуінің науқас кезінде болса. Алғашқы екі жағдайда, нақты айтқанда: күйеуі талаққа белгілі бір мерзімді себеп етсе, мәселен: «Пәленше айдың бірі болғанда, сен талақсың» десе немесе өзге адамның кейбір әрекетін себепші етсе, мәселен: «Пәленше үйге кіргенде» (немесе) «Пәленше кешкі дұғаларды қайталағанда» «онда сен талақсың»,—десе. Егер мұның шарты мен орындалуы күйеудің науқас кезінде орын алса, онда әйел күйеуіне мұрагер болуына құқығы бар. Өйткені дәл осы жағдайда күйеуінің ниеті, шамасы, заңды айналып өту болып тұр. Мұны ол әйелінің құқығы оның мүлкімен тығыз байланысты болғанда талақ айтқан жағдайдан қорытындылауға болады. Бірақ егер шарт күйеуінің дені сау кезінде қойылып, ал орындалуы оның науқас кезінде орын алса, онда әйелі оған мұрагер бола алмайды.

Зуфардың айтуынша, осы соңғы жағдайда да әйелі күйеуіне мұрагер болуы керек. Өйткені шартты ант берудің салдары шарттың орындарлуында орын алуы қажет. Бұл уәдені орындаушылыққа теңбе-тең және сонымен қатар, өйткені ол жағдайда талақ науқас кезде орын алды.—Біздің ғұламаларымыз бұған қарсы шығып, талақтың алдыңғы шарты осы шартты орындау кезінде, әдейі емес, салдар сияқты оған себеп болып табылады. Ал ойластырылған нұқсан келтіру міндетті түрде сол арам ойдың өзімен шартталады. Сондықтан күйеуінің актісі оның салдарын жою арқылы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

заңды шындықтан айырылмауы қажет, нақты айтқанда, мұрагер болмаушылық. — Үшінші жағдайда (күйеуі талақты өзінің қандай да бір актісімен ескертетін болғанда) күйеуі заңды айналып өтуші адам ретінде қарастырылады және әйелі оған мұрагері болады. Шарттың қойылуы күйеуінің дені сау кезінде болған, ал шарттың орындалуы күйеуінің ауырған кезінде болғанда да немесе шарттың қойылуы мен орындалуы да күйеудің науқас кезінде орын алғанда, сөйте тұра құтылу мүмкін болса да, не құтылу мүмкін болмаса да осы актінің характеріне тәуелсіз болады. Бұл қағидаға күйеуі әйелінің құқығын не талақтың шартын науқас кезінде қою арқылы, не дәл сондай жағдайда осы шартты өзіндік орындау арқылы анық бұзғысы келген жағдайда осындай түсінік негіз болады.

Қарсылық.—Күйеудің қойған шарты өз қасиеті бойынша құтылу мүмкін емес болып, акт болып табылған жағдайда ол заңды айналып өтуші болып есептелмеуі керек.

Жауап.—Қарастырылып отырған жағдайда орындалу шарты ол үшін құтылу мүмкін емес болса да, бірақ, дегенмен, осындай актпен талақтың шартталуынан құтылу оның қолында. Сондықтан оның берген талағы әйелінің құқығының бұзып алмау үшін салдарсыз қалады.

Егер талақтың шарты ретінде өзінің сипаты бойынша ол одан құтыла алмайтын болатын әйелдің өзінің актісі қойлатын болса, науқас кезінде берген шартты талақ әйелді мұрагерліктен қалдырмайды. Алдыңғы тезистегі төртінші жағдайда (яғни, күйеуі талақты әйелінің актісімен шарттаса), егер осы шарттың қойылуы да, орындалуы да және талақтың шарты болып қойылған актінің өзі де күйеуінің науқас кезінде болып, әйелі одан құтыла алмайтын болса (мысалы, Зайдпен сөйлесу), онда әйел күйеуінің мұрагері бола алмайды. Өйткені бұл жағдайда өзінің әрекетімен талаққа келіскенін білдіреді. Бірақ егер талақтың шарты болып қойылған акт қасиеті бойынша әйел құтыла алмайтын болса (мысалы: тамақ, сусын, намаз, ата-анасымен сөйлесу сияқты), онда әйел күйеуіне мұрагер болуға құқығы бар. Өйткені бұл өмірдегі немесе ақыреттегі салдарынан қорқып, осындай актіні орындауға мәжбүр болады. Ал талақты шарттаған әрекет болған жағдайда әйелдің тарапынан талаққа келісім беруі мүмкін емес. Бірақ егер шарттың қойылуы күйеуінің дені сау кезінде болса, ал оның орындалуы және талақтың шарты болып қойылған актінің өзі күйеуінің науқас кезінде болса, өзінің қасиеті бойынша әйелі үшін бұл құтыла алатын болып табылады. Онда ол күйеуіне мұрагер бола алатын болуы керек. Мұхаммедтің және Зуфардың ілімі бойынша, әйел талақтың шарты болып қойылған акт әйел үшін құтыла алмайтындай болған жағдайда да күйеуіне мұрагер бола алмайды. Өйткені бұл жағдайда әйелінің құқығы мен күйеуінің мүлкі арасында байланыс орнатқаннан кейін күйеуі тарапынан ешқандай акт белгіленуі мүмкін емес.—Екі үлкен ғалымның түсініктемесі бойынша, әйел, керісінше, мұрагер болуы қажет. Өйткені бұл жағдайда күйеуі оны талақ шартталған актіні орындауға мәжбүрлейді. Сондықтан бұл актіні оның өзі де орындайды. Ал әйел болса, оның тек қаруы ғана болып табылады. Мәжбүрлеу болған жағдайда, мәжбүрленіп отырған адам оның өзінің қалауынсыз қандай да бір нәрсені орындауы қажет болып қалады. Және дәл осындай жағдайда да әйел осындай күйде қалады. Өйткені егер әйел өзіне қойылған шартты орындаса, онда талақ болғандықтан

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

нұқсанға ұшырайды. Ал егер әйел оны орындамаса, онда бұл өмірде де, не ақыретте де апатқа ұшырау қаупі бар.

Өлім аузында жатқанда берілген талақ пен күйеуінің өлімі арасында дерттен айығу орын алса, онда әйелі күйеуіне мұрагер болу құқығынан айырылады.—Егер күйеуі науқас кезінде әйеліне үш талақ берсе, содан соң ауруынан айықса, бірақ әйелінің иддаты бітпейінше қайтыс болатын болса, онда әйелі одан мұра ала алмайды.—Зуфардың айтуынша, әйел одан мұра алуы қажет. Өйткені күйеуі, бұл жағдайда, заңнан айналып өткісі келген болу керек.—Біздің ғұламалар бұған былай жауап береді: талақ айтылған кездегі ауру мен өлім арасындағы ауру сауығумен алмасқандықтан, өлер алдындағы соңғы ауру денсаулықпен теңдей есептелуі қажет. Бұдан байқайтынымыз, әйелдің құқығы күйеуінің мүлкімен байланысты емес. Демек, күйеуі мұндай талақ беру кезінде заңды айналып өтпейді.

Күйеуінің науқас күйі мен оның өлімінің арасында үш талақ айтылып, әйелі діннен шыққан жағдайда, әйел одан мұра ала алмайды.—Егер науқас адам әйеліне үш талақ берсе, соңында әйелі діннен шығып кетсе, сосын қайтадан қабылдаса, содан соң күйеуі оның иддаты бітпейінше қайтыс болатын болса, онда ол күйеуіне мұрагер бола алмайды.

Күйеуінің науқас кезі мен өлімі арасында үш талақ берілген жағдайда әйел қан араластырса, әйел оған мұрадан айырылмайды.—Егер алдыңғыдай жағдайларда әйел діннен шығып кетпесе, бірақ күйеуінің ұлын өзімен жыныстық қатынасқа барса, онда әйел күйеуіне мұрагер болады.—Бұл екі жағдайдың арасындағы айырмашылық мынада: діннен шыққандықтан күйеуінен мұра алу құқығы жойылады. Ал өзінің күйеуінің ұлын өзімен қосылуға жол бергендігі мұндай нәтижеге апармайды. Өйткені мұндай акт күйеуі үшін оны некеде харам етсе де, бірақ ол әйелінің құқық қабілетін жоймайды. Өйткені мұрагерлікке тыйым мен құқық қабілеті бір тұлғада бірігуі мүмкін (мысалы, шешесінде не әпкесінде). Бірақ егер ол өзінің күйеуінің ұлымен неке бар кезде өзімен жыныстық қосылуға жол берсе, онда ол мұрагер бола алмас еді. Өйткені мұндай актінің нәтижесі некені бұзу болып табылады, шамасы, әйелдің өзі соған келіседі. Күйеуінен үш талақ алғаннан кейін егер әйел өзінің күйеуінің ұлымен жыныстық қатынасқа түссе, онда әйел мұрагер болу құқығынан айырылмайды. Өйткені ол талақ актісімен белгіленіп қойғандықтан, бұл актпен некедегі тыйым белгіленбейді.

Өлім аузында жатқан күйеуінің әйеліне жабылған жала себепті берген талағы, әйелді мұрадан айырмайды.—Егер күйеуі дені сау кезінде әйеліне жала жауып, яғни әйелін зинақорлық жасады деп айыптаса, ақырында өлім аузында жатқанда өзінің жапқан жаласын ант беріп растаса, онда әйел одан мұра ала алады.—Мұхаммед болса, мұндайда әйел мұра алмайды дегенді айтады. Бірақ егер жала өлім аузында жатқан кезде айтылса, онда, біздің барлық ғұламаларымыздың пікірі бойынша, әйелі одан мұра алуы қажет дегенді айтады.—Бұл мәселені осылай түсіндіруге себеп болған жала жабу талақты әйел құтыла алмайтын актімен шарттасумен бірдей болғандығы болып табылады. Өйткені ол осындай кінә тағу арқылы өзін ұяттан тазарту кейпінде оны қарсы әрекет жасауға мәжбүр етеді.

Өлім аузында жатқан күйеуінің йла арқылы талақ беруі әйелін мұра алу құқығынан айырады.—Егер күйеуі йла айтса немесе дені сау кезінде әйелімен

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қосылудан өзін ұстайтындығын ант берсе, ал талақ күйеуі өлім аузында жатқан кезде ғана өз күшіне енсе, онда әйелі оған мұрагер бола алмайды. Өйткені йла дегеннің өзі төрт ай барысында әйелімен жыныстық қатынастан тартыну туралы ант болып саналады. Осының нәтижесінде осы уақыт аралығының соңында талақ болып табылады. Сондықтан, мәселен мынадай жағдайда, егер күйеуі әйеліне: «Егер мен сенімен осы уақыт аралығында қосылсам, сен төрт айдан кейін талақсың»,—десе, талақтың мұндай әдісі белгілі бір мерзімнің басталуымен шарттап қойғанға тең.

Өлім аузында жатқан күйеуі берілген талақ жойылатын болса, онда әйелі қанай жағдайда да оған мұрагер болуы қажет.—Егер күйеуі өлім аузында жатқанда әйеліне жойылатын талақ берсе, онда әйелі жоғарыда келтірілген барлық жағдай бойынша мұрагер болуы қажет. Өйткені неке соңына дейін бұзылған жоқ. Бұл жағдайда жыныстық қосылу заңды болып табылатындықтан, осындай жағдайда әйел мұрагер болуы қажет деген принцип өз күшінде қалады.

Ескерту.—Әйелі күйеуінен мұра алуы айтылғанда, күйеуі әйелінің иддаты бітпейінше қайтыс болуы меңзеледі.

VI ТАРАУ.

РАЖҒАТ ЖАЙЫНДА, НЕМЕСЕ ТАЛАҚ ЕТІЛГЕН ӘЙЕЛДІ ҚАЙТАРУ

Ражғаттың анықтамасы.—«Ражғат» сөзінің негізгі мағынасы «қайтарым» дегенді білдіреді. Ал заң тілінде бұл терминмен ажырасқаннан кейін күйеуді әйеліне қатару немесе әйелді кері өз үйіне қабылдау дегенді білдіреді. Осындай кезде әйел тағы да өзінің алдыңғы жағдайдағы қалпына орналасады. Етеккірден тазарған алғашқы күнінен бастап немесе соған сәйкес аралықтағы мерзімнен бастап және бұрын болған әйелдің барлық құқықтары қайтадан радеғат арқылы бекітіледі. Мұндай анықтаманы Жами-ур-Рамуэстен табуға болады. Осы шығармада ражғат туралы айтылғанға қарап, бұл терминмен талақ жойыланнан кейінгі некенің жалғасуын айтатынын байқаймыз.

Күйеуі бір не екі жойылатын талақ берілген әйеліне қайтып келе алады.—Егер күйеуі әйеліне бір не екі жойылатын талақ берсе, онда ол әйелін иддаты бітпегенше кез келген уақытта, әйелінің қалауы, қаламауына қарамастан қайтарып алуына болады. Өйткені Аллаһ Құранда: «Сендер оларды адамгершілікпен ұстай аласыздар» деген, сондықтан әйелдің еркі бұл жерде қарастырылмайды. Барлық түсініктемешілердің айтуы бойынша, «ұстай аласыздар» сөзінің астарында бұл жерде ражғат немесе қайтару меңзеліп тұр.

Ражғат үшін әйелін қайтару оның иддаты бітпейінше болуы қажет.—Иддаттың болуы ражғаттың ажырамас шарты болып табылады. Өйткені ражғат сөзінің астарында некенің жалғасуы деген сөз (сол себептен де оған «ұстай аласыздар» деген термин қолданылып тұр), ал бұл тек иддат бітпейінше ғана белгіленуі мүмкін. Өйткені иддат өтіп кеткеннен кейін неке жойылып кетеді.

Ражғаттың екі түрі бар: нақты және тұспалды.—Ражғаттың екі түрі бар: нақты деп аталатын бірінші түрі күйеуі мысалы: «Мен әйеліме қайттым (немесе әйелімді қайтарып алдым)» дегенде немесе әйеліне осы сөздерін айтса; тұспалды деп аталатын екінші түрі, күйеуі әйелімен қосылса немесе өзіне ерлі-зайыптылық ерік берсе,

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

мысалы, әйелінің әдетте жабық тұратын дене бөліктеріне қарау және сол сияқты. Ражғатты екінші түрінің мұндай анықтамасын біздің алымдарымыз берді.—Шафидің айтуынша, егер ражғатты күйеуі нақты сөзімен айтпаса (әрине, күйеуі сөйлей алатын жағдайда), ражғат дұрыс болып есептелмейді және құпталмайды. Ражғат de novo некесі сияқты қарастырылуы керек. Оның пікірінше, әйелімен қосылу бұл жағдайда тыйым етілуі керек. Өйткені мұндай қосылудың заңдылығы некені бұзатын талақ түсу арқылы жойылған. Себебі егер заң күйеуіне ражғат жасауға мүмкіндік бермегенде, некенің өзі талақпен бұзылып, тіпті жойылып кетер еді. Бұл жағдайда талақтың әрекеті тек жыныстық қосылуға ғана тыйым салып тұр. Бірақ некені толығымен бұзу нәтижесі емес.

Біздің ғалымдар ражғаттың астарында, жоғарыда түсіндірілгендей, неке жалғасатындығы деп түсініледі дейді. Ал некенің жалғастығы әрекетпен де, сөзбен де көрінуі мүмкін. Өйткені әрекеттер де кейде жалғасатындығын білдіруі мүмкін. Егер ол әрекеттер тек некедегі жағдайда болатын әрекет болған болса. Некеде болатын әрекеттерге мына әрекеттер жатады: жыныстық қосылу және жоғарыда келтірілгендер сияқты. Әсіресе, басы еркін әйелдерге қатысты. Өйткені ондай әйелдерге бұл әрекеттер тек некеде ғана рұқсат етіледі. Ал күндерге қатысты болса, мұндай әрекеттер неке кезінде де, күң кезінде де заңды болады. Бұл әйелдің ұятты жерлеріне қол тигізуге немесе қалаусыз қарауға қарама-қайшы. Өйткені мұндай әрекеттер кейде неке жоқ болса да рұқсат етілуі мүмкін. Мәселен, дәрігерге көріну үшін немесе босануға жәрдем беретін әйелге. Бұған қоса, бірге өмір сүргендіктен байқаусызда ұятты желерден басқа өзге де жасырын жерлерін көріп қоюы мүмкін. Егер мұндай кездейсоқтық иддаты кезінде күйеуімен бірге өмір сүріп жатқан ажыратылған әйелге ражғат жасаудың себебі болатын болса, онда күйеуі оған қолайсыз етіп басқа талақ берер еді. Мұнымен оның иддаты тағы артығырақ жалғасар еді.

Ражғат кезіндегі куәлік көрсетілімдер мақтаулы іс, бірақ міндетті емес.—Егер күйеуі өзінің ражғатын дәлелдей алатын екі куәгер келтірсе, онда бұл мақтаулы іс болады: бірақ егер куәгерлер болмаса, бірақ сонда да Шафиді пікірі бойынша, ражғат заңды болып есептелуі керек.—Ал Маликтің айтуынша, егер куәгерлер болмаса, ражғат заңды болып есептелмейді. Өйткені Аллаһ Құранда: «Оларды адамгершілікпен ұстап қалыңыздар немесе жақсылықпен босатыңыздар және куә ретінде өз қауымдарыңыздан әділ аталған екі адамды алыңдар»,—дейді. Бұдан шығатыны, куәлік көрсету міндетті. Өйткені бұл Құран мәтіні әмір түрінде келген.—Бұған біздің ғұламаларымыз ражғатқа қатысты барлық мәтіндерде ешбір шектеусіз немесе олардың куәлік көрсетілімдерін растауға қатысты ешқандай анықтамасыз жалпы айтылады деп жауап береді. Бұған қоса, жоғарыда түсіндірілгендей, ражғаттың астарында некенің жалғасуы деген мағына түсініледі. Бұған йла жағдайында сияқты куәлік көрсетілімдер қажетті шарты болып табылмайды. Мысалы: куәгері болмаған кездегі йла, не тартыну анты жыныстық қосылу арқылы жойылады. Алайда ражғат кезінде ешкім оны жоққа шығармауы үшін куәлік көрсетілімі болған болса, мақтаулы болады. Ал Малик келтірген қасиетті мәтінге келер болсақ, оның бұйрық райда келгендігі әмір ретінде емес, тек нұсқау немесе кеңес ретінде түсіну керек. Өйткені «оларды ұтау» мен «олардан ажырату» өзара «немесе» шылауымен байланысқан. Өйткені мәтінде «Оларды ұстандар, немесе босатындар және екі куәгер алыңдар» делінген. Бұдан бұл

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жағдайда куәгерлерді шақыру міндетті емес, мақтаулы болып табылатынын көреміз. Өйткені талақ кезінде куәлік көрсетілім болған жағдайда барлық ғалымдрдың пікірі бойынша бұл тек мақтаулы болып табылады.

Ражғат жасайтындығы жөнінде әйелінің дұрыс хабардар болуы қажет.—Сонымен қатар, күйеуі әйеліне ражғат жасайтындығы туралы әйелі күнәға кіріп кетпеуі үшін әйелін одан құлағдар етсе, ол да мақтаулы іс болады. Егер әйел күйеуінің мұндай ниеті жайлы білмеген болса, онда әйелі белгіленген идатты біткеннен кейін басқа ерге күйеуге шыға алады. Ал ол әйелмен күші жойылған некеде жыныстық қатынасқа түссе, бұл заңмен тыйылады. Иддат біткеннен кейін ражғат айтылса, екі жақ та келіссе, орынды болады.—Егер иддат біткеннен кейін күйеуі әйеліне оны кері қайтарып алғандығын мәлімдесе және соны растаса, онда ражғат орнатылған болып есептелуі керек. Егер әйел мұны теріске шығаратын болса, күйеуі заның иелігінде болмағандығына қарамастан, акт жасадым деп сендірсе, онда әйелдің мәлімдемесі қабылдануы керек. Соған сәйкес, оның мәлімдемесі күдікке алынады және егер әйел бұл күдікті әйелі жоймаса, онда одан қабылданбайды. Және Әбу Ханифаның пікірі бойынша, осы жерде әйелдің анты міндетті болып табылатындығын айта кету керек. Бұл неке жайлы кітапта толық қарастырылған ялилафаның алты жағдайының бірі.

Егер күйеуі мен әйелі өзара иддат бітер алдында ражғатқа келіспесе, бірақ осы мерзімнен кейін ражғатқа орын жоқ.—Егер әйеліне жойылатын талақ берген күйеуі ақырында әйеліне: «Сені қайтарып аламын»,—десе, әйелі оған: «Менің иддатым аяқталып қойды»,—деп жауап берсе, онда Ханифаның пікірі бойынша, ражғаттың заңды күші жоқ.—Ал екі шәкірті де бұл ражғат заңды болып саналуы керек дегенді айтады. Өйткені ол әйелі иддатың біткендігін айтпағанша, жалғасты болып есептелетін иддат кезінде айтылған. Бұл жағдайда мұндай мәлімдеме үшін ражғаттың орны бар. Күйеуі әйеліне: «Сені ажыраттым»,—дегенде, әйелі: «Менің иддатым бітіп кетті»,—деп жауап берсе де, талақ та осындай негізде орын алады.—Ханифа былай пайымдайды: ражғат қарастырылып отырған жағдайда иддат аяқталған соң болып отыр. Өйткені әйеліне ол болғанша барлық мәлімдемесіне сену қажет. Ал екі шәкірті келтірген, талаққа дейінгі жағдайды айтар болсақ, онда Ханифа оған жол бермейді. Өйткені ондай жағдайларда, оның ойынша, талақ орын алуы мүмкін емес. Ал егер оған жол берсе, онда бұған иддат біткен соң күйеуінің: «ол әйеліне иддат кезінде талақ берді»,—деген сөзінің нәтижесінде талақ орын алады деп жауап беруге болады. Өйткені мұндай талақ оның өзіне қатысты қатаң болып табылады және сондықтан да оның мәлімдемесіне сенуге болады. Бұл иддат біткен соң берілген мәлімдеу арқылы белгіленбейтін әйеліне қайту жағдайына қарама-қайшы. Өйткені ол басқа адамға қатысты.

Иддатының аяқталғанына қатысты күң-әйелінің мәлімдемесі орынды болуы қажет.—Егер күңнің күйеуі оның иддаты біткеннен кейін әйелді иддат кезінде кері қайтарып алдым десе және қожайыны мұны растаса, бірақ әйелдің өзі теріске шығарса, онда әйелдің мұнда мәлімдемесіне, Ханифаның ілімі бойынша, сену қажет.—Екі шәкірті де күңнің қожайынының мәлімдемесі жарамды болуы қажет дегенді айтады. Өйткені күңнің жеке тұлғасы оның жекеменшігі болып табылады. Соған сәйкес, қожайынның ерекше құқығы болып табылатын затқа қатысты оның мәлімдемесі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

күйеуінің пайдасына болады. Бұл жағдай күннің қожайыны өзінің күнінің некесіне дейін мәлімдеме жасағандағы жағдайға сәйкес, яғни, егер біреу иддаты белгілі бір уақытта біткеннен кейін ол күнмен неке қияды деп сендірсе, күн мұны теріске шығарса, ал қожайыны жоғарыда келтірілген мәлімдемені растаса, онда күннің көрсетіліміне қарағанда қожайынның көрсетілімі жарамды болуы қажет. Дәл солай бұл жағдайда орын алып отыр.—Бұған біздің ғалымдар былай жауап береді: ражғаттың шындығы иддатқа негізделеді және иддат болған жағдайда ғана ражғаттың заңды күші бар болып есептеледі. Ал иддатына қатысты күннің мәлімдемесіне көңіл бөлінуі қажет болғандықтан, онда ол иддатқа негізделгенге де қатысты көңіл бөлінуі қажет. Бірақ егер күн өзінің қожайының күйеуінің мәлімдемесін теріске шығарғандығын растаса, онда күннің қожайының теріске шығаруы, екі шәкіртінің пікірі бойынша (және Риуаяти-Салихинде жазылған Ханифаның пікірі бойынша) жарамды болуы қажет. Өйткені оның иддаты одан әрі жалғаспады, ал мутғаның немесе сыйлықтың құқығы әйелдің қожайынына көшеді. Сондықтан әйелдің мәлімдемесі оның қожайынына болған нұқсанмен жарамды болмауы қажет. Себебі бұл жағдайда әйел күдікке алынады. Бұл қожайынның күйеуінің мәлімдемесін растап, иддат кезінде ражғаттың болғандығын мойындайтын алдыңғы жағдайға қарама-қарсы, мұнымен күннің қожайының өзінің билігі жойылады. Соған сәйкес, әйелдің теріске шығаруы оның құқығына нұқсан келтірмейді. Сондықтан бұл теріске шығару жарамды болуы қажет. Алайда, егер бұл жағдайда күн өзінің иддаты бітіп кеткендігін сендіретін болса, ал күйеуі мен қожайыны иддаттың әлі бітпегендігін айтатын болса, онда күннің мәлімдемесіне сену қажет. Өйткені әйел бұл жағдай туралы ол өзі ғана нақты біле алады және бұл мәселеге қатысты әйелдің мәлімдемесі ғана сенуге тұрарлық жалғыз болып табылады.

Ражғаттың күшке ену мерзімі жөнінде.—Талақтан кейінгі үшінші етеккір аяқталуы он күнге не одан да ұзаққа жалғасса, онда бұл аяқталғаннан кейін, тіпті әйел кәдімгі жуынуды жүзеге асырмаса да, ражғат өз күшіне ене алмайды: бірақ егер бұл етеккір он күннен аз уақытта аяқталса, онда ражғат кәдімгі жуынуудан кейін немесе намаз уақыты келгеннен кейін күшке енбейді. Бұл қағида етеккірде тазару он күннен аспаған жағдайға негізделеді. Сондықтан ол одан әрі жалғасқанда, әйел қан тоқтаған сәтте тазарған болып есептеледі және осы сәтпен анықталады. Соған сәйкес, ражғаттың заңды күшке енуінің соңғы мерзімі және егер етеккірдің аяқталуы он күннен азырақ уақытта тоқтаса, онда біраз уақыттан соң ол қайта пайда болуы мүмкін. Сондықтан одан тазару да кәдімгі жуынудың аяқталуына дейін орын алған болып есептелмеуі керек және сол сияқты. Жоғарыда келтірілгеннің барлығы тек мұсылман әйелдеріне қатысты. Ал кітаб әйелдері (христиан) жайлы айтар болсақ, олар үшін ражғаттың күшке енуінің соңғы мерзімі талақтан кейінгі үшінші етеккірдің аяқталуы болып табылады, тіпті бұл етеккір он күннен азырақ уақыт болса да. Өйткені ол әйелдер үшін етеккір қаны тоқтаған сәттен бастап тазарған болып есептеледі. Өйткені, біздің барлық ғалымдарымыздың пікірі бойынша, осы пәнге қатысты заң ұйғарымдарына міндетті түрде сәйкес болып есептелуі мүмкін емес.

Әйел таяммум алып, кәдімгі намаз оқығанмен ражғат өз күшіне енген болып есептелмейді. Заңның дұрыс талқылауына негізделген Әбу Юсуфтың пікірі осындай.—Мұхаммед таяммум алынғаннан бастап, ражғат өз күшіне ене алмайды. Бұл

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

пікір аналогия бойынша түсіндірілуге сәйкес. Өйткені таяммум су жоқ болған кезде, жуынудың орнын басушы жуынумен тең болады.—Ханифа мен Әбу Юсуф құм мен шаң тазартушыға қарағанда, керісінше ластаушы болып есептелетіндігін айтып бұған қарсы шығады. Әсіресе екіншісі денеге жабысады. Ал олармен денені сүрту қажеттілік жағдайда ғана тазару мақсатында қолданылады. Ол намаз уақыты кірмейінше жүзеге аспайды. Қажеттілік кезде белгіленген нәрсе, өз әрекетінде сол қажеттілікті тудыратын жағдаймен шектеледі. Ал сондай жағдай бұл жадайда иддат емес, намаз болып табылады.—Кейбір ғалымдар, екі шәкірттің пікіріндей, ражғат белгіленген намаз басталғаннан кейін өз күшіне ене алмайтынынын айтады. Ал басқа ғалымдар ражғаттың өз күшіне енуі намазды қайталауды талап ететін қағида қолданылуы үшін намаздың аяқталуымен бола алмайды дегенді айтады.

Әйел жуынған кезде, денесінің қандай да бір бөлігін қалдырып кетсе және егер ол бөлік толық бір бөлік болса (мысалы: қол, аяқ және сол сияқты), не одан да көп, онда ражғаттың күшке енуі орынды болады. Бірақ егер жуылмай қалып қойған дене бөлігі кішірек болса (мысалы: саусақ), онда ражғат бұдан әрі өз күшінде бола алмайды. Хидая кампиляторы (авторы) мынаны айтады: бұл қағида заңды дұрыс түсіндіруге негізделген. Өйткені аналогия бойынша, егер жуыну кезінде ұмытшақтықтан толық бір бөлік мүше жуылмай қалып қойған болса, онда ражғат енді күшіне ене алмайды. Өйткені әйел жуғанда өзінің денесінің көп бөлігін жуды. Ал бізге мынадай ереже белгілі, көп бөлік толықтыққа тең. Және бір жағынан аналогия бойынша талқылауды ұстанатын болсақ, дененің тұтас бүлігінен аздау бөлігін жумай қалдырып алу ражғаттың күшке енуіне себеп болу керек еді. Өйткені джинаят пен етеккірден тазару туралы заңдар бөлінуге жол бермейді. Соған сәйкес, ражғаттың күшке енуі бөлікке қатысты болса, онда ол тұтастайға да қатысты орын алуы қажет, мысалы, намаздың еркіндігінде. Бір сөзбен айтқанда, аналогия бойынша екі жағдайда да бірдей қағида қолданылуы үшін талқылауды талап етеді. Заңның дұрыс талқылауына негіз болған нәрсе мынадай жағдай, тұтас бір мүшеден азырақ кез келген бөлік тез құрғап кетеді, әсіресе ыстық күнде. Сондықтан да ол бөліктің де басқа мүшелермен бірдей жуылмағандығына ешкім сенімді бола алмайды. Бұл болса, ражғаттың күшке енуінің басталуының аяқталуына негіз болып табылады. Ал тұтас бір мүше тез кеуіп қалуы мүмкін емес, ал, дәл солай, жуыну кезінде үлкен бөліктің қалып қоюы ұмытшақтық деп айтыла алмайды. Әбу Юсуфтың мына бір пікірі белгілі: ауыз бен мұрынды жууды ұмыту толық бір мүшені жумай қалдырғанмен тең. Бірақ оның басқа бір пікірлері бойынша, бұл бөліктер ол бөліктер толық мүшеден аздау болып есептелуі қажет (бұл пікірді Мұхаммед те ұстанады), Өйткені Аллаһтың осы бөліктерді жууға қатысты әмірі жөнінде түрлі пікірлер бар.

Күйеуі некеде әлі қосылмаған әйелін, егер ол әйел баланы күйеуіне тиесілі ете алатындай мерзім аралығында дүниеге бала әкелсе, ажыратылған әйелін кері қайтарып ала алады.—Егер күйеуі жүкті әйеліне талақ берсе, немесе босанған әйеліне талақ берсе және ол әйелімен ешқашан жыныстық қосылмағандығын айтса, ол сонда да әйелін кері қайтарып ала алады. Өйткені жүктілік күйеуінің осы жүктілікке себепкер болатындай мерзім аралығында болғандықтан, онда ол күйеуіне тиесілі болады. Ал бұл жағдай оның өзінің ажырасқан әйелімен жыныстық қосылғандығына меңзейді, мұнымен ражғат құқығы белгіленеді. Өйткені талақ жойылған болып көрінеді. Әйелі

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

туған бала күйеуіне тиесіленгенде де, осындай байланыс орнатылады. Ал әйелі екеуінің арасында жыныстық қосылу болғаны анықталғандықтан, демек, талақ жойылатын болып есептелуі керек. Күйеуінің екі жағдайда да мәлімдемесінің заңды күші жоқ. Өйткені заң мұндай мәлімдемені теріске шығарады. Өйткені әйелінің жүктілік фактісін немесе бала туылғандағы фактіні күйеуімен жыныстық қосылу актісіне жатқызса, әйелдің некесі орнатылады. Ал соған сәйкес күйеуінің а fartioгі ражғатына құқығы да белгіленеді. Және мына нәрсені айта кету керек: бала босанған әйеліне берілген талақтың астарында босанғаннан кейін берілген талақ меңзеледі. Өйткені егер бала талақтан кейін туылғанда, онда мұнымен әйелдің иддаты біткен болар еді. Соған сәйкес, ражғатқа орын болмас еді.

Әйелімен ешқашан жыныстық қатынасқа бармағандығын мойындайтын күйеу, әйелімен белгіленгендей жеке қалса да, ражғатқа құқығы жоқ.—Егер күйеуі әйелімен жалғыз екеуі ғана жеке жерде қалса, мұндай жеке қалу хилуати-сахихқа жатады және сосын күйеуі оған талақ беріп, әйелімен жыныстық қатынасқа бармағандығын айтса, онда күйеуінің ражғатқа құқығы болмайды. Егер ол қосылғандығын мойындағанда, өзіне тиесілі ражғатқа құқығы болар еді. Бірақ ол қосылу болмағанын айтады, және оның бұл сөзіне сену қажет. Өйткені осындай мәлімдемемен ол өзінің құқығына нұқсан келтіріп отыр және заң оның бұл мәлімдемесін теріске шығармайды. Өйткені әйелдің веноға құқығы веноға иеленуге кіруге емес, некенің объектісі күйеудің билігіне берілген. Бұл алдыңғы заңның күйеуінің мәлімдемесін қабылдауға қарсы тұратын жағдайға қарама-қарсы.

Егер күйеуі әйеліне хилуати-салихадан кейін талақ беретін болса, содан соң кері қайтарса және әйелімен жыныстық қатынасқа бармадым деп тұрып алса, ал әйелі талақ берілген күннен бастап, екі жылдық аралық бос уақыт аяқталғанға дейін бір күн бұрын босанып қойса, онда күйеуінің мәлімдемесіне қарамастан, ражғаттың заңды күші бар. Өйткені оған баланың туылғаны жүктелуі қажет. Өйткені әйел өзінің иддаты біткендігі жайлы мәлімдемеген болатын және баланың жатырда сонша ұзақ уақыт болды деген болжам жасалады. Сондықтан күйеуі талаққа дейін әйелімен жыныстық қатынасқа барған болып есептеледі. Өйткені, егер әйелдің жүктілігі жыныстық қатынаста болды деген болжам талақтан кейін айтылса, онда талаққа дейін болмаған сияқты неке талақпен толығымен бұзылар еді. Әрине, мұндай жыныстық қатынас заңсыз болып табылады, ал мұсылмандар заңсыз ештеңе жасамайтын болып саналады.

Ражғат бала туылуымен белгіленуі мүмкін.—Егер күйеуі әйеліне талақ беруді баланың туылуымен шарттаса, әйелі балсын босанса, содан соң тағы біреуін алты айдан кем емес, бірақ бірінші баланың туылғанынан бастап екі жылдық мерзім бітпегенше дүниеге әкелсе, егер әйел өзіне міндет болған (талақ нәтижесінде) иддаты біткені жайлы мәлімдемесе, ауыртпалық шешілгеннен кейін, онда бұл жағдаймен ражғат белгіленеді. Ал екінші баласына күйеуінен иддат кезінде ұрықтанған болып есептеледі. Бұл оның тарапынан талақты формальді түрде жоюмен тең.

Егер күйеуі әйеліне: «Әр бала туған сайын, сен талақсың»,—десе, әйелі араға ауыртпалықтан жеке-жеке үш рұқсатпен үш бала дүниеге әкелсе (яғни, әрқайсысының араларында алты ай мерзіммен болса), онда ражғат екінші баланың тууымен белгіленеді, ал дәл солай үшінші бала туғаннан кейін де болады. Өйткені бірінші баланың тууының нәтижесінде талақты білдіреді және иддатты міндеттейді. Ал екінші

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

баланың тууымен бала иддат кезде ұрықтанды деген негізде ражғат орнатылады. Бұл жерде екінші талақ орын алады, өйткені күйеуі: «Әрбір бала туған сайын»,—деп талақты бала тууымен шарттаған және иддат осы екінші талақтың нәтижесі болып табылады. Үшінші баланың тууымен дәл алдыңғы жағдайдағыдай ражғат тағы да орнатылады, үшінші талақ та екіншісі сияқты орын алады. Бұл жағдайда иддат айлық тазаланумен есептелуі қажет. Өйткені әйел жүкті емес, керісінше соған тартылады. Бұл уақытта оның үстіне әр талақ белгіленген.

Жойылатын талақта отырған әйел әсемдік бұйымдар таға алады.—Жойылатын талақта отырған әйелге өзінің күйеуі үшін некесі заңды болғандықтан әсемденуіне рұқсат етіледі. Өйткені бұл неке мүлдем бұзылған жоқ; ражғат жақсы нәрсе болғандықтан, сырт келбетін әсемдеу күйеуінің құштарлығын оятуы мүмкін болғандықтан, бұл заңмен рұқсат етіледі.

Күйеуі жойылатын талақ берілген әйеліне өзінің ниеті жайлы алдын ала ескертпейінше жақындамауы қажет.—Күйеуі жойылатын талақта отырған әйеліне оған ниеті жайлы алдын ала ескертпейінше жақындауға болмайды. Тым болмағанда, әйел оның аяғының дыбысын естуі қажет, өйткені ол әйелін түнде ражғатқа себеп болатын жасырын дене мүшелерін киімсіз көріп қоюы мүмкін. Мұның бәрі күйеуі ражғатты қаламаған жағдайда істеледі және әрбір себеп оған жаңа талақ беруге түрткі болып табылғанда.

Талақ берілген әйел ражғат орнатылмағанша, күйеуі оны алыс сапарларға алып кете алмайды.—Күйеуі егер әйеліне жойылатын талақ берсе, ражғат орнату үшін куәгерлер әкелмегенше өзімен бірге алыс сапарға алып кете алмайды.—Зуфар бұл жайында, күйеуі әйелін мұндай жағдайда ұзақ сапарға алып кете алады, өйткені олардың некесі әлі жалғасуда дегенді айтады. Ханифаның пікірі бойынша, мұны негізге ала отырып, ол әйелімен жыныстық қатынасқа да бара алады дейді.—Біздің ғалымдар бұл жөнінде екі түрлі пікірді айтады; біріншіден, олар Аллаһтың: «Не берите их из их жилищ»—деген сөзіне жүгінеді. Ал бұл мәтін болса, жойылатын талақтағы әйелге қатысты, ал оларды алыс сапарға алып шығау—оларды үйлерінен алып шығумен тең, сондықтан да бұл заңды емес; екіншіден, иддат аяқталмай тұрып жойылмайтын талақтың уақытын созуға жалғыз себеп әйелін қайтадан кері алуға деген күйеуінің ниеті болып табалады. Бірақ ол мұны иддат бітпегенше істемесе, демек, оның мұндай қалауы да, ниеті де болмаған, талақ айтылған уақыттан бастап өз күшіне енген. Соған сәйкес, әйелі күйеуінен сол сәттен бастап алыстатылады. Егер бұл талақтың формуласының әрекеті иддатпен шектелсе, онда бірінші иддат біткен соң екінші иддатқа қажеттілік туындар еді. Бұдан байқайтынымыз, талақ түскеннен бастап әйелі өзінің күйеуіне бөтен болып табылатындықтан, талақ формуласы айтылғаннан кейін күйеуі ражғат орнатуға куәгерлер алып келмейінше, оны өзімен бірге сапарға алып кете алмайды. Сол арқылы иддат жойылып, некелік байланыс қалпына келтіріледі.

Жойылатын талақ жыныстық қатынастың заңсыздығын білдірмейді.—Біздің ғалымдарымыздың пікірі бойынша, жойылатын талақ берілген әйелмен жыныстық қатынасқа түсу заңсыз болып табылмайды.—Шафи болса, мұндай кезде қосылу жойлатын талақ берілгеннен кейін некелік байланыстың бұзылуымен заңсыз болады дегенді айтады.—Біздің ғалымдарымыз жойылатын талақ айтылғаннан кейін некелік

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

байланыс жалғасады дегенді дәлелдейді. Өйткені күйеуі оны әйелінің еркінен тыс, ерекше қамқорлықпен, ражғат құқығы бойынша, талақ бергеніне ұялып, үш жағдайда берілгендей, әйелін қайтарып ала алуы үшін оны өзіне қайтарып ала алады. Бұдан шығатыны, ол әйелін кері қайтарып алады, демек, ражғат жаңа неке емес, некенің жалғасы екендігін дәлелдейді. Өйткені ешкім де әйелдің еркінен тыс некеге тұра алмайды. Ал Шафидің «неке аяқталуымен талақ формуласымен некелік байланыс бұзылады» деген сөзіне келер болсақ, бұған былайша жауап беруге болады: барлық ғалымдардың пікірі бойынша, некенің аяқталу күйеуге деген қамқорлық себепті бұл түрткі әрекеті иддат біткенге дейін созылады.

Бөлім. Талақ алған әйелдің өз күйеуіне заңды болатын жағдайлар жайында

Күйеуі бір не екі жойылмайтын талақ берілген әйелімен некеге тұра алады. Үштен аз жойылмайтын талақ берілген жағдай болған жағдайда күйеуі әйелімен қайтадан некеге не иддат кезінде, не иддат аяқталғаннан кейін тұра алады. Өйткені некелік байланыс үшінші талақпен шартталып, үзілді-кесілді бұзылғанға дейін жалғаса береді. Соған сәйкес, мұндай неке үшінші талақ берілгенше заңды болып қала береді.

Қарсылық.—Егер бір не екі жойылмайтын талақ берілгеннен кейін некенің заңдылығы жалғасып жатса, онда бұдан шығатыны, күйеуінен басқа ер адам да талақ берілген әйелмен иддаты кезінде заңды түрде некеге тұра алады.

Жауап.—Иддат кезінде әйелдің басқа біреумен некеге тұруға туулуы мүмкін болған бала пайда болуына қатысты күдікке апаратыны себепті тыйым етіледі. Бірақ күйеуімен некеге екінші рет тұруда мұндай кедергі жоқ.

Бірақ егер әйел үш талақ алған болса, онда күйеуі әйел басқа ермен некеге тұрмайынша, әйелімен неке қия алмайды.—Егер күйеуі басы еркін әйеліне үш талақ берсе, немесе күніне екі талақ берсе, онда ол қайтадан заңды түрде әйел басқа ер адаммен некеге тұрып, белгіленгендей жыныстық қатынасқа түспейінше, онымен некеге тұра алмайды. Ол үшін сосын әйелдің екінші күйеуі оған талақ беріп, немесе қайтыс болса, содан соң белгіленген иддатты күтуі тиіс. Бұл Аллаһтың мына сөздеріне негізделеді: «Егер де ол әйелімен ажырасар болса, онда әйелі бұдан кейін» (яғни, үшінші талақтан кейін), «басқа күйеуге тигенше оған заңсыз болып саналады». Мұндай жағдайда күнге берілген екі талақ басы еркін әйеліне берілген үш талақпен тең. Өйткені барлық жария болған құқықтар мен артықшылықтар күндер мен құлдарға олардың заңдық жағдайларына сәйкес, мұсылмандық заңның анықтамасымен тек жартылай ғана тиесілі. Бұдан байқайтынымыз, күнге берілген бір жарым талақ еркін әйелге берілген үш талаққа тең болып есептеледі. Бірақ талақ бөлінбейтіні себепті күнге екі талақ беріледі. Ал екінші күйеуімен некеде белгіленген қосылуға келер болсақ, ол қағида жоғарыда келтірілген мәтіндегі «никах» (неке) сөзі жыныстық қатынас мағынасында қолданылған (бұл сөз екі түрлі мағынаны білдіру үшін қолданылады: бір жағынан жыныстық қатынас, екінші жағынан еркек пен әйелдің заңды бірігуі туралы түсінік. Қарастырып отырған жағдайда бұл сөз бірінші мағынасында қолданылған). Бірақ егер тіпті қарастырылып отырған мәтінде «никах» сөзі некелік келісімшарт мағынасында қолданылды деген күннің өзінде де, екінші некеде жыныстық қатынастың болу шарты Пайғамбарымыздан жеткен хабарға

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

негіздеуге болады: үш талақ берілген әйелі басқа ер адамға күйеуіге шығып, ол жамылғысын көтергеннен кейін оған талақ берген әйелімен екінші рет некенге тұру құқығына қатысты сұрағанда, Пайғамбар ол адамға: «Ол әйел екіншісінің құшағына енбейінше, бірінші күйеуіне заңды болмайды»,—деп жауап береді. Алайда бұл шартты орындау үшін ұрықтың шығуы емес, тек еркектік мүшенің жатырға енгізілуі талап етіледі. Өйткені жоғарыда келтірілген хабар мүшенің жатырға енгізілуі деген мағынада ғана түсінілуі қажет. Талақ етілген әйел өзінің бірінші күйеуімен қайтадан заңды түрде некеге тұра алу үшін екінші некеде қажет болған қосылу характері.—Аралық некеде белгіленген жыныстық қатынастың заңдылығына қатысты жыныстық жетілмеген бозбала кәмелетке толған еркекпен теңеледі, яғни, егер күйеуі әйеліне үш талақ беріп, сосын әйел иддаты біткеннен кейін кәмелетке толмаған бозбаламен некеге тұратын болса, ол онымен жыныстық қатынасқа түссе, онда ол қайтыс болғанан кейін, немесе талақтан кейін әйел өзінің бірінші күйеуіне қайтадан заңды болады. Өйткені заңмен белгіленген шарт, яғни, еркектік мүшенің жатырға енгізілуі заңды неке күшіне сәйкес орындалған болып есептеледі.—Маликтің айтуынша, ересек еркекпен жыныстық қатынасқа түсу міндетті шарт болып есептелуі қажет. Өйткені ол әлі жыныстық жасы жетілмеген болса, онда әйел онымен қосылуды сезінбейді немесе байқап көре алмайды (яғни, мұндай қосылудан ләззат ала алмайды). Демек, соған сәйкес, заң талап ететін шарт орындалған болып есептеле алмайды. Алайда неке жайындағы кітапта келтірілген жағдай Малик жасаған бұл айырмашылықты теріске шығарады. Джами-ус-Сағирда жыныстық жасы жетілмеген, бірақ алайда жыныстық қатынасқа түсуге қабілеті бар бозбала мурахик деп аталатынын айта кету керек. Осындай бозбала өз әйелімен жыныстық қатынасқа түскенде, онда осы соңғысына құсыл міндет болады және осындай қосылудың нәтижесінде әйел өзінің бірінші күйеуіне қайтадан некеде заңды болады, егер ол оған үш талақ берген болса.

Мухарикпен қосылу әйелдің бала туғызатын мүшенің эрекциясы салдарында нәпсіқұмарлық пен қозғандықтың нәтижесі болып табылады. Мына нәрсені айта кету керек, белгіленген ғұсылдың әйелге міндетті болуының тек бір себебі, баланың еркектік мүшесінің әйелдің жатырына енгізілуі әйелдің ұрық шығаруына алып келеді. Мұндай ғұсыл тек әйел толық жетілген болса ғана қажет болып есептеледі. Ал ұл балаға мұндай құсыл міндетті емес. Өйткені оған мұндайды жасау қажеттілігі туындаған жоқ. Бірақ, алайда ұл балаға мұндай құсыл тек оны жақсы әдетке үйрету үшін ғана талап етіледі.

Күйеуінен екі талақ алған күн өзінің қожайынымен қосылған жағдайда күйеуі үшін қайтадан заңды бола алмайды. Өйткені мұндай жағдайдың заңдылығы үшін қажетті болған нәрсе, неке, дәл қарастырылып отырған жағдайда жоқ болып тұр.

Егер екінші неке тек бірінші күйеуімен некесін заңдастыру мақсатымен қиылса, бұл нәрсе құпталмайды; бірақ дегенмен мұндай некенің нәтижесінде де әйел өзінің бірінші күйеуіне заңды болады.—Егер ер адам өз күйеуінен үш талақ алған әйелмен тек сол талақ берген күйеуіне заңды ету үшін некеге тұратын болса, мәселен ол: «Мен сенімен некеге тек қана сені бірінші күйеуіне заңды ету үшін ғана тұрамын» десе немесе әйел ол еркекке: «Мен сенімен тек қана өзімнің бірінші күйеуіме заңды болу үшін ғана некеге тұрамын» десе, онда мұндай неке пасықтық болады. Өйткені мұндай

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

екінші күйеу мухаллил немесе заңдастырушы деп аталады. Ал Пайғамбар: «Мухаллил немесе мухаллилун-лахқа Аллаһтың лағынеті болсын»,—деген. Дегенмен, егер неке осындай шартпен қиылған болса, және олар белгіленгендей қосылса, содан соң күйеуі талақ берсе, онда әйел иддаты біткен соң қайтадан өзінің бірінші күйеуіне заңды болады. Өйткені неке некедегі қосылудан кейін ғана заңды болады. ал қарастырылып отырған жағдай мұндай қосылу орын алды.

Әбу Юсуфтың мынадай пікірі белгілі, мұндай некенің заңды күші жоқ. Өйткені бұл неке «никах-мууаккатқа» сай келеді немесе уақытша неке сияқты болып қалады. Өйткені күйеудің: «Мен сенімен некеге тек қана сені бірінші күйеуіне заңды ету үшін ғана тұрамын» деген сөзі мынадай мағына береді: «Мен сенімен некеге белгісіз мерзімге дейін емес, тек екуіміздің арамызда болатын жыныстық қатынас аяқталғанша ғана тұрамын» деген сөз. Сондықтан мынадай: «Мен сенімен бір ай көлеміндегі мерзімге дейін ғана некеге тұрамын»,—деген сөзбен тең және сол сияқты. Ал мұндай некенің заңды күші жоқ болғандығы себепті әйел өзінің бірінші күйеуіне заңды бола алмайды. Бұған жауап ретінде біздің ғалымдарымыз мынаған сүйенеді, некені қандай да белгілі бір уақыт аралығына шектеу неке қиюшы екі жақтан да келтірілмейді. Ал дәл бұл жағдайда ер адам әйелмен тек некеде болатын нәрсе үшін (яғни жыныстық қосылу үшін) ғана некеге тұрады. Сондықтан мұндай неке уақытша неке анықтамасына сәйкес келмейді.

Мұхаммедтің мұндай неке жоғарыда келтірілген талқыларға сәйкес заңды әрі дұрыс болып есептелуі қажет деген пікірі белгілі. Бірақ дегенмен, мұнда некенің нәтижесінде әйел өзінің бірінші күйеуіне заңды болмайды. Өйткені екінші күйеуі жағдайды тездеткісі келеді. Ал заң бойынша ол үшін белгілі бір уақыт керек (ал нақты, заңның тура мағынасында айтар болсақ, әйел өзінің бірінші күйеуіне қазіргі күйеуі қайтыс болғаннан кейін ғана заңды болады). Сондықтан да өз ниетін жоюда лайықты жазасын күтеді (өз әйелін бірінші күйеуіне заңды ету үшін). бір адамның мұрагері болатын адамды өлтіру кезінде мұра алу құқығы жойылатын сияқты. Өйткені бұл жағдайда кісі өлтіруші болатын жағдайды заң бойынша белгіленген мерзімді заңсыз түрде тездеткісі келеді. Ондай адам өз ойының жүзеге аспағанына жазасын алады (нақтырақ айтсақ, ол өлтірген адамнан дереу мұра алуы). Бұл пайымдама осы жағдайға да келеді.

Бірінші күйеуі әйелін аралық неке жолымен қайтарып алған соң қайтадан талақ айтуға қатысты әйеліне толық құқығы пайда болады.—Егер күйеуі өзінің әйеліне бір не екі талақ беріп, сосын иддаты біткен соң әйелі басқа біреумен некелессе, содан соң қайтадан өзінің бірінші күйеуіне қайтса, онда күйеуі тағы да әйеліне үш талақ беру құқығына ие болады. Өйткені алдыңғы бір не екі талақ аралық неке себебінен заңды әрекеті тоқтап, мүлдем жойылған. Осындай аралық неке себебімен үш талақ та жойылатыны сияқты дәл солай бұл жағдайда да болады. Екі үлкен ұстаздың ілімі бойынша осылай.—Мұхаммед болса, егер бірінші күйеуі үш талақтан аз талақ берсе, онда екінші күйеуімен болған неке бірінші күйеуі берген талақтарды жоймайды дегенді айтады.—Екі жақтың да дәлелдері араб тілінің идиоматикалық ерекшеліктерге негізделген.

Әйелдің өзін бірінші күйеуіне қайтадан заңды болғандығын мәлімдемесі қабылдануы қажет.—Егер күйеуі әйеліне үш талақ беріп, сосын әйелі нәтижесінде:

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

«белгіленген иддат аяқталған соң басқа еркепен неке қиғанын, онымен жыныстық қатынаста болып, талақ бергенін және осы екінші талақтан соң белгіленген иддатта болғандығын» айтса, және егер тек әйелге бірінші талақ берілген уақыттан әйелдің бұл айтқан мәлімдемесінде айтқандар орындалатындай уақыт өткен болса (яғни, бірінші иддат, екінші неке, екінші иддат) және күйеуі шынымен де әйелдің мәлімдемесінің растығына сенетін болса, онда бірінші күйеуі заңды түрде әйелдің мұндай мәлімдемесіне сеніп, әйелмен некелесе алады. Өйткені негізінде әйелдің мәлімдемесі орынды немесе бұл мәселе уақыт иелігіндегі нәрсе (еш еңбегі жоқ не Аллаһ алдында күнәсі жоқ), немесе заң принциптері қатысты іс (нәтижесінде осындай мәлімдемемен некенің заңдылығы шарттасады). Ал уақытша мәселедегі және рухани характердегі мәселеде бір адамның мәлімдемесіне сенуге болады. Егер әйелдің мәлімдемесіндегі жайттар орындалатындай уақыт өткен болса, әйелдің мәлімдемесін растауға тыйым да салынбайды және айыпталмайды.—Ғалымдар бұған қатысты мұндай мүмкіндікке жол беретіндей қысқа уақыт өту мәселесінде өзара келіспейді. Бұл мәселе төңірегінде иддат туралы тарауда егжей-тегжейлі түсіндірілетін болады.

VII ТАРАУ

ЙЛА ЖАЙЫНДА

Терминнің анықтамасы.—«Йла» сөзінің негізгі мағынасы «ант беру» дегенді білдіреді. Ал заң тілінде бұл терминмен әйеліне талақ берілген кезде басы еркін әйелімен төрт айдан аса уақыт, ал күн—әйелімен екі ай қосылудан өзін тыюда күйеуінің беретін антын атайды.

Йла орнатудың әдісі.—Егер күйеуі өз әйелімен мүлдем жыныстық қосылмайтынына немесе онымен төрт ай бойы қосылмайтынына ант етсе, онда мұнымен Аллаһтың: «Ер адам өз әйеліне қатысты ант (йла) ішкен кезде төрт ай бойы оны орындауы қажет»,—деген сөзі бойынша йла орнатылады.

Йланы бұзған жағдайда кәффарат міндетті болады.—Егер йла айтқан күйеуі ант бергеннен кейін төрт ай өткенше әйелімен жыныстық қатынасқа баратын болса, онда ол ант бұзушы болып табылады және оған кәффарат ету міндетті болып табылады. Мұндай ант бұзушылықтың нәтижесінде бұзылым себебінен ант жойылғандықтан йланың өзі де тоқтайды.

Бірақ егер йла сақталған болса, онда ол аяқталған соң оның нәтижесі жойылмайтын талақ болады.—Егер күйеуі йла айтқаннан кейін төрт ай әйелімен жыныстық қосылмайтын болса, онда қазының қаулысы арқылы некенің бұзылу—бұзылмағандығына байланыссыз жойылмайтын талақ болады. Шафидің айтуынша, қазының қаулысы міндетті, өйткені бұл жағдайда күйеуі әйелін некелік құқығына қатысты нәрседен ажыратып отыр (нақты айтқанда, жыныстық қатынастан). Сондықтан да дәл евнухтар мен еркектік күштен айырлғандардың жағдайындағы сияқты қазы некені бұзу кезінде орынбасары сияқты болады. Бір сөзбен айтқанда, Шафидің пікірінше, бұл жағдайда дәл тәннің әлсіздігі бар адамның не евнухтың жағдайындай, әйелдің некені бұзуды талап етуге құқығы бар. Ал қазының қаулысында нәтижесінде жойылмайтын талақ бар. Бұл мәселеде біздің ғалымдарымыздың екі түрлі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

дәлелі бар. Біріншіден, төрт ай бойы жыныстық қатынастан ұстанып жүрген күйеу өзінің әйеліне қатысты әділетсіздік істегендік, оны құқығы бар нәрседен айырғандық болады. Сол себепті заң оған қажетті жаза беріп, осы мерзім біткенше оны неке берекесінен айырады. Белгілі болғандай Осман, Али, Абдулла ибн Массала, Абдулла-Ибн-Аббаса, Абдулла-Ибни-Амр және Заид-Ибн-Сабит осындай пікірде. Екіншіден, ислам келмей тұрғанда йла талақ болып есептелді, тек кейіннен заң оның алдына шығып, бұл төрт ай аралығына кейінге қалдырылған талақ екенін білдірді; егер адам төрт ай ұстанамын деп ант етсе, онда ант сол мерзім аяқталған кезде аяқталады. Яғни, егер сол ер адам ақырында некеге тұрып, сол әйелмен жыныстық қосылса, онда ол антты бұзған болып есептелмейді. Өйткені ол тек уақытша ант берген болатын. Бірақ, егер ол жыныстық қатынастан біржола ұстанамын десе, онда оның анты өз күшінде қалады. Өйткені ол жалпы жағдайда айтылған, яғни ол төрт ай аралығымен шектелмейді.

Егер неке бұзылғаннан кейін әйелімен қосылудан ұстанатындығына ант берген соң қайтадан әйелімен некеге тұрса, онда тағы да өз күшіне енеді. Соған сәйкес, осы жаңа некеде әйелмен жыныстық қатынаста болған соң күйеуі ант бұзушы болып есептеледі. Егер ол жыныстық қатынастан сақтанатын болса, онда қайтадан бұрынғыдай төрт ай өткен соң жойылмайтын талақ орын алады. Өйткені бұл антпен белгіленген міндет жалғасып жатады, себебі ант өзі жалпылама берілген. Ал жаңадан некеге тұру нәтижесінде әйелдің жыныстық қатынасқа деген құқығы қайта қалпына келеді, әрине бұл жерде күйеуінің де әділсіздігі қайтадан қалпына келеді. Сөйтіп әйелі белгіленген жыныстық қатынастан ажырайды. Бұл жағдайда йланы қайта қалпына келтіру екінші неке қиылуынан есептелуі қажет. Егер бұл ерке үшінші рет ол әйелмен некеге тұратын болса, онда қайтадан йла басталып, жоғарыда түсіндірілген себептер бойынша осы аралық уақытың жалғасуы егер күйеуі жыныстық қатынастан ұстанатын болса, төрт ай өткен соң қайтадан жойылмайтын талаққа әкелер еді. Бұл жерде айтылғанның бәрі ант еткен ер кісі онымен сол әйелдің басқа күйеуге шығып, аралық некеге тұрмай жатып, некеге тұрғандығына негізделеді. Бірақ егер осы уақыт аралығында ол әйел басқа еркекпен некеге тұрса, онда төрт ай жыныстық қосылудан ұстануға ант бергенге талақтың орны болмас еді. Өйткені анттың әрекеті тек бірінші не алғашқы инстанциядағы талақпен шектеледі. Себебі бұл жағдайда йла күйеу жағынан төрт ай аралығында жыныстық қосылудан ұстану талақты шарттағанға тең. Ал осы шарттың іске асуы дәл қазір бар некемен шектеледі. Онда бұл да осы жағдайға сәйкес келеді.

Бұл жағдай неке құқығын жою жағдаймен байланысты. Бұған қатысты Зуфар мен біздің ғалымдарымыздың арасында айырмашылықтар бар. Әйеліне: «Егер бұл үйге кірсең, сенде үш талақ болады» деген күйеуі ақырында әелді үш талақ формуласымен қайтарса және ол әйел қйтадан ол еркекпен некеге тұрса, содан соң күйеуі айтқан үйге кіретін болса, онда Зуфардың пікірінше, талақ болады, ал біздің ғалымдарымыздың талқылауы бойынша, алдыңғы тарауларда егжей-тегжейлі айтылып өткендей, олай болмайды.—Алайда айта кету керек, осы қарастырып отырған жағдайда талақ орын алмағанымен, бірақ антпен белгіленген міндетөз күшінде қалады. Өйткені анттың өзі жалпы мағынада айтылған болатын, сондықтан ол ешқандай

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бұзылыммен жойылмайды. Сондықтан егер нәтижесінде өз әйелімен жыныстық қатынасқа түсетін болса, онда ол антты бұзғаны үшін кәффарат етуі қажет.

Қосылудан ұстану анты төрт айдан аз болса, йла болмайды.—Егер күйеуі әйелімен төрт айдан аз уақыт аралығында жыныстық қатынастан ұстануға ант берсе (мысал, егер бұл мерзімді екі не үш аймен шектесе), онда бұл йла емес, өйткені Ибн Аббас әйелімен төрт айдан аз уақыт аралығында жыныстық қатынастан ұстануға берілген ант йла бола алмайды деген. Және сонымен қатар, әйелімен төрт не одан да көбірек ай жыныстық қатынасқа түсуден ұстанатын күйеу бұл әрекетіне ақталу үшін ешқандай кедергіге сүйене алмайды. Өйткені бұл мерзім үлкен болып табылады, сол уақыт аралығында қосылуға қандай да кедергі болуы мүмкін. Бірақ қосылуға кедергі төрт айдан аз уақыт аралығында да болуы мүмкін. Соған сәйкес, әйелімен осынша уақыт аралығында қосылудан ұстану нәтижесінде талақ орын алуы мүмкін емес.

Егер күйеуі әйеліне: «Аллаһпен ант етемін, сенімен екі ай бойы, одан кейін де екі айдан кейін де қосылмаймын» деп ант берсе, осымен йла орнатылады. Бұл жағдайға дәлел араб тіліндегі идиоматикалық екершеліктерге негізделеді. Бірақ егер ер адам: «әйелімен екі ай бойы жыныстық қосылмайтынына» ант етсе, содан соң бір күн үндемей, ал келесі күні қайтадан «әйелімен екі ай бойы, ол екі айдан кейін де тағы екі ай қосылмайтындығына ант етсе, онда мұнымен йла орнатылмайды. Өйткені екі ай жыныстық қатынасқа тыйым салынатын бірінші ант екінші анттан анық ерекшеленіп тұр. Сонымен екінші ант төрт айға созылады. Күйеуі үндемеген күн есептелмейді. Осылайша, оның антына йла орнатылуы қажет болған қосылудан ұстанудың толық және үздіксіз төрт айы кірмейді.

Егер ер адам «ол әйелімен тек бір күннен басқа, бір жыл бойы жыныстық қатынасқа түспейтінін» айтып ант етсе, онда осылайша йла орнатылмайды.—Бұл пікір Зуфардың талқылауына қарама-қайшы. Ол льготалық күнді жылдың соңына қояды. Бұл жағдайда жалдама жағдай арналогиясын қарастырады. Яғни, егер ер адам өзінің үйін жалдамаға басқа біреуге бір күннен басқа, бір жылға беруге келіссе, онда сол бір күн жылдың соңына көшеді. Зуфардың пікірі бойынша да осы қарастырып отырған жағдайда солай талқылау қажет, ал льготалық күнді бір мерзімге көшірумен төрт ай өткен соң йла орнатылады.—Біздің ғалымдарымыз бұған қарсы шығады. «Мавали» термині (йла айтушы) әйелімен төрт ай бойы сол үшін ешқандай шаршы сапқа түспей жыныстық қатынасқа түсе алмайтын адамға ғана қолданылады, мысалы, кәффарат; бірақ бұл жағдайда күйеуі ешқандай шаршы сапқа түспей-ақ әйелімен жыныстық қатынасқа түсе алады. Өйткені льготалық күн нақты белгіленбеген. Мысалы, льготалық күн қажеттілікпен жылдың соңына көшкенде, жалдама кезінде орын алады. Өйткені ант кезінде болмаса, осы жағдайға қатысты белгісіздік нәтижесінде бұл шарттың сақтамай жалдама келісімін жасау заңды күшінен айырылар еді. Бірақ егер ос антты айтқаннан кейін күйеуі әйтеуір бір күні әйелімен жыныстық қосылып, жылдың аяқталуына төрт ай немесе одан көп қалатын болса, онда осындай жолмен йла орнатылады. Өйткені льготалық күн онда өтіп кеткен болатын. Соған сәйкес, ерекшелік өз күшін жоғалтады.

Егер күйеуі Бассорда болып, ал әйелі Куфада болса, сосын күйеуі Куфаға бармайтындығына ант етсе, онда мұнымен йла орнатылмайды. Өйткені ол берілген

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

антын бұзбай және сол үшін ешқандай шаршы сапқа ұшырамай, әйелін Куфадан Бассораға әйкеліп, әйелімен жыныстық қосыла алады.

Қандай да бір кәффарат міндетіне байланысты айтылған қосылудан ұстану анты йланы құрайды.—Егер күйеуі ұстану антын беріп, оны бұзуын өзінің қажылығымен, оразасымен, садақасымен, құл азат етумен немесе талақпен байланыстырып, әйеліне: «Егер сенімен жыныстық қатынасқа түсетін болсам, онда мен ораза ұстауға міндеттімін» немесе: «садақа беруге міндеттімін» немесе: «қажылық өтеуге» немесе: «менің мына құлымды азат еттім» немесе: «сен талақсың» немесе: «менің пәленше әйелім талақ» деген сөз айтса, осындай формулалармен йла орнатылады. Өйткені бұл жағдайда жыныстық қосылуға ант шарттарымен кедергі қойылады. Себебі жоғарыда келтірілген кәффарат түрлері жыныстық қосылуға тыйым еткенге тең. Өйткені олардың барлығы да белгілі ыңғайсыздықпен немесе нұқсанмен байланысты. Әбу Юсуф бұған қарсы шығады. Жыныстық қатынасқа түсуді құлды азат ету шарттау әлі йланы орнатпайды. Өйткені күйеуі құлды сату арқылы бұл кәффаратан құтылып кетуі мүмкін. Содан соң бұзған анты үшін ешқандай кәффарат жасамай, жыныстық қатынасқа түседі. Бұған Ханифа мен Мұхаммед құлды сату дұрыс іс болып есептелмейді, өйткені сатып алушыны табу әрқашан мүмкін болмайды, сондықтан да мұндай қарсы шығудың күші жоқ.

Жойылатын талақтағы әйелге йланың күші жоқ.—Егер күйеуі жойылатын талақ алған әйеліне қатысты йла айтса, онда мұнымен йла орнатылады: бірақ егер жойылмайтын талақ алған болатын болса, онда йла орнатылмайды. Өйткені бірінші жағдайда некелік байланыс жоқ, ал екінші жағдайда неке ендігі бұзылып кеткен. Ал қасиетті жазбаларда ұстану антының объектісі ретінде ант берушінің әйелі бола алады.

Йла өз күшін жойылатын талақ алған әйелдің иддаты аяқталған соң айырылады.—Егер күйеуі жойылатын талақ алған әйеліне қатысты йла айтса және оның иддаты йла мерзімі аяқталғанша бітіп қалса, онда соңғысы өз күшін жояды. Өйткені әйел (иддат себебінен күйеуінен ажырап тұрғандықтан) одан әрі мұндай анттың объектісі бола алмайды.

Әйелмен некелеспей тұрып оған йла айтудың мәні жоқ.—Егер ер адам бөтен әйелге: «Аллаһпен ант етемін, мен сенімен ешқашан жыныстық қатынасқа түспеймін» немесе: «Сен мен үшін анамның арқасы сияқтысың» десе, содан соң ол әйелмен некелессе, онда йлаға да, зихарға да орын жоқ. Өйткені әйел олардың бұл сөздерді айтып жатқан әйелдері анау да, мынау да бола алмайды, себебі олар тек заңды әйелдері бола алады. Алайда, егер ер адам осындай ант бергеннен кейін әйелмен некеге тұратын болса және онымен жыныстық қатынасқа түссе, онда ол антты бұзғаны үшін оған қатысты өз күшін сақтап қалатын кәффарат өтеуі қажет. Күнге қатысты йла мерзімі екі айға анықталады: өйткені бұл аралық уақыт некені біржола бұзу үшін жеткілікті болып есептеледі. Осылайша, күнге қатысты йла мерзімі иддат кезіндегі сияқты басы еркін әйел үшін белгіленген мерзімнің жартысына тең.

Күйеуінен бөлек тұратын әйеліне қатысты айтылған йла ауызша жоюға болады.—Егер йланың ант берілген уақытта жыныстық қатынас жасауға күйеу жағынан не әйел жағынан кездейсоқ немесе табиғи кедергі болатын болса (мысалы, егер бірі науқас немесе екіншісі *ampervia socuntі* болса, немесе жыныстық қатынасқа түсіне алмайтын жасы кіші болатын болса, немесе йла үшін белгіленген осы уақыт

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

аралығында кездесе алмайтындай бір-бірінен алыс болса), онда: «Мен осы әйелге қайтып оралдым» деп йладан бас тарту күйеуінің қолында, осылай йла жойылады.—Шафи йла жыныстық қатынас жасау арқылы ғана жойылады деп сендіреді (Тахауи да осылай ойлайды). Өйткені егер жоғарыда келтірілген күйеуінің мәлімдемесі йланы жоюмен тең болса, онда онымен ант бұзылған болар еді. Соған сәйкес, кәффарат міндетті болар еді. Алайда бұлжағдайда оның қажеті жоқ. Біздің ғалымдарымыз ант бері арқылы өз әйелін ренжіткен, ол әйелмен белгіленген жыныстық қатынасқа түсуге тыйым салушы мавала оның құқығын ауызша оған осы жағдайда қандайға жол берілсе, сондай қанағат беруі қажет екендігін айтып қарсы шығады. Ал осындай мойындаумен оның көрсеткен зәбірі жойылатындықтан, онда ол онымен байланысты, нақты айтса, талақпен жазаланбайды.—Айта кету керек, егер қарастырылып отырған жыныстық қатынасқа кедергі йлаға белгіленген уақыт аралығында жойылатын болса, сосын мавали жағынан бұл антты ауызша жойғаннан кейін, онда бұл ауызша жою заңды күшінен айырылады, йланы шын жою үшін жыныстық қосылу қажет. Өйткені бұл жағдайда оны жою үшін әсерлірек әрекет қолдана алады. Себебі йла әрекеті әлі күшіне енген жоқ.

Талақтың екі мағынада айтылуы күйеудің талқылауындағы берген өз ниетіне қарай әрекет етеді.—Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен маған харамсың» десе, онда одан сол сөзді айтқан кездегі ниеті сұралады. Егер ол: «Мен бұл сөзіммен өтірікті айтқым келді» десе, онда оның мәлімдемесіне сену қажет. Өйткені оның ниеті олар айтқан сөздерімен сәйкес келіп тұр. (Кейбіреулердің пікірінше оның мәлімдемесі заң алдында қабылданбауы қажет). Өйткені оның сөздері ант болып отыр. Заңды нәрсені тыю антқа тең болады. Егер ол: «Мен талақты меңзедім» десе, егер ол үш талақты меңзеп тұрмаса, талаки-хинаята немесе тұспалды қарастырылғанда айтылғандай, онда бір жойылмайтын талақ болады. Ал егер ол: «Мен зихарды меңзедім» десе, екі үлкеннің пікірі бойынша, онда мұнымен зихар орнатылады.—Мұхаммед мұндай формуламен зихар туындамайтындығын, өйткені оның туындауы үшін күйеуінің өз әйелін өзінің әйел туыстарымен неке үшін тыйым етілген дәрежелерде салыстырғандығы қажет екендігін айтады. Ал ол бұл жағдайда байқалмайды.—Екі үлкен бұған қарсы келеді. Күйеуі харамдықты жалпылама жариялады. Ал зихар да тыйым етілгендікті көрсетеді (нақтырақ айтқанда, кәффарат аяқталғанша тыйым етілген жыныстық қатынас); ал жалпы айтылған жағдай қандай да бір анық шектеулі мағынада талқылана алады. Егер күйеуі: «Мен тыйым етілгенін меңзедім» десе, немесе: «Мен айтарлықтай ештеңе меңземедім» десе, онда оның сөздері ант бергенге тең. Соған сәйкес, онымен йла орнатылады. Өйткені біздің ғалымдарымыздың пікірі бойынша ант пен уәде қарастырылғанда көрсетілетіндей, анттың болмысы заңмен белгіленген нәрсені тыйым етумен көрініс табады.—Кейбір ғалымдар қалыптасқан дәстүрге байланысты тыйым етілгендікті күйеу жағынан соншалықты ниеті болмағанда, талақ мағынасында талқылайды.

VIII ТАРАУ

ХУЛЬА ЖАЙЫНДА

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Терминнің анықтамасы.—«Хульа» сөзің негізгі мағынасы «апару, алып кету» немесе «қазып алу, қазып шығару» деген мағынаны береді. Заң тілінде бұл терминмен ерлі-зайыптылар арасындағы мақсаты неке байланысын бұзу болатын, сол үшін әйелі күйеуіне өз мүлкінен белгілі өтем төлейтін келісімді білдіреді.—Джами-ур-Рамузсте келген хульаның анықтамасы осындай. Хульаны ақтайтын себептер немесе өтем үшін талақ.—Күйеуі мен әйелінің арасында қастық пайда болғанда, олар екеуі де неке қиылған кездегі келтірілген мақсат екеу арасындағы неке жалғасқанымен орындалмайтынын ойлауына негіз бар, онда әйел еш қымсынбастан күйеуінің билігінен күйеуінің босатуына итермелейтін өтем арқылы босап шығуға тырысуына болады. Аллаһтың сөзі бойынша: «Әйелге немесе оның күйеуіне өз өзін босатқаны үшін күнә болып есептелмейді», яғни, күйеуінің мұндай өтем алғанына, ал әйелінің оны бергеніне күнә жоқ.

Хульа бір жойылмайтын талаққа апарды.—Жоғарда айтылған өтем ұсынылған және қабылданған жағдайларда хульа қасиеті күшінде бір жойылмайтын талақ орын алады және әйелден хульа соммасында талап етілуі мүмкін. Өйткені Пайғамбар хульаның жойылмайтын талаққа апаратынын айтты: хульа сөзінің өзі талақ мағынасын береді. Сондықтан талақтың бұл түрі тұспалды талаққа жатқызылуы қажет. Ал бұл жойылмайтын талаққа апарды. Алайда хульа кезінде ниет аса қажет емес. Өйткені өтем айтылуында акттың өзі ниетке тәуелсіз жасалады және әйелді басқа жағдайда өзінің жеке қауіпсіздігі мен ыңғайлылығын болмағанда өз мүлкінің бөлігінен бас тартады деп ойлау мүмкін емес. Оған некені толығымен бұзғаннан кейін ғана қол жеткізуге болады. Жоғарыда келтірілгеннің барлығы қайтару күйеу жағынан емес, әйел жағынан болып отыр деген болжамға негізделген. Егер ол күйеу жағынан болса, онда ол әйелінен бірдеңе алғаны пасықтық болар еді. Өйткені қасиетті мәтінде: «Егер әйелдеріңді ауыстыру (яғни, біреуінен ажырасып, екіншісін алу) ниетіңіз болса, онда одан ештеңе алмандар» делінген. Бұған қоса, тек әйелін қыспаққа алу мақсатымен өз әйеліне талақ беруші күйеуі, сосын сол қыспақты күшейту арқылы әйелінің мүлкінің бір бөлігін тартып алуды көздейді. Егер әйел қайтаратын болса, егер күйеуі әйелінен әйелінен өзі бергеннен, ал нақтырақ оның анығын артық алатын болса, онда күйеуі пасықтық жасаған болады.— Джами-ус-Сагир бойынша, еге күйеуі тиесілі болғаннан артық алатын болса, онда оның мұндай әрекеті жария болады, өйткені жоғарыда келтірілген Құран мәтіні жалпылама берілген.

Бірақ бірінші пікір Пайғамбар жайындағы хабарға негізделген. Ол әйелге күйеуіне деген жеккөрінішін білдіріп, өзіне одан талаққа келіскені үшін өтем қалың малын бергізуіне кеңес береді. Бұған әйел: «Мен осыны беремін және одан да артғырақ» деп жауап береді. Бірақ оған Пайғамбар: «Одан артығырақ емес» дейді. Бұл жағдайда қайтару әйел тарапынан болды.—Алайда, егер күйеуі қалың малдан да көбірек алатын болса, онда заңның көзқарасы бойынша, мұндай әрекет құпталады. Қайтару әйел тарапынан болса да егер ол қандай да бір өтем алатын болса да дәл осылай құпталады. Мұндай талқылау қасиетті мәтінде екі жеке жағдай белгіленгендігіне негізделеді: біріншіден, хульаның заңдылығы заң көзқарасы бойынша және екіншіден, Аллаһ тағала алдында оның ерлі-зайыптылар арасында рұқсат етілетіндігі. Жоғарыда келтірілген хабардан көретініміз, егер қайтару әйел тарапынан болатын болса, қалың малдың көлемінен артық сомадағы хульа

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

күпталмайды; ал басқа жағынан, бұл мәтін қайтару күйеуі тарапынан болса, күйеуі, соған сәйкес, а *fortion* қалың малдан артық ештеңе алмау қажет екендігін көрсетеді. Сондықтан қасиетті мәтін мен жеткен хабар арасындағы қарама-қайшылық нәтижесінде қол жетушілік назарсыз қалады, және практикада заң көзқарасы жағынан хульа негізге алынады.

Әйелі хульа өтемі сомасында азаматтық талап іске тартылуы тиіс.—Егер күйеуі әйелі өтем беретін болса талақ беремін деген ұсыныс жасаса, ал әйелі бұған келіссе, онда талаққа орын жоқ. Ал әйелі осы өтем сомасында азаматтық талап іске тартылады. Бұған күйеуінің өзінің талақ беруге тікелей және шартты түрде мүдделі болып тұрғандығы негіз болады. Ал бұл жағдайда ол талақты әйелінің келісімімен шарттайды. Әйелі өтемге келіседі. Өйткені әйел өзінің жеке басына өзі иелік ете алады. Ерлі-зайыптылық иелік кек алу сияқты, тіпті ол мүліктен тұрмаса да, заңды түрде орнына өтем алуға құқықтардың бірі. Ал талақтың өзі, жоғарыда келтірілген себептер бойынша, жойылмайтын болады. Сондықтан хульа жеке тұлға үшін берілген айырбас болып түсініледі. Ал күйеуі мүлікке қатысты құқыққа кіргендіктен, онда өтем үшін әйел, екеуінің арасындағы құқықтар белгіленуі көрінісінде, өз жеке басы құқығын алады.

Әйелі өтемге хульа заңсыз зат талап еткен жағдай мен дәл сондай өтем үшін нақты білдірумен талақ талап еткен жағдай арасындағы айырмашылық.—Егер күйеуіне хульаға өтем үшін ұсынып отырған зат заңсыз мүлік болса (мысалы, егер әйелі күйеуінің өзіне шарап үшін хульа немесе шошқа үшін хульа беруін қаласа, ал күйеуі: «Мен мына шарап үшін хульаға келісемін» деп соған келіссе және тағы сол сияқты), онда жойылмайтын талақ орын алады. Бірақ күйеуі ештеңе алмауы қажет. Егер мұндай заңсыз зат талақ үшін нақты сөзбен ұсынылса, мысалы, егер әйелі өз күйеуінен осындай талақты бір кішкене бөшке шарап үшін алғысы келсе, күйеуі бұған: «Мен саған осы шарап үшін өтем етіп талақ беремін» деп келіссе және т. с. с., онда жойылатын талақ орын алады. Талақ бұл екі жағдайда да орын алу себебі, күйеуі оны әйелінің белгіленіп қойған келісімімен шарттады. Хульа мен талақ арасындағы айырмашылық, нақты айтқанда, мынадай келесі жағдайға байланысты: бірінші жағдайда, өтемнің жарамсыздығы нәтижесінде күйеуі айтатын «хульа» сөзі, кинаят немесе тұспалды талақ білдіру сияқты, өз күшінде қалып, жойылмайтын талаққа апарады. Ал екінші жағдайда, талақ сөзінің өзі айтылды, сондықтан жойылатын талақ болуы тиіс. Бұл жағдайда күйеуі әйелінен ештеңе ала алмайды. Өйткені оны алдайтындай, әйел анық ештеңе атаған жоқ. Сонымен қатар, әйел анық айтқан зат күйеуі тарапынан ол мұсылман болғандықтан заңды талап объектісі бола алмайды.

Әйелі нақты зат атамаған жағдайда да талап берілмейді. Өйткені әйел ол үшін жауапкершілік алмайды. Бірақ егер әйелі кейбір затты жалған атау бойынша анықтайтын болса (мысалы, егер әйел күйеуіне былайша: «Маған мына сіркесу кішкене бөшкесі үшін талақ бер» деп хульа ұсынса, нәтижесінде бөшкеде шарап екені анықталса), онда күйеуі әйелінен орташа сападағы әр түрлі мөлшерде сіркесуын ала алады. Өйткені күйеуі алданып қалды. Бұл жайт құл азат еткен жағдайға немесе бір кішкене бөшке шарап үшін өтем мукатабаға қарама-қарсы. Босатылған тұлға құл сияқты өз бағасы көлемінде босатушы тарапынан талапқа ұшырайды. Өйткені құл иеленушілік жекеменшігі бағалы нәрсені көрсетеді. Соған сәйкес, одан бас тарту

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

еріктілік болып есептеле алмайды. Ал әйеліне меншік құқығы некелік байланысты бұзған жағдайда бағаланған бағаны көрсетпейді. Өйткені бұл құқықты алған кездегі оның бағасындағы жалғыз себебі, оның маңыздылығы мен осы маңыздылықпен шартталған сол құқыққа құрметтілік болып табылады. Бұдан көретініміз, орнына еш өтемсіз бұл құқыққа қол жеткізу заңмен құпталмайды. Бірақ одан бас тарту оған деген құрмет болып есептелетіндіктен, мұндай құрмет көрінісінде ешкімге де мүліктік міндеттеуге себеп жоқ.

Хульа үшін өтем қалың мал сияқты заңды болғанның барлығынан құралуы мүмкін.—Қалың мал болып қабылдануы мүмкін болғанның барлығы хульаға өтем ретінде де қабылдана алады. Өйткені бағалы құны үшін орынды өтем көрсететін зат (нақты айтсақ, әйелге иелік еткен кезде әйелдің жеке тұлғасы), одан да үлкен дәрежеде бағаға берілмейтін зат үшін өтем ету орынды болып есептелуі мүмкін (нақты айтсақ, әйелді иеленуде құқығын жойған жағдайдағы әйелдің жеке тұлғасы).

Нақты белгіленбеген мүлік үшін өтемге талап ететін хульа жағдайы.—Егер әйел өз күйеуіне: «Менің қолымдағыға хульа бер» десе, күйеуі бұған келіссе, содан соң әйелдің қолында ештеңе болмағаны анықталса, онда талақ болады. Әйеліне ешқандай талап іс берілмейді. Өйткені әйел нақты әлдебір мүлікті анықтап айтып күйеуін алдаған жоқ. Бірақ егер әйел: «Менің қолымда тұрған мүлік үшін маған хульа бер» десе, күйеуі бұған келіссе, содан соң ақырында оның қолында ештеңе жоқ болғаны анықталса, онда әйел бұл жағдайда күйеуіне өзінің қалың малын қайтарып беруі қажет, өйткені жоқ мүлікті анықтау арқылы күйеуін алдады. Сондықтан күйеуі, шамасы, өтемсіз некелік иелену құқығынан бас тартуға келіспейді, ал әйел заңмен белгілі бір затты немесе соның құнын беруге міндеттеле алмайды. Өйткені ол заттың тегі де, кескіні де белгісіз. Дәл солайша, әйел өзінің жеке тұлғасының баға белгілейтін құны қайтаруға заңмен міндеттеле алмайды (яғни, оның махри–мнелясы). Өйткені некелік иелену құқығы жойылған кезде, әйелдің жеке тұлғасына баға белгіленбейді. Осы негізде әйел күйеуі оның жеке тұлғасы үшін иелік құқығына қол жеткізуіне күйеуін нұқсаннан сақтандыру үшін оның орнына бере алатынына төлеуге міндетті. Бұған қоса, егер әйел өзінің күйеуіне: «Қолымдағы даращманың орнына маған хульа бер» десе, және күйеуі бұған келісетін болса, содан соң ақырында әйелдің қолында ештеңе жоқ болып шықса, онда күйеуі әйелінен үш дарагим мөлшерінде талап етуіне болады. Бұл жағдайға дәлел араб тілінің идиоматикалық ерекшеліктеріне негізделген.

Қашқан құл үшін өтемде хульа жағдайы.—Егер күйеуі өз әйелімен хульа келісіміне түссе, ал оның өтеміне егер қашқан құл қайтарылады деген шарт қойылса, онда әйелі оны күйеуіне беру қажет. Ал керісінше болған жағдайда әйел мүліктік жауапкершіліктен босатылады, тым болмаса, әйел міндеттемеде болып есептелуі қажет немесе күйеуіне сол құлды беруі қажет немесе оның құнын ашалай төлеуі қажет. Өйткені хульа келісімі екі жаққа бірдей болып табылады. Осының ақырында, күйеуі өзінің некелік иелену құқығынан бас тарту үшін өтем алуы қажет. Екі жақтың да келісімі бойынша мүліктік жауапкершіліктен босату шарты құпталмайды, соған сәйкес, заңды күші жоқ. Алайда бұл хульа актісінің өзіне дейін қатысты емес. Өйткені мұндай күші жоққа шарт енгізу кезінде, ол заңды күшінен айырылмайды. Қарастырылып отырған жағдайда неке қию жағдай ұқсас. Егер ер адам қалың малға қашқан құл беретін болып келісіп, ұсталған соң әйеліне беріледі деген шартпен

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

әйелмен некеге тұрса, керісінше болған жағдайда күйеуі мүліктік жауапкершіліктен босатылады. Қалай болса да күйінің мойынында әйеліне мүмкіндік болғанда немесе өз әйеліне уәде етілген құлды беру, немесе әйеліне құлдың құнындай ақша беру міндет болып қалады.

Белгілі бір сомаға берілген хульа жағдайы.—Егер әйел күйеуіне: «Мені мың дарагимге ажырат» десе, күйеуі оған бір талақ берсе, онда әйелі оған мың дарагимнің үштен бірін төлеуге міндетті. Өйткені әйел осындай соммаға талақ талап ету арқылы ол осы сомманың үштен біріне әр талақты талап етеді. Алайда бір нәрсе айта кету керек, осындай жағдайда берілген бір талақ мүлікке берілген өтем сияқты жойылмайтын болып табылады.

Егер әйел күйеуіне: «Саған үш рет берілетін мың дарагимге мені ажырат» десе, онда Ханифаның пікірі бойынша, әйел ештеңе төлеуге міндетті емес және оны қайтадан кері ала алады. Шәкірттің екеуі де жойылмайтын талаққа мың дарагимнің үштен бірі үшін өтем орын алады, өйткені ауыстыру келісімі кезінде «төлеу бойынша» сөзі «үшін» сөзіне тең.—Ханифа болса, «төлеу бойынша» сөзі шартпен көрсетіледі, ал сол шарттың бөліктеріне сәйкес шартталған зат бөлінетін бола алмайды деп дәлелдейді. Өтем белгіленетін «төлеу бойынша» сөзінің «үшін» сөзіне қарама-қайшылығы осыда. Дәл осы жағдайда мүліктік міндет жоқ, сондықтан талақ нақты сөзбен болады (соған сәйкес, жойылатын).

Егер күйеуі әйеліне: «Өзіңді үш рет (төлеу бойынша немесе) үшін мың дарагимге ажырат» десе, әйел өзіне бір талақ айтса, онда әйелдің мұндай сөздерін ешқандай заңды әрекеті жоқ. Өйткені күйеуі некені өзі белгілеген соммадан төмен соммаға бұзғысы келмейді. Бұл жағдай хульа ұсынысы әйел тарапынан болған жағдайға қарама-қарсы (алдыңғы жағдайда сияқты), өйткені әйел, шамасы, күйеуінен орнына белгілі бір өзінің шығыны үшін өтемге талақ алғысы келеді. Соған сәйкес, әйел *a fortiori* оны белгіленген сомманың үштен бірін жұмсаған кезде алғысы келеді.

Егер күйеуі әйеліне: «Сен мыңнан бір дарагим төлеу бойынша талақсың» десе, және әйел бұған келіссе, онда талақ болады. Ал күйеуі күйеуі әйелінен сонша сома талап етеді. Және күйеуі: «Сен мың дарагимге талақсың» дегенде, және әйелі келіссе, бұған қоса талақ болса, ал әйелі мың дарагим төлеуге міндетті.—Алайда, бір нәрсені айта кету керек, екі жағдайда да әйелдің келісімі қажетті шарт болып табылады. Өйткені күйеуінің: «Сен бір мың дарагимге талақсың» деген сөзі мына мағынада: «Сен маған беруің қажет болған бір мың дарагим өтеміне талақсың». Ал оның: «Мен бір мың дарагим төлеу бойынша талақсың» деген сөзінің мағынасы: «Сен маған беруің қажет болған мың дарагим шарты бойынша талақсың» деген мағына береді. Бірақ бұл өтем әйелдің келісімінсіз әйелге міндетті бола алмайды. Бұған қоса, шартқа қойылған жағдай осы шартты алдын ала орындамайынша болмайды. Сондықтан бұл жағдайда талақтың күшке енуі әйелдің күйеуінің ұсынысына келісімімен шартталған. Қарастырылып отырған жағдайда келтірілген себептер бойынша талақ жойылмайтын болады.

Егер күйеуі әйеліне: «Сен талақсың және саған қарсы мың дарагим» десе, әйелі келіссе немесе бір адам өзінің құлына: «Сен боссың және саған қарсы мың дарагим» десе, құл келіссе, онда ол бос, ал әйелге қатысты талақ орын алады. Бірақ Ханифа пікірі бойынша, олар ештеңе төлемеуі қажет. Бұл ереже дәл осы қағида қожайынының

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

немесе күйеуінің ұсынысын құл немесе әйел келіспегенде қолданылмайды.—Екі шәкірт те құл мен әйел келіскен жағдайда олар ұсыныста айтылған белгілі көлемдегі сомманы төлеуге тиіс дегенді айтады. Бірақ егер олар келіспесе, онда талақ та болмайды, еркіндік те берілмейді. Олар күйеудің соңғы сөзі айырбас келісімінде қолданылатын формуланы білдіреді, ал айырбас келісімнің бір түрі болып табылатын хульа мен китабат келісімі мынадай болып қарастырылуы қажет дегенді дәлелдейді. Мысалы, жалдама кезінде, бір адам басқа біреуге: «Мына жүкті апарсаң диргам аласың» десе, онда оның бұл сөздері мынадай: «Мына жүкті диргам үшін апар» деген мағынаны береді.—Бұған Ханифа былай жауап береді, күйеуінің соңғы сөзі бірінші мағынадан мүлдем бөлек, сондықтан да егер осындай байланыс орнатылуы қажет екендігіне ештеңе көрсетілмесе, одан алдыңғы бөлікпен байланысты болмауы қажет. Бірақ осы жағдайда айтарлықтай еш мұндай байланысты көрсетпейді. Өйткені талақ сияқты құл азат ету де ешқандай айтарлықтай өтемсіз орын алады. Ал бұл сату немесе жалдау жағдайына қарама-қарсы, өйткені бұл келісімдердің ешқайсысын да мүліктік өтемсіз елестете алмайсың.

Қарап шешу құқығын күйеуіне қалдыруымен әйеліне жасалған хульа ұсынысының заңды күші жоқ.—Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен мың дарагимге ажыратылғансың, бірақ, осы талақты үш күн ішінде шешімін қарау құқығын мен өзіме қалдырамын» десе, ол келіссе, онда күйеуі бұл талақты қарап шешуді өзіне қалдырса, қарап шешудің заңды күші жоқ. Бірақ ол әйеліне берілсе, оның күші бар; егер әйел күйеуінің ұсынысын белгіленген үш күнде қабыл алмаса, онда хульаның заңды күші жоқ; егер әйел осы уақыт аралығында оны қайтармаса, онда талақ орын алады және әйелі күйеуі белгілеген соманы төлеуге міндетті болып қалады. Ханифаның ілімі осындай.—Екі шәкірт те көрсетілген қарап шығудың екі жағдайда да заңды күші жоқ екендігін және талақ болуы керектігін айтады. Әйелі күйеуінің белгілеген сомасын төлеуі қажет болған да солай. Өйткені қарап шығу құқығы келісімді орындаудың алдын алу мақсатымен емес, келісімді бұзу мақсатымен немесе басқа келісім жасаумен беріледі. Біріншісінің және екіншісінің тарапынан ұсыныс меңзелетін ер адам мен әйел адамдардың актісі ешқайсысы жағынан да соңы некенің бұзылуына апармайды: күйеуінің ұсынысы осы әрекет болмайды, өйткені ол айманмен немесе шартты антпен болады. Нәтижесінде ол белгілеген шарты мен салдары (нақты айтқанда, әйелі тарапынан келісімімен талақты шарттауы), ал анттың өзінде неке бұзудың салдары бола алмайды; әйелдің тарапынан болған келісім де осындай әрекеті болмайды. Өйткені ол анттың шарты болып табылады, ал анттың өзі некені бұзуға апармайтын болғандықтан, онда ол қойған шарт та мұндай әрекет ете алмайды. Осы себеппен екі жақтың қайсысы болмасын, қарап шешу ұсынысы бойынша заңды күші жоқ.

Ханифа бұған, әйел тарапынан хульа сатып алу–сату келісіміне тең дегенге қарсы шығады. Өйткені ол өтем үшін мүлікті табыстау болып табылады. Сондықтан егер хульа ұсынысы күйеуіне айтылған мынадай сөздермен: «Мені үш күн ішінде қарап шешу мүмкіндігін маған (немесе саған) беру шарты бойынша мың дарагим өтем үшін талақ ет» әйелінен болатын болса, және аяғында күйеуі келісім бермей тұрып әйел бас тартса, онда әйелдің мұндай бас тартуы құпталады. Сондықтан ол әйелдің осы ұсынысы айтылған мәжіліспен немесе жағдаймен шектеліп, мәжілістен ары аспайды, яғни, егер күйеуі келісім бермей тұрып, өз орнынан ерте тұрса, онда әйелдің

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ұсынысы заңды күшінен айырылады. Осылайша, берілген қарап шешу бұл әйел тарапынан болғанда, құпталады. Бірақ ол күйеу тарапынан болғанда, ол құпталмайды. Өйткені ол кезде бас тарту құпталмайтын ант болып табылады, ал анттың өзі мәжілістен кейін де өз күшін сақтайды және осындай қарап шешуге жол бермейтін, өзіндік қасиетпен, күйеуіне қарап шешуге берілмейді.—Сонымен қатар айта кету керек, құлды азат ету жағдайына қатысты осы жерде айтылған әйелге талақ беруге қатысты ойлар мен қағидалар қолданылады: яғни, әйелді сол әйелдің тарапынан өтемге талақ ету алмасу келісімі болатын сияқты, құлды өзі беретін өтемнің орнына азат ету де алмасу келісімі болып табылады.

Хульғаға қатысты күйеудің көрсетілімі жарамды болуы қажет.—Егер күйеуі өз әйеліне: «Мен сені кеше мың дарагимге талақ еттім, бірақ сен келіспедің» десе және әйелі оған келіскендігін айтса, онда күйеудің көрсетілімі жарамды болуы қажет. Егер бір адам басқа біреуге: «Мен саған кеше мына құлды мың дарагимге саттым, бірақ сен келіспедің» десе, ал ол келіскендігін айтса, онда сатып алушыға сену қажет. Осы екі жағдай арасындағы айырмашылық мына келесіге негізделген: өтемге талақ беру күйеу тарапынан болғанда, шартты ант болып табылады және оның осындай талақ ұсынғандығы туралы мойындауы әлі шарттың орындалуы мойындағаны орын алды деп тұспалдауға қажетті себеп бермейді. Өйткені ант бұл жағдайға қарамастан күшін сақтайды. Ал сату сатып алшының келісімінсіз жасала алмайды. Сондықтан сату–сатып алу келісімінің жасалуының мойындалуы онсыз сату–сатып алудың мәмілесі, нақты айтқанда сатып алушының келісімі болмайтын жағдайды меңзеудің бар екенін мойындау қажет, ал осы жағдайды теріске шығару сатушы тарапынан алдыңғы мәлімдемеге қарама–қарсылық болады, соған сәйкес, жарамды бола алмайды.

Екі жақтан босату екі жақты да бір–біріне қандай да бір талапсыз қалдырады.—Мубарат немесе екі жақтың келісімі бойынша болған талақ (әйелі күйеуіне: «Мен некеден мен және сен аралығында босатылдым» десе, әйел бұған келісетін болса), хульғаға тең; яғни, күйеудің де, әйелдің де осындай мәлімдеменің нәтижесі, некелік келісімге негізделген араларындағы барлық талаптар аяқталады. Ханифның ілімі осындай.—Мұхаммед болса, әйелі мен күйеуі ерекше атағаннан басқа бір де бір талап мубаратпен де, хульғамен де жойылмайтындығын айтады.—Әбу Юсуф хульғаға қатысты Мұхаммедпен келіседі, бірақ мубаратқа қатысты ол Ханифаның көзқарасын ұстанады.—Мұхаммед мубарат та, хульға да сөз етілмегендер емес, нақты аталатын, жағдайдың жалғыз еленетін алмасу мәмілесі көрсеттетіндігіне сүйенеді.—Әбу Юсуф былайша түсіндіреді: мубарат сөзі өзінің граммтикалық құрылымы бойынша, екі жаққа бірдей мағынаны береді, сондықтан некеден босату екі жаққа теңдей орнатылғанын талап етеді. Бұл сөздің жалпы мағынасы осындай. Алайда, бұл жағдайда босату тек неке келісімшартымен байланысты құқықтармен шектеледі, бұл мубарат айталған кезде екі жақтың ниеттерінен байқалады, ал хульға тек әйелді күйеуінің билік езгісінен босатуды талап етеді. Ал бұл мақсатқа некені бұзумен ғана қол жеткізуге болатындықтан, онда бұл үшін неке келісім шартының барлық салдарын тоқтатудың қажеті жоқ.—Ханифа болса, хульға мубарат сияқты жалпы мағынада некенің бұзылуы деген мағынаны беретіндігін дәлелдейді. Соған сәйкес, неке өзінің барлық құқықтары мен міндеттеріне сәйкес мубарат арқылы сияқты, хульға арқылы да аяқталады.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Әкесі өзінің кішкене қызына жасаған хульаның заңды күші жоқ.—Егер әкесі өзінің кішкене қызының күйеуімен қыздың мүлкінен өтем беретін болып келісіп, хульа бекітсе, онда бұл хульаның қызға қатысты заңды күші жоқ, өйткені мұндай акт қыздың қалауына мән бермейді, өйткені қыздың жеке тұлғасы неке бұзылған кезде бағаланбайды, ал өтем бағалы болады. Бұл (өзінің кішкене қызының атынан жасалған) заңды күші бар некеге қарама-қайшы, өйткені әйелдің жеке тұлғасы некеге тұрған кезде бағаланады. Ал некені бұзғанда әйел тұлғасы бағаланбайтындықтан, онда қатты науқас әйелден шығатын хульа әйелдің үштен бір мүлкіне ғана қатысты деп есептеледі. Бірақ әйелдің жеке тұлғасы некелескен кезде бағаланатындықтан, онда ауыр науқас ер адам махри-мисль әйелмен неке қиғанда, бұл соңғысы ол ер адамның мүлкінен толығымен алынады. Соған сәйкес, қарастырылып отырған жағдайда хульа заңсыз, жас әйел өз қалың малынан айырылмайды және күйеуі ол әйелдің мүлкіне еш құқыққа ие болмайды.—Қарастырылып отырған жағдайдағы осындай салдары бар әкесінің актісі талаққа қатысты екі хабар бар: біріншісінде талақ орын алады; ал екіншісінде орын алмайды. Алайда осы хабарлардың бірі ең жақсы пікір болып есептеледі. Өйткені хульа әйкесінің келісімімен шартталған талақ болып есептеледі. Ол бұл жағдайда басқа кез келген шарттармен теңдей күшке ие.

Егер әйкесі өз мойнына өтем төлеуге жауапкершілік алатын болса, онда өзінің кішкене қызы үшін әкесімен жасаған хульаның заңды күші бар.—Егер әйкесі өзінің кішкене қызының атынан өтем төлейтіндігіне өзіне жауапкершілік алып, әлдебір бағаға хульа жасаса, онда хульаның заңды күші бар, ал белгіленген сомманың төлемі әкесіне жүктеледі. Өйткені хульа өтемін төлеу міндеттемесі тіпті егер оны өзіне бөтен адам қабылдамағанда да заңды күші болады. Соған сәйкес, әкесі тарапынан болған мұндай міндеттеме, әрине, жарамды болып мойындалуы қажет. Бұл жағдайда кішкене қыздың қалың малы да алдыңғыдағы сияқты қыздың өзіне тиесілі. Өйткені әкесі оны алудан бас тартуға билігі жоқ.

Қызының атынан әкесі жасаған хульа егер қыздың келісімімен болса, заңды күші бар.—Егер әкесі хульа өтемі соммасында өзінің қызы жауап беру қажет десе, онда бұл егер қыз құқыққа қабілетті болған жағдайда, қыздың келісіміне байланысты болады (яғни, қыз өзінің жағдайын, жасалып отырған мәмілені түсіне алса және осы жағдай бойынша өзінше талқылай алса). Егер қыз келіссе, онда талақ орын алады. Өйткені оны жасауға қойылған шарт орындалды. Бірақ шартталған сомманың төлемі немесе өтемі қызға міндетті емес, өйткені жас қыз өз мойнына қандай да болмасын ақшалай міндеттеме ала алмайды. Егер әкесі қызының орнына өтем төлеуге келіссе, онда бұл жағдайға екі хабар бар: соның бір жағынан, қыз уақыт өте келе соған өзінің келісімін білдірмегенше, талақ орын алмайды; ал кеінші жағынан, қыздың соған келісімінсіз де талақ болады. Бірақ қалай болғанда да шартталған өтем төлемі қызға міндетті емес.—Дәл осылай, егер әкесі өзінің кішкене қызының атынан хульа жасаса, онда өтем қызға берілетін қалың малдан құралатын болып шартталып, ал ол қалың мал төлеуде жауапкершілікті өз міндетіне алмайды (мысалы, мың дарагимге), онда талақ болмайды, өйткені оны орындауға қойылған шарт орындалды (нақты айтқанда, қызының келісімі). Ал ол заңның дұрыс талқылауында бар болғаны елу дарагим төлеуге міндетті. Сәйкестік бойынша, ол неке шынымен жасалғанша және өз атынан балиғат жасына жеткен әйелмен хульа жасаған негізге барлық нақты белгілі соммаға

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

(мысалы, мың дарагим) мың дарагим төлеуі тиіс болып көрінеді, ал қыздың веносы да мың дарагим болады, және қыз барлық сол сомманы төлеуге міндетті; бұл төлеу былай жүзеге асады: қызға тиесілі қалың мал бес жүз дарагимге азайтылады, ал қалған бес жүзін қыз өз мүлкінен төлейді. Алайда, заңның неғұрлым дұрыс түсіндірмесі бойынша, қыз ештеңе төлеуге тиіс емес, өйткені бұл мәміледе күйеудің ниеті тек қалың мал төлеуден қашу, ал бұл мақсатқа қол жеткен соң онда әйелдің мойынында ешқандай қаржылық міндет жоқ.

ІХ ТАРАУ

ЗИХАР ЖАЙЫНДА

Терминнің анықтамасы.—«Зихар» сөзі «зихр» сөзінен шығады, «арқа» деген мағынаны береді. Заң тілінде бұл сөзбен туыстықтың қан арқылы ма, жоқ әлде сүт арқылы ма екеніне, әлде қасиетіне қарамастан, күйеудің әйелін некелесуге тыйым етілген өзге оның туыс әйелдермен салыстыруды айтады. Өйткені бұл түрлердің барлығы некелесуге тыйым етеді. Егер күйеуі әйеліне (мысалы): «Сен мен үшін анамның арқасы сияқтысың» десе, зихар орнатылады. Зихар болу үшін мұндай теңеу айтылатын сөз міндетті түрде әйеліне айтылуы керек. Демек, күнге қатысты зихар жүрмейді. Ал зихар айтуға құқыққа қабілеттік тек ислам ұстанушы, кәмелеттік жасқа жеткен және есі дұрыс адамға ғана жатады. Зиммимен немесе кәмелеттік жасқа жетпеген адаммен айтылған зихардың мәні жоқ. Зихардың әсері мынада: зихар айтушы адам сәйкесінше кәффарат өтемейінше, әйелімен жыныстық қатынасқа түсу харам болады.

Зихар кәффарат өтелгенше жыныстық қатынасты тыйым етеді.—Егер күйеуі өз әйеліне: «Сен мен үшін анамның арқасы сияқтысың» десе, онда күйеуі қасиетті жазбаларда белгіленгендей кәффарат өтемегенше, әйелі күйеуіне харам болып, онымен жыныстық қатынасқа түсу және өзге де ерлі–зайыптылық мүмкіндіктер заңсыз болады.

Зихардың сипаттары мен жалғасу мерзімі. Жаһилия кезінде (яғни, ислам келмей тұрып) зихар талақ сияқты болатын. Аяғында бұл заң өзінің алғашқы сипаттарын сақтады (жыныстық қатынастың тыйым етілуі), бірақ кәффарат еткенше ғана, мұнымен некені бұзбай, некеде уақытша ғана жыныстық қатынасты тыйым етумен зихардың нәтижесін анықтап, оның әрекетін өзгертті. Мұндай қағидаға зихардың жалғанға құрылғаны және оның салдары әйелін қалдыру немесе әйелін ерлі–зайыптылық қосылуда мойындамау болуы негіз болады, ал бұл заң бұзғандық болып есептеледі. Сондықтан зихар айтқан адамға әйелімен жыныстық қосылу уақытша заңсыз етумен сәйкесінше жазалап, бұл тыйым тек сәйкесінше кәффарат өтегеннен кейін ғана алына алады. Зихар жыныстық қатынасты да және соған ілесетін барлық ерлі–зайыптылық мүмкіншіліктерге, мәселен, сүйісу, қол тигізу және өзге де еркіндіктерге, күйеуі жыныстық қатынасқа түсуге түрткі болатынның барлығына тыйым етеді. Бір сөзбен айтқанда, некелесуге тыйым етілген туыс әйелдерге қатысты тыйым етілгеннің барлығынан зихар да тыяды. Бұл тыйымға тек жыныстық қатынас қана емес, сонымен қатар, соған апаратын барлық әрекеттер де тыйым етіледі. Бұл

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ораза ұстап жүрген немесе етеккірдегі әйелдің жағдайын қарама–қарсы. Ондай әйелмен жыныстық қосылу тыйым етілгенмен, бірақ өзге еркіндіктер тыйым етілмеген. Өйткені ондай жағдай жиі қайталанатын және мұндай тыйымдар белгілеу олар үшін әрдайым қинағандық болар еді, ал зихардағы әйел немесе неке қиюға тыйым етілген туыс әйелдерге қатысты мұндай еркіндіктер орынсыз болады.

Егер зихар міндеттеген тыйым бұзылатын болса, онда мұндай бұзудың салдары қосалқы жаза болып табылмайды.—Егер ер адам әйеліне зихар айтқаннан кейін сәйкесінше кәффарат өтемей жатып, онымен жыныстық қатынасқа түссе, онда ол ер адам дұға етіп, Аллаһтан кешірім сұрауы керек, Бірақ зихар үшін белгіленген кәффараттың үстінен ол ешқандай жауапкершілік алмайды. Ол тек кәффараты біткенше онымен қайтадан жыныстық қатынасқа түсуден сақтануға міндетті. Өйткені Пайғамбарымыздың зихар айтқаннан кейін кәффараты бітпей тұрып әйелімен жыныстық қосылып қойған бір адамға солай істеуді әмір еткендігі жайлы хабар жеткен. Бұл жеткен хабардан көретініміз, кәффаратқа дейінгі жыныстық қосылудың салдарына қосымша кәффарат болмайтындығы. Өйткені егер солай болғанда, Пайғамбар ол жайында қандай да бір хабар берер еді.

Зихар салдарынан талақ болмайды.—Айта кету керек, күйеуінің: «Сен мен үшін анамның арқасы сияқтысың» деген сөзімен зихардан басқа ештеңе орнамайды, өйткені осы формуланы айтқан кездегі қолданылған терминнің өзі нақты және тек қана зихарды білдіреді. Егер күйеуі зихар айтқан кезде талақты меңзеген болса, онда талақ болмайды. Өйткені бұл жағдайда талақ жайында заң бұзылған. Соған сәйкес, мұндай ниет арқылы зихар айтқан кезде талақ болмайды.

Сол арқылы тұлғаның бүкілімен тани алатындай, зихар дененің кез келген бөлігін салыстыру арқылы орнатылады.—Егер күйеуі өзінің әйеліне: «Сен мен үшін анамның қарыны сияқтысың» немесе: «саны сияқты» немесе: «ұятты жерлері сияқты» десе, онда мұнымен зихар орнатылады. Өйткені дәл сол зихар сөзімен некелесуге тыйым етілген туыстарына ұқсатуды айтады: мұндай талқылау немесе көрсетуге болмайтын дене бөліктерімен немесе көруге әдепсіз болған дене бөліктерімен салыстыруға қолданылады.—Және зихар әйелін қандай жағдайда да некелесуге тыйым етілген, мәселен, әпкесі, тәтесі немесе анасының анасы, яғни туған анасы сияқыт неке қию тыйым етілген кез келген әйел туысымен салыстыру арқылы да болады. Сонымен қатар, егер күйеуі әйеліне: «Сенің басың мен үшін анамның арқасы сияқты» немесе: «сенің ұятты жерлерің» немесе: «сенің белің» десе, онда да зихар орнатылады. Өйткені осы сияқты сөздермен ауыспалы мағынада бүкіл жеке тұлғасы белгіленеді. Бұған қоса, егер күйеуі «жарты» жайында немесе «үштен бір» жайында десе, зихар орнатылады. Өйткені бұл жағдайда жалпы бқлімге қатысты зихар әрекеті орнатылады. Соған сәйкес, ол бүкіл тұлғаға қатысты болады. Өйткені қандай да бір сатып алу–сатудың жалпы бөлімі және сол сияқты. Соған сәйкес, талақ объектісі де бола алады. Бірақ талақ бөлінбейтін болғандықтан, ол жалпы тұлғаға орнатылуы қажет. Ал зихар талаққа ұқсағандықтан, ол талақ сияқты толық тұлғаға қатысты.

Жалпы салыстырудың әрекеті күйеуінің берген талқылауындай болады.—Күйеуі әйеліне: «Сен мен үшін анам сияқтысың» дегенде, онда оның әйелі қандай жағдайда екенін анықтау үшін оның ниетін анықтау қажет. Егер ол айтқандағы жалғыз ойы әйеліне құрмет көрсету болса, онда оның мұндай мәлімдемесі жарамды болуы қажет.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Өйткені құрмет жалпылама салыстыру арқылы болуы мүмкін. Ал егер де ол зихарды меңзегендігін айтса, онда мұндай мәлімдемемен зихар орнатылады. Өйткені бұл жағдайда арқасын қосып, анасының бүкіл жеке тұлғасын салыстыру болып тұр. Бірақ арқасы жайлы нақты айтпағандықтан, бұл жағдайдың анық-қанығын анықтау үшін айтушының ниетін білу қажет. Егер күйеуі талақты меңзеген болса, онда жойылмайтын талақ болады. Өйткені әйелін өз анасымен салыстыру әйелін өзіне тыйым етілген адаммен салыстырғанға тең. Соған сәйкес, мынадай: «Сен мен үшін харамсың» деген сөзге тең. Бірақ егер күйеуі ешқандай ерекше ниеті бомағанын айтса, онда зихар да, талақ та орнамайды (Ханифа мен Әбу Юсуфтың ілімі бойынша). Өйткені құрметтеу мағынасында талқылана алуы айтарлықтай маңыздылығы жоқ болып, нақты осы мағынада түсінілуі қажет.—Мұхаммедтің айтуынша, зихар айтушының ниетіне қарамастан орнатыла береді. Өйткені әйелін анасының дене бөлігі немесе мүшесімен салыстыру зихарға апаратын болса, онда бұдан шығатыны, анасымен салыстырғанда, зихар орнатылады.—Әбу Юсуфтың пікірі бойынша, егер күйеуі тек тыюды ғана айтқан болса, онда мұнымен тек йла орнатылады. Өйткені йла арқылы тыю зихар арқылы тыюға қарағанда жеңілірек.—Мұхаммедтің пікірі бойынша, керісінше, зихар орнатылады. Оның дәлелдері араб тілінің идиоматикалық ерекшеліктеріне негізделген.

Тыюға қатысты салыстыру күйеуінің талқылауы бойынша болып тұр.—Егер күйеуі әйеліне: «Сен маған анамдай харамсың» десе, мұны айтқанда әлде зихар, әлде талақты меңзесе, онда оның сөздері ниетіне сәйкес болады. Өйткені олар осы мағынада да, басқа мағынада да талқылануы мүмкін: зихар мағынасында— салыстыру сияқты, талақ мағынасында— салыстырумен күшейтілген тыйым сияқты. Алайда, бұл жағдайда егер оның айтарлықтай ерекше ниеті болмаса, онда, алдыңғы жағдайдағыдай, Әбу Юсуфтың пікірі бойынша, йла орнатылады, ал Мұхаммедтің пікірі бойынша, зихар болады. Егер де күйеуі: «Сен мен үшін анамның арқасындай харамсың» десе, сол кезде не талақ, не йланы меңзеген болса, онда, дегенмен, Ханифаның пікірі бойынша, мұнымен тек зихар орнатылады.—Ек шәкірт те күйеуі нені ойлап меңзеген болса, сол орнатылады дейді. Өйткені бірдей дәрежеде йланы да, талақты да меңзеуге болады. Алайда, Мұхаммедтің пікірі бойынша күйеуі талақты меңзеген жағдайда зихар орнатылмайды, ал Әбу Юсуфтың пікірі бойынша, талақ та, зихар да бірдей орнатылады (яғни, талақ «зихр», арқа, терминін айтқан кезде орнатылады, өз орнында түсіндірілгендей).—Ханифа жоғарыда келтірілген сөздермен нақты зихар орнатылады деген дәлел келтіреді. Сондықтан оларға бұдан басқа мағына берілуі мүмкін емес; ал мұнда келтірілген «харамсың» сөзі тек зихар арқылы харамға қатысты. Өйткені харам етудің бірнеше түрлері бар, солардың ішінен жалғыз тек зихар ғана, ал дәл осы жағдайда анасының арқасымен салыстыру арқылы ол басқаларға қарағанда абзалырақ болып қабылданады. Ал өзге тыйым етілгендер меңзелетіндіктен, харамдық зихар арқылы нақты айтылатындықтан, «харамсың» сөзімен белгіленген харамдық жоғарыда келтірілген формулада тек зихарға қатысты ғана түсінілуі қажет.

Зихар әйелінен басқа ешкімге болмайды.—Зихар айтқан адамның әйелінен басқа ешкімге қатысты орнатылмайды. Сондықтан егер ер адам өз күңіне зихар айтатын болса, онда мұндай зихар әр түрлі себептерге байланысты күші болмайды: біріншіден, Аллах: «Өз әйелдерінің үстінен зихар айтқан еркектер» деді, бұл жерде «әйелдер» сөзі

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

«өз әйелдері, жұбайлары» деген мағынада айтылып тұр; екіншіден, күннің жария құқықтары, қасиеті бойынша ол екінші орындағы немесе тәуелді болып табылады, ал әйелінің жария құқықтары бірінші орында немесе дербес, сондықтан бұл екі тұлға өзара араласпауы қажет; үшіншіден, зихар талаққа ұқсағандық болады, ал күнге қатысты талақ жоқ. Егер ер адам әйелге оның келісімінсіз некелесе, ол келісімді алғанша оған зихар айтып қойса, ал әйел нәтижесінде оны берсе, онда зихар заңды күшінен айырылады, өйткені күйеуі бекітілген салыстыруды айтып, дәл осы уақытта нақты шындық болған нәрсені айтты. Сондықтан да оның сөздері әйелін қайтару немесе оның құқығын мойындамау мағынасы бермейді.

Қарсылық.—Бұл жағдайда зихардың заңды күші заңсыз ұстаушы адамнан сатып алынған құлды еркіндікке жіберу нағыз иесінің келісімінен байланысты сияқты, әйелдің некеге тұруға келісімімен шартталған (яғни, заңсыз ұстап отырған адамнан құл сатып алса, және оны еркіндікке жіберсе, онда мұның заңды әрекеті сатуға шын иесінің келісіміне байланысты), өйткені зихар неке арқылы иелік ету құқығы болып табылады, солайша, құлды еркіндікке жіберу де жекеменшік иесінің құқығы болып табылады.

Жауап.—Зихардың заңды шындығы некеге келісіммен шартталмаған. Өйткені зихар некелесумен туындайтын құқықтың бірін құрамайды. Себебі ол заңмен белгіленген ережелерде келмейді. Ал неке бұл ережелерде болмайды, ал заңмен белгіленген нәрсе заңның белгіленгенінен болғанның бірін құрамайды. Бұл заңсыз иеленіп отырғаннан құл сатып алған адамның құлды еркіндікке жіберу жағдайына қарама-қайшы. Өйткені еркіндікке жіберу мүліктіктің құқықтарының бірі.

Бірнеше адамға айтылған зихар әрқайсысына да айтылған болады.—Ер адам өзінің барлық әйелдеріне бірдей: «Сендер мен үшін анамның арқасы сияқтысыңдар» десе, онда зихар әрқайсысына да орнатылады. Өйткені бұл жағдайда ол зихарды барлығына бірдей, еш бөлместен айтты. Сонымен қатар, талақ бергенде біреу талақты барлық әйелдеріне бірдей айтса, онда талақ олардың әрқайсысына да болады. Ал бұл жағдайда ер адамға әйелдерінің жеке-жеке әрқайсысы үшін жеке-жеке кәффарат өтеуге міндетті. Харамдық бірнеше әйелге қатысты болған жағдайда, кәффарат харамдықты аяқтап және жою ретінде орнатылады. Онда кәффарат та харам еткеннің санына сәйкес болуы қажет. Бұл нәрсе ер адамның йланы өзінің барлық әйелдеріне бірдей айтып, сосын төрт ай бітпей жатып, олармен жыныстық қосылу арқылы өзінің антын бұзған жағдайға қарама-қарсы. Өйткені бұл жағдайда есімі бір рет қана айтылған Аллаһтың ұлықтығы мен құрметтілігіне деген құрметпен ол ер адамға тек бір кәффарат өтеу ғана міндет болады. Бірде Әлидің өзінің барлық әйелдеріне айтқан: «Аллаһпен ант етемін, мен сендермен жыныстық қосылмаймын».

Бөлім. Кәффарат жайында

Зихардан құлды азат ету арқылы және сол сияқты кәффарат етеді.—Зихардың кәффараты құлды азат ету арқылы бола алады. Егер кәффараттың бұл әдісін орындауға мүмкіндік болмаса, онда оны екі ай бойы жалғасыт түрде ораза тұтумен алмастырады. Егер м екі ай ораза ұстауға денсаулығы келмесе, онда кәффаратты алпыс міскінге тамақ тарату арқылы өтейді. Бұл Құранның аяттарының біріне негізделеді. Ол аяттарда кәффаратты жоғарыда айтылып өтілген әдістердің бірімен өтеу қажет екендігі айтылады. Алайда кәффарат күйеуі әйеліне зихар айтқаннан кейін оған қолын

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тигізбей тұрып болады деп есептеледі. Құл азат ету арқылы немесе ораза ұстау арқылы кәффарат өтеуге болады. Өйткені қасиетті мәтінде солай айтылған. Місікндерді азық тарату арқылы кәффаратта соған жатады. Өйткені, кәффарат өтеу арқылы харамдық та аяқталады. Нәтижесінде жыныстық қатынас заңды болу үшін алдымен кәффарат болуы қажет.

Қандай да бір құлды азат ету жеткілікті кәффарат болып есептелуі қажет.—Ол үшін құлдың кәпір ме, әлде мұсылман ба, жас па, әлде кәрі ме, еркек пе, әлде әйел ме екендігіне қарамастан, қандай да бір құлдың азат етілуі жеткілікті. Өйткені Құранда келтірілген «ракба» сөзі олардың бәріне де бірдей қолданылады. Өйткені бұл сөзбен жеке тұлға немесе қандай да жағдайда біреуді иелік ету белгіленеді.—Шафидің айтуынша, кәпір құлды азат ету кәффаратқа жеткілкті болып есептеле алмайды. Өйткені Аллаһтың құқығы болып есептелетін зекетті кәпірге, Аллаһтың жауына, берілмейтіні және ондай өтеудің заңсыз болатыны сияқты, Аллаһ берген құл азат ету құқығы да кәпірге қатысты, яғни Аллаһтың жауына қатысты, заңды түрде қолданыла алмайды.—Бұған біздің ғалымдарымыз былай жауап береді, құлды азат ету қасиетті мәтінде айтылғандай болады және сол мәтін бойынша белгіленгені кәпірді құлды азат ету арқылы орынадалады. Ал Шафидің айтқанына қатысты, яғни «кәффарат Аллаһтың құқығы болып табылады және ол Оның жауы арқылы өтеле алмайды» деген сөзіне келер болсақ, онда бұған былайша жауап беруге болады, кәффарат белгіленген кезде, құлға Аллаһқа қатысты міндеттерін, яғни, зекет, қажылық, сотта куәлік беру, сенім үшін соғыс, сот қызметіне бару және сол сияқтыларды атқаруға мүмкіндік беру меңзелген болатын. Егер мұсылман емес құл азат етілгеннен кейін де өзінің күпірлігін арттырып, өзін еркіндікке шығу арқылы ие болған барлық құқықтарынан айырып, кәпір күйінде қалса, онда бұл зихардың кәффараты болған адамды, құлды азат ету актісінің қандай да бір кемшілігіне қатысты емес, иманға қатысты оның адасушылығына жазылуы қажет.

Егер азат етілетін құлда қандай да бір кемістігі болса, оны азат ету кәффарат үшін жеткіліксіз болады.—Зихарды кәффарат ету үшін соқыр немесе жұп мүшелелерінің, яғни аяғы не қолы жоқ құлды азат ету жеткіліксіз, өйткені ондай құл дененің қабілеттерінің бірі—көру, ауыр зат көтеру немес жүру деген сияқты қабілеттері мүлдем жоқ. Ал осындай артықшылықтардың жоқ болған мұндай құлды ақат ету кәффарат өтеуде жеткіліксіздік етеді, өйткені осындай кемістіктердің бірінің болмаса, өлі болып есептеледі. Бірақ егер осы кемістік толық болмаса, онда мұнымен құлды азат етудің заңдылығы бұзылмайды, сондықтан да зихарды кәффарат ету үшін бір көзі қисық немесе бір қолды немесе бір аяғы жоқ немесе бір аяғы және қарама-қарсы жақтан бір қолы жоқ құлды азат ету жеткілікті. Өйткені жоғарыда келтірілген мұндай кемістіктердің бірі мүлдем кемістік сияқты емес, тек кейбір дене кемшілігін білдіреді. Алайда, егер құлдың бір аяғ мен бір қолы бір жағында жоқ болса, онда бұл жағдайда оны азат ету зихардың кәффараты үшін жеткіліксіз болады. Өйткені мұндай кемістік жүруге қабілетсіз болғанмен тең, себебі аяғы жоқ жағындағы қолы жоқ болса, соның көмегімен жүру мүмкіндігі де болмайды.

Саңырау құлды азат ету жеткілікті.—Кәффарат өтеу үшін саңырау құлды азат ету жеткілікті. Аналогия бойынша мұндай акт зихарға кәффарат үшін жеткілікті болып есептеле алмайды деп ойлауға болар еді. Өйткені бұл құл өзінің қабілеттерінің бірінен

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

айырылған. Алайда, мұндай актке жол беру заңның дұрыс талқылауына негізделген. Өйткені есту (негізгі есту қабілеті) бөлігі ғана зақымданған. Өйткені саңырау адам, әдетте, қатты сөйлегенді ести алады. Егер ол мүлдем ештеңе ести алмаса (мысал, туғаннан саңырау), онда мұндай құлды азат ету зихар үшін кәффаратқа жеткіліксіз болады.

Екі қолының да бас бармағынан айырылған құлды азат ету де жеткіліксіз.—Зихарға кәффарат өтеу үшін екі қолының да бас бармағынан айырылған құлды азат ету жеткіліксіз болып есептеледі. Өйткені оның ауыр зат тасуға қажет болған қабілеттерінің бірі бұл жағдайда жойылған.

Ақылынан адасқан құлды да азат ету жеткіліксіз.—Ақылынан адасқан құлды да зихарға кәффарат ету үшін жеткілікті болып есептелмейді. Өйткені есі ауысқан адамның дене мүшелерінен ешқандай пайда алу мүмкін емес. Сондықтан ақылынан адасу бүкіл дене қабілеттерінен айырылғанмен бірдей.

Уақытша есінен ауысқан адамды қоспағанда.—Бірақ егер құл кей уақыттарда ғана есі ауысатын болса, онда ондайды азат ету зихарға кәффарат ретінде жеткілікті болып есептеледі, өйткені мұндай жағдай мүлдем есінен адсқандықты білдірмейді. Тек кейбір ақыл қабілетінің кемістігі болып саналады. Алайда, мұндай құлды азат ету арқылы кәффаратты жоймайды.

Өзінің төлемінің бір бөлігін төлеген мудаббараны немесе умми-уалидті немесе мукатабаны азат ету жеткілікті болып есептеле алмайды.—Мудаббараны немесе умми-уалидті азат ету кәффарат үшін жеткілікті болып есептеле алмайды. Өйткені бұл адамдар ақырында еркіндік алады, сондықтан олардың құлдық жағдайы толық құлдық емес және сонымен қатар, китабата келісімшартының бөлігін орындаушы мукатбаны да азат ету есептелмейді. Өйткені бұл жағдайда оның азат етілуі өзі төлеген төлемнің өтемі ретінде қарастырылуы қажет. Сондықтан да тақуалық актісі байқататын, шындықтың қажетті шарты ерекше контрактісі болып табылатын зихарға кәффарат ретінде жеткілікті болып есептеле алмайды.—Ханифаның мына пікірі белгілі, мұндай мукатабаны азат ету зихарға кәффарат ету үшін жеткілікті болып есептелуі қажет. Өйткені бұл құлға қатысты құлдық жағдайы барлық жағынан толыққанды болып тұр. Соған мәйкес, китабата келісімшарты жойылуы мүмкін, ал бұл объектісі мудаббар мен умми-уалид болатын тадбир және истилада актісіне қатысты бола алмайды.

Егер зихар айтушы адам шарттасқан төлемнен ештеңе төлемеген мукатабаны кәффарат ертінде азат еткен болса, онда мұндай акт жеткілікті кәффарат болып есептелуі қажет.—Шафидің айтуынша, осы сияқты кәффарат жеткіліксіз. Өйткені китабат келісімшарты бойынша, мукатаб еркіндікті іздеуші болып табылады. Сондықтан да мудаббармен теңдей қарастырылуы қажет.—Біздің ғалымдарымыз бұған қарсы шығып, мукатаба құлдық жағдайда барлық жағынан күші жоқ, себебі китабата келісімі жойыла алады; сонымен қатар, және Пайғамбар: «Мукатаб бір дирхам қарызын өтегенше құл болып қала береді»,—деген.

Өзінің ата-анасын немесе баласын еркіндікке төлем арқылы табылған зихардың кәффараты жеткілікті болып есептелуі қажет.—Егер кімде-кім өзінің әкесін немесе ұлын төлем төлеп сатып алса және сол арқылы зихардың кәффаратын өтегісі келсе, онда бұл сияқты кәффарат жеткілікті болып есептелуі қажет.—Шафидің айтуынша,

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сол жеткілкіті. Дәл осындай пікір айырмашылығы айманның кәффаратын өтеуге қатысты да бар. Бұл жайында ант пен уәде жайлы қарастырғанда толығырақ айтамыз.

Басқа бір адаммен бөлісіп иеленіп отырған құлды азат ету зихардың кәффараты үшін жеткіліксіз.—Егер бай адам басқа бір адаммен бөлісіп иеленіп отырған құлының жартысын азат етсе, содан соң өзінің үлескеріне құлдың екінші жартысының құнын төлесе, онда, Ханифаның пікірі бойынша, бұл сияқты акт зихардың кәффаратын өтеу үшін жеткілкіті болып есептеле алмайды.—Екі шәкірт те бұл актті зихардың кәффараты үшін жеткілкіті деп есептейді. Өйткені кәфарат етуші адам өзінің үлескерінің иелігінің бөлігіне қосыла отыра, шынында еркіндікке толығымен өзінің жекеменшігін жібереді. Егер кәффарат етуші кедей болғанда, басқаша болар еді. Өйткені онда құл сифат айтуы керек немесе екінші үлескерді сый беру үшін босататын ерекше жұмыс беруі керек едісондықтан осылай азат ету осы өз бөлігінде өтем үшін орындалған болып есептеле алады.—Бұл мәселе бойынша Ханифаның дәлелдері келесідей: қарастырылып отырған жағдайда үлескердің бөлігіне қатысты құлды толығымен азат етпеу ол екінші үлескерге құнын төлеу арқылы кәффарат етушінің иелігіне өтпейінше, бұл жағдай зихарды кәффаратын өтеу үшін құлды былайша азат ету жеткіліксіз екендігін көрсетеді.

Бір құлды бөліп-бөліп азат ету (артынан қалған бөлігін де азат еткенде) зихардың кәффараты өтелуі жеткілкіті болып есептелуі қажет.—Егер кімде-кім зихарға кәффарат ретінде құлының жартысын босатса, ал нәтижесінде дәл сол мақсатпен екінші жартысын босатса, онда мұндай құл азат ету жеткілкіті кәффарат болып есептелуі қажет, өйткені ол осылайша бір форманың орнына екі форма айтып, еркіндікке жіберу ғана болады: бірінші жартысы еркін болып, екінші жартыға қатысты азат етудің толық болмағандығы назарға алынбайды, өйткені бұл толық болмағандық зихарды кәффарат ететін адамның жекеменшіктіген қатысты орын алады. Сол жағдайдың нәтижесінде, еркіндікке жіберу кәффарат мақсатымен жасалады. Мұндай жеткіліксіздік немесе толық болмағандық назарға алынбайды, бірақ құбандыққа шалынатын малдың абайсызда көзі шығып кетуі сияқты түсінікпен қарастырылады, мысалы, ешкіні құбандыққа шалар кезде құбан шалу үшін жатқызғанда, құбандық шалушы адамның пышақпен көзін шығарып жіберуі, мұндай кезде құбан шалу барысында соның салдарынан болған болып есептеліп, құбандықтың ақауы назарға алынбайды, ал құбандық малдың өзі заңды болып табылады. Бұл жағдай алдыңғы кәффарат өзге адаммен иелікте болғанға байланысты толық болмағандық жағдайға қарама-қайшы. Ханифаның ілімі осындай.—Екі шәкірттің пікірі бойынша, құл азат ету бөлінбейтін нәрсе, соған сәйкес, құлдың жартысын азат ету толықтай азат еткенге тең. Ғалымдар қарастырып отырған осы жағдай азат етудің екі формуласын айтудың салдары болып есептелмейді.

Егер екі айтылған формулалардың арасында жыныстық қатынас болатын болса, құлды бөліп-бөліп босатуда зихардың кәффараты ретінде заңды күші жоқ.—Егер кімде-кім айтылған зихар үшін кәффарат ретінде өзінің құлының жартысын босататын болса, содан соң зихар айтылған әйелімен жыныстық қатынасқа түссе, содан соң аяғында құлының екінші жартысын босатса, онда мұндай құл азат ету зихардың кәффаратын өтеуде заңды күші болмайды. Ханифа осылайша ойлайды, өйткені құл азат ету бөлуге жол береді және егер зихар айтушы әйеліне жақындаспай тұрып құл

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

азат етілген болғанда ғана қасиетті жазбаларда келгендей құл азат етудің заңды күші болады деп есептейді. Қарастырылып отырған жағдайда құлды жартысын азат ету зихар арқылы харам болған әйелімен жыныстық қатынас болады.—Екі шәкірттің пікірінше, керісінше, құлдың жартысын азат ету құлды толығымен азат еткенге тең. Сондықтан қарастырылып отырған жағдайда құл азат ету зихар арқылы харам болған әйелімен жыныстық қатынас құлды толығымен азат еткеннен кейін болды.

Зихар екі ай ораза тұтумен кәффарат етіледі.—Егер зихар айтушы адам иелігінде құлы болмаса, онда зихардың кәффаратын екі ай қатарынан ораза ұстау арқылы өтей алады. Тек сол айларда рамазан, не фитр мейрамы, не нихра күндері немесе ташрик болмауы керек деген шарт қойылады. Ораза үздіксіз болуы қажет, өйткені мұны қасиетті мәтін талап етеді. Бұған қоса, рамазанның кәффарат оразасына кірмеуі керек, өйткені осы ай ішіндегі нәпсіден тыйылу кәффарат болып қабылданбайды, өйткені егер ол кәффарат болып қабылданса, онда мұның нәтижесі Аллаһтың әмірін жою болар еді. Және фитр мейрамы мен нихра күндері және ташрик осы кәффарат оразасы айының аралығына кірмеген болуы керек деген шарт қойылады. Өйткені осы күндері мереке тойланады, сондықтан кез келген тыйылу тыйым етіледі.

Егер кәффарат оразасы кезінде жыныстық қосылу орын алса, онда оразаны қайтадан бастау қажет.—Егер зихарды кәффарат етуші адам белгіленген кәффаратын өтеу мерзімі аралығында зихар айтқан әйелімен түнде немес ұмытып күндіз қосылып қойса, онда Ханифа мен Мұхаммедтің талқылауы бойынша, ол кәффарат оразасын қайтадан бастауы қажет.—Әбу Юсуфтың айтуынша, мұндай жыныстық қосылудан кейін қайтадан кәффарат оразаны бастау міндетті емес, өйткені бұл қосылу оразаны үзгендей емес, себебі онымен ораза бұзылған жоқ. Егер мұндай кәффарат оразасының шарттарының бірі қосылуға дейін болу керек деп қарсы шықса, онда бұған дәл бұл жағдайда бұл қағиданы орындау мүмкін емес деп қарсы сөз айтуға болады. Сондықтан Әбу Юсуф қарастырылып отырған жағдайда оразаның бір бөлігі қосылуға дейін болса жеткілікті деп есептейді, өйткені егер оразаны қайтадан бастаса (Ханифа мен Мұхаммедтің талап еткеніндей), онда барлық белгіленген кәффарат оразасы қосылудан кейін болған болар еді деп есептейді.—Ханифа мен Мұхаммед бұған қарсы шығып, зихарды ораза арқылы кәффарат етудің шарттары екі түрлі дейді: біріншіден, ораза жыныстық қосылғанға дейін болу қажет; екіншіден, екі ай бойы қосылмаулары қажет. Өйткені осы шарттардың екіншісі қосылу арқылы бұзылады, соған сәйкес, кәффараттың өзі болды деп есептеле алмайды, сондықтан ораза қайтадан басталу керек, себебі бірінші шартты орындау мүмкін болмай қалса да, бірақ, алайда, кәффарат өтеуші кәффаратты екінші шарты орындалатындай етіп өтеуі керек.

Егер кәффарат өтеуші осы кәффаратқа белгіленген екі аралығында өз еркімен күндізгі уақытта оразаны бұзса және бұл бұзу кешірімді немесе кешірімсіз болса, онда барлық ғалымдардың пікірі бойынша, ол оразаны қайтадан бастауы керек, өйткені бұл бұзушылық оразаны үзу болып табылады, ал кәффараттың шарттарының бірі ораза үздіксіз екі ай жалғасуы қажет. Ал бұл шарттың орындалуы оның қолында болғандықтан, оған ол міндетті болады.

Құл үшін ораза зихарды кәффарат етудің жалғыз әдісі.—Егер құл өзінің әйеліне зихар айтса, онда екі ай қатарынан ораза ұстау ол үшін зихарды кәффарат етудің жалғыз әдісі болып табылады. Өйткені құл ешқандай жекеменшік иелене алмайды,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

соған байланысты оның кәффарат етудің осы әдістен басқа әдісін істеуге мүмкіндігі жоқ.—Қарастырылып отырған жағдайда, егер бұл құлдың иесі өзінің басқа бір құлын азат етсе немесе егер ол сол құл үшін алпыс міскінге тамақ таратса, онда мұндай кәффарат, дегенмен, жеткілкіті болып есептелмейді, өйткені құл өзінің заңдық жағдайына қарай, қожайыны оған жекеменшігін берсе де не ауыстырса да жекеменшік иесі болып есептеле алмайды.

Зихар садақ беру арқылы кәффарат етілуі мүмкін.—Егер зихар айтқан адам ораза ұстай алмаса (денсаулығының әлсіздігі немесе басқа себепке байланысты), онда ол Аллаһтың: «Егер адам ораза тұтуға әлі келмесе, онда өз күнәсін алпыс міскінді тамақтандырумен өтесін» сөзіне сәйкес алпыс міскінге тамақ таратуға міндетті.—«тамақтандыру» терминінің астарында бұл жерде жарты саа бидай (төрт фунт шамасында) немесе бір саа арпа (сегіз фунт шамасында) немесе құрма немесе солардың құнындай ақша меңзеліп тұр. өйткені Пайғамбар: «Әр міскінге жарты саа бидай»,—деген. Бұл жағдайда белгіленгендердің әрқайсысының қажеттіліктерінің немесе кедейліктерінің ораза аяқталғанда таратылатын садақа-фиттира немесе садақа мөлшерінде белгіленгенмен орнын басу.—Айта кету керек, жоғарыда айтылған: «немесе солардың құнын ақшалай» деген пікір біздің ғалымдарымыздың пікірі, ол зекет туралы кітапта толығырақ түсіндірілген. Егер кәффарат етуші міскіндерге бір ман бидай немесе екі ман арпа немесе құрма таратса, онда мұндай садақа тарату жеткілкіті болып есептеледі, өйткені бидай мен арпа нәрлілігіне қарай қасиеті бірдей немесе ұқсас. Соған сәйкес, бірінші түрлі дән толық салынбай қалса, екінші дән қосылғанда толықтырыуы мүмкін. Осындай алмастыру заңды болып табылады. Бұл бір адамның ораза тұтып, сол ай барасында ауру себепті өзінің оразаны одан әрі жалғастыруға шамасы келмейтіндігін сезген жағдайға қарама-қарсы: бұл жағдайда ораза мен тағам бір тектес болмағандықтан, кәффарат алпыс міскінге тамақ беру арқылы өтелген жоқ, сондықтан біреуінің толмай қалғаны басқасымен толтырылмайды және мұндай толықтыру жеткілікті болып есептелмейді.

Егер зихар айтқан адам өзі үшін басқа адам алпыс міскінді тамақтандырғанын қаласа, басқа адам сол қалағанын орындаса, онда мұндай тарату жеткілкіті болып есептеледі, өйткені бұл тамақтандыру үшін қажетті мөлшерді қарызға алғанмен тең; ал өзіне тарататын тағам берілген кедей адам кәффарат етуші адамның атынан сол тағамдарды иеленіп, содан сол тағамдарды өзіне қосып алғандай болады. Осылайша, кәффарат етуші адам алдымен мүлікке (тағамға) иеленіп, содан соң оны кедейге берген сияқты болады.

Егер зихар айтқан адам алпыс міскінді таңертең және кешке тамақтандырса, егер сол міскіндер жоғарыда белгіленген мөлшерден азырақ не көбірек жесе де және тойса, онда тағамды бұлай тарату жеткілкіті болып есептеледі.—Шафидің айтуынша, тамақты бұлай тарату жеткілкіті болып есептеле алмайды, өйткені тамақ та зекет және садақ фиттир сияқты алпыс міскінге дұрыс берілуі керектігін талап етеді. Өйткені рұқсат етілген болған тоя тамақтандырғанға қарағанда қолдан қолға беру олардың қажеттіліктерін жақсы жеңілдендіреді. Соған сәйкес, қолдан қолға берудің онын басатын болып есептеле алмайды.—Біздің ғалымдарымыз бұған қарсы шығып, «итаам» немесе тамақтандыру сөзі қасиетті мәтінде кездеседі және бұл сөздің тура мағынасы «тамаққа иелік беру» екенін айтады. Осылайша, мәтіннің талаптары

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тамақтандыру арқылы да, қолдан қолға беру арқылы да орындалады. Зекет пен фиттир садақасы кезінде қолдан қолға беру талап етіледі, қарапайым рұқсат жеткілкіті болып есептелмейді. Өйткені бұл екі жағдайда сый міндетті болады, ал сый сөзінің астарында қолдан қолға беру меңзеледі. Бір сөзбен айтқанда бұған қатысты заңның қасиетті бұйрықтарында тамақ деп белгіленген, мұның рұқсаттығы мен рұқсат берушілігіне жол беріледі. Бірақ сый мен төлем түсіндірілуінің астарындағы қажетті шарт қолдан қолға берілу болып табылады.

Егер таңертең және кешке тамақ таратылатын алпыс кедейдің арасында жақында ғана емшектен шыққан бала бар болса, онда мұндай кедейді тамақтандыру жеткілкіті мөлшерде орындалған кәффарат болып есептелмейді. Өйткені мұндай бала тамақтың толық үлесін жеуге шамасы келмейді.

Арпадан жасалған нан таратқан кезде әдетте нанмен желінетін оған тағы да бірдеңе қоса таратылуы қажет. Өйткені аштық тек арпа нанмен ғана басыла алмайды. Бірақ бидй нанын таратқанда, оған қосып басқа бір тамақ тарату қажет болып саналмайды.

Егер бір кедейге алпыс күн бойы тамақ берілетін болса, онда мұндай тамақтандыру кәффарат үшін жеткілікті болып есептеледі. Өйткені оның мақсаты—қажеттілікті кетіру, ал қажеттілік күнде қайталаанады. Сондықтан тамақты екі күн қатарынан бір адамға беру оны екі кедейге бергенмен тең. Бірақ егер бір кедейге алпыс адамға қажет болған тамақ берілетін болса, онда мұндай тамақтандыру кәффарат үшін жеткілікті болып есептелмейді. Алайда егер сол көлемдегі тамақ алпыс рет жеке-жеке берілетін болса, онда кейбір ғалымдардың пікірінше, мұндай тамақтандыру жеткілікті болып есептелуі қажет. Ал басқалары болса, жеткілікті болып есептеле алмайтындығын айтады.

Садақа таратумен кәффарат ету кезінде болған жыныстық қатынас садақаны қайтадан тарату қажеттілігін тудырмайды.—Егер зихар айтқан адам зихарды садақа таратумен кәффарат ету уақытында әйелімен қосылатын болса, сонда да қайтадан садақа тарату қажеттілігін тудырмайды, өйткені Аллаһтың сөзінде кәффараттың бұл түрі қосылудан бұрын болуы керек деген нақты шарт қойылмайды. Алайда кәффарат аяқталғанша зихар айтқан адам өз әйеліне қол тигізбегені дұрыс. Өйткені бұл уақыт аралығында ол құл азат ету арқылы немесе үздіксіз екі айлық ораза ұстау арқылы кәффарат етуге мүмкіндігі бар жағдайда болып қалуы мүмкін. Ал бұл қосылудан кейінгі осы жолдармен кәффарат етуге себеп болар еді. Бұл қасиетті мәтіндерде келген ережелерге қарама-қайшы.

Егер кімде-кім екі зихардың кәффараты ретінде әрбір алпыс міскінге, белігленгенге қарама-қарсы, тамақтың екі есе үлесін берсе (мысалы, әрқайсысына бір саа бидай), дегенмен сонда да, екі үлкеннің пікірі бойынша, мұндай тарату тек бір зихарды кәффарат етуге жеткілікті.—Мұхаммедтің айтуынша, мұнымен екі зихар да кәффарат етіледі.—Бірақ егер мұндай жолмен тамақ алпыс міскінге зихарды кәффарат ету үшін және ораны бұзғаны үшін таратылатын болса, онда мұндай тарату екі мақсатты да жеткілікті мөлшерде толық өтейді.—Бұл жағдайды Мұхаммед былайша талқылайды: жоғарыда келтіріліп түсіндірілген мөршерде кедейлерге берілген нәрсе екі кәффаратты да өтеу үшін жеткілікті болады. Ал осы тамақ таратылған адамдар осы кәффараттарды жасауға орынды адамдар болып табылады. Соған сәйкес, бұл акт,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алдыңғы себептері әр түрлі болған жағдайдағыдай, екі кәффарат өтеуге күші бар (мысалы, оразаны бұзған және зихар үшін болған кәффарат жағдайындағыдай) немесе осы екі кәффарат жеке-жеке орындалғанда.

Екі үлкен ғалым кәффарат себептері бірдей болғанда, ниет маңызды емес, бірақ егер себептер әртүрлі болғанда, ниетке назар аудару керек дегенге қарсы шығады. Өйткені ниет екі түрлі нәрсені ажырату үшін назарға алынады; соған сәйкес, егер біреу рамазан айындағы екі күн оразасының (мысалы, бейсенбі және жұма) салғырттығын немесе өткізіп алғандығын кәффарат етуі керек болса және мұндай салғыттыққа не өткізіп алғандыққа кінәлі адам басқа күні екі күн ораза ұстап, осы жіберген қатесін өтегісі келген болса, тіпті кәффарат етілген ораза ораза жіберілген күннен басқа күні өтелсе де, онда мұндай ниет жеткілікті болып есептелуі қажет. Өйткені, негізінде, бұл ораза да, ана ораза да ұқсас. Бұл бір күн кәффарат ретінде, ал екінші күні антын орындау үшін ораза ұстаған жағдайға қарама-қайшы, өйткені бұл жағдайда оразаға себепарасында айырмашылық жасау қажет. Ал себептері бірдей жағдайда ниет маңызды болмаған кезде, таратылған зат әрқайсысы жеке-жеке тек бір кәффаратқа жеткілікті болып есептеледі (өйткені әрбір кедейге жарты саа бидай кәффарат етуге жеткілікті етіп, ең аз мөлшері белгіленген, әйтпесе осыдан аз болса, кәффарат белгіленген күшінен айырылады, бірақ көп болмауы керек), бұдан шығатыны, осылайша тамақ тарату дәл тек бір кәффарат көзделгендей, тек бір кәффаратқа жарамды. Бұл тамақты бірнеше рет тарату жағдайына қарама-қарсы, өйткені оны екінші рет бір адамға беру басқа адамға бергенмен тең.

Егер екі зихар үшін екі кәффарат міндет болған адам өзінің екі құлын азат етсе, тіпті ол адам осы құлдарға қатысты және айтқан зихарына қатысты ешқандай белгілі бір ниеті болмаса да, онда мұндай кәффарат жеткілікті болып табылады. Дәл солай, егер бұл адам төрт ай бойы ораза ұстаса немесе жүз жиырма кедейге тамақ берсе, онда осындай кәффарат жеткілікті болып есептеледі, өйткені себеп бірдей болса, нақты ниет талап етілмейді.

Бұған қоса, егер осы адам екі зихарды бөліп, жартылай кәффарат ретінде бір құлын азат етсе, онда ол екі зихардың қайсысына қатысты бұл құлын азат еткендігін анықтауы қажет. Бірақ егер ол осы құлын зихар үшін және өлтіргені үшін бөліп, жартылай кәффарат ретінде азат етсе, онда бұл акт кәффараттың не ана, не мына себебіне қатысты күші болмас еді.—Зуфардың айтуынша, бір құл азатету бұл екі жадайда да мүлдем жарамсыз.—Басқа жағынан Шафи мұндай кәффарат бұл екі жағдайға да бірдей жарамды дегенді айтады, бұл кезде кәффарат етуші адам кәффарат әкiсi екі себептің қайсысына қатысты екенін анықтап алуы қажет. Өйткені мақсатқа келер болсақ, барлық кәффарат әкiсi бiр тектi, ал мұның мақсаты қылмысын түзеу болып табылады. Бірақ ниет бір текті себептерде назарға алынбайтындықтан, онда бұл жағдайда тек жалғыз ниеттің өзі ғана қалады. Сондықтан да кәффарат етуші өзі үшін кәффаратының екі себептің қайсысына қатысты екенін белгілеп алса болады.—Зуфар бұған қарастырылып отырған жағдайда кәффарат етуші адам бір зихарды кәффарат ету үшін өзінің құлының бір жартысын босатады, ал екінші жартысын екіншіні кәффарат ету үшін босатады, соған сәйкес, осы акт екі зихарға да қатысты екеніе жол берілген соң, ақырында кәффарат етуші адам өз кәффаратын (құл азат ету) бөліктері қай зихарға қатысты екенін анықтай алмайды, өйткені осылай болған соң кәффарат

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

етуші адам бұдан кейін өзі таңдау құқығынан айырылады деп қарсы шығады.—Біздің ғалымдарымыз (Шафиді қосқанда) бір текті заттарға қатысты нақты анықтама жарамсыз екендігін дәлелдейді. Соған сәйкес, ненің нәтижесінде тек жалғыз ниет қалатыны маңызды емес. Себептер әр түрлі болған жағдайда (мысалы, зихар үшін, сонымен қатар адам өлтірген үшін кәффарат ретінде құл азат ету), ниетті нақты анықтау жарамды болады: ал егер бұл мүмкін болса, онда құл азат ету не зихарға да, не адам өлтіргенге де толығымен қатысты бола алмайды. Шафи пікірі бойынша болса, өзінің негізгі мақсатына қатысты барлық кәффарат біртекті, онда бұған бұл жағдайда кәффараттың себептерінің әртүрлілігіне қарай оның қасиетінің әртүрлілігі орын алады деп қарсы шығуға болады, алайда өзінің негізгі_ мақсатына қарай_бұл кәффараттар біртекті.

Х тарау

Леан, немесе өзара қарғыс айту (лағынеттеу) жайында

Термин анықтамасы. - Заң тілінде леан термині ерлі-зайыптылардың бірінің екіншісін зинақорлық әрекеттері үшін кінәлайтын куәлік сөздерін білдіреді. Бұл куәлік сөздері күйеуі жағынан Жаратушының лағынетін және әйелі жағынан Жаратушының қаһарын мойындаумен қуатталады.

Жұбайын зинақорлықпен кінәлаған күйеуі өзінің мәлімдемесін қарғыспен растау керек. — Егер күйеуі әйеліне жала жапса (бұзықтық әрекеті үшін кінәлайтын болса) немесе әйелі дүниеге әкелген баланы «Бұл – менің балам емес» деп, баланың тегін мойындамай, теріске шығарса, ал әйелі күйеуінің бұл таққан кінәсына негіз болатын дәлел келтіруін талап етер болса, күйеуі қарғыс сөздерін айтуы керек. Тек қана ерлі-зайыптылардың екеуі де куәгерлік жауап беру жөнінен бірдей құқыққа ие болған жағдайда ғана (яғни, екеуі де кәмелетке толған, ерікті ата-анадан туған, ақыл есі дұрыс, мұсылман болған жағдайда)

Ал егер де бұл шарттардың бірі орындалмаса, күйеуі қарғыс айтуға міндетті емес. Яғни, әйелінің некеде тұрмайтын еркекпен қосылуы, немесе әкесі белгісіз нәрестені дүниеге келтірсе күйеуі қарғыс сөзін айтуға міндетті емес.

Қарғыс сөздерін айту міндетті болып саналатын шарттар. – Ғалымдарымыздың түсіндірмелері бойынша, жоғарыда айтылып өткендей, леан антпен расталған куәгерлік жауап болып табылады; егер ол жалған болған жағдайда күйеуі Жаратушының қаһарына ұшырайды, ол жала жапқан үшін қолданылатын жаза түрімен ауыстырылады. Ал леан рас болған жағдайда әйел адамға Жаратушының қаһарын аудартады, ол бұзықтық әрекет үшін қолданылатын жазамен ауыстырылады. Ерлі-зайыптылардың екеуі де куәгерлік жауап беру жөнінен бірдей құқыққа ие болулары шарт, себебі дәл осындай куәлік леанға негіз болады. Сонымен қатар, әйелі өзінің заңдық жағдайы бойынша айыптаушыны жала жапқаны үшін заңды түрде белгіленген жауапкершілікке тарта алуы керек. Себебі күйеуіне қатысты леан жала жапқаны үшін

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қолданылатын жазамен ауыстырылады (сол үшін де айыпталушының леан арқылы заңды некеде тұруын талап етеді). Сонымен қатар, леан баладан бас тартудың салдары болып табылады, себебі күйеуі баланың өзінен туғанын теріске шығарса, бұл арқылы жанама түрде әйеліне бұзық әрекеті үшін кінә таққаны болып саналады.

Қарсылық. - Баланың өзінен біткенін мойындамау әйелін бұзық әрекеттері (зина жасағаны) үшін кінәлауда оң тұспалдау болып саналмайды. Себебі бала күйеуінен болмауы мүмкін, дегенмен де әйелі зинақор болып санала алмайды (мысалы, біреу онымен қателесіп қосылуы мүмкін, нәтижесінде тегі бөтен еркектен екені айқын болған бала дүниеге келеді) сондықтан да бұл баланың өзінен біткенін мойындамау арқылы күйеуі тура немесе жанама түрде кінә тақпай, тек шындықты айтып отырғаны белгілі болады.

Жауап. – Мұндай мүмкіндіктің жеткілікті күші жоқ, себебі егер бөтен адам баланың белгілі болып тұрған әкеден туғанын мойындамаса, жоққа шығарса, мұндай мүмкіндікке қарамастан жалақор болып саналады; дәл осындай түсінік қарастырылып отырған жағдайға тән. Леанның міндетті шарты бұл – әйелінің күйеуінен таққан кінәсына негіз болатын дәлел талап етуі. Өйткені мұндай талап әйел құқығын құрайды. Бұл да әйелдің оның басқа да құқықтары сияқты орындалуы тиісті құқығы. Егер де күйеуі әйелінің осы талабын орындаудан бас тартса, сот оны түрмеге отырғызуы керек. Және де түрмеде не қарғыс сөзін айтқанша, не болмаса таққан кінәсінің жалған екенін мойындап, «Мен оған зинақорлық жасады деп жалған кінә тақтым» деп айтпайынша түрмеден шықпайды. Бұл әйелінің күйеуі алдындағы хақы. Әйелінің бұл хақын орындау күйеуінің билігіндегі нәрсе, сол үшін де ол заңмен белгіленген әрекетті орындамайынша, яғни леанның себебін жоятындай, жалған сөйлегенін мойындамайынша түрмеден шыға алмайды. Леан тек күйеуі әйелін зинақорлық әрекеті үшін кінәлағаннан кейін ерлі-зайыптылардың бірін-бірі жалған сөйлеуде айыптаған жағдайда ғана мүмкін болады. Күйеуі леан сөздерін айтқан уақытта әйелі үшін де леан сөздерін айту міндетті, себебі Құран осылай істеуге бұйырады (бірақ леан сөзін айтуға деген ынта-ықылас күйеуі жағынан болуы керек: бұл жағдайда күйеуі арызданушы болып саналады); Егер де әйелі қарғыс сөздерін айтудан бас тартса сот оны түрмеге қамауы керек. Және де ол белгіленген қарғысты айтпайынша немесе күйеуінің сөздерін растамайынша түрмеден шыға алмайды, себебі бұл күйеуінің әйеліне қатысты хақы. Күйеуінің бұл хақын орындау әйелінің құзырында болғандықтан да заңмен белгіленген шарттарын орындамайынша қамауда отыруы тиіс.

Леан құлдарға немесе кәпірлерге міндетті емес. – Егер де құл немесе кәпір не болмаса бұдан бұрын жала жапқаны үшін жаза тартқан адам өз әйелін бұзықтық әрекеттері үшін кінә тақса, онда ол жала жапқаны үшін жазалануы керек, себебі бұл жағдайда қарғыс сөзін айту мүмкін емес, демек оның бастапқы салдары орын табуы керек, яғни жала жапқаны үшін жазаға тартылуы тиіс. Бұл жағдайға қатысты Жаратушының бізге жеткізген шешімі келесідей: «Егер де ер адамдар күйеуге шыққан әйелдерді зинақорлық (бұзықтық әрекеттер) жасағаны үшін кінәлайтын болса, және де төрт куәгер келтірмесе, оларға сексен дүре соғыңдар», ал қарғыс болса, жала жапқан үшін жазаны ауыстырушы, орнын алмастырушы болып саналады; сондықтан да алмастыру орын таппаса, алмастырылып отырған нәрсе орын табуы тиіс.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Сонымен қатар леан келесі жағдайларда міндетті болып саналмайды: әйелі – күң, кәпір немесе жалақор болған жағдайда. – Егер де айыптаушы куәгерлік жауап беруге қабілетті кісі болып, ал әйелі күң, кәпір, *китаби* немесе жалақорлығы үшін жаза тартқан әйел болса, не болмаса айыптаушылары жазаға тартылмайтын әйелдердің бірі болған жағдайда, мысалға кәмелетке толмаған, ақыл есінен айырылған, немесе зинақорболса, күйеуі жазаға тартылмайды, және қарғыс айту да міндетті болып табылмайды, себебі бұл жағдайда айыпталушы куәгерлік жауап беруге қабілетсіз, және неке артықшылықтарына ие бола алмайды (айыптаушыны жала жапқаны үшін жазаға тартатындай дәрежеде).

Қарсылық. - Бұл жағдайда күйеуі жала жапқаны үшін жазаға тартылуы тиіс болып көрінеді, дегенмен де қарғыс осы жазаның орнын басады, яғни жаза қарғыспен ауыстырылады. Алайда орын алмастыру қолданылмаса, алмастырылған нәрсе орын алуы тиіс.

Жауап. – Күйеуі ешқандай жазаға тартылмайды, себебі ол қарғыс айтуға құқылы, ал ол қарғысты айтуға кедергі әйелі тарапынан болғандықтан, бұл жағдай күйеуі таққан айыпты растау мүмкіндігін жоятындай, жаза қолдануды да жойып жібереді. - Бұл қағида Пайғамбарымыздың келесі сөздеріне негізделеді: «Төрт түрлі әйелдерге қатысты қарғыс айту міндетті болып саналмайды: мұсылмандармен некеде тұрған яһуди, христиан әйелдерге, ерікті ерлермен некеде тұрған күңдерге және құлдармен некелескен ерікті әйелдерге».

Леан, сонымен қатар, ерлі-зайыптылардың екеуі де бұрын жала жапқаны үшін жазаға тартылған болған жағдайда міндетті емес. – Егер айыптаушы және оның әйелі бұрын жала жапқаны үшін жаза тартылған болса, бірінші жақ, яғни күйеуі белгіленген жазаға тартылуы тиіс, себебі бұл жағдайда ол қарғыс айта алмайды, яғни қарғыс айтуға құқысыз. Леанның формуласы және оны айту реті. – Леан келесі түрде белгіленеді. Сот күйеуіне жүгінеді, күйеуі келесі сөздерді төрт рет қайталауы тиіс: «Мен мына әйелді зина жасады деп айыптаймын, Раббымның менің бұл сөзімнің растығына куә болуын сұраймын» және бесінші мәрте: «Егер де мен мына әйелді зина жасады деп жалған кінә тақсам, Раббымның лағынеті болсын маған» деу керек. Бұдан кейін сот әйелдің келесі сөздерді төрт рет қайталауын талап етеді: «Күйеуімнің мені зина жасады деген айыптау сөздерінің жалған екендігіне Раббымның куә болуын сұраймын» және бесінші рет әйел былай деп айтуы қажет: «Күйеуімнің мені зинақорлық жасады деп айыптағаны рас болса, Раббымның қаһары жаусын маған». – Ханифаның пікірін жеткізген Хассан күйеуі қарғыс айтқанда әйеліне екінші жақта сөйлеуі керек, яғни «Раббыммен ант етемін, сені кінәлап отырған зинақорлық әрекетің үшін айтқан айыптау сөздерім рас екеніне». Бұлайша екінші жақта сөйлеу арқылы сөздің басқа біреуге қатысты айтылуына жол берілмейді; жоғарыда келтірілген формуланы қолданып сөйлеуге негіз болатын түсінік, ол қатыстық есімдігі, үшінші жақтағы есімдікті қолдану кез-келген күдікті жояды. Ерлі-зайыптылардың екеуі де белгіленген қарғысты айтқан соң неке бұзылады. – Ерлі-зайыптылардың екеуі де жоғарыда келтірілген формулаларды айтқан соң, екеуінің некесі бұзылады, алайда ол тек соттың шешімінен кейін ғана іске асады. – Зуфардың айтуынша неке соттың шешімінен тәуелсіз түрде бұзылады, себебі өзара айтылған қарғыс сөздерінен кейін бұлардың некесіне мәңгілікке тыйым салынады, Пайғамбарымыздың сөзі: «Бір-біріне

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қарғыс сөз айтқан екеу ешқашан қосыла алмайды» некенің бұзылғанын дәлелдейді. Себебі пайғамбарымыздың өзара айтылған қарғыстан кейін қосылуға тыйым салуы дәл осыны дәлелдейді. – Біздің ғұламаларымыздың қарсы пікірі бойынша өзара тыйым салыну нәтижесінде әйелін жақсылықпен ұстап қалу мүмкіндігі болмаса, онда күйеуі әйелімен игі ниетпен ажырасуы тиіс. Егер де күйеуі бұлай істеуден бас тартса, сот ажырасу туралы шешімін шығару керек. Себебі, бұл жағдайда сот әділетсіздікке жол бермеу мақсатында күйеуінің атынан сөйлеуші болып есептеледі. Бұған дәлел ретінде Омардың өз әйелімен ажырасуын айтуға болады. Омар әйелімен өзара қарғысөз айту нәтижесінде пайғамбарымыздың алдында ажырасты. Бұл некенің жалғасқанын, өзара айтылған қарғысөз нәтижесінде іс жүзінде бұзылмағанын көрсетеді. Себебі өзара қарғыс айтқан соң неке бұзылар болса пайғамбарымыз Омардың талақ (ажырасу) айтуына жол бермес еді. – Ханифа мен Мұхаммедтің пікірінше бұл жағдайда некенің бұзылуы жойылмайтын болып табылады, себебі соттың сөзі ер адамның әлсіздік жағдайында сияқты күйеуіне қатысты болуы керек.

Айтқан қарғысынан бас тартқан еркек өзінің әйелімен қайта некелесе алады. - Егер де еркек қарғыс сөзін айтқаннан соң таққан кінәсінің жалған болғанын мойындап, былай десе: «Мен оны зинақорлық жасады деп жалған айыптадым» , онда ол бұл әйеліне қатысты ерекше құқыққа ие болады. Яғни, басқа кез-келген әйелмен некелесе алатыны сияқты, онымен де некелесе алады. Ханифа мен Мұхаммед осындай түсініктеме берді. Әбу Юсуф бұл әйелдің мәңгілікке тыйым салынған болып қалатынын айтып, бұл әйелмен қайта некелесе алмайды дейді. Себебі Пайғамбарымыз айтты: «Қарғыс сөзін айтқан ерлі-зайыптылар ешқашан қайта қосыла алмайды». Ал бұл екеуінің арасындағы некенің бұзылуы мәңгілікке орнағанын көрсетеді, демек, олардың арасындағы неке заңсыз болып саналады. Әбу Ханифа мен Мұхаммед бұл пікірге қарсы шығып, күйеуінің мойындағаны оның куәгерлік жауабынан (яғни, айтқан қарғысынан) бас тартқаны болып есептеледі дейді. Ал куәгерлік жауаптан бас тартқан кезден бастап ол жауап заңды күшінен айырылады, немесе куәлік еткеннен кейін сол куәлігінен бас тартатын болса, берген куәлігі заңды күшінен айырылады. Ал жоғарыда келтірілген пайғамбарымыздың сөзінің мағынасына келер болсақ, ерлі-зайыптылар айтқан қарғыстарынан қайтпайынша қайта қосыла алмайды; алайда, күйеуінің мойындауынан кейін, ол айтқан қарғысы іс жүзінде жалғаспайды және де екеуі қайта қосыла алады. Қарғыс айту соңынан некесіз баланы дүниеге келтіруге алып келеді. – Егер күйеуі баланың тегін қабылдамау арқылы әйелін айыптаса, баланың тегін күйеуінен шықпайтынын, әйелінің тегіне жататынын білдіретін соттың шешімі керек. Қарастырып отырған жағдайда леан келесідей жолмен белгіленеді. Сот күйеуінің келесідей куәгерлік жауап беруін талап етеді: «Аллаһ алдында куәлік етемін, мен оған қарсы көтерген іс бойынша тек шындықты айтып отырмын, оның баласынан бас тартамын». Бұдан кейін сот әйелінен келесі сөздерді қайталауын талап етеді: «Алланың куә болуын сұраймын, маған қарсы көтерген істе менің баламнан бас тартуымен жалған сөйлеп тұр».

Егер күйеуі әйелін зинақорлық әрекетке барды деп тура және баласынан бас тарту арқылы жанама түрде айыптаса, онда леан айту барысында осы екі жағдай да айтылып өтуі тиіс. Бұдан кейін сот бала тегінің әкесіне қатысы жоқ екенін, тек анасына қатысты екенін көрсететін шешім қабылдау керек, себебі пайғамбарымыз бірде осындай шешім

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қабылдаған. Қарастырылып отырған жағдайда леанды айту барысында баланың некесіз туылғанын анықтау керек және де соттың шешімі дәл осы ниетпен шығуы тиіс.

Ерлі-зайыптылар арасындағы некенің бұзылуы туралы шешімінің ішіне баланың некесіз туғандығы туралы шешім де кіреді. – Әбу Юсуфтың пікірі бойынша, некенің бұзылуы туралы шешімнің ішіне баланың некесіз туғаны туралы шешім кірмейді; алайда сот алдымен некенің бұзылғанын жеткізіп, содан кейін былай деуі керек: «Мен баланы анасына тастап, оны әкесінің үйінен шығарамын (алыстатамын)». Себебі кей уақытта некенің бұзылуы (ажырасу) балалардың шыққан тегіне еш әсерін тигізбей өтуі мүмкін, мәселен, күйеуі әйелін зинақорлық әрекетке барды деп айыптаса, ал әйелінің балалары болса, әрі неке леан нәтижесінде бұзылған болса, бірақ балалардың некесіз туғандығы туралы мәселе көтерілмеуі мүмкін, сондықтан да баланың некесіз туғандығы жөніндегі соттың шешімі айтылып өтуі міндетті. Айтылған леан сөздерінен бас тартқан күйеуі жала жапқаны үшін жазаға тартылуы тиіс. – Егер де күйеуі леан сөзін айтқаннан кейін өз әйелін жалған айыптағанын мойындаса, және осы жолмен бірінші берген куәлік жауабының жалған екенін білдірсе, онда сот оны жазаласын, себебі ол өзін жазалауға тиісті екенін мойындауда: осыдан кейін (Ханифа мен Мұхаммедтің пікірінше) күйеуі жала жабылған әйелімен қайта некеге тұра алады, себебі күйеуі жала жапқаны үшін белгіленген жазаны тартқан адам ретінде леан сөзін айтуға деген құқысынан айырылады. Осылайша леан сөзін айтқаннан кейін некеге тұруға салынған тыйым өз күшін жояды. Сол сияқты, егер ерлі-зайыптылардың екеуі бір-біріне өзара қарғыс сөздерін айтқан болса, содан кейін күйеуі бөтен күйеуге шыққан әйелді зинақорлық әрекет жасады деп айыптаса, және жала жапқаны үшін белгіленген жазаға тартылар болса, жоғарыда айтылып өткен себептерге байланысты леан сөзін қай әйеліне айтса, сол әйелімен қайта некелесе алады. Сонымен қатар леан сөзінен кейін некесі бұзылған (ажырасқаннан кейін) әйел зинақорлық әрекет жасағаны үшін соттың белгілеген жазасын тартса, оған леан сөзін айтқан күйеуі онымен қайта заңды некеге тұра алады. Себебі әйелі зина үшін белгіленген жазаға тартылуы салдарынан леан сөзін айтуға деген құқығынан айырылған болып саналады.

Егер ерлі-зайыптылардың біреуі кәмелетке толмаған, не болмаса ақыл есінен айырылған болған жағдайда леан міндетті болып саналмайды. – Егер күйеуі өзінің кәмелетке толмаған немесе ақыл есінен айырылған әйелін зинақорлық жасады деп айыптайтын болса, ерлі-зайыптылар леан сөзін айтуға міндетті емес, себебі мұндай айыптаушы жала жапқаны үшін жазаға тартылмайды, тек қана айыптаушы бөтен адам болмаса; сондықтан да күйеулерінің мұндай әйелдеріне қатысты зинақорлық әрекетте айыптаулары леан нәтижесінде болмайды – Дәл осы қағида күйеуі ақылынан адасқан немесе кәмелетке толмаған болған жағдайда да қолданылады, себебі мұндай тұлға куәгерлік жауап беруге құқысыз болып табылады. Сонымен қатар, леан күйеуі мылқау болған жағдайда да міндетті емес. – Егер де мылқау күйеуі әйелін зинақорлық әрекетте айыптаса, мұндай айыптау нәтижесінде леан айтуы тиіс емес, себебі айыптау сөздері анық түрде айтылып жеткізілмеген жағдайда леан міндетті емес; және жала жапқан үшін де дәл осы жағдай қолданылады: жала жапқан адам өз сөзін анық нақты жеткізбесе, ол үшін жазаға тартылмайды. – Шафиғи бұл пікірмен келіспейді: оның пікірінше жаза (жала жапқаны үшін) мылқау адамның тарапынан болған айыптаудың нәтижесі болмауы керек, және мұндай айыптаудың нәтижесінде леан айтылуы керек,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

себебі мылқау адамның ишара белгілері сөйлей алатын адамның сөздерімен тең болып табылады. – Ғұламаларымыз бұл пікірге қарсы пікір айтады, олар мылқау адамның белгі ишараттарының мән-мағынасының күмән тудыру мүмкіндігін де жоққа шығармайды, ал жаза күмән тудыратын кез-келген жағдаймен жойылады. Айыптау жанама түрде тұспалдаумен айтылған болса, мұндай жағдайда леан орын алмайды. – Егер күйеуі әйеліне: «Сен менен жүкті болған жоқсың» десе, леан міндетті емес. – Бұл - Ханифа мен Зуфараның пікірі. Бұл пікір баланың біту жағдайы нақты анықтала алмайды деген түсінікке негізделген, себебі күйеуінің сөзі тура нақты айыптауға жатпайды. – Екі шәкірттің де айтуы бойынша егер әйел алты ай аралығында босанар болса, бұл жағдайда леан міндетті болып табылады. Мұндай пікірлерін олар Мабсуттың «айыптау сөздерін айтқан уақытта жүктіліктің тіршілік етуін (бар болу-болмауын) нақты анықтауға болады» деген сөздеріне негіздеп отыр. Алайда біз бұған тек айыптау тікелей анықтала алмаған жағдайда ғана жауап береміз, ол жағдаймен байланысты болу керек, мысалы, күйеуі әйеліне: «Егер сен баланы босансаң, ол менікі емес» деген жағдайда; ал айыптау мен шарттың арасындағы байланыс маңызды емес. Бірақ күйеуі әйеліне: «Сен – зинақорсың, сенің жүктілігің де сол зинақорлықтың нәтижесі» десе, леан ерлі-зайыптылардың екеуіне де міндетті болады. Себебі бұл жағдайда айыптау зинақорлық әрекетін еске алу арқылы айтылып отыр. Алайда сот бұл жағдайда іштегі нәрестенің тегі туралы ешқандай шешім шығармауы тиіс. – Шафиғидің айтуынша мұндай жағдайда іштегі нәрестенің некесіз біткендігі туралы шешім шығарылуы тиіс, себебі пайғамбарымыз жүкті әйелін зинақорлық жасады деп айыптаған *Ханнелге* қатысты осындай қаулы шығарған. – Ғалымдарымыз іштегі нәрестенің некесіз біткендігі туралы шешім (қаулы) тек босанғаннан кейін ғана шығуы тиіс деп бұл пікірге қарсы шығады, себебі оған дейін жүктіліктің өзіне қатысты күмәндардың болу мүмкін, сондықтан да сот мұндай шешім шығармауы керек. Ал Шафиғи келтірген пайғамбарымыздың шешімі (қаулысы) туралы айтар болсақ, мүмкін пайғамбарымыз әйелдің жүктілігіне рухани деңгейде көз жеткізген болар.

Нәрестенің дүниеге келгенінен кейін айтылған леан оның тегіне қатысы жоқ. – Егер күйеуі әйелі босанар уақыт жақындағанда, немесе әдетте құттықтаулар қабылданып, киімдер сатып алынатын уақытта және босануға жалпы дайындықтар жасалатын уақытта баланың өзінен туғанын жоққа шығаратын болса, одан бас тарту өз күшіне еніп оның нәтижесінде леан айтылады. Бірақ, егер күйеуі әйелі босанғаннан кейін біраз уақыт өткенге дейін оның тегі өзінен екенін жоққа шығармаса, онда оның тегі әкесінің атына жазылады, алайда бұл жағдайда да леан міндетті болып саналады. Ханифаның ілімі міне осындай. – Екі шәкірті де нәрестеден бас тартуды бір жолдық, бір реттік толғақтар кезінде мүмкін болуын айтады. Себебі жалпы баладан бас тарту ұзақ уақыт аралығында емес, аз уақыт аралығында мүмкін болады, сол үшін де аз уақыт аралығы мен ұзақ уақыт аралығының арасында айырмашылық жасалынып, толғақ соның қай түріне жататыны анықталады, себебі толғақ кезіндегі қиыншылықтар бала бітудің нәтижесі болып саналады. – Ханифа бұл пікірге қарсы пікір айтып, белгілі-бір уақыт аралығын белгілеп қою мүмкін емес дейді, себебі уақыт түсінік, ой-пікір немесе қарастырылу мүмкіндігі болып есептеледі. Әр түрлі адамдар үшін осы мақсат үшін қажетті уақыт аралығы түрліше болып келуі мүмкін. Сол үшін

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

күйеуі баланы қаншалықты туған баласындай санайтынын көрсететін жағдайларды ескеру қажет. Мәселен, қарапайым құттықтауларды қабылдауы, немесе мұндай құттықтауларға жауап бермей, үнсіз қалуы, не болмаса босануға қажетті заттарды сатып алуы, немесе нәрестеден бас тартпай, әйелінің босануына жол беруі сияқты жағдайларды ескеру керек. Бұл айтылғандардың барлығы әйелі босанғанға дейін күйеуінің үйінде болған жағдайға жатады; ал егер күйеуі үйінде болмай, нәрестенің туылғандығы турасында хабарсыз болып, баланың дүниеге келгенінен кейін үйіне оралған болса, екі ғұламаның да ойынша мұндай жағдайда күйеуінің үйінде болмаған уақыты ескерілуі тиіс; яғни Ханифаның пікірінше, күйеуі баладан құттықтаулар қабылданатын уақытта бас тарта алады. Ал екі шәкіртінің пікірінше бұл мүмкіндік күйеуіне әйелінің босанған уақыты аралығында беріледі. Егер де босану нәтижесінде (босанған кезде) екі нәресте дүниеге келіп, күйеуі оның біріншісінен бас тартып, екіншісін өзінікі деп мойындаса, екеуінің де тегі күйеуінікі деп мойындалуы тиіс, себебі екі нәресте де бір ұрықтан біткен; оныменқоса күйеуі жала жапқаны үшін белгіленген жазаға тартылуы тиіс, себебі ол екінші баланы өзінікі деп мойындау арқылы өз сөзіне өзі қарсы шықты. Егер де күйеуі бірінші туылған баланы өзінікі деп мойындап, екіншісінен бас тартса, мұндай жағдайда да жоғарыда айтылып өткен себептерге байланысты екі бала да күйеуінікі деп мойындалады. Онымен қоса, бұл жағдайда леан орын алуы керек, себебі екінші баладан бас тарту әйелін айыптаумен тең. Бұл айыптаудан ақырында бас тартпаған (бірінші жағдайдағыдай.) Күйеуі тарапынан әйелін пәк, таза, кінәсіз деп мойындағандығы оның екі баланың бірін өзінікі деп қабылдануынан көрініп тұр. Бұл мойындаудан кейін зинақорлық үшін айыптау орын алып тұр. Бұл күйеуінің «Ол – пәк» деп, содан соң «Ол – зинақор» деуімен бірдей. Мұндай түсінік қарастырылып отырған жағдайда да қолданылады.

XI Тарау

Еркектің белсіздігі жайында

Белсіз күйеуге сынақ ретінде бір жыл уақыт беріледі. Бұдан кейін некенің бұзылуы орын алады. – Егер күйеуі белсіз (белсіздік ауруымен ауыратын болса) болса, онда сот оған сынақ ретінде даудың пайда болғанынан бастап бір жыл уақыт белгілеуі тиіс. Егер де айыпталушы осы уақыт аралығында әйелімен жақындасар болса, бұл – жақсы болғаны; олай болмаған жағдайда әйелі қаласа сот некенің бұзылуы туралы қаулы (шешім) шығаруы керек. Әли, Омар және Ибн Масғұдтың осыған ұқсас шешім шығарғандары белгілі; әйел адам тән рахатына бөленуіне құқылы. Күйеуінің әлсіздікке (белсіздікке) шалдығуы ағзасындағы түбегейлі бір ақауларының бар болғандығынан емес, белгілі бір өткінші себептердің нәтижесінде болуы мүмкін; сондықтан да мұндай әлсіздікке шалдығудың себебін анықтау үшін белгілі бір уақыттың белгіленуі қажет. Бұл мерзім бір жыл шамасында белгіленеді, себебі бір жыл төрт мезгілден тұрады, ал аурудың негізгі себептері осы төрт мезгілге тән не

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ыстықтың, не суықтың, не құрғақтықтың, не сыз, ылғалдың шамадан тыс артуында жатады. Осы төрт ерекшеліктің бірі сөз етіліп отырған күйеудің ағзасына өз пайдасын тигізіп, оның әлсіздігі осы ерекшеліктің нәтижесінде емделіп шығуы мүмкін. Дәл осылай бір жылдық мерзім өткеннен соң келесі жағдайлар белгілі болады: күйеуінің әлсіздігі оның ағзасының түбегейлі бір ақауының бар болғандығына байланысты ма, жоқ па; егер солай болған жағдайда ол әйелін жақсылықпен ұстап отыра алмайтындықтан игі ниетпен онымен айырылысуы керек. Егер де күйеуі бұлай істемес, сот оның орынбасары ретінде некенің бұзылғандығы туралы қаулы шығаруы керек; алайда әйелі некенің бұзылуын қалауы керек, себебі бұл оның құқығын кұрайды.

Бұл жағдайда сөз етілген ажырасу (некенің бұзылуы) бұзылмайтын (жойылмайтын) ажырасу түріне жатады, себебі жазалау рәсімі күйеуіне тиесілі болып саналады, сондықтан да соттың мұндай қаулысы ажырасу формуласы күйеудің өз аузынан айтылғанымен бірдей. – Шафиғи некені былайша бұзу оның жойылуын білдіретіндігін дәлелдейді. Ал біздің ғалымдарымыздың пікірінше бұл жағдайда неке негізінде жойылмайтын болып саналады, дегенмен ерлі-зайыптылардың біреуінің діннен безуі сияқты әрекеттерінің нәтижесінде жойылуы мүмкін. Некенің мұндай бұзылуының нәтижесінде жойылмайтын ажырасу орын алады, себебі, бұл жағдайда әйелдің әлде бір ауыртпалықтан босауы меңзеледі, ал бұған өз кезегінде толық ажырасу арқылы ғана қол жеткізуге болады, олай болмаған жағдайда бұл ажырасуды жою күйеудің қолынан келер еді.

Күйеуі әйелімен оңаша қалған жағдайда, әйелі қалың малға толығымен иелік етеді.

Қарастырылып жатқан мәселеде әйелі күйеуімен оңаша қалатын болса, онда ол оған төленетін қалың малды толығымен алатын болады. Өйткені, еркекпен оның белсіздігіне қарамастан оңаша қалу хильуати-сахих болып саналады.

Әйелдің некені бұзу талабы күйеудің онымен жақындастықта болғандығы жөнінде анты теріске шығара алады.

Егер күйеуі әйелінің неке бұзу жөніндегі талабын онымен жақындастықта болғанын, және сонымен қатар әйелдің некеге тұрғанға дейін сайиб болғандығы анықталса, онда оның ант етуі қабыл болуы керек, өйткені ол әйелінің талабы бойынша жауапқа тартылады, ал жауаптының ант етіп айтқан сөзі міндетті түрде қабыл болуы қажет. Сондай-ақ, жыныстық мүше әуел баста қандай да бір ақаудан немесе әлсіздіктен ада болып жаратылған, сол себепті ешбір кедергі болмаған жағдайда жыныстық жақындасуға күші бар болып табылады; ал кез келген адамның арызы сыртқы жағдаяттар дәлел болатындай жағдайда қабыл етіледі. Сол себепті, егер күйеу осы сияқты ант ететін болса, онда әйелінің талабы өз күшінен айрылады, ал егер ол ант етуден бас тартса, онда жоғарыда келтірілгендей бір жылдық мерзім тағайындалады. Егер әйел тұрмысқа қыз болып шыкса, онда ол басқа әйелдердің тексеруінен өтуі қажет, егер де олар оның қыз болғанын дәлелдесе, ол кезде күйеудің жалған сөйлегені анықталып, бір жылдық мерзім тағайындалады. Егер де әйелдің бойынан қыздың белгілері табылмаған жағдайда, қазы күйеуден ант етуді талап етуі қажет, күйеу қажетті антты орындаса, онда әйелдің талабы жойылады, ал егер күйеу ондай анттан бас тартса, жоғарыда айтылғандай бір жылдық мерзім тағайындалады.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Жоғарыда айтылғанның бәрі күйеуінің белсіз болған жағдайында ғана орындалады. Ал егер күйеуі жыныс мүшелерінен тылығымен айрылған болса, онда қазы дереу түрде некені бұзу қажет, өйткені бұл жағдайда бір жылдық мерзім ештеңені де шешпейді. Алайда, егер күйеуінің мүшесі болып, ұрық қабы (жұмыртқалары) ғана болмаса, онда соңғы шешім кешіктірілуі қажет, себебі, мүшенің бар болуы жақындастықты мүмкін етеді.

Біржылдық сынақ уақыт өткен соң орындалуы тиіс ережелер. – Әлі қыз болып табылатын (пәк) әйелі белсіз деп айыптаған күйеуінің еркектік қабілеттерін сынау мақсатында белгіленген мерзім өткенде, күйеуі осы уақыт аралығында әйелімен жыныстық қатынаста болғандығын айтса, ал әйелі мұны жоққа шығарса, онда әйелін өз жынысындағы, яғни әйел адамдар, бірнеше адам тексеруі керек. Егер бұл адамдар әйелінің әлі қыз екенін мәлімдесе, әйеліне некені бұзу, немесе әрі қарай күйеуімен бірге тұруын жалғастыруды таңдау құқығы беріледі. Себебі оны тексерген адамдардың куәлік сөздері әйелдің пәктілігімен расталады, дәлелденеді. Ал пәктілік (қыз күйі) әр әйелдің алғашқы күйі болып табылады. Ал тексеретін адамдар әйелінің бойынан әйелге тән (яғни, қыздығынан айырылған) қандай да бір белгілерін байқаса, мұндай жағдайда күйеуі тарапынан ант айтылуы тиіс. Ал егер де, күйеуі мұндай ант сөзін айтудан бас тартса, онда әйеліне алғашқы жағдайдағыдай таңдау құқығы беріледі; егер де күйеуі ант сөзін айтса, онда әйеліне ешқандай таңдау құқығы берілмейді. Оған қоса, егер де әйелі алғашқыда –ақ (яғни некеге тұру кезінде) сайиб болған болса, күйеуі сынақ үшін берілген бір жылдық мерзім аралығында онымен жақындасқандығын айтса, бірақ әйелі күйеуінің бұл сөзін жоққа шығарса, онда күйеуінің ант сөзі айтуы қабылдануы тиіс, яғни күйеуіне өз білгенінше, қалауынша ант беруіне болады; егер ол ант айтуды қаласа, онда әйеліне ешқандай таңдау құқығы берілмейді; ал егер де күйеуі ант беруден бас тартса, онда әйеліне жоғарыда атылып өткендей таңдау құқығы беріледі. Бұл жағдайда егер әйелі күйеуімен бірге тұруды жалғастыруын таңдаса, бұдан кейін таңдау жасауға ешқандай құқығы болмайды, себебі некеде бірге тұруын жалғастыруға келіскен әйелі өз таңдау құқығынан бас тартатындығын білдіреді.

Біржылдық сынақ мерзімі ай күнтізбесі бойынша. - Күйеуінің әлсіздігі (белсіздігі) жағдайында соттың белгілеген біржылдық сынақ мерзімі ай күнтізбесімен саналуы керек. Бұл уақыт аралығына етеккірден тазару күндері және барлық ораза тұтатын уақыт (мысалы, рамазан) енуі керек, себебі бұл оқиғалар әрбір жылы орын алады. Алайда, бұл уақыт аралығынан ерлі-зайыптылардың біреуінің науқас болған күндері алып тасталынуы тиіс, себебі жыл мұндай оқиғаларсыз де өтуі мүмкін. Күйеуі некеге әйелінің бір физикалық ақауы кедергі болған жағдайда некені бұза алмайды. – Егер некелік жақындасуға кедергі әйелі тарапынан болса, күйеуінің некені бұзуға құқы жоқ. Шафиғидың айтуынша, төмендегі бес физикалық кемшіліктердің бірі әйелінің бойынан табылған жағдайда күйеуі некені бұза алады, олар келесідей: алапес ауруы, мысқыл (шілделік ауру я құлағынан ірің аққан ауру), ақылынан адасу, *ритка және харрна*, себебі айтылып өткен кемшіліктер (мысалы, соңғы екі кемшілік) жыныстық жақындасуға кедергі болады; ал басқалары болса (мысалы алғашқы үшеуі) адам жеңе алмайтын табиғи жеркенушілікке алып келеді. Пайғамбарымыздың мына сөзі: «Жабайы аңдардан қалай қашсандар, алапестерден

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

солай қашындар ». – Біздің ғұламаларымыз бұған қарсы пікір айтып, неке бұзылмайды, керісінше әйелімен жақындасуға кедергі келтіретін әрбір осындай жағдаймен (мысалы, әйелінің өлімімен хильуатиль-сахихқа дейін) неке айқындала, растала түседі дейді (яғни, әйелінің оған толығымен тиесілілігі жағынан). Сондықтан да некелік жақындасудың мұндай мұқтаждығы, кемтарлығының себебі неке объектісінің физикалық кемшілігі болса, онда некенің өзі жойылмайды, себебі бұл неке дүниеге келетін балалардың заңды түрде некеде туылуын мақсат еткендіктен және де жыныстық жақындасу тек некенің қосымша артықшылығы болып табылады. Ал жыныстық жақындасуға кедергі келтіретін табиғи кемшіліктер болатын болса (мысалы, *ритка* немесе *харрна* сияқты), хирургиялық операция нәтижесінде шешуге болады; ал барлық басқа жағдайларда жақындасуға деген қабілеттілік айқын болып тұр.

Күйеуі алапес, мысқыл немесе ақылынан адасқан болған жағдайда әйелі ажырасуды талап ете алмайды. – Егер күйеуі алапес, мысқыл немесе ақылынан адасқан болса, бұл жағдайда оның евнух (әтек, гаремде қызмет ету үшін әдейі тарттырылған еркек) немесе белсіз (импотенция) болған жағдайда сияқты әйеліне таңдау құқығы берілмейді. Бұл – Ханифа мен Әбу Юсуфтың пікірі. – Мұхаммедтің айтуынша, әйеліне ол жағдайларда өзін алдан (от ала) босатуы үшін таңдау құқығы берілуі тиіс; бұл дәл осындай жағдайда болып, өзін ажырасу арқылы босата алатын күйеуінің жай-күйінен өзгеше. – Бірақ жоғарыда келтірілген екі үлкен ғалым да бұған қарсы некеде *ab origine* ерікті таңдау құқығы берілмейді деген пікір айтады. Себебі, егер де мұндай құқыққа жол берілер болса, онда бұл күйеуінің құқығының жойылуына әкелер еді дейді; бұл құқық тек еркектің евнух (әтек, гаремде қызмет ету үшін әдейі тарттырылған еркек) пен белсіз (импотент) болған жағдайында ғана беріледі, себебі жақындасуға деген табиғи немесе кездейсоқ қабілетсіздік о баста некенің құрылу кезіндегі мақсаттарының жойылуына алып келеді. Ал біздің қарастырып отырған жағдайымызға мұндай түсінік қолданылмайды, себебі бойында жоғарыда айтылып өткен кемшіліктердің біреуі бар күйеуі дегенмен де некелік жақындасуға қабілетті болып табылады; осы тұста қарастырылып отырған жағдай мен Мұхаммед келтірген жағдай арасында айырмашылық бар екені белгілі.

ХІІ Тарау

Иддат жайында

Термин анықтамасы. Иддат дегеніміз некеде некелік жақындасу болғаннан кейін, ажырасу нәтижесінде әйелге міндетті болып табылатын сынаққа берілген уақыт мерзімі. Иддаттың анықтамаларының ең ең дұрысы деп табылатын анықтамасы келесідей: бұл – белгілі бір мерзім, осы мерзім өтісімен жаңа неке заңды болып саналады. Ерікті ата-анадан туған, ажырасқан әйелдің иддат мерзімі үш айлық етеккірден тазару уақытына тең. – Күйеуі өзінің ерікті ата-анадан туған әйелінен жойылатын немесе жойылмайтын ажырасумен бас тартса, немесе жыныстық жақындасудан кейін некенің талақсыз бұзылуы орын алар болса, онда иддат немесе

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сынақ мерзімі әйелдің үш айлық етеккірден тазару уақыты өту керек, егер әйелдің етеккірі келетін болса. Аллаһ Тағала Құранда осылай бұйырады.

Талақ айтылмай-ақ орындалатын ажырасу. – Некенің талақсыз бұзылуы келесідей жағдайлардың нәтижесінде болуы мүмкін: әйел күйеуінің ұлымен жақындасуға жол берсе немесе әйел діннен безетін болса.

Етеккірден тазару уақытына тап болмаған әйелдің иддат мерзімі үш айға тең; ал жүкті әйелдің иддат мерзімі оның босанған уақытына дейін созылады. – Тым кішкентай жасына немесе тым ұлғайған шағына байланысты етеккірі жоқ әйелдің иддат мерзімі үш айға тең, себебі Аллаһ Тағала Құранда осылай бұйырады. – Жүкті әйелдің иддат мерзімі, ерікті болсын, күң болсын, оның босанған уақытында аяқталады, себебі Аллаһ әйелдерге олардың жағдайына қатысты осылай бұйырған.

Күннің иддат мерзімі екі етеккірден тазару уақытымен анықталады. - Күннің иддат мерзімі екі етеккірден тазару уақытына тең келеді, өйткені хадисте дәл осылай айтылған; сонымен қатар құлдық заңмен берілген барлық құқықтарды жартылай шектейтіндіктен, күнге берілген уақыт етеккірден тазару уақытының бір жарымдық мерзіміне тең келуі керек еді; бірақ бұл тазарулар бөлшектенбейтіндіктен жартылай мерзім толық мерзім ретінде қарастырылып, сондықтан да күннің иддат мерзімі екі етеккірден тазару мерзіміне тең деп алынып отыр. Омар да дәл осындай түсініктемені келесі сөздерімен мақұлдайды: «Егер мүмкін болған жағдайда, мен күннің иддат мерзімін біржарым етеккірден тазару мерзіміне тең деп алар ем». – Етеккірден тазаруға тап болмаған күннің иддат мерзімі бір жарым айға тең. Тым жас шағына немесе қарттығына байланысты етеккірі келмейтін күннің иддат мерзімі бір жарым айға тең, себебі уақыт бөлшектеуге келеді, сол үшін де құлдыққа байланысты шектеулер есепке алынуы қажет. Жесір әйелдердің иддат мерзімі. – Ерікті ата-анадан туылған, күйеуі қайтыс болған әйелдің иддат мерзімі төрт ай және он күнге тең, себебі Құранда осылай бұйырылған. Осындай жағдайларда күннің иддат мерзімі құлдықтың туған шектеулер нәтижесінде екі ай және бес күнге тең болады. Ажырасқаннан кейінгі жесір әйелдің иддат мерзімі. – Егер де күйеуі өлім аузында жатқанда әйелімен ажырасса, және әйелі оның мұрагері болатындай болса, Ханифа мен Мұхаммедтің пікірінше күйеуінің өлімі нәтижесінде ол әйелдің иддат мерзімі төрт ай және он күнге тең болуы тиіс, тек қана егер дәл осы уақыт аралығында оның үш етеккірінен тазару мерзімі орын алатын болса; ал егер де осы уақытта үш етеккірден тазару уақыты орын алмайтын болса, себебі бұл тазаруларға көбірек уақыт қажет болғандықтан (мысалы, бес ай) онда бұл әйелдің иддат мерзімі осы аралыққа қажетті уақыттың ұзақтылығына қарамастан үш етеккірден тазару мерзіміне тең келуі керек. Бір сөзбен айтқанда бұл жағдайда иддат мерзімі екі түрлі анықталады: не төрт ай және он күнге, не үш етеккірден тазаруға тең болуы керек, және иддат мерзімінің ең соңғы, үзілді-кесілді қабылданатыны - ең ұзағы. – Әбу Юсуф мұндай жесір әйелдің иддат мерзімі үш етеккірден тазару мерзімімен анықталуы керек дейді. – Пікірлердің мұндай айырмашылықтары үш рет талақ айтылған немесе өлім аузында жатқан күйеуінің әйелінен бас тартуына байланысты; ал жойылатын талақ жағдайында барлық ғалымдардың ортақ пікірінше иддат мерзімі төрт ай және он күнге тең болады. – Әбу Юсуф жоғарыда келтірілген өзінің түсініктемесін келесі дәлелдерді келтіре отырып қолдайды: неке күйеуінің өлімінен бұрын бұзылған және талақпен тоқтатылған, ал

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

талақтың иддат мерзімі үш етеккірден тазару мерзімі болып белгіленді, сол үшін де осы жағдайда дәл осы иддат мерзімі қолданылуы тиіс. Себебі төрт ай және он күнге тең иддат мерзімі (жесірлік жағдайда міндетті болып табылатын) тек некенің бұзылуы кезінде, күйеуінің өлімі арқылы қолданылуы тиіс. Ал осы жағдайда неке күйеуінің өліміне дейін талақ арқылы бұзылды. Бұған келесідей қарсы пікір айтуға болады, егер де неке күйеуінің өліміне дейін бұзылған болса, онда әйелі күйеуінің мұрагері бола алмайды; оған қоса бұл жағдайда неке иддат мерзімінің қандай да бір өзгеруіне қатысты емес, тек мұрагерлікке қатысты ғана өз күшіне ие болады. Бұл өлім аузында жатқан күйеуінің әйеліне берген жойылатын талақ жағдайына қарама-қайшы келеді, оған қоса ғалымдардың ортақ пікіріне сай мұндай әйелдің иддат мерзімі қатаң түрде жесірдің иддат мерзімі ретінде саналуы тиіс, себебі бұл жағдайда неке барлық жағынан шынайы, жарамды болып саналады. – Ханифа мен Мұхаммед бұл пікірге қарсы пікір айтып, бұл жағдайда неке тек мұрагерлікке қатысты ғана жарамды, шынайы болып саналады дейді. Демек, неке иддат мерзіміне қатысты да өз күшінде қалуы тиіс, сол үшін де бұл жағдайда мүмкін болатын иддат мерзімінің екі түрінің ең ұзағы алынуы керек. – Егер де күйеуі діннен безгені үшін дарға асу жазасымен жазаланған болса, ал әйелі оның мұрагері болып саналатын болса, онда оның иддат мерзіміне қатысты да осындай пікір айырмашылықтары бар. – Кейбір түсінік берушілердің айтуынша барлық ғалымдардың пікірі бойынша мұндай жесірдің иддат мерзімі үш етеккірден тазару уақытына тең келуі керек, себебі күйеуінің өлімі кезінде оның некесі мұрагерлікке қатысты бұзылған болып саналады, себебі мұсылман әйел кәпірдің мұрагері бола алмайды; алайда қарастырып отырған жағдайымызда әйелі діннен шыққан күйеуіне мұрагер болады, себебі оның мұрагерлікке деген құқығы күйеуінің діннен шыққан уақытынан басталады; сол себепті қарастырылып отырған жағдайда мұндай жесірдің иддат мерзімі талақтың иддат мерзіміндей анықталады.

Иддат мерзімі кезінде босатылған күң ерікті ата-анадан туған әйелге тиісті иддат мерзімін сақтауы қажет. – Егер де қожайыны күнін жойылатын талақ нәтижесінде иддат мерзімі кезінде босататын болса, онда бұл жағдайда ол ерікті ата-анадан туған әйелге тиісті иддат мерзімін сақтап, оны дәл солай санауы керек, себебі жойылатын талақ кезінде иддат мерзімі аяқталғанша неке барлық жағынан қарастырғанда жалғасады. – Алайда, егер қожайыны жойылмайтын талақтың иддат мерзімін өтеп жатқан күнін босатар болса, немесе күйеуінің өлімі нәтижесінде оның иддат мерзімі еш өзгермейді. Яғни, ол иддат мерзімі ерікті ата-анадан туған әйелге тиісті иддат мерзіміндей қарастырылмайды, себебі оның некесі жойылмайтын талақ немесе күйеуінің өлімі нәтижесінде бұзылған болатын. Тұмайтын әйелге қатысты иддат мерзімі. – Егер де аиса (яғни, күдер үзген) айлармен саналатын иддат мерзімін өтеу кезінде бойынан етеккір келгенін байқаса, онда осы жағдайға дейінгі иддат мерзімінің барлық бөлігі назарға алынбайды да, ал оның иддат мерзімі қайтадан басталуы және етеккірден тазару уақытымен саналуы керек. – Бұл сөздің түсініктемесін беруші бұл қағида аисаның бұрын етеккірі келген, және содан кейін бала көтеруге деген үміттен айырылған жағдайда қолданылмалы дейді, себебі етеккірдің келуімен мұндай үмітсіздік жойылады. Мұндай түсініктеме мақұлданады, себебі мұндай әйелге қатысты иддат мерзімін айлармен санау белгіленген иддат мерзімінің орнын толық баса алмайтыны анық. Егер де аиса бұрын-соңды етеккірі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болмаған әйелдердің қатарынан болып, айлармен саналатын иддат мерзімін өтеу кезінде бойынан етеккір келгенін байқаса, онда етеккір қаны келгенге дейінгі өтелген иддат мерзімі назарсыз қалдырылмайды, себебі мұндай әйел үшін иддат мерзімінің аймен саналуы етеккірден тазару уақытымен санаудың орнын басушы емес, алғашқы қағида болып табылады.

Егер әйел иддат мерзімін өтеп жүрген болса, және оны етеккірден тазару уақытымен санайтын болса, және де екі осындай тазарудан кейін етеккір қаны тоқтап, әйел аииса болып қалса, ондаоның иддат мерзімі қайтадан басталады. Бұл мерзім айлармен саналу керек, ал алдыңғы етеккірден тазару уақыттары орын басушы (яғни айлар) мен алғашқы мерзімі (яғни етеккірден тазару) араласып, шатасып кетпеуі үшін назарға алынбайды.

Зандастырылмаған неке кезінде иддат мерзімін өтеу қағидалары. – Занды емес некеде болған әйелдің иддат мерзімі күйеуінің өлімі мен олардың арасындағы некенің бұзылу жағдайында етеккірден тазару уақытымен саналады. Дәл осындай түсінік қателікпен ер адаммен жақындасуға барған әйелге қатысты да қолданылады, себебі мұндай жағдайларда иддат мерзімі некелік қатынастан туындайтын құқық ретінде емес, тек әйелдің жүктілігін (жүкті болып қалды ма, жоқ па екендігін) тексеру үшін ғана қажет; ал етеккірден тазару әйел құрсағының халін білуге болатын бірден-бір жолы болғандықтан, мұндай әйелдің иддат мерзімі етеккір қанының келген кезіне дейін саналуы керек.

Умми-уәләттің иддат мерзімі. – Егерде умми-уәләттің қожайыны қайтыс болса, немесе оны босатып жіберсе (бас бостандығын берсе), онда оның иддат мерзімі үш етеккірден тазару мерзімімен саналады. – Шафиғидің айтуынша мұндай әйелдің иддат мерзімі тек бір етеккірден тазару мерзімімен саналуы керек, себебі әйел үшін бұл мерзім тек қожайынының иелік құқықтарының тоқтатылғаны ретінде керек, сондықтан да оның құрсағының тазаруына бұдан көп етеккір қанынан тазару уақытының қажеті жоқ. Ғалымдарымыз бұған қарсы пікір айтып, төсек құқығының жойылуының нәтижесінде бұл әйелге иддат міндетті дейді. Сондықтан да некенің бұзылуы кезінде қандай иддат мерзімі белгіленсе, бұл жағдайда да сондай иддат өтлуі қажет. – Онымен қоса, Омар: «Умми-уәләттің иддат мерзімі – үш етеккірден тазару уақыты », - деді. Егер умми-уәләттің етеккірі келмейтін болса (етеккірі мүлдем болмаса) онда оның иддат мерзімі күйеуге шыққан әйелдің иддат мерзімі сияқты үш ай жалғасуы керек.

Кәмелетке толмаған ер адамның жесірінің иддат мерзімі. – Егер кәмелетке толмаған ер адам қайтыс болса, ал артынан жүкті әйелі қалса, онда оның иддат мерзімі босанғаннан кейін бітеді. Ханифа мен Мұхаммед осылай дейді. – Әбу Юсуфтың айтуынша бұл жағдайда иддат мерзімі төрт ай және он күнге тең келу керек (Шафиғи де осындай пікір айтады). Себебі жүктілік кәмелетке толмағанның есебіне жазыла алмайды, ал баланың бітуі оның өлімінен кейінгі уақытқа жазылуы тиіс. - Ханифа мен Мұхаммед бұл пікірге қарсы екі түрлі пікір айтады. Біріншіден, олар Алланың Құранда бұйырған сөзіне жүгінеді: «Әйел адам жүкті болса, онда ол босанғанға дейін күту керек»; бұл сөздер жалпы мағынада берілген, демек бұл сөздер қарастырылған жағдайда айтылып отырған әйелге де қолданылмалы. Екіншіден, күйеуі өлім аузында жатқан (әйелі жүкті болған жағдайда) әйелдің иддат мерзімі оның жүктілігінің қалған

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

уақытымен саналады, ал жесірдің иддат мерзімі оның құрсағының халін тексеру үшін белгіленбейді, себебі олай болған жағдайда бұл мерзім белгілі бір мерзіммен саналмас еді (әйелдің етеккірден тазару уақытына тап болғанын болжай отырып), үш етеккірден тазару уақытымен саналар еді; бұл арада біз заңның бұл иддат мерзімін төрт ай және он күнге теңестіретінін білеміз, әйелдің етеккірі келген болса да; бірақ бұл иддат некелік қатынастардан туындайтын құқықтардың бірінің орындалуы кезінде міндетті болып саналады. Мұндай пікір қарастырылып отырған кәмелетке толмағанның әйеліне қатысты, оның жүктілігі кәмелетке толмаған күйеуіне тіркелмесе де (жазылмаса да) қолданылады. Бұл жүктіліктің кәмелетке толмаған күйеуінің өлімінен кейін болған жағдайына қарама-қайшы келеді. Себебі бұл кезде әйелдің төрт ай және он күнге тең иддатты басталып кеткен болатын, және бұл иддаттың басталғанынан кейін болған жүктілігімен өзгере алмайды.

Ал қарастырылып отырған жағдайда босанғанға дейінгі иддат мерзімі иддаттың басталған сәтінен бастап міндетті болды; бұдан біз бұл екі жағдай арасындағы айырмашылықты байқаймыз. *Жүктілік күйеуінің өлімінен кейін басталғаны әйелі босанғаннан кейін алты айдан күйеуінің өлген сәтінен бастап екені анықталады.* Бұл қағиданы барлық ғалымдар мақұлдайды. Кейбіреулерінің пікірінше, бұл қағиданы тек бір жағдайда ғана мақұлдауға болады, яғни әйелі күйеуінің өлген сәтінен санағанда ең азы екі жылдан кейін босанатын болса. Алайда, егер кәмелетке толған күйеуі қайтыс болып, әйелі кәмелетке толған күйеуінің қайтыс болған сәтінен бастап санағанда алты ай мен екі жыл аралығындағы уақытта босанған болса, онда әйелдің иддат мерзімі босанғаннан кейін бітеді, себебі бұл жағдайда жүктілік күйеуінің атына жазылып, күйеуінің қайтыс болар сәтінде болған жүктілікпен тең болып есептеледі. – Балиғатқа толмағанның әйелінен туған нәрестенің шығу тегі балиғатқа толмаған күйеуінің атына жазыла алмайды, және де бұл жүктіліктің қай кезде анықталғанына қарамастан, оның тірі кезінде ме, әлде қайтыс болғаннан соң ба, себебі балиғатқа толмаған ер адамның бойында ұрығы жоқ болғандықтан, ол әйелді ұрықтандыра алмайды (әйелдің бойына бала бітіре алмайды); ал некенің құрылуы, күйеуінің бойында ұрық бар-ау деп болжаған жағдайды санамағанда, ұрықтың орнын басу деп есептелмейді. Етеккірден тазару кезіндегі әйелдің ажырасу иддаты. – Егер күйеуі етеккірден тазару кезіндегі әйеліне талақ етсе, онда бұл мерзім иддат мерзімінің ішіне кірмейді, себебі иддат толық үш етеккірден тазару уақытына тең келеді; егер де талақ берілген кездегі етеккірден тазару уақытын бұл мерзімге қосатын болса, онда мұның нәтижесінде талаққа дейінгі болған барлық нәрселерге қатысты кем шығып қалар еді; сондықтан да бұл етеккірден тазару уақыты белгіленген иддат мерзіміне кірмейді.

Өзінің ажырасу иддаты кезінде ер адаммен некелік қатынаста болған ажырасқан әйелдің иддат мерзімі. – Егер де ер адам қателікпен ажырасу иддатын өтеп жүрген әйелмен жыныстық қатынаста болса, онда әйел үшін басқа иддат мерзімі міндетті болады және осы екі иддаты да бір иддатқа бірігіп бір иддат болып саналады; яғни мұндай жақындасудан кейінгі етеккір екі иддат үшін де саналады. (екі иддаттың да құрамына кіреді); егер де бірінші иддат екінші иддат мерзімінен ертерек бітсе, онда екіншісін өтеу де оған міндетті болады. Бұл біздің ғалымдарымыздың пікірі. Шафиғидің пікірінше екі иддат мерзімі бір иддат мерзіміне біріктіріле алмайды, себебі иддат тақуалықтың белгісі «ол әйелді басқа ер адаммен немесе т.с.с. некеге тұрудан

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ұстап тұрады» , ал екі тақуалық актіні бір актіге біріктіріп, оны екі түрлі мақсат үшін біреу деп санауға болмайды; мәселен, ораза кезінде бір күн басқа бір күннің орнына санала алмайды. Біздің ғалымдарымыз бұған қарсы пікір айтып, иддаттың мақсаты әйел құрсағының белгілі- бір халін тексеру болып табылады, ал бұл мақсатқа бір иддат мерзімі жеткілікті болғандықтан, екі иддат бір иддат ретінде саналуы әбден мүмкін дейді. Тақуалық болса иддат мерзімінің негізгі мақсаты емес, тек оған тиісті бір бөлігі болып табылады, сондықтан да ол әйелдің келісімінсіз,ырзалығынсыз да орындалуы мүмкін, мысалы әйел белгіленген иддат мерзімі аралығында үйінен шығудан, басқа еркекпен некеге тұрудан немесе осы некенің қайта ұрылуынан тыйылса, деген пікір айтады.

Өзінің жесірлік иддаты кезінде басқа еркекті өзіне жақындатқан жесір әйелдің иддат мерзімі. – Егер ер адам күйеуі қайтыс болғаннан кейін жесірлік иддатын өтеп жүрген әйелмен жақындасар болса, онда әйел жесірлерге белгіленген төрт ай және он күнге тең иддат мерзімін өтеп, және бөтен ер адаммен жақындасу уақытынан бастап болған барлық етеккір санын санауы керек, яғни бұл екі иддат та мүмкіндігінше көп уақыт бірігуі үшін.

Жесірдің немесе ажырасқан әйелдің иддаты оның келісімінсіз (немесе оған айтылмай) орындалуы мүмкін. Ажырасудың иддаты ажырасу формуласы айтылғаннан кейін бірден, ал жесірдің иддаты дәл күйеуінің қайтыс болған сәтінен басталады; сондықтан да егер иддат үшін белгіленген мерзімге дейін әйеліне жесір болып қалғандығы немесе ажырасқандығы туралы айтылмаса, онда оның иддаты орындалған болып есептелуі тиіс. Өйткені оның жесірлігі немесе ажырасуы оны қайта бастауға себеп болады, сондықтан да ол мерзім осы екі жағдайдың біреуінің орын алған сәтінен бастап саналады. – Замандас ғалымдарымыз ажырасудың иддат мерзімі ажырасу ресми түрде жарияланбастан бұрын басталмауы керек деп қаулы етті. Ерлі-зайыптылар арасындағы келісіп алуын алдын-алу мақсатында: күйеуі әйелімен жеке келісіп алуы мүмкін ажырасуын жариялап, және иддат мерзімі өтіп кетті деп мәлімдеуі мүмкін. Мұндай жолмен әйелінің пайдасына өзінің қарыз екенін мойындап, ажырасу нәтижесінде әйеліне заңды түрде тиесілі болған бөлігінен әлдеқайда артық мұра қалдыруы мүмкін.

Заңсыз некеден кейінгі иддат. – Заңсыз неке кезінде иддат сот некенің бұзылғандығы туралы қаулыны шығарғаннан кейін немесе күйеуінің жақындасудан тыйылуы туралы нақты шешімін мәлімдегеннен кейін басталады. – Зуфардың айтуынша, иддат мерзімі некелері заңсыз болып қалған ерлі-зайыптылардың соңғы жақындасуларынан кейін басталады. Бұл некенің заңсыздығының себебі неке келісімінің жасалу факті емес, жыныстық жақындасу факті болып табылады. – Біздің ғалымдарымызбұл пікірге қарсы екі түрлі пікір айтады. Біріншіден, заңсыз некеден орын алатын әрбір жыныстық жақындасу факті бір ортақ актіге саналуы керек, себебі бұл актілердің барлығы бір неке келісімінде бастау, негіз алады (сол үшін де бұл жағдайда бір қалың мал жеткілікті болады). Бұл жерден байқайтынымыз, некенің ресми түрде бұзылуына дейін, немесе жоғарыда келтірілген ниеті жайлы мәлімдегенге дейін, иддат белгілене алмайды, себебі соңғы жыныстық жақындасу сәтін анықтау мүмкін емес, өйткені бұл акт қайталануы мүмкін; сондықтан да некенің бұзылуы белгіленбегенше немесе жоғарыда айтылып өткен мәлімдеме жасалынбағанша бір де

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бір жыныстық жақындасу соңғы болып санала алмайды. Екіншіден, соңғы жыныстық жақындасу факті тек күйеуінің болашақта жақындасудан тыйылу туралы мәлімдемесінен ғана «соңғы» ретінде анықтала алады. Сондықтан жасырылған нәрсе көрінетін, белгілі бір нәрсемен белгіленуі керек. Мұндай көрінетін, белгілі нәрсе пікір айтуға негіз бола алуы қажет. Әйелдің ант сөзі оның иддатының өтелуін растайды. – Егер әйел иддатын өтеп жатқан болса, мерзімінің аяқталғанын мәлімдесе, ал күйеуі мұндай мәлімдемені жоққа шығарса, онда әйелінің ант куәлік сөздері жарамды, қабылдануы керек, себебі оған бұл істе сенім білдіру керек. Ал күйеуі болса, оның шыншылдығына күмән келтірді. Нәтижесінде әйел айыптаушымен бірдей дәрежеде ант етуі керек.

Ажырасқаннан кейін жаңадан некеге тұрып, одан кейін күйеуі қайтарып тастаған әйелдің жағдайы. – Әйелін жойылмайтын талақпен қайтарып тастаған күйеуі, оның иддат мерзімі кезінде онымен қайта некеге тұрса, және бұдан кейін ресми түрде жаңа некеге тұрғанға дейін талақ етсе, бұл жағдайда ол қалың малды толығымен беруі керек, ал әйеліне қайтадан иддат міндетті болады. Бұл Ханифа мен Әбу Юсуфтың пікірі. – Мұхаммедтің айтуынша, күйеуі жарты қалың малдан артық беруге міндетті емес, ал әйелі тек өзінің бірінші иддатын өтеуі керек, себебі екінші ажырасу ресми түрде жасалған некеге дейінгі ажырасу болып табылады, демек, оның толық қалың малды төлеуі немесе жаңа иддатты өтеуі міндетті емес; дәл сол сияқты әйелі үшін де бірінші ажырасудың нәтижесі болып табылатын бірінші иддаттың бітуінен басқа ешнәрсе қажет емес. Әйелдің мойнындағы бірінші иддаттың міндеті бірінші күйеуімен қайта некеге тұрғанда жойылады, алайда соңғы неке екінші талақпен жойылады, сондықтан да әйел үшін бірінші иддат мерзімін аяқтау міндетті болып табылады. Ханифа мен Әбу Юсуф бұл пікірге қарсы пікір айтып, екінші талақ іс жүзінде жыныстық жақындасудан кейін берілді дейді, қарастырылып отырған әйел шын мәнінде күйеуінің билігінде болады, алғашқы болып орын алған жыныстық жақындасу салдарының бірі болып табылатын иддат өз күшінде қалады. Әйелінің иддат мерзімін өтеу кезінде күйеуі онымен қайта некеге тұрса, онда онымен жақындасуға деген мұндай құқық жаңа құқықтың орнына жүретін болып табылады. Бұл жағдай бір нәрсені заңсыз түрде иеленіп, заңсыз иеленілген затты сатып алған кездегі адамның жағдайына ұқсас келеді, заңсыз иеленілген затты сатып алу кезінде бұл зат оның иелігінде болған кезде өзінің сату-сатып алу келісімі орындалғаннан кейін сатып алған затының иесі болып саналады. Сондықтан екінші ажырасу жақындасудан кейінгі болған ажырасу екені айқын. – Зуфардың айтуынша, қарастырылып отырған жағдайда әйел үшін ешқандай да иддат міндетті емес, себебі бірінші иддат екінші неке құрғаннан бастап жойылды, демек қайта орын ала алмайды; ал екінші ажырасу нәтижесінде ешқандай иддат орын алмауы тиіс, өйткені бұл ажырасу шын мәнісінде некеге тұрғанға дейінгі ажырасу болып табылады. Алайда Зуфардың бұл пікіріне жоғарыда келтірілген үлкен ғалымдардың жауабы жеткілікті болады. Егер де зиммий немесе қол астындағы кәпір азамат өзі сияқты қол астындағы кәпір азаматша әйелін қайтарып тастаса, онда ол әйел үшін ешқандай иддат міндетті емес. Дәл осы қағида ислам дінін қабылдағаннан кейін жат елден мұсылман жеріне көшіп келген жат елдік әйелге де қатысты қолданылады. Сондықтан да мұндай әйелдер, егер де олар жүкті болмаған жағдайда, белгіленген иддат мерзімін өтемей

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тұрып-ақ жаңа некеге тұра алады. Бұл осындай қол астында жұмыс істейтін кәпір қызметші әйелге, яғни, иддат міндеттерін ұстанбайтын, әрі оның заңды күшіне сенбейтін әйелге қатысты Ханифаның пікірі. – Екі шәкірттің де айтуынша, жоғарыда келтірілген екі әйелге де иддат мерзімі міндетті болады; Кәпір қызметшіге, себебі олар барлық зайырлы заңдастыруларды орындауға қатысты міндеттемелерді мойнына алған, ал исламды қабылдап, мұсылман жеріне көшіп келген жат елдік әйелдер үшін болса, мұндай әйелдер үшін барлық жағдайларда иддат мерзімін өтеу міндетті болып саналады, мысалы, күйеулерінің қайтыс болған жағдайында, немесе күйеулерінің ұлдарымен жақындасқан жағдайда, демек, бұл жағдайларда тұру мекенін ауыстырса да, иддат мерзімін өтеу міндетті болады. Бұл ер адамның исламды қабылдап, жат елден мұсылман жеріне көшіп келсе, ал әйелі сол жат жерде қалып қойған болған жағдайға қарама-қайшы болып келеді. Бұл жағдайда әйелі үшін иддат міндетті емес, себебі ол жат елде болғандықтан мұндай міндеттің оған күші жүрмейді. – Ханифа кәпір қызметшілерге байланысты қарсы пікір айтып, заң құқығы ретінде иддат міндеті оларға қатысты болмайды дейді, себебі олар заңның қаулыларын орындауға міндетті болып табылмайды; сол сияқты иддаттың міндеті мұндай жағдайлардың заңды күшіне сенбейтін, әрі оларды ұстанбайтын күйеуінің құқықтары негізінде оларға қатысты қолданыла алады деп болжауға болмайды. Ханифаның жат елдік әйелге қатысты келтірген дәлелдері екі түрлі: біріншіден, Аллаһ тағала мұсылмандарға былай бұйырды: «Сендер тура дінге бас бұрып, мұсылмандардың (тура діндегілердің) жеріне көшіп-қонған жат елдік әйелдермен некелесе аласыңдар»; екіншіден, иддат міндетті болғандықтан онымен күйеуінің құқықтары байланысты болады бірақ ғарби немесе жат елдік адам ретінде саналмай, тек зат ретінде саналады (сондықтан да оны жеке меншік немесе құлға айналдыруы мүмкін).- Алайда, әйел жүкті болса, оның құрсағындағы нәрестесінің тегінің анықталуының нәтижесінде иддат міндетті болады. – Мұндай әйелдер жүкті болған уақытында, олармен заңды түрде некелесуге болатыны туралы Ханифаның пікірі белгілі, бірақ күйеуі оның босанған уақытына дейін онымен жақындаспауы керек. Бұзықтық әрекет (блуд) нәтижесінде жүкті болған әйелдерге де жоғарыда айтылған пікір қолданылады. – Алайда бірінші пікір екіншісіне қарағанда көбірек құрметке ие.

Хидад немесе аза тұту жайындағы тарау

Анықтамасы. – Хидад дегеніміз әйелдің хош иістерден, яғни хош иісті майлар сияқты; немесе әшекей бұйымдардан, мысалы кірпіктің ұшын сүрмемен бояу т.б. сияқты заттардан тыйылу, тек аурудан емделу мақсатында болмаса, немесе бұл құралдар пайдалы бола алатын белгілі-бір ерекше жағдайларды санамағанда (Джамигус-Сағирада айтылғандай). күйеуінің өлімі кезінде аза тұту міндетті болып табылады. – Хидад немесе аза тұту күйеуі қайтыс болған, кәмелетке толған (балиғатқа толған), мұсылман әйелге міндетті, себебі пайғамбарымыз былай деген: «Аллаға және ахирет күніне сенген әйел үшін күйеуінен басқа адам өлген жағдайда үш күннен артық аза тұтуға болмайды; ал күйеуі үшін болса, төрт ай және он күн бойы аза тұтуы керек», тіпті күйеуі әйелінің жойылмайтын ажырасудан кейінгі иддат мерзімін өтеу кезінде қайтыс болған жағдайда да. – Біздің ғалымдарымыз сонымен қатар күйеуі қайтыс болған әйелінің жойылмайтын ажырасу жағдайда да мұндай әйелге аза тұту міндетті дейді... Шафиғи мұндай әйел үшін аза тұту міндетті емес дейді, себебі ол тек

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

өмірінің соңына дейін неке келісімін дұрыс орындаған күйеуінің қазасы үшін қайғыру белгісі ретінде ғана белгіленген дейді; Бірақ дәл осы қарастырылып отырған жағдайда тірі кезінде әйеліне талақ етіп, оны әбігерге салған мұндай адамның өлімі үшін қайғыруға себеп жоқ деген пікір айтады. – Біздің ғалымдарымыз бұл мәселеге қатысты өз пікірлерін қуаттау үшін екі түрлі дәлел келтіреді. Біріншіден, пайғамбарымыз иддат кезіндегі әйелдерге қолдарын қынамен бояуға тыйым салған, өйткені бұл әтірдің бір түрі болып табылады. Екіншіден, аза тұту некенің артықшылықтары мен игіліктерін жоғалтудан туындайтын қайғыру белгісі ретінде міндетті болып табылады. Бұл артықшылықтар мен игіліктер әйелдің тек өміріне қолдау болып қана қоймай, оның тазалығы мен адалдығының қорғаушысы болған; ал жойылмайтын ажырасу өлімге қарағанда бұл айтылған барлық артықшылықтардың қайтарылмастай жойылуына алып келеді, себебі әйел қайтыс болған күйеуімен жойылмайтын талақпен ажыраспаған болса, онда оған қатысты белгіленген дәрет (таһарат) т.б. рәсімдерін заңды түрде орындай алады, ал егер жойылмайтын талақпен ажырасқан болса бұл айтылған барлық рәсімдерді орындай алмайды, сондықтан да әйел мұндай жағдайда аза тұтуы қажет. – Мұнда байқайтынымыз, аза тұту екі себеппен міндетті болады: біріншіден, ол қайғырудың (жоғарыда келтірілгендей) белгісі ретінде көрсетілсе; екіншіден, себебі әшекей бұйымдар немесе жоғарыда айтылып өткен құралдардыңкөмегімен тәннің ерекшеленуі ер адамның құмарын ашуға алып келеді; ал иддат мерзімін өтеп жүрген әйел үшін неке тыйым салынған болып табылады, сондықтан да ол заңды түрде тыйым салынған нәрселерге ұшырап қалмауы үшін бұл айтылған құралдарды қолданудан тыйылу керек. Пайғамбарымыздың иддат мерзімін өтеп жүрген әйелдерге көзін (қабағын) сүрмемен бояуға, хош иісті майларды жағуға рұқсат бермегені бізге Нақли-Сахихтан белгілі, себебі біріншісі –әшекей, ал екіншісі хош иіс болып табылады. – Бұл тараудың басында берілген хидадтың анықтамасынан, яғни, белгілі-бір ерекше жағдайларды санамағанда, хош иіс, т.с.с-дан тыйылу туралы айтылған сөздерден түсінетініміз, мұндай нәрселерді (яғни, хош иіс т.с.с.) сәйкес себеп болған жағдайда қолдануға болады, себебі ондай жағдайда бұл заттар мәжбүрліктен, қажеттіліктен қолданылады; алайда бұларды қолданатын әйелдің ниеті бет жүзін көрікті ету емес, тек емдеу болуы керек. Егер де әйел түрлі майларды жағып үйреніп, әдеттеніп кеткен болса, ал бұл майларды жағуды тоқтатқан жағдайда денсаулыққа зиян келтіру қаупі болса, онда мұндай қауіп айқын,әрі негізделген болған жағдайда ол бұл нәрселерді қолдана бере алады, сол сияқты ол қажет болған жағдайда жылы теріден жасалған жылы немесе барқыт киімдерін кие алады. Алайда, жоғарыда келтірілген пайғамбарымыздың сөзіне негізделе отырып, ол ешбір жағдайда қынаны қолдана алмайды және де запыранмен боялған киімдерді де кие алмайды, себебі запыранның хош иісі бар.

Аза тұту қиянат жасаушы немесе балиғатқа толмаған әйелге міндетті емес, бірақ ол күндерге міндетті болып саналады. – Аза тұту қиянат жасаушы (күйеуінің көзіне шөп салушы) әйелге міндетті емес, себебі олар заңға сәйкестендірілген рәсімдерді орындауға міндетті емес; дәл осы себептерге байланысты балиғатқа немесе кәмелетке толмаған қыздарға да аза тұту міндетті емес. Алайда ол қожайынына байланысты емес барлық жағдайларға қатысты заң қаулыларын орындауға міндетті күндерге міндетті болып табылады. Алайда күндердің аза тұту кезінде аулаға шығуға салынған

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тыйым қолданылмайтынын байқау керек, себебі мұндай тыйым қожайынның құқықтарын бұзу болар еді. Өйткені қожайын қажет етуі мүмкін, ал Аллаһ ештеңеге мұқтаж емес болғандықтан, бұл жағдайда қожайынның құқықтары қарастырылады. Сол сияқты умми-уәләдқа және заңсыз неке жесіріне де аза тұту міндетті емес. – Аза тұту қожайынының өлім нәтижесінде иддат мерзімін өтеп жүрген умми-уәләдқа міндетті емес; дәл сол сияқты ол заңсыз неке нәтижесіндегі иддат мерзімін өтеп жүрген әйелге де міндетті емес, себебі мұндай әйелдерге қатысты некенің артықшылықтары мен игіліктері ол үшін қайғыратындай соншалықты дәрежеде жоғалған болып саналмайды. Онымен қоса, әшекейлер мен хош иістер т.с.с. әуелбастағы қасиеттерімен рұқсат етілген және оларды қолдануға деген негізделген тыйым болмаса, олардың мұндай қасиеттері өз күшінде қалуы керек. Әйелге оның иддаты кезінде жасалған некелесу ұсынысы мақұлданбайды. – Кімде-кімнің иддатын өтеп жүрген әйелден жария түрде, не болмаса нақты ұсыныс түрінде некелесуді сұрауы әдепсіздік болып саналады; алайда мұндай ұсыныс жанама түрде немесе екі ұшты мағынада жасалар болса, ондай жағдайда бұл маңызды емес. Дегенмен де, мұндай адамдар бір-бірімен некелесу туралы құпия түрде уәделеспеуі керек. Құранда бұған тыйым салынған. – Некелесуге деген екіұшты мағынадағы ұсыныс тәсілін Ибн Аббас былайша анықтайды: ер адам әйелдің алдында өзінің некелесуге деген ынтасын нақты біреуге қатысты емес, жалпы сөздермен айтып жеткізеді. Талақ етілген әйел, жойылатын не жойылмайтын ажырасу екеніне қарамастан күндіз де, түнде де заңды түрде аулаға (сыртқа) шыға алмайды, себебі Құрандағы Алланың сөзі оған өз үйінен сыртқа шығуға тыйым салады; бірақ жесір бір күн және түннің кішкене бөлігін үйінен тыс жерде өткізе алады; алайда ол түнді өз үйінен басқа жерде өткізбеу керек. Мұндай жеңілдіктің себебі жесір әйел күйеуінің дүниесінен ешқандай қолдау көрмейді, сол себептен ол күн көріс қамын ойлап сыртқа шығуы мүмкін, оған қоса сыртта көп уақыттай, түн батқанға дейін болып қалуы мүмкін; міне сол үшін де оған берілген еркіндік түннің бір бөлігіне де қатысты болады. Ал талақ етілген әйелге қатысты болса, мұндай түсінік жүрмейді, себебі ол (иддат кезінде) күйеуінің оны асырауына құқылы. Алайда, егер ол күйеуімен хульа келісіміне тұрса; оған қоса хуланың өтемі ретінде өзінің иддат мерзімі кезінде қамтамасыз етілуін атаса, онда кейбір ғалымдардың пікірінше оған иддат кезінде күндізгі уақытта сыртқа шығуға рұқсат етілуі керек; ал басқа ғалымдардың пікірінше оған мұндай мүмкіндік беріле алмайды, себебі иддат мерзімі кезіндегі қамтамасыз етілу (күйеуінің оны асырауы) құқығынан ерікті түрде бас тартқандығы болып есептеледі; сондықтан да заңға сәйкес құқық ретінде саналатын тыйым өз күшінде қалады.

Иддат кезіндегі әйелдің иддаты талақ етілген немесе күйеуі қайтыс болған кезде әйелі қай жерде болған болса, өз үйі болсын не қонақта бола алатын үй болсын (мысалы, ата-анасының үйі) сол жерде өтелуі керек, себебі Құранда осылай бұйырылады. Пайғамбарымыздың бізге жеткен сөздерінен күйеуі қайтыс болған әйелге былай дегені белгілі: «Иддат мерзімін аяқталғанша өз үйінде қал». Жесір күйеуінің үйінде ыңғайсыз түрде орналасқан болса, ол үйден кете алады. – Егер қайтыс болған күйеуінің үйіндегі жесірге бөлінген бөлме оның ыңғайлылығына жеткіліксіз болса және күйеуінің мұрагерлері оған басқа бөлме беруден бас тартса, онда ол мұндай жағдайда заңды түрде басқа жерге кете алады, себебі оның бұған себебі

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бар, оған кешірім жасалады; ал рухани мәселелерде әрбір жақсы себеп жеткілікті болып саналады. Иддат та сондай мәселеге жатады. Қарастырылып отырған жағдай әйел өз үйінде ұрылардан қорыққан жағдаймен, немесе үйінің қирауынан, не болмаса үйін жалға алған болып, оның ақысын төлей алмаған жағдаймен тең. Бұл барлық жағдайлар қарастырылып отырған жағдай сияқты әйелдің өз үйінен кетуіне жеткілікті себеп болып табылады.

Жойылмайтын талақпен ажырасқан әйел жеке бөлмеде орналастырылуы керек . – Күйеуі мен әйелі үш рет қайталанған немесе жойылмайтын талақпен ажырасқан болса, онда олардың арасында перде немесе қалқа болуы керек. Егер осы шарт сақталған болса, екеуінің бір бөлмеде тұруына кедергі жоқ, себебі күйеуі әйелінің өзіне харам болғанын өзі мәлімдеді. Алайда егер күйеуі азғын немесе өз құмарлығын баса алмай, шәһуатын тыя алмайтын болып, әйеліне қатысты заңсыз әрекеттерге барып қалу қауіпі төнсе, онда әйелінің басқа үйге кеткені дұрыс болады (себебі бұл жағдайға кешірімді себеп бар). Және де белгіленген иддатын сол жерде аяқтағаны жөн. Алайда азғын күйеуі оны өз үйінде қалдырып, өзі басқа үйге кеткені одан да абзал болар еді. Сонымен қатар ерлі-зайыптылар заңсыз жақындасуды болдырмау мақсатында қастарына әйел адамды бірге тұруға шақырса абзал болар еді. Егер де үй ішінде сақтану үшін орын тым аз болса, онда әйелі басқа жерге кету керек; алайда күйеуі кетіп, әйелін өз үйінде қалдырғаны дұрыс. – Бұның барлығы егер күйеуінің тек бір үйі болған жағдайда. Сапар кезінде ажырасқан әйеліне қатысты қағидалар. – Егер әйел күйеуінің қасында сапарда жүрсе, немесе күйеуімен бірге Меккеге қажылыққа шыққан кезде күйеуі әйеліне үш қайтара талақ етсе, немесе жолда қайтыс боп кетіп, оны тұратын мекені жоқ жерде қалдырып кеткен жағдайда ол туған қаласына келіп, егер де туған қаласынан үш күндік жолдан алыс емес жерге кеткен болған жағдайда, себебі мұндай жағдай оның үйінен кетпегені деген сөзді білдірмей, тек оның бұл жағдайға дейін үйінен кеткенін білдіруі мүмкін. Алайда, егер де бұл ара қашықтық үш күндік жолдан асып кететін болса, онда ол не үйіне оралуы, не қасында қамқоршылар болған-болмағанына қарамастан сапарын жалғастыру мүмкіндігі беріледі. – Бұл пікірдің құрастырушысының айтуынша, бұл қағида тек Меккеге дейін үш күндік жол қалған жағдайға ғана байланысты, оған қоса сапарын тоқтатқан сапарын жалғастырғанға қарағанда қауіптірек болып табылады; бірақ оған иддат мерзімін күйеуінің үйінде өтеу үшін өз үйіне оралғаны абзалырақ болар еді. Егер де қарастырылып отырған жағдайда ажырасу немесе күйеуінің өлімі қалада немесе басқа да адамдар көп шоғыраланған мекенде орын алса, онда бұл жағдайда әйел сол мекенді иддатын өтегенше қалдырмауы керек. Содан кейін ғана күйеуге шыға алмайтын туысқан ер адамымен бірге сол жерден кетуіне болады. Жоғарыда келтірілгеннің барлығы Ханифаның түсіндірмесі.

Екі шәкірттің де айтуынша, әйелді некелесе алмайтын туысқан ер адамы еріп жүрсе, онда жоғарыда айтылған жерден иддатты аяқталмай тұрып-ақ кете алады. Олар бөтен жерде тұрумен байланысты жағымсыз жағдайларға кезігіп қалмау үшін әйелге бұл мүмкіндікті беру керектігін дәлелдейді. Сонымен қатар сапар қиындықтары мен ыңғайсыздықтарына тап болмас үшін; ал оның сапарының ыңғайсыздығы оның туысқанының еруімен жойылады. – Ханифа бұған иддат үйден кетуден гөрі, тіпті туысқанының жоқ болғанынан да мықтырақ себеп болып табылады деп жауап береді.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Себебі әйел бір күндік жол ара қашықтықта өз тұрған жерінен ешқандай да бір жолсеріксіз ерікті түрде кете алады, бірақ бұл иддатын өтеп жүрген әйел үшін заңсыз болып табылады. Ал әйел белгілі бір туысқанынсыз заңды түрде ұзақ ара қашықтыққа кете алмаса, онда мұндай алыстағы иддатын өтеп жүрген әйел үшін заңсыз болып саналуы керек.

ХІІІ Тарау

Нәрестенің тегін анықтау жайында

Некенің құрылғанынан кейін алты айдан соң туылған нәресте осы некенің заңды нәрестесі болып саналады. – Егер де ер адам: «Егер де мен пәленше әйелмен некелесем, ол – ажырасқан болып саналады», - деп, нәтижесінде онымен некелесе, және ол әйел некенің құрылған күнінен санап алты айдан кейін бала туса, онда баланың тегі осы ер адамға жазылу керек және де ол белгіленген қалың мал төлеуі керек. Әйелі баланың бітуі кезінде күйеуінің төсектес қатысушысы болып саналғандықтан нәрестенің тегі оның атына жазылады. Ол баланы дүниеге келтірген адам ретінде некенің құрылғанынан бастап толық алты айдан кейін, яғни талақтан әлдеқайда ертерек уақытта орын алған болып есептеледі.

Қарсылық. – баланың бітуі некенің құрылуы кезінде болғанын елестету мүмкін емес, себебі бұл акт жыныстық жақындасудың нәтижесінде болатын нәрсе некенің құрылғанынан кейін орындалған; сондықтан да қалайша баланың бітуі анықталуы мүмкін?

Жауап. – Баланың бітуін некенің құрылып жатқан кезінде деп елестетіп көрсе, себебі ер адам некесін жыныстық жақындасу кезінде де қия алады, демек, некенің қиылуы және жақындасу бір уақытта жасалған болып саналады; нәрестенің шығу тегін анықтау процесі өте маңызды іс болғандықтан мұндай болжау түрі барлық ғалымдармен қабылданды. Қалың малдың төленуінің міндеттілігінің себебі – ол нәрестенің шығу тегінің осы ер адамға жазылғандықтан, ол ер адам өз әйелімен жақындасқан болып есептеледі, ал қалың мал жақындасудың өтемі болып саналады.

Жойылатын ажырасудан екі жылдан кейін туылған нәрестенің тегі талақ еткен адамға жазылады. – Егер де күйеуі әйеліне жойылатын талақ айтып ажырасса, ал әйелі екі жылдан не одан да көп уақыттан кейін бала туса, онда бұл баланың тегі осы талақты айтқан ер адамға жазылады, ал ажырасудың өзі жойылады, егер де әйелі өзінің иддат мерзімінің аяқталғанын мәлімдемеген жағдайда. Себебі бұл нәрестенің бітуі иддат кезінде орын алуы мүмкін. Бұл кейбір әйелдердің тухр уақыты басқа әйелдердікіне қарағанда біршама ұзағырақ болуына байланысты. Алайда егер әйел баланы талақ айтылғаннан кейін екі жылдық уақыттан ертерек босанса, онда мұндай жағдай нәтижесінде ол иддатты аяқталғаннан кейін ерімен айырылысады, ал оның иддат мерзімі босанғаннан кейін аяқталады. Бұл жағдайда да баланың тегі талақ айтқан күйеуінің атына жазылады, себебі баланың бітуі талақ айтылмай тұрып-ақ

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болуы мүмкін (яғни, неке кезінде), сонымен қатар баланың бітуі талақ айтылғаннан кейін де орын алуы мүмкін (яғни иддат кезінде). Алайда ажырасу нәрестенің дүниеге келуімен жойылмайды, себебі баланың бітуі ажырасудан кейін де, ажырасуға дейін де орын алуы әбден мүмкін: сондықтан да осы себепке байланысты ажырасудың жойылуы мүмкін емес. Ажырасқан әйел талақ айтылған уақыттан бастап ең азы екі жылдан кейін босанса, онда осы фактінің нәтижесінде ажырасу жойылады. Мұның себебі баланың бітуі талақ айтылғаннан кейін орын алғаны айқын, және де бұл баланың бітуі күйеуінің атына жазылуы керек. Себебі әйеліне қарсы зинақорлық үшін айып тағылған жоқ. Бұдан оның иддат мерзімін өтеп жүрген әйелімен жақындасқаны белгілі болады. Міне, осының нәтижесінде ажырасудың жойылуы белгіленеді.

Үш рет қайталанған немесе жойылмайтын талақ айтылғаннан күннен бастап екі жылдық уақыт өтпей тұрып туылған нәрестенің шығу тегі талақ айтқан күйеуінің атына жазылу керек. – Егер де күйеуі әйелін үш рет айтылған талақпен, немесе бір жойылмайтын талақпен қайтарып тастаса және әйелі талақ айтылған сәттен бастап санағанда екі жылдан аз уақыт ішінде бала туса, онда бұл бала күйеуінің атына жазылу керек. Бұған себеп талақ айтылған сәтте жүктіліктің орын алып қою мүмкіндігі; жақындасу құқығы баланың біту сәтіне дейін жойыла алатын болып санала алмайды, сондықтан да бұл жүктіліктің пайда болуы сақтық ретінде күйеуінің атына жазылу керек. Бірақ егер де, әйелдің босануы талақ айтылған уақыттан бастап санағанда екі жыл өтпей тұрып орын алатын болса, мұндай жағдайда бұл жүктілік күйеуінің атына жазыла алмайды, себебі баланың бітуі ажырасудан кейін орын алғаны анық. Демек, әйелі туған бала талақ айтқан күйеуінен екенін болжауға болмайды, себебі ол үшін әйелімен жақындасу заңсыз болып табылады. Алайда, егер де ол баланы өзінікі деп мойындаса, онда ол сол баланың әкесі екендігін мойындағаны, себебі баланың бітуін өз мойнына алады, ал жақындасу факті иддатын өтеп жүрген ажырасқан әйелімен қателесіп жақындасқаны дегенді білдіреді. жойылатын не жойылмайтын талақ айтылғаннан кейін тоғыз ай жалғасқан, балиғатқа толмаған әйелі туған нәрестенің шығу тегі талақ айтқан күйеуінің атына жазылу тиіс. – Егер де күйеуі балиғатқа толмаған, алайда өзімен жақындасуға жол бере алатын әйелін жойылмайтын талақпен қайтарып тастаса, және әйелі талақ айтылған сәттен бастап санағанда тоғыз ай өткен уақытта бала туса, онда бұл баланың шығу тегі күйеуіне жазылмайды; егер де босану талақ айтылған сәттен бастап тоғыз ай аралығында болса, онда бала талақ айтқан күйеуінікі болып мойындалады. Бұл Ханифа мен Мұхаммедтің түсіндірмесі. – Әбу Юсуфтың айтуынша босану талақ айтылған сәттен бастап санағанда ең азы екі жылдан кейін болса да, бұл нәрестенің шығу тегі талақ айтқан күйеуінің атына жазылады, себебі әйелі иддат мерзімін өтеп жүрді және жүктілік талақ айтылған кезде-ақ болған болуы мүмкін, ал әйелі иддатының аяқталғанын айтпаған болуы мүмкін. Сондықтан да кәмелетке толмағандығына қарамастан мұндай әйел кәмелетке толған әйелмен тең саналуы керек.

Ханифа мен Мұхаммед бұған қарсы пікір айтады, яғни кәмелетке толмаған әйелдің иддаты айлармен саналады, сол үшін де ол әйел тарапынан қандай да бір мәлімдеме болған болмағанына қарамастан үш ай өтісімен аяқталады. Демек, егер де ол иддаты біткеннен соң ең азы алты айдан кейін бала туса, онда бұл баланың шығу тегі анықтала алады; егер де ол осы мерзімнің аяқталуына дейін босанбаса, онда оның

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

күрсақтағы нәрестесінің шығу тегі анықтала алмайды: бұл күрсақтағы ұрықтың (нәресте) әйелі күйеуімен жақындаспай жүрген кезінде бітуі мүмкін. Себебі қарастырылып отырған жағдайда жойылмайтын талақ айтылған, жыныстық дамудан әлі өтпеген, яғни етккірі әлі келмейтін кәмелетке толмаған әйелдің жағдайы алынып отыр. Сондықтан да оның иддаты үш ай өтісімен аяқталған болып есептеледі. Бұдан байқайтынымыз, жүктіліктің талақ айтылған кезде болуы мүмкін емес; жақындасуға деген құқық жүктілік басталмай жатып-ақ жойылған. Сондықтан да бұл жүктіліктің шығу тегі анықтала алмайды. – Егер де осындай жағдайларда күйеуі әйелін жойылатын ажырасумен қайтарып тастаған болса, онда Ханифа мен Мұхаммедтің пікірінше бұл жағдайға жоғарыда келтірілген қағида қолданылуы тиіс. – Әбу Юсуфтың айтуынша, нәрестенің шығу тегі күйеуінің атына жазылуы керек, егер де әйел талақ айтылғаннан кейін жиырма жеті ай өтісімен босанған болса. Себебі оның әйелімен жақындасуы үш айлық мерзімінің аяқталуына аз уақыт қалғанда орын алуы мүмкін. Ал босану жүктілікке қажетті ең ұзақ уақыт аралығында, яғни екі жылдың өткен кезде жалғасын тапқан.

Егер де балиғатқа толмаған әйелі жүктілігінің иддат мерзімін өтеп жүрген уақытта басталғанын айтса, онда оған кәмелетке толғандарға қолданылатын қағида қолданылады; яғни баланың шығу тегі күйеуінің атына жазылады, өйткені әйелінің жыныстық дамуы өзінің мәлімдемесінен белгіленеді. Күйеуінің өлімінен кейін екі жылдан кейін жесір әйелдің туған нәрестесінің тегі қайтыс болған күйеуінің атына жазылады. – Егер де жесір әйел бала туса, онда оның тегі қайтыс болған күйеуінің атына жазылады. Бұл тек күйеуінің өлімінен кейін екі жыл өтпей тұрып орын алса ғана мүмкін болады. – Зуфардың айтуынша егер ол жесірлік иддаттың аяқталу сәтінен бастап алты ай өткенге дейін босанбаса мұндай жағдайда оның босанған баласының тегі анықтала алмайды. Себебі оның иддат мерзімі заң жүзінде төрт ай және он күнге белгіленген. Демек, иддаттың мұндай аяқталуы осы жағдай туралы өзінің жеке мәлімдемесіне тең, және де бұл жоғарыда келтірілген балиғатқа толмаған әйелдің жағдайына ұқсас. Екінші жақтан біздің ғалымдарымыз бұл жесірдің иддаты дәл төрт ай және он күнмен шектелмейтінін, бірақ босану арқылы аяқталуы да мүмкін екендігін, және де кәмелетке толған әйелмен некелесу жағдайы жүктіліктің жеткілікті себебі болып табылатынын айтады. Бұл кәмелетке толмаған, бала көтере алмаудың табиғи не алғашқы күйі болып табылатын жыныстық дамыған әйелдің жағдайына қарама қайшы келеді. Балиғатқа толмаған қыз жыныстық дамуға дейін жүкті болуға қабілетсіз болып саналады, ал балиғатқа толмаған қыздың жыныстық дамығандығы жөнінен күмән бар.

Әйел өз иддатының аяқталғандығы туралы мәлімдегенінен кейін алты ай өтпей тұрып туылған нәрестенің тегі талақ еткен күйеуінің атына жазылуы тиіс. – Егер де иддат мерзімін өтеп жүрген әйел оның аяқталғандығы туралы мәлімдесе және мұндай мәлімдемесінен кейін алты ай өтпестен босанса, онда бұл баланың тегі талақ айтқан күйеуінің атына жазылуы керек. Себебі әйелінің мәлімдемесі негізсіз болып саналып, нәтижесінде заңды күші болмады. Егер де ол мәлімдеме еткеннен кейін алты ай өткен соң босанса, онда баланың шығу тегі анықталмайды, себебі ештеңе де оның мәлімдемесін жоққа шығармайды, өйткені оның жүктілігі иддаты ақталғаны туралы мәлімдеме еткеннен кейін де басталуы мүмкін.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Жоғарыдағы тезисте келтірілген қағида иддаттың себебіне қарамастан қолданылады. - Жоғарыда келтірілген пікір иддатын өтеп жүрген кез-келген әйелге қатысты қолданылады. Және де сол иддаттың қандай себеппен өтеліп жүргеніне қарамастан, яғни жойылатын, не жойылмайтын ажырасу, немесе күйеуінің өлімі себебінен болғанына, сонымен қатар бұл иддаттың қалай өтеліп жүргеніне, айлармен не етеккірден тазару уақытымен саналып жүргендігіне қатысты емес.

Нәрестенің тууы куәлік жауаптармен қуатталуы керек. – Егер иддатын өтеп жүрген әйел бала туса онда Ханифаның пікірінше, оның тегі анықтала алмайды, тек оның туылуы екі ер адамның не болмаса бір ер адам және екі әйел адамның куәлік жауаптары болса ғана анықтауы мүмкін. – Бұл қағида анық жүктіліктің болмаған жағдайына, немесе күйеуі бұл жүктілікті мойындаған жағдайға да қатысты қолданылады; егер де жүктілік анық болған болса, немесе, күйеуі сол жүктілікті мойындаған болса, онда нәрестенің тегі куәлік жауапсыз-ақ анықталған болып саналады. – Екі шәкірті де барлық жағдайда нәрестенің тегі бір әйел адамның куәлік жауаптар арқылы ғана анықталуы тиіс дейді. Себебі, күйеуінің жақындасуға деген құқығы иддат мерзімі кезіндеде жалғаса береді. Ол нәрестенің тегін анықтауға негіз болып табылады; сондықтан баланың тууы туралы тек бір ғана адамның куәлік жауабы қажет болады: «Бұл пәленше әйелдің дәл сол туған баласы». Осы айтылған екі жағдай да бір әйел адамның куәлік жауаптарымен анықтала алады. Бұл жағдай неке кезінде күйеуінің баланы мойындамаған жағдаймен тең. – Екінші жағынан Ханифа иддат әйел босанғаннан кейін аяқталатынын дәлелдейді. Бірақ иддаттың жай аяқталуы дәлел ретінде жүрмейді, және де босану фактісі анықталу керек, сондықтан да толық дәлелдер керек (яғни, екі ер адамның немесе бір ер адам мен екі әйел адамның куәлік жауаптары қажет). Ал егер де жүктілік анық болған жағдайда немесе күйеуі жүктілікті мойындаған жағдайда жағдай басқаша болар еді, себебі бұл жағдайда нәрестенің тегі босанғанға дейін анықталады; баланың ұқсастығы бір әйел адамның, мысалы кіндік шешенің жауабымен анықталады. Жесір әйел туған нәрестенің тегі, егер оны күйеуінің мұрагерлер жоққа шығармаса, оның қайтыс болған күйеуінің атына жазылады. – Егер күйеуінің қайтыс болуының нәтижесінде иддатын өтеп жүрген әйел бала туып, оның әкесі қатыс болған күйеуі десе, ал мұрагерлері оның мәлімдемесін қуаттаса, онда біздің барлық ғалымдарымыздың пікірінше ешкім әйелдің шын мәнінде босанғанын куәлік жауап арқылы қуаттамаса да, баланың тегі қайтыс болған күйеуінің атына жазылу керек. Бұл қағида мұрагерлікке қатысты да әділетті деп танылатыны анық, себебі мұрагерлік ету бұл тек мұрагерлерінің ғана құқығы болып табылады, сондықтан да куәгерлік жауап немесе бір нәрсені мойындау мұрагерлікке дейін жататын сотта жарамды болуы тиіс. – Алайда, бұл жағдайда аяқ асты сұрақтар пайда болып қалуы мүмкін. Мәселен, нәрестенің тууы мұрагерлердің құқықтарынан басқа біреудің құқығын қозғайтын болса. Бұл мәселелерге қатысты заңгер-ғалымдардың пікірі келесідей: егер де куәлік жауаптары қабылданатын мұрагерлер осындай тұлғалардан болса, онда баланың тегі оларға қатысты да, басқаларға қатысты да анықтала алады, себебі мұндай адамдардың куәлік жауаптары дәлел ретінде күшке ие, сол үшін де кейбір ғалымдар әйелдің мәлімдемесін қуаттау үшін осы тұлғалардың куәлік жауаптары берілгенін талап етеді. Бұл сұрақтардың осылайша шешілуімен кейбір ғалымдар келіспейді, себебі жалпы тектің анықталуы қайтыс болған ер

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

адамның мұрагерлеріне қатысын анықтаудың салдары болып табылады. Осы жағдай сол мұрагерлері тарапынан болған куәгерлік жауаптармен қуатталады; ал белгілі бір жекелеген нәрсеге қатысты белгілі бір іс толық анықталған кезде әрі қарайғы жалпы анықтау процесін жүргізуді қажет етпейді.

Неке құрылғаннан кейін алты айдан аз уақытта туған нәресте осы некеден туған нәресте болып саналмайды; бірақ нәресте осы алты ай өткеннен соң туса, онда ол осы некеден заңды туған болып есептеледі. Яғни, күйеуі тарапынан мойындау-мойындамауына қарамастан, немесе күйеуі бұл фактіні жоққа шығарған жағдайда бір тұлғаның баланың тууы туралы куәлік жауаптарына қарамастан осы некеден заңды туған бала болып есептеледі. Егер күйеуі өзінің жауабында қатып тұрса, онда леан айту міндетті болады, ал әйелінің неке құрылу уақытындағы куәлік жауаптары қабылдануы керек. – Егер де ер адам бір әйелмен некелессе, және ол әйел неке құрылған уақыттан бастап санағанда алты айдан аз уақытта бала туса, онда бұл баланың тегі күйеуінің атына жазылмайды, себебі бұл жағдайда жүктілік неке құрылғанға дейін болғанға ұқсайды. Міне, сондықтан да баланың тегі күйеуінің атына жазылмайды. Алайда әйел алты ай өткен соң туса, онда бала күйеуінің бұған деген келісім беру-бермеуіне қарамастан күйеуінің атына жазылады. Мұның себебі, баланың бітуі кезінде неке құрылып қойған болып есептеледі және жүктілікке белгіленген мерзім өткен болып саналады. Оған қоса, егер күйеуі баланың дүниеге келу фактіні жоққа шығарса, онда бұл факт бір әйелдің куәлік жауаптарымен дәлелденуі мүмкін. Бұдан соң некенің күшімен баланың тууы белгіленеді; ал егер осы жағдайларда күйеуі баланың тегін жоққа шығаруда қайтпай тұрып алса, онда өзара қарғыс айту (леан) айту міндетті болады, себебі мұндай жоққа шығару, мойындамау әйелдің пәктігіне, адалдығына кінә тағу кір келтіргенмен тең. Себебі былайша мойындамау әйелді зинақорлық жасаған деп жанама түрде айыптаумен тең. Егер де нәрестенің дүниеге келуінен кейін әйелі мен ері арасында араздасу туындаса, яғни күйеуі баланың дүниеге келуінен төрт-ақ ай бұрын некелескендерін, ал әйелі некелескендеріне алты ай болғанын мәлімдесе, онда әйелінің мәлімдемесі қабылдануы тиіс, және осы жағдайда туылған нәресте де күйеуіне тиесілі, себебі анық көрініп тұрған жағдайлар әйелінің сөзін растайды: яғни, оның жүктілігі зинаның емес, некенің нәтижесі болып табылады. Біздің ғалымдарымыздың арасында мынандай сұрақ туындады: әйелінің ант сөзсіз айтылған мәлімдемесі қабылдану керек пе? Екі шәкірттің де айтуынша, ант сөз керек; бірақ Ханифа қарама-қарсы пікірді ұстанады.

Нәрестенің тууына алдын ала келсілген ажырасу осы нәрестенің туылғандығын растайтын бір әйелдің куәлік жауаптарының нәтижесінде бола алмайды. Егер де күйеуі ажырасудың себебін нәрестенің туылуы деп, былай десе: «Осы нәрестені туған кезде сен ажырасқан боласың», және одан кейін бір әйел нәрестенің дүниеге келген фактіні растаса, онда Ханифаның пікірінше ажырасу мұндай жағдайда орын алмайды. – Екі шәкірт те ажырасу бұл жерде орын алуы керек дейді, себебі ер адам үшін мұндай жағдайда куә болу ұят болып табылғандықтан бір әйелдің куәлік жауабы жеткілікті; ал босануға қатысты әйелдің куәлік жауаптары, яғни қарастырылып отырған жағдайда ажырасуға қатысты. – Ханифа бұған қарсы пікір айтып, қарастырылып отырған жағдайда күйеуі үшін жаза талап ететін әйелі айыптаушы, ал күйеуі айыптанушы болып табылады. Сондықтан да оның айыбы толық дәлелдерді көрсеткеннен кейін

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ғана қабылданады. Бұл түсінік әйел адамның баланың тууына қатысты куәлік жауабы тек қажеттілік болғандықтан ғана қабылданатынына негізделеді. Демек, ажырасу нәрестенің дүниеге келуінен бөлек іс болып, онымен байланысты болмағандықтан ол ажырасуға қатысты күшке ие бола алмайды. Алайда қарастырылып отырған жағдай нәтижесінде мұндай байланыс орын алуы да мүмкін. Бірақ, егер күйеуі жүктілікті мойындап отырса, онда басқалардың куәгерлік жауаптарына қарамастан ажырасу әйеліне қатысты орын алады; бұл – Ханифаның пікірі. Екі шәкірттің де айтуынша, бұл жағдайда да кіндік шеше куәгерлік жауаптары қажет, себебі, жазалау туралы айыпты анықтау үшін дәлелдер керек. Ал жоғарыда түсіндірілгеннен кіндік шешенің куәгерлік жауаптары дәлел болып табылатынын білеміз. – Ханифаның бұл мәселеге қатысты дәлелі екі түрлі: біріншіден, жүктілікті мойындау жүктіліктің салдарын, яғни нәрестенің дүниеге келуін, мойындаумен тең; екіншіден күйеуі жүктілікті мойындай отырып өз әйелін поверенная деп жариялайды, себебі нәресте әйеліне аманат ретінде берілген нәрсе болып табылғандықтан, осы нәрсені тапсыруға қатысты оның мәлімдемесі басқа да кез келген сенімді тұлғаның мәлімдемесі сияқты сенімге ие болуға лайықты.

Жүктіліктің мерзімі екі жылдан алты айға дейін анықталады.— Айшаның келесі мәлімдемесі бойынша жүктіліктің ең ұзақ мерзімі екі жыл деп анықталған: "Нәресте анасының құрсағында екі жылдан артық қалмайды". Жүктіліктің ең қысқа мерзімі алты ай болып саналады, себебі Қасиетті Құранда жазылғандай: «Жүктіліктің және емшектен шығарудың толық мерзімі - отыз ай»; ал Ибн-Аббас емізу мерзімі екі жылға тең болу керек деген, міне сол үшін де жүктілікке алты ай қалады. – Шафиғидың айтуынша жүктіліктің ең ұзақ мерзімі төрт жыл болып саналуы керек; бірақ жоғарыда келтірілген мәтін мен Ибн-Аббастың пікірі оның сөзін жоққа шығарады. Шафиғи өз пікірін біреудің сөзіне негіздеп айтқан көрінеді себебі жүктілік пікірлерге жол бермейтін іс болып табылады. Күйеуінің кейіннен сатып алған күң-әйеліне берген ажырасуы жағдайы. – Егер ер адам күнмен некелесіп, соңынан онымен ажырасып, кейіннен оны сатып алса, және ол сатып алынғаннан кейін алты ай өтпей тұрып бала туса, онда баланың тегі сол ер адамның атына жазылады; егер де ол сатып алынған күннен бастап санағанда алты ай өтіп кеткен соң бала туса, баланың тегі бұл фактімен анықталмайды. Бірінші жағдайда бала иддатын өтеп жүрген әйелден туған болып саналады, оған қоса баланың бітуі сатып алынғанға дейін орын алғанға ұқсайды; екінші жағдайда бала күннен туған болып саналады, себебі жүктіліктің ұзақтығы бала біту сатып алу мерзімінен ұзағырақ мерзімге жатқызуға жол береді. Ал нәресте былайша (әйелден емес, күннен) туылған болғандықтан оның тегі анықтау үшін әкесі жағынан мойындалуы қажет. – Жоғарыда келтірілгеннің бәрі күң-әйел бір жойылатын не болмаса, жойылмайтын ажырасумен немесе хуламен қайтарылған деген болжамға негізделеді. Егер де ол екі ажырасумен қайтарылған болса, онда баланың тегі талақ айтылған күннен бастап санағанда екі жыл өткен соң туылған жағдайда анықталады, себебі бұл жағдайда ол күйеуі үшін жақындасуға заңсыз болып саналады. Баланың бітуі тек ажырасуға дейін болған аз ғана уақытқа жуы мүмкін. Себебі бұл жағдайда ол күйеуі үшін тек ажырасудан кейін орын алатын сатып алынуы арқылы ғана заңды болып саналады. Түрлі жағдайлар. – Егер де ер адам күніне: «Егер құрсағында нәресте болатын болса, ол - менікі», - десе, және бұдан кейін бір әйел ол нәрестенің дүниеге

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

келгенін растаса, онда күң ер адам үшін умми-уәләд болып есептеледі. Бұл жағдайда ұқсастығы ғана келесі сөздермен дәлелдеуді қажет етеді: «Пәленше әйел пәленше нәрестені дүниеге әкелді», ал біздің барлық ғалымдарымыздың пікірінше кіндік шеше тарапынан болған мұндай сөз қабылдануы керек.

Егер ер адам ұл туралы: «Бұл – менің ұлым» деп, соңынан қайтыс болып кетсе, ал бұл ұлдың анасы сол ер адамның әйелімін десе, онда оның сөзі қабылданып, ұл сол ер адамның ұлы деп саналаып, екеуі оның мұрагері ретінде құқыққа ие болуы керек, - Науаиде бұл қағида заңның жақсы түрде түсіндірілуіне негізделген делінген. Себебі, ұқсастық бұл әйел күйеуінің мұрагері болмауы керек еді, өйткені нәрестенің тегі тек заңды некеге қатысты ғана емес, сонымен қатар заңсыз некеге қатысты да, және қателікпен болған жақындасу нәтижесінде де анықталады. Сонымен қатар мұра ету құқығына қатысты да анықталады. Міне, сол үшін ер адамның «Бұл– менің ұлым»деген мәлімдемесі нәтижесінде оның баланың анасымен заңды некеде болғандығын мойындаған деген сөз емес. Заңның ең жақсы түсіндірмесінің себебі қарастырылып отырған жағдайда әйелдің жағдайы, аналық құқықтары жалпыға белгілі болып табылады, ал некенің заңдылығы жағдайларға байланысты анықталады. Егер әйел ерікті ата-анадан туған ерікті әйел ретінде танылмаса, ал күйеуінің мұрагерлері оның тек умми-уәләд болып табылатындығын мәлімдесе, онда ол әйел мұрагерлік құқыққа ие болмайды. Мұның себебі ерікті ата-анадан туғандықтың сыртқы бейнесі (суреттеліп отырған жағдайдың мұсылман территориясында болды деген болжаммен айтқанда) тұлғаны күндіктен қорғаса да, оған мұрагерлік құқық бермейді.

XIV тарау

Хизанат, немесе балиғатқа толмаған балаларды қамқорлыққа алу жайында

Некенің бұзылуы жағдайында балиғатқа толмаған балаларды қамқорлыққа алу әйелдің мойнына түседі. – Егер де осындай кәмелетке толмаған баласы бар неке бұзылса, оған қамқорлық етіп, күтім жасау құқығы анасының монына түседі. Бірде бір әйелдің пайғамбарымызға келесідей сөздермен келгені белгілі: «Ей, Жаратушының пайғамбары! Бұл – менің құрсағымнан шыққан, құрсағымда көтеріп, өз сүтіммен емізген туған ұлым. Ал әкесі болса, ұлымды менен тартып алып, өз қамқорлығына алғысы келеді»; бұған апйғамбарымыз былай деп жауап берген: «Сен бұл балаға басқа ер адаммен некелескенге дейін күйеуіңнен де көбірек құқылысың». Оған қоса, ана ер адамға қарағанда аса қамқор ғана емес, сонымен қатар нәрестенің балиғатқа толмаған уақытына дейінгу уақытта оны тамақтандыруға, асырауға жақсырақ бейімделгені табиғи жағдай. Сондықтан да балиғатқа толмаған бала үшін оның анасының қамқорлығында болу өзіне тиімдірек. Садық осындай жағдайда Омарға келесі сөздерді айтып келген кезде: «Сенің анаңның сілекейі балдан да жақсырақ!», - деп меңзеген. Осы сөздер Омар мен оның әйелі, Ассимнің анасы, ажырасып жатқан кезде айтылған. Бұл кезде Омар емшектегі ұлы Ассимді анасынан тартып алғысы келген.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бұл сөздер Пайғамбарымыздың көптеген сахабаларының алдында айтылған болатын. Алайда бұл сахабалардың ешқайсысы да бұл сөзге қарсы жауап айтпады. Бірақ нәпәқа, немесе баланың асырануы әкесі үшін міндетті. Бұл төменде толығырақ түсіндіріледі. Алайда, егер анасы баладан бас тартар болса, онда оны баланы қалдыруға күштеуге болмайды, себебі оның балаға қамқор бола алуына кедергі болатын көптеген жағдайлар бар. Анасының өлімінен кейінгі хизанат реті. – Егер балиғатқа толмаған баланың анасы қайтыс болса, хизанат (баланы тәрбиелеу) құқығы нағашы әжесіне өтеді. Бұл әке жағынан әжеге қарағанда артығырақ, жақсырақ, себебі хизанат алғашқыдан анаына тиесілі; егер де нағашы әжесі тірі болмаған жағдайда, хизанат құқығы әке жақтан әжесіне тиесілі болады. Мұндай жағдайда әке жақтан әжесі басқа туысқандарына қарағанда артығырақ болады, себебі ол бұл балиғатқа толмаған нәрестенің аналарының бірі болып табылады (сондықтан да, өз ұлының нәрестесінің заңды түрде ананың мұрагерлік үлесі болып табылатын жылжымалы мүлігінің алтыдан бір бөлігіне құқылы); оған қоса, ол басқа туысқан әйелдерге қарағанда өз ұрпағына деген үлкен қамқорлықты сезінуін де есепке алуымыз тиіс. Егер де екі әженің ешқайсысы тірі болмаған жағдайда, балиғатқа толмағанның әпкесі әке жағынан, не шеше жағындағы тәтелерінен гөрі артығырақ болады, себебі ол анасы мен әкесінің, не болмаса екеуінің бірінің қызы болып табылады. Сондықтан да ол атаанасының мұрагері ретінде тәтелеріне қарағанда артығырақ құқыққа ие болады. (Бір риуаятта шеше жағынан тәтелері біртуған әпкелерінен гөрі артығырақ болу керек дейді, себебә пайғамбарымыз: «Шеше жағынан болатын тәте анасы сияқты сыйлы болуы керек» деген). Туған әпке бір құрсақтан туған, немесе бір қаннан туған әпкесінен артығырақ, ал бір құрсақтан туған бір қаннан туғаннан артығырақ болуы керек, себебі хизанат құқығы оларға анасы арқылы өтеді. Шешесі жағынан болатын тәте әкесі жағынан болатын тәтеден артығырақ, себебі мұндай жағдайда ана жағынан болатын туысқандарға артықшылықтар беріледі.

Тәтелерге қатысты да әпкелерге қатысты сияқты айырмашылықтар сақталады. Яғни, туған тәте тек бір жағынан ғана туған болып саналатын тәтеге қарағанда екі есе артығырақ болып келеді; себебі шеше жағынан (нағашы) тәте – анасының туған әпкесі болып табылады. Ол анасының бір қаннан және бір құрсақтан туған әпкелеріне қарағанда артығырақ; ал анасының бір құрсақтан туған әпкесі бір қаннан туған әпкесіне қарағанда артығырақ болып табылады; дәл осындай қағида әке жағынан болатын тәтелерге қатысты да сақталады. Алайда, егер хизанат құқығына ие болған осы әйелдердің бірі бөтен ер адаммен некелессе, онда оның хизанат құқығы жоғарыда айтылған риуаятқа сәйкес, сонымен қатар күйеуі бөтен болғандықтан, оның жетім болып қалған балаға жеткілікті түрде жақсы қарамауынан қорқу керек болғандықтан жойылады. Сондықтан нәрестеге қамқорлық ету бұйырылған әйел некеге тұрған кезде, егер де ол әйелмен некелесетін тұлға баланың туысы болмаса, мысалы, баланың оның қолында қалғаны ақылдылық болып саналмайды, әрі дұрыс емес, орынсыз болады; мысалы, балиғатқа толмаған балаға қамқор болып жүрген ана баланың әкесі жағынан ағасымен некеге тұрса, немесе нағашы әжесі баланың әкесі жағынан келетін атасымен некелессе, себебі бұл ер адамдар баланың әкесінің орнын басқандықтан, олардан жеткілікті түрде қамқорлық күтуге болады; дәл осы жағдай некелесуге харам болып

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

саналатын туысқандарына да байланысты. Хизанат құқығы бар бөтен ер адаммен некелескен кез-келген әйел ажырасқан жағдайда сол құқығына қайта ие болады.

Хизанат құқығы шешесі жағынан туысқандары жетіспеген жағдайда әкесінің жағындағы туысқандарының мойнына түседі. - Хизанат құқығын заңды түрде иеленетін ешбір әйел қалмай, сол әулеттің ер адамдарының арасында осы құқыққа талас туса, онда әкесі жағынан ең жақын туысының бұл жағдайда артықшылығы бар. Себебі ол қамқоршы биліке ие болғандардың бірі. Бала некелесуге тыйым салынбаған туысқандарыа сеніп тапсырылмауы керек екенін есте сақтау қажет. Оларға, мысалы, мәуля немесе құлды босатушы, немесе әкесі жағынан болатын ағасының ұлы жатады, себебі бұл жағдайда опасыздықтан қауіптену керек.

Хизанаттың созылуы.- Хизанат құқығы ер жынысындағы баланың анасына, әжесіне т.с.с. тиесілі. Хизанат баланың өзіне-өзі қамқор бола алатын кезіне дейін, яғни жейтін асын, ішетін суын тауып, өзі қозғалып, өз қажеттіліктерін басқалардың көмегінсіз өзі өтей алатын кезге дейін созылады ; бұдан кейін оны қамқорлыққа алу әжесіне, немесе әкесінің жағынан болатын қамқоршы құқығын түзеуге құқылы ең жақын туысына өтеді. Себебі балиғатқа толмаған бала дамудың бұл деңгейіне жеткенде оның түрлі пайдалы салалардағы, әрі жақсы ғылыми салалардағы біліміне көңіл бөлуі тиіс. Сонымен қатар, адамдардың біліміне (білімді адамдарға беріп) және өмір сүріге үйрету керек. Осы нәрселерді орындау әкесі мен әке жақтан болатын туысқандарға орынды болар еді. – (Касафтың айтуынша, ұл балаға қатысты хизанат оның жеті жасқа толуымен тоқтатылады, себебі жалпы осы жастағы бала өз қажеттіліктерін басқалардың көмегінсіз өзі өтеуге қабілетті болады). – Бірақ қызға қатысты хизанат құқығы анасына, әжесіне, т.с.с. тиесілі болып, қыздың алғашқы етеккірі келгенше (яғни, қыздың жыныстық дамуы басталғанша) дейін созылады. Себебі қыз бала қолөнер сияқты басқа да әйелдерге тән өнерлерге, шеберліктерге үйренуі керек. Мұндай өнерлер мен шеберліктерге қыз бала әйел адамнан үйрене алады; осы мерзім өтісімен оған қамқор көрсету құқығы әкесінің мойнына өту керек, себебі қыз баланың жыныстық даму кезінен өткен соң өзінің мінез-құлқын, жүріс-тұрысын қадағалайтын адам керек, ал оны әкесінің қадағалағаны дұрыс. Мұхаммедтің бойында құмарлық сезімін сезе бастаған, кәмелетке толмаған қыз қадағалауды қажет еткендіктен, қамқорлық өту әжесіне өту керек деген пікірі белгілі. Қыздарға қатысты хизанат құқығы осы мерзімнің басталуымен (етеккірдің басталуы) анасы мен әжесінен басқа барлық басқа әйел туысқандары үшін аяқталады. Джами-ус-Сағирде айтылғандай қыз өзінің қажеттіліктерін басқалардың көмегінсіз өзі өтей ала бастағанда анасы мен әжесінен басқа барлық туыстарының хизанат құқығы аяқталады, себебі анасы мен әжесінен басқа ешкім одан қандай да бір қызмет өтуін сұрай алмайды (сол себептен де олар қызды қызметші ретінде басқаларға жібере алмайды). Ал бұл жағдайларда хизанаттың негізгі мақсаты орындалмай қалады (яғни, білім және қыздың тәрбиесі); анасы мен әжесіне қатысты болса бұл түсінік қарастырылмайды, себебі олар қыздан қандай да бір қызмет өтуін сұрай алады. Босатылған күң хизанат құқығына ие бола алмайды. – Егер де біреу өз күңін немесе умми-уәләдті екінші біреуге әйелдікке берсе, және ол күйеуіне бала туып берсе, ал соңынан қожайыны оны босатса, онда ол әйел балаға қатысты ерікті ата-анадан туған ерікті әйел ретінде барлық құқыққа ие болады. Демек, босатылғаннан кейін ол әйел күң болған кезінде иеленбеген хизанат

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

құқығын иеленеді, себебі оның күң болуы хизанат міндеттерін орындауға кедергі келтірер еді.

Кәпірлерден шыққан ана, мұсылман еркектің әйелі өз балаларына қатысты хизанатқа ие. – Мұсылманмен некеде тұрған, кәпір қызметші әйелдің баласы әкесі сияқты мұсылман болса да, бұл әйел сол баласына қатысты хизанатқа ие болады; бірақ ол бұл құқықтармен тек бала өзі үшін дінге қатысты дұрыс түсінік құра алмаған уақытта ғана пайдалана алады, сонымен қатар бала анасынан күпірлікті сіңіріп алады-ау деген қауіп пайда болмай тұрып қана пайдалана алады. Алайда мұндай қауіп орын алар болса, бала анасынан тартып алынуы керек, себебі баланың анасының қамқорлығында болғаны тиімді болса да, анасының қасында әрі қарай қала берсе, өзі үшін зиян болады. Хизанат мерзімі аяқталысымен балалар әкесінің қамқорлығында қалады. – Хизанат мерзімі аяқталған ұл болсын, қыз болсын ата-анасының қайсысымен қалатыны туралы ешқандай ерікті таңдау жасай алмайды; бірақ бұл уақыттан бастап олар әкесінің қамқорлығында қалуы керек. – Шафиғи балалар ата-анасының қайсысымен қалатыны жөнінде таңдауға ие болуы керек дейді. – Біздің ғалымдарымыз бұған қарсы пікір айтып, бозбалалар өздерінің естілігінің, ақылдылығының аздығынан, ата-анасының қайсысы ең жұмсағырақ болып, аз күштейтін, аз мәжбүр ететінінің қасында қалғысы келетіні сөзсіз. Сол үшін де балаларға таңдау құқығы берілсе, оларға қамқор көрсету емес, керісінше олардың шынайы қызығушылықтарына қарсы іс әрекет жасаған болып есептеледі. Нақли-Сахихтан көретініміздей пайғамбарымыздың сахабалары балаларға мұндай құқық бермеген. Ал Шафиғидің айтқан сөзіне келсек, онда пайғамбарымыз балаға мұндай таңдау құқығын берген кезде алдымен Аллаһ Тағалаға дұға етіп, содан соң бала сол дұғаның әсерінен дұрыс таңдау жасайтын болатын. Анасы баласымен бөтен елге көше алмайды.- Егер ажырасқан әйел өз баласымен бөтен елге көшкісі келсе де, олай істей алмайды; ал егер ол өз Отанына, яғни некелескен жеріне көшетін болса, онда мұндай көшу заңды болып табылады, себебі баланың әкесі заң алдында да, жалпы қабылданған салт алдында да осы қалада тұру міндетін мойнына алған болып саналады. Пайғамбарымыздың: «Кімде-кім бір қаланың бір әйелімен некелесе, осы арқылы сол қаланың тұрғыны болып саналады» деген сөзі бар. Сондықтан да егер жат елдік әйел мұсылман территориясына көшіп келсе, және сол жерде кәпір қызметшімен некелесе, мұнысымен ол әйел де кәпір әйел болып санала бастайды. «Алайда, бұл қағида жат елдік ер адамға қатысты болмайтынын байқау керек; яғни, егер жат елдік ер адам мұсылман жеріне көшіп келіп, осы территорияның қызметші әйелімен некелесе, онда ол бұл жағдайдың нәтижесінде мұсылман қызметшіге айналмайды, себебі ол қаласа әйелімен ажырасып, өз еліне қайта орала алады».

Егер ажырасқан әйел өз баласымен Отаны болып табылмайтын, бірақ нәтижесінде баласы дүниеге келген некесінің құрылған жерге көшіп кеткісі келсе, онда да көше алмайды. Бұл Қудуридін кітабынан және Мабсутта айтылғанмен дәлелденеді. – Джамиғ-ус-Сағирда айтылғандай әйел өз баласын сол жерге алып кете алады, себебі неке келісімінің белгілі бір жерде құрылуы нәтижесінде некеден шығатын құқықтар заңды күшке ие болады, яғни сату-сатып алу келісімі кезінде сатылған тауардың келісім жасалған жерде берілуі сияқты; ал әйелдің балаларына қамқор болу құқығы неке келісімі нәтижесінде айтылады. Сондықтан да әйел өз баласын қасында, сол

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жерде туған болмаса да, неке құрылған жерде ұстауға құқылы. – Мабсутта берілген түсінік неке келісімінің кездейсоқ жерде жасалуы (мысалы, сапар кезінде демалып тұрақтаған жерде) сол жерді олардың әдеттегі «Отан» деген ұғымдағы Отаны ете алмайды дегенге негізделген; бұл пікір алғашқысына қарағанда жақсырақ дейді. Бір сөзбен айтқанда, әйел өз баласын бір жерден екінші жерге көшіріп алуға деген құқыққа ие болуы үшін келесі екі шарт орындалуы тиіс: біріншіден, көшкісі келген жерде туылған болуы тиіс; екіншіден, сол жерде неке келісімі жасалған болуы тиіс. Алайда бұл екі ұғым тек бұл екі жер бір бірінен өте алшақ орналасқан жағдайда ғана назарға алынады; егер де олардың ара қашықтығы әкесінің баласын көріп қайта алатындай жерде болса, және сол күннің түніне дейін қайта оралатындай болса, онда әйелдің осындай жерге көшіп, сол жерде өмір сүруіне еш кедергі жоқ; оған қоса, жердің оның көлемі мен географиялық мекені, қала болсын ол, ауыл болсын ешқандай айырмашылық жоқ. Сол сияқты анасы баласымен ауылдан облыстың негізгі қаласына көшуіне кедергі жоқ, себебі мұндай көшу әкесі үшін ешқандай зиян мен шығын әкелмей, баласы үшін жағымды пайда әкеледі: бұл арқылы бала осы қалада танымал болып, онда тұратын тұрғындармен танысады. Керісінше болған жағдайда (яғни, қаладан ауылға көшу) бала үшін зиянды болып табылады. Себебі бұл арқылы бала бойына дәрекі, тұрпайы үлгі-өнеге жинап, және ауыл тұрғындарының төмен дәрежедегі қасиеттерін үйренуі мүмкін; сондықтан да әйел баласын қаладан ауылға көшіріп әкете алмайды.

XV тарау

Нафақа немесе асырау туралы

Терминнің анықтамасы. – Заң тілінде «нафақа» дегеніміз өмірдің қажеттіліктерін өтеу үшін керекті барлық нәрселер, оған мысалы: тамақ, киім және тұрғын үй жатады. Алайда, көбісі бұл сөзді тек тамаққа қатысты қолданады.

1 Бөлім. Әйелінің нафақасы.

Күйеуі әйелін асырауы керек. – Әйелі өзін күйеуінің қорғанына тапсырған кезден бастап, күйеуі оны мұсылман, мұсылман еместігіне қарамастан, тамақпен, киіммен және тұрғын үймен қамтамасыз етуі қажет. Себебі бұл Құранмен белгіленген және бұл некенің мәжбүрлеу үшін төлемі болып табылады. Сондықтан, бір адамның қорғанында болған екінші бір адам соңғысы қорғалып жатқан адамды асырауы қажет. Мысалы, сот қызметіне қатысты айыпталса, онда ол түрмеге қоғамдық мүліктің есебіне қамалуы керек. Қарастырылып отырған жағдайда бұл қағида мұсылмандарға да, кәсіпкерлерге қатысты да қолданылуы керек.

Асырау жалпы ерлі-зайыптылардың жағдайына және қоғамдағы орнына байланысты аңғарылуы керек. - Әйелінің нафақасының көлемін анықтауда ерлі-зайыптылардың екеуінің де қоғамдағы орындары және жалпы жағдайлары назарға алынуы керек. Мәселен, ерлі-зайыптылардың екеуі де бай болатын болса, күйеуі оны сондай дәрежеде, бақуатты асырауы керек; егер де екеуі де кедей болатын болса, онда асырау да сондай сәйкес дәрежеде болуы керек; егер де күйеуі бай, ал әйелі кедей

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болатын болса, онда ол әйелін орташа деңгейде, яғни байдан төмендеу, кедейден жоғарылау асырауы керек. – Бұл жазбаның түсіндірушісінің айтуынша, бұл Хасафтың пікірі және соттың шешімі негізінен осы пікірге сай шығарылады. – Кархидың пікірінше күйеуінің әлеуметтік жағдайы мен қоғамдағы орны назарға алынуы керек (Шафиғидің де пікірі осындай), себебі, Қасиетті Құранда: «Ол әйелін өз мүмкіндіктеріне қарай асырасын» - деп айтылған. Хасаф өз пікірін пайғамбарымыз туралы айтылған риуаятқа негіздеп отыр. Бұл жеткізілген риуаятта пайғамбарымызға осындай мәселемен келген әйел туарлы айтылған. Бұған пайғамбарымыз: «Күйеуіңнің мүлкінен кәдімгі түрде өзіңе және балаңа жететіндей ал» - деп жауап берген. Бұдан байқайтынымыз әйелдің де жағдайы күйеуінің жағдайы сияқты назарға алынуы керек. ... ; кедей әйел бай әйел сияқты өмір салтын жүргізуге мүмкіндігі жоқ болғандықтан, бай әйел үшін орташа деңгейде болып табылатын асырау кедей әйел үшін шамадан артық болады. Шафиғидің келтірген Қасиетті Құраннан алынған сөздеріне келсек, ол тек әйелі бай болып, ал күйеуі кедей болса, онда ол әйелін өз мүмкіндіктеріне қарай асырауы керек, ал қалғаны оның мойнында қарыз болып қалады дегенді білдіреді. Шафиғидің келтірген сөзінде кездесетін «Кәдімгі әдіспен» деген сөздің астарында орташа өмір сүру деңгейі деген мағына жатыр. Яғни бұл әйелі бай болған жағдайда оның орташа өмір сүру деңгейі және күйеуі кедей болған жағдайда оның орташа өмір сүру деңгейі; ал пайғамбарымыз өз шешімінде мұндай түсінікті ерлі-зайыптылардың өздеріне ұсынғандықтан, сот дәл осындай жолмен олардың деңгейін анықтайды. – Шафиғи мұндай көлемді мынандай жолмен анықтайды: оның айтуынша күйеуінің әйеліне беруге тиіс нафақасы, немесе асырауы, күйеуі бай болған жағдайда екі мидке тең болуы керек, немесе шамамен айына мың дарагим, егер кедей болатын болса, жылына бір мид; егер де оның жағдайы орташа болса, онда ол бір жарым мид беруі керек. Алайда бұл түсіндірме қабылданбайды, себебі пайғамбарымыздың «қажеттілігі жағынан» міндетті деп анықтаған нәрсенің көлемі белгілі бір көлеммен анықталмайды, себебі мұндай көлемдер жағдайға байланысты анықталады.

Жоғарыда келтірілген тезисте айтылған қағидалар әйелінің қалың малдың төленбеуі салдарынан некенің факті жүзінде құрылуынан бас тартқан кезінде де қолданылады. – егер де әйел қалың малдың төленбеуі салдарынан некенің факті түрінде құрылуынан бас тартса, ол өзіне тиісті асырау құқығынан айырылмайды да, оны асырау міндеті оның қорғанында болмаса да, күйеуінің мойнына жатады. Мұның себебі тек күйеуінің неке келісімінің бірін орындамағаны болып табылады.

Егер әйелі күйеуіне бағынбайтын болса, онда ол асырау құқығынан айырылады. – Егер әйелі күйеуіне бағынбайтын болса, немесе үйінен күйеуінің келісімінсіз кетіп қалатын болса, онда ол қайтып келіп, бағынбағанынша ешқандай да асырау құқығына ие болмайды. Себебі қарастырылып отырған жағдайда некелік міндеттерден бас тарту әйелі тарапынан болып отыр. Әйелі қайта күйеуінің үйіне оралып, бағнған кезден бастап, некелік міндеттерін орындаған болып есептеле бастайды. Демек, осы кезден бастап қайта асырау құқықтарын иеленеді. Алайда, күйеуінің үйінде өмір сүріп жатқан әйелі күйеуімен жақындасудан бас тартар болса бұл қағиданың орындалуы орын алмайды; бұл жағдайда әйелі өзінің бағынбағандығына қарамастан, белгіленген асырау құқығына ие. Себебі күйеуі некелік міндеттерін орындауға күштеуі мүмкін.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Сол сияқты әйелі кішкене кезінен бастап бала тууға қабілетсіз болса, асырау құқығына ие болмайды. – Егер әйелі бала туа алмайтындай жас болса, онда, себебі оның жастығы, балиғатқа толмағандығы бала тууға деген кедергі болғандықтан, күйеуінің қорғанында болса да, күйеуі оны асыруға міндетті емес. Занда айтылғандай «жыныстық жақындасу мақсатымен сақтау» асырауға деген құқық беретіні белгіленген, ал әйелі жақындасуға қабілетсіз болғанда бұл белгі сақталмаған болады. Бұл жағдай науқас әйелдің жағдайына қарама-қайшы, себебі жақындасуға қабілетсіз болғанымен, оның белгіленген асырау құқығы бар. – Шафиғи балиғатқа толмаған әйелі асырау құқығына ие болу керек дейді. Оның пікірінше бұл асырау құлдың қызметі үшін сияқты некелік иеліктің төлемі болып табылады. – Бұған біздің ғалымдарымыз қалың мал некелік иеліктің төлемі болып табылады дейді, сондықтан да балиғатқа толмаған әйелге қалың малдың төленуі керек, бірақ асырау құқығы берілмейді деп жауап береді. Балиғатқа толған әйелі балиғатқа толмаған күйеуінің асырауында болады. – Егер күйеуі балиғатқа толмаған болып, жақындасуға қабілетсіз болса, онда әйелі күйеуінің асырауында болуға құқылы. Себебі бұл жағдайда жақындасуға деген кедергі күйеуі тарапынан болып тұр. Қарызы үшін түрмеге отырғызылған әйелі белгіленген асырау құқығынан айырылады. – Егер әйелі қарызы үшін түрмеге отырғызылса, күйеуі оны асырауға міндетті емес, себебі бұл жағдайда некелік міндеттерді орындауға деген кедергі күйеуінің тарапынан болып тұрған жоқ. Яғни, бұл жағдайда әйелінің түрмеге отырғызылуына өзі кінәлі ме, жоқ па, оған қатысты емес (мысалы, қарызды, не болмаса соттың шешімін өз қалауынша төлемеуі мен орындамағанынан), немесе басқа бір жағдайлар нәтижесінде ме (мысалы, әйелдің шын мәнінде кедей бп, қарызын төлей алмаған жағдайында).

Сол сияқты әйелі күштеп алып кетілген болса, оған асырау ақысын төлемесе де болады. – Егер әйелді біреу күштеп ұстап алып, алып кетсе, онда ол әйел күйеуінен өзін асырауды талап ете алмайды. Дәл осы қағида әйел қажылыққа некелесе алмайтын туысқандарымен бірге кеткен жағдайда қолданылады. Себебі бұл жағдайда әйел күйеуінің қорғанында емес, және бұл акт әйелі тарапынан өз қалауымен болып отыр.

Әйел қажылыққа аттанған кезде асырануға құқысыз. - Қажылыққа аттанған әйел күйеуі тарапынан асырау құқығына ие болу керек, себебі қажылыққа аттанудың өзі күйеуін уақытша тастап кетуге деген жеткілікті себеп болып табылады деген Әбу Юсуфтың пікірі белгілі; алайда Әбу Юсуф оған сапар кезіндегі нафақа-сафарды емес, тек нафақа-хазарды, немесе тұрақты өмір сүру орнындағы нафақаны рұқсат етеді. Себебі күйеуі үшін соңғысы емес, тек алғашқысы міндетті болып табылады.

Егер де ол күйеуімен бірге кетпеген болса. – Алайда егер күйеуі оны қажылық кезінде қасына алып, бірге баратын болса, онда біздің ғалымдарымыздың барлығының ойынша оған белгіленген асырау ақысын беруі керек, себебі бұл жағдайда ол күйеуінің қорғанында болып қалады. Алайда ол бұл жағдайда нафақа-сафарға емес, тек нафақа-хазарға құқылы, себебі күйеуі оның сапарының себепшісі болып табылмайтындықтан, оған қозғалыс құралы мен қамтамасыз теуге міндетті емес.

Асырау әйелдің ауруы барысында міндетті. – Егер әйелі күйеуінің үйінде науқастанып қалса, онда ол күйеуі тарапынан асырауға құқылы. Бұл қағида игі ниеттілік, жақсылық жасауға негізделген. Себебі әйелінің жақындасуға кедергі болатын қатты сырқаттануына байланысты, әрі ол күйеуінің жақындасу мақсатындағы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қорғауда болып саналмайтындықтан ол мұндай құқыққа ие болмауы керек еді; алайда заңның ең жақсы түрдегі түсіндірмесін алудың мұндағы себебі әйел дегенмен де күйеуінің қорғанында қалуы, яғни күйеуі онымен жақсы қарым-қатынаста болып, оның нәзіктілігімен пайдалана алады, ал әйелі болса, үй шаруашылығына қарауды жалғастыра алады; ал жыныстық жақындасуға кедергі (етеккірден тазару кезіндегідей) кездейсоқ түрде болады. - Әбу Юсуфтың пікірі белгілі егер әйелі өзін күйеуінің қорғанына өткізіп, содан соң ауырып қалса, сонда да ол күйеуі тарапынан асырау құқығына ие болып қала береді: ал егер ол алдымен ауырып қалып, содан соң өзін күйеуіне тапсырса, онда жазылғанша дейін асырау құқығына ие болмайды. Себебі мұндай өзін күйеуінің қорғанына тапсыру толыққанды болып есептелмейді. Заңгер-ғалымдар бұл айырмашылықтар дұрыс негізделген дейді. Күйеуі әйелінің қызметшілерін асырауы қажет. – Егер күйеуі өте бай болса, ол үшін әйелінің өзін асырағандай, оның қызметшілерін де асырау міндетті болып табылады. Мұның себебі ол әйелінің асырануын, бағуын жоғарыда айтылып өткендей «қажетінше» қамтамасыз теу керек. Ал егер әйелінің жағдайын жасайтын қызметшілері асыранбаса, мұндай асырау жеткілікті болып саналмауы мүмкін. Алайда, Ханифа мен Мұхаммедтің пікірінше күйеуі бір қызметшіден артық қызметшілерді асырауға міндетті емес. - Әбу Юсуфтың айтуынша, күйеуі екі қызметшіні асырау керек, себебі бір қызметші үй ішіндегі шаруаларға, ал екіншісі үй сыртындағы шаруаларға қажет болады. – Ханифа мен Мұхаммед бұған екі түрлі қарсы пікір айтады: біріншіден, бір қызметші айтылып өткен екі жұмысқа да қолданыла алатындықтан екі қызметшіні ұстау артық болады; ал екіншіден, егер де күйеуі осы айтылған қызметтердің барлығын өз мойнына алса, осының өзі де жеткілікті болып, қызметші ұстаудың қажеттілігі болмас еді; сол сияқты егер ол бір қызметшісін өзінің орнына қызмет етуге қойып қойса да жеткілікті болып, екінші қызметшінің қажеті болмас еді. – Заңгер-ғалымдар бай күйеуінің әйелінің қызметшілеріне беретін асырау ақысы, кедей күйеуінің әйеліне жіберетін асырау ақысына тең болуы керек дейді, яғни: өмір сүруге жеткілікті болатын ең төмен асырау көлемі. – Ханифа кедей күйеуі әйелінің қызметшілерін асырауға міндетті емес дейді. Және де кедей күйеуінің әйелі өзіне-өзі қызмет жасайтындықтан, мұндай түсіндірме мақұлданады. – Мұхаммедтің айтуынша, кедей күйеуі бай күйеу сияқты әйелінің қызметшілерін де асырау қажет. Егер күйеуі кедей болса, онда сот әйелінің күйеуінің кредиті есебінен өз күнкөрісін өзі табуына рұқсат беру керек. – Егер де күйеуі әйелін де асырай алмайтындай кедейленсе, дегенмен де бұл жағдай некенің бұзылуына алып келмеуі тиіс; алайда сот әйеліне күйеуінің кредиті шотына өз күнкөрісін өзі табуына рұқсат беруі тиіс. Ал әйелінің тапқаны күйеуінің мойнына қарыз болып қалады. – Шафиғи неке бұзылуы керек дейді. Себебі күйеуі әйелін асырай алмайтын жағдайда оны адамгершілікпен қасында ұстап отыра алмайды (Қасиетті Құранда айтылғандай). Ал ондай болса, күйеуінің әйелімен ажырасқаны дұрыс, ал егер де ол әйелімен ажырасудан бас тартса, онда сот еркектің әлсіздік (белсіздік) жағдайындағыдай олардың некелерін күйеуінің орынбасары ретінде бұзуы қажет. Оған қоса, мұндай жағдайда некені бұзу, айрылысу жоғарыда келтірілген жағдайларға қарағанда бұлтартпай орындау болып табылады, себебі асырау – бұл өмір сүру үшін қажет. – Бұған біздің ғалымдарымыз егер де некенің бұзылуы орын алар болса, күйеуінің құқықтары жойылуы мүмкін және бұл күйеуі үшін зардар әкелуі мүмкін дейді; ал егер

МҰСЫЛМАН ДҰНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

де әйелі белгіленген асырау көлемін күйеуінің кредиті есебінен өзі тапқысы келсе, онда күйеуінің құқықтары сақталынып қалады. Сондықтан да ерлі-зайыптылар айырылыспауы керек. Бірақ әйеліне өмірге қажетті нәрселерді күйеуінің кредиті есебінен табылуын айту керек. Алайда, бұл жағдайда әйелінің шығындары біраз шектеулі болады да, ол шектеу сотпен анықталуы керек. Сот әйеліне өзін-өзі асырау үшін қажетті нәрселерді күйеуінің кредиті есебінен белгілі бір көлемде табуға рұқсат беруі керек. – Сот бұл жағдайда, импотенция мен бедеулік жағдайларында сияқты некені бұзуға қатысты күйеуінің орынбасары ретінде әрекет ете алмайды, себебі некеде мүліктік жақ тек екінші орында тұратын болып табылады, ал ең басты, маңызды мақсаты – бұл бала туу; ал екінші орында тұратын нәрсе бірінші орында тұратын нәрсемен даулы, талас жағдайға қойылмайды. Осы принцип негізінде сот алғашқы екі жағдайда некені бұзуға сенім көрсетілген адам, алайда дәл қарастырылып отырған жағдайда емес. Әйелі үшін соттың шешімінің ішінде өз нәпәқасын өзі күйеуінің кредиті есебінен табуға құқылы болғандығы пайдалы. Осылайша күйеуі осы қарызға жауапты болады, ал егер әйелі мұндай артықшылықсыз қарызданар болса, қарыз беруші қарызының қайтарымын күйеуінен емес әйелдің өзінен сұрау еді;

Сотпен белгіленген асыраудың бұл көлемі күйеуінің мүліктік жағдайының өзгеруіне байланысты өзгеруі керек. – Егер әйеліне өз нәпәқасын күйеуінің кредиті есебінен табуға рұқсат берген соттың шешімі айтылып жатқан кезде күйеуі кедей болып, әйелінің асырау көлемі осы кедейлікке сәйкес белгіленген болса, ал кейін күйеуі байып кетіп, әйелі өзінің асырау көлемінің артыруын қаласа, сот әйелінің пайдасына шешім шығаруы керек. Себебі асырау күйеуінің кедейленуі не баю жағдайына байланысты өзгереді. Өтіп кеткен уақыт үшін асырау көлемі, тек ол көлем соттың шешімімен белгіленген болмаса, немесе оның көлемі ерлі-зайыптылардың алдын-ала жасасқан келісімі бойынша болмаса, сұралынбайды. – Егер біраз уақыт аралығында әйелі күйеуінен ешқандай асырау көлемін алмаған болса, ал ол уақыт өтіп кеткен болса, әйелі сол уақыт үшін сұрай алмайды. Бұған тек соттың алдын ала белгілеп қойған көлемі болса, немесе ерлі-зайыптылар арасындағы өзара келісімін санамағанда. Бұл екі жағдайда әйеліне төленбей қалған барлық көлем төленуі керек. Себебі асырау – бұл сыйлық сияқты міндет болып табылады. Ал сыйлық деген сөздің астарында өтемсіз, қайтарымсыз берілетін нәрсе дегенді ұғынамыз. Асырау да осы мағынаға келеді. Себебі біздің ғалымдарымыздың пікірінше бол некелік иелік етудің өтемі болып табылмайды. Сыйлық беру жағдайында сияқты сый иесінің қолына өткен кезде оныкі болып саналатыны сияқты, асырау көлемін төлеу міндеті тек соттың заңды шешімінен кейін ғана іске аса алады. Қарастырылып отырған жағдайда ерлі-зайыптылар арасындағы келісім соттың шешімі сияқты күшке ие. Себебі күйеуінің өз жеке басына жүретін билігі соттың күйеуінің үстіне жүретін билігінен жоғары болғандықтан, мұндай келісім арқылы күйеуі мойнына міндет алады. Бұл түсінік әйелінің мүлкін қолданғаны үшін жүретін қалың малға қатысты қолданылмайды.

Соттың шешімімен белгіленген төленбеген асырау көлемі ерлі-зайыптылардың бірінің қайтыс болған жағдайында төленбейді, өтелмейді. – Егер сот әйеліне тиісті асырау көлемін белгілесе, біраз уақыт өтісімен ол белгіленген көлемді алмаса, ал күйеуі қайтыс боп кетсе, онда ол сол асырау көлемінен айырылады. Дәл осындай қағида әйелінің өлімі кезінде де қолданылады. Себебі асырау – бұл сыйлық ретінде

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жүреді де, оған қатысты мынандай қағида бар: ол сый ретінде жүріп, өлім жағдайында берілмейді. Дәл осындай жағдай сыйға да қатысты, яғни сый сыйға берушінің иелігіне өткенше не сыйға берушінің, не сыйды алушының бірі қайтыс болған жағдайда ол өзінің заңды күшінен айырылады. – Шафиғидің айтуынша, асырау барлық жағдайда көрсетілген жағдайға сәйкес күйеуінің мойнындағы қарыз ретінде қарастырылуы керек. Ол сый ретінде жүрмейді, бірақ некелік иеліктің өтемі, төлемі болып табылады. Сондықтан да жоғарыда келтірілген екі себеп нәтижесіндегідей тоқтатылмайды. – біздің ғалымдарымыздың бұған қарсы пікірі жоғарыда баяндалған. Алдын ала берілген асырау көлемі қайта қайтарылмайды. – Егер күйеуі әйеліне асырау көлемін бір жыл бұрын беріп, кейіннен осы жыл өтпей тұрып қайтыс болса, онда әйеліне осы асыраудың белгілі бір бөлігін қайтару туралы ешқандай да талап келмеуі керек. Бұл Ханифа мен Әбу Юсуфтың оқуы, пікірі. – Мұхаммедтің айтуынша, әйелі асырау құнының тек жылдың басынан бастап, күйеуінің қайтыс болған уақытына дейінгі бөлігіне ғана құқылы, ал қалған бөлігі күйеуінің мұрагерлеріне қайтарылуы тиіс. Сондықтан, егер де осы қалдық әйелінде қалған болса, ол қайтарылуы керек; егер де ол қалмаған болса, онда сол қалдық көлеміндегідей жауапкершілікке тартылуы керек (Шафиғи де осындай пікір айтады; мұндай пікірлердің айырмашылығы көйлек пен әшекейлерге қатысты). Себебі бұл жағдайда әйелі некелік иеліктің қысым үшін алған төлемі болып табылады. Және сол қысым орын алған жағдайда ол сол төлемін алған болатын, ал күйеуі қайтыс болған сәттен бастап әйелі бұл стеснениелерден босайтындықтан, өтемі де төленбейді. – Екі үлкен ғалым да бұған қарсы пікір айтып, әйелінің асырануы сый болып табылады, ал сыйды өлімнен кейін қайтарылдуын сұрауға болмайды, себебі ол тура сый сияқты сол адамның иелігіне бекітіледі дейді. Бұдан белгілі болатыны егер де әйеліне берілген асырау көлемі оның иелігінде қолданғанынан бұрын өлсе, онда барлық ғалымдардың пікірінше әйелден оның қайтарылымын талап етуге болмайды; ал егер бұл асырау төлем, өтем болып табылса, онда күйеуінің өлімі жағдайында қайтарылуы мүмкін еді. – Егер де бір айға қажетті асырау көлемі қалса, оның қайтарылуын талап етуге болмайды, себебі бұл көлем маңызды емес, яғни көп емес болып табылғандықтан, оны қолдануға қалдыруға болады деген Мұхаммедтің пікірі белгілі.

Егер әйелі ерікті ата-анадан туған ерікті әйел болса, оның асырау көлемін төлеу үшін құл сатылуы мүмкін. – Егер құл ерікті ата-анадан туған ерікті әйелмен некелескен болса, онда оны асырау оның мойнына қарыз болып қалады. Бұл қарызды төлеу үшін ол құл ретінде сатылуы да мүмкін. Алайда бұл тек неке құлдың иесінің рұқсатымен жасалған болса ғана мүмкін болады. Себебі әйелін асырау көлемін құл төлеуі керек болғандықтан, ақыры бұл жағдай құлдың иесіне де қатысты болатыны белгілі. Сол үшін де қарыз мазунның қарызы сияқты құлдың мойнына өтеді. Бірақ оның иесі оны қарызды өтеу ретінде оны сатып ала алады, себебі әйелінің құқығы тек оған тиесілі асырауға ғана таралады, алайда оның тұлғасына құқығы жоқ. Егер де құл қайтыс боп кетсе (немесе оны біреу өлтіріп кетсе), онда әйелінің төленбеген асырау көлеміне деген құқығы жойылып кетеді, себебі бұл жоғарыда айтылып өткендей тек сый ретінде ғана жүреді.

II бөлім

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Күйеуі күн әйелін өзімен бірге тұрғанда асырауға міндетті. – егер ер адам басқа біреудің күнімен некелесетін болса, және күннің иесі оған күйеуімен бірге тұруға рұқсат етсе, мұндай жағдайда күн күйеуінің қорғанында болғандықтан, оны асырау күйеуінің мойнына түседі; бірақ егер де оған күйеуімен бірге тұру рұқсат етілмесе, бұл жағдайда некелік қорған орнатылмағандықтан, күйеуі оны асырауға міндетті емес. Мұнда қожайынның күніне күйеуімен бірге тұруға берген рұқсаты мағынасында айтылған «табийят» терминінің астарында тек күйеуінің үйінде тұру деген мағынада ғана емес, сонымен қатар күн ретінде қожайынына қызмет көрсетуден босатылу мағынасында қолданылады. Сондықтан да егер де кейіннен күннен бір қызмет талап етілсе, онда күйеуі тарапынан болатын асырау тоқатылар еді, себебі бұл жағдайда некелік қорғауда болмай қалады. Қожайын күніне күйеуімен тұруға рұқсат берсе де, одан қызмет көрсетуін заңды түрде талап ете алады. Себебі мұндай рұқсат беру қожайынына ешқандай міндет жүктемейді. Алайда күн ерікті түрде қожайынына, қожайыны оған қызмет етуін талап етпесе де, қызмет етуін жалғастырса, онда оның күйеуі тарапынан асырануы тоқтатылмайды.

Жоғарыда айтылған тезис қағидалары умми-уәләдқа да қатысты қолданылады. – Жоғарыда баяндалған қағидалар умми-уәләдқа да, абсолютті түрдегі күндерге де тең дәрежеде қолданылады.

Әйеліне бөлек бөлме бөлінуі керек. – Күйеуі әйеліне тек соған ғана тиесілі болатын, әрі әйелі ғана пайдаланатын, әрі күйеуінің туыстарының немесе бөтен адамдардың ешқайсысы әйелінің рұқсатынсыз кіріп шыға алмайтындай бөлек бөлме бөліп беруі керек. Бұл бөлме, себебі, әйеліне қажет болып табылады және басқа асырау ұғымына кіретін басқа нәрселер сияқты берілуі қажет. Ал күйеуі әйеліне осындай бөлме беруге міндетті болғандықтан, мұндай бөлмеде әйелі басқа біреумен бірге емес, тек жалғыз өзіне тиесілі болатындай жағдай жасауы керек. Себебі мұндай жағдайда әйеліне зардап әкелетін еді және әйеліне күйеуімен қарым-қатынас етуіне кедергі келтіруі мүмкін; алайда егер әйелі қаласа, күйеуі оған заңды түрде бірге тұратын құрбы бере алады. Мұндай жағдайда әйелі жоғарыда келтірілген құқықтан бас тартқаны дегенді білдіреді. Жоғарыда келтірілген түсініктерге қарап, күйеуі әйелін өзінің басқа әйелден туған баласымен бірге тұруға мәжбүрлей алмайды.

Егер де күйеуі әйеліне өзінің үйінен бір бөлме бөліп беріп, сол бөлменің кілтін беріп қояр болса, мұның өзі жеткілікті болып табылады. Себебі бұл арқылы заңның қарастырған мақсаты орындалды деген сөз.

Әйеліне берілген бөлме оған кіретін қонақтарға қатысты күйеуінің қадағалауында болуы керек. – Күйеуі әйелінің ата-анасына, оның туысқандарына немесе басқа некеден туған балаларына бұл бөлмеге кіруге тыйым сала алады. Мұның себебі әйелінің бөлмесі күйеуінің жеке меншігі болып табылатындығында және де соған байланысты күйеуі ол жерге кімде-кімнің кіріп-шығуына тыйым салуға құқылы. Алайда күйеуі оларға қалаған сәттерінде әйелін көруге, онымен сөйлесуге тыйым сала алмайды. Себебі мұндай тыйым нәтижесінде туыстық қарым-қатынасты үзу болып қалар еді. Ал әйелінің туыстарымен кездесіп, әңгімелесуі оның құқықтарына зардабын тигізбейді. Кейбір ғалымдар күйеуі оларға әйелінің бөлмесіне кіруге тыйым сала алмайды, бірақ оларға әйелімен бірге тұруға, мұндай бірге тұру ыңғайсыздық пен тынышсыздыққа әкелуі мүмкін болғандықтан тыйым сала алады дейді. Басқа

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ғалымдардың пікірінше күйеуі әйеліне ата-анасын зиярат етіп тұруға, не ата-анасының әр жұма сайын қызына келіп тұруына, сол сияқты басқа да туыстарының әйелін жылына бір рет келіп көріп тұруына тыйым сала алмайды дейді. Мұндай түсіндірме мақұлданады. Орнында жоқ болған жағдайда мұндай тұлғаның әйелін асырауы оның мүлкінен алынуы тиіс. – Егер күйеуі басқа жерге уақытша кетіп қалған болса, және мүлкін белгілі бір тұлғаның қарамағына қалдырып кетсе, ал сол тұлға күйеуінің мүлкін оған тастап кеткенін, әрі шынымен де оның әйелінің барын айтса, онда сот күйеуінің мүлкінен тиісті мөлшерде әйеліне беруі керек. Дәл сол сияқты уақытша кетіп қалған күйеуінің ата-анасы мен балаларына қатысты да солай істеуі керек. Бұл қағида уақытша орнында жоқ адамның мүлкін сақтап отырған тұрған тұлға мүліктің иесінің әйелінің бар екенлігін, жіне сол адамның оған мүлкін сақтауға қалдырып кеткенін мойындаса, мұндай мойындау әйелінің өзіне тиісті асырау көлемін күйеуінің келісімінсіз-ақ заңды түрде алуға деген құқығын мойындаумен тең деген түсінікке негізделген.

Қарсы пікір. – Егер әйеліне сеніп тапсырылған тұлғаның мойындауының нәтижесінде орнында жоқ күйеуінің мүлкінен тиісті бөлігі белгіленген болса, онда соттың шешімі орнында жоқ (отсутствующий) адамға қатысты болар еді, ал бұл – заңсыз болып табылады.

Жауап. – Бұл жағдайда соттың шешімі орнында жоқ тұлғаға тікелей қатысты емес, тек жанама түрде ғана болып тұр. Себебі мұнда сенімді тұлға зульяд, немесе тікелей мүлік иесі болып табылады. Ал мұндай тұлғаның мойындауы оған сеніп тапсырылған мүлікке қатысты барлық жағынан қарастырғанда қабылдануы керек, әсіресе қарастырылып отырған жағдайда. Егер де бұл тұлға не некені, не болмаса оған сақтауға сеніп тапсырылған мүлікті жоққа шығарар болса, әйелі оны жауапкершілікке тарта алмас еді. Тіпті куәгерлер келтірген жағдайда да, куәгерлердің жауаптары қабылданбас еді, себебі сенімді тұлға некеден туатын айыпқа жауап беруге тартылмайды; сол сияқты әйелі де сенімді тұлғаға қарсы оның сақтауында қалған мүлікке қатысты айыптанушы бола алмайды. Себебі әйелі күйеуінің орынбасары болып табылмайды. Ал сенімді тұлғаның мойындауы қабылданғандықтан, сот осы мойындаудың негізінде әйеліне тиісті асырау көлемін белгілейді, ал мұндай қарар, әрине, күйеуінің құқықтарына сай болуы керек; ал соттың орнында жоқ адамға қатысты шығарған қарары бұл жағдайда мақұлданады. Оған қоса орнында жоқ адамның мүлкі музарабат немесе қарыз ретінде сенімді тұлғаның сақтауында болса, онда жоғарыда келтірілген қағида дәл сондай күшке ие.

Орнында жоқ күйеудің мүлкі әйелдің өмір сүруіне қажетті асырану көлемінен өзгеше болса, әйелінің асырану көлемі оның мүлкінен алынбайды. – Жоғарыда келтірілген қағида күйеуінің қалдырған мүлкінің астық, көйлек, немесе ақша болған жағдайды қарастырып отыр. Бұлар әйелінің асырауына сәйкес келетін нәрселер болып табылады. Ал егер де қалдырылған мүлік басқа түрде болса, онда ол мүліктен асырау көлемі берілмеуі керек. Әйелінің асырау көлемінің орнын толтыру үшін ол мүліктің бір бөлігі сатылауы керек; ал біздің барлық ғалымдарымыздың ортақ пікірі бойынша орнында жоқ кісінің мүлкі сатыла алмайды. – Ханифа сот орнында жоқ кісінің, тіпті ол сотталған болсын, мүлкін сатуға құқысыз, алайда мүліктің иесі мүлкін өзі сатып, әйеліне тиісті асырау құнын төлеуін талап етуге құқылы деген пікірді ұстанады;

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

демек, сотқа орнында жоқ болып табылатын кісінің мүлкін сатуға тыйым салынады. – Екі шәкірті де осы пікірді ұстанады. Себебі олар сот қарары шығарылған уақытта сот әйелінің асырау құнын төлеуі үшін орнында жоқ күйеуінің келісімінсіз оның мүлкіне иелік ете алатын болғанымен, бұл орнында жоқ кісінің сот шешімін орындауға келіспеген уақытта ғана жүзеге асуы мүмкін; ал орнында жоқ кісінің мүлкіне былайша иелік етуге болмайды, себебі оның бұған келісетін-келіспейтіні белгісіз.

Әйелі бұдан бұрын асырау көлемін алмағаны туралы айып ретінде көрсетуі керек. – Сот әйеліне орнында жоқ күйеуінің мүлкінен тиесілі асырау көлемін белгілегенде, онда оған белгіленетін мүлік мөлшерінің ақысы көлемінде қамтамасыздандыруды алу керек; оған қоса сот әйеліне оның тиісті алдын ала ешнәрсе алмағандығы туралы ант айтқызуы керек. Бұл соттың мұрагерлері алдында мұраны бөліп беру жағдайына қарама-қайшы келеді. Мұнда олар басқа да бір мұрагерінің болу мүмкіндігін жасырмайды: ол олардан мұндай қамтамасыз етуді талап етпейді, себебі істің мұндай жағдайында қамтамасыз етілетін мафулуллах тұлға белгісіз, әрі анықталмаған, ал қарастырылып отырған мына жағдайда қамтамасыздандыратын тұлға, яғни орнында уақытша жоқ күйеуі екені анықталған.

Асырау тек әйеліне, балиғатқа жетпеген балаларына, немесе орнында жоқ ақүйеудің ата-анасына ғана берілуі тиіс. – Сот асырау көлемін орнында жоқ кісінің мүлкінен алып, оны жоғарыда айтылған адамдардан басқаларға бере алмайды. Себебі, тек осы адамдар ғана соттың қандай да бір шешіміне қарамастан асырау көлемін алуға құқылы (бұл жағдайда асырау көлемі олардың заңды төлемі болып табылады); ал некелесе алмайтын басқа туыстары соттың осы іске қатысты белгілі бір қарарынсыз қандай да бір да асырау көлемін алуға құқысыз. Өйткені мұндай туыстарына асырау көлемі жағдайдың өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Содықтан да соттың оларға асырау көлемін белгілеген шешімі жоқ кісіге қарсы іс-әреет болуы мүмкін, ал мұндай әрекетке жол берілмейді.

Жоқ кісінің мүлкіне қатысты әйелінің жалғыз мәлімдемесіне негізделген қандай да бір сот шешімі шығарылмайды. – Егер соттың өзі айыптаушы әйелдің орнында жоқ ер адамның әйелі екеніне көзі жетпеген болса, ал сенімді немесе қарыздар тұлға оны ол адамның әйелі емес десе, және әйелі өзінің шын мәнінде әйелі екеніне көз жеткізу үшін куәгерлерді әкелгісі келсе де сот мұндай шешім шығара алмайды. Себебі бұл жағдайда бұл орнында жоқ кісіге қарсы іс-әрекет ретінде бағаланар еді, ал бұған жол берілмейді. – Зуфардың айтуынша, сот куәгерлерді тындап алып (ол мұндай жолмен некенің рас екенін анықтай алмаса да), содан соң әйеліне асырау көлемін белгілеуі керек. Себебі мұндай шешім әйелге қатысты қамқорлықтың белгісі болып, жоқ кісінің де құқығына зардап тигізбес еді. Егер де жоқ болған кісі кейіннен келіп, әйелдің айтқан сөзін растаса, онда әйел өзіне тиесілі нәрсені ғана алды деген сөзді білдіріп; ал егер де күйеуі некені мойындамай жоққа шығарар болса, әйеліне ант сөзін айтқызар еді (егер куәгерлері болмаса). Егер де сол кезде әйелі ант сөз айтудан бас тартар болса, күйеуінің мәлімдемесі белгіленеді; алайда егер әйелі өз мәлімдемесінг куәгерлік жауаптары арқылы дәлелдесе, онда осыменен оның құқығы белгіленеді; егер де әйелі ешқандай дәлел келтіре алмаса, ал күйеуі ант етсе, онда әйелі, немесе оның қалдырған кепіл жауапкершілікке алынады. – Бұл жазбаның авторы бұл жағдайда сот әйелге асырау құнын қажеттіліктен белгілеуі керек дейді.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

III бөлім

Ажырасқан әйел иддат мерзімін өтеу барысында асырануына құқылы. – Күйеуі әйеліне талақ еткен кезде, ажырасудың жойылатын, не жойылмайтынына қарамастан, ол әйеліне тұратын жер беріп, оны асырауы керек. – Шафиғи жойылмайтын ажырасумен қайтарылып тастаған әйелге, егер ол жүкті болмаса, ешқандай асырау көлемі берілмеу керек дейді. – Жойылатын талақ айтылған әйелге асырау көлемін төленуіне себеп болатын нәрсе – бұл некенің заң жүзінде сақталып отырғандығына негізделеді. Бұл әсіресе біздің ғалымдарымыздың пікірі. Олардың пікірінше мұндай талақ кезінде күйеуі әйелімен жақындасуға құқылы болып табылады. – Жойылмайтын талақ жағдайына қатысты Шафиғи екі түрлі дәлел айтады: біріншіден, Қаттима бинт Қайс былай деген: «Менің күйеуім мені үш рет айтылған талақпен қайтарып тастады, және пайғамбарымыз маған тұратын жер де, асырау көлемін де белгілемеді»; екіншіден, мұндай талақпен некелік иелік те аяқталады, ал Шафиғидің пікірінше, асырау көлемі осы иеліктің төлемі болуы тиіс (сондықтан әйелінің бұл асырау көлеміне деген құқығы күйеуінің өлімімен аяқталады, себебі осы жағдаймен некелік иелік те аяқталады). Алайда егер жойылмайтын талақпен қайтарылған әйел ажырасу кезінде жүкті болған жағдайда оған белгіленген тиісті асырау көлемін беруі қажет. – Біздің ғалымдарымыз бұған некелік қорғау үшін (жоғарыда айтылғандай) төлем болып табылатынына қарсы пікір айтып, бұл қорғау некенің басты мақсаты болып табылатын – ұрпақтың жалғасуын қамтамасыз ету түрінде (себебі иддат әйелдің жүктілігін тексеру мақсатында болады) жалғасын табады, міне сондықтан да оған тамақ және тұратын жер берілуі керек, оған қоса соңғысы оған тиесілі нәрсе ретінде барлық ғалымдармен мақұлданады. Сонымен қатар, Омар пайғамбарымызбен берілген қағиданы келтіреді: «Үш рет талақ айтылған әйелге оның иддаты кезінде асырау көлемі берілуі тиіс». Бұл жағдайға қатысты бірнеше пікір кездеседі.

Жесір әйелге ешқандай асырау көлемі берілмейді. – Күйеуінің өлімінен кейін әйелі ешқандай асырау көлеміне құқы жоқ. Себебі бұл жағдайдан кейінгі болатын оңашада қалу күйеуінің құқығы негізінде емес, заңның талабы болып табылады. Мұның себебі иддат тек діни рәсім болып табылады да, осы жағдайда оның құрсағының халін тексеру мақсатында өтелмейді. Осының нәтижесінде иддат етеккірден тазару уақытымен емес, уақытпен, яғни айлармен саналады. Оған қоса әйелге асырау көлемі күнмен саналып беріледі; ал күйеуінің өлімінен кейін оның мүліктік құқығы тоқтайтындықтан, және ол мүлік мұрагерлердің қолына өтетіндіктен, оған сол мүліктен белгілі бір бөлігінің берілуі мүмкін емес. Некенің бұзылуының себебі әйелінен шығатын болса, оған асырау көлемі берілмейді. – Некенің бұзылу себебі әйелі тарапынан болып, және бір қылмыс болып саналатын нәрсе болса, мысалы, әйелінің діннен шығуы немесе күйеуінің ұлымен жақындасуы сияқты, мұндай жағдайда оның иддаты кезінде асырау көлемі берілмейді. Себебі ол заңсыз түрде күйеуін мүлкінен айырды, егер де ол күйеуінің рұқсатынсыз үйден шыққаны сияқты.

Некенің бұзылу себебі оның тарапынан болған әйелге асырау көлемі тек сол себептің қылмыс емес болған жағдайында ғана беріледі. – Алайда некенің бұзылу себебі әйелі тарапынан болса да, ол қылмыс болып саналмаған жағдайда, мәселен, ол ерлі-зайыптылардың арасында теңсіздіктің туындауы нәтижесінде некенің бұзылуын

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

талап етсе, ол иддаты кезінде асырануға құқылы; себебі оған веноның төленбеуі нәтижесінде онымен жақындасудан бас тартқан жағдайда сияқты күйеуінен заңды түрде алыстады.

Діннен шыққан әйелі асырау құқығына ие болмайды. – Егер де үш рет талақ айтылған ажырасқан әйел діннен шықса, онда оған тиесілі болған асырау тоқтатылады; алайда дәл осындай жағдайда ол күйеуінің ұлымен жақындасқан болса, оның асырау құқығы жалғаса береді. Діннен безген әйел түрмеге отырғызылып, ал күйеуі ол түрмеде отырған кезде оған ешқандай асырау көлемін бермейді; ал күйеуінің ұлына өзімен жақындасуға жол берген әйел түрмеге отырғызылмайды. Мұнда бұл екі жағдай арасында біршама айырмашылық жатыр.

IV бөлім

Әкесі өзінің балиғатқа толмаған балаларына тиісті асырау көлемін беріп отыруы тиіс. – Балаларды асырау әкесінің мойнына жатады, және бұл істе әкесіне ешкім де дос бола алмайды, яғни көмектеспейді, себебі Құранда былай айтылған. «Баласын омырауымен емізетін әйелді асырау осы баланың әкесінің мойнында»; бұл жерден балиғатқа толмаған баланың асырануы әкесінің мойнында екенін байқаймыз; себебі емізіп жүрген баланың анасына берілсе, демек баланың өзіне де бұл асырау көлемі берілуі тиіс.

Анасы нәрестесін өз сүтімен емізуге міндетті емес. - Анасы нәрестесін міндетті түрде өз сүтімен емізуге міндетті емес, себебі оны асырау әкесінің мойнында, демек ол баласына сүт ана жалдап берсе де болады; оған қоса анасы денсаулығына немесе басқа да себептерге байланысты өз сүтімен емізуге қабілетсіз болуы да мүмкін. Ал мұндай жағдайларда оны мәжбүрлеу әділетсіз болар еді.

Анасы баласын тек сүт ана таппаған жағдайды санамағанда, өз сүтімен емізуге міндетті емес. – Жоғарыда келтірілген тезисте айтылған қағидалар сүт ананы оңай табуға болатын жағдайға негізделген; ал олай болмаған жағдайда анасы бұл міндетті баласы қайтыс болып кетпеуі үшін өз мойнына алуға міндетті болады.

Әкесі балаға сүт ана тауып беруі қажет. - Әкесі кішкентай нәрестесін емізетін сүт ана тауып беруге міндетті. Бұл міндет – оның мойнында. Оның жалдаған сүт анасы баланың анасымен бірге тұруы керек, немесе анасының келісімімен анаға тиісті хизанат есебінен одан алыс емес жерде тұра алады.

Әкесі баланың анасын сүт ана ретінде жалдай алмайды. - Әкесі заңды түрде баланың анасын, егер ол оның әйелі болған жағдайда не болмаса онымен ажырасып иддатын өтеп жүрген болса, сүт ана ретінде жалдай алмайды. Бұның себебі анасы заң жүзінде баланы емізуге міндетті болмаса да, ол діни көзқарас бойынша бұл міндетті болып саналады. Себебі, Жаратушымыз Құранда былай дейді: «Аналары балаларын омырауларымен емізулері қажет». Анасы бұл міндеттен тек қабілетсіз болған жағдайда ғана босатылады; бірақ егер ол бұл міндеттерді тиісті ақы үшін жасауға келіссе, мұндай келісім оның емізуге деген қабілеттілігін көрсетеді де, нәтижесінде оған баласын емізу міндетті болып, ешқандай да төлемақысыз орындауға міндетті болады. Бұл қағида тек анасының шын мәнінде әкесінің әйелі болған жағдайында немесе иддатын өтеп жүрген неке іс жүзінде жалғасын табатын жойылатын талақпен ажырасқан әйел болған жағдайда қолданылады. Сонымен қатар бір риуаяттарда бұл қағида тағы анасының жойылмайтын талақпен ажырасқан кезінде де қолданылады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Алайда кейбір риуаяттарда мұндай тұлға баланың әкесімен сүт ана ретінде жалдана алады делінген, себебі бұл жағдайда неке заңды күшінен айырылады. Бірінші риуаят кейбір міндеттерге қатысты, яғни тамақпен, тұратын жермен қамтамасыз ету сияқты, неке жалғасады деген дәлелдерге негізделеді.

Алайда күйеуі әйелдерінің біреуін басқа әйелінен туған баласының сүт анасы ретінде жалдай алады. - Әкесі баласының сүт анасы ретінде оның анасы болып табылмайтын бір әйелін баланы емізу үшін жалдауы мүмкін. Мұндай әйел үшін бұл , яғни баланы емізу, міндет болып табылмайды.

Баланың сүт анасы ретінде оның анасы иддаты өткенде жалдана алады. – Сонымен қатар әкесі баланың анасын ол иддатын өтеп болған жағдайда сол баланы емізу үшін жалдай алады. Себебі иддаттың аяқталысымен неке өзінің заңды күшін барлық жағынан жояды. Сонда бұл әйел басқа да бөтен әйелдер сияқты сүт ана (емізуші) ретінде жалдана алады. Алайда егер әкесі бөтен әйелді баласының сүт анасы ретінде (емізушісі) жалдағысы келсе, ал баланың анасы бұл міндетті сол бағаға немесе ақысыз түрде өз мойнына алғысы келген жағдайда ол бұған бөтен әйелге қарағанда құқылы болады. Себебі оның өз баласына деген сезімі бөтен әйелдікінен әлдеқайда жоғары болатыны анық; сондықтан балаға қамқор болу мақсатында бұл міндеттің анасына берілгені абзалырақ. Алайда егер анасы бөтен әйелге қарағанда көбірек ақы сұраса, әкесі үшін бұл зардап әкелетін болғандықтан, бөтен әйелге береді. Діндегі айырмашылық бала мен әйелін асырау міндетіне өзгеріс енгізбейді. – Балиғатқа толмаған баласын асырау, ол қандай дінде болмасын, әкесінің мойнында; сол сияқты діндегі айырмашылықтарға қарамастан, әйелін де асырау күйеуінің мойнында. Бірінші міндет күйеуінің мойнында болуының себебі – Қасиетті Құранда «ұрпақ» деген сөз жалпылама айтылып тұр, сонымен қатар бала әкесінің қаны, оның бір бөлшегі болып табылады. Екінші міндеттің күшке ие болған себебі – неке мұсылман ер мен мұсылман емес әйел арасында құрылуы мүмкін.

Балаларды асырау әкесі үшін баларының жеке мүлкі болмаған жағдайда ғана міндетті болып табылады. – Жоғарыда келтірілген әкесінің балиғатқа толмаған балаларын асырау міндеттері тек мұндай баланың жеке мүлкі болмаған жағдайларда ғана қолданылады. Ал егер де оның қандай да бір жеке меншігі болса, онда белгіленген асырау көлемі сол мүлкінің есебінен жүреді. Себебі әрбір тұлғаны асырау оның мүлкінің есебінен болу керек деген қағидалар бар.

V бөлім

Әрбір адам өзінің кедей қалған ата-анасын асырауға міндетті. - Әрбір адам өзінің әкесін, шешесін, аталарын, әжелерін, олар қажеттілік туған жағдайда болса, асырауға міндетті. Және бұл олардың басқа дінде болғанына қарамастан міндетті болады. Әке-шешесін асырау Құранда мұсылман емес ата-анасы бар мұсылманға бұйырылған болғандықтан міндетті болып табылады; ата-әжелерге байланысты бұл дәл сондай міндетті, себебі ата әкемен тең дәрежеде сыйлы, ал әже анасымен тең дәрежеде сыйлы болып табылады. Сонымен қатар біріншісі, яғни атасы барлық мәселелерге қатысты әкесінің жоқ кезінде соның билігіндей билікке ие, ал әжесі болса, анасының жоқ кезінде хизанатқа және сол сияқтыға қатысты анасының орнын басады. Алайда немересінің мойнындағы ата-әжесін асырау міндеті олардың кедей болған жағдайында міндетті болады. Себебі егер де олар белгілі бір мүлікке ие болған

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жағдайда, онда асырау көлемі басқаның мүлкінің есебінен емес, өздерінің мүлкінің есебінен алынуы керек. Жоғарыда келтірілген Құран аятынан түсінгеніміздей, діндегі айырмашылықтары ата-әжесіне деген қарым-қатынаста кедергі болмайды.

Діндегі айырмашылық әйелі, бала-шағасы, ата-әжесінен басқа туысқандарының бәріне қатысты оларды асырауға кедергі болады. – Діндегі айырмашылық болған жағдайда ешкім де әйелі, ата-әжесі, бала-шағасы, немерелерінен басқа туысқандарын асырауға міндетті болмайтынын байқауымыз керек. Бұларға асырау көлемін тиісінше беру діндегі айырмашылыққа қарамастан міндетті болып табылады. Әйелін асырауға жоғарыда айтылып өткен жыныстық жақындасу мақсатындағы некелік қорған себеп болады. Бұл заңды неке келісімінен туындайтын, әрі діндегі айырмашылықтарға қарамайтын нәрсе. Мұнда, мысалы, әйелі – христиан, күйеуі – мұсылман болуы мүмкін; ал ата-анасы мен жоғарыда келтірілген басқа туысқандарына қатысты болса, бұл жағдай оның қанының ортақтығына байланысты болғандықтан күшке ие. Себебі ортақ қаны болу деген сөз дәл сол иесінің қанымен тең. Ал басқа дінде болушылық адамға өз-өзін өз мүлкінен асырауына кедергі келтірмейді. Бұдан шығатыны басқа дінде болушылық, сонымен қатар, ортақ қаны бар адамды асырауға кедергі келтірмейді.

Жоғарыдағы тезисте келтірілген туысқандарды олар жат елдік болған жағдайда асырау міндетті болып табылмайды. – Егер жоғарыдағы тезисте келтірілген туысқандар жат елдік болса, тіпті олар зимми болған жағдайда да, онда мұсылман оларды асырауға міндетті емес. Себебі шариғат бізге біз діндегі айырмашылық үшін соғысып жүрген адамдарға жақсылық жасауға тыйым салды. Мұсылман және христиан ағалар бір-бірін асырауға міндетті емес. – Христиан адам өзінің мұсылман бауырын асырауға міндетті емес сияқты, мұсылман да өзінің христиан ағасын, не інісін асырауға міндетті емес, себебі асырау мұрагерлікпен қатысты болып табылады; ал мұсылман мен мұсылман емес бір-бірінің мұрагері бола алмайтындықтан, олардың бірін-бірі асырауға міндетті еместігі шығады. Алайда бұл қағиданың қан туыстықтан шығатын басқа салдарға, мысалы, мұсылманның өз бауыры христианды құл ретінде иеленсе, онда осы иелік фактісі арқылы христиан жақын туыстық негізінде дінге тәуелді болмай құлдықтан арылатынын байқауымыз керек.

Ата-анасын асырау баласы үшін міндетті болып табылады. - Әке-шешесін асырау тек олардың баласы үшін ғана міндетті болып табылғандықтан, бұл істе баласына ешкім де жолдас бола алмайды, яғни көмектеспейді. Себебі бірнеше хадистерге қарағанда, ата-анасы баласының мүлкіне құқылы болады. Алайда, басқа біреудің мүлкіне құқы болмайды; сонымен қатар бала басқа адамдарға қарағанда өз әке-шешесімен өте жақын болғандықтан да құқылы болады. Ата-анасын асырау (Захир-Риуаят бойынша) ұлы үшін де, қызы үшін де бірдей дәрежеде міндетті болып табылады, және де бұл түсіндірме барлық ғалымдармен мақұлданған. Себебі асырау міндеті негізделген принцип екеуіне де бірдей болады.

Әйелі, ата-анасы, бала-шағасынан басқа туысқандарын асырау. - Әркім де өзінің балиғатқа толмаған ер жынысындағы туыстарын (некелесуге болмайтын) олар кедей болған жағдайда асырау көлемін беруі, және де сол сияқты жоқшылықта өмір сүріп жатқан әйел жынысындағы туыстарын, олардың балиғатқа толған, толмағанына қарамастан, асырауға тиіс; сол сияқты ер жынысындағы балиғатқа толған туыстары

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

(некелесуге болмайтын) кедей, еңбекке жарамсыз не зағип болған жағдайда оларға асырау көлемін беріп отыруға тиіс. Бірақ туысқандықтың осы дәрежесінен басқа дәрежедегілерді асырау міндетті болып саналмайды. Оған қоса, бұл жағдайда асырау туыстарының жоқшылық жағдайға немесе ыңғайсыз жағдайларға тап болуына қатысты. Ал әйел жынысында болу, тыс жас болуы, зағип болуы, кәрілікке байланысты күш-қайратсыз болуы осы ыңғайсыздық жағдайлар қатарына жатады. Себебі мұндай жағдайдағы адамдар өз еңбектерімен өздерін асырай алмайды; бірақ бұл қағида ата-анасына қатысты болмайды, себебі олар өз еңбектерімен күндерін көрер болса, онда олар шаршап-шалдығар еді, ал баласы оларды мұндай қиындық көруден қорғауы қажет. Бұдан байқайтынымыз ата-анасы өз еңбектерімен күндерін көре алатын жағдайда да баласы үшін оларды асырау міндетті болып табылады.

Туысқанына (некелесуге болмайтын) мұрагері ретінде қанша бөлігі тиісті болса, сонша мөлшерде асырау көлемі берілуі тиіс; яғни, қай туысқаны ең үлкен көлемде мұрагері болатын болса, сол туысқаны осы туысқанын асырауы қажет, ал мұрасының ең аз көлемі тиісті туысқаны асырау көлемінің ең аз мөлшерін беруі керек. Құранда айтылғандай: «Некелесуге тыйым салынған туысын асырау оның мұрагерінің мойнында». Бұл жағдайда «мұрагер» сөзі мұраны анықтау кезінде мұрагерлікке белгіленген бөлік назарға алынуы керек. Әке-шешесі өздерінің балиғатқа толмаған қыздарын олардың мұрагерлік бөліктеріне сәйкес асырауға тиіс (сол сияқты еңбекке жарамсыз балиғатқа толмаған ұлдарын). - Балиғатқа толған қызды, немесе еңбекке жарамсыз ұлды асырау ата-анасының мойнында болып ол үш бөлікке бөлінеді. Оның үштен екі бөлігін әкесі, үштен бір бөлігін анасы табуы керек. Себебі әкесі баласының мұрасының үштен екі бөлігін иеленеді, ал анасы – үштен бір бөлігін. Хидаяның құрастырушысы бұл Хасаф пен Хассанның ілімі дейді. Захири-Риуаяты бойынша бұл жағдайда әкесі балаларын өзінің ұрпағы болғандықтан асырауға міндетті. Бұған Жаратушымыздың сөзі дәлел болады: «Балалар кім үшін туылса, оларды асырау сол үшін міндет» (жоғарыда көрсетілгендей); ал олар әкесі үшін, яғни әкесіне туылған; міне, сондықтан да мұндай балаларды асырау әкесінің мойнында. Бірінші түсіндірмесі балиғатқа толмаған балалар мен балиғатқа толған балалардың арасында келесі екі пунктінде үлкен айырмашылық бар екендігіне негізделген: біріншіден, әкесі өзінің балиғатқа толмаған баласын қамқорлыққа алуға міндеттелген, екіншіден балиғатқа толмаған баланы асырау, Қасиетті Құранда анық көрсетілгендей, тек әкесіне міндеттелген; ал балиғатқа толған балаларына қатысты болса, жағдай сәл басқаша: әкесі оларды қамқорлыққа алу құқығына ие емес, сондықтан да анасы әкесіне мұндай балаларын олар көмек қажет еткен жағдайда жәрдемдесуі қажет; ал басқа туысқандарына қатысты олардың мұрагерлік үлесі назарға алынатын болғандықтан, осы жағдайда да ол назарға алынуы тиіс.

Әпкелері мұқтаждықта болған інілеріне (ағаларына) оның мұрагері ретіндегі үлесіне қарай көмектесуі керек. – Мұқтаж ағасын асырау міндеті оның туған, бір құрсақтан немесе бір әкеден туған әпкелерінің мойнында. Бұл асырау көлемі оның мұрасының үлестеріне сәйкес бес бөлікке бөлінеді; Демек, осы үлестердің бестен үш бөлігін туған әпкелері, бестен бір бөлігін бір қаннан (әкеден) туған әпкелері, ал қалған бір бөлігін бір құрсақтан туған әпкелері төлеуі керек. Алайда, кедей туысқандарына белгіленген асырау міндеті мұрагерлік құқыққа байланысты белгіленеді. Мысалы,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

егер де кедей адамның бай нағашы тәтесі және әкесі жағынан бай інісі болса, онда бұл кедей адамды асырау міндеті екіншісіне қарағанда біріншісінің мойнына түседі. Екіншісі тәтесіне қарағанда осы кедейдің көбірек мұрагері болатынына қарамастан, себебі бұл тәтесі кедейге некелесуге тыйым салынған әйелдерден болып саналады, ал немере інісі бұл сипатқа жатпайды.

Некелесуге болмайтын туысқандарды мен олардың мұрагерлерінің діндері бөлек болса, онда оларды асырау міндеті мұрагерлерінің мойнына жүктелмейді. Себебі бұл жағдайда олар бұл туысқандарының мұрагері бола алмайды. Ал мұрагері болу – асырау міндеттерін өтеуде ең басты шарт болып табылады. Кедей адам өз әйелі мен балиғатқа толмаған балаларынан басқаларды асырауға міндетті емес. – Туысқандарды асырау міндеті (некелесуге болмайтын) өзі мұқтаж жан болып табылатын адамға жүктелмейді. Себебі мұндай жағдайда өзі сондай көмекті қажет ететін адамның мойнына мұндай міндет жүктелмейді. Бірақ бұл түсінік әйелі мен балиғатқа толмаған балаларына қатысты емес. Бұларды асырау кедейлігіне қарамастан әркімнің мойнындағы міндеті болып табылады. Себебі әрбір ер адам үйленетін кезде өзін әйеліне кететін шығынға түсетіні белгілі, әйтпесе некенің құрылуы кезінде алға қойылған мақсаттар орындалмаған болар еді; бала болса қаны ортақ болғандықтан, осы кедейдің өзінің бір бөлшегі болып табылады (жоғарыда айтылғандай). Міне, сондықтан да әкесі өз-өзін асырағандай баласын да асырауы керек.

Осы тарауда қолданылған «бай» сөзіне Әбу Юсуф былай деп анықтама береді: осы тарауда қолданылатын «бай» деген термин бір нисаб мөлшеріндегі мүлкі бар адамға қатысты айтылады. – Мұхаммедтің айтуынша, бұл термин өзін және жанұясын бір ай мөлшерінде асырауға жеткілікті, әрі одан артылатын мүлкі бар адамға қатысты анықталуы тиіс. Немесе біркүндік табатын ақысынан өзін және отбасын асырай алатын және одан артылатындай адамды айтады. Себебі адамгершілік жағынан қарағанда асырау міндеті жалпы асырап, көмектесе алатындығында жатыр; нисаб болса, жалпы үлкен ыңғайлы өлшем ретінде алынған. Алайда жоғарыда келтірілген екі пікірдің біріне негізделген соттың шешімі белгілі. - «Нисаб» терминінің астарында садақа беруге де келмейтіндей мүлік мөлшері, мысалы екі жүз дарагим. Хаулани-хауль, немесе бір жылдық иелік (қожалық) белгіленген асырау көлемін беруге міндеттемейді; сондықтан да кімде-кім кедей күйеуінен екі жүз дарагимди иеленсе, сол күннен бастап оның мойнына кедей туысқандарын асырау міндеті жүктеледі.

Уақытша орнында жоқ адамның әке-шешесін асырау оның қалдырып кеткен мүлкінің есебінен алынады. – Егер орнында жоқ ұлының белгілі-бір мүлкі болатын болса, онда оның әке-шешесін асырау жоғарыда келтірілген себептерге байланысты осы мүліктің есебінен алынады. Егер әкесі орнында жоқ ұлының жылжымалы мүлкін өз-өзін асырау мақсатымен сатып жіберсе, онда Ханифаның пікірінше, бұл акт әкесіне қамқорлық ету принципінің негізінде заңды болып саналады; Бірақ әкесі орнында жоқ ұлының жерін сатып жіберуге құқығы жоқ. – Екі шәкіртінің де пікірінше, ұлының жылжымайтын мүлкін сату да заңсыз болып табылады. Себебі, әкесі ұлының мүлкіне абсолютті билігі жүрмейтіндіктен, тек қарызын өтеу мақсатында болмаса, оның жоқ болған кезінде мұндай актіні іске асыра алмайды. Дәл осындай түсінік анасына да қатысты. – Ханифа заңның жағымдырақ түсіндірмесін келтіреді: әкесі уақытша орнында жоқ ұлының жылжымалы мүлкін сақтауға сенім көрсетілген адамы, демек

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

әкесі мұндай сақтауға өсиет айтылған ретінде көбірек құқылы, себебі ол бұл мүліктің сақтанды болып қалуына мүдделі. Ал жылжымалы мүлікті сату-сақтау құқығының жекелігінің бірі болып табылады; сондықтан да әкесі ұлының жылжымалы мүлкін сата алады. Бірақ бұл түсінік сақтауды қажет етпейтін нәрсе ретінде сақтауға берілмейтін жерге қатысты болмайды; сол сияқты бұл түсінік әке-шешесінен басқа адамдарға қатысты да қолданылмайды. Себебі олардан басқа алыстау туысқандар балиғатқа толмаған балаларға және жылжымалы мүлікті сақтауға қатысты құқыққа ие болмайды. Әкесі осылайша орнында жоқ ұлының мүлкін сатып жіберсе, ал одан тапқан пайда құны өзіне тиесілі белгіленген асырау көлемінің құнына тең келсе, онда ол осы бағадан (тапқан құннан) өзіне тиесілісін ала алады; сол сияқты әкесі балиғатқа толмаған ұлының жылжымалы не жылжымайтын мүлкіне иелік етсе, онда ол белгіленген асырау көлемін сол сатудан тапқан баға құнынан осы мүлік (ақша) пен өзінің искі объектісінің біртектілік бойынша ала алады. Уақытша орнында жоқ ұлының әке-шешесі тиісті асырау көлемін оның мүлкінің есебінен ала алады; бірақ сенімді тұлға мұндай жолмен соттың шешімінсіз асырау көлемін бере алмайды. – Орнында жоқ ұлының жылжымалы мүлкі әке-шешесінің қолында болып, олар содан тиісті асырау көлемін алар болса, ешқандай жауапкершілікке алынбайды, себебі соттың шешімінсіз-ақ олардың алған нәрсесі оларға заңды түрде тиесілі. Алайда егер бұл мүлік бөтен біреудің қолында болса, және сол мүлктен әке шешесіне тиісті асырау көлемін берер болса, ол жауапкершілікке тартылады, себебі ол басқаның мүлкімен распоряжение құқығын өз мойнына алды. Ал ол болса тек мүлікті сақтауға қалдырған сенімді тұлға ғана (егер де ол соттың шешімінен істеген болса онда бұл жағдай өзгеше болады: бұл жағдайда соттың шешімі абсолютті, әрі қайтарылмайтын болғандықтан ол жауапкершілікке тартылмайды). Егер де бұл тұлға жауапкершілікке тартылар болса, онда ол әке шешесінен зардаптың орнын толтыруын талап ете алмайды, себебі ол жауапкершілікті өз мойнына алып, осылайша мүлік иесі ретінде болып, сеніп тапсырған ата анасына мүлікті жауапсыз, қайтарылымсыз беріп отырған болып есептеледі.

Соттың шешімімен асырау көлемін төлеу. – Егер сот асырау көлемін балаларға, не ата анасына, не туысқандарына (некелесуге болмайтын) берсе, және біраз уақыт сол асырау көлемін алмай өтсе, онда олардың бұл асырау көлеміне деген құқығы тоқтатылады. Себебі бұл асырау көлемі тек уақытша жағдайларға байланысты қажеттілігі бойынша ғана берілді (сондықтан да байларға берілмейді); ал егер олар біраз уақыт аралығында асырау көлемін сұрамай өмір сүре алатын болса, демек олардың өмір сүруге жеткілікті мүлкі бар, және басқалардан көмек сұрауға мұқтаж еместігін білдіреді. Бұл жағдай сот әйеліне асырау көлемін белгілеп, ал әйелі біраз уақыт аралығында сол көлемді алуға келмеген болған жағдайға қарама қайшы келеді: оның асырау көлеміне деген құқығы бұл жағдаймен тоқтатылмайды, себебі оның бай немесе кедей болғанына қарамастан ол оған заңды түрде берілуі керек.

Соттың белгілеген асырау көлеміндегі оның берілу уақытының кешіккені нәтижесінде болған кемшілік уақытша орнында жоқ адамның кредиті есебінен толтырылуы мүмкін. – Жоғарыдағы жағдайда берілгеннің барлығы тек соттың оларға жоқ кісінің кредиті есебінен өз нәпәқасын өздері табуына рұқат бермеген жағдайда орын ала алады. Ал егер де сот осындай құқық берген болса, онда олардың асырау

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

көлеміне деген құқықтары біршама уақыт просрочка нәтижесінде тоқтатылмайды, себебі сот билігі жаппай қолданылады, және белгіленген асырау көлемін жоқ кісінің кредиті есебінен төлеу шешімі сол жоқ кісінің өзі сондай құқық бергенімен тең. Сондықтан да кемшілік орны жоқ кісінің мойнына қарыз ретінде жазылады. Жоғарыда айтылған мерзімін асырып алу тек бір ай көлемінде ғана саналады; егер де мерзімін асырып алу бір айдан аз болса, онда асырау көлемі тоқтатылмайды.

VI бөлім

Құлдарды асырау олардың қожайындарына міндетті. – Құлдар мен күндерді асырау қожайындарына міндетті болып табылады, себебі пайғамбарымыз оларға қатысты былай деген: «Олар Раббыларыңның сендерге берген бауырларың, сондықтан да өздерің не ішсеңдер және қандай көйлек кисеңдер, оларға да соны беріндер де, Раббыларыңның құлдарын ренжітпеңдер». Сондықтан да егер қожайыны оларға тиісті асырау көлемін бермесе, ал олар болса, еңбекке жарамды болса, онда қожайындары оларға өз еңбектерімен нәпәқасын табуға рұқсат берулері қажет. Себебі бұл тек құлға көрсеткен қамқорлықтары ғана емес, сонымен қатар оның қожайынына деген қамқорлық та. Демек, бұл екеуі үшін де тиімді. Себебі мұндай жағдайда құлдың өмірі аман қалып, қожайынның мүлкі зардап шекпейді. Ал егер құл еңбекке жарамсыз болса (мысалы мүшелерінің бірі істемейтін болса, немесе күнді оның тым жастығына байланысты қызмет етуге бере алмайтын болса), онда қожайыны не оларға тиісті асырау көлемін беру керек, не оларды сатып жіберу керек. Себебі құлдар құлдық жағдайына қарамастан құқық іздеуші болып табылады. Ал сату арқылы бұл айып (иск) қанағаттандырылады. Және де қожайынның жеке меншігі бұл құлдарды сату нәтижесінде тапқан сома (пайда) арқылы зардап шекпейді. Бұл қағида басқа тірі, жанды меншікке қатысты қолданылмайды (мысалы, жылқы, т.б.), себебі мал құқық іздеуші болып табылмайды. Демек, қожайын құлдарға қатысты сияқты малға қатысты мұндай альтернативаға жасауға міндетті емес; алайда адамдарға малды астықпен қамтамасыз етуге бұйырылған. Бұл жағдайға немқұрайлы қарау жануарға деген қатігездік болып саналып, жеке меншікке зардабын тигізеді. Ал мұндайға пайғамбарымыз тыйым салады. Әбу Юсуф малдың қожайыны малға тиісті жеткілікті түрде астық (асырау көлемін) беруге мәжбүрленуі мүмкін деген пікірді ұстанады; алайда бұл жағдайда мал қожайыны мұндай мәжбүрлеуге тиісті емес деген пікір мақұлданады.

VI КІТАП

АЙМАН НЕМЕСЕ АНТ ТУРАЛЫ

Терминнің анықтамасы. – «*Айман*» - «*йамин*» сөзінің көпше түрі. «Йамин» сөзі бастапқыда «күш» немесе «билік», сондай-ақ «оң қол» деген мағына береді. Заң тілінде бұл термин міндеттемені білдіреді, осы міндеттеме арқылы ант беріп тұрған адамның батылдығы орындалатын болып немесе қандай да бір әрекеттен аулақ тұратын болып нықтала түседі. Ант беруші адамның өзі *халиф*, ал антың нысаны – *махлуфатун алайһ* деп аталады.

I Тарау. Кіріспе

II Тарау. Анттың немен берілетіні немесе немен берілмейтіні туралы.

III Тарау. *Кафарат* немесе күнаны өтеу туралы.

IV Тарау. Қандай да бір орынға кіру және онда болуға қатысты ант туралы.

V Тарау. Келу, кету, атпен салт жүру және т.б. түрлі әрекеттерге қатысты ант туралы.

VI Тарау. Тағамға және сусынға қатысты ант туралы.

VII Тарау. Сөз бен сөйлеуге қатысты ант туралы.

VIII Тарау. Бостандыққа жіберу және талақ беруге қатысты ант туралы.

IX Тарау. Сауда-саттыққа, некеге және т.б. қатысты ант туралы.

X Тарау. Қажылыққа, оразаға және намазға қатысты ант туралы.

XI Тарау. Киімге және әшекейлерге қатысты ант туралы.

XII Тарау. Ұруға, өлтіруге және т.б. қатысты ант туралы.

XIII Тарау. Ақша төлеуге қатысты ант туралы.

XIV Тарау. Әр түрлі жағдайларға қатысты ант туралы.

I ТАРАУ

Кұналы сипаттағы анттың үш түрі болады. – Кұналы сипаттағы анттың үш түрі болады: біріншіден, *гамус*; екіншіден, *мунақида* (ол *маақудат* деп те аталады) және үшіншіден, *ләғу*.

Ант бұзу – «Йамин гамус»¹⁰⁶ термині бұған дейін болып қойған, сол арқылы ант беруші тарапынан қасақана өтірік айтылып қабылданған антты білдіреді. Анттың бұл түрі аса үлкен құнаға жатады, себебі, Пайғамбар айтқан: «Кім де кім жалған ант берсе, Алла оны тозаққа жібереді».

Йамин гамус кезінде кафарат, яғни құнасын жуу міндетті емес (яғни, оның пайдасы болмайды); бірақ, өкіну, тәубаға келу және Алланың ашуын қайтаруға тырысу – міндетті. Шафиғи құнасынан арылу – міндетті, себебі, ол Алланың атына қаратып айтылған құнаны, сыйламауды жуып-шаю мақсатында белгіленді деп дәлелдейді. Осы сыйламау әрекеті йамин ғамустан анық көрінеді, себебі, Алланың есімі өтірікті куаландыру үшін айтылып тұр. Сондықтан, йамин гамус *йамин мунақидке* тең, ал соңғы жағдай үшін құнасынан арылу міндетті болғандықтан, ол алғашқысы үшін де міндетті. Біздің ғалымдарымыз бұған йамин ғамус үлкен қылмыс (немесе өлім жазасына лайық құна) болып саналады, ал құнасынан арылу – діндарлық әрекет, сондықтан ол ораза ұстау арқылы немесе басқа жолмен орындалуы керек деп қарсы пікір айтады. Бірақ өлім жазасы берілетін құнадан арылу мүмкін емес, яғни, йамин ғамус құнасы да жуылмайды, ал йамин мунақид жағдайында құнадан арылуға болады, себебі, ол «*мубах*», яғни, талғаусыз деп анықталады.

Қарсылық. – «Мубах», яғни талғаусыз деген анықтама өз мәнісі бойынша заңның бұзылуын білдірмейтін жағдайда қолданылады; ал йамин мунақида бұлай емес болып тұрса, оны қалайша «мубах» деп санауға болады?

Жауап. – Йамин мунақид кезінде заң оны айтқаннан кейін барып бұзылады және ант берушінің өз еркі бойынша Алланың атына қаратып айтқан сыйламаушылықтан туады; ал йамин гамус кезінде заң *ab origine* бұзылады, міне, сондықтан, йамин ғамус йамин мунақидпен шатастырылмауы тиіс.

Берілген, бірақ орындалмаған ант туралы. – «Йамин мунақида» термині алдағы уақытта болуы тиіс оқиғаға қатысты берілген антты білдіруге қолданылады; яғни, әлдебір адам қандай да бір істі істеуге немесе істемеуге ант береді. Егер ант берген адам антын орындамаса (яғни, ант беру арқылы мойнына алған міндеттемені орындамаса), онда ол міндетті түрде құнасынан арылуы тиіс. Бұл – қасиетті мәтіндерге негізделген үкім.

Жете ойластырылмай берілген ант. – *Йамин ләғу* - болып кеткен оқиғаға қатысты берілетін ант, әрі ант берушінің өзі осы берген антында айтылған істің болып кеткеніне өзі сеніп тұрады, оны берілгеннің анттың мазмұнынан көруге болады. Алла тағала өз мейірімімен бұлай берілген ант үшін жазаламайды деп үміттену керек, себебі, Құран Кәрімде Алла: «Мен ойланбай берген анттарың үшін сендерді жауапқа тартпаймын» деген. Анттың осы, яғни йамин ләғу, түріне мысал болатын жағдай:

¹⁰⁶ Сөзбе-сөз алғанда «жалған ант» немесе «ант бұзу». Бұл жерде осы тарауда түсіндірілген айырмашылықтардың бұзылған немесе орындалмаған, соған сәйкес құналы, яғни, Алланың ашуын шақыратын ант немесе серт түрлеріне қатысты екенін ескерген жөн. Алланың ашуы құнасын жуу жолымен қайтарылуы тиіс.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

әлдекім алысырақта кетіп бара жатқан Амрді көреді де оны Заид деп ойлап, былай дейді: «Алланың атымен ант етемін, бұл - Заид».

Анттың ерікті не мәжбүрлі түрде немесе ойынан жаңылысып берілуіне қарамастан, күнаны жуу міндетті. – Ерікті түрде берілген ант болсын, мәжбүрлеумен немесе ойынан жаңылысып берілген ант болсын – барлығы өзара теңдес, олардың әрқайсысынан кейін күнаны жуу міндетті, себебі, Пайғамбар: «Үш маңызды нәрсе бар, оларға жеңіл қарау да маңызды салдарға апаруы мүмкін, олар: неке, талақ және ант». Шафиғи бұл пікірге қарсы пікір білдіреді. Оның дәлелдері төменіректе «*икр*», мәжбүрлі тартыс туралы тарауда жан-жақты баяндалатын болады.

Берілген анттың ұмытып кету немесе мәжбүрлеу нәтижесінде бұзылуы күнаның жуылуын талап етеді. – Егер біреу мәжбүрлеу немесе ұмытып кету салдарынан өзінің берген антын бұзатын қандай да бір әрекет жасаса, онда анттың бұлай бұзылуы екі жағдайда да күнадан арылу міндетті, себебі, күнадан арылудың шарты болып саналатын ерекше әрекет ұмытып кету немесе мәжбүрлеу салдарынан өзінің заңды күшін жоймайды. Дәл осы шешім анттың бұзылуы ақымақ немесе жарымес адамның қылығына байланысты болса да өз күшінде қалады, себебі, бұл жағдайда да орындалуы тиіс шарт істің өзіне байланысты болып тұр.

Қарсылық. – Күнаны жуу тек күнаның салдарын түзеу немесе жою түрінде ғана міндетті; ақымақтар мен жарыместер жауапкершілікке тартылмайтындықтан, олардың мойнына ештеңе артуға болмайды; сондықтан, олар үшін күнасынан арылу міндетті емес.

Жауап. – Күнадан арылу оны түзеуді мақсат етсе де, оның міндеттілігі бұл жағдайда күнаның өзіне емес, оның себебіне (анығында, антты бұзуға) байланысты болып тұр, сондықтан, ант қандай жағдайда бұзылса да, олардың барлығында да күнаны жуу міндетті болады.

II Тарау

АНТТЫҢ НЕМЕН БЕРІЛЕТІНІ НЕМЕСЕ НЕМЕН БЕРІЛМЕЙТІНІ ТУРАЛЫ

Ант Алланың есімін немесе оның әдеттегі сипаттарының бірін еске алу жолымен берілуі мүмкін. – Йамин (ант немесе серт) құдіретті Алланың есімін немесе оның жалпыға белгілі, мысалы, «рахман» және «рахим»¹⁰⁷ сияқты сипаттарын атау жолымен беріледі. Антты, сондай-ақ, Алланың әдетте қолданылатын, мысалы, Алланың күші, қуаты немесе құдіреті сияқты сипаттарын атаумен де беруге болады, себебі, ант, әдетте, осы сипаттардың біреуі арқылы айтылады. Анттың мағынасы, атап айтқанда: күш немесе қуатқа осы жолмен қол жеткізіледі, себебі, ант беруші Алланың күші, қуаты, құдіреті немесе басқа сипаттарына сенетін болса, онда бұдан осы сипаттарды атаудың өзі жеткілікті екені айқындалады, осы арқылы оның анттың нысаны саналатын әрекетті істеу немесе одан аулақ болу жөніндегі шешімі бекітіледі.

¹⁰⁷ «Аса мейірімді» және «қайырымды». Құран сүрелерінің басында Алланың есімімен қатар айтылатын оның сипаттары. Қалыптасқан ғұрып бойынша әрбір мұсылман өз құлшылығын осы сөздерді айтудан бастайды.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Ант беру кезінде Алланың бәрін білуі, қаһары немесе мейірімінен басқа барлық сипаттарын атауға болады. – Егер біреу «Алланың бәрін білетіндігімен» ант беретін болса, онда бұл жолмен берілген ант қабылданбайды, себебі, ол қолданылмайды; сонымен қатар, «бәрін біледі» дегенде көбінесе осы уақытқа дейін белгілі нәрселер туралы сөз болып тұр деп қабылданады және бұл мағынадағы «бәрін білу» Алланың есімі де, сипаттарының бірі де бола алмайды. Тура сол сияқты, әлдекім «Алланың қаһарын» немесе «Алланың мейірімін» атап ант берген болса, онда мұндай жолмен берген ант та қабылданбайды, себебі, әдетте, бұл сипаттардың бір де бірі ант беру үшін қолданылмайды. Сонымен қатар, «*рахмат*» (мейірім) сөзі кейбір кезде жаңбыр, ал кейде аспан мағынасында қолданылады; ал «*гадаб*» сөзі «жаза» мағынасын білдіреді. Бұл сөздердің бір де бірі Алланың есімі немесе сипаты түрінде қабылданбайды.

Ант Алланың есімінен басқа есімді атау арқылы берілмейді. – Егер біреу Алланың есімінен басқа бір есімді, мысалы, Пайғамбардың немесе Қасиетті мешіттің атын атап ант берген болса, онда бұлай берілген ант қабылданбайды, себебі, Пайғамбар: «Егер сендердің бірің ант беретін болса, онда ол Алланың атымен ант беруі тиіс, олай етпесе оның антының күші болмайды» деген. Егер біреу Құранмен ант беретін болса, онда Құран Алланың сөзі болғанына қарамастан, мұндай жолмен берілген ант та қабылданбайды, себебі, адамдар әдетте Құранмен ант бермейді. «Һидаяның» құрастырушысы ант беруші: «Пайғамбармен», «мешітпен» немесе «Құранмен ант беремін» деген сөздерді айтқан жағдайда ол қабылданбауы мүмкін дейді, ал егер ол: «Егер мен осы қазір айтқан сөзіме қарсы әрекет етсем, онда Пайғамбарсыз қаламын» не «мешітсіз», не «Құрансыз» қаламын десе, онда ант қабылдана алады, себебі, олардан айырылу ант берушіні кәпірдің халіне түсірген болар еді, ал кәпірлікті қандай да бір шартпен байланыстыру йамин саналады.

Ант беру кезінде қолданылатын тілдегі көмекші құралдар. – Ант оған қосылатын тілдегі көмекші сөздерді (құралдарды) қолдану арқылы бекітіледі. Бұл көмекші сөздер қызметін (араб тіліндегі) «*уау*», «*бә*» және «*тә*» әріптері атқарады, себебі, ант көбінесе, осы түрде қайталанады және қабылданады және осы көмекші сөздер осы мағынада Құранда жиі қолданылады. Ант беруге қолданылатын бұл көмекші сөздердің көбінесе айтылмай, түсіп қалатынын ескеру қажет; дегенмен де, мұндай жолмен берілген ант қабылданады. Мысалы, Егер біреу: «Алла, мен мұны істемеймін» десе, бұл ант беру мағынасында қабылданады, себебі, араб тілінде көмекші сөздер тіл үнемділігі үшін жиі түсіріледі. Сонымен қатар, кейде ант беруде көмекші құрал ретінде «*ләм*» әрпі қолданылады, себебі, «*ләм*» әрпі (Мухтардың¹⁰⁸ пікірі бойынша) осы тектес көмекші сөздерді алмастыра алады.

«Алланың шын екендігімен» деген ант толық болып саналмайды. – Ханифа «Егер біреу «Алланың шын екендігімен» ант беретін болса, бұл әлі ант беру болып саналмайды» дейді және Имам Мұхаммед де онымен келіседі. – Бұл мәселеге қатысты Әбу Йусуфтің екі пікірі белгілі: олардың бірі бойынша – бұл сөз ант беру болып саналмайды; ал екіншісі бойынша, бұл – ант, себебі, «шындық» - Алланың бар екендігін растайтын сипаттардың бірі және сондықтан, бұлай ант беру келесі антты айтумен тең: «Алламен ант беремін, бұл - шындық»; ал бұл тектес ант әдетте жиі

¹⁰⁸ Атақты араб грамматисі және шешені.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

кедесетіндіктен, мұндай тіркес арқылы берілген ант осы жағдайда да қабылданады. – Мұхаммед пен Ханифа бұған қарсылық білдіреді, бұл жерде «шындық» немесе «рас болу» сөзі тек Алланың құлшылық жасауға лайықтылығын білдіреді, сондықтан, осы жолмен берілген ант, тегінде, Алланың есімін немесе сипатын білдірмесе керек. – Алайда, ғалымдар егер кімде кім: «Шындықпен ант етемін, мені бұны істеймін» десе, онда осы арқылы ант қабылданады, себебі, шындық – Алланың көркем есімдерінің бірі дейді. Бірақ егерде әлдекім «Мен шынында да осыны істеймін» десе, онда мұндай тіркес антқа тең деп саналмайды, себебі, «шындығында» деген сөз бұл жағдайда сөйлеушінің өз сөзінде айтқанын нықтауы немесе берген уәдесін растауы деп түсінілуі мүмкін, бұл оның «Мен осыны іс жүзінде орындаймын» дегенімен бірдей болып шығады.

Ант Алланың есімін атаусыз-ақ, «Мен ант етемін», «мен серт беремін» немесе «куәлік етемін» сөздерімен де беріледі. – Егер кімде кім: «Мен ант етемін», «мен серт беремін» немесе «куәлік етемін» десе, онда осы сөздер арқылы «Алла» сөзін қосып айтусыз-ақ, ант берілді деп саналады, себебі, әдетте осы сөздер ант беру кезінде қолданылады және олардың осы шақ түрінде айтылуы ешкімнің таласын тудырмайды. Айтылған сөздің құрылымының өзі оны осы шақта түсінуге мүмкіндік берсе кей жағдайда олар келер шақ түрінде де айтылады. Куәлік ету ант беруге тең, себебі, осы мағынада ол қасиетті жазбаларда кездеседі. Алланың атымен ант ету - әрі әдет, әрі Алланың үкімдеріне лайық; ал Алланың есімінсіз ант беруге тыйым салынған. Сондықтан, өмірде мұндай (куәлік) ант түрі кездескенде ол заңды ант деп қабылдануы тиіс¹⁰⁹. Осының негізінде кей ғалымдар ниет немесе ой мұндай анттың маңызды белгісі деп саналмауы тиіс деп санайды; ал басқалардың пікірі бойынша, ниеттің болуы өте маңызды, себебі, жоғарыда келтірілген сөздер уәде мағынасын береді, яғни, олар келер шаққа қатысты түсінік тудыруы мүмкін, сондай-ақ Алланың есімі аталмады деген мағына беруі де мүмкін.

Егерде әлдекім парсы тілінде сөйлеп тұрып, «Алламен ант етемін» десе, онда бұл сөз ант беруге тең, себебі, тілдің идиомалық ерекшеліктеріне сәйкес, сөздердің өзінің мағынасы бойынша олар тек осы шаққа қатысты ғана мағына тудырады; бірақ, егер сол адам «Ант етемін» десе, онда бұл кейбіреулердің пікірі бойынша әлі толық берілген ант болып саналмайды. Егерде сол адам «Мен әйелімнің талағымен ант етемін» десе, онда мұндай тіркес ант болып саналамайды, себебі, ол әдетте қолданылмайды.

«Алланың барлығымен» деген ант күшке ие. – Егер біреу Алланың «мәңгі екендігімен» немесе «бар екендігімен» ант берсе, онда бұл сөз ант ретінде қабылданады, себебі, Алланың мәңгі немесе бар екендігі оның «басталмағаны мен аяқталмайтындығының» белгісі, ал бұлар оның сипаттарының қатарына жатады¹¹⁰.

Ант шартты жазаны атау жолымен берілуі мүмкін. – Егер біреу «Егер мен осыны істесем, онда жид» немесе «христиан» немесе «кәпір болайын» десе, онда осы жолмен ант берілді деп қабылданады, себебі, ант беруші кәпірлікті шарт етіп қойып тұрса, онда бұдан ол осы шартты орындамаған күнде өзінің мойнына артылатын

¹⁰⁹ Яғни, ант берудің тыйым салынған түрлерін айту арқылы ант беруші құналы, әрі заң бұзушы деп саналмас үшін ондай тіркестерге «Алла» сөзі қосылып айтылмайды.

¹¹⁰ Түпнұсқада бұл жерде анттың тағы бірнеше үлгілері берілген, олардың заңдылығы немесе заңсыздығы тек араб тіліне тән идиомалық ерекшеліктерге байланысты, сондықтан, айтарлықтай мәнге ие емес.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

міндеттілікті толығымен түсінетіндігі көрінеді; ант бергенде осы жайлы айтылып тұрса, міндеттіліктің артылуы да мүмкін, себебі, ол бұл жерде өзі үшін жалпы алғанда болуы мүмкін нәрсені заңсыз етіп тұр. Егер ант қандай да бір өткен шақта болып кеткен нәрсеге қатысты болса, мысалы, егер ол: «Егер мен осылай істесем, онда жид» немесе «кәпір болайын» десе, онда мұндай ант йамин ғамус немесе ант бұзушылық болып саналады. Дегенмен, бұл жағдайда ант беруші жид немесе кәпір болмайды, себебі, оның «жид» немесе «кәпір болайын» деген сөздері белгісіз келер шаққа қатысты. Кейбіреулер, керісінше, ол шындығында кәпір болады, себебі, ант берушінің өзіне мұндай жолмен шақырып тұрған жазасы оны осы айтып тұрған шаққа қатысты деп дәлелдеген, ал бұл «мен жидпін» дегенмен бірдей. Егер ант беруші өзінің осы сөздерін расында да ант беру мағынасында түсінсе, онда іс жүзінде жоғарыда сөз болып тұрған жағдайлардың бір де бірінде (ант келер шаққа қатысты берілген жағдайда да, өткен шаққа қатысты берілген жағдайда да) жид те, кәпір де болмайды¹¹¹. Ал, егер ол осындай антпен өзін діннен безушілік үшін берілетін барлық жазаға тартыламын деп ойласа, онда ол екі жағдайда да белгіленген жазаға тартылуы тиіс, себебі, ол кәпірліктің барлық салдарына апаратын әрекетті істеу арқылы, шамасы, сол кәпірлікке келіседі¹¹².

Егер біреу: «Егер мен осыны істесем, онда маған Алланың қаһары жаусын» десе, онда әлі де болса бұл жолмен ант қабылданды деп саналмайды, себебі мұндай сөз әдеттегі ант беру кезінде қолданылмайды. Тура сол сияқты, егер біреу: «Мен зинақор» немесе «маскүнем» немесе «ысырапшыл болайын» десе де, бұл тектес сөздермен ант қабылданбайды, себебі, олар әдетте ант беру кезінде қолданылмайды.

III Тарау

КАФАРАТ НЕМЕСЕ КҮНАНЫ ӨТЕУ ТУРАЛЫ

Антты құлды бостандыққа шығару немесе садақа беру жолымен өтеуге болады. – Антты зихарды өтеу шарттарын қанағаттандыратын жолмен құлды азат ету арқылы өтеуге болады; немесе ант беруші егер қаласа он кедейдің әрқайсысына шұғадан жырттыс (намаз оқуға киінуге қажет көлемде) беруіне болады; сондай-ақ егер қаласа, осы негізге сүйене отырып, зихарды өтеуге болатын мөлшерде он кедейге азық таратып беруге болады. Антты өтеудің осы аталған жолдарының барлығына Құранда рұхсат берілген, оның мәтінінде былай делінеді: «Оны (антты) өтеу үшін әдетте өздерің әдетте үйлеріңде ішетін тамақты он кедей таратыңдар немесе он кедейді киіндіріңдер немесе құлды бостандыққа шығарыңдар». Осыдан, бұл жағдайда антты өтеудің жоғарыда аталған үш тәсілінің бірі міндетті екені көрінеді.

Антты ораза ұстау арқылы да өтеуге болады. – Егер антты бұзып күналы болған адам кедейліктің немесе басқа себептердің біріне байланысты өз күнасын жоғарыда аталған үш тәсілдің бірі арқылы өтей алмаса, онда ол өз күнасын үш күн қатарынан ораза ұстау арқылы өтей алады. – Шафиғи күналыға еркін таңдау берілуі тиіс: егер қаласа ол үш күн қатарынан немесе үш күнді бөліп ораза ұстауына болады

¹¹¹ Яғни, ант үшін күна өтеуден басқа жол болмаған жағдайда.

¹¹² Бұл жағдайлардың барлығында да антта айтылып тұрған нәрсе жоқ немесе жалған деп саналады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

дейді, себебі, Құранда былай делінген: «Егер ол мұны істей алмаса, онда үш күн ораза ұстасын», әрі ораза жайлы тек жалпы түрде айтылған. – Ханафи ғалымдары өз пікірін қорғау мақсатында Абдулла Ибн Маудтың беделді түсіндірмесін келтіреді, ол жоғарыда келтірілген мәтінді үш күн қатарынан ораза ұстау деп түсіндіреді. Мұндай түсіндірме «Хадис-Мушһурде» келтірілген түсіндірмеге сәйкес келеді. – Ант бұзылған кезде оны өтеуге қажетті шұғаның ең аз мөлшері жайлы айтылғанға қатысты Имам Мұхаммедтің пікірі келтірілген. – Ханифа мен Әбу Йусуф бұл жағдайда шұғаның кедейге берілетін ең оңды мөлшері болып денені тұтас жауып тұратын мөлшер болуы керек дейді, сондықтан, шұғаның тек шалбар мөлшерінде болуы жеткіліксіз. Бұл түсіндірме шындыққа барынша жақын, себебі, тек шалбар ғана киген адам жалаңаш болып саналады. Алайда шұғаның киім үшін жеткіліксіз мөлшері (құны жағынан) тағам үшін жеткілікті болуы мүмкін; яғни, Егер біреу күнасын өтеу үшін шұғаның оңды киімге аздық ететін мөлшерін берсе, бірақ оның құны он кедейді тамақтандыруға жететін болса, онда өтем берушінің бастапқы ниетіне қарамастан, бұл кедейлерді тамақтандыру жолымен өтеуге жеткілікті деп саналады. Ал егер ант бұзған адам оны өтеу үшін он кедейдің әрқайсысына оңды киімнің жартысына ғана жететін мөлшерде шұға беретін болса, онда бұл кедейлерді киіндіру жолымен күнасын өтеуге жеткілікті деп санала алмайды; бірақ, әр кедейге осылайша таратылып берген шұғаның құны үш фунт бидайға тең келетін болса, онда бұны кедейлерге тағам тарату жолымен жасалған өтем деп санау қажет.

Анттың бұзылуынан алдын ала жасалған өтем жеткіліксіз. – Егер біреу өтемді ант немесе серт бұзылмай тұрып жасаса, ол жеткіліксіз болады. Шафиғи ол ораза ұстау арқылы емес, мүлік тарату жолымен жасалған жағдайда жеткілікті деп санайды, себебі, өтеуші өтемді оның себебі туғаннан кейін жасайды және бұл жағдай қажылыққа барған адам жабайы құсты жаралағаны үшін өтем жасайтын жағдаймен тең қарастырылуы қажет; яғни, егер қажылыққа барған осы адам өтемді құсты жаралағаннан кейін жасаса, онда мұндай өтем жеткілікті болады. Бұл пікір осы жағдайға да қатысты. Біздің ғалымдарымыз өтем заң бұзылған жағдайда жасалады; ал қарастырылып отырған жағдайда мұндай заң бұзушылық әлі байқалмайды деп қарсылық білдіреді. Шафиғидің айтқанына біздің ғалымдарымыз былай деп жауап береді: ант немесе серт беру заң бұзуға себеп болып саналмайды, өйткені, мұндай заң бұзушылыққа апармайтын қандай да бір нәрсені себеп деп санауға болмайды; ант немесе сертті (дауыстап) айту олардың бұзылуына себеп болмайды, сондықтан, бұл жағдайда ол осы жағдайда заң бұзудың себебі деп санала алмайды. Өтеушінің анттың бұзылуына дейін кедейлерге бергенінің барлығы кері қайтарылмауы тиістігін ескеру қажет, себебі, бұл садақа болып саналады және ешкім өзінің берген садақасын заңды түрде кері қайтарып ала алмайды.

Күналы ант (серт) бұзылуы және өтелуі тиіс. – Егер біреу өзін күна жасауға міндеттесе, мысалы, егер ол: «Алламен ант етемін, мен намаз оқымаймын» немесе «Мен әкеммен сөйлеспеймін» немесе «Мен сол адамды өлтіремін» десе, онда ол міндетті түрде осы антты бұзуы және оны өтеуі тиіс, себебі, хадистерден егер кімде кім орындағаннан көрі одан аулақ жүру дұрыс болып саналатын нәрсеге ант беретін болса, онда ол антты бұзғанын өтей отырып отырып аулақ жүруі қажет.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Кәпірлердің антының мағынасы жоқ деп саналатындықтан, бұзылды деп санала алмайды. – Егер кәпір ант беріп, одан соң оны бұзса және ол өзі сол кезде кәпір немесе мұсылман болса (өзі исламды қабылдадым деп ойласа), онда ол ант бұзды деп саналмайды, себебі, оның ант беруге құқықтық қабілеті болған жоқ. Ант тек Алланың атын естіген кезде қорқатын жағдайда ғана міндетті болып саналады, ал ант беруші кәпір болған болса, оның мұндай қорқыныш немесе құрметті сезінуі мүмкін емес. Сонымен қатар, кәпірдің күнасын өтеуге құқықтық қабілеті бар деп саналмайды, себебі, бұл, күнаны өтеу - діндарлық әрекет.

Бас тарту туралы ант. – Егер біреу қандай да бір заттарды өзі үшін заңсыз деп атаса, әрі ол заттың өзі іс жүзінде заңды болатын болса; мысалы, ол «Мен бұл көйлекті» немесе «тамақты өзім үшін заңсыз еттім» десе, онда бұл зат, дегенмен де, ант беруші үшін іс жүзінде заңсыз болмайды, бірақ, ол егер кенеттен осы көйлекті кесе немесе тамақты жесе, онда күнасын өтеуі қажет. – Шафиғи ол адам үшін күнасын өтеу міндет емес, себебі, іс жүзінде заңды саналатын нәрсені заңсыз нәрсеге айналдыру туралы ант беруге болмайды, себебі, ант заң өкілдік беретін әрекет болып табылады дейді. – Бұған біздің ғалымдарымыз «Мен заңсыз еттім» деген сөз мұндай заттың заңсыз болғанын танытады; сонымен бірге, мұндай затты, яғни іс жүзінде заңды деп саналатын затты заңсыз деп танудың жолы бар, ол – ант беруші расында да сол көйлекті кемеуге немесе сол тамақты жемеуге ант берді деп саналуы және осылайша, ант беруші айтып тұрған заңсыздық түрінде белгіленді деп қабылдануы. Осыдан, егер біреу өзінің берген антының салдарынан оның өзі үшін заңсыз болып шығатын әрекет жасайтын болса, онда ол тура сол сәтте оның антының маңызы үлкен немесе кіші іске қатысты болғанына қарамастан, антты бұзған болып саналатыны белгілі болады, себебі, қандай да бір заттың заңсыздығы белгіленген болса, онда ол сол затқа тұтастай қатысты болады.

Егер біреу: «Кез келген заңды зат мен үшін - заңсыз» десе, онда осы антты айтқан сәттен бастап, егер оның ант берген кезде басқа бір ниеті болмаса, ол үшін кез келген тамақ пен сусын заңсыз болып саналады. Бұл ереже заңды қолайлы түсіндіруге негізделген. Қиас (ұқсастық) бойынша, ант беруші мұндай антты айтқан сәттен бастап ант бұзушы болып саналуы тиіс, себебі, ол заңды саналатын: тыныс алу, қозғалу және т.б. сияқты әрекеттердің барлығын орындауға шарасыз және үздіксіз түрде мәжбүр болады. Мұндай пікірді Зуфар айтады. Бұдан да қолайлырақ түсіндіру деп мынаны айтуға болады: ант беру кезінде орындалуы қылмыс болып шығатын нәрсені белгілеу көзделеді; ал ант берушінің ниетін сол анттың тек айтылуынан (формуласы) ғана көру мүмкін болмайтындықтан, ол белгілене алмайды, сондықтан мұндай анттың жан-жақтылығы назарға алынбайды және ол тек тағам мен сусынға ғана қатысты деп түсіндіріледі, себебі, күнделікті өмірде кез келген жалпылама мазмұнда айтылған сөз тұрмысқа ең қажетті заттарға қатысты қолданылады деп саналады. Бұл тектес ант түрі ант берушінің өзі солай деп ойламаса әйелмен жыныстық қатынасқа қатысты болмайды; бірақ бұл жағдайда, бұл тектес ант *'ила* болып табылады, себебі, ант берушінің сөзінің мағынасы «Алланың атымен ант етейін, мен өзімнің әйелімен жыныстық қатынасқа түспеймін» болады. Ант беруші «барлық заңды нәрсе» дегенде әйел жайлы да ойлап тұрса, онда тағам мен сусын мұндай анттан тыс қалмайтынын, керісінше, оған қатысты нәрселердің қатарында бола беретінін

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ескеру қажет. Жоғарыда айтылғанның барлығы «Заһир Риуайаттан» алынған. Біздің қазіргі заманғы ғалымдарымыз бұл сияқты ант түрінен кейін ант берушінің ниетіне қарамастан, олар ажырасуы керек, себебі, келтірілген сөз тектес сөздер талақ кезінде жиі қолданылады және осы мағынада сот үкімдері бар дейді. Сондай-ақ, бұл ереже өзінің күшін ант парсы тілінде айтылған жағдайда да сақтағаны орынды. – Алайда, мынаны ескерген дұрыс: Егер біреу «Менің оң қолымда ұстап тұрғанымның барлығы мен үшін заңсыз» десе, бұл жағдайға қатысты біздің терісті қисынға келтіріп дәлелдеушілеріміздің пікірлерінде айырмашылық бар. Кейбір ғалымдар бұл сияқты антты айту кезінде ант берушінің ерекше ниетінің болуы маңызды шарт саналуы тиіс, сол жағдайда ант заңды күшке ие болады дейді, бірақ, басқалар бұлай емес деген пікір айтады. Дегенмен де, мұндай ант айтылғаннан кейін, ант берушінің ниетіне қарамастан, қалыптасқан әдет бойынша талақтың болатыны - анық.

Ант кез келген қосымша шартсыз да міндетті болады. – Егер біреу жалпылама сөзбен ант берсе, яғни, оны қандай да бір шарттың орындалуымен байланыстырмаса: мысалы, егер: «Мен мына күні Аланың есімі үшін ораза ұстаймын» десе, онда бұл антты сақтауға міндетті, себебі, хадисте: «Егер кімде кім ант берсе және оның мағынасын анықтап қойса, онда ол сол өзі анықтағанды немесе белгілегенді сақтауға міндетті» деп айтылған.

Егер біреу антты қандай да бір жағдаймен байланыстырса және ол кейіннен расында да болса, онда бұл адам берген антын орындауға міндетті; бұл жағдайда күнаны өтеудің мағынасы болмайды, себебі, жоғарыда аталған хадис жалпылама түрде айтылған, яғни, ол шартты антқа да, сондай-ақ ешқандай шарт қойылмаған антқа да қатысты бола алады; сондай-ақ, орындалуға тиісті шарты бар ант онда шарт етіп қойылған оқиға басталғанда шұғыл түрде орындалуы тиіс антқа тең болады. Ханифаның мұндай түсіндірмеден бас тартқаны белгілі, ол былай деп дәлелдейді: егер біреу «Егер мынаны істесем, онда қажылық жасауға» немесе «бір жыл бойы ораза істеуге» немесе «барлық мүлкімді садақаға таратып беруге міндеттімін» десе және өзінің осындай берген анты үшін өтем жасаса, онда бұл жеткілікті деп саналуы тиіс. Мұхаммед те осылай деп санайды. Дегенмен, егер ант беруші өтем жасамай, өзінің берген антында қойған шартын орындаса, онда ол осы әрекеті арқылы өтем жасау міндетінен босатылады, тек ол ант берушінің өзі оның орындалуы қашан болсын міндетті деп санаған шарт болмауы тиіс. Мұндай түсіндірмеге келесі көзқарас негіз болады. Шарт жоғарыда түсіндірілгендей болған жағдайда ант берушінің жоғарыда келтірілген сөзі әрі *айман*, яғни шарты бар ант, әрі *назр*, түпкілікті міндетті ант мағынасына ие болады, соңғы мағына – айқын, себебі, бұлай айту формасы әдетте назраны айтуға қолданылады; сондай-ақ, йамин мағынасын да береді, себебі, бұл сөздерді айтқан кезде оны айтушы адам шарт болып табылатын әрекетті істеуден сақтануды ойлайды; ал бұл жағдайда ол өзінің сөзін айман ретінде қабылдап өтем жасауға да немесе бұл антты назр ретінде түсініп, антта қойылған шартты орындауға да ерікті. Дегенмен, ант үшін орындалуы шарт болып қойылған оқиға жоғарыда айтылғандай сипатқа ие болмаса (яғни, ант беруші бұл оқиғаның күндердің бірінде болуы мүмкін деп санамаса), бірақ ант беруші бұл шартты расында да орындауға ниет етсе (әлдекімнің мысалы, «Егер Алла мені осы сырқаттан арылтса, онда мен қажылық жасауға міндеттімін» дегені сияқты), онда бұл жағдайда өтем жасау жеткілікті болып

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

санала алмайды; ант беруші уәде берген ісін орындауға міндетті, себебі, оның бұл сөздері тек айман мағынасына ғана емес, әлдеңенің орындалуы үшін түпкілікті міндетті ант мәніне де ие болады. Мұндай айырмашылықты мақұлдауға болады.

Алланың еркіне қалдырылып айтылған анттың заңды күші болмайды. – Егер біреу қандай да бір істі орындауға ант беріп тұрып, «егер Алла қаласа» деп қосса; Егер біреу, мысалы, «Алланың атымен ант етемін, мен осыны істеймін, Алла қаласа» десе, онда ол ант бұзушы бола алмайды, себебі, Пайғамбар: «Егер Алла қаласа деп ант берген адам ант бұзушы болмайды» деген. – Дегенмен мына жағдайдың айтарлықтай маңызды шарт болып саналатынын ескеру қажет: «Алла қаласа» деген сөз анттың алдыңғы сөздерімен тікелей байланыста айтылуы тиіс, себебі, егер бұл сөз ант бергеннен кейін жеке айтылса, онда ол анттан тыс тұрған сөз болып табылады, ал ант беру кезінде одан тыс айтылған сөздің заңды мағынасы болмайды.

IV Тарау

ҚАНДАЙ ДА БІР ОРЫНҒА КІРУ ЖӘНЕ ОНДА БОЛУҒА ҚАТЫСТЫ АНТ ТУРАЛЫ

Қандай да бір үйге кірмеу туралы ант мешіт, ғибадатхана және т.б. сол сияқты орынға кіру кезінде бұзылмайды. – Егер біреу «ешқандай үйге кірмеймін» деп ант берсе және бұдан кейін мешітке, ғибадатханаға немесе шіркеуге кірсе, онда ол ант бұзушы деп табылмайды, себебі, үй онда тұру мақсатында салынған мекен болып саналады, ал жоғарыда аталғандай ғимараттар мұндай мақсат үшін қолданылмайды. Бұл ереже аталған себептерге байланысты, ант беруші есік алдындағы кіре беріске немесе дәлізге еңсе өз күшіне енеді. – Кейбіреулер егер дәліз жабық болса, ол жағдайда дәліздегі адам үйдің ішінде деп саналады да оған кірген адам өзінің антын бұзады, себебі, мұндай орында тұруға және ұйықтауға болады деген пікір айтады. Сол сияқты, егер ант беруші *айван*ға кірсе, ол ант бұзды деп саналады, себебі, айван өте ыстық ауа–райы кезінде сонда тұруға арналған және сондықтан жазғы немесе қысқы тұрғын жаймен бірдей, үй деп саналуы тиіс. Кейбіреулер айванның төрт қабырғасы болған жағдайда ғана (яғни, ол толық төртбұрыш болған жағдайда) ант бұзылады деп түсіндіреді. Мұндай пікір айырмашылығы осы тектес ғимараттардың (айван) Куфа мен Арабияда әдетте өз алдына жеке төрт қабырғалы болып салынатындығына негізделеді, ал Үндістан мен Персияда олар әдетте үш қабырғалы, алдыңғы жағы толығымен ашық түрде салынады және сондықтан, үй немесе тұрғын жай болып санала алмайды. Дегенмен, кейбіреулер айванға кіру оның үш қабырғалы немесе төрт қабырғалы болғанына қарамастан антты бұзу болып саналады дейді. Мұндай түсіндіру мақұлданады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Қора-қопсыға кірмеу туралы ант қиратылған жерге кірумен бұзылмайды. – Егер біреу қандай да бір жерге, мысалы, «қораға» кірмеуге ант берсе және кейіннен бұл адам қиратылған немесе қараусыз қалған жерге кірсе, онда мұндай әрекет ант бұзу болып саналмайды. Бірақ, Егер біреу бүтін және тұрғын жай саналатын орынға «осындай жерге кірмеймін» деп ант берсе және кейіннен ол қирап, айналысындағыдай жермен жексен болған кезде оған кірсе, онда бұл ант бұзу болып саналады, себебі, «*дахр*» термині араб тілінде де, парсы тілінде де кез келген осындай орынды білдіреді: оларда «мынадай дахрде тұрғындар бар» немесе «мынадай дахр қараусыз қалды» деу әдетке айналған. Ғимаратты «дахр» терминімен атауға болады және мұны жоғарыда келтірілген екі жағдайдың соңғысына емес, алдыңғысына қатысты қолданылады деп қабылдауға болады.

Егер біреу «Мен мына дахрге кірмеймін» деп ант берсе және бұл орын кейіннен қиратылып, қараусыз қалса, бұдан соң қайта қалпына келтірілсе немесе салынса және бұдан соң ант беруші оған кірсе, онда жоғарыда айтылғанға сай, яғни, «дахр» атауының бір жерде тұрған ғимарат қиратылғаннан кейін сол жердің өзіне қатысты қолданылуына байланысты, ол адам ант бұзушы болып табылады. Бірақ, бұл орын қиратылып, қараусыз қалғаннан кейін қайтадан мешіт, монша немесе тұрғын жай ретінде қайтадан салынса және бұдан соң ант беруші оған кірсе, онда ол осы әрекеті арқылы өзінің антын бұзбайлы, себебі, «дахр» термині бұдан былай басқаша аталатын жерге қатысты қолданылмайды. Бұл ереже ант беруші адам ол жерде салынған мешіт, монша немесе басқа қоғамдық ғимарат бұзылғаннан кейін қайта кірген жағдайға қатысты да өз күшінде болады, себебі, олар бұзылғаннан соң өздерінің алғашқы атауларын қайтадан алмайды.

Қандай да бір нақты аталған үйге кірмеу туралы ант оған қирағаннан соң соң кірген жағдайда бұзылмайды. – Егер біреу «осы тұрғын үйге кірмеймін» деп ант берсе және осы үй қирап немесе қараусыз қалғаннан кейін оған кірсе, онда ол бұл әрекеті арқылы өзінің антын бұзбайды, себебі, «тұрғын үй» термині енді онда ешкім тұрмайтындықтан, ол жерге қатысты айтылмайды; сонымен бірге, егер бұл үйдің тек шатыры ғана құлап, ал қабырғалары қалса және ант беруші осы үйге кірсе, онда ол ант бұзушы болып саналады, себебі, айтылған жағдайда бұл үй адам тұратын жер деп саналады және сол орынның өзі тұрғын үй (бәйт) атауын жоғалтпайды. Сонымен бірге, ол үй қирап, айналысындағы жермен бірдей етіп тегістелген соң сол ант берген адам осы жерде салынған жаңа үйге кірген жағдайда да ант бұзушы болып саналмайды, себебі, бірінші үйге қатысты қолданылған «тұрғын үй» термині ол үйдің өзі бұзылғандықтан, бұл уақытта оған қатысты қолданылмайды.

Үйге кірмеу туралы ант оның шатырына немесе оның алдындағы дәлізге және т.с.с. кірумен бұзылмайды. – Егер біреу «мен мынадай үйге кірмеймін» деп ант берсе және кейіннен бұл үйдің сыртынан оның шатырына кірсе, онда ол ант бұзған болып шығады, себебі, шатыр үйдің бір бөлігін құрайды. Кейбіреулір біздің ғалымдарымыздың пікірі бойынша мұндай адам өз антын бұзбайды деген. Сонымен бірге бұл адам егер өзі кірмеуге ант берген үйдің есігі алдындағы дәлізге кірсе де өз антын бұзды деп саналады. «Һидаяның» құрастырушысы бұл жағдайда айырмашылықтар болуы мүмкін деп санайды: егер бұл дәліз үйдің сыртқы есігі жабық тұрған уақытта оның бір бөлігі болып саналатын болса және егер осы дәліз үймен бірге

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бір шатырдың астында тұратын болса, онда оған кірген адам ант бұзған болып шығады; ал егер дәліз бұл шарттармен сәйкес келмесе, онда ант бұзылды деп саналмайды. Егер мұндай ант берген адам қақпаның алдында тұрса және ол жабық тұрған кезде оның жанындағы жер үйдің бір бөлігін құраса, онда бұл жағдайда да ол ант бұзған болып саналады; бірақ егер қақпа жабық тұрған кезде оның қасындағы жер тұрғын үйдің бір бөлігін құрамаса, онда оған кірген адам антын бұзды деп саналмайды, себебі, қақпа үйдің қорғаны ретінде салынады. Сондықтан, жалпылама айтқанда, қақпа жабық тұрған кезде оның жанындағы жер үйдің бір бөлігі болып саналмаса және одан бөлек тұрса, онда оның үйдің аумағына енбейтіні анық.

Ант берушінің оны айту кезінде өзі орындап тұрған істен бас тартуына қатысты жағдайлар. – Егер біреу «Мен мына үйге кірмеймін» деп ант берсе ал өзі ант берген кезде дәл сол үйдің ішінде тұрса, онда ол ант берген кезде онда болуына байланысты оны бұзған болып саналмайды; ол тек бұл үйден шығып, қайта кірген жағдайда ғана ант бұзылады. Бұл ереже заңды ыңғайлы түсіндіруге негізделген. Қиас (ұқсастық) бойынша ант беруші оны бұзған болып салауы тиіс еді, себебі, өзінің ісі бойынша әрекеттің басы мен оның жалғасы бірдей саналуы тиіс, яғни, ол әрекеттің басы бойынша ант бұзушы деп табылса, онда оның жалғасы кезінде одан сайын солай деп саналуы керек. Бірақ, заңның бұдан да ыңғайлы түсіндірілуі мынадан көруге болады: әрекеттің басталуы мен жалғасы бірдей деп саналуы тиістігін ойлай отырып, әрекет әрмен қарай жалғасса ғана ант бұзылды деп саналуы керек; ал қандай да бір орынға кіру мұндай сипатқа ие емес, себебі, «кіру» деген сөз тек үйге сырттан келуді ғана білдіре алады және ол ұзақ жалғасатын әрекет емес.

Егер біреу «мен ондай киімді кимеймін» деп ант берсе және оны айтқан кезде сол киім оның үстінде тұрса және ант беруші оны тура сол сәтте шешіп тастаса, онда ол ант бұзған болып саналмайды. Сол сияқты, әлдекім қашырға немесе басқа бір жануарға мініп келе жатып: «Мен мұндай жануарға мінбеймін» деп ант берсе және тура сол сәтте одан түссе, онда ол ант бұзды деп саналмайды. Зуфар дегенмен де, соңғы жағдайда ант бұзушылыққа жол беріліп тұр, себебі, антта шарт болып қойылған жағдай (атап айтқанда үйде болу), ант беруші адамның оны айтқаннан кейін үйде болған уақытының аздығына қарамастан, тура сол жерде болып тұр. – Біздің ғалымдарымыз бұған ант оны орындау үшін беріледі, сондықтан, қарастырылып тұрған жағдайда анттың күші оны орындауға арналған уақыт аралығына қатысты болмауы тиіс; ал ант беруші оны орындау кезінде қалайда кешеуілдейтін болса, онда ол ант бұзған болып саналады, себебі, бұл тектес ант түрінің ары қарай жалғасы болуы мүмкін және: «Мен күні бойы салт мініп жүрдім» немесе «Мен мұндай көйлекті күні бойы киіп жүрдім» деу де орынды болады. Бұл үйге кіру әрекетіне қарама қарсы, себебі: «Мен күні бойы кірдім» деу дұрыс болмайды; ал бұл тектес әрекеттердің жалғасуының немесе ұзақтығының мүмкіндігі дәлелденген болса, онда бұдан олардың басы мен жалғасы өздерінің әсері жағынан бір бірімен тең екендігі шығады. Алайда егер ант беруші тек әрекеттің басы ғана жайлы ойлап, өзінің тек осындай ғана ант бергісі келгенін айтса (мысалы, «мен бұдан соң салт (атқа) мінбеймін»), онда оның бұл мәлімдемесі қабылдануы тиіс, себебі, оның сөздерін осылай деп түсіндіруге болады.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер біреу «Мен бұл үйде тұрмаймын» деп ант берсе және онда отбасы мен мүлкін тастап кетіп қалса, бұл үйге қайта қайтып келуді ниет етпегеніне қарамастан, онда ол ант бұзған болып саналады, себебі, ол қайткенмен де, ол жерде оның отбасы мен мүлкі қалуына байланысты, осы үйдің тұрғыны болып саналады. Осылайша, базарда тұратын (онда дүкендері бар) саудагерлер өздерінің отбасыларының тұрғын үйлерін ойларына ала тұрып, «мынадай көшеде тұрамын» дейді.

Қандай да бір қалада тұрмау жөніндегі ант оны берген адамның отбасының сонда тұратындығымен бұзылмайды. – Егер біреу «Мен бұл қалада тұрмаймын» деп ант берсе және одан соң отбасының сол қалада тұрып жатқанына қарамастан, ол жерге қайтып келмеуге бекініп кетіп қалса, онда ол дегенмен ант бұзды деп саналамайды, себебі, өз анттың орындалуы үшін ол отбасы мен мүлкін бұл қаладан алып кетуді шарт етіп қойған жоқ. Бұл түсіндіру Әбу Йусуфке тиесілі. – «Риуайат-Сахих» бойынша, жоғарыда келтірілген ереженің қолданысында ауыл қаламен тең саналады. Ханифа үйден барлық мүлікті міндетті түрде алып кету қажетті шарт болып саналады дейді; сондықтан, егер ант берушінің күллі мүлкінен тек бір ғана шеге ғана қалып қойса, онда ол ант бұзған болып саналады, себебі, қандай да мүліктің болуы осы үйде тұрудың белгісі болып табылады, сондықтан, онда қандай да бір ұсақ-түйектің болуы сол белгінің сақталатынын білдіреді. Әбу Йусуф мүліктің негізгі бөлігін алып кету жеткілікті деп дәлелдейді, себебі, барлық мүлікті алып кету көбінесе мүмкін бола бермейді. Мұхаммед мүліктің жаңа шаруашылықты жүргізуге қажет бөлігін алып кету жеткілікті дейді, себебі, бұдан тыс басқа кез келген мүліктің барлығы отырықшылық сипатын танытады. Барлық ғалымдар осы соңғы ерекшелік басқаларының ішінде мақұлдауға ең тұрарлығы екенімен келіседі. Бұл жағдайда ант беруші өзі берген антының дәл орындалуы үшін еш кідіріссіз басқа үйге қоныс ауыстыруы қажет; ал егер ол үйге емес, көшеге немесе мешітке кетіп қалса, заң білгірлерінің пікірі бойынша, бұл әрекет арқылы ант орындалды деп саналмайды, олар мұндай адам өзі берген антын орындады деп саналмайды дейді. Бұл пікір мына тұжырымға негізделеді: Егер біреу қаладан өз отбасымен кетіп қалса, онда тұрақты жаңа мекенді таңдағанға дейін, жамағатпен оқылатын намазға¹¹³ қатысына қарай, ол өзінің бұрынғы үйінде тұрады деп саналады; сондықтан, егер ол қалаға қайтып барса, онда ол сол қаланың тұрғыны болып саналады: дәл осы ереже осы жағдайға да қолданылады.

V Тарау

КЕЛУ, КЕТУ, АТПЕН САЛТ ЖҮРУ ЖӘНЕ Т.Б. ТҮРЛІ ӘРЕКЕТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ АНТ ТУРАЛЫ

Антты айналып өту оны бұзу болып табылады. – Егер біреу мешіттен шықпаймын еп ант берсе, ал одан кейін біреудің өзін алып шыққанын қаласа және сол адам оның қалауы бойынша әрекет етсе, онда ант берген адам өз антын бұзған болып табылады, себебі, қандай да бір адамның үйретуімен немесе талабымен орындалған әрекетке оған бастамашы болған адам жауап береді және ант берген адам мешіттен

¹¹³ Яғни, ол адам мешітке қала мен оның тұрғындарының игілігі үшін оқылатын намаз кезінде жамағатқа қосылады деп саналады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қандай да бір малға мініп шығып кеткенмен тең саналады; бірақ, егер ант беруші одан басқа бір адам тарапынан күшпен шығарылса, онда ол ант бұзған болып саналмайды, себебі, мәжбүрлеген адамның әрекеті мәжбүрленуші адамның әрекеті болып санала алмайды, себебі, бұл әрекеттің бастамасы мәжбүрленуші тарапынан болған жоқ. Сонымен қатар, Егер біреу ант берген адамды оның келісімімен, бірақ тікелей бұйрықсыз алып шықса, онда ант беруші өз антын бұзды деп саналмайды («Риуайат-Сахих» бойынша), себебі, бұл жағдайда оның (өз қалауы бойынша) шығуын нақты анықтауға болмайды, себебі, ол бір ғана келісіммен емес, тек тура айтылған келісім немесе бұйрық түрінде ғана анықталады; ал бұл жағдайда қалау да, бұйрық та көрініс тауып тұрған жоқ.

Егер біреу өз үйінен тек жаназаларға ғана шығуға ант беріп, бұдан соң жаназаға барса және бұл кезде оған ол орындайтын басқа бір іс кез келсе, онда ол ант бұзды деп саналмайды, себебі, жаназаға шығу оның антына енген жоқ, ал оның осы шыққанда орындаған ісі үйден ол үшін шығу болып табылмайды, себебі, «үйден шығу» дегенде оның ішінен оның сыртына баруды айту көзделеді.

Егер біреу: «Мен үйден Меккеге баруға шықпаймын» деп ант берсе және кейіннен Меккеге бару үшін үйінен шығып кетіп, бұдан соң қайтып келсе, онда ол антын бұзды деп саналады, себебі, оның Меккеге бару үшін үйден шыққаны (бұл жағдайда анттың шарты болып саналады) анық көрініс тауып тұр, себебі, «шығу» дегенде осы жағдайда орындалған әрекет – үйден сыртқа бару туралы айтылып тұр. Бірақ ол: «Мен Меккеге келмеймін» деп берген болса және кейіннен Меккеге баруға жолға шығып, оған жетпей қайтып келсе, онда ол Меккеге расында жеткенге дейін антын бұзды деп саналмайды, себебі, «келу» дегенде белгіленген жерге жету туралы айтылады, ал бұл жағдайда ол айтылған жерге жеткен жоқ. Егер біреу өзінің «Меккеге бармайтынын» айтып ант берсе, онда кейбір заңгерлердің пікірі бойынша, бұл жағдай жоғарыда айтылған соңғы жағдаймен ұқсас деп саналады, сондай-ақ, басқалардың пікірі бойынша, ол қарастырылып отырған жағдайлардың алғашқысына сәйкес келеді. Соңғы түсіндірме алғашқысына қарағанда көбірек мақұлданады, себебі, кету бір жерден екінші жерге бару туралы ойды көздеуге мәжбүрлейді, ал келу әлі де болса бұған қажет деп табылмайды.

Бір нәрсені орындау туралы бұлыңғыр ант оны беруші өлгенге дейін бұзылды деп саналмайды. – Егер біреу «Меккеге баруға» ант берсе және іс жүзінде өмір бойы онда бармаса, онда ол өз антын бұзушы болып табылады: бірақ, ол тек өзінің өлімінен кейін ғана антын бұзғаны үшін күналы деп саналады, себебі, оның тірі кезінде әлі де болса берген антын орындауға үміті жоғалмайды.

Бір нәрсенің алдын алу түрінде айтылған ант туралы. – Егер біреу әйеліне сөйлеп тұрып: «Егер менің рұқсатымсыз үйден шықсаң, онда талақ боласың» деп ант берсе және кейіннен әйелінің шығуына бірнеше рет рұқсат берсе және оны әйелі пайдаланса, ал бұдан соң әйел күйеуінің рұқсатынсыз үйден шықса, онда берілген анттың салдары (яғни, талақ) орындалуы тиіс, себебі, қарастырылып отырған жағдайда әйелінің үйден әрбір рет шығуы үшін күйеуінің рұқсаты керек, ал оның әрбір келесі шығуына күйеуінің антында тыйым салынған, соның нәтижесінде, күйеуінің рұқсатынсыз әйелінің үйден шығуы берілген анттың орындалуын қажет ететін болады. Егер ант беруші өзінің тек бір рет қана рұқсат беруді көздегенін айтса, онда оның

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жоғарыда келтірілген сөздерін бұлай түсіндіруге болмайтынына қарамастан, оның мәлімдемесіне қазының алдында емес, діни көзқарас тұрғысынан сенім көрсетілуі тиіс, бірақ, істің айқындалған жағдайлары мұндай түсіндірмеге қарсы келеді.

Жалпылама сөзбен айтылған, бірақ өз мағынасы бойынша қандай да бір нақты оқиғамен шектелген ант жағдайы. – Егер әйелдің үйден шыққысы келсе, ал оған күйеуі: «Егер шықсаң, онда талақ боласың» десе, бұдан соң ол алдымен отырып, кейін үйден шықса, онда оның бұл әрекеті әлі де болса антта айтылған салдардың орындалуына апармайды, яғни, талаққа жол берілмейді. Егер біреу өзінің құлын соққысы келсе, ал басқа біреу: «Егер сен өзіңнің сол құлыңды ұрсаң, онда менің мына құлым азат болады» деп ант берсе, ал ол адам өзінің құлын соғуды тек қысқа ғана уақытқа кешеуілдедіп барып, дегенмен де оны ұрса, онда бұның салдарынан басқаның құлы азаттық алмайды. Бұған келесі тұжырым негіз болады: ант беруші өз анты арқылы әйелінің үйден сол жолы шыққысы келген әрекетінің немесе құлдың қожайынының сол жолы істегісі әрекетінің алдын алуды көздеді және әрине, ант нақты осы әрекетке қатысты, себебі, ол істің айқын жағдайларына, қарастырылып отырған дағдарысқа негізделген. Анттың бұл тектес түрі *айман фур* немесе күтпеген ант деп аталады. Анттың бұл түрі туралы алғаш болып Ханифа сөз етеді, себебі, осыдан бұрын екі түрлі ант сипатталатын еді, атап айтқанда: жалпылама (әлдекімнің: «мен оны істемеймін» деген анты) және шектеулі («мен оны бүгін істемеймін» деген анты); бірақ, Ханифа бұлардан «анттың үшінші түрі айтылуы жағынан жалпылама, бірақ мағынасы жағынан шектеулі» деп анттың үшінші түрін бөліп шығарды.

Егер біреу басқа біреуді таңғы асқа шақырса, ал ол адам «егер мен таңғы ас жесем, онда менің құлым азат болады» деп ант берсе, ал бұдан соң өз үйіне барып, сол жерде таңғы ас жесе, онда ол берілген анттың салдарын орындауға тартылмайды, себебі, оның жауап түрінде айтылған сөзі тек басқа бір адамның сөзіне қатысты болады және сондықтан, оны басқа адам шақырған таңғы асқа ғана қатысы бар деп түсіну қажет. Бірақ, егер осы жолмен шақырылған адам: «егер мен бүгін таңғы ас жесем, онда менің сол құлым азат болады» деп жауап берсе, онда осы күні бойы өзі шақырылған немесе басқа бір жердегі таңғы асты жеген жағдайда ол өзінің антының салдарын орындауға тартылады, себебі, бұл жағдайда ол ол өзінің антына «бүгін» деген сөзді қосып айтты және сондықтан, оның айтқан сөзі жауап емес, жеке сөйлем болып табылады.

Егер біреу қандай болмасын, басқа біреудің малына мінбеймін деп ант берсе және бұдан соң өзінің құлдарының бірі – мазунның атына мініп кетсе, онда, Ханифаның пікірі бойынша, бұл мазунның қарызы бар-жоғына қарамастан, ол ант бұзушы болып табылмайды¹¹⁴. Алайда, егер мазунның қарызы өте көп болса, онда ант беруші өзінің мұны көздемегеніне қарамастан, өз антын бұзған болып табылады, себебі, Ханифаның пікірі бойынша, қожайын бұл жағдайда құлдың қандай да бір мүлкінің иесі болып санала алмайды. Ал егер мазунның қарызы аз ғана болса немесе ол мүлде қарыздар болмаса, онда оның қожайыны өзі берген антын бұзуды көздемегендіктен, ант бұзушы болып саналмайды, себебі, ол екі жағдайда да іс жүзінде бұл малдың иесі немесе қожайыны болып табылады; малдың өзі заң алдында да, жалпыға ортақ пікір бойынша да мазунға тиесілі болады; соған сәйкес, оның

¹¹⁴ Себебі, құлдың барлық мүлкі іс жүзінде оның қожайынының мүлкі болып саналады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

құлдың қожайына да тиесілі екендігіне ешбір күманның болуы мүмкін емес, сондықтан, осы жағдайды қарастыру кезінде қожайынның ниеті аса маңызды деп табылады. Әбу Йусуф жоғарыда баяндалған жағдайлардың ешбірінде де ол егер өзі берген антты бұзуға ниет етпесе, ант бұзушы болмайды дейді, себебі, бұл малдың құлдың қожайынына тиесілі екендігіне күман бар. Мұхаммед, басқа жағынан алғанда, бұл жағдайда ант беруші арнайы ниеті болмаса да, өз антын бұзады, себебі, бұл мал оған тиесілі дейді, екі шәкірт қарыздың болуы қожайынның өз құлына иелік ету құқығына ешбір қарсылық тудырмайды деп санайды.

VI Тарау

ТАҒАМҒА ЖӘНЕ СУСЫНҒА ҚАТЫСТЫ АНТ ТУРАЛЫ

Құрма жеуге қатысты ант түрлері. – Егер біреу «қандай да бір құрма ағашының жемісін жемеуге» ант берсе, онда оның анты тек осы ағаштың ғана жемісіне қатысты болады, себебі, ол желінетін жеміске қатысты емес, ағаштың нақты өзіне қатысты айтылды; осыған байланысты, ауыспалы мағынада оның антын ағашта өсетін затқа, яғни құрмаға қатысты және ол заттың өзі метафора қолдануға мүмкіндік береді, себебі, құрма ағашының өсуінің өзі – құрма жемісінің болуының себебі деп түсіндіруге болады. Алайда, қандай да бір өңдеудің нәтижесінде құрманың өзгеріске түспеуі міндетті шарт болып қойылады; мысалы, ант беруші осы құрмадан дайындалған *набизді*, яғни тұнбаны немесе одан сығылып алынған шырынды ішсе, онда ол мұның нәтижесінде ант бұзушы деп саналмаған болар еді.

Қандай да бір нәрседен бас тарту туралы ант онда айтылған нәрсені ол жаңа түрге ие болғаннан кейін тағамға пайдалануға байланысты бұзылмайды. – Егер біреу «бұл *бусурды* (толық піспеген құрма) жемеуге» ант берсе және кейіннен олар піскен кезде оны жесе, онда ол өзі берген антты бұзбайды, сол сияқты, «бұл *рутбты* (пісен құрма) жемеуге, бұл сүтті ішпеуге» ант берсе және кейіннен рутб езіліп, ал сүтті ұйыған соң, оларды қаймақ түрінде бірге жесе де ол өзін антын бұзбайды, Бұл түсіндірме заттың қандай да бір сипатының, жартылай немесе толық пісуінің берілген анттың себебі ретінде анықталғандығына негізделеді, ал бұл сипаттар ары қарай өзгермейді, қарастырылып отырған жағдайда анттың негізі ретінде сүттің бастапқы түрі алынған, сондықтан, ант тек өзінің осы бастапқы қалпындағы сүтке ғана қатысты күшке ие болады; сонымен қатар, сүт – тағамның өз алдына жеке, дербес түрі және бұл атау одан дайындалатын басқа тағам түрлеріне қатысты қолданылмайды деп түсіну керек. Жоғарыда келтірілген тұжырым әлдекім «сол баламен» немесе «жігітпен сөйлеспеуге» ант беріп және кейіннен ол бала ер жеткенде немесе жігіт қартайғанда онымен сөйлескен жағдайда қолданылмайды. Ол бұл әрекеті арқылы өзінің берген антын бұзады, себебі, мұсылманмен сөйлесуден бас тартуға, ол мұсылманның кәмелетке толғанына немесе жас бала болғанына қарамастан, заң арқылы тыйым салынған. Сондықтан, бұл жағдайда заң алдында ант беруге себеп бола алмайтын мұсылманның жастық шағы да, жігіт шағы да назарға алынбайды; соған сәйкес, мұндай ант оның нысаны болып табылатын адамның жеке тұлғасына қатысты күшке

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ие екені еске алынады және ант беруші егер ол бала ер жеткен соң онымен сөйлесетін болса, антын бұзған болып табылады.

Қандай да бір нәрседен бас тарту туралы ант сол нәрсе басқа атауға ие болған кезде оны тамаққа пайдалануға байланысты бұзылмайды. – Егер біреу «қандай да бір лақты жемеуге» ант берсе және кейіннен ол лақ өсіп, ешкі болған кезде оны жесе, онда ол адам ант бұзды деп саналады, өйткені, бұл тектес малға қатысты алғанда «лақ» атауы ант берудің себебі бола алмайды, себебі, лақтың етін жеуден бас тартатын адам ешкінің етін жеуден одан да артық бас тартады.

Егер біреу «бусурды (шала піскен құрма) жемеуге» ант беріп және кейіннен рутб (толық піскен) түрінде жейтін болса, онда ол ант бұзды деп саналмайды, себебі, рутб пен бусур екеуі – екі басқа нәрсе.

Егер біреу «рутбты» немесе «бусурды жемеуге» ант берсе және кейіннен *музанаб* (жаңа пісе бастаған құрма) жесе, онда Ханифаның пікірі бойынша, ол ант бұзушы болып табылады. Екі шәкірті ол адамның рутб жемеуге ант бергеннен кейін, тағамға бусур-музанабты қолдану нәтижесінде ант бұзушы болмайтынын айтады; сол сияқты ол бусур жемеуге ант бергеннен кейін тағамға рутб-музанабты қолдану нәтижесінде де ант бұзушы болмайды, себебі, рутб-музанабтар рутб деп, ал бусур-музанабтар бусур деп аталады. Осылайша, бұл жағдай қандай да бір адамның сатып алынатын затқа қатысты ант беруіне ұқсас болып шығады. Мысалы, Егер біреу «бұл күні рутб сатып алмауға» ант берсе және дәл осы күні музанаб сатып алса, онда ол ант бұзушы болмайды; дәл осы тұжырым сөз болып отырған жағдайға да қолданылады. – Ханифа бұған «рутб-музанаб» деп бусурға көбірек жақын құрма, ал «бусур-музанаб» деп рутбқа жақын құрма түрі аталады деп қарсылық білдіреді, сондықтан тағамға олардың бірін пайдалану рутбты немесе бусурды пайдаланғанмен бірдей, ал анттың өзі олардың екеуін де жеуге тыйым салады. Бұл сатып алу жағдайына қарама қарсы тұрады, себебі, сатып алу құрманың барлық түріне қатысты; осыдан, заттың бастапқы түрінің оның кейінгі түріне қосылғаны немесе оған тәуелді екені көрінеді.

Егер біреу «піскен құрма сатып алмауға» ант берсе және кейіннен піспеген құрма байламын сатып алса, ал оның арасында кездейсоқ бірнеше піскен құрма жүрсе, онда ол ант бұзды деп саналмайды, себебі, сатып алу бүтінге қатысты, ал аз мөлшер оның жанындағы көп мөлшермен салыстырғанда екінші кезекте тұрады, алайда, егер ант оларды тағамға пайдалануға қатысты берілсе, онда ол ант бұзды деп табылады, себебі, ант осы байламдағы әрбір піскен құрмаға қатысты. Бұл жағдай әлдекімнің «арпа сатып алмауға» ант беріп, кейіннен арасында арпаның бірнеше дәні кездесетін бидай сатып алған жағдайына ұқсас; мұндай бидайды сатып алу әлі де болса ант бұзушы болып табылмайды; ал егер бұл адам «арпа жемеуге» ант беріп, кейіннен арасында арпа дәндері кездесетін бидайды жесе, онда ол жоғарыда баяндалған себептер бойынша ант бұзды деп табылады.

Егер біреу «ет жемеуге» ант беріп, бұдан соң балық жейтін болса, онда заңды қолайлы түсіндіру бойынша ол ант бұзушы деп табылмайды. Қиас (ұқсастық) бойынша балық еті «ет» деп аталатындықтан және бұл Құранда кездесетіндіктен, бұл жағдайда ант бұзылып тұр деп саналу тиіс еді: заңды бұдан да қолайлырақ түсіндіруге мына тұжырым негіз болады: балық еті тек ауыспалы мағынада ғана ет деп аталады, себебі, еттің құрамында қан бар, ал балық суда өмір сүретіндіктен, онда қан болмайды.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Ал егер ант беруші доңыз немесе адам етін жейтін болса, онда ол ант бұзушы болып табылады, себебі, мұндай ет, шындығында, оны тағамға қолдануға тыйым салынғанына қарамастан, ет деп аталады, ал ант кейде тыйым салынған нәрселерге де қатысты беріледі. Сондай-ақ, ант беруші егер қандай да бір жануардың бауырын немесе шек-қарнын жейтін болса, онда ол ант бұзушы болып табылады, себебі, олардың екеуі де қаннан тұратындықтан және еттің орнына қолданылатындықтан ет болып саналады. Кейбіреулер мұндай ант беруші тағамға бауыр немесе шек-қарын пайдаланғанына байланысты ант бұзушы болып табылмайды, себебі, бұлар қазір ет деп аталмайды дейді.

Егер біреу «қойдың (құйрық) майын жемеуге немесе сатып алмауға» ант беріп, құйрық май мен іш майдан басқа бір май түрін сатып алса немесе жесе, онда ол ант бұзушы болып табылмайды. Екі шәкірт ант беруші егер омыртқа майын жесе, онда ол өз антын бұзған болар еді, себебі, майдың отта ерігіш сипаты іш майы сияқты омыртқа майына да тән дейді. Ханифа бұған қарсылық танытады және былай дейді: омыртқа майы іс жүзінде құрамында қан болғандықтан, ет болып табылады; сонымен бірге, бұл май тағамға етпен бірге қолданылады және оның болуынан еттің дәмі артып, ол бағалана түседі; сондықтан, бұл майды жеген адам егер ол ет жемеуге ант берген болса, өз антын бұзған болар еді; бірақ, егер ол май сатпауға ант беріп, өзі омыртқа майын сатса, онда ол ант бұзушы болып саналмайды. Кейбіреулер мұндай айырмашылық ол адам ант берген кезде қойдың (құйрық) майына емес, оны тек майға қатысты берсе ғана бар деп есептелетінін дәлелдейді, себебі, қойдың (құйрық) майы ешқашан етпен бірдей дәрежеде қолданылмайды.

Егер біреу «етті де, майды да жемеуге және сатып алмауға» ант беріп, кейіннен қойдың құйрық майын не сатып алса, не жесе, онда ол соған қарамастан, өзінің берген антын бұзбайды, себебі, қой денесінің бұл бөлігі майдан да, еттен де мүлде бөлек, себебі, ол аталған екеуімен бірдей дәрежеде қолданылмайды.

Егер біреу «осы бидайды жемеуге» ант беріп, бұдан соң шайнамаса болды, ол өз антын бұзбайды: егер осы бидайдан пісірілген нанды жесе, Ханифаның пікірі бойынша, антын бұзбайды. Екі шәкірті тағамға мұндай нанды пайдалана отырып, жоғарыда келтірілген антты адам оны бұзады, себебі, анттың айтылуының өзі көпке белгілі мағынадағы бидай нанын да қамтиды. Ал Ханифа бұған қарсылық білдіреді, оның айтуынша: бидай тағамға өз алдына жеке де қолданылады, адамдар бидайды жиі қайнатып та, басқа әдіспенда дайындап жейді; кез келген сөзді сөзбе сөз түсіндіру (Ханифаның ілімі бойынша) әдетте жиі кездесетін метафоралық (астарлы) мағынаға қарағанда алда жүру керек. Екі шәкірт ант беруші бидайды шайнауына қатысты пікірде біздің ғалымдарымызбен келіседі, себебі, оның мұндай әрекеті ант бұзу болып табылады. Бұл көзқарасты барлығы мақұлдайды, себебі, бидайды шайнау да оны тағамға пайдалану болып табылады, бұл – біреудің «өз аяғының түгеншенің үйінде болмайтынына» ант берсе және кейіннен дегенмен де ол үйдің табалдырығынан аттаса, онда өзінің ол жерге жаяу немесе атпен келгеніне қарамастан, оның ант бұзушы болып табылатынына ұқсас жағдай.

Егер біреу «Мен бұл ұнды жемеймін» деп ант берсе және бұдан соң осы ұннан пісірілген нанды жейтін болса, онда ол ант бұзушы болып табылмайды, себебі, ұн тағамға өзінің бастапқы қалпында пайдаланылмайды және сондықтан мұндай антты

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тағамның одан дайындалатын кез келген басқа тағамға дейінгі түріне қатысты деп түсіну қажет. Ал егер ол, керісінше, ұнның өзін жейтін болса, онда бұл әрекет арқылы берілген ант бұзылмайды және мұндай пікір мақұлданады, себебі, бұл жағдайда анттың сөздері ауыспалы мағынада қабылдануы тиіс, ал бұл мағынаға ұнды тағамға оның бастапқы қалпында пайдаланылуы сай келмейді.

Егер біреу «нан жемеуге» ант берсе, онда оның антын осы жерде жиі қолданылатын нан түріне қатысты айтылды деп түсіну керек. Сондықтан, ант беруші Ирақта жаңғақ немесе бадам нанын жейтін болса, онда ол бұл әрекетімен өз антын бұзбаған болар еді, себебі, мұндай нан бұл жерде қолданылмайды; ал, бірақ, егер ол мұндай нанды Тебристанда немесе осы нан көбірек қолданылатын басқа бір жерде жеген болса, онда ол өзі берген антын бұзған болады.

Егер біреу «шауа (көже) ішеймін» деп ант берсе, онда оның берген анты осы көженің ішіндегі жемістер мен жұмыртқаға қатысты емес, етке қатысты күші бар болады; «шауа» термині әдетте көженің ішіндегі етке қатысты айтылады және сондықтан, ант беруші өз антында «шауа» сөзі арқылы оның құрамындағы жоғарыда аталған заттарды атағысы келгеннен басқа жағдайда бұл терминді өзінің сөзбе сөз мағынасында түсіну қажет.

Егер біреу «табх (асылған ет) жемеуге» ант берсе, онда оның анты тек асылған етке қатысты болады. Бұл заңның қолайлы түсіндірілуіне негізделген, ал ол жалпыға кең тараған әдетке және «табх» сөзінің жалпы немесе шектеулі мағынада қолданыла алмайтындығына байланысты, себебі, бұлай түсіндірген жағдайда ант беруші не тамақ, не дәрі іше алмаған болар еді, ал ол жөнінде антта сөз болған жоқ. Сондықтан, бұл жағдайда «табх» терминін тек күнделікті тұрмыста ол қай мағынада қолданылатын болса, тура сол, яғни асылған ет мағынасында түсіну қажет, бұл яғни, егер тек ант беруші бұл сөзді қолданғанда оған барынша кең мағына бергісі келген жағдайда болмаса; мысалы, егер ол «табх» термині арқылы суға пісірілген тағамның барлығын атағысы келсе, ал мұндай мәлімдемеге сенім көрсетілуі тиіс, себебі, бұл тектес мәлімдеме адамның өзі өзіне күш салуы болып табылады және әр адам өзі өзіне жаза белгілеп, шектеу де қоя алады. Сонымен қатар, бұл жағдайда ант беруші көженің сұйығын іше бастаса, онда ол ант бұзушы болып табылады, себебі, бұл – сол еттің сорпасы, яғни онда еттің дәмі бар және ол да «табх» аталады; оны тағам ретінде пайдаланған адам «табх ішуші» ретінде ант бұзған болып саналады.

Егер біреу «ра'ас жемеуге» ант берсе, бұл терминді пісіруге арналған немесе осы күйінде сатуға шығарылатын малдың басы деп түсіну қажет. «Әл-Джами-ас-Сағирде» егер біреу «ра'ас жемеуге» ант берсе, онда бұл сөз арқылы, Ханифаның айтуы бойынша, сиыр, өгіз және ешкінің басын түсіну қажет делінген; бірақ, екі шәкірттің түсіндірмесі бойынша, бұл термин тек ешкінің басын атауға қолданылады. Алайда мұндай пікір алшақтығы ол екі түсіндірменің жасалған дәуірлер алшақтығымен байланысты, себебі, Ханифа өмір сүрген дәуірде «ра'с» термині мүйізді ірі қараның да, ешкінің де бастарын атауға қолданылды, ал екі шәкіртінің өмір сүрген заманында ол тек ешкінің басын атауға ғана қолданылды. Біздің заманымызда Қудуридін қысқа нұсқасында аталғандай, сот үкімдері жалпы ғұрыпқа сәйкес айтылады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер біреу «*факиһа* жемеуге» ант берсе және бұдан соң апельсин, лимон, құрма, анар немесе қияр жейтін болса, онда ол өзінің берген антын бұзбайды; ал егер ол алма, қауын немесе өрік жейтін болса, онда ант бұзушы болып саналады. Бұл – Ханифаның түсіндірмесі. Екі шәкірті ол адам апельсин, құрма немесе лимон жеген жағдайда ант бұзушы болып саналады дейді. Бір сөзбен айтқанда, «факиһа» термині тағам алдында немесе одан кейін тәттілер түрінде пайдаланылатын жемістер (яғни, әдеттегі тағамнан тыс тәтті тағам есебінде жеке қолдануға болатын) аталады. Бұл жағдайда жемістер кептірілген бе, әлде өзінің табиғи қалпында бола ма – егер олар тағамға осы екі түрде де қолданылатын болса – олардың еш айырмасы болмайды (себебі, ант беруші егер кептірілген қауын жесе, ант бұзушы деп саналмайды, өйткені, ол тағамға тәттілердің бірі ретінде қолданылмайды) және бұл алма, қауын және өрікке қатысты да қолданылады, сондықтан оларды тағамға пайдалану ант бұзу болып табылады. Алайда бұл тұжырымды қияр мен лимонға қатысты қолдануға болмайды, олар сауда да, тағам ретінде де тек көкөніс деп саналады: саудада олай саналатыны – оларды көк сатушылар сатады, ал тағам ретінде – олар дастархан басында басқа басқа көкөністермен бірге ұсынылады, сондықтан ант беруші тағамға қияр немесе лимонды пайдалану арқылы өзінің антын бұзбайды. Алайда, апельсин, құрма және лимонға қатысты, жоғарыда аталғандай, пікір алшақтығы бар: екі шәкірттің пікірі бойынша, оларды тағамға пайдалану ант бұзуға апарды, себебі, басқа барлық тәттілердің ішінде олар барынша аз кездесетін және жоғары саналатындықтан, оларға «факиһа» атауын қолдануға болады; ал Ханифаның пікірі бойынша, бұл ант бұзуға апармайды, себебі, апельсин де, құрма да тағамға пайдаланылады және сондай-ақ, адамдар кейде лимонды емдік мақсатта да пайдаланады. Сондықтан, «факиһа» терминін оларға оның толық мағынасында қолдануға келмейді, себебі, бұлар адам өмірін демеу мақсатында да қолданылады: оларды кептіру соған негізделген.

Егер біреу «*идам* жемеуге» ант берсе, онда бұны нанға қатыстының барлығымен байланысты деп түсіну керек, себебі, кебабты идам қатарына жатқызуға болмайды, ал тұзға қатысты бұл атау қолданылады. Бұл – Ханифа мен Әбу Йусуфтің түсіндірмесі. Имам Мұхаммед былай дейді: тамаққа нанмен бірге қолданылатын астың барлығы идам деп саналуы тиіс (Әбу Йусуфтің де осы пікірмен келісетіні белгілі), себебі, «идам» сөзі «муадамат», ұқсастық сөзімен түбірлес, ал тағамға әдетте нанмен бірге онымен сапасы жағынан ұқсас болып келетін азықтар, ет, құс еті және т.б. пайдаланылады. – Ханифа бұған былай деп қарсы пікір айтады: «идам» термині тағамға қосымша, екінші кезекте қолданылатын азық түрлерін атауға қолданылады, ал екінші кезектілік нанға қоспа түрінде және ол өз алдына жеке болатыны анық, әрі сол азық тағамға ешқашан наннан тыс, өз алдына жеке қолданылмайды. Ал Әбу Йусуфтің «идам» сөзінің «муадамат», ұқсастық сөзімен түбірлес деген пікіріне келетін болсақ, оған былай деп жауап беруге болады: мұндай ұқсастыққа оларды араластыру кезінде әбден жол беруге болады; сірке суы және соған ұқсас т.б. сұйықтар тағамға ешуақытта өз алдына жеке қолданылмайды, олар тек нанға немесе басқа тамаққа қосылып беріледі; сол сияқты тұз да тағамға наннан бөлек өз алдына пайдаланылмайды, сонымен бірге оның ерігіш қасиеті бар, сондықтан, ол етпен және оған ұқсас тағамға өз алдына жеке жиі пайдаланылатын басқа азықпен салыстырғанда екінші кезекте тұрады. Сондықтан ант беруші оны тағамға пайдаланған жағдайда егер ол өз антына

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оларды қосуды ниет етпесе, өз антын бұзбайды, себебі, өз антын бұлайша кеңейту өзі өзіне күш қолдану болып саналады, кез келген адам өзіне жаза белгілеп, шектеу қоя алады. Құрма мен апельсин идам саналмайтынын ескере кету қажет; мұндай түсіндірме мақұлданады.

Егер біреу «*ғад*, түскі ас жемеуге» ант берсе, онда бұл сөз арқылы күн шыққан сәт пен тал түс мезгілі арасындағы қандай да бір уақытты айту көзделеді; «*аша*» (кешкі ас) сөзі арқылы бесін намазы мен түн ортасы мезгілі арасындағы кез келген тағамды айту көзделеді, себебі, күннің тал түстен батысқа қарай ауысқан кез келген сәт «*аша*» уақытына жатады. Кейбіреулер мұндай айырмашылықты бұрынғылардың ұстанғанын, бірақ, біздің заманымызда «*аша*» деп тек бесін намазынан кейінгі уақыт аталатынын, ал түн ортасы мен таң атысы арасында ішілген тағам таңғы ас деп аталуы қажет екенін атайды, себебі, таңғы мезгіл деп, түн ортасы мен күн шыққанға дейінгі уақыт аралығы аталады. – Біреу түскі немесе кешкі ас ішпеуге ант берді дегенде, осы сөз арқылы ғұрып бойынша қабылданған толық ас түскі немесе кешкі асты айту көзделетінің ескеру қажет, сондықтан мұндай антты бағалау әр елде оның әдет-ғұрпына сай әр түрлі болуы мүмкін; ал анттың бұзылуы үшін тағамның жалпыға белгілі көлемінің жартысынан көбі желінуі тиіс.

Егер біреу: «Егер мен киінсем немесе тамақ не сусын ішсем, онда менің құлым бостандық алады» деп ант беретін болса және өзінің берген бірінші антындағы ниеті «киімнің нақты бір түріне қатысты» екенін түсіндірсе, онда оның мұндай мәлімдемесі қазының үкімі үшін де, діни көзқарас тұрғысынан да қабылданбауы тиіс (тура сол сияқты, қалған екі антқа – тамақ немесе сусын ішуге қатысты да осы ереже сақталуы тиіс), себебі, ниет нақты айтылған кезде ғана мақұлданады, ал анттың мазмұнында киім, тамақ және су нақты белгіленбеген. – Сол сияқты, егер біреу: «егер мен киім кисем, тамақ не сусын ішсем, онда менің құлым бостандық алады» деп ант берсе және бұдан кейін ол ана көйлек емес, мына көйлек туралы ойлағанын немесе ана тамақ емес, мына тамақ туралы ойлағанын айтса, онда оның бұл мәлімдемесі заң алдында қабылдана алмайды; ал діни көзқарас тұрғысынан оған сенім көрсетіле алады, себебі, «киім, тамақ және сусын» деген сөздер анттың мазмұнында айтылып тұр; алайда, олардың арасында қандай да бір айырмашылықты белгілеу ниеті істің айқын жағдайларына қарсы болып табылады, сондықтан, ол қазының үкіміне негіз деп саналуы мүмкін болатындықтан, оның мәлімдемесіне сенім көрсетіле алмайды.

Бұлақ көзінен немесе қандай да бір ыдыстан су ішуге қатысты анттар. – Егер біреу «мына бұлақтан су ішпеуге» ант беріп, кейіннен одан ыдыспен су алып, оны ішсе, онда ол ант бұзушы болып табылмайды, яғни, егер ол суды аузымен (одан қандай да бір ыдыссыз) ішпесе антын бұзбайды, өйткені ондай жағдай анттың бұзылуына апарады. Екі шәкірт егер ант беруші өзі айтқан бұлақтың ыдыспен ішсе, онда ол ант бұзушы болып табылады, себебі, суды бұлай ішу көпке белгілі тәсіл деп санайды. Ханифаның дәлелі араб тілінің идиомалық ерекшеліктеріне негізделген¹¹⁵.

Егер біреу: «Мен мына бұлақтан су ішпеймін» деп ант беріп, одан соң оның суын қандай да бір ыдыстан ішсе, онда ол ант бұзушы болып табылады, себебі, бұлақтың суы одан алынып, одан кейін ішілген соң, қайткенмен де сол жерден алынды

¹¹⁵ Яғни, кімде-кім осы ант беріп, кейін антта көрсетілген әрекет жасаса, онда істі қарап жатқан қазы антта келтірілген құл азат етілуі жөнінде үкім шығаруы қажет

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

деп табылады, ал бұған анттың айтылуы (формула) бойынша тыйым салынған, сондықтан, антта өзі айтқан ағып жатқан өзеннің суын ішіп, өз антын бұзған адам сияқты, мұндай бұлақтан су ішкен адам да, ант бұзушы деп саналуы тиіс.

Егер біреу: «Егер мен бүгін мына ыдыстағы суды ішсем, онда менің әйелім талақ болады» деп ант берсе және бұдан соң ол ыдысты су жоқ болып шықса, онда ол ант бұзушы деп саналмайды, (Ханифа мен Әбу Мұхаммедтің пікірі бойынша) бұл ыдыста су бар болып, бірақ ант берілген күннің қарсаңындағы түні кездейсоқ төгіліп қалған жағдайда да ант бұзылмайды. Әбу Йусуф аталған екі жағдайда да осы ант берілген күн өткеннен кейін ант беруші оны бұзған болып саналады дейді. Дәл осындай пікір айырмашылығы берілген антта Алланың есімі аталатын жағдайға байланысты көрінеді (ант беруші оны Алланың атымен береді, яғни: «Алланың атымен ант етемін, мен бүгін мына ыдыстағы суды ішемін» дейді. Әбу Йусуфтің ілімі бойынша, анттың орындалуы оның міндеттілігіне де, ұзақтығына да шарт болып қойылмайды, ал Ханифа мен Мұхаммедтің ілімі бойынша, антты орындау мүмкіндігі оның міндеттілігінің де, ұзақтығының да шарты болып саналады; себебі, ант оны орындау мақсатында айтылады; сондықтан, ол міндетті болуы үшін, алдымен орындалуы мүмкін және түсінікті болуы қажет. Бұған Әбу Йусуф қарсы келеді, анттың орындалуы мүмкін болмаса да, оның орындалуын алмастырудың (атап айтқанда өтемін жасау) үнемі мүмкіндігі бар, сондықтан, бұл тектес ант түрі, оның өтеміне себеп болып тұрғандықтан, заңды түрде айтыла алады.

Біз бұған қарсылық білдіруіміз керек, антты айтудың өзі заңды болып табылуы үшін, анттың негізіне қойылған әрекет орындалатын болуы тиіс, ал бұл жағдайда антты алмастыру үшін, яғни, оның орнына өтем жасауға мүмкіндік беру үшін ол қалай айтылуы тиіс? Осы негізге сәйкес, *йамин-гамус* (бұған дейін болып кеткен оқиғаға қатысты берілген жалған ант) оның орнына өтем жасау мүмкіндігін беру үшін бұлай айтыла алмайды. Сонымен бірге, қарастырылып отырған жағдайда «бүгін» сөзі айтылмауы тиіс еді, ал анттың өзі жалпы сөздермен айтылуы тиіс еді. «Егер мен бұл ыдыстағы суды ішпесем, онда менің әйелім талақ болады»; бұл жағдайда, егер ыдыста су болмаған жағдайда, Ханифа мен Мұхаммедтің ілімі бойынша, ант беруші оны бұзушы болып табылмайды; ал Әбу Йусуфтің пікірі бойынша, ол сол сәттен бастап ант бұзушы болып шығады. Егер ыдыста ант берілген кезде су болып, бұл су түнге дейін төгіліп қалса, онда біздің барлық ғалымдарымыздың пікірі бойынша, ант беруші оны бұзды деп саналады. Әбу Йусуф ант берушінің шектеулі және шектеусіз жағдайының арасына айырма қояды. Ол ант шектеулі түрде берілген жағдайда оны айтушы ант берілген күні күн батқан кезде ант бұзушы болып табылады, ал ант шектеусіз түрде берілген жағдайда ант беруші сөзін аяқтап болысымен сол сәтте өз антын бұзған болып шығады. Ол мұндай айырмашылықты былай деп түсіндіреді: уақытты нақты белгілеу антта оның орындалуын барынша ұзақ ету мақсатымен айтылады және сондықтан, антта айтылған әрекетті белгіленген уақыттың аяқталуынан бұрын орындау міндет емес, сондықтан, бұл уақыт аяқталғанға дейін ант та бұзылмайды; ал ант шектеусіз түрде берілген жағдайда оны айта салысымен орындау міндетті; ал бұл іс жүзінде мүмкін болмағандықтан, ант та сол сәтте бұзылады.

Ханифа мен Мұхаммед те анттың шектеулі және шектеусіз түрлерінің айырмасын анықтайды. Олар ант жалпылама сөздермен беріліп, ыдыстағы су

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

кентеттен төгілген жағдайда ант беруші оны бұзды деп саналады, ал ант шектеулі түрде берілген жағдайда бұлай болмайды, яғни, ант бұзылмайды. Мұндай айырмашылықты былай деп түсіндіреді: ант шектеусіз түрде берілген жағдайда оны айта салысымен орындау міндетті; ал бұлай істеуге мүмкіндік жоқ болғандықтан (ыдыстағы судың төгілуі), антта айтылған заттың өзі жоқ болуына байланысты, ант беруші оны бұзушы болып табылады, себебі, антты орындау мүмкіндігі оны орындау міндетті болып тұрған уақытта жойылды; сол сияқты, ант беруші өліп, ал ыдыста су қалған жағдайда да ант бұзылған болып табылады. Ант шектеулі түрде айтылған жағдайда оны антта белгіленген мезгілдің аяқталуынан бұрын орындау міндетті емес; бірақ оны ол кезде де орындау мүмкін емес, себебі, ыдыста антта айтылған судың өзі жоқ; антта айтылғанды орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда ол, яғни оны орындау міндетті емес, сондықтан, ыдыста су болмаған жағдайдағы сияқты, анттың өзі заңсыз болып шығады.

Мүлде мүмкін емес нәрсеге қатысты берілген ант оны айтқан сәттен бастап заңсыз болып табылады. Егер біреу: «Мен қандай да бір жолмен әуеге көтерілемін» немесе «Мен қандай да бір жолмен бұл тасты алтынға айналдырамын» деп ант берсе, онда бұлай айту тәсілі ант болып, ал оны айтушы сол сәтте ант бұзушы болып саналады. Зуфар бұл сөз әлі де болса ант болып саналмайды дейді, себебі, әуеге көтерілу немесе тасты алтынға айналдыру, заттардың әдеттегі сипаты бойынша, орындалуы қолайлы болып саналмайды және сондықтан, іс жүзінде мүмкін емес нәрселермен қатар саналуы қажет. Біздің ғалымдарымыз бұған мынадай қарсы пікір айтады: бұл жағдайда антты орындау іс жүзінде мүмкін болып табылады, себебі, әрине, әуеге көтерілу – мүмкін әрекет, себебі, Алланың періштелері әуеге көтеріледі; сол сияқты, егер Алла өз еркін осы мақсатта танытса, тас та алтынға айналдырылуы мүмкін; ал анттың орындалуы осылайша мүмкін болса, онда ант заңды болып табылады, себебі, ол өтем жасаумен алмастырылуы мүмкін; ал ант беруші сол сәттен бастап, өзі белгілеген істі оның әдеттегі ағымына байланысты орындай алмайтындықтан, ант бұзушы болып табылады. Сол сияқты, ант беруші оны орындағанға дейін өлген жағдайда да, ол өмірге тағы қайтарылуы мүмкін болса да, ол ант бұзушы болып табылған болар еді.

VII Тарау

СӨЗ БЕН СӨЙЛЕУГЕ ҚАТЫСТЫ АНТ ТУРАЛЫ

Біреумен сөйлеспеу туралы ант сол адамға ол ұйықтап жатқанда болсын, адам дауыс естілетін жерден сөйлеген кезде бұзылады. – Егер әлдекім: «Мен сол адаммен сөйлеспеймін» деп ант берсе және бұдан соң сол адамға ол ұйықтап жатқанда дауыс естілерлік жерден сөйлесе, онда осы әрекет арқылы берілген ант бұзылады, себебі, ант беруші өзінің антында айтылған адаммен сөйлесті және ол адам ұйықтап жатуына байланысты естімесе де, оның сөздері оның құлағына жетті. Сондықтан қарастырылып отырған жағдай ант беруші жоғарыда баяндалғанға ұқсас жағдайда дауыс естілерлік жерден біреумен сөйлесіп, бірақ ол оны түсінбегендіктен көңіл

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

аудармағанымен теңестірілуі мүмкін. «Мабсуттың» кейбір жерлерінде былай делінеді: ант бұзылды деп саналуы үшін ұйықтап жатқан адам оған арналып айтылған сөзден оянуы қажет шарт болады (бұл пікірмен біздің ғалымдарымыз да келіседі), себебі, егер бұл адам оянбаса, онда бұл жағдай оған сөйлеуші адам өзінің даусы естілмейтін алыс жерден сөйлеп тұрған жағдайға ұқсас болады: соңғы жағдайда ант бұзылмайды және бұл тұжырымды қарастырылып отырған жағдайға да қолдануға болады.

Ант онда айтылған сөздердің мағынасына байланысты бұзылатын жағдай. – Егер біреу: «Мен ол адаммен оның рұқсатынсыз сөйлеспеймін» деп ант берсе және антта аталған адам оған рұқсат берсе, ал ант берген адам бұл жағдайды антта аталған адаммен өзі сөйлескенге дейін білмесе, онда ант бұзылады, себебі, «изн» термині (рұқсат, ризалық) «итан» «нұсқау» сөзінен туындайды. Ал егер бұл сөз құлақпен естуге болатын нәрсені атауға қолданылса, онда Әбу Йусуфтің пікірі бойынша, бұл жағдайда ант бұзылмайды, себебі, «изн» сөзі «рұқсат» мағынасында қолданылады, ал бұны үндемей қойған немесе үнсіз қалған келісім кезіндегі рұқсат беру деп түсінуге болады; яғни (тілек немесе қалау сияқты) ол да басқа бір нәрсеге байланысты болмайды. Мысалы, егер біреу «сол адамның өзінің қалауынсыз онымен сөйлеспеуге» ант берсе және ол адам ант берушінің өзімен сөйлескенін қаласа, онда ол бұл жөнінде онымен сөйлескенге дейін білмейтін болады, бірақ, соған қарамастан, ант бұзылмайды, себебі, сөйлесуді қалаудың өзі сол адамның өз қалауын өзі сезінгендігімен толық анықталды және мұны анықтау үшін басқа қандай да бір нәрсенің еш қажеті жоқ. – Біз бұған қарсымыз, қалау немесе тілек адамның тек ішкі сезіміне қатысты әрекет болып табылады; сондықтан, түсіндірілген себептерге байланысты, бұл тұжырымды «изнға» қатысты қолдануға болмайды.

Біреумен белгілі бір уақыт аралығында сөйлеспеуге берілген ант жағдайы. – Егер біреу: «Мен мынадай адаммен бір ай бойы сөйлеспеймін» деп ант берсе, онда бұл уақыт ант берілген сәттен бастап саналатынын түсіну қажет, себебі, егер «бір ай бойы» деген сөз айтылмаса, онда бұл антты онда сөз болған адаммен біржола сөйлесуден бас тарту деп түсіну қажет болар еді; сондықтан, «ай» деген сөзді айту анттағы әрекетке қатысты бір айдан артық кез келген уақытты жоққа шығаруды көздейді. Осыдан ант берушінің оны айтқан кездегі жан күйін ескере отырып, антқа онымен байланысты барлық нәрсенің қосылуы тиістігі көрінеді. Бұл күй – ашу, себебі, ант берудің себебі оны айтқан кезде сол антты берушінің бойын билеп тұрған ашу болып табылады, сондықтан, антта айтылған адаммен сөйлесуге салынатын тыйым антты айтқан сәттен бастап күшіне енеді. Егер біреу: «Алланың атымен ант етемін, мен бір ай бойы орза ұстаймын» десе, онда басқаша болар еді, себебі, «бір ай бойы» деген сөз айтылмаса, онда, соған қарамастан, бұл ант үнемі және үзіліссіз ораза ұстау дегенді білдірмеген болар еді; сондықтан «ай» деген сөз тек оразаның ұзақтығы бір ай мезгілмен шектелетінін атау үшін қолданылып тұр, яғни, бұл жағдайда ай туралы түсінік нақты анықталмағандықтан, оны анықтау еркі ант берушінің өз еркіне қалдырылады.

Белгіленген уақытта намаз оқу, дұға жасау және сол сияқты әрекеттер сөйлемеуге берілген антты бұзбайды. – Егер біреу: «сөйлемеуге» ант беріп, бұдан соң белгіленген уақытта Құран оқыса немесе сол сияқты т.б. әрекет етсе, онда ол ант бұзды деп саналмайды; ал егер ол Құранды басқа бір уақытта оқыса, онда ант

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бұзылады. Бұл шындық *тәсбих*¹¹⁶, *тәһлил*¹¹⁷ және *тәкбир*¹¹⁸ айтуға қатысты, яғни, егер ол осы үшеуінің бірін намаз оқуға белгіленген уақытта айтса, онда ол ант бұзушы деп саналмайды, ал егер ол оларды басқа бір уақытта қайталайтын болса, онда оның осы әрекетімен берілген ант бұзылады. Бұл заңды қолайлы түсіндіруге негізделген. Қиас (ұқсастық) бойынша ант беруші жоғарыда келтірілген екі жағдайда да (Шафиғидің де пікірі осындай) оны бұзды деп саналған болар еді, себебі, Құран оқу, тәсбих және т.б. айту адамның сөйлеу қабілетінің іс жүзіндегі көрінісі болып табылады. – Біздің ғалымдарымыз бұған былай деп қарсылық білдіреді: дұға айту жалпы мағынадағы да, заңның ауыспалы мағынада түсіндірмесіндегі де сөйлеуге жатпайды, себебі, Пайғамбар: «Мен үйрететін дұғаларды қандай да бір адамдардың сөзі деп түсіндіруге болмайды деген». – Кейбіреулер біздің заманымызда берілген мұндай ант дұғаны белгіленген уақыттан басқа мезгілде жасаумен байланысты бұзылды деп саналмас еді, себебі, мұндай дұғаларды қайталайтын адам сөйлеуші болып емес, тек оны оқушы деп қана саналады дейді. Қазылардың бұл мағынадағы белгілі үкімдері бар.

Күндізгі уақытқа қатысты берілген ант түнге де қатысты болады. – Егер біреу: «Егер мен сол күні сол біреумен сөйлесетін болсам, онда оның әйелі талақ болады»¹¹⁹ десе, онда мұндай бұл сөздің ықпалы күндізгі мезгілге де, түнге де қатысты болады, себебі, «күн» сөзі ұзақтығы нақты белгіленбеген қандай да бір нәрсеге қатысты алғанда жалпы мағынадығы уақытты атауға қолданылады; ал біреумен сөйлесу ұзақ орындалатын әрекет емес болғандықтан, бұл жағдайда «күн» сөзін жалпы мағынадағы уақыт деп түсінік қажет. Ал егер ант беруші адам өзінің тек күндізгі уақытты ғана көздегенін жарияласа, онда мұндай мәлімдеме қазының тарапынан қабылдануы тиіс, себебі, бұл жағдайда «йаум» сөзі өзінің жеке мағынасында қолданылып тұр. Әбу Йусуфтің пікірі бойынша, мұндай мәлімдеме қазының тарапынан қабылданбауы тиіс, себебі, ол «йаум» сөзінің көпке белгілі мағынасына қайшы келеді. – бірақ, егер ант беруші адам «күн» сөзінің орнына «түн» сөзін қолданса, яғни «Егер мен сол түні (*лэйль*) сөйлесем (және ары қарай)», онда бұл сөз арқылы тек түнгі мезгілді ғана түсіну керек, себебі, «*наһар*» сөзінің беретін негізгі мағынасы – күндіз болатыны сияқты, «*лэйль*» сөзінің беретін негізгі мағынасы – түн; бірақ, «*лэйль*» сөзі қашан болсын жалпы мағынадағы уақыт сөзінің орнына қолданылғаны туралы мүлде дерек жоқ.

Қандай да бір ерекше оқиғамен шектеліп берілген ант. – Егер біреу: «Мен Зейдпен сол адам келгенге дейін сөйлесем, онда оның әйелі талақ болады» деп ант берсе және бұдан кейін ол Зейдпен сол адам келгенге дейін сөйлесетін болса, онда ол ант бұзды деп саналады, ал егер сол адам келгеннен кейін сөйлессе, онда ант бұзылмайды. Сол сияқты егер ант беруші: «Мен Зейдпен сол адам келгенше» немесе «сол адамның рұқсатымен» немесе «сол адам рұқсат бергенге дейін сөйлесем» - «онда оның әйелі талақ болады» деп ант берсе және бұдан соң ол ант айтылған адам келгенге дейін немесе ол адамнан рұқсат алғанға дейін сөйлессе, онда ол ант бұзушы болып саналады; ал егер бұдан кейін сөйлессе, онда ант бұзылмайды, себебі, сол

¹¹⁶ Алланың есімін ұлықтау.

¹¹⁷ «Аллада басқа тәңір жоқ» деу.

¹¹⁸ «Алла бәрінен ұлық» деу.

¹¹⁹ Анттың ондағы көрсетілген әйелге қатысты ешқандай да заңды күші жоқ және ол антқа сай талақ бола алмайды, алайда ант еткен адам күнәсын өтеуге міндетті

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

адамның келуі немесе рұқсат беруі анттың әрекетін шектейді, бұл шектеуге дейін дейін ант күшінде сақтап тұрады және ол шектеу аяқталғаннан кейін күшін жоғалтады. Ал антта айтылған әрекет орындалғаннан кейін оны бұзу мүмкін емес. Қарастырылып отырған жағдайда егер антта айтылған адам өлсе, онда бұл анттың күші тоқтайды. Бұл Әбу Йусуфтің пікіріне қарсы келеді, ол: «бұл жағдайда ант өз күшінде қала береді, сондықтан, ант беруші егер қашан болсын, Зейдпен сөйлескен жағдайды өз антын бұзған болып саналады» дейді. Ханифа мен Мұхаммед бұған қарсы пікір айтады: анттың өзінің айтылу талабы бойынша Зейдпен сөйлесуге тыйым салынады, ал Зейдтің өліміне байланысты онымен сөйлесу мүмкін болмайтындықтан, онда, әрине, ант өзінен өзі жойылады. Ал Әбу Йусуфтің пікірі бойынша іс жүзінде сөйлесу мүмкіндігі қажетті шарт болып табылмайды, сондықтан, Зейдтің өлімінен кейін мұндай ант үнемі өз күшін сақтайды деп саналады.

Нақты аталған (сипатталған) адаммен сөйлеспеуге берілген ант осы адамның анттың бастапқы мазмұнында айтылған сипаты өзгергеннен кейін онымен сөйлескен жағдайда бұзылмайды. – Егер біреу: «Мен сол адамның құлымен сөйлеспеймін» деп ант берсе және өз антында нақты бір құлды көздемесе немесе ант «осындай адамның досымен» деп айтылған болса және бұдан соң сол адам құлын сатып жіберсе немесе өзінің досымен араздасып қалса, ал ант берген адам бұдан кейін олардың бірімен сөйлесетін болса, онда ол ант бұзған болып табылмайды, себебі, оның анты онда айтылған адамға қатысты жағдаймен байланысты болып тұр және бұл жағдай, құлға қатысты алғанда мүліктік құқықта немесе әйел мен досына қатысты алғанда сикак құқығында негізі бар ма, жоқ па – оған қарамайды. Ал ол жағдай ары қарай сақталмайтын болса, онда ант беруші оны бұзды деп саналмайды. Осы шығарманы құрастырушы жоғарыда айтылғанның «әл-Джами ас-Сағирде» баяндалғанын ескертеді. Басқа беделді ғалымдар бұл қағида меншік құқығында негізі бар қатынастармен байланысты болғандықтан онымен келіседі. Ал қандай да бір түрдегі байланыс жасау нәтижесінде қатынас орнаса, онда Мұхаммедтің пікірі бойынша, ант беруші оны бұзған болып табылады, себебі, мұндай қатынастар тек таза нұсқаушы сипатқа ғана ие, сондықтан, олар шектеулі мағына береді деп санала алмайды, себебі, қарастырылып отырған жағдай ант берген адамның ол адамдармен сөйлесуден бас тарту ниетінің болуы мүмкін деп санайды, олай болмағанда, олар антта айтылған адаммен арадағы қатынастың негізгі сипатына емес, көрсетілген өкпеге байланысты жауласуы мүмкін; сондықтан, бұл қатынастардың жалғасуы айтарлықтай маңызды шарт болып табылмайды және антта сөз болған әрекет антта нақты айтылған адаммен ұқсас болып шығады.

Мысалы, егер біреу: «Мен бұл адамның мына досымен» немесе «мына әйелімен сөйлеспеймін» деп ант берсе және егер ол сөз болып тұрған адам өз досымен араздасқаннан кейін немесе әйелімен ажырасқаннан кейін олармен сөйлесетін болса, онда ол ант бұзды деп саналмайды. Бұл тұжырымды осы жағдайға да қолдануға болады. – «Әл-Джами ас-Сағирде» баяндалған түсіндірме келесі тұжырымға негізделеді. Ант беруші бұл адамдармен антта айтылған адаммен арадағы жақын қатынастардың нәтижесінде сөйлескісі келуі мүмкін (сондықтан да олар соншалықты анық аталмайды), сондай-ақ, ант беруші дәл осы адамдардың өзімен сөйлескісі келуі мүмкін. Осылайша, бұл адамдардың антта айтылған адаммен осы тектес қатынастары

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бұл анттың себебі бола алатындығы немесе бола алмайтындығы жөнінде күман туады; сондықтан ант беруші өзінің антында айтқан адамының бұл адамдармен қатынасы бұзылғаннан кейін олардың бірімен сөйлескен жағдайда ол ант бұзды деп табылмайды. Сонымен қатар, егер біреу жоғарыда келтірілген бір адам ерекше аталатын антты берген болса, мысалы: «Мен ол адамның мына құлымен» немесе «мына әйелімен» немесе «мына досымен сөйлеспеймін» десе және бұдан соң оның құлы сатылғаннан кейін, әйелі талақ алғаннан кейін немесе досымен араздасқаннан кейін олармен сөйлеспейтін болса, онда ол құлмен сөйлескен жағдайда ант бұзушы болып саналмайды, ал әйелмен немесе құлмен сөйлескен жағдайда ант бұзушы саналады. Ханифа мен Әбу Йусуф осылай деп үйретеді. – Мұхаммед ол құлмен сөйлескен жағдайда да ант бұзушы деп саналады дейді және Зуфар да оның пікірін қолдайды. – Егер біреу: «Мен сол адамның үйіне кірмеймін» немесе «Мен мұндай жануарға мінбеймін» деп ант берсе және бұдан соң антта аталған адамның оларға иелігі тоқтағаннан кейін сол үйге кірсе немесе сол жануарға мінсе – бұл жағдайға қатысты, жоғарыда айтылғандай, біздің ғалымдарымыздың арасында пікір алшақтығы бар.

Мұхаммед пен Зуфар келесі жағдайды дәлелдейді: құлдың иесіне қатысы тек нұсқау мақсатында ғана аталады және нақты нұсқау бір нәрсенің екінші нәрсеге қатысын нұсқауға қарағанда үлкен айқындаушы күшке ие, себебі, ол арқылы кез келген күдік түпкілікті жойылады, назарға тек нақты нұсқауларды ғана алу қажет, ал қатынастарды нұсқаудың әйелі мен досына қатысты жағдайдан көрініп тұрғандай еш мағынасы болмайды. – Ханифа мен Әбу Йусуф құл, үй және жануарға байланысты берілген антқа онда айтылған адамның соларға қатысының ерекшеліктері себеп болып тұр деп дәлелдейді. Себебі, үй немесе жануар өз алдына алғанда адаммен араз бола алмайды, құл да солар сияқты, себебі, ол өз қожайынымен дұшпандық қатынаста деп санау үшін оның өз алдына жеткілікті хал-жайы жоқ; сондықтан, онымен қатынастың тоқтауы оның қожайынының тарапынан қандай да бір ерекшелікке байланыстырылып жоспарланады және ант оған иелік жасаудың ұзақтығымен шектеледі. Бұл ерлі-зайыптылар арасында немесе достықтан туындайтын қатынас түрлеріне қарсы тұрады, себебі, антты айтудың өзі араздықтың тууын немесе некенің бұзылуын көздеуі мүмкін, сондықтан қатынастың бұл түрлері тек нұсқау мақсатында ғана аталады; бұл адамдармен байланыстырылып берілетін антқа олардың қатысы бар адамға емес, осылардың өздеріне тән қандай да бір сипат себеп болатыны анық, себебі, олар толығымен нақты анықталып айтылған. Бұл құл, үй немесе жануармен байланыстырылып берілген анттағы жағдайға қарсы тұрады, себебі, бұл жағдайлардың барлығында антта аталған заттар жеке түрде алғанда өз қожайынымен дұшпандық қатынаста тұра алмайды, соған сәйкес, ол нәрселер туралы олардың өздері үшін емес, олар тиесілі адамның қандай да бір ерекшелігін атау үшін айтылады.

Егер біреу: «Мен бұл шалманың иесімен сөйлеспеймін» деп ант берсе және шалманың иесі өзімен ант беруші сөйлескеннен соң шалмасын сатып жіберсе, онда ант бұзылады, себебі, бұл жағдайда зат пен ол тиесілі адамның, яғни, иесінің арасындағы байланыс тек осы адамды анықтау үшін ғана аталып тұр, себебі, адамның шалмамен сөйлеспейтіні белгілі. Бұл жағдай біреу шалманың иесін нақты нұсқайтын жағдайға ұқсас, мысалы: «Мен шалманың мына иесімен сөйлеспеймін»; осы, соңғы жағдайда

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ант беруші адам өз антын бұзған болар еді және бұл тұжырым жоғарыда қарастырылған жағдайға да қатысты қолданылады.

Бір бозбаламен сөйлеспеуге берілген ант онымен ол бозбала кәмелет жасына жеткеннен кейін сөйлескен жағдайда бұзылады. – Егер біреу: «Мен бұл бозбаламен сөйлеспеймін» деп ант берсе және ол кәмелетке жеткеннен кейін онымен сөйлесе, онда ант бұзылады, себебі, антта айтылып тұрған әрекет онда аталған адамның жеке тұлғасымен байланысты. Бір жерде өзі бар адамды анықтау үшін оны сипаттайтын сөздер қажет емес, ал бұл жағдайда бозбаланы сипаттау берілген антқа күші бар себеп болып санала алмайды.

Бөлім

Сөйлесу уақытына қатысты берілетін ант түрлері. – Егер біреу: «Мен біраз уақыт (*хин*) сол адаммен сөйлеспеймін» немесе «Мен онымен белгілі бір уақыт (*заман*) аралығында сөйлеспеймін» деп ант берсе, онда мқндай сөздер арқылы алты ай уақыт мерзімі белгіленеді, себебі, «хин» термині кейде қысқа уақыт аралығын, кейде қырық жылды, ал кейде бірнеше айды да білдіреді; ал алты ай уақыт мерзімі олардың арасындағы орташа мерзім саналады, сондықтан, бұл жағдайда «хин» терминін алты ай уақыт деп түсіну қажет. Бұл ереже сөйлесуді ұзу үшін өте қысқа уақыт белгілеуге болмайтынына негізделген, себебі, ол күнделікті өмірде де қолданылуы мүмкін және ол үшін ант берудің қажеті жоқ; сол сияқты, сөйлесуді ұзу үшін тым ұзақ уақытты да белгілеуге болмайды, себебі, бұл ұзақ уақыт мәңгілікке созылып кетуі мүмкін.

Сонымен қатар, егер ант беруші оған «хин» сөзін қоспаса, онда бұл антты онда айтылып тұрғанмен сөйлесуді біржола тоқтату деп деп түсінуге болар еді; бірақ, бұл жағдайда уақыт туралы сөз болып тұрғандықтан, ант берушінің мұндай ниетінің болмағанын көруге болады, себебі, керісінше болған жағдайда, ол «хин» сөзін айтпаған болар еді немесе «*абад*» (мәңгі) сөзін қолданған болар еді; сондықтан, «хин» сөзін айту арқылы ант беруші алты ай уақыт мерзімді белгілеуді көздеді деп санау дұрыс керек. Дәл осы тұжырымдар «хин» сөзінің мағынасында қолданылатын «*заман*» сөзіне қатысты да қолданылады. – Жоғарыда баяндалғанның барлығы ант берушінің айтарлықтай ерекше бір ниеті жоқ деген болжамға негізделеді; ал егер ол қандай да бір белгілі уақыт мерзімін көздесе, онда ол ант берушінің ниетіне сәйкес қабылдануы тиіс, себебі, жоғарыда келтірілген сөздердің тура мағынасы осындай.

Егер біреу: «Мен сол адаммен көп күн (*аййам*) бойы сөйлеспеймін» деп ант берсе, онда «*эййам*» сөзін үш күн деп түсіну керек. Бірақ, егер ол шектеу мағынасында белгілі артикльді қолданып: «Мен сол адаммен (белгілі) күндер (*әл-эййам*) бойы сөйлеспеймін» десе, онда бұл сөз арқылы, Ханифаның пікірі бойынша, он күнді, ал екі шәкіртінің пікірі бойынша, бір аптаны түсіну қажет. Ал егер ант беруші: «Мен сол адаммен көп ай бойы сөйлеспеймін» десе, онда бұл сөзді Ханифаның пікірі бойынша он ай деп, ал екі шәкіртінің бойынша бір жылды түсіну қажет. – Егер ол: «мен онымен бірнеше апта бойы (*джумъа*)» немесе «көп жыл бойы (*санатайн*) сөйлеспеймін» десе, онда, Ханифаның пікірі бойынша, «джумъа» сөзін он апта деп, ал «санатайн» сөзін он жыл деп түсіну қажет; ал екі шәкірті бұл сөздерді ант берушінің бүкіл өмірі бойы деп түсіну керек дейді. Екі жақтың да дәлелдері араб тілінің кейбір грамматикалық ерекшеліктеріне негізделген.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер біреу өзінің құлына: «егер сен маған көп күн (*әйямун кәсиратун*) қызмет ететін болсаң, онда азаттық аласың» деп ант берсе, онда, Ханифаның пікірі бойынша, «көп күн» деген сөз тіркесін он күн деп түсіну керек, себебі, он күн «*йаум*» сөзінің көпше түрі саналатын «*әййам*» сөзі ең үлкен сан болып табылады. Басқа жағынан алғанда, екі шәкірті былай дейді: «көп күн» деген сөз тіркесін тек жеті күн деп түсіну керек, себебі, бұдан көбірек кез келген сан артық болып табылады. – Кейбіреулер егер біреу бұл антты парсы тілінде айтатын болса, онда біздің барлық ғалымдарымыздың пікірі бойынша, «көп күн» деп жеті күнді түсіну керек, себебі, парсы тілінде он күннен артық және одан кем күннің арасында айырма жоқ, себебі, олар «күн» деген сөзді көпше түрге¹²⁰ қоймай: «он күн немесе көбірек» дейді.

VIII Тарау

БОСТАНДЫҚҚА ЖІБЕРУ ЖӘНЕ ТАЛАҚ БЕРУГЕ ҚАТЫСТЫ АНТ ТУРАЛЫ

Баланың тууы шарт болып қойылған ант бала өлі туатын болса да талақпен аяқталады. – Егер біреу әйеліне: «Егер бала тусаң, талақ болсаың» деп ант берсе және бұдан соң әйелі өлі бала туса, онда ері әйеліне талақ береді; сол сияқты, егер біреу өзінің күңіне: «Егер бала тусаң, бостандық аласың» десе және күң бұдан соң өлі бала туса, онда ол бостандық алады; Бұл ережелер антта қойылған шарттың (баланың тууы) орындалуына негізделген, себебі, сәби өлі туса да, болмысы жағынан, бәрібір, ол – бала және оны жалпы алғанда солай деп санау дұрыс саналады. Сонымен қатар, бұл жағдайда, заң мұндай баланың тууын мойындайды, сондықтан, бала туудың осы түрі арқылы иддат мерзімі аяқталды деп саналады; ал өлі бала туудан кейінгісі тірі бала туудан кейінгі сияқты, *нифас* деп аталады; сонымен қатар, егер өлі туған баланың анасы күң болатын болса және оның қожайыны бұл баланы өзінікі деп таныса, ол *умм-уалад* болады.

Күңнің бала тууына қатысты берілген ант ол тірі туған бірінші баладан кейін күшіне енеді. – Егер біреу өз күңіне: «Егер сен бала тусаң, ол бостандықта болады» десе және бұдан соң күң алдымен өлі, кейіннен тірі бала туатын болса, онда бұл жағдайда тірі туған бала бостандықта болады, яғни ол тек өзі ғана бостандықта туды деп, ал одан кейін туған балалар бостандықта емес деп саналады. Ханифа осылай деп үйретеді. – Екі шәкірті бұл жағдайда күңнің туған балаларының ешқайсысы құлдықтан босатылмайды, себебі, антта қойылған шарт жоғарыда баяндалған себептерге байланысты, бірінші, өлі бала туған кезде орындалдыдейді. Сондықтан, ант ешбір салдарсыз жойылады (яғни, ант салдары болған жоқ деп, орындалды және тоқтатылды деп саналады), себебі, анттың бұзылуы онда қойылған шарттың орындалуы не орындалмауына қарамайды. Сондықтан, егер біреу өз әйеліне: «Егер сен сол үйге кірсең, талақ боласың» десе және әйелі толық талақ алып, иддат мерзімі аяқталғаннан кейін ол үйге кіретін болса, онда, анттағы белгіленген салдар орындалмайтын болса да, ол жойылады. Бұл тұжырым осы жағдайға да қатысты қолданылады, себебі, өлі туған бала бостандыққа жіберуге орынды себеп бола

¹²⁰ Бұл мәселе араб тілінің ерекшелігіне негізделген

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алмайды. – Ханифа бұған былай қарсылық білдіреді: антта айтылған «уәлад» (бала) термині өлі туған балаға қатысты қолданылып тұрса да, бұл жағдайда, дегенмен де, тек тірі туған «бала» деген түсінікпен шектеліп тұр, себебі, ант беруші балаға бостандық беруді көздейді; биліктің осылайша көрініс табуы арқылы бір тұлғаның екінші тұлғаның үстінен рақымсыз өктемдік жасауы жойылатындықтан, бұның, яғни биліктің мұндай көрінісінің өлген адамға қатысты болуы мүмкін емес. Сондықтан антта айтылатын «уәлад» терминінің мағынасы тек тірі бала ұғымымен шектеледі, бұл – қожайын өзінің күңіне: «Сен тірі бала тусаң, ол бостандықта болады» деп және осы күң алдымен өлі, кейіннен тірі бала туған жағдайда тірі туған бала бостандықта болатыны сияқты жағдай. Бұл тұжырым қарастырылып отырған жағдайға да қатысты. Жоғарыда келтірілген ереже талақ беру немесе бостандыққа жіберуге баланың тууы шарт болып қойылған жағдайға қатысты қолданыла алмайды, себебі, бұл жағдайда талақ беру немесе бостандыққа жіберу бала туған сәтте орындалады, сондықтан міндетті түрде тірі баланың тууы шарт болып қойылмайды, себебі, бұл жағдай әйел үшін – талаққа және күң үшін – бостандыққа жіберуге қатысты аса маңызды шарт болып табылмайды.

Сатып алынған құлдың біріншісін бостандыққа жіберу туралы ант жағдайы. – Егер біреу: «Мен сатып алатын құлдың біріншісі бостандық алады» десе және бұдан кейін ол құл сатып алса, онда бұл құл азат болады, себебі, анттағы «бірінші» деген сөз бірінші, жеке құлға қатысты деп саналады және бұл ереже осы жағдайда қолданылады. Егер мұндай антты берген соң ант беруші екі құлды бірге және одан кейін тағы үшінші құл сатып алса, онда олардың бір де бірі бостандық алмайды, себебі, үшінші құлда «жалғыздық» сипат жоқ, соған байланысты ол бірінші деп санала алмайды. Алайда егер осы адам: «Мен жалғыз сатып алған бірінші құл бостандық алады» деген болса, онда үшінші құл бостандық алған болар еді, себебі, бұл жағдайда ант беруші сатып алу кезінде құлдың жалғыз болуын шарт етіп қояды және үшінші құл осы шарттың орындалуы үшін бірінші болады.

Соңғы сатып алынған құлды бостандыққа жіберу туралы ант. – Егер біреу: «Мен сатып алатын құлдың соңғысы бостандық алады» деп құл сатып алса, ал кейіннен өлсе, онда бұл жағдайда сатып алынған құл азат болмайды, себебі, «соңғы» деген сөз нақты анықталған толықтауышқа¹²¹ қатысты қолданылады, ал ол бұл жерде бұлай деп санала алмайды, себебі, оның алдында ешқандай басқа толықтауыш жоқ. Егер ант беруші мұның алдында басқа құлды сатып алғаннан кейін өлсе, онда бұл құл анықталған толықтауышпен нақты белгіленді деп бостандық алады. Мына мәселені ескеру қажет: осы екінші құл (Ханифаның ілімі бойынша) оның құны қайтыс болған адамның барлық мүлкінен төленді деп саналып, сатып алынған күннен бастап, бостандықта болады, себебі, бұл құл оның ыны тірі кезінде-ақ бостандыққа жіберілген. Екі шәкірт мұндай жағдайда бұл құл оның қожайыны өлгеннен кейін бостандық алады және сондықтан, ол қожайыны өлім аузында болған кезде босатылды деп саналып, оның құны қайтыс болған адамның мүлкінің тек үшінші бөлігінен шығарылуы тиіс деп санайды. Олар бұл құлдың соңғы болып сатылып алыны одан кейін басқа ешбір құлдың сатып алынбағаны дәлелденген жағдайда ғана бекітіледі, ал бұл қожайынының өлімімен ғана дәлелденуі мүмкін. Сондықтан, антта айтылған шарт тек сол антты

¹²¹ Араб тіліндігі «*фард лахиқ*». Бұл термин тек грамматикада ғана қолданылады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

берген адамның өлімінен кейін ғана орындалды деп санала алады және бұл дерек осы құлдың бостандыққа шығуын бекітеді. – Ханифа бұған қарсы пікір айтады, ол «соңғы» құлды сатып алу дерегі қожайынның өлімімен бекітіледі, бірақ, «соңғы сатып алынған» деген анықтама бұл құлға оны сатып алған сәттен бастап қолданылады деп санайды. Осындай жағдаймен үш рет талақ беру шарты біздің ғалымдарымыздың пікірінде дәл осындай айырмашылықты тудырады. Басқаша айтқанда, егер біреу: «Мен некелесетін соңғы әйел үш мәрте талақ болады» деп ант берсе, ал бұдан кейін ол алдымен бір әйелмен, кейіннен басқа бір әйелмен некеге тұрып және соңында өлсе, онда, Ханифаның пікірі бойынша, екінші әйелге қатысты алғанда некеге тұрған сәттен бастап, үш мәрте талақ болуы тиіс, яғни ол қайтыс болған адамнан мұра ала алмайды; ал екі шәкірттің пікірі бойынша, оған үш мәрте талақ күйеуі қайтыс болғаннан кейін беріледі, сондықтан ол одан мұра алады.

Қожайынына оның баласы туғанын бірінші болып хабарлаған құлдың бостандық алуы туралы ант. – Егер біреу: «Мені әйелімнің босануымен бірінші болып құттықтаған құл бостандық алады» деп ант берсе және бұдан кейін оны осы оқиғамен бір мезгілде бірнеше құл құттықтаса, онда оған осы хабарды бірінші болып айтқан құл бостандық алуы тиіс, себебі, «*башарат*» термині (бұл жерде «сүйінші» мағынасында) жағымды немесе жағымсыз болуына қарамастан, тыңдаушысының жүзін өзгертетін кез келген хабарды білдіреді (алайда, жалпыға белгілі көзқарас бойынша, жеткізілген хабар оны тыңдаушы үшін жағымды болуы тиіс); және бұл анықтама толық түрде екінші немесе үшінші емес, тек бірінші хабарға қолданыла алады, себебі, соңғылардың айтқан хабары оны тыңдаушының жүзін өзгертпейді. Алайда, егер бұл құлдар қожайынына осы хабарды барлығы бірге айтса, онда олардың барлығы да бостандық алады, себебі, бұл жағдайда башарат (сүйінші хабар) олардың барлығынан бірдей шығып тұр.

Ант беру арқылы құлды бостандыққа жіберу жеткілікті түрде өтем бола алмайды. – Егер біреу: «егер мен құл сатып алсам ол бостандық алады» десе және бұдан соң құлды азат ету арқылы күнасын жуу ниетімен құл сатып алса, онда бұл тектес өтем жеткілікті болып санала алмайды, себебі, күнаны өтеу ниеті құлды азат етумен байланысты болуы қажет, ал бұл жағдайда олай емес, себебі, ант бостандыққа жіберудің себебі болып тұр, яғни, тек антты айту кезінде оны беруші өз күнасын жууды көздеді; ал құл сатып алу мәселесіне келетін болсақ, ол бостандыққа жіберуге себепке қарағанда осы әрекетті орындаудың шарты болады.

Өтем жасау түрінде сатып алған әкесін бостандыққа жіберу жеткілікті саналады. – Егер біреу бұрын айтылған антына байланысты өзінің күнасын өтеу мақсатымен өзінің туған әкесін сатып алса, онда біздің ғалымдарымыздың пікірі бойынша, мұндай әрекет оның күнасының өтеуіне жеткілікті деп саналады. Бұл Зуфар мен Шафигидің түсіндірмесіне қайшы келеді, олар: құл ретінде әкесін сатып алу оны бостандыққа жіберуге себеп емес, жеткілікті шарт болып саналады, себебі, бұл жерде жақын туыстық қатынас бар (сатып алудың өзі меншік құқығын бекіту, ал бостандыққа жіберу – осы құқықты жою болып табылады және бұл екі келісім бір біріне толығымен қарама қарсы, сондықтан да сатып алуды бостандыққа жіберудің себебі деп санауға болмайды); ал бұл жерде бостандыққа жіберуге сатып алу емес, жақын туыстық себеп болып тұрғаны көрінеді, соған сәйкес, құлды бостандыққа

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жіберу ниеті бұл әрекетке себеп бола алмайды. – Біздің ғалымдарымыз былай деп қарсы пікір айтады: бұл жерде сатып алу мен бостандыққа жіберу бірге орындалды деп табылады, себебі, Пайғамбар: «Балалардың ешқайсысы өз ата-аналарына олардың біреуі басқаның құлы болған жағдайда оны сатып алып бостандыққа жіберген жағдайдағыдан артық өтем жасай алмайды» деген, ал бұл Пайғамбардың сатып алудың өзін бостандыққа жіберу ретінде бекіткенін көрсетеді, себебі, барлық ғалымдардың пікірі бойынша, бостандыққа жіберуге сатып алудан басқа ешнәрсе шарт бола алмайды.

Өзінің умм-уәлады болып табылатын күнді (сатып алу арқылы) бостандыққа жіберу жеткілікті мағынада өтем бола алмайды. – Егер біреу өзіне бала туған әйелді өзінің күнасын өтеуді ойлап күң ретінде сатып алса, онда осы арқылы бостандыққа жіберу толық орындалды деп санала алмайды. Бұл жағдайдың мәні мынада болып саналады: біреу басқа біреудің күніне үйленеді және ол күң оған бала туады, ал ол күңге: «Егер мен сені қашан болсын сатып алсам, онда сен менің берген антымның өтемі ретінде бостандық аласың» десе және бұдан соң оны сатып алса, онда бұл әйел оның күндіктен азат болуына шарт болып қойылған оқиғаның орындалуына байланысты, сол сәттен бастап бостандық алады. Алайда бостандыққа жіберудің бұл түрі анттың толық өтемі болып санала алмайды, себебі, мұндай күң *истилад*¹²² күшіне байланысты, бостандық талап етуші болып табылады; сондықтан, оны бостандыққа жіберу тек бұл адамның берген антының салдары ғана болмайды және осы анттың жеткілікті өтемі болып санала алмайды. Бұл жағдай біреу өзіне бала тумаған күңге: «егер мен сені сатып алсам, сен менің антымның өтемі ретінде бостандық аласың» деп және оны сатып алған жағдайға қарсы келеді; бұл жағдайда күң бостандық алады және оның бостандық алуы ант үшін жеткілікті өтем болып табылады, себебі, мұндай күң қандай да бір ерекше жағдайларға байланысты бостандық талап етуші деп саналмайды, ал күндіктен тек антқа байланысты ғана босатылады; ал күнаны жуу ниеті бостандыққа жіберудің себебімен байланысты болып тұр, сондықтан бұл күң босатылады және мұның өзі анттың өтемі үшін жеткілікті болады.

Күнді өзіне кәнизак етіп алған жағдайда оған бостандық беру туралы ант. – Егер біреу: «Егер күнді өзіме кәнизак етіп алсам, онда ол бостандық алады» десе және бұдан соң өзіне тиесілі күндердің бірін кәнизак етіп алса, онда ол бостандыққа шығады, себебі, бұл күң ант берушіге тиесілі болғандықтан, дәл оның өзіне қатысты айтылған болып табылады. Бұл ереже араб тіліндегі анттың өзінің айтылуының грамматикалық құрылымына негізделген және былай деп түсіндіріледі: бұл жағдайда «күң» сөзі – белгісіз, ал тыйым қою туралы айтылған жағдайда белгісіз зат есім жалпы мағына береді; қарастырылып отырған жағдайда бұл сөз ант берушінің бастапқы ниетіне қатысты алғанда (бұл ниет – өзіне кәнизак алуға тыйым салу) тыйым мағынасында қолданылып тұр, сондықтан, «күң» сөзі кез келген күңге қатысты қолданылады. Алайда, егер ант беруші күң сатып алып, оны өзіне кәнизак етсе, онда бұл арқылы күң бостандық ала алмайды. – Бұл Зуфардың пікіріне қарсы келеді, ол бұл жағдайда күңге бостандық берілуі керек, себебі, өзінің меншігінде жоқ әйелді кәнизак етуге жол берілмейтін болса, онда бұдан кәнизак етіп алу туралы айтудың өзі меншік

¹²² Дүниеге келген баланы өзінікі деп тану.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

құқығы туралы айтуға тең екені шығады. Бұл басқа біреудің әйеліне: «Егер мен сені ажырастырсам, онда менің күнім бостандық алады» дегенмен тең болады, ал оның мағынасы: «Егер мен саған үйленсем және одан кейін талақ берсем, онда ...», себебі: талаққа некеге иелік жасау құқығынан тыс жағдайда жол берілмейді және сондықтан ол туралы айту неке туралы айтумен тең деп саналады; мұндай тұжырым қарастырылып отырған жағдайға қатысты қолданылады. Біздің ғалымдарымыз бұған мынадай қарсы пікір айтады: егер иелік жасау құқығы болмаса, сондай-ақ, мұндай иелік жасау құқығына не нұсқау, не себеп болмаса, онда құлдықтан азат ету туралы анттың ешқандай күші болмайды; ал қарастырылып отырған жағдайда бұл негіздемелердің ешқайсысы көрініс тауып тұрған жоқ. Бұл жағдайда ешқандай иелік жасау құқығының жоқтығы – айқын; сондықтан, мұндай құқыққа ешқандай нұсқау да жоқ, себебі, ант беруші: «Егер мен күн иелік етсем және оны өзіме кәнизак етіп алсам» деді; сол сияқты мұндай құқық себебіне де нұсқау жоқ, ал ол күнге иелік жасау құқығына себеп бола алмайды, себебі, Ханифа мен Мұхаммед кәнизак етуге (*масури*) тек «адам өзінің күнін асырайды, оған баспана береді, оған ауладан шығуға рұқсат бермейді және одан туылатын балаларға өз құқығын жариялай ма, жарияламай ма – оған қарамастан, онымен жыныстық қатынасқа түседі» деп анықтама береді. (Әбу Йусуф балаларға құқық жариялау да міндітті шарт болып қойылуы тиіс, себебі, жалпыға белгілі жағдайға байланысты, кәнизак болып одан туатын балаға құқық жарияланатын әйел саналады дейді). Бұл жеке мәселелердің ешқайсысы да билік ету құқығына себеп болып табылмайды. – Алайда, кәнизак ету үшін қандай да бір меншік құқығының болуы қажет, сондықтан, кәнизак етудің өзі заңды (анттың шарты ретінде) деп табылады; алайда, мұндай билік ету құқығының болуына тек ол қажет етілетіндіктен және ол анттың салдарына, атап айтқанда, бостандыққа жіберуге қатысты көрініс таппайтындықтан жол беріледі, себебі, тек қажет етілгендіктен ғана белгіленген нәрсе осы қажеттіліктің өзінен тыс ешқандай мәнге ие бола алмайды.

Зуфар келтірген ажырасу туралы мысалды алатын болсақ, оған былай деп жауап беруге болады: одан шығатын салдар, атап айтқанда бостандыққа жіберу тек анттың іс жүзіндегі меншік құқығына қатысты айтылуына байланысты орындалып тұр (себебі, күн кез келген уақытта ант берушінің меншігі болып табылады); ал неке бұл жағдайда тек іс жүзінде бар деп саналып, оған анттың салдары емес, шарты (атап айтқанда, талақ беру) ретінде ғана жол беріліп тұр; сондықтан, егер ант беруші басқа бір әйелге: «Егер мен саған талақ берсем, онда сен үш мәрте талақ боласың» деген болса, бұдан соң онымен некеге тұрып, кейіннен оған талақ берсе, онда, соған қарамастан, үш мәрте талақ болмас еді, себебі, бұл шарт әрі іс жүзіндегі некені иелену құқығы жоқ жағдайда, әрі мұндай құқыққа себепті нұсқаусыз аталып тұр. Сондықтан, мұндай жағдай қарастырылап отырған жағдайға ұқсас болып табылады, себебі, екеуінде де шартты белгілеу тек оның болуына жол ашу мақсатында орындалып тұр, бірақ, бұл шарттың салдарына жол беру болмайды.

Құлдарды азат ету туралы берілген жалпылама ант олардың барлығын қамтиды. – Егер біреу: «Маған тиесілі барлық құлдар- азат» десе, онда оның *умму-уәлад*, *мудаббар* және *абад* құлдарының барлығы бостандық алады, себебі, құлдардың бұл түрлеріне қатысты меншік құқығы жеткілікті түрде нұсқалды, себебі, олардың барлығы да іс жүзінде ант берушінің меншігі болып табылады; алайда, егер ант

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

берушінің босату ниеті болмаса, *мукабаттар* бостандық алмайды, себебі, оларға қатысты алғанда қожайынның оларға толығымен иелік ету құқығы жоқ, соның нәтижесінде, олардың иелігінде заттар заңды түрде қожайынға тиесілі болмайды және ол өзіндегі мукатаба әйелмен жыныстық қатынасқа түсе алмайды, ал мудаббара немесе умм-уәладпен жыныстық қатынас заңды болады. Сондықтан мукатабаға қатысты алғанда меншік құқығын нұсқау толық және жеткілікті болмайды, соған байланысты, ант заңды болуы үшін ниеттің болуы қажет.

Талақ беру туралы анықталмай берілген ант түрлері. – Егер үш әйелі бар біреу: «Не мынау, не анау, не анау талақ алды» десе, онда талақ соңғы әйелге беріледі; күйеуі қалған екі әйелінің қайсысы – біріншісі әлде екіншісінің талақ болатынын анықтау және жариялау мүмкіндігі ұсынылады, себебі, жоғарыда келтірілген анттың айтылуы мынадай айтуға тең болады: «сендердің екеуіңнің бірің, сондай-ақ мынау да талақ болды». Бұл ереже осы сөздердің араб тіліндегі грамматикалық құрылымына негізделген. – Сол сияқты, егер қожайын үш құлға қатысты: «Мынау, немесе анау, немесе анау - азат» деген болса, онда соңғы құл бостандық алады және қожайынға қалған екі құлдың қайсысы – біріншісі әлде екіншісінің босатылуы тиіс екенін анықтау ұсынылады.

IX Тарау

САУДА-САТТЫҚҚА, НЕКЕГЕ ЖӘНЕ Т.Б. ҚАТЫСТЫ АНТ ТУРАЛЫ

Белгілі әрекеттерді істемеу туралы ант оларды үшінші адамның қатысуымен істеу арқылы бұзылмайды. – Егер біреу: «Мен (жылжымайтын мүлікті) сатып та алмаймын, сатпаймын да, жалға алмаймын да, бермеймін де» десе және бұдан кейін әлдекімді сауда-саттық және сол сияқты істерге өзінің өкілі етіп тағайындаса, онда ол ант бұзушы болып табылмайды, себебі, мұндай келісімдердің жеке орындаушысы болып сенім көрсетуші емес (жоғарыда келтірілген антты айтушы), осындай әрекеттің өзі саналады, сондықтан, мұндай келісімдерден туындайтын барлық құқықтар сенім көрсетушіге емес (келісімге өзі тікелей қатысқан жағдайда ант бұзды деп табылар еді), осы өкілге беріледі. Іс осылай қойылған жағдайда антты бұзу шартына, атап айтқанда, келісімге мүдделі адамның өзінің қатысуына жол берілмейді, яғни, ант бұзылмайды, себебі, ол (ант беруші) үшін келісімнің жасалуының өзі емес, тек салдары ғана заңды күшке ие. Сондықтан ол егер өзі қаламаса (ол оның өзі үшін зиян) немесе ант беруші адам жоғары мансап иесі болып, сондықтан келісімді өзі жасауға үйренген жағдайдан басқа уақытта ант бұзды деп табылмайды. Өзінің орнына басқа біреудің әрекет етуін бұйыра тұрып, келісімге өзі қатысса, ол берген антын бұзған болар еді, себебі, ант қандай да бір үйреншікті немесе әдеттегі әрекеттен бас тарту мақсатында беріледі; ал жоғары мансап иесіне сауда-саттық және сол сияқты келісімдерді басқалардың қатысуы арқылы жасау тән; сондықтан, ол басқаларға мұндай келісімдерді жасауға бұйрықтар беріп, ол бұйрықтар орындалған жағдайда ант бұзылады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Жоғарыда келтірілгенге ұқсас ант неке, талақ немесе бостандық беру сияқты әрекеттер басқалар арқылы орындалған жағдайда бұзылады. – Егер біреу: «Мен үйленбеймін» немесе «Мен әйеліме талақ беремін» немесе «Мен өз құлымды бостандыққа жіберемін» деп ант берсе, ал бұдан соң әлдекімге сенім көрсету арқылы осы әрекеттердің бірін өзі үшін орындауды тапсырса және ол адам өзіне сенім көрсеткен адамның еркіне сәйкес әрекет етсе, онда бұл ант бұзылады, себебі, бұл тектес істерде сенім көрсетілген адам тек делдал немесе елші ретінде ғана әрекет етеді, соның нәтижесінде бұл әрекеттер оның өзі емес, тек өзіне сенім артқан адамның орнында ғана жүзеге асады, ал бұл әрекеттерден туындайтын барлық құқықтар сенім көрсетушіге ғана тиесілі. Алайда, егер ант беруші оның ниеті о баста тек өзі ғана істей алатын неке, талақ және бостандыққа жіберу сияқты келісімдермен ғана шектелетінін жарияласа, онда, оның мұндай мәлімдемесі қазының тарапынан қабылданана алмайды; бірақ, ол Алланың алдында қабылданады. – Бұл ережеге негіз болатын тұжырымдар келесі жағдайлардың бірінде баяндалады.

Кейбір әрекеттерді істемеу туралы ант, егер оларды жүзеге асыру құқығы тек ант берушіге ғана тиесілі болса, сол әрекеттерді орындау өкілеті басқаға тапсырылған жағдайда бұзылады. – Егер әлдекім: «Мен құлымды ұрмаймын» немесе «Мен өзімнің қойларымды соймаймын» деп ант берсе, ал бұдан соң осы әрекеттердің бірін орындауды басқа бір адамға бұйырса және оның осы қалауы орындалса, онда ант бұзылды, себебі, қожайын оған тиесілі құлды ұра алады немесе өзінің қойларын соя алады және соған сәйкес, дәл соны істеуді басқаға тапсыра алады. Бұл әрекеттерді орындағаннан түсетін олжа қожайынның пайдасына беріледі, сондықтан, оны ол өзі орындады деп қабылдауға болады, себебі, оларды орындау құқығы өкілеттік берілген адамға тиесілі емес. Егер ант беруші осы әрекеттерді жеке орындаудан бас тартуды көздегенін түсіндірген болса, онда оның мұндай мәлімдемесі қазының алдында қабыл алынуы тиіс. Бұл алдыңғы жағдайдағы талақ және сол сияқтыларға қарсы тұрады, оларға қатысты бұл тектес мәлімдеме қазының тарапынан қабылданбайды. Мұндай айырмашылық мынаға негізделеді: талақ беру тек белгілі сөздерді айтудан ғана тұрады, оның салдарынан әйелі қайтарылады, ал талақ беруді тапсыру осындай сөздерді айтуға ұқсайды. Ант осы екі сөзге де қатысты айтылатындықтан, ант беруші талақты жеке өзі айтпауды көздегенде, ол өзі қолданатын жалпы нәрседен қандай да бір жеке мәселені шығарып алуды ғана ойлауы тиіс, соған байланысты оның мәлімдемесі Алланың алдында қабыл алынса да, қазының алдында қабыл етілмейді, себебі, ол істің айқын жағдайларына қайшы келеді. Ал құлды ұру немесе өзінің қойын сою нәтижесі көзге айқын көрінетін әрекеттер саналады және ол нәтижелер тікелей сол әрекеттің бастамашысының деп табылады (себебі, бұл адам құлды ұруға немесе қойды союға себепкер болып тұр). Сондықтан, ант беруші осы арқылы өзін мұндай әрекеттерді өз қолымен істеуден сақтауды қалағанда ол тек өзінің берген антынан сөзбе-сөз туындайтын мағынаны ғана көздейді, осы себепті оның мұндай мәлімдемесі Алланың алдында да, қазының алдында қабылануы қажет.

Қандай да бір істі орындамау туралы ант оны істеуді басқа біреуге тапсырған жағдайда, егер осы әрекеттен алынатын табыс анттың нысанының пайдасына берілетін болса, бұзылмайды. – Егер біреу: «Мен өз баламды ұрмаймын»

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

деп ант берсе және кейіннен оны ұруды басқа біреуге тапсырса және ол адам оның тапсырмасын орындаса, онда ант бұзылмайды, себебі, бұл әрекеттен туындайтын пайда, атап айтқанда үйрету бала үшін пайдалы; соған сәйкес, мұндай тапсырманы орындайтын адамның әрекеті оның бастамашысы болып тұрған адамға таңылмауы қажет. Біреу өзінің құлын ұруды басқа біреуге тапсырса, онда басқаша болады; бұл жағдайда табыс (атап айтқанда, құлақ қою) бірінші адамның пайдасына беріледі, сондықтан екінші адамның әрекеті бастамашының өзінің – бірінші адамның әрекетімен ұқсас болып саналуы мүмкін.

Құлды оның сатылуына байланысты азат ету туралы ант сауда келісімі жасалған сәттен бастап күшіне енеді, соның нәтижесінде келісім заңсыз болып шығады. – Егер біреу: «Егер мен мына құлды сатсам, ол бостандық алады» десе және кейіннен оны байқау үшін сатып көрсе¹²³, онда құл азат болады, себебі, ол азат етілетін шарттың орындалуына (атап айтқанда, сатуға және сатып алушының иелігіне өтуге) сәйкес оның салдары да, яғни құлдың азат етуі же жүзеге асырылуы тиіс; ал сауда-саттық келісімінің өзі заңды күшінен айырылады¹²⁴. Тура сол сияқты, егер біреу құлды сатып тұрып: «Мен бұл құлды сатып алсам, ол бостандық алады» десе және оны байқап көру шартымен сатып алса, онда құл бостандық алады, себебі, оны құлдықтан азат ету шарты, атап айтқанда, сату және жаңа қожайынның иелігіне өту орындалды. – Екі шәкірттің түсіндірмесіне сәйкес, бұл ереже әрі қарай дәлелдеуді қажет етпейді, себебі, құлды азат етуге сату әрекеті шарт болып қойылған және сатып алушының тарапынан қойылатын байқап көру шарты, олардың ойы бойынша, иелік етуді бастауға кедергі болмайды. Ханифаның түсіндіруі бойынша, жоғарыда баяндалған тұжырым да айқын және әрі қарай дәлелдеуді қажет етпейді, себебі, бостандық беру сауда-саттық келісімі жасалғанға дейін ант берушінің еркі бойынша шартпен байланыстырылған және кейінге шегерілген болып табылады, ал шартпен байланыстырылу және кейінге шегерілу бұған қойылған шарттың өзі орындалған болса, тікелей орындалуға ұқсас болады. Егер байқап көру шартымен сатып алғаннан кейін сатып алушы құлды бірден босатып жіберсе, онда бостандыққа жіберу сатып алушының құқығы орнағаннан кейін жүзеге асқан болар еді. Бұл пікір осы қарастырылып отырған жағдайда да қолданылады.

Құлды сатпау шарт етіп қойылған ажырасу оны толық босатқаннан кейін немесе *тадбир* келісімі жасалғаннан кейін орындалады. – Егер біреу: «Егер мен бұл құлды (немесе күнді) сатпасам, онда менің әйелім талақ болады» деп ант берсе және бұдан кейін құлды немесе күнді бостандыққа жіберсе немесе олардың біріне тадбир берсе, онда оның әйелі талақ болады, себебі, бостандыққа жіберудің немесе тадбирдің нысаны болған адамдармен сауда-саттық жасау мүмкіндігінің жоқтығынан, оған (талаққа) қойылған шарт – сатпау орындалып тұр.

Әйелі тарапынан күйеуін екі әйел алғаны үшін кәналауға жауап ретінде талақ беру туралы айтылған ант ол әйелге қатысты да, басқа әйелдерге қатысты да күші бар деп саналады. – Егер әйелі күйеуіне: «Сен менен басқа бір әйелмен некеге тұр» десе және күйеуі бұған жауап ретінде: «Менің әйелдерімнің әрбірі - талақ» десе, онда (қазының үкімі бойынша) жоғарыдағы сөзді айтқан әйел талақ

¹²³ Яғни, ол сатып алушыға ұнамаған жағдайда үш күндік мерзімнен кейін қайтарылу шартымен

¹²⁴ Яғни, иесі сауда-саттық келісімімен шарт етілген құнды талап ете алмайды

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болады. «Захири-Риуайат» осылоай дейді. - Әбу Йусуфтің бұл жағдайда сөз болған әйел талақ болмайды, себебі, күйеуінің келтірілген сөзі тек әйелінің сөзіне жауап ретінде ғана қарастырылуы және қабылдануы тиіс деген пікірінің бар екені белгілі; сонымен қатар, мұндай сөзді айтып тұрып күйеуі тек әйелінің көңілін орнына түсіріп, оны тыныштандыруды көздеуі мүмкін, ал бұл нәтижегебасқа барлық әйелдерге берілген талақ арқылы қол жеткізуге болатындықтан, талақ дәл сол басқа әйелдермен шектелуі тиіс. «Захири-Риуайатта» баяндалған көзқарас мына тұжырымға негізделеді: күйеуінің сөзі оған «әрбір» деген сөз қосылғандықтан, жалпылама мағына береді: бұдан оның ниетінің жеке емес, жалпы сипаты көрінеді. Бұдан, күйеуі берген антты жауап деп емес, *de novo* сөз деп түсіну қажеттігі шығады. Әбу Йусуфтің дәлелдеріне қатысты мынаны ескертуге болады: әйелі күйеуін оның тарапынан орындау заңды саналатын нәрсеге бола айыптап отыр, сондықтан, күйеуінің сөзін әйелін қорқытуды немесе үрейін алуды қалау мағынасында айтылды деп түсінуге болады; бұлай деп түсіндірген жағдайда талақты тек басқа әйелдермен шектеу дұрыс емес. – Егер күйеуі өзінің тек басқа әйелдерге ғана талақ беруді көздегенін мәлімдеген болса, онда мұндай мәлімдеме қазының алдында емес, Алланың алдында қабылдануы қажет, себебі, ол жалпылама сөз айту арқылы жеке мәселені көздеп тұр, оның сөзін осылай деп түсінуге болса да, дегенмен, бұлай деп түсіндіру істің айқын жағдайларына қайшы келеді. Сондықтан, оның мәлімдемесіне заң тұрғысынан емес, діни көзқарас тұрғысынан сенім көрсетілуі мүмкін.

Х Тарау

ҚАЖЫЛЫҚҚА, ОРАЗАҒА ЖӘНЕ НАМАЗҒА ҚАТЫСТЫ АНТ ТУРАЛЫ

Маши туралы ант. – Егер біреу: «Алланың үйіне маши жасау (жаяу қажылық)» туралы ант берсе, онда ол қажылықты немесе «умраны» жаяу жасауға міндетті. Егер ол қаласа, қажылық немесе умраға атқа мініп баруына болады, бірақ, мұндай жағдайда ол құрбан шалуы тиіс. Бұл заңды қолайлы түсіндіру ұстанымына негізделген. *Қиас* бойынша ант беруші діндарлық әрекет ретінде міндет болып саналмайтын «Алланың үйіне жаяу баруға» міндеттенгендіктен, ол үшін үлкен қажылық та, кіші қажылық та міндетті емес болған болар еді, жаяу бару, керісінше, талғаусыз сипат болып саналады; сонымен бірге, жаяу бару алғашқы ниет болып табылмайды, себебі, ант беру кезінде қажылық немесе умра жасаудың өзі көзделді. Бұл жағдайда заңды барынша қолайлы түсіндіруге келесі жағдайлар себеп болады: біріншіден, Әли жоғарыда келтірілгендей ант берілген жағдайда не үлкен қажылық не умра жасау міндетті болады деген; екіншіден, жоғарыда келтірілгендей антты айту кезінде не үлкен қажылық, не умра жасау ойға алынады; сондықтан, жоғарыда келтірілген ант мынаған тең: «Мен Алланың үйін жаяу зиярат етуге тиіспін», сол себепті, үлкен қажылық немесе умраны жаяу жасау міндетті болып табылады; ал егер ол екеуінің біріне атпен барғысы келсе, онда құрбан шалуы қажет.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Құлды бостандыққа жіберу үшін қажылық жасамау шарт болып қойылған ант. – Егер біреу: «Егер биыл қажылық жасамасам, онда менің мынадай құлым бостандық алады» деп ант берсе және сол жыл аяқталған соң қожайын мен құлдың арасында дау туса, әрі құл қожайынның қажылыққа бармағанын, ал қожайын басқаны дәлелдеумен болса және құлдың куәгерлері «қожайынның осы жылы Куфа қаласында құрбан бергені» жайлы дерек берсе, онда (Ханифа мен Әбу Йусуфтің пікірі бойынша) құлға бостандық берілмейді. – Имам Мұхаммед құлға бостандық берілуі тиіс деп санайды, себебі, куәгерлердің берген жауаптары бойынша, қожайын Куфада құрбандық шалды, ал бұдан оның қажылық жасамағаны көрінеді, яғни құлды босату үшін антта қойылған шарт орындалды (атап айтқанда, қажылық жасамау).

Ораза ұстамау туралы ант. – Егер біреу «ораза ұстамауға» ант берсе, ал кейіннен ораза ұстағысы келіп, біраз ораза тұтса және дәл сол күні оразасын бұзса, онда ол ант бұзушы болып табылады, себебі, оның берген антының шарты орындалып тұр, себебі, «саум» (ораза) сөзі арқылы тақуалық мақсатпен ұсталатын ораза аталады, ал ораза – белгілі бір нәрселерді қолданудан бас тарту, ал бұл жағдайда оған айқын жол беріліп тұр.

Күні бойы ораза ұстамауға ант беру. – Егер біреу: «бір күн бойы ораза ұстамауға ант берсе» және бұдан соң ораза тұтып, оны бірнеше сағат бойы (мысалы) ұстаса, ал кейіннен оны бұзса, онда ол ант бұзушы болып табылмайды, себебі, ол заң алдында назарға алынатын ораза туралы ойлады, ал мұндай ораза күн батқанға дейін жалғаспаса, ұсталды деп саналмайды. Сонымен бірге, антта күннің толық ұзақтығы: «Мен бір күн бойы ораза ұстамаймын» деген сөздермен нақты ескертіліп тұр, сондықтан, мұндай антты осы мағынада түсіну қажет.

Намаз оқымау туралы ант. – Егер біреу «намаз оқымауға» ант берсе және кейіннен тұрып *қираат* (Құран оқу) немесе *рукуә* (намаз оқу кезінде тізе бүгу) жасаса, онда ол ант бұзушы болып табылмайды. Бірақ, егер ол жоғарыда аталған әрекеттермен бірге *сәжде* жасаса, онда ол ант бұзушы болады. Бұл заңды қолайлы түсіну ұстанымына негізделген. Қиас (ұқсастық) бойынша, осы жағдайдың жоғарыда қарастырылған жағдайға сәйкес келуі бойынша, ант намаз оқыла бастағаннан сәттен бастап бұзылды деп саналуы тиіс еді: яғни, егер біреу «ораза ұстамауға» ант берсе және дінмен бекітілген оразаны ұстай бастаса, онда ол осы ораза ұсталған сәттен бастап ант бұзды деп табылады; бұл ереже осы жағдайға да қатысты қолданылады. Мұндай түсіндірме мынадай ойға негізделеді: дін арқылы бекітілген оразаны бастаған адам *саим*, яғни ораза ұстаушы деп аталатыны сияқты, намаз оқи бастаған адам *мусалли*, яғни намаз оқушы деп аталады. Бұдан да қолайлы түсіндірме мынаған негізделеді: намаз оқу сәждеге тұру, тізе бүгу, және сәждеге маңдайын қою сияқты көптеген рәсімдерді қамтиды; сондықтан, бір ғана әрекеттен – бас тартудан ғана тұратын оразамен салыстырғанда, аталған рәсімдердің барлығы аяқталып болғанша намаз оқудың өзін толық орындалды деп санауға болмайды.

Егер біреу: «заң үкімдері бойынша намаз оқымауға» ант берсе, ал бұдан соң намаз оқи басатаса, онда оның берген анты намаз оқушы намаздың екінші руқуғты талап ететін жеріне жеткенге дейін бұзылады, себебі, жоғарыда келтірілген анттың айтылуына қарап оны берушінің намаздың заңда үкім етілген түрін ойлады деп

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

санауға болады; ал заңмен бекітілген намаздың ең қысқасы екі руқуға тең деп саналуы қажет, себебі, Пайғамбар қысқа немесе үзілген намаз оқуға тыйым салған.

ХІ Тарау

КИІМГЕ ЖӘНЕ ӘШЕКЕЙЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ АНТ ТУРАЛЫ

Күйеуінің әйелі тіккен киімді кимеуге берген анты. – Егер біреу өз әйеліне қарап тұрып: «Егер мен сенің жұмысыңнан әлдене киген болсам (сен тоқыған матадан тігілген киім), онда ол *хад* (Пайғамбардың табытына құрбан) болады» деп ант берсе, ал кейіннен осы адам мақта сатып алып, әйелі одан жіп иіріп және одан киім тоқылатын болса және оны осы адам киетін болса, онда Ханифаның пікірі бойынша, ол киімді Меккеге құрбандыққа әкелуге міндетті. – Екі шәкірті егер киім тоқуға пайдаланылған жіп сол адам жоғарыда келтірілген антты берген сәтте оған тиесілі болған мақтадан иірілмесе, ант беруші киімді құрбандыққа әкелуге міндетті емес деп санайды. Олар *назр*, яғни арнау туралы ант егер ант берушіге іс жүзінде тиесілі меншікке қатысты болмаса немесе ол иелік ету құқығының себебі нұсқалмай айтылған болса, заңды күшке ие емес деп дәлелдейді. Бұл жағдайда бұл белгілердің бір де бірі анық көрініс тауып тұрған жоқ, себебі, көйлек кию немесе сол көйлек тоқылған жіпті иіру мұндай антты берушінің билік ету құқығының себебі болып табылмайды. – Ханифа бұған қарсы келеді, оның айтуынша, әйелі, әдетте, жіпті өзінің күйеуіне тиісті мақтадан иіреді, яғни, әлдене әдеттегі нәрсе деп табылатын болса, онда барлық жағдайда сол туралы айтылып тұр деп саналады: ал бұл жағдайда күйеуіне тиесілі мақтадан иірілген жіптен киімнің тоқылу әрекеті күйеуінің осы киімге иелік ету құқығына себеп болып табылып тұр¹²⁵. Бұл жерде меншік құқығына қатысты *назрге*, арнау антына нұсқау көрініп тұр; сондықтан, мұндай анттың заңды күші бар деп табылады; осының нәтижесінде, ант беруші адам егер оны айтқан кезде оған тиесілі болған мақтадан жіп иірген болса, онда ол өз антын бұзды деп табылады¹²⁶.

Егер біреу «мұндай төсекте ұйықтамауға ант берсе» және кейіннен ол төсекте ұйықтайтын болса, әрі ол жерде көрпе, ақ жайма және т.б. төселген болса, онда ол ант бұзды деп табылады, себебі, бұл тектес жамылғылар төсекке қажетті бұйымдарға жатады және сондықтан, осылар тектес жамылғының үстінде ұйықтау төсектің өзінің үстінде ұйықтаумен тең. Бірақ, егер антта айтылған төсектің үстіне басқа төсек төселген болса, онда ант бұзылмайды, себебі, қандай да бір затты оған ұқсас затқа қажетті бұйым деп санауға болмайды, соның нәтижесінде мұндай төсекте ұйықтауды антта айтылған төсекте ұйықтауға тең деп санауға болмайды.

Егер біреу: «жерде отырмаймын» деп ант беріп, кейіннен жерге төселген кілемге немесе көрпенің үстіне отыратын болса, онда ант бұзылмайды, себебі, бұл жағдайда ант беруші адам жерде отыр деп айтуға болмайды. Егер отырған адамның денесі мен жердің арасында тек оның киімінің етегі ғана болса, онда ант бұзылады, себебі, киім

¹²⁵ Мұсылмандардың заңдары бойынша әрбір заттың өзгертілуі бұл заттың алғашқы иесінен екінші иесіне көшуінің белгісі

¹²⁶ Бұл жерде аудармада қалдырылған анттардың ұзын тізімі келтірілген

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оны киіп жүрген адамның заты болып саналады және үстіне отыруға болатын жеке зат түрінде қарастырыла алмайды.

Егер біреу қандай да бір орындықтың үстіне отырмауға ант берсе және кейіннен ол басқа бір нәрсемен жабулы болған кезде оның үстіне отыратын болса, онда осы әрекет арқылы берілген ант бұзылады, себебі, сол жамылған нәрсенің үстінде отырған адам орындықтың өзінің үстінде отыр деп саналады, себебі, орындық пен түрлі биік отырғыштардың үстін осылай жабу әдетте бар деп саналады. Ал егер антта айтылған орындықтың үстіне басқа бір орындық қойылса және ант беруші осы үстіңгі орындыққа отыратын болса, онда ант бұзылмайды, себебі, екінші орындық та бірінші орындыққа ұқсас, ал өзара ұқсас заттарды (жоғарыда айтылғандай) бір-біріне тиесілі деп санауға болмайды; сондықтан, екінші орындықтың үстінде отыруды антта айтылған бірінші орындықтың үстінде отырумен бірдей деп санауға болмайды.

ХІІ Тарау

ҰРУҒА, ӨЛТІРУГЕ ЖӘНЕ Т.Б. ҚАТЫСТЫ АНТ ТУРАЛЫ

«Біреуді ұрмауға» берілген ант егер ол адам өлгеннен кейін ұрылған жағдайда бұзылмайды; «біреуді киіндірмеуге» берілген ант та сол сияқты. – Егер біреу (басқа біреуге қарап тұрып): «Егер мен сені ұрсам, онда менің құлым азат болады» деп ант берсе және бұдан кейін бұл адамды ол өлгеннен кейін ұрса, онда ант бұзылмайды, себебі, ұру сол ұрылатын адамның денесін ауыртатын және оның ашуын келтіретін әрекет ретінде оның өмірімен шектеледі. Сол сияқты, егер біреу басқаға: «Егер мен сені киіндірсем, менің құлым азат болады» десе және бұдан соң оны ол өлгеннен кейін киіндірсе, онда бұл әрекет арқылы жоғарыда айтылған ант бұзылмайды, себебі, «киіндіру» деп ол екі ұшты айтылып тұрған кезде меншіктің көйлекке толығымен берілуі туралы айтылып тұр, ал өлген адамға қатысты меншік берілмейді; ал егер ант беруші «киіндіру» дегенде жабуды (үстіне кигізу) ойлаған болса, онда ант бұзылады, онда, ант бұзылады, себебі, бұл жағдайда оның сөзін осы мағынада түсінуге болады (Кейбір ғалымдар егер біреу антты «Егер мен сені киіндірсем, онда менің құлым азат болады» деп парсы тілінде айтқан болса және бұдан соң ол өлгеннен кейін киіндірсе, онда оның берген анты бұзылады, себебі, ауызекі тілде киіндіру деп жай ғана үстін жабу айтылады деп санайды).

«Біреумен сөйлеспеуге» немесе «біреуге бармауға» берілген ант осы әрекеттер онда айтылған адам өлгеннен кейін орындалған жағдайда бұзылмайды. – Егер біреу басқа біреуге қарап тұрып: «Егер мен сенімен сөйлесетін болсам немесе саған баратын болсам, онда менің құлым азат болады» деп ант берсе және бұл адам өлгеннен кейін онымен сөйлесетін болса немесе оған келсе, онда бұл әрекет арқылы ант бұзылмайды, себебі, біреумен сөйлесу кезінде оған өзінің ойын жеткізу көзделеді, ал адам өлгеннен кейін бұлай істеу мүмкін емес; ал «өлілерге айту» дегенде өлілердің өзі емес, оладың қабірін зиярат ету, яғни оған бару туралы айтылады.

«Біреуді жуындырмауға» берілген ант осы әрекет онда айтылған адам өлгеннен кейін орындалған жағдайда бұзылмайды. – Егер біреу басқа біреуге қарап тұрып:

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

«Егер мен сені жуындырсам, онда менің құлым азат болады» десе және осыдан соң бұл адам өлген соң оны жуындырса, онда осы әрекет арқылы ант бұзылады, себебі, «жуындыру» дегенде мәйітті жуу кезіндегі тазарту түрінде орындалатын әрекет аталады.

«Ұрмауға» берілген ант, егер ол қалжың түрінде болмаса, кез келген жанға тиетін әрекет арқылы бұзылады. – Егер біреу «өзінің әйелін ұрмауға» ант берсе және бұдан соң оның шашынан жұлса немесе алқымынан қысса немесе тістеп алса, онда осы әрекет арқылы ант бұзылады, себебі, «ұру» деген ұғым жанға ауыр тиетін барлық әрекеттерді қамтиды, ал мұндай әрекеттер, әрине, ауыр тиеді.

Өлген адамды «өлтіруге» берген ант оның өтемін жасауға міндеттейді. – «Егер мен соны өлтірмесем, онда менің әйелім талақ болады» деп ант берсе және антта айтылған адам тірілер қатарында болмаса, ал бұл ант берушінің өзіне мәлім болса, онда ант бұзылады, себебі, ант осы өлген адамға Алла бере алатын өмірге қатысты беріліп тұр; ал бұлай болуы әбден мүмкін болатындықтан, оның антының заңды күші бар, сонымен қатар, ол бұзылды деп саналуы тиіс, себебі, әдет бойынша өлген адамды қайтадан өлтіру мүмкін емес. Алайда, егер ант берушіге антта айтылған адамның өлімі жайлы белгілі болмаса, онда ант бұзылмайды, себебі, бұл жағдайда ант онда айтылып отырған адамға тән деп саналатын өмірге қатысты айтылып тұр, ал іс жүзінде ол жоқ. – Бұл жағдай су құйылған ыдыс жағдайына ұқсас болуына байланысты, бұған қатысты Ханифа мен Әбу Йусуфтің арасында пікір алшақтығы бар; яғни, егер біреу: «Егер мен мына ыдыстан су ішсем, онда менің әйелім талақ болады» деп ант берсе және ыдыста судың жоқ болғаны анықталса, онда Ханифа мен Мұхаммедтің пікірі бойынша, антты орындау мүмкін емес болып тұрғандықтан, оның заңды күші жоқ саналады, яғни, ант бұзылмайды. Ал Әбу Йусуфтің пікірі бойынша, ант бұзылады, себебі, ол анттың орындалу мүмкіндігін оның заңды болуының шарты деп санамайды және қарастырылып отырған жағдайда осы пікірді ұстанады. – Алайда су құйылған ыдыс туралы жағдайда ыдыста судың бар болуы мен жоқ болуының арасында айырмашылық жасалмайды, яғни ант беруші (Ханифа мен Мұхаммедтің ілімі бойынша) ыдыста судың бар немесе жоқтығына қарамастан, ант бұзушы болып табылмайды; мұндай түсіндірме қолданады. Ал бұл жағдайда айырма жасалады және жоғарыда көрсетілгендей, бұл алдыңғы жағдайдан басқа деп табылады.

ХІІІ Тарау

АҚША ТӨЛЕУГЕ ҚАТЫСТЫ АНТ ТУРАЛЫ

Ант беру кезінде айтылатын «таяу арада» және «біраз уақытта» тіркестерінің айырмашылығы. – Егер біреу: «Мен оған қарызымды таяу арада төлеймін» деп ант берсе, онда мұны бір айдан аз мерзім деп түсіну қажет; ал егер ол: «Мен оған қарызымды біраз уақытта төлеймін» десе, онда мұны бір айдан көп уақыт деп түсіну қажет, себебі, кез келген бір айдан кем уақыт қысқа, ал бір айдан көп уақыт ұзақ мерзім болып саналады; соған байланысты ұзақ уақыт көріспеген екі дос қайта кездескенде бірі біріне: «Мен сені осы айда көрмедім» дейді.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Қарызды төлеу туралы ант салмағы кем не сапасы нашар теңгемен (монета) немесе басқа біреуге тиесілі ақшамен орындалады. – Егер біреу: «Мен оған қарызымды бүгін төлеймін» деп ант берсе және бұдан соң осы қарызды расында да ант берген күні төлесе, әрі төленген ақшаның бір бөлігі салмағы кем немесе сапасы нашар теңгеден, сондай-ақ басқа біреуге тиесілі ақшадан тұрса, онда бұл арқылы берілген ант бұзылмайды, теңгенің салмағының кем болуы оның жоғалтатын кемшілік емес. (Сондықтан, ақшаны *сарф* жасағанда, яғни айырбастағанда өзінің жеке ұқыпсыздығынан сапалы металдың орнына сапасыз металл ақша алатын болса, соған қарамастан айырбас толық орындалды деп, сол сияқты, *сәлам* (ақша ұсату) кезінде де ақша ұсатушы сапалы теңгенің орнына сапасыз теңге алатын болса, ақша ұсатылды деп саналады). Осы себепті, антқа қойылған шарт (атап айтқанда, қарызды төлеу) орындалды деп саналуы қажет, яғни ант беруші оны бұзды деп табылмайды. Сол сияқты, үшінші адамға тиесілі ақшаны алу да егер ол кейіннен өзінің заңды иесіне қайтарылып берілсе, анттың орындалуының дұрыстығы мен оның заңдылығына еш нұқсан келтірмейді. Алайда, егер қарызды төлегеннен кейін ақшаның бір бөлігі қорғасын немесе қалайыдан тұратыны мәлім болса, онда бұл берілген антты бұзады, себебі, бұл металдар құнды деп саналмайды, соған байланысты, *сәлам* немесе *сарф* келісімдері кезінде төлем солар арқылы ұқыпсыз орындалса, онда мұндай төлем заңды болып саналмайды.

Қарызды төлеу туралы ант оны жою арқылы орындалады. – Егер ант беруші өзіне қарыз берген адамға қарызының орнына құлын сатса және қарыз беруші мұнымен келіссе, онда осы тәсіл арқылы ант орындалады, себебі, қарызды жою оны төлеудің бір жолы болып саналады, яғни, бір жақтың қарызы екінші жақтың қарыз міндеттемесін жабады (себебі, қарыз беруші өзі алғанының барлығына жауап береді, себебі, алғандары оның меншігіне айналады, яғни, қарызгерден әлдеңе алған кезде мұндай алынған нәрсе болып қарыз берушінің қарызгерге қарызы бекітіледі, ол қарыз қарызгердің қарыз берушіге қатысты алғандағы қарызымен бірдей болады). Сондықтан, олардың арасында өзара қарыз жою және бөлу амалдары орындалып отырады. Қарызды осылай жою арқылы төлеуге жол беріледі, себебі, қарызгер тек мүлік ұсынып тұрғандықтан, оны іс жүзінде төлеу мүмкіндігі жоқ, ал қарыз берушінің мүлік емес, қарызын алуға құқығы бар; сондықтан, заңгерлер: қарыз қандай мүлікпен алынса, сондай мүлікпен төленуі тиіс дейді. Осылайша, қарызды төлеудің бір жолы оны жою саналатындықтан, бұл жағдайда сол арқылы ант орындалады, себебі, жоюдың өзі құл сатылған сәтте бірден орындалады.

Қарсылық. – Жою құлды сатқан сәтте бірден орындалатын болса, онда сатып алушының иелік етуге кірісу неге міндетті шарт болып қойылады?

Жауап. – Иелік етуге кірісу құлды сатушыға тиесілі баға толық белгіленіп, бекіген қарыз түрінде міндетті шарт болып қойылады, себебі, бұл қарыз сауда-саттық келісімі жасалған сәттің өзінен бастап сатып алушының мойнында тұрса да, оның қысқаруы да мүмкін, себебі, сатылған зат оған иелікке кірісуге дейін өлуі мүмкін; ал иелік етуге кірісу арқылы, қарыз сатып алушы үшін міндетті болып толықтай белгіленеді және бекиді.

Қарызды төлеу анты қарыз берушінің тарапынан жасалған сыйлық арқылы орындалмайды. Егер ант берілген күні қарыз беруші қарызгерге оның қарызын

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сыйласа, онда бұл әрекет арқылы ант орындалмайды, себебі, қарыз төленген жоқ; сондай-ақ, ол тек қарызгер ғана орындайтын әрекет, алайда бұл қарызды сыйлау қарыз берушінің оған өз құқығынан бас тартып отырғанын көрсетеді, ал ол қарыз берушінің тарапынан орындалған әрекет болып тұр, соған сәйкес, анттың шарты (қарызгердің әрекеті) орындалған жоқ. Алайда, бұл жағдайда ант орындалмаса да, ант бұзылушылық болып тұрмағанын, бірақ, ант өз күшінен айырылатынын ескерту қажет; себебі, ант оны айтқан күнмен шектелген және қарыз беруші қарызды осы күні сыйласа, осы әрекет арқылы ант беруші оны уақыты өткенге дейін орындау мүмкіндігінен айырылады, оған бұл жағдайда уақыт қалып тұрған жоқ, соған сәйкес ант су құйылған ыдыс¹²⁷ жағдайындағы сияқты өзінің заңды күшінен айырылады.

Қарызды бөліп төлеуді қабылдамау туралы ант қарыз толық төленіп біткенше бұзылды деп саналмайды. – Егер қарызгер өзіне қарыз берушіге қарызын бөліп төлеуді ұсынса және қарыз беруші оған: «Мен маған тиесілі қарызды осылайша, тұтас емес, бөліп алмаймын» деп жауап берсе және бұдан соң қарыздың бір бөлігінің төлемін алса, соған қарамастан, ант қарыз осы тәсілмен толық төленіп біткенше бұзылмайды, себебі, бұл жағдайда ант бөліп емес, тек қарыз толық төленсе бұзылады, бірақ, қарыз толық төленіп тұрған жоқ. – Егер қарыз өлшенетін заттардан тұратын болса және ант беруші қарыздың төлемін екі немесе бірнеше рет өлшеп алса және ол осы өлшемдердің арасында осы қарыз басқа ешбір жолмен төленбесе, онда қарыз бөлініп төленгеніне қарамастан, ант бұзылмайды, себебі, мұндай қарызды тұтасымен бір рет алудың мүмкіндігі жоқ. Бұл жағдайда жоғарыда баяндалған жалпы ережеден бөлек тұратын ерекше жағдай болып табылады.

Егер қарыз беруші өзінің қарызгерінен қарыздың бір бөлігін, мысалы, екі жүз дирһемді төлеуді талап етсе және қарызгер өзінде ондай ақшаның жоқ екенін айтса, ал қарыз беруші оған сенбесе, оған қарызгер: «Егер менде жүз дирһемнен артық ақша болса, онда менің әйелім талақ болады» деп жауап берсе және осы кезде оның анық елу дирһемі ғана болса, онда ол бұл жағдайда ант бұзушы болып табылмайды. Бұл жағдайда осындай мәлімдеме жасау арқылы ол тек өзінде жүз дирһемнен артық ақша жоқтығын айтқысы келді, сондықтан бұл жүз дирһемді шығарып тастау оның жүзден кез келген бөлігін қамтиды, ал елу – осы бөліктің бірі, сондықтан, ант елу дирһемге әсер ете алмайды және ол ант бұзушы болып табылмайды. Дәл осы ереже ант беруші «жүз дирһемнен артық» деген орнына «жүз дирһемнен басқа» немесе «жүз дирһемнен жоғары» деген жағдайға қатысты да қолданылады, себебі, осы сөздердің барлығы арқылы қажетті сомадан аз сома белгіленеді.

XIV Тарау

ӘР ТҮРЛІ ЖАҒДАЙЛАРҒА ҚАТЫСТЫ АНТ ТУРАЛЫ

Әлденені істемеу туралы ант шектелмей айтылған жағдайда үнемі тыйымды білдіреді. – Егер біреу: «Мен оны істемеймін» деп ант берсе, онда ол өзінің антында айтылғанды істеуден үнемі тыйылып жүруі керек, себебі, бұл ант жалпы

¹²⁷ VI тарауды қара

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сөздермен айтылған, соған сәйкес, «істемеу» ұғымы шектелмей айтылғандықтан, оған қойылатын тыйым да жалпылама сипатта болады.

Әлденені істеу туралы ант, егер антта айтылған әрекет ең болмағанда бір рет істелсе де, орындалды деп саналуы қажет. – Егер біреу: «Мен соны істеймін» деп ант берсе және бұдан соң ант айтылған әрекетті бір рет істесе, онда анттың өзі орындалды деп саналуы тиіс, себебі, анттың айтылу үлгісінен көруге болатындай, бұл әрекетті бір рет істеу жоспарланған: сондықтан, анттың орындалуына онда айтылған әрекеттің бір рет істелуінің қандай – ерікті, әлде мәжбүрлі болуына қарамастан, ол шарт болып қойылған. Мұндай жағдайда, сонымен қатар, ант беруші егер ол антта айтылған әрекетті істеу мүмкіндігінен толық айырылған болмаса, ешқашан өз антын бұзды деп саналмайды, ал бұл тек ол өлген жағдайда немесе әрекеттің өзі қатысты нәрсе түпкілікті жойылған жағдайда болуы мүмкін.

Жоғары билік иесі берген анттың тек осы адам билік басында тұрған уақытта ғана күші болады. – Егер сұлтан немесе қандай да бір елдің немесе аймақтың басқа бір жоғары билеушісі немесе жоғары соты әлдекімнен «оның аумағына аяқ басатын кез келген дұшпанның мекен-жайы туралы осы билік иесіне хабарлап тұруы жайлы» ант беруін талап етсе және ол адам осындай ант берсе, онда бұл ант оны беруге бастама жасаған адамның билігі жүріп тұрған кезде ғана және одан ұзақ мерзімге емес, міндетті болады. Бұл ереже мына пікірге негізделген: билік иесі мұндай антты беруге мәжбүрлеп тұрып, жауыздарды жазалау жолымен, қаскөй адамдардың зұлымдығының бетін қайтаруды немесе басқаларға жасалуы мүмкін қаскүнемдіктің алдын алуды көздеді; сондықтан, мұндай антты беруге бастама жасаған адамдардың билігі тоқтағаннан кейін ант арқылы талап етілетін мәліметтерді жеткізудің ешбір мағынасы болмайды және олар пайда әкеле алмайды; ал билік оның иесі өлген немесе қызметінен кеткен жағдайда тоқтауы мүмкін.

Бірденені сыйға тарту туралы ант онда айтылған нәрсе сыйға ұсынылып, бірақ қабыл алынбаса да орындалды деп саналуы тиіс. – Егер құлдың қожайыны «осы құлды сол адамға сыйға беруге» ант етсе және құлды антта айтылған адамға ұсынса, ал ол адам оны алудан бас тартса, соған қарамастан, ант орындалды деп саналуы тиіс. – Бұл Зуфардың түсіндірмесіне қайшы келеді, ол сыйға беруді саудасаттықпен теңестіреді, оның ойынша, екі келісім арқылы да мүлік бір адамнан екінші адамға беріледі; ал егер біреу «өзінің антын сол адамға сатуға» ант берсе, ал ол адам оны сатып алудан бас тартса, онда ант орындалман күйде қалады; осы тұжырымды Зуфар қарастырылып отырған жағдайға қатысты да қолданады. – Бұған біздің ғалымдарымыз екі түрлі қарсылық білдіреді: біріншіден, сыйға тарту тек оны берушінің тарапынан ғана орындалатын ерікті немесе қайтарымсыз әрекет болып табылады және оны алушының еркі немесе келісіміне қарамайды; сондықтан, біз: «осындай біреу сондай біреуге соны және соны сыйға берді» дейміз және ол адамның сыйды қабылдамауы да мүмкін; екіншіден, жоғарыда келтірілген ант сияқты антты беру кезінде ант беруші өзінің жомарттығы мен кеңпейілдігін танытуды көздейді және бұл мақсатқа сый беру арқылы қол жеткізіледі, ал сауда-саттық тек оған қатысатын екі тараптың да өзара орындайтын міндеттемесін танытады.

Хош иісті шөптер немесе гүлдерге қатысты берілген ант түрлері олардың атауына тән жалпыға белгілі мағынасына сәйкес күшке ие. – Егер біреу: «раки

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

иіскемеуге» ант берсе және бұдан соң раушан немесе ақтамақ гүлді иіскейтін болса, онда ол бұл әрекеті арқылы өз антын бұзбайды, себебі, «раки» термині сабағы жоқ гүлді атауға қолданылады, ал раушан мен ақтамақ гүлдің сабағы немесе бұтағы бар.

Егер біреу «фиалка сатып алмауға» ант берсе және мұны айту арқылы айтарлықтай еш нәрсені ниет етпесе, онда жалпыға белгілі әдет бойынша, бұл антты фиалка гүлінің майына қатысты деп түсіну керек, ол әдет бойынша фиалка гүлінің майын сатушыны «фиалка сатушы» деп атайды; ал бұл сатып алу сатуға негізделгендіктен, фиалка майын сатып алушы «фиалка алушы» деп аталады. – (Кейбір ғалымдар «фиалка» термині Үндістанда тек фиалка гүлінен алынатын май емес, гүлдің өзін атауға қолданылатынын айтады) – Егер ант беруші «гүл сатып алмаймын» деген болса, онда бұл антты (гүлден алынатын) майға емес, тек жапырақтарына қатысты деп түсіну керек, себебі, бұл анттың сөзбе сөз мағынасы осындай. Мұндай түсіндірме жалпыға белгілі әдетке сәйкес келеді, себебі, «гүлдер» термині әдетте осы гүлдің жапырақтарын айту көзделеді. Ал фиалкаға қатысты әдет басқаша қалыптасқан, себебі, «фиалка» термині әдетте фиалка майын атауға қолданылады.

Бірінші томның соңы.

ХИДОЯ

МҰСЫЛМАН ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕСІ

II том

VII-XXII – кітаптар

- VII – кітап. ХУДУД НЕМЕСЕ (ХАДД) ЖАЗА ТУРАЛЫ**
VIII – кітап. САРАҚ, НЕМЕСЕ ҰРЛЫҚ ТУРАЛЫ
IX – кітап. СИЯР, НЕМЕСЕ ҚАУЛЫЛЫАР ТУРАЛЫ
**X – кітап. ЛАҚЫТКЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢДАР НЕМЕСЕ
ТАСТАНДЫ БАЛА**
XI – кітап. ЛУКАТ, НЕМЕСЕ ОЛЖА ТУРАЛЫ
XII-кітап. ИБАҚ, НЕМЕСЕ ҚҰЛДАРДЫҢ ҚАШУЫ ТУРАЛЫ
**XIII-кітап. МАФКУДА, НЕМЕСЕ ІЗ-ТҮССІЗ
ЖОҒАЛҒАНДАР ТУРАЛЫ**
XIV-кітап. ШИРКАТ, НЕМЕСЕ ОРТАҚТАСТЫҚТУРАЛЫ
XV-кітап. ВАКФ ТУРАЛЫ
XVI-кітап. САТЫП АЛУ – САТУ ТУРАЛЫ
**XVII-кітап. САРФТЫ ЖҰМСАУ, НЕМЕСЕ ҚАРЖЫ
ЖҰМСАУ ТУРАЛЫ**
XVIII-кітап. КАФАЛИЯТ НЕМЕСЕ КЕПІЛДІК ТУРАЛЫ
**XIX-кітап. ГАВАЛИТ, НЕМЕСЕ ҚАРЫЗДЫ АУДАРУ
ТУРАЛЫ**
XX –кітап. ҚАЗИДІҢ МІНДЕТТЕРІ
**XXI –кітап. ШАХАДАТ НЕМЕСЕ ДӘЛЕЛ –ДӘЙЕКТЕР
ТУРАЛЫ**
XXII –кітап.ТҮСІНІКТЕМЕ БЕРУДЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ

II-томның қысқаша мазмұны

VII-КІТАП: ХУДУД, НЕМЕСЕ ЖАЗА ТУРАЛЫ

I-тарау. Зина, немесе жеңіл жүріс- жезөкшелік туралы.

Зинақорлық немесе бұзылу, жолдан адасу фактісін дәлелдеу немесе мойындату арқылы анықтау мүмкін. Ол үшін төрт куәгердің көрсетпесі қажет. Куәгерлерден тиянақты сұрақ-жауап алынуы тиіс. Талапқа сай жауап алынған соң үкім жарияланады. Мойындату төрт рет қайталануы тиіс. Мойындаушыдан тиянақты жауап алынуы қажет. Ол берген жауабынан бас тартуы да мүмкін.

Бөлім. Жазалау әдісі және оны орындау туралы

Некеде болса және оның жеңіл жүрістігі анықталған адам таспен лақтырылып жазалануы тиіс. Таспен ұрудың әдісі. Некеде болмаған кісіге жүз дүре соғылады. Шыбықпен жазалаудың (дүре соғу) әдісі. Дененің әртүрлі мүшелеріне соғылады. Ер адамға соғу, яғни, жаза тік тұрған жағдайда, ал әйел кісіге отырған күйде орындалады. Құлға елу рет дүре соғылады. Әйелді жалаңаш шешіндіру қажет емес. Құлдар зинақорлық жасағандығы үшін тек лауазымды тұлғаның (әмірші) өкімімен жазаланады. Таспен ұруға үкім етілгендердің неке жағдайын анықтау. Бір уақытта бірден таспен ұру және шыбықпен сабау жазасын қолдануға болмайды. Әйелге қатысты шыбықпен сабау жазасын қуып жіберу жазасымен бірге қолдануға болмайды. Адамның сырқаттануы таспен ұру жазасының кейінге қалдыруа себеп бола алмайды, бірақ жүктілік жазалауды тоқтатады. Куәгерлердің көрсетуімен анықталған жүкті әйел абақтыға жабылу жазасы қолданылу керек.

II тарау. Жазаға ұшырайтын және ұшырамайтын жыныстық қатынас туралы

«Зина» терминінің анықтамасы. Қате жыныстық қатынасты анықтау. Кісі қателік жіберген жағдайда туыстығы белгіленуі тиіс, жыныстық акті жасалған жағдайда емес. Бұл жағдайда жаза жоқ. Некесін біле тұра заңсыз болса да жазаны жояды. (Иддат мерзіміне дейін) Үш рет талақ жасалған әйелмен зина жасағанға жаза бар. Талақ етуге ниет етілген әйелімен қатынасқа түскенде жаза жоқ. Сонымен қатар, баласы немесе немересінің күңімен қатынасқа түскенге жаза жоқ. Әкесінің күңімен, шешесі немесе әйелінің құлымен байланысқанға жаза жоқ (түсініспеушілік болған жағдайда). Ағасының құлымен қатынасқа түсу жазаға алып келеді. Қателікпен үйленген әйелмен жақындасқанға жаза берілмейді. Неке заңсыз бола тұра қатынасқа түскенге жаза жоқ. Нәпсіқұмарлық таазир бойынша жазалануы тиіс; сонымен қатар, аморалді қатынас (содом күнәсі) және жануарлармен қатынасқа бейімділікке жаза бар. Өзге елдердегі

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

(бұзылған елдердегі) жеңілжүрістікке жаза жоқ.. Соғыс жағдайында жаза қолдану лагер бастығының өкімімен жүзеге асырылады. Жат діндегі тәуелді кісілердің жатжерліктермен зинақорлық жағдайы. Балиғат жасына жетпеген немесе ақылы аздардың жеңілжүрістік әрекеттеріне жаза жоқ. Мәжбүрлікпен жасалған жыныстық қатынасқа жаза қолданылмайды. Бөтен адамның күнімен қатынасқа түсу салдарынан күннің соқыр немесе өліп қалу жағдайы. Жоғары билеушілер жазаға (хадд) тартылмайды, бірақ, меншікке жауапты және әділ жазаға ұшырайды.

III-тарау: Зинақорлық туралы дәлелдер және көрсетілген дәлелдерден бас тарту туралы

Зина туралы дәлел келтірудегі кешеуілдік оның шынайылығын жояды, тек жаладан басқа. Кешеуілдік жазадан азат етеді, сонымен қатар, қазидің үкімінен кейін де. Қарастырылудағы кешеуілді мерзім туралы. Бір тараптың куәгерінің қарсы күәлігі жарамды, екінші жақтың қатысы болмаса да. Екінші жақ белгісіз бе. Дәлелде қарама-қайшылықтар болса. Куәгерлердің зинаның болған жері туралы куәліктеріндегі қарама-қайшылық жазадан азат етеді. Уақытқа байланысты дәлелге келісу, бірақ болған жерге байланысты дәлелге келіспеу, жаза тағайындауға негіз бола алмайды. Әйелге қарсы дәлел және оның қыз болып шыққаны, пәстік. Жете білмейтін (құзырсыз) куәгерлер әлдебіреулерді зинада айыптаса жазаға ұшырайды.

Абыройдан айырылған адамның зина туралы куәлігі айыптыны жазаға душар етпейді және жаласы үшін жазаға тартылмайды. Куәлікке саны сәйкес келмейтін куәгерлер жалада айыпталады. Куәгерлердің саны толық, егер олардың біреуінің куәлігі нәтижеде жете білмеген (құзырсыз) болып шықса, мұндай жағдайда қосымша құн белгіленбейді, егер айыпталушы тас лақтыру жазасына кесілсе, онда мемлекет қазынасынан дийят төленуі тиіс. Кейінгі куәгерлердің куәлігі алдыңғы куәгерлердің көрсетпесінің күшін жояды. Егер, куәлердің біреуі кінәліге тас лақтыру жазасын қолданып болғаннан кейін өз айтқандарынан бас тартса, ол жала жапқаны үшін құдалауға ұшырайды және қаны үшін құнның төрттен бір бөлігін төлейді. Егер бір куәгер таспен ұру жазасын қолдануға дейін өз айтқанынан бас тартса қалған үш куәгер де жазаға ұшырауы тиіс. Егер бес куәгердің біреуі өз куәлігінен бас тартса, онда оған жаза қолданылмайды да құн да төлемейді. Егер ақталған куәгерлер нәтижеде жаманатқа ұшыраса, қаны үшін құнды куәгерлерді ақтап алғандар немесе тазалағыштар төлейді. Қаны үшін құнды айыпталушыны өлтіруші (қатили) төлеген жағдай. Зина туралы дәлел анық, егер ол туралы ақпар заңсыз жолмен алынған болса. Айыпталушының үйленбегені туралы негізсіз уәжі, оған тас лақтыру жазасынан құтқармайды.

IV Тарау. Хадди – шурб немесе шарап ішкені үшін жаза

Жалпы ереже. Шараптың сасығы ауызынан кеткеннен кейін айып тағылса немесе ішкенін мойындаса жаза жоқ. Егер куәгерлер шарап ішкен адамды мас халде ұстап алып оны қалаға сот орналасқан жерге алып бара жатқанда мастың ауызынан

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

шараптың иісі және мастығы кетіп қалса да жазаға ұшырауы тиіс немесе бұл жағдайда баяулылық кешірімді саналады. Бұл жағдайда куәгерлерге ешқандай күмән жоқ.

Набизді ішкен жазаға тартылуы тиіс. Жалғыз иіспен, басқа дәлелдерсіз айыптауға жеткіліксіз. Мастық емес, егер оның шараптан екендігі белгілі болмаса. Мас болған жағдайда жазаға ұшырамайды. Шарап ішкені үшін азат адамға сексен дүре соғылады. Құлға қырық соққы. Егер әлдекім шарап ішкенін немесе мас ететін сусын ішкенін мойындап, ал кейін айтқанынан бас тартса, онда ол жазаға ұшырамайды, өйткені, шарап ішкені үшін жаза Аллаһтан. Қылмыс екі куәгер немесе бір мойындаумен дәлелденеді. Мастықтың белгілерін анықтау, оған жаза беру үшін қажет. Мас кезінде қылмысын мойындауды бетіне басқандық назарға алынбайды. Мас хәлінде сенімінен бас тартса назарға алынбайды.

Ү КІТАП

Хадди-казф, немесе жала үшін жаза туралы

Казфтың анықтамасы. Казф дегеніміз бірінші кезекте жала жабу дегенді білдіреді. Қазының жала үшін беретін жазасы. Басы босқа 80 дүре жаза қолданылады. Құлға 40 дүре ұрылады. Тұлғаның айтуы (суреттеуі) шағымы жазаға лайықты болуы. Жаланы құрайтын жағдай. Өлген адамға жала жабу жағдайы. Құл иесіне жазалануын талап ете алмайды, ал ұлы әкесі үшін де. Жала жабылған адам қайтыс болған жағдайда жаза қолданылмайды. Жаланы мойындауда кейін, ол кері қайта алынбайды. Егер ұрыс (боқ сөз) сөз айтса, ол жалаға жатпайды. Екі мағыналы (екі жүзділікте) ойнастықта (зинақорлықта) жала жабу жазаланады. Біріне-бірі жала жабу да. Өзара айыптауда, яғни күйеуі мен әйелі арасында болса, кейінгісі (әйел) жала үшін жазаға тартылады. Баласын мойындау және одан бас тартуы. Әкесі белгісіз балалары бар әйелді айыптау, жала емес. Әйелмен заңсыз қатынаста болған кімсені айыптау, жала емес. Кейбір шектеулермен. Өлген мукатабаны өсектегені үшін жаза берілмейді. Мұсылмандыққа бет бұрғанға жала жапқанда (бет бұрғанға дейін). Дінсіз мұсылманға жала жапқаны үшін жазға тартылуы тиіс. Жала жапқаны үшін жазаланған мұсылман адам куәгер болу құқынан айырылады. Дінсіз (хақ жолындағы емес) –зиммиге қатысты тең. Дінсіздің (хақ жолындағы емес) жаза алып жатқан кезінде мұсылман дінін қабылдау жағдайы. Зинақорлық пен шарап ішуден бірнеше мәрте қайталануы туралы жалаға бір жаза қолдануға болады.

Немесе жалалар. Жалаға қатысты, біздің шайхылардың пікірінше, жаза құдайдың қаламынан (аятынан) туындауы тиіс.

ҮІ ТАРАУ

Таазир, немесе ерікті жаза қолдану туралы

Таазирдің анықтамасы. Таазир заңның жөн-жосығымен тағайындалады. Таазирдің төрт түрі немесе дәрежесі болады. Айыппұл төлеуден тұратын таазир. Таазирді кім болса соған қолдануға болады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Таазир кез-келген жерде салынады. Таазир құл немесе мұсылман емеске жала жапқан жағдайда да жүктеледі. Мұсылманда есек немесе шошқа деп балағаттаса таазирге салынбайды. Таазир үштен отыз тоғызға дейін дүремен тағайындалады. Денесіне жаза қолдану мен абақтыға жабу жазасы біріктірілуі мүмкін. Соққы (дүре) әртүрлі күшпен берілуі мүмкін, ең әлсіз күшпен басталып және ең күштісімен аяқталуы мүмкін. Егер таазирдің салдарынан әлдекім қайтыс болса, қосымша құн төленбейді.

VIII-КІТАП. САРАК НЕМЕСЕ ҰРЛЫҚ ТУРАЛЫ

IX-КІТАП. СИЯР НЕМЕСЕ ҰЙҒАРУ ТУРАЛЫ

X-КІТАП. ЛАҚЫТТАР НЕМЕСЕ ТАСТАНДЫЛАР ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

(VIII, IX, X-кітаптар қалдырылып кеткен, себебі олар тарихи көзқарастан ғана ықылас білдіреді не жаңа заңдылықпен реттелінеді)

Лақытттың анықтауы. Тастандыларды көтеру мақтауға тұрарлық және кейбір жағдайларда ұйғарым белгіленген. Тастанды ерікті және оны мемелекет асырайды. Егерден мүлтәкіт тастандыны өкімет ұйғарымысыз асыраған болса, онда тастанды мүлтәкітке асыраған үшін ештеңе қарыз болмайды. Тастандыны мүлтәкіттен тек ата-аналық құқық себебімен ғана алуға болады. Мүлтәкіттің тастанды өзінің ағайыны екені туралы арыз беруге құқығы бар. Екі кісіден ата-аналық құқық талаптары туралы арыз түскен жағдайда. Тастандыны зимми мұсылман аумағында тапқан болса – тастанды мұсылман болады. Егер тастанды зимми аумағында табылған болса, онда ол зимми. Тастандыға құл ретінде талап арыз беруге болмайды. Құл тастандыға ата-аналық құқығы туралы арыз бере алады, бірақ тастанды ерікті. Тастандының мүлігі оның меншігі болады және оның қажеттілігіне қазының ұйғарымымен жұмсалынады. Мүлтәкіт өз тастандысының атынан некелесуге рұқсат бере алмайды. Мүлтәкіт тиісті өкілдік құқығысыз тастандының мүлкі туралы әрекеттер жасай алмайды. Мүлтәкіт тастандыға арналған сыйға ие бола алады. Мүлтәкіт тастандыны мектепке жібере алады. Мүлтәкіт тастандыны жалға бере алмайды.

XI-КІТАП. ЛУКАТА НЕМЕСЕ ОЛЖАЛАР ТУРАЛЫ

«Луката» терминінің анықтамасы. Олжа деп тапқан кісінің қолында сақталынып жүрген табылған зат есептелінеді. Табылған мүлікке мүлтәкіттің иелігінде болған кезде зақым тисе, мүлтәкіт сол үшін жауапқа тартылмайды. Мүлтәкіт тапқан мүліктің бүтіндігіне немесе түгелдігіне жауап бермейді, тек мүлтәкіттің өзі олжаны өз пайдасына айналдыру мақсатында алғанын мойындаған кезде ғана. Егерден олжаны тапқан адам оны егесіне қайтару мақсатында алғаны туралы куәгерлерді ұсына алмаса, онда ол тапқан заттың бүтіндігіне немесе түгелдігіне жауап береді. Егерден олжаны тапқан кісі қатысып тұрғандардың өзіне назарларын аударатын болса, табылған зат туралы дерек едәуір дәрежеде куәландырылды деп саналады. Олжаның құны он дарагимадан төмен болса, бірнеше күн хабарлау керек; құны одан жоғары болса – жыл

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бойы. Құны төмен олжа тапқан кісінің меншігі болады. Егерден иеленуші уақытысында келмесе, онда тапқан кісі олжаны не садақа (*қайыр*) ретінде кедейлерге таратып бере алады, не егесіне (*қожайынына*) сақтап қоюға болады. Олжа кедейлерге садақа (*қайыр*) ретінде таратылса, қожайынына өз затын осылай қолданғынына келісім бере алады. Иеленуші жоғалтқан мүлігін осылай пайдаланғанына келіспесе, тапқан кісіден заттың есесін қайтару (*шығынды өтеу*) туралы талап ете алады. Заттың қожайыны садақа ретінде берілген бейшарадан (*қайыршыдан*) оның құнын өтеуін талап ете алады. Егер бейшараға садақа ретінде берілген олжа бүтін (*түгел*) болса, қожайыны оны қайтарып беруін талап ете алады. Қаңғырып жүрген үй жануарларды ұстап, қожайынына сақтау керек. Егер тапқан кісінің малды күту шығындары төрешінің ұйғарымысыз жасалынса, онда олжаның иесі мүліктік жауапкершілікке тартылмайды. Табылған жануарлар жалға беруге тұрар болса, төреші оларды қоректендіру мақсатында жалға беру туралы бұйрық беру керек. Егер табылған мал жұмысқа жарамайтын болса, оны сату керек, ал саудадан түскен ақшаны қожайынына сақтап қою керек. Төреші жануарларды асырау туралы бұйрық бере алады, және күту шығыны қожайынның алдында қарыз болып тұрады. Асырау мерзімі бірнеше күндерден аспау керек. Егер малды тапқан кісі осы жануарлар шын мәнінде табылды деп куәландыралмаса, қазы табылған малды күту туралы бұйрық бере алмайды. Егер тапқан кісі малды тапқан туралы шындықты айықтайтын куәгерлерді келтіре алмаса, онда табылған жануарларды күту туралы шешім тапқан кісінің арызының растығына сүйену керек. Егер төреші өзінің ұйғарымында малдың қожайыны күту шығынын міндетті түрде өтеуін нақты белгілемесе, тапқан кісі жануардың иесінен күту үшін шығынын талап ете алмайды. Тапқан кісі олжаның иесі күткен шығынды толық төлегенше табылған мүлікті қожайынына қайтармауға болады. Егер табылған мал қожайынына күту шығыны толық төленбеген себептен қайтарылмаған болса және сол мерзімде тапқан кісінің қолында жануар өліп қалса, онда ол сыйақы құқығынан айырылады. Заңсыз заттардан тұратын олжалар туралы хабарландыру беру керек, және оларды заңды заттардан тұратын олжалар деп қарастыру керек. Олжаны талап етіп тұрған кісі оған деген құқығын куәгерлердің түсініктерімен дәлелдеу керек; бірақ мүліктің иесі оның белгілерін сипаттап берсе, табылған затты қожайынына қайтарып беруге болады, бұндай жағдайда да төреші тапқан кісіге олжаларды қайтарып беруге мәжбүрлеу ете алмайды. Тапқан кісі табылған заттың белгілерін куәгерлердің түсініктерісіз сипатталуымен беріп тұрған кезде, іздеушіден бұйым алу керек. Тапқан кісі ізденушінің олжаға деген құқығын мойындаған кезде де оны қайтарып беруге міндетті емес. Олжаны бай кісіге садақа (*қайырым*) ретінде беруге болмайды. Тапқан кісі (егерден ол бай болса) олжаны заңды түрде өз пайдасына айналдыра алмайды. Тапқан кісі (егерден ол кедей болса) олжаны өз пайдасына айналдыра алады; егер ол бай болса, онда кедей туыстарына садақа (*қайырым*) ретінде бере алады.

ХІІ-КІТАП. ИБАК НЕМЕСЕ ҚҰЛДАРДЫҢ ҚАШУЫ ТУРАЛЫ

ХІІІ-КІТАП. МАФКУДТАР НЕМЕСЕ ІЗ-ТҮССІЗ (ХАБАРСЫЗ) ЖОҚ БОЛЫП КЕТКЕНДЕР ТУРАЛЫ

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

«Мафкуд» терминінің анықтамасы. Егерден біреу хабарсыз жоқ болып кетсе, қазы оның істерін басқаруға сенім берілген кісіні тағайындау керек. Қазымен тағайындалған сенім берілген кісі хабарсыз жоқ болып кеткеннің үлесіне иелікке кірісуге өкілетті болады. Хабарсыз жоқ болып кеткеннің істерін басқаруға тағайындалған сенім берілген кісі таласты мәселелер немесе сақтауға сенім берілген (*аманат жүктелген*) заттар бойынша дау жүргізе алмайды. Хабарсыз жоқ болып кеткен кісінің бүлінетін қозғалмалылық мүліктерін сату керек. Бүлінбейтін қозғалмалылық мүліктер сатылмау керек. Хабарсыз болып кеткен кісінің ата-аналары мен перзенттеріне оның қозғалмалылық мүліктерінен күту мақсатында киім-кешек, азық-түлік, ақша беріп тұру керек, сонымен бірге басқа да кісілерге хабарсыз болып кеткеннің бар кезінде сондай күту жүргізілген болса оларға да төрешінің ұйғарымысыз осылай асыраланатын құқығы бар. Қазы хабарсыз болып кеткен кісі мен оның жұбайының некелік жұптығын ажырата алмайды. Хабарсыз болып кеткен кісі 90 жасқа толған кезінде қаза болды деп есептелінеді. Хабарсыз болып кеткен кісінің жұбайы жесірлік идатты сақтау қажет. Хабарсыз болып кеткен кісінің мүліктері оның мұрагерлерінің арасында бөліну керек. Хабарсыз болып кеткен кісінің өзі жоқ кезінде басқа туыстарының біреуінде мұрагерлік құқығы белгіленбейді. Хабарсыз болып кеткен кісі 90 жасқа толғанынша қайтып келмесе оның мұрагерлік үлесі мұрагерлеріне беріледі.

XIV-КІТАП. ШИРКАТ НЕМЕСЕ СЕРІКТЕСТІК ТУРАЛЫ

«Ширкат» терминінің анықтамасы. Серіктестік заңды. Серіктестіктің екі түрі бар: меншік құқығы және келісім бойынша. *Меншік құқығы* бойынша серіктестік ерікті және мәжбүрлік (*ықтиярсыз*) болады. Келісім серіктестіктің төрт түрі бар: өзара, сауда, өнер мен қолөнер кәсібі және жеке несие бойынша.

Өзара серіктестіктің анықтамасы. Өзара серіктестік мүліктік қатынасы бойынша жолдастардың арасында теңдікті талап етеді. Бұл серіктестік артықшылық бойынша да теңдікті талап етеді. Дін мәселесі бойынша жолдастар шыдамдылық көрсету керек. «Өзара» термині келісімде айтылу қажет. Ерікті ата-анадан туылған және кәмелетке толған мұсылмандар немесе зиммилер арасында жасалынған өзара серіктестік заңды түрде тәуелсіз. Құл мен ерікті ата-анадан туылған кісі немесе кәмелетке келген мен жасы толмаған кісі (балиғатқа жетпеген кісі) өзара серіктестік жасаса, онда ол заңсыз болады. Мұсылман және кәпірмен жасалынған өзара серіктестік туралы келісім заңсыз. Екі құл, екі кәмелетке толмаған немесе екі мукатабтардың жасаған өзара серіктестігі заңсыз. Өзара келісім жасау үшін оған қатысушылардың мәміле жасай алатын құқыққа қабілетті кепілдігін талап етеді.

Бір жолдасы сатып алған зат, біріншісі қажеттілікті заттарды қоспағанда, екеуінің арасында тең бөлінеді. Бір жолдасының қарызы екіншісіне міндетті болады. Бір жолдасының мүлікті кепілдігі екіншісіне міндетті болады. Егер бір жолдасы екінші серігінің келісімісіз мүліктік кепілдік жасаса, ондай кепілдік ризалық (*мақұлдау*) бермеген жолдасына міндетті емес. Бір жолдасы мүлігін мұрагерлік немесе сый

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

арқылы қосымша өсірсе өзара серіктестік сауда серіктестікке айналады. Бір жолдасы мүлікті қосымша өсірген кезде оның капиталдық үлесі ұлғаймаса, онда өзара серіктестіктің келісімі бұзылмайды.

Тарау

Өзара серіктестіктің келісімі тек қолда бар ақша бойынша жасалынады. Бақыр ақша сылдыраған ақша деп саналады. Егер алтын және күміс кесектері айналуға алынатын болса, онда олар сылдыраған ақшамен теңдес есептелінеді. Біртекті негізгі капиталдары біріккен кезде өзара серіктестіктің келісімі заңды күшіне енеді. Әртекті негізгі капиталдары бойынша өзара серіктестік келісімі жасалынбайды.

Өзара серіктестіктің келісімінің бір қатысушысы өзінің негізгі капиталының жартысын басқа қатысушыға сатса, онда *меншік құқығы серіктестік* болады.

Сауда серіктестіктің анықтамасы. Сауда серіктестігі өзара кепілдік жасамайды, бірақ ол келісім жасау үшін өзара сенімхатты талап етеді. Сауда серіктестігінде негізгі капиталдар теңсіз болуы мүмкін. Сауда серіктестігі табыстың үлесі әр қатысушының негізгі капиталына пропорционалды (*өлшемдес, мөлшерлес*) болмауына мүмкіндік береді. Әр кісі сауда серіктестіктің келісіміне өз мүлігінің мөлшерінде қатыса алады. Сауда серіктестіктің негізгі капиталы серіктестікте өзара келісілген рұқсаты бойынша заңды болады. Сауда серіктестіктің негізгі капиталдары әртекті болуы мүмкін. Қарыз тек сауда серіктестіктің қатысушысы жасаған кісіден ғана алынады. Сауда серіктестіктің бір қатысушысы сатып алынған заттың құндылығын төлеген кезде, осы қатысушы басқа жолдасынан бағаның тиісті үлесін талап ете алады. Сауда серіктестіктің келісімі серіктестіктің капиталы немесе бір жолдасының капиталының үлесі жойылған кезде бұзылады. Сауда серіктестіктің бір қатысушының капиталы жойылған кездегі шығыны тұтасымен (*бүтіндей*) сол капитал кімде есептелінсе (*жатса*) соған салынады. Егер капиталдарды біріктіргеннен кейін сауда серіктестіктің бір қатысушының капиталы жойылса онда шығын жалғыз оған түспейді. Егер серіктестіктің бір қатысушысы зат сатып алғаннан кейін басқа қатысушының капиталы жойылса, онда екі жолдас та соған қатысады, ал серіктестіктің келісімі жасалынған мәмлениң шарты бойынша өз күшінде қалады. Егер бір қатысушының капиталының үлесі басқа қатысушы зат сатып алғанынша жойылса, осы затты сатып алуға серіктестіктің меншік құқығы шарты бойынша қатысушылардың екеуіде қатысады. Жоғарыда тезистегі айтылған жайт сауда серіктестіктің келісімінде қатысушылардың өзара сенімхаты туралы ескерту болса орын алады, егерде ондай ескерту болмаса, затты сатып алуы тек сатып алушыға ғана жатады. Сауда серіктестіктің жолдастардың негізгі капиталдарын ауыстырмағанда да заңды күші бар. Сауда серіктестігі кірістің нақты бір бөлшегін бір қатысушының пайдасына белгілеуін болдырмайды. Сауда серіктестіктің әр қатысушысы негізгі капиталдың өз үлесін басқа бір кісіге бизаат арқылы бере алады. Сауда (және өзара) серіктестіктің әр қатысушысы негізгі капиталдың өз үлесін бөгде кісіге сақтауға бере алады. Сонымен бірге жолдастардың әр қайсысы негізгі капиталдың өз үлесін музарабат арқылы ерекше басқарушыға сеніп тапсыра алады. Жолдастардың әр

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қайсысы өз атынан сенім берілген кісіні тағайындай алады. Серіктестіктің әр қатысушысы серіктестіктің капиталына мүлікті сақтау мақсатында сенім берілгендіктен ие болады.

Өнер мен қол өнердегі серіктестіктің орны. Серіктестікті өнер мен қол өнерде орналастыру үшін оның әр қатысушысы бір қол өнермен айналысқанын немесе бір жерде тұруын талап етпейді. Өнер мен қол өнерде серіктестік кірісті біркелкі емес бөлуіне рұқсат береді. Серіктестіктің бір қатысушысы алған жұмыс басқа да қатысушыға міндетті; әр қайсысы тапсырушыдан табысын талап ете алады.

Дербес несие серіктестіктің анықтамасы. Сену арқылы жасалынған серіктестіктің келісіміне өзара шарт кіреді. Вуджох серіктестіктің әр қатысушысы сонымен бірге өзінің басқа жолдасының сенім берілген кісісі болады. Әр вуджох серіктестіктің кірісі басталған (*кіріскен*) әрекетке қатысу үлесіне пропорционалды (*өлшемдес, мөлшерлес*) болу керек.

Тарау. Занды күші жоқ серіктестіктер туралы

Немқұрайлы (*парықсыз, талғаусыз*) заттар жөнінде серіктестік болуы мүмкін емес. Немқұрайлы (*парықсыз, талғаусыз*) заттар жөнінде серіктестік келісім жасауға болады, егер оның қатысушылары осы заттарды иеленуге алса. Немқұрайлы (*парықсыз, талғаусыз*) заттар жөнінде серіктестік келісімі мынадай жағдайда орынды болады, егер екі қатысушының осы заттарды сатып алуға қаржылары әртүрлі болса. Әр жолдасының кірісі оның капиталына пропорционалды (*өлшемдес, мөлшерлес*) болу керек. Егер жолдасының біреуі қаза болса не діннен безушілік (*дінсіздік, дін бұзарлық*) жасаса, онда серіктестіктің келісімі заңды күшін жояды. Жолдасының біреуі екінші жолдасы қаза болғанын не діннен безушілік (*дінсіздік, дін бұзарлық*) жасағанына мәлім болғанын білмейтін жағдайда да серіктестіктің келісімі жойылады.

ТАРАУ

Ешкім жолдасының рұқсатысыз оның мүлігінен зекет төлей алмайды.

Зекет төлеу туралы өзара рұқсат жағдайлары. Егер өзара серіктестіктің бір жолдасы екінші жолдасының рұқсатымен сатып алынған құл әйелмен жыныстық қатынаста болса, онда құл әйел сол денесі қосылған жолдастың меншігі болады. Құл әйелді өзара серіктестіктің бір қатысушысына сатқан адам оның құнын бәрібір қай жолдасынан болсын талап ете алады.

XV-КІТАП. ВАКФТАР (УӘКІПТЕР) ТУРАЛЫ

«Вакф» («уәкіп») терминінің анықтамасы және осы жөнінде әртүрлі пікірлер. Вакфке айналдыратын затты адалау қазының қаулысымен және вакфты

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

құратын кісінің арызымен жасалынады, не ол қамқоршысына (*жанашырына*) беріледі. Төрешінің қаулысы вақфты бекітеді, бірақ делдалдың шешімінің бұндай күші жоқ. Өлім төсегінде вақфты жасау жағдайы. Вақфқа айналдырылған мүлікке вақфты жасаған кісінің меншікті құқығы жойылады, осы құқықты басқа кісіге беруге болмайды. Бір нәрсенің белгісіз бөлігін вақфқа айналдыруға болады. Жер телімінің белгісіз бөлігі кейін бөгде кісінің меншігі болып кеткен жағдайда жер телімін вақфқа айналдыру жағдайы. Вақф тек тұрақты және үздіксіз жағдайында ғана жасалынады. Жалжымайтын және жылжымалы меншікті вақфқа айналдыру. Вақфтың дағдылы нысанасы болып саналмайтын заттарды вақфқа айналдыру заңсыз. Вақф сатылмайды не басқа кісіге берілмейді. Вақфқа бір заттың белгісіз бөлігі айналдырылған жағдайда, вақф құрайтын үлесін бөлуге болады. Вақфқа айналдырылған жерді адалау жағдайда вақфты құрушы жасаған қандай болса да айырмашылықты төлеу заңды; егер осындай төлеу вақфты құрушыдан талап етілсе, онда ол вақфты құру заңды күшін жояды. Вақфқа айналдырылған мүліктен кіріс ең алдымен осы мүлікті қалпында ұстау үшін айналдыру керек. Егер вақф берілген кісі бай болса, онда ол осы вақфты қалпында ұстауы үшін шығынын көтеру керек. Вақфты міндетті түрде қалпында ұстау қажет. Уақытша тұратын кісі үйді жөндеу жұмысын жасауға міндетті. Егер вақфқа айналған үйде уақытша тұратын кісі оған міндеттелген жөндеу жұмысын жүргізбейтін болса, онда қазы сол үйді жалға беру керек және сол төлемнен жөндеу жұмысын жасау қажет. Вақфты уақытша пайдаланып жүрген кісіге ешқандай мәжбір етуге болмайды. Атап кеткен тезистегі жағдайларда үйлерді қазыдан басқа ешкім жалға бере алмайды. Вақфқа айналған құрылыстарды жөндеу үшін сол үйлерді құрайтын әбден тозған бөлшектерін пайдалану қажет. Өмір бойы пайдалануға беру ескертуі бар кезіндегі вақфты ұйымдастыру жағдайы. Вақфқа айналдыратын мүлікті ауыстыру құқығы ескертуі бар кезіндегі вақфты ұйымдастыру жағдайы. Ниетті өзгерту құқығы ескертуі бар кезіндегі вақфты құру. Вақфқа билік жасауды ұстап қалу ниетпен вақфты ұйымдастыру жағдайы.

Тарау

Мешітті оны құрушыдан адалауы онда тек жұрт алдында табыну (құдайға құлшылық) ету үшін ғана жасалынады. Тұрғын үймен бірге мешітті құру жағдайы. Мешіт үшін вақфқа айналдырылған жер телімі сатылмайды және мұрагерлікке берілмейді. Мешіт қандай жағдай да болмасын оны құрушы кісінің меншігі бола алмайды. Жалпыға пайдалы мақсатында вақфтарды құру жағдайлары. Жалпыға пайдалы мақсатында құрылған вақфтарды қамқоршыға басқару (*жүргізу*) үшін беруге болады. Вақфтар тақсырға не бас төрешіге тапсыруға болады.

XVI-КІТАП. САТУ-АЛУ ТУРАЛЫ

I-тарау. Кіріспе

Сатып алу-сату келісімі арыз және мақұлдау (*ризалық*) арқылы жасалынады. Арыз және мақұлдау (*ризалық*) өткен не осы шақта білдіріледі. Сатушының өзі әлде

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

басқа бір кісі арқылы ма, не хатпен жасалынса да арызды мақұлдауды (*ризалықты*) білдіру кездесудің (әңгіменің) аяғына дейін қоя тұруға болады. Егер сатушы сатылып тұрғанның әртүрлі бөлімдеріне әртүрлі бағалар тағайындамаса, сатып алушының ұсынысын сатушы сатып тұрғанның кейбір бөлшектеріне қатысты деп түсінбеу керек. Егер мақұлдау уақытысында білдірілмесе, арыз заңды күшін жоғалтады. Арыз және мақұлдау мүлде айқын білдірілсе, сатып алу-сату келісімі міндетті болады. Сатып алу және сатылатын нысаны және оның құны көз алдында тұрса, келісім белгілі саны аталмай жасалынды деп есептеліну керек. Егер ақша келісіп тұрған жерде ұсынылмаса, ақшаның сомасы нақты белгіленбей құр аталуы заңды болмайды. Сатып алу-сату келісімі тек құнын қолма-қол ақшамен төлену шартымен жасалынады деп саналады, не төлеудің уақытысы нақты анықталған шарты бойынша. Баға нақты және айқын ақша белгісі бойынша аталыну керек. Дәнді нан дәнді нанның басқа түрімен сатылуы (ауыстырылуы) мүмкін. Тауарлар, «салам» келісімінен басқалары, нақты белгілерін құрмайтын салмақпен және өлшеммен сатылуы мүмкін.

Көтерме сатылып тұрған тауардың әр белгілі бір бөлімінің не үлесінің құны тағайындалып тұрған кезде сатып ал-сату келісімі сол белгілі бір бөліміне не үлесіне қатысты. Сатылып тұрған тауардың саны нақты түрде анықталмай, жалпылама түрде белгіленсе сатып алу-сату келісімі заңды болмайды. Сатып алу-сату келісіміндегі белгіленген тауардың саны толығымен әкелінбеген болса, сатып алушы жеткізілгенді қабылдауына да келісімнен бас тартса да болады; егер тауардың жеткізілген саны келісімде көрсетілгеннен асып тұрса, онда осы жеткізілген сан аталған санның күшіндей болады. Егер сатылып тұрған тауар нақты белгіленетін және өлшенетін болса, және сатып алу-сату келісімі жасалынып тұрған кезде жетіспеушілік анықталған болса, онда сатып алушы сатып алынатынын қабылдауына да, келісімді бұзуына да болады; егер аталған мөлшерден артық болса, онда келісім шарттың шегінде міндетті түрде болу керек. Сатылып тұрғанның саны мөлшер және мәні бойынша анықталған болса, сатып алушы келісімді орындауына саны жетіспеушілік әлде артық болып тұрған жағдайдайларында бұзуына болады.

Тұрғын үйдің шынтақтың белгілі бір санын сатып алу-сатуы заңды болмайды, бірақ тұрғын үйдің бір үлесін заңды түрде сатуға болады. Егер сатушы теңдегі мауыттың (*шұғаның*) әр данасына алдын ала арнайы баға қоймаған болса, теңдегі мауыттың (*шұғаның*) саны келісілген шартқа сәйкес болмаса, оны сатып алу заңсыз болады. Егер сатылып тұрған шындыққа сәйкес болмаса, сатып алу-сату келісімі мүлде заңсыз болады. Теңдегі мауыттың (*шұғаның*) белгілі бір бағаға сатып алу жағдайы. Үйді сату кезінде келісімге үйдің ірге тасы да құрылыстың өзі де кіреді.

Жер телімін сатып алу-сату кезінде келісімге сол телімде өсіп тұрған ағаштар да кіреді, бірақ келісімнің күші сол телімде өсіп тұрған астыққа жойылады. Ағашты сатып тұрған кезде келісімге онда өсіп тұрған жемістері қосылмайды, бірақ сатып алушы сол жемістерді тез арада жинап алуын талап ету керек. Жерді не ағаштарды сатып алу-сату шартында сатылып тұрғанның құрамында тікелей не жалғамды кіретін астық не жемістер туралы жолай сату ескертуі болмаса, оларды кезекті жинап алуы келісімге кірмейді, сонымен бірге шартқа сатылып тұрғаннан жиналғаны да қосылмайды. Ағаштағы жемістерді өсіп тұруының қандай кезінде болмасын сатуға болады; егер келісімге сатуға байланысты емес бір шарт қосылған болса, келісім

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

заңды күшінен айырылады. Егер сатушының келісімімен сатып алынған жемістер ағашта қалдырылған болса, жемістердің көлеміндегі қосымша өсуі сатып алушының меншігі болады. Жоғарыда айтылған тезис сатып алушы ағаштарды жалға алып тұрған кезде де қолданылады; бірақ бұл ереже сатып алынған астыққа іске аспайды. Сатып алу-сату келісімі жасалыну мен жемістердің пісу арысында жаңа өскен жемістер сатып алушы мен сатушыға тән. Орылмаған көк өністің сатып алу ережесі. Дәндерді масағымен сатуға болады, бұршақтарды – қабыршағымен. Үйдің сатып алу-сату келісіміне ондағы барлық жылжымайтын аспаптар мен оларға тиісті бұйымдары қосылады. Сатушы өлшеу және басқа да сондай сияқты әрекеттердің төлеу шығынын көтереді. Өлшеуге байланысты шығынды сатып алушы көтереді. Айырбас кезінде екі жақтағы ауыстырылатын нысаналар бір кезде әкеліну керек.

II-тарау. Шарттарды ерікті таңдау туралы

Терминнің анықтамасы. Шарттарды ерікті таңдау деген сатып алу-сату келісімінің әр қатысушысының келісу сұрақтарын талқылауы. Ерікті таңдау мерзімі үш күннен аспау қажет. Егер ерікті таңдау кезінде мерзім үш күннен асса, осы жеңілдікті талап еткен жақ үшінші күннің аяғына дейін келісімді орындауын мақұлдаса, сатып алу-сату келісімді заңды деп есептеуге болады. Бағаны төлеу келісілген шарт ауыстыра алады. Ерікті шартты келісімін таңдаған сатушы сатылған затқа меншік құқығынан айырылмайды. Шартты ерікті таңдауды сатып алушы ұсынып тұрса, сатып алу-сату нысанына меншік құқығы сатып алушыға өтеді, сондықтан осы нысанның жойылған кезінде жауапкершілік сатып алушыға түседі (*артады*). Егер сатып алушы шартты ерікті таңдап алса және келісім нысаны осы мәмлемен анықталған мерзімнің ішінде бұзылса не жойылса, онда сатушы нысанның құны мөлшерінде мүлікті жауапкершілікке тартылады; егер осы шартты сатушы таңдаған болса, онда сатып алушы нысанның бағасы мөлшерінде жауапкершілікке тартылады. Әйелді (*қатынды*) сатып алу кезінде ерікті таңдау құқығы бұзылмайды, және құқық ерікті таңдау шартында анықталған мерзімінің арасында әйелмен жыныстық қатынаста болғанымен шектелінбейді. Сатып алушымен ағайын болып тұрған құлды шартты сатып алу жағдайы. Құлды ерікке жіберу ант бергеннен кейін оны шартты сатып алу жағдайы. Айлық етек кірі кезінде жүрген құл әйелді сатып алу жағдайы. Жүкті әйелді (*қатынды*) шартты сатып алу жағдайы. Пұрсатты құлмен шартты сатып алу жағдайы. Келісіммен анықталған мерзім ішінде исламға өтетін зиммимен арақ-шарапты шартты сатып алу жағдайы.

Ерікті таңдау құқығы бар кісінің екінші кісінің келісімімен шартты бұза алады не оны екінші кісіге айтпастан бекіте алады; бұл құқық екінші кісі келісімді ерікті құқығы бар кісінің рұқсатысыз бұзса да сақталынады; осы жағдай туралы ерікті таңдау құқығы бар кісі келісімде анықталған мерзімі аяқталмай тұра хабардар болса, келісімді бұзу заңды болады. Сатып алу-сату келісімді ерікті таңдау шарты құқығы мирасқорға ауыйспайды. Ерікті таңдау құқығын үшінші кісіге беруге болады. Екі құлдың біреуінің ерікті таңдау шартты құқығы бар кезіндегі оларды сату жағдайы. Талдауды таңдау ерігі. Талдауды таңдау ерігі үш, одан көп емес, кісіге ғана жатады. Талдауды таңдау ерігіне шартты ерікті таңдауы да кіреді. Талдау мерзімі үш күннен

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

аспау керек. Сатып алушыға ұсынылған заттардың ішінен біреуі келісім нысаны болады, қалған екеуі сақтауға сенілген деп есептелінеді. Екі затты шартты ерікті таңдаған жағдайда қайтаруға болады. Талдауды ерікті таңдау құқығы берілген кісінің мұрагері сатып алушыға таңдауға ұсынылған екі заттың біреуін талдауды ерікті таңдау құқығы берілген кісінің қайтыс болған жағдайында қайтарып бере алады. Таңдау қабылданды деп саналды және сатып алу-сату келісімі акт бойынша сатып алушы сатылған затқа байланысты міндетті жүктейді. Талдауды ерікті таңдау аяқталды деп есептелінеді, егер талдауды ерікті таңдау иеленген екі кісінің бірі келісімді мақұлдаса. Егер белгілі бір атымен сатылып алынған заттың орнына басқа атаулы зат болса, сатып алушы келісімді мақұлдауына да бұзуына да болады.

III-тарау. Қарауды таңдау ерігі туралы

Сатып алушы затты сатып алып қарағаннан кейін сол заттан бас тартуына болады. Сатып алушы затты қарау кезіне дейін оған риза болғанын айтса да, сатып алынған затты қарағаннан кейін бас тартуына болады. Сатушыға сатып алу-сату келісімін жасағаннан кейін затты қарауды таңдау ерігі берілмейді. Егер шартты таңдау ерігі күшін бір жағдайлар жойып жібермесе, қарауды таңдау ерігі құқығы мәмлени жасағаннан кейін белгісіз уақытқа дейін өз күшін сақтайды. Егер заттың бір бөлігі бүтіннің үлгісі болса, қарауды таңдау ерігі сол бөлімнің қарауымен жойылады. Үйді сатып алу кезіндегі қарауды таңдау ерігі. Иеленуге кірісуге сенім берілген кісі келісім нысанасын сатып алушының өзімен тең қарауына болады. Соқыр кісі жағынан қарауды сезу, дәм, иіс сезімі арқылы жасауына болады, не, жерді сатып алу кезінде, суреттеу арқылы. Үлгі арқылы екі затты жоруына мүмкіндік болмаса, олардың біреуін қарау сатып алушыға екеуінде алуынан бас тартуға құқық береді. Ерікті таңдау құқығын пайдаланған кісінің қайтыс болғанында оның осы құқығы жойылады. Сатып алуға дейін қараудың жағдайы. Өзінің сатып алған бөлігін тиісті орнына жұмсаған кісі, қалғанына таңдау ерігі болмайды.

IV-тарау. Сатып алған заттың кемшілігі болған себебінен бас тарту құқығы туралы

Егер бұрын сатып алушы сатып алған заттың кемшілігін байқамаған болса, заттың кемшілігін ашқаннан кейін сатушыға оны қайтып беруге құқығы бар. Заттың бағасын төмен түсіретін бәрі кемшілік болады. Балаларға тән кемшіліктер құлды жастық шақ (*балалық*) кезіндегі сатылуында әсер етеді, бірақ кәметке жеткенінде емес. Сатылғаннан кейін де әйтеуір бір күнде мәлім болған есәландық тұрақты кемшілік болып есептелінеді. Құл әйелді, ер құлды емес, сату кезінде кемшіліктердің мағнасы. Діншіл еместік құл әйел не құл ер болса да кемшілік болып есептелінеді. Негізгі мүкістер құл әйелге қатысты кемшілік болады. Сатып алушының иелігінде жүрген сатып алынған зат бұзылса, сол кемшілік үшін сатып алушыға ақы төленетін құқығы бар; бірақ затты сатушыға қайтарып беруге құқығы жоқ. Егер зат кесілгеннен

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

(қиылғаннан) кейін ашылған кемшілікке байланысты сатып алушы сол затты сатушыға қайтарып беру мүмкіндігінен айырылса, сатып алушыға кемшілік үшін ақы төленетін құқығы бар. Зат сатылып кетсе де оны сатуға дейін өзгертулер жасаған әсерінен қайтарып беруге мүмкіндік болмаса, сатып алушыға кемшілік үшін ақы төленетін құқығы бар. Сатып алынғанды жас балаға пайдалануға беруі сатып алынған затты сатушыға қайтарып беруге мүмкіндігінен және сатып алушыға кемшілік үшін ақы төленетін құқығынан айырылады. Құлды сатып алушыға құлдың қайтыс болғанынан не азат етілгенінен кейін кемшілік үшін ақы төленетін құқығы бар. Бірақ мүліктік сый үшін құлды азат еткен не құлды сатып алушының өзі өлтірсе, сатып алушы кемшілік үшін ақы төленетін құқығынан айырылады. Азық-түлік қорын не оның бөлігін тұтынған кезде сатып алушы кемшілік үшін ақы төленетін құқығынан айырылады. Тез арада бұзылуға ұшырайтын (*бейімделген, дұшар болатын*) заттардың жетіспеушілік жағдайлары. Сатып алушының сатып алған затты сатқаннан кейін кемшілігі болғандықтан оған қайтарып беру жағдайы. Сатушы иеленуге кіргенінде затта кемшіліктер бар екенін мәлімдегенінде төрешінің әрекет амалы. Сатып алуға дейін кемшіліктің болуын сатып алушының мақұлдауы және осы жағдайда сатушыдан түсінік алу түрі. Бір құлдың кемшілігі болып тұрғанда екі құлды сатып алу жағдайы. Салмақ пен мөлшермен өлшенетін заттарды сатып алынғаннан кейін бір бөлігінің сапасы жаман болғанымен сатушыға қайтарып беруге болмайды. Осы заттардың бір бөлігі үшінші кісіге жататын (*тән*) болса да сатып алушы қалғанын сатушыға қайтаруға құқығы жоқ. Сатып алушы құралдарды пайдаланып кемшілікті жоюға әрекет жасаса не кемшілігі бар затты пайдаланса, осы затты сатушыға қайтарып беру құқығынан айырылады. Егер сатып алынған құлдың сатушының иелігінде болғанда ұрлық үшін аяқ-қолын кесіп тастаса, сатып алушы оны сатушыға қайтарып беруіне және құлға төлеген құнын қайтып алуына болады, сондай-ақ сатушының иелігінде болғанда қылмыс жасағаны үшін өлім жазасына тартылса да. Екі ұрлықтың біреуін сатушы, екіншісін сатып алушы иеленіп жүрген кезінде жасағаны үшін құлдың аяқ-қолын кесіп тастау жағдайы. Құл үш рет сатылса бірінші сатушының иелігінде болған кезіндегі ұрлық үшін аяқ-қолын кесуге тартылады. Егер сатып алушы кемшіліктер үшін сатушыны жауапкершіліктен босатса, кейін ол заттың қандай да кемшіліктері болмасын оны қайтарып бере алмайды.

V-тарау. Жарамсыз, болмашы (маңызсыз) және әдепсіз (лас) сатулар туралы

Болмашы және жарамсыз сатулардың айырмашылығы. Сатудың болмашы (*маңызсыз*) келісімі бойынша сатылып алынған мүлік сатып алушының қолында жүк болып тұрады; бірақ жарамсыз шарт бойынша сатып алынған жүк оның меншігі болады. Тыйым салынған заттарды ақшаға сату болмашы, ал басқа заттарға ауыстыру жарамсыз болады. Мудаббараны, умми-валядты не мукатабаны сату болмашы болады, және сатып алушы оларға ие болып жүрген кезінде ажалға (*өлімге, қырғынға*) ұшыраса жауапкершілікке тартылмайды. Балықты суда сатуы болмашы, сондай-ақ құсты – ауада, не ұрықты – құрсағында, не сүтті – желінінде, не жүнді – малдың үстінде.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Зақым тигізбей жылжытуға болмайтын затты сату жарамсыз болады; не заттың сапасын әлде бар екенін куәландыра алмайтын жағдайда; не заттың санын тек шамамен анықталатын кезде; не келісім сатып алушының затқа тию арқылы анықталуында. Қоғамдық жерде шөпті сату жарамсыз болады, не араларды (оларды кәрезбен бірге сатылуын қоспағанда), не жібек құрттарын. Қолға үйретілген кептерді сату жарамды. Жасырынып жүрген құл сатып алушының қолында болмаса, оны сату жарамсыз, сатушы оны кейін ұстап алып сатып алушыға тапсырса да. Әйелдің сүтін, не шошқаның қылын, не адамның шашын, не иленбеген теріні сату жарамсыз болады. Бірақ хайуанаттардың дүниесінен жасалынған бұйымдарды (*шығармаларды, туындыларды*) (адам мен шошқадан жасалынғандарды қоспағанда) сатуға және оларды іске пайдалануға болады. Мүлікпен байланысты болмаса құқық сатылмайды. Нақты анықталынатының бәрі сатылады; ондай болмаса сату деген болмайды (*сату дегенге орын жоқ*). Құлдың жынысы туралы жаңылу оны сатуын жарамсыздыққа шығарады, бірақ малды емес. Сатушыға алғашқы құнынан кем сомаға қайтадан сату сол ақшаны төлегенше жарамсыз болады. Бірақ қайтадан сату кезінде алғашқысына басқа заттың қайсысы болмасын қосылғанда келісім күшінде болады. Шартта орауыштың белгілі бір түрі үшін алып (*ұстан*) қалуын (*шегеруін*) белгілеу сатуды жарамсыз етеді. Сатылған ыдыстың болған орауышы жөнінде талас жағдайы. Мұсылман кәпірге (кәпірдің өз есебінен) заңсыз заттарды сатып алуға не сатуға тапсырма бере алады; мұсылманның өкілі осындай сатып алу не сату жасағаны заңды болады. Келісімге бір жаққа пайдалы шарт енгізілген кезде, не келісімнің керекті тиістілігіне қайшы болып тұрса, не сатылып тұрған заттың өзіне пайда беру салдарынан талас қоздыратын болса сату жарамсыз болады. Бірақ бұндай сату жарамды болады, егер сатып алушы сатып алған затқа тиісті шарттарын орындаса. Сатушыға сатылған заттан әйтеуір бір пайда келіп тұрғанын қалдыру салдарынан сату жарамсыз болады: не осы затты беру мерзімін белгілеу салдарынан; не келісімге жарамсыз шартты енгізу салдарынан; не шартта басқа келісімнің заттары бар болуы; не екі жаққа да нақты белгілі емес мерзімді белгілеу салдарынан; не мерзімнің басталуының анықталмағанынан. Бірақ төлеу мерзімі кейінгі (*келесі, соңынан келетін, кезектегі*) шартпен белгіленген кезде келісім жарамды болады. Төлеу мерзімі белгісіз болғанның салдарынан жарамсыз деп саналатын сату белгісіздікті жойғаннан кейін жарамды сату болады. Сатылатын затты сатылмайтын затпен бірге сату жарамсыз; бірақ сатылмайтын зат меншік болса, сатудың сатылатын затқа қатысты күші бар (*жарамды, заңды болады*).

Бөлім. Жарамсыз сату-алуға қатысты заңдар туралы

Сатып алушы жарамсыз сату алу кезінде бағаға жауапты емес, заттың құнына жауапты болуы мүмкін. Егер осылай болса оның иелігіне өткеннен кейін оның қолында бұл зат сатушының келісімімен жойылады. Оның құны жұмсалған шығынына сәйкес ақшалай не заттай төленуі міндетті, әртарап бір жақты келіссөзге келмей отырып, мәмлени жоюы мүмкін. Сатып алушы жарамсыз сату –алу болса сатып алған заттын сатып жіберуіне болады, оның қандай жағдайда сауданы жоюға қақы бар. Заңды затты

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

заңсыз заттың орнына сатып алған кісі, оны иеленіп алғаннан кейін қалауынша иеленуге болады, оның тек құнына жауапты. Сатушының затты қайтарып алуға құқы жоқ, оған жұмсалған қаржыны қайтармай тұрып; және егер ол қайтыс бола қалса, онда сатып алушы төленген бағаның құнына өзіне табыс ретінде сатуға қақасы жоқ. Сатып алушының тарапынан өзгеріс жасалған жылжымайтын мүліктің келісімінің жарамсыз сату-алу жағдайы. Жарамсыз келіссөз арқылы сатып алған сатып алушының тарапынан белгілі заттан тапқан табысы қайырымдылық іске жіберуі міндетті, сол секілді, ешқандай меншік құқы болмаған заттан алынған табыс та осылай жасалуы керек.

Бөлім. Әдепсіз-лас сату-алу туралы

Бағаны жалған көтеруді ұсыну арқылы тауар бағасын көтеру әдепсіздік. Немесе базар үшін арналған тауарды сатып алу. Немесе диқаншының өкілі арқылы қалалықтарға сату арқылы қалаларда астық бағасын көтеру. Немесе жұма күні сатып алу немесе сату. Тауар барынша жоғары баға берген тұлғаға сатылуға ұсынылуы мүмкін. Тыйым салынған дәрежеде бір-біріне туысқан болып келетін екі кәмелетке толмаған құлдарды (немесе бір кәмелетке толмаған мен бір кәмелетке толғанды) бірін сатып жіберу арқылы ажырату әдепсіз. Өте қажет міндеттілікті немесе нағыз қажеттілікті орындауға қатысты жағдайларды қоспағанда. Десек те, мұндай сауда-саттық заңды.

VI тарау

АКАЛА ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ САУДА-САТТЫҚТЫ БҰЗУ

Акала анықтамасы. Бірақ не аз да емес, не көп те емес сомада. Басқа текті заттардан тұратын баламаның орнына бұзу, бұл бүлдіру болып табылады. Күнді сату оның бала туымен жойылуы мүмкін емес. Затты бергенге дейін және оның сатып алушының иелігіне өткеніне дейін сауда-саттық бұзылуы мүмкін. Айырбастың бөлшектерінің бірі жойылғаннан кейін ол бұзылуы мүмкін.

VII Бөлім

МУРАБИГАТ ЖӘНЕ ТАВЛИАТ, ЯҒНИ ТАБЫС ТАБУ МЕН ДОСТЫҚ ҮШІН САТУ ТУРАЛЫ

Мурабигат пен тавлиат туралы анықтама. Мұндай сауда-саттықтарда айырбасталатын заттар бір-біріне ауыстырылатын болуы қажет немесе олай болмаған жағдайда, сатып алушымен келісімге келген тұлға сол сәтте бағаға иелік ету тиіс. Артық төлеу кезінде сатып алушы мәмілені жоя алады. (Тавлиат кезінде) артығын болдырмау. Мурабигат бойынша пайда бір затқа екі рет алынбайды. Құқығы ерекше құл мен оның қожасының арасында жасалған мурабигат. Қайраткер тұлға мен капитал меншік иесінің арасында жасалған мурабигат жағдайы. Зат мурабигат жолымен сатылуы мүмкін, егер ол сатушының айыбынан емес кемшілік болса не егер сатушы аралықта затты бүлдірмей пайдаланған болса. Егер кемшілік сатушы тарапынан

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жасалған болса не егер ол осы үшін сый ақы алған болса, онда мұндай бағадан тиісінше шегерім жасалуы тиіс. Егер зат кездейсоқ бүлінген болса, онда ол мурабигат келісіміне жарамды зат саналады. Тиімді мәміле келісімшарт кезінде төлемді кейінге қалдыруды жасырса сатып алушыға мәмлени жоюға құқық береді. Немесе достық. Достық бойынша сату кезінде баға белгіленуі қажет және сатып алушы баға белгіленгенге дейін одан бас тартуға құқылы.

Тарау

Жылжымалы мүлік қайта сатылмайды оны игеріп алмайынша. Бірақ та жерді алғашқы сатып алушы иелік етемін дегенше қайта сатылуы мүмкін. Салмақ және көлем өлшемімен өлшенетін заттарды қайта стау кезінде екінші сатып алушы тараптан бұл заттар қайтадан тартылуы немесе өлшенуі қажет. Егер зат сатып алушының қатысуымен саудагер тарапынан өлшеніп, мөлшерленіп берілсе, онда соның өзі жеткілікті. Ұзындығының санымен өлшемі анықталатын заттарды сату кезінде екінші сатып алушы тарапынан затты қайта санау немесе өлшеу қажет етілмейді. Мүлікке немесе бағаға қатысты тараптап үстемелеуге немесе кемітуге құқылы. Сатып алушының қолында зат жойылғаннан кейін баға көтерілуі мүмкін емес. Жедел төлем мерзімді төменге қаратылуы мүмкін. Қарыз келісімшартынан шығатын қарызды ерекшелегенде.

ҮІІІ Тарау

РИБА НЕМЕСЕ ЛИХВА ТУРАЛЫ

Ол заттың сатылуында сондай заттың бірнеше санындағы алмастырудан тұрады (салмағы немесе көлемі). Бірақ, саны қандай да белгілі таразымен өлшенбейтін жағдай болмайды. Ол не санының теңсіздігінен, не сатудағы кейінге қалдыру да пайда болады, тек егер мәлім заты мен оның эквиваленті әртүрлі болса. Пайғамбар (с.ғ.с) айтқанындай мөлшеріне қарай анықталатын заттардың барлығы, солай саналсын, әдеттегі кейбір өзгерістерге қарамай; барлық заттар тең, яғни салмағына қарай өлшенетін заттарды. Белгілі таразыға салыстырылып тексерілген бар заттар таразымен өлшенетін заттар деп есептелуі тиіс. Сарф саудасына қатысты қосымша. Санмен өлшенетін заттарға бірінен соң бірі сатылуы мүмкін, лихваға орын бермей. Лихва фалуға қатысты орын болмауы тиіс, себеп олар сатуға тиісті заттарды құрайды. Ұн бидай ретінде сатылуы мүмкін емес. Ұн ұн ретінде сатылуы мүмкін. Бірақ ұнның – ақ ұнына емес. Етті тірі жануарға айырбасқа сату лихва болмайды. Жаңа үзілген құраманың құрғатылған құрмамен саудасына ұқсас. Қайсыбір заттан жасалған ыдыстың саудасы айырбас ретінде сондай ыдыспен сауда лихваны құрайды, егер ыдыстың саны сол заттың санынан асып кетпесе. Бір түр еттің екінші түр етке саудасы заңды. Бір жануардың сүтін басқа жануардың бірдей емес көлемдегі сүтіне сауда лихва саналмайды. Нан ұнның орнына өлшеусіз санмен сатылуы мүмкін. Қожайынының және оның құлы арасында лихваға орын болмауы керек Егер құл

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

шамасыз мазұн болмаса. Мұсылман емеспен мұсылман арасы жау елінде. Ол нәрсе қамқордағы шетелдік және мұсылман арасында орын алуы мүмкін.

IX ТАРАУ

ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЖАСАУ-ЖАБДЫҚ ТУРАЛЫ

Саудаға байланысты құқық пен жасау-жабдықты анықтау Манзил, дара және бэтаны сату кезіндегі құқықтардың ерекшеліктері. Үйге байланысты қымбатқа жасалған галерея, егерде оң ескертілмесе онда оны сату келіміне ендірілген деп есептелінбейді. Егерде жасау-жабдық жәйлі келісімшартта айтылмаса, онда жер сатылым келісімшартында су құбырында немесе арықта, үйдің бөлмелерін сату келісімшартындағы бөлмеде ендірілмеген болып есептелінеді.

X Тарау

САУДА ЗАТЫНА ҚАТЫСТЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒА ТУДЫРАТЫН ДАУ-ДАМАЙ ЖӘЙЛІ

Егерде күн сатып алушының иелігінде жүріп сәби дүниеге әкелгеннен соң дау-дамай туындаса, онда ол сәбиімен бірге дау-дамайшының иелігі болып есептелінеді. Тұлға басқа тұлғаға құл ретінде сатса, кейін ол еркін болып шықса, онда алынған ақшалар қайтарылуы тиіс; егерде шамаланған құл мәмлеге сатып алушыны қорқытса онда ол сатушының болмағаны үшін ақша төлеуі қажет. Мүлікке қатысты бейбіт мәмлеге жасалғаннан кейін ол жәйлі даудың шығуы жәйлі.

Бөлім. Меншік иесінің келісімінсіз бөгде меншікті сату жайында

Уәкілдіксіз жасалған сауда, сатылған заттың иесі тарапынан бұзылуы мүмкін. Келісімді алған соң баға сатылып кеткен заттың иесінің меншігіне өтеді және фузули-сатушының қолында поклажей болып қалады. Меншік иесінің келісімінсіз келісімшартты бұзуға құқылы. Заңсыз билеушіден сатып алынған құлдарды қайта сату жекеменшіктің салдарынан ең алғашқы сатылымда жарамсыз болып есептелінеді; бірақ, егерде құл қайтыс болса, онда оның ризашылығының еш мәні болмайды. Уәкілдік емес адамнан сатып алынған бұйым жекеменшікке қайтарылуы мүмкін емес, тым болмағанда сатып алушы уәкілдік иесі жетіспеушілігін, не жекеменшік иесі сатылымға келісімін дәлелдеді. Жылжымайтын мүлікті өкілетсіз адаммен сатуда сатушы жауап бермейді.

XI Бөлім

САЛЯМ САТУ-АЛУ САУДАСЫ ТУРАЛЫ

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Салям анықтамасы. Салям саудасы заңды. Сыйымдылығы және салмағымен (дарагим мен динардан басқа) белгіленетін барлық заттарға қатысты. Ұзындығы мен саны бойынша өлшеу. Ол жануарларға қатысты алғанда заңсыз. Егер жануарлардың бөлшектері немесе терісі, ағаш, шөптердің сапасы бекітілмегенде. Сату барысында сатылатын затты көрсетпеген жағдайда. Тез бұзылуға жататын, бірақ сақталуы және олар барлық уақытта болатын заттарға қатысты заңды. Ол тамаққа пайдаланылатын етке қатысты да заңсыз. Затты өткізу сәті көрсетілуі керек.

Жеке өлшеу заттары оған қолданылмайды. Егер затты өндіру шектелген болса, онда ол заңсыз. Шығу тегі нұсқалған, түрі көрсетілген, сапасы, өткізу уақыты, мен төлем ақы мөлшері және беретін жері анық болуын талап етіледі. Жасалған келісімді өзгертудің шыққан шығынға қатысы болмаса, затты қайтару орнын көрсетудің қажеті жоқ. Егер қала белгілі болса, көшені нақты көрсетудің қажеті жоқ. Тараптардың біреуі кетіп қалғанға дейін айтылған құнды алу шарт. Егер сатушының қарызы сатып алушыға жүктелсе, осы жүктелген қарызға байланысты сауда заңсыз әрекет деп есептелінеді.

Сатушы құнын алып болғаннан соң ғана оған иелік ете алады. Сонымен бірге, сатып алушы да құнын төлеген заттарын өз иелігіне алғанша ешқандай сауда әрекетін жасамауы керек. Сәлемді бұзғанда сатушы қаржыны қайтарып алғанға дейін басқа зат сатып алуға құқы жоқ. Салям келісімін орындауға мақсатталған сатылған және сатып алынған және кейін қайтарылған зат қайта қайтарылған деп есептелінбейді. Егер сатып алушы оны бірінші сатушы есесінен алмай, өзі жеке екі өлшеммен түрлерімен есептеп алып, кейін меншікке иелік жасағанда. Қосымша ақы (жәрдем ақы – сауда) ретінде алынған затты қосымша ақы берушіге қайтару кезінде ол затты қайта өлшеудің қажеті жоқ. Егер сатушы сатып алушының жоқтығында оның есебінен өлшесе, онда бұл берілуді құрамайды, өлшеп алынған қап өндіріп алғанда ғана тәуелді болады. Егер сатушы астықты сатып алушының өтінішімен жеке қабымен өлшесе, ең болмағанда сатып алушының қатысуымен. Нақты берілетін заттың белгілі емес затпен қосылыстыру жағдайында. Егер келісімшарт бұзылған жағдайда немесе ол қайтарамын дегенше қаза тапса, онда бұған сатушы жауапты болады. Қайтаруға дейін заттың бүліну салдарынан сату жарамсыз-бұзылған болады. Бір затқа байланысты дау жанжал туа бастағанда сатушының өтінішіне құлақ асқан абзал. Егер сатушы берілген күнін теріске шығарса, онда сатып алушының арызына сену керек, қандай мерзім көрсетілгеніне қарап. Жеке-жеке болжағыш сапаның салям сатулары оң шешім көрсетуі керек. Салям келісім шартында сату кезінде раковин және бағалы тастар үшін заңсыз, бірақ майда гауһар тастарға байланысты заңды, салмағына байланысты. Кірпіш. Және қорыта айтқанда, сапасына ортақ сипаттама беріп және санын анықтауға рұқсат ететін барлық заттар қорытып айтқанда, сапасына сипатталған және саны анықталса әбір ұрыс кезінде салям келісім шарты үшін жарамды затты құрайды өйткені қоздыра алмайды. Немесе нақтылы айқын. Салям келісімшарты бойынша тапсырыс берілген заттар бар болып есептелінеді. Берілгеннен кейін ол, егер ұнамаса қайтарылуға болады. Ғұрпымызда қолөнершілердің келісімімен тапсырыс бере алмайтын заттарды жеткізу жарамсыз.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бөлім. Әртүрлі жағдайлар

Қыран және иттердің заңды сатылымы. Шошқа немесе шараптың заңсыз сатылымы. Сатылым кезіндегі азғырушы әзәзілдерге қатысты ережелер. Адам, басқа адамға мүліктің сатылымына түрткі болатын, егер ол бағаның бөлігі секілді көрсетілсе үшінші адамға осы мүлікті үстеме ақыға беретін адам. Құл сатып алушыға оның иелігінсіз күйеуге беріле алады. Сатып алушының сатып алынған тауарға иелік етуден немесе баға төлеміне дейінгі жасырын жағдайы. Немесе дәл осындай жағдай кезінде екі сатып алушының біреуінің жасырынылуы. Бағаларды ұсыну кезінде күміс және алтындардың ортақ ескертілім жағдайлары. Сапасы жақсының орнына басқа сомманың сәлем сапасы, егер мұндайлар жоғалған немесе таусылған қарыз өтеліміне теп-тең болса. Өзінің иесіз табиғаты бойынша оларды анық иеленгеннен кейін ғана меншік болып табылатын нәрселер.

ХҮІІ КІТАП

САРФТЫ САТУ ТУРАЛЫ

Сарфты сатудың анықтамасы. Заттар бір-біріне қарама-қарсы салмағы бойынша тең болу керек, бірақ сапа бойынша айырмашылығы болады. Айырбас өзі орынында болу керек. Егер айырбас өз орнында болса алтын бір санында күміске сатылуы мүмкін. Бірақ бір жағдай эквиваленттің қатынасы бола алмайды, мұндай жағдай қабылданбас бұрын. Алтынды көзіне қарай күміске сатуға болады; бірақ алтын алтынға немесе күміс-күміске болуы мүмкін емес. Бір затты сатуда, өзінде алтынның немесе күмістен болу керек, ақшасын алтынмен немесе күміспен төлейсін. Ыдыс –аяқ сату кезінде, егер екі жақ ақшасын төлемей тұрып кетіп қалса, онда сатудың бір бөлігі ғана заңды, шеберлікпен төлеушілерге. Егер немесе ыдыс-аяқтың жарты бөлігі басқа біреудің меншігінде болса, онда сатып алушы бұл ұсыныстан бас тартуына болады. Бірақ бұл құйылған заттарға қатысты емес. Егер зат әр жағынан әртүрлі ақша түрінен тұрса, онда әртүрлі сандағы сатумен айырбас заңды. Салмаққа қатысты жетпейтін құн пропорционал бағадағы басқа заттың үстемесімен толтырылуы мүмкін. Қарыз сарф саудаланғаннан кейін ғана өтелуі мүмкін. Төмен жетістіктегі тиынды сипаттау және оларға тиесілі ережелер.

Егерде төлем мерзімге дейін төмен дәрежелі даригмалар құнын жоғалтса, онда даригманы сатуға тыйым салынады. Мыс тыйынға қатысты ереже.

ХVІІІ КІТАП

КАФАЛЯТ НЕМЕСЕ КЕПІЛДІККЕ АЛУ ЖАЙЛЫ

I Бөлім

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бөлім. Тұлға үшін кепілдікке алу. Оны іске асыру түрлері. Кепілге алушы кепілге алған тұлғасын белгіленген мерзімде қайтаруы тиіс, оны орындамаған жағдайда тұтқындалады. Егер де кепілдікке алынған тұлға пішілген болса, онда кепілге алушыға оны зерттеп білуге уақыт берілуі тиіс және дау шешілуі мүмкін болған жерде аталған тұлғаны қайтару кезінде келісімшарт орындалған болып есептелінеді. Кепілдікке алынар кезде қолданылған терминдерді анықтау. Кепілдік берілген тұлғаның өлімі кепілдік берушіні босатады. Кепілдік берушінің өлімі келісім шартты жояды. Егер де несиелендіруші қаза болса, онда мұрагерлері немесе жанын бұйрушылар орындалуы талап етуге құқылы. Кепілдік беруші кепілдік берген тұлғасын әкеліп беріп міндетінен босай алады. Немесе бұл тұлға өз еркімен келсе. Шарттардың қанағаттандырылуы қарыздап тұлғаның жеткізіліп берілуіне байланысты қойылуы мүмкін. Бірақта тұлға үшін кепілдік бәрібір өз күшінде қалады. Егер оның мөлшері белгілі немесе белгілі еместігіне қарамастан, анық қарыз деуге негіз болса, мүлік үшін кепілгерлік заңды. Кепілгерлік берілген жағдайда, несие беруші, кепілдік берушіден немесе борышқордан қанағаттандыруды талап етуге құқылы. Және олардың біріне немесе екеуіне де арыздана алады. Кепілгерлік әлдебір тиісті талап жаратылысына қатысты тәуелділікке қойдыруы мүмкін. Егер кепілгерлік белгілі соманы шектемей берілсе, онда оның мөлшері куәгерлермен, ал ондайлар болмаса, онда кепілдік берушінің арызымен расталады. Кепілгерлік борышқордың келісімімен де, келісімінсіз де берілуі мүмкін. Сенім білдіруші борышқордан сыйақыны талап ету құқығына ие болатын немесе ие болмайтын мән-жайлар.

Ол шын мәнінде борышқордың міндеттемесін өтемейінше, өтем талап ете алмайды. Бірақ ол несие беруші секілді әрекет ете алады. Ол борышқордың қарыздан босатылуы салдарынан кепілгерліктен босатылады, бірақ борышқор сенім білдірушінің босатылуы салдарынан міндеттемелерінен босатылмайды. Төлем мерзімі ұзартылған жағдайда. Несие берушімен бейбіт келісімге келген кепілдік беруші өзін де, борышқорды да кейінгі талап етулерден босатады. Және бейбіт келісімде өзінің төленген сомасын борышқордан талап етуге құқылы. Бейбіт келісім бойынша өзін міндеттемелерден босататынын айтқан кепілдік беруші, борышқорды өзінің міндеттемелерінен босатпайды. Оның жауапкершіліктен босатылғандығын білдіретін сөздерден борышқорға қойылатын қатынастар құқығының тәуелді болатын жағдайлары. Кепілдік беруден азат ету шартқа тәуелді ете алмайды. Есесін қайтару не жазалау жағдайында жұмсау жарамды, егер ол бетіне бергенде. Сату кезінде кепілдік беру затқа емес бағаға беріледі. Белгілі бір жануарға жұмыс істету арқылы кепілдік беру жарамсыз. Келісім шарт кредитордың келісімімен тапсырыс берілуі тиіс. Тек қарыздар адам қайтыс болған жағдайда ескертілмейді. Қайтыс болған азаматтың есесінен тапсырысты қайта алмау жағдайда. Қарызданушы (борышкер) берілген сумманы төлегеннен кейін кредитордан бұл сумманы қайта талап етпей, қанағатанады. Қарызданушы жоғалтқанда тапсырыс берушіге қамтамсыз ету үшін мүлігін берген жағдайда. Айнитті сату арқылы құтылу кепілдік жағдайы. Кепілдік берушіге қарсы мұндай талап-арыздарды растайтын куәлік көрсетпелерді жіберуге болмайды, келісімшарт кепілгерлікті орнатудағы шартқа сай келмейді. Тапсырыс берушіге қарсы қарызгердің қатысуынсыз жасалған шешім, соңғысы үшін міндетті емес, егер кепілдік оның қалауынсыз берілген болса. Болатын нәрсеге қатысты

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

кепілдік. Сату-алу мәмлесі кезіндегі куәгерлік кездейсоқтыққа қарсы кепілдікпен тең емес.

Бөлім. Замин және кепілдік алу туралы

Сенім білдірушілер тарапынан өкілдердің кепіл болуы пәстік әрі болмашы. Сату және сатып алу кезіндегі қатысушылардың бір-біріне кепілдеме болуы болмашы нәрсе. Жер салығын төлеудегі және барлық дұрыс салықтарды төлеудегі кепілдік жарамды. Кейінге қалдырылған қарызбен және кейінге қалдырылған кепілдіктің айырмасы. Құлды сату кезіндегі кездейсоқ кепілдікке қарсы. Орындау берудегі кепілділік болмашы. Сатып алушыға затты өткізудегі кепілдемелік жарамсыз.

II Бөлім. Екі адамның кепілділік беруі туралы.

Екі кісінің досы үшін қарыз және кепілдеме болуы жағдайы. Екі кісінің үшінші кісі үшін барлық шағымдар көлемінде кепіл болуы және бір-біріне әрқайсысының қабылдаған кепілдемелік жағдайы. Серіктестік таратылуы кезінде әрқайсы жолдас қарызы үшін жауапты, олардың серіктестік ісәрекеті кезіндегі. Өздерінің сатып алу кепілдік төлеміне қатысты екі мукатабаның бір-біріне сүйенуі.

III Тарау. Азат адамдардың құлдарға кепілдік беруі және құлдардың азат адамдарға кепілдігі туралы

Құл үшін шағымда кепіл болған кісі, құл бұл жерде еркіндікке жіберілгенде ғана жауапты болатын жағдай, және шағымды жедел түрде қанағатандыруы міндетті. Құлдың жеке тұлғасы үшін кепілдік оның өлімінен кейін жойылады. Құл үшін мүліктік кепілдік берушіні құлдың өлімінен кейін жауаптылыққа душар етуі мүмкін. Қожайыны үшін құлдың кепілдікке баруы немесе қожайының құлы үшін кепілдік берушіні қарызгерден қанағаттандыруы талапқа негіз бола алмайды. Китабат үшін сыйақы кепілдік беруге зат бола алмайды, азаттық жұмысы үшін айырбас ретінде берілген сыйақысыда.

XIX КІТАП. ГАВАЛИТ ТУРАЛЫ, НЕМЕСЕ ҚАРЫЗДЫ АУДАРУ

Терминнің мәні. Кредитормен және жаңа қарызгермен жасалған келісім күшінде қарызды аудару жарамды болады; ол қарызгерді әрқандай оған жаслағн шағымнан босатады, егер жаңа қарызгер өзінің міндетінен бас тартпаса және оны орындауға қабілетті болса. Жаңа қарызгер аударушыға кері талап қоя алу құқына ие, яғни оған аударылған нәрсеге. Қарызгер өзінің қарызын мүлікке аударуына болады, басқа кісінің қолында шоғырланған. Аудару жасалған қарызгерге аудару кісінің қарызымен шектелуі мүмкін. Қосымша көмек ақша сифитжи жолымен мақұлданбайды.

XX КІТАП. ҚАЗИДІҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

I Тарау

Қази куәгердің қасиеттерін меңгеруі міндетті. Ол дұрыс емес әрекеттер жасау нәтижесінде де лауазымын жоғалтпайды. Муфтий әділ мінезді характерге ие болу керек. Саңылаусыз кісіні қази тағайындауы мүмкін. Мемлекет басшының міндетіне осы лауазымға қабілетті тұлғаны тағайындау жатады. Мүмкін өзінің қабілетіне сенетін тұлға тағайындалуы мүмкін, бірақ өзіне өзі күдіктене қарайтын тұлға емес. Сұрап алуға немесе тағайындауға қалайда жетуге болмайды. Қази тағайындау бойынша барлық хаттамаларды және басқа да оның лауазымдық міндетіне қатысты қағаздарды өзінің аминдерінің көмегімен қабылдауы міндетті, яғни оның мазмұнымен танысуы міндетті. Және тергеу жүргізуі міндетті және қандай бір заңды шағымдармен ұсталған кісілерге үкім қою тиіс, ал сонымен қатар даулы мүліктерге секвестрге қатысты да. Ол мешітте қызмет етуі міндетті немесе басқа көпшілік жерде, немесе өзінің жеке үйінде. Және ол қарапайым өзінің ортасында болуы керек. Ол ешқандай сыйлықтар алмауы керек, тек өз туыстары және жақын достарынан бөлек, қонақ болуы немесе салтанат құруы керек емес. Ол жаназаға қатысуы міндетті және ауруларды зиярат етуі керек. Куәгерлерге қатысты қауіпсіздік шараларын жасауы, сақ болуы керек мәжіліс кезінде және көрсетпе беру кезінде, өзін шыдамдылықпен ұстауы қажет. Ол санасы-ақылы анық емес және қатаң емес кезінде істер қарамауы және шешімдер қабылдамауы қажет.

Бөлім. Абақтыға жабу туралы

Қарызына қатысты абақтыға жабу туралы ереже. Қарызды мойына ілген кезде жауапты сол мезетте-ақ абақтыға жабылады, егер үкімді орындау кешіктірілсе, онда ол есесін қайтару келісімшартына немесе неке туралы келісімге, сонымен қатар және басқа да жағдайларда, егер кредитор қарызгердің борышын өтеу мүмкіндігін дәлелдесе. Әйелінің сақтау талап-арыз жағдайы. Қарызды мойындау жағдайы. Күйеуі өзінің әйелін сақтап-бағып қаққаны үшін абақтыға жабылуы мүмкін; бірақ әке өзінің баласының талап-арызы үшін абақтыға жабылмайды.

II Тарау. Бір қазидің екіншісіне қарым-қатынасы туралы

Куәландырылған қарым-қатынас мүлік істерінде қолданылуы мүмкін. Хаттама мен қазилардың қарым-қатынасы арасындағы айырмашылық. Қарым-қатынас әйгілі шарттарда ғана қолдануға жатады. Қарым-қатынасты қанағаттандыру үшін қажетті куәгерлік. Асырап алу куәгерлерге шамамен, хабарланған болуы тиіс; ал тек жауап берушінің қатысуымен қабылданған болуы тиіс. Тиісті қолдану түрлері оны қабылдау уақытында.....

Бөлім.

Әйел барлық мүліктік істерде қазидің міндетін атқара алады. Қази иммамның шешімінсіз орынбасар тағайындау қақысы жоқ, бірақ орынбасардың анықтау, оның

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қатысуымен қаулы қабылдау немесе оның мақұлдауымен жарамды. Егер ол орынбасарды өкілдік етуімен тағайындаса, онда оны кейін босата алмайды. Ол әділетті шешімдерді орындауда басқа қазилермен қатынас орнату міндетті және оны орындауды мәжбүрлеп отыру керек. Оның шешімі күдікті істерде жарамды дегенмен ол өзінің мазһабының іліміне қайшы келеді. Куәгерлердің көрсетпесі негізінде заңсыз жарияланған зат солай болғанмен, алайда куәгерлердің көрсетпесі жалған болса, . Өзі жоққа қарсы шешім оның өкілінің қатысуымен қойылуы мүмкін, сол кісіге қарсы, яғни ол алдында талап-арызға қарсы болды, ал кейін жасырынып қалған. Қазі жетімнің мүлкін несиеге беруі мүмкін.

Бөлім. Аралық дау-жанжалды шешу туралы.

Аралық сот қазидің бойындағы қасиеттерді игеруі тиіс. Ол құл, хақ діннен жат сенімде, жалақор немесе кемеліне жетпеген жас болмауы керек. Бірақ ол мұсылман дінінде емес тұлға бола алады. Әрқайсы тараптар аралық соттың дау-жанжалдарға қатысты шешім шығарылғанға дейін, одан бас тарта алады.

Қазі аралық соттың шешімінен хабар алуы бойынша оған орындауға разылығын беруі керек, егер қазі сол шешімді мақұлдаса. Аралық сотқа есесін қайтару және жазалау оқиғасында арыз беру жарамсыз. Аралық соттың заңбұзушының туыстарына айыппұл салуы ешқандай күшке ие емес. Құқықбұзушылығын мойындамаған кісіге құқық бұзушы деп айыппұл салған да. Ол куәгерлерді тергей алады. Аралық соттың шешімін мойындаған тараптар нәтижеде мұндай шешіммен бас тарта алмайды. Ата-ана, балалардың немесе әйелінің пайдасына шешілген әрқандай шешімдер болмашы болып есептеледі. Бірнеше аралық соттар бірігіп әрекет етуі керек. Бөлім. Сот істерін анықтауға қатысты әртүрлі жағдайлар.Үйдің төменгі қабатындағы үйлерге қатысты ешқандай әрекет жасалмауы тиіс, егер ол құрылысқа әсер етсе. Жеке меншік өткелде өту жолын жасауға болмайды. Анықталмаған талап бейбіт келісіммен аяқталуы мүмкін.

Сыйлау және сатып алу негізінде арыз беру. Егер құлды сатып алғанын сатып алушы бас тартса, онда онымен қожайының бірге тұруына болады.

Ақшаны қабылдау кезінде қабылдау алушының ақшаның сапасына қатысты айтқанына сену керек. Кредитор өзінің борышкерінің көрсетуін мойындамаса, онда нәтижеде өзінің талабын сендіре алмайды, егер борышкер мойындаса да немесе дәлел көрсеткен жағдайда да.

Борышкерден қарызды талап етуде борышкердің дәлелдеріне сену керек, егер ол қарызын қайтаруына сендіре алса. Кемшілігі бар құлды сатып алудағы дауласу оқиғасы. Келісім шарт, Құдайдың еркімен байланыстырылып қойылған әрекет болмашы болып табылады.

IY Тарау. Мұраларға қатысты қазылардың қаулылары жайында.

Христианның жесірі өзінің мұрасына іздеу салып, наным-сенімге қосылғаннан кейінгі жағдай.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Мұсылманның жесірі христиан болған оқиғада, тура сол мән-жәйға талап жариялауы. Сенім білдірілген адамның сенім білдірушісінің қазасынан соң, кімді мұрагер деп таныса соған мүлікті беруі тиіс.

Байлықты бөлу кезінде қазі мұрагерлерден немесе кредиторлардан жоқ адамдардың есебінен қандай да бір қамқорлықты талап етпеуі керек. Қосылған мұрагерлік жерінде үшінші адам билігінде тұрған мұрагер бетінде тұрған өз бөлігін алады және ешқандай бөлігі жоқ мұрагерлерді қамқорлыққа алады. Зекетке тиіс елі садақа (мүлік) түріндегі мал, барлық мүлікке қатысты. Мильк түріндегі садақаны тапсыру оқиғасы. Жанбұйырушының әрекеті оның тағайындалуына формальды емес күшіне ие. Сенілген кісіні тағайындау кездейсоқ хабарға сәйкес болуы мүмкін. Бірақ оны босату тек тиісті хабарландыру жолымен болуы мүмкін. Қазі немесе оның амині шығынға жауапты емес, әлдекімге байлық сатылымында, кредиторларға қанағаттанарлық қуатты болуы мүмкін. Егер қазидің бұйрығымен жанбұйырушы тарапынан шығын жасалған болса, онда ол (жанбұйырушы) кредиторлар тарапынан сыйақы алады. Бұл қарым-қатынаста да жас өспірім мұрагер кредитор сияқты ахуалда табылады. Бөлім. Қазидің жазалау туралы бұйрығымен үкімді кез-келген кісі орындауына болады.

Қазиды лауазымынан босатқаннан кейінгі даулы шешім жағдайы.

Кітап XXI. Шағадат немесе дәлелдер туралы.

Қызығушылық танытқан жақтың талабы бойынша куәгер ретінде куәгерлік ету парыз. Бірақ ол дене жазасына алып келетін кездерде міндетті емес. Егер олар факті жазаны қолдануға негіз болмайтындай мүлікке қол тигізбеген болса. Зинақорлық кезінде төрт еркектің куәгерлігі керек. Басқа қылмыстық істерде екі еркектің куәгерлігі керек.

Ал барлық басқа да істерде екі еркектің немесе бір еркек пен екі әйелдің куәгерлігі керек. Әйелдің куәгерлігі баланың тірі туылғандығына дәлел ретінде қолданылмайды, себебі бұл дәлелмен жерлеу рәсімдерінен бөлек нәрсені орнатқысы келеді. Куәгерлердің шынайылығы және олардың «куәгерлік» сөзін қолдануы қажетті болып табылады.

Куәгерлердің сияқты адалдығы жеткілікті, тек жазаға алып келетін істерден басқа кездерде. Егер, алайда, олардың шыншылдығы туралы сұрақ қозғалса, онда тазалау қажет. Жасырын мәні. Және жария тазалану. Куәгерді жауап берушімен ақтау. Бір тазалаушы жеткілікті. Құл жасырын тазалау кезінде тазалаушы бола алады. Бөлім. Дәлелдер екі түрлі болады: өздерімен-өздері әсер ететін. Және әрекеттері басқа дәлелдерге тәуелділер. Актінің астындағы қол қою егер куәгер оған қол қойғаны есінде болмаса куәландырылмауы керек.

Куәгерлік тек бірнеше адамның қатысуымен өткен істерден басқа жағдайларда естуі бойынша беріле алмайды. Және ол да абсолютті берілуі керек. Танымал адамның жерленуі туралы куәлік ету оның өлімі туралы куәлік етумен бірдей. Меншік құқығы затты басқаның иелігінде көрген куәгермен куәландырыла алады.

Құлға меншік құқығы да сол негізде куәландырыла алады. Дәлелдерді қабылдау және қабылдаудан бас тарту туралы. Соқырдың куәлік етуіне жол берілмейді. етіп болғаннан кейін көз жанарынан айырылса, онда осы куәліктің

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

негізінде шешім қабылдана алмайды. Құлдың куәлік етуіне жол берілмейді. Дінсіз ғайбатшы дінді қабылдағаннан кейін қайтадан куәгер болу құқығына ие болады. Туыстықтың тура қатынасы бойынша туысқан үшін куәлік етуге жол берілмейді. Күйеуі үшін де, әйелі үшін де, қожайыны немесе оның құлы, жалдаушысы немесе жалданған адамы үшін емес.

Қожайынның өзінің құлы үшін берген куәлігіне жол берілмейді. Бір бірге иемденушінің басқасына қатысты берген куәлігі секілді (олардың ортақ меншігіне қатысты). Ағайының немесе бауырының пайдасына куәлік беруге болады. Жұрт алдындағы жылаушылар мен әншілердің куәлік етуіне жол берілмейді. Дағдылы маскүнемдердің немесе құс аулаушылардың куәліктері де солай. Немесе қатыгез қылмыскерлердің. Немесе ұятсыз адамдардың. Немесе өсімқорлар мен ойыншылардың. Немесе келіссіз әрекеттерге кінәлі адамдардың куәлік етуіне жол берілмейді. Немесе еркін ойлаушылардың, олар өз ойларын ашық мойындаған кезде. Гава сектасының және басқа да еретиктердің куәлік етуіне жол беріледі, бірақ хетабии тайпасының куәлік етуіне болмайды. Зиммилер тек зиммилерге қатысты істерде ғана куәлік ете алады. Мустами зиммиге қатысты істе куәлік ете алмайды, бірақ зимми мустаминге қатысты істе куәлік ете алады.

Мустаминдер бір елден болса бір-біріне қатысты куәлік ете алады. Жақтаушылары көп кез-келген адамның куәлік етуіне болады. Қандай да бір орынды себеппен піштірілмеген түрде қалған адамның куәлік етуіне болады. Немесе әтек. Немесе заңсыз туылған. Немесе гермафродиттің. Немесе басшының. Басқа бауырлардың олардың әкелерінің өсиет алумен тағайындалуын куәландыратын арыздарына сену керек, егер өсиет алған адам куәлікті растаса; және осыны екі легатарлар, екі қарыз алушылар немесе қарыз берушілер немесе екі өсиет алушылардың сол жағдай туралы куәлік етуі туралы да айтуға болады. Сенімдімен танымал адамды тағайындау туралы куәлікке сенбеу керек. Жауап беруші куәгерлердің адалдығын жаманатты етуі ешқандай маңызға ие емес, егер ол олардың қандай да бір қылмысты жасағанын дәлелдей алмаса. Немесе шағымданушының олардың әдепсіздігі туралы куәлігін растау ретінде дәлелдер бермеу. Оған куәгерлердің шағымданушымен жалданғанын дәлелдеу үшін мүмкіндік берілмейді. Егер бұған оның өзінің меншігі қатысты болмаса. Куәгердің абыржу себебінен дұрыс емес немесе толық емес куәлік етуі туралы бірден жасаған мәлімдемесі оны сенімнен айырмайды.

Куәгерлердің куәлік етудегі келіспеушіліктері туралы

Шағымға қарсы келетін куәлікке жол берілмейді. Куәгерлердің куәліктері бірдей болулары керек. Куәгерлік куәліктер олар сөздерде де, мәнісінде де бір-бірімен келісетін ең аз көлемде қабылдана алады. Шағымның соммасына қарағанда үлкен сомманы куәландыратын куәгердің куәліктері жарамсыз. Қарыз туралы куәлік қарыздың бөлігін төлеуі туралы хабарлаумен кейінгімен жойылмайды. Фактісі мен уақтысы бойынша өзара келіскен, бірақ жеріне қатысты келіспеген куәгерлердің куәліктері қабылданбауы керек. Малды ұрлау туралы куәлік куәгерлердің арасындағы түске қатысты келіспеушіліктен жойылмайды, бірақ жынысына қатысты

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

келіспеушіліктен жойылады. Келісім-шарттың болуы туралы куәлігі келісімнің айтылуына қатысты келіспеушіліктер нәтижесінде жойылады.

Келісім-шарт әйел орнатылатын соммалардың ең азына құқығы болатын жасау бола алады ма. Мұра туралы істердегі дәлелдер туралы Мұрагерлік құқығын іске асырудан бұрын мұра қалдырушының өлімі және мұрагерлердің құқықтары дәлелденуі керек. Егер куәгерлер меншік құқығын немесе мұра қалдырушының оның өлімі кезінде иемденуіне куәландыруы жеткілікті. Мұрагер басқа адамның иелігіндегі затқа оның мұра берушінің меншігі екенін дәлелдеп немесе оған қарызға немесе сақтауға берілгенін дәлелдеп талап ете алады. Затқа құқық оны бұрын иемденуді дәлелдеумен орнатылмайды.

Егер тек жауап беруші бұл бұрынғы иелікті мойындамаса. Немесе егер екі куәгер оның мұндай мойындау жасағанын куәландырмаса. Дәлелді куәландыру туралы. Дәлелді куәландыруға күмән тудыруға әсер етпейтін барлық істерде жол беріледі. Сол екі куәгерлерді куәландыру бастапқы куәліктерді анықтау үшін жеткілікті. Бірақ әрбір куәгердің куәліктері екі аралық куәгерлердің куәліктерімен куәландырылуы керек. Куәландыру тікелей куәгердің қалауы бойынша ғана орын алуы мүмкін, ол куәландыратын куәгерге өзінің куәліктерінің сөздерін айтуы керек. Куәландыру формасы. Басқа біреудің куәландыруын куәландыруға болмайды, егер сол басқа біреу оны қаламаса. Куәландыруға тек бастапқы куәгердің өлімі, жоқ болуы (алыс жерде) немесе ауруы жағдайларында ғана жол беріледі.

Куәландырушы куәгерлер бастапқы куәгерлердің тазалаушылары ретінде келе алады. Бірақ егер олар басты куәгерде ақтамаса, онда бұл куәландырылатын куәліктің шындығында көрінбейді.

Бастапқы куәгерлердің мойындамауы куәландырудың шынайлығын жояды. Егер куәландырушы куәгерлер жауап берушіні түрінен білмесе, онда оның тұлғасы басқа куәгерлермен куәландырылуы керек. Дәл осы жағдай шағым шектеріне қатысты сақталады. Қазыға қатысты көрсетілген адамның теңдігі куәландырылуы керек. Жалған куәлік етуші таңбалануы керек. Жалған куәлік етушіні таңбалау әдісі. Көрсетуден бас тарту. Шешім шығарғанға дейін куәлікті қайтып алу жарамсыз. Бірақ шешім шығарылғаннан кейін қайтып алынған куә жарамды. Бас тарту ашық мәжілісте өткізілуі тиіс. Шешім шығарылғаннан кейін куәлерінен бас тартқан куәгерлер жәбірленуші тарапқа өтемақы төлеуі тиіс. Егер тек шешім шын мәнінде жәбірленуші жаққа қарсы орындауға әкелген болса. Егер тек бір куәгер куәлігінен бас тартса, онда ол шығынның жартысына жауап береді. Бірнеше куәгерлердің бас тартқан кездегі, олардың ішіндегі біреуі өз куәлігінде қалса дәл осылай тәртіп сақталады. Куәгерлер ерлер және әйелдер болғанда бас тарту жағдайлары. Неке және жеке жасауы туралы куәлік беруден бас тарту бас тартушыларды ешқандай жауапкершілікке тартпайды.

Куәгерлердің бас тартуы сауда істерінде егер олар заттың құнының бағасын төмен етіп куәлік берсе жауапкершілікке тартылмайды. Некелі бірге тұру болғанға дейінгі ажырасу туралы куәліктерінен бас тартқан куәгерлер жасаудың жартысына жауапты. Құлды бостандыққа жіберу туралы берген куәлігінен бас тартқан куәгерлер құлдың құнына жауапты.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Куәліктерінен бас тартқан екінші дәрежелі куәгерлер шығын үшін жауапты, бірақ негізгі куәгерлер жауапты емес, егер олар екінші дәрежелі куәгерлердің куәлерін мойындамаса немесе бас тартса.

Бірінші және екінші деңгейдегі куәгерлердің бас тарту оқиғасы. Екінші деңгейдегі куәгерлердің бірінші (бас) куәгерлердің көрсетулерін жалғандықта немесе қателікте екендігіне куәлік етуі. Тазалаушылар, ақталудан безгендер, жауапты.

Ажырасу немесе еркіндікке жіберуді тоқтату туралы көрсетуден безу жағдайы.

VII КІТАП

ХУДУД, НЕМЕСЕ ЖАЗА ТУРАЛЫ¹

Хадд (жаза) анықтамасы. Худуд - «тосқауыл, бөгет, кедергі» мағынасын білдіретін «хадд» есімінің көпше түрі. Осыдан қорғаушы немесе қарауыл мағынасы – хаддат. Оған күзетудегі үйге бөгде адамдардың кіруіне кедергі жасау міндеті жатады. Заң тілімен айтқанда хадд жазалау мағынасын білдіреді. Бұл терминде кек алу – адами түсінік. Хадд – Аллаһтың құқығы.

Хаддты таазирмен шатастырып алмау қажет (таазир – соттың қалауымен белгіленетін жаза). Таазир – заңмен бекітілмеген соттың қалауындағы жазалау түрі. Хаддты орнатудағы мақсат құқық бұзушылық әрекетті, бірақ кінәні жуу үшін емес. Хадд тек мұсылмандарға ғана емес мұсылман еместерге де қолданылады.

I Тарау Зинақорлық

II Тарау Тыйым салынбаған жыныстық қатынас және жазаға ұшыраудан қорқу туралы

III Тарау Жеңіл жүріс туралы дәлелдер және одан бас тарту, безу туралы

IV Тарау Шурб-хадд (жаза), немесе шарап ішкені үшін жаза туралы

V Тарау Казф-хадд, немесе жала жапқаны үшін жаза туралы

VI Тарау Таазир немесе ерікті жағдайдағы жаза туралы

I тарау

ЗИНАҚОРЛЫҚ, НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛ ЖҮРІС ТУРАЛЫ

Зинақорлық фактісі мойындау немесе дәлел-дәйек арқылы анықталады. Зинақорлық алдымен екі тәсілмен белгіленеді: мойындау және дәлелдеу арқылы. Зинақорлық туралы дәлелдерді куәгерлердің көрсетуімен анықталады; шындықтың бетін ашуда мойындаудың маңызы өте зор. Мойындау фактісінің нәтижесі масқарашылық пен азап туғызатынын да ескеру қажет. Екіншіден, жеңіл жүрістік өзінің жаратылысынан шынайы дәлелдердің болу мүмкіндігін жояды. Демек, бұл жағдайда сот жүйесінің практикасын қолдану лазым, әйтпесе, әділділеттіліктің есігі жабылады.

Дәлелдер арқылы зинақорлықты анықтауда төрт куәгердің көрсетпесі талап етіледі. Ер кісі мен әйелдің зинасы туралы Құранда: «өздеріңнің ішінен төрт куәгерді қойыңдар, оларға қарсы», сонымен қатар; «Егер біреу таза адамдарды зинақорлыққа айыптап, төрт куәгер қоя алмаса ол адамға сексен рет дүре соғылсын». Пайғамбарға (с.а.с) өз әйелін айыптап келген кісіге былай деген екен: «Төрт куәгер әкел, сенің сөіңнің шынайылығын растасын». Осыншама куәгерлердің саны жақынының кемшілігін жасыру үшін де қажет. Төрттен кем емес куәгерді талап ету арқылы көздеген мақсатқа жетеміз.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

1. Бұл кітапта тек зина, шарап ішкені және жала жапқаны үшін жаза туралы айтылады; ал ұрлық т.б туралы басқа кітаптарда сөз болады.

Болған жәйтке байланысты куәгерлерден тиянақты түрде жауап алынуы тиіс. Қазі куәгерлерден жеке-жеке жауап алғаны дұрыс. Олардың барлығына мынадай сұрақтар қоюы тиіс. «Зина дегеніміз не? Айыпталушы зинаны қалай жасаған? Қайда? Қашан? Кіммен?». Пайғамбарымыз (с.а.с) осылайша Мазадан жауап алған. Қызығушылық пен еліктірудің оқиғасымен анықтаған. Осылайша жауап алу арқылы куәгерлердің зина туралы түсініктерін анықтап алу қажет. (Мысалы, олар зина жасау деп сүю мен қол тигізу секілді әрекеттерді түсінуі мүмкін).

Одан басқа зина басқа елде жасалса, сот қарауына жатпауы мүмкін. Немесе, айып тағылғанға дейін біршама уақыт бұрын жасалған болса ше. Мүмкін, екі жақтың қате әсерінен жасалса ше, онда қандай жаза қолдануы керек. Айыпталушы мен куәгер жауапкершілікті түсінбесе немесе білмесе қалай шешім қабылдау керек. (М:ер кісі өзінің баласының күнімен қатынасқа түскен болса). Сондықтан да сот оқиғаға байланысты арыздарды тиянақты зерттеуі қажет. Мүмкін анықталушының жазадан құтқаратын дәйектер анықталып қалуы ықтимал.

Талапқа сай жауап алу нәтижесінде үкім жарияланады. Қазі куәгерлердің айтқан көрсетпесінің шынайылығына мән беруі және зинақорлардың өзара жаныстық қатынас жасау сәтін көрген (оны суреттеп беруі міндеті) болу керек. Төрт кісі күә болып, төртеуі де зина етті деп айтуы шарт. Куәгерлердің көрсетпесін сәйкес үкім оқылсын. Бірақ, куәгерлердің көрсетпесі бұл жағдайда жеткіліксіз, ұмытпау керек, олардың ашық және құпия түрде тазаланғанына сот көз жеткізгені абзал. Өйткені, жазадан құтқаратын фактілер анықталып қалуы мүмкін. Пайғамбарымыз (с.а.с): «Шамаларың жеткенше жазадан құтқаратын себеп іздеңдер». Керісінше, басқа жағдайда (Абу Ханифа бойынша) шынайылық жетіп жатыр. Ашық және құпия түрде өзін тазалануы әдісі дәлелдер келтіру туралы ілімде айтылған.

Имам Мұхаммед «Мабсут» атты еңбегінде қазі куәгерлердің сөзі мен антына сеніп айыпталушыны абақтыға жабуы мүмкін дейді. Айыпталушының жеңіл жүрістігі туралы әрекетінің куәгерлердің куәлігі арқылы дәлелденсе де куәгерлердің күәлік сөздерінің растығына аса мән беру керектігі туралы Пайғамбар (с.ғ.с) куәгерлердің куәлігі арқылы борышкерді қарызын өтемегені үшін жауапқа душар етуге болмайды, куәгерлердің адалдығы анықталмаса деп көрсетеді. Біз бұл мәселені әлі тиянақты талқыға салатын боламыз.

Айыбын мойындаушы айыбын (қылмыс) төрт рет қайталуы және әрқайсы мойындау әрекетінің арасында белгілі уақыт өлшемін қою керек. Зинақорлықты мойындауды ақыл есі дұрыс және кәмелет жасына толған адам жасай алады, яғни, қазидің алдында, әр уақытта, өз арызын төрт мәртеге дейін қайталап, өзін зинақорлық жасауда кінәлілігі жарияланады. Мойындаушының бірінші, екінші және үшінші реттегі мойындауынсыз соңғы мойындау қабыл етілмейді, мойындаушының ақыл-есінің дұрыстығы және кәмелеттік жасқа жеткендігі – мойындаудың қажетті талабы, себебі балиғат жасына толмаған немесе ақылы кем адамдар сенуге лайық емес және жаза қою үшін жеткіліксіз. Мойындаудың әр мезгілде төрт мәрте қайталау талабы біздің ғалымдарымыздың пікірлерімен келісілген. Шафий имам бойынша, зинақорлық

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оқиғасында бір рет мойындау жеткілікті. Өйткені, заң біреу және осы жағдайда да, басқа жағдайда да: мойындау айқындыққа апаратын амал, және мойындау есепке алынды; осы мақсатқа жету үшін бір рет мойындаудың өзі жеткілікті. Оны қайталау пайдасыз, қылмыстық айқындалу дәрежесі қайталау салдарынан артпайды да, кемімейді. Куәгерлік мойындау қарама-қайшылығында, барлық күмәннің шындығын қоюға есепсіз мойындау және шынайы көз жеткізуге әкеледі. Адамның арызын (мойындау оқиғасы сияқты) қайталауы біздің сенімімізге ештеңе қоспайды. Біздің ғалымдарымыздың дәлелдемелері – имам Шафийдің келтірген пікіріне қарсы – екі ұшты бағыта. Біріншіден, олар пайғамбарымыз әр мезгілде төрт мәртеге дейін мойындауға дейін жазаға кесуді қаламаған Мааза оқиғасына сілтейді. Бұдан қорытында шығаруға болады, егер кінәліні жазалау үшін бір реттік мойындау жеткілікті болса, онда пайғамбарымыз қайталауды күтпестен мұндайды ретке келтірмей қабылдамас еді. Екіншіден, сол секілді зинаға куәлік беру үшін төрт күннің куәсі талап етілгендей, оны мойындау үшін төрт қайтара қайталау қажет етіледі, және сол себептен де қателікті жасыру үшін, мойындауды қайталауы талап етуге дейін жеткізуде қандай мақсат бар. Мойындаушының төрт рет келуі екі негізге керек: біріншіден, Мааза оқиғасында осылай болған, екіншіден, мойындауды қайталау мойындаушы жақтың қайталап келуінсіз жүзеге аса алмайды, өйткені бір мезгілдегі бір қайталау және сол мәлімдемеден алғашқы мәлімдеменің ешқандай айырмасы жоқ. Сондықтан төрт мойындау бір меджлиске келуде бір ғана мойындаумен теңеледі. Бірақ мойындау тек мойындаушы тұлғаға ғана қатысты болғанда, онда оның меджлиске келу санының маңызы бар, соттың отырысының саны маңызды емес. Қазы жақтағы отырыста «оның біріні мойындауын қайтарып «Сенің ақыл-есің дұрыс емес» десе, немесе басқа сол сияқтыларды сұраса, ал мойындаушы қазы алдынан кетіп, қайта меджлиске келіп және мойындауын қайталаса дәл осылай төрт мәртеге дейін қайталаса жеткілікті. Бұл Пайғамбарымыз 3 мәртеге дейін қайтарып жіберген Мааза ісіндегі пайғамбарымыздан алған үлгі бойынша Абу Ханифадан айтылған.

Мойындаушыдан тиянақты түрде жауап алынуы тиіс. Мойындау есепке алынған соң қазі мынадай сұрақтар қояды: «Зинақорлық деген не?, Қашан, кіммен зина жасадың?. Осыдан кейін мойындаушыға жаза белгіленеді. Сұрақтарға толық жауап алынды. Зинақорлық дәлелденді. Күәгерлерден күәлік алынды. Куәлерден қазі зина жасалған уақытты сұрауы мүмкін, ал бұл сұрақты мойындаушыға қоюдың қажет де жоқ шығар. Себебі, оқиға болған уақыт аралығы мойындаушының күнәсіне ешқандай әсері болмауы да мүмкін. Қылмыстың болған уақытын сұрау арқылы қазі мойындаушының балиғат жасына жеткен немесе жетпегендігін анықтайды.

Мойындаушы өзінің айтқандарынан бас тартуы мүмкін. Егер зина жасаған адам үкім орындалғанға дейін немесе үкім орындалған шақта өз мойындаған зинасынан бас тартса, оның айтқанына сенуге тура келеді және сол сәтте ақ оны босату керек. Немесе тексеру біткенше зинақорларды және күәлерді абақтыда ұстау керек. Төрт күә зина еткенін көрдік, бірақ қалай болғанын айта алмаса, күәліктері қабыл болмайды. Имам Шафи мен Ибни Ләлий мойындаған ісінен бас тартуға, яғни әрекетін өзгерткенге жол берілмей үкім орындалуы тиіс дейді. Заңды жолмен орнатылған үкімді, мойындаушының өзгерткен көрсетпесінен кейін өзгертуге не нәрсе әсер етуі мүмкін. Зинақорлық куәгерлердің айтуымен анықталды немесе кек алу, жала

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жабу болса ше. Қолданатын жаза кек алу болып табылса ше. Біздің ғұламалардың пікірінше мойындаушының мойындаған ісінен бас тартуын ешкім жоққа шығара алмайды. Мойындағанға ұқсас, мойындаған қылмысы мүмкін өтірік шығар. Жаладан қорыққаны үшін мойындауы мүмкін. Арызында қарама-қайшылық көбейсе және ол күдік-күмән туғызса зина жазасын қолдануға болмайды.

Жеке құқық мәселесіне байланысты әртүрлі (кек алу және жала жапқанына байланысты жаза тағайындағанда) жағдаяттар туындауы мүмкін. Айыпталушының мойындаған күнәсінен бас тартқанына келіспей жаза қолдануды талап ету құдайдың берген құқықтарына сәйкес келе бермейді. Егер қазі немесе имам алдында зинақорлық әрекет мойындалған жағдайда да, мойындаушыға олар: «Мүмкін сен оны тек сүйген шығарсың немесе қолыңмен ғана ұстаған шығарсың? деп сұрақ қойып оның қылмыс жасамағанын анықтаса, мақтаулар болсын. Осындай сұрақты пайғамбарымыз (с.ғ.с) Маазаға қойып еді. Имам Мухаммад «Мабсутте» осы мәселеге қатысты соттың айыпталушының мойындаған зинасынан бөлек оны ақтап алатындай сұрақтар қоя алатындығын көрсетеді. Мысалы, «мойындалған оқиға өзара некеде болғандардың арасында болмапты ма екен» немесе «заңды нәрсеге қате түсініктің әсерінен болмапты ма екен?»).

Бөлім. Жазалау тәсілі және оны орындау туралы

Некеде тұрған және зинақорлықта әшкереленген адам таспен ұрылады. Егер некеде тұрған адамның зинақорлығы әшкереленсе, онда райим жазасына тартылады, яғни, өлгенінше таспен ұрылады. Өйткені, пайғамбарымыз некеде тұрған Маазаны осы жазамен жазалаған, онымен қоса «заңсыз мұсылманның қанын төгу тек үш жағдайда орындалады: діннен безу, некеге тұрғаннан кейінгі зинақорлық және кісі өлтіру» екенін жариялады. Осының бәрімен пайғамбарымыз (с.ғ.с) сахабалары да келіскен.

Таспен ұру тәсілі. Зинақорды таспен ату жазасын орындау үшін оны жайылым мен тұрғын жайлар жоқ бекер жатқан жерге апару керек. Таспен ұру қазі немесе имамның, куәгерлердің және содан кейін ғана басқа қатысушылардың қатысуымен басталуы тиіс, өйткені, хазіреті Алиде осылай айтылған. Жазаның басталуындағы куәгерлерге ескеретін шара бар, өйткені куәгер айыптыға қарсы куә беріп жатқанда өте батыл болуы мүмкін, бірақ сосын жазаның іске асуы міндеттелген кезде оның куәсінің салдарынан ол өкінуі және өз куәлігінен бас тартуы мүмкін. Осы себептен куә берушінің жаза басталғандағы міндеті одан мүлде қашуға алып келеді. Имам Шафий тас лақтыру жазасы алдында «жазаны куәгердің бастауында қажеттілік жоқ, сол сияқты денесін шыбықпен сабау (дүре соғу) кезінде де» деп есептейді. Таспен ұру мен шыбықпен ұру жазасын салыстыруға біздің ғұламаларымыз келіпейді. Қандай да бір қылмысқа қандай затпен жаза қолдану тәсілімен көпшілік таныс емес. Сондықтан да, жазалау тәсілімен таныс емес куәгерден куәлік алынса, айыпталушыға өлім жазасының үкімі лайық болмай, өлімге душар етуі мүмкін. Керісінше, таспен ұру жағдайында, оның өлімге душар ететіні анық болса, жаза қолдану алдында жазаны бастаудан куәгерлер бас тартып, куәліктерінен айыныса, жаза жойылады. Егер куәгерлер өліп қалса немесе қашып кетсе жаза қолдану тәсілі жойылады. Куәгерлердің қатысуымен жаза қолдану тәсілінің сәті келмей қалады. Бұл тек зинақорлық

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

куәгерлердің көрсетпесімен анықталған жағдайға ғана тән. Егер зина жасаған кісінің мойындаумен орнаған болса, таспен ұру жазасы қазі немесе имамның қатысуымен ақ және басқалардың орындалуымен жүзеге асуы тиіс деп жазады хазіреті Али. Пайғамбар (с.ғ.с.) өзі боб жемісінің көлеміндегідей таспен зина жасағандығын мойындаған Гамдияны ұрған. Пайғамбар (с.ғ.с.) қолданған тастың көлемі турасында «Захири-Риуаята» айтылған.

Таспен ұрып өлтірілген кісінің денесі Мааза ісіндегі жазбаға сәйкес кәдімгі адамның денесін жуғандай жуылып, жерлеу рәсімі орындалады. Пайғамбар (с.ғ.с.) Мааза ісіндегі сөзінде: «Оның денесін басқа мұсылмандардың денесі секілді қабылданар», Зинашы Аллаһтың заңын бұзғаны үшін жазаланады. Оның денесін жууға тыйым салынбайды. Пайғамбар (с.ғ.с.) таспен ұрып өлтірілген Гамдияның рухына дұға бағыштауға, құран оқуға рұқсат берген.

Некеде болмаған, басы бос кісіге жүз дүре соғылады. Зинақорлығы әшкереленген, бірақ некеде болмаған, басы бос кісіге жүз рет дүре соғу жазасы қолданылады. Осы жәйтке байланысты Құранда: «Жезөкше және зинақорға жүз дүреден соғылады» делінген. Бұл аяттың некедегі адамдарға қатысы жоқ.

Шыбықпен ұру немесе дүре соғудың тәсілі. Соттың белгілеуімен жүз рет орындалатын дүре бұтанағы жоқ шыбықпен жасалуы қажет. Соққы өте қатты да өте әлсіз де болмауы, біркелкі болу керек. Хазіреті Али осындай жаза қолданғанда шыбықтың бұтанақтарын алып тастаған екен және жазаны қатаң орындау өлімге жетелеуі немесе әлсіз соққы алуы да жазаның мақсат-маңызын жояды. Дүре алушының денесінің жоғары жағы мен тізесінен төменгі жағы жалаңаш болуы қажет. Али осылай жасаған. Бел жағының киімінің қалуы шарт.

Соққы дененің әртүрлі жерлеріне тиюі тиіс. Соққының дененің әртүрлі бөліктеріне ұрылуы қажет. Әйтпесе, өмірге қауіп төнуі мүмкін. Бірде бір соққы бетке, басқа және бала туғызу мүшелеріне тимеуі лазым. Пайғамбар (с.ғ.с.) жендетке: «Жазалау барысында кісінің басына, бетіне және бала туғызу мүшелеріне тигізіп алма» деген екен. Дүре соғу жазасының мәні тәрбие беруге құралған. Сондықтан, жазаланушының бет-көркі, бас-сезім мүшелері және ұрпақтан құр қалдыру арқылы өміріннен бездіруге немесе бұзуға жетелемеуі абзал. Тыйым салынған дене мүшелеріне ұру шарғи-заңға қайшы болып табылады. Абу Жүсіп бір немесе екі соққы басқа да тиюі керек деген екен, ал Абу Бәкір біркезде жендетке: «Басына ұр, басында сайтан үймелеп қалған» деп айтыпты. Айта кеткен орынды, Абу Бәкір бұл нұсқауды жатжерлік мұсылман емес кісіге айтқан. Ол адам дұрыс жолдағыларды алған беттеріне қайтуға үндеген екен. Оған өлім жазасы қолданылған.

Ер кісі жазаға тік тұрған күйде, ал әйел кісі-отырған күйде болу керек. Ер адамға зинасы үшін жазаны тік тұрған халінде қолдану керек. Бұл жөнінде Али былай деген: «Ерлер жазаны тік тұрып қабылдауы керек, ал әйелдер-отырған халде», сонымен қатар, жазаны қолдану тәсілінің маңыздылығы оның бұқара алдында орындалуында. Әйелді жалаңаштау қажет емес. Мид¹ тәсілімен жазаны орындауға болмайды. Бұл терминнің мағынасын әркім әртүрлі түсініп жүр. Біреулер жазаланушыны ұзына бойы бетін жерге қаратып, дене мүшелерін шалқайта ашып жатқызып қоюды, кейбіреулер шыбықпен ұрғанда жендет оны басынан асыра отырып соғуды, үшінші біреулер- шыбықты әр ұрған сайын артынан жібере соққы жасауды

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

түсінеді. Термин қандай мағына беретінін де емес мәселе, бұл айтылғандай тәсілмен жазаны орындауға болмайды. Бұл жазаны шегінен асыра қолдану болып табылады.

Құл елу дүре алады. Жеңіл жүрісте құл немесе күң анықталса олар елу рет дүре алумен жазаланады. Құранда Жаратушы күң әйелдер туралы: «Некеде болмағандардың, бостандықтағылардың жазасының жартысы берілсін» деген. «Құл» сөзі аятта әйелге де еркісіге де бірдей қолданылған. Одан басқа, құлдар өмірдің игіліктерінің жартысын көріп жүргені себепті, жазаның да жартысы қолданылады. Кінәлінің өмір игіліктерін қаншалықты пайдаланды жаза да сол игіліктің көлемімен өлшенеді, өсіп отырады.

Әйелді жалаңаштауға болмайды. Зинақорлық үшін жаза екі жыныстағы адамға да бірдей қолданылады. Бірақ әйелді жалаңаштауға болмайды. Оның жабуын да шешуге болмайды. Тек сырт киімі мен көйлегі шешіледі. Басқа киімдерін шешу оның әдебін құртады. Көйлек пен сырт киім жазаны әлсіздендіреді немесе соққыны баяулатады. Оларды шешу әдепті жоймайды.

Хазіреті Әлидің қолданған әдісі бойынша әйелге отырған хәлінде жаза қолданылуы қажет. Бұл сол әдеп мәселесіне байланысты, таратып айтсақ егер әйелге тас ұру жазасы қолданылса беліне дейін шұқыр қазылуы қажет. Пайғамбар (с.ғ.с) бұйрығымен жоғарыда ата аталған Гамдияға шұқыр қазылған. Али де Шурахи Гамдианиге қатысты жазада шұқыр қазылған. Шұқыр туралы Пайғамбар (с.ғ.с) жан-жақты ештеңе айтпаған екен, сондықтан бұл жәйтті әдепке жатқызамыз. Ер адамға шұқыр қазудың қажеттілігі жоқ. Пайғамбар (с.ғ.с) Маазаға қатысты істе шұқыр қазу туралы бұйрық бермеген. Айта кету керек жазаны қолдану кезінде жазаланушыны байлауға, тұмтауға болмайды, бұл шарғи заңға қайшы келеді. Жазаны байлаулы тәсілмен қолдануға болмайды.

Құлдар зинақорлық жасағаны үшін лауазымды тұлғаның өкімімен де жазалануы мүмкін. Құл иеленуші құлының немесе күнінің зинасы үшін қазидің келісімінсіз жаза қолдана алмайды. Имам Шафи айтқандай, мырза өзінің құлына осы қылмысы және басқа да қылмыстары үшін жазалау шарасын қолдануға құқылы, егер құлына мырзасының билігі шексіз болса, оның құлына қазидің билігі жүрмейді. Сондықтан да, мырза өзінің құлдарына бекітілген заңдар және өзінің қарауынша (таазир) жаза қолдануға бірдей құқылы. Ғұламалардың қарсылығы екі түрлі сипатта: біріншіден пайғамбар (с.ғ.с) жария еткендей, сотқа төрт түрлі нәрсе жүктелген, соның бірі жазаны (хадд) белгілеу немесе заңмен бекітілген жазаны қою, екіншіден хадд Алаһтың құқығына (қалауы мағынасында) жатса жеке тұлғаларға өкілеттілік берілмеуі тиіс. Күнәден аулақ. Заңның өкілі ретінде -хаддты қорғауда мемлекеттің басшысы тұруы керек немесе қазі –мемлекет басшысының өкілі ретінде. Жеке тұлғалардың құқығы ретіндегі – таазирге балиғат жасына жетпегендер жатады, бірақ олар хаддтан босатылады.

Таспен ұру жазасына ұшырағандардың (зина жасаған жағдайда) некелік жағдайына анықтама. Зина жасағаны үшін таспен ұру жазасына кесілген зинақордың некедегі жағдайы: оның ақыл-есі орнында, балиғат жасына жеткен, мұсылман, азат және некеге отырған кезде әйелінің сау болуы, мұсылман және жасына келген болу қажет. Міне осылай Абу Жүсіп пен Абу Ханифа анықтама береді. Ал Имамдар Шафи және Мухаммад бойынша зина жасаған адам азат және мұсылман болуы және әйелінің де мұсылман, азат болса болғаны. Атап айту керек, ақыл есінің

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

дұрыстығы және жасында болуы жаза қолдану үшін маңызды болып тұр. Немесе, бұл шарттарсыз жазаланушылар заңды түсінбейді, оқи да алмайды. Қалған талаптардың қойылуы себебі және оның күнәсінің аталған екеуінен де зор екендігінде. Жақсылықты білмейтін немесе қадірлемейтін жазаланушының күнәсіне тағылған жазаның одан қатаң екендігінде. Мұсылман болу, азат болу және заңды неке ең жоғары адами игіліктерге жатады. Сондықтан да, зина жасағаны үшін таспен ұрып жазалау шарасы осы жоғары игіліктердің барлығының болған жағдайда міндетті орындалуында. Басқа игіліктер айталық, ғалым болуы, әдемі болуы, бай болуы секілді нәрселерге заң мән бермейді. Жоғарыдағы игіліктерге қиянат жасағандықтың өзі жазаны қолдануға негіз болып тұр. Азаттық заңды некеге тұруға құқық береді, неке тән рақатына бөленуге мүмкіндік береді, мұсылмандық мұсылман әйелмен некеге тұруға құқық беріп, зина жасаудан сақтайды. Осының барлығы жеңіл жүрістен сақтауға толық негіз бола алады. Күнәнің жасалуы оған салынған тыйымдардың күшіне байланысты. Имам Шафидің мазхабы мұсылмандық сенім басты шарт болу керек деген біздің ғұламалармен келіспейді. Абу Жүсіпте осындай пікірде. Олар пайғамбар (с.ғ.с) заманында еврей ер кісінің еврей әйелмен болған зинасына қатысты пайғамбар (с.ғ.с) екеуінде таспен ұруға бұйрық бергеніне сүйенеді. Бұл мәселеге біздің ғұламалар келіспейді, пайғамбар (с.ғ.с) бұл үкімді таурат ілімі негізінде жасады, немесе еврей заңына сүйеніп жасады және олардың бұл заңы мұсылман (шариғат) заңымен жойылды. Бұл пайғамбар (с.ғ.с) ның мына хадистерімен расталып отыр: «Кім талапқа сай иман келтірмесе, сол некеде тұрған деп есептелмеуі керек». Әйелінің жұбайымен некедегі өзара түсінігі мен мақабатының сақталуына кедергілер болса, айталық, ақыл-есінің төмендігі, жасының жетпеуі, рахатқа бөлеуге қабілетсіз және икемсіз денсаулығында кірбің болса ше. Немесе, құлмен, мұсылман емеспен некеде болуы, заңды неке болып есептелмейді. Толыққанды неке болып табылмайды. Мұндай некеден қажетінше рахат пен игілікке ие болмауы себепті басқа әйелмен зина жасаған еркекке таспен ұру жазасы қолданылмайды. Осындай шара әйелдің сондай еріне қатысты да саналады. Абу Жүсіп айтады, егер ері мұсылман ал әйелі мұсылман болмаса және онымен бірге тұрса мазан¹ саналады. Бұған жоғарыда айтылғандардан басқа, пайғамбарымыз (с.ғ.с): «Мусульманин не становится женатым от соединения с христианкою, свободный – от соединения с рабою, раб –от соединения со свободною» деген өз хадисінде.

Біруақытта таспен лақтыру және дүре соғуға үкім шығаруға болмайды.

Бір мезгілде шыбықпен сабау мен таспен лақтыру жазасын қолдануға болмайды. Бір мезгілде бір адамға шыбықпен сабау мен таспен лақтыру жазасын қолдануға үкім шығармайды. Өйткені Пайғамбарымыз (с.ғ.с) екі жаза тәсілін қолданғандығы туралы риуаят таба алмайсыз. Жазалаудың мақсаты күнә жасамауға ескерту, таспен лақтыру жазаланушыға ескерту емес басқаларға ескерту болып табылады, өйткені тас лақтырудан кейін өлгенге ескерту емес.

Әйелге қатысты шыбықпен жазалау (дүре соғу) жазасымен қатар қуып жіберу жазасымен біріктіруге болмайды. Зинақорлық жасаған әйел балиғат жасынан асқан болса, оны қуып жіберу мен шыбықпен сабау жазасына душар ету бір мезгілде қолдануға болмайды. Имам Шафий басқаша пікірде немесе Пайғамбарымыз айтқандай: «Егер үйленбеген ер кісі балиғат жасына жеткен әйелмен зина жасаса жазалау жүз рет дүре соғылады және ол қоғамнан бір жылға қуылады. Өйткені

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қуғындау оны тағы да зина жасаудан аулақ етеді немесе әйелдермен сирек кездесетін болады».

Біздің ғұламалардың бұл жөніндегі қарсылығы екі жақты. Біріншіден, жаратушымыз айтады: «Зина жасаушы әйел және еркекке жүз рет дүре соғылу керек». Міне, осыдан оларға қолданылатын жалғыз жаза жүз рет дүре соғу, егер тағы да басқа жазаның түрі болғанда, ол айтылар еді. Екіншіден, әйелді қуып жіберу оған тағы да жеңіл жүрістікке жол ашады, өйткені, адамдар өздерінің таныстарынан алыстаса кемірек ұялатын болады және жаманатқа қалудан көбірек қорқады. Одан басқа белгісіз жағдайда және жатжерліктердің арасында қалып үлкен еңбекпен нәпақа табады, нәтижеде өмір сүру үшін жеңіл жүрістік әрекеттерге салынады. Бұл зинақорлықтың ішіндегі ең сұмдығы. Хазреті Али «Қуып жіберу азғындыруға ұшыратудың тәсілі». Имам Шафий келтірген Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадистерін айтар болсақ мынадай: Егер сааиб (көңілдес болып бірге тұратын еркек) сайиба зина жасап жүрсе, олар жүз рет дүремен және тас лақтырумен жаза таазир жолымен жүзеге асырылу керек. Өйткені, қуғындау кейбір жағдайларда ескерту мәнінде қолданылады, ол қазі немесе имамның күзіретіне берілген.

1. Арапша- «мазан», ашына болып бірге тұрған неке, таспен ұруға лайықтылар жазалануы тиіс.

Бұл үкім қалайша пайда болды немесе қалайша жойылды. Жалпы айтқанда кінәлі әйелге қуғындау жазасын қолдану заңсыз. Бірақ сот қуғындауды пайдалы деп тапса ол бір жыл немесе одан да аз мерзімді қуғындауды қолдануы мүмкін. Бірақ, Пайғамбарымыз с.ғ.с. ның серіктері таазирдің күшінің құқығымен көптеген халықтарды қуғындаған екен.

Таспен лақтыру жазасын қолдануда сырқаттану тосқауыл бола алмайды. Егер сырқаттанған адам зина жасаса және ол таспен лақтыру үкіміне лайық болса үкім орындалады. Себебі ол өлім жазасына лайықты. Оның сырқаты жазаны тоқтата алмайды. Бірақ егер ол шыбықпен сабау үкіміне кесілсе жаза оның толық айығып шыққанына дейін қалдырылады. Себебі, оның өміріне қауіп төнуі мүмкін.

Жүктілік жазаны тоқтатуға себеп бола алады. Егер жүкті әйел зина жасаса және тас лақтыру жазасы тиіс болса жаза ол босанғанға дейін қолданылмайды. Егер ол шыбықпенен сабауға тиіс болса да, оның толық босанып жазылуына дейін тоқтатылады. Оған толық айығуға дейін мұрсат беріледі. Керісінше әйелге тас лақтыру жазасы тиіс болса кейінге айығуға дейінгі уақыт берілмесе, өйткені бұл жағдайда іштегі баланы сақтауға дейін уақыт беріледі. Бала туылысымен жаза орындалады. Абу Ханифа таспен лақтыру жазасына ұшыраған жүкті әйелдің жаңа туылған нәрестесі шешесінің қамқорына зәру болған жағдайда жаза қолданылмауы керек, егер басқа бір шешесінің орын басатын біреу табылмаса үкім орындалмауы тиіс-дейді. Гамдия босанғаннан кейін Пайғамбарымыз (с.а.у) келгенде Пайғамбар оған: «Бара бер, балаңның саған мұқтаждығы таусылғанша жүре тұр».

Жүкті әйел куә екендігі әшкереленгенде абақтыға жабылуы тиіс. Зина туралы жүкті әйел куәгер болған жағдайда оны босанғанға дейін абақтыға жабылуы қажет, ол жасырынып қалмауы үшін. Егер әйел өз еркімен мойындаса абақтыға жабылмауы тиіс.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Одан басқа бұл жағдайда өзінің куәсінен бас тартуға құқылы. Себебі, абақтыға оны жапқанның пайдасы жоқ.

II тарау

ЖАЗАЛАНАТЫН ЖӘНЕ ЖАЗАЛАНБАЙТЫН ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС ТУРАЛЫ

«Зина» - терминінің анықтамасы. Жазаланатын жыныстық қатынас зина болып табылады немесе жеңіл жүрістік. Зина деп заңсыз өзара жыныстық қатынасты атайды. Заңсыз жыныстық қатынас деп болжалды немесе шын мәнінде мынадай жыныстық қатынасқа меншікті құқық бермейтінін пайымдаймыз. Бұл анықтама жеңіл жүрісті еркекке қатысты болып тұр. Ал әйелге қатысты мағынасы жеңіл жүрістілігімен еркекпен байланысын атайды.

Қате жыныстық қатынастың анықтамасы. Жаңылысқан жыныстық қатынастың екі түрі бар. Біріншіден шубхай-иштибах деп аталатын қате жыныстық акт немесе білмегендіктен жасалған қателік; екіншісі, шубхан-гукми деп аталатын қатынас жасаған адамның қателігі, затқа қатысты қателік немесе шэбэ-милк меншіктік қателік. Адақандықтың бірінші түрі еркекке қатысты болуы мүмкін. Ол заңсыз жыныстық қатынасты заңды есептейді. Иштибах еркекті білдіреді, өзінің әйелмен жыныстық қатынасын заңсыз екенін білмегендіктен туындаған қатынас (акт). Иштибах немесе білмеу еркекке түсінігінде білімсіздіктен, адақандықтың, жалғандықтың әсері. Адақандықтың екінші түрі жыныстық қатынастың өзінен-өзі заңды болып көрінген, бірақ кейбір кедергілерге байланысты жүзеге аспай қалған жағдай. Адақандықтың бұл түрінде оны асаушылардың, оны жасауға әрекет етушілердің түсінігінде заңсыз акты туралы қате түсініктің қалыптасқандығы. Адақандықтардың осы екі түріндеде белгілі руаятқа байланысты жазалау жойылады.

Туыстық – кісінің қате жағдайында орнатылады. Қате жыныстық қатынастың екінші түрі бойынша ер кісінің талабымен туылған нәрестенің туыстығы мойындалады.

Акт кезіндегі қате түсініктен емес, кісіге қатысты қателікте орнатылады. Екінші түрдегі қосылыстар туылған нәресте ер кісінің талабымен мойындалады, бірақ бірінші түрдегі оқиғадан ер кісінің нәрестенің туыстығы орнатылмайды, оның қалауына қарамай. Бұл жағдайда қосылу онды есептеледі. Жаза қолданылмаса да ерекше жағдайға байланысты ер кісігі қатысты жасалған осы актінің заңсыздығы оған белгілі болмаған. Бұл жөнінде оның жалған түсінігі қалыптасты. Бірақ екінші түрдегі қосылыстыру бәрі бір оңды жеңілжүріс болып есептелмейді.

Акт кезінде адасу әр түрлі жағдайда қалыптасқан. Оны төмендегіше мысалдармен келтіруге болады.

- 1) Ер кісінің шешесінің құлымен;
- 2) Әкесінің құлымен;
- 3) Әйелінің құлымен;
- 4) Үш рет талақ етілен әйелінің иддат мерзімі кезінде;
- 5) Иддат мерзімі кезінде әйелі күйеуіне ақы беруі арқылы түпкілікті некеден шыққан жағдайда;

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

- 6) Умми-валяд-иддат мерзімі кезінде қожайыннаң азат етуі;
- 7) Мырзасының құлымен;
- 8) Күндікке берілген құлымен, оны қабылдаған кісіге қатысты (риуаят-и-сахихтегі жаза туралы ережеге сәйкес); дегенмен мына нәрсені ескеру керек. Күнді қабылдап алушымен қатар қарызды қабылдап алушының жағдайы бірдей.

Мына жағдайда жаза қолданылмайды. Осы айтылған жағдайлардың бәрінде және жыныстық қатынаста болған болса жазаға душар етілмейді; егер былай деп айтса: «Мен заңды түрде осы әйелдің иесімін деп түсіндім». Бірақ ол әйелмен заңсыз иелік еткен болса, оны мойындаса жазаға ұсынылады. Қосылған жағдайда қателік кісінде 6 жағдайда орындалады.

- 1) Ұлының құлымен;
- 2) Түпкілікті талақ етілген әйелмен;
- 3) Сатылған құлдың сатып алушыға жеткенге дейінгі кезең;
- 4) Мәмгурә күңмен, яғни, ер кісі әйелдің мәһіріне күң беремін деген уәдесі беріліп, ол күң әйелдің меншігіне өтпей тұрған мезгілде;
- 5) Қожайындардың жалпы меншігіндегі құлы;
- 6) Кепілдік туралы кітапқа сәйкес күндікке берілген құлды қабылдап алушыға қатысты. Осы барлық жайттерде жыныстық қатынаста болған кісі әйелді иеленудің заңсыздығын біле тұра мойындаса да жазаға тартылмайды;

Заңсыз екенін біле тұра жасалған неке келісіміне жаза қолданылмайды.

Әбу-Ханифаға сәйкес, неке келісімінің қателігі жетерлік себеп бола алады, некенің заңсыз екендігі жалпыға мәлім, ал еркек осындай заңсыз екенін біле тұра некеге отырған. Керісінше, кейбір біздің ғұламалар ер кісі мұны заңсыз екенін біле тұра некеге тұрса оның кешірімді жағдайға әкелмейді деп көрсетеді. Бұл айырмашылық мына жағдайда көрінеді, егер еркек туыстық жағынан тыйым салынған әйелмен некеге отырған жағдайда көрінеді.

Үш мәрте талақ етілген әйелмен оның иддат мерзімі біткенге дейінгі уақытта жыныстық қатынаста болған кісіге жаза қолданылады. Егер күйеуі әйеліне үш рет талақ сөзін айтып, одан кейін әйелінің иддат мерзімі біткенге дейін жыныстық қатынаста болса және ол бұл жағдайдың заңсыз екенін білген болса, онда ол жазаға тартылуы тиіс. Осы жағдайда, нәрестені заңдастырса, мұны ешқандай адасу деп атамайды. Құран аяты дәлелденгендей, бұл жағдайда заңдылық бұзылды, мұнымен барлық ғұламалар келіседі. Бірақ, ер адам, «әйел оның заңды некесінде болғанын білетін немесе пайымдағанын» жарияласа, ол жазаға лайықты емес. Оның пайымын назарға алу керек. Некенің салдарынан нәрестемен туыстық қатынас салыстырмалы түрде сақталады. Еркек баласын бағып-қағуға міндетті. Сондықтан, еркектің жалған білмей қалуы, қателікке ұрындырған түрде жазадан құтқарады. Әйелде бірінғай жағдайда қалады. Оған үш мәрте талақ берілген соң ажырайды. Умми-валяд –басы бос әйел немесе бостандықтағы әйел болып қалады. Хулғу талағы немесе күйеуіне ақы беру арқылы некеден шығуға болады. Олардың осылай заңсыз бірге тұруын көпшілік біледі. Олар иддат мерзімі кезінде осы қатынасы сақтайды.

Талақ айтқандығына кумәнданатын еркекке, әйелімен кейін де байланыста болғаны үшін жаза қолданылмайды. Егер күйеуі әйеліне «Сен боссың» немесе «Сен еркіндікке иесің» деген секілді сөз айтып, әйелі осыдан кейін ажырадым деп

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қабылдаса, ал осыдан кейін де, яғни иддат мерізімі кезінде әйелімен жыныстық қатынаста болса және өзінің әрекетінің заңсыз екенін біліп, мойындаса жаза қолданылмайды. Осы жағдаятқа байланысты пайғамбар (с.ғ.с.) сахабаларының арасында өзара келіспеушілік туындаған. Омар р.а. осы мәселеге қатысты тұрағын бір рет талақ деп есептеген. Оны жоюға болады деп пікір білдірген.

Баласының немесе немересінің құлымен болған байланысқа да жаза қолданылмайды. Баласының немесе немересінің құлымен (күңімен) жыныстық қатынаста болған еркек өзінің әрекетінің заңсыз болғандығын біле тұра, мойындаса жазаға тартылмайды.

Әкесінің, шешесінің немесе әйелінің құлымен болған байланысқа жаза қолданылмайды (мұнда ақымақтыққа сілтенген). Егер кімде-кім әкесінің немесе шешесінің, әйелінің күңімен жыныстық қатынасқа түсіп, бұл әрекетін заңды деп есептесе жаза тартылмайды. Сонымен қатар оны айыптаушы да жауапқа тартылмайды (құл мен күң арасында да осындай қатынас болса жауапты емес). Бұл жағдайда құлмен болған жыныстық қатынас заңсыз деп түсіну немесе заңды деп білсе де бәрібір жеңіл жүріс деп есептеледі.

Ағасының құлымен байланыс жасау жазаға итермелейді. Егер біреу ағасының немесе немере ағасының құлымен (күңімен) жыныстық қатынасқа түссе жаза тартылуы тиіс. Ол өзінің әрекетін заңды деп есептесе де, аталған туыстарымен ортақ ықыласы болмаса да жауап беруі тиіс. Осы заң басқа туыстарының құлдарымен байланыста тыйым салынған сатыдан асып кеткен жағдайда да қолданылады. Тек ер кісінің тікелей туыстарынан (мысалы әкесінің және баласының құлдары) басқа, өйткені олардың өзара тыйым етілген сатыларға байланысты ортақ ықыласы жоқ. .

Қателікпен қосылған әйелімен байланыста болғаны үшін жазаға тартылмайды.

Егер еркек бір әйелмен неке отыруға келісіп, оған басқа қыз ұсынылып және оны қыздың туыстары жеткізсе, олармен келісе отырып үйленсе, жыныстық қатынас жасаса жазаға тартылмайды. Бірақ еркек қалың мал төлеуі тиіс. Мұндай жағдайға хазіреті Али шешім қабылдаған. Бұл жағдайда ер әйелдің туыстарының әсерімен келісімге келді. Туыстарының нұсқаумен қателікке бой алдырды. Некеге тұрғанға дейін қызбен жеке таныс болмады. Сондықтан ол алдау-арбауға ұшырады. Әйел иддат шартын сақтауы тиіс.

Неке заңы қайшы әйелмен байланысқа түскенге жаза қолданылмайды. Егер ер адамның оған үйленуге құқығы жоқ әйелмен некеге отырып, жыныстық қатынас жасаған болса Абу Ханифа мазхабы бойынша жаза тартылуға тиісті емес. Бірақ ол сол уақытта некенің заңсыз екенін білген болса, оған таазир бойынша оңалту жазасы қолданылуы тиіс. Имам Шафи бұл жағдаятқа жиіркенішпен қарап, жазаға тартылуы тиіс деп есептейді. Мұндай оқиғада әйел заң тілінде некеге отыруға тиісті субъект деп қаралмайды. Некенің салдарларының бірі перзентті заңдастыру болып тұр, бірақ неке жаңағы әйелмен заңсыз. Онымен неке келісімі, еркек пен еркектің арасындағы келісім секілді оғаш. Бірақ, Абу Ханифа неке келісімі тиісті кісілердің арасында жасалып отыр, әйел мен ер өзара қалайтын нәрсесін бере алатын субъекттер. Неке келісімінің мақсаты перзент көру болса, бұған Адамның барлық қыздары қабілеті- деп дәлелдегісі келеді. Құранда баланы заңдастырып алуға қарсы қайшы аят жоқ, бірақ бұл жағдайда

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

да қателікке жол беріп алуға болады. Дегенмен, ер кісі тәртіп бұзушылыққа жол беріп алды, бұл жағдайға хадд-жазасын қолдануға болмаса да, таазир қолдану керек.

Нәпсіқұмарлық таазир бойынша жазаланады. Егер еркек бөтен әйелмен нәпсіқұмарлық актіні жасаса, мысалы тахвиз секілді, ол таазир жазасын алуы тиіс. Себебі, мұндай әрекеттер заңсыз және Аллаһ тарапынан тыйым салынған, оларға орнаған жаза қарастырылмаған.

Бөтен әйелмен аморальді қатынасқа (содомдік күнә) жаза белгіленген. Егер ер адам бөтен әйелмен аморальді қатынасқа түссе, бұған белгіленген жаза жоқ, Абу Ханифа мазхабы бойынша таазир ережесімен жаза белгіленеді. «Жами-ус-Сағир» бойынша бұл жағдайға таазир жазасын күшейтуге үйретеді; немесе айыпталушы түрмеге жабылуы тиіс; қашан мойындау хәліне жеткенше. Имам Шафий және оның екі шәкіртінің айтуынша бұл жағдай зинақорлық актіне жатады және зинақорлығы үшін жазаға лайықты. Бірақ кейбір жағдайда екуі де өлім жазасына кесілуі тиіс, некеде бола ма, әлде некесіз бе бәрібір. Пайғамбар (с.ғ.с.) айтты: «Екеуін де таспен (кесекпен) ұрыңдар, азғындағанын да және оған ергенін де».

Пайғамбар (с.ғ.с.) сахабалары осы актіге байланысты үкімге келіспейді, кейбіреулері кінәлілерді жағып жіберу керек дейді, кейбіреулері тірідей көмілуге лайықты, үшіншілері-биік (құздан) жерден басынан төмен қарайтасталуы тиіс, мысалы, үйдің шатырынан, кейін таспен ұрылуы керек, т.б. дейді. Дегенмен аталған аморальдік жыныстық қатынас зинақорлық қасиетке ие емес, немесе перзент табуға мақсатталған емес, дәлірек айтқанда, жеңіл жүрістігін бала табуға және ұрпақ жалғастыруға кедергі жасамайды. Содан кейін, бұл аморальдік актірек кездесетін құбылыс, тек оның белсенді бір қайраткерінің әрекеті, екінші әлсіз жақтың әректіне әсері. Қатынас акті кезінде қалаушылық екі жақта да бірдей көрсетеді. Имам Шафийдің хикаясына келсек, ол арнайы және төтенше жағдай кезіндегі үлгі түріндегі жаза қолдануға байланысты болар, немесе кінәлі адам өзінің әрекетін қасарысқан сәтте шығар.

Жануармен болған қатынасқа жаза белгіленеді. Егер еркек хайуанмен қатынас жасаған кезде ол жазаға тартылмаса немесе белгіленген жаза қолданылмаса бұл акт жеңіл тек қасиетіне ие емес, себебі бұл мәселеде оған бейімділік қана жеңілтектілік, немесе адамның табиғи (сезім) бейімділігі болып табылады. Бірақ, бұл анықтама хайуанмен қатынас жасап жүрген адамға сәйкес келмейді, немесе бүлінбеген адамның осындай акт жасауға бейім адамға қатысты жейіркеніштілігі ше, әбден азғындаған адам ғана хайуанмен қатынасқа түсуге бейім. Сондықтан бұл адам хаддқа түспейді, бірақ ол таазирге орай жаза алуы тиіс. Риуаят бойынша хайуан өртелуі тиіс, егер жеуге жарамайтын болса, ал жеуге жарайтын халал болса Абу Ханифа мазхабы бойынша желінуі тиіс, өртелмейді. Абу Жүсіп екі жағдайда да өртелуге тиіс және кінәлі адам хайуанның иесіне құнын төлеуі шарт дейді. Дегенмен, оны өртеудің аса қажеттілігі жоқ. Өртелуге тек көзден қайып етуге, ол туралы жаман естелікті жоюға тиісті зат қана ләзім.

Өзге елде жасалған жеңілтектілікке жаза белгіленбейді. Егер мұсылман кісі өзге елде қаңғымалық әрекет жасаған болса, немесе бүлінген елде жасаған болса, кейін мұсылман еліне келсе, ол сол әрекеті үшін жазаға тартылмайды. Мұсылман сенімін сақтай отырып, оның барлық қағидаттарын орындаған болады. Осы жағдаятқа

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

байланысты ғұламаларымыздың талқысы екі ұдай. Біріншіден, пайғамбар (с.ғ.с.) айтқандай: «Өзге елдегіге жаза қолданылмайды»; екіншіден, жаза ескерту немесе алдын алу үшін ғана белгіленеді. Мұсылман қазисының өзге елде ешқандай билігі жүрмейді. Егер оған өзге елдегі қаңғымалығы үшін айып тағылса, оған жазаны қолдануға мүмкіндік болмайды. Осыдан мынадай тұжырым жасауға болады, өзге елде жасалған жеңілжүрістікке кінәлі адам сол елде жүрсе, ол кейін мұсылман еліне оралған күнде оған айып таға алмайсың, айып тағылғанмен жазаға тарта алмайсың.

Жаза тек лагерь бастығының тарапынан белгіленуі мүмкін. Соғыс жағдайында жасақты басқаратын сардар лагердегі әскердің жеңілтектілік әрекетіне жаза тағайындай алады. Ал, жекелеген бөлім сардарларының бұл жағдайда әскеріне жаза (хадд) қолдануына рұқсат жоқ. Ол таазир бойынша тәртіпке шақыруға құқылы.

Мұсылман емес тәуелділердің жатжерліктермен жеңіл қатынас жағдайы туралы. Егер жатжерлік мұсылман еліне келіп зиммиямен жеңіл жүрістік жасаса немесе мұсылман емес тәуелді адам жатжерлік әйелмен қатынас жасаса, Абу Ханифа мазхабы бойынша мұсылман емес тәуелді кісі жазаға тартылады, жатжерлік емес. Имам Мухамедте осындай пікірде, егер жатжерлік кісі жеңіл жүрісте кінәлі деп табылса екеуі де жазаға тартылмайды. Осындай пікір Абу Жүсіп тарапынан да білдірілді, бірақ кейіннен ол ойынан қайтып, жатжерлік те мұсылман емес тәуелді де кінәлі, жазаға лайықты деді. Себебін былай түсіндіреді; жатжерлік мұсылман елінде болған соң, болған уақыт ішінде сол елдің заңдарына мойынсұнуы керек, ал тәуелді мұсылман емес өмір сүріп отырған елінің заңдарына бағынуы тиіс. Осыдан мынадай талқылау жасауға болады; айталық, біреудің қамқорындағы жатжерлік жала немесе өсек айтқаны үшін кек алу жолымен өлім жазасына ұшырауы мүмкін. Абу Ханифа және имам Мухаммад біреудің қамқорындағы жатжерлік мұсылман еліне уақытша, яғни өзінің сауда т.б істерінен пайда табуға келеді. Ол өзінің жеке басына пайдасы бар ережелерге ғана бағынады, егер ол әділеттілікті қаласа, келген елінің одан талап ететін әділеттілігін де мойындауы тиіс.

Имам Мухаммед жеңілтекті әрекетте ер адамның басты рол атқаратыны белгілі, ал әйел екінші дәрежедегі, басты кінәліге таңылмаған айып екінші дәрежедегі адамға да таңылмауы тиіс және керісінше деп дәлелдегісі келеді. Сондықтан, жатжерлік мұсылман емес тәуелді әйелге жеңіл мінез танытса, жаза жатжерлікке де әйелге де қолданылмайды. Егер, тәуелді мұсылман емес ер адам жатжерлік әйелге жеңіл мінез танытса, жазаға тәуелді ер адам тартылады. Осы оқиғаға ұқсас мына жағдай; ер кісі балиғат жасына жетпеген қыз немесе ақыл-есі төмен әйелмен жеңілтек мінез қатынаста болса, жазаға ер адам тартылады. Керісінше, әйел жаса баламен немесе ақыл-есі төмен ер кісімен жеңілтек мінез қатынасқа түссе екі жақ та да жазаға душар болмайды. Абу Ханифа жатжерлік жеңіл мінез көрсетсе жеңіл жүрістік саналады, ол мұсылмандар мен бірдей заңға бағынуы тиіс, бірақ ол мұсылмандық қағиданы орындауға міндетті емес, бірақ оны әйел жеңілтектіке үндесе, ол әйел жазаға ұшырауы тиіс дейді. Осыған ұқсас әртүрлі пікір мына жағдайға байланысты да көрінеді; жын-сайтан басқан немесе эззілдің елігуіндегі кісімен сау әйел жеңілтектік қатынасқа түссе, Абу Ханифа бойынша екеуі де жазаға лайықты, ал имам Мухаммед бойынша екеуіне де жаза жоқ.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Балиғат жасына жетпеген немесе ақыл-есі төмен адамның жеңіл мінезділігіне жаза қолданылмайды. Егер бала немесе ақыл-есі төмен кісі есі дұрыс әйелдің келісімімен жеңіл мінезділік өзара қатынасқа түссе бала да, ақыл-есі төмен де, әйелде жазаға тартылмайды. Имамдар Зуфар мен Шафи әйел жазаға лайық деп көрсетеді. Есі дұрыс ер жеткен адам жасына жетпеген қызбен немесе ақыл-есі төмен қызбен жеңіл мінезділік қатынаста болса, жазаға тек есі дұрыс ер жеткен адам тартылады. Мұнымен барлық ғұламалар келіскен. Әйелді жазадан құтқарған жағдай еркекті құтқара алмайды. Әйел бағынушы, ал еркек бастаушы, зорлаушы, бағындырушы күшке ие сондықтан да еркек бұл жағдайда жазаға лайық. Ғұламалар дәлелдегендей; зинақорлыққа салыну, бұзылуға алдымен еркек ілігеді, ал әйел бағынышты рол атқарады. Жеңіл жүрістілік туралы іс қозғалғанда ер адам белсенді, ал әйел адам пассивті¹ ретінде қаралады. Әйелдің еркекке зина жасауға немесе бұзылуға үндейтін әрекетіне көнуге бейімдігі немесе сол әрекетке жол беруі қылмыстың алғашқы себебіне айналады. Және жаза әйелге еркекті зина жасауға жол бергендігі үшін беріледі. Бірақ, баланың немесе ақыл-есі төменнің әрекеті зина емес.

Зорлықпен немесе мәжбүрлікпен жасалған зинаға жаза қолданылмайды. Егер жоғары билеуші мемлекет мүддесіне қажет іс үшін ер кісіге жеңіл әрекет жасауды талап етсе немесе мәжбүрлесе онда жаза жоқ. Бұл мәселеде Абу Ханифа бұрынғыдай жаза қолданылуы тиіс деген пікірде болды (имам Зуфардың да пікірі осындай) жоқ әлде ол мәжбүрлеу әрекетінсіз, жыныстық мүшесі жыныстық қатынасқа түсе алмайды ма. Онда оның бұл жағдайда мәжбүрлеуге ұшырағандығын дәлелдеу қиын. Кейіннен, жоғары билеуші емес басқа біреудің мәжбүрлеуімен жасалған зинаға, яғни, ер адамға жаза берілуі тиіс деді.

Екі шәкірт болса бұл жағдайда жаза қолданылмауы тиіс, ол жоғары билеушінің нұсқауы болмаса дейді. Дегенмен, Абу Ханифа мәжбүрлеу тек билеушілердің ғана күшінен туындайды және олар өздеріне тәуелділерге осы әрекетке мәжбүрлеуге құқылы екендігін алға тартады. Факихтер Абу Ханифа мен екі шәкірттің арасындағы жоғарыдағы қарама-қайшылықты олар өмір сүрген дәуірлерге байланысты деп ұйғарым жасайды. Абу Ханифаның кезеңінде жоғары билеушіден (м;Халиф) басқа, немесе соның нұсқауынсыз ешкім мұндай күнә жасауға бармайтын еді. Ал екі шәкірттің өмір сүрген

1. Түпнұсқада: «Ер адам вати немесе зина, ал әйел – мавтуа немесе мазния деп аталған»

кезеңінде жекелеген жергілікті басқарушы жоғары биліктен тәуелсіз әрекет жасай алатын еді. Сондықтан жоғары билеушіден басқаның мәжбүрлеуімен жасалған зинаның жазадан тыс қалуы күдіктің тууына себеп болатын.

Бөтеннің құлымен жасалған зина нәтижесіндегі құлдың өлімі. Егер еркек бөтеннің құлымен жыныстық қатынас жасағаннан соң құл өліп қалса, оған кінәліге екі қарам жаза қолданылады. Зина жасағаны үшін және құлдың құнын иесіне төлеу жазасы, өйткені ол екі қылмыс жасады-зина және құл өлімі, сондықтан екі жаза

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қолданылады. Егер құлмен зина жасап оны иесінен сатып алса Абу Жүсіп бойынша ер кісі жазаға тартылмауы тиіс. Абу Ханифа бойынша құл өлімі мен зинаға кінәлі ер адам жазаға тартылуы тиіс. Абу Ханифа мен имам Мухаммадтың айтуынша өлтірілген құлдың құнын төлеу міндеті оның қылмысқа жауапты екенін (дийят немесе қан үшін үстеме құн төлеу секілді), яғни өлтірілгенге меншік құқын бермейді.

Немесе соқыр болып қалуы. Егер еркек бөтеннің құлымен зина жасап, нәтижесінде құл соқыр болып қалса, құлдың иесіне сыйлық беру керек және жаза берілмейді. Немесе, еркекке құлдың жауапкершілігі артылып, оның меншігінде болып қалады. Мұнда құл тірі қалып тұр және оған меншікті сатып алуы оны жазадан босатады.

Жоғары билеуші жазаға тартылуға тиіс емес, бірақ меншігіне жауапты және әділ жазаға. Егер жоғары билеуші (м; халиф) заңмен құдаланатын қылмыс жасап қойса, мысалы, зина жасау, ұрлық немесе шарап ішіп қойса онда оған жаза қолданылмайды (егер ол кісі өлтіріп қойса, әділ жаза заңына тартылады, сол сияқты меншікке құқығын асыра пайдаланса да). Аллаһтың тарапынан белгіленген жазаны, оны сазына келтіру жоғары билеуші халифке (немесе басқа жауапты басшыға) жүктелген болса, онда ол өз-өзіне жаза белгілей алмайды. Белгілей алған жағдайда да ешқандай пайдасы жоқ. Өйткені, жазалаудың мақсаты-күнәнің алдын алу немесе күнәні ескерту, күнәден қорқыту, ал оған өзі-өзіне жаза белгілеу арқылы жетуге болмайды. Халиф меншігіне немесе әділ жаза туралы заңдарды қолдануға жауапты, арызданушы жеке мәселелері бойынша халифтен өз құқықтарын өзі қорғау туралы қанағаттанушылық алу мүмкін немесе мұсылман қоғамынан көмек сұрауына болады. Жала жапқанға қолданылатын жаза, басқа шарғи жазалар секілді, илаһи құқыққа ие, ғұламалар жала жапқанға қолданылатын жаза шарғи жаза саналады деп көрсетеді.

III Тарау

ЗИНА ТУРАЛЫ ДӘЛЕЛ-ДӘЙЕКТЕР ЖӘНЕ КӨРСЕТІЛГЕН ДӘЛЕЛ - ДӘЙЕКТЕРДЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ

Зина туралы дәлел келтірудегі кешеуілдік оның шынайылығын жояды, тек жаладан басқа. Егер күәгерлер зина туралы белгілі уақыт өткеннен кейін¹ (қылмыс жасалғаннан кейін) дәлелдер айтса, оны өз уақытында айтуға мүмкіндігі болмаған болса (м;күәгерлердің мекені соттан алыста болса), онда олардың көрсетпесіне сенім білдіру қиын, тек оны жала жабу деп қабылдау мүмкін. «Жами-ус-Сағирде» айтады: «Егер күәгерлер ұрлық, шарап ішу немесе зина туралы біреуге қарсы белгілі уақыт өткен соң дәлелдер айтса, мұндай куәлік назарға алынбайды; дегенмен, ұрлық жасағаны туралы кінәлі адам, ұрланған заттың құнын төлеуге жауапты». Негізінде, шарғи заңға сәйкес кез-келген дәлели куәліктер текедим¹ мерзімі өткен соң күшін жояды. Имам Шафий бойынша ол күшін жоймайды. Ол бұл дәлелдер жеке мәселе болғандықтан, дәлелдер мойындау деп қабылданып, жаза қолдануға негіз бола алады дейді; бірақ текедим уақыты мойындаушыны жазадан құтқармайды және мойындаудың маңызын түсірмейді, дәлелдер арқылы шындықты орнатуға болатын

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болса; шарғи жазаға байланысты да осындай талқы жасауға болады. Ғұламалардың талқысынша, қылмыстық істе күәгерлер екі бірінғай жолды таңдауы мүмкін: заңның бұзылғанын дәлелдеуі немесе жақын адамының қатесін жасыруы мүмкін. Ары қарай айта берсек, түсініктеме берудегі кешеуілдік жақынына көмектесу мақсатында болса, екіншісі жеке мүддесін көздеп немесе ашумен жасалған күәлік болуы мүмкін, қандай жағдайда олардың күәлігі күдікті, әрі дәлелден аулақ болады. Егер, сылбырлылық көрсете жүріп қатені (қылмысты) жасыруды көздемеген болса, өз міндетін біле тұра, осыншама ұзақ уақыттан кейін ондай куәлік берген адамға сенім болмайды. Дәлірек айтқанда, текедимге лайықты уақыт өткен соң, оның ұятсыздығы мен жауапсыздығы нәтижесінде куәлігі күдікке айналады. Ал күдік ол келтірген дәлелді қабылдауға және жаза қолдануға кедергі жасайды. Куәлікті беруді кешеуілдеткен куәлердің ниетінің қандай екендігі күдік туғызады, немесе шарғи заңға сәйкес жәбірленушінің шағымы жаза қолдануға шарт бола алмайды,. Шағым тек жеке мәселелерде ғана талап етіледі.

Кешеуілдік жазадан азат етеді, сонымен қатар қазидің үкімінен кейін де. Текедим дәлелдердің бірінші инстанцияға жетуіне кедергі жасайды. Сол секілді, қазидің үкімінен кейін жаза тағайындауға кедергі болады. Сондықтан, егер айыпталушы жазасының бір бөлігін өтеген соң қашып кетсе, текедим мерзімі біткеннен кейін ұсталса, қалған жазасын орындай алмайды, өйткені қазидің үкіміне толық жаза енген, текедим біткенге дейін жаза қоя алмағандай, айтылған жағдайда қалған жазаны өтеуді күні бұрын жаза алмайды.

Қарастырылудағы кешеуілді мерзім туралы. Текедимнің мерзімі туралы ғұламалар арасында әртүрлі пікірлер бар. «Жами-ус-Сағирде» алты ай мерзім белгіленген, сол мерзім «Тахауиде» де ескеріледі. Абу Ханифа мерзім қоймайды, оны соттың қарауына қалдырады. Имам Мухамед бір ай мерзім қойған екен, ол ажил² мерзіміне сәйкес келеді. Бұл жағдайға Абу _____

1. Арабша «муткедим»- «текедим» сөзінің есімшесі, жазадан құтқаруға жеткілікті мерзім, уақыт
2. Ажил – уақыт аралығының қысқалығы, қарызды төлеуді моажиль (жылдам) дейді, қарыз алған соң бір ай мерзім.

Ханифа мен Абу Жүсіптің нұсқаулары бар. Бұл нұсқау қазиге дейін бір айлық жол жүретін қашықтықта орналасқан куәлердің жағдайына байланысты кеңінен тараған ілім, егер олардың арасында осындай қашықтық болса онда куәгерлердің сөзіне сенуге болады. Шарап ішкенге қолданатын жазаға қатысты текедимнің мерзімі, имам Мухаммад көрсеткен секілді шараптың иісінің жоғалуына дейінгі уақыт.

Бір тараптың куәгерінің қарсы күәлігі жарамды, екінші жақтың қатысы болмаса да. Егер күәгерлер әлдекімге қарсы «ол белгілі әйелмен зина жасады» деп куәлік етсе, олар куәлігіне әйелдің қатысы боламаса, ер кісі жазаға тартылуы тиіс. Егер куәгерлер біреу-міреудің ұрлық жасағанына куәлік етсе, ал ұрланған заттың иесінің қатысы болмаса, ұрының қолына кісен салынуы тиіс емес. Екі жағдайға байланысты мынадай талқы жасауға болады. Ұрлық кезінде жоғалған заттың иесінің шағымы қажет болады, ал зина кезінде әйелдің шағымы талап етілмейді, ұрланған заттың иесі жоқ, сондықтан олардың куәлігінің талабы орындалмайды.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Келіспеу. Зина жасаған еркектің жазалануы тиіс емес секілді, ең болмағанда әйел қатысып, жазадан құтқаратын біршама дәлелдерге жауап беретін еді.

Жауап. Бұл қорытынды тек шамалауға құрылған, сондықтан мән беруге болмайды

Екінші жақ белгісіз бе. Егер куәгерлер ер кісіге «ол біз танымайтын әйелмен зина жасады» деп куәлік етсе, онда еркек жазаға тартылмайды, мүмкін оның әйелі немесе күні болған шығар. Бірақ, егер еркек «мен танымайын әйелмен зина жасадым» деп мойындаса, онда ол жазаға тартылады.

Дәлелде қарама-қайшылықтар болса. Егер екі куәгер « ол мыайдай әйелмен зина жасады және оны зорлады» деп куәлік етсе, ал қалған екеуі солай дей отырып, «әйел келісімін берген болатын» десе, Абу Ханифе және имам Зуфар бойынша екі жақ та жазадан тыс қалады. Имам Шафи де осындай пікірде. Екі шәкірттің айуынша бір еркек қана кінәлі, куәгерлердің куәлігі біріне-бірі қарама-қайшы болса да. Куәгерлердің берген куәлігіндегі бір ғана ерекшелік (зорлау) бар, ол жазадан құтқаратын себеп болмай тұр. Керісінше, әйелге қатысты жаза түсіп қалады, егер зина әйелдің келісімімен жасалған болса онда ол да жазаға лайықты. Абу Ханифаның талқысы бұл жағдайда екі ұшты болып тұр. Біріншіден, еркекке қатысты дәлел қайшылықты, зина деген бір акт ол екі жақтың қатысуымен болатын, әйелге қатысты да дәлел қайшылықты, оны еркекке қатысты да санауға болады. Екіншіден, әйелдің келісімін айтқан екі куәгердің сөзі өсекшінің сөзі секілді, олардың куәлігіне сенуге болмайды.

Келіспеу. Жала жапқаны үшін олар жазаға тартылуы тиіс секілді, өкінішке орай бұл істе жоқ..

Жауап. Олар екі куәгердің зорлау туралы куәлігінен кейін жазалана алмайды, немесе әйелдің некеде болғандығы есепке алынбайды, алынғанда жала жабылған болып есептелер еді.

Куәгерлердің зинаның болған жері туралы куәліктеріндегі қарама-қайшылық жазадан азат етеді. Егер екі куәгер еркекке қарсы «ол мынадай әйелмен Куфадан зина жасады» десе, екінші екі куәгер – «ол осындай зинаны Бассорда жасады» деп куәлік етсе, бұл жағдайда ер кісі де әйел де жазадан азат етіледі, әйтпесе, келтіріліп отырған дәлел зина, бірақ ол болған жеріне байланысты куәліктердің қарама-қайшылықтарынан шындығы орнатылмай отыр. Бұл жерде екі жақтың дәлелі толық емес, дегенмен, куәлер жалған куә бергені үшін жауапқа тартылмайды. Олардың зина және зина жасағандар туралы куәліктері сәйкес келіп тұр. Бірақ, егер куәгерлер былайша қарама-қайшылықты куә келтірсе, мына кісі мына әйелмен, мына үйдің мына жерінде зина жасады, ал екі куәгер сол әйелмен осы үйдің мына жерінде деп басқа жерін айтып куәлік етсе онда еркек жауапқа тартылуы тиіс. Акт үйдің бір жерінде басталып екінші жерінде аяқталған болуы мүмкін. Мынадай да болуы мүмкін, жыныстық акт үйдің ортасында болған болса, оны куәгер алдынан көрген болса, оқиғаны үйдің алдыңғы бөлігінде болғанын айтады, ал екінші куәгерлер үйдің артқы жағынан көрген болса онда ол оқиғаны үйдің артқы жағында болды деп айтуы мүмкін.

Уақытқа байланысты дәлелге келісу, бірақ болған жерге байланысты дәлелге келіспеу, жаза тағайындауға негіз бола алмайды. Егер төрт куәгер әлдекімге қарсы, « ол мынадай әйелмен күнбатқан мезгілде Гиндеде зина жасады» деп куәлік етсе, ал басқа төртеу дәл сол адамға қарсы «ол сол әйелмен күн батқан мезгілде Нухлада зина

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жасасты» десе еркек те әйел де жазаға ұшырамайды, оны айыптаушыларда өсегі үшін жазаға лайықты емес өйткені. Айыпталушы жазаға тартылмауының себебі, куәгерлердің бірінің көрсетпесі жалған болуы мүмкін, олардың қайсысының айтып отырғаны жалған екенін анықтау мүмкін емес, айыпталушыны жала үшін жауапқа тартуға болмайды, куәгерлердің кейбіреулері шындықты айтып тұрса да.

Әйелге қарсы дәлел және оның қыз болып шыққаны, пәстік. Егер төрт куәгер әйелге қарсы « ол мынадай еркекпен зина жасады» десе және оған арнайы әйел тағайындап пәктігі зерттелгеннен анықталса, айыпталушы да айыптаушыны да жазаға тартуға негіз бола алмайды. Сол секілді, айыптаушыға да жала жапқаны үшін жаза қолданылмайды. Әйелге тағылған айыптың негізсіздігінен ол жазадан азат етіледі. Бірақ айып тағушыларды жаласы (әйелге жыныстық акт оның қыздығын бұзбаған халде жасалса ше) үшін жауапқа тартуға болмайды.

Жете білмейтін (құзырсыз) куәгерлер әлдебіреулерді зинада айыптаса жазаға ұшырайды. Егер төрт куәгер әлдебіреуге қарсы «ол мынадай әйелмен зина жасады» деп куәлік берсе, олар соқыр болса, немесе бұрын жала жапқан фактімен айыпталған болса, кейбірі құл немесе күң болса жала жапқаны үшін жазаға тартылуы тиіс, ал айыпталған адам жазаға тартылмайды. Бұрын жалада немесе өсек таратқаны үшін айыпталған куәгерлер сотта куәлік етуге қабілетті емес, егер біреуі құл болса ол тіпті куәлік етуге қабілетті саналмайды. Сондықтан да олардың тіпті күдікті жеңілтектілікке де куәліктері жүрмейді. Олардың айтқандары жалаға немесе өсекке айналады, сондықтан да олар жазалануы тиіс.

Абыройдан айырылған адамның зина туралы куәлігі айыптыны жазаға душар етпейді және жаласы үшін жазаға тартылмайды. Егер төрт абыройсыз жағдайдағы куәгер зина туралы куәлік етсе немесе олардың көрсетпесінен кейін абыройсыз әрекеттері (фаасык)¹ әшкереленсе, олар жалақорлар деп айыпталмайды, себебі, олардың куәліктері жетерлік дәлел бола алмайды, күдік-кумәнді, бірақ, олар құзырлы куәлер саналады, егер олардың куәліктеріне сүйене отырып қазі үкім шығарса, біздің ғұламалардың пікірінше дұрыс. Абыройсыздың куәліктері күдікті зинаны орнатады, ондай куәгерге жала жасады деп те айып тағайындалмайды. Абыройсыз атақ алған куәгерлердің куәлігінен дәлелденген зина күдікті саналады және онымен айыпталушыға жазалануға тиісті емес. Имам Шафи бұл жағдаймен келіспейді, ол абыройсыз адам куәлік етуге қабілетсіз, ол құлмен бірдей жағдайда дейді.

Куәлікке саны сәйкес келмейтін куәгерлер жалада айыпталады. Егер саны төртеуден кем адам біреуге қарсы зинада дәлел келтірсе, жала жапқаны үшін жаза ұшырауы тиіс. Дегенмен, олардың келтірген куәліктері ешнәрсемен бүлінбеген болса да төртеуден кем куәгердің куәлігі дәлел емес ол жала.

Куәгерлердің саны толық, егер олардың біреуінің куәлігі нәтижеде жете білмеген (құзырсыз) болып шықса, мұндай жағдайда қосымша күн белгіленбейді, егер айыпталушы тас лақтыру жазасына кесілсе, онда мемлекет қазынасынан дийят төленуі тиіс. Егер төрт куәгер еркекке қарсы «ол зина жасағаны үшін айыпты» десе, одан кейін қазі зинақорларға жаза белгілесе, ал кейіннен куәгерлердің біреуі құл немесе бұрынырақта жаламен айыпталған болса, барлық куәгерлер жазаға тартылуы тиіс, іс жүзінде үш адамның куәлігі қабылданған болады. Байқаңыздар, шыбықпен

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ұруға себеп болған жазаның шығынына ариш немесе қосымша құн төленбейді. Егерде куәгерлердің куәлігі нәтижесінде тас лақтыру жазасына үкім етілсе, қаны үшін қосымша құн немесе дийят мемлекеттік қазнадан төленуі тиіс. Абу Ханифаның оқытуы осы. Екі шәкірт бұл жағдайда шығын үшін мемлекеттік қазынадан қосымша құн төленеді дейді. Бұл жағдайдағы пікірдің екі ұдай болуы айыпталушыны шыбықпен дүрелеп жатқанда жарымжан болып қалған жағдайда ғана. Екі шәкірт Абу Ханифаға қарама-қайшы түрде былай деп жорамалдайды, егер айыпталушыны шыбықпен сабап жатқанда өліп қалса, мемлекеттік қазынадан қаны үшін құн төленуі керек. Сонымен қатар, егер айыпталушыға жаза қолданудан кейін ол өліп қалған немесе жарымжан болғаннан соң куәгерлер айтқандарынан бас тартса, олар кінәлінің қаны үшін немесе жарымжан болғаны үшін құн төлеуі тиіс. Олардың куәлігінің нәтижесінде кінәліге осы жаза қолданып, оның жарымжан немесе өліміне

Арабша «фаасык». Фаасык-құлқы мен киінуде әдептілік сақтамайтын адамды айтады.

әжелді. Бұл шығын куәліктерінен бас тартқан куәлердің есебінен, жауапкер бұл жағдайда куәгерлер. Егер олар айтқандарынан бас тартпаса шығын үшін құн мемлекет қазынасынан алынады немесе жендеттің әрекетінің жауапкершілігі қазиге жүктелуі тиіс, ал қазі мұсылман қауымының мүддесі үшін қызмет істейді. Оның қызметінің нәтижесі бүкіл мұсылман қауымының мүддесіне әсер етеді.

Абу Ханифа дәлелдегендей, егер куәгерлердің куәлігінің нәтижесінде ешқандай заңсыздыққа жол берілмей жаза белгіленіп, оны орындаған жендет абайсыздан немесе қабілетсіздігінен кінәліні жарымжан етіп қойса, онда жауапкершілік жендетке жүктелуі тиіс, куәгерлерге емес. Дегенмен, «Риваяти-Саких» бойынша үкімді орындаушы жауапқа тартылмауы тиіс, әйтпесе, жазаны орындаушы оның салдарынан қорқып, ешкімнің өз еркімен бұл іске бармайтыны анық.

Кейінгі куәгерлердің куәлігі алдыңғы куәгерлердің көрсетпесінің күшін жояды. Егер төрт куәгер әлдекімді зина жасағандығы турасында куәлік етсе және олардың айтқандарын тағы төрт куәгер растаса онда, кінәлінің жазаға тартылуы тиіс емес, себебі дәлелдің екінші біреулердің дәлелі тек күдікті көбейтеді. Бұл жағдайда кейінгі куәгерлердің куәлігін қарастырудың қажеті болмайды. Бұл жағдайда алдыңғы және кейінгі куәгерлер жала үшін айыпталмайды, екі куәгерлер тобы талапқа сай санымен куәлік етті. Зина туралы күдіктің күшеюінен жаза белгілене алмады, азат етуге жетерлік куәлікке айналды, жала үшін жазаны анықтайтын куәлікке емес.

Егер куәлердің біреуі кінәліге тас лақтыру жазасын қолданып болғаннан кейін өз айтқандарынан бас тартса, ол жала жапқаны үшін құдалауға ұшырайды және қаны үшін құнның төрттен бір бөлігін төлейді. Егер төрт куәгер әлдекімге зина жасағаны туралы куәлік етіп, зинақор таспен ұру жазасына кесілсе, кейіннен куәгерлердің біреуі өз айтқандарынан бас тартса, ол бір өзі жала жапқаны үшін жаза алады және қаны үшін төленетін құнның төрттен бір бөлігін төлейді. Қалған үшеуінің куәлігі сақталады, ал бір куәгердің айныуы куәліктің төрттен бірінің күшін жояды. Имам Шафи айыпталушыға жаза қолданғаннан кейін куәлігінен бас тартқан куәгерге құн төлеу жазасы емес өлім жазасын қолдану керек дейді. Алғашқы куәлігінен бас тартқан куәгердің куәлігі, бас тартқан уақыттан бастап, алдыңғы куәліктері жала

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

саналады. Жала жапқанның нәтижесінде өлім жазасына кесілген адам некелі болған болса оған жала жапқан адам жаза тартуы тиіс. Өлім жазасы қолданылған адамға жасаған қазидің үкімінің дұрыстығы, оған жала жапқан куәгерге қоланылған жаза арқылы әділдікке айналады.

Егер бір куәгер таспен ұру жазасын қолдануға дейін өз айтқанынан бас тартса қалған үш куәгер де жазаға ұшырауы тиіс. Бұл жағдай сол таспен ұру жазасына ұшыраған адамға берілген куәліктен кейін, төрт куәнің біреуі өз айтқанынан бас тартқан оқиғаға байланысты. Егер куәлердің біреуі қазидің үкімі тағайындалғаннан кейін, жаза орындалғанға дейінгі уақытта өз айтқандарынан бас тартса, куәлілердің барлығы жала жабуда айыпталады, олар жазаға ұшырайды, ал айыпталушы жазадан босатылады. Имам Мухаммадтің айтуынша, бұл жағдайда жала үшін тек айтқанынан бас тартқан куәгер ғана тартылуы тиіс. Өйткені, куәлердің куәлігінің нәтижесінде қазидің үкімі бекітіп қойды, сондықтан да, болмашы болып саналмайды, тек бас тартқан куәнің куәлігінен басқа. Тас лақтыру жазасын қазиді бекіткенге дейін куәгерлердің біреуі өз айтқандарынан бас тартса, онда жала жабу айыбына куәгерлердің барлығы ұшырайды. Имам Зуфар айтады, жала жапқаны туралы куәлігінен бас тартқан куәгерге ғана жаза тағылуы тиіс. Біздің ғұламалар дәлелдегендей, куәгерлердің көрсетпесі түпкілікті жалаға қазидің үкімінің күшімен айналады. Немесе, куәлердің куәлігінің күшімен үкім тағайындалады, үкім тағайындалмаған жағдайда да жала күйінде қалады. Сондықтан, барлық куәгерлер жаласы үшін жауапқа тартылуы тиіс.

Егер бес куәгердің біреуі өз куәлігінен бас тартса, онда оған жаза қолданылмайды да құн да төлемейді. Егер зина туралы бес куәгер куәлік етсе, тас лақтыру жазасы қолданылғаннан кейін олардың біреуі өз айтқандарынан бас тартса, онда ол жазаға тартылмайды, өйткені, төрт куәгердің куәлігі зина жасаған адамға жаза қолдануға толық дәлел бола алады. Егер кейіннен қалған төрт куәгердің тағы біреуі өз айтқандарынан бас тартса, екі бас тартқан куәгер де жазалануы тиіс, олар қаны үшін құнның төрттен бірін төлейді. Жазаға олардың ұшырау себебі, куәліктері олардың кейіннен бас тартуының себебі жалаға айналады. Ал қалған үшеуінің куәлігі куәліктің төрттен бір бөлігін құрайды, сондықтан олар қаны үшін құнның төрттен бір бөлігін төлеуі тиіс.

Егер ақталған куәгерлер нәтижеде жаманатқа ұшыраса, қаны үшін құнды куәгерлерді ақтап алғандар немесе тазалағыштар төлейді. Егер төрт куәгер ер адамның зина жасағанын дәлелдесе, және ол куәгерлер тазкият¹ арқылы ақталса, айыптаушыны таспен ұру жазасына ұшыратса, кейіннен куәгерлердің пұтқа табынушылар немесе құлдар болғаны анықталса, онда Абу Ханифаға сәйкес, қаны үшін құнды куәгерлерді ақтап алғандар немесе тазалаушылар төлеуі тиіс. Екі шәкірт бұл жағдайда құнды мемлекет қазынасы төлеуі тиіс дейді. Кейбіреулердің пайымдауынша бұл ерекшелік мына жағдайда болуы мүмкін, куәгерлерді тазалап алушылар шын көңілден және мейірімді пиғылмен жасадық деген кезде ғана. Екі шәкірттің дәлелі мынада, егер олар өздерінің уәждерін изна² қасиетіне ие екендігіне куәлік етсе, ал енді қандай жағдайда жағдайда құн төлеуге тиіс. Абу Ханифа куәгерлердің куәлігі тек олар тазалауға ұшырағанда ғана дәлел болып саналады дейді. Куәгерлер айыпталушының изніне куәлік еткенде, бұл куәлік қайсыбірін мазан етуге лайықты болса, яғни мынадай некеде тұрады десе, зина жасаған жағдайда оны ақыры

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

таспен ұру жазасына душар етеді. Мынаны да ескеру керек, тазалаушыларды формалді түрде мынадай деп айтқызуға болса: «Бұл куәгерлердің азат адамдар және мұсылман екендігіне куәлік етеміз десе», немесе формалді емес ресми түрде талап етілсе, мысалы, «бұлар мұсылман және азат адамдар» делінсе, оның салдары бәрі-бірде бірдей, ешқандай айырмашылық жоқ. Бұл мына жағдайда, яғни, тазалаушылар куәгерлердің діни сенімі мен еркіндігіне қатысты болған жағдайда ғана. Егер олар: «бұл куәгерлер-адили»³ десе, бірақ кейіннен олардың құл екендігі анықталса, онда тазалаушылар қаны үшін құн төлемейді немесе құлдардың адили екен деген түсінікке жақындығы анықталады. Сол секілді, куәгерлер де қаны үшін құн төлемейді, себебі олардың көрсетпесі дәлелі⁴ хәлге жетпейді. Олар да жала жапты деп жазаға ұшырамайды, дегенмен, олардың куәлігі тірі адамға қарсы бағытталған болса да, немесе ол адам енді тірі адамдардың қатарында болмаса да, ал мұрагерлері жала үшін жазаға тартуды талап етпесе де, өйткені, бұл құқық мұрагерлерге тән емес болса да. Егер тазалаушылар өздерінің келтірген уәждеріне қателікке ұрынып білдірдік деп табан тіреп тұрып алса, кейіннен куәгерлердің құзіретсіз болғандығы ашылса, бәрібір тазалаушылар жауапты емес, ал қаны үшін құн мемлекеттік қазынадан төленеді.

Қаны үшін құнды айыпталушыны өлтіруші (қатили) төлеген жағдай. Егер төрт куәгер әлдекімнің жасаған зинасын дәлелдесе, қазі айыпталушыны тас лақтыру жазасына кессе және оны әлдекім өлтіріп қойса, бірақ кейіннен куәгерлердің құзіретсіздігі анықталса, қаны үшін құнды өлтіруші төлейді. Осыған ұқсас мына жағдайда, сол адам кінәсіз адамды себепсіз және кінәсіз өлтірсе, немесе қасастық жасаған болса, бұл мәселені дұрыс шешудің екі жағы бар: біріншіден, қазидің үкімі былай қарағанда әділетті және дұрыс болды өлтірген сәтте, мұнда өлім жазасына жол беру қателікпен жасалды, немесе оған қарама-қайшы жағдайда, айыпталушыға жаза қазидің үкімінің қаулысы жарияланғанға дейін орындалып кетсе, немесе осы уақытқа дейін куәгерлердің куәліктері дәлелденбеген болса; екіншіден, айыпталушыны өлтірген адам өзінің әрекетін заңды деген пайыммен яғни, қазидің үкімінің дұрыстығына сеніп істеді делік. Мұнда да сол жағдай, егер әлдекім біреуді жоғарыда айтылған оқиғада, яғни, өлтірген адамы оған жау болса, онда өлтіруші тарапынан қандай жағдайда қаны үшін құн төлеуі тиіс.

Байқау керек, осы жағдайда қаны үшін қосымша құн өлтірушінің мүлігінен алынады, оның туысқандарынан емес. Құны үш жылдың ішінде төленіп бітуі тиіс. Егер бұлайша (қасастықпен) айыпталушыны өлтірмесе, ол қазидің үкімімен таспен лақтыру жазасына кесілсе, кейіннен куәгерлердің құзіретсіз болғандығы анықталса, қаны үшін құн төлеу мемлекеттік қазынаға түседі, немесе оны ұрған адамның әрекеті қазидің үкіміне тиіселі. Сол секілді, қазидің бұйрығымен әлдекім үкімді орындаса да, қаны үшін құн

-
1. Тазкият- басқа куәгерлер, яғни хабары бар құзырлы куәгерлер тарапынан куәлік етушілерді музк деп атайды немесе ақтап алушылар дейді
 2. Изна-айыпталушыны мынадай некеде (шамалай азат некеде) тұрады деп куәлік етеді, егер ол зина жасаған жағдайда тас лақтыру жазасына ұшырайды
 3. Адили-құрметке ие немесе абыройсыздықтан ада мағынасында

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

4. Дәлели-мұнда хабары жоқ куәгерлер немесе білмейтін, күзiретсiз деген мағынада

мемлекеттік қазынадан алынады. Бұл жағдай мына жағдайға қарама-қайшы, егер, қазі таспен лақтыруға үкім шығарса, ал бөтен адам айыпталушыны басқа тәсілмен өлтіріп қояса, онда ол соттың бұйрығына қайшы әрекет жасаған болады.

Зина туралы дәлел анық, егер ол туралы ақпар заңсыз жолмен алынған болса. Егер куәгерлер әлдекімнің жасаған зинасын, «әдейілеп айыпталушының жеке меншік иелігіне еніп, оның зина жасап жатқан сәтін көрдік» десе ол дәлелдің алынған тәсіліне қарамай, бұл куәлікке сену керек, бірақ ол аңду әдейі куәлік ету үшін жасалған болса, ол куәгерлердің әрекеті заңсыз (жеке меншік тұрғын үйді сығалау заңсыз) және олардың куәлігі дәлел бола алмайды.

Айыпталушының үйленбегені туралы негізсіз уәжі, оған тас лақтыру жазасынан құтқармайды. Егер төрт куәгер әлдекімді зина жасағаны туралы айыптаса және айыпалушы «мен үйленбегенмін» деп уәж айтса және оның әйелі және сол әйелінен перзенті барлығы (басқаша айтқанда талапқа сәйкес болған неке актінің болғандығын жоққа шығарса) анықталса, онда оған таспен лақтыру жазасы қолданылуы тиіс, оның перзентімен туыстығы туралы дәлел оның әйелімен жыныстық қатынаста болғанын көрсетіп отыр (осы жағдайда егер ол әйелінен ажырасуын талап етсе, ол талап орындалмайды). Оның некедегі жағдайы анықталып отыр. Егер, оған әйелі перзент туып бермегенде, оның некедегі ахуалын бір еркек және екі әйелдің куәлік етуімен дәлелдеуге болады. Бұл жағдайда ол таспен лақтыру жазасына ұшырайды. Имам Шафи бойынша айыпталушы бұл жағдайда тас лақтыру жазасына душар етілмеуі тиіс. Бұл пікірін ол өзінің дәлелдер туралы іліміне сүйене отырып, «әйелдің көрсетпесі жарамайды тек меншік туралы істен басқасына» дейді. Имам Зуфар байқағандай айыпталушының некедегі жағдайы тек үкімінің шартына сәйкес көрсетіліп тұр, ал іс жүзінде осы факт себепке айналып, яғни қылмысқа аса мән беріліп отыр және үкім осы жағдайға сәйкес қойылуы тиіс секілді. Бұл шарт шын мәнінде үкімнің себебіне айналып отырса, зинаның болған дәлелі секілді, онда әйелдің куәлігіне жол берілуі тиіс емес. Мына жерде сол жағдай, мұсылман елінің екі мұсылман емес тәуелдісі мұсылман құлға қарсы оны зина жасағандықта куәлік етсе, яғни «оның қожайыны құлды зина жасағанға дейін еркіндікке жіберді» десе, қандай куәлікке жол беруге болмайды, құлдың изнасы (оның азаттығы мен некелік жағдайы) қаншалықты үкімінің шартына айналып отыр, шын мәнінде қаншалықты себебін көрсетіп отыр. Біздің ғұламалар дәлелдегендей, еркін мемлекетте неке зор құрметке ие және оған қиянат жасалмауы тиіс, нәтижесінде бұл шындық үкімге себеп болмауы тиіс. Сондықтан да куәгерлердің изнаға қатысты куәліктері айыпталушыны зинадан басқа тағы да бір мән-жәйге қатысты айыптауға тең болып тұр. Егерде олардың изна туралы куәліктері басқа жағдайларда рас болса, онда ол зина жасаған жағдайда да расқа айналады, Имам Зуфар келтіргендей екі мұсылман емес тәуелділердің мұсылман құлға қарсы айтқан куәліктерінде құлдың еркіндігі осы екі куәгердің айтуымен расталып отыр, ал құлдың босатылғаны оны зина жасауға итермелегендігі дәлелденбеді емес пе, ол да бұл жағдайды жоққа шығарды емес пе, оның мұсылмандық сеніміне зәбір көрсетіп тұр.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер изна туралы куәлік еткен куәгерлер өздерінің айтқандарынан бас тартса, онда олар қаны үшін құн төлемейді.

IV Тарау

ХАДДИ – ШУРБ НЕМЕСЕ ШАРАП ІШКЕНІ ҮШІН ЖАЗА

Жалпы ереже. Егер мұсылман адам шарап ішсе және ол ұсталса, демінен шаораптың иісі шығып тұрса, қазиге мас күінде алып барылуы тиіс немесе оның «шарап ішкені туралы» куәгерлер көрсетуі тиіс, сонда ол шарап ішкені үшін жазаға тартылады. Немесе өзі шарап ішкенін мойындаса, және демінен иісі шығып тұрса, қылмысы туралы дәлел көрініп тұрса және оған текедимге орын жоқ, өйткені шараптың иісі әлі ұшып кеткен жоқ. Пайғамбар (с.ғ.с): «Кім шарап ішсе, дүре соғу жазасына ұшырайды, қанша рет ішсе сонша рет сабалуды тиіс».

Шараптың сасығы ауызынан кеткеннен кейін айып тағылса немесе ішкенін мойындаса жаза қолданылмайды. Екі мазхабтың ілімі бойынша да егер әлдекім шарап ішкенін мойындаса және оның ауызынан сасып тұрған иісі жоғалып кеткен болса оған жаза қолданылмауы тиіс. Имам Мухаммад ол жазаға тартылуы тиіс дейді. Мұндай алтыауыздылық мына жағдайға да байланысты кездесіп отырады, егер куәгерлер әлдекімге «ол шарап ішті» десе, оның ауызынан шараптың иісі ұшып кеткен болса. Айтыс-тартыстың себебі мынада, текедим уақыты немесе дәлел болатын белгілі уақыт өткеннен ейін жаза қолданылуына яғни текедим жаза орнатуға кедергі жасайды. Бұған барлық ғұламалар келіседі. Бірақ имам Мухаммад текедимнің уақытын шарап қолданылған жағдайда белгілі уақытпен шектеу қажет, айталық бір ай деп есептейді. Уақытты шараптың иісі ұшып кеткенге дейінгі уақыт аралығын емес, белгіленген уақыттың бітуімен анықтау керек, шараптың иісі немесе ұшып кеткен шараптың иісі ешқандай мәнге ие емес, шараптың иісіне ұқсас көптеген заттар кездеседі дейді. Керісінше, екі аға ғұламаның пікірінше, иістің ұшып кеткен немесе жоқ жағдайда текедим уақытын белгілеудің екі себебі бар дейді, біріншіден, Абдулла-Ибн-Массаудаға үкімнен мысал келтіруге болады, оған шарап ішті деген айып тақты, ол «демін тексеруді, егер шараптың иісі білінсе жазаға тартуды сұрады», екіншіден, шараптың иісінің білінуі ғана шарап қолданғаны туралы бұлжымас дәлел бола алады. Имам Мухаммадтың шараптың иісіне ұқсас басқа заттар кездеседі деген уәжіне келсек, шарап пен басқа заттың иісін оңай ажырататын адамдар да көп, бұл нәрсеге тек білімсіздік, надандық ғана келіспеуі мүмкін. Екі ғұламаның келісуімен, шарапты ішкені үшін жаза тек, Ибн Массауд туралы келтірген мысалға сәйкес шараптың иісінің ұшып кетпеген жағдайда қойылуы тиіс.

Айыпталушыны сотқа жеткізуде баяулылыққа себеп болса. Егер куәгерлер шарап ішкен адамды мас халде ұстап алып оны қалаға сот орналасқан жерге алып бара жатқанда мастың ауызынан шараптың иісі және мастығы кетіп қалса да ол жазаға ұшырауы тиіс немесе бұл жағдайда баяулылық кешірімді саналады. Бұл жағдайда куәгерлерге ешқандай күмән жоқ.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Набизді ішкен жазаға тартылуы тиіс. Егер әлдекім набиз¹ ішіп мас болған болса, ол жазаға ұшырауы тиіс, оған мысал; Омар р.а. бір надан, жабайы арабты осындай сусын қолданып мас болғаны үшін жазаға тартқан.

Жалғыз иіспен, басқа дәлелдерсіз айыптауға жеткіліксіз. Егер әлдекім шараптың иісімен анықталса, оның шарап ішкенін көрген куәгерлер болмаса, жазаға тартылмайды. Мүмкін ол шарап ішкен адамдардың арасында отырған болуы мүмкін, сондықтан оған шараптың иісі сіңіп қалған болса, немесе оны ішуге қоқан-лоқымен мәжбүрлеген болуы, күш қолданған болуы мүмкін, бұл жағдайларға жаза белгіленбейді.

Мастық емес, егер оның шараптан екендігі белгілі болмаса. Мас болғаны туралы бір факт оның шарап ішкені үшін жазаға тартуға негіз бола алмайды, егер оның шарап немесе нәбизден мас болғаны белгілі болмаса, кейде рұқсат етілген сусындарды пайдаланудан мас болуға болады. Мысалы, генбани сусыны немесе биенің сүті (қымыз), кейде мәжбүрлеумен шарап ішіп қояды, бұл жағдайларға жаза белгіленбейді.

Мас болған жағдайда жазаға ұшырамайды. Шарап ішкен адам, мас болып тұрған кезінде жаза немесе айыптауға ұшырамайды.

Шарап ішкені үшін азат адам сексен дүре алады. Шарап және басқа мас ететін сусындар ішкені үшін азат адамға Пайғамбар (с.ғ.с) сахабаларының көрсетуімен сексен дүре соғу жазасы қолданылады. Зина жасағанда қолданылатын ережеге және тыйымға сәйкес, «Риуаяти-Машхурге» сәйкес соққы дененің жалаңаш жерлеріне соғылуы тиіс, бетінен, басынан дүре соғылмайды. Имам Мухаммедке сәйкес шарап қолданғаны үшін жаза шыбықпен ұрумен іске аспайды, өйткені бұл турасында қасиетті кітаптарда да айтылмаған. Сондықтан да мейірімділікпен шарап ішкен адамға шыбықпен жаза қолданылмайды. «Риуаяти-Машхурге» сәйкес шарап ішкені үшін жазаға негіз болған жағдай мынада, шарап ішкен адамға мейірімділік көрсету соққының санына сәйкес жасалған, айталық, зинақорлығы үшін жүз дүре болса, шарап ішкені үшін сексен дүре, сондықтан ары қарай мейірімділік туралы айтуға қажеттілік жоқ.

Құлға қырық соққы. Шарап ішкені үшін айыпталған адам құл немесе күң болса қырық дүре соғылуы тиіс, немесе құлдар жазаның жартысына кесіледі.

Мойындағанынан кейін бас тартса. Егер әлдекім шарап ішкенін немесе мас ететін сусын ішкенін мойындаса, ал кейін айтқанынан бас тартса, онда ол жазаға ұшырамайды, өйткені, шарап ішкені үшін жазаны Аллаһ береді.

1. Нәбиз-құрма, жүзім т.б жемістерден ыстық суға қайнатып дайындалған шарап

Қылмыс екі куәгер немесе бір мойындаумен дәлелденеді. Шарап ішкені туралы дәлел бір куәгердің куәлігімен, сонымен қатар бір мойындағандықпен белгіленеді. Абу Жүсіп екі куәгер болу керек деп үйретеді. Айта кеткен жөн, ер адамға шарап ішкені туралы әйелдің куәлік етуіне жол берілмейді, өйткені әйелдің көрсетпесі өзгермелі және оның есінде сақтауы мен ақыл-парасатында күдік келтірер жағдайлар болуы мүмкін.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Мастықтың белгілерін анықтау, оған жаза беру үшін қажет. Мастықтың белгілері, жер мен көкті, еркек пен әйелді және жүрген жерін ажырата алмаса, жазаға ұшырауға себеп бола алады. Бұл Абу Ханифаның анықтамасы. Екі шәкірт айтады, жаза белгілеу үшін мас адамның сөздері бір-біріне араласып және мағынасыз сөйлегені, сөйлегенін білмеуі тілі күрмелуі жетіп жатыр, яғни мас белігісі болса болғаны. Бұл тұжырыммен көптеген ғұламалар келіседі. Абу Ханифа дәлелдегендей, шарап ішу жазаға итермелейді, сондықтан ол асыра пайдаланған хәлде көрінгені болу керек, әйтпесе, жазадан құтылуы үшін әрқалай әрекетке баруы мүмкін, асыра пайдаланған сәті ақыл-есін әрең білетін немесе заттарды ажырата алмау хәлінде болған жағдайда. Имам Шафи шарап ішкен адамның қозғалысындағы ары-бері қимылдауына, басқа да дөрекі әрекетіне байланысты дәлелді келтіреді. Бірақ біздің ғұламалардың пікірінше адамнан бұл әрекеттерді әртүрлі, яғни шарап ішуге қатысы жоқ жағдайларға байланысты байқауға болады (Мысалы, аурулар, әлсіздік т.б), сондықтан бұл мысалдар назарға алынбайды.

Мас кезінде қылмысын мойындауды бетіне басқан назарға алынбайды. Егер әлдекімнің мас хәлінде оған қылмысын бетіне басып жазасын мойындатса (м; зинақорлықта), онда ол жазаға тартылмайды. Мұндай мойындау оның жалған екендігінен хабар береді, немесе күдік ұялатады, мұнда тек жазамен ескертсе керек, әйтпесе жаза (хадд) Аллаһтың құқығына жатады. Кейде, өсек айтқаны үшін жаза қолданғанда кездеседі, айталық, әлдебіреу мас кезінде жала жапқанын мойындайды, онда ол жала жапқаны үшін жаза алуы тиіс, бұл шарғи мәселеден тыс, жеке мәселелерде жиі кездеседі, жазаға ұшырауға келгенде мұнда мастық хәл сау хәлмен бірдей деңгейде, мысалы, ажырасу (талақ беру), еркіндікке жіберу т.б.

Мас хәлінде сенімінен бас тартса назарға алынбайды. Егер әлдекім мас хәлінде сенімінен бас тартса, оның әйелі осыдан кейін ажырасуға бармаса, әйтпесе, мас хәліндегі адамның сенімінен бас тартуы назарға алынбайды.

Ү Тарау

ХАДДИ КАЗФ ЖӘЙЛІ НЕМЕСЕ ЖАЛА ЖАБУДЫҢ ЖАЗАСЫ

Казфтың анықтамасы. Казф дегеніміз бірінші кезекте жала жабу дегенді білдіреді. Заң бойынша казф дегенде үйленген немесе тұрмысқа шыққан ойнастық (зинақорлық) жасаған бір адамды айтамыз. Жала жабушы бұл жағдайда казиф деп аталса, жала жабылған еркек немесе әйел макзуф немесе жала жабылған деп аталады.

Қазының жала үшін беретін жазасы. Егер кімде-кім оңды түрде үйленген ер немесе отбасылы әйелді ойнастықта-зинақорлықта айыптаса (яғни ойнастықта

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

дәлелдейтін куәгерлер жеткіліксіз болса) , онда айыпталушы қазыдан жала берушіні айыпталушы өсегі үшін (артынан дәлелсіз сөйлегені үшін) жазалауды сұраса, қазы жаза белгілеуі шарт.

Басы босқа сексен дүре жаза қолданылады. Дәлелсіз өсегі үшін сексен дүре ұрылады, егер өсекші басы бос болса, бұл жайлы Аллаһ тағала Құран кәрімде: «Сондай кісілер, біреуді ойнастықта айыптаса, олар үйленген болса, онда сіздер оларды сексен дүремен жазалаңдар». Бұл жазаны қолдану шарты екі түрлі: Біріншіден, шартты түрде, жапа шегуші өсекшіні жазалау туралы қалауын білдіру керек, бұл оның құқы. Себебі, осы жолмен одан арсыздық алынып тасталынады. Екіншіден айыпталушы кімсе некеде тұруы шарт, себебі осы жәйлі келтірілген құран аятында айтылады. Ескертілген 80 дүре дененің әр жеріне, өсекшінің әр түрлі жеріне ұрылуы керек, бұл жәйлы не айтылғанына байланысты, ойнастығы үшін жазасына байланысты. Бір нәрсеге мән беру керек, жазалаушыны жалаңаштамау керек, себебі жазалау себебін дәл, нақ анықталмаған болуы мүмкін. Айыпталушы шындықты айтты, сол үшін жаза өте қатал болмайды. Ойнастық үшін жазаланған сияқты. Бірақ сыртқы орам, және кейбір киім, ұрылған (жыртылған) шешілген болса, шешіп тасталуы керек, себебі жазаланушы жазаны сезбей қалуы мүмкін.

Құлға қырық дүре ұрылады. Егер айыпталушы – құл болса, онда ол қырық дүреге жазаланады, себебі құл жартылай жазаланады.

Тұлғаның айтуы (суреттеуі) шағымы жазаға лайықты болуы. Жала жабылғанның неке жағдайы (шағым айтушыны жазалауға болатын жағдай) болуы тиіс; өсектелген адам болуы, есі дұрыс, кәмелетке толған ерікті мұсылман болуы, арына, атына дақ түспеген, яғни әрбір күмәннен, жаладан таза болуы керек. Бес шарт керек: біріншіден, айыпталушының ерікті жағдайда болуы керек, себебі жаратқанның сөзі айтады: «Олар үшін құл әйел үшін) жартылай жаза қолданылады, «мазан» ға қолданылғаннан», «мазан» сөзінен ерікті, басы-бос әйелдерді түсінеміз, құл әйелге кері сөз, яғни бұдан түсінетініміз «некеде тұратын» термині, яғни (мазан) бұл жерде тек басы бос, ерікті әйелдерге қолданылады.

Екіншіден: Есі дұрыс болуы; Үшіншіден: кәмелетке толуы, кәмелетке толмаған және есі дұрыс еместерді ар-намсын қорғау немесе олардың ойнастығы дәлелденуі мүмкін емес; төртіншіден, дұрыс дінде болуы (сенімде болуы), себебі: пайғамбарымыз айтты: Көп құдайға табынушылар мазан бола алмайды» деді. Бесіншіден: абыройлы, ар-ұятты болуы себебі, арсыздық ар-ұятты адамға тиеселі болуы мүмкін.

Жаланы құрайтын жағдай. Егер біреу, басқаның туыстығын жоққа шығарса, яғни мысалы: «Сен өз әкеңнің баласы емессің!» десе, ондай жағдайда бұл тұлға жала үшін жазаланады, бірақ сондай жағдайда, айтылған адамның анасы (сол сөз арналған адам) күйеуі бар әйел болса, бұл жағдайда туыстығын жоққа шығару сол адамның анасына тікелей жала жабу болады, себебі оның заңды некемен туылғандығын жоққа шығаруға болмайды, егер ол ойнастықтан жуылмаған болса.

Егер кімде кім ашуланған жағдайда біреуге айтса: Сен пәленшеніңбаласы емессің? – деп және аталған адам оның әкесі болса, және де сол кісінің баласы екендігі дәлелденген болса, жаланы айтқан адам жала үшін жазаланады. Егер айтылған жала сөз ашуланған жағдайда болмаса, онда айтушы адам жала үшін жазаланбайды, себебі ашуланғанда айтылған сөз, оның ниеті бұзық екендігін және сол сөзді жамандықта

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қолданғанын айғақтайды. Ал сабырлы жағдайда айтылған сөз, тек өзінің ойын әкесі мен баласының түрлерінің, мінездерінің ұқсамайтындығын білдіру үшін айтылған сөз болып қалады. Мысалы: жақсы ниеттілігі, сол сияқты т.б.

Егер кімде кім біреуге: «Сен пәленшенің баласы емессің!» деп айтса және айтылған сөздегі адамның атасы болып шықса, онда айтушы жала үшін жазаланбайды, себебі оның салыстырып айтқаны дұрыс. Яғни кімде кім басқа адам туралы жариялап айтса, яғни ол өзіне ата болатын адамның баласы болса, онда жала үшін оны жазаламайды, себебі ұлының баласы, атасының да баласы болады.

Өлген адамға жала жабу жағдайы. Кімде кім біреуді сондай әйелдің баласы десе, және аталған адамның анасы бұл дүниеде жоқ болса (қайтыс болған болса) және де ол күйеуі бар әйел болса, егер ұлы жала жапқаны үшін жаза қолдануды талап етсе, онда ол жаза беріледі. Себебі айыпталушы күйеуі бар әйелді ол өлгеннен соң жала жапты. Бірақ бір жайтты қәперде алу керек, өлген әйел үшін жазаны талап ету құқығы сондай адамға болады, туысқандығы жала жабу салдарынан қарым-қатынас қиындаса, ондай туысқандық ата-анасы немесе балалары болады қайтыс болғанның. Немесе жала жабылғанның балаларының ар-намысына тисе, егер жала соларға қатысты болса. Имам Шафий бойынша, әрбір мұрагер өлген адам үшін жазаны талап ете алады. Себебі, оның пікірінше мұрагер ретінде жаза талап ету құқығы, төменбейінше көрсеткендей болады. Біздің ғұламалардың пікірінше өлген адамның артынан жалаға жаза мұрагерлік бойынша берілді емес, бұл жерде өлген адамның атымен байланысқаны үшін берілді. Бұл жерде өлген адамға жала жабу жазасын талап ету төмендегі адамдарға:

және қыздарының балдарына, тек ұлдардың балдарына ғана емес. (Имам Мұхаммадқа қарама-қайшы) әрі қарай, немерелерге әке-шешесінің көзі тірісінде (Имам Зуфарға қарама-қайшы), тендей құқық, егер жала жабылған өлген адам некеде тұрса, онда бұндай құқық оның балдарына, бұл дінде болмаса да немесе құл болса да. Ең соңғы сөйлеммен Имам Зуфар келіспейді, себебі өлген адамның жаласына жаза талап ету құқығы бұл болмаған балаларға тиесілі болғанда, мұрагерлік құқық арқылы берілер еді, немесе жаланың өздеріне де тиетін болған үшін ғана еді. Бірақ екі пікір де болмайды: біріншіден – жалаға жаза талап ету мұрагерлік құқыққа жатпайды. Екіншіден – себебі ойнастыққа айыптау балалардың өзіне жала үшін жаза алып келмейді. (себебі біз дінде емес адамдар, некеде тұруы мүмкін емес екені сол мағынада айтылады). Сол себепті жала үшін жаза туралы сөз болуы мүмкін емес, бұнда жала бұл дінде емес адамдарға қатысы жоқ. Басқа жағынан біздің ғұламалар талқылайды, бұл жағдайда да жала жабулы, некеде тұрған адамға жала жаба отырған, оның балдарының арына да дақ түсіріп, соның кесірінен балдары да жалаға жаза талап ету мүмкін. Балдары бұл діннен емес болса да, оларды бұл құқықтан айыра алмайды, себебі жала жабу дәл осы балаларға қатысты болса, соңғы жағдайда толық мәлімет жоқ жала үшін, себебі егер жала жабылған бұл діннен емес екендігіне байланысты. Онда некенің болғанын айғақтай алмаймыз, сол себепті жала үшін жаза да бұл жерде берілмейді.

Құл иесіне жазалануын талап ете алмайды, ал ұлы әкесі үшін де. Құлға өзінің иесіне жала үшін жаза талап ету құқығы жоқ, егер иесі оның шешесіне жала жапса да, және ол күйеуге шыққан әйел болса да. Сол сияқты ұлы да әкесіне жала үшін жаза талап ете алмайды, егер әкесі оның шешесіне жала жапса, және ол әйелі болса да,

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

себебі иесіне құлы, әкесіне тұрмыстағы баласы жала үшін жаза берілмейді. Сол үшін жалаға жаза ұлдан әкеге, құлдан иесіне болмайды. Егер әйелде басқа күйеуінен бала болса, онда ол жала үшін жаза талап ете алады, егер жала оның анасына тиесілі болса. Себебі жазаның негізі (жала үшін) бұл жағдайда орынды жаза талап етуге кедергі жоқ.

Жала жабылған адам қайтыс болған жағдайда жаза қолданылмайды. Егер біреу басқаны ойнастықта (зинақорлықта) айыптаса, ал айыпталушы қайтыс болса, онда жала үшін оған жаза қолданылмайды. Имам Шафий айтады: жала үшін жаза алып тасталынбайды дейді. Егер жала жабылған, жала жабушының жазаның бір бөлегін тартқаннан кейін өлсе, қалған бөлегі біздің ғұламалардың пікірінше алап тасталынады. Имам Шафий айтады (тұжырымдайды): Ол жаза алып тасталынбайды дейді. Бұл келіспеушілік мынадай түсіндіріледі, Имам Шафийдың пікірінше, өсек (жала) үшін жаза бұл мұрагерлік бойынша дейді, бұны мен біздің ғұламалар келіспейді. Бір нәрсені қаперге алу керек, Құдайдың алдында жала үшін жазаланатынына, екі жақа келіспеушілік жоқ, сол сияқты жеке құқықта да, себеі бұл жала жабылғанның арын тазалау үшін қолданылады және де жазалаудан шығатын пайда да тек жала жабылған үшін болып тұр, онда не үшін жала үшін жаза тек жеке құқыққа ие: бір жағынан бұл жаза қорқыту үшін де қолданылса енгізілген. (соған қарай бұл жазаны –харда деп айтады) және бұның мақсаты - дүниені күнәден арылтау үшін, бұнымен бұл жаза Құдайдың алдындағы заң екендігін дәлелдейді. Жала үшін қолданылатын жазаның кейбір шешімдері жеке құқыққа қарайтынын куәландырады: Мысалы: «Жаза тек жапа шегушінің өтініші бойынша беріледі» Басқа шешімдер Жаратушының заңы екендігін куәландырады. Мысалы: «Жазаны күшіне ендіру (қолданысқа) құқығы сотқа сеніп тапсырылады, жапа шегушіге емес». Сонымен жала үшін жазада бір кезде екі ұстаным өтеді: соның бірінде имам Шафий біріншісіне баса назар аудартады, яғни жеке құқыққа, себебі ол қамқорға (қорғанысқа) аса қажет болып тұр, және талабы да күшті, (Құдайдың алдындағы жазаға барғанша). Басқа жағынан, біздің ғұламалар екінші ұстанымға басымырақ болып, оны жоғары қояды, қандай дәрежеде адамның құқығы болса да, Жаратқан оған қорғау мен береді, бұдан Құдайдың шариғатында жеке құқықты қорғауда қамтиды, керісінше емес.

Құдайдың берілген күш болмаса, құдайдың заңын қорғау үшін күш болмас еді. Бұл көзқараста ғұламалар арасында пікір әртүрлі екені белгілі, соның себебінен жала етіп жазаға байланысты көп сұрақтардың жауабын шешуде әртүрлі көзқарас болады. Осылайша имам Шафи бойынша, жала үшін жаза талап ету құқығы мұрагерлік; біздің ғұламалардың пікірінше ол мұрагерлік емес, себебі мұрагерлікке тек жеке құқық өтеді. Жазаға кешірім беру мүмкін емес делінеді, біздің ғұламалардың пікірінше, ал имам Шафий-мүмкін дейді. Ары қарай біздің ғұламалардың пікірінше жаза жапа шегушіні қанағаттандыру үшін басқаға ауыстырылмайды, ал имам Шафийда-бұл мүмкін. Абу Жүсіптің кешірім туралы пікір де, имам Шафийдікіндей.

Жаланы мойындауда кейін, ол кері қайта алынбайды. Егер де біреу жала жапқан жайлы мойындаса, одан кейін мойындағаннан бас тартса, онда оның бас тартуына сенбеу керек, себебі бұл жерде жапа шегушінің құқығы бар.

Егер ұрысатын сөз айтса, ол жалаға жатпайды. Егер де біреу арабты, сен «набасин» десе. Онда ол жала үшін жазаға тартылмайды, себебі ол бұл әңгімені салыстыру үшін айтып жатыр, ол арабты мінеді және әдебі жоқтығы жағынан

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

набасинге ұқсатып жатыр. (Набасин деген тайпа зұлымдығымен, айуандығымен көге түскен) Соған ұқсас егерде біреу арабқа: «Сен араб емессің» десе, онда ол сол себепті жазаға тартылмайды. Егер де біреу тағы айтса; «О Жаңбырдың баласы» десе, онда ол жала жабушы емес, бұл сөзбен ол тазалық пен жұмсақтықты білдіргісі келіп тұр, себебі жаңбыр тазалық пен жұмсақтықпен ерекшеленеді. Егер кімде-кім біреумен сөйлесіп жатып, ол өзінің әкесінің баласы емес десе, басқа туысқанының мысалы: ағасы, әке жағынан немесе шеше жағынан болсын немесе өгей әкесінен десе, онда ол жала жабушы емес, себебі; осы әрбір туысқандарын әке деуге болады, сол сияқты өзінің табиғи әкесін де.

Екі мағыналы ойнастықта (знақорлықта) жала жабу жазаланады. Егер кімде-кім әдейілеп (қасақана, ашуландыру үшін) айтса: «Заняитя-филд жябьялил» деп (Бұл сөз екі түрлі аудармада болады: «Сен тауда знақорлық істедің» десе, үлкендердің екеуінің де пікірімен, ол жазаға тартылады. Имам Мухаммед болса ол жазаға тартылмайды дейді, себебі сөз тек тауға көтеріліп жатқандығын білдіреді дейді. Екі шәкірт де бұл сөз ойнастықты да білдіреді дейді, ал ашуланған жағдайда да бұл сөздің айтылғаны екінші мағынада (яғни, ойнастық, знақорлық) та пайдаланылғандығын дәлелдейді; сол себепті жаза тағайындалады, дәл сол жағдайда тау мағынасын қоспағандағы «заняитя» деген сөз және осындай сөзді айтқан арызданады: ол «заняйтя» сөзінен тек көтерілу мағынасын айтқанмын деп. Егер кімде-кім біреуге айтса: «Заняйтя- алал жәбәли» деп (Сен тауға көтерілдің» немесе «Сен тауда ойнастық жасадың» деп, екеуінің бір жерде ғана айырмашылық бар ол «аля» деген жалғауда онда кейбір ғалымдардың шешімі бойынша, жала үшін жазаға тартылмайды себебі, тауды айту, «заняйтя» сөзінен көтерілу мағынасын айтқандығын дәлелдейді дейді; бірақ басқа ғұламалардың шешімі бойынша ол жала үшін жазаға тартылады, себебі ашуланған жағдайда айтқаны оның ойнастықты айтқанын дәлелдейді.

Тең жағдайда-біріне-бірі жала жабу. Егер кімде-кім біреуге: «Сен знақорсың» десе, ал ол «Жоқ мен емес, сен» десе, онда екеуі де жала үшін жазаға тартылады, сесебі әрқайсы ол бірін-бірі знақорта айыптады.

Өзара айыптауда, яғни күйеуі мен әйелі арасында болса, кейінгісі жала үшін жазаға тартылады. Егер күйеуі әйеліне: «Сен ойнастық істедің» десе, ал ол жауап ретінде: «Жоқ, сен ойнастық істедің» десе, онда әйел жала үшін жазаланады, бұл жағдайда леана болмайды, себебі күйеуі де әйелі де айыпталушылар, бірақ күйеуі әйелін айыптады. Леанаға алып барады, ал әйелі күйеуін айыптаса-жала үшін жазаға алып барады; бұл жағдайда алдымен жала үшін жазаға тартылады леана алдын-алу үшін себебі жала үшін жапа шегуші кімсе (тұлға) леана лайық болмайды. Егер керісінше болғанда (яғни алдымен әйелден леана талап қылынғанда) онда леана да жазаға да орын жоқ болар еді, сол үшін алдымен жаза қолдану керек, леана алып бармас үшін немесе леана алдын-алу шараларының күнәні істемеу туралы ант сияқты іздестіру керек, себебі ол да жаза болып есептеледі. (Егер әйелге біріншіден леана қолданғанда, содан кейін жала үшін жаза бергенде екі жаққа бірдей, онда әйел екі жазаны да алар еді, бұған жол берілмейді. Бұны түсіндіру үшін бір нәрсені білу керек, ант ішу жағдайы күшпен берілгізетін сияқты, жазалаумен бірдей. Егер әйел көрсетілген мысалда жазалаумен күйеуіне былай деп жауап бергенде: « Мен ойнастықты сенімен істедім» дегенде, бұл жағдайда жаза да, леана да қолданылмайды,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

себебі бұл жерде жазаға тартуда леана күмәнді немесе әйел некеге тұрмас алдыңғы некесіз қосылуды айту мүмкін, мұндай жағдайда әйел некесіз қосылғаны үшін жазаланатын еді, леана емес, себебі өзінің жауабымен әйел күйеуінің ойнастық үшін айыптауын қуаттап берді; бірақ күйеуі жазаға тартылмайды, себебі оның айыпталуын қуаттамады. Бір жағынан былай да болуы мүмкін, әйел зорланғанын, некеден кейін мысалы; егер ол әйел түсіндіруде зорланғанын айтса: Менің ойнастық істеуімнің себебі, мені некеден кейін де мен разылығымсыз яғни, күштеп қосылдың десе, мұндай жағдай (бірін-бірі жазалау мен және ұрысумен болса) ондай жағдайда әйелді леана ұсынылар еді, жала үшін жазаға емес, себебі айыптау күйеуінен болып отыр әйелінен емес. Осы екі жақтың көзқарасының болу себебінен жала үшін жаза мен леана күмән бар, сол үшін екеуі де қолданылмайды, яғни әкесі белгісіз балалары бар екендігінде.

Баласын мойындап, кейін бас тартуы. Егер еркек баланы өзінің әйелінен екендігінен мойындап, кейін бас тартса, онда ол еркек леана лайық, себебі баланың кімнен екендігін оның мойындауымен белгілі болды, одан кейінгі бас тарту оның әйелін баланың анасын айыптауы болып есептеледі; сол үшін ол леана лайық. Егер ол еркек алдымен баладан бас тартып, содан кейін мойындағанда, онда жала үшін жазаға тартылады, себебі ол осылай өзі бас тартуымен леана лайықсыз болады, себебі, леана деген бұл сондай жаза, керек кезде қолданылатын шара, екі жақтың бірін-біріне қайшылық тууына байланысты. (яғни әйелі күйеуінің арызын мойындамайды, ал күйеуі әйелінің тазалығын мойындамайды), тағы да ең негізгі ұстаным жала үшін жаза болады, егер қарама-қайшылық келтірумен (бір жақтың екінші жақтың әділетті екендігін мойындаумен, яғни күйеуі бас тартудан кейін баланы мойындау сияқты қылығы) ең маңызды ұстаным күшіне енеді. Екі жағдайда да баланың әке жағынан тегі анықталады, себебі: ол оны бас тартудан алдын мойындаудан кейін екінші мысалдағыдай мойындауын есепке алады.

Қарсылық: Бірінші мысалда: леана керек болуымен, баланың тегін анықтау мүмкін емес.

Жауап: Баланың некесіз туылуы леана кесірі керектігі емес, себебі леана заңсыз туылуынсыз-ақ салуға (қоюға) болады, сол сияқты күйеуі бала туылғаннан кейін де ұзақ уақыт баладан бас тартса, мұндай жағдайда леана қолданылады және бала заңсыз деп табылмайды. Керісінше бала некесіз деп танылуы мүмкін және леана қолданылмайтын жағдайда, Мысалы. Егер құл әйелінен туылған баладан бас тартылса, бұл жағдайда бала заңсыз деп табылып, леана қолданылмайды. (Әйелі құл болғаны үшін). Егер күйеуі әйеліне: «Бұл сенің де, менің де баламыз емес» десе, ондай жағдайда леана, жала үшін жаза да қолданылмайды, себебі, күйеуі өз әйелінен баланың туылмаған фактіні теріске шығарып отыр, бұндай теріске шығару жала емес.

Әкесі белгісіз балалардың бар болуы туралы әйелді айыптау, жала емес. Егер еркек әкесі белгісіз балалары бар әйелді зинақорлықта айыптаса немесе ол әйелді айыптаса, күйеуінің оның балаларын мойындамауы кесірінен келтіретін леана болса, оның соңғысының тірі ме, әлде жоқпа оған қарамай (тәуелді болмай) онда бұл жағдайдың бірінде- де жала үшін жаза қолданылмайды, себебі дәл соның балалары мойындалған әкесінің болмауы себебінен. Осы белгілердің арқасында әйелдің беделі күмәнді болады, ал айыпталғанды жала үшін жазалау айыпталушының беделі таза болу керек. Егер күйеуінің балаларынан бас тартуынан бұны зинақорлықта айыпталған

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

адамға жала үшін жаза қолданылады, себебі бұл жерде зинақорлықтың бірде-бір белгісі жоқ.

Әйелмен заңсыз қатынаста болған кімсені айыптау, жала емес. Егер еркек әйелмен заңсыз байланыста болса, және онымен бірге тұру құқығы болмаса (зинақорлық негіз бола алмайтын бірнешелар бар) онда оны айыптаған жала үшін жазаға тартылмайды, себебі айыпталушының ары таза деген беделін қолданбайды. Ол бұл некені мойындауға негіз болады, және сонымен айыпталушыны жала үшін жазалауға да негіз бола алады), және де айыптаушы бұл жағдайда да ақиқатты айтып жатыр.

Кейбір тыйымдар үшін. Бір нәрсені қаперде ұстау керек, яғни жала үшін жаза сондай жыныстық қатынаста қолданылмайды, табиғаттың өзінде заңсыз болса, себебі зинақорлық термині дәл осындай жыныстық қосылысты білдіреді: егер кімсе басқа бір түрдегі тыйым салынған жыныстық қатынаста болса, онда бұны айыптауда жала үшін жаза қолданылады. Ереке пен әйелдің қатынасы, ешбір жағдай да оның жекеменшігі болмаса (мысалы шетелдік әйел) немесе бір жағдаймен арақатынас оның жеке меншігі (өзіне тиіселі) болмаса. Мысалы құлмен егер ол жалпы барлығыныкі болса) табиғи жағдайда заңсыз болады; сол сияқты құлмен, егер ол үнемі өзінікі болмағаны үшін бірге тура алмаса, (Мысалы сүт әпкесімен) немесе құлмен арақатынас, яғни онымен заңсыз болғаны үшін тура алмаса, яғни тұрақтылық болмағаны үшін (Мысалы: сондай әйелмен, егер оның әпкесімен бірге тұрса, әйелі ретінде немесе күні ретінде) заңсыз болады басқа мағынада (яғни ол табығи жағдайда заңсыз болса да, кейбір жағдайға қарай солай болады; бұл үнемі заңсыздық емес себебі, бұл үшін болған кедергі, әпкесінің қайтыс болуымен немесе басқа жағдайда кетуі мүмкін, бірақ заңсыздық болады, егер осы аталған адамдар болса, бұлар барда заңсыздық алып тасталынбайды).

Абу Ханифа үнемі заңсыздық аясында бірге тұру жағдайында зинақорлық актын мойындау үшін үнемі заңсыздықты барлық жерде мойындалуы керек және де барлық атақты келісімдер жағдайларда білінуін талап етеді, себебі ешкім күмәнданбас, келіспеушіліктер тумас үшін. Мысалы: егер кімде-кім барлығының меншігі болған, құлмен зинақорлық істеді деп айыптаса, онда ол (айыпталушы) жала үшін жазаға тартылмас еді, себебі айыпталушы сондай әйелмен зинақорлық жасады, ол өзінің меншігі болып есептелетін еді. Егер кімде-кім біреуді айыптаса, яғни ол өзінің мушрик құлымен немесе өзінің әйелімен айлық хайызы келген қосылды деп немесе мукатабымен, онда айыпталушысы жала үшін жазаға тартылады, себебі: бұл жерде харам уақытша ғана болатын яғни оның меншік иесі екендігіне құқығы болғанда) сол себептің кетуіне дейін ғана жалғасатын, (яғни ислам дінін қабылдау керек, мушрик болуы, тазалануы, китабаттың келісімі) Сол үшін бұндай заңсыздық басқаша сипаттағы заңсыздық болады, көрініп тұрғандай акті зинақорлық емес, Абу Жүсіп айтқандай еркектің өзінің мукатабымен болған қатнасы ондағы изнді жояды. Имам Зуфардың пікірі де осындай, мукатаба өзінің қожайынымен бірге тұру құқығына меншік болып табылмайды.(көрініп тұрғандай, егер қожайыны мукатабамен осындай акт жасаса, онда ол оның акиріне жауапты болып қалады). Басқа жағынан, біздің шайхылар байқағандай, мукатаба кімсе ретінде өзінің қожайыны меншігін құрайды, бірақ онымен бірге тұру басқа жағынан заңсыз, себебі, заңсыздық мукатаба өзінің төлемін төлей алмағанша немесе келісімшерт жойылмағанша жалғасады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер кімде-кім еркекті өзінің күңімен қатынаста айыптаса және бір мезгілде сүтті қарындасымен де қатынаста болды десе, онда айыптаушы жазаға тартылуы тиіс емес жаласы үшін, себебі, мұндай құлмен қожайынының жыныстық қатынасқа түсуіне тыйым салынған, тіпті тыйым салынған нәрсе. Бұл жалпы мойындалған ілім.

Өлген мукутабаны өсектегені үшін жаза берілмейді. Егер кімде-кім өліп қалған мукутабаға айып тақса, ең болмағанда қалған әжептеуір мүлікінен төлем төлеу арқылы босатылатындай болса, онда мұнда мукутабаның толық азат болғанынан күдік туындап отыр, пайғамбар с.ғ.с. ізбасарларының арасында айтыс-тартысының болғанына байланысты.

Мұсылмандыққа бет бұрғанға жала жапқанда (бет бұрғанға дейін). Егер кімде-кім мұсылман дініне бет бұрғанды, пұтқа табынған кезінде өзінің анасына үйленген болған болса, онда Абу Ханифаға сәйкес айыптаушы жаласы үшін жазаға тартылуы тиіс; бірақ екі шәкірт жаза қолданылмайды деп бекітеді, себебі, бұл айтыс-тартыс сол, Абу Ханифа пікірінше пұтқа табынушыларда шешесімен некеге рұқсат етілген, ал екі шәкірт бойынша жоқ.

Дінсіздің мұсылманға жала жапқаны үшін жазға тартылуы тиіс. Егер дінсіз (хақ жолындағы емес) біреу мұсылман мемлекетінде бола тұра мұсылманды айыптаса, онда ол жаласы үшін жазаға тартылуы тиіс, себебі оған жеке құқық қолданылады, ал дінсізді қамқорына алған кімсе жеке құқықтық ережені орындау міндетін мойынына алса, және ол өзін қорғауды талап етсе, ол осымен басқаға зиян тигізбеуге міндетенсе.

Жала жапқаны үшін жазаланған мұсылман адам куәгер болу құқынан айырылады. Егер мұсылман адам жала жапқаны үшін жаза тартқан болса, оның куәгерлігі куәгер ретінде қабалданбайды, ол кешірім сұрап мойындаса да. Имам Шафи егер ол айыбын мойындап қайта істеуге бет бұрмайтындығына кешірім сұраса оған оны куәгерлік құқығы қалпына келеді дейді. Бұл мәселе алдағы куәгерлердің көрсепесіне сәйкес бөлімде талқыланады.

Дінсіз (хақ жолындағы емес) –зиммиге қатысты тең. Егер дінсіз біреу жаласы үшін жазаға тартылса, онда ол мұсылмандарға қарсы куә болу құқығынан ғана емес, зиммилерге қатысты куәлік ету құқығынан да айырылады. Егер құзырлы куәгер болған, онда ол өзіне (зиммий) тең, онда осы сәттен бастап оның куәлік ету құқығы жойылуы тиіс, куәлік ету құқығынан айыру жаласы үшін бір жаза жетеді. Бірақ кейін дінсіз мұсылмандыққа өтетін болса, онда оның куәлігі екі тоапқа да бірдей жүру құқына ие болады. Немесе мұсылман болуы арқылы куәлік ету құқына ие болады, ол бұрын болмаған нәрсе; егерде құл жаласы үшін жазаға ұшыраса және кейін еркіндікке шығарылса, онда бұл жерде құлдық куәлік ету құқығы орнатылмайды, себебі ол құл болған кезінде куәлік ету құқығы болмады және жаласы үшін жаза тартқаннан кейін де еркіндікке шықанда да кейін де бұл құқыққа ие бола алмайды.

Дінсіздің (хақ жолындағы емес) жаза алып жатқан кезінде мұсылман дінін қабылдау жағдайы. Дінсізге жаласы үшін бір дүре жаза қолданып жатқанда, ал кейін мұсылмандықты қабылдаса, одан кейін қалған жазасы берілсе, онда куәгер ретінде куәлігіне жол беріледі, немесе оның куәлігі толықтыру мақсатын көздесе және жазаны аяқтаса, онда жазаны мұсылмандықты қабылдағаннан кейін қолданса, онда ол түзелудің бір жағы, бұл жаза емес, онда оның куәлігі онымен байланысты емес. Абу Жүсіп айтады, мұндай куәгердің куәлігі келешекте жойылуы тиіс, себебі оның

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

мұсылмандыққа өтуінен кейін жазаны үлкен бөлігіне тап болады, ал аз бөлігі көп бөлігінің бөлігі. Дегенмен, бірінші пікір кең тараған.

Зинақорлық пен шарап ішуден бірнеше мәрте қайталануы туралы жалаға бір жаза қолдануға болады. Егер кімде-кім бірнеше рет зина жасаса немесе мас болса, онда жаза барлық оқиғалардың қатйалана беруінің нәтижесінде бір рет қолданылады; сонымен қатар, әлде-кім бірнеше жала мен кінәлі болса, онда жаза оның барлығы кунәлері бетіне басылған соң беріледі.

Зина жасаған жағдай мен шарап ішкен жағдайда жаза қолдану құдайдың каламымен (сөзі, аяты мағынасында) жүзеге асуы тиіс; жазаны белгіленуі қылмыстың алдын-алу үшін қорқыту мақсатында болып отыр; бұл мақсатқа жетудің жолы жазаны бір рет қолдануға байланысты болып тұр; екінші рет жаза белгілеу осы қорқыту үшін күдікті туғызады. Осы күдікке сәйкес жаза екінші мәрте белгіленуі тиіс, ал қарама-қайшылықты жағдайда, егерде біреу зина жасаса және осы сәтте жаласы үшін кінәлі болса немесе шарап ішкені үшін кінәлі бола, ол әрқайсы қылмысы үшін бөлек-бөлек жаза алуы тиіс.

Немесе жалалар. Жалаға қатысты, біздің шайхылардың пікірінше, жаза құдайдың каламынан туындауы тиіс немесе Алаһтың бұйырығына сәйкес. Имам Шафи бекіткендей, егерде жала жабу қайталанған жағдайда, жалалы екі кісі болса (М; біріншісі Заид, ал екіншісі Омар) немесе жалақор әртүрлі адамдар тарапынан айыпталып жатса, онда әр жаласы үшін бөлек жаза қолданылуы керек, өйткені жала жапқаны үшін жаза беру жеке құқыққа ие.

ТААЗИР¹ ТУРАЛЫ, НЕМЕСЕ ЕРКІМЕН ҚОЛДНАТЫН ЖАЗА

Таазирдің анықтамасы. Таазир алғашқы мағынасында тыйым мағынасын береді, сонымен қатар өсиет. Заңдағы ол кара мағынасын береді, ал шарғи және жеке мәселелерде дәрежесі анықталмаған. Оны қолдануға хадда (тиісті жаза) анықталмаған қандай-да бір бұзықтық немесе бұзушылық себеп бола алады, ол бұзушылық сөзбен бе немесе әрекетпен бе бәрібір.

Таазир заңның жөн-жосығымен тағайындалады. Таазир заңның жөн-жосығымен тағайындалады. Ол Құранның мәртебесі негізіне құрылған, онда Жаратушы еркісіге өз әйелін түзелуі және имандылыққа шақыру үшін өз қалауымен жаза қолдануға кеңес береді. Хикаяларға сәйкес, Пайғамбар (с.ғ.с.) біреуді антбұзушы деп айтқан адамды жазалаған. Бұл жағдаймен барлық ғұламалар келіседі. Одан бөлек, ақыл мен парасат қылмыстық мәндегі әрекетке² жаза қолдануды талап етеді, өйткені ол әдетке айналмауы керек, немесе ол әдетке айналса бірте-бірте үлкен қылмыстарға жетелейді. Сонымен қатар, имам Сирухшаның «Фатава Тимур-Таши» еңбегінде, таазирде анық және қатаң ештеңе жоқ, бірақ жаза қолдану дәрежесі қазидің қаруына берілген. Бұл жазаның мақсаты жөндеу, бұны адамдардың қабылдау түйсігі әртүрлі: түзелу үшін кейбіреулерге сөгіс беру жеткілікті, ал басқаларға, айталық қырсықтарына абақтыға жабу және керек десеңіз дене жазасын қолдану талап етіледі.

Таазирдің төрт түрі немесе дәрежесі болады. Имам Шафидің «Фатуа» сында айтылады, таазирдің төрт түрі немесе дәрежесі болады: біріншіден, таазир, аса құрметтілердің ішіндегі аса жоғары мәртебелілерге қолданатыны (м; ақсүйектер, ғұламалар т.б) бір естелікте айтылғандай оларға, қазі: «Менің байқағанымдай, Сіз осындай әрекет жасапсыз» деп оны ұялтуға дейінгі қолданатын сөз; екіншіден, құрметті және мәртебелілерге (м; әскербасы, өңірдің басшылары т.б) қолданылатын таазир, ол екі тәсілмен жүзеге асырылуы мүмкін: біріншісі жоғарыда айтылғандай ескеру мен ескертумен, немесе джирра әдісін қолданумен, яғни тәртіп бұзушыны масқаралау үшін есік алдына шығару; үшіншіден, орта таптарға (саудагер, көпец, дүкен иелеріне т.б) қолданылатын таазир, джирре қолдану немесе бас бостандығынан айыру, төртіншіден, қоғамның төменгі топтарына арналған таазир, джирре қолдану, бас бостандығынан айыру немесе денесіне жарақат жасау жазасын қолдану.

1. Таазир- жазалау түсінігімен шектеу қиын, хадд (жаза) заңмен белгіленеді, ал таазир сот құзырындағы жаза, немесе еркімен қолданатын жаза.

2. Мұнда елеуге бола бермейтін әрекеттері үшін деген мағынада.

3. Жеке құқық мәселелері емес шарғи заңды бұзғаны үшін деген мағынада

Айыппұл төлеуден тұратын таазир. Абу Жүсіп айтқандай, сұлтан тәртіп бұзушылықтың түріне қарай мүліктей айыппұл төлету арқылы таазир жазасын қолдана алады. Бұл ілім көптеген басқа ғұламалар тарапынан қолдау таппады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Таазирді кім болса соған қолдануға болады. Имам Тимур-Ташир айтады, шарғи заңға ³ қатысты тәртіп бұзушылыққа қарсы кез-келген адамның тарапынан таазир қолдануына болады, әйтпесе, Абу Жафар-Хиндуаниден сұрапты: «егер күйеуі әйелін бөтен бір еркекпен зина жасап жатқан кезінде ұстап алса, еркекті өлтіруге болады ма?» деп, жауап: «Егер сөгіс пен соққы алғаннан кейін, сол еркектің зинаны енді қайталамауға күйеуінің көзі жетсе, еркекті өлтірмеуі тиіс; бірақ егер, осы өлім зинаның қайталанбауына қатаң ескерту боларына күйеуі сенсе, онда ол еркекті өлтіруге болар, ал егер әйелі зина жасауға келісім берген болса, онда күйеуі әйелін де қосып өлтіруі тиіс». Осыдан анықталғандай, әркім соттың қатысуынсыз ақ біреуге дүре соғуға құқықты болғаны ма.

Пайғамбар (с.ғ.с) рұқсат береді, әркім жамандыққа қарсы күресуге және одан өз басын қорғауы тиіс деп былай дейді: «Зұлымдықты қайсыларың байқасаңыздар, оған қарсы өздігінше қарсылық білдіріңіздер; шамаларыңыз жетпесе, тілдеріңізбен қарсылық айтыңдар». Осылайша, таазир мүмкін жаза қолдануға қайшы келеді, өйткені, жазаны беруге құзыреті тұлға немесе сот тағайындауға құқылы. Бұл таазир, жеке құқықтық мәселелер бойынша тағайындалатын таазирге де қайшы келеді (м; жала жапқан кездегі т.б) , өйткені, жеке мәселелер ренжіген жақтың шағыммен қарастырылады, неліктен бұл жағдайларға сот қатысуы керек, екі жақ мәселені шешуді сеніп, үшінші жаққа тапсырып отырса.

Таазир кез-келген жерде салынады. Таазир барлық жерде, заңда жазылғандай, имам ыңғайлы деп тапса, жүктеле береді.

Таазир құл немесе мұсылман емеске жала жапқан жағдайда да жүктеледі. Егер әлдекім құл немесе күнді зина жасағандығы жөнінде айыптаса, умми-валяд немесе мұсылман еместі, онда ол таазирге салынады, өйткені, айыптау қорлау болып табылады, ал жала жапқаны үшін жаза қолданылмайды, мұндай шарттың болмауына байланысты, тек-изна қолданылуы мүмкін жалалы болған адамға; сол үшін таазир жүктеледі. Сол секілді, егер әлдебіреу мұсылман адамды тек зина да емес басқа (м; абыройсыз, пасық, ұры т.б деп) нәрседе айып тақса, онда ол адамға таазир жүктеледі, мұсылманды кемсітіп және масқаралағаны үшін, ал жаза (хадд) бұл жағдайда тағайындалмайды, немесе жаза қолдануға қажеттілік жоқ; сондықтан да таазир салынады. Егер қорланған жақ –құл т.б.болса, онда таазир жоғары деңгейде тағайындалуы тиіс, ал мұсылманды қорласа таазир өлшемін сот белгілеуі тиіс, ол таазирге салынуы керек десе, онда таазирді жүктесін.

Мұсылманда есек немесе шошқа деп балағаттаса таазирге салынбайды. Егер әлдекім мұсылманды есек немесе шошқа деп балағаттаса, онда оған таазир салынбайды, өйткені бұл атаулар оны абырой-сыздандырмайды. Кейбіреулердің пайымдауынша, мұсылманды есек немесе шошқа деп балағаттағандық қорлағандық саналады. Керісінше, басқалар бұл балағат сөзді жоғары лауазымды тұлғаға қарата айтса, қорлағандық дейді, онда балағаттаушы қандай жағдайда таазирге ұшырайды, егер ол балағат сөздерімен оның дәрежесіне, қызметіне кеміткендікпен айтылса, бірақ ол қатардағы дәреже болса, онда таазирге ұшырамайды. Бұл кең тараған тәсіл.

Таазир үштен отыз тоғызға дейін дүремен тағайындалады. Абу Ханифа және имам Мухаммадке сәйкес таазирде ең көп тағайындалатын дүре отыз тоғыз, ал ең кемі – үш. Абу Жүсіп таазирде ең көп дүре бес болу керек дейді. Отыз тоғыз рет салынатын

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

дүремен шектеу Пайғамбар (с.ғ.с) хадисында негізделгендей: «Кім дүренің санын жаза беру жағдайына дейін соғуға көбейтсе, онда жазалау орнатылмаған болса, онда ол жазаны өте ауырлатушы деп аталсын» (әдейілеп жазаны ауырлатушы). Осы хадистен ұққанымыздай, таазирге мұндай санды дүре жүктеу, жаза ретінде жол беруге болмайды. Абу Ханифа мен имам Мухаммад таазирдің жоғары өлшемін тағайындау үшін жазаның ең төменгі өлшеміне назар аударып отыр, олар құлға жала жапқаны үшін тағайындалатын жаза қырық дүрені көрсетіп отыр. Сондықтан олар бір дүрені алып тастап отыз тоғыз деп таазирге ең жоғары шара ретінде белгілейді. Екінші жағынан, Абу Жүсіп азат адамдарға (*азаттық адамның алғашқы қауымдық кезеңіндегі жағдайы Б.М.*) ол сексен дүреден тұратын ең төменгі өлшем беруге назар аудартады, ол мұнан бесуін алып тастайды да жетпіс бес деп ең жоғары таазир шарасын орнатады. Ол оны Али р.а.мен сәйкестендіреді. Абу Жүсіп таазир үшін ең жоғары шара жетпіс тоғыз. Имам Зуфардың пікірі де жетпіс тоғыз. Имам Мухаммед өзінің «Мабсут» еңбегінде ең төменгі таазир шарасы деп үш дүрені көрсетеді, өйткені одан төмен дүре жаза саналмайды. Біздің қазіргі ғұламалардың айтуынша ең төменгі таазирді қазі немесе имамның құзырына қалдырған жөн, олар қанша қажет болса сонша дүре белгілей берсін, әйтпесе, таазир жаза берушінің жеке дара пайымына қалсын. Абу Жүсіп бойынша, яғни оның айтуынша, таазирдің шамасы ісәрекеттің маңыздылығына сәйкес келуі керек немесе айтарлықтай елене бермейтін әрекетке сол тәрізге ұқсас таазир белгіленуі қажет. Сондай-ақ, нәпсіқұмарлық әрекеттер үшін таазир шамамен тағайындалу керек, зинаға жақын жазаға, ал қорлайтын сөздер үшін таазир- жала үшін қолданатын жазаға жақын болу керек.

Денесіне жаза қолдану мен абақтыға жабу жазасы біріктірілуі мүмкін. Егер таазир кезінде қазі бас бостандығынан айыру мен дене жазасын біріктіруді пайдалы деп тапса, онда оған бас бостандығынан айыруды (абақтыға жабу) таазир ретінде қолданған деп қаулы қабылдайды (Пайғамбар с.ғ.с таазир ретінде кісіні абақтыға жапқан). Бірақ, егер таазир қолданған жерде, бас бостандығынан айыруды таазир ретінде қолданатын болса, онда күдік тууына байланысты әрекеті (ісі) дәлелденбей оған жол беруге болмайды. Абақтыға жабудың өзі таазир болып саналса, керісінше, кейбір жазаға душар ететін әрекеттер, әйтпесе, айыпталушы күдік туғызуына байланысты мүмкін абақтыға жабылса, онда таазир жазадан әлсіз қолданылатын шара секілді, онда бұл жағдайда бас бостандығынан айыруды дене жазасымен біріктірілуіне жол беріледі.

Соққы (дүре) әртүрлі күшпен берілуі мүмкін, ең әлсіз күшпен басталып және ең күштісімен аяқталуы мүмкін. Таазир кезінде аса қатты соққылар берілуі мүмкін, егер, соққыны санына байланысты әлсіздеу ұруға жол берілсе, онда соққыны жәй ұру туралы талап қоюға негіз болмайды, өйткені, жаза (кара) қолданудың өз мақсаты орындалмаған болар еді. Сондықтан, таазир кезінде дененің әртүрлі жерлері (бас, бет және жыныстық мүшелерден басқа) мен мүшелеріне соққыны әлсіз ұруға болмайды. Таазирден соң аса қатты соққылар жеңіл жүрістік үшін жаза берілгенде жасалуы керек, Аллаһтың Құранда айтылған аятына сәйкес. Зина үшін өлім жазасы беріледі, және шарғи заң оны жүзеге асыруды таспен лақтыру жазасын тағайындаған. Зинадан кейін қатты соққы (дүре) беру жазасы шарап ішкені үшін берілуі тиіс. Шарап ішкені үшін жазадан кейін аса қатты соққы жала жапқаны үшін берілуі тиіс. Мұндағы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қаталдық, жалақорды куә ретінде жауап беруінен құқынан аластату керек, сондықтан да соққының ауыр болуын жазаның қатты болғаны деп шошымау керек.

Егер таазирдің салдарынан әлдекім қайтыс болса, қосымша құн төленбейді. Егер лауазымды тұлға жаза немесе таазир тағайындаса, жазаланушы жазаның немесе таазирдің салдарынан қайтыс болса, оның қаны хадар, ол дегеніміз оған ешқандай құн төленбейді, себебі, лауазымды кісі заң бойынша әрекет етіп отыр, ал оның әрекеті жазаланушының қауіпсіздігімен шектелмеген. Мұнда, қаншығару жағдайымен ұқсас болып отыр, атап айтқанда, егер әлдекім өзінен қанының шығуын қаласа, және ол өліп қалса, онда қаншығарушы оның өліміне кінәлі емес. Бұл да сол жағдайға ұқсас. Бірақ, бұл жағдайға керісінше, егер күйеуі әйеліне таазир тағайындаса, оның қауіпсіздігі сақталатын болып келісілсе, тек оған әйелін тәртіпке салып беру қарастырылса, ал әрбір рұқсат етілген әрекетке шектеу қойылған болса, онда қауіпсіздік қоғамдық жол ережесі секілді болса. Имам Шафи негіздегендей, бұл жағдайда қаны үшін құнын мемлекет қазынасынан төленуі тиіс, егер ол таазир немесе жаза асыра сілтенген болса, олар атли-хота жасайды, немесе кездейсоқ өлім (жазаланушыны ниет өлтіру емес, тәртіпке шақыру болатын), мемлекеттік қазынадан қаны үшін құнды лауазымды адам қоғамның пайдасы үшін жасаған болса төлеуі керек, өйткені, сыйақы қоғамдық мүліктен, яғни мемлекеттік қазынадан алынады. Басқаша жағынан қарағанда, біздің ғұламалардың айтуынша, егер лауазымды тұлға шарғи заңға сәйкес әлдекімге жаза қолданса, жаза алушы өліп қалса, құдайдың қалауымен тағйындалған жазадан себепсіз өлсе, онда, бұл жағдайда неліктен жауапкершілік жоқ.

ҮШ КІТАП

САРАК, НЕМЕСЕ ҰРЛЫҚ ТУРАЛЫ

I Тарау. Кіріспе

II Тарау. Ампутацияға әкелген ұрлық, және мұндай салдары жоқ ұрлық туралы

III Тарау. Хирзе, немесе мүлікті қорғау және қорғау кезіндегі жымқыру туралы

IV. Ұрының қолын ампутация жасау тәсілі және осындай ампутациялар туралы

V. Ұрланған заттарға ұрының әрекеттері туралы

VI. Кутта-уттарық, немесе үлкен жолдағы қарақшылық туралы

I Тарау

КІРІСПЕ

Сарактың анықтамасы. Сарак бөтен мүлікті құпия жымқыруды білдіреді. Заң тілінде бұл термин бөтеннің меншігін құпия жымқыру деп түсініледі сол кезде, егер ол қорғауда тұрған болса, яғни, бөтен адамдардан қауіпсіз жерде сақталған болса, егер оның бағасы он дарагимнен төмен болмаған жағдайда талассыз олар ұрының емес басқаның меншігін құрайды.

Бұл ағылшын мәтініндегі кітапта жоқ немесе жіберілген болып шықты, Үндістанның ағылшын иеліктерінде ұрлық үшін қылмыстық кодекспен жазаланады.

IX КІТАП

СИЯР, НЕМЕСЕ ҚАУЛЫЛАР ТУРАЛЫ ¹

Сияр анықтамасы. Сияр сирт деген зат есімнің көпше түрі, алғашқы мағынасында діни және зайырлы істер туралы ұйғарымды білдіреді. Заң тілінде сияр Пайғамбарымыз (с.ғ.с) ның соғыстары кезіндегі арнайы жарлықтарын білдіреді.

I Тарау. Кіріспе.

II Тарау. Соғысты жүргізу тәсілдері

III.Тарау. Бейбіт келісімге келу және қамқор жасауды сый етуге рұқсат етілген адамдар туралы.

IV Тарау. Олжа және сол сияқты

V Тарау. Жат діндегілерді бағындыру туралы.

VI. Тарау Мусатамандарға қатысты заңдар туралы

VII. Тарау Салық және өлшем туралы

VIII. Жизия немес жан басы салығы туралы.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

IX. Тарау. Дінінен безгендерге қатысты заңдар

X Тарау. Бүлікшілерге қатысты заңдар туралы

Бұл кітап, ағылшын тілінен аудармашы тарапынан ешқандай практикалық маңызы болмаған соң қалдырылған делінген.

Мұнда « Сияр, немесе халықаралық қатынас туралы» деген мағынада

X КІТАП

ЛАКЫТКЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢДАР НЕМЕСЕ ТАСТАНДЫ БАЛАЛАР ТУРАЛЫ

Лакыттың анықтамасы. «Лакыт» алғашқы мағынасында жерден әлдене бір нәрсені жерден көтеріп алған нәрсені түсінеді. Бұл термин әлдекімнің үлкен жода тастап кеткен нәрестені белгілеу үшін қолданылады. Заң тілімен айтқанда, ол әлдекімнің өз баласын кедейшіліктен немесе зинақорлықтың ізін жою үшін тастап кеткен нәрестені білдіреді. Нәрестенің лакыт деп аталуының себебі, оның жерден көтеріп алынуынан, яғни салыстармалы түрде айтқанда, онымен бірге болған затқа сәйкес айтылып отыр. Тастанды баланы көтеріп алған адам мультакыт деп аталады.

Тастандыларды көтеру мақтауға тұрарлық және кейбір жағдайларда жөн-жосық белгіленген. Тастанды баланы көтеріп алу мадаққа ие және кең пейілділік, мейірімділік, мүмкін оның өмірінің сақталып қалуына себеп болуы мүмкін. Оны тауып алған адам нәрестені көтеріп алмасам шетінеуі мүмкін деген ойға келген жағдайда болуы мүмкін, оған мейірімділік танытпасам ол өледі деген ойда болса, ол оны көтеріп алуы міндетті.

Тауып алған бала азат. Ол азат, өйткені азаттық адамға тән нәрсе, ал мұсылман территориясында табылса, азат адамдардың жері болғандықтан нәресте де азат.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Мемлекет қамқорында болады. Хәзіреті Омардың өсиетіне сәйкес тастанды бала мемлекет қамқорында болуы тиіс, сонымен қатар, тауып алған баланың өлген жағдайында мұрагері болмаса мүлкі мемлекет қазынасына өтеді. Ал қазына мұсылман қауымының меншігі саналады, сондықтан да баланы бағып-қағу ісі де осы қауымының қазынасынан алынуы тиіс. Осыған сәйкес тастанды бала кісі өлімін жасаса, дийят, немесе қаны үшін құн төлеу мемлекет қазынасынан алынады.

Мүлтәкіт тастанды баланы өкімет ұйғарымысыз асыраған болса, онда тастанды мүлтәкітке асырағаны үшін ештеңе қарыз болмайды. Мүлтәкіт тастанды баладан оны асырағаны үшін ештеңе талап етпеуі тиіс, өйткені, оны өз еркімен асырап алған болса. Сондықтан ол тастанды баладан кеткен шығынды өтеуді талап етпеуі тиіс, тек биліктің өкімінен атқарған жағдайдан басқа; бұл шығындар тастанды баланың қарызын құрайды, әйтпесе, биліктің беделінің атынан баладан қарызын өтеуге өкілділік ете алады.

Мүлтәкіттен тастанды баланы алу тек ата-анасының құқығы себебімен жүзеге асуы мүмкін. Егер әлдекім баланы көтеріп алса, онда одан ешкімнің тартып алу құқы жоқ, өйткені, оған қамқор болу құқығы беріледі, немесе ол балаға бірінші ие болды. Егер, әлдекім, «Бұл менің балам» деп баланы беруді талап етсе, оның арызына сенім білдіргісі келгенімен, мұлықты оның туысқандық құқығына назар аудармаған жағдайда болуы мүмкін, егер ол тағы да, «Бұл менің балам» десе онда екі жақ та біріңғай жағдайда қалады, дегенмен, мұлықты мұнда оған ие адам болып тұр. Талап етушінің арызы балаға пайдалы болып тұр, осыменен ол туысқан екенін көрсетіп отыр, шығу тегі белгісіз деген ұяттан арылады. Кейбіреулердің айтуынша осындай арыз тек оның туыс екендігі дәлелденгенде ғана шынайы, мұлықтың баланы асырап алу құқығынан айыру емес. Басқалар, керісінше, туысқандығы анықталғаннан кейін мұлықтың асырап алу құқығы жойылуы тиіс дейді. Өйткені, әкесінің құқығы басқалардың құқығынан әлдеқайда жоғары.

Тастанды баланы мүлтәкіт туысқан екені туралы арыз беруге құқылы. Егер мүлтәкіт тауып алған баланы алдында, тастанды бала деп жария еткен болса, кейіннен оны өзінің баласы немесе қызы деп жария етсе, кейбіреулердің пікірінше, бұл арыз баланың пайдасы үшін де, жария еткен адам үшін де дұрыс, өйткені бала арыз берушінің иелігінде, және оған ешкім қарсы арыз білдірмесе, онда оның құқығын жоймайды.

Екі кісіден ата-аналық құқық талаптары туралы арыз түскен жағдайында. Егер екі кісі біруақытта тастанды балаға ата-анасы ретінде құқығын білдірсе, әрқайсысы: «Мынаның тауып алған баласы-менің балам» десе, және оның бірі баланың денесінен өзінде бар бір белгіні көрсетсе, ал екінші біреу ондай белгі көрсете алмаса, онда тастанды бала оған беріледі, өйткені көрініп тұрған дәлел оның пайдасына көрсетіп тұр. Бірақ, егер ешқандай жақ ерекше белгі көрсете алмаса, онда нәресте екеуінің де иелігіне беріледі. Себебі, талаптары біріңғай дәрежеде болып тұр. Бірақ, біреуі екіншісінен ілгеріде талап еткен болса, онда нәресте соған беріледі, себебі ол талап еткен кезде оған ешкім қарсы талап қоймаған. Бұл ереже тек, әлдебіреу өз талабын куәгерлерімен нақтылап айқындаған жағдайда іске аспайды, өйткені, жәй арыздан күштірек болғаны үшін.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Тастандыны зимми (мұсылман емес тәуелді тұрғын) мұсылман аумағында тапқан болса – тастанды бала – мұсылман болады. Егер мұсылман қаласында немесе ауылында тастанды бала табылса және оны зиммий оған өзінің құқығын білдірсе, онда ол зиммийдің құқығында екендігі мойындалады, бірақ нәресте мұсылман деп саналады.

Егер тастанды бала зиммийлердің аумағында табылса, онда ол –зиммий. Егерде нәресте зиммийлердің қаласы немесе ауылында немесе синагогасында табылса, онда бұл нәресте –зиммий. Бұл пікір барлық ғұламалар тарапынан мына жағдайда әрқилы, нәресте зиммий тарапынан айтылған жерлерде табылса, немесе мұсылман тарапынан сол жерлерде табылса, немесе қайсыбір жерде зиммий тарапынан табылса деген жағдайларға әрқилы пікірлер бар. «Мабсут» бойынша нәрестенің табылған жеріне мән беріледі, оны тапқан кім екендігіне емес, айталық мұсылмандарға тиіселі жерден табылса нәресте, онда ол мұсылман, керісінше, зиммий, ол кімнің тарапынан табылды оған мән берілмейді, бұл жағдайда шешім нәрестенің табылған жеріне байланысты шешіледі. Дегенмен, «Мабсут» бойынша жазылған кітаптардың кейбіреуінде бұл жағдайда баланы тауып алған мұстақымның кім екендігіне назар аудару керектігі айтылған. Айталық, тастанды баланы мұсылман қабылдап алса, мұсылман, егер зиммий алса, онда ол зиммий (Ибни-Симайя-Мухаммадтің пікірі де осындай делінеді). Бұл талқының мәні сонда оны кім тауып алса, кім иеленсе соған көбірек үстемдік беріледі, тауып алынған жерден гөрі. Егер тастанды баланың әкешелері тұтқын ретінде мұсылман еліне өз баласымен бірге келген болса, онда бала мұсылман емес деп есептелуі керек. Оның келген жағы немесе иелігі аса мәнді себеп болады. Басқа кітаптарда баланы ислам дініне жатқызуға мән береді. Басқа сөзбен айтқанда, бала зиммийлерге тиіселі территорияда мұсылман тарапынан табылса, онда ол бала мұсылман, егер ол зиммий тарапынан мұсылмандарға тиіселі жерден табылса, ол сонда да мұсылман.

Тастанды балаға құл ретінде талап –арыз беруге болмайды. Әлдекім тастанды баланы- менің құлым десе, онда бұл арыз құрметсіз қалдырылады, өйткені, анығында ол азат, ол шамалай құл бола алмайды. Егер тауып алған адам куәгерлердің көрсетпесін көрсете алмаса, дәлелдей алмаса, тастанды бала оған құл ретінде тиеселі екендігін.

Құл тастандыға ата-аналық құқығы туралы арыз бере алады, бірақ тастанды бала азат (ерікті). Атап көрсету керек, егер құл тастанды балаға былай: «Бұл менің балам» десе, онда бала оған беріледі, өйткені балаға пайдалы, бірақ ол азат туылған бала есептеледі. Азат әйелден туылған құлдың баласы азат, құлдың баласы, шешесі күн, құл жағдайында есептеледі, ал тастанды баланың құл екендігіне күдік бар, өйткені, нәрестенің азат туылу фактісінде. Ата-анасының құқығын білдірген құлдың алдында азат туылған тастанды балаға артықшылық беру керек, ал мұсылманға – зиммийдің алдында, сондықтан азат туылған немесе мұсылман тарапынан білдірілген ата-ана құқығы нәресте үшін аса пайдалы көрінеді.

Тастандының мүлігі оның меншігі болады және оның қажеттілігіне қазидің ұйғарымымен жұмсалынады.

Тастанды балада қандай да бір мүлік болса (м; браслет т.б), онда ол балаға тиіселі. Дәл солай, егер, тастанды бала байлап қойылған қандай да бір жануардағы мүлік те

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

баланыкі болып есептеледі. Мультакыт бұл мүлікті қазидің қаулысымен баланың өмірін сақтау үшін жұмсауы тиіс, өйткені баланың нағыз иесі белгісіз, ал қазидің сол мүліктен шығын жасауға бұйрық беруге құқылы. Кейбіреулердің пікірінше, мультакыт мүлікті қазидің қаулысынсыз ақ жұмсай беруіне болады, өйткені ол мүлік баланыкі, мультакыт балаға дәмді тағамдар мен киім-кешектер сатып алып әкеліп беруге құқылы.

Мүлтәкіт өз тастанды баласының атынан некелесуге рұқсат бере алмайды. Мүлтәкіт өзінің тастанды баласының атынан заңды түрде некелесуге болмайды: ол тастанды баланың үстінен мұндай келісімшарттар жүргізуге өкілдігі жеткіліксіз, ондай билік (туысқандық, меншікке құқық, басқарушы құқығы) жүргізуге орын жоқ.

Мүлтәкіт тиісті өкілдік құқығысыз тастанды баланың мүлікіне қатысты әрекет жасай алмайды. Дәл алдындағы жағдайға ұқсас, мультакыт тастанды бала атынан оның мүлікіне қатысты басқа біреумен мүліктік ісәрекет жасауына жол берілмейді. Мультакыт тауып алған баласына қатысты да өзі салыстырмалы түрде дәл осындай жағдайда саналады. Бұл ереже мынадай нәрсеге негізделіп жасалып отыр, қамқордағы мүліктің өсіміне қатысты билік бақылау қойып отыр, бұл мақсатқа тек қамқоршының қамқордағы балаға байқағыштық және толықтай жәйлілік сақталғанда ғана қол жеткізуге болады; айталық, ана тиісті махабатты көрсете алғанымен, оған байқағыштық жетіспейді, ал мультакыт лайықты байқағыштық жасағанымен, бірақ оған тастанды балаға талапқа сай жәйлілік көрсете алмайды.

Мүлтәкіт тастанды балаға арналған сыйға ие бола алады. Тастанды балаға әкелінген әртүрлі сый-сыяпаттарға мультакыт заңда түрде енуіне болады, өйткені ол баланың жеке пайдалануы үшін түсіп жатыр. Осы негізде, нәресте бала сыйлықтарды меншігінде пайдалана алады, егер ол жеткілікті жасқа жеткен болса, баланың анасы немесе оның көмекшісі әкелінген сыйлықтарды пайдалануына ене алады.

Тастанды баланы мүлтәкіт мектепке жібере алады. Мультәкыт өзінің тауып алған баласына тиісті білім алуы үшін мектепке жібере алады, себебі, бұл да балаға тәрбие және білім беру талаптарына жатады.

Тастанды баланы мүлтәкіт жалға бере алмайды. Мультәкыт өзінің тауып алған баласын жалға бере алмайды. Бұл пікір Кудури тарапынан айтылған. «Жами-ус-Сағирде» мультакыт тауып алған баласын заңда түрде жалға бере алмайды деп көрсетеді және бұл пікір кеңінен қолдап тапты. Кудури өзінің пікірін жалға беру деп оқытудың бір тәсілі ретінде негіздегісі келген. Бұған керісінше, «Жами-ус-Сағирде» мультакыт тауып алған баласының қабілетін өзінің пайдасына қолдануға болмайтындығын назарға алады; сондықтан да мультакыт мұнда немере ағасының жағдайындағы хәлде тұр немесе анасына керісінше хәлде.

ХІ КІТАП

ЛУКАТА, НЕМЕСЕ ТАБЫЛҒАН ОЛЖА ТУРАЛЫ

«Луката» терминінің анықтамасы. «Луката» термині біреудің жерден тауып алған мүлігін және оны уақытында заңды иесіне қайтару мақсатымен сенімді жерде зат ретінде сақтауды білдіреді. «Лакыт» және «луката» терминдері мағынасы жағынан өзара жақындығын байқау керек; олардың арасындағы айырмашылық «лакыт» термині адамдарға қатысты қолданылуында, ал «луката» термині барлық басқа заттарға қатысты қолданылуында.

Олжа (табылған зат) деп тапқан адамның қолында сақталынып жүрген табылған зат есептелінеді. Егер тапқан адам бұл мүлікті заңды иесіне қайтару мақсатымен және оны сақтау мақсатымен алатынын куәгерлердің талап етуімен белгіленген факт түріндегі жағдайда луката немесе табылған зат мультакыттың немесе тапқан адамның сақтауында болады деп есептеледі.

Осындай сипаттағы уақытша иелік Құранмен құпталады және біздің көптеген ғалымдарымызды пікірі бойынша басқалардың (яғни, Құран табылған мүлікті алуға рұқсат етеді және заттың жерде қалып қойғаннан гөрі бұндай амалдың дұрыстығын құптайды) алдында неғұрлым жақсырақ деп есептелуі тиіс. Бұл амал мүлік бүлінген немесе құртылған екендігіне негіз жоқ болғанда қолданылады: егер осыны күтуге болатын болса, заңгер-ғалымдардың пікірінше табылған затты алуға міндетті.

Табылған мүлікке мүлтәкіттің иелігінде болған кезде зақым тисе, мүлтәкіт сол үшін жауапқа тартылмайды. Тапқан адам табылған мүлікті сақтау кезіндегі заттың бүлінгені үшін зат иесіне сый бермейді; дәл сол сияқты табылған зат «зат иесі үшін» сақтауға алынған екендігіне тапқан адам мен зат иесі келісімге келген жағдайда тапқан адам мүліктің амандығына жауап бермейді.

Сондықтан мұндай келісім екеуіне қатысты қарым-қатынас бойынша дәлел ретінде күші бар. Зат иесінің арызын, «мүлтәкіт табылған затты иесінен алғанын» қайдан зат иесі үшін алынған зат екендігін растауда табылған заттың куәгерлерінің куәсі тең күште.

Мүлтәкіт тапқан мүліктің бүтіндігіне немесе түгелдігіне жауап бермейді, тек мүлтәкіттің өзі олжаны өз пайдасына айналдыру мақсатымен алғанын мойындаған кезде ғана. Егер тауып алушы: «мен табылған затты өзім үшін алдым»

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

деп жарияласа, онда ол табылған заттың амандығына жауап береді. Беделді адамдардың бірауыздан пікір білдіруі бойынша, мұндай жағдайда бұл адамның екінші жақпен келісімінсіз және заңның рұқсатынсыз біреуге тиісті мүлікті алды.

Егер олжаны тапқан адам оны егесіне қайтару мақсатында алғаны туралы куәгерлерді ұсына алмаса, онда ол тапқан заттың бүтіндігіне немесе түгелдігіне жауап береді. Абу Ханифа мен имам Мухаммедтің пікірлері бойынша егер тауып алушы сол тауып алған уақытта фактты куәландыру мақсатымен «мен бұл мүлікті оның иесі үшін алдым» дегеніне ешқандай куәгерлер шақырмаса, сосын тауып алушы мен заттың заңды иесі бұл міндетке байланысты келіспесе, тауып алушы «мен оны иесі үшін адым» десе, ал зат иесі бұны теріске шығарса, онда тауып алушы зат иесіне сый беруі тиіс. Абу Юсуф тауып алушы зат иесіне сыйлық беруге міндетті емес және көрініп тұрған істің жайына қарасақ оның пайдасына айтылып тұр, тауып алушының ниеті ізгілікті, қылмысты емес. Абу Ханифа және имам Мухаммед өздерінің түсіндірмелерін мына дәлелмен негізге алады. Тауып алушы өзгенің меншігін өзіне меншіктеу фактісіне деген жауапкершілікке қисын немесе себеп болып табылатынын мойындаса, ал нәтижесінде өзінің ақталуына әкеледі, табылған затты иесі үшін алғанын жариялауы оны жауапкершіліктен құтқарады. Бірақ бұл дәлел күдікті, онда ол тауып алушының жауапкершіліктен босатылуы үшін негіз бола алмайды. Абу Юсуфтың қарсылығына келсек, бұл жағдайда тауып алушының пайдасына шешіліп тұр, онда олар бұған жауап береді. Себебі бұл жағдайда тауып алушы зат иесінен мүлікті алғаны туралы болжам айтылады. Сондай-ақ олар кері қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Сондықтан қандай да бір меншіктік көріністегі акті жасаушы, оны өзі үшін жасауы мүмкін, басқа біреу үшін емес. Ал мұндай жағдайдағы оқиғаларға екі жақта қарама-қарсы тұжырымға әкеледі; немесе олар көңіл аударусыз қалдырылады.

Егерден олжаны тапқан кісі қатысып тұрғандардың өзіне назарларын аударатын болса, табылған зат туралы дерк едеуір дәрежеде куәландырылды деп саналады. Егер тауып алушы адамдардың көзінше «Тыңдаңдар, егер кімде-кім мен тауып алған затты іздесе, онда оны маған жіберіңдер», десе фактінің куәлануы жеткілікті. Оның үстіне табылған зат бір немесе бірнеше бйымнан құралғандығына қарамастан

«Луката» терминінің өзінің жеке және көп түсінігі жеке затқа, және әр түрлі бірнеше затқа бірдей деңгейде қолданылатынын білдіреді.

Олжаның құны он дарагимнен төмен болса, бірнеше күн хабарлау керек; құны одан жоғары болса - жыл бойы жариялау керек. Егер табылған мүліктің бағасы он дарагимнен төмен болса, онда тауып алушы табылған зат туралы бірнеше күн бойы жариялауы керек; егер табылған зат он дарагимнен жоғары болса, онда ол туралы жыл бойы жариялауы керек. «Хидоя» авторы осы мәселе бойынша Абу Ханифаның осындай бір пікірі бар екенін ескереді. Имам Мухаммед «Мабсутте» тауып алушы тапқан бұйымы туралы, оның бағасы жоғары немесе төмен екендігіне қарамастан жыл бой хабарлауы тиіс деп бекітеді (Имам Шафий де солай ойлайды). Себебі Пайғамбар (с.ғ.с) айтты: «Біреудің мүлкін тауып алған адам үлкен мүлік пен аз мүліктің арасына ешқандай ерекшелік жасамай, табылған мүлік туралы жыл бойы жариялауы тиіс».

Жоғарыда келтірілген алғашқы пікірлерде (Абу Ханифаның) мынадай жағдай үшін айтылады: табылған заттың бағасы жүз динарға немесе мың дарагимге тең болғанда;

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

басқа жағынан он жарагим және он дарагимнен көп, сол сияқты мың дарагим болғанда ұрының қолын кесу және бала туушылықты заңды етіп алуға мәні бірдей себеп, қисын неге бұл бағадағы тауып алған мүлік туралы жыл бойы жариялауда сақтық принципінен міндетке кіргені ақылға қонарлық. Әр қилы баға туралы он дарагимнен азы, табылған зат туралы жариялау мерзімінің ұзақтығын анықтау тауып, алушының қарауына беріледі. Кейбіреулер қазіргі жағдайда көбірек мақұлданған пікірлер деп мыналарды есептеу керек деп дәлелдейді: тауып алушы өзінің тапқан мүлкі туралы бұл мүліктің иесі ешқашан табылмайды деп, сосын оны қайырымдылық ретінде таратып жіберуде қисынын ойлағанға дейін жариялау керек. Және табылған зат туралы жариялау мерзімінің созылуы тауып алушының толық қарауына қалдырылады. Жоғарыда айтылғандардың бәрі табылған мүлік жаратылысында әлдебір берік және бұзылмастай етіп көрсетілген болжамға негізделген; қарама-қарсы жағдайда, егер оны сақтауға қиын етіп көрсетілсе, онда ол туралы бұзылып кетпей тұрғанға дейін жариялауы керек, сосын ғана оны (қайырымдылыққа) садақаға ретінде тарату керек.

Тауып алушы табылған затты сол табылған жерде жариялауы тиіс, сонымен бірге басқа да көпшілік орындарда, көрсетілуі мүмкін, жарияланудың сондай жолдарымен табылған заттың заңды иесін іздеу жеңілірек екенін ескерту орынды.

Арзан бағалы табылған затты тауып алушы өз меншігіне жаратуы мүмкін. Егер табылған мүлік зәредей құны жоқ болса (мысалы, құрманың дәнегі немесе анардың қабығы), сондықтан иесі оны іздей қоймаса, онда табылған зат туралы жариялаусыз оны заңды түрде қолдануға болады. Бірақ, мұндай табылған зат иесінің жеке меншігі болып қала береді де, мүліктің белгісіз адамға өтіп кетуі заңсыз болып есептеледі.

Егерден зат иесі уақытысында келмесе, онда тауып алушы олжаны не садақа ретінде кедейлерге таратуға немесе не зат иесіне сақтап қоюына болады. Егер тауып алушы тиісті үлгімен табылған заты туралы жариялап, соның нәтижесінде заңды иесі табылса, онды бұл жақсы; егер де тауып алушы зат иесін таба алмаса, онда оған екі таңдау ұсынылады: не табылған затты садақа ретінде тарату, не мүмкін болса табылған затты иесіне қайтару. Жоғалған мүлкінің осылай қолданылғандығын естігенде жоғалтқан адам мүлкінің (Құдай алдындағы еңбегі) есесі өтілгенін мақұлдау. Жоғалған заттың иесі табылып жатса мүлікті иесіне дәлелді қайтару, немесе табылған затты садақа ретінде қайтару керек. Немесе тауып алушы, егер қаласа, тапқан затын иесі табылып қалады және оған қайтарып беремін деген үмітпен өзінде сақтауды жалғастыруына болады.

Табылған зат кедейлерге садақа ретінде таратылғанда, онда мүлік иесіне мүлкінің осындай қолданысқа түскендігін мақұлдау ұсынылады. Егер тауып алушы мүлік иесін табылған затты садақа ретінде таратылғаннан кейін тапса, онда мүлік иесі өз келісімімен бұл қайырымдылықты мақұлдауына болады. Еске сала кетсек Құдай алдында тұтасымен оныкі, себебі тауып алушы Құран сөздері негізінде садақа таратса да бұл қайырымдылықтың растығы табылған зат иесінің келісімімен серттелген. Алайда, қайыршы зат иесінің келісіміне дейін мүлікті алған болса, онда қайырымдылық фактісі бұл мүлікке зат иесінің де, тауып алушының да құқын серттелмеген. Бұл жағдай сату, сатып алудың сенім берілмеген мәмілесіне қарама-қарсы жай. Басқа сөзбен айтқанда, егер сенім берілмеген уәкіл сату сатып алу

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

мәмілесін жасаса, онда бұл мәміленің растығы сатуға бірінші иесінің меншілік құқығының жалғасуына байланысты, себебі бұл құқық сатып алушыға сатушының келісімінен кейін ғана өтеді.

Мүлік иесі жоғалған затының садақаға берілгендігіне келісім бермесе оның есесін (шығынды өтеу) тауып алушыдан талап ете алады. Егер мүлік иесі қаласа табылған заттың есесінің бағасын тауып алушыдан талап ете алады, себебі тауып алушы табылған затты зат иесінің келісімінсіз кедейлерге таратты.

Қарсылық білдіру. Тауып алушының мүлік иесіне сый беруі міндетті емес сияқты, себебі табылған зат Құран сөздері негізінде қайырымдылық ретінде таратылған.

Жауап. Табылған заттың садақа ретінде таратылуы мүлік иесінің алдындағы жауапкершіліктің міндетінен шығарылмайды. Сол сияқты мынадай жағдайларда, біреу аштықтың өлімінен өзін-өзі құтқару үшін басқа біреуге тиісті нәрсені жеп қойғанда еске салсақ жеп қойған адам иесіне сый беру міндетті, Құран мұндай жағдайда бөтен адамның меншігіндегі тамақты қолдануға рұқсат етсе де. Бұл пайымдама қазіргі жағдайда да қолдануға жарайды. Табылған заттың иесі мүліктің есесін садақа ретінде берілген қайыршыдан талап етуіне болады. Егер табылған заттың иесі қаласа затты садақа ретінде берген қайыршыдан мына жағдайда талап етуіне болады: Затты осы қайыршы бүлдірсе, құртса, себебі ол біреудің меншігін онсыз және оның келісімінсіз пайдаланды.

Егер қайыршыға садақа ретінде берілген табылған зат бүтін, бұзылмаған болса, онда мүлік иесі оны қайтаруды талап етуіне болады. Егер қайыршыға берген табылған зат бүтін, бүлінбеген болса, онда мүлік иесі мүлікті одан тартып алуна болады, себебі бұл жолмен ол өз меншігін қайтарып отыр.

Қарсылық білдіру. Қайыршы мүлік иесінің келісімінен бұрын өзінің меншігіне сыйлық ретінде алды деп айтылды. Сондықтан мүлік иесі табылған затты қайтарып алуды талап ете алмайтын сияқты.

Жауап. Меншіктік құқықтың орнатылуы оны қайтарып алу құқығын тоқтатпайды (шығармайды). Дәл мына үлгідегідей: беруші өз бергенін қайта алуына болады. Оны алушы ол затты меншік құқығын іске асырып өзі қолданып қойса да.

Қаңғырып жүрген үй жануарлары ұсталып олардың иелері үшін сақталуға тиіс. Адаққан малды (өгіз, ешкі, түйе) ұстап және сақтап қойса жақсы. Имам Малик және имам Шафии егер кімде-кім шөлде қаңғырған түйе немесе өгізді тауып алса, онда оларға тимеу керек дейді. Себебі оларды ұстап алу жақсы емес: қашқан аттарға қатысты да осындай пікірлер бар. Имам Малик және Шафии барлық түрдегі біреудің мүлкін ұстап алу заңсыз және ол егер ұстап алмаса өліп қалады деген қауіптің негізі болғанда ғана ұстап алуға болады деген дәлелдерін негізге алады. Осындай мәндегі тапуып алынған мүлік жағдайда өз бетінше жабайы аңдардан (мысалы, мүйіздерімен қорғана алатын өгіздер, тістерімен немесе тұяқтарымен қорғана алатын түйелер және жылқылар) қорғана алса, онда ол өліп қалады деп қауіптенуге негіз жоқ; сондықтан оны ұстап алу заңсыз деп есептеледі, және оны жайына қалдырған жақсы. Біздің шайқыларымыз бұған қарсылық білдіреді, осындай мүліктер табылған зат, олжа болып табылады және сондықтан оны өліп қалады деп қауіптенуге негіз бар. Оны ұстап алу дұрыс және оны иесі үшін сақтап қалу үшін ол туралы жариялауы керек. Дәл сол сияқты адаққан ешкіні сақтауды барлығы бірауыздан қолдайды.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер тапқан кісінің малды күту шығындары қазидің (төрешінің) ұйғарымысыз жасалынса, онда олжаның иесі мүлдіктік жауапкершілікке тартылмайды. Егер тауып алушы тауып алған жануарды соттың бұйрығы-нсыз (асыраса, бақса) онда бұл есесі қайтпайтын акт. Себебі тауып алушы бұндай шығындарды шығаруға өкілеттілігі берілмеген. Егер соттың шешімімен табылған малды асыраса, онда оның шығарған шығыны мал иесіне қарыз болып жазылады, себебі сот жоқ адамның мүлкін қорғау үшін билігін жүргізеді, ал жем-шөптің жеткізілуі, кейбір жағдайларда, жоқ адамның мүлкін сақталуына деген қамқорлық болып табылуы мүмкін.

Табылған жануар жалға беруге жарайтын болса, қазі оларға қажетті жем-шөпті жеткізу мақсатымен малды жалға беруге бұйыруы тиісті. Егер соттың қарауына табылған жануардың жем-шөбі туралы мәселе түссе, онда ол табылған мал туралы актысын егжей-тегжейлі мағлұмат беруі керек. Және егер осы жанауарлар (жылқы, түйе, өгіз сияқты) жалға беруге болатын болса, онда ол малды жалға беруге және оның жұмыс ақысы жем-шөбіне жұмсалыуына жарлық шығарылуы тиіс. Себебі, мұндай үлгімен бұл жануарлардың иесін қарыз қылмай меншіктік құқықын сақтайды.

Егер табылған мал жұмысқа жарамайтын болса, онда ол сатылуы тиіс, ал ол үшін алынған ақша мал иесі үшін сақталуы тиіс. Егер табылған мал жалға берілуге болмайтын болса (м; ешкі не қой) және тауып алушының шығыны оны асырау кезінде малдың бағасымен тең болатын болса, онда сот оларды сатуға оларға берілген ақысын мал иесіне жоғалғанды сақтаудың осы жолымен беру үшін сақтауға жарлық шығаруы тиіс. Себебі, оны сақтау ыңғайлы (тиімді) емес.

Төреші жануарларды асырауға бұйырық бере алады,және күту шығыны мал иесінің алдында қарыз болып табылады. Бірақ, егер сот табылған жануарларды асырау туралы шешім қабылдаса, онда асырауға кеткен шығынның бағасын табылған малдың иесінің мойнына қарыз болатын шешім шығаруы тиіс. Себебі, сот қамқорлық жасау мен адамгершілік көрсетуді тағайындай алады, ал жем-шөпті жеткізуге қытысты қамқорлық пен адамгершілік жасау мал иесіне де, тауып алушыға қатысты: мал иесіне қатысты деген себебіміз осындай жолмен оның мүлік сақталады, ал тауып алушыға қатысты дегеніміз осындай жолмен ол жұмсаған шығын мал иесінің мойнына қарыз болып табылады.

Асырау мерзімі бірнеше күндерден аспауы керек. Заңгер-ғалымдар (факихтер) сот мал иесі табылады деген үмітпен 2-3 күнге дейін асырауға бұйрық шығара алады дейді. Егер мал иесі бұл уақыт аралығына дейін табылмаса, онда сот табылған малды сатуға бұйырады, себебі оны ары қарай асырау мал иесінің меншіктік құқының жойылуына әкелуі мүмкін.

Егер малды тапқан кісі осы жануарлар шын мәнінде табылғандығы туралы куәләндырылмаса, қазы табылған малды асырауға бұйрық бере алмайды. Куәлік берудің талап етілуі сот табылған малды асырауға шешім шығару үшін қажет екендігі «Мабсутта» ескертілген. Бұл пікірді барлығы қолдайды. Себебі, тауып алушы малды заңсыз жолмен басып алуы мүмкін, бұл жағдайда сот басып алынған малды асырауға шешім шығармауы тиіс, бірақ оны заңды иесіне қайтаруға әміретуі тиіс. Сақтауға қалдырған жағдайда нақты куәгерлердің куәсінің қойылуы мүмкін емес. Сондықтан куәгерлердің куәсін көрсету істің шын мәнін ашу үшін қажеттілік ұсынылады.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Қарсылық білдіру. Куәлік беру қарсыластың қатысуынсыз берілмейді, қарастырылып отырған мәселеде қарсылас жоқ; сондықтан куәлік қандай жолмен берілуі мүмкін болады?

Жауап: Қазіргі жағдайда куәліктің берілуі сот үкімінің шешім түрінде талап етілмейді, қарсылас қажетті талап болып есептелмейді.

Егер тапқан кісі малды тапқаны туралы шындықаты айғақтайтын куәгерлерді келтіре алмаса, онда жануарларды күту туралы шешім тапқан кісінің арызының шындығына сүйену керек. Егер тауып алушы «мен жануарды шын мәнінде тауып алғандығы туралы куәлік беретін куәгерлерді көрсете алмаймын» десе, онда бұл жануардың расында да тауып алынғаны онсызда көрініп тұр. Сонда, сот мынаны айтуы тиіс, «егер мен рас айтып тұрсаң, бұл жануарды асыра». Осыдан кейін, егер жауап алушының арызы ақиқатпен жанасса, онда ол малға жұмсаған шығынның бағасын мал иесінен іздей алады. Бірақ, табылған мал заңсыз басып алынған болса, бұл құқықтан айырылады.

Егер төреші өзінің ұйғарымында малдың қожайыны күту шығынын міндетті түрде өтеуін нақты белгілемесе, тапқан кісі жануардың иесінен күту шығынын талап ете алмайды. Жоғарыда көрсетілген. Сот асырауға кеткен шығын табылған малдың иесіне жазылуы тиіс» деген ережесінде тауып алушы мал иесінен бұған шығынды таба алмайтынын анық көрсетеді. Егер мал иесі табылған мал сатылғанша келсе, және егер сот өзінің шешімінде дәлдікпен айтылса, тауып алушы мал иесінен сұрауға қақысы бар». Егер сот мұны өз шешімінде шарттаспаа, онда тауып алушы мал иесінен ештеңе сұрай алмайды. Алайда, кейбіреулер ақыры сот табылған малды асырауға шешім шығарған болса, онда тауып алушы оған кеткеншығынды сот талабында және оның шешіміне кірмесе де мал иесінен сұрай алатынын айтады.

Тапқан кісі олжаның иесі күткен шығынды толық төлегенше табылған мүлікті қайтармауына болады. Мал иесі келсе, онда тауып алушы малды асырауға кеткен шығынды төлемейінше қайтармауға қақысы бар. Себебі, мауып алушы табылған малды оның иесі үшін оған тамақ беріп аман-есен сақтады. Сондықтан, қарастырылып отырған жағдай мүлік иесі тауып алған адам арқылы мүлкін иеленуге құқы бар жағдай іспетес, ол сол табылған зат сату-сатып алу объектісімен ұқсас. Яғни, сатушы сатылатын затының бағасын толық төлемейтініне ұстап асырауға қақысы бар сияқты тауып алушы табылған затты оны асырауға кеткен шығын бағасын төлемейінше ұстауға қақысы бар.. одан басқа, тауып алушы қашып кеткен құлдың кейін әкелуші мен ұстап әкелушіге ұқсастуға болады, яғни, қайтарушы, оның қашқын құлдың өмірін сақтап қалғаны үшін төлемақысын алмайынша қайтармауға қақысы бар сияқты, тауып алушы табылған затты оны асырауға кеткен шығынды төлемейінше ұстап алады. Бұл пайымдама табылған затқа да қолданылады.

Егер табылған мал қожайынына күту шығыны толық төленбенген себептен қайтарылмаған болса және сол мерзімде тапқан кісінің қолында жануар өліп қалса, онда ол өтемақы алу құқынан айырылады. Төлемін өтелмегені үшін мал иесіне қайтарудан бас тартудан бұрын мал тауып алушының қолында өліп қалса, мал иесінің мойындағы малды асырағаны үшін өтеу керек болған қарызын өтемейтіндігін ескеру керек. Алайда, бұл қарыз егер табылған зат бере бас тартудан кейін өлсе өтеледі. Себебі, табылған зат, ұстаудың салдарынан аманатқа айналады, және аманат

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жолымен қарыз сияқты, табылған затты асырау үшін кеткен шығын қарызы да төлемін өтемегені үшін ұстаудан кейін өлген малының төлемі өтеледі.

Заңсыз заттардан тұратын олжалар туралы хабарландыру беру керек, және оларды заңды заттардан тұратын олжалар деп қарастыру керек. Заңды заттардан және заңсыз заттардан тұратын, оған қатысты өзара бірдей табылған мүліктерді тауып алушы олар туралы бір жыл бойы жариялауы керек. Имам Шафи табылған заңсыз заттар туралы оның иесі табылмайынша хабарлай беру керек деп дәлелдейді, себебі, Пайғамбар с.ғ.с. жариялады: «Тыйым салынған табылған заттар муншидтен (яғни, оны талап етуші немесе оның иесі) басқалардың бәрі үшін заңсыз» Ал осыдан көрінгендей, табылған зат тек иесінен басқаларға заңсыз және сондықтан, тауып алушы ол туралы затты иесіне қайтару үшін иесі табылғанша жариялауы керек, себебі, мұндай табылған мүлікті садақа есебінде таратуға болмайды. Біздің ғұламаларымыздың пікірі бұл мәселеде екі жақты: біріншіден, Пайғамбар (с.ғ.с) бұйырды: «табылған зат туралы белгілермен жарияландар, сосын бұл хабарландыруды жыл бойы жалғастырыңдар» (сөзбе-сөз: «табылған заттың қабы немесе әмияны туралы және оның бауы туралы жарияландар, сосын сол табылған затты жыл бойы жарияландар»), осыны ескерсек заңды және заңсыз заттардың арасында ерекшелік жасалмаған. Екіншіден, қарастырып отырған заңсыз зат табылған зат, егер мұндай табылған зат белгілі бір мерзімнің бітуі бойынша садақа есебінде таратылса, онда зат иесінің құқығы өз күшін жоймайды (яғни, ол затын кейін қайтаруға құқы бар), ал сондықтан тауып алушы жоғарыда көрсетілген жылдық мерзімі бітуіне қарай басқа да табылған заттар сияқты оны садақа ретінде тарата алады.

Имам Шафий келтірген нақыл сөзіне келсек, онда табылған зат егер ол тыйым салынған заттардан құралса, муншидке ғана (яғни, табылған зат туралы хабарлаушы және сол туралы хабарлауға тапсырылған адам) заңды. Бірақ ешкім оны өз пайдасына заңды түрде жарата алмайды. Бұл сөзде тыйым салынған табылған затқа ерекше көңіл аударылған. Себебі, мұндай табылған зат туралы жарияла керек, мүмкін ол өзге елдің адамына тиісті болуы (әрдайым елдердің арасында жүретін). Егер де мұндай табылған заттар туралы жариялаудың арнайы жарлығы болмаса, онда олар туралы ешқашан жариялаудың қажеті жоқ., өзге елдің адамына тиісті болса, ешқашан бұл үшін келмейді деп ойлауымыз мүмкін.

Олжаны талап етіп тұрған кісі оған деген құқығын куә берушілермен дәлелдеуі тиіс, мүмкін ол оның белгілерін сипаттағаннан кейін, онда бұл жағдайда олжаны иесіне қайтаруға болады, мұндай жағдайда төреші тапқан кісіге олжасын қайтаруға мәжбүр ете алмайды. Егер тауып алушыға табылған заттың өзінікі екенін көрсеткен адам келсе, онда ол өз арызын куә берушілері мақұлдағаннан табылған зат қайтарылмауы тиіс. Алайда егер бұл адам табылған заттың белгілерін сипаттаса, мысалы, барлық дарагимді немесе табылған заттың әмиянын және оның бауын сипаттаса, онда табылған зат оған заңды түрде берілуі тиіс; бірақ бұл жағдайда сот табылған заттың қайтуына қатысты ешқандай мәжбүрлік көрсете алмайды. Имамдар Мәлік пен Шафий (р.а.) дәледегендей сот тауып алушыны табылған затын қайтаруға мәжбүр ете алады, себебі, тауып алушы затқа меншіктік құқық үшін емес, оған ие болу үшін меншік иесімен қиын жағдайда көрсетеді. Осыған қарағанда табылған заттың белгілерін сипаттау талап етіледі, себебі, қиын жағдайдағы

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жақтар табылған заттың иелігі үшін таласып тұр; куә беруді ұсыну талап етпейді, сондай-ақ, даудың табылған затқа меншіктік құқыққа қатысы жоқ. Біздің шайқыларымыз мынаған келіспейді, шын мәніндегі меншіктік құқықтан гөрі, иелік ету құқықты көрсетеді, дауына неге куәгердің куәсіз иелікке рұқсат етілмейді, дәл сол сияқты, куәгердің куә беру жолынсыз меншіктік құқыққа рұқсат етілмейді. Бірақ, тауып алушы табылған заттың белігілерін сипаттаса талап етушіге заңды түрде қайтаруына болады. Себебі, тайғамбар с.ғ.с. айтты: «Егер мүлік иесі келіп, табылған заттың мазмұныан сондай-ақ, азмұн санын сипаттап берсе, онда тауып алушы оған табылған затты қайтарсын». Яғни, табылған затты қайтара лады, тіпті «Хадис-Машхурде» даулаушы куәгер куәсін әкелуі тиіс, ол жауап, ол жауап беруші ант етуі тиіс екендігі айтылған, бұдан көретініміз Пайғамбарымыз с.ғ.с. жоғарыда келтірген хадисінде рұқмат етілгенін көрсетеді; қарсы жағдайда іздеуші үшін куәгердің куәлік беруін көрсету міндетті болмау үшін.

Тапқан кісі табылған заттың белгілерін куәгерлердің түсініктерісіз затты беріп тұрған кезде, іздеушіден бұйым алуы керек. Іздеуші куәгердің куәлігінсіз заттың сипаттамасын айтып берсе, және тауып алушы ол затты қайтарып берсе, ол іздеушіден қамсыздандыру алуы міндетті қауіпсіздігі¹ үшін. Салыстармалы түрде мұнымен барлық ғұламалар келіседі, өйткені тауып алушы қамсыздандыруды сұраған себебі, ол өзін кепілдендіруі керек². Бұл жағдай мына жағдайға қарама-қайшы келеді, қамсыздандыру өзі жоқ мұрагер үшін талап етіледі, айталық, қазі жылжитын мүлікті қатысып отырған мұрагерлерге бөлген кездегі жағдайда. Осыған байланысты мынадай пікірлер айырмашылықтары кездеседі, қазі тиісті қамсыздандыруды қатысып отырған мұрагерлердің есебінен және мүмкін кейіннен пайда болатын өзі жоқ мұрагерге алуы міндетті ме. Абу Ханифаның пікірінше, мұндай қамсыздандыру өзі жоқ мұрагер үшін алынуы міндетті, ал екі шәкірттің пікірінше қажеттілігі жоқ.

Тапқан кісі іздеушінің олжаға деген құқығын мойындаған кезде де оны қайтарып беруге міндетті емес. Егер әлдекім олжаны қайтаруды талап етсе және тауып алған адам оның талабын дұрыс деп тапса, онда ол кейбіреулердің пікірінше, қазі олжаны тауып алған адамға қайтаруға мәжбүрлей алмайды. Бұл жағдай мына жағдаймен теңестіріледі, сақтап қоюға сенім білдірілген адамға, әлдекімнің иелігіне еруге сенімді адамға қатысты, яғни, егер біреу былай деп айтса: «ол- пәлендей адамның қорғауындағы бірдемені алуға сенімді адам» десе, онда бұл адам оның айтқанын тексереді, дегенмен, ол сақтауға сенім білдірілген затты беруге міндетті емес. Бұл талқылау осы жағдайға байланысты да қолданылады. Басқалар, керісінше айтады, бұл жағдайда сот арқылы мәжбүрлеу жасау керек, өйткені олжаны иеленуші-белгісіз адам, дәл айтылған сақтауға қалдырылған затқа байланысты да, шын иесі оның белігілі, неліктен оны сақтаушы адам затты иесінен басқа басқа біреуге беруге мәжбүр етіле алмайды.

Олжа садақа ретінде (қайырым) ауқатты адамға берілмейді. Тауып алушы олжаны садақа (сыйлық) ретінде бай кісіге беруі керек емес, өйткені, пайғамбар с.ғ.с. айтты: «Егер тауып алған заттың шын иесі табылмаса, онда ол садақа ретінде таратылуы тиіс», ал садақа ретінде бай адамға берілуі заңсыз, бұл жағдайда алжа зекетпен теңестіріледі.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Тауып алушы (егер ол бай болса) олжаны заңды түрде өз пайдасына аударуына болмайды. Егер тауып алушы ауқатты болса, онда ол олжадан заңды түрде пайда табуына болмайды. Имам Шафи былай деп дәлелдегенсиді, олжаны бұл жағдайда пайдалану заңды, өйткені Пайғамбар с.ғ.с.жүз динар тауып алған Абиге айтты: «Егер иесі келсе, онда қайтарып бер, егер келмесе, оны өзің пайдалана бер»; бірақ Аби ауқатты адам болатын.

1. Бұл жағдайда біреу келіп куәгерлердің куәлігі арқылы олжаның оған тиісті екендігін дәлелдесе ше.
2. Ол қамсыздандыруды өзінің жағдайын ойлап алып отыр, кейіннен келетін олжаны іздеуші үшін емес.

Одан басқа, олжаны тауып алушыға пайдалануға рұқсат тек, ол кедей адам болған жағдайда беріледі, онда да ол рұқсат оның ойында олжаны бүтін күйінде сақтап қоюға әрекет еткізген болса. Басқаша айтқанда, шамалай, тауып алушы, пайда көзіне кенелгенін біле тұра, оның өліп қалуына жол бермей сақтап қойса. Бұл ретте бай да кедей адамдар өзара тең жағдайда, әлденені тауып алған бай адам, кедейге ұқсас олжаны өз пайдасына заңды түрде қолдануына болады. Біздің ғұламалар бұған келіпейді, басқа біреуге тиіселі олжа (тауып алған зат, жануар) неліктен мүлік деп саналуы тиіс, оның иесінің рұқсатынсыз неліктен олжадан пайда көруге рұқсат етілмейді, ол жөнінде қасиетті кітаптардың біршама жерлерінде бөтеннің затына оның келісімінсіз тиісуге болмайтыны туралы жалпылай айтылады. Одан басқа, Пайғамбар с.ғ.с. хадисіне сәйкес олжаны жұмсауға кедей адамға рұқсат етіледі, жоғарыда айтылғандай, барлық ғұламалардың бірауыздан келісіміне орай, сондықтан, кедейлерден басқа барлық адамдар бөтеннің затын рұқсатсыз пайдалануға рұқсат берілмейтін жалпы ережеге мойынсынуы тиіс. Имам Шафидің жоғарыда келтірген дәлеліне («тауып алған затты тауып алушыға қолдануға рұқсат етіледі, ол егер кедей болса, себебі оның затты жойылып кетпей сақтау пиғылын туғызуы үшін) , бұл жерде бай да кедей де өзара тең жағдайда» деген), біз жауап беруге міндеттіміз, мұндай талқыға жол беуге болмайды, өйткені, бай кейде мерзімі біткенше кедейленіп қалудан қорыққан ойға малданып олжаны көтеруі мүмкін, ол олжаны жария етуі тиісті, ал кедей керісінше, ол олжаны кейде қапысыз қалдырып, осы мерзім аралығында байып кетуім мүмкін деген ойда болуы мүмкін. Сондықтан, имам Шафидің айтқандарын дәлелге негіз етіп қабылдауға болмайды. Оның Абиге қатысты мысалына келсек, Аби олжаны имамның рұқсатымен жұмсады, олжаны мұндай пайдалану заңды есептеледі.

Олжаны тауып алушы кедей болса, онда ол затын өзінің пайдасына жұмсауына болады, егер ол бай болса кедей туыстарына садақа ретінде беруге болады. Егер олжаны тауып алушы өте кедей болса ойланбай-ақ оны өзінің пайдасына жұмсауына ¹ болады, өйткені осы тәсілдегі олжаны пайдалану оның шын иесіне де оны тауып алушыға ² да мейірімділік акті болып есептеледі. Осы негізде табылған олжаны басқа да кедей адамға беру заңды саналады. Егер тауып алушы бай болса,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оның ата-анасы, балалары немесе әйелі кедей болса онда ол олжаны оларға садақа ретінде үлестіруіне болады.

-
1. Олжа туралы тиісті дәрежеде жария еткен соң
 2. Өйткені тауып алушы осылай жоқшылықтан жеңілдік табады, ал иесі ізгілікке кенеледі

XII КІТАП

ИБАҚ, НЕМЕСЕ ҚҰЛДАРДЫҢ ҚАШУЫ ЖӘНЕ ҚАШҚЫН ҚҰЛДАР ТУРАЛЫ

Құлдықтың жойылуы салдарынан осы кітап жария етілуде

ХІІІ КІТАП МАФКУДА НЕМЕСЕ ІЗ-ТҮССІЗ ЖОҒАЛҒАНДАР ТУРАЛЫ

«Мафкуд» терминінің анықтамасы. «Мафкуд» терминінің дәлме-дәл мағынасы «жоғалған немесе іздеудегі». Заң тілінде (фикх) бұл терминмен із-түссіз жоғалған адамдарды атайды, өлі ме тірі ме белгісіз, сонымен қатар қай-жерде екені де белгісіз.

Әлдекім із-түссіз жоғалса, қазі оның ісін жүргізетін сенім берілген кісіні (өкіл) тағайындауы тиіс. Егер әлдекім еш-түссіз жоғалса және оның тірі не өлі екендігінен хабар болмаса, оның қайда екенін де белгісіз болса, онда қазі біреуді оның мүлкіне қарайлап жүруді, оның ісін жүргізуді және көмектесуге тағайындауы тиіс, өйткені, қазі өздері өз ісін жүргізе алмайтындарға және еш-түссіз жоғалғандардың құқын қорғау үшін тағайындалады, жоғалғандардың мүлкіне бақылау жасау және оның ісін жүргізушіні белгілеу арқылы ол жұмыс жүргізеді.

Із-түссіз жоғалған адамның үлесіне иелікке және барлық сатып алған мүлкіне қазі тағайындаған сенім берілген адам өкілетті болады.

Жоғарыда айтылғандай, «қазі тағайындаған адам, із-түссіз жоғалғанның құқын қорғауға көмектесуі тиіс», яғни, оның иелігін басқаруы, жоғалғанның жерлерінен, жылжитын немесе жылжымайтын мүліктерінен түсетін, сонымен қатар, оған қарыз болғандар қарызын мойындаса, берсе алуға, және басқа да қарыздарын іздестіруге, ол үшін жоғалғанның атынан келіссөз жүргізіп, шындығындағы қараз борышкерлерден түскен пайдасын осы сенімді өкіл өз пайдасына өткізе алады.

Із-түссіз жоғалғанның шаруасын басқаруға сенімді өкіл, жоғалған адамның даулы істері немесе сақтауға сенім берілген заттар бойынша дау жүргізе алмайды Бұл сенімді өкіл із-түссіз жоғалған адамның даулы қарыздарын талап ете алмайды, яғни, жоғалған адамның жүргізген келіссөзінен келетін және оның борышкерімен таласуға; немесе жоғалған адамның атынан талап арыз жасай алмайды, егер жоғалған адамның сол жылжымайтын немесе жылжымайтын мүліктен үлесі бар болса, ол мүліктер үшінші адамның қолында болса, ол да дауласып жатса. Бұл шектеулердің негіздемесі мынада, қазі тағайындаған сенімді өкіл із-түссіз жоғалған кісінің ісін басқару барысында келіссөз жүргізуі кезінде басты қатысушы ролін атқара алмайды, тек жәй ғана сенімді өкіл ролін атқара алады; біздің үш ғұламаның ортақ пікірінше қазі мүліктік талап-дауды жүргізуге өкілдік ете алмайды. Олардың пікірлері тек мүлік иесі тағайындаған сенімді өкілге қатысты екіге жарылып отыр: Абу Ханифаның пікірінше мұндай өкілді тек қарыздарды өндіруші деп есептеу керек, мұны екі шәкірт жоққа

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

шығаруда. Бұл ереже мынаған негізделген, егер қазі тағайындаған сенімді өкіл із-түссіз жоғалғаның борышкерлерінен қарызын заңда түрде талап етсе, ал борышкер қарызын өтегені немесе оның кешіргені туралы куәгерін көрсетсе, сонда қазі осы куәгердің көрсетпесіне сәйкес қаулы шығарса, ал бұл қаулы өзі жоқ адама қатысты шығарылса заңсыз болады. Сондықтан да мұндай адам заңда талап-дауларды жүргізе алмайды, тек мына жағдайлардан басқа (шафиттердің іліміне сәйкес), жоғалған адамның қатысуынсыз және оған қарсы шығарылған қаулы заңды деп есептесе, онда ол істі осындай пиғылда шешетін болса, онда пікірлердегі¹ айырмашылықтарға қатысты кез-келген істерге оның қаулысының заңды күші болады.

Келіспеу: Бұл жағдайда пікірлердің тарқасуы соттың қаулысына қатысты болып отыр, сондықтан істің мәнісі талап еткендей, соттың қаулысының заңдылығы басқа беделді қазимен² шарттасуы (серттесуі) тиіс.

Жауап. Бұл жағдайда пікірлердегі айырмашылық соттың қаулысының шешіміндегі фактіге емес, осы қаулыдағы шешімнің себебінде болып тұр, дәлірек айтқанда куәгердің көрсетпесінде, өйткені пікірлердегі айырмашылық дәл осы сұраққа байланысты туындауда, куәгердің көрсетпесі шынайы талап етушінің қатысуынсыз шешуші дәйек бола ала ма. Егер қазі сол пікір негізінде куәгердің көрсетпесі осындай күшке ие бола алады деп табанды тұрып, қаулы шығарса, онда ол қаулы заңды саналады

Із-түссіз жоғалғанның бүлінетін қозғалмалы мүліктері сатылуы тиіс. Егер із-түссіз жоғалғанның мүліктері арасында бүлінетін (м; жеміс, тұқым, ұрық секілді мүліктер) мүліктері болса, онда қазі оларды сатып жіберуі тиіс: оларды сақтау мүмкін болмаса, онда олар ақшалай құны бар түрінде сатылуы керек.

Бұзылуға ұшырамайтын қозғалмалы мүліктер сатылмауы тиіс. Қазі ізтүссіз жоғалған адамға тиіселі бүлінбейтін мүлікті ешқандай себепсіз немесе басқа жағдайда да сатпауы тиіс, өйткені, ол сақталуға және ол сол күйінде тұруға тиісті.

Із-түссіз жоғалғанның ата-анасына, балаларына қамқорлық оның мүлікінен алынуы тиіс, сол секілді басқа да із-түссіз жоғалғандарға да осындай қамқорлық соттың қаулысынсыз атқарыла береді. Қазі із-түссіз жоғалғанның мүлікінен оның әйел және балаларына асырауға тиіселісін беріп отыруы тиіс. Бұл ереже тек оның туған балаларына ғана жүрмейді, ол бұрын-соңды және өсіп келе жатқан ұрпақтарына да тиіселі, айталық, атасы, бабасы, немересі т.б. Ереже бар, егер әлдекім қайсы біреудің мүлікінен өзін асырап бағуға қазидің қаулысынсыз құқы бар болса, (м; жас балалары, бойжеткен қыздары, ер жеткен бірақ, еңбекке жарымсыз ұлдары) онда оның мүлікінен өзін асырау үшін ақы алуы міндетті, ал ол із-түссіз жоғалса қазидің қаулысымен. Белгілі уақыт аралығында қазидің қаулысымен беріліп келген адамдарға, егер ол мүліктің иесі із-түссіз жоғалса бұл адамдар (м; аға-іні, қарындастары, шешесі жағынан туыстары-нағашылары) сот қаулысынсыз жәрдем ала алмайды, ал, оның қатысуынсыз сот қаулы шығара алмайды. Бұл

1. Егер қазі ханифа мазхабының ілімімен келіспеушілігі болып жатса. Араб тіліндегі түпнұсқада былай айтылады: « бұл жағдайда ол заңды, өйткені қазі заңды біледі және ақыл-есі талапқа сай». Жоғарыда айтылған жәй жалғыз мысал.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

2. Өйткені, бірінші қазі із-түссіз жоғалған адамның өкілі ретінде, демек сот қаулысын қозғаған адам ретінде осындай беделді басқа қазидің қатысуынсыз заңға (қаулысына) күш бере алмайды.

жағдайда із-түссіз жоғалған адамның мүлік ретінде ақшасы назарға алынып отыр, өйткені, аталған адамдар ішіп-жеу мен киінуге құқылы, ал мүлік арасында мұндай заттар болмаған соң, оларға оның бағасына сәйкес нақты ақша үлесі беріледі. Қалыптағы алтын мен күміс дыбысты монетаға теңестіріледі, өйткені, онымен де мүліктің құны дыбысты монетамен берілуі мүмкін. Бұлар тек із-түссіз жоғалған адамның ақшалары қазидің иелігінде болған жағдайға қатысты жәйттер.

Егер қазидің билігінде із-түссіз жоғалған адамның ешқандай мүліктері болмаса, онда ол жоғалған адамға қарызгерлердің ақшасынан немесе оған тиіселі әлдекімнің қорғауында тұрған мүлкінен алынады. Егер, қазидің иелігінде із-түссіз жоғалған адамның ақшасы болмаса, бірақ ондай мүлік-зат әлдекімнің қарауында болса немесе жоғалған кісіге әлдекім қарыз болса, қазі сол мүліктен жәрдемақы тағайындай алады, бұл сол мүлікті сақтауға алған адамның мойындаған жағдайында ғана жүзеге асады, ал борышкер қарызын, одан басқа, олар жәрдемақы алатын адаммен жоғалған адамның арасында шын мәнінде туыстық немесе некелік байланысының барлығын да мойындауы тиіс. Бұл мойындау тек, қазіге олардың туыстық байланысы белгісіз болған жағдайда ғана қарастырылады. Екінші жағынан, жоғарыда келтірілген фактілер (м; қарыз бен тиіселі мүліктің сақталуы) белгілі болса, ал басқа (неке немесе туыстығы) белгісіз болса, немесе керісінше, онда жәрдемақы тағайындалып жатқан адамдарға қатысты тағы да белгісіз жәйттердің анықталуы тиісті. Бұл талқымен барлығы келіседі. Егер сенімді өкіл немесе борышкер міндетті жәрдемақыны қазидің қаулысынсыз беріп отырса, онда сенімді өкілге мүлік жауапкершілік жазасы, яғни, төлеген ақысының көлеміндей айып пұл салынады, ал борышкер борышын өтеді деп есептелмейді. Өйткені, олар мұндай қаржыны мүлік иесіне немесе оның өкіліне де төлемеген болады. Онда бұл жағдайда, қазі мүлік иесінің өкілі бола алады.

Егер сенімді өкіл сақтауға қойылған мүлік пен борышкер қарыз алған фактісін жоққа шығарса, сонымен қатар, жәрдемақы алушының некелісі немесе туыстығын да жоққа шығарса немесе бір ғана некелі жағдайы немесе туыстығын жоққа шығарса, онда сотқа талап-арыз берушінің туыстығы немесе некелі жағдайын анықтап алмайынша жіберілмейді, өйткені, бұл жағдайда келіссөздің басты қатысушысы болмай тұр, ал қарызгер және сенімді өкіл ешқандай жағдайда да жоқ адамның өкілі бола алмайды; шын мәнінде де олар жоғалған адамға өкілдік етіп жатқан жоқ, жоғалған адам ешкімді сенімді өкіл етіп тағайындамаған, олар да өздерін оның өкіліміз деп айта алмайды, жоғалған адамға қарсы талап-арыздағы сенімді өкілдің жоғалған адамның мүлкіне иелік етуі жеткілікті дәйек бола алмайды, немесе талап-арыз берушінің құқын қалпына келтіре алмайды (борышкердің қарызынан және сенімді өкілде сақталған мүліктен өзін бағып-қағуға тиісті үлес). Демек, көрініп тұрғандай не қарызгер не сенімді өкіл жоғалған адамның өкілі бола алмай тұр.

Қазі із-түссіз жоғалған мен әйелінің арасындағы неке одағын бұза алмайды. Қазі некені бұзуға құзіреті емес. Имам Малик бекіткендей із-түссіз жоғалған адам төрт жылдан кейін де табылмаса оның әйелімен некесі бұзылуы тиіс, осыдан кейін

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

әйелі иддат мерзімін сақтауы тиіс, төрт ай он күн, соң қалаған кісісімен тұрмыс құруына болады. Бұл талқыны имам Малик хәзіреті Омардың Медина қаласынан жоғалған кісіге қатысты шығарған үкіміне қатысты көрсетіп отыр. Одан басқа із-түссіз жоғалған ер кісі өзінің жоғалып кетуімен әйелдің құқығына зор залал келтіріп отырғандығын көретеді, сондықтан, қазі осындай некені белгілі уақыт өткен соң, яғни ила мен импотенция жағдайына ұқсас бұзуы тиіс. Ила жағдайында төрт ай өткен соң жойылмаған ажырасудың орны білінеді, соның нәтижесінде ері ила алып жүрумен әйелінің құқығын бұзады. Импотенция жағдайында қазі некені бір жылға жеткеннен кейін бұзуға үкім шығарады, мұнда да еркек әлсіздігімен әйелінің құқын бұзып отыр. Қарастырып отырған жағдай да қазі сол себепке байланысты некені бұзуы керек. Мұны айтып отырған себебіміз бұл жағдай да ила мен әлсіздік жағдайына ұқсас, неліктен жоғалғанға қатысты мерзім осы екі жағдайға байланысты болып отыр, өйткені төрт ай ила жағдайына байланысты алынды, ал бір жыл еркектің әлсіздігіне байланысты алынып отыр. Бұл жағдайға байланысты біздің ғұламалардың келіспеушілігі: біріншіден, Пайғамбар (с.ғ.с) бір кезде із-түссіз жоғалған кісінің әйеліне айтты: «Оның өлгені не ажырасуы туралы хабар жетпей ол оның әйелі болып саналады»; ал хәзіреті Али мафкудтың әйелі туралы: «Ол күйеуін жоқтап жатса, онда ол төзімді болсын, оның өлгені не ажырасуы туралы хабарды білгенше» дейді. Екіншіден, некенің барлығы белгісіз. Ерінің жоғалып кетуі некені бұзуға жеткілікті себеп бола алмайды, және өлген жағдайына нақты дәлелдер жоқ, осындай күдік-күмәндермен неке бұзуға болмайды. Хәзіреті Омардың беделіне қатысты имам Маликтің айтып отырғанына байланысты мынаны айтуымыз керек, хәзіреті Омар нәтижесінде хәзреті Алидің пікірін қабылдаған. Ал имам Маликтің кейінгі қарастырып отырған жағдай мен оны ила жағдайымен дәлелдемесіне келсек, бұл екеуін өзара салыстыруға болмайды, өйткені ила надандық дәуірінде тікелей ажырасуға әкелетін, кейіннен ол шарғи заңға сәйкес келісілген ажырасуға өзгертілді, сондықтан да ила некені бұзуға себеп бола алады¹.

Дәл осындай дәйектеме еркектің әлсіздігіне байланысты да айтуға болады. Ерінің із-түссіз жоғалуы, оның қайта пайда болуы фактісін де жоққа шығармау керек. Мұны адамның сойты жасауға қабілетсіздігімен салыстыруға болмайды, оның бір жылдан астам потенті қалпына келмеген.

Із-түссіз жоғалған адам белгілі мерзім біткен соң өлді деп саналады. Із-түссіз жоғалған адам туылған күнінен 120 жыл өтсе ол өлді деп есептеледі

1. Мұнда неке тек осы жағдайға байланысты бұзылады, ал имам Малик көрсеткендей әйелінің құқын бұзғаны үшін емес.

2. Суннат бойынша осылай

Хасан бұл пікірді Абу Ханифаға жазып отыр. «Захири-Риуаят» бойынша із-түссіз жоғалған адамның өлгенін оның қатарластарының өліміне сәйкес қояды, онымен дене бітімі мен денсаулығына ұқсастарға. Абу Жүсіптің бұл мерзімді жүз жыл деп белгілені белгілі. Кейбір шайхылары 90 жыл дейді. Осы ұқсас жағдайлар көрсеткендей

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

100 немесе 90 деп белгілеу немесе пайымдауға болмайды. Анық бір өлшеммен де қарауға болмайды, айталық қатарластарының өмірі мен денсаулығы секілді.

Із-түссіз жоғалған адам 90 жасқа толған кезінде өлді деп жарияланады. Заңның жалпылай игі ниетілігінен алғанда із-түссіз жоғалған адамның 90 жылдан кейін өлді деп жариялауға мүмкіндік береді. Бұл қысқа мерзім бе, дегенмен жоғалған адамның қатарластарына қарап оның өлімін анықтау қиын.

Із-түссіз жоғалған еркектің әйелі жесірдің иддатын сақтауы қажет. Із-түссіз жоғалған еркектің өлгені жөнінде тиісті рет жария етілген соң әйелі төрт ай он күн иддат мерзімін сақтауға міндеті, өйткені жесірдің иддаты осындай.

Мүлкі оның мұрагерлері арасында бөлінуі тиіс. Із-түссіз жоғалған адамның дүние-мүлкі оның өлгені туралы жария етілген соң оның тірі жүрген мұрагерлері арасында бөлінуі тиіс. Бір сөзбен айтқанда, із-түссіз жоғалған адамның өлгені турасында хабарланған соң, ол жариялағаннан кейінгі тірі мұрагерлері арасында бөлінеді.

Қандай да туысқандары тарапынан із-түссіз жоғалған адамның дүние-мүлкіне мұралық оның өзі жоқ кезінде белгіленбейді. Егер із-түссіз жоғалған адамның қандай-да бір туысқаны оның жоқ кезінде өліп қалса, онда ол мұрагер саналмайды, өйткені, оның тірі жүргені туралы факт бөтен жағдаяттарға байланысты анықталып отырды, мысалы, оны бір кездері тірі болғандығын біледі, сонымен ол тірі саналады, оның өлгені туралы дәлел болмағанша. Жәй сыртқы хәл-ахуал істер азғана дәлел күшке ие, және талап арызға негіз бола алмайды.

Із-түссіз жоғалған адамның мұрасының үлесі аталған жерге берілмей сақталады. Алдыңғы тезисте келтірілгендей «із-түссіз жоғалған адам мұрагер саналмайды» деген түсініктің мағынасы бар, оның мұрада қандай да үлесі бар болса да, ол оның меншігіне өтпейді, бірақ талған жерге берілмей сақталады, оның тірі жүрген болуы қрек деген факт күдікті, бұл күдік жеткілікті себеп бола алады оған тиісті үлестің сақтап қалуға.

90 жыл біткеннен кейін із-түссіз жоғалғанға тиіселі мұраның үлесі оның мұрагерлері арасында бөлінеді. Егер осыншама уақыт өткеннен кейін де оған тиіселі мұра сақталса, ол тірі болса онда ол оның меншігіне өтеді. Егер оның тірі екендігіне ешқандай негіз қалмаса, туғаннан кейін 90 жыл өткен соң, уақытша ұсталған үлес оның өлді деген кездегі тірі қалған мұрагерлері арасында бөлінеді.

Мұрагерінің мұрагері болған жағдайда мұраның бөлінуі. Егер із-түссіз жоғалғанмен қатар тағы бір басқа мұрагер болса, құқығы оның жасалмаған болса жоғалған адамның құқығы мен бірге жойылады, бірақ оның онымен құқығы екінші дәрежелі саналады, бұл мұрагерге мұраның аз бөлігін беру тәртібі бар; басым бөлігі үлестірілмейді. Бұл тәртіп мынадай мысалдармен келтірілуі мүмкін. Ол екі қызы және із-түссіз жоғалған баласын қалдырып қайтыс болады, сонымен қатар, немересі және немере қызы қалады баласынан, өлгеннің дүние-мүлкі бөтен адамның қолында қалады, осы бөтен адам және жоғарыда аталған мұрагерлер өлгеннің баласының із-түссіз жоғалғанына келіседі, ал өлгеннің қыздары өздерінің мұрадан үлесін талап етеді. Бұл жағдаятта қыздар өздерінің мұрадағы жарты үлесін алады, екінші жартысы, жоғалған баланың үлесі, ол ешкімге берілмейді, одан жоғалған адамның баласына не қызына да ештеңе берілмейді, өйткені, олардың құқығы жоғалған әкесінің құқығымен жойылды,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

егер ол тірі болса, осы күдіктің салдарынан балалары мұрадан үлесін алуға құқығы болмайды. Мұрадан қалған үлес оны уақытша иеленіп отырған бөтен адам тарапынан тартып алынбауы тиіс. Осыған ұқсас жағдаят, ананың жатырындағы нәрестеге де мирас бөлінген жағдайда үлес беріледі. Бір пікір осындай, оның негізінде сот қаулысы шығарылады. Егер жатырдағы ұрықтан басқа тағы басқа мұрагер болса, мұралыққа үлесі жойылмайды және азаймайды, жатырдағы ұрық секілді құқығы болады, бұл мұрагердің мұрагеріне өз үлесі толық беріледі. Егер оның құқығы жатырдағы баланың құқығымен жойылса, онда оған ештеңе берілмейді. Мысалы, әлдекім қайтыс болса, артынан жатырында баласы бар қарындасы және екі қабат әйелі қалса, онда, қарындасына ештеңе берілмейді, өйткені, ер немесе қыз бала туылса ол мирастан құр қалады. Егер, екінші жағынан, көзі тірі мұрагердің құқығы жатырдағы баланың құқығымен өзгертілсе, онда оған мұраның аз бөлігі төленеді. Тағы, әлдекім аяғы ауыр әйелі мен шешесін артында қалдырып қайтыс болса, аяғы ауырлығын заңда деп мойындаса, бұл жағдайда әйеліне сегізден бір үлес, ал шешесіне –алтыдан бір үлес, егер, жатырдағы ұрық аман туылса; егер өлі туылса әйелі төртінші бөлігін, ал шешесі үшінші бөлігін алады. Сондықтан да алтыншы және сегізінші бөлігі сол мезетте ақ төленеді, өйткені, ол мирастан даусыз үлесі бар саналады.

ХІҮ КІТАП

ШИРКАТ, НЕМЕСЕ СЕРІКТЕСТІК ТУРАЛЫ

«Ширкат» терминінің анықтамасы. «Ширкат» терминінің алғашқы мағынасында екі немесе одан көп мүлік бірлестіктің байланысын білдіреді және оны бірінен –бірі ажырата алмайды. «Ширкат» термині осы мәндегі іс-әрекеттерге де бірдей қолданылады, дегенмен, мүліктер араласып кетпесе.

Алайда ширкат сөзінің қолданылуы қазіргі келісім түрлерінде де байқалады, бірақ та, егер бірігу болмаса да сол сияқты мүліктік басқа бірігулер өмірімізде өз орнын таба

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

береді. Анықтама (термин) заңына байланысты, «ширкат» сөзі екі немесе одан да көп жеке меншік иелерінің ортақ мақсатқа жету үшін жасалынған бірігуі деп түсініледі.

Серіктестік заңды. серіктестік заңды болып табылады, себебі Пайғамбарымыз с.ғ.с. кезінде адамдар түрлі келісімдер жасалған және Пайғамбарымыз оларды мақұлдаған.

Серіктестіктің екі түрі бар: меншік құқығы және келісім негізінде. Бірлестік екі түрде болады: ширкати-мильк, немесе жеке меншік құқығы бойынша бірлестік және ширкади-акид, келісім негізіндегі бірлестік.

Меншік құқығы бойынша серіктестік ерікті және мәжбүрлік (ықтыиярсыз) болуы мүмкін: қатысушыға басқа адамның мүлкіне қожайындық етуіне жол бермейді. Ширкати мелькде екі немесе одан да көп адам бір меншіктің иесі болып табылған кездері де болған. Бұл бірлестік екі жақты болады: ерікті және мәжбүр.

Ерікті түрдегі бірлестік мынадай жағдайларда болады. Егер екі адам бір меншікті бірігіп сатып алса, немесе сыйлық ретінде алса, немесе өсиет арқылы сол меншік олардың қолына тисе; егер екі адам бірігіп жаулап алу саясатымен бөтен мемлекеттегі меншікке ие болса және сол меншікті айырып болмайтындай қосып қойған болса (мысалы бидайдың бидаймен араласуы) немесе бір меншікті екіншіден айыру қиынға соқса (мысалы бидаймен тарының араласуы). Ширкати мельк мынадай жағдайларда болады: егер келісім олардың қатысуынсыз жасалынған болса, ондай кезде оларды айыру қиын немесе мүлде мүмкін емес болады; әлде екі кісі бірдей меншікке ие болған жағдайларда.

Бұл сияқты бірлестіктерде қожайындардың бірі екіншісінің рұқсатынсыз ештеңе істей алмайтыны көрініп тұр, себебі олардың екеуі де бір бірінің үлесіне байланысты бөтен адам болып табылады. Бірақ қожайындардың әр бірі заңды түрде өз үлесін басқа адамға төменде қаралатын жағдайларда сатып жіберуі мүмкін. Сөйтіп бірінші мүліктің қожайыны өз үлесін екінші мүлік иесінен рұқсат сұрамай сатуға құқығы бар, тек егер олардың меншіктері ортақ немесе аралас болмаса ғана. Сол сияқты мәселелерді шешу «Кифайятул-Мунтахи» кітабында баяндалған.

Келісім шарт негізіндегі серіктестік. Келісім негізіндегі бірлестік немесе Ширкати акид, ұсыныс және келісім жолымен түзіледі. Осылайша бір адам екіншісіне: «мен сені пәленше меншікке серіктес қылдым» деп айтады, ал екіншісі: «мен келісемін» деп жауап қатады. Бұл секілді келісімдердің міндетті шарттарының бірі: келісім жасалып тұрылған мүлік тең түрде екі жақтың қолданылуында болуы керек; ашық сөзбен айтқанда бір меншік екеуіне де тең түрде тиесілі болсын.

Келісім серіктестіктің төрт түрі бар: өзара, сауда, өнер мен қол өнер кәсібі және жеке несие бойынша. Келісім шарт негізіндегі бірлестіктердің төрт түрі бар:

1. Ширкати-муфавазат немесе міндеттердің бірдейлігі бойынша бірлестік.
2. Ширкати-инан немесе сауда бойынша бірлестік.
3. Ширкати-синаа немесе көркемөнер мен қолөнер кәсібі бойынша бірлестік.
4. Ширкати-вуджох немесе жеке кредит бойынша бірлестік.

Өзара серіктестіктің анықтамасы. Егер екі адам мүлікі жағынан бір біріне тең, артықшылық көзқарасы және діни ұстанымы сай келсе, олар бірлестікпен келісімге отырады. Сол сияқты бірлестіктер жан-жақты болып табылады себебі әр бір қатысушы бірлікті басқару жұмысын екіншісіне қандай да шектеулерсіз, құқықты

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қысқартуларсыз жүргізуге жәрдем береді. «Муфавазат» сөзбе сөз аударғанда «теңдік» деген мағынаны білдіреді.

Өзара серіктестік мүліктік қатынасы бойынша жолдастардың арасында теңдікті талап етеді. Өзара құрастырылып жатқан серіктестік капиталға қатысты тең болуы міндетті, нақты айтқанда дарагим және динарлар санына қарап теңдікті орнату қажет.

Бұл серіктестік артықшылық бойынша да теңдікті талап етеді. Айтып кетер жәйттердің бірі серіктестіктердің арасында артықшылыққа деген көзқарасы мен діни ұстанымы бірдей болуы қажет, себебі егер олардың біреуінде артықшылықпен ұстанымдылық тым жоғары дәрежеде болса, онда мынадай серіктестіктер арасында толық теңдік бола алмайды.

Дін мәселесі бойынша жолдастар шыдамдылық көрсету керек. Міндеттердің бірдейлігі бойынша бірлестік заңның дұрыс қабылдануы жағынан дұрыс болып табылады; ал ұқсастық жағынан бұл әдіс заңсыз болып есептеледі. Имам Шафийдың айтқан пікірі сол болған. Ал Имам Малик: «Мен муфавазат не екенін білмеймін» деп айтқан. Ұқсастық заңына байланысты бұл бірлестік заңсыз деп табылуы қажет. Себебі бөтен адамның мүлкі және бір адамның мүлде білмейтін затқа кепілдігі осы бірлестіктің теріс нәтижесі болып табылады.

Заңның орайлы түсінігі Пайғамбардың айтқан сөзіне негізделген: «міндеттердің бірдейлігі бойынша бірлестіктер құрындар, себебі олардан келер пайда мол». Бұл сияқты келісімдер адамдар арасында кеңінен таралған болатын және оған ншкім тыйым салмаған. Берілген жағдайда сол сияқты келісімдердің шындыққа жатар жатпастығын түсіну өте қиын, себебі тура осы сияқты келісімдер басқа жағдайларда заңды болып табылады. Музарабат келісімімен, тура біз айтқан жағдайдағыдай, келісім кезінде беймәлім заттардың сауда саттығымен айналысу жәйті бар екенін көруге болады; дегенмен бұл сияқты өкілдік негізінде заңсыз болып есептеледі, бірақ бұл келісімдер музарабаттан қорытындыланған жәйіт болғаны үшін заңды болып табылады.

«Өзара» термині келісімде айтылуы керек. Серіктестіктің өзара келісімі толық болып табылмайды егер өзара келісімнің мінезі мынадай анық түрде айтылмаса: «Біз өзара бірлестіктің серіктестеріміз»; себебі бұл жағдайсыз келісімнің шарттары туралы сын айту қиынға соғады. Бірақ егер сондай келісімге отыратын жақтар келісімнің барлық шарттарын жарияласа, бұл заңды іс болғаны. Себебі келісімдегі әріптерге емес, оның мағынасына мән беріледі.

Ерікті ата-анадан туылған және кәмелетке толған мұсылмандар немесе зиммилер арасында жасалынған өзара серіктестік заңды түрде тәуелсіз. Міндеттердің бірдейлігі бойынша серіктестік азат болып туылғандар және кәмелет жасына толғандар арасында заңды болып есептелінеді және келісім жасайтындар мұсылман ба зиммиямы маңызды емес, себебі бұл жағдайда келісім жасайтын жақтардың теңдігі бар. Егер келісетін жақтардың бірі зиммий болса, ал екіншісі пұтқа табынушы болса бұл келісім заңды, себебі дінге қайшылық дінге сенімділікті күшейтуге жақсы негіз болады және көріліп жатқан мысалда дінге деген теңдік көзқарастары бар.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Құл мен ерікті ата-анадан туылған кісі немесе кәмелетке келген мен жасы толмаған кісі (балиғатқа жетпеген кісі) өзара серіктестік жасаса, онда ол заңсыз болады. Міндеттердің бірдейлігі бойынша серіктестік құл мен азат туылғанның арасында немесе кәмілет жасына толған мен өспірімнің арасында заңсыз болып табылады себебі бұл жағдайда кәмілет жасына толған азат туылған келісім жасауға құқықты және кепілдікті ұсына алады ал құл өзінің қожайынының рұқсатынсыз ештеңе істей алмайды; өспірім болса бұл сияқты келісімдерге мүлде қатыса алмайды, егер бұған ата-анасының немесе қамқоршысының рұқсаты болмаса.

Мұсылман және кәпірмен жасалынған өзара серіктестік туралы келісім заңсыз. Мұсылман адам мен опасыздың арасында жасалынған келісімшарт Абу Ханифа мен имам Мухаммедтің пікірі бойынша заңсыз. Абу Жүсіптің дәлелі бойынша бұл келісім заңда, себебі олардың арасында құқықтық пен кепілділік теңдігі бар. Сонда-ақ опасыз да мұсылман да сенген адамның делдалы болуы мүмкін. Ал егер мысал ретінде біреулерге заңда, ал басқаларға заңсыз болып табылатын ерекше келісімдерді алсақ (Мысалы шарап пен шошқа етін сату іс) онда бұл жағдайдағы айырмашылық есепке алынбайды, тура ханифит пен шафиит арасындағы келісімдер кезінде шариғаттардың айырмашылығы есепке алынбағандай. Шафииттердің көзқарасы бойынша мұндай еркін түрдегі пайдаланушылық заңды, ал ханифиттер керісінше мұндай келісімді тыйым салынған деп қабылдайды. Соған қарамастан (Абу Жүсіптің пікірі бойынша) мұндай келісім мұсылман адамы мен зиммий арасында жексұрында болып есептелінеді, себебі зиммийлер көбінесе (исламға қайшы) келісімдер жасайды, содан мұсылман адамы тыйым салынған жұмысқа қол ұруы мүмкін. Абу Ханифа мен Имам Мухаммед бұған қарсы, себебі қаралып жатқан адамдардың құқықтары мен міндеттері жағынан тең деп қаралуы мүмкін емес. Егер зиммий серіктестікте өзінің ақша үлесіне шарап немесе шошқа етін сатып алса, онда бұл сауда-сатық заңды, ал егер оны мұсылман адамы іске асырса ол сатық заңсыз дегені. Сол жерден көрініп тұр, берілген жағдайда жақтар келісім жасағанда құқықтары тең емес.

Екі құл, екі кәмелетке толмаған немесе екі мукатабтардың жасаған өзара серіктестігі заңсыз. Міндеттердің теңдігі бойынша жасалынған келісім құлдар мен өспірімдер және мукатабтар арасында заңсыз болып табылады, себебі бұл сияқты келісім жақтардың кепіл болуы негізінде жасалынады, ал бұл кісілерде ондай өкім жоқ. Бірақ егер жақтар сауда жөніндегі келісімді мақұлдаса, міндеттердің теңдігі бойынша жасалынатын келісімнің оларға қажеті болмайды және әсері тимейді.

Өзара келісім жасау үшін оған қатысушылардың мәміле жасай алатын құқыққа қабілетті кепілдігін талап етеді. Бұл келісімді жасаушылар құқықтықты және кепілділікті ұсына білуі тиіс. Егер келісімді жасайтын әрбір адам өз адамының кепілі болмағанда онда теңдік, яғни сауда жұмыстарын жүргізудегі сол бір қасиет (бір адам сатып алған затқа екіншісінің кепіл болуы) қажет болмас еді.

Бір жолдасы сатып алған зат, бірінші қажеттілікті заттарды қоспағанда, екеуінің арасында тең бөлінеді. Міндеттердің теңдігі бойынша жасалынған келісімдегі серіктестіктердің бірі сатып алған зат екеуіне тең бөлінеді, бірақ бұған азық-түлік және киім-кешек кірмейді. Өйткені, бұл заттар келісім жасалған серіктестіктің өзіне және оның отбасына қажет себебі, міндеттердің теңдігі бойынша

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жасалынған келісім екі жақта толық теңдік болуын талап етпеді. Серіктестіктердің әрбірі кейбір жағдайларда бірі екіншісінің орнына орынбасар болатындығын есепке алсақ, онда олардың біреуі сатып алған зат екеуі сатып алған сияқты күшке ие яғни тең. Серіктестіктердің бірі екінші серіктесінің мүлкін өз қажеттілігіне жарата алмаған секілді, серіктесінің мұқтажы үшін жауапкершілік атқармайды. Кейде сатушы серіктестерге сатқан ақыз-түлігі мен киім-кешегі үшін әртүрлі бағаны сұрауы мүмкін. Бұл мысалымызда ақшасын төлеген серіктес сатып алынған заттың жартысын алады, себебі сатып алған адамның затының құны серіктестегі мүліктен төленген.

Бір жолдасының қарызы екіншісіне міндетті болады. Бұл келісім тек қана сауда –сатық, жалақы алу және беру немесе жалдау сияқты жағдайларға тән. Бұл келісім некеге тұру, қан төгуге рұқсат етуі үшін, заңсыз қылмыскерді жеке адамға қаратыла істеген ісіне оң көзбен қарау сияқты істерде күшке ие емес.

Бір жолдасының мүліктік кепілдігі екіншісіне міндетті болады. Абу Ханифаның пікір бойынша, егер міндеттердің теңдігі бойынша серіктестіктердің бірі үшінші адам үшін кепілдікті бөтен адамның куәлігі асында алса, бұл кепілдік екінші серіктес үшін де міндетті шарт болып саналады. Бірақ Абу Ханифаның екінші оқушысы мұндай кепілдік міндетті емес деп санайды себебі, қандай да бір кепілдік ақысыз болып табылады. Егер келісім жасаған серіктестік қатысушысының бірі басқа біреуіне серіктестік мүлікінен қарызға ақша берсе, бұл ақшаны қайтарып алуға екінші серіктестік қатысушысының қақысы жоқ, себебі ақшаны қарызға берген адам ғана сұрай алады. Егер серіктестіктердің бірі бөтен адам үшін кепіл болуды уәде етсе бұл кепілдіктің екінші серіктестікке әсері болмайды. Бірақ Абу Ханифаның ұстанымы бұған қарсы, себебі мүліктік қарым-қатынастардың кепілдемесі кейбір жағдайларда ғана ақысыз болып табылады, өйткені кепіл болған адам кепілдігін ұсынған жеке адамнан қарыз болған ақшаны тезірек және өз уақытында төлеуін талап ете алады. Бұл міндетемелер келісім шартта көрсетіледі және келісім өз күшін жоғалтпағанша тұрады. Бұл жағдай –келісімнің бар екендігін біз қарап жатқан мәселенің ең басты сұрауы болып табылады. Себебі біз: «Бір серіктестіктің кепілдікті мойнына алуы алған уақытынан екінші серіктестікке міндетті түрдегі шарт екенін айтып кеткен болатынбыз. Қысқаша айтқанда егер кепілдік серіктестік мүлкіне әсерін тигізетін болса, онда бұл жағдай ақылы болып есептеледі, ал егер керісінше бұл кепілдік жеке адамға тиіселі болса, онда бұл жағдай ақысыз болып табылады. Сондықтан да мүлікке қатысты бар кепілдік жеке бас кепілдігі сияқты емес. Ал егер екі оқушының тағы айтқан мына сөзіне мән берер болсақ: «Егер бірлестіктегі қатысушылардың бірі бөтен адамға өз қалауымен қарызға ақша берсе, бірақ бұл ақша бірлестіктің мүлкі, онда бұл ақшаны алған адам қарызын қайтармаса да болады және екінші серіктес бұл ақшаны одан сұрай алмайды, себебі бұл ақысыз міндетеме» , онда біз былай жауап беруіміз қажет: «Қарызға алынған ақша қайтарылуы тиіс, өйткені ол жылжымалы мүлік немесе тауардың құндылығымен тең болуы мүмкін.

Егер бір жолдасы екінші серігінің келісімінсіз мүліктік мүліктік кепілдік жасаса, ондай кепілдік ризалық (мақұлдау) бермеген жолдасына міндетті емес. Басқа жағдайда (Риваяти саких бойынша) кепілдікке қатысты міндеттер екінші қатысушы үшін шарт емес, себебі кепілдіктің мұндай түрі жеке меншіктік немесе айырбастау қағидаларын тұтынбайды. Айтып өту керек, басқыншылық жолымен

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

иеленіп алыну құқығын марапаттау және шығындарды бағалау бірікке серіктестіктегі келісімде қалай болса мүлікке қатысы бар кепілдікте солай.

Бір жолдасы мүлігін мұрагерлік немесе сый арқылы қосымша өсірсе өзара серіктестік сауда серіктестікке айналады. Егер бір жолдас мұра жолымен сыйлық ретінде мынадай мүлік өтсе (арабша «мал» дегені ақшадан тұрады, құйылған не басқа заттар т.б), яғни оған серіктестік иеленудің заңды күші бар болса, және ол иелікке осылай мүлік болып өтсе, онда өзара сенім серіктестік мәмлелесінің заңды күші жойылады, ал серіктестіктің өзі ширкати-инанға өтеді, өйткені мүліктік жағынан теңгермелік (бұл жерде серіктестіктің капиталын құрайтын мүлік ретінде көрсетіліп отыр) өзара серіктестік мәмлеленің шынайылығы үшін басты шарт саналады. Осы жағдайда бұл шарт сақтала алмайды, өйткені, басқа жолдас сый арқылы қосымша өсірілген өзара серіктестіктің қатысушысы бола алмай отыр, себеп, бұл жолдасқа шын мәнінде ешқандай құқық болмай тұр сый арқылы қосымша өсірілген өзара серіктестіктің. Дегенмен, өзара серіктестік ширкати-инанға өтеді, немесе сауда серіктестігіне, өйткені істің жағдайы осындай серіктестік түріне өтуге жол беріп отыр, мүліктік теңгермелелік айтарлықтай қажетті шарт болмай тұр; өзара серіктестік кезінде мұндай теңгермелік аса қажет, ол бұзылған жағдайында ары қарай өмір сүре алмайды. Бұл ереже мынай түсініке негізделген болып тұр, яғни, өзара серіктестік мәмлесі шындығында мүлдем өміршең емес; осындай барлық мәмлелердің басталуында-ақ және оны жалғасқан кезінде –ақ бір жолдастың капиталдан үлесін сый арқылы қосымша өсірсе мүлікке тең емес жағдай қалыптасады; мұндай тең еместік, егер ол мәмлеленің басында-ақ орын алса, онда сауда серіктестікке жол берілмейді. Мұндай тең еместіктің пайда болуы өзара серіктестіктің өмір сүруіне жол бере алмайды, осылай өзара серіктестік мәмлесі ары қарай өмір сүре алмайды.

Бір жолдасы мүлікті қосымша өсірген кезде оның капиталдық үлесі ұлғаймаса, онда өзара серіктестіктің келісімі бұзылмайды. Егер мәмлеленің бір қатысушысы өзара келісіммен жылжитын немесе жылжы-майтын мүлікті мұраға алса, онда бұл мүліктің түрі оған бөлінбейтін түрде қалады: бірақ мәмлеленің заңды күші жойылмайды (осы тәртіп жер теліміне қатысты қатысушы серіктердің біріне мұраға қалған кездегідей жағдайға да байланысты), өйткені, мүлікке теңгермелік, өзара серіктестіктің негізгі капиталы қызметін атқара алмайды, және бұл мәмле үшін аса қажетті емес.

Бөлім

Өзара серіктестіктің келісімі тек қолда бар қаражатқа байланысты жасалады. Бірлестік келісімі тек қолда бар ақшаға байланысты жасалады. Оларға даргим, динар және фулус¹ сияқты айнымалы құндылықтар жатады. Жеке меншік, жылжымалы және жылжымайтын мүлік сонымен қатар, салмақ пен көлемнен анықталатын басқа заттарға қатысты келісімдерді имам Мәлік заңда деп көрсетеді. Өйткені, мұндай заттар келісімнің объектісі нақты анықталған капитал болып, олардың құны ақшамен анықталады. Жоғарыдағы жағдайлар тек ақшамен жасалатын музарабат келісіміне қолданылмайды. Кейде келісімде пайда жауапкершіліксіз мүліктен алынады Пайғамбарымыз с.а.а. жауапкершіліксіз мүліктен алынатын пайдаға тыйым салған. Музарабат келісімі бойынша тек ақшаға ғана рұқсат етіледі. Бұған біздің шайхтардың

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қарсылығы екі жақты. Біріншіден, егер келісімді пайданың бұл арықтығы иеленуші ол үшін жауапты болмайтын және оған

-
- 1. Арабша- фулус-рабиха.** «Фулус» деп құны анық емес мыс ақша саналады. «Фулус-рабиха» деп табыс табуға мүмкін болтын мыс ақша, рабиха» термині бұл жағдайда «ауытқып отыратын» деген мағынада беріліп отыр.

меншік құқығы жоқ мүліктен алынған, өйткені мәміле объектісі, мәселен қарыз тәрізді ұқсас нәрсе емес, нақты мүлік болып табылады, мүліктің өзі өзара серіктестік мәмлесіне қатысушылардың әрқайсының сақтауына сенім білдірілген болып табылады, ал бұдан мұндай пайданың соған қатысты ешкім де жауапты болмайтын мүліктен алынғандығысы анық көрінеді. Бұл түсініктер ақшаға қатысты емес, өйткені серіктестіктің капиталын құрайтын ақша мәмілесіне қатысушылардың қандай да бір нәрсені сатып алуының капиталдың өзімен емес, соған ұқсаспен-қарызбен ғана (өйткені, сатып алынатын нәрсенің бағасы сатып алушыға жүктелген қарыз болып табылады) байланысты болады; мұндай сатып алу үшін жауаптылық өзара серіктестіктің мәмлесіне өзге қатысушысына да жүктелетін, капиталға ұқсаспен-қарызбен байланысты болса (екі жақты кепілдікті шарттайтын) онда аталған жағдайда ешкім жауапты болмайтын мүліктен пайда алынды деген қарсы пікірге орын жоқтығы көрініп тұр, өйткені қарастырылып отырған мүлік үшін мәмлениң екі қатысушысы да жауапты болып табылады. Екіншіден, жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікке қатысты жасалуы мүмкін бірінші мәмле оны сату деген сөз, ал ақшаға қатысты жасалуы мүмкін бірінші мәмле оған қандай да бір нәрсені сатып алу деген сөз; өзінің меншігін өзге адам сатудан түскен бағадағы оның үлескері болуы үшін сатқан адам заңсыз әрекет етеді, өйткені мұндай жолмен қарызға иелік ету құқығы беріледі, ал оған құқықты борышкердің өзінен басқа өзге тұлғаға беру заңсыз. Алайда, екінші жағынан, егер өзге тұлға онымен бірге сатып алынатын нәрсеге иелік етуі үшін оның мүлкіне қандайда бір нәрсені сатып алса, онда мұндай акт заңда болып табылуы тиіс, себебі мұндай жолмен қарызға емес, мүліктің өзіне иелік ету құқығы беріледі.

Бақыр немесе мыс ақшалар сыңғыр монета болып табылады. Құндылықтары ауытқып отыратын фулус-рабиха немесе мыс ақшалар дарагималардан және динарлармен бірге сыңғыр монеталар болып саналады, себебі олар алтын және күміс монеталармен тең айналымда болды. Имам Мухаммед мынадай пікірмен келіседі; ол фулустардың ешқандай ерекше анықтамаға берлімейтіндігіне орай оларды сыңғыр монеталар деп есептейді, осының салдарынан қандай да бір фулустарға қандай да бір нәрсені сатып алған кезде сатып алушы олардың орнына кез-келген өзге фулустарды бере алады; орныққан пікірлерге сәйкес дәл анықталған екі фулус бір фулуска сатылуы мүмкін емес. Екі шәкірттің пікірі бойынша, олар қозғалмалы монеталарға жатқанымен, фулустар заңды тұрғыдан өзара серіктестіктің мәмілесінің немесе музарабаттың объектілері бола алмайды, өйткені олардың құндылығы бір кезеңнен екінші кезеңге дейін ауытқып отырады да, ақырында олар жылжымалы немесе жылжымайтын мүліктің сипатына ие болады. Өзге де дереккөздерде Абу Юсуф осы мәселе жөнінде Имам Мухаммадтың пікірін бөліседі. Абу Ханифаның музарабат мәселесі жылжымалы

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

(жиі қолданылатын) мыс монета (фулустар) объектісі бола алады, бірақ фулустар өзара серіктестіктің мәмілесінің объектісі бола алмайды деген пікірі де белгілі. Осылайша, мұндай мәміленің заңды объектісі тек қана дарагималар, динарлар мен жиі қолданылатын фулустар бола алады.

Егер алтын және күміс құймалар айналуға алынатын болса, онда олар сылдырлаған ақшамен теңдес болып саналады. Алайда, салт бойынша алтын немесе күміс құймаларға сыңғыр монетамен тең айналым берілген кезде, онда олардың өзара серіктестіктің мәмілесінің заңды объектілері бола алатындығын ескеру керек. Мұндай пікір Кудуриде де кездеседі. «Джами-ус-Сагирде» алтын немесе күміс құймалар өзара серіктестіктің мәмілесінің заңды объектілері бола алмайтындығы нақтыланған, өйткені бұл дереккөз соғылмаған алтын мен күмісті дәл анықтамаға көнетін, сондықтан да өзара серіктестіктің мәмілелерінің немесе музарабатының объектісі болып табылатын капиталды заңды бейнелей алмайтын басқа да үй шаруалылығы заттарымен тең деп санайды. «Мабсутта» айырбастауды қарастыру кезінде дәл анықтама беруге алтын мен күмістің көнбейтіндігі айтылған, сол үшін де сатып алу-сату мәмілесі құймалар оларды сатушыға бергенге дейін ұшыраған қандай да бір кездейсоқтықтың салдарынан бұзылмайды (яғни, егер кімде-кім қандай да бір затты ол үшін төлегенге дейін жоғалатын, соғылмаған алтынмен немесе күміспен ақы төлеуге келісе отырып сатып алса, онда бұл жағдаймен сатып алу-сату шарты бұзылмайды, өйткені алтын немесе күміс дәл әрі ерекше анықтала алмайды). Бұдан мұндай жағдайға берілген кезде соғылмаған алтын немесе күміс қымбат бағалы металлдар бастапқыда құндылықты белгілеу мақсатында айналымға енгізілгенді негізінде өзара серіктестіктің мәмілесінің немесе музарабаттың объектісі ретінде қызмет ететін капиталды заңды түрде жасай алатындығы көрінеді. Алайда, «Джами-ус-Сагирде» жазылған пікір неғұрлым келісуге тұрарлық, өйткені қымбат бағалы металлдар бастапқыда сауда-саттық мақсатында енгізілген болса да, олардың құндылық өкілдері болу қабілеттілігі соғылған монетаны қабылдау қабілеттілігімен шартталған, бұдан кейін олар қандай да бір өзге мақсаттармен (мәселен, безендіру, әшекейлеу және т.б. үшін) қолданыла алмайды; сондықтан да егер олар жоғарыда аталған мәмілелердің объектісі – капиталды жасай алатын мақсатта қолданылмаған жағдайда ғана соғылмаған алтын немесе күміс құндылықтың өкілдері болып санала алмайды. Жоғарыда айтылған «өзара серіктестік дарагимдерден, динарлардан және айналымдағы мыс фулустардан өзге, сыңғыр монеталарға қатысты заңсыз» деген ереженің салмағы өлшенетін және көлемі өлшенетін кез келген заттарға, сондай-ақ әртекті заттарға да қолданылатындығын ескеру керек. Объектісі осындай заттар болып табылатын өзара серіктестіктің заңсыздығына, егер осы серіктестіктің шарты бұрын негізгі капиталдарды қосу немесе араластырумен жасалғанда ғана біздің ғалымдарымыздың барлығы жол береді. Осы соңғы жағдайда мұндай шарттың заңды күші болмайды және қатысушылардың әрқайсысы олардың мүлкіне ерекше есептелетін пайданың үлесін алады, сондай-ақ осы мүлік ұшырауы мүмкін шығындарды алып жүреді. Абу Юсуф жоғарыда айтылған ереже екі тұлға біртекті капиталдарды араластырып, содан соң серіктестіктің мәмілесіне кірген жағдайға да қолданылуы тиіс; оның пікірінше, бұл жағдайда өзара серіктестік емес» меншік құқығы бойынша серіктестік белгіленеді. «Захири-Риваят» осы түсінікке сәйкес

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

үйретеді. Имам Мухаммад жоғарыда аталған жағдайда өзара серіктестіктің мәмілесінің заңды күші болмайды.

Өзара серіктестік мәмілесінің біртекті негізгі капиталдар араласқан немесе біріктірілген жағдайда заңды күші болады (Имам Мухаммадтың пікірі бойынша). Абу Ханифа мен Имам Мухаммадтың жоғарыда айтылған түсініктемелеріндегі айырмашылық практикада қолдануда өзара серіктестік мәмілесінің екі қатысушысының мүлкіне сандық қатынас өзара тең болған және мәміле қатысушылардың біреуінің пайдасына екіншісіне қарсы көп пайданы шарттайтын жағдайда анық байқалады. Абу Юсуфтың түсіндіруі бойынша, бұл жағдайда қатысушылардың әрқайсысы ортақ негізгі капиталдағы өзінің үлесіне мөлшерлес пайда алуы тиіс, ал оның пайдасына мәмілемен екіншісіне қарсы пайданың үлкен үлесі шартталған қатысушылардың бірі осындай мәмілеге орай, өзінің пайданың заңды үлесінен жоғары қандай да бір нәрсеге құқығы болмайды. Ал Имам Мухаммадтың ілімі бойынша, серіктестердің әрқайсысы пайданың мәмілемен шартталғандай үлесін алуы тиіс. «Захири-Риваятта» баяндалған түсініктеме ыдыспен (сыйымдылықпен) өлшенетін, таразыланатын заттар оларды осыған дейін қалай араластырғандай, араластырғаннан кейін өзара ажыратыла және бөліне алады деген түйсіктерге негізделген. Имам Мухаммад, егер кімде-кім төлемге сатылатын нәрсенің бағасы (осы нәрселерде бейнеленген) сатып алушыға қарыз ретінде жүктелетін нәрселерді қабылдай отырып, қандай да бір нәрсені сатқан болса, онда мұндай мәміленің заңды күші болады деп, қарастырылып отырған заттар кез келген жағдайда құндылық болып табылады деген бұған қарсы пікірін білдіреді. Тағы бір көзқарас бойынша, дәл анықтама беруге болатын сату-сатып алу мәмілесінің объектісі болып санала алады. Сондықтан да осы екі мән-жәй да араластыру мен араластырмау фактілеріне қатысты назарға алынады. Басқа сөзбен айтқанда, оларды араластырғанға дейін заңда күші болмайтын заттар оның объектісі болып табылатын өзара серіктестік, өйткені олар сатып алу-сату объектісі болады; оларды араластырғаннан кейін өзара серіктестіктің мұндай мәмілесінің заңда күші болады, өйткені бұл заттар құндылық болып табылады. Олардың ешқандай түрде құндылық саналмайтын кез-келген жылжымалы мүлікке қарама-қайшылығы осында.

Әртекті негізгі капиталдары бойынша өзара серіктестік келісімі-мәмілесі жасалынбайды. Егер негізгі капиталдар (келісімге қатысушыларының) олар мәні жағынан, мәселен, бидай мен арпа немесе зәйтүн ағашы мен қызыл бұрыш тәрізді өзара ажыратылатын болса, және оларды иеленушілер оларды біріктіріп, осыдан кейін өзара серіктестік мәмілесіне кірген жағдайда, біздің шайхтарымыздың барлығының пікірі бойынша мұндай мәміленің заңды күші болмайды. Имам Мухаммад бұл айырмашылық «біртекті заттар араластырған кезде «заватуль-амсаль» нәрселерді береді; әртекті заттарды араластырған кезде «заватуль-киям» санатындағы нәрселер алынады деген болжамға негізделген деген пікір білдіреді. Соңғыға қатысты құндылық белгісіз, соның салдарынан бұл нәрселер кез-келген жылжитын мүлік тәрізді негізгі капитал бола алмайды. Осыған орай, иелігінде осындай заттар бар өзара серіктестік заңды күшінен айырылған, сондықтан бұл жағдайлар «Джами-ус-Сағир» кітабының қаулылар туралы тарауында баяндалған меншікті араластыру туралы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ережелерге бағынады. Бұл ережелер (осы шығармадағы) сақтауға сенім білдірілген мүлік туралы тарауда егжей-тегжейлі қарастырылады.

Өзара серіктестіктің келісімінің бір қатысушысы өзінің негізгі капиталының жартысын басқа қатысушыға сатса, онда меншік құқығы бойынша серіктестік болады. Екі тұлға кез-келген түрдегі жылжымалы мүлікке бірлесе иелік ету үшін өзара мәмле жасағысы келсе, онда қатысушылардың біреуі екіншісіне өзінің жылжымалы мүлікінің жартысын ширкати-мильк немесе меншік құқығы бойынша серіктестік болуы үшін екіншісінің мүлікінің жартысының орнына сатуы тиіс. Мұндай сатып-алу сату мәмлесі жасалғаннан кейін серіктестіктің мәмлесі жасала алады. (Біздің автор меншік құқығы бойынша серіктестіктің осындай жолмен белгіленетінін, ал өзара серіктестік бұл жағдайда заңды анықтама алмайтындығын ескереді, өйткені кез-келген жылжымалы мүлік мұндай серіктестіктің мәмлесі жасалған кезде негізгі капитал бола алмайды). Жоғарыда айтылған «серіктес өзінің жылжымалы мүлікінің жартысын екіншісінің мүліктің жартысының орнына сатуы тиіс» деген ереже мынадай мағынада: әркім өзінің жылжымалы мүлікінің жартысын, егер келісімнің екі қатысушысы да бірдей құндылықтағы мүлікке иелік еткен жағдайда сатуы тиіс. Егер қатысушылардың құндылықтары өзара тең, бірдей болмаған жағдайда, онда құндылығы аз жылжымалы мүлікті иеленген қатысушы одан екіншісіне мұндай сатуымен өздерінің арасында серіктестік анықталатындай етіп сатуы тиіс. Мәселен, егер қатысушының біреуінің жылжымалы мүлкі 400 дарагим, ал екінші қатысушының жылжымалы мүлкі 100 дарагим болса, онда осы соңғысы біріншісіне өз мүлікінің бестен бір бөлігін олардың бірге иелік ететін жылжымалы мүлік орта есеппен бес пайға немесе үлеске бөлуге мүмкін болатындай етіп сатуы тиіс. Жоғарыда біздің авторымыз айтқан «меншік құқығы бойынша серіктестік (осындай мәмлемен) белгіленеді, бірақ өзара серіктестіктің заңды күші болмайды» деген ережесіне келетін болсақ, бұл ереже онша дұрыс емес, өйткені кез-келген түрдегі жылжымалы мүліктің өзара серіктестік мәмлесінің негізгі капиталына айналуы заңсыз, өйткені мұның салдары мүліктен түскен пайда болып табылады, ал бұл мүлікке қатысты ешқандай жауапкершілік жүктелмейді, себебі әрқайсысының капиталының үлесі бөлініс кезінде белгілі. Алайда, бұл себептердің бірде-бірінің қарастырып отырған жағдайға қатысы жоқ: біріншісі-өйткені қатысушылардың біреуінің екіншісіне мүлікінің жартысын сатқан кезде әрқайсысының мүлікінің жартысы екіншісі үшін жауапкершілік объектісін құрайтын мүліктен алынған пайда болып табылады; екінші себеп- серіктестіктің әрқайсысының капиталының шамасын (бағаланушылардың көмегімен) анықтауға сылтау жоқтығынан туындайды; өйткені екі қатысушының мүлікінің құндылықтары бойынша өзара тең және олар осы мүліктерге меншік құқығы бойынша серіктестік болып табылады; меншіктің бағасы қандай болса да олардың арасында теңдей бөлінуі тиіс.

Сауда серіктестігінің анықтамасы. Ширкати-инан немесе сауда серіктестігі қатысушылардың әрқайсысы ол үшін кепілгер емес, екіншісінің сенімді тұлғасы болған кезде пайда болады. Серіктестіктің бұл түрі екі тұлға сауданың қайндай да бір түрінде (мәселен, көйлектен немесе бидаймен сауда-саттық кезінде) серіктестік болған кезде құрылады немесе олар қандай да бір сауда ісін бірлесе отырып жүргізген кезде құрылады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Сауда серіктестері негізгі капиталдарда теңсіздікке жол береді. Егер қайсыбір серіктің негізгі капиталы екінші серігінің негізгі капиталынан артық болса, онда бұл жағдайда сауда серіктестігінің келісімін жасау заңды саналады, өйткені, мүліктің тең болуында ерекше қисын және шарттар бар, сауда серіктестік келісімін жасауда мұндай теңдік талап етілмейді.

Сауда серіктестігі табыстың үлесі әр қатысушының негізгі капиталына пропорционалды (өлшемдес, мөлшерлес) болмауына мүмкіндік береді. Сауда серіктестік жалпы негізгі капиталдан табыс қатысушыларға өзара әрқилы бөлінетін болса, егер жалпы капиталда үлесі бірдей болса, бұл келісім заңды саналады, тек жалпы негізгі капиталдан қатысушыларға тең емес жұмсалған мына жағдайда ғана, яғни, келісімі кезінде серігінің бірінің үлесі екіншісінен артық болғаны келісілген болса. Имам Зуфар мен Шафи табысты бұлай бөлісу заңсыз дейді, егер негізгі капиталдағы тең үлесте табысты біркелкі емес бөлінсе, онда мұндайға жол бергенде мүліктен табыс болады, салыстырмалы мағынада жауапкершілік жоқ. Егер негізгі капитал теңдей екі серікке тиіселі болса, ал табыс үлес бөлінген болса, онда табыстан үлкен үлес алатын адам, оны ешқандай өзінің тарапынан жауапкершіліксіз сатып алады, өйткені жауапкершілік капиталға пропорционалды. Екінші жағынан (Имам Шафи мен Зуфардың ілімінің негізінде, яғни мүліктерді араластыру серіктестікті орнатудың қажетті шарты деп санайтын) табысқа қатысу негізгі капиталға қатысу күшімен орнайды; өйткені, мүліктен табыс шындығында малдың тууымен іспеттес; ары қарай, әрбір қатысушы негізгі капиталда өз меншік құқығымен пропорционалды түрде бұл табысқа құқы бар. Біздің шайхыларымыздың бұған пікірлері екі жақты. Біріншіден, пайғамбар с.ғ.с. айтты: «Табыс олардың арасында келісімдері бойынша бөлінеді, ал шығын-мүліктің әрқайсысына бөліуіне қарай» оған қоса негізгі капиталдың теңдік және теңсіздік айырмасына қарай жасалмаған. Екіншіден, барлық адам өз еңбегінің табысына қақысы бар, (м;музарабат жағдайында) дәл сол сияқты ол фактілі иелік негізінде құқы бар, сол сияқты мынадай жағдай болуы мүмкін: серіктестіктің бір қатысушысы сауда істерінде басқа адамға қарағанда шебер және тәжірибелі болуы мүмкін, сондықтан да ол адамның табыстың үлесін онымен теңдей бөлісуімен келіспеуі мүмкін, осыдан оған үлестің қажеттілігі, ал басқаға табыстан үлес қана. Басқаша болғанда, барлық табыс серіктестіктің бір мүшесінің пайдасына кетер еді, өйткені, осындай нәтижедегі келісім серіктестіктің келісімі емес, өйткені музарабатта барлық табыс музарабаттың басқарушысының пайдасына өтеді, егер табыс капиталдың иесіне өтсе, несие болар еді, онда мұндай келісім бизаат болып табылады.

Имам Шафи мен Зуфардың келіспеушілігіне тоқталсақ, сонда: «негізгі капиталда үлестердің тең болуына табыстың бөлінуінде әркелікке жол берілсе, онда бұл жағдайда мүліктен табыс болады, онда оған жауапкершілік болмай қалады», бұған жауап береміз, сауда серіктестігінің келісімі музарабат келісіміне ұқсас мына жағынан, сондай әрқайсы жақ, жеке алғанда, өзінің серігінің капиталын басқарады; сауда серіктестігінің келісімі бір-біріне сенушілік серіктестігіне ұқсас келеді («серіктестік»), сондай екі серік қатысатын істің жүруіне байланысты. Сондықтан, бұл музарабатпен келісімнің үйлесімділігін, ұқсастығын ескере отырып, мынадай қорытындыға келеміз, мүліктен өзінің пайдасына заңда түрде табыс табуға болады, оған жауапкершілік жоқ.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бір-біріне сенушілік серіктестік келісімінің үйлесімділігін ескере отырып, біз екі серіктің тең қабілетті екендігін көреміз (дегенмен, табыстың үлкен бөлігі серіктес адамның біріне кетіп еді), дегенмен, негізгі капиталды басқару серіктестігінің келісімі салдары заңды күшін бұл жағдайда жоймайды.

Әр кісі сауда серіктестіктің келісіміне өз мүлігінің мөлшерінде қатыса алады. Сауда серіктесігінің келісіміне әрқайсы қатысушы өзінің мүлігінің бір бөлігімен заңда түрде қатыса алады, тек барлығы емес, өйткені, негізгі капиталдағы теңдік мұндай келісімге қолайлы жағдай туғыза алмайды, және «инан» термині бұл жерде талап етілмейді.

Сауда серіктесігінің негізгі капиталы серіктестікте өзара келісілген рұқсаты бойынша заңды болады. Сауда серіктестік тек мынадай мүлікте, яғни бір-біріне сенуші, өзара серіктестік объектісі болғанда ғана заңды болады.

Сауда серіктестік қатысушыларының негізгі капиталы түрі әртекті болуы мүмкін. Екі кісінің негізгі капиталының біреуінікі дарагимнен екінші-сінікі динардан тұрса да сауда серіктестігіне заңды түсуіне болады, немесе бір жақ ақ дарагимді, екінші жақ қара дарагимді¹ іске салса да болады. Имам Зуфар және Шафи бұл жағдайда сауда серіктестігінің келісімінің заңда күші болмайды дейді. Мұндай пікірлердегі айырмашылық негізгі капиталдардың араласуына негіз болуы мүмкін; жоғарыда аталған шайқылардың пікірінше, негізгі капиталдардың қосылуы айтарлықтай сауда серіктестігінің келісімін жасауға қажет болуы мүмкін, ол, онда ақшаның әртүрлілігіне жол берілмеуі тиіс.

-
1. Біз ақ пен қара дарагимнің арасында қандай айырмасы бар екенін түсінбедік: Мүмкін Парсы және Араб елдеріндегі жергілікті ақшадағы айырмашылық шығар.

Қарыз тек сауда серіктестіктің қатысушысы жасаған кісіден ғана алынады. Егер сауда серіктестігі келісімінің екі мүшесінің біреуі саудасаттық жасаса, тек оған ғана төлем түрі көрсетілген болса, бір-біріне кепілдік берумен емес көрсетілген келісім өзара сеніммен жасалса, ал сенімді өкіл барлық талаптарды орындайтын бірінші инстанцияның өкілдігін білдіреді.

Сауда серіктестіктің бір қатысушысы сатып алынған заттың құндылығын төлегенде, осы қатысушы басқа серігінен бағаның тиісті үлесін талап ете алады. Сауда сатықтың бағасын төлеу кезінде сатып алушы серік екінші серігінен оның бағасының үлес құнын талап етуі мүмкін (егер бұл төлем сатып алушының жеке меншігінен алынған болса, серіктестіктің негізгі капиталынан емес) өйткені, ол екінші серігінің оның үлесіне қатысты істегі сенімді өкілі саналады. Егерде, сатып алушы қандай қордан алынған ақшаға сарып негізгі капиталдан ба әлде, өзінің жеке меншігінен бе белгісіз болса, онда бұған байланысты сатып алушының арызы болса, онда ол дәлел келтіруі керек, өйткені ол мұнымен өзінің серігіне қарсы талап-арыз

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

білдіріп отыр, ал ол бұл талап-арызды мойындамайды, жауап берушінің арызына (антпен) сенім білдіруге болады.

Сауда серіктестіктің келісімі серіктестік капиталы немесе бір серігінің үлесі жойылған кезінде бұзылады. Егер сауда серіктестігінің барлық капиталы немесе қатысушының біреуі қайтыс болса немесе бір сатып алуға дейін іске аспай тұрып жойылса, онда осымен серіктестіктің іскерлік келісімі бұзылады. Себебі серіктестіктің іскерлік келісімі кезінде оның объектісі мүлік болып табылады (сыйлыққа беру немесе мұраға қалдыру кезіндегідей іскерлік келісім кезінде дәл анықталады). Солай болғандықтан іскерлік келісім объектісінің бұзылуымен келісімнің өзі де күшін жояды, дәл сату-сатып алу сияқты орны бар. Басқалары музарабат және жеке сенім¹ келісімнің кезіндегі орынды алады, өйткені дарагим немесе динарға тең мұндай мәміле кезінде басқаша бекітілуі² (яғни мәміле жасағандарын ескерту жолымен) мүмкін емес. Шын мәнінде иелік ету сияқты. Серіктестік немесе кепіл затымен шарттасқан мәміле келісімінен бөлек жоғарыда ескерімен келісім «жекелікте» анықтаумен шектелген. Себебі бұл серіктестік немесе кепіл төлемнің іскерлік келісімі жойылу кезіндегі соңғы заңды күшінен айырылады. Жеке келісімнің мысалдары: бір адам басқа біреуге құл сатып алуды тапсырады, мұнымен, егер келіскен адам ол тапсырған істі орындағаны үшін ақша алып және ол (капитал) оның қолында құртылса, онда мұндай келісім заңды күшінен айырылады. «Музарабат немесе серіктестік кезінде жағдайдың орны бөлек» - дейді Фахруль-Ислам өзінің «Зиадатқа берген түсіндірмесінде себебі мұнда дарагим мен динарға теп-теңдігі дәл анықтаумен қойылады, сондықтан, егер ақша бүлінсе немесе оны тапсырғанға дейін жоғалса, онда музарабат заңды күшінен айырылады». Бұл жоғарыда айтылған біздің автордың жағдайына қарама-қайшы. «Музарабат және дарагим мен динардың еп-тең жеке келісімі ие болу фактісінен басқа, қандай да өзге жолмен де, дәл анықтаумен де қойылуы мүмкін емес». Алайда, мүмкін бұл сұрақ бойынша автордың екі түрлі пікірі бар (шығар). «Қандай да бір сауда іске аспастан бұрын серіктестіктің барлық негізгі капиталы немесе бір серігіне қатысты капиталы бүлінсе іскерлік келісім серіктестігі жойылатындығы» айтылған жоғарыбағы жағдай; егер серіктестіктің жалпы капиталы құртылса; бір серігіне қатысты капиталы құртылған жағдайда, іскерлік серіктестігі жойылатыны өзінен-өзі анық, сол сияқты басқа серігі жағынан да (капиталы аман қалған, бұзылмай қалған) ізінше біріншісінің мүлкін пайдалануға келісім берілді. Өйткені, мұндай келісім өзара сенімділіктен тұратын, онда бұл жүзеге асуға мүмкіндік болмаса, онда басқа серігі (капиталы аман қалған) келіспейді. Тек біріншісі оның мүлкімен қолданса.

Сауда серіктестігінің бір қатысушының капиталы жойылған кездегі шығыны тұтасымен (бүтіндей) сол капитал кімде есептелінсе (жатса) соған салынады. Сауда серіктестік келісімінің нағыз тезисінде баяндалған жағдайларында, жоғарыда түсіндірілгендей, заңды күшінен айырылады, және оның жүзеге асуы пайдасыз. Осындай жағдайлардың салдарынан болған жоғалу басқа серікке емес дәл капиталы жоғалған адамға ауыртпалығы түседі, және бұл капитал біріншінің өз қолында жоғалуына немесе басқа оның серігінің басқа оның серігінің қолында жоғалуына тәуелді емес. Бірінші жағдайда жоғарыда баяндалған ереже анық, ал екінші жағдайда бұл капитал сеніп тапсырылған үшінші адамға қолданылады.³

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер капиталдарды біріктіргеннен кейін сауда серіктестіктің бір қатысушының капиталы жойылса онда шығын жалғыз оған түспейді. Бірақ егер бір серіктік капиталы жеке капиталды жалпы етіп біріктіргеннен кейін бүлінсе, жоғалу осы жалпы капиталға түседі, серіктестің әрбірінің меншігі қойылуы мүмкін емес, онда мұнан жоғалудың екі жаққа да түсуі тиісті.

Егер сауда серіктестіктің бір қатысушысы зат сатып алғаннан кейін басқа серігінің капиталы жойылса, онда екі серік те соған қатысады, ал серіктестік келісімі жасалынған мәмлениң шарты бойынша өз күшінде қалады. Егер қатысушының біреуі қарастырып отырған серіктестіктің өз капиталының үлесіне сауда жасаса, ал серіктестікке басқаның әкелген капиталы соның салдарынан бұрын бұзылса, оған қарағанда қандай да бір сауда жасалады, онда бірінші серіктестің сатып алған заты келісімнің шартына сәйкес хабарланған түрде сатып алынуы тиіс деп есептеледі, себебі ақыры сауда кезінде олардың арасында серіктесік жасалған екен, онда сатып алынған зат қарастырылып отырған сәтте осы серіктестіктің объектісі болды. Және бұл серіктестіктің келісімінің нәтижесі саудадан кейін басқа серіктестің мүлкінің бүлінуімен өзгермейді. Бұл серіктестіктің саудаға қатысты (Имам Мұхаммедтің пікірі бойынша) бастапқы келісімнің нәтижесі бар.

1. Арабша «вакаляти-мунфарида», яғни қандай-да бір жеке іс-әрекетке қатысты сенім

2. Ол турасында келісімде еске алу жолымен

3. Сенім білдірілген өкіл оған сақтауға берілген мүлікке жауап бермейді, егер ол жоғалса немесе бүлінсе.

Сондықтан, егер екі серіктестің біреуі сатып алынған затты сатса, онда мұндай сауда¹ заңды. Хасан-Ибн-Зияд қарастырылып отырған серіктестік тек меншік құқығы² бойынша ұсынылғанын дәлелдейді. Сондықтан, серіктестің ешбіреуі өз жеке үлесінен артық сатуы заңды емес. Сондықтан серіктестік келісімінің өзі қандай да бір сауда жасалғанға дейін капиталдың жойылуында бұзылған сияқты серіктестік келісімінің өзі капиталдың жойылуының салдарынан бұзылады, меншік құқығы бойынша серіктестік орнатылғаннан гөрі сауда серіктестігі бұзылды деп есептелген. Мұндай сауданың нәтижесі жалғыз меншік құқығы (осы сатып алудың) болып табылады. Имам Мухаммед мынаған келіспейді. Сатып алуға қатысты келісім орындалған және ол мұндай орындаудан кейін мүліктік жойылуы салдарынан заңды күшінен айырылмайды. Қарастырып отырған жағдайда сатушы өз серіктесінен бағасының тиісті бөлігін (сатылған заттың) алуы тиіс екенін ескеру керек, себебі ол бұл заттың жартысын сенім білдірумен сатып алды және оған меншікті мүлкінен ақша төледі, бұл қалайда түсіндірілді. Жоғарыда айтылғандар екінші серіктестің капитал үлесінің жойылуына дейін сауда серіктестіктің бір қатысушысымен жасалғанына негізделген.

Егер бір қатысушының капиталының үлесі басқа қатысушы зат сатып алғанынша жойылса, осы затты сатып алуға серіктестіктің меншік құқығы шарты бойынша қатысушылардың екеуі де қатысады. Алайда егер сауда серіктестіктің бір қатысушысының капиталы жойылса, сосын оның серіктесі жекеменшік затымен сауда жасаса, келісім бойынша әрбір серіктес басқа сенімді тұлға ретінде әрекет жасауы болғанда, онда барлық сатып алынған зат екеуінің бірінші

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бекітілген шарттың күшімен екі серіктестің арасында бөлінуі тиісті. Себебі сауда серіктестігі келісімі бұзылса да бұл келісімде ерекше ескертілген өзара сенім өз күшінде қалады. Сондықтан бұл саудаға екі серіктес осындай сенімнің күшімен қатысады және меншік құқығы бойынша серіктестік түрінде олардың арасында байланыс қалады. Сатушы осының салдарынан өз серіктесінен бағаның тиісті бөлігін алуы тиіс.

Өткен тезисте айтылған жәйт сауда серіктестіктің келісінде қатысушылардың өзара сенімхаты туралы ескерту болса орын алады, егерде ондай ескерту болмаса, затты сатып алуы тек сатып алушыға ғана жатады. Егер екінші жағынан сенімділік мәтінінде тек серіктестік жайында ескеріледі, бірақ қатысушылардың сенімхат бойынша бірімен бірі әрекет ету құқықтарына қатысты ештеңе айтылмайды. Қатысушының біреуі сатып алынған зат тек сол адамның өзіне ғана тиесілі: егер бұл затты сатып алуға екі серіктес те бірдей қатысса, онда мұндай іс сол келісімдегі сенімділік _____

1. Бастапқы келісімге сәйкес (сатып алуға қатысты) серіктестік күшінде қалады.

2. Келісімнің күші емес, жалғыз күші бар өзара меншік құқығына сәйкес.

Онда өзара сенімділік серіктестік бұзылғанда жойылмайды, себебі ол тек келісім нәтижесі ғана емес, келісімнің ерекше шарты болып табылады.

күшінен орын ала алатын еді; ал ақыры келісім бұзылған екен, онда осымен сенімхат та жойылады. Өзгелері серіктестік келісім қатысушылары келісімді бекіту кезінде өзара сенімхаттың шарттарын ерекше алдын ала келіскен жағдайларда орын алады.

Сауда серіктестіктің жолдастардың негізгі капиталдарын ауыстырмағанда да заңды күші бар. Сауда серіктестігіне қатысушылар өздерінің капиталдарын ауыстырмай-ақ серіктестіктің заңды күші болады. Имам Зуфар мен Шафи бұл жағдайда серіктестіктің заңды күші болмайды деп бекітеді, өйткені табыс капиталдың және табысқа қатысу сол капиталға қатысусыз орын ала алмайды, ал бұл өз кезегінде капиталдың аралас немесе біріккен шарттарындағыдан басқа орынға ие бола алмайды. Олар өздерінің дәлелдеріне серіктестік келісімінің капиталы келісім объектісі болып табылады деген түсіндірмесін негізге алады. Сол серіктестіктің қатысушылары «мен сондай бір капиталда сені қатысушы (серіктес, жолдас) етемін» деген серіктестік келісін бекіту арқылы капиталға қатысады, сондай-ақ, капиталды дәл анықтау мұндай келісімді бекіту үшін қажет, сол себебі серіктестік капиталында серіктестің екеуі де қатысуы керектігі талап етіледі. Басқалары серіктестік емес музарабаттағы орынға ие: музарабатты басқарушы капитал иесі үшін әрекет етеді, және соған қарай табыстың бөлігіне шағым ретінде немесе өз еңбегінің ақысы ретінде құқы бар. Осымен қарастырылап отырған жағдайдан оның ерекшелігі табыс капиталдың өсімі болып табылады, оның еңбегінің ақысы емес. Бұл Имам Зуфар мен Шафий принциптерінің басты негізі. Одан шығатыны, олар серіктестік келісімі кезінде екі қатысушының да капиталы; қарсы жағдайда келісімнің заңды күші жоқ. Олардың пікірімен сәйкес, негізі капиталдың теңдігі кезінде жолдастың біреуі табыстың артығын белгілеуі заңсыз, себебі, табыс капиталдың өсімі. Сонымен бірге олар өнер және қолөнер серіктестігі заңсыз деп есептейді, себебі, ол төменде түсіндірілетіндей негізгі капиталы жоқ. Біздің ғалымдар бұған екі жақты келіспейді. Біріншіден табысқа қатысу серіктестік келісімінің нәтижесі болып табылады, капиталдың нәтижесі емес. Себебі,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ақыры келісімнің өзі серіктестік келісімі деп аталған соң, оған серіктестікті көрсететін байланысқа лайық қасиет болу керек; Ал осындай шарт кезінде капиталдың араласуы елеулі қажеттілікті көрсетпейді. Екіншіден, ақша (капитал құрайтын) дәл анық болмаса, онда табыс сол капиталдан емес және басқа бірденеден де емес, осы капиталдың іске кірісуіндегі айналым сияқты, себебі әр қатысушы капиталдың бір жартысына қатысты қожайын және екіншісіне қатысты сенімді тұлға болып табылады. Мұнан көрінетіні, серіктестіктің айналымға қатысы бойынша капиталдың араласуынсыз қойылуы мүмкін; демек ол мұндай араласуынсыз-ақ айналым нәтижесі (табыстары) болып табылуына қатысты қойылуы мүмкін. Ал серіктестік келісімі музарабат келісімімен ұқсас болған болса, онда мәні бойынша капиталдың бірегейлігі табыстың бірдей үлестірілуі капиталдың тең кезінде де қажеттілік болып көрсетілмейді. Өнер және қолөнер серіктестігі мұндай негізде заңды болады. Серіктестік (сауда) оған қатысушының біреуінің пайдасына табыстың дәл анықталған бөлігін белгілеуге жібермейді. Табыстың қандай да бір анықталған үлесін жолдастың біреуінің пайдасына шешілген серіктестік келісімі заңсыздықты көрсетеді: мұндай шарт серіктестіктің бұзылуына әкелуі мүмкін. Дегенмен, мүмкін оның айналымы жалпылай жарияланған суммадағы оның айналымдағы табыстан артық емес. Қарастырып отырған жағдайға мынандай мысал сәйкес келеді; жерді иелену келісімі жасалған кезде оның өнімінен үлесті бір жақты сұрап алу (жер иесі немесе жерде пайдаланушы); бұл келісімнің заңды күші жоқ, өйткені мұндай келіссөз серіктестік жойылуына соқтырады, жерді иелену серіктестігінің келісімінде аса қажет, өнім жер иеленуші мен пайдаланушының арасында теңдей бөлінуі тиіс.

Сауда серіктестіктің әр қатысушысы негізгі капиталдың өз үлесін басқа кісіге бизаат арқылы бере алады. Сауда серіктестік келісімнің әр қатысушысы, өзара сенімділік серіктестік сенімді басқа біреуге негізгі капиталдан өзінің үлесін аударуы мүмкін. Өйткені, осындай әдет серіктестік келісіміне қатысты бекітілген; сонымен қатар, әрқайсысы серік (жолдас) басқа бір адамды жалдауы мүмкін, себебі, оның еңбегінің табысын пайдалану үшін; жалдағанға қарағанда бірақ сондықтан қандай да бір қаржы жұмсаусыз табыс табу тәуекелдік саналады. Бірінші әдіс қалай да a fortiori ретінде қабылдануы мүмкін.

Сауда (өзара) серіктестіктің әр қатысушы негізгі капиталдың өз үлесін бөгде кісіге сақтауға бере алады. Әдетке сәйкес және кейде көкестік (саудагерлік) тұрмысқа қажет ретінде сауда серіктестіктің әр қатысушысы негізгі капиталдың өз үлесін бөгде кісіге сақтауға бере алады.

Сонымен бірге жолдастардың әрқайсысы негізгі капиталдың өз үлесін музарабат арқылы ерекше басқарушыға сеніп тапсыра алады. Әрқайсысы жолдас негізгі капиталдың өз үлесін музарабат арқылы ерекше басқарушыға сеніп тапсыра алады, өйткені музарабат онша маңызды емес келісім саналады. Айталық, өзара сенімділік немесе сауда серіктестігіне қарсы ретінде, осыдан, серіктестік келісімі, музарабат келісімінің қорытындысы іспеттес. Абу-Ханифаның бұған пікірі белгілі, серіктестік келісімінің қатысушының бұлай әрекетке баруға қақысы жоқ, өйткені музарабат келісімі серіктестік келісімінің бір түрі болып табылады. Дегенмен, жоғарыда айтылған пікірге сәйкес «мабсуд»-тағы талқымен келісе және көптеген шайхтардың мақұлдауымен серіктестік музарабат келісімінің түпкі мақсаты болып

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

табылмайды; соңғысының түпкі мақсаты табыс табудан тұрады. Сондықтан серіктестіктің негізгі капиталын басқа біреуге музарабат жолымен заңды берудің негізі мынада, осы капиталдың иесі ақылы негізде жұмысшыны жалдауы мүмкін. Біріншісі (капиталды музарабат жолымен өткізу) әлдеқайда заңды саналады, екіншісіне қарағанда (ақылы негізде жұмысшы жалдағаннан гөрі), өйткені, музарибаның басқару мен капитал табыс әкелмесе онда оның еңбегіне ешқандай ақы төленбейді. Ал жалданған жұмысшыға ақы төлеу міндетті. Егер оның басқаруындағы капитал ешқандай табыс әкелмесе де, серіктестіктің келісіміне қатысты басқа да нәрсені айтқанда, айталық, оның ешбір қатысушысы үшінші біреумен осындай келісімге бармайды. Егер де объект серіктестің капиталы болса.

Жолдастардың әрқайсысы өз атынан сенім берілген кісіні тағайындай алады. Сауда серіктестігі және өзара серіктестік келісімінің әр қатысушысы өздеріне үшінші бір тұлғаны сенімді өкіл ретінде тағайындай алады. Саудаға қатысты тағайындалған сенімді тұлға сату-сатып алу әрекетінің бір актісін жүргізуге тағайындалған, ал серіктестік сол сауда ісін жүргізуге құрылады. Сатып алу ісіне тағайындалған сенімді өкіл басқаша айтқанда, яғни, бұл тұлға өз кезегінде басқа біреуді, өзінің сенімді өкілі етіп сатып алу ісіне тағайындай алмай, өйткені ол ерекше келісімге ие сауда үшін тағайындалған. Оның түпкі мақсаты дәл және оның айтарлықтай затты сатып алуға бағытталған.

Серіктестіктің әрқатысушысы серіктестіктің капиталына мүлікті сақтау мақсатында сенім берілгендіктен ие болды. Серіктестіктің әр қатысушысының иеленуге құқы, ол сауда немесе өзара сенімділік серіктестік болсын капиталды сақтауға сенім берілгендіктен ие болады, өйткені, осы мүліктің иесінің келісімімен әрқайсысы мүлікке ие бола алады; дәл солай, қандай да бір затты иеленуге кіріскен тұлғаның сатып алу секілді (затқа кепілдік жарнасы секілді емес); сондықтан да серіктестіктің негізгі капиталын қатысушыларының сақту үшін сенім берілгендігінен ие болады.

Өнер мен қолөнердегі серіктестіктің анықтамасы. Мирикати – син-аа немесе өнер мен қолөнердегі серіктестік (кейде ширкати – такаббал¹ деп атайды), мысалы екі тігінші немесе екі бояушы өзара келісім арқылы серік (жолдас) болып, бірге табысын серіктестіктегі сенімді бөліссе; мұндай келісім, біздің шайхтардың пікірінше заңды саналуы тиіс. Имамдар Зуфар және Шафий мұндай келісім заңсыз деп дәлелдейді. Өйткені серіктестіктің мақсаты екі серіктің қатысуымен табысқа қатысу дейді; ал қарастырып отырған серіктестік бұл талапқа сәйкес келмейді. Ол үшін негізгі капитал нақтылай қажет, өйткені екеуінің капиталда қатысушы ретінде негізделеді (аталған шайхтардың бұны негізгі ереже деп көрсетеді) ал, қарастырып отырған жағдайда капитал жоқ. Біздің шайхта бұған қарсылық білдіреді, яғни, қарастырылып отырған келісімнің меншікке ие болу болып отыр. Бұған қатысушылардың өзара сенім келісімімен жетеді. Өйткені, әр қатысушы түсетін пайданың жартысына екіншісіне қатысты түсетін пайданың жартысына сенімді және екінші жартысына қатысты да қожасы бола алады. Демек, келешектегі табысқа сәйкес серіктестік құрылады. Серікті өнер мен қолөнерді орналастыру үшін оның әр қатысушысы бір қолөнермен айналысқанын, немесе бір жерде тұруын талап етпейді. Қолөнердің бірыңғайы және тұрақ жері өнер мен қолөнердегі серіктестікті құру үшін айтарлықтай қажет етпейді.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Имамдар Мәлік пен Зуфар мұнымен келіспейді. Олар қолөнердің бірыңғайлығы және мекен жайы айтарлықтай қажетті дейді.

Келіспеу. Алдыңғы кезде Имам Зуфардың пікірінде, өнер мен қолөнерде серіктестік заңсыз делінген еді; Содан мынандай қорытынды жасауға болады. Ол оны мынадай жағдайда қарама-қайшылық қалыптасады.

Жауап. Имам Зуфардың екі пікірі осы мәселе бойынша белгілі: тезистерде біріншісі ескеріледі, ал қазіргісінде екіншісі мазмұндалған. Имам Зуфар өзінің қазіргі пікіріне қолдауымен мына дәлелдерді елтіреді: егер өнер және қолөнер серіктестік қатысушылары әртүрлі қолөнермен айналысса (мысалы, егер серіктестікке бояушы мен ақтаушы кірсе) онда олардың әрқайсысы өз жолдасының әрбір өнер кәсібінде бұл өнерді білмегендігімен шығынды болады; осындай жағдаймен, серіктестіктің соңғы мақсаты орындалмай қалады; Егер мұндай серіктестіктің қатысушылары әр жерде тұрса, онда олардың әрбіреуі екіншісінің өнер кәсібінде қатысу мүмкіндігінен айырылады. Біздің шайхтарымыз мынаған келіспейді, заңдылық мотивінің (жеке қолдан жасаған бұйым) мұндай серіктестікте болуы қолөнер бірегейлігі мен тұрғылықты жері немесе қарама-қарсы жағдайда да ештеңемен бұзылмайды. Бұл заңдылық мотивіне қолөнердің бірегейі немесе кері жағдай әсер етпейді, себеп сенімді тұлғаның екі жақты келісімі бойынша, қандайда бір істің жүргізілуі үшін тағайындауы біздің шайхтарымызбен құпталады, мына жағдайларсыз да, бұл істі ашқан кісі өзі жеке оның қанағаттанарлықты орындаса немесе орындамаса және бұл адам ашқан істі жеке жүргізуге міндетті емес, бірақ оны әйтеуір бір адамға тапсыруы мүмкін; ал жолдастардың әрқайсысы осындай жағдаймен ашқан істі жүргізуі басқа адамды тағайындай алса, онда соған орай, келісім заңды күшіне ие. Заңдылық мотивінде тұрғылықты жері немесе қарсы жағдайда әсер етпейді, себебі егер екі жолдастың біреуі бір шеберханада, екіншісі басқа шеберханада жұмыс істесе, онда бұның нәтижесі істің маңызды жағдайларында ешқандай айырмашылық болмайды.

Өнер мен қолөнерде серіктестік кірісті біркелкі емес бөлуіне рұқсат береді. Атап айтқан орынды, қарастытылып отырған жағдайда серіктер (жолдастар) бірінғай жұмысты жүргізуге келіссе және осыдан түскен пайданы үшке бөлсе, онда бұл келісім шарғи заңның талқысына сәйкес заңды болып есептеледі. Мұндай келісімге ұқсас жағдайда заңды деп есептей алмайсыз, өйткені жауапкершілік еңбекпен пропорционалды, бұл келісімнің нәтижесінде еңбектен табыс болып тұр; демек, бұл жағдайда табыстың артығы серіктестіктің біреуінің пайдасына кетуі заңсыз. Барынша заңға сәйкес сылтау-себеп талқылауда мынадай; әр серіктің алған табыс саналмайды, сондықтан, напақа табыс ретінде тек, негізгі капитал мен өсім біркелкі болғанда сәйкес келеді; қарастырылып отырған жағдайда ол біркелкі, өйткені капитал қызметін еңбек атқарып отыр, ал табысты кейбір меншік құрайды, осылайша бұл табыс емес, еңбекпен өтеу ғана болып тұр. Екінші жағынан, еңбек бағалануы мүмкін және екі серік напаканы бөлуге қатысты келісімге келсе, онда соңғысының үлесі әрқайсысының жеке еңбегін бағалау және өтеу болып көрінеді; Демек, напақа үлесіндегі артық мөлшер ешқандай заңсыз болмайды, егер ол өзара келісім күшіне сәйкес алса. Басқаша жағдайдағы, яғни сенім серіктестігінде, өйткені, бұл жағдайда өсім капиталымен біркелкі (екеуі де мүлікті көрсетіп отыр); капитал және өсім бірінғай болғанда табысты орнатуға болады; яғни, мүліктен табысты, оған жауапкершілік жоқ, ол музарабаттан

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

басқа келісімдер жағдайында заңсыз; бұдан шығатын қорытынды, ол діни сенімге құрылған серіктестікте де заңсыз болады. Сондықтан қарастырылып отырған жағдай өзінің сенімді серіктестікке ешқандай үйлеспейді.

Серіктестіктің бір қатысушысы алған жұмыс басқа да қатысушыға міндетті; әрқайсы тапсырушыдан табысын талап ете алады. Қолөнер серіктесігінде қатысушылардың бірінің тарапынан тапсырысты орындауға алған серікке және басқа қатысушыға да міндетті, сондықтан тапсырыс беруші тапсырысын серіктестіктің кез-келген өз қалауы бойынша қатысушысынан талап ете алады және келешекке серіктестіктің қатысушысы тапсырыс берушіден еңбекақысын талап ете алады; Өз кезегінде тапсырыс беруші тапсырысының төлем ақысын толықтай серіктестіктің бір қатысушысына бере алады және ол екіншісінің қандай талап-арызынан өзін босатады; Бұл ереже өз-өзінен ақ көрініп тұрғандай қолөнер серіктестігінің қатысушылары өзара сенім мен өздеріне тән қасиетке ие болған жоғарыда ғана іске асыра алады, егер ол серіктестік өзара сенім қасиетіне болмай, сауда серіктесігіне тән болса, онда бұл ереже заңның ізгілікті талқысына сәйкес рұқсат етіледі. Мұндай рұқсат беруге жол беруге болмайтын секілді, өйткені серіктестік келісімі жалпы түсінікке, яғни ерекше өзара кепілдіксіздікке құрылған, ал өзара сенім кепілдігі сауда серіктестігінің шарттарына еңбеген; бұдан мынадай қорытынды жасауға болады; яғни тапсырыс беруші тапсырысын қолөнер серіктестігінің әрқайсы қатысушысынан талап етуге қақысы болмайды және сол секілді серіктестіктің кез-келген қатысушысы тапсырыс берушіден еңбек ақы талап етуге қақысы жоқ; сол секілді тапсырыс беруші серіктестіктің кез-келген қатысушысынан еңбек ақы төлеу міндетінен босатыла алмайды. Дегенмен, ырысты түрде заңды талқылауға мынадай түсінік беруге болады. Қолөнер серіктестігі келісімін жасау жауапкершілігінің дерегі бар, онда бұл келісімінің өмір сүріп отырған жағдайында тапсырысты орындау екі қатысушыға да міндет еңбек ақы алуға тең жағдай есептеледі. Егер қолөнер серіктестігінің екінші қатысушысы біріншісімен тапсырысты өзара орындауға бөліске салмаса, онда ол еңбекақы алуға қатысуға қақысы болмайды. Көрініп тұрғандай, қарастырылып отырған серіктестік өзара сенімділік серіктестігіне тең және тапсырысты өзара орындау арқылы еңбек ақыда өзара иеленеді.

Жеке несие бойынша серіктестіктің анықтамасы. Ширкати-вуджох немесе несиелік серіктестік ешқандай мүлікке ие емес екі жолдас, несиелеуге сатып алынған затпен өзара серіктестігін құруға келісім жасап және өзара есептерінен сатуға келісу. Бұл келісім серіктестігі «вуджох» терминімен белгіленген несиеге сатып-алу белгілі тұлғалар (вуджахит) болып саналатын адам арасында жүруі мүмкін.

Сену арқылы жасалынған серіктестіктің келісіміне өзара шарт кіреді.

Сену арқылы жасалынған серіктестік өз кезегінде өзара сенім серіктестігі болып табылуы мүмкін, яғни оның әр қатысушысы сенімді өкіл және басқаға кепілдік бола алады. Сондықтан, кепілдікке жасауға қабілетті екі кісі, қандай да бір затты тең үлеске ие болу шартымен сатып алады, ол «өзара сенім» тіркесімен келімге келеді, онда бұл келісім (мәмле) өзара сенім мәніне ие болады. Егер, екінші жағынан вуджох келісім серіктестігі жалпы мәнге ие болса, онда ол ширкати-инан келісімі саналады, немесе сауда серіктестігі, өйткені мұндай келісім жасаудағы вуджох серіктестігі сауда серіктестігі іспеттес іс жүргізеді. Біздің шайхылар мұндай түрін заңды деп

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

мойындайды. Имам Шафи бұған қарсы, ол заңсыз деп нандырады. Екі жақтың дәйектері жоғарыда қарастырылды.

Вуджох серіктестіктің әр қатысушысы сонымен бірге өзінің басқа жолдасының сенім берілген кісісі болады. Вуджох серіктестігіндегі әр қатысушысы барлық нәрсеге екіншісіне сенімді кісі саналады, айталық сатып алынған затқа, сондықтан басқасы үшін жасалған әрқайсы акт заңды күшке ие, егер ол сенімділікке немесе ерекше билік негізінде жасалмаса; сондықтан мұндай жағдайда серіктестіктің ешқайсы қатысушысы басқасының үстінен билік жасауға ұрынбаса, онда сенімділік орнады деп есептеу керек.

Әр вуджох серіктестіктің кірісі басталған (кіріскен) әрекетке қатысу үлесіне пропорционалды (өлшемдес) болу керек. Егерде вуджох серіктестігінің қатысушылары сатып алынған бірдей иелік етуге және табысты теңдей бөлуге келісім жасаса, онда мұндай келісім заңды саналуы тиіс; бірақтай бұл жағдайда артылып қалған табысты серіктердің біреуінің заңды түрде пайласына аударуға болмайды. Егерде олар сатып алынған затты өзара үшке бөлуге келіссе және оны сатудан түскен табысты да үш үлеске бөліссе, онда бұл келісім заңды. Бір сөзбен айтқанда, егер әрқайсы жолдастың табысы серіктестіктің кірісі басталғанда әрекетке қатысу үлесіне өлшемдес, онда мұндай вуджох келісімі заңды, қарама-қайшы жағдайда заңсыз. Бұл ереже мынадай ұғынысқа негізделі отырып, яғни кез-келген кісі капиталдың күшімен табысқа ие болуға қақылы, мейлі істі басқару немесе жауапкершілікті болсын. Демек, капиталдың иегері табысқа ие болуға қақылы; басқарушы қандай-да бір істе немесе мүлікке басқару арқылы табысқа ие болуға қақылы; шебер қолөнерші алынған тапсырысты шәкіртімен немесе шеберімен бірге орындау нәтижесінде еңбекақыны жартысы немесе үштен бірін пайдасын иеленуге қақылы жұмысын табысты болуына жауапты бола тұра, сондықтан да бір кісі екіншісіне былай деп айта отыруы заңсыз саналады; «Өзінің капиталыңды айналымға сал, табысы менікі болсын» десе, бұл жағдайда жоғарыда айтылған бірде-бір шарт орындалмаған болады.

Заңды түрдегі табыс ие болуға тек жоғарыда көрсетілген үш негіздеме ғана себеп бола алады, сену серіктестігіндегі пайдаға тек жауапкершілік тең күшімен орнайды және одан басқа, жауапкершілік сатып алынған затқа меншікке ие болуымен байланысты. Осыдан, артылып қалған кез-келген табыстан пайда мүліктен түсетін табысқа сәйкес иеліктегі үлестен тең емес, салыстыруға болмайды, оған жауапкершілік жоқ. Жауапкершілік жоқ мүліктен пайда тағайындау, тек музарабат келісімін жасау кезінде заңды ал вуджох серіктестігі музарабат қасиетіне ие емес. Ол сауда серіктестігінде өзгеше орын алады, ол музарабат қасиетіне ие, яғни ондай серіктестіктің әр қайсы қатысушысы өзге жолдасының мүшесінің есебінен айналым жасайды, дәл музарабаттың басқарушысы секілді, музарабат иесінің мүлкінен айналым жасағандай, осыдан көрініп тұр, сауда серіктестігі шын мәнінде музарабаттың дәл өзі.

Бөлім. Заңды күші жоқ серіктестіктер туралы

Неқұрайлы (парықсыз, талғаусыз) заттар жөнінде серіктестік болуы мүмкін емес. Ағаш, шөп және жабайы құстарға қатысты серіктестіктің заңдылық орны жоқ..

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер екі адам өзара осындай заттарға қатысты серіктестік келісім жасаса және нәтижеде ағаш шөп жинап немесе аңда құстарды өлтірсе, осындай келісімнің бір қатысушысына аңда өлтірілген құс немесе жиналған ағаш және шөптер тиіселі болады оның серігіне емес. Бұл ереже тағы да сол сияқты жағдайларға байланысты, айталық, екі адам өзара серіктестік келісімін әртүрлі заттарға байланысты құрса (м; баршаның игілігі саналатын ұрықтар, жабайы өсетін жидектер т.б), өйткені, серіктестік келісімі өзіне сенімді қалыптастырады, ал әртүрлі парықсыз заттарды сатып алушы сенімді өкілді тағайындаудың заңды күші болмайды, және сенім білдірушінің талғамсыз осындай заттарға қатысты тапсырмасы дұрыс емес, өйткені, мұндай заттарға қатысты серіктестікке сенім білдіру билік тарапынан әшкереленуімен бірдей, оның сенімді өкілі емес, тек сенім білдіруші ғана басқарып ұйымдастырады. Бұл жағдайда сенімді өкілдің өзі парықсыз мәндегі заттарды иеленуге сенім білдірушінің өкілдігінсіз қатыса беруіне болады. Демек, мұндай сенімді адам парықсыз заттарға қатысты өзінің сенім білдірушісінің өкілі санала алмайды. Бір сөзбен айтқанда, парықсыз заттарға меншік құқы жалғыз сақтау және иелену актісімен белгіленеді.

Немқұрайлы (парықсыз) заттар жөнінде серіктестік келісім жасауға болады, егер оның қатысушылары осы заттарды иеленуге алса. Егер екеуіде осындай заттарға иелену құқықына тең ие болса, бірақ егер біреуі ғана парықсыз заттарды иеленуге еңбек ететін болса, екіншісі ешқандай нәрсе істемесе, онда ол заттар еңбек еткен бір адамға ғана тиіселі болады. Екінші жағынан, егер бір қатысушы парықсыз заттарды иеленуде басты ролді адам болса, ал басқасы – екінші дәрежедегі адам болса, біріншісінің көмекшісі (м; біреуі көшеттерді жұлса, екіншісі жинаса, немесе біреуі жұлып, жинағанда, екіншісі алып кетсе немесе тасыса), онда бұл жағдайда көмекші өзінің еңбегіне жараса жалақы алуы тиіс. Имам Мухаммадтың пікірі осындай. Абу Жүсіп жоғарыда айтылған әңгіме тек мынадай жағдайда қолданылуы тиіс: айталық, еңбек ақы парықсыз заттардың құнының жартысынан аспаған жағдайда ғана; егер ол асып кетсе көмекшіге тек жартысының құны бағасы ғана төленуі тиіс, келісімге сәйкес ол жартысының құнындағы жалақыға қанағаттануы тиіс, одан көбіне талап етуге қақысы жоқ.

Немқұрайлы заттар жөнінде серіктестік келісімі мынадай жағдайда орынды болады, егер екі қатысушының осы заттарды сатып алуға қаржылары әртүрлі болса. Егер суды қазып шығарып алуға біреуі мула екіншісінде тері шелек болса, және бұлар суды қазып шығаруға өзара байланысты серіктестік келісімін құрса, бірге барлығын иеленуге келіссе, осындай жұмыспен әуреленсе, онда мұндай жұмыстың заңды күші жоқ, ал барлық сатып алынған заттар суды шындығында қазып алып жатқанның меншігіне өтеді. Егер бұл адам муланың иесі болса, онда ол шелектің иесіне шелекті жалға алғаны үшін ақысын төлеуі тиіс, егер суды шелектің иесі қазуды жүргізіп жатса, онда ол муланың иесіне муланы жалға алған ақысын төлеуі тиіс. Мұндай серіктестік келісімінің заңды күші жоқ болуының себебі, олардың объектісі парықсыз (немқұрайды) зат (су) болып тұр. Мула мен шелектің жалға алу құнының төленуі себебі, немқұрайды затты (су) қазушы оған иелік етіп отыр, өйткені, келісімінің нәтижесінде одан пайда табады. Сондықтан мула мен шелектің иесіне оны жалға алған құнын төлеуге тиіс.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Әр серіктің (жолдасы) кірісі оның капиталына пропорционалды (мөлшерлес) болуы тиіс. Заңды күші жоқ кез келген серіктестіктегі табыс капиталға пропорционалды болуы тиіс және кез-келген келісім, яғни бір серіктің көбірек пайда табатыны, заңда белгіленгені пайдасы есептелмейді. Сондықтан да, егер серіктер тең капиталға ие болса және оны үшке бөлуге келіссе, онда мұндай келіссөздің заңды күші болмайды, және пайда теңдей бөлінуі керек. Бұл ереже мына ойға негізделген, яғни, пайда капиталдың өсуі болса, өзінің көлемімен оған тәуелді, онда ол капиталға (келісімнің әр қатысушысы) пропорционалды болуы тиіс, дәл егіншіліктегі өнімге оның ұрығының себуінің пропорционалдығы секілді. Шектен тыс пайдаға талап тек алдынала ерекше келісімнің күшімен болуы керек, сондықтан әрқайсы серік өзінің капиталына пропорционалды пайданың үлесін талап етуі мүмкін.

Егер жолдасының біреуі қаза болғанда не діннен безушілік (дінсіздік, дін бұзарлық) жасаса, онда серіктестіктің келісімі заңды күшін жояды. Егер серіктің бірі өліп қалса немесе діни сенімінен айырылса және бөтен елдің азаматына айналса, онда бұл жағдай серіктестік келісімінің заңды күшін жояды, өйткені, ол өзара сенушілікке құрылған, ол жоғарыда айтылғандай серіктестіктің өмір сүруіне аса қажет нәрсе; сенімділік өліммен жойылады, дінінен безген кезде бөтен елге қашып кету, мұнда қазі осылай қашуға қаулы шығарса, онда ол өлгенмен бірдей. Сенімділіктің жойылуы салдарынан бұл жағдайда серіктестіктің келісімінің заңды күші жойылады.

Жолдасының біреуі екінші жолдасы қаза болғанынын не діннен безушілік (дінсіздік, дін бұзарлық) жасағанына мәлім болғанын білмейтін жағдайда да серіктестіктің келісімі жойылады. Атап кету керек, серіктестік келісімінің заңды күші қатысушының бірінің діннен бездірілген немесе қайтыс болған жағдайында және оның екінші серігіне белгілі ме әлде жоқ па оған қарамай күші жойылады; және бұл жағдай серіктестіктің тарауына әсер етпейді, өйткені, серіктестіктің тірі қалған қатысушы өзінен өзі міндеттен босатылады, демек серігінің өлімі туралы хабар беруге ешқандай айтарлықтай қажеттілік жоқ. Басқаша жағдай болғанда, яғни, серігінің бірінің келісімді бұзуы, бұл тәртіп бұзушылықтан кейін екінші серігіне міндетті түрде хабар етуі қажет болады, өйткені келісімді бұзу әдейі оны тарату деген сөз.

Бөлім

Ешкім серігінің рұқсатысыз оның мүлкінен зекет төлей алмайды. Серіктестіктің ешқайсы мүшесі заңды түрде серігінің мүлкінің есебінен оның оған келісімсіз зекет төлей алмайды, өйткені зекет төлеу сауда ісінің саласы емес.

Зекет төлеу туралы өзара рұқсат жағдайлары. Егер әрқайсы серіктестік келісімінің мүшесі өз мүлкінен зекет төлеуге серіктестіктің басқа мүшесіне төлей беруге жалпылай рұқсат берсе және әр серік алдымен серіктестік капиталындағы жеке үлесінен зекет төлесе, ал кейін серігінің үлесінен төлесе, онда соңынан төлеген серік жауапкершілікті алады, басқа серігі төледі ме жоқ па. Абу Ханифаның ілімі осындай. Екі шәкірт бұл жағдайда жауапкершілікке орын жоқ дейді, өйткені, зекетті соңынан төлеген кісіге басқа серігінің зекет төлеген фактісі туралы белгісіз болатын. Жоғарыда көрсетілген ереже мына болжауға негізделді, яғни серіктер капиталдағы жеке үлесінен зекетті бірінен кейін бірі төлеуге негізделген болатын, біруақытта емес, өйткені біруақытта зекетті төлеген жағдайда әрқайсысынан зекет үшін басқаға тиіселі үлесіне

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жауап береді. Осындай әртүрлі айтыс-тартыс пікір мына жағдайда, яғни әлдеқайсы тұлға басқа біреуге өзінің мүлкіннен зекет төлеуге жұмсаған кезде және бұл басқа тұлға мүлкінен зекетті сол тапсырма берген кісі өзінің тиісті зекетін төлегеннен кейін төлеген жағдайға байланысты. Абу Ханифаның пікірінше, осындай тапсырманы алған адам, әрқандай жағдайда да жауапкершілікті алады. Екі шәкірттің сендіруінше, әлдекімнің жұмсауымен зекет төлеген кісі тек мына жағдайда жауапты болуы тиіс, яғни тапсырма берген тұлға тарапынан төлем реті белгілі болған кезде ғана; керісінше жағдайда жауапқа тартуға негіз жоқ, себебі, басқа үшін зекет төлеуші біреудің тапсырмасын орындап қана жатыр. Дегенмен, олар мұндай тапсырмамен төленген төлем зекет ¹ болмауы мүмкін қарсылыққа жол беруде, демек бұл төлемді жасаушы мүлкілік жауапкершілікке тартылуы тиіс. Бұл қарсылыққа олар жауап береді, яғни бұйыру немесе тапсыру алған тұлға шын мәнінде мынанша зекет төлеу тапсырмасы болған жоқ, ол тек біршама сомманы кедей-пақырларға беру ғана болатын, демек зекеттің төлемі оның құдіретінде емес, өйткені зекет оны төлеушінің шын көңілді ниетімен анықталады, ал тапсырма алған кісіге оның құзіретінің шеңберінен аса талап болмауы тиіс. Осылайша, қарастырылып отырған тұлға тұтқында отырған кісінің тапсырмасымен құрбандық шалуға тиісті адамның хәлінде тұр. Мысалы, қажылыққа бара жатқан адам жаудың тұтқынына түсіп қалса және ол біреуге құрбандық шалуға тапсырма берсе, ал бұл тапсырма алаған адам құрбандықты тұтқындағы адамның босатылғанынан кейін шалса және қажылықтың әдептерін аяқтаса, онда, олай болса тапсырманы орындаған адам тұтқыннанан оның босатылғаны белгілі ме әлде белігілі емес пе ол шығын алмайды. Абу Ханифа қарастырлып отырған тұлғаның «zeket төлеуге» тапсырма алғанына қарсылық білдіреді, яғни оның төлеуі зекет емес, сірә ол тапсырмаға қайшы әрекет етті, бұл тапсырма (өтініш) кейбір міндетерді орындау мақсатында зекетті сақтап қалу берушінің (Аллаһтың қаһарын алдын-алу үшін болған болу керек, осылайша төлем арқылы); бұл ниет ретінде толықтай оны өтінген адамның тарапынан жүзеге асты, онда орындау үшін оны ауыстырған адамның төлеуі арқылы орындалуы міндетті. Мұнан шығатын нәрсе, оны ауыстырған адамның зекетті төледі ме, әлде төлемеді ме оны білмесе де оны төлеген жағдайда ол орындалған саналады, ал ниет ету арқылы өз міндетін орындайды. Тұтқында қалған адамның құрбандық шалуға дейінгі жағдайға қатысты тапсырма берген кісі, яғни кейбіреулер сендіргендей бұл талқылауға түскен ұстаным барлығына да рұқсат етпейді, дегенмен, бұл ұстанымға қатысты түрлі пікірлерде айтыс-тартыс бар. Басқалар тағы да нандырғандай бұл жағдайларға (тұтқында отырғандағы құрбандық шалуға қатысты) айтарлықтай ерекшеліктер кезігетіндігі, яғни тұтқындағы адамға құрбандық шалдыру шарт емес, оның босанып шыққанына дейін; екінші жағынан зекет төлеу міндеті әр жағдайда да, неліктен оны төлеуге аманат етілген адамның оны орындауға міндетті, егер, бұл мақсат орындалмаса ¹ онда бұдан шығатын қортынды, сенімді өкіл бұл төлемді төлеуге несие алмаған және оның төлеп жатқаны оған тапсырма берген кісінің мүлкін ысырап еткен және жойған болып отыр, не үшін тапсырманы орындаған тұлға мүлкілік жауапқа тартылуы міндетті. Сондықтан да тұтқындағы тұлғаның құрбандыққа шалуға тапсырма бергені бұл жағдайға ұқсас емес, себебі бұл кездегі ол тек заңды көрінеді, бірақ міндетті емес, демек, құрбандық шалуға тапсырма алған тұлғаның істегені

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ысырап емес және меншікті жою саналмайды оған аманат еткен адамның мүлкін, міне сондықтан оны орындаған адам мүліктік жауапқа тартылмайды.

Егер өзара серіктестіктің бір жолдасы екінші жолдасының рұқсатымен сатып алынған құл әйелмен жыныстық қатынаста болса, онда құл әйел сол денесі қосылған жолдастың меншігі болады. Егер өзара серіктестіктің бір жолдасы екіншісіне серіктіестіктің қаржысынан құл әйел (ары қарай-күн) сатып алуға рұқсат берсе және онымен жыныстық қатынас жасаса және соңғысы өзара рұқсатқа сәйкес әрекет етсе, онда күн сатып алушы жолдасқа тиіселі, және ешқандай ақшалай жауапкершілік болмайды басқа жолдастарының алдында. Абу Ханифаның талқысы осындай. Екі шәкірт күнді сатып алған жолдас күннің жарты құнын талап етуге құқылы, себебі ол серіктестіктің қаржысына алып отыр деп нандырғылары келеді. Олай болса, күнді сатып алушы жұмасаған қаржыдан өзінің жарты үлесін талап етуге құқылы. Ол киім немесе азық-түлік сатып алған сәттегідей (яғни, серіктестіктің бір жолдасы серіктестіктің қаржысына өзара киім немесе азық-түлік сатып алғандағыдай, ал басқа қатысушы сатып-алушыдан сатып алынған заттың жарты құнын талап етуге құқылы; бұл ереже-шарт осы жағдайда қолданылады). Жоғарыда баяндалған байыптау мына нәрсеге негізделген, қарастырылып отырған күн әйел оны сатып алған жолдастың бала тудыру мақсатында заңды түрде алған күні; олай болса, төлеу құны сатып алынуға тиісті меншікке пропорционалды түрде құқықты болуы тиісті болатын, онда, демек, күнге төлем міндеті оны сатып алған жалғыз кісіге тиіселі; Абу Ханифа бұған қарсылық білдіреді, серіктестіктің келісімі _____

1. Тапсырма берген тұлға тарапынан зекет төлем міндеті орындалған

ерекшелігіне сәйкес күн әйел немесе *certriori* екі серіктің иелігіне өтуі тиіс (қатысушылар оның мәні мен шартын өзгерте алмайды) ; сондықтан, күн әйел екі серікке бірдей дәрежеде тиіселі, егер ол екінші серіктің келісімімен осы күн әйелді сатып алуға рұқсат бермесе. Мұндай рұқсат үлес сыйына тең, серіктестік келісімінің күшіне сәйкес, демек жыныстық қатынас тек меншік құқығына ие болғанда ғана заңды саналады, бұл жағдай заңдылық сый жасалу жолымен орнауы мүмкін, өйткені серіктестік келісімінің мәні сатуға

жол бермесе де; егерде серіктестіктің бір қатысушысы өзінің үлесін екінші серігіне сататын болса, онда да бұл үлес тек серікке тең дәрежеде тиіселі саналады, тек оны сатып алушы ғана емес. Сондықтан бір серігінің үлесі екіншісіне өтуі тек сыйлық арқылы болады, сонымен күн әйелді сатып алушы осылай алу нәтижесінде онымен жыныстық қатынасқа түсе алады. Ал киім және азық-түлікке қатысты басқаша сипатта, оны сатып алушы серіктестік келісіміне сәйкес қажеттіліктен туындағандықтан оны сатып алушы, сатып-алу, сату әрекетінің нәтижесінде алушының меншігіне тікелей өтеді. Сондықтан, сатып алушы серігіне оны жарты құнын төлеуі міндетті, яғни ол өзінің жеке қарызын төледі (сатып алынған заттың бағасы) серіктестік капиталынан алынған дегендей, сатып алушы қарызын төлегендей (күннің бағасы), серіктестік келісіміне сәйкес баға қатысушыларға бірдей дәрежеде.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Құл әйелді өзара серіктестіктің бір қатысушысына сатқан адам оның құнын бәрібір қай жолдасынан болсын талап ете алады. Атап айтқан жөн, жоғарыда қарастырылған жағдайда күн әйелді сатқан адам серіктестіктің қайсы серігінен болса да құнын талап ете алады, өйткені бұл баға сауда ныспысының борышы саналады. Бұл біздің барлық шайхтардың талқысы. Бұдан басқа өзара сенімділік серіктестік келісіміне өзара қамқорлық жасауда енеді, және сондықтан күн әйелдің бағасы азық-түлік немесе киімінің бағасына келтірген жағдайға ұқсас.

ХҮ КІТАП

ВАКФТЕР ТУРАЛЫ

«Вакф» (уақып) терминінің анықтамасы және осы жөнінде әртүрлі пікірлер. «Вакф» алғашқы мағынасында «ұстап қалу» дегенді білдіреді. Заң тілінде (Абу Ханифаның пікірі бойынша) қайсыбір затты қандай-да бір мақсатқа бағыштау, яғни бастапқыда тиіселі болған бұл заттың иесі оған меншік құқын сақтап қалады, және тек осы затты пайдалану арқылы қандай да қайырымдылық іске несие түрінде барады. Кейбіреулерді пікірінше, Абу Ханифа вакфты ұйымдастыру негізінен заңсыз деп бекітеді, себеп, қайсыбір жоқ нәрсені пайдалану, ал қайырым-садақаны, яғни жоқ нәрсені заңсыз. Одан басқа, «Мабсуттан» белігілі, яғни Абу Ханифа заңды күші жоқ вакфты ұйымдастыру заңсыз деп көрсеткен. Дегенмен, жұртқа белгілі беделділер бекіткендей, Абу Ханифа заңды күші бар вакфтерді есептеуі керек дейді екен; бірақ, вакфты несие секілді ұйымдастыру актісінің абсалютті (қайтарымсыз емес) мәні жоқ, вакфты құрушы кісі вакфке қойған мүлкін қайтарып алуға қақылы деп есептеледі; ал демек, осы мүлікті сыйлау - не сату да заңды деп есептелуі керек. Екі шәкірттің пікірінше, «вакф» термині вакфке қойылған мүліктің Алаһқа тиіселі мүлікпен тең саналатын деңгейдегі акті деп түсініледі, неліктен мүліктің бастапқы иесінің затқа меншік құқығы тоқтайды, ал вакфке қойылған заттың Алаһтың мүлкіне айналады, өйткені оны адамға пайдалану құқы Алаһтың қалауымен берілген. Осылай, екі шәкірт

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

вакфты құру абсолютті мәндегі (илаһи мәндегі-мағынасында) акті, оны, яғни вакфке қойылған затты оны құрушының қайтарып алуына қақысы жоқ, дәл солай оның сыйлық не сату-алу объектісі, сонымен қатар, өсиет мүлкі бола алмайды. Екі шәкірттің пікірінің екіге айырылатын жері де бар: Абу Ханифа бойынша вакфты құру сәтінен бастап ол абсолютті сипат, яғни илаһи дәреже алады; имам Мухаммад вакф муттавалиге не қамқоршыға өткеннен кейін ғана абсолютті сипатқа ие болады деп санайды. Міне осылай, «вакф» термині нақтылай айтқанда Абу Ханифаның көрсеткеніне сәйкес келеді, және екі шәкірттің нандырғаны дәл келеді. Сондықтан да бір жақтың талқысына екінші жақтың талқысын қарсы қою не басымдық берудің айтарлықтай негізі жоқ, яғни талқы «вакф» терминінің грамматикалық мағынасына тоқайласып отыр; мұндай басымдық жақтардың өздерінің қорғайтын дәлелдеріне негізделіп отыр. Екі шәкірттің мәселеге қатысты дәлелдері екі түрлі. Біріншіден, Омар Симаганың жерін садақа ретінде таратпақ болғанда Пайғамбар с.ғ.с. оған айтты «Сен жерді солай таратуың керек оның нәтижеде сатылып кетуі не мұраға қалуы не сыйға кетпеуі керек». Екіншіден, вакфты құру актісі абсолютті болу керек сол жағдайда, яғни, осы істің еңбегі мәңгі оны құрушыға тиіселі болуы керек; бұл қажеттілік шын мәнінде тек оны құрушы кімсенің вакфке қойған мүлкінің құқысынан бас тартқан және оны Аллаһқа бағыштағанда ғана қанағаттанарлық болады; заңға сәйкес бұл бағыштау мешітті бағыштаумен тең болу керек. Абу Ханифа өзінің талқысын дәлелдеу үшін әртүрлі мысалдар келтіреді. Біріншіден, пайғамбар (с.ғ.с.) айтады: «иесінің өлімінен кейін оның мүлкі мұрагерлердің арасында бөлінбеуі мүмкін емес» (басқаша айтқанда, вакф абсолютті емес, бірақ мұраға қалдыру жолымен бөлінуі мүмкін). Одан басқа Ширра айтады: «вакфты сатудың заңды екенін пайғамбар анықтады» бұл тіркеске тең «әулие пайғамбар (с.ғ.с.) заңды бекітуге дейін вакф абсолютті болған, бірақ біздің заң оны басқаша етті». Екіншіден, вакфты құрушы тұлғалардың құқы, вакфке қойылған заттардың күші сондай негізде сақталуы керек, яғни Аллаһтың жаратқанын заңды түрде бөлу арқылы (вакф жер телімі болса) не қоныстану арқылы (егер вакф қоныс үйлер болса) қолдану қажет; егер ешкім вакфке меншік құқы болмаса, онда вакфке әрқалай актілер заңсыз болар еді, мешітке қатысты заңсыз болғаны секілді. Сондықтан да мүмкін, вакфке меншік құқының күші сақталып қалады, сонымен қатар, вакфке меншік құқы оны құрушының құзырында қалуы керек, басқа ешкімге емес, себеп, бір сол тұлға вакфтен түскен табысты жұмсауға қақылы, оны вакфты құрудың мақсатына белгіленген ниетке жұмсауы қажет, және оған қамқоршы тағайындауы керек; дегенмен, «вакф» терминінде қайырымдылық деген түсінік бар, онда оны пайдалану несиеге пайдалануымен ұқсас. Үшіншіден, вакфты құрушы вакфтен түскен табыстарды қандай да бір қайырымдылық істерді үнемі орындап отыруға жұмсауды қалайды, демек ол вакфтың мүлікіне меншікті сақтап қалмаса болмайды. Төртіншіден, вакфті құрушының вакфке меншік құқы оның көзі тірі кезінде басқаның меншігіне өтуі тиіс, демек, заттың бар болып тұрған кезінде оның біреудің меншігінен екіншісінің меншігіне толық өтпей вакфке өтуіне заң жол бермейді. Бұл жағынан вакф сайыбаға (*«сайыба»-еркіндіке жіберілген түйенің ботасын атайды, М; «Егер мен осы сапардан үйге аман оралсам менің мына ботам сайыба болады дейді*) ұқсас, яғни ол затқа ары қарай иелігіне иесі өзі үшін тыйым салады, дәл солай, яғни түйені жеуге не жұмысқа пайдалана алмайды. Бір сөзбен айтқанда, вакфке қою не құру

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ботаны еркіндікке жіберу секілді пұтқа сенетіндердің әдеті секілді, яғни ботаны еркіндікке жібергенмен оған меншіктің құқы жойылмайды. Басқа сөзбен айтқанда, егер кімде-кім өзіне тиіселі төрт тұяқтыны сайыба жасаса, онда ол оның меншігі болып қала береді, яғни вакфке өткенмен. Мешітке қатысты басқадай нәрсе, яғни ол жалғыз Аллаһқа бағышталған (мешіттен қандай-да бір табыс алу заңсыз), вакфке өту жағдайында оны құрушы кімсенің оған меншігі сақаталады; демек вакф тек қана Аллаһқа ғана бағышталмаған екен.

Вакфке өткен затты бөгделеу қазидің қаулысымен және вакфты құрушының арызымен немесе оны қамқоршыға өткізу жолымен жүзеге асырылады. Кудури Абу Ханифаның пікірін келтіреді, яғни вакфты құрушының мүлікке меншік құқықын сот (қазиді) қаулысымен жүзеге асады, яғни вакфты құрушы вакфтың мүлігін бөгделеуді өзінің өліміне кейін өсиет етіп қалдыру жолымен жүзеге сот арқылы жасайды, мысалы, арызында: «Егер мен өлсем, онда мына үй мынадай мақсатпен вакфке өтеді т.б». Абу Жүсіп дәлелдегісі келеді, яғни вакфті құрушының вакфке меншігі оның (Мен вакфке қойдым» дегеннен кейін ақ оған меншік құқығы жойылады дейді. Осы пікірді Абу Ханифа да қолдайды, өйткені, вакфті құру меншікке құқығынан бас тартқандай, яғни еркіндікке жібергендей себеп болып табылады. Имам Мухаммад вакфке қойылған мүлікке меншік құқығы оған қамқоршы тағайындау және оны қамқоршыға өткізгенге дейін жойылмайды дейді. Қазидің осы талқыны негізге ала отырып қабылдаған қаулысы болады.

Бұл ереже вакфке қойылған затқа Аллаһтың құқы болады, ол жәй негізсіз – формалді болмауы үшін (бұл жаратушының еншісіне өткізу деген сөз, яғни барлық тірі және өлі нәрселердің жаратушысына, ол жәй формалді болмауы керек) жасалып отыр, яғни Аллаһтың жаратқан вакф мүлігін - қамқоршыға өткізу кезінде болуы мүмкін нәрсе; сондықтан да вакф мүлкі жәй осындай ережеге тәуелді, Аллаһқа бағышталған мүлік секілді, және демек бұл жағдайда қайырым мен зекетке ұқсастығы бар нәрсе. Абу Ханифаның « вакфті құрушының вакфке меншік құқығы қазидің қаулысымен тоқтайды» деген пікіріне келсек, бұған мақұлдаумен қабыл алу керек, себеп қазидің қаулысы қандай да айтыс-тартысқа тоқтау салады. Бірақ, Абу Ханифаның «вакфты құрушының мүлікке меншік құқы оның өлімінен кейін тоқтайды» деген тағы бір пікіріне тоқталсақ, онда бұл ереже еш дәлелденбеген, себеп, қайырымдылық мақсатында меншікке құқық вакфке қоятын затты тағайындағанан кейін тоқтауы мүмкін, мұндай вакф тағайындау мүлікті мәңгіге пайдалауға тең. Сондықтан бұл жағдайда меншікке құқық тоқтайды және вакф абсолютті болады.

Соттың қаулысы вакфты бекітеді, бірақ делдал шешімі ондай әрекетте болмайды

Казиханың «Фатаулында» айтылады, вакф туралы соттың қаулысы тек кейбір жағдайларда ғана шығарылады, вакфқа белгілі зат назар салса және оны бергендер мутафали немесе қамқоршыға, оны кейін алуды тілеп, ал мутавали бұл ниетіне қарсы тұрады, вакфтың дара болуына міндетті екенін және бұл жұмыс соттың қарауына түседі, вакфтың дара екенін анықтайды. Бұған қатысты дауласып жатқан жақтар вакфтың дара екенін шешуге үшінші тұлғаға жүгінгенді, бұл тұлға вакфтың дара екенін анықтайды, ғалымдар мен заңгерлер пікірі бойынша өзара келісе алмайды, алайда екі жаққа бұндай шешімдер көп күшті талап етпейді.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Вафты өлім ауызына жатқандарға бекітілу жағдайы. Тахави айтады, Абу Ханифаның пікірі бойынша вакфты тұлғаға бекіткенде, өлім аузында жатқанға бекіткенде, вакф өлім өсиетімен бір дәрежеде болады. (себебі ол дара), ал сау кезінде дара еместігі вакфқа қарама-қарсы. Шынында да, Абу Ханифаның пікірі бойынша, қаралып жатқан вакф дара емес; ірақ екі шәкірттің пікірі бойынша ол дара. Бұл жағдайда сау кезінде бекітілген вакф пен өлім аузында бекітілген вакф арасындағы айырмашылық, соңғы бекітілген вакфта; сонымен қатар бірінші вакфта барлық бөлінген мүлік ұйымдастырушының мүлкі біреуінің үшіншісі бөлінген болып саналады, сонымен қатар бірінші вакфта ұйымдастырушының барлық мүлкі бөлінеді деп саналады.

Вакфқа айналдырылған мүлікке вакфты жасаған кісінің меншіктік құқығы жойылады, осы құқықты басқа кісіге беруге болмайды. Мекеме вакфтың заңды шынайылығына ие болғанда (біздің ғалымдардың әр түрлі баяндаған жоғары пікірлерінен, дара болады; Абу Ханифаның – вакф ұйымдастырушының мәлімдемесі бойынша және соттың қаулысымен жүретін: Абу Юсуфтың – вакф ұйымдастырушысы өтініші бойынша және мүліктің қамқоршыға берілуі) вакф мүлкі оның ұйымдастырушыларының иеліктерінен шығарылады; алайда ол қандай да бір тұлғаның иелігінде болмайды. Егер де бұл жіберілсе, онда вакф мүлкіне тиым салынбаған немесе тәркіленбеген, бірақ басқа да мүліктерге ұқсап сатылуы мүлкін, мүлік берілген азамат немесе азаматша пайдалану теңдігі, уақыт өте келе жеке меншік болуы мүмкін, мүлік мұндай иеліктен басқа тұлғаның пайдалануына өте алмайды, сонымен қоса мұндай қалай болмауы мүмкін. Мысалы, егерде біреу басқа бір тегі бөлек кедей есебіне тұрғын үй тағайындаса уақыт өте келе кедейлік жағдайдағы тұлғаның жағдайы жақсарса, онда тұрғын үйді пайдалану құқығы келесі бір кедейлік жағдайдағы тұлғаға өту керек, ненің болмауы мүмкін, егер де қаралып жатқан вакфта бір нәрсенің анықталмаған бөлігі қаралуы мүмкін.

Бір нәрсенің белгісіз бөлігін (жартысы немесе төрттен бір бөлігін) уақыпқа айналдыруға болады. Абу Юсуфтың вакфта қаралғандардан анықталмаған бөлігі немесе бір нәрсенің үлесі заңды болуы мүмкін. Мухаммад Имам бекітеді; мұндай вакфты бекіту заңды болып саналуы мүмкін емес: ол маңызды мұндай актты орындалуына жағдайдың иелікке түсуге дұрыстығы деп санайды. (қамқоршы жағынан затты вакфқа қаратушыға қатысты), мұндайсыз бұл иелік ету орын ала алмайды, былайша затты шындап бөлу, вакфқа қаралуын белгілеп, ал мұндай шындап бөлісу оны жіберушілерде тек біршама заттарға орындалуы мүмкін. Заттарға қатысты бөлісуге жіберілмейтін, Имам Мухаммад анықталмаған бөлігін вакфқа қаралуын заңды санайды, ол ұқсас вакфтар арасында үлестігін қарайды және құрбан етуіне немесе қаырымдылық ретінде сыйлауын. Абу Юсуф өзінің талқылауын осы тұрғыда құрылуын түсіндіреді, бұл бір нәрсенің анықталмаған бөлігінің бөлімшесі маңызды иелікке түсуіне қажетті; ал былайынша маңызды вакфты бекітуге ол қажетті иелікке түсуге нақты амал, нақты анықталмаған бөлікпен иелікке түсу, аса маңыздылықты қажет етпейді) енді осы жерден жалғастыру керек, ол бір нәрсенің анықталмаған бөлігінің вакфты қаралуын заңды санайды.

Алайда ол мешіт пен зираттың ережесін одан шектетпеді, ол анықталмаған бөліктің вакфта қаралуын заңсыз деп санаған, алайда бұл заттар өздерінің табиғатынан

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бөлінбейді, мына негізде, иелік етуді жалғастыру бұл затты тек қана Тәңірге арналғанына қарама-қарсы; тағы да себебі, қазіргі пайымдау бойынша зат кішкене көлемде бөлінбеуге шамаланады немесе өзінің ішкі дүниесінен қысылады, неге оны бөлу тек ауыспалы қолданыстағы әртүрлі мақсаттарда пайдалануда орын алады, мысалы, оны өлілерді жерлеуде бір жыл қолдануды жалғастыруда, ал басқасын жалғастыруда – наубайшылар немесе кезекпе-кезек дұға етуге және аттарға арналған жер үшін, ерекше пасық болуы мүмкін еді. Бөгделік орын алады вақфта әртүрлі заттар қаралғанда немесе заттар барлық ғалымдармен заңды саналады, себебі мұндай зат жарға берілуі мүмкін, және бұл шығын вақфтар арасында бөлінуі мүмкін және мұндай вақфқа зат немесе зат тек иелік жолымен қаралған.

Жер телімінің белгісіз бөлігі кейін бөгде кісінің меншігі болып кеткен жағдайда жер телімін вақфқа айналдыру жағдайы. Егер кімде-кім жер телімі вақфқа қаратса уақыт өте келе анықталмаған бөлігі (мысалы төртінші бөлігі) бөгде тұлғаның жеке меншігін құрайтыны анықталады, онда Мухаммад Имамның пікірі бойынша вақфты бекіту бұл жер телімінің басқа қалған бөлігіне де қатысты күшін жояды, себебі анықталмаған бөлікті бөлу вақфты бекітумен байланысты, демек, сыйдың акты сияқты бөгделік орын алады, сыйлаушы өзінің сиының бөлігін кері алғанда немесе сыйлаушының мұрагері, өлім аузында жатқанда силаған, өлу себебіне байланысты сыйлағанның үштен екі бөлігін кері алады: егер кімде-кім өлім аузында жатып барлық мүлкін сыйға берсе немесе вақфқа және өлу себебінен мұрагерлер мүліктің үштен екі бөлігін кері алады, сонымен қатар бұл жағдай сый актысының заңды күшіне әсер етпейді немесе вақфты бекітуге, себебі мүлікті анықтамаған бөліктерге бөлу аталған акттар іске асқан соң орын алады, олармен байланысты емес, яғни бұл акттар іске асқан уақытта мүлік анықталмаған бөліктерге бөлінбеген, бірақ бөлу бұл тек олар іске асқанда орын алады. Алайда вақфты бекіткеннен кейін болса, вақфқа қаралған жер телімінің қандай да бір нақты анықталған бөлігіне бөгде адам меншік етуге құқылы, онда вақфты бекіту акты қалған жер теліміне қатысты заңды күшінен айырылмайды. Сайлау мен қайырымдылық мақсатында құрбан етуде осы ережелерге бағынады.

Вақф тек тұрақты және үздіксіз жағдайында ғана жасалынады. Абу Ханифа мен Имам Мухаммадтың пікірі бойынша егер бекітуші қаралып жатқан вақфты оны заттың мақсатта тұрақты және үздіксіз мінезі бомайтындарға арнаса, вақфты бекіту толық болып саналмайды. Тек мынадай вақф дұрыс болады, ақыр соңында кедейлер пайдаланатын болса (сондағы бекітетін, мысалы мынадай сөздерді айта отырып: мен мынадай затты мынадай адамға пайдалануға беруге келісемін, ал содан соң кедейлерге) себебі кедейлердің болуы ешқашан таусылмайды. Абу Юсуф бекітеді, бір заттың вақфқа қарауы заңды болады. Абу Юсуф бекітеді бір заттың вақфқа қарауы заңды күшті болады және вақфты бекітуші одан мынадай жағдайлардағы мақсаттарға арнайды, уақыт өте келе тоқтатылады (мысалы, вақф келесі формулалармен сипатталады: «Мен қандай да бір затты Заидтқа пайдалану үшін беремін» Заидтың өлімінен вақф кедейлердің қолына өтеді, бірақ адам, вақфты бекітуші бұл мақсатта айтқан жоқ) Абу Ханифа мен Имам Мухаммадтың пікірі бұған қарсы, қандай да заттың вақфқа қажеттігін қарауға, басқа адамға берілмей жатып оған жеке меншік құқығының тоқтатылуы. Алайда вақф бекітуде тең және еркіндікте шығарылуы, өзінің

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қимылымен тоқтатылмайды, осы жерден вакфтың мақсаты жалғасады, уақыттың ағымы мен тоқтатылуы жетілмейді. Сондықтан да вакфты бекіту заңды күшінен айырылады, вакф біраз уақытқа бекітіледі, сауда-саттық заңды күшінен айырылғандай, бұл белгілі бір уақытта жалғасын тоқтатады.

Сондықтан да вакфты тағайындау заңды күшін жояды, егер вакф біраз уақытқа тағайындалып жатса, дәл солай сату алу мәмлесінің де заңды күші болмайды, оның барысы қандай да бір мерзіммен шектелсе.

Келіспеу. Абу Ханифаның жоғарыдағы дәлелі, яғни меншікке құқық «бұл құқықтың басқа тұлғаға өтпеуі құқымен» тоқтатылады, басқаға қайшы келеді, сонымен соның пікірі бойынша, яғни «вакфты тағайындау кезінде меншік құқық тоқтатылмайды»

Жауап. Қарастырылып отырған мәселеге қатысты Абу Ханифаның екі пікірі белгілі. Оның біреуі қарастырылып отырған тезисте талқыланды; басқа дереккөз бойынша, Абу Ханифа имам Мухаммадпен келіседі (жоғарыдағы аталған мәселе бойынша). Кейбіреулердің жоғарыдағы келіспеушілікке жауабы, Абу Ханифаның пікірі қазидың шешіммен қаудлы қабылданғанына негізделіп отыр, вакфты нақты деп мойындалған, осындай қаулы кезінде вакфтың нысаны біздің барлық ғұламалардың пікірінше оны құрушысының меншігінен шығып кетеді. Абу Жүсіп бұған келіспейді, вакфты құрушы осы актімен құдай қалаған істі жасауы мүмкін және бұл ниет екі жағдайда да орындалды деп есептелуі керек, себеп, кейбір жағдайларда құдай қалаған істе вакфты уақытша тағайындау керек болады, ал басқа жағдайда тұрақты құру; демек, акттың екі жағдай да заңды күші бар. Кейбіреулердің пікірінше вакф мәңгілікке тағайындалуы керек. Абу Жүсіп осы шартты ерекше келіссөзбен сақтай отырып вакфты тағайындауды айтарлықтай қажетті деп санамайды, өйткені ол «вакф», «қайырымдылық» деген сөздің мәнінен туындайды, яғни, «вакфты тағайындау, ерікке жіберу, бұл құқықтың басқаға берусіз құқынның тоқтауын көрсетеді». Басқа жағынан имам Мухаммадтың пікірінше вакфты тағайындаудың ерекше келіссөзі мәңгілік қажеттілік көрінеді, өйткені вакф қайырымдылықты мақсат етуімен қандай да бір затпен не табыспен оған; себеп мұндай пайдалану кейде уақытша болуы мүмкін, ал басқа жағдайда- үздіксіз, онда жалпылай осылай еске алу оны мәңгілік ете алмайды, өйткені ерекше келіссөз қажет мұндай мәнде.

Жылжымалы және жылжымалы меншікті вакфке айналдыру. Жерді уақыпқа қою заңды, өйткені пайғамбар (с.ғ.с) кейбір сахабалары өздерінің жерін уақыпқа қойып: қозғалатын мүлікті уақыпқа қою, алдын-ала ниет еткендей, әрқашанда заңсыз. Абу Ханифаның пікірі осындай. Абу Жүсіп дәлелдегендей, жерді уақыпқа оған тиесілі мал-мүлікті, құлдарымен заңды саналуы тиіс, жерді өңдеуге арналған жабдықтармен уақыпқа қойған секілді, өйткені, осындай заттар жерге тиесілі болуы тиіс.

Сондықтан да осындай заттарды уақыпқа осындай заттарды уақыпқа жерімен қою заңды көрінеді, көп нәрсе жолымен заңды, аңсызы өз алдына. Мысалы, шарапты сату өзінен өзі заңсыз екені белгілі, ал жерімен заңды, немесе үйдің бір балкасын уақыпқа қою заңсыз, ал оны үйімен уақыпқа – заңды. Имам Мухаммадтың бұл жөніндегі пікірі Абу Жүсіппен сәйкес келеді, себебі, ол жылжымайтын мүлікті уақыпқа қою бір рет сол иесімен жасалады, сонымен қатар, ол заңдылығын жіберіп алады, ал фортиори жылжитын мүлікті уақыпқа жылжымайтын мүлікпен қою. Имам Мухаммад сол пікірінде тұрады, яғни түйелер, жылқылар және қаруларды кәпірлермен соғысқа қарсы

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қолдану үшін заңды саналады дейді. Факихтер бұл жөнінде Абу Жүсіптің келісетінін растайды. Бұл шарғи заңды дұрыс талқылау негізіне байланысты болып отыр. Ұқсас нәрселермен көрінгендей, бұл сияқты уақып жоғарыдағыдай айтылғандай заңсыз болу керек. Мұндай талқылауда пайғамбар с.ғ.с. хадисіне негіз етіп аламыз: «Халид өзінің аты мен қаруын Аллаһқа қызмет етуге арнады, ал Тальха жылқысын құдайдың қызметіне бағыштады». Имам Мухаммад бойынша уақыпқа мынадай заттар, яғни күнделікті тұрмыста қалыптасқан заттар- күрек, соқа, балта, ара, тақта, жәшік, кесек, мыс ыдыстарды және кітаптарды қою заңды саналуы тиіс. Абу Жүсіп бойынша бұл заттарды уақыпқа қою заңсыз саналады, өйткені ережеден тыс мұндай заттарды қолдану қасиетті кітаптарда айтылғандай болу керек, ал ол кітаптарда жылқылар мен қарулар ғана айтылған. Неліктен, бұл жылжитын мүліктермен уақыпқа қою шектеліп қалған. Имам Мухаммад мұнымен келіспейді, бұған ұқсас талқылаулар жалпылай пайдалы емес. (М; өнер және өндіріске қатысты) ал қарастырып отырған заттар жалпылай пайдалы саналады. Одан басқа, белгілі, яғни Насир ибн-Яхья өзінің кітаптарын уақыпқа қойған, оны Құранға ұқсас уақып деп санады; бұл мақұлданды, өйткені Құраннан басқа кітаптар оқу мен білім алу мақсатында айналымда тұрады. Көптеген факихтер имам Мухаммедтің пікірін басшылыққа ала отырып қаулы шығарды. Қазихан «Фатауиде» жазады, яғни екі аға ұстаздың арасында кітапты уақыпқа қоюға байланысты айтыс-тартыс бар. Факих Абул-Сейб бұны заңды санайды және оның пікірімен келісе сот шешімдері қаулы шығарған.

Вакфты (уақып) дағдылы нысанасы болып саналмайтын заттарды вакфқа айналдыру заңсыз. Біздің шайхыларымыздың пікірінше, әдетте да жоқ және рұқсат етілмеген заттарды уақыпқа қою заңды саналмайтындығын айтады. Имам Шафи бекіткендей, уақыпқа заңды түрде әрқалай зат, яғни оны қолданғанда ол бүлінбеуі, бұзылмауы тиіс, сауда-саттық мәмлесінің объектісі болатындай, өйткені ол заттарды қолдану жерге, жылқы мен қаруға ұқсас. Біздің ғұламалар уақыпты тағайындағанда оның үздіксіз өмір сүруі қажеттігін ерекше дәлелдейді, ол туралы жоғарыда айтылды. Бұл шарт орындалуы мүмкін емес, себебі уақыптың объектісі жылжитын мүлік болса бұл шартты орындалуы мүмкін емес, оның өмірі (жылқы т.б жануарлар) мәңгі емес екені белгілі. Осыған ұқсас көрінгендей, жылжымалы мүлікті уақыпқа қоюға заңды орын жоқ; дегенмен, кейбір жылжымалы түрлердің қойылуына жол беріледі, яғни салыстырмалы басқа заттарға (балта, т.б) – олардың жалпы пайдалылығының күйінде. Бірақ құлдарды уақыпқа қою, үй жиһаздары және киім-кешектер заңсыз деп есептелуі тиіс, олардың қарама-қайшылық ұқсастықтары және риуаяттарға негізделмей-ақ және бұл заттардың пайдасына, яғни бұл жағдайда олар дарагим мен динарға ұқсастықтарына сәйкес.

Имам Шафидің тағайындаған ережесіне қатысты айтар болсақ, «бұл заттар жылқымен, жер және қаруға ұқсас, үйлесімді» деген, бұған былай жауап береміз, бұл жылжымалы заттармен ол айтқан заттармен ешқандай ұқсастық жоқтығы мынадай; жер жойылмайтын зат, ал жылқылар мен қару кәпірлерге қарсы соғыста қолданылатын заттар, яғни олар діни мәндегі аса маңызды міндеттерге жатады, неліктен бұл заттарды уақыпқа қою айтарлықтай игілікті саналады, басқа жылжитын заттарды уақыпқа қоюдан, өйткені, қарастырылып отырған заттарға ұқсастық нәрселерге жол беруге болмайды.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Вакф сатылмайды не басқа кісіге берілмейді. Уақыпты заңды күшіне енгеннен кейін және абсалюті болған соң, уақыпқа қойылған затты сатуға немесе беру заңсыз, барлық факихтердің пікірінше беру немесе өткізу пайғамбар с.ғ.с. хадисіне сәйкес заңсыз саналады; айталық, «Жерді садақа ретінде беріндер, осылай ол мұраға қалдырылады және сатылмасын». Сондықтанда уақып, заңды күшіне енген және абсалюті болған, сауда- саттықтың объектісі бола алмайды.

Уақыпқа бір заттың белгісіз бөлігі айналдырылған жағдайда, вакф құрайтын үлесін бөлуге болады.

Вакф бір заттың белгісіз бөлігі айналдырылған жағдайда «Абу Жүсіптің ілімі талап еткендей) уақыпты қою абсалютті болады, ал тең иеленуші бұл заттың уақыпты бөлуді талап етеді, онда мұндай бөлуге заңды орын болу мүмкін, өйткені бөлу өзімен бірге айырылу және бөлектеуге әкеледі. Әртүрлі заттарға сәйкес, таразы мен мөлшермен өлшейтін құралдардан бөлек бастауышта айырбастау мәнге ие; дегенмен, уақыпты тағайындауда қалау бөлу мен ажыратуға беріледі, себебі уақыпты қою заңды сипат тағы бөлу үшін, сондықтан да үлестің ажыратылуы, уақыпқа тағайындалған, сауда-сатық немесе өткізу ретінде қарастырылмауы керек және солай заңды.

Егер кімде-кім өзінің жерін уақыпқа қойса, ол басқа кімсемен өзара серіктестікте иеленсе, онда ол өзінің жерінің үлесін серігінің жерінен бөліп алуы тиіс, өйткені, мұндай актіге тек бір құрылтайшының заңды құқы бар. Екенші жағынан, егер кімде-кім вакфке өзінің жеке меншік жерінің жартысын қойса, онда қазі вакфтың құрылтайшысының жерін ажыратып алуға міндетті. Өйткені, вакфты құрылтайшысы (иесі) уақыпқа қойылған жерін өздігінен бөліп алуға құқ жоқ, яғни бір тұлға бөлуді жүзеге асыруға және осылай өзіне бірдеме жасау, тек екі адамның арасында мәмле жасауға болмайды.

Вакфке айналдырған жерді адалау жағдайда вакфты құрушы жасаған қандай болса да айырмашылықты төлеу заңды, егер осындай төлеу вакфты құрушыдан талап етілсе, онда ол вакфты құру заңды күшін жояды. Егер уақыпқа қойылған жерді адалау кезінде қандай да үстеме төлем болса, онда ол заңсыз, егер оны құрылтайшы алуы міндетті болса, демек уақыпқа берілген сатудан заңды күші жоқ. Егерде осы үстеме ақша вакфты құрушы құрылтайшыдан шықса онда ол заңды және оның сатып алуы оның осы үстемені орнын толтыруы меншігі болып саналады. Сондықтан да, егер вакфтың құрылтайшысы бұл меншікті өзінің уақыпқа қойған жерінен үлес алуға ажыратса, онда ол бұл істі қазидің құзырына өткізуі тиіс, себеп ол уақыпқа өткен мүлікте құрылтайшының үстеме ақшасын бөліп алуға мүмкіндігін жасауы үшін.

Вакфқа айналдырылған мүліктен кіріс ең алдымен осы мүлікті қалпында ұстау үшін айналдыру керек. Әрине уақыпқа қойылған мүліктен түсетін пайда алдымен осы мүлікті сақтауға арналған болады, бұл құрылтайшымен келісілген бе жоқ па, оған қарамастан, өйткені вакфты тағайындауда табысқа көңіл бөлінді, одан алынатын пайда, кейбір тұрақты қорға кетті, ал мұндай үздіксіз табысы уақыптың тек оның тәртіппен тұрақты сақтау шартымен келуі мүмкін, бұған кез-келген мүлік те қажеттілік бар; сонымен қатар қандай да бір сатып алу, яғни табыс табушы осы жолда шығынды да көтеру керек. Бір сөзбен айтқанда, әрнемеден пайда табатын кімседе, ол шығынмен пайдасыздықтың болатыны кәміл, бұдан шығатын қортынды, уақыпты

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тәртіппен ұстау құлды ұстауға ұқсас нәрсе, ал мұндай құлды ұстау міндеті оны қолданып жатқанның және мұрасына қалғанның еншісінде. Сондықтан, егер вакф кедейлердің пайдасына қойылған болса, одан оны ұстаудың шығынының бағасын талап ете алмайсың, онда бұл мақсатқа кететін артық шығын пайдаға аударылуы тиіс.

Егер вакф берілген кісі бай болса, онда ол осы вакфты қалпында ұстауы үшін шығынын көтеру керек. Егер уақыптың бастапқы объектісі бай адам болса, ал оның қайтыс болғанынан кейін-кедейлер болса, онда вакфты ұстауға шығын сол бай кісінің жеке мүлікінен алынуы тиіс. Бұл жағдайда вакфты ұстау тәртібіне сәйкес табыстан ештеңе бөлінбейді, себебі, әрқашан бұл мақсатқа назарды вакфты бастапқыда иеленген адамның сақтап қойған (қалған) мүлікіне назар аудару керек, ал анық әрі жақсы белгілі нәрсе.

Вакфты міндетті түрде бастапқы қалпында ұстау қажет. Алдыңғы мәтінде көрсетілген нәрсені былай түсіну керек, яғни сақтап қалынған заттарды вакфты тәртібімен ұстауға қажетті, мүмкін ауқатты адамның жеке меншігінен өндіруі мүмкін, ал бастапқыда вакфты тағайындаған кісінің пайдасына болуы, тек ол бастапқыдағы мүлікінің көлемінің деңгейінде болуы керек; те, егер вакфты құрайтын мүлік бос қалса (жер телімі) немесе бұзылса (ғимарат) онда ол уақыпты тағайындаған кездегі хәліне қалпына келтірілуі керек. Бұл талап мына көзқарасқа негізделген, яғни уақыптан табыс басқаның пайдасына өтті және сондықтан ол уақыптың бастапқы кезіндегідей хәлге келуі керек; одан асырып жіберілуі қажет емес; ал табысқа тек осы вакфтың объектісінің ғана құқы бар, оған уақыпты одан жақсы етуге сол табыстан қалған мүліктен пайдалануға заңды түрде рұқсат етілмейді, яғни бастапқыдағы жағдайына қарсы келеді. Кейбір ғұламалар жоғарыда айтылған ереже уақыптың кедейлердің пайдасына қойылған жағдайда ғана сақталуы қажет деп есептейді, әлдекімнің пайдасына емес; вакфты сақтауға оның көлемі көп болмауы қажет, немен де болса оның бастапқы хәлінде ұстау керек. Басқалардың пікірінше мұндай шығындар заңды. Дегенмен, жоғарыда алғашқы пікірлер дұрыс, өйткені вакфен табыс оның бастапқы қалпында сақтауға жұмсалып отыр, және көбірек қолдау қажет емес, міндетті түрде қалпында ұстау керек.

Уақытша тұратын кісі үйді жөндеу жұмысын жасауға міндетті. Егерде кімде-кім өзінің үйін уақыпқа шартпен қойса, яғни, баласы немесе басқа біреу ол үйде тұруға құқықты болса, онда ол үйдің жөндеу жұмысы сол үйде уақытша тұрып жатқан кімсенің міндетіне жүктеледі; ары қарай, қарастырып отырған жағдай құлды сақтау жағдайына сәйкес келеді; оның қызметінің пайдалану қайтыс болған қожайынның өсиетіне орай. Егер кімсе уақыпқа қойылған үйде уақытша тұрып жатып, оған тиісті міндетті, яғни, жөндеу жұмысын орындамаса, онда қазі ол үйді жалға беруі тиіс және пәтерге төлемақйдан жөндеу ісін жүргізу керек. Егер жоғарыда айтылған кімсе кедейлігінен уақыпқа қойылған үйді жөндеуден бас тартса, онда қазі ол үйді жалға беріп, пәтерге төленетін пәтерақйдан түсетін қаржыға жөндеу ісін жүргізуге шари көру керек және одан кейін ол үй вакфты тағайындау шартына сәйкес жасауға құқықты адамға қайтаруы мүмкін. Осылай вакфты тағайындаған құрылтайының құқығы ескеріліп, және бастапқыда вакфты белгілеген пайдасына шешіледі, егер жөндеу жүргізілмесе, үй қолдануға жарамай қалса, екеуінің де құқығы босқа жойылып кетуі мүмкін. Сондықтан жөндеу пәтерақйдан жұмсалуды керек.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер вакфқа айналған үйде уақытша тұратын кісі оған міндеттелген жөндеу жұмысын жүргізбейтін болса, онда қазі сол үйді жалға беру керек және сол төлемнен жөндеу жұмысын жасау қажет.

Вакфты уақытша пайдаланып жүрген кісіге ешқандай мәжбүр етуіне болмайды. Қажетті, дегенмен, бұл жағдайда, уақып тағайындалған кісі жөндеу ісін жүргізуге келіспесе, онда оған мәжбүр етуге болмайды, өйткені жөндеу ісі оны шығынға ұшыратуы мүмкін. Бұл жағдай жерді иеленуге қатысты ұрығы бар адаммен ұқсас жағдай, яғни, жерді өңдеуден бас тартқан жағдайда, оны өңдетуге мәжбүр ете алмайсыз. Себеп, жерді өңдеп, дайындау барысында ұрығының босқа шығын болу қаупінен қырқуы мүмкін.

Қарсылық. Уақыпты уақытша пайдаланып отырған кімсенің бас тартуынан кейін, қазі тиісті жөндеуді жүргізуге шара көрген соң, көрініп тұрғандай, бұл кімсеге жөндеуден кейін үйді қайтару тиісті емес, ол өзінің бас тартуымен онда тұруға құқынан айырылды, яғни уақыпқа қойылған үйді жөндеуге рұқсат берді.

Жауап. Уақыпты уақытша пайдаланып жатқан кімсенің қажетті жөндеу ісін жүргізуден бас тартуы оның уақыпты пайдалану құқығын бас тартуын білдірмейді, өйткені, мұндай бас тартудың өзіндік мәні бар. Мүмкін бас тарту жөндеу ісін жүргізуге шығын жасамауынан болар, сондықтан мұндай күдік уақыпты пайдалану құқын жоймайды.

Атап кеткен тезистегі жағдайларда үйлерді қазідан басқа ешкім жалға бере алмайды. Мұнда уақыпты (үйді) уақытша пайдаланып отырған кімсе, оны жалға беруге қақысы жоқ, себеп, - ол үйдің иесі емес қазі, керісінше қауымның жалпылай өкілі ретінде мұндай құқыққа ие.

Вакфқа айналған құрылыстарды жөндеу үшін сол үйлерді құрайтын әбден тозған бөлшектерін пайдалану қажет. Ескіге айналған немесе вакфтың қажетсіз құрылыстары не оның бөлшектері пайдалануы тиіс, ол қазідің өкімімен орындалуы керек, егер ғимарат жөндеуге аса қажет болса; егер осындай жөндеу аса қажет болмаса, онда ғимарат не ғимараттың бөлшектері жөндеуге қажеттілік туғанға дейін сақталып, қорғалуы тиіс. Егер ескі ғимараттың бөлшектері бұзылып, жарамай қалса, онда сот оны сатып жіберуге құқылы және түскен қаржыға жөндеу жұмысын жүргізуі керек; бірақ қазі оны вакфке қойылған үйлерде уақытша тұрып жатқан адамдарға бере алмайды, өйткені, сынған ағашжәне басқа да құрылыс материалдары уақыптың құраушы бөлшектері саналады, және оған ешкімнің құқы жоқ, уақытша тұрушылар оны уақытша пайдалана алады оған ие бола алмайды, себеп ол уақып.

Өмір бойы пайдалануға беру ескертуі бар кезіндегі вакфты ұйымдастыру жағдайы. Егер кімде-кім өз үйін вакфқа айналдырса, одан өмірлік пайдасын көрсе, ал ол пайда вакфты ұйымдастырған адамның өлімінен кейін кедей-кепшіктің пайдасына жұмсалса, Әбу Жүсіптің пікірінше ол заңды деп есептеледі. Ал Мұхаммед имам (пайғамбар) оны заңсыз деп есептейді. Бұл пікірді Хиллель (Хәлел) қажымен Шафи Имамда ұстанады. Кейбіреулердің пікірінше Әбу Жүсіп пен Мұхаммед пайғамбардың пікірінің сәйкес келмеуін олардың вакфқа айналдырған дүние-мүліктің берілу жағдайына деген көзқарастарының сәйкес келмеуінен деп есептейді. Мұхаммед пайғамбардың ойынша дүние-мүлікті вакф жолында тәрк ету заңды қажеттіліктен туады десе, Әбу Жүсіп бұған қарсы пікірде. Ал басқалардың пікірінше Әбу Жүсіп пен

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Мұхаммед пайғамбардың көзқарастары басқа бір сұрақ аясында емес, дәл осы сұрақ аясында екі түрлі делінген. Бұл көзқарас вакфтан түсетін пайданың бәрін түгел пайдаланса да немесе белгілі бір бөлігін пайдаланса да сондай болып қала береді, шарты тек кедейлердің мүддесіне жаратылып тұрса болды. Ал кейбіреулер, біздің ғалымдарымыздың пікірінше, вакфты ұйымдастырушылар заңды түрде түсер пайданы өздерінің шәкірттеріне пайдалануға мүмкіндік береді, ал кедей-кепшік тек солар өлген соң ғана пайдалана алады. Керісінше басқалары жоғарыда айтылғандай, көзқарас айырмашылығы нақты жағдайлармен де байланысты болады, өйткені өз мұраларын өсиеттеп қалдыру өзінің пайдаланғанымен бірдей болады. Мұхаммед пайғамбардың ойынша вакф құру деген өз еркімен болу керек, өйткені ол өз мүлкін Құдайға сеніп тапсыру болып келеді, ал өмірдегі барлық дүниенің иесі Құдай екенін ескерсек, өз шәкірттеріне сеніп тапсырылған мүлік те Құдайдыкі екені даусыз. Вакфтан түскен пайданың бір бөлігін немесе барлығын иемдену вакфтын заңдылығына қайшы келеді, өйткені өзіне өзің мұра ете алмайсың ғой. Айтылған мысал өзіңнің пайдаңа берген садақанды өзің пайдаланғанмен бірдей болады. Егер біреу кедей-кепшікке өзінің дүниесін мұра етсе, бірақ соның жартысын өзім иемденіп жүрем десе мүмкін емес, өйткені адам өзіне-өзі мұра ете алмайды, ол заңсыз. Егер мешітті салған адам, бұл менің заңды дүнием десе, ол оны пайдалана алмайды, ол заңсыз. Әбу Жүсіптің пікірі үш ұдай болып келеді. Бірінші – Пайғамбар өзі вакфтан түскен пайдаларды жұмсаған, оны өзі ұйымдастырса да. Ол енді заңсыз. Оның бұл тірлігі вакфты ұйымдастырған адам да заңды түрде пайданы өзі пайлана беретініне дәлел. Екіншіден, вакф болатын мүлік Құдайға бағышталған соң алдыңғы иесі иелік етуден қалады, өйткені ол адам Құдайдың дүниесін иеленген болып есептеледі. Ол заңды. Егер біреу керуен-сарай немесе су қауызын салса немесе өзінің іргелік жерін зиратқа берсе, ол заңды түрде сол керуен-сарайда тұра алады, қауыздан су іше алады және сол зиратта жерлене алады. Бұл жоғары айтылғанға мысал бола алады. Үшіншіден, вакфты ұйымдастырған кезде адам тек жақсылық жасадым деп ойлайды, сондықтан вакфтан түскен пайдадан өзі де пайдалана алады, өйткені пайғамбар айтқан: «Өзіне тамақ тауып берген адам, садақ бергенмен бірдей сауапқа қалады».

Вакфке айналдыратын мүлікті ауыстыру құқығы ескертуі бар кезіндегі вакфты ұйымдастыру жағдайы. Егер вакфтың құрылтайшысы өзінің мүлкін айырбастауға құқылы деп санаса, онда Абу Юсуфтың пікірі бойынша заңды деп есептеледі. Имам Мұхаммедтің бекітуі бойынша, мұндай жағдайда вакф құрушының актісі заң жүзінде күші жойылмайды, ал мұндай жоқ келісім вакф құрушының өзіндік иелігін жояды және де мәседле тікелей байланысты заңсыз мешіттің негізінде ескермеуі күші жояды.

Ниетті өзгерту құқығы ескертуі бар кезіндегі вакфты құру. Егер вакфтың құрылтайшысы өзін өзгерту ниетінде вакфке қарасты мүлікті өзгертуді мына сөздермен ескертеді: «Мен мына үйді үш күннің ішінде вакфке мынадай мақсатпен қаратамын», онда Абу Жүсіп және сол акт құрушының актісі және осы келісім өзінің заңда күшінде болады. Имам Мұхаммед болса кеісінше мұндай жағдайда вакф құрушының заңда күші болмайды.

Бұл сұрақ бойынша түрлі пікірлер жоғарыдағы факихтер қорытындысы бойынша кіріс вакф құрушының пайдасына шешіледі. Ал Абу Жүсіп, вакф құрушының өзіне

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

пайда түсіретін вакф мүлкін өмір бақиға қалдыруға болады, сонымен қатар, бұл жерде Абу Жүсіп вакфты құрушының істі талқылау мақсатында өзіне қалдыруды заңды деп санайды, үш күн бойына ниетін өзгертуіне құқық берумен. Екінші жағынан Имам Мухаммад вакф құрушының актісі өзінің күшіне тек қана мутавали іске түскенде ғана күшіне енеді деп есептейді, сонымен қатар ескерту, келісім құқығы толық іске асуға мүмкіндік бермейді, осының нәтижесінде вакф құрушының заңды күшінен айырылады. Бұдан басқа вакфты құру оны ұйымдастырушының келісімінсіз орын болмайды, онда ниетін өзгерту құқығы мұнда жағдайда бекітілуі мүмкін бомайды, демек мұндай жағдайда вакфты құрудың заңды күші болмайды. Осылай болса, заңды күшінен айырылған актінің қалыптасқан шарттың тоқтатылуымен қалпына келуі мүмкін болмайды.

Вакфке билік жасауды ұстап қалу ниетпен вакфты ұйымдастыру жағдайы. Егер кімде-кім вакфке қойып оған билік жасауды ұстап қалғысы келсе, онда Абу Жүсіп бойынша мұндай актті заңды күші бар деп есептеуге болады. Кудури бұл жағдайды анық көрсеткен. Осындай пікірде тағы Халиль, және ол жалпылай қолдауға ие; Хиллель ол туралы, яғни вакфты еске алады. Кейбір ғұламалар айтады, жерді уақыпқа қойған жағдайда оған билік ету вакфты құрушыда билік оның ерекше шарт қойған жағдайында сақталуы мүмкін, басқаша емес. Дегенмен, біздің қазіргі ғұламалар бұл пікірдің Имам Мухаммадқа тиісті екеніне күдікпен қарайды. Олар мына ережені көрсетеді; яғни, құрылтайшыға уақыпқа қойылған мүлкін уақып тағайындау заңдылығы үшін қажет екен, ал олай болса, беруге орын болды ма, онда уақыптың құрылтайшысының уақыпқа өткен мүлкін ешқандай билігі сақталмайды. Екінші, жағынан Абу Жүсіптің ілімі бойынша, уақыпқа өткен мүлкінің құрылтайшыға аса қажеті де шамалы, дегенмен ол уақыпқа өткен мүлкіне белгілі дәрежеде билігін сақтап қалады, ол бұл жөнінде айтпаса да. Имам Мухаммадтың пікіріне сәйкес, ол «құрылтайшы мүлін уақыпқа өткізгені іске асса, онда құрылтайшының уақыпқа өткен мүлкіне билігі сақталмайды дегені құрылтайшының уақыпқа өткен мүлкіне уақыпқа өткізген сәтінде ешқандай уәж айтпаған жағдайға байланысты айтылып отыр; егер билік жойылмаса, онда ол билік басқалардың пайдасына айтылуы мүмкін, бұдан шығатын қорытынды, ол жалғасып жатыр, ал фортиори, яғни өзінің пайдасына уәж айтып жатыр.

Абу Жүсіптің пікіріне қорғауға дәлел екі ұдай. Біріншіден, құрылтайшы уақыптың өкілі ретіндегі билікті пайдаланып отыр өзінің уәжіне орай, және ол өзінің өкілдігін билігін пайдаланбауы мүмкін емес, егер уәж білдірсе. Екіншіден, уақыпқа қойылған вакфтың құрылысы бәрінен мүлікке жақын тұр, және ары қарай, орынды, егер ол вакфке өткен мүлікке билік етсе, айталық, дәл мешітті салған кімсеге ұқсас, жалғыз билігі оны жөндеу ғана, қызметкерлерді тағайындау, т.б. яғни құлды азаттыққа жіберген қожайынның еркі (қалауы) секілді, себебі ол өзінің құлына барлығынан да жақын тұр.

Дегенмен, вакфты құрушы, оған өзінің билігін айтса, онда ақымақтықтың кейпін киеді және сенімділікке ие бола алмай қалады, онда қазы одан оның иелігіндегі уақыпты кедейлердің мүддесі үшін ала алады немесе өткізе алады.

Бөлім

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Мешіт негізін қалаушыдан онда көпшілік сиынған жағдайда ғана иеліктен шығарылады. Әбу Ханифаның пікірі бойынша, егер кімде-кім мешіт салса, онда оның меншік құқығы оны өзінің қалған мүліктерінен ажыртқанға дейін немесе онда барлық сиынғысы келетіндерге келуге жалпы рұқсатты бермейінше тоқтатылмайды; бірақ жалпы бөтен тұлғалар, тіпті бір ғана бөтен тұлға онда намаз оқыса, мешіттің негізін қалаушының меншік тоқтатылады. Мешітті уақыптың негізін қалаушының қалған мүліктерінен толық ажырату бір-ақ себеп бойынша қажет: оны осылайынша бөлмейінше бір Алаһқа арналған болып есептелінбейді. Намаз оқу (бөтен тұлғамен) шарт болып табылады, өйткені (Әбу Ханифа және Мұхаммед бойынша) уақыпқа айналатын берілетін мүліктің жері болуы тиіс; мұндай беру құрылатын уақыптың сипатына лайық орындалуы қажет; мешітті берудің ең қолайлы жолы онда көпшіліктің намаз оқуы болып табылады. Мұның шарт болып табылатындығының тағы бір себебі, Аллаһтың мешітке қалай иелік ететіндігін түсіну мүмкін болмаған жағдайда, иелік етуге осылайша енуді аламастыратын, уақыпты құру мақсатының орындалу орын болуы тиіс. Мұнда айта кететін бір жәйт, мешітте тіпті бір адам намаз оқыған жағдайда, бұл шартты орындауға жеткілікті болып саналып, жоғарыда келтірілген шарт орындалған болып есептелінеді (Әбу Ханифа мен Мұхаммед Имамның келтірген пікірлерінің бірі бойынша), себебі барлық адамдардың онда намаз оқуы мүмкін еместігі белгілі. Әбу Ханифа мен Мұхаммед Имамның келтірілген пікірлері сияқты жалпы көпшіліктің намаз оқуы қажетті, маңызды шарт болып есептелінеді, өткені мешіт қоғамдық намаз оқуға негізделген. Әбу Юсуф айтуы бойынша мешіттің негізін қалаушының меншік құқығы ол «Мен бұл ғимаратты мешітке айналдырамын» деп айтқан сәтте-ақ тоқтатылады, өйткені ол мешітті беру қажетті шарт деп есептемейді, себебі уақыпты жариялаудың өзі уақыпты құрушының тарапынан меншік құқығынан бас тартуға негіз болып табылады. Сондықтан да уақыпта айналдырылған зат жоғарыда көрсетілгендей, уақыпты құрушының меншік құқығын тоқтатуы салдарынан бір Құдайға тиісілі.

Мешітті тұрғын жаймен бірге салған жағдайда. Егер кімде-кім екі қабатты ғимарат салып, оның бірінші қабатын мешітке, ал екіншісін – баспанаға айналдырса немесе керісінше мешіттің есігін жолға қаратып, мешітті өзінің меншігінен бөліп қойса (жоғарыда түсіндірілгендей), онда бұл тұлға, осылай бола тұра мешітті сата алады; егер ол қайтыс болса, онда мешіт мұрагерлікке беріледі, өйткені оған қатысты оның негізін қалаушының меншік құқығының жалғасуы салдарынан бір Құдайға тиісілі емес. Алайда бұл тәртіп тек мына жағдайларда қолданылады: егер мешіт орналасқан ғимараттар бастапқыда тек мешіт үшін ғана арналмаған болса; егер бұл ғимараттар тек мешіт үшін соғылған (мысалы Иерусалимдегі үлкен мешіт сияқты) болса, онда мұндай уақып абсолютті болып саналады. Әбу Ханифаның пікірін Хасанның хабарлауы бойынша егер ғимараттың төменгі қабаты мешіт үшін берілген болса, ал жоғарғы қабаты баспана болса, төменгі қабат мәңгібақи мешітке арналған болып қалуы тиіс, өйткені мешіттер мәңгі тіршілік ететін мекемелердің қатарына жатады, ал бұл талап жоғарғы қабатқа қарағанда, төменгі қабат арқылы шешілгені дұрыс. Жоғарыда келтірілгенге қарсы пікір Имам Мұхаммедке тиісілі, оның пікірінше мешітке құрмет көрсетілуі тиіс, ал егер мешіттің астынан баспана ретінде немесе жалға беру үшін басқа қабат соғылатын жағдайда, ол мүмкін болмайды. Әбу Юсуф

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бағдатқа барған кезінде бұл қаланың тарлығы мен адамдарының көптігін көрген кезде уақып мешітті баспанамен бірге құру екі жағдайда да, яғни, мешіт, төменгі, ал баспана – жоғарғы қабатта болған кезде де, сол сияқты керісінше болғанда да заңды деп есептелінуі тиіс деп шешкені белгілі, алайда бұны ол қажет болғандықтан ғана рұқсат етті. Осындай пікір Имам Мұхаммедке, яғни оның Раиға барғанынан кейін және осы сияқты себептерге байланысты тиісілі.

Егер кімде-кім өзінің үйінің орталық бөлмесін барлық адамдардың келуіне рұқсат ете отырып, мешітке айналдырса, онда мұндай бөлме мешіт болып саналмайды, ол сатылуы немесе мұрагерлікке берілуі мүмкін, себебі мешіт үшін кіруді тоқтатуға ешкімнің құқығы болмайтын жер беріледі; егер қандай да бір адам ғимараттың қоршаған бөліктеріне қатысты осындай құқығы болса, онда ол баспананың қоршаған осы бөліктеріне де таралуы тиіс, демек, мұндай баспана мешіт болып саналмайды, оны үстіне осы үйде тұратын отбасы мүшелері үшін әрі-бері өтетін тұрғын жай бір ғана Құдайға тиісілі болуы мүмкін емес. Имам Мұхаммедке мынадай пікір тиісілі: тұрғын үйдің мешітке айналдырылған орталық бөлмесі кейіннен сыйға тартылуы немесе мұрагерлікке өтуі мүмкін емес, демек, Имам Мұхаммед мұндай бөлмені мешіт деп санайды, Әбу Юсуф те қаралып жатқан уақыптың негізін қалаушы бұл бөлменің мешіт болғанын қалағанын негізге ала отырып, осы пікірді ұстанады; ал кіретін-шығатын есікті немесе жолды құру мүмкін болмағандықтан, бұл кіретін-шығатын есік айрықша ескертпесіз-ақ, жалға алған кездегідей, мешіт үй-жайына қосылады.

Мешіт салуға вакфке өткен жер телімі сатылмайды немесе мұраға өтпейді.

Егер кімде-кім жер телімін мешіт салу үшін вакфке өткізсе, онда оны кімсе нәтижесінде бұл жер телімін қайтарып ала алмайды немесе сата да алмайды; сонымен бұл жер телімі мұраға да өтпейді, өйткені ол бұл кімседен мүлдем адаланды және ол жер жалғыз Аллаһқа тиіселі. Бұл ереже мына пайымға негізделеді, барлық жаратылған нәрселер алдымен Аллаһтың меншігі саналады; сондықтан, кімде-кім жер телімінің иелену құқығынан бас тартса, онда ол бастапқы иелену жағдайына өтеді (Аллаһтың иелегіне), және жерге бұл кімсенің билігі жойылады қожайынының құлына еркіндік берген билігінің жойылғаны секілді, ал ол оны қайта сатып ала алмайды.

Мешіт ешқандай жағдайда жеке салған адамдыкі болмайды.

Егер жергілікті тұрғындармен салынған мешіт, ол мешіт иесіз немесе бағындырылмаған болса, осы себепті мешіт өз міндетіне тағайдалмайды, сол себепті ешкім оған бір Аллаға құлшылық қылуға болмайды, (Абу Жүсіп) ол былай деп жалғастырады, сол салынған мешіт салынған күйінде тұра береді және де сол мешіт алдыңғы иесіне қайтарылмайды, оның алдыңғы орны бос болмағандықтан оның иесіне қайтарылмайды. Имам Мухаммад былай дейді дәл осындай мешіт оны негіздеуші жеке тұлғамен салынады, егер де ол адам бұл өмірден қайтқан болса ол адамның мұрагерімен салынады және де ол мешіт тек қана бір Аллаға жамағатпен құлшылық етуге арналған болса. Бұл мешіт тоқтатылуы мүмкін егер де, бұл мешітке арналған материалдар бітіпқалған болса. Басқа сөзбен айтқанда материалдар мешіт салуға арналған болса (кірпіш және т.б.), немесе ол өз алдыңғы иесіне жекеменшік ретінде қайтарылады, және бұл іс қаралу үстінде болады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бұл жеке ой ғұлама Абу Юсуфтың ойына қарама-қайшы келеді, Абу Юсуф былай дейді егер де бұл мешітті салуға арналған материалдар бітіп қалған болса онда бұл мешіт басқа құрылысшыға берілуі керек дейді.

Көпшіліктің пайдалануы мақсатында вакфты тағайындау жағдайы. Егерде кімде-кім жамағат орында адамдар пайдалануы үшін суат құрса, немесе жолаушылар демалуы үшін үй-сарай салса, не болмаса басқа елде мұсылман әскерлері демалуы үшін үй салса, және мазараттан орын берсе онда ол адам бұл өмірден қайтқаннан кейін де ол адамның арқасынан жоғарыдағы заттар бұзылып жоқ болып кеткенінше сауаптары барып тұрады, және бұл нәрселерге вакфтық меншіктігіне иеленуіне болады. Сол себепті судья вакфтың иегеріне қайта алу үшін шешім шығару керек, не болмаса вакф иегері өмірден қайтқаннан кейін өз күшіне енеді сол вакф алдыңғы иегері бір адамға қалдырған болса сол адамның жекеменшігі болып қалады егер де ол адамның күн көру жағдайы қиын болса. Жоғарыда айтылған ойлардың барлығын Абу Ханыфа айтқан. Абу Юсуф былай дейді вакфа меншіктен айырылады егер де мына сөздерді айтса «мен осының барлығын мына мақсатта істедім» десе (мысалы, тұрғылықты жерін көмуге берсе және т.б.), өйткені вакфаны мекеме абсолютті түрде заңмен қаралады, және де бұл вакфаны көпшілік орындарда қолдану үшін берудің қажеті жоқ. Имам Мухаммад былай дейді «екеменің вакфаны иелену меншіктігінен айырылады егер де вакфа суаттан су ішсе немесе караван-сарай салынса, немесе мазаратқа берілсе, өйткені бұндай вакфты беру деп аталады. Дәл осылай берілу факты ыңғайлылау шамамен қаралуы керек. Жетерліктей жоғарыда көсетілген акттардың барлығы бір адаммен жасалынған болса, не болмаса соған қатысты адаммен, өйткені мыналарды ескере кеткен жөн ол акттарда бірденінен бірнеше адам қатысуы мүмкін емес. Бұлақтар және ағымдар жоғарыдағылармен бағынышты болады.

Көпшілік пайдалану мақсатында берілген вакфаларды қамқоршыға берілуі мүмкін. Егер де жоғарыда көрсетілген оқиғаны вакфа иегері мутавали ретінде беріледі, ал бұндай беріліс хадия етіледі, өйткені қамқоршы вакфа ұйымының мүшесі болып келеді, ал акттар жоғарыдағы адаммен заңды түрде көрсетілген. Кейбір адамдар мешітке қатысты былай дейді, бұны қамқоршыға беру толық мағынада берілді дегені емес дейді, өйткені қамқоршының мешітпен шаруасы жоқ. Басқалар былай дейді, берудің өз орны бар, өйткені қандай да бір адам мешіттің есігін ашып жауып тұруы керек деп санайды; сол себепті мешітті хадияға беруге болады. Кейбір адамдар былай дейді мазаратта орын беру мешітті хадияға берумен теңеледі, әдетпен мазаратты беру міндетті емес. Басқалар былай дәлелдейді, мазарат караван-сарай, суатпен тең болу керек дейді; сол себепті егер ол қамқор ретінде берілсе, онда бұл толығымен хадия деп аталады, сол себепті бұл заңда өз күшіне енеді, басқалар ойына қарама-қайшы келсе де.

Вакф мемлекет басшынына немесе бас судьяға берілуі мүмкін. Егер де кімде-кім Меккедегі үйлерді байқаса, онда вакфалық үйлерді көреді қажылықтағыларға; немесе үй басқарушысының жүзі басқа жақта, бұл вакфаны кедейлерге немесе үйсіздерге арналған; немесе үй иесінің жүзі шекараға қараған болса, онда оның вакфасы мұсылман жауынгерлеріне және олардың малдарына арналған; немесе діни қызметкері өз жерін мұсылман жауынгерлеріне көмек беру үшін арнаған болса, осындай жерлер басыларға беріледі (бұл қамқорлық құқығына ие болады) осындай беріліс заңды түрде

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

берілуі керек. Сол себепті жоғарыдағы көрсетілгендердің бірі өз ойынан қайтып қалса өз вакфамды қайтарып аламын десе, ол оны заңды түрде қайтарып ала алмайды, өйткені жоғарыдағы баяндалғандай. Жердің табысына тек қана кедей мұқтаж адамдар ғана заңды түрде пайдалана алады, байлар пайдалана алмайды; әртүрлі нәрселерді қолдана отырып (караван-сарай, суаттан су ішуге, және құдықтан, өзеннен, бұлақтан су ішуге ақысы бар) кедейлерге де, байларға да заң бірдей. Осындай екілік келіспеушілікке қарамастан былай делінеді. Біріншіден, вакфадан келген табыстан кез-келген нәрсеге қарамастан біріншіден кедейлерге көмектесу керек, сол вакфаға басқа құралдармен қарау кезінде ыңғайлы дәрежеде кедей де, бай да тең болады. Екіншіден кедейге де, байға да бірдей шара қолдану керек; ал ақшалай көмекке келетін болсақ байдың бұған мұқтаждығы жоқ, ал кедейге көмек қолын созу керек.

ХҮІ КІТАП

САТУ-САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ

Сату – сатып алу (сауда) кезіндегі терминдерді қолдану анықтамасы. «Байа» термині сату-сатып алу, заң тілінде екі жақтың өзара келісімімен меншіктегі затты меншіктегі затпен ауысуды білдіреді. «Ширра» термині сатып алу; сатып алушыға-«муштерри» термині; сатушы –«байа»; сату-сатып алу әрекетінің объектісі –«мабеа» термині, ал баға «саман» терминімен аталады.

I Тарау. Кіріспе

II Тарау. Алмасудың еркін шарттары туралы

III Тарау. Көруге әкелу туралы

IV Тарау. Ниетті өзгерту еркіндігі нәтижесінде кемшілік немесе жетіспеу

V Тарау. Жарамсыз, заңды күші жоқ және лас сату-алу туралы

VI Тарау. Акале, немес сату –алу мәмлесін бұзу туралы

VII Тарау. Достық пиғылмен және табыс табу үшін сату-алу мәмлесі туралы

VIII Тарау. Рибә немесе соттасу туралы

IX Тарау. Құқық және жасау-жабдық туралы

X Тарау. Құқықты талап ету туралы

XI Тарау. Саям мәмлесі туралы

Бөлім I

КІРІСПЕ

Сатып, алу-сату мәмілесі арыз және мақұлдау (ризалық) арқылы жасалады. Сату-сатып алу мәмілесі келісім мен мәлімдеме жасау жолымен жасалады, сонымен бірге, «мәлімдеме жасау» термині бір жақтың алғашқы айтушының сөзін білдірсе, екінші жақтың айтушысының сөзін «келісім» термині білдіреді. Яғни, егер Заид Омарға «мен саған осындай да осындай маған тиісті затты он дарагимге саттым» деп бірінші айтса, ал Омар бұған: «мен саған тиісті осындай да осындай затты сенің белгілеген бағаға сатып алдым» деп жауап берсе, онда Заидтің сөзі «мәлімдеме», Омырдың сөзі «келісім» деп аталады. Егер, керісінше, Омар Заидке «мен саған тиісті осындай затты он дарагимге сатып алдым» деп бірінші айтса, ал Заид оған «мен саған осы затты сенің белгілеген бағаға саттым» деп жауап берген болса, онда Омардың сөзін «мәлімдеме», ал Заидтің сөзі «келісім» болады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Арыз және мақұлдау (ризалық) өткен не осы шақта білдіріледі. Мәлімдеме де, келісім де анық райдағы не осы шақты, не өткен шақта айтылуы керек; егер оның бірі бұйрық райда немесе (ашық райдың) өткен шағында айтылса, онда мәміле орындалмады деп есептелуі тиіс. Сонымен егер сатушы сатып алушыға «маған тиісті мына затты он дарагимге сатып ал» десе ал сатып алушы оған «мен сенің белгілеген затты он дарагимге сатып алдым» деп жауап қайтарса; немесе егер сатушы: «мен бұл затты» саған он дарагимге саттым десе, ал сатып алушы «мен сенің белгілеген затыңды он дарагимге сатып аламын» деп жауап берсе, онда осы жағдайлардағы сату-сатып алу мәмілесінің біреуінде де міндетті болмайды.

Арыз және мақұлдау өткен немесе осы шақта немесе осындай ойды беретін сөздер мен білдіруі тиіс. Сату-алу мәмілесі «мен сатып алдым» немесе «ман саттым» сөздері сияқты басқа да осындай ойды білдіретін сөздермен орындалады. Мысалы, екі жақтың біреуі: «мен бұл бағаға разымын» немесе «мен саған бұл затты осындай бағаға бердім» немесе «бұл затты осы бағаға ал» деп айтқанда. Сату-сатып алу мәмілесі мәмілеге ықылас қою арқылы қабылданады, және «сатып алдым» және «саттым» сөздерін қолдану талап етілмейді, сондықтан сату-сатып алу мәмілесі «тати» арқылы немесе дара алмасу арқылы орындалуы мүмкін. Сонымен бірге, сатушы сатып алушыға сатылған затты береді, ал сатып алушы оның орнына сатушыға осы сөздерді қолданусыз сатып алынған заттың бағасын береді. Кейбіреулер сату-сатып алу мәмілесінің жолы бұл түрі өзара ауыстырудың арзан бағалы заттарға қатысты заңды күшке ие. Бірақ сату-сатып алу мәмілесінің өзара ауыстыру жолының қорытындысы қандай жағдайда да заңды болып есептелуі тиіс, өйткені мәмілеге қатысушылардың екі жақты келісімі орнатылады.

Қарсылық. Жоғарыдағы мазмұндалған сату-сатып алу мәмілесін жасау тәсілі «мына затты осындай бағаға ал» сөзін айту жолы заңды күшке ие болып есептеле алмайды, сондықтан осының алдында мұндай түрдегі мәміленің жасалу талабы ашық райдың өткен және осы шақтағы келісім мен мәлімдемені айту ұсынылу қажеттілігі және бұйрық райда айтылуы мүмкін еместігі түсіндірілген.

Жауап. Осы жағдайда «ал жіне т.б.» сөзі мәлімдеме болып ұсынылмайды, тек өткен шақтағы мәлімдеменің болуын көрсетеді, егер сатушы бірінші: «мен осы затты саттым» деп, сосын «мына затты ал және т.б.» деп қосса, себебі бұйыру мәлімдемеге әкеледі.

Сатушының өзі әлде басқа бір кісі арқылы ма, не хатпен жасалынса да арызды мақұлдауы (ризалықты) білдіру кездесудің аяғына дейін қоя тұруға болады. Егер (сату-сатып алу мәмілесінің) екі жақтың бірі мәлімдеме берсе, онда екінші жақтың билігімен өз келісімін және бас тарту сөзін кездесудің (әңгімелесудің) аяғына дейін кейінге қалдырады; билік бұны келісімді ұсыну деп атайды (арабша-«хаяруль-кабул»). Бұл ереже сол пайымдауға негізделген: егер мұндай билікте екі жақтың біреуі ұсынылмаса, онда сол сату-сатып алу мәмілесі бұл жақтың келісімінсіз жасалатын еді. Қарастырылып отырған жағдайда мәлімдеме айтқан адам одан бас тартуы мүмкін екенін ескеру керек, себебі бір мәлімдеме өзінен-өзі мәміле жасау үшін жеткілікті күшке ие емес.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер не сатып алушы, не сатушы немесе үшінші жақ (мәлімдеме берумен) бір-біріне хат жіберсе, онда басқа жақтың келісімін беруі мұндай мәлімдеме алынатын жиналыс немесе орынға қалдырылуына дейін кейінге қалдырылуы мүмкін.

Егер сатушы сатылып тұрғанның әртүрлі бөлімдеріне әртүрлі бағалар тағайындамаса, сатып алушының ұсынысын сатушы сатып тұрғанның кейбір бөлшектеріне қатысты деп түсінбеу керек. Егер сатып алушы қандай да бір бағаға тауарды сатып алғаны туралы мәлімдеме жасаса, онда сатушы бүкіл тауар құнын пропорционалды түрде бағалаған тауардың шектелген бір бөлігіне ғана өзінің келісімін беруге құқы бар, егер осындай мәлімдемені сатушы жасаса, онда сатып алушы өзінің сатылған заттың бөлігіне ейін ғана қатысты сатып алуын түсіндіре алмайды, себебі, мұндай әр жақтың түсіндіруі мәміленің келісілген шарттарынан кейінге қалдыруын ұсынады және себебі мәлімдеме берген жақтар мұндай кейінге қалдыруға келісім бермеді.

Алайда, егер мәлімдеме берген жақтар сату-сатып алу мәмілесі объектінің әр түрлі бөліктері үшін түрлі бағасын тағайындаса, онда келісім шектеулі болуы мүмкін. Егер біреу: «мен мына үйме астықты он дарагимге сатамын» десе, онда сатып алушы бұған келісім ұсынысын ашық білдірсе, астықтың жартысын бес дарагимге сатып ала алмайды; егер сатушы: « Мен бұл бидайды манына бір дирхемге сатамын» десе, онда сатушы бұл ұсынысқа келісім бере отырып, өзінен бидайды сатып алуын қалауынша шектеуіне болады.

Егер мақұлдау уақытысында білдірілмесе, арыз заңды күшінен айырылады. Егер сатып алушы немесе сатушы өтініш білдірсе және екі жақтың біреуі келісім бергенге дейін жоқ болып кетсе, онда мұндай өтініштің заңды күші болмайды.

Арыз және мақұлдау мүлде айқын жасалса, сатып, алу-сату мәмілесін міндетті болады. Өтініш пен келісім абсолютті түрде жасалған болса, онда ешқандай сылтаусыз сату-сатып алу мәмілесі міндетке айналады және ешбір қатысушы жақ одан бас тарта алмайды, егер тек сатылуға тиіс немесе сатып алынған зат тексерілмеген болса. Имам Шафий бойынша, мәміленің әрбір қатысушысы «кездесетін мекенді» (*арабша-хаяруль-меджилис*) белгілеуге қақылы яғни, олардың әрқайсысы мәміледен бас тартуға тек олар әр жаққа тарап кеткенге дейін жасалмаған уақытта ғана болады), пайғамбар (с.ғ.с) сөзінің негізінде: «Сатып алушы мен сатушы ажырап кетпейінше өздерінің ниеттерін өзгертуге ерікті. Біздің ғұламалар дәлелдегендей, келісім мен өтінішке бекітілген сату-сатып алу мәмілесін бұзуда жақтардың біреуінің құқын мен бұзу тең және Имам Шафий келтірген ғибратына сәйкес.

Сатып алу және сатылатын нысаны және оның нысаны көз алдында тұрса, келісім белгілі саны аталмай жасалынды деп есептелуі керек. Егер мәміленің жасалу кезінде мәміленің объектісі (заты) не бағасы, не басқа да нәрселер мәміле жасау кезінде анық көрініп тұрса, және ол мәміле кезінде ескерілсе (мысалы, егер сатушы айтса: «Мен бұл астықты саған мынадай дарагимге (дирхемге) саттым» немесе сатып алушы: «Мен саған тиесілі затты, осындағы дарагимге сатып алдым» десе) онда, сату-сатып алу мәмілесі заңды күшке ие деп есептелуі тиіс, дегенмен, сатып алынған заттың саны ескерілмеген болса, өйткені олар жөнінде ескерілуі мәміленің мәнін орнатады және дауға жол бермейді.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер ақша келісіп тұрған жерде ұсынылмаса, ақшаның соммасы нақты белгіленбей құр аталуы заңды болмайды. Егер мәміле жасау кезінде дарагим немесе динардың анық соммасы айтылмаса, немесе оларға көрсетілуі мүмкін болмаса, жалпы ақша жөнінде оның саны немесе суммасы анық болмаса, онда ол заңды саналмайды, өйткені қажетті шарт ретінде бағаның сатушыға ұсынылуы болып тұр. Алайда, сатушы мен сатып алушының арасында ақшаның жәй айтылуы өзара дауға әкелуі мүмкін, бағаның келісімі іске асуы қиын болатын еді.

Сатып алу-сату келісімі тек құнын қолма-қол ақшамен төлену шартымен жасалынады деп саналады, не төлеудің уақытысы нақты анықталған шарты бойынша. Сату-сатып алу мәмілесі нақтылай ақша төлеу шартымен немесе келешекте белгілі бір мезгілде төлеу арқылы жүзеге асуы мүмкіндігі туралы Құранда: «Абсолютті (мүлдем) сату-сатып алу заңды», сонымен қатар, пайғамбар (с.ғ.с)-ның еврейден киім-кешек сатып алғаны туралы риуаят бар, пайғамбар (с.ғ.с) төлемін белгілі бір уақытта төлеуге уәде берген екен, кепілдеме ретінде өзінің жүзігін (кольчуга) қалдырыпты. Қажетті талап, төлем уақыты анық болу керек, өйткені белгісіздік бұл жағдайда дауға әкелуі мүмкін және мәмлениң орындалуында кедергілер пайда болады, сатушы тезірек төлеуді талап етеді, ал сатып алушы оны кейінге қалдыруды ұсынып отырады.

Баға нақты және айқын ақша белгісі бойынша аталынуы керек. Сату-сатып алу мәмілесінде төлем анық келісілсе (мысалы, «Мен мынаны он дарагимге саттым» десе), заңды күші болады, егер әртүрлі дарагим түрлері біріңғай құнды болса, және мұндай жағдайда сатып алушы өзі қалаған дарагиммен төлем жасауға болады. Егер әртүрлі дарагим әрқалай құнға ие болса, онда сатып алу келісімі соның біріне жасалса да болады. Егер де одан басқа әртүрлі дарагимдер әрқалай құндылыққа ие болса, оны анықтау мүмкін болмаса, онда оларды жалпылай қолданысқа иелерімен, яғни «дарагимнің» бір түрі мәмілеге кірістірілмейді, яғни заңды күші болмайды, себебі, нәтижеде олардың құндылық-құнсыздығынан дау тууы мүмкін. Дегенмен, мәміле жасаушылар мұндай туғызбау үшін ерікті түрде бағаның суммасына келісімге келсе, онда мәміленің заңды күші бар деп есептеуге болады.

Дәнді нан дәнді нанның басқа түрімен сатылуы (ауыстырылуы) мүмкін. Бидай және басқа сорттағы бидай наны заңды түрде өлшем таразысымен сатылуы мүмкін, яғни шамалай бағамен, егер сату немесе ауыстыру басқа сорттары бидай нанымен жасалса, өйткені пайғамбар (с.ғ.с) айтты: «Ауыстырындар, нені қаласаңдар, қалай және қандай санымен болса да»; сонымен қатар, бұл жағдайда анық саны белгісіз болса. Сатуға әкелінген затқа кедергі болмаса болды. Бірақ, сатуға немесе ауыстыруға арналған бидай шамалай бағаға сол бидайды; бидай мен ауыстыру өсімқорлықты көрсетіп отыр, сондықтан да заңсыз.

Тауарлар, «салам» келісімінен басқалары, нақты белгілерін құрмайтын салмақпен және өлшеммен сатылуы мүмкін. Сату-сатып алуда қандай да ыдыспен өлшенуі заңды болуы мүмкін, мөлшері анық болмаса да, немесе тастың көмегімен таразыланса, салмағы оның дәл анық болмаса, өйткені белгісіздік дауға итермелемеуі тиіс, себебі сатып алынған заттың тасымалдануы барысында өлшенуі мүмкін, ал ыдыс немесе тас белгілі уақыт аралығында жоғалып қалса, тауарды өлшеу немесе тасымалдау кезінде, онда бұл жағдайда дау шығуы мүмкін.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Дегенмен, мұндай өлшеу салям мәмілесінде қолданылмайды, (яғни, алдымен бағасы төленіп, кейіннен тауар әкелінген жағдайда), өйткені, бұл жағдайда ыдыс немесе тас ұзақ уақыт аралығында жоғалып немесе тасталса, яғни мәміле жасалып және тауар тасымалданған уақыт аралығында. Сондықтан, мәмілеге қатысушылар ыдыстың көлемі мен тастың салмағы туралы басқа ережені иемденбесе, тек жеке өздерінің пайымына сүйенсе, нәтижеде өлшем мен салмаққа қатысты дау тууы мүмкін.

Көтерме сатылып тұрған тауардың әр белгілі бір бөлімінің не үлесінің құны тағайындалып тұрған кезде сатып алу-сату келісімі сол белгілі бір бөліміне не үлесіне қатысты. Егер кімде-кім үйілген астықты сатса, және былай десе: «Мен бұл мөлшердегі үйілген астықты кафизіне (кафиз – таразы түрі- 70 орыс фунты) бір дирхемге саттым» десе, онда Абу Ханифа бойынша шулдай мәміле бір кафизге тең күшке ие; ол одан көп мөлшерге ие күшке ие емес, егер сатушы сол сәтте-ақ түсіндірсе, яғни үйілген астықта қанша кафиз сақталғанын көрсетсе. Екі шәкірт барлық үйілген астықты сату заңды екі жағдайда да деп есептейді. Абу Ханифа бұл жағдайда мәміленің әрекетін барлық астыққа тарату мүмкін емес деп дәлелдейді, өйткені мәміле бір кафизге ғана жасалғанын білу керек. Дегенмен, бұл мәміле анықсыз нәрселерді толық жойғаннан соң заңды күшке енеді, яғни, сатушы қанша астықты сататынын жариялау керек немесе мәміле кезінде үйілген астықты өлшеу керек. Екі шәкіртте бұған қарсы пікір білдіреді, олар мәміле кезінде анықталмаған нәрселер әрекетке кедергі жасалмауы керек, яғни екі құлдың біреуін сатқанда, сатушыға олардың қайсыбірін таңдауына мүмкіндік берілуі керек.

Сатылып тұрған тауардың саны нақты түрде анықталмай, жалпылама түрде белгіленсе сатып алу-сату келісімі заңды болмайды. Егер кімде-кім айтса: «Мен қора қойымның әрқайсысын бір даргимнан саттым» десе, онда мұндай мәміленің ешқандай заңды күші жоқ, Абу Ханифа: басқаша айтқанда, оның бір қойға қатысы да еш заңды күші жоқ. Сол секілді матаның әр қашан бір диргамнан сатылған жағдайда да заңсыз. Оны қарыстап сатуға келмейді, және осындай сауда заңсыз т.б. Екі шәкіртте осындай пікірде, сауда-саттық мәмілесінің барлық жағдайларында заңдылық сатылатын заттың барлық санына қатысты, өйткені анықталмаған нәрселерді жою оған қатысушылардың құзырындағы іс, сонымен қатар, мұндай анықсыздық мәміленің заңды жүргізілуіне кедергі бола алмайды. Абу Ханифа өзінің пікірін қорғау үшін сол айтылған дәлелдерді келтіреді. Бірақ ол бір кафиз бидайға қатысты мәміленің заңдылығын көрсетті, өйткені барлық кафизде тасымалдауға қатысты өзара дау болмауы керек.

Сатып алу-сату келісіміндегі белгіленген тауардың саны толығымен әкелінбеген болса, онда сатып алушы жеткізілгенді қабылдауына да келісімінен бас тартса да болады; егер тауардың жеткізілген саны келісімде көрсетілгеннен асып, онда осы жеткізілген сан аталған санның күшіндей болады. Егер кімде-кім үйілген астықты жүз дарагимге сатып алса, сол шартпен, яғни үйілген астықты жүз кафиз болуы тиіс болса, және нәтижеде онда сол салмақ болмай қалса, онда сатып алушыға оны алу немесе алмау таңдауы тұрады, немесе мәмілені орындаудан бас тарту керек пе, өйткені шартты бұзу мәмілені орындауға дейін орын алса, мәміледе көрсетілгендей барлық санымен кіру қажетті.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер, басқа жағынан үйілген астықта ол көп болса, онда сатып-алу, сату мәмлесі оған қатысты күші болады, ал артығы сатушыға тиіселі, өйткені мәміле анық белгіленген санмен шектелген және артығына жетпейді, бұл санға енбеген, ал басқадай бөлек затпен көрсетіледі.

Егерде сатушы анықтап алған болса және тауарды (тартылған) алған болса, сату-сатып алу жұмысын қорытындылай келе, оның кемшілігін байқайды, ондағы сатып алушы сатып алынған затты алуы мүмкін немесе сату-сатып алу келісім-шартын бұзуы мүмкін; егерде келісілген жұмыста артықшылықтар орын алып жатса, онда сату-сатып алу жұмыстарын міндетті түрде заң бойынша іске асырады.

Егерде кімде-кім бір үзім шұғаны он дарагимге осындай жағдаймен сататын болса, онда кемінде тоғыз тұяқ болу керек немесе жүз дарагимдік жер учаскесі болу керек, яғни жоғарыда көрсетілгендей жүз тұяқпен келіскен болса, артынша ондағы қандай да бір кемшілікті табады, сонымен қатар сатып алушы ұсынылған шұғаны немесе жер учаскесін өзінің жағдайына қарай келісім-шарт бағасы бойынша сатып алады немесе сату – сатып алу келісім-шартын бұзады, себебі осындай жағдайда тауарға белгіленген арнайы өлшем бірлік көмегі арқылы тауардың ұзындығын, енін, бөлігін, бағасын анықтап алады, сол сияқты төрт түліктің де салмағын, бойын, тауарлық көрінісін анықтайды. Басқаша айтқанда, егерде кімде-кім ешкі сатып алатын болса, ол ешкінің құлағы кесілген болса, онда сатып алушыға ешкіні өткізу үшін жағдай жасалынады, бағасын сәл төмендетеді, немесе сату-сатып алу келісім-шартын бұзады, сатып алушы заңды тұлға ешкінің бағасын төмендетуге құқығы жоқ, себебі ешкі бағасының бір бөлігі ешкінің құлағы кесілгені сыңайлы баға төмендетілген деп көрсетілген, негізінде тауарға немесе сатылатын жануарға белгіленген баға қандай жағдайда болса да төмендетілмеуі керек, яғни араб елінің бостандық құқығына байланысты міндеттерді нақтылай айқындау керек. Бұл дегеніміз қабылданған заңдарды қайталап қарастыру дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда осындай жағдайларға сәйкес мысалы ретінде бидайды алатын болсақ: төменде көрсетілгендей бидайдың сандық көрсеткішін есептегені байқалынады, ондағы тиісті бағаның төмендеуі анықталады. Осылайша, сатып алушыға ұсынылған тауардың құқықтық келісім-шарт бойынша жүзеге асырылуы барысында сатып алушыға тауар ұнамай қалса, сатып алушы келісім-шартты бұзуға құқығы бар. Егерде ол берілген тауарды сатып алғысы келсе сол тауарды қорытындылай келіп, жалғыз сол тауарды ғана жүз кафизге сатып алады. Бірақта, егерде шұға немесе жерді көп мөлшерде сатып алғысы келсе, келісім-шарт талаптарына сәйкес артықшылықтарды өз жайына қойып жеке заңды тұлға ғана келісім бойынша сатып алады, және сатушыға ешнәрседе ұсынылмайды, себебі бостандық құқығын таңдаудағы тұяқтың жалғыз өлшем бірлігін ала қоймай оның салмағын, бойын, жүнін сататын бағасында анықтап, әрі қарай жүзеге асырады. Бір сөзбен айтқанда, мұндай жағдайды талдау барысында бір мысал келтіре кетсек болады. Мысалы: Егерде құл сатылатын болса, құлдың нені игере алатындығын және оның артықшылығы мен кемшіліктерін толығымен сипаттай отырып, оның ешқандай туыстары жоқ екендігін анықтап сатады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егерде сатылып жатқан тауардың саны өлшем бірлігіне тәуелді болатын болса, сондай-ақ сату-сатып алу келісім-шартына сәйкес болатын болса, онда сатып алушы келісім-шарт бойынша толық сатып алады немесе тауар бағасы қалтасын көтермесе келісім-шартты бұзады, сонымен қатар, келісім-шартта көрсетілген тауардың саны кем болса, немесе артық болса тауарды мүлдем алмайды.

Егерде кімде-кім бір үзім шұғаны сататын болса, сатқан адамға арыз тастаған болса: «Мен саған осы бір үзім шұғаны өлшеп жүз тұяқ малға диргама тұяғы бойынша есептеп бердім» дейді екен, және артынша оның есебінің кем екендігін айқындайды, мұндағы жәйт сатып алушы тауарды сатып алуды ұсынады немесе бір үзім шұға үшін шұғаның бағасын толықтай төмендетуді талап етеді, немесе сату және сатып алу келісім-шартын мүлдем бұзады, себебі анықталған тұяқтың бағаларына санына сәйкес, жеке келісім-шарт талаптарына сәйкес олардың өлшем бірліктерінің анықталғанын көзі жете отырып, осындай жағдайда тауарды сатып алу аз кездеседі және сатуды жүзеге асыру барысында сатушы әрбір тұяқтың бағасын жеке дара анықтайды, ізінше әрбір тұяқтың жеке шұғасын өз реті бойынша сатады. Егерде сатушы өзінің пайдасы үшін тауарды төмен бағамен саттым дегенде болар ма еді, ұсынылған тауардың барлық санын келісім-шарт жағдайымен бақылай отырып, бастықтары анықтайды (әсіресе – тұяқты қанша диргаммаға сатқанын анықтайды). Егерде, басқа жақтан қарастырған кезде шұғаның бағасы жүз тұяқтанда көп болып шығады, онда сатып алушы ұсынылған таңдаудың барлығын сатып алады немесе тауардың санын тұяқты диргамасымен сатып алады, немесе сату-сатып алу келісім-шартын бұзады, себебі шұға қаншалықты көп болғанымен бір пайда түспесе келісілген келіссөздер арқылы өздеріне шығын кемімеудің жағдайын қарастырады, қосымша сомма төлейді; сондықтан оған ұсынылған құқық бостандығын таңдау барысында келісім-шартты осындай жағдаймен толық орындау керек, немесе келісім-шарт түбіртегін толығымен бұзу керек.

Тұрғын үйлерді сату және сатып алу барысында, тұрғын үй бағасын заңды талап бойынша тұяқ санына қарай сатады, сол келісім-шартқа отырған күннен бастап заңды құқыққа ие болмайды, бірақта жылжымайтын мүліктегі тұрғын үйді сатып алу заңды түрде жүргізілуі мүмкін.

Егерде кімде-кім он тұяққа үй немесе монша сатып алатын болса, олардың қалған жүзтұяғы Абу Ханифаның ілімі бойынша келісім-шарт заңды күшке тәуелсіз болады, себебі бәрімізге белгілі сатып алушының үйді немесе моншаны өлшеуі, өлшемеуі бізге беймәлім. Абу Ханифаның екі шәкірт де былай қорытындылайды, яғни келісім-шартты бекіту барысын Абу Ханифенің заңы бойынша емес, өздерінің нақты шешімі бойынша сату-сатып алуды заңды түрде жүзеге асырады. Егерде кімде-кім он учаске үй немесе монша сатып алатын болса, ондағы барлық жүз учаскелердің бәрінде заңды келісім-шарт болуы тиіс, яғни қазіргі біздің барлық ғалымдардың пікіріне сәйкес келеді. Екі шәкірт бостандық құқығын қорғаудағы талқылауды былай деп қорытындылайды, яғни он тұяққа бір үй алып, жүз тұяққа жүз учаске алуға болар екенғой деп тұжырымдады. Ал, Абу Ханифа былай деп дәлелдеді: «Тұяқтар» ең алғашқы белгілері бұл сөздің шығу тегі таяқ деді, бұл

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сөзді қолдану үшін бір затты өлшеп ал деді; бұл терминнің шығу тегі, қолданылуы, белгілері, өлшем бірлігі қандай, ал мұндай зат не болса соған жалтармай адамның санасына сәйкес келуі тиіс, яғни мысалы: жер учаскесі, адамның үлесі дегенді білдірген; осы қарастырылып жатқан жағдайда тұяқтарға мүмкіншілік бермей отырып, адам санасына қонатындай белгі берілген, сондай-ақ ол өзінің анықталмаған орнына сәйкес, қандай жақтан болса да үйің жан-жақты өлшену керек деген, ал анықталмаған жағдайда екі адамның арасындағы сату-сатып алу жұмысы бәсекелестікке айналып кетеді. Басқалар жылжымайтын мүліктің орнына қатынасына байланысты үлестеріне ие болып, ондағы ұсынылған жалтарма түсініктерге сүйенеді, анығырақ айтқанда анықталмаған зат, өлшенбеген үй қатынасына тең деген мағынаны білдіреді; тұрақты мекен-жайы қаншалықты анықталмағыны мен ондағы жер учаскесі белгіленген, бірақта ол бәсекелестікке алып келуі мүмкін, себебі мұрагер он учаскесі бар үйді шексіз пайдалануы мүмкін немесе өзіндік үлесіне ереже бойынша ие болуы мүмкін, бірақта Заң кітабының бір бөлімінде көрсетілген жеке тұлғаның екі адаммен біріктірілген мұрагер екені анықталады.

Шұғаны сатып алу барысында ол заңсыз деп табылады, себебі мұндағы шұғаның данасы артық не кем болады, демек, бұл алдын-ала ұйымдастырылған қылмыстық іс болып табылады.

Егерде кімде-кім шұғаны заңсыз жағдаймен сатып алатын болса ондағы он дана шұғаны тауып алса және артынша тоғыз немесе онбір данасы табылса, онда мұндай сату – сатып алу жұмыстары заңды күшіне ие болмайды, неге десеңіз тауардың ешбір белгісі анықталмаған, оның орны ең бірінші бағасы, екінші тауарға сәйкес шұғаның тоғыз данасы сондай-ақ он данасының бағасы белгісіз ал қалған тоғыз дананың бағасы белгісіз болып қала береді; егерде он дана шұғаның жоғарғы жағында артықша біреу болса, онда ол белгісіз болып кете беред, ал дәл сол он дананың ішінде біреуі жарнама ретінде ұсынылуы тиіс.

Қоймадағы шұғаны сатып алу заңды іс-әрекетке сәйкес келмейді, егерде ондағы шұғаның данасы нақты болмай шықса сату-сатып алу келісім-шартына байланысты сатушы белгілемеген арнайы бағаны өздері әрбір шұғаның данасына баға береді.

Бірақта, егерде сатушы шұғаның бағасын хабарласа және көрсетіп қойса оның бағасын кемдігін келісім-шарт бойынша сату - сатып алу жұмысы заңды күшке ие болады, бірақ сатып алушыға келісім-шартты бұзуды ұсынады, егерде ол қаласа, қаламаса басқа шара қолданады; егерде шұғаның сан жағынан артықшылығы болып тұрса, онда сату-сатып алу жұмысы және анықталған тауардың белгілері заңды күшке ие болады, себебі басқаша келісім-шарт құру мүмкін емес. Әсіресе шұғаның қайсы үзіктерімен объектілер бойынша келісім-шартқа отырған.

Абу Ханифаның (кейбір келісімдерді бекітуі бойынша), сату-сатып алу жұмысы заңды күшке ие болмайды, егерде шұға тауары сан жағынан кем болса; бірақта оның ой-пікірлері қайта қалыпына келмейтін ұсыныс деп есептеледі.

Сату - сатып алу жұмысы шын мәнінде заңды күшті артықша деп біледі, егерде сатылатын тауарды шын мәніндегі жазбаша түрдегі келісімшарт бойынша жүзеге асыратын болса, заңды түрде болады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егерде кімде-кім екі үзік шұғаны келісім бойынша сататын болса, ол гераттық болуы мүмкін және осы екі үзіктердің біреуі мервстік өндірісте жасалған болса, онда сату-сатып алу жұмысы мүлдем заңға бағынбайды; яғни ол шын мәнінде сол үзікке қатысты келісім-шартқа отырады. Ондағы әрбір затқа арнайы баға белгілейді. Бұл ереже бойынша негізделген негізгі пікірлер, мұндағы сатушы гераттық шұғамен бірге екі үзік шұғаны да сатып алу ойында болған, ондағы сатып алушы екі мервстік шұғаны сатып алуды жөн көрген; сонымен бірге келісім-шартқа қарама-қарсы жағдайларды туындата отырып, ол заңды күшке артықшылық негіздерді тудырған.

Шұғаны белгілі-бір бағада, яғни тұяққа теңеп сатқан кездегі мынадай бір анықталған жағдай.

Егер кімде-кім бір үзік шұғаны осындай жағдайда сатып алса, ондағы бір шұғаның бағасы он тұяққа тең келсе, ал әрбір тұяқ бір диргамға бағаланса, онда шұға үзігінің өлшемі 10,5 – 9,5 тұяққа тең келгені, олай болса (Абу Ханифаның) ережесі бойынша сатып алушы міндетті түрде он дарагимді алғашқы жағдай бойынша және тоғыз дарагимді екінші жағдай бойынша сатуды жөн көрді, сонымен қоса сатып алушының қалауына қарай сату-сатып алу келісімін бұзуды ұсынды.

Абу Юсуфтың бекіткен келісімі бойынша сатып алушымен келісім-шартқа отырған кезде, келісім-шартты толтырған кезде, алғашқы жағдай бойынша он бір дарагимдерді төлеу қажет, ал екінші жағдай бойынша тоғыз дарагимді төлеу керек деді.

Имам Мұхаммад былай ойлады: «Егерде сатып алушымен келісім-шартқа отырған кезде, келісім-шартты толтырған кезде, ол міндетті түрде алғашқы жағдай бойынша он жарым дарагимді, ал екінші жағдай бойынша тоғыз жарым дарагимді төлеу керек» - деді, себебі бір тұяқ бір диргамға бағаланған, мұнан келіп шығатын жайт, яғни жарты тұяқ жарты диргамға бағалану керек еді дейді.

Абу Юсуф былай деп сұхбаттады: «Әрбір тұяқтың бағасы бір диргамға тең келу керек еді» - дейді, мұнан келіп шығатын жайт әрбір тұяқты шұға үзігі бөліктеріне тең деп есептеді; егерде олардың ішіндегі біреуі кем болып келісім-шартқа тура келмесе, онда ол міндетті түрде келісімге қарсы тұрып, сатып алушы келісім-шарт жұмысын бұзады, немесе тауарға қойылған бағаларды келісім-шарт бойынша қабылдайды.

Абу Ханифаның енгізулері бойынша оның қорытынды қорғаныш пікірлері мынадай болған: «Тұяқтардың тізімі міндетті түрде анықталып, олардың тауарлық өлшем бірліктері есептелінуі тиіс, оның шын мәніндегі саны емес, қорытынды жағдайлары, әрбір сату-сатып алу баға бірліктері анықталуы керек»; осы қарастырылған жағдайларғады бағаны анықтау және біркелкі әрбір тұяқтарды толықтай сипаттау, оның аз мөлшердегі санын, одан келіп шығатын аз тұяқтардың санын алғашқы жазба түрдегі жағдай бойынша есептеу, яғни затқа белгіленген тауардың бағасын аз мөлшердегі тұяқты, оларға төленетін қосымша төлемақылардың артықшылығын талап етуі мүмкін, яғни сату-сатып алу жұмыс барысындағы қағаз материалдарының қолжазбаларында мынадай біркелкі затты байқай аласыз, яғни оның терісін, соңын, ортасын, бас жағын анықтайсыз, сатып алушы заңға бағына отырып, ешнәрсені артықша не кем деңгейде жасай алмайды,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

себебі осындай артықшылықтардың салдарынан сатушы қайта оралып, шұға үзіктеріне зиян келтіруі мүмкін, сонымен бірге тауарлық заттың салмағын кемітуі мүмкін. Осындай ой-пікірлердің, заң күштердің, тұяқ сатудағы материаны зерттеу отырып, заңтанушы ғалымдар сату және сатып алу жұмысы барысында бір тұяқтың осынша материяға тең келетініне көз жеткізді.

Жылжымайтын мүліктерді сату –сатып алу барысында мысалы үй сатып алған кезде оның іргетасын (фундаментін), сол сияқты үйдің құрылысын нақты анықтап алады.

Егерде кімде-кім үй сататын болса, онда оның сату барысындағы іс-әрекеті іргетасы сияқты болып саналады, сол сияқты үйдің құрылысына да, көп көңіл бөледі. Ол сатушыға байланысты анықтама болғанымен «үй» термінің өзі екі байланысты ұштастырып тұрады, себебі алдағы уақытта жермен біріктірілген зат деп білетін үй құрылысын жылжымайтын мүлік, құрамдас үй бөлігі деп атайды, яғни сол жерге салынған үйдің құрамдас бөлігін, тұрғызылған үйді жермен ұласқан, байланысқан деп атайды.

Жер үлесін сату- сатып алу жұмысы барысында тал егуді, бидай егуді және олардың жемістерін, нан өнімдерін алуды жүзеге асырды.

Жер учаскесін сату-сатып алуда сату жұмыстарын қорытындыламаса да сонда өсіп жатқан тал орамы сияқты келісімдерді амалға асырады, себебі тал фундамент сияқты жермен тығыз байланыста болады және бұрын болып өткен жағдайларды қарастырады.

Бірақта, сатылған жерге егілген дәнді дақылдар туралы сатушымен жеке келіссөз жүргізілмесе сату- сатып алу жұмыстары жүргізілмейді, сол сияқты бидай наны жердің жылжымайтын мүлігі сияқты болады, ал алынған өнімді бидайды жинақтау мақсатында амалға асырады, сол үшін осындай қарым-қатынастармен басқа да мүліктері осы жерде теңестіріледі.

Талды сату барысында сол талдың өнімдерін сатуға болмайды, ал сатып алушы сол жемістерді тез арада жинап алуды талап етуі керек.

Егерде кімде- кім тал сататын болса, онда олар сатушы болып саналады, егерде келісім-шарт жүргізу барысында келісімде қарсы пікірлер айтылған және солай қортыныды жасалынған, себебі Әулие Пайғамбарымыз айтқандай: «Егерде кімде- кім феникс ағашын жемісімен бірге сатса, сол жемістерді сатушы талап етпесе, онда феникс талының жемісі тек қана сатушығаға тән деген, ал жеткізіп беруші сату – сатып алу жұмыстарын жүзеге асырған». Одан басқа, жемістер ағаштың негізгі құрамдас бөлігі болып саналады, сонымен не үшін жер учаскесіне егілген олар барлық затты, жемісті, нанға теңеген? Себебі жемістерді уақытын өткізіп, сүрлендіріп, талда сол күйінде қалдырмай, дер кезінде жинап алу қажет.

Жер учаскесі, тал немесе басқа да заттарды сату немесе сатып алу барысында ондағы піскен егіншілікті жинауды, келісім-шарт бойынша, яки жол жөнекей сату арқылы тауарын өткізеді, егерде жол жөнекей сатып ала алмаса, онда сатушыға ұсынылған жалпы келісімді сатушының қалауымен жүзеге асырады.

Жерді немесе талды келісім-шарт бойынша сатуда, одан не нан жемейді, не жемісін көрмейді, себебі сатушы мен сатып алушы өздеріне қатысты сататын

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тауардың пайдасы мен зиянын тікелей анықтап алғанда, басқаша айтқанда (егерде сатып алушы былай дегенде: «мен бұл жерді немесе талды ешқашанда сатпас едім»), неге десеңіз бидай ұны мен тал жемістері мұндай жағдайға тура келмес еді дер едім- деген екен.

(Мұндай жағдайда тікелей емес пайданы сату- сатып алу объектісі деп атайды, яғни мұндай жағдайды пайдаланбай, алға қойған бастапқы мақсатына жету мүмкін емес, мысал алғанда, ағын су немесе жолдан өтіп кету – деген мағынаны білдіреді. Тікелей пайда деп - мынадай жеке объектілерді айтады, яғни оларға пайданы алдарына қойғанымен, ондағы кейбір қабылданғандарды жанама деп есептейді, мысалы, асхана немесе сонда сақталатын суды құру). Тепе-тең жағдай, егерде сатушы былай дегенде: «мен бұл талды немесе осы жер учаскесін барлық жағдайымен саттым, сонымен қоса тікелей немесе тікелей емес жеке пайданы, өз басым иегеремін, сонда бидай да, талдың жемісін де келісім-шартқа қоспас едім» - деп айтқанда болар еді.

Бірақта, егерде сатушы жалпы былай айтқанда: «Мен бұл талды немесе осы жер учаскесін» мен игергеннен гөрі мұнда үлкен немесе кіші пайда түссе, сонда бидайды да, тал жемістерін де келісім-шарт бойынша жүзеге асырар едім – десе. Мұнда бір жайтқа мән берген жөн, яғни мұндағы бидай мен тал жемістерін жинап қойған, егерде олар келісім-шартқа отырмаған болса, онда мұндайда олар келісім-шарт бойынша сату-сатып алуды іске асырып жатырмыз деуге құқықтары жоқ.

Талдың жемістері барлық фазис бойынша сатылып кеткен болулары да мүмкін, бірақта сату- сатып алу жұмыстарында қандайда бір келісім болса, ол жеке сату жағдайына қатысы болмаса, онда сату-сатып алу жұмыстары заңсыз деп саналады.

Тал жемістерін сатуға қандай бекініс жасаса да, олар заңды күшке ие болу керек. Басқаша айтқанда қандай болса да, бекініс тәуелдігіне байланысты жеке ерекше жағдайларды сақтап қалу керек, неге десеңіз егерде олар піскен болса, немесе уақыты келе пісетін болса, белгіленген бағадан тікелей пайда түспейді, егерде олар әлі піспеген болса, (кейбіреулері былай дейді, яғни тал жемісін піспей жатып үзіп алса, немесе оны сатса оған қатаң жаза қолданып, тауар заңсыз деп саналады).

Былайша айтқанда, піскен жемісті сату заңды талап бойынша іске асырылады, мұнда сатып алушы талдағы жемісті көріп, оның жеке келісім немесе келісім жағдайына қарамастан міндетті түрде сату-сатып алу келісім-шартына қол қояды. Бірақта, егерде талдағы піспеген жемісті, жесім піскенше күтіп, алдын-ала келісім-шартқа отырса, онда бұл заңды күшке ие болады. Сол үшін анықталған жағдаймен бастапқы жұмыстарды заңды тұлғаның құқықтық талабымен амалға асырады, ал егерде қарама- қайшы пікір пайда болғанда сату-сатып алудағы негізгі қасиеттері заңсыз деп рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда, бір акттің келесі бір актімен байланысу мүмкін емес болады, яғни жалға алған жер, тауар немесе сату актісі заңсыз болып табылады. Дәл осындай жағдайлармен нанды сату жұмысы сатушының жерінде қала береді, ал мұндай жағдайда сатушының да өз жеріндегі бидайды сатуы заңсыз болып табылады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бұл (Абу Ханифа және Абу Юсуфтың) заңды ережесі бойынша қабылданады, және осындай жағдайлардың арқасында тал жесімстері немесе бидай ұндарының бағасы белгілі бір дәрежеге дейін өседі, себебі бұл жерде де екі заңды тұлға аралас құқыққа ие болады.

Имам Мухаммад мұндай жағдайды былай деп есептейді, яғни осы соңғы жағдай бойынша анықталған сату- сатып алу заңды күшінің жеке және толық объектісіне байланысты сату объектісінің бір бөлігіне туындайтын жағдайларды қарастырады, яғни сату келісім- шартына отырғаннан кейін, тауар бағасы бірден көтеріледі, ал мұндай жағдайлары келісім-шартты толтыру барысында, келісім шарт тармақтарында көрсетілмеген, ал былайша қойылған жағдайларға байланысты заттар барлығы заңсыз, ондағы сату- сатып алу келісім- шарты да заңды күшке ие емес.

Талдағы жемістердің өсіру көлемі, талдағымен бірге сатып алу, егер олар талда қалдырылса сатушының келісімімен, онда ол сатып алушының меншігі саналады.

Егерде кімде-кім талдағы әлі толық жетіліп піспеген жемісті ешқандай келіссөз, яғни (талдағы жемісті піскенше талда қалуын) келісім-шартсыз алатын болса, ол сатушының рұқсатымен жеміс талда піскенше тұрады, ал талдағы жеміс толық піскенде ол сатып алушының жеке меншігінде болады.

Бірақта, егерде сатушының рұқсатынсыз барлық тауарға ие болса, онда тауардың айырмашылығын, яғни (келісім-шартта көрсетілген нақты көлемнен артылған жемісті) қайтарып беру керек. Егерде сату- сатып алу келісім-шарты бойынша жұмыс жүзеге асырылса, онда жемістер толық пісіп жетілгенше, сатып алушы жемістің талда тұрып пісуін талап етеді, сонымен келісімнен артылған жемісті ол садақ ретінде тарату керек, себебі тауарды немесе затты бір жерден екінші бір жерге ауыстырғанда құбылыс өзгереді.

564. Жоғарыда айтылған тезис сатып алушы ағаштарды жалға алып тұрған кезде де қолданылады, бірақ бұл ереже сатып алынған астыққа іске аспайды. Егер кімде-кім ешқандай келісімсіз толық жетіл-меген жемістерді сатып алса, және бұл ағашты осы мерзімге дейін алып кететін болса онда осы ағашта өскен жеміс сатып алушыныңкі, сондықтан жалға алу актісінің өзі оның уақтысына қатысты мағлұматқа ие болмауының салдарынан заңды күшіне ие емес, сонымен қатар бұл сияқты акт шын мәніндегі қажеттіліктен туындамаған, өйткені жалға алушы ағашты түбегейлі сатып алуына болатын еді. Жалдау актісінің өзі заңды күшіне ие емес, және мәмлениң заңдылығын анықтау үшін сатушының келісімін ескеру қажет еді.

Бидайды түбегейлі тамырымен сатып алатын болса басқаша әңгіме қозғауға болады. Өйткені жер телімін жалға осы бидай жетілгенінше алып, бидайды осы жерде жетілуін күткен кезде, бұл жерде өсірілген жеміс оған заңды түрде меншігіне өте алмайды, бұл жолмен алынған жалдау заңсыз.

Сатып, алу сату мәмілесі жасалынуы мен жемістердің пісу арасында жаңа өскен жемістер сатып алушы мен сатушыға тең беріледі. Егер кімде кім алдын-ала толық келісімге келмей ақ толық пісіп жетілмеген жемістерді сатып алса, және соңынан осылай сатып алынған жемістеріне іс-жүзінде қол жеткізуіне дейін жаңа жемістер өсіп, пісіп-жетілетін болса, онда олардың арасындағы(яғни екі жемістің)

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

айырмашылықта анықтау мүмкін болмайды, яғни сату-сатып алу объектісіне қайсысы жататындығын анықтау мүмкін емес. Бірақ егер жаңа жемістер ағашта сатып алушының иеленгенінен сөз пайда болса, онда ол сатушыға да сатып алушыға да тең, өйткені екі тұлғаның да меншіктігі аралас. Сатып алушының жеміс мөлшері жайындағы талабына көңіл аударылады, өйткені жемісте оның иелігінде. (артишоктар мен қауындардың сатылуы сатып алынуы ағаш жемісін сату мен сатып алынуы заңымен бірдей).

Орылмаған көкөністі сатып алу ережесі. Егер кімде-кім артишок пен қауынды оларға толық құқықтылығын анықтап жаңа жеміс алғанша немесе сатып алынған артишок пен қауынның жетілгеніне дейін тамырында қалдыруға мүмкіндік берсе, онда мұндай әрекет ерекшелігі ағаштың өзін сатып алу немесе арықшаны сатып алуды білдіруінде және бұл жемістер пісіп жетілген соң сату-сатып алу затына қатысты мәмле тоқтатылатындығында.

Егер кімде-кім жемістерді сатып, бірақ өзіне олардың бір қатарын қалдыруды көздесе, онда мұндай мәміле заңды күшіне ие болып, жемістердің ағашта тұрғандығына немесе оның ағаштан шешілгендігіне мән бермейді, өйткені қалдырылатын жеміс мөлшері белгілі болғаны мен, қалдық мөлшері белгісіз. Егер мәміледе белгілі бір ағаш немесе белгілі бір мөлшердің қалдырылуы тиіс болатын болса, онда мәселе басқаша шешіледі. Өйткені бәрі анық көрініп тұр. Тахауи қабылдаған Хасан жайлы әңгіме «Захири-риваяту» бойынша мәміле заңды деп тауып, имам Шафий Сату-сатып алу мәмілесінен бір-бірлеп сатылатын заңды түрде алынып тасталынуы мүмкін. Бір үйге бйдайдан бір кафйзді сату сияқты, сондықтан оны сатудан алып тастау да заңды әрекет. Ал ана құрсағындағы нәресте, немесе қандайда бір жануардың бір мүшесін бір-бірлеп сату заңсыз, сондықтан оны сатып алудан сатудан алу заңсыз.

Дәндерді масағымен сатуға болады, бұршақтарды - қабыршағымен. Бидайды сабағы мен бұршақты қабығымен сату-сатып алу заң күшіне ие: бұл заң күрішке, т.б. бұршақты өсімдіктерге, күнбағысқа қатысты. Имам Шафий осы пікірде, жасыл бұршақты қабығы мен сату жаңғақты, миндальды, фисташканы қабығы мен сатуды заң күшіне ие емес деп, бидайды сабағымен сату жөнінде қарама-қайшы пікір айтқан. Бірақ көптеген ғалымдар мұндай сату-сатып алу мәмілелері заң күшіне ие деп санайды. Шафии келесідей ойды ұсынады: бұл жағдайлардың бәрінде жеке дара құндылығы жоқ заттарда, дәл айтқандай кебегінде, сондықтан мәселені келесі ретте қарастыру керек: алтынды өңдеуші шебер алтын бөлшектерін топырақпен сатып алу. Біздің ғалымдар екі жақты пікірде: «ағаштағы жемістер пісіп- жетілмейінше сату-сатып алу мәмілесі заң күшіне енбейді» деп санайды имам : екіншіден бидай пайда әкелетін зат, сондықтан оны сабағында сату заңды. Алтын мен күлді қосып сату заңсыз, мұнда әділетсіздік орын алып отыр.

Үйдің сатып, алу-сату келісіміне ондағы барлық жылжымайтын аспаптар мен оларға тиісті бұйымдары қосылады: Егер кімде-кім үйде ілінген құлыптары мен сатса, онда құлып туралы сөз айтпай-ақ оның үймен бірге сатылатындығы белгілі, кілт құлыпсыз қажетсіз зат.

Сатушы өлшеу және басқа да сондай сияқты әрекеттердің төлеу шығынын көтереді. Тауарды өлшеушіге төленетін ақыны сатушы төлейді. Сатылушы зат

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сатушының затты жеткізіп беруінің маңызы бір бөлігі, сондықтан сату бойынша шығындарды сатушы көтереді. Ақы құнын белгілеушіге ақы төлеуді имам Мухаммад ілімін насихаттаушы ибн-Рустем міндетті деп табады. Ақшаны бағалау жеткізіп беруден соң орын алады, бұл ақшаның сапасын алдын ала білу үшін қажет. Ибн-Саман Мухаммедтің пікірін басшылыққа ала отырып, сатушы ақшаның сапасын анықтаушыға ақыны төлейді деп шешкен.

Өлшеуге байланысты шығынды сатып алушы көтереді. Құнды өлшеу шығынын сатып алушы төлейді, өйткені сатушыға оны жеткізіп беру қажеттілігі туындап тұр. Сату-сатып алу мәмілесі жасалған кезде қолма-қол ақы төленгенде ол құнын сатушыға береді, өйткені бұл оның заңды құқығы (сатылған тауар) баға туралы бұлай айта алмаймыз. Сондықтан сатып алудың-сатудың екі тарапын ескеріп, сатып алушы бағаны сатушыға береді, екеуінің құқын теңестіру үшін сатып алушы сатушыға беріп, сатушы оны бағасын белгілеп, бұл іс-жүзінде тек шын мәнінде жеткізіп беруден соң орына алады¹.

Айырбас кезінде екі жақтағы ауыстырылатын нысаналар бір кезде әкелінуі керек. Тауар мен ақшаны алмастыру кезінде екі тарапта тауармен ақшаны бірместен әкеліп беруі тиіс. Екеуінің де құқы тең.

1. Бұл талқылау осы кітапта жиі әрі тиянақты баяндалады

II ТАРАУ

ШАРТТАРДЫ ЕРІКТІ ТАҢДАУ ТУРАЛЫ 1

Терминнің анықтау. Мәмілелерді жасау кезінде мәмілеге қатысушылардың бірі мәмілені жасаудан соң үш-төрт күннен соң мәмілені жалғастыру немесе оны тоқтату құқығының талабын (қаласа) іске асыратындығын айтады.

Шарттарды ерікті таңдау деген сатып алу-сату келісімінің әр қатысушының келісу сұрақтарын талқылауы. Тәуелсіз таңдау талабын сату-сатып алу мәмілелеріне қатысушылардың әрқайсысы айта алады (мерзімі үш одан да аз уақытқа созылуы мүмкін, бірақ одан ұзақ емес), өйткені Хубан бірнеше рет сауда мәмілелерінде алданған еді, сонда Пайғамбар: «Хубан сатып алушы болсаң, онда алдап, тәуелсіз таңдау талабын ортаға сал» деді.

Ерікті таңдау мерзімі үш күннен аспау қажет. Абу Ханифа бойынша тәуелсіз таңдау заңсыз деп танылады, егер ол үш күн мерзімінен асырылып айтылса: Зуфар мен Шафий осы пікірде. Екі шәкіртте бұл пікірге қарсы, бұл мерзім шектеусіз деп, Ибн Омардың екі акт мерзімін сөзге тиек етуде. Олар тәуелсіз таңдау шарты адамдардың қажеттілігінен туындаған деп санайды., ал үш күндік мерзім жеткіліксіз болуы мүмкін. Абу Ханифа тәуелсіз таңдау шартының рухының өзі сату-сатып алу мәмілесіне қарама-қайшы деп, мәмілеге қатысушы екі тарапта өз міндеттемелерін өз мерзімінде орындаулары тиіс дейді. Мерзімі оның Пайғамбар айтқаннан аспауы тиіс дейді.

Егер ерікті таңдау кезінде мерзім үш күннен асса, осы жеңілдікті талап еткен жақ үшінші күннің аяғына дейін келісімді орындауын мақұлдаса, сатып алу-сату

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

келісімді заңды деп есептеуге болады. Үш күндік мерзімнен асатын мерзімге рұқсат берілмегенімен, бұл жеңілдікті өзіне айтқан тарап осы үш күн өткенге дейін ештеңе айтпаса онда ол мәмілеге келісімін берді деп санайды: Абу Ханифа бойынша бұл мәміле заңды. Зуфар Имам мұндай мәмілені заңсыз деп санайды, өйткені мәміленің жасалуы шағын да бір тараптың өзі о баста заңсыз әрекет жасады деп санайды. Абу Ханифаның қорғаушы пікірлері екі жақты: біріншіден мәмілеге келісім үш күн өткеннен соң берілсе де, оны заңсыз деп санауға болмайды; екіншіден төртінші күні жасалған келісім заңсыз, келісім жоғарыдағы мерзім орын алғанша деп көрсетілсе, онда мәміле шынайылыққа жанасудан тәуелсіз. Екінші дәлелдемеге сүйеніп төртінші күн орын алмайынша мәміле заңсыз деп танылмайды деп санаушылар бар: басқалары (Зуфар) мәміле бастапқыдан заңсыз деп саналады деп, бірақ ол кейіннен заңсыздығы жойылғаннан соң орын алады деп санауды.

1. Арабша-«хаяруш-шарт». Сату алуда бес түрлі ерікті таңдау бар. 1. Еркін таңдау келісімі, 2.Еркін таңдау шарты, 3.Еркін таңдау талқысы, 4.еркін таңдау тексеруі,5.кемшілік не кемістік табылған жағдайда еркін таңдау құқығы

Бағаны төлеу келісілген шарт ауыстыра алады. «Егер үш күндік мерзімде құны төленбей онда сатып алу-сату мәмілесі заңсыз немесе орындалмады деп саналады»: Егер үш күн орнына төрт күн деп айтылса Абу Ханифа мен Абу Юсуф бойынша – мәміле заңды күшіне ие емес деп саналады. Мұхаммедтің пікірі де осы сияқты мұндай мәміледе төрт және одан да көп күн көрсетілсе онда мәміле заңды екен. Егер үш күн аталып үш күн толғанша ақысы төленсе, онда мәміле заңды, бұл шарт. Бұл тәуелсіз таңдау шартындағыдай, егер сатып алушы сатып алуға қабілетсіз болса, онда сатушының мәмілені бұзуға өкілді екендігін дәлелдейді. Егер тәуелсіз таңдау шарты үш күндік мерзімнен асып түсетін болса сату-сатып алу мәмілесі заң күшіне ие емес, бірақ ол үш күндік мерзім өткенше ауызша нақтылау арқылы жасалуы мүмкін, имам Мұхаммедтің пікірінше үш күннен асып кететін болса, онда қарастырылып жатқан жағдайға қолдануға болады деп саналуда. Абу Юсуф тәуелсіз таңдау үш күндік мерзімнен асып түсіп, оны қайта айту бойынша нақтыланса заңды деп, бірақ жеңілдікпен мерзімді созу заңға сай емес деп санайды.

Зуфардың пікірінше сату-сатып алу мәмілесін жасау кезінде заң күші жоқ мәмілені болдырмау мәселесі айтылатын болса, онда заңды жасалып жатқанды болдырмаушы ескертпемен бәрін жояды дейді. Құнын төлеу шарты тәуелсіз таңдау шартымен теңескен сияқты.

Ерікті шартты келісімін таңдаған сатушы сатылған затқа меншік құқығынан айырылмайды. Егер сатып алушы мұндай мәміленің объектісін иеленуге кіріссе, және бұл объект өліп қалса немесе жойылса, тәуелсіз таңдау шарты орын алғанша, онда сатып алушы мәміле объектісі құнының көлемінде мүліктік жауапкершілікке тартылады, өйткені мәміле объектісі жойылған мәміле заң күшін жояды (өйткені, мәмілені орындау сатушының келісімімен байланысты, ал заңды күшін жойған кезде орындалуы мүмкін болмай қалады). Мәміле объектісі сатып алушының иелігінде сатып алушының қалауы нәтижесінде болғандықтан (бұл сатып алынған зат үшін жауаптылықты жүктейді), объектінің бүтіндігі үшін жауап береді. Егер екінші жағынан мәміле объектісі сатушы қолында жойылса онда сатып алушы ештеңе төлемейді дәл абсолютті мәміледегідей.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Шартты ерікті таңдауды сатып алушы ұсынып тұрса, сатып алу-сату нысанына меншік құқығы сатып алушыға өтеді, сондықтан осы нысанның жойылған кезінде жауапкершілік сатып алушыға түседі (артады). Егер тәуелсіз таңдау шарты сатып алушымен айтылса, онда меншік құқығы объектіге сатушыдан шеттетіледі, өйткені оның тарапынан мәміле орындалады. Абу Ханифаның пікірінше мәміле объектісіне меншік құқығы сатушыдан шеттетіледі, бірақ онымен сатып алушыны жүктемейді. Оның екі шәкіртіде сатып алушы меншік объектісінің иесі болады деп санайды, өйткені бұлай болмас еді, осыдан сатушы иелігінен шыққан соң заңмен қарастырылған ешкімнің иелігіне енбейді. Абу Ханифа келтірген дәлелдерді екі жақты. Біріншіден бағаға қатыстылығы бойынша меншік құқығы сатып алушыдан шеттетілмеген осыдан мәміле объектісіне құқықта оның иелігінде болса, онда мәміле объектісіне қатыстығы бойынша меншік құқығы және оның орнын толтыру үшін де заңсыз. Екіншіден, егер мәміле объектісіне қатыстылығына байланысты меншік құқығына сатып алушы иеленсе, онда мәмілені жасағанға дейін объект өздігінен шеттетіліп оған сатып алушының қатысы болмайды да (мысалы сатып алушы құлды сатып алып жатыр дейік, ал құлмен қандай да бір туыстық дәрежеде болды делік); тәуелсіз таңдау шартының бір ғана мақсаты болып мәміле объектісін шеттетуге уақытқа иеленген сатып алушының пайдасына иелену, осыдан мәміле объектісіне меншік құқығының бірдестен өтуі кезінде ол тәуелсіз таңдау шартының қойылуы кезіндегі пайдаларға иелене алмай қалар еді.

Егер сатып алушы шартты ерікті таңдап алса және келісім нысаны осы мәмлемен анықталған мерзімнің ішінде бұзылса не жойылса, онда сатушы нысанның құны мөлшерінде мүлікті жауапкершілікке тартылады; егер осы шартты сатушы таңдаған болса, онда сатып алушы нысанның бағасы мөлшерінде жауапкершілікке тартылады. Бірақ талап сатушыдан шықса онда сатушы мәмілеобъектісінің бағасы көлемінде жауапты. Сатып алушы тарапынан тәуелсіз таңдау шарты айтылса, онда мәміле объектісі жойылған кезде сатып алушы объектінің бағасы көлемінде мүліктік жауапқа тартылады. Егер мәміле объектісі осы кезде зақымдалса немесе жойылса, онда сатып алушы объект бағасы көлемінде жауапты, өйткені жауап кері қайтарыла алмайтындықтан мәміле заң күшіне ие болады. Осылай сатып алушы екі жағдайда да жауапты, мәміле объектісі бұзылғандықтан кері қайтарыла алмайды. Мәміле объектісі толық бұзылғанға дейін, сату-сатып алу мәмілесінің өзі орындалуы тиіс, содан соң объект бұзылуы орын алуы тиіс. Зақымдалған соң объектінің бағасын сатып алушының төлеу міндетті, дәл осылай объекті толық жойылса да сатып алушы объект бағасы көлемінде құнын төлеуі тиіс. Егер сатып алушы қолында мәміле объектісі жойылса сатып алушымен жасалса, онда сатып алушы мәміле объектісі құны көлемінде жауапты, өйткені зақымдалу объект затын кері қайтаруды мүмкін емес етеді, өйткені сатушыбұлай болмағанда зақымдалған тауарды қайтарып қоя салар еді, немесе одан бас тартуына болар еді, өйткені тәуелсіз таңдау шарты осы тұлғадан шыққан еді. Осыдан, объектінің зақымдалуы нәтижесінде сату-сатып алу мәмілесі міндетті орындалуы тиіс, сатып алушы зақымдалған тауар бағасын төлеуі тиіс болады, егер мұны сатушы талап етсе.

Әйелді (қатынды) сатып алу кезінде ерікті таңдау құқығы бұзылмайды, және құқық ерікті таңдау шартында анықталған мерзімнің арасында әйелмен

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жыныстық қатынаста болғанмен шектелінбейді. Егер кімде кім өзіне әйел тандап оны тәуелсіз таңдау шартын айта отырып үш күн ішінде сатып алса, онда осы уақыт ішінде неке мәмілесі бар заңды, өйткені меншік құқығы тәуелсіз таңдау шартының болуына байланысты күшіне енбейді. Егер сатып алушы сатып алған әйелімен жыныстық қатынасқа түссе, осы уақыт ішінде, онда бұл әрекеті мен тәуелсіз таңдау құқы бұзылмайды, өйткені бұл қатынастан соң осы қатынас нәтижесінде сату-сатып алу мәмілесін болдырмауға болады, жыныстық қатынас неке құқы бойынша орын алды, меншік құқы бойынша емес. Бірақ сатып алынып жатқан әйел пәк болса, онда бұл әйелмен жыныстық қатынаста болу меншікті таңдау шартын болдырмайды және сату-сатып алу мәмілесін орынды етеді, өйткені пәк әйелмен жыныстық қатынас сату-сатып алу объектісі, яғни пәк әйелдің бұзылуына – оған нұқсан келтіру болып саналады. Абу Ханифа ілімі осындай. Оның екі шәкірті де осы пікірді ұстанады. Шартты түрде жасалған сату-сатып алу мәмілесі нәтижесінде күйеу әйелінің меншік иесі болып шыға келеді. Соның салдарынан неке бірдестен жойылады. Сондықтан жыныстық қатынасқа түсуден соң сатып алушы күйеу сатып алу мәмілесінің объектісінен бас тарта алмайды, әйел пәк болмаса, некенің заңды болмауына қарамастан қатынасқа түсуі меншік құқы бойынша болды.

Сатып алушымен ағайын болып тұрған құлды шартты сатып алу жағдайы. Егер кімде-кім тиым салынған туыстық байланыста болған құлды тәуелсіз таңдау шартымен сатып алар болса, онда олардың пікірінше (Абу Ханифа шәкірттері) мәміле дәл сол жерде орын алды деп саналады: Абу Ханифа мұндай құлды босатуды тек сату-сатып алудан соң орын алады деп санайды.

Құлды ерікке жіберу ант бергеннен кейін оны шартты сатып алу жағдайы. Егер кімде кім «Құлы пайда болғанда құлдықтан оны босату» шартын айтқан болса, онда екі шәкірттің пікірінше бұл тұлға құлды бірдестен бостандыққа жібереді. Абу Ханифа бойынша олар сату-сатып алу мәмілесінің нақтылануы орын алды деп саналады.

Айлық етеккірі кезінде жүрген құл әйелді сатып алу жағдайы. Егер кімде кім етеккірі бар әйелді шартты түрде сатып алса, және осы мерзім уақытын айтып шарт қойса, онда сатып алушы белгіленген мерзімде бұл құл әйелмен жыныстық қатынасқа түспеуі тиіс, бұл күндер мерзімі қатынастан бас тарту күндерін белгілейді. Егер сатып алушы құқын қолдана отырып бұл әйелді сатушыға қайтарса құқын қолдана отырып бұл әйелді сатушыға қайтарса, онда сатып алушы көрсетілген мерзімнің бітуін күтпейді. Екі шәкірті сатушы бұл мерзімді ескеру керек дейді.

Жүкті әйелді (қатынды) шартты сатып алу жағдайы. Егер кімде кім шартты түрде әйелді сатып алса және бұл әйел осы уақыт аралығында бала туса, онда Абу Ханифа бойынша сатып алушының умми-валяды болып саналмайды. Егер кімде-кім шартты түрде тауарды сатып алу кезінде сатушының келісімімен оған иелік етсе, онда кейіннен сатып алушыға сақтауға беріп және бұл тауар жоғалса, онда Абу Ханифа бойынша сақтауға беру заң күшіне ие емес, өйткені сақтауға сеніп тапсыру сатып алушының меншігі емес еді, сондықтан ол үшін шығынды сатушы төлейді. Екі шәкіртте сақтауға сеніп тапсыру заңды деп, оған сатып алушы жауапты деп санайды.

Пұрсатты құлмен шартты сатып алу жағдайы. Егер құқы ерекше құл сату-сатып алу мәмілесін жасап және сатушы шарт бойынша белгіленген мерзімде оны

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тауар бағасын төлеуден босатса, Абу Ханифа бойынша, тәелсіз таңдау шарты күшіне қалады, өйткені бұл құл тауарды қайтарған болса, онда бұл құлдың тауарды өз меншігіне алғысы келмейтіндігін білдіреді, ал мұндай құл қалауынша алып сала алады. Екі шәкірт пікірінше тәелсіз таңдау шарты бойынша төлемнен босату нәтижесінде заң күшінен айырылады, сондықтан меншік құқы сатушыға өтеді ab origine: осыдан ол тауарды сатушыға қайтарса, онда бұл қайтару сый деп табылар еді, ал құл сыйлық бере алмайды.

Келісіммен анықталған мерзім ішінде исламға өтетін зиммимен арақ-шарапты шартты сатып алу жағдайы. Егер зимми спирт сұйықтығын сатып алса, онда осы мерзім кезінде ол ислам дініне өтсе, онда тәелсіз таңдау шарты бойынша өз күшін жояды, өйткені сатып алушы сұйықтың меншік иесі болар еді, егер ол сатып алудан бас тартуға рұқсат етілсе, онда ол мұндай сұйықтықтарға меншік иелігін басқа біреуге берер еді. Абу Ханифа сату-сатып алу мәмлесі бойынша егер сатып алушы спирт сұйықтығының меншік иесі болмаса, сатып алушы осы уақытта исламға өтсе, онда тәелсіз таңдау шартына сәйкес бұл мәміле заң күшіне енбейді.

Ерікті таңдау құқығы бар кісінің екінші кісінің келісімімен шартты бұза алады не оны екінші кісіге айтпастан бекіте алады; бұл құқық екінші кісі келісімді ерікті құқығы бар кісінің рұқсатсыз бұзса да сақталынады; осы жағдай туралы ерікті таңдау құқығы бар кісі келісімде анықталған мерзімі аяқталмай тұра хабардар болса, келісімді бұзу заңды болады. Абу Ханифа пікірінше шартты сату-сатып алу кезінде тәелсіз таңдау шартын айтқан тарап мерзімінің барысында мәмлени болдырмауға құқылы, немесе оны болдыруға құқылы. Соңғысы екінші тараптың білу білмеуіне байланысты емес. Абу Юсуф тәелсіз мәмледен бас тарта алады. Осы пікірді Шафиде ұстанады. Абу Юсуф пікірінше тәелсіз таңдау құқына ие тарап мәмлени болдырмау құқына басым ие деп санайды. Мұндай бас тарту екінші тараптың пікіріне келісіміне тәелді емес, бұл артық әрекет болар еді, егер таңдау құқына ие тұлға мәмлени белгілесе, немесе сату-сатып алу мәмлесін жасауға өкілетті тұлға мімлені белгілесе, онда ол барлық жағдайда заңды әрекет жасай алады (өз өкілеттілігі шеңберінде). Абу Ханифа мен имам Мухаммедтің дәлелдері мынадай: Сату- алу мәмлесі екі тараптың да құқын қамтиды: бір тараптың мәмлени бұзды екінші тарапқа жартылай берілген құқықтың көрінісі, кейбірде құқықтың мұндай көрініс беруі екінші жақтың шығынымен байланысты. Осылай тәелсіз таңдау құқына ие тұлға-сатушы мәмлени сатып алушының келісімінсіз бұзса, ал сатып алушы бұл мәміле толық салды деп санап отырып, тауарды иелігіне алып және оны бүлдіріп алса онда сатып алушы мүліктік жауапқа тартылады: немесе тәелсіз таңдау құқына сатып алушы иеленсе, онда ол мәмлени сатушының келісімінсіз болдырмай, сатушы кейбір жағдайларда жауапты болу мүмкін; немесе ерікті таңдау құқығына сатып алушы иеленуі мүмкін және ол сатушының нұсқаусыз мәмлени бұзуы мүмкін, кейбір жағдайларға байланысты сатушы шығынғы ұшырауы мүмкін, яғни оның мүлкі сатылып кетуі мүмкін, ол басқа сатып алушыға сатудан бас тартады. Бір жағынан көрінген құқының екінші жағыныкі кейбір жағдайларда шығынымен тұтасуы мүмкін біріншісінікімен, сату-алу туралы шартты мәмлени тарату екіншісі тарапынан таныстырлуы мүмкін. Бұл жағдай сенімді өкілді ығыстыру жағдайымен ұқсас болып отыр, егер кімде-кім сенімді өкілді тағайындай отырып, оны кейін оған ескертусіз оны

МҰСЫЛМАН ДҰНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ығыстырса, онда бұл ығыстырудың заңды күші жоқ, бұл жөнінде алдымен сенімді өкіл білмей жатып. Бұл пайымдау осы қарастырылып отырған жағдайға да байланысты. Шартты сату-алу мәмлесін бекітуге қатысты басқа орын алады бұл жағдай, себеп тараптардың бірінен осы құқықтың көрініс беруі екіншісіне шығын әкелмейді. Абу Жүсіп тарапынан қойылған ережеде, яғни, «басқаның өкілдік етуімен мәмлени бұзу үшін қойылған ерікті таңдау құқығына ие адамға», жол беруге болмайды, өйткені қалайша бұл тарап өзі мұндай құқыққа ие емес, осындай ерікті құқыққа ие деп оларға жүзін көрсетеді?. Егер ерікті таңдау құқығына ие адам, сату –алу мәмлесін бұзса, оны екінші тарапқа ескертпей, ол туралы таныстыруды шартты мәмлениң уақытысы біткенге дейін үшінші жақтан алса, онда мәмле осы таныстыру хабарын алғаннан кейін ақ бұзылады. Егер басқа жағынан мәмлени бұзу туралы хабар басқа бір жақтың шартты мәмлени бұзудың көрсетілген мерзімнен бұрын алынса, онда шартты мәмлени бұзу көрсетілген мерзімнің уақытысына сәйкес бұзылды деп есептеледі.

Сатып алу-сату келісімді ерікті таңдау шарты құқығы мирасқорға ауыспайды. Егер ерікті таңдау құқығына ие тұлға мәмле кезінде бақилық болса, онда бұл мәмле заңды деп саналып, ал тәуелсіз таңдау құқығы жойылып, оның балаларына бұл құқық берілмейді - өтпейді. Имам Шафии - мұра болып өтеді деп санайды: нақты белгіленген сату-сатып алу мәмлесі аяқталғандықтан тәуелсіз таңдау құқығы мұраға өту тиіс. Біздің ғалымдар бұнымен келіспейді тәуелсіз таңдау шарты - құқығын бір тұлғадан екінші берілуі тиісті қалау деп санайды, ал мұра объектісі заттар және мұра етіліп берілетін құқықтар. Егер сату сатып алу мәмлесі кезінде мәмле объектісі жетіспесе немесе бұзылған болса онда тәуелсіз таңдау құқығы шектеусіз мұраға беріліп ол мәмледен бас тартуға құқылы, өйткені мұндай құқық қайтыс болған адамның затқа иеленуі қандай болса оның мирасқорына да сондай яғни, шексіз пайдалануымен тлық иелігімен өтеді, мұра еткен құқық жолымен емес, немесе ерікті таңдау құқығы мұра ету объектісі бола алмайды.

Бостандықты таңдап алу құқығы үшінші бір жеке тұлғаға белгіленген болуы мүмкін.

Егерді кім-де кім біреуден бір затты сатып алу барысында үшінші жеке тұлғаның қойған заңды талабы, бостандық құқығы бойынша затты заңды түрде алса, сонымен бірге сатушы сатып алушымен келісе отырып, құжат бойынша бекітсе немесе үшінші жақпен бекітсе, онда мұндай алым-салық жұмыстары заңды күшіне енеді, сол сияқты бостандық құқығы әрі қарай жүзеге асырылады. Бұл ереже мынаған бағытталған, яғни бостандық құқығын таңдау тек қана үшінші жақ жеке тұлғаға ғана бағытталады, ол заңды сараптай отырып, дұрыс шешім мен міндеттерді келесідей атқарады: талдау барысында алып қарасақ, бостандық құқығы талабы дегеніміз не, бәлкім бұл жайғана құқық шығар деп ойлайды (Имам Зуфар), неге десеніз ол белгілі бір жағдайда затты сату және сатып алу, сонымен қоса сатып алушыдан басқа үшінші жеке тұлғаның араласуымен, жергілікті емес, заңға бағынбайтын, біреу арқылы алынған заттың бағасын заңсыз келіссөздер жүргізген кезде қойылатын құқықтық талап етушілік. Бұл заңды енгізбестен алдын біздің ғалымдар мынадай қорытындыға келді, яғни: үшінші бір жеке тұлғамен бостандық құқығын таңдау барысында ол тұлға сату- сатып алу жұмысына араласпайды, ол тек қана сатып алушының орынбасары және оң қолы ретінде жеткізіп берілген тауардың сапасын ғана белгілеп, анықтайды. Осылайша,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

олардың екеуі де тауарды заңды түрде бекітеді және заңды түрде бұзады, осы екі заңды тұлғаның біреуі қол қойып, ал екіншісі қол қоймай заңды бұзса, онда актіге өз уақытысында қол қойған адамның жұмысы заңды күшіне енеді; егерде екі актіде бір мезгілде заң бойынша бекітілген болса, онда (бір акті келісім бойынша) беріледі, сатушы және сатып алушымен жүргізілген келісімді заңды күшіне енді деп айтуға болады, ал екінші бір қалдырылған актіні шын мәнінде заңды түрде қол қойылды деп- дәлел ретінде заңды деп есептеуге болады. Бірінші берілген актіні заңды тұлғамен жүзеге асырылған жұмыс дейміз, ол орынбасардың жұмысына қарағанда жоғары дәрежедегі заңды күшке ие, себебі заң бойынша жүргізілген заңды тұлғаның жұмысы белгілі бір құқыққа ие; ал екінші берілген актінің рөлі кенеттен келісімді бұзу барысында бекітілген дәлелді құжат ретінде жоғары заңға ие дәлелі болып табылады, себебі сату және сатып алу құжатын толтыра салысымен келісімді бұзатын жағдайлар да болуы мүмкін, ал заңды түрде келісім жүргізген соң, қайталап артынша келісімді бұзуға болмайды. Кейбіреулер бекітілген құжатты Имам Мухаммедтің бірінші актісі бойынша талдауға келісті, ал кейбіреулері Абу Юсуфтың талдау бойынша актіні талдауды келісті, осындай әртүрлі шешімдерді негіздей отырып, оның заңды тұлғаға байланысты екенін анықтады, сатуға толық құқылы екенін және оның сенімді екеніне төмендегіше көз жеткізеді: мынадай жағдайда, егерде Имам Мухаммедтің талдауы бойынша осы екі заңды тұлға бір мезгілде заттарын басқа бір екі заңды тұлғаға сатса сату және сатып алу жұмысы сенімді болады, ол сол сәттен бастап, заңға бағынады, ал Абу Юсуфтың талдауы бойынша екі заңды тұлғаның сату сатып алу жұмыстарын шын мәнінде заңға ие деп айтуға болады, бірақта сатылып жатқан заттарын екі сатып алу заңды тұлғаға теңдей бөліп беру керек.

Сату барысындағы болған оқиға, не екі құлды сату барысындағы екі құлдың ішіндегі бірінің бостандық құқығын таңдау барысы.

Егерде кімде-кім екі құлды бостандық құқығын таңдау заңы бойынша 1 құлды мың дарагимге сатса, онда мұндай жағдайда сату жұмысын төрт жағдаймен қолдану мүмкін:

I. Егерде сатушы әрбір құлға өзінің бағасын белгілесе, оны дұрыс анықтамайды, тек қана құлдың ішіндегі біреуін бостандық құқығы таңдау талабына сәйкес бағалайды. Бұл заңды емес, себебі бұл жұмыстың бағасы да, объектісі де заңсыз жүзеге асырылуда, сол сияқты құлдарды да бостандық құқығына сәйкес жүргізіп, оларды сатумен айналысып, осылайша екінші бір құл сату жұмысының негізгі объектісі, сондай-ақ белгісіз бір зат ретінде сатылып отыр.

II. Егерде сатушы әрбір құлға өзінің бағасын белгілесе, олардың әрқайсысын анықтап сипаттап берсе, олардың қайсысысы таңдап алынған бостандық құқығы талабына сәйкес екенін сипаттайды. Заңның арқасында осындай жұмыстардың объектілерін және бағаларын анықтайды.

Келіспеу. Осы жолдағы сату сатып алу заңсыз деп айқындауға болмас ба еді, себебі құл, бостандық құқығын таңдап алудың негізгі объектісі болып табылады, адамды шын мәнінде сатпауға болар еді ғой; сол сияқты екі құлды да бір арызке енгізген, артынша келісілген келісім бойынша олар негізгі объекті болып табылды, сондай-ақ шын мәнінде осы құлды сату арқылы жұмысын жалғастыра берді. Бір сөбен айтқанда, осы көрсетілген оқиғада егерде кімде-кім сату және сатып алумен

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

айналысқан кезде бостандық үшін туылған құлдарды бір арызін қабылдамай, оларды сату заңға қайшы келеді, себебі оларға сәйкес бір затта әсіресе (бостандық үшін туылған адам) бір объекті болуы мүмкін емес, осы көрсетілген оқиғада, құлға қарсы заңды жұмыстарды іске қосу қажет, ал мұндай жағдайда қарастырылған келісімді бұзу керек, сол сияқты дәл сондай жағдайларда (сату жұмыстарының келісімдерін бұзуға себеп табу керек) және дер кезінде орнын табу керек.

Жауап: қарастырылған сату және сатып алу жұмыстарын заңды түрде жүргізу керек еді, себебі бостандық құқығын таңдау талабына сәйкес құлға сәл болса да көмек көрсету керек еді, сонымен ары қарай шын мәнінде сату жұмысын жалғастыру керек еді, бірақта жеке тұлғаны сату барысында бостандық құқығын таңдау талабына қойылған заңды жағдаймен келісімді дер бұзу керек еді, сол кезде сату және сатып алу объектісін ақылмен іске асырар ма еді. Сол үшін Мудаббардың сату және сатып алу жөніндегі қарастырылып отырған оқиғасы тепе-тең, егерде құлдың қайсысы болса да арызданғанда болар ма еді; сонымен соңғы оқиғада шын мәнінде ол негізгі жұмысбарды қарастырды, егерде сатушы бір арызды бостандық үшін туылған құлдың атынан жазса, онда ол ешқашанда сату және сатып алудың негізгі объектісі болмайтын еді.

III. Егерде сатушы әрбір құлға өзінің бағасын белгілесе, олардың әрқайсысын анықтап сипаттап бермесе, тек қана сату және сатып алумен айналысса, онда құлдың қайсысын бостандық құқығын таңдау талабына сәйкес деп айтады.

IV. Егерде сатушы қайсы құл болса да тек сатуды ойласа, бірақ әрбір құлға өзінің бағасын белгілемесе, олардың әрқайсысын анықтап сипаттап берсе. Онда мұндай жағдайда сату және сатып алу жұмысы біріншіден оның - объектісін, ал екіншіден оның бағасы анықталмағаны салдарынан сату және сатып алу жұмысы тоқтатылады.

Бостандықты таңдау талқысы. Егерде кімде-кім бір немесе екі үзім шұғаны 10 дарагимге сатып алса, келіссөз бойынша екі үзімнің ішіндегі қайсысын алу туралы нақты шешімін үш күн ішінде айтады, онда мұндай келісілген жұмысты заңды күшіне енді деп айтуға болады, мұндай келіссөздерді (*Арабтардың «Хаярут- таин»*) бостандық таңдау сұхбаты деп айтады.

Бостандықты таңдау талқысы үш затқа дейін барады, бірақ одан көп емес. Сату және сатып алу барысында жоғарыда көрсетілгендей заңды күшке ие болады, егерде кімде-кім осындай жағдаймен үш заттың біреуімен сатып алса, бірақта сатып алынған заттың ішіндегі төртіншісі заңсыз болып табылады.

Бұл заңды талдау барысындағы негізгі жағымды жағдай болып табылады. Талдау барысында жоғарыдағы үш заттың объектісін, сату және сатып алу жағдайы көрсетілген, яғни мұндай жағдайдағы сату және сатып алу жұмыстарын заңсыз деп айтуға болады. Осындай ой -пікірді имам Зуфар мен имам Шафии де құптайды.

Заңды талдау барысында ең жағымды жағдай болып табылатын мыналар, яғни бостандық құқығын таңдау барысында адам пайдасына шешілетін үш пайда бар, олар тентек қылықтан кері кетіп, өздеріне жақсы жағын алу керек. Бәрімізге белгілі қандай адам болса да өзінің тауарын белгісіз бір заңды тұлғаға жақсы жағын көрсетіп, оны сату, тауарды мадақтау барысында ол сенімге кіреді, немесе егерде сатып алушы басқа бір заңды тұлғаға сенімді болып көрінсе, онда ол өзінің сатып алған затын сенімді адамына көрсетеді, бұл осындай жолдармен сенім білдірмегенде мұндай затты

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сатушыға көрсетпеген болар еді. Сол сияқты тиімді сату және сатып алу тепе-теңдігі жұмыстарын жүзеге асырса, онда олар заңның алдында тең дәрежеде болады. Бірақта мұндай адамдардың бостанды құқығын таңдап алуда үш зат арқылы қажеттілігін толығымен қанағаттандырады, себебі осы жолда үш сапаны пайдаланады, олар: жақсы, ақымақтық және орташа, және олар объектіге байланысты анықталмаған қарым- қатынасқа ие болады, бәсекелестікке дейін барады, себебі тауардың жалғыз бағасы сатушыға тәуелді болады.

Қарсылық. Осы төрт заттың ішіндегі тиімді сату және сатып алу жұмыстары не үшін заңсыз болып саналады, сонымен бірге осы жерде бәсекелестік болмаса болмас па еді?

Жауап.: Сату және сатып алу жұмысының қарым- қатынасына байланысты объектілері анықталмаған, бірақта көрсетілген жағдайда заңды іс-әрекетке бағынуға себеп жоқ, не үшін осындай сату және сатып алу жұмыстары заңсыз болып табылады себебі әсіресе адамның қажеттілігі мен қалауы жоқ болуы салдарынан.

Бостандықты таңдау талқысы өзімен бірге бостандық таңдау жағдайында іске қосуға болады. Бостандық құқығын таңдау барысында кейбіреулері бостандық құқығын таңдау жағдайындағы сұхбаттарын байқайды; сол сияқты мұнда «Джами-ус-Сагире» және басқада («Джами-уль-Кабирдің») айтулары бойынша, бостандық құқығын таңдау жағдайы бостандық құқығын таңдауда сұхбатты талап етпейді; мұны қорытындылай келе «Джами-ус -Сигаренің» түсінігі бойынша қарастырылады, яғни осындай бостандық таңдауда рұқсат етілген тәртіптік жағдайлары үнемі бір орынға ие болады, ал керісінше болған жағдайда бұл абсолютті түрде қажет болмайды.

Талқылау мерзімін үш күннен асырмауы керек. Бұл жерде мына бір жәйтқа көңіл бөлуі керек, егерде бостандық құқығы сұхбатымен сату және сатып алу жұмысы барысын қорытындыласа, бостандық құқығын таңдап алу жағдайына қажетті ешнәрсе табылмаса, онда Абу-Ханифаның сұхбаты бойынша мерзімі тек қана үш күнге шектелген болуы керек; екі оқушының ой- пікірі бойынша, ол қандай болса да пайдасы бар жағдаймен анықталуы мүмкін.

Сатып алушының таңдауына рұқсат етілген тауарлардың ішіндегі біреуі сату-алу мәмлесінің объектісі болады, ал қалған екеуі сақтауға сенім болып табылады. Ал қалған екеуі қоймада сенімді түрде сақталады. Сонымен қатар мына жағдайға да мән беру керек болады, яғни бостандық құқығы сұхбаты кезінде шұғаның бір үзімі (мысалы) сату және сатып алудың объектісі болып табылады, ал мұны кейбіреулері сатып алушының заңды түрде қоймада сенімді сақтауы дейді. Сол үшін егерде шұғаның бір үзімі жоқ болса немесе заты құртылған болса, қойма сақтаушысы заңды түрде басымен жауап береді, ондай жағдайда сату және сатып алу жұмысы өз орнын тауып, заттай түрде өтеуді немесе бағасын төлетуді талап етеді, ал қоймадағы қалған үзімдері сенімді түрде сақталынады, себебі жоғалған немесе құртылған шұға бөліктерінен бас тартуға мүмкін емес. Егерде басқа да жағдайларда шұғаның екі үзімі де бір мезгілде жоғалған болса, онда сатып алушы міндетті түрде жарты ақшасын төлеуге тиісті болады. Осылайша, әрбір шұға үзіктерінің белгісіз жоғалуына қарамастан, сату және сатып алу іс-әрекетін және қоймада сақтау сенімдерін жалғастыра береді.

Бостандық құқығының заңды талабына сай осы екі жоғалған шұға үзіктерін қайтадан жайына әкеліп қоюы мүмкін. Егер бостандық құқығы талқысынсыз, тек

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бостандық құқығын таңдау келсім жүргізсе, онда сатып алушы шұғаның екі үзiгiнде қайтаруы мүмкiн.

Мұра қалдырушы заңды тұлға бостандық құқығы сұхбатына ие болса, онда мұрагердiң өлерi алдында, сатып алушыға рұқсат етiлген заттың бiреуiн қайтаруы мүмкiн. Егерде мұрагер өлгеннен кейiн, заңды тұлға бостандық құқығы сұхбатына ие болса, онда оның мұрагерi толық түрде сатып алынған заттың бiреуiн қайтаруы шарт, себебi бостандық құқығы сұхбаты барысында өлген мұрагердiң мұрасы заңды және жеке тұлға немесе үшiншi бiр заңды тұлғаға толықтай өтуi тиiс; мұндай мұрагер бостандық құқығы сұхбаты кезiнде үш затқа шектелiп қалуы мiндеттi емес. Егерде, керiсiнше мұра қалдырушы заңды тұлға қайтыс болса, мұра қалдырушы бостандық құқықтық жағдайын өлуден сәл алдын қабылдаса, онда оның мұрагерiне бостандық таңдау құқықтық жағдайы берiлмейдi. Себебi бостандық таңдау жағдайын мұра етпеймiз ғой.

Таңдап алған арыз және сату- сатып алу жұмыстары сатып алушының арнайы актiсi арқылы, сатылған затқа байланысты есептеу жүйесi жүргiзiледi.

Егерде кiмде-кiм бостандық құқығы бойынша үй сатып алса және үйдi сатып алғаннан кейiн есiк алдындағы көршi үйдiң мерзiмi келiп, ол үй бостандық құқығы бойынша сатылып кетсе, үйдi сатып алған заңды тұлға арыздануына құқығы болады, яғни оның келiсiмi бойынша бiрiншi дәлелдi берiлгендер жолымен iстi жүзеге асырады және бостандық құқығын таңдаумен де жұмысты жүзеге асырады, себебi оның күмәнi құқыққа зиянын тигiзедi, осылайша, есiк алдындағы тұрғызылған көршi үйдi өзiндiк мүлiк етiп алады. Ары қарай өз бостандық құқығына сүйене отырып үй құжатын келiссөз және келiсiм- шарт арқылы бекiтедi. Осындай күмәндардың арқасында қорытынды жұмыс жасалынады, яғни ол ең алғашында өзiнiң бостандық құқығын жояды, сосын тәуекелге бел байлайды. Бұл саяси тұрғының бiр жерiне мән беру керек, яғни сатып алушы Абу-Ханифаның заңды талабына сай жүзеге асырады, яғни заңды талаппен сатып алушы заңды тұлға белгiлi бiр уақыт аралығында сату-сатып алу жұмысының жеке объектiсi болып табылмайды. Заңды талапқа сай сатып алушы заңды тұлға екi оқушыны да осылай есептейдi, сол сияқты дәл сол мезетте заңды тұлғаның объектiсiн қорытындылайды, не үшiн жоғарыда келтiрiлген түсiнiктерде оның артықшылығын түсiндiру артықша болған.

Бостандықты таңдау сұхбаты дегенiмiз - бұл екi жақ заңды тұлғалары бiрiгiп, заңды келiсiм-шарт бойынша заңды тұлғалардың бiрi сауда жұмысымен келiсiп, оған қорытынды жасауы мүмкiн.

Егерде екi заңды тұлға құл сатып алатын болса, онда олар құқықты пайдалана отырып, одан бас тартуы мүмкiн, және сатып алушылардың бiреуi Абу-Ханифаның құқығы бойынша сату- сатып алуға арыз тастайды, екiншi бiр сатып алушы құлды сатып алуда өзiнiң үлесiнен бас тартуы мүмкiн. Осылайша, заңды тұлғалардың ой-пiкiрлерiнде айырмашылық болады, яғни сату және сатып алу барысында бостандық құқығын таңдауды пайдалану керек, сонымен бiрге бостандық таңдауда кемшiлiктер болса жұмыс объектiсiнде екi сатып алушы заңды тұлға арасында келiспеушiлiктер болып жатады. Осылардың арқасында екi шәкiрт де осындай толықтай сатудан бас тартатынын дәлелдейдi, яғни осында толтырылған құжаттардың әрбiрi өте қажеттi сонымен бiрге екi сатушының бiреуi бостандық құқығы талабына сай келiсiм құжаттан

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бас тарта алмайды, себебі құқықты заңды түрде бұзғаны, заңсыз болып саналады. Абу-Ханифа бұған қарсылық білдірді, яғни сату- сатып алу барысындағы объект болып табылатын сатушының қоймадағы заты екі заңды тұлғаның келісімімен бекітілген; ал егерде сатушылардың ішіндегі біреуі құқықты пайдалана отырып, өзінің үлесінен бас тартса, онда мынадай бір жайтты бақылауға тура келеді, яғни осындай бас тартулардан соң сатушы жұмыс объектісінің мұрагері болып табылады, сонымен бірге жауапкершілігі шектеулі серіктестікпен келісім жасайды; ал мұндай енгізулер сақтау қоймасының кемшілігі болып табылады, яғни мұндай зат алдын-ала бекітілген болады.

Қарсылық. Сатушының біреуі бас тартқанда болар ма еді, оның үстіне сатушының біреуіне зиян тимес бе еді, бірақта мұның бәрі заңды күшке ие, неге десеніз сатушының өзі дәлелді түрде өзіне зиян келетінін біліп тұрып, келіскен. Сондай-ақ екі заңды тұлғалардың осындай құжатқа ие болулары, негізінде олардың ішіндегі біреуі қажетті келісімді анықтап, келіссөзден бас тартқанда болар ма еді?

Жауап. Сатушының келісімі шығынға әкеп соқтырды, яғни ол екі заңды тұлғаның біреуінен бас тартуын қажет етуді келісті, толықтырылған құжаттарға ие болды. Бірақта бұл біздің қарастырып отырған мәселелерімізге ие болды, сонымен бірге осы тұрғыда басқа бір ұсынысқа қарамастан, сатушы бір мезгілде сатып алушы екі тұлғаның ұсыныстарынан бас тартқанында болар еді немесе басқа бір адаммен ұсыныс жасасқанда ісі алға басар еді.

Егерде сатып алған заты бір атпен белгіленген болса, оның негізгі атауы басқа болса, онда сатып алушы келісім-шартқа отырады немесе келісім шартты бұзады. Егерде кім-де кім құлды тамағы үшін немесе нан тауып жеу үшін ғана сатып алса, онда ол мүлдем дұрыс емес жағдай болып есептелінеді, себебі сатып алушы келісімге отырады немесе сату-сатып алу жұмысынөзінің пайдасына қарай келісім-шартты бұзады. Ол жоғарыда сату-сатып алу жұмыстарында көрсетілген жағдаймен сол заттың сапасына ерекше көңіл бөледі. Осылайша сапаға мән беріп, оны бостандық құқығы талаптарына сай бақылайды, ал оларға кері қайтарымды заңсыз құқықтың талаптарына сай бұзады, егерде ол басқа келісімді қаласа, онда белгіленген қандай-да бір жағдаймен сол жұмыстарды келіседі.

Қарсылық. Сату - сатып алу жұмыстары заңға сәйкес келмейді, сол сияқты құлды сатып алуда заңсыз, себебі осы жұмыстың арқасында өзіде құлға айналуы мүмкін еді.

Жауап. Қарсы пікір білдіруді еске түсіре отырып, сол сатылған құлдың жасы мен жынысына қарамай, оның айырмашылықтарын және бірнеше жағдайларын қарастырамыз. Сонымен, құлдың біреуі нан үшін жұмыс жасаса, екінші біреуі нан үшін емес, ол тек қана қасиетімен ерекшеленіп тұрады, бірінші жағдайды екінші бір жағдаймен салыстырғанда оның айрықша ерекшелігін анықтап аласыз, яғни ұсынылған талдаулар қайта қалпына келмейді. Бұл жерде бір жайтқа мән берген дұрыс-ақ, себебі құлдың жасы мен жынысына байланысты сатушының түрлі себептері мен мақсаттарын зерттеу барысында сату-сатып алу жұмысы заңсыз болып табылды. Сонымен, әйел жынысты құлдарға қарағанда ер жынысты құлдарды басқа мақсатпен сатуды көздейді, оны сатып алушының өзі таңдайды. Осылайша, сату-сатып алу жұмысы барысында құлдардың жынысына байланысты сату жұмыстары заңды болады. Егерде кімде-кім ешкімен ешкі ауысса, онда мұндай жұмыстар заңды күшіне енеді, бірақта сатып алушы өзінің қалауынша сол жұмыстың келісімін жасауға немесе

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оны бұзуға болар еді. Бірақта бұл жерде мынадай бір жәйтқа мән беруге болар еді, яғни сатып алушы сату-сатып алу келісім-шартын бекітеді, содан кейін ол толығымен баға соммасын төлейді, себебі заттың сапа кемшілігіне байланысты бағасын төмендетеді, сонымен қатар жанама ұсыныстарды жүзеге асырады.

III Бөлім

ТЕКСЕРУГЕ ЕРІКТІ ТАҢДАУ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ

(Арабша- «Хаярур-руят»- бостандық құқығын таңдауды қайта қарап шығу)

Сатып алушы тауарын сатып алғаннан кейін қарап шығатын болса, онда сатып алушы сатып алынған затынан бас тартуы мүмкін.

Егерде кімде-кім сатып алатын затын көрмей тұрып сатып алса, онда сату-сатып алу жұмысы заңды күшіне ие болады, ал сатып алушы алатын затын қарап шыққаннан кейін оны алады, не сатып алатын заттан мүлдем бас тартады.

Имама Шафии былай деп бекітті, бұл недеген сұмдық, белгісіз бір объектімен келісім жұмысын заңсыз жүзеге асыру не деген сұмдық деді. Бізді ғалымдарымыз енгізуді келесідей қорытындылар арқылы жүзеге асырды.

Біріншіден олар Ұлы Пайғамбарымыздың пікірі бойынша: «Сатып алаттын затты көрмей тұрып, сатып алсаңыз, Сіздің қайталап сол заттан бас тартуыңызға құқығыңыз бар».

Екіншіден, Сізге қатысы объектінің анықталмағаны салдарынан, сіздің сол затқа қарай тартылуыңыздың қажеті жоқ, сол сияқты егерде сатып алушының көңілінен шықпаса, онда заңды тұлғада сатып алатын затынан бас тартуға құқығы бар.

Сатып алушы сатып алатын затына арыз беріп, сатып алынған затыма көңілім тоқ – деп жазбаша жазғанымен, ол сатып алынған затын қарап шыққаннан кейін оны иесіне қайтарып беруі мүмкін.

Егерде сатып алушы заңды тұлға, сатып алатын затын қайталап қарап шығудан өткізбесе, онда былай дейді: «Мен сатып алғанымға көңілім тоқ, мінім жоқ»- дейді, осындай жағдайларға байланысты, егерде сатып алушы адам сатып алған затын қайта қарап шығуды қаласа, онда сатып алудан бас тартуға, екі себеп бойынша рұқсат етіледі.

Біріншіден, дәл сол факті бойынша бостандық құқығын таңдаудың жалғыз негізі бойынша қарап шығады, яғни оның өзі қандай заң орнатпағанына байланысты қайта қарап шығуды қарар етеді; ал былайша, тауарды қайта қарап шығуға дейін сату- сатып алуға келісім береді, мұндай құқыққа біз қарсы келе алмаймыз, себебі оның өзі мен орнатқан заң деп есептеуге болар еді.

Қарсылық білдіру: Егерде сату-сатып алу объектісін қарап шыққанға дейін, бостандық құқығын таңдау бойынша іс жүзеге асырылған, сонымен осы тұстан былай шығып кеткенде болар еді, мұндағы сатып алушы сату келісімін бұзуға құқығы жоқ;

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

одан басқа дәл сол мезетте объектінің қайта қарап шығуға дейін бостандық құқығын таңдауға ие.

Жауабы: Сатып алушы объектіні қарап шығып, сату-сатып алу келісімін бұзуға болады, дәл сол моментте жоғарыда көрсетілгендей сатып алу жұмысын жүзеге асыру мүмкін емес.

Екіншіден, сатып алушының келісімі бойынша объектіні қарап шығу, онымен таныстыру қажет, сол сияқты артықшылықтарымен, қасиетті белгісімен таныстыру, не үшін ол осындай жағдайларға назар аудармайды. Қарама-қарсы пікір білдірген кезде, оған назар аударылады, сол сияқты сатып алу жұмысы басты міндет болып есептелінбеген.

Сату- сатып алу келісіміне отырған сәттен бастап, сатып алушыға бостандық құқығын таңдауға рұқсат берілмейді.

Егерде кімде-кім өзі әлі көрмеген затты сатса, онда оған бостандық құқығы бойынша тауарды қайта қарап шығуға рұқсат берілмейді, сол сияқты жоғарыда көрсетілгендей осы құқықты пайдалану тек қана жалғыз сатып алушыға ғана рұқсат етіледі. Одан басқа бізге белгілі Османның сатқан Бассор ретінде берілген жер үлесін Тилля-бин-Убайдуллаға сатқан, сонымен Тиллаға ешқандай кемшілікті айтпаған: «Сен мұнымен жапа шегуге ие боладың»- дегенде, Тилла былай деп жауап қайтарған: «Мен көрмеген затымды сатып алсам, дәл сол затты қайтрауыма құқығым бар» деген. Сосын басқа бір адам Османға: «Сен осы сату жұмысында зиян алып келдің» - деді, сонда Османның қайтарған жауабы: «Мен өзім көрмеген затты сатқан болсам, келісімнен дәл солай бас тартуыма құқығым бар» - деді. Осыдан кейін мазим солардың арасында келістіріп беруші делдал болды, ол бостандық құқығының тек қаан жалғыз тиллаға тиісті екенін анықтап берді, бұл жарғы Пайғамбарымыздың қатысуымен шешілді, яғни оған ешкім қарсы келмейді.

Бостандық құқығын таңдауда, өзіне ұсынылған аралықтағы уақытқа ғана келісімге отырады, сол күннен бастап келісімді бекітеді, егерде ол осындай жолдармен келісімді жоймаса, онда бостандық құқығына артықша күш түсірген болар еді.

Бостандық құқығын таңдауда қандай-да бір аралықпен шектелген уақытпен, бостандық құқығын таңдау жағдайымен іске асырады; ал қарсы пікір білдіргенде, табиғи құбылыста бір жағдай болмағанша, бұл құқық өзінің күшін жоймайды. Сол сияқты бұл жерде бірнәрсені байқау керек, яғни бостандық құқығын пайдаланып, келісімді бұзуды, мысалы (тауардың кемшіліктері немесе жарамсыздығы сату алушылар тарапынан сату-сатып алу жұмысын) бұзуы, сол сияқты бостандық құқығы бойынша қарап шығуды жояды.

Егерде құқық бойынша осылай іс-жүргізсе, артынша кері қайтарып алуы да мүмкін, мысалы, (құлдарды бостандыққа жіберу немесе оларды қайталап муддабар ортасына қайтрау). Немесе, егерде ол басқа құқықты пайдаланатын болса, онда (сату-сатып алу барысында өзінің пайдасы үшін қайсыны таңдағаны дұрыс болады), сол кезде бостандық құқығын таңдайды ма, жоқ па белгісіз, себебі мұндай актілер сату жұмысының негізгі міндеттері, ал құқықты жүзеге асыру барысында бостандық құқығының міндетіне сәйкес келмеуі керек.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егерде құқыққа қарсы келсе, онда үшінші бір жеке тұлғаның мысалы(сату-сатып алу жұмысы барысында қарапайым көзқараспен сатып алу немесе дәлелсіз анықталмаған затты сатып алу) барысында бостандық құқығын таңдауды қайта қарап шығуды жояды, себебі шын мәнінде затты сатып алуды қайта қарып шығады, себебі мұндай актілер сатып алушының келісіміне қарағанда, үлкен заңды күшке ие болады. Ал былайша, сатып алушының нақты келісімі бойынша, сату объектісін қарап шығу бостандық құқығын қайта қарап шығуды жоюмен нақты жүзеге асады, мұнан келіп шығатын жайт, яғни жоғарыда көрсетілген актілерді фортиори бойынша жоюды, сол сияқты бостандық құқығы бойынша актілерді қайта қарап шығуды, немесе бейнелеген келісімді, сондай-ақ тауарды қайта қарап шыққаннан кейінгі жағдайды да бостандық құқығын жою болып табылады.

Бостандық құқығын қайта қарап шығуды жою, жалпы мысал келтіруші қызметкері болуы мүмкін.

Егерде кімде-кім қырмандағы топталып жатқан бидайды немесе соның жанында жатқан шұғаның үзіктерін көрсе, сол сияқты құлдарды, үй жануарларын көрсе, онда дәл сол затты атып алады, ал көрсетілген заттың бөліктерін, бостандық құқығы бойынша қарап шығуға рұқсат береді.

Бірсөзбен айтқанда ереже бойынша барлық қажеттіліктерді белгілі бір жағдаймен сатып алады, сол сияқты осындай бөлімдерді көруге де болады, яғни сол жайт бойынша сатып алушының көздеген бірнеше мақсаттарын анықтауға болады.

Сол үшін затты сату-сатып алу барысында өздерінің арасында жүргізілген дәстүрлі келісім бойынша негізгі бөліктерін, яғни (қандай зат болса да, сатылатын затты өзінің жақсы қасиеттері бойынша) іске асырады. Қарап шыққан заттың бір бөлігі жетіспесе, онда заңды талапқа сәйкес арыздануға болады, егерде сатып алынған заттың қалған бөліктерінің сапасы нашар болса, оны бостандық құқығы бойынша қайта қарап шығады. Басқаша айтқанда, затты немесе (шұға немесе мал жануарын) сатып алу барысында тауардың 1 жетіспесе, онда қайта қарап шығуға құқығы бар, соған қарсы сатып алушы әрбір затын жеке дара қарап алуы қажет.

Осындай жағдайларға байланысты Кархи жұмыртқасы мен жаңғағын сатып алу барысында. («Хидои» авторы мына бір жайтқа көңіл бөледі, яғни осындай сатып алған заттары, бидай мен арпаға ұқсап біркелкі болмауы да мүмкін, олар айтарлықтай тепе-тең болмауы да мүмкін).

Осындай негізгі ережелерге сүйене отырып, бидайдың сыртқы жағдайын қарап шығуға рұқсат береміз; бидайдың санына және жиналған түріне байланысты, сол сияқты сапасын да талдауға болады. дәл сол сияқты шұғаның сыртқы жағдайын белгілі-бір дәрежемен қарап шығуға рұқсат етіледі. Егерде шұғаның ішікі көрінісін, мысалы шұғаға салынған баспа оюларды бостандық құқығын таңдау ережесі бойынша шұғаның орта бөлігін, ішін қайта қарап шығуға рұқсат беріледі.

Егерде сату-сатып алу объектісі сатылатын құлдар болып табылса, онда құлдың түрін көруге мүмкіндік болады, яғни адамның жануардан айырмашылығы, оның басы мен аяғы жұмыс жасайды. Жоғарыда айтылған пікірлер Абу Юсуфтың ережесіне сай келтірілген. Мұндай жағдайды кейбір ғалымдар былай деп бекітеді, егер мал сатып алатын болсаңыз міндетті түрде оның алдыңғы және артқы аяқтарын

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

көріп алыңыз- деп. Ал кейбіреулері ешкінің етін стаып алатын болсаңыз, оның сапалы әрі жақсы екеніне қанағаттанарлық болсаңыз, онда етті шайнап, қолмен жеу керек дейді; егерде жеміс немесе сүт сатып алатын болсаңыз оның таза жуылған немесе таза сүзілгеніне көз жеткізгеніңіз жөн. Ал, егерде ждайын тамақ сатып алатын болсаңыз, онда міндетті түрде оның дәмін татып көріңіз, себебі Сіз оның сапасын білуіңіз керек.

Үй сатып алу барысындағы бостандық құқығын таңдауды қайта қарап шығу.

Егерде кімде- кім үй фасадын сатып алатын болса, сондай-ақ ол сатып жатқан үйдің бөлмелдерін көрместен сатып жатса, онда ол бостандық құқығын пайдаланып жүр дегенді білдіреді; бұл ереженің тәртібі былай, егерде сатып сатып алушы үйдің ағаштан немесе лайдан жасалынған болса. Имам Зуфардің пікі бойынша «сатып алушы соғылған үйдің материалдарын толық, әрі жан-жақты қарастыру керек»- деді(ол үшін, бостандық құқығын дұрыс таңдау барысында, ол өзінің күшін жойып алды). Біздің авторымыз сол сияқты жоғарыда көрсетілген ережеге сәйкес ғимараттың фасадтарын немесе үйдің артқы бөліктерін бұрынғы заман бойынша салынғанын көру керек, сол сияқты үйдің сыртқы фасады немесе үйдің артқы бөлігі біркелкі құрылыспен құрылған үйдің сыртқы бөліктерінің қандай екенін, соған қарап біледі; ал қазіргі таңда сатып алған үйге кірсеңіз оның сыртындағы құрылыс әртүрде салынғанын байқайсыз, осылайша үйдің сыртқы көрінісіне қарап, оның ішкі көрініс талдауға болмайды. Мұндай ой-пікірлер осылай мақұлданады.

Үйді сенімді адам сатып жатса, үйдің қарап шығады да, сатып алушымен сатушы арасындағы келісімді тең дәрежеде келіседі.

Сатып алған үйді сатушымен бірге көріп, тең дәрежеде қарап шығады, үйді көріп болғаннан кейін артынша, сенімді адамнан сатып алған үйден ешқандай кемшілік немесе жарамсыз зат таппаса, онда сатып алушы құқықтық талаптан бас тартады. Бірақта сатып алушы тарапынан қарап шыққан босла, онда сатып алушының қарап шыққаны есептелінбейді, өйткені сатушымен бірге бәрін заңды талап бойынша қарап шығу керек еді. Осылайша Абу Ханифаның ілімімен, оның екі шәкірті де былай деп шешті, яғни сатушы мен сатып алушы тарапта өзара тепе-тең, яғни осы екі жақтағы заңды тұлғаның ішіндегі сатып алушы тарапқана бостандық құқығы бойынша қарап шыққан болса, онда ол тең дәрежедегі күшіне ие болмайды, себебі сатып алушы мұндайда бостандық құқығын пайдалана отырып, осылай қарастырылған екі жағдайдан да бас тартуға болады. олар өз ойларын тіркестірін келесідей дәлелдер арқылы жақтайды. Сол сияқты сатып алушы өзінің бостандық құқығын жою барысында, заңды талапты енгізбестен бұрын, сенімді сатушы тұлғамен сатып алуға келіссөз жүргізеді, сіздер мұнда көріп тұрғандарыңыздай бостандық құқығын жою дегеніміз не, бұл сенімді адамның өкілдігіне кірмейді, дәлсол сияқты бостандық құқығын таңдау, тәртібін сақтау барысында кемшіліктер мен жарамсыздық объектілер табылса, онда ол дәл осылай жүзеге асырылады. Басқаша айтқанда, егерде сенімді заңды тұлға келісім жұмысын жасаған кезде әдепсіздік, қырсықтық танытса, онда бостандық құқығын таңдау сатып алушыға тиесілі болады, сонымен бірге сенімді адамның түзген актісін жояды.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Дәл сол сияқты сату-сатып алу барысындағы тәртіп осылай сақталынады, егерде кімде-кім сенімді заңды тұлғадан бір зат сатып алатын болса, оған ұсынылған белгілі-бір аралық мерзімде, анықталған жағдаймен, затты сатып алуға ие болатын болса, онда сатып алушыға ұсынылған мұндай акті бостандық құқығын таңдау ережесі бойынша жойылмайды. Бұл дегеніміз бостандық құқығын таңдауды қайта қарап шығу мәселесіне байланысты, болады: егерде сенімді тұлға жасырған затын шығарған болса, оны қайта қарап шыққаннан кейін, бостандық құқығымен қарап шығу заңын жоққа шығарады, ал осындай пиғылдардың арқасында сатып алушыға ұсынылған бостандық құқығы ережесі жойылмайды.

Абу Ханифа мұндай жағдайды басқа жақтан қарастырғанда актіні құрудың және оны игерудің екі жолы бар деді:

1) сату- сатып алу жүзеге асыруда заттың объектісін жәнеонымен толық танысып шығуды қарастыру;

2) сату- сатып алуды жүзеге асырмай, оның орнына қайта қарап шығуды бекітсе, онда сатып алу объектісі жасырын болып қалады.

Енгізілген жұмыстың алғашқы көрінісін жүзеге асыру деп атады, ал екіншісін – жүзеге аспайтын, келісім- шартты қорытындылай отырып, келісімді толық орындалады деп есептеуге болмайды, ол уақытша бостандық құқығын таңдау ережесімен қала береді.

Бірінші жағдайда, енгізілген құқықтық күші артықша болады, және бұдан келіп шығатын жағдайдағы келісімді толық жүзеге асырылды деп айтуға болады. Екінші жағдайда, заңды күшке қарама- қарсы жүргізілуі барысын келісім жүзеге аспайды деп айтаға болады. Сол сияқты сатып алушы заңды пайдалана отырып, осы екі әдістің қайсысы бұған сай келетінін қарастырады, осыдан келіп шығатын жайт, яғни сатушы сенімді тұлға да сөзсіз заңды талапқа сай сатушымен теңдей пайдалы келісім- шарт түзеді. Бірақта мұндай кезде, егерде сатып алушы сенімді тұлғадан сатып алынған тауарын қарап шықпаса, онда осындай жолмен игерілген жұмыстарын қысқартады, ізінше бостандық құқығын таңдау ережесімен қарап шығуды ұсынады, яғни сатып алушы арыз жаза отырып, өзінің сенімді адамының құқығын жояды. Кейбіреулері бостандық құқығын таңдаған кезде олардың сыртындағы кемшілктері немесе сату- сатып алу объектісіндегі ақауларды байқайсыз, себебі мұндай бостандық құқығын таңдау барысындағы сату- сатып алу жұмысы бөгет болып табылмайды, қайтаға бостандық құқығын таңдаудағы ақаулар немесе ату жұмысының кемшілктері жалғаса береді. Бостандық құқығына байланысты жағдайдағы пікірдің айырмашылығы жүзеге асырыла береді, бірақта егерде сенімді адамның бостандық құқығын жойсақ, онда келесідей тәжірибелер бойынша толық игеріледі. Ал егерде сенімді адамның өзі толық заңды талаппен қорытынды жасаса, онда сенімді адамда мұны толық түрде атқара алмайды. Ал елшіге не тиісті болады, егерде тапсырылған аманатты хабардар ете алмас, онда ол еш қандай заңға ие бола алмайды, соған байланысты ол немен айналысса да, ол құқықтық қабілетке ие болмайды.

Соқыр адам тарапынан тексеру ауызша түсіндіру немесе дәмін білу не құшақтап-сипап немесе жерді сатып алған кезде суреттеу арқылы жүргізіледі. Сату не сатып алу соқыр адам тарапынан жүргізілуі заңды. Сатып алу келіссөзін

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жүргізгенен кейін бұл адам ерікті таңдау құқын пайдалана отырып сатып алынған затын көре алмаса да: мұндай ерікті таңдауы ауызша түсіндіру арқылы жүргізіледі, немесе құшақтап-сипап егер соған сәйкес зат болса, онда дәмін тату арқылы-жеуге жарайтын азық-түлік заты болса, осы әрекеттегі әдістер ерікті таңдау құқығын білдіреді адамға. Жер телімін сатып алған кезде соқыр адам үшін анық емес нәрсе деп түсінілмейді, оған жердің картасы мен қасиеттері суреттелуі керек, өйткені саям саудасы кезіндегідей ол мәмлениң объектісін таныстыру болып табылады. Абу Жүсіптің пікір белгілі, яғни соқыр адам жерді сатып алған сәтінде егер ол көзі көретін болғанда жерге қарап сатып алып жатқан жеріне рызашылығын білдіре отырып: «Мен мына жерді сатап алғанымға ризамын» деуі керек екен, онда соқырдың осылай жария етуі оның таңдау құқығын жояды, осы айтқаны оның шын мәнінде көрген адам секілді болады; ал ол шындыққа сәйкес, егер қол жетімсіз болса, дәл мылқаудың ерінін қимылдатқаны секілді оның Құранды оқығанын білдретіндей; немесе тақыр бастың басынан ұстарамен жүріп өткендей (оның Мекеге қажылықтағы жағдайына сәйкес) шын мәніндегі шаш алған секілді. Хасан бини-Зияд айтты, соқыр иелігіне ие болу үшін сенімді адам тағайындауы тиіс деді, ол соқырдың мүддесі үшін жерді талапқа сай көріп шығуы керек. Бұл Абу Ханифаның іліміне сәйкес келеді, ол да осы пікірді ұстанады, яғни сенімді адам тарапынан объекті көру-танысуы, тексергенмен бірдей саналады сол сенім білдірушінің өзі көргендей.

Екі осындай заттың бірінің тексеруі, яғни оны жасандысымен талқылауға болмайтын, дегенмен, сатып алушыға екеуін де сатып алудан бас тартуға құқық береді. Егер сатып алушы кісі екі көйлектің бірін көріп, екеуін де сатып алса және кейін басқа көйлек болып шықса, онда ол екеуінен де сатып алуға бас тартуға құқылы, өйткені көйлекті бірінің көруі арқылы екеуін де көрген болып есептелмейді, өйткені көйлектердің бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары болады; сондықтан ерікті таңдау құқығы сол әлі көсетілмеген көйлекке қатысты сақталып қалады. Дегенмен сатып алушы бір осы көйлектен бас тартуына болмайды, өйткені мәмледегі өзгеріс оны орындауға дейін орын алды, демек бұл мәмле орындалды есептеуге келмейді, егер ерікті таңдау құқығы күшінде қалса. Осы негізгі сүйене отырып сатып алушы сатып алынған затынан қазидің қаулысына да тәуелсіз немесе сатушының келісіміне де қарамай бас тартуына болады және мұндай бас тарту сату-алу келісімшартының бұзылуы болып табылады басынан бастап. Басқаша тілмен айтқанда мәміле ешқашан болған жоқ.

Ерікті таңдау құқығы сол пайдаланған адамның өлімінен кейін жойылады. Ерікті таңдау құқығын пайдаланған адамның өлімі жағдайында мұндай құқық жойылады, өйткені бұл нәрсе мұраға қалатын объект саналмайды (біздің ғұламаларымыздың пікірінше).

Сатып алғанға дейінгі тексеру жағдайы. Егер қандай да затты көрген-тексерген адам белгілі бір аралық уақыт өткен соң оны сатып алса, және ол осындай мәміле жасағанда формасы және сапасы өзгермеген болса бірінші көрген кезіндегідей, онда сатып алушыға ешқандай ерікті таңдау құқығы берілмейді, өйткені объектінің сапасы белгілі оған сол алғашқы көрген кезіндегідей, ал ерікті таңдау-тексеру құқығы тек осындай мәліметтің болмаған жағдай да беріледі. Егер сатып алушы бірақ, объекті өзі көрген сол затқа сәйкес деп таппаса, онда оның ерікті таңдау құқығын жүргізуге

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қақысы бар, өйткені мұндай жағдайда оның келісімі шамалауға болмайды. Басқа жағынан қарағанда, объектің табиғи жағдайы мәміленің өзгертуге әкеледі., не сатып алушы ерікті таңдау құқығын пайдаланады, әйтпесе уақыт өткен қасиеті қашады, яғни сатып алушы объекті ешқашан көрмеген секілді.

Егер сатып алушы мен сатушы арасында қандай бір ескі өзгерген объектің келісіміне қатысты дау туса, яғни сатып алушы мұндай өзгерістің болуы күтілген еді десе, ал сатып алушы мұны жоққа шығарса, онда сатушының арызы ант аясында дұрыс болуы мүмкін, өйткені, аралық біршама уақыт өткеннен кейін таңдау-тексеру мен сатып алумен шындық сатушының жағында, мұндай өзгеріс тек сатып алғаннан кейін орын алып отыр. Егер, бірақ, тексеру мен сатып алау арасында ұзақ уақыт өтіп кетсе, онда біздің ғалымдарымыз сол пікірде қалады, яғни сатып алушының сөзіне сену керек дейтін.

Егер тараптар арасында объектің тексеру мәмілесінің уақытысына қатысты дау туса, яғни сатушы өзінің айтқанын былай деп қатаң бекітсе сатып алушы алдымен тексеріп көрді және кейін сатып алды, ал сатып алушы оны жоққа шығарса, онда сатып алушының арызына ант аясында сенім білдіру керек.

Өзінің сатып алған затының бөлегімен иелік еткен кісі, қалған бөлігіне таңдау құқығына ие емес. Егер кімде-кім бір-біріне байланысы бар екі көйлекті сатып алса, оны көрмесе, және кейін сатып жіберсе немесе бір бөлігін сыйлас, онда ол көйлектің қалған бөлігінен бас тартуға қақысы жоқ, егер онда кемшілік не кемістік табылмаса. Немесе сол секілді егер кімде-кім бірімен бірі байланысы бар көйлекті сатап алса және кейіннен сатып не бір бөлігін сыйлап жіберсе , осымен таңдау құқығы жойылады, өйткені оның бас тартуынан бұл заттардан бас тартуына оның билігінде емес, яғни енді меншіктеуге құқы жоқ; және егер ол көйлектің қалған бөліктерінен бас тартқанда, онда бұл мәміле шартынан оны орындағанға дейін ауытқыған болады (өйткені, таңдау ерікті құқығы мәміленің аяқталуына кедергі болып отыр. Мәміленің объектісіне қатысты егер оның кемістігі не кемшілігі болса ерікті таңдауда басқа орын болар еді: оның болуына қарамай, оның объектіге түсуімен мәміле аяқталған болып табылады, дегенмен осыған дейін аяқталмаған болса да; қазіргі жағдайда кездесетіндей, яғни иелік өту орын алды. Егер, бірақ, ескі сату-алу актісі немесе сатып алушының тарапынан сылау заңды күшінен айырылса (мысалы; егер ескі сатып алушы мәмілені бұзса, объекте кемістік тапса, немесе егер өзі сатып алушы сылығы қайтарып алса) онда еркіті таңдау құқығы күшінде қалады. Бұл Шамуль-Аимманың ақпараты. Абу Жүсіптің пікірі белігілі, яғни біркездері жойылған ерікті таңдау құқығы қайта қалпына келмейді, еркіті таңдау шарты секілді. Құдуриді осы талқыны қабыл алды.

IV Бөлім

САТЫП АЛЫНҒАН ЗАТТЫҢ КЕМШІЛІГІ СЕБЕПТІ БАС ТАРТУ ҚҰҚЫҒЫ ЖАЙЛЫ

Сатып алушы сатып алынған заттың кемшілігін тапса, онда оны сол күйінде сатушыға қайтаруға қақылы. Егер де кімде-кім зат сатып алып, оған иелік етсе, кейін одан сатып алынған кезде болған кемістікті анықтаса, онда оны келіскен

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бағада қалдыруға немесе қайтарып беруге құқылы. Шартсыз келісім кезінде, оның заты кемшіліктен таза болуын талап ету керек. Сондықтан да егер де қарсы болса, онда сатып алушы бас тарту құқығына ие. Егер де келісім оның мүддесі үшін қарсы міндеттелген болса, онда бұл оған залал келтірген болса, онда бұл оған залал келтірген болар еді. Ол затты ұстап тұрып сатушыдан оны кемшілігі түрінде сыйақы талап етуге құқығы жоқ, себебі сатлым келісімшартында бағаның ешқандай бөлігі заттың сапасына қарсы тұрмайды және де сатушы келтекешсен төмен мешіктің бағасын түсіруге келіспеуі себепті. Егер де сатып алушы затты өзінде ұстап тұрып, сатушыдан кемістігі үшін ақы талап етсе, онда ол сатушыға залал келтірген болады. Бұдан басқа, сатушыға залал келтірмей-ақ біріншіге рұқсат беру жолымен немесе егер де өзі қаласа кемшілікті затты ұстау немесе қайтарып беру жолымен сатып алушы залалын ескерту мүмкіндігіне ие.

Егер де ол кемшілікті бұрын байқамаған болса. Егер де сатып алушы сатып алу кезінде немесе затқа иелік еткен кезде оның кемшілігі жайлы білсе, және де бөле отырып және ерікті сауда жасаса немесе затқа иелік етсе, онда оған бас тарту құқығы берілмейді немесе егер де ол мұндай жағдайда зат сатып алса немесе оны иелік етсе, онда ол затты кемшілігімен сатып алуға келіседі.

Заттардың бағасын төмендетуге қызмет ететіннің бәрі кемшілік болып табылады. Саудагерлер арасындағы бағаны төмендететіннің барлығы кемшілік болып есептелінеді. Залал келтіргендіктен құндылық төмендейді, ал құндылықтың төмендеуінен баға төмендейді; заттардың құнын анықтауда саудагерлердің сұранысымен төмендеу дәлелденеді.

Кәмелет жасқа толмаған, кіші жастағы балалардың құл саудасына қатысуындағы кемшіліктер. Балалардың кішкентай жасында қашқындыққа және ұрлыққа жақын орналасу кемшілігі, бірақ та ол кәмелет жасында олар тарапынан жасалынған жетістік емес. Егер де мұндай кемшілік құлдан сатушының иелігінде жүргенде табылса, кейін сатып алушының иелігіне өткеннен кейін де болса, онда соңғысы болған кемшілік себепті оны саудагерге қайтаруға құқылы. Егер де басқа бір жағынан, сатып алушының иелігіндегі құлдан мұндай кемшілік табылса, ол кәмелет жасқа толған болса да, онда сатып алушы оны саудагерге қайтара алмайды немесе бұл кемшілік саудагердің иелігінде құл болғаннан және оның бала кезіне қарағанда жақсырақ болса, онда да қатара алмайды.

Егер де саудадан кейінгі қандай-да бір кезде ақылсыздық анықталса, онда ол тұрақты кемшілік сияқты қарастырылады. Кіші жас кезіндегі ақылсыздық тұрақты деп есептелінеді. Егер де кіші жастағы құл сатушының иелігінде жүріп ақылсыз деп ұсталынса, және ол сатушының иелігіндегі уақытта кәмелетке толмаған кезде немесе оның кемелденген кезінде жетістігі бойынша ұсталынса, онда сатып алушы оны сатушыға қайтаруға құқылы немесе бұл ақылсыздық алғашында сатушының иелігінде болған кездегімен бірдей, яғни, ол ішкі аурулардың себебінен туындаған. Сатып алушы бітімді жоққа шығаруы үшін ақылсыздық анықталуы қажет. Ал ол айқындалмайынша оның бұған құқығы жоқ.

Құлдарды емес, күндерді сату кезінде мәнге ие кемшіліктер. Ауыздан келетін жағымсыз иіс немесе қолтықтан келетін жағымсыз иіс күнге қатысты кемшілікті құрайды. Көптеген жағдайларда сатып алушы олармен бірге тұра алады, ал аталған

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

кемшіліктердің болуы бұл мақсаттың орындалуына бөгет болады. Бұлар сапаны құрамайды, бірақ та күнге қатысты кемшілік немесе құлдарды сатып ала отырып нәтижесінде олардың еңбегінен пайдалану ғана болады. Ал бұған айтылған кемшіліктер бөгет болмайды, демек құл өзінің мырзасына жақын келіп, тиіспей-ақ қызмет етуге болады. Егер де бұл кемшіліктер аурудың салдары болса, онда олардың құлға қатысы бар.

Зинақорлық және некесіз туылған бала күн әйелдер үшін кемшілік белігісі, бірақ ол құлдарға қатысты емес. Күндерді сату-алу кезіндегі мақсат олармен бірге тұру және бала туу; сонымен қатар, құлдарды сату-алу кезінде оның қызметін пайдалану, оның бағасы егер ол зинақорлық жасап қойған жағдайда да төмендемейді. Егер құл зинаға аса қатты берілген (құмарлық) болса, онда біздің факихтердің пікірінше бұл кемшілік: әйелдерді анду арқылы ол өзінің қожайына қызметіне нұқсан келтіреді.

Діни сенімі құлдарға да, күндерге де қатысты кемшілік болып табылады. Діни сенімі дұрыс бағытта емес құлға да, күнге де қатысты кемшілік болып табылады. Құқыққа сенбейтін қауым мұсылмандарға қарсы; құқыққа сенбейтін еркіндікке жіберудің нәтижесінде мұндай құлмен өлімді иелік ету үшін сату қаланбайтын нәрсенің нәтижесін, демек мұнда заттың бір меншігі жоқ. Егер де кімде-кім құқыққа сенімсіз шартымен құл сатып алар болса, кейін ол мұсылман болып шықса, онда ол саудагерге оны қайтаруға құқығы жоқ, яғни құқыққа сенімсіздік бұл кемістік емес.

Орг аникалық кемістіктер құлға қатысты кемішілік саналады. Айлық тазалануы жоқ немесе оның әдетке айналған кемшілігі күнге аса кемішілік болып табылады, себеп ол ішік құрылыс ауруларына соқтырады. Бұл кемішілік Абу Ханифа бойынша күн әйелдің 17 жасынан бастап саналуы керек дейді; бұл күннің өзінен сұралуы нәтижесінде белгіленуі керек. Егерде кімде-кім бойжеткен күн әйелді сатып алса, оны өзінен сұрау арқылы білсе, яғни әлі етеккірі келмеген болса, оны сатушыға қайтаруға құқылы, егер сатушы болған дәлделді жоққа шығарса және өзінің уәжін ант етумен мойындаудан бас тартса, ант етіп те күнінің кемістігін мойындамаса, онда сатып алушы күнді қайтара алмайды.

Сатып алушы заттың өз иелігінде болған кезінде оның кемшілігі анықтаса сыйақы алуға құқылы, бірақ оны сатушыға қайтара алмайды.

Егер зата сатылып кеткеннен кейін сатып алған адамның құзырында бола тұрып, зақымдалса, ал кейін оны сатып алған кісі байқаса, және ол сату-алу кезінде зақымдалғанын анықтаса және бұл сатушының жіберген кемшілігі, ол үшін сыйақы алуға құқылы; бірақ оған затты қайтаруға рұқсат етілмейді, себеп, бұл сатушыға келтірілетін шығынмен тең, егер ол қайта алса екі дүркін кемішілікке ие болады. Сатып алушы кемішілікті анықтағаны және оның сату-алу кезінде болғанын дәлелдегені үшін сыйақы алды, сатушы оны қайта ала алмайды. «Кемістігі үшін сыйақы» деген сөз тіркесінде затты бүтін күйіндегі құны мен оның бүлінген құнын айырмасына қатысты айтылып отыр.

Зат кесілгенін анықтаған кемшілік үшін сатып алушы сыйақы алуға құқылы. Егер де кімде-кім мәуліт сатып алып, кейін оны кессе, ал кейін тіккенге дейін оның кемшілігін тапса, онда ол кемшілік үшін сатушыдан ақы алуға құқылы. Мәуліт кесілген болса да, сатушыға қайтарылуы мүмкін емес, бірақ та қайтаруға келіссе онда қайтара мүмкіндігі бар.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер де кескеннен кейін ғана ол оны саудагерге қайтару мүмкіндігінен айырылмайды. Егер де мәуіт кесілгеннен кейін сатушы оны басқа біреуге сатса, онда ол кемістік үшін ақы алуға құқылы. Мәуітті кескеннен кейін оны саудагерге қайтару бөгеті соңғының келісімімен ескеруі мүмкін. Егер де сатып алушы бұл мәуітті бөтенситін болса, онда ол сатушыға оны қайтарар кезде өзіне-өзі бөгет жасайды, соның нәтижесінде оның кемшілік үшін ақыға құқығы жоқ.

Немесе, егер де саудаға дейін затта болған өзгерістердің нәтижесінде оны қайтару мүмкін болмаса, онда сауда затына қарамастан ол кемістік үшін ақы алуға құқылы. Егер де кімде-кім мәуіт сатып алып, оны кесіп, бояса немесе тіксе, немесе ұл сатып алып және маймен араластырса, одан кейін оның кемшілігі бар екендігін анықтаса, онда ол кемшілік үшін ақы алуға құқылы, немесе оны саудагерге қайтару екі жағдайда да мүмкін емес, демек ол бөлінбейтін затпен араласқан. Сондықтан да заттарды бөлек-бөлек қайтаруға болмайды; теңдей түрде сауда затын құрамайтын өсімімен қайтарыла алмайды. Сатушы өсімі бар затты алуға құқығы жоқ, себебі қайтаруға бөгет болып сатушының құқығын шектеу емес, заңды қойылымдар табылады. Егер де сатып алушы осы екі жағдайлардың бірінде кемшілікті тапқаннан кейін затты сатып жіберсе, онда ол бәрібір сатушыдан ақы алуға құқылы.

Сатушыға сатып алынғанды қайтару мүмкіндігін жоя отырып, оны кіші жастағы балаға пайдалануға ұсынса, сатып алушы кемшілік үшін ақы алу құқығынан айырылады. Егер де кімде-кім мәуіт сатып алып, оны өзінің кіші жастағы ұлының көйлегіне кессе және көйлекті тіге отырып мәуіттің кемшілігін анықтаса, онда ол кемістік үшін саудагерден ақы алуға құқығы жоқ. Егер де ұлы кәмелет жаста болса, онда ақы алуға құқылы. Айырмашылығы мынамен түсіндіріледі. Бірінші жағдайда кіші жастағыға қатысты меншік құқығы тікелей мәуітті кескеннен кейін және тіккенге дейін туындайды. Демек сатып алушы бұл актіні тікелей мәуітті кескеннен кейінгі кіші жастағы меншік құқығына берсе, онда ол тіккенге дейін саудагерге мәуітті қайтармаудың себепкері болып қалады және сондықтан да ақы алуға құқығы жоқ. Екінші жағдайда кәмелетке толғанға қатысты меншік құқығы тіккеннен кейін де, ол шынында да көйлекке иелік етпейінше туындамайды. Демек саудагерге мәуітті қайтару тігудің нәтижесінде мүмкін болмайды, онда бұдан шығатыны сатып алушы меншік құқығын бере отырып сатушыға мәуітті қайтару құқығын ескертіп алмайды және ақы алуға құқылы.

Құлды сатып алушы оның кемшілігі үшін өлімінен кейін немесе құлды эмансипациялағаннан кейін ақы алуға құқылы. Егер де кімде-кім құл сатып алып, оны еркіндікке жіберген болса немесе құл өлге болса, иелігінде болған адам кейін сатып алушы оның кемістігі бар екендігін білсе, онда сатып алушы сатушыдан ақы алуға құқылы және де өлген жағдайда да, себебі ол оны құл үстіндегіменшік құқығын толықтай және шексіз етеді, оны шарасыз жағдайларда сатып алушыға оны қайтару мүмкіндігі үшін жаралмаған. Құлды еркіндікке жіберу жағдайы заңның орайлы талқылауы. Оны еркіндікке жіберу өлімге ұқсас меншік құқығын жетілдіруге мүмкіндік береді және қайтару мүмкіндігі жоқтығына қарамастан сауда затына қатысты бәрібір меншік құқығы сақталынады. Өзінің жетілдіруіне жеткен зат белгілі және өлшеусіз болып қалады. Айта кетерлік жәйт, қаралған жағдайда құлға мудаббар немесе умми-валяд құқығын жеткізу оларды еркіндікке жібергенмен бірдей.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бірақ та ол құлды эмансипациялағаннан кейін ақы мүлігі үшін құқығы жоқ. Егер де кімде-кім құл сатып алып, кейін оны сыйақы мүлігі үшін еркіндікке жіберсе, одан кейін барып оның кемістігі барып аықтаса, онда ол сатушыдан ақы алуға құқығы жоқ. Демек оған эквивалент нәрсе алу кемістік үшін ақы алғанмен бірдей. Абу Ханифаның ойын жеткізетін, сатып алушы бұл жағдайда ақы алуға құқылы, себебі эмансипация болсын, болмасын меншік құқығының болғанын хабарлайды.

Сатып алушы құлды өлтіріп алғаннан кейін де. Егер кімде-кім құлды сатып алып жәе оны өлтірсе, ал кейіннен оның кемістігі болғанын анықтаса, онда ол Абу Ханифа бойынша сыйақы алуға құқығы жоқ. Бұл «Захири-Риуаяти» пенде сәйкес келеді. Абу Жүсіп пікірін келтіргендей, яғни сатып алушы сыйақы алуға құқы бар, өйткені, қожайынының құлын өлтіргені үшін азаматтық жаза жоқ, және бұл жағдай соған ұқсас, егер құл табиғи өлімімен өлсе қалай?. «Захири-Риуаят» бойынша өлім қайда болса да жауапкершілікті талап етеді. Қожайынының өз құлын өлтірсе тек қожасының құлына меншік құқығы ғана өзгереді (шығын көреді), сондықтан мұндағы жағдай сол құлын егер сатса қалай? Болар деген секілді. Егер құлын сыйақы алмай азат етсе онда ол басқа жағдай. Бұл әрекет жауапкершілік жүктемейді.

591. Желінген керек-жарақтардың сатып алушысы осы керек-жарақтарды тұтынғаннан кейін кемістік үшін сыйақы алуға құқығы жоқ. Егер де кімде-кім желінген керек-жарақтарды сатып алса және оларды жесе, ал кейін оның кемістігі бар екенін білсе, онда Абу Ханифа бойынша, ол сатушыдан сыйақы алуға қақысы жоқ. Екі Шәкірттің де ойы бойынша ол сыйақыға лайық. Егерде кімде-кім көйлек сатып алып, оны тозыдырса, кейін оның кемішілігі бар екені анықтаса да дәл осындай даудамай туындайды. Абу Ханифаның дәлелдемелері бойынша сатушыға желінген керек-жарақтарды қайтару мүмкін емес, себебі сатып алушы олардың әрекетіне қатысты өтірік жауапты және бұл жағдай өлім немесе сату жағдайына ұқсас. Сауда мақсатын құрайтын сатып алушының әрекетіне күнә қойылса, нәтижесінде затты сатып алғаннан кейін кемістік үшін сыйақы алуға құқығы жоқ.

Немесе олардың бөлшектерін. Егерде кімде-кім желінген керек – жарақтарды сатып алса және оларды жесе, кейін олардың кемішілігі бар екендігін анықтаса, онда Абу Ханифа бойынша, ол сатушыға қалдықты қайтарып, анықталыған тұтынылған керек жарықтың кемішілігі үшін сыйлық беруді талап етуге құқығы жоқ. Мұнда да сол жағдай, егерде кімде-кім оларды алынған заттан бір бөлігін сатып жіберсе, кейін онда кемішілік бар екендігін анықтаса, онда ол сатушыға тауардың қалдығын қайтарып, кемішілік үшін сыйақы талап етуге құқығы жоқ. Бұл зат бойынша екі шәкірттің екі түрлі пікірі бар. Бірінші пікірге сәйкес сатып алушы керек жарықтың қалған бөлігін ұстап тұрып сатушыдан бүтіннің кемішілігі үшін сыйақы талап ете алады. Ал екінші пікір бойынша қалған бөлікті сатушыға қайтарып, тұтынылған керек жарақты кемішілігі үшін пропорционал сыйақыны алуына болады.

Тез бұзылу расталған заттардың кемішілігі жәйлі. Егерде кімде-кім жұмыртқа, қауын, қияр, жаңғақ және т.б. сатып алып, оларды жасырып қойып, олардың сапасы онша емес екендігін анықтаса, онда бұл заттар тұтынуға мүлдем жарамайтын болса, сатып алушы сатушыдан оған төленген ақшаны қайтаруын талап етуге құқылы немесе сауда өз күшінде емес, демек оның заттары мүлік болып табылмайды; егерде кімде-кім сапасының онша еместігіне қарамастан жоғарыда

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

аталған затты бәрі-бірде тұтынуға жарамды болса, онда сатып алушы оны сатушыға қайтаруға құқығы жоқ, яғни олардың кемішілігін ашу сатып алушы жасаған қосымша кемішілік. Имам Шафидің айтуы бойынша оларды ашу бойынша бұл заттарды сатушыға қайтаруға құқылы, себебі бұл оған саудагер хабарлаған биілікті іске асыру болып табылады. Ал бұған біздің ғұлаламаларымз қарсы, сатушы оған сатып алған заттарды ашуға уәкілдік бергенде ол олардың иесі болып қалуы күшінде егерде кімде-кім плащ сатып алып оны кескеннен кейін, ондағы кемішілікті анықтаса, онда сатып алушы плащты саудагерге қайтаруға құқығы жоқ. Осы жағдайда дәл осындай даудамай туындайды.

Сатып алушы сатқан нәрсе кейіннен өзіне кемістікпен қайтарылған жағдайда. Егерде кімде-кім құл сатып алып, оны басқа біреуге сатса және бұл басқа адам оған құлының кемішілігін аша отырып қайтарса және ол анықталатын барлық заттар бойынша куәгерлердің көрсетілімдері бойынша дәлелденген кемістікте негізделе отырып, ол қазилардың бұйрығынан кейін өзіне алуға келіссе немесе бірінші сатушы өзінің антын бұзып немесе терістеп өзіне алуға шешім қабылдаса, онда бірінші сатушы құлды саудагерге қайтаруға құқылы. Сатып алушы қайта сатылымынан кейін заттарды саудагерге қайтара алмайтын болса да, нәтижесінде екінші сатылым қазилар тарапынан жойылған, ал бұл сауда бұрын-соңды болмаған.

Келіспеушілік. Демек сатып алушы кемшіліктің жоқ екендігін айтса екінші сатып алушыға бұл жағдайда куәгерлердің көрсетілімі жолымен дәлелді орнатса, онда құлды қайтаруға құқығы жоқ сиықты болып көрінеді. Егерде ол өзінің құқығын кемшілікке негіздесе онда ол дау құмарлықта айыпталып, сондай-ақ ол кемішіліктің жоқ екендігін айтады, ал кейіннен оның бар екендігін растайды.

Жауап. Куәгерлік көрсетілімдердің дәлелдемелеріне негізделген қазидің анықтыған терістікке шығаруды орнату мұндай теріске шығаруды заңды күшінен айырады. Демек, бірінші сауда күшінде қалып және дәл осы уақытта кемішілік дәлелденсе, ол саудагерге құлды қайтаруға құқылы. Егерде ол оны қайтарам деп шешсе, онда ол шынында да бас тарту болып табылады. Ал егерде ол оны сақтап қалуды жөн көрсе, онда сауда өз күшінде қалады.

Сату кезінде өкіл затты адаласа басқа іс, ал сатып алушы өкілге заттың кемістігі үшін қайтарса; бұл затты өкілге қайтарғанмен бірдей; және өкілдің затты өзінің сенім білдірушісіне қайтаруы талап етілмейді, өйткені бұл жағдайда тек бір реттік сату, дешенмен екі ретдегідей, екіншісінің таратылуы біріншісін жоймайды. Айталық, егер екінші сатып алушы кемістікті ашса, құлды қайтарады, ал бірінші сатып алушы оны қайтарып алады қазидің шешімімен, демек ол құлды бірінші саудагерге қайтаруға құқылы. Басқа жағынан бірінші сатып алушы құлды қайтарып алуға қазидің шешімінсіз келіссе, онда оның құлды бірінші саудагерге қайтаруға құқысы жоқ, не екінші сауда оның өзі мен екінші саудагерге қатысы жойылған, бірақ дегенмен салыстырып көргенде оның екінші рет саудаға үшінші тұлға үшін маңызы бар; ал берінші саудагер - үшінші тұлға. «Джами-сағирде» айтады, сату заты бірінші саудагерге заттың кемістігі үшін қазидің шешімінсіз қайтарылған жағдай өте сирек кездеседі, онда бірінші сатып алушы бірінші саудагерге қайтаруға құқысы жоқ; бұл екі жағдайда да нәтижесіні бір екенін көрсететін тура дәлел, яғни бұл жағдайда кемістік өзінің жаратылысынан бұрынғы және жаңа жағдайда екенін көрсетеді. Кейбір

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

риуаяттарда соңғы жағдайда сатып алушы затты бірінші саудагерге қайтаруға қақылы екендігін айтады, не мұнда белгілі яғни зат соңғысының қолында болғанда кемістігі болғандығы анық болатын.

Сатып алушы затты иелене отырып, заттың кемшілігі жәйлі баяндалған кезде сотты іс-әрекеті. Егерде кімде-кім құл сатып алып және оған иелік етсе, кейіннен ондағы кемшіліктер жайлы шағымданса, онда қазилар оның шағымын тексерместен бұрын немесе құлдың кемшілігі жоқ деп сатушы ант ішкенге дейін немесе сатып алушы оның кемістігін растайтын куәгерлерді әкелмегенге дейін құлдың бағасын төлеуге сатып алушыны қинамауы тиіс. Қазилар тарапынан бағаны төлеуге қатысты анықтауларды тоқтату келесі кемшілікті орнату нәтижесінде пайдасыз және негіссіз болып қалмас үшін қажет. Және де мұндай анықтаулардың құрамында сатып алушы кемшілікке отырып онғы төлеуден бас тартуына қарамастан сатушыны шартын қанағаттандыратын толық бағаны сатып алушы төлеуі міндеті де бар. Сондықтан қазилар кемшілік жайлы сұрақты зерттеуге бірінші кірісу қажет. Егерде сатып алушы куәгерлері Сирияда десе, онда ол сатушыдан ант үсітінде оны теріске шығаруын талап етуі керек. Егерде саудагер ант ішсе, онда қазилар бағаны төлетуі жайлы үкім шығаруы қажет. Егерде куәгерлер оралғанға дейін бағаны жедел төлеу міндеттелсе, онда сатушыға залал келтірілген болады. Ал мұндай дәрежедегі жедел төлем сатып алушы үшін де пайдасыз, өйткені егерде ол куәгерлері Сириядан қайтысымен кемшілікті дәлелдесе, онда ол құлды саудагерге қайтарып, төлеген ақшасын кері ала алады. Егерде саудагер өзінің жоққа шығаруын антпен трастаудан бас тартса онда сатып алушының арызы орнатылған болып есептеледі.

Сатып алушы сауда жасағанға дейін заттың кемшілігі бар екендігін растаса және сатушыдан көрсетілім алу кезінде байқауға тиіс форма. Егер де кімде-кім құл сатып алып, ол одан затты және де «Ол сатушының қарамағында бола тұра тағы да қашты» деп тұжырымдаса, ал соңғысы «Одан ешқашан қашпағанын» айтып ант ішсе, онда қазилар сатып алушы куәгерлермен бірге «Одан қашқанын» дәлелдегенге дейін, антты қабылдауы тиіс. Одан кейін қазилар келесі мазмұндағы антты алуы тиіс: «Құдай атымен ант етейін, онда көрсетілген кемшіліктер себепті сатып алушы маған құлды қайтаруға құқығы жоқ» немесе «Құдай атымен ант етейін бұл құл маған тиесілі кезде ешқашан қашпаған». Бірақ та қазы одан келесі мазмұндағы антты талап етпеуі тиіс: «Құдай атымен ант етейін, мен көрсетілген кемістігі жоқ кезде құлды саттым», себебі саудагер мұндай антты бере отырып ойлануы мүмкін: «Бұдан алдын оның мұндай кемшілігі бар еді, бірақ та сату және беру сәтінде мұндай кемістігі жоқ болатын». Сөйтіп ол әртүрлі иілулерсіз сатып алушының құқығынан айыруы мүмкін. Егер де сатып алушы одан құлдың қашқанын куәгерлермен дәлелдейтін жағдайда болмаса, онда бұл жағдайда (екі шәкірттің де ойы бойынша) сатушы ант беруі тиіс. Біздің қазіргі ғұламаларымыз бұл нәрсе бойынша Абу Ханифаның ойына қатысты өзара келіспейді. Олардың кейбіреулері айтады, яғни сатушының ант беруі қажет емес. Екі шәкірттің дәлелдеуі бойынша, талап-арыз берушінің арызы назарға лайықты және куәгерлік көрсетілімдерімен дәлелденген жағдайда мәнге ие болуға лайықты, онда бұдан шығатыны мұндай көрсетілімдер болмаса бұл арызды сатушыдан антпен теріске шығаруын талап ету қажет. Абу Ханифаның талқылайды (айтатындардың жеткізуінше оның пікірінше сатушыға ант етуге болмайды) яғни, жауаптыны антқа келтіру мұндай

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

дауды шешу үшін заңмен орнатылған. Бірақ, сатушыдан антты талап ету тек жаңа дауға сылтау болады, өйткені егер ол ант етуден бас тартса, онда дәлел орнатылған болып есептелер еді, онда даудың жаңа нәрсесіне аталған кемшілік болды ма әлде жоқ па сатушының иелену кезінде немесе сатушыға басқа ант ұсынылады ма, аталған затқа қатысты жаңа дауды жою үшін.

Егер кімде-кім сатушыдан құл сатып алып және одан кемістік табуды ниететіп құлды қайтарып бергісі келсе, ал сатушы «ол сатушыға екі күн әйелді сатқанын, ол тек біреуін қайтарып жатыр» деп нандыруға тырысса, ал сатып алушы «тек біреу ғана сатып алдым» десе, онда сатып алған кісіге сенуге тура келеді, егер ант еткен болса. Мұнда айтыс-тартыс заттарды иелену үшін оның санына қатысты болып отыр, онда иеленуге құқық алған құзырыл сот секілді кісіге сенуге тура келеді. Иеленіп алған соң сол кісі, яғни белгілі мөлшердегі мүлкі тартып алынған адам тартып алды деп арыз білдірген жағдайда, ал тартып алған заңсыз иесі заттың санына келіспесе, онда арыз білдірушіге сену керек, ант ішкен болса. Егер сатушы мен сатып алушы сауданың көлеміне келіссе және дау тек иеленуге қатысты болса (м; егер екеуі де екі күн әйел сатылды, бірақ сатушы «сатып алушы екеуін де алды» десе, ал сатып алушы –яғни, «мен тек біреуін ғана алдым») онда сатып алған адамның сөзіне сену керек, ант еткен болса.

Екі құл саудаланып, олардың бірінің кемістігі болып шықса. Егер де кімде-кім бір шарт бойынша екі құлды сатып алса және біреуіне иелік ете отырып екіншісінің кемістігін анықтаса, онда ол өз иелігіндегі құлды алып қалып басқасынан бас тартуға құқығы жоқ. Бірақ оларды қайтару немесе ұстап қалу туралы таңдауға құқысы жоқ. Екі құлда оның иелігіне түспейінше шарт жасалынбаған болып есептелінеді. Егер де ол бірін өзіне алып қалып, екіншісін қайтаратын болса, онда бұл келісімшарт орындалғанға дейін одан ауытқу болып табылып, заңсыз деп есептелінеді. Егер де сатып алушының иелігіндегі құлда кемшілік болар болса, онда бұл жағдайға байланысты ғалымдарымыздың пікірі әртүрлі. Абу Юсуфтың пікірін жеткізетін, сатып алушы кемшілігі бар құлды қайтаруға құқылы. Бірақ та абыройлылау пікір ол екеуінде өзіне алып қалуы тиіс немесе екеуін де қайтаруы тиіс, өйткені мәмлениң орындалуы сауда затын толықтай иеленгенде жасалынады, яғни затты бағасын төлеуге ұстап тұру жағдайымен тең, яғни егер де саудагер бағасын төлеу үшін мүлікті ұстап тұрса, онда мұндай ұстап тұру бағасын толықтай алмайынша ұстап тұрыла береді. Егер де сатып алушы екі құлды да иелігіне алып, кейіннен бірінің кемістігі бар екендігін анықтаса, онда кемістігі бар құлды қайтарып беруге құқылы. Зуфар имамның айтуы бойынша, себебі мұнда бітіммен иілуге орын бар және ол зиян көру мүмкіндігі жоқ. Дәл осындай жағдай, егер де екеуін де қабылдамастан бұрын сатып алушы құлдың бірінен теріс айналса немесе ол сауданы оңымен бас тартып немесе бітім жасаған затпен толығырақ танысқаннан кейін оңымен бас тартқаннан кейін жасаса да туындайды. Басқа жағынан біздің ғалымдарымыздың сендіруі бойынша келісімшарт орындалғаннан кейін бітімнен ауытқуға орын бар, себебі затты меңгеру келісімшартты аяқтайды, ал кемістігі себепті бас тарту құқығының болуы меншіктелгеннен кейін мәмілені аяқтауға әсер етпейді. Мәмілені жасалғаннан соң мұндай иілімдер-ауытқу заңды. Егер де екі құлды да иелікке қабылдағаннан соң олардың бірі үшінші адамға тиіселі болса, онда сатып алушы екі құлды да сатушыға қайтаруға құқығы жоқ, бірақ та ол біреуін

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ұстап тұрып, сатушыдан екінші құлдың бағасына үстеме алады, оған қарамай ол мәмледен ауытқау болады, қалыптасқан бас тарту құқығына қайшы немесе затпен жақыннан танысқаннан кейін бас тарту құқығы, не мұндай шарттың болуы мәмлениң орындалуына кедергі келтіреді, оның иелегін алған болса да.

Таразы және мөлшерімен анықталатын затты сатып алу кезінде заттың бір бөлігі нашар сапада болса ол сатушыға қайтарылмайды.

Егер кімде-кім тарызмен немесе мөлшерімен анықталатын затты сатып алса (күміс не астық) кейіннен заттың біпаз бөлігі нашар сапада болғаны анықталса, онда сатушыға барлығын қайтаруға не ұстап қалуға қақылы; бірақ ол сол нашар сапалы бөлігін қайтаруға қақысы жоқ, өйткені, таразымен не мөлшерімен өлшенетін заттардың сол бөлігі бір бүтін затты құрайды егер барлық бөлігі бірдей-ұқсас болса. Кейбіреулер айтады, бұл ереже қолдануға лайықты, егер сол заттар бір ыдыста сақталған болса; егер олар екі ыдыста сақталса, онда ыдыс нашар сапалы, мүмкін ол ыдыс қайтарылады, ал екіншісі қалады.

Егер сатылған бұйымның бір бөлігі үшінші адамдыкі болса, онда сатып алушы қалған бөлікті қайтаруға болмайды. Затты сатып алғаннан соң, сатып алынған зат пен сұйықтықтың көлемі мен салмағына өлшеуінен соң, жартысы үшінші адамдыкі болады, сол себептен сатып алушылар қалғанын сатушыға қайтаруға болмайды, себебі сатып алушы қалғанын сақтап қалуы керек; ол ешқашан шығынға ұшырамайды, себебі бұндай бөліске ұшыраған заттың құны төмендемейді, сатып алынған заттың үшінші жактікі болса бұл берілген келісімге ешқандай кедергі болмайды, сатып алушы мен сатушы арасында тұра алмайды, үшінші жақ қарсылық ете алмайды, ол сатып алынған заттың бір бөлігінің иесі болса да. Бұл жағдай мынадай да, сатып алушы өз затының үшінші адамдыкі екенін білмегенде: егер сатып алушы сатып алынған затты алдын ала білгенде, ол қалғанын қайтару тиіс, себебі сатуға түскен зат сатуға дейін келісімді бұзуға болады. Егер іс зат болмаса, оны өлшеуге болмаса салмағын тарта алмаса, сатып алушы қалған бөлігін қайтаруы тиіс, себебі ол затты бөлгенде оның құны түсіп кетеді.

Сатып алушы, қолданылған затты, бастапқы қалыпта болмаса, ол затты қайтаруға болмайды. Егер кімде кім, құлды сатып алса, ол құл ауру мен бир кемшілік болса, сол кемшілікті жазуға бір нарсе қолданса, егер кімде кім хайуан сатып алса, сол хайуаннан кемшілік табылса, бірақ өзі сол хайуанды алса, өзі дәрі дәрмек беріп жүргізсе, онда ол сол жетіспеушілігімен қоса алды деген, сол себептен ол құлды болмаса хайуанның кемшілігі бар деп қайтаруға болмайды. Егер ол сол хайуанды қайтару шартымен сатып алса, болмаса сол хайуанды барлық жақтан тексеру тиіс, осындайда сол хайуанды тексеріп қайтаруға болады. Тағы бір жағы егер сатып алушы сол хайуанды тек қайтарып беру үшін сатып алса, онда бұл жағдайда бұл сатып алушы кемшіліктің болуына көп көңіл бөлмегені болып табылады; тағы бір мысалы, егер сатып алушы ол малды тек тамақ беруге ғана алғаны, болмаса өз мақсатымен бір жерге жетуі, сол себептен бұндайда қайтарылмайды.

Егер сатып алынған құл ұрлық кезінде ұсталып бір мүшесінен айрылса, бұл жағдай сатып алынған сәтте болса, онда сатып алушы құлды қайтарып, ақшасын алуға құқылы. Егерде кімде кім құлды сатып алып оны қолданса, оның сатушының кезінде оның немен айналысатынын білмесе, ұрлық кезде оны ұстап алса,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

дәлелдесе, құлдың бір мүшесін кесіп тастауға құқылы, және сатушыға, Абу Ханиф тұсында оны сатушыға қайтаруға және төлеген ақысын қайтарып алуға құқылы. Оқушыларының ойынша, сатып алушы құлды сақтап қалуы тиіс және сатушыдан сол құлдың сау кезіндегі айырмашылықтарын айта отырып құнын төлетеді, себебі ол құлдың қолын кесіп тастағанын айтады.

Дәл сол сияқты, ол істеген жазасына байланысты өлім жазасына кесілсе, сатушының кезінде болса. Бұл жағдайда, құл сатып алушының қолында болғанда, өзінің істеген жазасына байланысты өлім жазасына кесіледі, сатушының қолында болғанда ұсталған жазасына байланысты болады. Абу Ханифа мынадай ойда, сатып алушы төленген ақының барлық көлемін қайтарып алуға құқылы, ал оның шәкірттері болса, тек сол құлдың қанын ағызғаннан кейінгі айырмашылығын ғана алуы тиіс дейді.

Сатушының иелігінде болған кезінде жасаған қылмысы үшін өлім жазасына кесілгендегідей. Сатушының иелігінде болған кезінде жасаған қылмысы үшін сатып алушының иелігіне өткен кезінде өлім жазасына кесілуі бойынша келіспеушіліктерге қатысты Абу Ханифа сатып алушы төлеген құнын қайтаруды талап етуге құқылы десе, оның екі шәкірті құлдың қаны парықсыз болған мезетке дейінгі мен оның парықсыз болғаннан кейінгінің арасындағы құл құнының айырмасын ғана ала-алады деп санайды. Абу Ханифа бойынша зақым келтіру немесе өмірін қиюға негіздің болуы сатылған құлдың үшінші тұлғаның меншігі сияқты жағдайлардағыдай талапқа құқықпен тең екен, ал оның екі шәкірті бұл жағдай кемшілікке тең. Екі шәкірт те өлім жазасы немесе зақым келтірудің өзі емес, сатушының иелігінде болған кезде құлдың өлім жазасына тарту немесе оған зақым келтіруге негіздің болуын дәлелдейді: бірақ өлім жазасына кесу немесе зақым келтіруге негіздің болуы меншікті құру затына кедерге бермейді. Сондақтан құл зақым келтіру мен өлім жазасына негіздің болуына қарамай құл меншік заты және ол сату заты бола алады. өлім жазасына кесілген немесе зақымдалу үкімі шығарылған құл кемшілікке ие, сонда осы жағдайға байланысты сатып алушы аталған кемшілікке байланысты сатушыдан сыйақы алуға құқылы (құл құны қайтарылмайтын жағдайда). Бірақ екі жағдайда да құнын қайтару мүмкін емес; өлім жазасында анық: зақым келтіру жағдайында сатып алушының иелігінде қоса алынған кемшілікті құрады, дәл солай, жүктілігін хабарламаған құл әйелді сатып алып, оның туу кезінде өлуі, және бұл құл әйелдің жүкті болмағандағыдай қалыптағы құнының айырмашылығы көлемінде сыйақы алу сияқты. Абу Ханифа өлім жазасына кесу, немесе зақым келтіруді белгілеудің себебі сатушының иелігінде болған кезде пайда болды делік, себеп соңы салдарды тудырады, сонда өлім жазасы себептің туындау уақытына жатқызылуы мүмкін. Бұл жағдайлар, біреудің құлды заңсыз иеленіп, және бұл құлдың өлім жазасына және зақымдауды белгілеуді әкелетін қылмысты жасаған соң, заңсыз иемделуші оны заңды иесіне қайтарған соң құл өлім жазасына кесу немесе оған зақым келтіру белгіленді делік: бұл жағдайда заңсыз иелік етуші меншік иесіне толық құнын төлеуі тиіс болады, сонда құл иелікте өлім жазасына кесіледі. Ал жүктілік бойынша Абу Ханифа басқаша пікірде. Бірақ егер екі жағдайдың арасында налогия жоқ, өйткені жүктілік өлім емес, туу себебін құрайды.

Құлдың сатушының иелігінде, және сатып алушының иелігінде болған кездерде қылмыс жасап, сол үшін қолын кесу жазасына тартылуы. Егер құл

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бірінші кезде сатушының иелігінде жүргенде қылмыс жасаса, содан соң сатылған соң сатып алушының иелігінде жүріп қылмысты болса, онда бұл құл екі қылмысы үшін жауапқа тартылады. Шәкірттердің пікірінше, сатып алушы құлды сатып алу кезінде оның құнының жеңілдік алуға және екінші ұрлықты жасағаннан кейін жеңілдік алуға құқылы. Абу Ханифа бойынша сатып алушы сатушыға өз еркімен құлды қайтарып беруге құқы жоқ, бірақ ол құл құнының төрттен бір бөлігі көлеміндегі сыйақыға құқылы. Егер сатушы мұны қабылдауға келісім берсе, онда ол сатып алушыға төрттен үш бөлігін қайтаруы тиіс, сондықтан адамның қолы тұлғасының жарты бағасынан жоғары: қолды жоғалту екі ұрлық салдары болғандықтан, төрттен бір бөлігін сатып алушының иелігінде жүргенде жасаған ұрлығы үшін берілуі тиіс.

Қолын кесу жазасына кесілген құлдың үш рет сатылудың алдын ұрлық жасап, үшінші иесінде болған кездегі жағдайы. Егер құл, үш рет сатылып, бірінші сатушының иелігінде жүргенде ұрлық жасап, ол туралы сатушы сатып алушыларға ескертпеген болса, Абу Ханифа бойынша соңғы сатып алушы өзіне тікелей сатқан сатушыдан құлдың толық құнын қайтаруын талап ете алады, құлдың өзін кері қайтарады; ал бұл сатушы өзі тікелей сатып алған сатушыға құлын қайтарып, дәл осылай құл құнын кері қайтара алады. Яғни құлдың ұрлық жасаған кездегі иесіне қайтарады. Екі шәкірттің пікірінше соңғы сатып алушы өзінің тікелей сатушысынан сыйақыға құқылы, бірақ өз кезегіндегі сол босатушы өз сатушысынан сыяқы талап етуге құқысыз, өйткені дене мүшесінің кемістігі бәрібір кемшілік болып бірінші сатушыға бұл тиімсіз. Сатушының құлының ұрлық жасағанын білмеу өте маңызды жағдай. Дене мүшесіне нұқсан келтіру оның кемшілігіне тең, құлды кері қабылдау оның кемшілігін қабылдауды білдіреді, және қандай да болсын кемшілікке келісім беруді сыйақыдан бас тартумен теңестіреді. Абу Ханифа керісінше дене мүшесіне зиян келтіру талап құнына тең деп санайды, сондықтан сатып алушының ұрлық жайлы білу-білмеуі маңызды емес, сондықтан аталған жағдай Абу Ханифа бойынша маңызды емес.

Сатып алушы сатушыны кемшілігі үшін жауаптылықтан босатса, онда кейін затты кемшілігі үшін қайтарып бере алмайды, кемшілігі қандай болса да. Егер кімде-кім құлды осы құлды қандай да кемшілігі болса да оған жауап бермейтіндігін жариялап алса – «Мен бұл құлды бүкіл қандай кемшілігі болса да сонша кемшілігімен саттым» айтса, онда сатып алушы осы шартқа келісімін берсе және сатушыны құл кемшіліктерінен босатар болса, онда кейін бұл құлды қандай да бір кемшілігі үшін қайтарып беруге құқы жоқ. Сатушы кемшіліктерін атамай жалпылама айтса Шафиидің пікірінше бұлай жауаптылықтан өзін босату, кемшіліктерін босату дұрыс емес екен. Оның ілімі бойынша белгісіз талаптардан бас тарту орынсыз, сондықтан ол құқық берудің кейбір қасиеттерін атауды сұрайды, ал белгісіз құқықты беру орынсыз. Біздің ғалымдар жауаптылықтан бас тарту өз құқығынан өз еркімен бас тарту болып табылып, қандай да бір белгісіздік дау-дамай себебі бола алмайды екен. Абу Юсуфтың пікірінше жауаптылықтан босату барлық кемшіліктерді қамтиды екен, яғни сату кезіндегі, біреудің иелігіне берер алдын пайда болғандардың бірін. Мухаммед пен Зуфар осы арада пайда болған кемшілік босату әрекетіне сай емес дейді. Абу Юсуфтың дәлелдемесі өз құқынан бас тартқан сатып

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алушының мүмкін мақсаты сатып алуды толық және аяқталған етіп бітіру болуы мүмкін; егер бұл кемшіліктер аталса, онда сатып алушы мақсатына жете алмас еді.

V ТАРАУ

ОРЫНСЫЗ, БОЛМАШЫ, ЖАРАМСЫЗ ЖӘНЕ ЛАС САТУЛАР.

Сатуды заңсыз деп танымыз егер сату әрекеті заңды болып, бірақ өзінің ерекше затты сатуына байланысты заңсыз болуынан. Сату мән-мағынасы мен заңды болып, бірақ кейбір келеңсіздіктерге байланысты заңсыз болады.

Жарамсыз және орынсыз (келеңсіздігі бар) сатулардың ерекшелігі. Өлексені, қанды және тәуелсіз адамды сату мардымсыз сату, сондықтан бұл жағдайлардың бірі де сатуға жатпайды, өйткені бұл заттар ешкімнің меншігі емес. Шарапты немесе шошқа етін сату мұсылмандар үшін орынсыз болады, кәпірлер үшін ол сату заты болады, өйткені мұны олар тұтынады және олардың меншігі болып табылады. Сондықтан мұсылмандар үшін бұл заттар заңсыз заттар.

Болмайтын келісім шартпен сату бойынша сатып алынған мүлік сатушының қолындағы жүктен ғана тұрады. Көлемі аз мүлікті сатып алу кезінде сатып алушы сату затына қатысты сатушы қолындағы затқа қатысты ешқандай әрекет жасауға құқысы жоқ. Бұл жағдайда сату келісім шарты көңілге алынбайды, сонда сатушы қолындағы затты иеленуге сатушының келісімі керек; және осыған сәйкес сатып алу қолында зат бүлінсе, онда сатып алушы ол үшін жауап бермейді. Басқалары осы пікірді ұстанады, сатылу заты қол жүгі емес, ол сату заты, ал сатып алушы қолындағы зат оның сатып алуға ниеттенген заты. Сондықтан оның бүлінуіне сатып алушы жауапты. Абу Ханифа бірінші пікірді, ал оның шәкірттері екінші пікірді ұстанған деп болжайды. Бұл айырмашылықтарды сатып алушының қолындағы умми-валаяд немесе мударбардың жойылуы туралы ләмде түсіндіріледі.

Орынсыз келісім шарт бойынша сатып алынған мүлік оның меншігі болып қалады. Орынсыз (шын мәнінде болмаған) сатып алу кезінде сатып алушы сатып алынған заттың меншік иесі болып және оны иемденген соң (ол өз қолында бұзылса-жойылса) ол үшін жауапты. Имам Шафий пікірінше бұл төмендегіше түсіндіріледі.

Тыйым салынған заттарды ақшаға сату мардымсыз сату, ал затқа алмастыру орынсыз. Шарапты немесе шошқа етін ақшаға сату мардымсыз сату, ал басқа заттарды сату-орынсыз, сондықтан соңғы сатып алушы осы заттарды иесі болып (мата), ал шошқа еті немесе шарап оның меншік иесі бола алмайды. Бұл шарап пен шошқа етін зиммилердің меншігі, сату зат десек, мұсылмандар үшін бұл заттардан пайда көру заты болып саналмайды, өйткені мұсылмандарға бұл заттарға қандай да бір, баға беруге тыйым салынады. Мұсылман осы заттарды сатып алғанда ол заттарды құрмет тұтар болса онда ақша үшін емес зат үшін сатып алынды деп саналады, ал мұсылман бұл заттарды тұтынбауы тиіс, сондықтан сату заты мардымсыз. Егер мұсылман мата, шарап, шошқа етін сатып алса, мата мәміле заты, ал шарап пен шошқа еті мақсатқа қол жеткізу құралы, ол мәміле заты болып саналмайды. Сондықтан шарап пен шошқа етін мұсылман матаға қол жеткізу үшін сатып алды деп саналады, сатып алушы шарап пен шошқа етін иелену үшін емес сатып алуына тура келді. Осы қалыптасқан жағдайға байланысты сатып алушы мата ақысын төлеп, шарап пен

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

шошқа еті үшін бермеді деп есептеледі. Мата сатылатын зат, сонда біз мардымсыз сауда емес, орынсыз сауда туралы айтып отырмыз, сату-алу мақсаты ақша емес-басқа заттар болып отыр, сонда ондағы әрбір зат сату заты болып отыр.

Мудаббарды сатуға, умму-валяд немесе мукатабаны сату-алуға тыйым салынады. Умму-валядты сату-алу, мударбараны немесе мукатабаны сатуға болмайды. Умму-валяд азат болуына құқығы бар, өйткені Пайғамбар (с.ғ.с.) айтты: « Оны оның балалары азат етті» (яғни, оның балалары оны азат етуге себепші болады). Мудаббараға қатысты оның азат болуына оның меншік иесінің өлімінен кейін себеп бола алмайды, алайда оның сол кездегі бар болғаны себеп болуы керек, себебі меншік иесі өліп қалған кейін оны азат етуге мүмкіндігі жоқ. Мукатаб өзінің жеке құқығын пайдалана алады, оның меншігіне міндетті етілген және тағайындалған, оны бұза да не жоя да алмайды. Дегенмен, егер аталған адамдардың қайсыбіріне сату-алу жарамды болса, онда осымен оларға берілген құқық жойылар еді. Міне осыдан кейін сату-алу дұрыс емес. Мына жағдайда, егерде мукатаб өзі өзінің саудасына келісім берген жағдайда екі пікірді келтіреді. «Захири-Риуаяту» бойынша сату жарамды. Білу керек, мұнда мудаббара атымен мұнда шын мәніндегі мудаббара адам көрсетіліп тұр, алайда құқығы қожайынының тадбир кезінде ұшыраған науқастығымен шектеліп отырған мудаббара емес.

Оны иелену кезінде сатып алушы олардың өліміне жауапты емес. Егерде умми-валядты немесе мудаббараны сатқаннан кейін және оларды сатып алушыға жеткізгеннен кейін осы тұлғалардың бірі қайтыс болса, онда Абу Ханифа бойынша сатып алушы жауапты емес. Екі шәкірттің де пікірі бойынша ол бағаға жауапты. Екі шәкірт те сауда күшінде сатып алушы мудаббарды немесе умму-валядты иеленсе, онда ол сатып алымынан кейінгі басқа мүліктің қазасы сияқты қазаға жауапты және оны умми-валяд немесе мудаббар сауда шартына ендірілуі мүмкін., соның нәтижесінде олармен бірге сауда шартында бірікен қандай да бір зат сатып алушының меншігі болып қалатынын дәлелдеген. Басқа іс-мукатаб: сатып алушы сатып алушы оның қазасына жауапты емес, себебі мукатаб өзінің жеке басына ие. Одан шығатыны сатып алушының иеленуі толықтай орнатылмайды, ал жауапкершілік иелену кезінде туындайды. Абу Ханифаның дәлелдеуі бойынша ол үшін жарамды затты құрамайтынға қатысты дұрыс сауда орынға ие емес дейді. Демек, мудаббар немесе умми-валяд шындығында сауда үшін жарамды нәрсе болып табылмайды, онда оларға мукатбуге қолданылған жағдай қолданылады. Екі шәкірттің де дәлелдемелеріне жауап ретінде умми-валяд және мудаббар сауда шартына олардың жеке басы үшін ендірілмейді, ол тек егер де сатып алушыны мүлік кездейсоқ шартқа ендірілген сияқты олармен бір келісімшартта бірігуі мүмкін заттарға қатысты сауданың нәтижесі үшін ғана. Басқа сөзбен айтқанда, егерде кімде-кім бір шарт бойынша екі құл сатып алар болса немесе олардың бірі оның меншігі шығатын болса, онда мұндай құл келісім шартқа өзінің жеке басы үшін ендірілмеген, ол тек бір келісім шартта біріктірілген басқа құлға қатысты сауда барысында орын алу үшін ендірілген.

Судағы балықты сатуға тыйым салынған. Ауланбаған балықты сатуға тыйым салынған, себебі ол жеке меншікті құрамайды. Дәл осылай түрде сатушы балықты аулап, кейін еңбексіз ала алмайтын кең су қоймасына жіберсе де оған да тыйым салынған. Егер де су қоймасы балықты оңай ұсауға болатындай кіші болса, онда оның

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

саудасы заңды. Егер де балық өзі келіп су қоймасына түссе және оның иесі тарапынан оны кетіруге ешқандай шара қолданылмаса, онда ол оның меншігі болып табылады. Және оны сатуға тыйым салынады.

Әуедегі құсты сатқан сияқты да. Әуедегі құсты сатуға немесе ұсталынып, кейін қайтадан еркіндікке жіберілген құсты да сатуға тыйым салынады. Бірінші жағдайда ол меншікті құрамайды, ал екінші жағдайда оның беру мүмкін емес.

Немесе жатырдағы ұрықты. Жатырдағы ұрықты сатуға тыйым салынады., өйткені оны пайғамбар (с.ғ.с) сатуға тыйым салған, сонымен қатар, себебі мұнда өтіріктің болу қауіпі жоғары екендігі және оны анықтаудың мүмкін еместігі ескерілген.

Немесе желімдегі сүт. Желімдегі сүтті тыйым салынады, себебі мұнда өтірік болуы да мүмкін. Демек желімде сүт болмауы да мүмкін, онда тек ауа болуы да мүмкін. Немесе мұндай сауыуға қатысты дау туындауы да мүмкін. Немесе саууы уақытнда желімде сатқан кездегіге қарағанда сүт көптеу болуы мүмкін. Нәтижесінде заттың құрамын құрамайтын нәрсе сату кезінде ендіруі мүмкін.

Немесе жануар үсітіндегі жүн (немесе тері). Жануарда өсіп жатқан жүнді немесе теріні сатуға тыйым салынған. Олар оның құрамдас бөлігі болып табылып, оларды толықтай, қалдықсыз қырқып алуға болмайды. «Накли-Сахиха» да мынадай нақыл сөздер сақталған: «Пайғамбар жануардың үстіндегі теріні, желімдегі сүтті және сүттегі майды сатуға тыйым салған». Абу Юсуф өсіп жатқан теріні сатуға заңды жол берген, бірақ та бұған жауап ретінде жоғарыда келтірілген нақыл қызмет етеді.

Зиянсыз орнын алмастыруға болмайтынын заттарды сатуға тыйым салынған. Салмақ көтеріп тұрған ағаштың бұтағын сату заңсыз, мысалы баған немесе қада ағашы нақты көрсетіліп анықталған болса да. Тігілген мәуіттен алынған бұтаны сату да заңсыз. Басқа іс, егер де кімде-кім сатуға келісім берсе, мысалы: күміс құйындысынан он драхм беремін десе. Олар одан келісімшарт жасамастан бұрын құйындыдан бір бөлігін кесіп алар болса, онда келісімшарт күшінде болады, яғни оның күшсіздігі жойылады.

Оның сапасы немесе болмысына көз жеткізілмейді. Бір дегеннен тордағыны ұстап жыртқышты аулап сатса, онда ол заңсыз немесе сату заты анықталмаған болса сатып алушы алдануы мүмкін.

Мөлшері тек болжаммен ғана анықталуы мүмкіндер. Ағашта өсіп жатқан құрмаларды сатуға терілген құрмалардың орнына терілмеген құрмалардың мөлшері болжамдалғанға тең деп алмастыруға тыйым салынады. Бұл сауданың түрі музабинат деп аталады және мугалика деп аталатын сауда сияқты Пайғамбар тарапынан тыйым салынған. Яғни болжамдалған бидай мөлшерімен бірдей тамырдағы бидайды сату. Дәл осы заң терілгеннің орнына сабағындағы жүзімді сатуд да қолданылады. Шафии имамның айтуынша бұл сауда егер де тек олар бес уескіден асатын санды жуып кетпесе, себебі Пайғамбар музабинатқа тыйым салса да, бірақ ол ория деп аталатынға рұқсат берген. Оның түсіндіруі бойынша терілген құрмалардың мөлшерімен бірдей бес уескіден кем болмайтын ағаштағы құрманы сатуға болады.

Сатып алушының заттарға тиісуі арқылы анықталған мәмілесіне тыйым салынады. Заттарға тиісу, оларды лақтыру немесе таспен шөкелеу арқылы сату заңсыз. Мысалы, заттар көрсетіліп және бағасы орнатылғаннан кейін екі жақта шартқа

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

отыру үшін келіседі, сатушы затқа тиіссе немесе сатып алушы оны таспен шөкелесе. Мұндай саудалар көбіне сауатсыз күндерде болған, бірақ та бұған Пайғамбар тыйым салған.

Қоғамдық жерлердегі шөпті сатуға тыйым салынады. Қоғамдық жерде өсіп жатқан шөпті сату заңсыз, себебі ол сатушының меншігін құрамайды. Нақыл сөздерде жарияланған: «шөпте барлық адам бірдей қатысушылар» деп (яғни олар барлық адамға тиісті). Теңдей түрде, оны жалға беру де заңсыз. Демек қандай да бір нәрсені жалға беру де, оның мақсаты затты бұзу болса, онда оған жол берілмейді. Егер де мұндай нәрсе жалға берушінің меншігі болса да, онда да оны жолға беру заңсыз болып табылады, яғни ол барлық адамға тиесілі меншік, жалға берушінің мақсаты оны жою болса онда ол жалға берілмейді.

Немесе араны (оларды ұясымен сатуды қоспағанда). Екі үлкендердің бойынша, араларды сату заңсыз. Мухаммед имамның айтуы бойынша аралар қорғалған орында орналасса, жабайы жағдай да болмаса ол заңды болып есептеледі, және дәл осындай Шафии имамда пікірде. Ара бұл пайда алып келуші жануар, онда оны сатуға рұқсат етілген. Екі үлкендердің дәлелдеуі бойынша бал ара табиғатынан ерсі жануар, онда оны сату араны сатқандай заңсыз. Егер де ұясы арасымен, балымен бірге сатылар болса, бал араны сату заңды. Кархи де дәл осындай пікірде.

Немесе жібек құрттар. Абу Ханифаның айтуынша жібек құрттарды сату заңсыз, себебі бұл жануарлар ерсі. Абу Юсуфтың болжамы бойынша жібек пайда болса, онда ол меншік түрінде сатылуы мүмкін. Мухаммад имамның айтуы бойынша оларды сату барлық жағдайда да заңды, себебі олар пайда беретін жануарлар. Абу Ханифаның болжамы бойынша олардың ұясында сату заңсыз дейді. Екі шәкірт те мұндай сауда қажеттіліктен деген пікірге қарсы.

Қолға үйретілген көгершіндерді сату заңды. Саны анықталған және оны беруге болатын көгершіндерді сату заңды, өйткені олар меншікті құрайды.

Жасырынып жүрген құлды сатуға тыйым салынады (егер де ол сатып алушының қолында болмаса). Жасырынып жүрген құлды сату заңсыз, себебі Пайғамбар оған тыйым салған және оны беру мүмкін емес. Егер де сатып алушы «қашқын оның иелігінде» екенін жарияласа, онда сату заңды, себебі тыйым салынғанға негізделген кедергі жойылады. Білу керек егер сатып алушы куәгерлердің көзінше жария етсе, яғни, «ол осы құлды қожайынына қайтаруды ниет етсе», онда мәмлениң жасалуы бойынша, құлды алғаны болып есептелмейді жасаған арызы сәйкес, немесе алғашқы иеленуі аясында иеленуі арқылы сатып алуымен айырбастай алмайды. Егер ол осындай арыз жасамаса, онда ол құлды сатып алудың күшімен жедел түрде мәмлени жасаумен алған болып есептеледі, немесе алғашқы иеленуі заңды болып есептелмейді және сондықтан иеленуді сатудың күшімен айырбастай алады, себеп иеленудің екі түрі де бірінғай жапкершілікпен байланысты. Егер де құл басқа бір тұлғаға қашып кетіп, сатып алушы меншік иесіне «Осындай адамға қашып кеткен құлыңды маған сат» десе және саудагер оған келіссе, онда бұл жағдай заңсыз, нәтижесінде оны жеткізіп беру мүмкін емес.

Ең болмағанда сатушы оны ұстап алып сатып алушыға беру керек.

Егер кімде-кім қашқын құлды сатып жіберіп, сатқан соң оны ұстап алса және саты алушыға берсе, онда сату заңсыз; ол басынан бастап елеусіз болатын, ол әуедегі құсқа

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қатысты болған да ше. Абу Ханифа сату жарамды деп жазады, егер мәмлiе құлды бергенге дейiн бұзылмаса, не ол меншiк құқығына негiзделген болған болса және шын мәнiнде оған кедергi болмағанда, өткiзуге мүмкiндiктен басқа, қандай мүмкiндiгi жоқ кедергi құлды ұстауға жойылады; сонымен қатар егер құл сатылған болса, ол сатып алушыға беруден бұрын қашып кетсе, оны сатушы ұстап алып сатушыға берсе, сату - дың күшi болады, егер ол құлды ұстап бергенге дейiн бұзыллып кетпеген болса.

Әйелдiң сүтiн сату жарамсыз. Әйелдiң сүтiн сату заңсыз, ол ыдыста болса да. Имам Шафидйi пайымдауынша егер ол ыдыста болса, онда ол заңды, өйткенi ол –таза сусын. Бiздiң ғұламаларталықылайды, яғни адамның денесiнiң бiр бөлiгi бола тұра, ол құрметке ие болу керек, ал оны сауға ұсыныс жасау құрметсiздiк актi саналады. «Захири-Риуаятта» азат әйелдiң сүтi мен күң әйелдiң сүтiнiң айырмасы көрсетiлген. Абу Жүсiптiң келтiрiлген пiкiрiнше, күң әйелдiң сүтiн сату заңды, өйткенi сол күң әйелдi сатудың өзi заңды. Бұған сәйкес бiлу керек, күң әйелдi сату құлдарды сату заңдылығымен заңды, бiрақ ол оның сүтiне қатысты емес, себеп күң тiрi адам, ал оның сүтi өлi нәрсе.

Немесе шошқаның қылтанын. Шошқаның қылтанын сату заңсыз, өйткенi бұл жануар жаратыласынан харам; шошқаның қылтанын сатуға ұсыныс жасау кейбiр құрметке ие болғанымен, ол лайықсыз және тыйм салынған. Тек iсте қылтанын пайдалауға болады, мысалы жiптiң орнына терiнi тiгуге қолдануға болады, бұл қажеттiлiктен туындап отыр.

Келiспеу: Оны пайдаланғаннан кейiн сатудың өзi қажеттiлiктен туындап отырған сияқты.

Жауап: Оны сатудың қажеттiлiгi жоқ, талап етiлген санын оның сатып алмай-ақ табуға болады. Бiлу керек, яғни Абу Жүсiп бойынша шошқаның қылтаны шамалы бөлiгi суға түссе, суды ластайды. Имам Мухаммад басқа пiкiрде, аталған затты пайдаланудың өзi оның тазалығын көрсетедi дейдi. Басқа жағынан, Абу Жүсiп дәлелдейдi, яғни оны пайдалану қажеттiлiктен туындап отыр, оның тазалығы не таза еместiгiнен емес; бiрақ оның суға түссе ешқандай қажеттiлiгi жоқ.

Адамның шашы да. Адамның шашын сату заңсыз оны пайдалау секiлдi; ол адамның денесiнiң бiр бөлiгiн құрайды және сондықтан оны құрметсiздiктен сақтау қажет. «Хадис-шарифте» айтады: «Аллаһ Вазила мен Муставазилдегi қарғыстан сақтады»(Бiрiншi әйел басқа әйелдiң қырқылған шашын қатайту айналысқан, оны басқа әйелдiң басына шашын ұзын ету үшiн қолданған, ал екiншiсi-әйел сол шашты пайдаланған). Демек әйелдерге шаштарын ұзартуға түйенiң жүнiмен рұқсат етiлген, онда осыдан шығатын қортынды адамның шашын пайдалануға тыйым салынады.

Немесе иленбеген терi. Әлi иленбеген жануарлардың терiсiн сату, заңсыз. Пайғамбарымыздың аңыздарында осылай көрсетiлген. Иленген терiнi сату заңды.

Бiрақ жануарлар әлемiнен жасалынған әртүрлi бұйымдар (адам мен шошқадан жасалынған бұйымдарды қоспағанда) сатылуы және шаруаға қолданылуы мүмкiн. Адам мен шошқаны қоспағанда, барлық өлген жануарлардың сүйегiн, тiнiн, жүнiн, мүйiзiн немесе қылын сатуға немесе шаруаға қолдануға рұқсат етiлген. Бұл заттар таза және өлексе деп саналмайды. Өлiм оларға жануарларға әсер еткендей әсер етпейдi, себебi бұл заттар тiршiлiк етуге ие емес. Мұхаммед имамымыз пiлдi жануарлар қатарына жатқыза отырып, шошқа тәрiздi өзiнiң жиiркенiштiлiгiне

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

байланысты оны сату заңсыз деп есептейді; бірақ екі шәкірті де оны жабайы жануар ретінде қарастыра отырып, оны немесе оның сүйегін сатуға рұқсат етіледі деп есептейтіндігін ескерген жөн.

Құқық сатылуы мүмкін емес, егер ол мүлікпен байланысты болмаса. Егер екі қабаты да әртүрлі тұлғаларға тиісілі үй, немесе оның жоғарғы қабаты ғана құласа, онда жоғарғы қабаттың иесіне өзінің құқығын (дәлірек айтқанда жоғарғы қабатты қайта көтеру құқығы) сатуға рұқсат жоқ, себебі ол мүлікті құрамайды.

Қарсылық. Неліктен суға¹ берілген құқықты (жерді өңдеу кезінде пайдаланылатын суды алу құқығын) сату заңсыз болып есептелінеді, өйткені бұл да сатушының мүлкі емес, бұл тек оның құқығы ғана; алайда барлық беделділердің пікірі бойынша егер жермен бірге жүзеге асырылса, қалайша мұндай сатуға рұқсат етіледі; ал бір аңыздар бойынша (балха шайқаларымен қабылданған) суға берілген құқықты сату, ол өз-өзінен заңды болып табылады.

Жауап. Суға берілген құқықты сату жарамды, өйткені «ширб» термині судағы қатысу үлесін білдіреді; яғни қолданыстағы зат болып табылады және мүлікті құрауы мүмкін, өйткені, суды алма-кезек тәсілмен пайдалану кезінде кімде-кім оны өз кезегімен пайдалану барысында оны күртса, онда ол оның құнына жауап береді.

Дәл анықталуға жататынның бәрі сатылуы мүмкін; олай болмаған жағдайда сауда-саттық та болмайды. Егер кімде-кім жолды² сыйға тартса немесе сатса, онда ол заңды; бірақ ағынды сыйға тарту да, сату да заңсыз. Бұл жағдайда екі топшыламаға жол беріледі. 1. Сату негізінен жолға немесе жылғаға, оның да, басқасының да ұзындығы мен енін анықтамай берілген құқыққа қатысты болуы мүмкін. 2. Жол бойынша әрлі-берлі өтіп тұратын жерге берілген құқыққа немесе судан³ пайда табуға қатысты болуы мүмкін.

Бірінші топшылама кезінде екі жағдайдың арасындағы айырмашылық аталған жол анықталған және белгіленген, оның белгілі ені қақпа еніне тең келеді; бірақ жылғаға қатысты екіұштылық бар, себебі су қанша жерді жауып жатқаны белгісіз. Екінші топшылама бойынша әрлі-берлі өтіп тұратын жерге берілген құқықты сатуға қатысты екі аңыз бар: бір аңыз бойынша сату заңды, ал басқасы бойынша - заңсыз. Әрлі-берлі өтіп тұратын жерге берілген құқықты сату мен судан пайда алу құқығы арасындағы айырмашылық дегеніміз - біріншісі дәл белгіленуі мүмкін, өйткені нақты затпен (жолмен) байланысты; ал судан пайда алу құқығы ауыл арқылы жүргізілгендігіне де, жерді қазып жеткізілгеніне де қарамастан, өзінің жаратылысы бойынша, дәл белгіленуге жатпайды.

¹ Арабша «ширб». Бұл термин негізінен суару үшін қазылған жерді арналарды білдіреді, оларды пайдалану құқығы басқа кез-келген мүліктер сияқты берілуі мүмкін.

² Бұл жерде жол дегеніміз көшеге немесе үлкен жолға апаратын тұйық көше немесе әрлі-берлі өтіп тұратын тар жер.

³ Сөзбе-сөз - суды жіберу құқығы (шлюзді немесе т.б. ашу арқылы).

Жынысқа қатысты адасу құлдарды сатуды заңсыз етеді, бірақ жануарларды емес. Егер кімде-кім әйел ретінде кейіннен еркек болып шыққан құлды сатса, онда сауда о бастан түкке тұрғысыз. Егер кімде-кім мысалы ешкіні еркек мал ретінде сатса, ал ол ұрғашы болып шықса, ол бір басқа; бұл жағдайда сатылым шарты жасалынды деп есептелінеді; алайда сатып алушы жануарды қалдыруға немесе бас тартуға құқылы. Бұл екі жағдайдың арасындағы айырмашылық атау мен көрсету бір-біріне

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сәйкес келген кездегі жалпы ережеге негізделген, яғни сатушы сатылатын затты көрсетіп, оны атауын атаса (мысалы: «Мен мына ешкіні саттым» десе), сондай-ақ егер де көрсетілген зат аталған заттан айтарлықтай ерекшеленсе, онда аталған зат шамаланады, ал егер көрсетілген мен аталған зат әр текті болса, онда сатылым түкке тұрғысыз. Егер көрсетілген зат аталған затпен бір текті болып, бірақ сапасы басқа болса, онда сатылым көрсетілген затқа қатысты; және бұл зат көз алдында болса, сатылым жүзеге асырылды; алайда сатып алушы сатып алынған затта аталған сапаның жоқтығына байланысты, мысалы, егер кімде-кім құлды наубайшы ретінде сатса, ал ол көшірмеші болып шыққандағыдай болса, бас тартуға құқылы. Құл мен күң бір емес, әртүрлі жыныстарға жататынын ескеру қажет, олай дейтініміз, шыққан тектері әртүрлі болғанымен, оларды әртүрлі жағдайларда қолданатындықтан бірдей деп есептелінеді; солай болғанменен де ешкіні сатып алуға қатысты айтсақ, еркекті сатып алғандағыдай және ұрғашыны сатып алғандағыдай (етін тамаққа пайдалану) мақсат бір, сондықтан да оларды шыққан тектері әртүрліге жатқызады. Заңшыларда сол заттардың теңбе-теңдігі мен өзгешелігі емес, шыққан тектердің теңбе-теңдігі мен өзгешелігі мақсаттың теңбе-теңдігі мен өзгешелігін белгілейтіндігін ескеруіміз керек. Осылайша, шарап сіркесуы өзінің шыққан тегі бойынша тәтті жүзім шарабына қарағанда өзгеше болады.

Соманы төлегенге дейін, бастапқы бағасына қарағанда, төмен сомаға сатушыға қайта сату жарамсыз. Егер кімде-кім мың дарагим қолма-қол ақшаға немесе несиеге күң сатып алып, оны иелене отырып, оны сатып алған адамына мың дарагимды төлегенге дейін бес жүз дарагимға сатса, онда екінші сатылым жарамсыз. Шафии имам, басқа кез-келген тұлғаға немесе тіпті сатушыға сату жарамды болғандағыдай, екінші баға бастапқы бағаға тең немесе жоғары болса немесе құндылығы төмен басқа заттардың орнына сатылған секілді, құлдың меншік құқығы оны иеленуіне байланысты сатып алушыға өткендіктен, сатып алушының оны сатушыға қайта сатуы жарамды деген пікірде. Біздің ғалымдар төмендегілерді негізге алады: біріншіден ол аңызда Айша бір әйелдің Заид-Бини-Бакимнен сегіз жүз дарагимге құл сатып алып, оны сол Заидтың өзіне алты жүз дарагимге сатқанын естігенде оған: «Сенің тарапыңнан болған бұл сатып алу мен сату жақсы емес; Заидқа айт, егер ол өзінің мұндай ісіне өкінбесе, онда әрине, Құдай оның қажылықтары мен Пайғамбарымыздың қатысуымен болған бастаған істерінің мән-мағынасын жояды» дейді. Екіншіден олар, егер жоғарыда аталған сауда-саттық жарамды болған жағдайда, бұдан келіп шығатыны, бірінші сатушы сатып алушыға бес жүз дарагим, ал сатып алушы оған мың дарагим қарыз екендігін көрсетеді. Бірақ егер олардың есептерін қосып, сатып алушының қарызынан сатушыға деген оның шағымын өтеуге бес жүз дарагимды шегерсе, онда оның мойнында бес жүз дарагим қарыз қалады, ол үшін ол тең баламасын алмады; ал бұл заңсыз. Ал сатушы екінші қайтара сату кезінде сатып алушыға заттармен төлесе, онда әңгіме басқа; бұл жерде айырмашылық күмәнсіз, ол біртекті заттарды салыстыру кезінде ғана белгілі болады.

Бірақ қайта сату кезінде бастапқыға қосылған, басқа кез-келген затқа қатысты шарт заңды күшке ие. Егер кімде-кім бес жүз дарагимге күң сатып алып, оның бағасын төлегенге дейін оны иелене отырып, оны басқа күңдермен бірге сатып алған адамына бес жүз дарагимға сатса, онда бірінші күнге қосылғанға қатысты сату заңды, бірақ біріншіге қатысты түкке тұрғысыз. Бұл бұлайша түсіндіріледі, яғни

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бағаның бір бөлігін жаңа күнге жатқызу қажет, демек, сатып алынған күн төмен бағамен қайта сатушыға сатылады, бұл заңсыз. Алайда, екінші күннің заңсыз сатылғандығына қандай да бір негіз жоқ болғандықтан, тиісті күннің құнына сәйкес келетін бағамен сату заңды болып табылады.

Қарсылық. Екі күн де бір шартпен сатып алынғандықтан екінші күнді сату заңсыз секілді; алайда олардың бірін сату заңсыз болғандықтан, демек, еркін адам мен күннің бір шартпен сатылғаны секілді, екіншісін сату да заңсыз болып шығады (Әбу Ханифаның оқытуы бойынша).

Жауап. Екінші күнді сату заңды; Біреуіне қатысты сатудың заңсыз болуы екіншісін сатуға әсер етпейді, біздің ғалымдарымыздың арасында оған қатысты келіспеушіліктер бар болғандықтан, сондай-ақ ол пайыз алу мүмкіндігіне негізделгеніне және сол пайда оның мәніне, атап айтқанда - бірінші күнге әсер етуі қажет болғандықтан, заңсыз деп тануға негіз жеткіліксіз.

Шартта түрі белгілі ыдыс үшін шегеруді белгілеу сатуды заңсыз етеді. Егер кімде-кім салмағын салулы тұрған ыдысымен бірге тарту талабымен май сатып алып, осы ыдыстың салмағы үшін 50 ратл шегеру қажет болса, онда бұл сату заңсыз. Егер ол «ыдыстың салмағы үшін шегеру болуы қажет» деген жалпы түрдегі талап болған жағдайда, сату заңды болар еді, өйткені бірінші талап шарт үшін маңызды емес, ал екіншісі маңызды.

Сатылған зат салынған ыдыстың қорабына қатысты дау оқиғасы. Егер кімде-кім былғары қапшықтағы майды сатып алып, оны өзімен бірге алып кетіп, кейіннен сатушыға салмағы 10 ратл болатын қапшықты қайтарса, ал сатушы «бұл өзімен бірге алып кеткен ол қапшық емес, ол қаптың салмағы бар-жоғы 5 ратл болатын» деп айтып бақса, онда қапшықтың теңбе-теңдігіне немесе қапшықтың майдың мөлшеріне қатысты өлшеміне қарамастан, сатып алушының арызына сену керек. Егер сатып алушының алған қапшығының теңбе-теңдігіне қатысты дауды салыстырсақ, онда оның арызына сену керек, себебі, зат үшін жауап беретін (заңсыз иелену жағдайы кезіндегідей) немесе тек сенімді тұлға (сақтау шарты кезіндегідей) болса, иемденуші тұлғаның сөзіне сенім білдіріледі. Егер майдың мөлшеріне қатысты дауды салыстырсақ, онда бұл баға туралы дауға ұқсайды, оның үстіне сатушы көбіректі талап етсе, сатып алушы азды мойындайды, сатып алушы жауапкер болғандықтан және жауапкердің арызы антпен білдірілгендіктен, оған сену керек.

Мұсылман христианға өзінің есебінен заңсыз заттарды сатып алуды немесе сатуды жүктеуі мүмкін; және өкілмен жасалынған мұндай сатып алу мен сату заңды. Егер мұсылман христианға өзінің есебінен шарапты немесе шошқаны сатып алуды немесе сатуды жүктесе және христианин оны орындаса, онда (Әбу Ханифа бойынша) мұндай сатып алу мен сату заңды; өйткені мұсылманның тарапынан мұндай тапсырма барып тұрған әдепсіздік, онда ол олардан түскен бағаны кедейлердің пайдасына беруге міндетті. Екі оқушысы да христианның мұсылманның есебінен шарапты немесе шошқаны сатып алуы немесе сатуы (мохрим сенімді өкіліне өзінің ұстаған жабайы құсын сатуды жүктеген сияқты, мұндай сатуды орындау ол үшін заңсыз болып табылатын жағдайға қатысты келіспеушіліктер орын алып отыр) заңсыз деп айтып бағады. Екі оқушысы да сенім білдіруші бұл заттарды сатуға немесе сатып алуға өзінің құқығы жоқ бола отырып, тиісінше өзгелерге де мұндай құқықты бере

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алмайды деп дәлелдейді. Оның үстіне, өкілдің барлық әрекеті сенім білдірушіге, соның есебінен жүргізілуі себепті соған есептелінетіндіктен, бұл жердегі жағдай мұсылманның өзі сол заттарды сатып алғаны немесе сатқаны сияқты заңсыз болып табылады. Әбу Ханифаның дәлелі бойынша дәл осы оқиғада контрагент болып (яғни сатып алушы немесе сатушы) басқа емес, өкіл табылады, себебі ол осы әрекеттерді жасауға шектеусіз өкілеттікке ие. Мүлік меншігінің өкілге өтуі қажетті және болуы сөзсіз салдар, сондықтан да исламға өкілдің қатыстылығы ескертілмейді, себебі жоғарыда аталған заттар мұрагерлік құқық бойынша мұсылманға өтуі мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда, мұсылманның мұрагері болып табылатын христианин исламды қабылдап, өзіне тиіселі шошқалардан арылуға үлгермей немесе шарапты сіркесуға айналдырса, сосын қайтыс болса, онда бұл заттар оның мұрагері мұсылманға өтеді. Алайда, Әбу Ханифа бұл заттардың христианин делдалы арқылы мұсылманның есебінен сатып алынғандығын заңды дегенін ескеруіміз керек, солай дей отырып, ол мұсылманды сұйықтықты сіркесуға айналдыруға және шошқаны еркіндікке жіберуі міндетті деп есептейді.

Шартқа тараптың біріне ғана тиімді болатын талаптар қарастырылған немесе шарттың қажетті құрамына енушілігіне кереғар немесе сауда-саттықтың мән-мағынасынан пайда табуда дау туғызуы мүмкін сауда-саттық заңсыз болып табылады. Егер кімде-кім құлды сатса, ал сатып алушы оны бостандыққа жіберсе немесе оны мударбар не мукатаб жасаса, немесе кімде-кім құлды сатса, ал сатып алушы одан умми-валяд жасаса, онда мұндай сауда-саттық заңсыз, өйткені бұл сауда-саттық талапқа кіріптарлық болып табылады; ал мұндай сауда-саттық Пайғамбармен айыпталады. Бұл жағдайда сақталынатын тәртіп біздің ғалымдарымыздың келесі ережелеріне негізделген: оның қажетті құрамына енушілігін құрайтын талаптарды шартқа енгізу (мысалы, сатушы «сатып алушы сатып алған заттың иесі болды» деп айтса) шарттың жарамдылығына ықпал ете алмайды, өйткені мұндай себеп-салдар айрықша талаптарсыз-ақ туындауы мүмкін. Бір жағынан алғанда шартқа шарттан келіп туындамайтын және одан сатып алушы мен сатушы пайда табатын немесе сауда-саттық мән-мағынасы пайдаға ие болатын болса, егер мұндай пайданы пайдалауға қабілетті болдыратын талаптарды (мысалы, сатушы сататын құлын сатып алушы еркіндікке жіберсін деп айтса) енгізсе, онда бұл шартты заңсыз етеді, себебі сатып алушыдан қосымша және бұл үшін сыйақысыз, шартпен байланысты емес әрекеттерді орындауды талап етеді, ал бұл асьфа пайда алу сипатына ие. Бұл талап шарттың орындалуын талап етуге қабілетті бола отырып, сауда-саттық мән-мағынасынан пайда табуды қарастыратындықтан, осыдан келіп дау туындауы қажет, осылайша сауда-саттық мақсаты (дауды ескерту) орындалмауы мүмкін болғанмен бірдей дәрежеде. Сондықтан да, егер әдет-ғұрыптар мен заңды шешімдер осындайларды жоймаса, мысалы, кімде-кім тігілмеген кебісті сатушының тігуі үшін сатып алса немесе тігу үшін сатып алушыға берген сияқты, осы текті талаптар заңсыз болып табылады. Бір жағынан шартқа оның қажетті құрамына енушілігін құрамайтын және кімде-кімге пайда табуды көздемейтін талаптарды енгізу шартты күшінен айырмайды. Оған төмендегіні мысалға келтіруге болады: «сатып алушының өз кезегінде оны сатуы үшін» малды сатуды жатқызуға болады, мұндай талап заңды, өйткені, мұнда талаптың орындалуын қажет ететін құқылы тұлға жоқ (өйткені малдың

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

өзі мұны істеуген қауқарсыз), сондықтан да мұндай талап асыра пайда табуға да, дауға да алып келуі мүмкін емес. Бірақ біздің ғалымдарымыздың пікірлерін келтіре отырып, қарастырылған оқиғалардағы талаптар шарт жаратылысына қайшы екендігін айта кету артық емес, өйткені олар сатып алушыны сауда-саттық шартының күшімен өзіне тиесілі кез-келген құқықтан айырады; және тең дәрежеде орындалуды талап ете алатын сауда-саттық мән-мағынасына пайда келтіреді. Сондықтан да талаптар шартты заңсыз етеді. Шафии имам біздің ғалымдарымызбен келіспейді: ол құлды еркіндікке босату талабымен сату заңды деп есептейді.

Бірақ сатып алушы сатып алынған затқа қатысты талапты орындаса, онда мұндай сауда-саттық жарамды болып есептелінеді. Егер кімде-кім өзі осындай шартпен сатып алған құлды еркіндікке жіберсе, онда алдымен осы талап етілген шарт заңсыз болған болса, онда Әбу Ханифаның пайымдауы бойынша ол заңды болып есептелінеді; және сатып алушы сатушының алдында қадірі үшін жауап береді. Екі шәкірт те да құлды еркіндікке жіберу сауда-саттықты заңды етпейді және сатып алушы құлдың қадірі үшін емес, бағасын төлеуге міндетті деп есептейді, еркіндікке жіберу салдарынан заңды болуы мүмкін емес о бастағы сауда-саттық сатып алушының құлды өлтіруі немесе сатуы сияқты, заңсыз болып табылады.

Абу Ханифа дәлелдейді яғни ең болмағанда құлды еркіндікке жіберу өзінен өзі осы мәмлеге қайша келмейді, бірақ өзінің салдарынан ол қарама-қайшы емес бұл келісімге не сатып алушы тарапынан меншікке құқықты аяқтап отыр, ал зат оның аяқталғанынан соң бекітілген және тағайындалған болып отыр, сатылып алынған құлды еркіндікке жіберу сатып алушыдан кемістік болған жағдайда сыйақы алуға кедергі келтірмейді.

Сатылған заттың қандайда бір пайдасы сатушыда қалуы салдарынан сату жарамсыз болып табылады. Егер де кімде-кім құлды «ол сатылғаннан кейін 2 ай бойында оған қызмет ететіндігі» немесе үйді «сатушы сатқаннан кейін 2 ай бойында сонда тұратындығы» шартымен не болмаса егер кімде-кім қандай да бір басқа затты сатып алушы оған ақша бергенде, дирда немесе қандай да бір зат сиялатын болса, онда сату мұндай үлгіде шартты, жарамсыз: біріншіден бұл шарттар сату табиғатының келісімсіз және сатушы үшін пайда түсірумен қатар жүреді; екіншіден Пайғамбар қарыз беру шартымен сатуға тыйым салған; үшіншіден құлды немесе үйдің қызметкерін пайдалану үшін бағадан түсу орын алған жағдайда мұнда сату келісімшартына жалға алу келісім шарты енгізілуі тиіс; немесе егер бағадан түсу жасалмаса, онда сату келісім шартына қарыз келісімшарты енгізілуі тиіс; ал екеуі де заңсыз.

Немесе бұл затты беру мерзімін анықтау салдарынан. Егер кімде-кім затты бір айдан кейін қайта беру шартымен сатса, онда сату жарамсыз, өйткені заттарды нақты беру немесе белгілеп беру мерзімін ұзарту заңсыз шарт. Бұл мерзімін ұзарту заңда қолайлылық түрі ретінде ғана танылғандығынан және қарыз алушы анықталған мерзімде қажетті сомманы жинап және оны төлей алуы үшін қарыз алу жағдайларында ғана қолданылатындығына негізделген; дегенмен бетпе-бет табылатын заттарға қатысында мұндай мерзімді ұзартуға негіз болуы мүмкін емес.

Немесе келісімшартқа жарамсыз шарттарды енгізу салдарынан. Ішіндегі баласын жоққа шығарып жүкті күнді сату жарамсыз, өйткені жалпы ережелер

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бойынша сату нысанын өздігінен құрай алмайтын заттардың барлығы сату келісімшартынан шығарылуы мүмкін емес; ал осы категорияға жатырышылық ұрық та жатқызылады. Осы себепті шарттың жарамсыздығы салдарынан сату да жарамсыз. Бұл қатынаста китабад, жалға алу, кепіл тастау және сату келісімшарттары арасында айырмашылық жоқ екендігін байқауға болады; олардың барлығы шарттың жарамсыздығы бойынша жарамсыз болып табылады. Дегенмен китабад жағдайында жарамсыз шарт келісімшартқа оң сипатта баяндалуы тиіс, мәселен қай кезде болсын кімде-кім өз қолымен оған шарап немесе шошқа беру шарты бойынша оны еркіндікке жіберу жөнінде келісімге келген жағдайда. Сонымен қатар сыйлау, қайырымдылық, неке және қасақана кісі өлтіруге істер жасалуы жағдайында жатырышылық ұрықты жоққа шығару сол істі жарамсыз етпейтіндігін байқауға болады. Керісінше келісімшарт күш иеленеді, дегенмен шарт жарамсыз. Осындай үлгіде жатырышылық ұрықты жоққа шығару бас тартуды жарамсыз етпейді, өйткені жоққа шығару жарамды шарт.

Немесе басқа келісімшарт нысанынан тұратын шарт.

Егер кімде-кім сукноны сатушы одан сатып алушы үшін көйлек тігуі шартымен сатып алатын болса, онда сату жарамсыз, өйткені мұндай шарт сатып алушы үшін пайдамен қатар жүргізілетіндігіне қатыссыз сатып алу келісімшартының қажетті бөлігін құрамайды. Бұдан басқа мұнда екі келісімшартты – қарызға сату немесе жалға алу келісімшартымен сатуды араластыру қажет болып табылады.

Егер де кімде-кім бір башмақты сатушы оған тағы да бір башмақ жасауы шартымен сатып алса немесе екі башмақты сатушы оған байлау үшін белбеу жасап беруі шартымен сатып алса онда сату екі жағдайда да жарамсыз. («Хидая» авторы бұл ұқсастыққа негізделгендігін, өйткені барынша жағымды түсіндіру бойынша мұндай сату адамдар арасындағы оның үйреншіктілігі салдарынан жол берілуі тиістігін атап өтеді).

Немесе екі тарапқа да нақты белгілі емес төлем мерзімін анықтау салдарынан. Егер де кімде-кім затты сатып алса және бағаны төлейді жаңа жыл, немесе ежелгі парсылықтардың күздегі күн мен түн теңелуі күніндегі мерекесінде, немесе христиандықтардың оразасы уақтысында немесе еврейлердің оразасының тоқтаған күнінде белгілейтін болса онда сату мұндай жағдайларда жарамсыз, өйткені екі тарап та белгіленген мерзімдермен нақты таныс болмауы мүмкін. Сату дегенмен егер де бұл мерзімде екі тарапқа да нақты белгілі болатын болса жарамды.

Немесе келуі белгісіз жағдайда. Шарт бойынша баға қамқоршы қайта оралуы немесе жүзімді жинап алу не болмаса қой қырқымынан кейін төленуі тиіс болған жағдайда сату жарамсыз, өйткені бұл жағдайлардың ешбірінде мерзім оң түрде анықталмаған; осы мерзімдердің бірінде беру заңды болып табылатын аманат жағдайына қарама-қарсы, өйткені белгісіздіктің елеусіз бөлігі аманатты сатудың осындай келісімшарты күшімен ажырата алмайды.

Кейінгі келісіммен төлем мерзімі анықталған жағдайда келісімшарт жарамды. Егер дегенмен сату сөзсіз болатын болса, кейіннен сатушы жоғарыда көрсетілген мерзімдердің бірінде бағаны алуға келісетін болса онда бұл заңды. Өйткені бұл шарт сату мерзіміне енгізілмеген және ол белгісіздіктің елеусіз бөлігіне жол беретін қарызды төлеуге қатысты келісім түрінде көрінеді.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Белгісіз төлем мерзімін анықтау салдарынан жарамсыз сату белгісіздікті жоюдан кейін жарамды болып қалады. Егер де сату жоғарыда көрсетілген мерзімдердің бірінде анықтаумен жасалса, кейіннен сатып алушы мен сатушы бірлесіп немесе сатып алушының өзі белгісіздіктен тұратын бөгеттерді шартта көрсетілген мерзімнің шынайы келуіне дейін жоятын болса онда сату жарамды болып табылады. Имам Зұлфар сату бастапқы кезеңнен ақ жарамсыз болатын болса, онда бөгеттерді кейіннен жою оны жарамды ете алмайтындығын дәлелдейді; сол сияқты бастапқыда белгілі мерзімге ғана бекітілген неке оның шексіздігін хабарлау салдарынан жарамды бола алмайды. Біздің ғалымдар сатудың жарамсыздығы мерзім анықталмаушылығы алып келетін дау-жанжалға жол бермеу үшін ғана анықталғандығын дәлелдейді және демек ол жойылған кезде сату жарамды болып табылады. Оның үстіне жуық жағдайдағы белгісіздік жанама жағдайға, атап айтқанда сатудың елеулі белгілерінің бірі болып табылатын бағаның өзіне емес, бағаны төлеу мерзіміне ғана қатысты болады, сол себепті ол жойылуы мүмкін. Тағы да бір мәселе кімде-кім бір диргамды екі диргам үшін сататын болса, ал содан кейін екінші диргамнан бас тартатын болса сату осындай бас тартудың салдарынан жарамсыз болып табылмайды, өйткені жарамсыздық сатудың қажетті белгісін құрайтын бағаның өзіне тиісті. Тағы да бір басқаша жағдай- белгілі мерзімге бекітілген неке, бұл іс жүзінде неке емес, мутъа деп аталатын ерекше келісімшарт және ешқандай кейінгі іс-әрекеттермен бір келісім екіншісіне айнала алмайды.

Сатылмайтын затпен бірге сатылған затты сату жарамсыз. Егер кімде-кім азат адам мен құлды сатуға ұсынса және екеуін де бір келісімшарт бойынша сатса немесе дәл осындай үлгіде салт бойынша бауыздалған ешкіні немесе бауыздалмаған ешкіні сататын болса онда мұндай сату Абу Ханифа бойынша толық көлемде жарамсыз: азат адамға қатынасында да, құлға қатынасында да – алғашқы жағдайда бауыздалған ешкі мен бауыздалмаған ешкіге қатынасында да, екінші жағдайда бірдей; және бұл сатушы әрбір зат үшін айрықша баға көрсеткен көрсетпегендігіне қарамайды (екі оқушы да егер де әрбір зат үшін ерекше баға көрсетілетін болса, онда сату құл немесе бауыздалған ешкіге қатынасында жарамды деп болжайды).

Бірақ егер сатылмайтын зат жекеменшікті құраса, онда сатылған затқа қатынасында сату күшке ие болады. Керісінше егер кімде-кім сатудың бір келісімшартында толық құлды және мудаббарды немесе сатушының жеке меншігін құрайтын құлды және оның жеке меншігін құрамайтын құлды сатуды қарастыратын болса онда толық құл немесе сатушының жеке меншігін құрайтын құлға қатысты сату жарамды, әрі барлық келісілген бағаның пропорциональды бөлігі төленеді. Бұл біздің ғалымдарымыздың (Абу Ханифа және екі оқушы) пікірі. Имам Зулфар екі жағдайда сату және екі затқа қатысты заңсыз деген пікір айтады. Екі оқушы әрбір зат үшін айрықша баға көрсетілген жағдайда сатудың жарамсыздығы шынайылыққа негіз құрайтын затқа ғана тиісті болатындығын дәлелдейді (азат адамға немесе бауыздалмаған ешкіге), дегенмен басқа заттарға тиісті болмайды (құл немесе бауыздалмаған ешкі); егер де кімде-кім бөгде әйелмен және өзінің қарындастарымен бір келісімшарт бойынша некеге түсетін болса, мұндай жағдайда бөгдеге қатысты неке жарамды, дегенмен ол қарындасқа қатысты жарамсыз, және бұл жарамсыздық бөгде әйелге тиесілі болмайды. Қарастырылушы жағдайда да осындай. Тағы бір жағдай

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

заттардың әрбірінің бағасы анықталмаған жағдайда: бұл жағдайда жарамсыздық барлық заттарға тағылады. Абу Ханифа екі жағдай арасында елеулі айырмашылық, атап айтқанда бір сатуда құл мен азат адамды біріктіру жағдайы мен және мудаббарды құлмен біріктіру жағдайы арасындағы елеулі айырмашылықты дәлелдейді. Азат адам меншікті құрамастан сату келісімшарты нысаны болуға мүлдем қабілетті емес; ал оны осы келісімшартқа енгізу оған қатысты және сатуды қабылдау шартын қажетті түрде орнатады, онда шарт жарамсыздығы салдарынан сату жарамсыз болады; шарт жарамсыздығы себебі бойынша жарамсыз болмайтын некеге қарама-қарсы. Екінші жағынан бөгде меншікті құрайтын құлды сату, мукатабты, мудаббарды немесе умма – вальятты сату тек мерзімі ұзартылады, өйткені бұл тұлғалар сату келісімшартына енгізілуі мүмкін, себебі меншікті құрайды, осының салдарынан сатудың мұндай келісімшарты орындалуы мүмкін: мутатабты сату жағдайында- оның өзінің келісімі және мудаббарды немесе уммавалытты (екі ересектердің пікірі бойынша) сату жағдайында – казия қабылдау бойынша орындалуы. Дегенмен құл меншігі сату нысанына өзінің жеке меншік құқығы негізінде, ал мукатаб, мудаббар немесе уммавалыт – оның тұлғасы анықтаған айрықша құқықтар негізінде сатуды бұзатын болса, онда бұл толық құлға қатынасында ғана орындауға келтірілетіндігін жорамалдауға болады, осыған ұқсас кімде-кім екі құлды сатып алса, олардың бірі сатып алушының иеленуіне дейін өліп қалса немесе сату басқасына қатысты күш иеленген жағдайда орындалады.

Бөлім. Жарамсыз саудаға қатысты заңдар жөнінде.

Жарамсыз сату кезінде сатып алушы егер де ол сатушы келісімімен осы затты иеленуге дейін оның қолында өліп қалатын болса баға үшін емес зат құны үшін жауапты болады. Жарамсыз сату кезінде сатып алушы сатушы келісімімен сатып алған нәрсесін иеленуге кіріссе онда егер де сатып алынған зат немесе баға жеке меншікті құраса, сатып алушы сату затының меншік иегері болып табылады және ол иеленгеннен кейін өліп қалатын болса мүлік бағасы үшін емес құны үшін жауапты болады. Имам Шафия сатып алушы жеке меншік иегері болып табылмаса, дегенмен ол сатып алған затын иеленуге кіріссе жарамсыз сатуға тыйым салынған және сол себепті жеке меншік құқығын иеленуге алып бара алмайтындығын дәлелдейді. Бұдан басқа барлық тыйым салынғандар заңмен санкцияланбайды, өйткені тыйым салу рұқсат беруге қарама-қарсы; сондықтан жарамсыз сату ешқандай да жағдайда заңмен санкцияланбайды (осының салдарынан мүлікті сатып алушы оны иеленуге дейін меншік иесі болып табылмайды). Бұл жердегі жағдай егер кімде-кім мүлікті бауыздалмаған ешкіге айырбастап немесе шарапты ақшаға айырбастаған болса. Екінші жағынан біздің ғалымдарымыз сатудың елеулі белгісі (мүлікті мүлікке айырбастау) жоқ екендігіне сүйенеді. Бұдан басқа сату нысаны мұнда сатылуы мүмкін зат болып табылады. Тепе тең үлгіде сатып алушы мен сатушы келісімшартты жүзеге асыруға кең қабілеттілікке ие; ал барлық осы шарттар бетпе-бет келісілген жағдайда, келісімшарт тиісті үлгіде бекітілген болып саналады. Тыйым салу ешқандай да үлгіде сатудың өзінің заңдылығына бөгет бола алмайды, өйткені ол тек жанама жағдайға ғана қатысты болады, атап айтқанда- жарамсыз шарт; сондықтан сатып алушы тыйым

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

салынағн немесе қарама –қарсы заң жағдайлары күшімен емес сатудың заңды болуы салдарынан иеленгеннен кейін меншік құқығын иеленеді. Оның үстіне сатып алушы екі себеп бойынша затты иеленуге дейін мүліктің меншік иесі болып табылмайды: біріншіден жарамсыз сауданың өзі иеленетін меншік құқығына негізді құрайды, дегенмен бұл негіз әлсіз және сол себепті өзінің шынайылығы үшін иеленумен нығайтылуы тиіс; екіншіден егер де сатып алушы иеленуге дейін меншік иесі болып табылған болса, онда осы жерде заң жарамсыздықты санкциялайтындығы қажет, сонымен қатар жарамсыздықты жою керек. Мүлікті бауыздалмаған ешкіге немесе шарапқа айыстырып сату жағдайларына қатысты айтатын болсақ, онда сатудың елеулі белгілері болмайды. Бұл жағдайда иелену сатушы келісімімен болуы мүмкіндігі шарты қойылады. Дегенмен заңның оң сипатта түсіндіруі бойынша бұл келісім мәселен сатып алушы затты сату орнында және сатушы қатысуында иеленетін болса жеткілікті. Заңның оң сипаттағы түсіндіруіне негіз сатушы сату жөніндегі келісімшартты бекіте отырып сонымен қатар сатып алушыны затты иеленуге өкілетті ететіндігінен, ал сатып алушы оны сатушының қатысуында және оның тарапынан қарсылықсыз иеленетіндігінен тұрады; сол себепті иелену заңның оң сипаттағы түсіндіруі бойынша жарамды сыйлау келісімшартын жүзеге асырудың орындалған жерінде сыйланған затты иелену сияқты оның келісімімен жасалған болып саналады. Сонымен қатар сату нысаны сияқты оның эквиваленті де мүлікті мүлікке алмастыру анықталуы үшін мүлікті құрауы қажет (сатудың қажетті белгілерінің бірін құрайды), өйткені қарама-қарсы жағдайда сату жойылады, бұл бауыздалмаған ешкіге, қанға, азат адамға, ауаға және т.б. айырбас секілді. Сондықтан егер де келітірілген жағдайларда сатып алушы сатушы келісімімен сатып алынған затты иеленуге кіріссе, онда ол бәрібір ол үшін жауапты болмайды.

Және құн жұмсалғанға ұқсас затпен немесе ақшамен төленуі тиіс. Жоғарыда анықталған ережелерге қатысты сатып алушы зат бағасына емес зат құнына жауапты болған жағдайда, онда ол эквивалентті ақша болып табылатын затқа ғана қатысты жатқызылады; алмастырылатын заттарға қатысты сатып алушы сатылғанға ұқсас затқа жауапты, өйткені мәні бойынша және салдарлары бойынша осыған ұқсас зат салдары бойынша ұқсасқа қарағанда әділетті эквивалентті құрайды.

Әрбір тарап келісімшартты иеленгенге дейін жоя алады. Жарамсыз сату кезінде тараптардың әрбірі иеленгенге дейін оның жарамсыздығын жою үшін келісімшартты жою билігіне ие болады. Дәл сол заң егерде жарамсыздық келісімшарттың нысанының өзіне қатысты болатын болса иеленгеннен кейін де қолданылады. Егер де жарамсыздық жарамсыз шартты біріктіру салдарынан туындайтын болса, онда шартты ұсынған тұлға ғана мұны екінші тарап қатысуынсыз жоя алады.

Сатып алушы жарамсыз сату кезінде сатып алынған затын сата алады, ал қандай жағдайда оны құқығы сатуды жоя алады.

Егер сатып алушы жарамсыз сату кезінде сатып алынған заттың иелігіне түссе және кейін оны сатып жіберсе, онда екінші сауда жарамды, себеп бірінші саты алушы, меншік иесі бола отырып затты сатуға толық құқығы бар.. Осыған сәйкес оның затты бірінші сатушыға қайтару құқы тоқтайды; біріншіден, өйткені үшінші тұлғаның құқығы (екінші сатып алушы) екінші саудамен байланысты, ал бірінші сауданың

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жойылуы, оның жарамсыздығы Аллаһтың құқығына сәйкес негізделген; бірақ жеке құқық Аллаһтың құқығының алдында басымдыққа ие, себеп кісі қажеттілікке ие, ал Аллаһ оған қажет емес; екіншіден, өйткені бірінші сауда өзінің табиғатымен заңды, бірақ сапа жағынан заңсыз, осылай екінші сауда екі жағынан да заңды; осыдан шығатын нәрсе, соңғысының әрекеті біріншісінің тарапынан жойыла алмайды; үшіншіден екінші сауда біріншісінің ықпал етуімен яғни келісімімен жүзеге асырылған, себеп олар бірінші сатып алушыға ары қарай сада жасауы үшін билік берілді. Басқаша айтқандағы іс, егер сатып алушы үйінде болса, оған шифат құқығы жатса, басқаға оны сата ала ма; мұнда кісі, яғни шифат құқығы жататын кісі, сонда да үйінде бола тұра сатып алуға басым құқыққа ие, өйткені ол жеке құқық болып табылады, сонымен қатар, екінші сатып алушының да; ол заңдылық тарапынан және оның тарапынан сатып алушыға сатуды жоятын ықпал жасалмады.

Заңсыз заттың орнына заңды затты сатып алған тұлға, кейіннен оның тек бағасына жауапты бола отырып, оны өзінің ойына келгенінше иелене алады. Егер кімде-кем шарап немесе шошқамен төлей отырып, өзінің иелігіне құл сатып алса, сосын оны еркіндікке жіберсе, сатса немесе сыйға тартса, онда бұл әрекеттердің барлығы заңды, себебі сатып алушы сатып ала отырып, оның иесі атанады; және ол сатушының алдында құлдың бағасы үшін жауап береді. Еркіндікке жіберген жағдайда құл жойылған есепті меншік құқығы тоқтатылады, демек, сатып алушының баға жауапкершілігі де тоқтатылады. Сату немесе сыйға тарту кездерінде осы әрекеттер арқылы құлды сатушыға қайтару мүмкіншілігі жойылатындықтан, жауапкершілік туындайды. Құлға кепілпұл беру мен мукатаб құқығын беру сатумен пара-пар болып табылатындығын айта кету керек, сондықтан да сатушыға қайтару құқығын жояды. Алайда, кепілпұлдың өтеуін төлеу немесе мукатабтың өзінің міндеттемесін орындау мүмкін еместігі, жүзеге асыруға кедергілердің болмауына байланысты бұл құқықтарды қалпына келтіреді.

Сатушы олар үшін төленген ақшаны қайтармайынша бұйымдарды кері алуға құқылы емес; егер ол қайтыс болса, онда сатып алушы төленген күн үшін сыйыақы ретінде бұйымды сатуға құқылы. Заңсыз сауда-саттық кезінде сатушыға сатылған бұйым үшін төленген ақшаны қайтармайынша, кері алуға рұқсат етілмейді, себебі бағасы төленген бұйымдар осы бағаны қайтарғанға дейін кепіл ретінде ұсталынады. Егер сатушы қайтыс болса, онда сатып алушы сауда-саттық мән-мағынасы үшін артықшылықты құқыққа ие, яғни қалғанын (егер ондай бар болса) өзге несие берушіге бере отырып, оған өзін осы затты сатудан түскен ақшаға қанағат етуге рұқсат етіледі. Ол сатушының тірі кезінде де басқалар алдында артықшылықты құқыққа ие, демек, ол сатушының мұрагерлері мен несие берушілері алдында да оның өлімінен кейін де артықшылықты құқыққа ие.

Заңсыз шарт бойынша жылжымайтын мүлікті сату, оған сатып алушының өзгерту енгізуі жағдайы. Егер кімде-кім заңсыз шарт бойынша үй сатып алса және оны мешітке айналдырса, Әбу Ханифаның пайымдауы бойынша онда ол үйдің бағасына жауап береді. Бұл ережені Әбу Юсуф те Әбу-Ханифаның пікірі ретінде «Джами-ус-Сагирде» келтіреді; бірақ кейіннен ол туралы күмәндана бастайды. Екі оқушы да үй бұрынғы қалпына келтіріліп, сосын сатушыға қайтарылуы тиіс деп есептейді. Осындай пікір алалығы сатып алушының үйдің ауласына ағаш

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

отырғызуыша байланысты жағдайда да туындайды. Екі оқушы да шифат құқығы сатушының құқығына қарағанда (көрші құқығы қазидың қаулысымен расталуы қажет болғандықтан және ол туралы арыз мерзімінің өтуі салдарынан жойылатындықтан, ол сатушының құқығына қатысты жоқ) әлсіз; ал көршінің құқығы барынша әлсіз болғандықтан, үйді мешітке айналдыру салдарынан жойылмайды, демек, сатушының күшті құқығы жойылмайды деп тұжырымдайды. Әбу Ханифа құрылыс салу немесе жас көшеттер тұрақты иемдену идеясына негізделген деп дәлелдеп бағады, сатып алушы, сатушымен ұсынылған биліктің арқасында осылай істейтіндігіне байланысты, сатып алушының ары қарай да үйді сатуға құқығы жоқтығы секілді, сатушының да қайтаруға құқығы жоқ. Көршінің құқығы бір басқа әңгіме: өзінің құқығы бар сол орында сатып алушыға құрылыс салуға немесе көшеттер отырғызуға құқық бермейді, сатып алынғанды сатып алушы сыйға тарқанына немесе сатқанына қарамастан, көрші құқығы өз күшінде қалады. Әбу Ханифаның жоғарыда келтірілген пікірін келтірген Әбу Юсуф кейіннен барлық жоғарыда айтылған мән-жағдайлар бойынша өзінің ақыл-есіне сенім білдірмейтіндігін келтірген. Алайда Мұхаммед имам шифат¹ (МАБСУТТА) туралы пайымдай отырып, осында келтірілген келіспеушіліктердің орын алуы заңды деп есептейді. Басқа жағынан қарағанда, бұл кезде көрші өзіне шифат құқығының тиесілі болғандығына байланысты бағасын төлеу бойынша жерді алу құқығына ие, демек, сатушының құқығы жойылады; осы мән-жағдай бойынша ол өзінің пікірін шифат құқығының бар болуымен негіздейді, өйткені сатушының құқығы әзірше күшінде кезінде, көрші құқығы жүзеге асырылуы мүмкін емес. Осылайша, екі оқушының пікірі бойынша сатушының құқығы сатып алушының құрылыс салуымен жойылмайды, сондықтан шифатты талап етуге негіз жоқ.

Сатып алушының заңсыз шарт бойынша сатып алынған белгілі бір затынан алған пайдасы қайырымдылық іске жұмсалуды тиіс. Егер кімде-кім заңсыз шарт бойынша күң сатып алса және оған иелік етсе, ал сатушы сатылған бағаға иелік етсе, және сатып алушы табыс таба отырып күнді біреуге сатса, онда ол алынған пайданы қайырымдылық іске жұмсауы тиіс. Ал егер бірінші сатушы алынған бағадан немесе делдалдықтан пайда алса, онда ол алынған пайданы қайырымдылық іске жұмсауы тиіс. Бұлардың арасындағы айырмашылық мынау: мысалы күң дегеніміз белгілі бір зат, ал екінші шарттың мән-мағынасы соған қатысты болғандықтан, әрине, оны сатудан түскен пайда жаман. Керісінше, жарамды шартта дарагимдар мен динарлар белгіленбеген; ал екінші шарт заңды болғандықтан, әрине, сол дарагимдерге жатқызылмайды; өйткені олардан алынған пайда ешқандай жаман болып табылмайды. Алайда, бұл айырмашылық мына кездерде: кінәлілік заңсыз құқыққа негізделген болса немесе ол меншік құқығы толығымен жоққа негізделсе, орын алуы мүмкін.

Ал ешқандай меншік құқығы болмаған заттан алынған табысқа да тең. (Мысалы, заңсыз иегер өзінің басып алған мүлкінен пайда алған секілді). Қандай да бір заттан осындай пайда алынғанына қарамастан, ол заңсыз және

қайырымдылық іске¹ жұмсалуды қажет, өйткені кімде-кім өзгеге тиісілі шынайы мүлікті (мысалы, үй жиһазының бірін) сатса, онда сауда-саттық шарты сол затқа да қатысты, демек, алынған пайда заңсыз. Егер басқа тараптан кімде-кім өзге ақшаға қандай да бір

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

зат сатып алса, онда шарт ол ақшаға қатысты болмайтындығына қарамастан, ол сол ақшаға қатысты болып табылады, өйткені сатып алушы сатушыға осы ақшаны берсе, онда сатып алынған зат оның меншігі болып табылар еді; немесе ол тек аталған ақшаларды көрсетіп, бірақ олардың орнына басқа ақшамен төлесе, онда баға бәрібір сол ақшалармен белгіленген болып есептелінеді. Сондықтан да бұл жерде сол ақшаларға жасалынған шартқа ұқсастық байқалады, демек, пайда бөтен мүліктің арқасында алынған болады. Алайда, құқықтың заңсыздығына негізделген кінәлілік құқықтың толық жоқтығынан туындаған кінәлілікке қарағанда аз мәнге ие болғандықтан, меншік құқығының заңсыздығынан туындайтын кінәлілік құқықтың толық жоқтығы шын мәніндегі заңды кінәлілікті хабарлайтындығын білдіреді (бұған өзінің жаратылысы бойынша белгілі барлық заттар жатады, аталған жағдайда ол күн болып отыр); басқа жағынан алғанда, құқықтың толық жоқтығы көрінетін кінәлілікті тудыратындығына қарағанда, көрінетін кінәлілік қауіптенуді тудырады; ал назарды көрінетін кінәлілікке аударған жөн, бірақ осындай қауіптілікке емес. Егер кімде-кім біреуден мың дарагим қарыз іздесе, және ол төленсе, сосын екі тарап та қарыздың болмағандығына уағдаласса, онда сол уақытта талаптанушы алуы мүмкін пайда, ол ақшаларға иелік етсе, өйткені кінәлілік құқықтың заңсыздығына негізделген, ал талапкердің талабы бойынша қарыз төленуге жататындықтан және оны жауапкердің мойындағанына байланысты болса, содай кейін қарыз талапкердің меншігі емес, басқаны (дәл сол жауапкердің) екендігі анықталса, ол үшін заңды болып табылатындығын айта кеткен жөн. Алайда, талапкердің өзінің талаптарын қанағаттандыруы үшін алған мың дарагимі айналып келгенде оның меншігіне айналады, өйткені шағым заңсыз құқыққа негізделсе де, шағымды қанағаттандыруға алынған меншік талапкерге тиісті болып табылады. Ал кінәлілік құқықтың толық жоқтығына емес, тек меншік құқығының заңсыздығына негізделгендіктен, осыдан келіп өзінің белгісіздігіне, мысалы алғанда ақшаның жаратылысы бойынша ол затқа таралуы немесе ықпал етуі мүмкін емес.

Тарау. Әдепсіз-лас сатып алу және сату туралы

Бағаны жалған көтеруді ұсыну арқылы тауар бағасын көтеру әдепсіздік. Пайғамбар басқалардың сатып алу мақсатында емес, олардың тек барынша жоғары баға ұсынуына түрткі болуы үшін ғана заттардың белгілі бағасын көтеруге тыйым салады. Ол сондай-ақ басқаның саудаласқан затын сатып алуға тыйым салады; алайда бұл тыйым салу екі тараптың да алдын өзара келісімге келгендігін білдіреді, әйтпесе кейінгі мұндай сатып алуда ешқандай кінәлілік жоқ.

¹Бұл ұстанымның түсініктемесінің негізін серіктестік туралы бөлімнен іздеу қажет, онда: «Мүліктен, оған қатысты жауапкершілік жоқ кезде, заңды пайда алынуы мүмкін емес» деп көрсетілген.

Немесе базар үшін арналған тауарды сатып алу. Пайғамбар сондай-ақ көпестермен жеткізілген астықты алдын ала сатып алу ниетпен, келе жатқан кереуеннің алдынан шығып, қаладан белгілі бір қашықтықта кездесіп, көтерілген бағамен қалалықтарға сату үшін базарға арналған тауарды сатып алуға тыйым салады. Бұл тыйым салу алып-сатарлардың қаладағы астық бағасына қатысты көпестерді адастыруларына алып келуімен түсіндіріледі, әйтпесе іс жүзінде мұнда тұрған ешқандай кінәлілік жоқ.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Немесе диқаншының өкілі арқылы қалалықтарға сату арқылы қалаларда астық бағасын көтеру. Пайғамбар (с.ғ.с) диқаншы астығын немесе өзге өнімдерін қалаға алып келсе, ал қалалық оның өнімін барынша жоғары бағамен сатып өткізуі үшін өкіл ретінде әрекет етсе, қалалыққа диқаншының өзінің ауыл шаруашылық өнімдерін сатуда өкілі болуға тыйым салады. Бірақ қалада нан жетіспейтін болса, онда мұндай әрекет кінәлі болып саналмайды.

Немесе жұма күні сатып алу немесе сату. Жаршы намаз оқу сағатын жариялағаннан кейін жұма¹ күні сатып алу немесе сату әдепсіздік, өйткені Құдай Құранда: «Егер сізді жиналыс күні намазға шақырса, Құдайды еске алуға асығыңыз және сауданы ұмытыңыз» делінген. Егер осы уақытта сатып алу мен сатуға рұқсат берілген болса, онда ол міндетті түрде сөзсіз міндеттілікті (намаз оқу міндеттілігін) жоғалтып алуға алып келер еді. Алайда мұндай сауда-саттық әдепсіз екендігін ескерсек те, бәрібір оның шынайылығын жоққа шығармайды, өйткені, мәміле міндеттілігі үшін қажетті шарттың елеулі құрамы немесе мән-жайларға емес, бұл жердегі заңсыздық тек сыртқы және қосалқы міндеттілікке ғана қатысты.

Тауар барынша жоғары баға берген тұлғаға сатылуға ұсынылуы мүмкін. Барынша жоғары баға ұсынған тұлғаға сату әдепсіздік емес. Егер көпес өзінің тауарын сатып алушыға ұсынған кезде өзіне белгілі бағаны алса, бірақ ол осы бағаға келісімін бергенге дейін басқа біреуден барынша жоғары баға түссе, онда тауарды соңғысына сатуда тұрған ешқандай әдепсіздік жоқ; өйткені Пайғамбардың өзі жоғары баға ұсынған тұлғаға тостаған мен ақжайма сатқан; оның үстіне осы текті сауда-саттық кедейлер үшін пайда әкеледі.

Тыйым салынған дәрежеде бір-біріне туысқан болып келетін екі кәмелетке толмаған құлдарды (немесе бір кәмелетке толмаған мен бір кәмелетке толғанды) бірін сатып жіберу арқылы ажырату әдепсіз. Тыйым салынған дәрежеде бір-біріне туысқан болып келетін екі жас құлы бар тұлға үшін оларды бір-бірінен айыру әдепсіздік. Дәл осыны құлдардың бірі жас, ал екіншісі кәмелетке толған болса да айтуға болады. Бұл ереже Пайғамбардың: «Кімде-кім анасын балаларынан айырса, онда сот күні Құдай оны достарынан айырады» деген арызына негізделген. Пайғамбар екі жас ағалы-ініліні Әліге сыйға беріп, кейіннен «олардың бірін сатып жібергенін» естіген кезде ол «Сақтан! Сақтан!» деп айтыпты мыс және бірнеше рет оны

¹Мұсылмандар үшін демалыс күн - жұма.

кері алуын бұйырыпты дейді. Әрине жас бала екіншісіне бауыр басады, ал кәмелетке толғаны жас баланың қайғысына ортақтасады; сондықтан да екі жағдай да балаларға деген мейірімнің жоқтығын білдіреді, ол дегеніміз аңыздарда айыпталады, онда былай делінген: «Кімден-кім балаға мейірімділік, ал үлкенге құрмет көрсетпесе, онда ол менің халқым болып есептелінбейді».

Сондықтан да екі жас баланы немесе бір жас бала мен кәмелетке толғанды айыруға тыйым салынады. Жалпы туысқандық емес, олардың тиісті дәрежедегі ағайындығы ғана аталған құлдардың арасында некенің болуына жол бермейтіндігімен тыйым салуға негіз болып отырғандығын ескеру қажет; өгей шеше немесе тәрбиешінің арасындағы барынша алыс туысқандық, не болмаса ағайынның баласы мен басқа тұлғаның арасындағы туысқандық тыйым салынатындай дәрежеде тыйым салуға негіз

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болып табылмайды. Дәл осылай тыйым салу кезінде олар да кәмелетке толмаған болғанына қарамастан, күйеу мен әйелге қатысты таралмайды. Олар ажыратылуы мүмкін, себебі тыйым салынған аңыздағыдай емес, өйткені ол тура мағынасында сақталуы қажет, яғни тыйым салынған дәрежеде туысқандық қарым-қатынаста болатын тұлғаларға қатысты қолданылуы қажет. Жоғарыда келтірілген аңызда екі туысқанның да бір қожайынға тиісілі болуы талап етіледі, өйткені, жас ағайындылардың бірі Заидқа, ал басқасы - Омарға тиісілі болса, онда олардың әрқайсысы өз меншігін басқасына тәуелді болмай, сатуға еркі бар.

Өте қажет міндеттілікті немесе нағыз қажеттілікті орындауға қатысты жағдайларды қоспағанда. Қожайынның мойнындағы міндеттілікті орындаумен, мысалы: олардың бірі қылмыс жасаса және осы қылмыс үшін кек алушының өкпе үшін сыйақы берілетін болса, онда екі кәмелетке толмаған жас құлдарды-туысқандарды айыруға рұқсат етіледі. Осы сияқты олардың бірі сатып алу немесе сату кезінде немесе бөтеннің мүлкін бүлдіру салдарынан орын алған қарызды өтеуде айрықша құқықты құл ретінде берілуі мүмкін: қанша дегенмен бұл айыруға алып келетіндігіне қарамастан, бұл жағдайлардың әрқайсысында қарызды өтеу үшін құл бір өзі сатылуы мүмкін. Егер кемшілігі бар болса, олардың бірін сатушыға қайтару да заңды. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы бұл дауларды шешу о баста Пайғамбар жоғарыда аталған шектеуді қойған кезде қандай да бір мақсатқа қол жеткізілгендігіне қарамастан, егер шектеу осы жағдайларға таралатын болғанда олардың қожайындарына залал келтірмеуді, жас балаларға келтірілетін зиянның алдына алуды назарға алғандығы негіз болып отыр.

Десек те, мұндай сауда-саттық заңды. Алайда, егер кімде-кім бір жас баланы басқасынан немесе бір жас баланы кәмелетке толған баладан олардың бірін сату арқылы айырса, онда мұндай сауда-саттық заңды; бірақ бәрібір айыру әдепсіздік. Абу Жүсіптің пікірін келтіреді, яғни мұндай сауда түрі жарамсыз, егер тараптардың арасында ата-аналарының балаларына қатынасы бар болса (м;анасы мен баласы айырылса); барлық жағдайларда ол жарамсыз. Басқа Абу Жүсіптің өсиетіне сәйкес, мұндай сату барлық жағдайда жарамсыз, айырылсу әдепсіз болғанда, жоғарыдағы өсиетке Алиді мысал келтірген болсақ, не Пайғамбар с.ғ.с оған оңды түрде сатылған құлды қайтарып алуға міндет жүктеді.

Осыдан сатуды ол жарамсыз еткенінбілу керек, себеп сауда затын қайтару тек жарамсыз сауда болса қайтаруға жол беріледі. Абу Ханифа және имам Мухаммад дәлелдейді, қарастырылып жағдайда сату құқығы бар тұлға тарапынан және жарамды затпен жасалды, сондықтан да ол жарамды; әдепсіздік сату тек қосақтап алу жүру мәніне немесе сату салдарына қатысты болып отыр, атап айтқанда-қайғыға, екі жасөспірімге қатысты, яғни барып тұрған әдепсіздік, басқасының қарсылығына қарамай қандай да бір нәрсені сатып алумен қосақтап тұр, ешқандай жарамсыз емес нәрсе көрінбейтін. Пайғамбар с.ғ.с. Алиге құлды қайтарып алу туралы бұйырығы талқыға лайық па әлде сауданы бұзу мысалы ма, немесе құлды сатып алған кісіден қайтарып алу ма.

Балиғат жасына жеткен құлдар еркін түрде айырылуы мүмкін. Екі жасөспірім құлды айырып алудың ешқандай әдепсіздігі жоқ, дегенмен, олар екеуі өзара тыйым салынған туысқандық қатынаста болса. Бұл жағдай жоғарыда аталған

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тыйм салуға сәйкес келмейді, және өсиет бар, яғни Пайғамбар (с.ғ.с.) екі күн әпкесіңілілі Мария мен Сирирнаның айырылысуына рұқсат берген.

VI тарау

АКАЛА ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ САУДА-САТТЫҚТЫ БҰЗУ

Акала анықтамасы. «Акала» сөзбе-сөз алғанда жою. Заң тілінде бұл сөз сауда-саттықты жою немесе бұзу дегенді білдіреді.

Баға баламасы қайтарыла отырып сауда-саттық бұзылуы мүмкін. Егер бастапқы соманың баламасы қайтарылған болса, онда сауда-саттықтың бұзылуы заңды, өйткені Пайғамбарымыз: «Кімде-кім мәміле жасасқанына өкінген тұлғамен акала жасаса, онда сот күні өзінің күнәлеріне Құдайдан акала алады» деген. Сауда-саттық шарты екі тараптың, яғни сатушы мен сатып алушының құқықтарын қамтитындықтан, демек, олар өздерінің жеке қалаулары бойынша мұндай сауда-саттықты бұзуға биліктері бар.

Бірақ не аз да емес, не көп те емес сомада. Алайда, егер бастапқы сомаға қарағанда аз не болмаса көп төлеу салдарынан бұзылатын болса, онда мұндай шарт түкке тұрғысыз, ал бұзу өз күшінде қалады және сатушы сатып алушыға бастапқы сомаға тең келетін соманы қайтаруы қажет. Әбу Ханифаның айтуы бойынша бұзу дегеніміз екі тарапқа да қатысты шартты бүлдіру болып табылатын ереже, бірақ үшінші тұлғаға қатысты жаңа сауда-саттық болып табылады. Сондықтан, егер бүлдіру мүмкін болмаса, онда бұзу түкке тұрғысыз. Басқа жағынан қарасақ, Әбу Юсуф бойынша бұл жаңа сауда-саттық; бірақ егер жаңа сауда-саттық белгілі бір себептермен мүмкін болмаса, онда тараптардың жаңа келісімін бүліну ретінде қараған жөн, ал бұған да мүмкіндік болмаса, онда бұзу түкке тұрғысыз. Мұхаммед имам біз бұл жерде бүлінуге, ал мұндай жағдай мүмкін болмаса - жаңа сауда-саттықпен кезігіп отырмыз деп жорамалдайды; ал бұл да мүмкін болмаса, онда бұзу туралы келісім де түкке тұрғысыз. Мұхаммед имам былайша дәлелдейді: акала сөзбе-сөз мағынада бұзу дегенді, ал туынды мағынада - сауда-саттықты білдіреді (барлық үшінші тұлғаларға қатысты ол жаңа сауда-саттықты білдіретіндіктен); сондықтан ол терминнің сөзбе-сөз мағынасына сәйкес бүлдіру емес, бұзу дегенді білдіреді; немесе егер бүлдіру мүмкін болмаса, онда өзінің туынды мағынасына сай сауда-саттық ретінде қарастырылады. Әбу Юсуф төмендегідей пайымдайды: акала дегеніміз тараптардың өзара келісімі бойынша бір мүлікті басқасына ауыстыруды білдіреді, ол сауда-саттықтың анықтамасына сай, демек, акала сол ережелерге жатады. Сондықтан да акала жасалғаннан немесе бұзылғаннан кейін тауар сатып алушының қолында жоғалып кетсе, онда акала түкке тұрғысыз, сондай-ақ сатып алушының иелігінде болған кезде тауар бұзылғандай болса, онда сатушы сатып алушыға тауарды қайтаруға құқылы; осы сияқты акала арқылы шифат құқығы белгіленеді. Басқа жағынан қарағанда, Әбу Ханифа төмендегіні дәлелдейді: акала бүлдіруді немесе бұзуды білдіреді, және ешқандай әрекет оған сауда-саттықтың сипатын бере алмайды, бүлдіру мүмкін болмаса да, сауда-саттық пен бұзу деген терминдердің мағынасы бір-біріне қайшы, сондықтан егер бүлдіру мүмкін болмаса, онда акала түкке тұрғысыз. Ал оның үшінші

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тұлғаларға қатысты жаңа сауда-саттықты білдіретіндігіне келсек, ол тек қажеттіліктен туған іс, өйткені бұл тұлғалар үшін де сауда-саттық сияқты зардапты білдіреді, яғни акаланың арқасында сатушы қайтадан тауардың меншік иесі болып шығады; және сөздің мағынасы бойынша емес, осы себепті сатушы мен сатып алушыдан өзге, басқа тұлғаларға қатысты сауда-саттық болып табылады, шындығына келгенде ол сауда-саттық мағынасына кереғар.

Акалаға қатысты біздің үш ғалымымыздың пікірлері мен дәлелдері осындай. Осыдан келіп, егер талап бойынша сатушы сатып алушыға бастапқы сомасына қарағанда көп соманы қайтаруы қажет болса, онда Әбу Ханифаның оқуына сай, бастапқы бағаның шегінде заңды күшке ие, немесе (оның оқуы бойынша) акала дегеніміз бұзу, ал бұзу дегеніміз шығынға жатпайды, себебі осы шығынға сай келетін сауда-саттық жоқ және жоқ болғандықтан бұзу да мүмкін емес; сондықтан да талапта та заңсыз, бірақ оған заңсыз талапты қосу салдарынан түкке тұрғысыз бола алмайды. Сауда-саттық (мысалы, бір диргамды екі диргамға сату) басқа әңгіме: егер кімде-кім бір диргамды екі диргамға сатса, мұндай сауда-саттық жарамсыз болар еді. Бұл сауда-саттықты бір диргамға қатысты бар деуге, ал мұндай сауда-саттық заңды болуы үшін қосымша диргамға қатысты түкке тұрғысыз деуге болмайды; сауда-саттықта шығынды белгілеуге болады, өйткені әлі пайда болмаған міндеттемені белгілеуге болады және белгіленбегенді құру қиындық тудырмайды; бірақ қосымша диргам белгіленген болса, ол артық пайдаға алып келер еді; сондықтан осы секілді сауда-саттықтар заңсыз. Осыдан келіп талқыланып жатқан бұзу заңды, ал талап заңсыз деген қорытынды шығады. Дәл осы ереже бастапқы бағаға қарағанда төмен сомаға төленген жағдайда да қолданылады, яғни, бұзу күшке ие, бірақ талап жойылады, өйткені сауда-саттық бастапқы бағаға қатысты белгіленген, ал ол кезде жетіспеушілік болмаған; осыдан келіп, бұзу тек барға ғана, атап айтқанда - бастапқы бағаға қатысты болады, өйткені болмағанды бұзу мүмкін емес. Алайда, егер кеміту тауарда анықталған кемшілік үшін болса, онда ол заңды. Екі шәкірттің де пікірі бойынша бұзу кезінде бастапқы бағадан асатын соманы белгілеу сауда-саттыққа тең: Әбу Юсуф бойынша - ол акаланы сауда-саттық деп есептегендігінен, ал Мұхаммед бойынша - бұзу деген бүлдіру деген пікірде болғанымен ол былай дейді: бүлдіру мүмкін болмаған жағдайда оны сауда-саттық ретінде қарастыру қажет; ал талқыланып жатқан бұзу осы текті болғандықтан, оның ойынша бұл сауда-саттық. Бастапқы бағаға қарағанда аз сома айтылған бұзуға келетін болсақ, онда Әбу Юсуф (бұзу туралы өзінің жалпы көзқарасына сүйене отырып) мұндайды сауда-саттық деп есептейді; бірақ Мұхаммед имамның пікірі бойынша - бұл бастапқы бағаның барлығына қатысты бұзу болып табылады, өйткені, ол кеміту бағаның бөлігіне қатысты үндемеу деп есептейді; ал барлық баға туралы үндемей қалғанда, бұзу заңды болып табылатын еді, ал үндемеу бағаның бөлігіне ғана қатысты болғандықтан, ол тіпті заңды. Сатып алушының қолында тауар бүлінген жағдайда бастапқы бағаға қарағанда аз сома айтылған бұзуға келетін болсақ, Мұхаммед имамның пікірі бойынша бұл бұзу, өйткені, бүлінудің есебінен кемітіліп отыр.

Басқа текті заттардан тұратын баламаның орнына бұзу, бұл бүлдіру болып табылады. Егер тараптар бастапқы бағаның орнына басқа текті баламаны айта отырып, шартты бұзуға келіссе, онда Әбу Ханифа бойынша, бұл бастапқы бағаны қайтара отырып бүлдіру¹; ал басқа текті балама туралы талап түкке тұрғысыз. Екі

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

шәкірт те бұл бұзуды сауда-саттық деп есептейді, өз ойларын жоғарыда келтірілген бұзу жаратылысы туралы өздерінің оқығандарына негіздейді.

Күнді сату оның бала туымен жойылуы мүмкін емес. Сатып алушының иелегінде болған кезде бала туған күнді сату Әбу Ханифаның пікірі бойынша түкке тұрғысыз. Бұзу дегеніміз бүлдіру, ал баланың туылуы бұзудың алдын алады, өйткені бұл уақыт өте келе жеке заттың қосылуы білдіреді; сатып алушыға затты бергеннен кейін орын алған мұндай қосылу мәміленің бұзылуының алдын алады. Алайда екі шәкірт те мұндай бұзуды сауда-саттық деп есептейді.

Затты бергенге дейін және оның сатып алушының иелігіне өткеніне дейін сауда-саттық бұзылуы мүмкін. Сатылған затқа, жылжитын және жылжымайтын мүлікке сатып алушы иелік еткенге дейін сауда-саттықты бұзу, Әбу Ханифаның пікірі бойынша бүлдіру болып табылады.

Ал Әбу Юсуфтың пікірі бойынша бұл бүліну жылжитын мүлікке ғана қатысты, себебі иеленгенге дейін жылжитын мүлікті сату заңсыз, демек, иеленгенге дейін жылжитын мүлікке қатысты сату сауда-саттық болып есептелуі мүмкін емес және ол бүлдіру болып табылады.

¹Демек, заңды, себебі шартты толық жояды.

Керісінше, иеленгенге дейін жылжымайтын мүлікке қатысты бұзу Әбу Юсуфтың пікірі бойынша сауда-саттық болып табылады, себебі ол иеленгенге дейін жылжымайтын мүлікті сату заңды деп есептейді.

Тауарды жоғалту немесе жою бұзудың заңдылығы үшін кедергілерді құрайды, бірақ бағаны жоюды құрамайды, өйткені бұзу дегеніміз сауда-саттықты бүлдіру, ал сауда-саттықты бүлдіру сауда-саттықтың бар болғандығын білдіреді, ол өз кезегінде бағаға емес, тауарға қатысты.

Айырбастың бөлшектерінің бірі жойылғаннан кейін ол бұзылуы мүмкін. Мүліктің¹ орнына мүлік сатылған жағдайда, екі заттың бірі жойылғаннан кейін айтылған бұзу заңды, өйткені, олардың әр бірі сауда-саттықтың мән-мағынасына жатады, сондықтан бұл терминді қалған мән-мағынаға қолдана отырып, біз сауда-саттық мән-мағынасының болуы себепті бұзылуды заңды деп есептейміз.

VII Бөлім

МУРАБИГАТ ЖӘНЕ ТАВЛИАТ, ЯҒНИ ТАБЫС ТАБУ МЕН ДОСТЫҚ ҮШІН САТУ ТУРАЛЫ

Мурабигат пен тавлиат туралы анықтама. Мурабигат, немесе табыс табу үшін сату, табыс ретінде белгілі бір соманы қоса отырып, сатып алушымен бұрын сатып алынған баға бойынша бір затты сатуды білдіреді. Тавлиат, немесе достық сауда-саттық деп кімде-кім затты өзі сатып алған бағаға басқаға сатқанды білдіреді. Сауда-саттықтың екі түрі де заңды, себебі сауда-саттық талаптары үшін шын мәнінде маңызы бар, сондай-ақ адамдардың мұндай сауда түріне мұқтаждығына байланысты. Мысалы, саудада тәжірибесі жоқ адам мұндай істерде тәжірибесі бар адамдарға сенім білдіруге мәжбүрлі. Сенім білдірілген адам бұл адамнан соңғы адам төлеген бағаға сатып алады,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бұл тавлиат немесе достық сауда-саттық секілді немесе ол мурабигат немесе табыс табу үшін сатылған кездегідей, табыс түрінде белгілі бір сома қосылған бағамен сатып алады. Бұл оны қанағаттандырып, тыныштандырады, ал тәжірибесі жоқ адам осы екі тәсілмен алданудан сақтанады. Бұлай болмаған жағдайда, ол басқаша әрекет ете отырып, алданып қалу қауіпіне ұшырайтын еді. Адамдар осы секілді мәмілелерге мұқтаж болғандықтан, оған рұқсат етілген; және екі жағдайда да сатып алушы тәжірибесі бар сатушының сөзіне шүбәсіз сенуі тиіс болғандықтан, сатушы да өз сөзіне адал және шын болуы тиіс және осы секілді алдау түрлерінен өзін-өзі ұстауы қажет. Егер мысалы кімде-кім затты жиырма дарагимге сатып алдым деп куәландырса, ал өзі шын мәнінде ол үшін он дарагим төлесе, ол алдау болып табылады. Егер кімде-кім затты пайдалы мәміле бойынша зат сатса және ол үшін сол сәтте төледім десе, ал шын мәнінде сол затты өзі несиеге алса, бұл алдауға ұқсастық деп аталады.

¹ Яғни, айырбас

Мұндай сауда-саттықтарда айырбасталатын заттар бір-біріне ауыстырылатын болуы қажет немесе олай болмаған жағдайда, сатып алушымен келісімге келген тұлға сол сәтте бағаға иелік ету тиіс. Тауарлардың бағасы ауыстырылатын заттардан, мысалы дарагим мен динардан тұрса, онда табыс табу немесе достық үшін сату заңды.

Егер белгіленген баға айырбасталмайтын бірліктен тұрса (мысалы құл сияқты), онда сатып алушы бағасы белгісіз құнға тауар сатып алады - ол сату кезіндегі заңсыз мән-жайларды тудырады. Алайда, егер сатып алушы өзінің иелігіне құнмен сатып алса (егер құл бағаны және сатып алушының меншігін құраған секілді), онда достық сауда-саттық заңды; сондай-ақ табыс тек таразы және сыйымдылық өлшемдерімен өлшенетін, белгіленген немесе анықталған заттармен немесе ақшамен айтылған болса, онда табыс табу үшін істелінген сауда-саттық та заңды.

Егер сауда-саттық кезінде табыс құнның бөлігіне пропорциональ (мысалы бір дирхамдық табыс он деп, ал екі - жиырма және т.б.) айтылған болса, онда заңсыз, өйткені, құнға (құлға) қатысты баға белгіленбеген, сондықтан бұл талап жүзеге асырылуы мүмкін емес. Сол себепті барлық құнға жалпы табысты айту қажет.

Заттың бағасын көтеретін барлық қосымша шығындар оның бастапқы бағасына қосылуы мүмкін. Табыс табу немесе достық үшін сатушыға капиталдық сомаға ағартушының, бояушының немесе бедершінің (кенеп), тоқымашының (қағаз мата мен жүннің) немесе жүкшінің (бидайдың немесе т.б.) жалақысын қосуға рұқсат етіледі, себебі көпестердің салт-дәстүрі бойынша мұндай шығындар капиталдың сомаға қосылады, сондай-ақ сатып алынған заттың бағасын көтеруге септігін тигізетіннің барлығы капиталға көбейісті құрайды. Бұл жоғарыда аталғандардың барлығына қолданылатын жалпы ереже, өйткені, бояу, бедерлеу немесе тоқу заттың сипатына көбейісті құрайды, ал кенепті ағарту мен бидайды тасымалдау және т.б. оның бағасына көбейісті құрайды, себебі ағартылған кенеп қымбаттырақ бағаланады, ал бидайдың бағасы әр жерде әр түрлі. Сатушы шартқа қосымша ақыны алғанда немесе қосқанда: «Мен бұл затты мына бағаға сатып алдым» демей, «Бұл зат маған мынаншаға түсті» деуі қажет. Соңғы мәлімдемесі жалған болар еді. Ешкілерді бір қаладан басқа қалаға айдау бидайды тасымалдағанмен бірдей екендігін ескеру қажет;

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бірақ малшының еңбекақысы да, тауар сақталған үй-жайға төленген жалақы да бастапқы бағаға қосылуға жатпайды, себебі бұл шығындар заттың сипатына да, заттың бағасына да көбейісті білдірмейді. Осы секілді Құранды және т.б. оқытушының да еңбекақысы қосылуға¹ жатпайды, өйткені оқытудың салдарынан болған көбейіс әрине оқытушының бойындағы ақыл-ес пен қабілеттіктің арқасында, міне сондықтан да бағаның көбейісіне тікелей себепкер болып табылады; себебі көбейіс барынша шалғай оқытудың есебіне емес, тікелей себепкер болып отырған ақыл-ес пен қабілеттіктің есебіне жатқызылуы тиіс.

¹Сауда-саттық шартына.

Артық төлеу кезінде сатып алушы мәмілені жоя алады. Егер сауда-саттық кезінде табыс алу үшін сатып алушы баға белгілеу кезінде сатушының алдағанын анықтаса, онда Әбу Ханифа бойынша, сатып алушы өзінің қалауы бойынша мәмілені күшінде қалдыра алады немесе оны жоя алады.

(Тавлиат кезінде) артығын болдырмау. Егер алдау әзілдескен достық жәрмеңкеде орын алса, онда сатып алушы бағадан көрсетілген артықты алып тастауға құқылы. Абу Юсуфтың пікірінше бағаны қысқарту көрсетілген артыққа екі жағдайда пропорционалды болуы тиіс: бірақ достар арасындағы сату кезінде артығын бағадан шегереді, ал пайда үшін сату бағасынан да, дәл солай пайдадан да алынады. Мухаммед пікірінше екі жағдайда сатып алушы келісім шартты қалдыру және оны жою арасындағы таңдау жасай алады, олай етпесе, бағаны ескерту жай тұрақты нәрсе сияқты болып, ал достықты еске түсіру немесе пайда жөнінде айту қалауды тудыратын әрекетпен жүргізілді деп саналып, және сондықтан ескертуге түрткі болатын себепке, немесе келісім шартты жасауға түрткі болар себеп кемшілікке немесе зақым келтіруге қарсы кепілдік ретінде қарастыруға болады: осыдан, егер түрткі боларлық себеп болмаса, онда келісім шарттың әрі қарай орын алуы сатып алушының еркіне тәуелді. Абу Юсуфтың дәлелдемелері келесі мағынада – достық немесе пайда аталғанда екеуінің біреуі басым роль атқарады екен. Сондықтан қарастырылып жатқан сатукезінде сатушы: «Мен бұл затты бастапқы бағасымен достық үшін саттым» деп айтса немесе керісінше: «Мен бұл затты пайда алу үшін бастапқы бағасына саттым» десе, егер екі жағдайда да бастапқы бағасы белгілі болса сатылу жасалынған деп сналады. Ал егер осылай болса, онда аталған сомадан артығына пропорционал шегерім жасалып, тавлиат немесе мурабигат орнатылуы тиіс: тавлиат жағдайында бағасын шегеру орын алады, ал мурабигат жағдайында – бағасынан да және пайдасынан шегеру орын алады. Абу Ханифа достық келісім шартында алдағаны үшін шегеру жасалмайды, сонда сату тавлиат түсінігіне сәйкес емес, өйткені бағасы бастапқы бағадан артық болар еді, сондықтан достық келісім шарты табиғаты бойынша өзгереді: сондықтан шегеру сыйланады. Екінші жағынан, егер пайда үшін сату кезінде шегеру жасалмаса, онда сату бастапқы табиғатын сақтап және тек көлемі бойынша ғана ерекшеленеді, сатып алушы бұл сатып алудан келісім шартта қала алады немесе бас тарта алады осыдан, егер пайда үшін сату кезінде сатып алушы алдау туралы білсе, тауардың қандай да бір кем-кетістігі болатын болса, онда сатып алушы бүкіл беделді ережелерге сай өзі берген бағасына жауапты.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Мурабигат бойынша пайда бір затқа екі рет алынбайды. Егер кімде-кім қандай да бір затты сатып алып, оны екінші біреуге мурабигат бойынша сатса, және қайтадан бастапқы бағасымен бұрынғы сатушыдан бұрынғы бағасына сатып алып оны қайтадан мурабигат бойынша сатпақшы болып ниеттенсе, онда сату кезінде бағасынан шегеруді, соңғы сату кезінде іске асыру қажет (бұл бағаны бірінші сату бағасы бойынша есептеп), пайда сомасы екінші кезінде шегереді, егер осындай сатудан ештеңе қалмаса, онда затын мурабигат бойынша сатуға құқылы. Абу Ханифа пікірінше осылай. Оның екі шәкірті де затты соңғы сатуға негізделген пайдамен қосып сатуға құқылы дейді. Үлгі үшін келесі жағдайды қарастырамыз: қандай да бір тұлға он дарагимге мата сатып алды делік, содан соң оны он бес дарагимге сатып, қайтадан оны бұрынғы жерінен он дарагимге сатып алады. Егер ол матаны пайдасы үшін қайта сатуға ниеттенсе, онда бес дарагимге бағасын бекітіп пайда сомасын оған қосуы тиіс. Кімде-кім матаны он дарагимге сатып алып, оны жиырма дарагимге сатар болса, содан соң қайтадан бастапқы бағасына матаны сатып алсап, дәл он дарагимге, онда бұл жағдайда пайдаға үстеме қосып сатуға құқысы жоқ. Екі шәкірт те соңғы бағасына пайда қосып сатып алады дейді, дә атағанда он дарагим. Олардың дәлелдемесі келесі мазмұнда,- екінші сатып алу жаңа келісім шарт, ол бірінші сату келісім шартымен байланысты емес: сондықтан бұл жерде екінші келісім шарт болып саналатын пайда белгіленеді: осылай екінші сатып алушы үшін тұлғаға – сатып алушыға матаны сатса, ал бірінші сатып алушы оны үшінші тұлғадан сатып алса, онда бірінші сатып алушы соңғы бағасына матаны пайдасымен сатуға құқылы. Осылай қарастырылып жатқан жағдайда Абу Ханифа бірінші пайда екінші келісім шарттың көмегімен алынса, сатушы қайтадан матаны сатып алмайынша, сатып алушы байқаған кемшілігіне бола ол затты қайтарып осылай пайда жойылар еді, сонда кері сатып алу кезінде бұл мүмкіндік жойылып және пайда нақты және анық болар еді. Бірақ қауіп бар, мурабигат кезінде қауіптенуіне байланысты қауіпті орын алуы шын мәнінде орынды деп бар деп белгіленеді (осыған байланысты бейбіт келісімге келу үшін осы затқа пайда алу заңсыз: кімде-кім екіншісіне қарыз болса, он дарагим делік, онда өзінің несиелендірушісімен мәмілеге келіп, оған мата берсе, онда қарыз беруші бұл матаны он дарагим қосып пайда көруіне тыйым салынады, әйтпесе бейбіт келісімдер-бітімдер сый ақының бір бөлігінен бас тартудан тұрады). Аталған қауіпке алаңдап, сатушы екінші келісім шарт бойынша бес дарагимді матамен қоса он дарагимге сатып алғандай: сондықтан ол бес дарагимді бүтіннен шегеріп және «мата оған бес дарагимге сатылды» деп жариялауы тиіс және өзінің пайдасын осы сомадан шегереді. Егер екінші сатып алушы матаны үшінші тұлғаға сатса және бірінші сатып алушы оны осы тұлғадан кері сатып алса бірінші пайданы түсіру бекітіліп және екінші тұлғаның оны үшіншіге сатуының есебінен белгіленеді, оған бірінші сатушы матаны үшіншіден кері сатып алуы ықпал етпейді. Осылай бұл жағдайлар арасында айырмашылықтар айқын.

Құқығы ерекше құл мен оның қожасының арасында жасалған мурабигат. Егер құқығы ерекше құлдың қарызы көп болып, бірақ мата сатып алуға ниеттенсе (он дарагимге) және оны өз қожасына он бес дарагимге сататын болса, ал қожасы мурабигат келісімі бойынша бұл матаны сататын болса, онда ол он дарагимдік пайданы белгілеуі тиіс. Егер қожасы он дарагимге сатып алса және оны он бес дарагимге құлына сатар болса, онда құл бұл затты бес дарагимнен артық дарагим

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қосып сатуға ғана құқылы. Екі жағдайда да сату заңсыз: құл мүлкі оның қожасының мүлкі болып есептеледі, сондықтан қожасы өзінің меншікті мүлкін сатып алып тұр, екінші жағдайда өз мүлкін өзіне сатып тұр.

Қайраткер тұлға мен капитал меншік иесінің арасында жасалған мурабигат жағдайы. Егер кімде-кім екінші тұлғаға он дарагимді музарабат келісім шарты бойынша беретін болса, оны осы капиталға түскен пайда олардың арасында теңдей бөлінуі үшін және музариб немесе осылай белгіленген қызметті осы ақшаға мата сатып алса және оны өзінің сенімді тұлғасына он бес дарагимге сатса, ал соңғысы ол матаны пайдасымен сатуға ниеттенсе, онда ол он екі жарымнан артын артық жоғары баға белгілей алмайды. Бұл сатып алу меншік иесімен қызметкер арасында жүргенімен меншікті затын өз мүлкімен сатып алуды білдіреді: бірақ мұндай сатып алуды біздің ғалымдар заңсыз деп санайды. Өйткені меншік иесі меншік қызметкер қолында болғанда оған билік ете алмайды: ал мұндай билік сатып алу арқылы келеді, сонда сатып алу қалаған затын сатып алу болып заңды деп табылады. Соған қарамастан, бұл жағдайдағы заңсыз болып көрінген оқиға іс жүзінде заңды (сенімгер өз мүлкін өз мүлкімен сатып алып оның алмасып келуі мағынасыз болып есептеледі), сонда сату пайданың жартысына шаққанда өте аз деп белгіленіп: осы пайда он екі жарым дарагимге есептелінуі мүмкін.

Зат мурабигат жолымен сатылуы мүмкін, егер ол сатушының айыбынан емес кемшілік болса не егер сатушы аралықта затты бүлдірмей пайдаланған болса. Егер кімде-кім құл әйелді сатып алса, оның ұрып-соғылғаны байқалмаса, табиғи заң бойынша көзі көрмей қалса, онда бұл екі жағдайда сатып алушы мурабигат келісім шарты бойынша бұл жағдайлар бойынша ақпарат таратпай сатуға құқылы. Өйткені көзінің көрмей қалуы бұл әйелмен бірге тұру себебінен туындамайды, сондықтан оның бағасын жеңілдетуге себеп жоқ: өйткені бағаның ешқандай да блігі зат сапасымен баланбайды (егер заттың-мүліктің-құлдың сапасы сатып алып иеленуге дейін болған болса, онда оның құнына ешқандай жеңілдік берілмейді): сондықтан әйелді қолдағаны үшін де ешқандай жеңілдік берілмейді. Абу Юсуф пікірінше құл әйелді мурабигат жолымен сатқанда оның кемістігін айтып беру керек, яғни көзі көрмейтін зағип құлды сатуға құқысы жоқ: бұл пікірді шафида құптайды.

Егер кемшілік сатушы тарапынан жасалған болса не егер ол осы үшін сый ақы алған болса, онда мұндай бағадан тиісінше шегерім жасалуы тиіс. Сатып алушы құлды зағип етті делік, немесе басқа тұлғадан келгенде қиянат келтірілсе немесе сол үшін сый ақы алса, онда бұл екі жағдайда ол құлды мурабигат салты бойынша оның көзінің көрмейтіндігін жарияламай сатуға құқығы жоқ, әйтпесе сатып алушы (басқа тұлға) әдейі қасақана көзіне зақым келтірген, сондықтан бұл зақымы үшін пропорционалды есептеу жасалады; пәк құл қызбен жынысмытқ қатынасқа түсіп, оны сатар болса, онда осы ережені қолданады. Өйткені, қыз денесінде, оны бұзу зақым келтіру мен тең.

Егер зат кездейсоқ бүлінген болса, онда ол мурабигат келісіміне жарамды зат саналады. Егер матаны біреу сатып алып, ол отқа өрттенсе немесе құрт жесе, онда сатып алушы бұл жағдайларды хабарламай мурабигат бойынша сатады; бірақ, мата орау немесе бүктелуі кезінде жыртылған болса, онда сатып алушы оны жыртығы туралы жарияламай сата алмайды, өйткені, жыртылу өзінің әркетінен орын алды.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Тиімді мәміле келісімшарт кезінде төлемді кейінге қалдыруды жасырса сатып алушыға мәмлени жоюға құқық береді. Егер кімде-кім құны әлі төленбеген құлды мың дарагимге сатып алса, төлемін сатушы бірдестен төлеуін талап етсе, онда сатып алушы бұл мәмлени қалдыруға немесе жоюға құқылы, өйткені төлемін- төлеп бітпеу оны құнының артуымен тең, сондықтан көпецтер арасында төлесін кейін қалдыру құнының артуы деген түсінік бар. Пайда үшін келісу шын мәнінде солай болып қалады: Осыдан аталған тұлға екі затта мың дарагига сатқан сияқты, дәл айтқанда құлды, және төлемсін қалдыру, содан – соң сол заттардың біреуіннің пайдасымен сату, екі құнына балап сатса, онда төлем алдамшы, одан бас тарту мурабигат бойынша сату ережесінде көрсетілген. Сондықтан сатып алушы мәмледе қалуға да, немесе одан бас тартуға да құқылы. Егер кімде-кім сатып алынған затты бүлдіріп алса, содан соң сатушыны алдауы жөнінде біліп қалса, одан осының негізінде құнын кемітуге құқылы.

Немесе достық. Егер кімде-кім құлды мың дарагимге сатып алып, төлемін кешіктірсе, оны тағы басқа біреуге тавлиат бойынша мың дарагимге қолма-қол ақшаға сатса бірақ төлемінің кешеуілдеуін айтпаса онда, келесі сатып алушы бұл жәйлі біліп қалған жағдайда келісімшартта қалуға да құқылы. Өйткені, бұлай сатудан достық үшін де пайда үшін де сату кезінде бірдей қаралып алдауға тыйым салады. Егер, сатып алушы құлды кеміс етіп, оның төлемін кейін қалдырса, онда келісілген шарт бойынша оны бірдестепн төлеуі тиіс, ол аталған шегеруді бағасынан жасай алмайды, оған төлемін кейін қалдыруға болмайды. Абу Жүсіп сатып алушы сатушыға құнын төлеп, және одан бүкіл бағасын төлеуді талап ете алады, бұл яғни қарыз беруші нашар темір ақшаны қарызының орнына алып, оны өз ретінде жұмсап қойған соң білсе, онда сондай сападағы темір ақшаны қарыз алған тұлғаға қайтарып орнына дұрысын беруді талап етумен тең. Кейбіреулері зат құнын сатып алу кезінде бағалаған жөн деп санайды. Ал несиеге алу кезінде айырмасын сатушы сатып алушыға төлеуі тиіс екен. Жоғарыдағы айтылғанның бәрі сату туралы келісім шарттың талабы ретінде кейінге қалдырылған төлемге қосылады: егер мұндай шарт орын алса, онда төлем бірқатар уақыт өткен кезде орын алады, бұл оқиғаға пікірлер әртүрлі болып отыр. Келіспеушілік сатушы келесі пайда үшін сату кезінде немесе достық үшін сату кезінде жоғарыдағы жағдайды ескертуі тиіс пе жоқ па деген мәселе бойынша орыналып отыр. Кейбіреулердің пікірінше бұл жағдай шартпен бірдей. Біреулері сату қолма-қол ақыны төлеу мерзімді шегеруді болдырмайды дейді.

Достық бойынша сату кезінде баға белгіленуі қажет және сатып алушы баға белгіленгенге дейін одан бас тартуға құқылы. Егер кімде-кім достық бойынша бір затты сатса, онда «өз құнына сатып жатыр» деп жариялап, ал сатып алушыға бұл жөнінде айтылмаса (құнын білмесе) , онда сату бағаның белігісіз болуына байланысты орынсыз. Егер сатушы бағасын айтып мәмле жапсалған соң тарап кетсе, онда мәмле орындалды деп саналды, бірақ бәрі-бірде келісім шартты қалдыру немесе қалдырмаудың арасында таңдау күшінде қалады, өйткені олар айтқан келісім оның құнын беліглеу бойынша белгіленеді: оны белігілеп айтқан соң одан бас тарта алады. Осы сатудың орынды болуына негіздеме келісім шартты жасап біткен соң тарап кету ғана әсер береді. Сондықтын сатып алушы бағаны білгеннен соң жаңа келісімшартты бағасы жариялаудан соң жасалды деумен тең. Және ол келісімі жөнінде аталған мезетке дейін айтпауға құқылы. Егер тараптар тарап кетсе, мәмле жасалмай, құнын

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

көлемі жариялау жайлы сатып алушының хабардар болуы жойылмауы мүмкін. Бұл құны белгіленген матаны сату жағдайына тең, бірақ сатып алушы ол туралы білмейді: Бұлай сату заңсыз, бұл бір тарап кеткен соң бағаны жариялаумен тең сияқты.

Тарау

Жылжымалы мүлік қайта сатылмайды оны игеріп алмайынша

Жылжымалы мүлікті сатып алған кісіге оны қайта сатуға рұқсат берілмейді, ол оны алдымен иеленуі керек, не пайғамбар (с.ғ.с.) затты иеленіп алмай сатуға тыйым салған; дегенмен бұл болуы қиын нәрсе, егер тауар бұзылса немесе жоғалса оны иеленгенге дейін, бірінші сатудың құны болмайды, және мүлік бірінші қожайына қайтарылады, аталған кісі қандай жағдайда бөтенің мүлікін оның иесінің келісімінсіз сатып еді.

Бірақ та жерді алғашқы сатып алушы иелік етемін дегенше қайта сатылуы мүмкін. Жерді сатушы заңмен меңгергенше оны сату заңды дейді Абу Ханифа және Абу Жүсіп. Имам Мұхаммед айтуы бойынша ол заңсыз, өйткені жоғарыда келтірілген пайғамбардың нақыл сөздері сөзсіз және қолданысында бірғана жылжымалымен шектелмеген, және де оған ұқсас жылжымалы мүлікті сату жағдайыменде шектелмеген. Бұдан басқа жерді сату оны жалға беру ұқсас: басқа сөзбен айтқанда, жерді сату оны заңмен меңгергенге дейін және оны меңгергенге дейін жалға беру сияқтылар заңсыз болып табылады. Екі шәкіртте берілген жағдайда жарамды затқа байланысты заңға қабілетті тұлғалар тарапынан іске асырылатынын дәлелдеген. Сондай-ақ жерді жоло сирек орынға ие болады. Кейбіреулердің жалға беру ек шәкіртінде ойы бойынша да заңды деп Мұхаммед имам да еске салады. Егерде біздің шәкірттеріміздің ойы бойынша ол заңды болса, онда бұл пікір жерді жалға беру тек жердің өнертуындысы ретінде ғана жасалған дегенге негізделеді. Сондай-ақ оларды бұзу жалға алу кезінде орын алатын қарапайым іс. Бірақта бұл жойылуы сирек сатылатын жерлерге қатысты болуы мүмкін емес. Қорытындыласақ екі жағдай арасында ұқсастық жоқ.

Салмақ және көлем өлшемімен өлшенетін заттарды қайта сату кезінде екінші сатып алушы тараптан бұл заттар қайтадан тартылуы немесе өлшенуі қажет. Егерде кімде-кім көлемдік өлшемде анықталатын затты сатып алса, мысалы бидайды немесе салмақ өлшемі, былай айта отырып майды сатып алса: «Мен бұл бидайды салмағы бушелмен тең болғандықтан сатып алдым» немесе: «Бұл майды сен май шыққандықтан сатып алдым» десе және егерде бұл затты өлшеп және тартып алып ол өзіне алып басқаға салмақ пен өлшемге қатысты шартпен басқа біреуге сатып болса, онда басқа біреу өзі тартып және өлшеп көрместен бұрын оны сатушыға да сатып алушыға да сатуға немесесатып алуға тиым салған. Бұдан басқа заттардың мөлшері аталғаннан көп болуы да мүмкін, онда артығы сатушының меншігі болып табылады, ал сатып алушының меншігі бола алмайды. Басқа іс: өлшемге қатысты ешқандай шартсыз сауда көзбен өлшеуге бағынса, онда мұндай жағдайда артығы сатып алушының қатысуымен болған жөн, себебі өлшеу сатушы тарапынан да сатып алушы тарапынан да болған жөн. Ал бұл атаулар сауда жасалғаннан кейінгі тарапқа қана жарамды. Теңдей түрдегі өлшемді сатушы саудадан кейін іске асырса, онда ол жарамсыз. Егерде ол сатып алушы қатысқанда ескерілмесе, өлшеудің мақсаты

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сатылған затты беру деген сөз, ал мұндай сатып алушы қатыспаған кезде болуы мүмкін емес.

Егер зат сатып алушының қатысуымен саудагер тарапынан өлшеніп, мөлшерленіп берілсе, онда соның өзі жеткілікті. Сатып алушының қатысуымен саудадан кейін тауарды тек саудагер өлшеп берсе жеткілікті ме? Сатып алушы өзінің өлшемімен тексеру қажет емес пе? деген сұрақ туындайды. Кейбіреулердің айтуынша жоғарыда келтірілген аңыздардың түсінікті мағынасы бойынша сатушының өзі ғана жасаған тауар өлшемі жеткіліксіз. Бірақта көп беделді ғалымдардың айтуы бойынша мұндай өлшеу жеткілікті, өйткені саудагер тарапынан өлшеу арқылы оның санын (мөлшерін) орнатады және толықтай беріледі. Жоғарыда келтірілген аңыздар екі келісімді біріктіреді. Мысалы: кімде-кім затты мөлшерлеп, өлшеп, өзінің иелігіне қабылдай отырып басқа біреуге береді. Ал бұл жағдайда екінші сатып алушы затты өзі өлшеп көруі қажет, ал бірінші сатып алушы тарапынан жасалынған өлшем жеткіліксіз болып табылады.

Ұзындығының санымен өлшемі анықталатын заттарды сату кезінде екінші сатып алушы тарапынан затты қайта санау немесе өлшеу қажет етілмейді. Екі шәкіртінде осы туралы ойын жеткізетін. Санмен анықталатын заттар ұзындық өлшемі анықталатын заттарға ұқсас, яғни егерде кімде-кім зат мөлшері белгілі бір санға теңеліп және басқаға дәл осы шартпен сатмын деген шартпен затты өз иелігіне сатып алса және қабылдаса, онда басқа біреудің өзі сатып алған нәрсесін қайта санауға міндетті емес, өйткені мұнда жалғандық болуы мүмкін емес. Абу Халифаның пікірін жеткізейін, санмен анықталатын заттар салмақпен анықталатын заттарға ұқсас, өйткені айтылған санға қарсы. Олардың артығын қабылдауын сатып алушыға рұқсат етілмеген.

Сатушы өзінің мүлкінің бағасына иелік ете алады. Сатушының әрқандай әкiсi тауардың бағасына қатысты оны шын мәнінде иелік еткенге дейін (сыйлық, сату, жалға беру немесе бас тарту болсын) заңды ол ақшалай не заттай бағасы анықталған ба оған қарамастан. Оның заңдылығына негіздеме, дәл-меншік құқығы, сатушыға орнатылған, және акт лайықсыз етілмейді (жылжитын затты иеленуге дейін сату кезіндегі жағдайдағы секілді), не егер бағасы дарагим және динармен көрсетілсе, онда ол белгілі емес және сондықтан да жойыла алмайды; ал егер ол басқа заттардан тұратын болса, онда сату оны жойғанмен де күшін жоймайды, себеп сатып алушы оның құнын төлеу керек. Сатып алынған зат-басқа іс: оны сату оны иеленгенге дейін өтірікке алып барады жоғарыда түсіндіргендей.

Тараптар мүлікке немесе бағаға қатысты тараптап үстемелеуге немесе кемітуге құқылы. Сатып алушы сатушының пайдасына бағаға үстеме қоя алады, ал сатушы сатып келістіруге алушының пайдасына тауар бағасын төмендетуге құқылы. Сатушы сатып алушының пайдасына бағаны теңдей төмендете алады, ал бұл үстеме мен кеміту бастапқы келісім-шартқа ендіріледі (яғни үстеме жағдайында бастапқы және қосымша бағаның немесе мүліктің саны. Ал түсіру жағдайында заттың бағасын құраушы, есептеуден кейін шыққаны). Осыдан бірінші жағдайда сатушы бастапқы бағаға немесе оған қосындыға ие болуға құқылы, ал екінші жағдайда сатып алушы бастапқы сату затына немесе қосымша заттарға ие болуға құқылы. Шафий имам және Зуфар имамның пікірінше үстеме бұл тек игіліктің пердесі, сондықтанда сауданың

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бастапқы шартына ендіріле алмайды. Егерде олай болса, одан шығатыны белгілі тұлға өзінің меншігін өз меншігіне айырбастауға береді, демек баға көтерілгенге дейін бастапқы бағаның орнына зат сатып алушының меншігін алдын оның меншігі болып табылғанға айырбастауға беріледі. Дәл осындай екінші жағдайда да баға үстемеге дейін сатушының меншігі болып табылатын, одан кейін ол тауар қоса отырып өз меншігін өзінің меншігіне айырбастауға береді. Теңдей түрде сатушы тарапынан бағаның төмендеуін бастапқы шартқа ендірілмейді немесе бұған жедел түрде дарын деп қарау қажет.

Қарсылық: Мұндай қорытынды жасауға болмайды. Төмендетілген бағаға қалғандары барлық тауарды алмастыруға берілген деп есептелінеді.

Жауап: Қалдықты барлық тауардың эквиваленті деп есептеу мүмкін емес. Әйтпесе төмендеген бағаға қатысты ешқандайда келісім-шарт болмаған болар еді. Ал ескі келісім толықтай бағаға қатысты.

Біздің ғалымдар талқылайды, яғни сатып алушы және сатушы қосумен және қысқартумен келісімдегі тек бір заңды нәрсені екіншісімен ауыстырады; және тараптар келісімді бұзуға биілігі бар, онда олардың келісімнің мәні жоқ қасиеттеріне қатысты өзгеріс енгізуге әбден құқылы. Мұндағы жағдай сол егер тараптар тандау құқығын жойып жіберсе немесе оны келісімді жасағаннан кейін орнатса. Бірақ тараптар келісімшарттың тиістілерін өзгеруге қосу және қысқарту арқылы құқылы, осыдан бастапқы келісімшартқа қосылған көбейту не азайту деген не, себеп заттың тиістілігі сонымен байланысты, ал ол дербес бола алмайды. Егер сатушы барлық қысқартса онда басқа сөз: мұндай қысқарту бастапқы келісімшартқа енгізіле алмайтын еді, себеп бұл жағдайда өзгеріс айтарлықтай қасиетке қатысты болар еді, келісімшарттың тиістілігі емес. Сонымен қатар қосу немесе азайту бастапқы келісімшартқа енгізілсе не болар еді, тараптардың жеке мүліктерін айырбас ретінде өз мүліктерін беріп жатқанын білу керек емес пе, өйткені бастапқы келісімшарт осы қосу мен азайтуға қатысты емес пе екен. Бастапқы келісімшартқа қосу мен азайтудың енгізудің пайдасы бар екені анық егер сатуды пайда үшін немесе достық жасаған жағдайда, не әлдекім затын пайдасы үшін сатушыға сата ма, оны сатып алушы үшін бағасын көтере ме, онда соңғысы өзінің табысын бірінші және қосалық бағаға қоса есептеуге қақысы бар, қысқарту кезіндегідей; басқа жағынан қарағанда оның табысы қалған сумманы есептегеннен кейін есептелуі қажет. Мұнан түсетін пайда анық шифат жағдайындағыдай. Шифат құқысы бар кісі сатылатын затқа қысқару болған жағдайда қысқарған бағаға айырбасқа қақылы.

Келіспеу. Қысқарту немесе қосу бастапқы келісімшартқа енгізіледі, онда осыдан қосу кезінде кісі, шифат құқына ие болса, заттың сатылу бағасын бастапқы және қосымша құнына тең бағаға қабылдап алуы керек, оның орнына, оны (қарастырып отырған жағдайда) тек бастапқы бағаға қабылдау керек.

Жауап. Бағаға қосу жағдайында кісі, шифат құқына ие болса, заттың сатылуы бағасын бастапқы бағамен қабылдап алады, өйткені оның құқы бастапқы бағаға қатысты, және ол сатушы не сатып алушының билігінде емес бұл құқықты жойып жіберетін.

Сатып алушының қолында зат жойылғаннан кейін баға көтерілуі мүмкін емес. Сатып алушының иелігіне тауар жайылғаннан кейін көтерілген бағалардың бәрі

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

әсерсіз («Закири – Риваяту» бойынша), өйткені жауап заңды алмасуда рұқсат етілген жағдайда болмаған.

Қарсы пікір: Зат жайылғаннан кейінде бағаның көтерілуі күшінде қалатындай болып көрінеді. Заттар ауыстыруға болмайтын жағдайда болмаса да, заттарды ауыстыруға үстеме заңды қойылатын жағдайда болғанда ғана үстемелеп бәрібір бастапқы шарттың құрамына енеді.

Жауап: Егерде тауар тез арада мүлікке алмастыруға болатын жағдайда қалса, онда мұндай алмасу жедел іске асырылып, ал одан кейін келісім-шарт жасауға уақытылы апаруға болатын. Әйтпесе зат осы кезде алмастырылып, кейін уақыт өте келе келісім-шартты жасауға апарылуы мүмкін болатын. Бірақта дәл осы жағдайда тауар болмағандықтан жедел түрде меншікті алмастыруға болмайды, онда оны кері қайтару мүмкін емес. Сондықтан бағаны көтеру пайдасыз.

Жедел төлем мерзімді төменге қаратылуы мүмкін. Егерде кімде-кім жедел төмен шартымен зат сатып ала отырып оны белгілі бір уақыт өткеннен кейін алуға келісім берсе, онда бұл заңды. Өйткені баға саудагердің өз билігінде орналасқан. Егерде ол одан бас тартуды қаласа, өзінің билігі сияқты оның құқығы бар. Ол сатып алушыға пайдасымен қолайлы болу үшін осы төменмен бірге болашақ төмендерге келіседі. Егерде шартталған төлемнің мерзімі белгісіз болса (мысалы: жел тұрған кезде төлем төленуі тиіс), онда бұл заңсыз. Егерде қарама-қарсы, белгісіздіктің дәрежесі аз-маз болса (мысалы: егін ору немесе қырман басу сияқты), онда бұл заңды.

болдым» десе, мұндай жағдайда кепілгерлік заңды, бірақ талап заңсыз, өйткені, қарызды тез арада төлеу міндетті болып табылады, себебі кепілгерлікті талапқа тәуелділікті ету заңды, және осылайша айыру және еркіндікке жіберу секілді, ол талаптың жарамсыздығы салдарынан заңсыз болып табылмайды.

Егер кепілгерлік белгілі соманы шектемей берілсе, онда оның мөлшері куәгерлермен, ал ондайлар болмаса, онда кепілдік берушінің арызымен расталады. Егер кепілдік беруші несие берушіге: «Мен қандай да бір адамның қарызы үшін кепіл боламын» деп айтса, кейіннен куәгерлермен расталса, онда қарыз мың дарагимге тең келеді, онда кепілдік беруші берілген сома үшін жауапты, өйткені куәгерлердің түсініктемелерімен дәлелдеу жеке барып, көрген дәлелдеумен бірдей. Бірақ егер қарыздың мөлшері куәгерлермен белгіленбесе, оларға сенім білдірушінің кепілгерлік берген қандай соманы мойындауы арызына сенім білдіріледі, өйткені, олардың мойындағанынан артық сомада ол жауапкер болып табылады. Сондықтан, егер борышқор сенім білдірушіге қарағанда жоғары соманы мойындаса, онда мұндай мойындаудың сенім білдірушіге қарсы күші болмайды, өйткені, басқаға қатысты мойындаушы немесе арызданушы бола отырып, ол заңсыз, себебі мойындаушы тұлға басқаның үстінен билікке ие емес. Алайда бұл мойындау өзіне қатысты күші бар, өйткені ол өзіне өзі билік ете алады.

Кепілгерлік борышқордың келісімімен де, келісімінсіз де берілуі мүмкін. Борышқордың келісімімен де, келісімінсіз де кепілгерлік беруге болады; бұған қатысты аңыздар борышқордың келісімімен кепілгерлікке шектеу қоймайды. Осылай болса да, кепілгерлік міндеттеме бола отырып, сенім білдірушінің өзіне қатысты несие беруші үшін пайда әкелетін, ал борышқорға залал келтірмейтін мәмілені құрады. Егер сенім білдіруші борышқордың келісімінсіз міндеттенсе, онда ол кейінгі үшін төленген соманы қайта талап етуге құқығы жоқ, немесе бір жағынан алғанда кепілгерлік оның келісімімен берілген болса, онда борышқор осылайша өзінен сенім білдірушінің қайта талап етуге келісімін бергені болады, ол үшін кейінгі тұлға борышқордың келісімімен қарызды төлету құқығына ие, дегенмен борышқордың келісімінсіз кепілгерлікті берген жағдайда қайта талап етуге құқығы болмайды, өйткені мұндай төлем сыйға тарту сипатына ие.

Сенім білдіруші борышқордан сыйақыны талап ету құқығына ие болатын немесе ие болмайтын мән-жайлар. Сенім білдіруші, борышқордың еркі бойынша қабылданған міндеттемелеріне сай, борышқордан оның есебіне өзі төлеген соманы кері талап етуге құқылы екендігін ескерген жөн. Осылайша, мысалы қарыз сапасы жақсы мың дарагимге тең болса және несие берушіге осындай мың дарагимді төлесе, онда дәл осындай мың дарагимді кері алуға құқығы бар. Бірақ егер сапасы жақсы мың дарагиммен кепілдік ете отырып, өзі міндеттенгеннен өзге, несие берушіге төмен сапалы мың дарагиммен төлеген болса, немесе керісінше, онда ол кейінгінің еркі бойынша өзі кепіл болған борышқордан барлық соманы алуға құқылы. Сенім білдіруші қарызды өтеуі салдарынан оның меншік иесі болып табылады және сыйға беру немесе мұрагерлікке (мысалы несие беруші оған борышқор беруі қажеттіні сыйға беріп, қарызға иелік етуіне мүмкіндік берген секілді; немесе сенім білдіруші қарызды мұрагерлікке алса; немесе егер қарыз өткен тұлға жоғарыда аталған тәсілдердің бірінің арқасында меншік иесі болса) алғанда қожайыны болған сияқты, несие берушінің

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

орнын басады. Қарызды төлеуді біреуге беру жүктелгені, ол бір басқа әңгіме. Егер қандай да бір тұлға басқаға қарызды өз есебінен төлеуді жүктесе және ол оны орындаса, қарыз сапасы төмен дарагиммен жүргізіліп, ал төлем сапасы жоғары дарагиммен төленсе де, онда басқадан оның есебінен төленген толық соманы алуға құқығы бар. Өйткені мұндай тапсырма жүктелген тұлға өзіне ешқандай жауапкершілікті алмағандықтан, мұндай төлемге байланысты оның меншік иесі болуға құқығы жоқ. Егер кімде-кім мың дарагимдік қарыз үшін кепіл болып, оған бес жүз дарагим төлей отырып, несие берушімен бейбіт келісімге келсе, бір басқа іс; мұндай жағдайда сол тұлға борышқордан тек бес жүз дарагимді алуға құқылы болады, өйткені бейбіт мәміле қарыздың бөлігін жойған іспетті, сондықтан да бұл егер несие берушінің қарыздың бір бөлігінен бас тартқаны секілді жағдай, ал несие беруші қарыздан бас тартқан жағдайда, сенім білдіруші борышқордан бір нәрсе алуға құқылы емес, демек, бейбіт келісім кезінде де, ол өзі шын мәнінде төлегеннен артықты алуға құқылы емес.

Ол шын мәнінде борышқордың міндеттемесін өтемейінше, өтем талап ете алмайды. Сенім білдіруші, оның есебінен төлем жасамайынша, борышқорға талап қоюға құқығы жоқ, өйткені ондай төлем жүргізбейінше, ол қарыздың қожайыны бола алмайды. Сатып алу кезіндегі сенімді тұлға бір басқа іс. Ол сенім білдірушіден төлем жүргізілгенге дейін тауардың құнын алуға құқылы. Бұл сенім білдіруші мен өкілдің арасында айырбас шарты болуымен түсіндіріледі, өйткені меншік құқығы алдымен өкіл үшін белгіленеді, содан кейін сенім білдірушіге өтеді. Осылайша сатып алушы мен сатушы секілді бір-біріне қарым-қатынаста, өкілге сенім білдірушіден бағасын алғанға дейін тауарды ұстап тұруға рұқсат етіледі.

Бірақ ол несие беруші секілді әрекет ете алады. Егер несие беруші сенім білдірушіні төлемді талап етуімен мазаласа, онда сенім білдіруші дәл осылай борышқорды да мазалай алады. Егер сенім білдіруші несие берушінің талабы бойынша қамалса, онда ол борышқорды қамауды талап ете алатындығына тең.

Ол борышқордың қарыздан босатылуы салдарынан кепілгерліктен босатылады, бірақ борышқор сенім білдірушінің босатылуы салдарынан міндеттемелерінен босатылмайды. Егер несие беруші борышқорды қарызынан босатса немесе одан төлем алса, онда сенім білдіруші өзінің міндеттемелерінен босатылады, өйткені қарыз шын мәнінде борышқордың міндеттемесін құрайды. Бірақ егер ол сенім білдірушіні босатса, онда борышқор (немесе ол үшін кепілгерлік берілген тұлға) қарызынан босатылмайды, себебі кепілгерлік басты қарызға тәуелді және сенім білдіруші талап етілген жағдайда ғана жауапты, ал борышқордың міндеттемесі талап етілгенге қарамастан бар болады.

Төлем мерзімі ұзартылған жағдайда. Егер несие беруші борышқорға төлем мерзімін ұзартса, онда ол сенім білдірушінің де міндеттемелеріне таралады, бірақ ол сенім білдірушіге мерзімін ұзартса, онда ол борышқорға қатысы жоқ, өйткені мерзімін ұзарту уақытша бас тарту бола отырып, толық бас тартуға ұқсастық қана болып табылады. Шұғыл төлем міндеттемесі кезінде несие беруші төлем кепілгерлігін бір айдан кейін қабылдаса бір басқа іс. Мұндай мерзімін кейінге қалдыру борышқорға пайдалы, өйткені бұл жерде қарызбен байланысты міндеттемені құрап отырғандықтан, кепілгерлік жасалынған уақытта шұғыл төленуді қажет еткен болар еді.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Несие берушімен бейбіт келісімге келген кепілдік беруші өзін де, борышқорды да кейінгі талап етулерден босатады. Егер қарыз мың дарагим кезінде кепілдік беруші бес жүз дарагим төлей отырып несие берушімен бейбіт келісімге келсе, борышқор да, кепіл беруші де қалған бес жүз дарагимге қатысты өздерінің міндеттемелерінен босатылады. Сенім білдіруші мың дарагимді құрайтын өзі сенім білдірген тұлғаның қарызына бейбіт келісімге келгендіктен, осылайша борышқор бес жүз дарагимді төлей отырып, өзінің міндеттемелерінен босатылады, өйткені бейбіт келісім дегеннің өзі қарыздың бөлігін жояды, ал борышқорды өзінің міндеттемелерінен босату сенім білдірушіні босату салдарынан орын алып отыр.

Және бейбіт келісімде өзінің төленген сомасын борышқордан талап етуге құқылы. Мұндай жағдайда егер кепілгерлікті оның келісімімен берген болса, онда борышқордан өзінің бес жүз дарагимін алуға құқылы. Егер кепілдік беруші бейбіт мәміле бойынша өзге текті затты берсе (егер дарагимдердің орнына динардың белгілі бір мөлшерін немесе басқа бір тауарды төлеуге келіскен секілді) ол бір басқа. Бұл жағдайда ол қарыздың толық төленуін талап етуге құқылы, өйткені мұндай мәміле өзінің жаратылысы бойынша алмасу шарты болып табылады, және кепілдік беруші төленгенге дейін қарыздың қожайыны болып табылады.

Бейбіт келісім бойынша өзін міндеттемелерден босататынын айтқан кепілдік беруші, борышқорды өзінің міндеттемелерінен босатпайды. Егер кепілдік беруші несие берушімен бейбіт келісімге келсе, өзін кепілгерлік бойынша өзінің міндеттемелерінен босаттым деп айтса, онда бұнымен борышқор босатылмайды, өйткені бейбіт келісіммен тек кепілдік берушінің өзінің міндеттемелері босатылады. Осылайша, егер кепілдік беруші мың дарагимді қарыз үшін несие берушімен жүз дарагимге бейбіт келісімге келсе, басқа сөзбен айтқанда егер несие беруші жүз дарагим үшін қалған міндеттемелерінен босатуға келісім берсе, онда кепілдік беруші жауапкершіліктен босатылады; және егер ол кепілгерлікті борышқордың келісімі бойынша берген жағдайда ғана ол жүз дарагимді қайтарып алуға құқылы, ал несие беруші қалған тоғыз жүз дарагим үшін борышқорға деген өзінің шағымын сақтап қалады.

Оның жауапкершіліктен босатылғандығын білдіретін сөздерден борышқорға қойылатын қатынастар құқығының тәуелді болатын жағдайлары. Егер несие беруші кепілгерлік берген кепілдік берушіге борышқордың өтініші бойынша: «Менің тарапымнан болатын шағымдардан сен босатылдың» деп айтса, онда кепілдік беруші борышқордан аталған соманы алуға құқылы, өйткені, грамматика ережелері бойынша бұл затқа қатысты «дан, тан» және осы затқа байланысты талапкерге қатысты «менің тарапымнан» деген ұғым қолданылған сөйлем болып табылады. Сондықтан несие беруші шағымды жоятын сөзді айтқан болып табылады; осы себепті кепілдік беруші өзін кепілгерлік берген тұлғадан төлем алуға құқылы. Ал егер несие беруші тек: «Мен сені босаттым» деп айтқан болса, онда кепілдік беруші борышқордан бірден алуға құқығы жоқ; ол бұл жерде басқаға қатысты бұл босату әрекеті туралы ескертусіз босатылады, ал мұндай босату жойылған есепті, бірақ өтеу туралы арызбен емес. Егер де ол: «Менің тарапымнан» дегенді қоспай, «Сен боссың» деген болса, онда осы жағдайға байланысты біздің ғалымдарымыздың арасында келіспеушілік туды. Мұхаммед имам бұл жағдай: «Мен сені босаттым» деген екіншісі сияқты десе, Әбу

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Юсуф бұл жағдайға: «Менің тарапымнан болатын шағымдардан сен босатылдың» деген біріншіге ұқсас дейді. Ал кейбіреулер барлық осы жағдайларда, егер несие беруші айқын болса, осындай күмәнді сөйлемді қолданған одан түсініктеме талап ету қажет дейді.

Кепілдік беруден азат ету шартқа тәуелді ете алмайды. Кепілдіктен азат етіп, шарттың түсуімен тәуелді етуі заңсыз; мұндай азат ету, басқа түрдегі азат ету секілді, меншікті бөлу құқығына меңзейді, ал меншікті бөлудегі созу заңсыз (м, сый ету, меншікті бөлу құқы сол мезетте күшіне ену керек, немесе ол жарамсыз). Риуаят бар, осындай созу заңды деген, не кепілдік беруші талапқа жауап береді, қарызға емес, көрініп тұрғандай мұндай азат ету, ажырасумен бірдей, жәй ғана жойып жіберететін секілді және сондықтан да кепілдік берушінің келіспегенімен жойылып кетпейді; және демек, кепілдік беруден азат ету тек жойып жіберу секілді көрінеді, мұнан шығатын қорытынды, яғни оны шарттың орындалуымен тәуелді ету заңды, ажырасуда не еркіндікке жіберген секілді

Есесін қайтару не жазалау жағдайында жұмсау жарамды, егер ол бетіне бергенде. Әрбір құқықтық қатынаста тапсырыс іске қосылмайды, жазалау немесе жазаға тапсырыс беру жолында жүзеге асыру мүмкін емес, болмаса денені жазалау арқылы тапсырыс берілмейді. Бірақ, қылмыскерді жеке өзін жәбірлегенде заңды түрде тапсырыс беріледі.

Сату кезінде кепілдік беру затқа емес бағаға беріледі. Сатып алушы жағынан бағаны төлегенде заңды түрде тапсырушы болуға болады, немесе баға қарыздан құралады, бірақ тауар сатушы жағынан заңсыз кепілденеді, болмаса бұл сый ақыға берілетін заттың жойылмауы қамтамасыз етіледі. Барлық ғұламалардың айтуынша затқа тапсырыс беру, және оның қайталамас етілуіне тапсырыс берілуі заңды, мысалы: зат сатуға келмейтін, толығымен сатып алынған зат болса, немесе заңсыз алынған зат болса, бірақ ол басқа туыстағы зат емес болса, мысалы:зат кепілдікте немесе сатуда тұрса, немесе сақталуда тұрған зат болса, жәйға алынған зат тауар тәрізді капиталда тұрған болса. Егер сату кезінде, сатушы бағасын төлегенде , болмаса кімде-кім сатылып қойылған затқа тапсырыс берген де немесе алады-ала төлегенде, алдын-ала төленіп қойылған затты қайтарып беруге тапсыр беру, немесе жалдаған жағдайда жалға алынған затты жалдаушыға қатарып бергенде, онда тапсырыс жүзеге асады тапсырсты орындаушы өзінің міндетті орындайды.

Белгілі бір жануарға жұмыс істету арқылы кепілдік беру жарамсыз. Егер кімде-кім жануарға ауыр жүк тасымалдаушы етіп жалдаса, ал басқаны жануар емес оны тасымалдануына тапсырыс берген болса, онда ол тапсырыс заңсыз, ондағы жануар басқа біреудің меншігі болып саналады. Мұнда, белгілі бір жануардың жалданғаны жатады. Егер жануар белгісіз болса, онда тапсырма заңды болады, өйткені тапсырма беруші жануарды өзінің меншігіндегі тауар зат тасымалдаушысы деп көрсетеді. Кімде-кім құлды тапсырыс орындамайтын қызметкер ретінде жалдаса, осыған дейін құл қызметін орындаса, ол заңды емес, өйткені, құл тапсырыс берушіні меншігі емес, ол құл қызметін орындауға билік ете алмайды.

Келісім шарт кредитордың келісімімен тапсырыс берілуі тиіс. Егер кредитордың келіспеушілігі мен берілген келісімшарт тапсырысы заңсыз болады. Бұл Абу Ханифа және имам Мухаммед ойымен айтылған.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Абу Жүсіп мақұлдағандай, келісімшарт тапсырысы жарамды, егер кредитордың келісімінсіз болса, ол өзінің келісімшартында және келісімі оның өтінішінен кейін мақұлданған болса, қажетті шартты құрамайды. Бұл көзқарас меншікке тапсырыс берушіге және тапсырыс беруші азаматқа біркелік беріледі. Абу Жүсіп мақұлдауымен, ол тапсырыстың өз міндеттері бар, сондықтан азаматтарды бір-бірімен байланыстырады. Осыдан бұл кредитордың келісіміне байланысты болмайды; Бірақ бұл сұрақтардың шешімінің себептері, неке қию кітабында көрсетілген. Ол Фузулидің некесін қию кезінде айтылған жерінде көрсетілген. «Тапсырыс берушінің өтінішінде ол белгілі заттың егесі болу керек, осыдан әйгілі азаматты жағынан келісім шарт пайда болады. Бірақ бұл кредиторға қатысты келісімшарт, оның келісіміне қатысты болады». Екі шәкірт және басқа ғұламалардың айтуынша, сенімділік құқық туғызады. Басқаша айтқанда тапсырыс беруші кредиторға келісімшартқа тұрғаннан кейін өзінің міндеттері мен құқықтарын көрсетеді. Осыдан келісімшартты бекіту үшін екі міндетті жүзеге асырады: Тапсырыс берушімен келісімі (сөзі) және кредитордың келісімі (сөзі)

Тек қарыздар адам қайтыс болған жағдайда ескертілмейді. Бір жағдайда ған ескертілмейді, науқас өзінің мұрагеріне айтқанда «барлығына тапсырыс беруші болып мен міндетімін» және мұрагерші кредитордың қатысынсыз тапсырса келісім бергенде бұл жағдайда кредитордың қатысуынсыз күшіне енеді. Бұл екі себептермен түсіндіреді. Біріншіден, кредитордың келісімінсіз жарамды. Екіншіден, науқас өзінің кредиторына тапсырысы пайда болғанда ол өзінің міндетінен бас тарту қажет еткен де, сондықтан бұл кредитор үшін тиімді болады.

Қеліспеушілік. Егер науқас өзінің кредиторына уәкіл болғанда онда оның келісімшартқа қатысуына қажетті шарттарды құрайды, егер ол кредитормен қатсықанда айқындалады: «барлығына тапсырыс беруші болып, мен міндетімін деген келісімшартқа тұруға жеткіліксіз, ол уәкіл арқылы жарамдылығын жектілікті екенін көрсетеді.

Жауап. Тапсырыс беруші науқастың сөзін негіздегенде оның қатысуына қажетті шарттарды қажетті шарттарды талап етпейді. Болмаса осы сөздің мәніне және науқастың құштарлығымен қорытындыланады, ондағы тапсырыс орындалуына, сондықтан оның сөзі некелеу шартындағы бұйрықтармен ұқсас болады.

Қайтыс болған азаматтың есесінен тапсырысты қайта алмау жағдайда. Егер қарызы бар адам қайтыс болғанда мүлігін қалдырмағанда, оның кредиторына тапсырыс берсе, Абу Ханифа бойынша мұндай тапсырыс жарамсыз болып есептеледі. Ғұламалардың екеуі де заңды дейді: Оның өзі қарыз, оны ешкім жаппаған, оның болашақ өмірінде заңға жатса да онда қарызы бар адам қарызын жаппаса құдайдың алдында қылмыскер болып саналады. Бұл қарыз заңда сыйға тарту ретінде төленеді. Осы өмірдегі заң бойынша жойылған тапсырыс беруші қарызға береді.

Қарызданушы (борышкер) берілген сумманы төлегеннен кейін кредитордан бұл суманы қайта талап етпей, қанағаттанады. Егер бір адамның құштарлығымен мың дарагим берсе, ол қарызданған адамның өзі, кредитордың қанағатпын дегенге дейін қарыз алушы тапсырыс берушіге мың дарагимді төлеуге бергенде, онда қарызданушы қайта қайтарып алуға құқығы жоқ, ол екі негізбен берген ақшасын, біріншіден, мың дарагимнің иесі кредиторға оны төлеу мақсатымен бергенде құқылы

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болу. Мұндай мүмкіндікте қарызданушы қайтарып алуға құқысы жоқ. Екіншіден, тапсырысты алушы суммаға ие болғанда түсіндіреді. Егер ол қарызды төлегеннен кейін табысты болатын болса, онда өз меншігіне құқылы. Ал ол төленге дейін алатын болса, онда алғаннан кейін тез арада меншікті болады. Бұл тапсырыс берушінің қарызданушыға қояр талабы болатын, яғни кредитор оған талабы бар екені түсіндіреді. Бірақ, қарызданушыға тапсырыс берушіге зат қарыз болса, онда осыдан қарызданушыдан төлемді алған бойынша ол меншікті болады.

Қарызданушының кепілдік берушіге жоғалтқанын орнын толтыру үшін мүлік берген жағдайы. Егер кепілдік беру кура астық беруге қатысты болса, және қарызданушы тапсырыс берушіге оны сатып табысты болсын деп бергенде, онда соңғысы, заң көзімен қарағанда, жоғарыда көрсетілген негізге сәйкес тапсырыс берушіге тиісті болса, онда затты алу үшін меншіктік құқығы күшіне енеді. «Хидая» авторының көзқарасы бойынша қарызданушыдан келіп түсетін табысты тапсырыс берушіге беру үшін, ол мақтанарлықтай, бірақ бұл заң жүзінде міндетті емес. Ғұламалардың айтуынша мұндай табыс тапсырыс берушіге тиіселі болса, онда қарызданушыға бермеу қажет. Абу Ханифаның айтуынша («Джами-ус-Сағирдің» бір жерімен келісе отырып), тапсырыс беруші мұндай қайырымдылық істен табыс алуы тиіс. Екі шәкірттің қорытындысы бойынша, болашақта алынған меншік тапсырыс берушінің еншісі болып қалады. Бұл пікірді Абу Ханифаға итермелеп отыр, басқасы секілді де, яғни-тапсырыс беруші табысты қайырымдылық істерге жұмсауы қажет. Екі шәкірттің дәлелі мынада, яғни тапсырыс берушінің мүлікінің есебінен алынған табыс оның меншігіне айналады. Абу Ханифа меншіктің болуына байланысты болса да жақсылықтың қадірін білмеу болып отырғандығын дәлелдегісі келеді, өйткені, қарызданушының тарапынан тапсырыс берушіден кері астық курасы алынды және ол кредиторға өткізеді; немесе астықты тапсырыс берушіге өткізе отырып ол білді, тапсырыс беруші оны кредиторға өткізетінін. Бірақ лайықсыз әрекет бұл жерде мынадан көрініп тұр, яғни заттың кімге тиіселі екені анықталды, және бұл жақсылықты көре алмаушылықты жою табысты қайырымдылық істерге жұмсауда немесе оны қарызгерге беру, себеп жақсылықты көре алмау оның құқы заңның құқы емес.

Айнитті сатумен құтылған кепілдік берушіліктің жағдайы. Егер кімде-кім қарызгердің қалауымен мың дарагимге қарыз болып тапсырыс берушіге айналса, ал кейін қарызгер (қарыз адам) оның есебінен алдымен бір мың бес жүз дарагим тұратын құндағы жібекті айнит түрінде сатып алуға тапсырыс берсе, содан оны сатып және қарызын жапса, оны тапсырыс беруші орындаса, онда бұл сатып алу оның есебінен жүргізілді деп есептеледі, қарызгердің есебінен емес, және ол айнитті сату арқылы шығын көреді. Айниттің сатуда орны болады, мысалы: сатып алушы қарызға ақша сұрайды, осы да бас тартады, бірақ тауарды кредитке сатуды ұсынады. Жоғарылаған баға бойынша егер ол елу дарагим болса оған басқалар келісімді егер ол он болса. Бұл айнитті сату болып табылады, бірақ ол белгілі зат болып айырбастағанда көрсетіледі. Біздің ғұламалардың көзқарастары әртүрлі, кейбіреулер қарызданушының мұндай міндетінің жойылуы, айнитті сату нәтижесінде сатушыға қойылған бұйрық осы себептермен уәкілді орнатпау, қарызданушының бұйырығы; бірақ мұндай

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жауапкершілік жарамсыз, мұндай жауапкершілігі бар адамда қандай-да бір қызығушылығы болады; Мұндай жағдайда жоғалғанға қызығушылық болмаған. Басқалар керісінше айтады, яғни бұйрық өкілдікті орнатумен бірдей дейді, бірақ бұл орнату заңсыз, себеп, жібектің қатыстылығы анықталмаған, және оның құны секілді, оның қаншалықты қарыздың көлемінен асық. Жібекті сатып алу фактілі түрде тапсырыс берушінің есебінен алынады, және шығын да, толығымен соған түседі (қарызгерге емес), себеп сату-алу соның тарапынан жүргізілді.

Кепілдік берушіге қарсы мұндай талап-арыздарды растайтын куәлік көрсетпелерді жіберуге болмайды, келісімшарт кепілгерлікті орнатудағы шартқа сай келмейді. Егер бір адам басқа біреуге онда қарызы бар деп тапсырса немесе соның қылмысынан сотталған болса, содан қарызданушы ашылып, кредитор куәландыруды дәлелдейді. Яғни, оның қарызы мың дарагимге тең болады дегендей дәлелдемелер жібермеу керек. Мұнда, кепілденуші жазалауы шектеулі.

Қарызгердің қатысуынсыз шешім кепіл берушіге қарап қойылған, егер кепілгерлік қарызгердің қалауынсыз берілген болса онда оған міндетті емес. Егер кімде-кім қазіге талап-арыз білдірсе, қатысып отырмаған кісі мың дарагим қарыз деп түсіндірілсе және белгілі кісі сотта қатысып отырған қарызгердің қалауымен оған кепілгер болса, және өзінің түсініктемесін куәгерлердің куәліктермен бекітсе, онда қазі шешімін қарызгерге де және кепілгерге де қарап шығаруы керек. Егер, кепілдік қарызгердің келісімінсіз берілген болса, онда қазі тек шешімді тек кепілгерге қарсы қоюы керек; бұл жағдайда куәгерлердің куәлігі; талап-арыз берушінің көрсетпесіне жол беріледі, өйткені, кепілдік сөзсіз, шектелмеген, бұрынғы жағдайлардағыдай. Білу керек, қарызгердің келісімінсіз не келісімімен кепілдік жағдайындағы қазіргі әртүрлі шешімдері (яғни екеуіне қарсы шешімдер – бір жағдайда және бір кепіл мерзімге қарсы шешім – басқа жағдайда), осы екі кепілдіктің түрінің әртүрлі мәнісімен түсіндіріледі, не қарызгердің келісімімен жасалған кепіл беру сыйлық актісі болып табылады – басында, және айырбас келісімінде – соңында: бірақ қарызгердің келісімінсіз кепілдік ету басында сыйлық актісі; соңында да. Әрі қарай, егер талап-арыз тек біріне қатысты болса, шешім басқасына таратылмайды. Бірақ, егер шешім кепіл берушіге қатысты қалауымен қойылса, онда ол қарызгерге де тиісті болу қажет, өйткені, қалауының жариялануы қарыздың барлығын мойындау екенін білдіреді. Ерікті кепіл беруге қатысты – басқа іс, не қарыздың болуы оның барлығына сенімімен білдіріліп, осыған сәйкес ол өзіне кепілдікті қабылдады қарызына, қарызгердің мойындау фактісінен болып отыр, қорытындысынан емес, сондықтан да шешім тек соған ғана қатысты.

Бірінші жағдайда (қарызгердің қалауымен кепілдік беру жағдайы) кепілдік етуші сатушыдан оның есебін төлеуі тиіс нәрсені алуға құқылы. Имам Зуфар бекітеді, яғни, ол мұндай қарыздың орнын толтыруға құқысы жоқ, яки өзі төлеуден бас тартса және мәжбүрлесе, демек, ол өзін ығыстырылған – қысым жасалған болып сезеді; бірақ қысым жасалғанға басқаны қысым жасауына жол берілмейді. Басқа жағынан, біздің ғалымдар дәлелдейді, бас тарту заң арқылы жойылған жағдайда, осындай бас тартуға негізделген пікір болмашы болып қалады.

Болуы мүмкін жағдайға кепілдік беру. Егер кімде-кім үйді сатса, ал басқасы кездейсоққа (бөтен біреудің үйге талап-арыз беруі) қарсы кепілдік болушы болып

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қалса, онда осындай кепілдік болушылық тура, яғни үй сатушының меншігі болады. Солай, егер кепілдік беруші нәтижеде үйге наразылық білдірсе, онда оған жол берілмеуі тиіс. Бұл кепілдіктеме егер сатудың шартын құраса (сатып алушы: «Мен осы белгіленген үйді сатып аламын, егер пәлен адам маған уәж айтатын құдіреті біреуге қарсы көмектесе алса» десе), онда келісімді жасау кепілдік етушінің келісіміне байланысты болады: ал кейін, үйге құқысы бар талап-арыз білдірген жағдайда, онда ол өзі жасаған нәрсесін жоюға әрекет еткен болады. Егер басқа жағынан, кепілдік беру, сатудың шартын құрамаса, онда кепіл алушы кепілдікке келісе отырып сатып алушыны мәмілеге келуге қоздырса ше (өйткені, оның үйдің сатып алуға қалауы кепілдік алуға негізделген болатын). Осылайша берілген кепілдік сатушының меншікке құқыққа арызымен тең.

Сату-алу кезіндегі куәгерлік кездейсоқтыққа қарсы кепілдікке тең емес. Егер үйді сату кезінде әлдекім куәгер болса және өзінің мөрін келісімшартқа қойса, ешкімге кепілдікке бермей, онда осындай куәлік және мөрін басқандық сатушыға меншік құқына мойындауды білдірмейді, және солай куәгер, нәтижеде үйге өзінің уәжін білдіре алмайды, өйткені куәгерлік сатудың куәлігін көрсете алмайды, және сатушының меншік туралы арызы да, яки адамдар кейде өзінің мүлкін сатады, ал кейде бөтеннің. Одан басқа куәгер тек мәміленің жасалған куәлігін көрсете алады – шамалай, кепілдік жағдайында оған орын жоқ. Заңтанушылар айтады, егерде келісімшартта сату айқындалса да, яғни «пәлен кісі мынадай үйді сатты, оның меншігі болатын, шын мәніндегі, жарамды келісімшартқа сәйкес», және куәгер ауызша актімен куәлік етсе: «Мен оған куәгермін» деп, онда бұл сатушының мойындауы және меншік құқығының жариялауы. Егер, басқа жағынан, ол мынадай сөзімен куәлік етсе: «Мен сатып алушы мен сатушының келісіміне куәгермін» десе, онда бұл сатушының меншік құқығы жөніндегі арызын құрамайды.

Бөлім. Замин; немесе кепілге алу туралы

Сенім білдірушілердің берген өкілдердің жауапкершілік алуы болмашы. Егер өкіл шұғаны сатса және өзінің сенім білдірушісіне бағасын төлеуде кепіл болуды қабылдаса немесе егер музариб өзінің сенім білдірушісінің мүлкін сатса және құнын төлеуге жауапкершілігін қабылдаса, ондай жауапкершілік болмашы – пәстік. Біріншіден, өйткені кепілдік бұл міндеттеме, онда кепіл алушы жауапкер болады: демек бұл жағдайда өкіл және музариб талап-арыз беруші болады. Мүліктің құнын талап етуде, онда бұдан былай, яғни, егер оған олар жауапкер болса, онда олар өзіне-өзі кепіл алушы болар еді, ал бұл – абсурд. Екіншіден; яғни мүлік олардың қолында қалады поклажи түрінде; ал сақтаушы заң бойынша жауапкер бола алмайды. Солай екен, егерде олар жауапкер болса, онда бұл заңға қайшы болар еді. Осыдан олардан кепілдік алу болмашы, сақтаушы мен несие қабылдаушыға қатысты кепілдік туралы шарттағыдай болмашы.

Кепілдікке қос қатысушылардың бірі-біріне сатуы және сатып алуы да болмашы. Егер құлды иеленуші қос иегер оны бір келісімшарт бойынша сатса және қарызы бар әрқайсысы сатып алушыға төлемі үшін құнының бір бөлігіне жауапкерлікті алса, мұндай кепілдік болмашы – пәстік. Егер де кепілдік жалпылай

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

құнына қатысуда жарамды болғанда, онда осыдан әрқайсысы өздеріне-өзі бөлек-бөлек кепіл болушы болады, яки құлдың әр мүшесі жақын анықтаусыз жалпы екеуінің меншігін құрайды. Немесе, егер әрқайсысының кепілдігі тек басқасының үлесіне қатысты жарамды болғанда, онда бұл қарызды бөлуге алып баратын еді, оны иеленгенге дейін, бұл заңсыз. Басқадай іс, егер құлдың екі иеленушісі өздерінің үлесін ерекше келісіммен сатса: бұл жағдайда олардың кепілдіктері бірінің-бірі алдында, құнына әрқайсысы міндетті, жарамды, өйткені мұнда бірдей қатысу жоқ, яки онда олардың ерекше келісін күшіне орай әрқайсысының құқы бар, тек оған тиіселі, басқасының қатысуынсыз, сатып алушы көрініп тұрғандай біреуінің ғана үлесін алуға құқылы және ақысы төленген соң иеленуге өтеді, сонымен қатар ол бірінің үлесін оған құнының бір бөлігін төлегенде ғана иеленуге өтуге болады, екеуінің де үлесін сатып алуына қарамастан.

Жердің салығын және басқа барлық дұрыс салықтар төлеудің кепілдігі жарамды. Егер кімде-кім басқа біреу үшін салық төлеуге жауапкершілік алса, ол төленуі тиіс болса; немесе навайиб (навайиб – төтенше барлық табыстардың мәні; үкіметтің қарауына қалыптасқан салықтың үстіне алынатын мемлекеттің қажеттілігінен туындаған алым) салығы оған салынған, немесе кисмат, мұндай кепілдік жарамды. Салықты төлеуге кепілдік жарамды, өйткені салық борыш мәніне ие. Және талап-арыз затына жетуі мүмкін, ол туралы түсініктеме берілді (зекетке қарама-қайшы, өйткені бұл кімнің сый ретінде төленіп жатқан ісі, және ол тек сол кісінің мүлкі болуы мүмкін, көрініп тұрғандай оның өліп қалуынан соң зекет оның мүлкінен төлене алмайды, егер ол өнер алдында ол туралы өкім жасап кетпеген болса). Навайибаға қатысты егер ол тек әділетті іске сиынып жатса (мысалы: канал қазуға алынатын салық болса, оны тәртіп сақшыларына жалақы ретінде берілсе, жат діндегілерге қарап әскерді жарақтандыру үшін, не тұтқындағы мұсылмандарды сатып алу үшін, не шұқыр қазуға, не бекіністі жөндеуге немесе көпір сату үшін), онда кепілдік жарамды, біздің барлық ғалымдарымыздың пікірінше осылай. Бірақ, егер, навайиб әділетсіз алымдарға қатысты болса, яғни тирандар өздерінің бағыныштыларынан тартып алып жатса (біздің заманымыздағыдай), онда кепілдіктің жарамдылығына сәйкес мұндай алым-салыққа қатысты біздің қазіргі ғалымдарымыздың арасында айтыс-тартыс болып отыр. Шайхи имам Али осындай кепілдікті жарамды деп есептейтіндердің қатарына жатады. Кисматқа қатысты, бұл сөздің мағынасына қатысты айтыс-тартыс бар. Кейбіреулер бекіткендей бұл сөз де навайиб сөзінің мағынасын білдіреді екен, дегенмен, басқалар оны мовзифа ратибаға теңейді, яғни белгілі бір салыққа, белгіленген мерзімде төленетін, мысалы, айына бір рет немесе екі, үш айда бір рет төленетін. Бірақ навайиб кездейсоқ салықты білдіреді, оны мемлекет басшысына өкімімен жимайды, және оған анық белгіленген мерзім көрсетілмеген. Заң бірақ екеуіне қатысты бірдей. Солай, егер алым әділетті, онда кепілдік оған заңды, біздей барлық ғалымдарымыздың пікірінше: егер ол әділетсіз болса, онда кепілдіктің жарамдылығына айтыс-тартыс болады.

Кейінге созылған қарыз бен және кейінге қалдырылған кепілдіктің айырмашылығы. Еге кімде-кім асқа біреуге айтса: «Мен саған 100 дарагим қарызбын, оны бір айдан кейін төлейтін» десе, ал сол басқа біреу қарыз жедел төленуге тиіс деп бекітсе, онда оның арызына талап етуші ретінде сену керек. Бірақ

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

егер әлдекім басқасына айтса: «Мен сенің 100 дарагим қарызыңды бір айдан кейін төлеуге кепілдік беремін» десе, ал кредитор қарыз жедел төленуге тиіс деп бекітсе, онда кепіл берушінің арызына сенуге тура келеді. Осы екі жағдайға қатысты ерекшелік мынада, біріншісінде қарызгер қарызын мойындауды бетіне басып отыр, ал кейін өзінің төлемін бір ай бойына созуға құқын білдіріп отыр; соңғы жағдайда кепіл беруші қарызын ешқандай мойындауды бетіне басып отырған жоқ, өйткені қарыздық міндеттеме кепілдікке тәуелді емес. Шын мәнінде, ол уәжді мойындады, бір ай көлемінде жауаптылығына, кредитор жоққа шығаып отыр, себебі оның лезде төлеуге жауапты екеніне; заң бойынша жауапкердің арызына назар аударуды талап етеді. Одан басқа, созу туралы шарт тек кездейсоқ қарыз міндеттемесіне тәуелділігін құрайды, маңыздысын емес, көрініп тұрғандай оны дәлелдей алмайсың, егер ол келісілмеген болса. Осылайша мерзімді қоюға қарсы кісінің арызына сенуге тура келеді, сонымен қатар, сату кезіндегі бас тарту шартына сәйкес жағдайындағыдай. Керісінше, созуға сәйкес кепілдік кепілдіктің бір түрі, ондағы созу мәнді көрінеді, кездейсоқ тәуелділік емес, нәтижесінде бұл кепілдіктің түрін дәлелдеуге болады және ойды қойылған қарастырылған, мысалы, қарыз кейінге қалдырылғандай. Имам Шафий бойынша екі оқиғаға да кредитордың арызына сәйкес сену керек: және осындай пікірді Абу Жүсіп те көрсетеді.

Құлды сату кезіндегі кездейсоқтық кепілдікке қарсы. Егер кімде-кім құлды сатып алса, ал басқасы оған кепіл болса, яғни ол сатушының меншігін құрайды десе (және басқа біреу кездейсоқ кепілдікке қарсы болса), және нәтижесінде ол бөтен біреудің меншігі болып қалса, онда сатып алушы кепіл болушыдан құнын қайтарып алуға құқылы емес, қазі сатушыға қарсы осыған сәйкес қаулы шығарғанға дейін, яки «Захири-Риуаяту» бойынша, сатуда құл басқа біреудің меншігі болғаннан кейін де жойылмайды, бірақ әрекет тоқтамайды, қазі сатып алушының пайдасына шешім шығарғанға дейін, яғни сатушыға құлдың құнын қайтаруды үкім етеді. Солайша, өйткені айтылған үкім шығарылғанға дейін қарызгер (сатушы ғой) ақшалай бағасын қайтармай тура тұруға міндетті, онда оны кепіл беруші де істеуге міндетті. Егерде іс басқаша, яғни құл азат болып және қазі осыған сәйкес шешім шығарса. Бұл жағдайда сату болмашы болады, дәл осындай шешімнен кейін, өйткені азаттық сатудың заты емес, яки ол сатылмайды, және солай сатып алушы ақшасын қайтаруды талап етуге құқылы болатын еді, немесе сатушыдан шешім шығаруды күтіп отырмай-ақ. Абу Жүсіптің пікірін көрсетеді, яғни зат сатушының меншігі еместігі дәлелденсе, онда сол сәтте ақ сату күші жойылатын еді, және демек сатып алушы төлеген төлемін қайтаруды талап етуге құқылы немесе кепіл берушіден, немесе сатушыдан, қазиден осы затқа сәйкес қаулысын күтпей-ақ.

Орындауға кепілдік болмашы. Егер әлдекім құлды сатып алса, ал басқа біреу мәмілені орындауға кепіл болса, онда мұндай кепілдік болмашы, яки «ода» сөзі (орындау) әлдеқалай кең мағынада, оның көптеген мынадай мағынасы бар:

1. Ол бұрынғы сату актісіне жатады, яғни құлды оған сатқан адамнан алған;
2. Ол келісімшарт және оның тиістілеріне жатады;
3. Ол кездейсоқ кепіл берушіге де жатады;
4. Ол бас тарту құқығына да жатады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бұл термин соншама заттарды қамтиды, оны осы жағдайларда қолдану күдікті және іс жүзінде оны қолдануға болмайды. «Дирх»-термині басқадай іс; ол да болуы мүмкін барлық нәрсені білдіреді, бірақ әдетте оны қолдану бірғана ерекше мәнмен шектеулі, атап айтқанда-қандай да бір келешетегі талап-арызға қарсы кепілдікке сәйкес, және осылайша кезейсоқтыққа қарсы кепілдік жарамды.

Сатып алушыға затты өткізу кепілдігі жарамсыз. Егер кімде-кім затты сатса, ал басқасы сатып алушыға осы затты босатуға кепіл болса, онда мұндай кепілдік Абу Ханифа бойынша жарамсыз, өйткені оның мақсаты-затты босату және оны сатып алушыға өткізу, яғни ол кепіл берушінің тарапынан жүзеге асуы мүмкін емес. Екі шәкірт пайымдайды, мұндай кепілдік жарамды деп, олардың пікірінше кездейсоқтыққа қарсы кепілдікке тең, басқаша айтқанда бұл кепілдік беру сатып алушы міндетіне айналдырады немесе сатылған зат, немесе бағасы, немесе құны, ал егер осылай, онда кепілдік жарамды.

II Тарау

ЕКІ КІСІНІҢ КЕПІЛДІГІ ТУРАЛЫ

Екі кісі қарыз және біріне-бірі кепіл болған оқиға. Егер екі кісі ортақ қарызы бірдей бөлікте қарызы болса және әрқайсысы басқасына кепіл болса, мысалы; екеуі құл сатып алады және әрқайсысы біріне-бірі кепіл болады, онда, егер қарыз болғандардың біреуі өзінің қарызының бөлігін төлесе, ол қандай-да бір наразылықты екіншісіне айтуға құқысы жоқ, егер тек осылай бетіне басқан төлем қарыздың жартысынан аспаса, қандай жағдайда ол артығын екіншісінен талап ете алады. Мұның түсіндірілуі былайша, яғни әрқайсысы бір жартысы көлемінде қарызгер және екінші жартысына қатысты кепіл болушы, яки әрқайсысы күшіне лайықты, яғни ол қарызгер саналады, кепіл болуда жауапкер болуға кедергі бола алмайды, өйткені, біреуі қарызға неігізделген, ал басқасы-шағымға, оған тәуелді. Осылайша қандай да төлемді әрқайсысы төлесе де, олар қарызға жатады, ал әрқандай артығы кепілдікке жатады.

Екі кісінің үшіншісіне наразылықтың барлық көлемінде кепіл болуы және бірі-біріне әрқайсысының тиісті көлемдегі кепілдігі. Егер екі кісі мүлікке басқасының есебінен кепіл болса, онда әрқайсысы кепіл болушы өзіне басқа кепіл болушы үшін жауапкершілікті алса, онда әрқайсысы кепілболушы төлемейді (кепілдіктің күшімен), суммасы үлкен бола ма аз бола ма, ол оны басқа кепіл болушыдан талап етуге құқылы. Бұл мынадай пайымдауға негізделген, яғни әрқайсы осы кепіл болушылар барлық мүлікке борышкер (қарызгер) тарапынан кепіл болады, ал тең хәлде өзінің қоскепіл болушылары тарапынан барлық міндеттемелерге. Осылайша, екі кепіл болушының әрқайсы екі кепілдікке біріктірілген: бірі қарызгерге және бірі кепіл болушыға: және кепіл болушыға кепілдік заңды, борышкерге секілді, яки кепілдік келісімшартының мақсаты наразылыққа сәйкес өзіне міндетті қабылдау болады; ал бұл мақсатқа кепіл болушының арқасында кепілдік арқылы жетеді. Осылайша, екі кепілдік әрқайсысы кепілболушыларға біріктірілген, онда осыдан шығатын нәрсе, яғни әрқалай төлем олардың бірінің есебінен төленді, жалпы екеуінің есебінен төленді, яки осылайша бетіне басылған төлем тек кепілдікке қатысты; ал қоскепілболушының әрқайсысы кепілдікке қатысты біріңғай жағдайда тұрады, яғни

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ешқайсысы басқасынан басымдыққа ие емес (Басқадай іс, егер әрқайсы кепіл болушы қарыздың бір бөлігіне қарыз болады, бірінші мысалдағыдай, немесе ешбірі олардың төлеген төлемі негізінде басқасына талап қоюға құқы жоқ, егер ол қарызгердің қарыз суммасынан асық болмаса, өйткені борышкер басымдыққа ие). Бірақ, қарастырылып отырған оқиғада екеуінің бірі төлеген қандай да төлем, екеуінің есебінен болды; осыдан шығады, яғни төлемді төлеуге бетіне басқан кісі басқасының жартысын талап етуге құқылы. Бұл артықшылыққа жол бермейді, өйткені келісімшарттың мақсаты сондай, яғни тараптар кепілдікке қатысты бірінғай жағдайда болуы керек, яғни, олардың төлегенін бірінің басқасынан бір жартысын алғанда ғана жетуіне болады. Осылайша, басқа кепіл болушы тағы да бұл жартысын алуға құқылы емес бірінші төлемді бетіне басқан кісіден, яки оған жол берілетін болса осылай жеткен теңдік бұзылар еді (Алдыңғы жағдайда-басқа нәрсе; онда тараптардың әрқайсысы қарыздың бір бөлігіне қарыз болып табылады және демек ол кепілдікке қатысты бірдей жағдайда емес). Бірақ, егер тапатырдың бірі басқасынан жартысын алса, онда екеуі де жариялай отыра барлық төлегенін қарызгерден талап етуге құқылы, өйткені олардың төлемі оның есебінен жүргізілді, дегенмен біреуі төлемді өзі кідіртпей төледі, ал басқасы өзінің субституты арқылы жүргізді; немесе төлемді төлеуге итермелеген кепіл болушы, мүмкін, егер барлық төлегенін қарызгерден талап етуді қалайтын шығар, немесе ол барлық мүлікке соңғысының қалауымен кепілдік еткен шығар. Егер бұл жағдайда кредитор екі кепіл болушының біреуін босатса, онда ол басқасынан барлық қарызды талап етуге құқы жоқ, немесе кепіл болушы қарызгерді босата алмайды, және осылайша барлық қарыз соңғысына қалады; ал басқа кепіл болушы барлық мүлікке жауапты болып қалады, онда демек, одан барлық қарызды төлеуді талап ету заңды.

Серіктестіктің таралуы кезінде барлық серіктер серіктестік кезінде жасалған қарыздарға жауапты. Егер екі серік (жолдас) өздерінің серіктестіктерін таратса немесе бөлінсе, кейбір қарыздары мойнында сақталса, онда кредиторлар қайсысы жолдасатан болса да қарыздарын төлеуге талап етуге құқылы, өйткені оның әрқайсысы екіншісіне кепіл болушы саналады, бұл турасында серіктестік туралы бөлімде түсіндірілді. Одан басқа, ешқайсы серік басқасына қайта төлеуге талап етуге қақысы жоқ, оны кредиторлар бетіне салған, егер бұл төлем қарыздың жартысынан асапаса, онда қандай жағдайда ол одан артығын қайтаруға талап ете алады. Негізінен екі кісінің кепілдігі туралы түсініктемеде көрсетілгендей.

Төлемнен босатуға қатысты екі мукатабаның бір-біріне кепіл болу оқиғасы. Егер қожайын екі құлын бір келісімшартпен мукатаба жасаса, мысалы, мың дарагимге, және олардың әрқайсысы басқасына кепіл болса, онда қандай сумманың бөлігі қожайынының пайдасына келісілген, муктабалардың бірінен төленген болса, осы сумманың жартысы басқасынан талап етілуі мүмкін. Осыған ұқсас болғанда, ол кепілдік жарамсыз; ол тек, егер шын мәніндегі қарызға берілсе жарамды, ал сыйақы, немесе азаттықтың сатысы мукатабаға берілген, шын мәніндегі қарзды құрамайды, ол туралы айтылды. Бірақ, ол орайлы талқымен заңды, неліктен әр құл китабат үшін барлық сыйақыға қарыз саналады, дәл-мың дарагим; басқаша айтқанда, олар жауапты саналады жеке-жеке, қожайынының алдында барлық сумманың төлемі үшін; демек, біреуінің барлық сумманы төлегенінен кейін тәелді секілді еркіндікті алады, демек, екеуінің азаттығы олардың мың дарагим төлеміне тәуелді етіліп қойылған, және

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қожайыны бұл мың дарагимді әрқайсысынан талап етуге жеке талап етуге қарызгер ретінде құқылы, кепіл болушы ретінде емес. Бірақ әрқайсысы кепіл болушы саналады басқасына қатысты және кітабат ретінде төленген сыйақының жартысын талап етуге құқылы. Қазіргі оқиғадағы әрекеттегі заңда көрінгендей, яғни екі құл бірінғай жағдайға қойылып тұр мың дарагим төлемге қатысты, олардың кітабаты үшін сыйақыдан тұратын, және осылайша әрқайсысы басқасынан сол сумманың жартысын талап етуге құқылы, сол оның төленген мың дарагимнен алынған. Егер қожайыны құлдардың біреуін кітабаттың қандай да бір бөлігін төлеуге дейін еркіндікке босатса, онда ол азат болады, немесе оның қожайыны, сол кезде оның меншігі болған, оны еркіндікке жіберуді шешті. Сол сияқты кітабат үшін сыйақының жартысын төлеу міндетінен босатылады. Өйткені, ол бұл міндетті өзіне еркіндік алу үшін қабылдады; бірақ ол қожайынының оны еркіндікке жіберуі нәтижесінде азат болды, және сондықтан да ескерілген міндет, енді азат болудың құралы бола алмайды және тоқтайды. Бірақ төлемнің төлеу міндетінің жартысы басқасына қалады, құл болып қалатын, не сыйақының барлық сумасы екеуінің құлдығына сәйкес болды және барлық осы сумма әрқайсысына жеке-жеке қарыз саналды, тек қана, яғни бірінің кепілдігі басқасына жарамды болу үшін және осылайша әрқайсысы екіншісінен төлемнің жартысын талап етуге құқылы болу үшін. Бірақ қожайыны олардың бірін азаттыққа жіберген кезінде, онда қарыз олардың екеуіне де бірдей саналады (әрқайсысына жеке-жеке емес) және сондықтан да екі бөлікке бөлінеді, оның бірінің қарызы құл болып қалғанына қалады. Осы бөлікті ала отырып, қожайын азат болған құлынан кепілдік болушы ретінде талап етуге құқылы немесе құлдан қарыз болғаны үшін. Егер еркін болғаннан алса, онда соңғысы құлға төлегенін қайта талап етуге құқылы, өйткені, ал оның қалауымен төлем жасады; бірақ егер қожайын осы бөлікті құлдан алса, онда соңғысы еркіндікке шыққанға қайта талап етуге құқы бар, демек ол тек қарызын төледі, оған әділетті түрде мойнында тұрған.

III Тарау

АЗАТ АДАМДАРДЫҢ ҚҰЛДАРҒА ЖӘНЕ ҚҰЛДАРДЫҢ АЗАТ АДАМДАРҒА КЕПІЛДІГІ ТУРАЛЫ

Құл үшін наразылықта кепіл болған кісі, мұнда құл тек еркіндікке шығарылғаннан кейін жауапты саналса, онда бұл наразылықты жедел қанағаттандыру міндет. Егер кімде-кім құлға бірдеңеде кепіл болса, оны құлдың еркіндікке шықпай өндіріп алуға болмаса, талапты сол сәтте қоя алуға мүмкін бе ол көрсетілмеген болса немесе жоқ, сол наразылық жедел түрде қанағаттандыруға жатама, онда оны жедел түрде кепіл болушыға талап қою мүмкін бе. Мысалы, егер шектелген құл шектелген құл мойындаса, яғни ол бөтен мүлікті жойғанын, немесе оған қарызы бар болса, оны қожайыны мойындамаса немесе қожайынының рұқсатынсыз некеге отырған болса, әйелмен бірге тұрып жатса, мұндай некенің жарамсыз екеін біле тұра (қандай жағдайда құлды еркіндікке жібермей тура нені талап етуге болмаса), және әлдекім сыйға кепіл болса, нәтижеде оны құлдан талап етсе, онда кепіл болушы сол сәттен жауапты болады. Бұл былай түсіндіріледі, яғни құл жедел түрде сыйақы беруі керек, өйткені оған қатысты анық негіздеме бар және құл яғни, ол адам, мүмкін осы

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

міндеттің субъектісі. Ол бірақ оның кедейлігінен тез қанағаттандыру үшін бұл міндеттен босатылады, өйткені ол нені игерген ол нәрселер қожайынының меншігін құрайды және соңғысы міндетін мойындамайды. Керісінше кепіл болушы кедей емес және сондықтан жедел түрде жауапкершілікке ие болады өзі жоқ кісіге кепіл болған немесе кедейге. Жедел түрде қанағаттандыруға жатпайтын: қарызға кепіл болса басқа іс., мұнда және кепіл болушы жедел жауапкершілікке жатпайды, қарызгер секілді, яки кредитордың келісімімен қарызды қанағаттандыру кейінге созылған. Дегенмен, білу керек, қарастырылып отырған оқиғада кепіл болушы, құл үшін наразылықты қанағаттандыра отырып, соңғысынан төленгенді еркіндікке жетпей талап етуге қақысы жоқ, яки кредитор бұл жағдайға дейін талап етуге құқысы жоқ еді, ал кепіл болушы кредитордың орынына келеді.

Құлдың тұлғасына кепілдік оның өлімінен кейін жойылады. Егер кімде-кім абыройы жоқ құлға наразылық білдерсе, ал басқа кімсе оның тұлғасына кепіл болса, және құл нәтижеде өліп қалса, онда кепіл болушы жауапкершіліктен босатылады, оның қарызгерінің өліміне байланысты. Осындай ереже, егер құлдың тұлғасына берілген кепілдік болса, еркіндікке жіберілуде қолданылады.

Құлға мүліктік кепілдік, егер құл өліп қалған жағдайда, кепіл болушыны жауапкершілікке душар етеді. Егер кімде-кім құлға меншік құқығын жария етсе, ал басқа біреу оның иегеріне және кейін құл өліп қалса, ал талап етуші куәгерлер арқылы өзінің құқын орнатса, онда кепіл болушы құлдың құнына жауапты, немесе иеленушіде талапты қайтару міндеті жатты, немесе бұған үлгере алмай, бағасын төлеуде кепіл болушы өзіне жауапкершілікті алды; және құлдың өлімінен кейін міндет иеленушіде қалайша болды, ал кепіл болушы да жатты.

Алдыңғы оқиғадан басқа іс; онда міндет тек құлдың жеке тұлғасын анықтау мен көрсетуде болды, мұндай міндеттеме оның өлімінен кейін жойылады.

Құлдың өз қожайыны үшін кепілдігі немесе қожайынының құлына кепіл болушының талабы қарызгерден қанағаттандыру негіз бола алмайды. Егер құл, қарызы болмаса, өзінің қожайынына мүліктік кепіл болса немесе басқа кімсе және кейін азаттық алса және кепіл болған сумманы төлесе, немесе егер қожайыны өз құлына мүліктік кепіл болса, қарызы болса яки болмаса, және оны азаттыққа жібергеннен кейін кепіл болған ақшасын төлесе, онда тараптардың ешбірі басқадан бірдеңені талап етуге қақысы жоқ. Имам Зуфар бекітеді, яғни тараптар кері талап етуге бірі-бірінен талап құқылы, яғни әрқайсысы басқасынан төлеген нәрсесін алуға құқылы. (Мұнда артық емес байқаса, бірінші оқиғадағы талапта, яғни құл қарыздан босатылды, керісінше жағдайда ол өз қожайынына мүліктік кепіл бола алмайтын еді, демек бұл оның кредиторының құқын бұзар еді). Имам Зуфар дәлелдейді, талапқа негіз болатын (қарызгердің қалауымен кепілдік) екі жағдайда да бар, ал кедергі талап қоюға оған (құл иеленушілік) жойылған. Біздің ғұламалар талқылайды, яғни кепілдік алдымен талапқа негіз бола алмайды, өйткені қожайынының құлына наразылығы жоқ және құлынан қожайынына қарыздай талабы жоқ. Осылайша, алғашында талап қоюға негіз болмайды, мұндай болуы да мүмкін емес және оған кедергінің жойылуының нәтижесінде (құл иеленушілік); мұнда сол заң қолданылып отыр, егер әлдекім басқасына оның қалауынсыз кепіл болса, онда қандай жағдайда қарызгердің келісімі ешқандай маңызға ие емес.

Китабат үшін сыйақы, кепілдіктің затын құрамайды. Кепіл болушы құл немесе азат адам бола ма китабат үшін сыйақы төлеміндегі кепілдік жарамсыз. Китабат үшін сыйақы міндеттеме түрінде тек қажеттілікке байланысты болады; бұл міндеттеме салауатты ой үшін жиіркенішті, өйткені қожасының өзінің құлына қарыздық наразылығы болу мүмкін емес; қарастырылып отырған жағдайдағы мукатаб немесе кімсе, китабат үшін сыйақы төлеуге міндеттілер, құлдың талап арызын шамалайды. Осылай китабат үшін сыйақы айтарлықтай қатаң орнатылмаған, яғни оған кепілдікке жол беретіндей. Зат қажеттілікке орай орнатылса, оның әркеті қажетіне сәйкес шектеледі. Одан басқа, китабат үшін қарызды құл үшін жабу мүмкіндігі жоқ жағдайда тоқтайды, және бұл қарызды қозғаудың мүмкіндігі жоқ, кепіл болушыдан оны төлеуді талап етумен, немесе кепілдік «бір кісінің екіншісіне қосып алуы наразылығына қатысты күші жоқ, яки оны ол жоғалтады және кепіл болушыға қатысты да, немесе ереже бар, қарызгер және кепіл болушы сол бір наразылыққа бірдей жауапты.

Сыйақы секілді, азат еңбекпен айырбастау арқылы беріледі. Сыйақы, азаттық еңбек пен айырбаспен беріледі, Абу Ханифаның пікірінше сыйақымен ұқсас китабат, не құл өзінің азаттығын еңбекпен өтейтін, мукатабпен бірінғай жағдайда тұрады.

XIX КІТАП

ГАВАЛИТ НЕМЕСЕ ҚАРЫЗДЫ АУДАРУ ТУРАЛЫ

Терминнің мағынасы. «Гавалит» дәл мағынасында жою дегенді білдіреді және «тагул» сөзінен алынған, яғни затты бір жерден алып (жойып) екінші орынға алуды білдіреді. Заң тілінде бұл сөзде көшіру немесе қарызды қамсыздану үшін немесе алғашқы борышкерден басқасына орнықтыруды білдіреді. Борышкер, немесе аударуды істеп отырған кісіні моги деп атайды; жаңа борышкер немесе кімсені, яғни қарыз аударылғанды мотал-али-ги деп аталады, ал кредиторды немесе кімсені аударуды алған адамды мотал дейді.

Қарызды аудару. Қарызды аудару жарамды, немесе Пайғамбар (с.ғ.с) айтты: «Егеркімде –кім өзінің қарызын бай дамға аударып жатса, және кредитор аударуға келіссе, онда талап бай адамға қойылады. Сонымен қатар, қарыз аударылған кісі, өзіне міндеттеме алады, және оны ол орындай алады, осыдан аудару жарамды, кепілдік секілді. Демек, аудару қарызбен шектелген, яки онымен аса зор ауысуды түсінеді, ал аса зор ауысу заң бойынша тек қарызға ғана қатысты, затқа қатысты емес, ол үшін дененің қозғалысы қажет.

Кредитор мен жаңа борышкер арасындағы келісімнің күшіне сәйкес жарамды болады Кредитор мен жаңа борышкердің арасындағы жасалған келісім нәтижесінде

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қарызды аудару жарамды. Кредитордың келісімінің қажеттілігі сонда, яғни қарыз (аудырылған зат) оған тиіселі, өйткені, адамдардың төлем қабілеті әртүрлі сондықтан оның келісімі қажет, сонымен қатар, жаңа борышкердің келісімі қажет, өйткені аударудың нәтижесінде оған қарыз міндеті жүктеледі, өйткені оның келісімінсіз оған жүктеле алмайды. Керісінше, алғашқы борышкердің келісімі талап етілмейді, яки (имам Мухаммадтың «Зиадате» де көрсеткеніндей) жаңа борышкердің қарызды төлеуі міндетті акт, оның өзіне қатысты және алғашқы борышкерге пайдалы болып келетін, шығынды емес, өйткені жаңа борышкердің оған қайтара талап ету құқысы жоқ, егер ол өзіне оның қалауынсыз міндет алған болса (алғашқы қарызгерден).

Қазидің жазалау туралы бұйрығымен үкімді кез-келген кісі орындауына болады. Егер қазі әлдекімге: «мен мынадай адамды таспен ұруға үкім жасадым, сондықтан оны таспен ұр», деп айтса немесе «мен осындай адамның қолын алуға үкім жасадым, сондықтан оның қолын шап», немесе : «мен бұл адамды дүремен жазалауға үкім жасадым, сондықтан оған шыбық бер», онда бұл адам қазидің бұйрығымен келісіп жасауға құқықты. «Захири-Риваятаның» ілімі осындай. Имам Мухаммед бұл ілімнен бас тартқанын жеткізгендей және қазидің ескертілген бұйрығын орындау міндетті емес деп жариялады, егер оның үкімі сопы адаммен куәландырылмаса не ол қателесуі мүмкін және егерде бұл мысалы бұйырқтың біреуін орындап ескерілгеннен кейінгі келітірілген орындау, онда мұнымен зиян келтіргенді түзеу мүмкін болмас еді. Бір қазидің қарым-қатынасы басқаға жарамсыз осыдан болар еді. Және біздің қазіргі ғалымдарымыз бұл пікірді құптайды, өйткені біздің заманымызда көптеген қазилар ұқыпсыз және аңғал, бірақ олар, бір қазиді басқаға қажеттілік қарым-қатынас шындығында жібереді. «Захири-Риваятаның» осы себептен келтірілген екі жақты дәлелдері бар. Біріншіден, мұндағы деректен қазі арызданады, оның компетенциясының шегінде тұрған, өйткені оның билігінде үкімді тездетіп орындап, бұйрық беріп әкелу болды және осылай ол бұған күмән келтірмейді және оған сенуге тура келеді. Екіншіден, лауазымды адамға бойсұну, қандай қазі бұйрық беру құқығы бар міндетімен жариялады; өйткені оған бойсұну оның сөзіне сенім ұялайды, онда оларға сенуге тиіс. Бұдан басқа имам Абу Мансур Матуридий былай айтты: «Егер қазі білімді және адал болса, онда оған сеніңдер, өйткені онда одан күдіктенуге негіз жоқ. Егер, басқа жағынан алғанда, ол адал, бірақ әдепсіз, онда мұндай жағдайға зерттеу жүргізу керек; егер толық зерттеуден кейін үкім қаулысы заңды негізді болса, онда бұл жағдайда (бірақ керісінше емес) оған сенуі керек. Егер, керісінше, ол білімді, бірақ адал болмаса немесе әдепсіз және адал болмаса, онда оның бұйрығына бойсұнуға тура келеді, егер ол қарым-қатынасқа түскен адам, негізін анықтамаса, иландыру үкімі болып табылады».

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Қазиды лауазымынан босатқаннан кейінгі даулы шешім жағдайы. Егер босатылған қазиды әлдекімге: «Мен сенен мың дарагим алдым және шешімге байланысты басқаға төледім, менімен қойылған барлық пәннен» деп айтса, ал ескерілген адам мұны жоққа шығарса және қазиды одан ақшаны әділетсіз алды деп мақұлдаса, онда бәрібір қазидың арызына сенуге тура келеді; демек, ол ескертілген бағаға жауапты емес. Тең жағдайда егер қазиды әлдекімге: «Мен саған қатысты қолыңнан айырылу туралы әділетті үкім орнаттым» десе, ал өзге жаққа шығарса және үкімді әділетсіз деп бекітсе, онда қазидың сөздеріне сенуге тура келеді. Мұнда ескертілген тұлға оның үкімі қазидың болуымен болып орнатылғанын мойындайды, мұндай мойындаудан кейін олардың тараптарынан қазидың пайдасына айтуы ықтимал немесе ықтимал болып көрсетіледі, ешбір қазиды әділетсіз үкімді орнатпайды. Тек қазидан оған ешқашан берілмейтін ант талап етудің қажеттілігі жоқ. Байқауға тура келеді, егер адам бірінші жағдайда қазидың бұйрығымен ақша алса, немесе екінші жағдайда қолын шапса, ол арызданып мұны қазидың бұйрығымен әрекет еткенін айтса, онда ол оның салдарына жауапты емес, өйткені қазиды бұл бұйрықты бергенде өзінің міндеттерінің орындауында болды және қазидың мақұлдауымен жекеменшікке байлығын қайтару әрекетінде болатын, егер де ол байлығын жауаптының көзінше қайтарса. Егер басқа жағынан, жоғарыда ескертілген адам қазиды осындай бұйрық берді деп бекітсе немесе оның лауазымына тағайындалмастан бұрын немесе оның одан босатылуынан кейін, онда қазидың арызына сенуге тура келеді, өйткені ол жауапкершіліктен бос болған кезде шешімін уақытқа апарды. Осылай оның арызына дәл солай сенеді, егер мерзімді ақылсыздық ұстамалы ауруға шалдыққан адам қалай өз әйеліне ажырасуды беріп немесе өзінің құлының бостандығына жіберіп жарияласа, «ол мұны ұстамалы ауру ақылсыздығында істеді», қандай арызға сенуге болады, ажырасуға қатысты немесе бостандыққа жіберу жоқ болады. Ирак егер адам ампутацияны істегендер немесе ақшаларды алғандар, бұл деректерді мойындайды, онда оларға жауапты болады, өйткені жауапкершілікті еліктіру әрекеттің істелінгенін мойындайды, өйткені билік, бұл адам күдікті күшке әрекеттенеді, қазидың арызына сену тек қана оның өзін жауапкершіліктен босату үшін, басқаларды емес. Бірінші жағдайда басқа жұмыс, егер бұл әрекеттер бұйрық күшіне істелінгенін мойындағанда, сол уақытта ол қазимен шынында болғанында оларға берілген. Жоғарыда баяндалғандай болжайды, ақшалар қазір тұлғаның билігінде емес, оларды қазидың шешімінің күшімен алынған, не егер ақшалар әлі сол адамның билігінде болса және ол өзінің баға өлшеміне қатысты қазимен келіссе, онда ақшалар одан тәуелді болмай алынып қойылуы тиіс, алғашында ақшалар алынғанын тұлға растай ма, қазидың арызы мына жайлы, «ол ақшаны сол кезде лауазымында тұрғанда басқаға төледі» немесе қарсылық білдіреді, ол (қазиды) алды және лауазымында тұрмай ақшаны төледі. Алушы мұнда дәлелді түрде ақшалар бұрын осы тұлғаның билігінде тұрғандығын мойындайды және оның қарсылық білдіруі ол бұл ақшалардың жекеменшігі болған жоқ туралы мүмкін қабылданған, егер ол қарапайым мақұлдау қазиды босату кезінде құрамайтынын дәлелдесе, өйткені ол босатылғаннан соң жеке тұлға болады.

КІТАП XXI

**ШАҒАДАТ НЕМЕСЕ ДӘЛЕЛДЕР
ТУРАЛЫ**

- Бөлім I. Кіріспе.
Бөлім II. Дәлелдерді қабылдау және қабылдаудан бас тарту туралы.
Бөлім III. Куәгерлердің куәлік едудегі келіспеушіліктер туралы.
Бөлім IV. Мұра туралы істердегі дәлелдер туралы.
Бөлім V. Дәлелдерді куәлөндіру туралы.

Бөлім I.

КІРІСПЕ

Қызығушылық танытқан жақтың талабы бойынша куәгер ретінде куәгерлік ету парыз. Куәгерлер үшін куәлік ету парыз және олар қызығушылық жақ талап еткен кезде жасыруға құқылы емес, Аллаһ Қуранда айтады: «Куәгерлер олардан талап еткен кезде куәгерлік етуден қашпасын»: «Өз куәгерліктеріңді жасырмаңдар, кім өз куәгерлігін жасырса, ол құқық бұзушы». Алайда сол жақтың міндетті шарт болып табылады, себебі куәгерлік беруді сол жақ ұйымдастырады және оның талап етуіне байланысты, тұлғаның басқа да құқықтарын орындау кезінде де солай.

Бірақ ол дене жазасына алып келетін кездерде міндетті емес. Дене жазасына алып келетін жағдайларда куәгерлер куәгерлік етуге немесе одан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайларда олар екі мадақ әрекеттердің бірін таңдай алады: жазаны беру және қылмыскердің жақсы атын сақтау. Кеімшіліктерді жасыру дұрыс, себебі Пайғамбар куәгерлік еткен адамға айтқан: «Сен үшін оны жасырғаның дұрыс болар еді». Басқа

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жерде ол айтты: «Кім өзінің мұсылман бауырының кемшіліктерін жасырса, сол адамға Аллаһ екі әлемде де қамқор болады». Пайғамбарлар мен оның жолдастарына дене жазасын ескерту ұсынылады; ал бұл дене жазасы берілетін куәгерлікті жасыруға анық дәлел болып табылады.

Егер олар факті жазаны қолдануға негіз болмайтындай мүлікке қол тигізбеген болса. Алайда ұрлық жағдайы кезінде меншік иесінің құқықтарын қорғау үшін «мына адам мынандай мүлік алды» деген секілді көз жеткізіп алып, куәгерлік ету міндетті; бірақ қылмыс жасырын қалуы үшін «ұрлады» сөзінің орнына «алды» сөзі қолданылуы керек. Егер «ұрланды» сөзі қолданылса, онда ұры ампутациялауға жататын еді, алайда ампутациялау кезінде мүлікке жауапкершілік болмағандықтан, меншік иесінің құқығы жойылған болатын еді.

Зинақорлық кезінде төрт еркектің куәгерлігі керек. Куәгерліктер әр түрлі болады. Зинақорлық кезінде төрт еркектің куәгерлігі керек, Құранда айтылғандай және әйелдің куәгерлігі қолданылмайды, Зихра айтады: «Пайғамбар мен оның екі жақын ізбасарлары кезінде жазаға алып келетін барлық істерде әйелдердің куәгерліктерін алып тастау өзгеріссіз ереже болатын». Әйелдердің куәгерлігіне белгілі анықтылық дәрежесі тән; оған тек еркектердің куәгерлігіне жүгіне алмайтын кезде ғана жол беруге болады; және сол үшін оған күмән тудыратын барлық істерде **жол берілмейді.**

Басқа қылмыстың істерде екі еркектің куәгерлігі керек. Басқа қылмыстың істерде Құранға сәйкес екі еркектің куәгерлігі керек, ал әйелдердің куәгерлігіне жоғарыда келтірілген Зихраның жеткізуі бойынша жол берілмейді.

Ал барлық басқа да істерде екі еркектің немесе бір еркек пен екі әйелдің куәгерлігі керек. Барлық басқа да істерде екі еркектің немесе бір еркек пен екі әйелдің куәгерлігі керек, мелі ол мүлік пен неке, ажырасу, өкілдік және т.б. секілді басқа да құқықтар болсын. Имам Шафии бір еркек пен екі әйелдің куәгерлігіне тек мүлік пен оған қатысты жалға алу, кепілдік ету және т.б. секілді қатынастардан басқа кездерде жол беруге болады деген, себебі әйелдің куәлік беруіне оның ақылының аздығына, жадының болмауына және басқару қабілетсіздігіне байланысты жол берілмейді, сол себепті оған қылмыстық істерде жол берілмейді.

Қарсылық. Имам Шафии бойынша әйелдердің куәлік беруі оның табиғатына байланысты жарамсыз болғандықтан, бұл жерде олардың жеке мүлікке қатысты куәгерлік етулеріне де жол берілмейді деп айтуға болар еді; алайда оның ойынша төрт әйелдің бұл жағдайларда куәгерлік етулеріне жол беріледі.

Жауап. Төрт әйелдің куәгерлік етуі көбінесе пайда болатындығына байланысты меншік істерінде жол беріледі.

Біздің ғалымдардың дәлелдеуі бойынша, әйелдің куәлік етуі өзінің табиғаты бойынша шынайы, себебі ол үш жағдайға негізделген: көру, жады және хабарлау қабілеті. Біріншісі бойынша куәгер білім алады, екіншісімен ол осы білімді сақтайды, ал үшіншісімен ол өзінің білімін қазыға хабарлай алады. Бұл барлық үш жағдай әйелде бар (осыған байланысты оның жеткізуі және беруі туралы хабарламасы шынайы). Ал жадының жеткіліксіздігіне келетін болсақ, онда ол басқасының қосылуымен, яғни екі әйелдің бір еркектің орнына қойылуымен толықтырыла алады; осылайша жадының жеткіліксіздігі жойылады. Осыған байланысты олардың куәгерлік етуіне күдік бар кезде берілетін барлық істерде жол беріледі, нақтырақ айтқанда – жазаға алып келетін

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

істерде, неке жағдайына қарама-қарсы және т.б. себебі бұлар күдіктің болуына қарамастан дәлелдене алады, осыған байланысты әйелдердің куәгерлігіне бұл жағдайларда жол беріледі.

Қарсылық. Екі әйелдің куәгерлік етуі бір еркектің куәгерлігінің орнына қолданыла алатындықтан, бұл жерден тек төрт әйелдің меншік пен басқа да құқықтарға қатысты істерде жол беріледі деген ой келеді; ал негізінде оған жол берілмейді.

Жауап. Олай аналогия бойынша болатын еді. Алайда тек төрт әйелдің куәгерлік етуіне жол берілмейді (мысалы, бір әйел «мынау әйел мынандай баланы туды» деп айтқан кезде). Бір әйелдің куәгерлік етуі бейкүнәлігі немесе еркектен жасырын әйел денесінің қандай да бір бөлігінің ақауы туралы жағдайларда жеткілікті. Бұл жағдайларда заң Пайғамбардың қалдырған хадистеріне негізделген: «Әйелдердің куәгерлік етуі еркекке көруге ұят болған заттарға қатысты шынайы болып табылады». Имам Шафии бойынша, бұл жағдайларда төрт әйелдің куәгерлік етуі керек. Алайда, жаңа ғана келтірілген хадис оған қарсы дәлел болып табылады; ал оған қарсы тағы бір дәлел еркектің куәгерлік ету қажеттілігі қайтарылған және сенім әйелдің куәгерлік етуіне әйелдің қарауы еркектің қарауына қарағанда дұрыс болатындықтан жол береді; және кейіннен екі немесе үш адамның қарауы бір адамның қарағанына қарағанда келіссіз болғандықтан, қажетті шарттағыдай бір әйелден көп әйелдің куәгерлік етуіне қарсылық білдірмейді. Алайда ескере кету керек, егер екі немесе үш әйел куәгерлік етсе, онда мұндай сақтандыруды ұсынуға болады, себебі куәгерлік әділетсіз болуы мүмкін. Ауыртпалықтан рұқсат етілген жағдайларда әйелдердің куәгерлік етуіне қатысты орындалатын заң туыстықты орнату туралы айталған ажырасу туралы кітапта толық көрсетілген, онда жазылған: «Егер еркек әйелмен некеге отырса және ол некеге отырғаннан кейін алты немесе одан да көп ай өткеннен кейін босанса, ал еркек тустықты мойындамасы, онда мұны орнату үшін бір әйелдің куәгерлік етуі жеткілікті». Әйелдің бейкүнәлігі туралы істерде куәлік етуіне қатысты заң бар, ол бойынша егер әйел өзінің ерінің бедеулігіне шағымданып, өзінің әлі бейкүнә екендігін мәлімдесе, ал басқа әйел соңғы жағдайды растаса, онда бір жыл күтіп, одан кейін ері мен әйелін ажырату керек, себебі бейкүнәлілік нақты зат және оның бар екендігі куәгерлік көрсеткіштермен орнатылған. Дәл осы ереже кімде-кім бейкүнәлігі шартымен күң сатып алса, ал одан кейін оны ол әйел болғандықтан қайтарғысы келген жағдайда да орындалады. Егер бұл жағдайда басқа әйел тексеру жүргізіп, ол бейкүнә екендігін жарияласа, онда оған сену керек, себебі бейкүнәлілік нақты зат және оның бар болуы бұл жерде куәгермен орнатылған; егер де ол күң –әйел деп хабарласа, онда бейкүнәліктің болмуы (бұл кемшілікті құрайды) осындай куәгерлікпен орнатылады және сатып алушының талаптары негізді болады, содан сатушыдан күнді сату кезінде оның ондай кемшілігі болмағаны туралы сөз алу талап етіледі және егер ол сөз беруден бас тартса, онда күнді қайтып алуы керек.

Әйелдің куәгерлігі баланың тірі туылғандығына дәлел ретінде қолданылмайды, себебі бұл дәлелмен жерлеу рәсімдерінен бөлек нәрсені орнатқысы келеді. Абу Ханифаның көзқарасы бойынша, әйелдің баланың туылған кездегі айқайын естуі туралы куәлігіне жол берілмейді, себебі бұл куәгерлікпен баланың меншіктік құқығын орнатуға болады, баланың айқайы еркектермен естіліп қалуы мүмкін; бірақ бұл куәгерлікке жол беріледі, себебі ол баланы жерлеу дұғаларын

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оқу қажеттілігіне жатады; осыдан оның куәгерлігінің нәтижесінде, олардың басына жерлеу дұғалары оқылуы керек. Екі шәкірттің де айтуы бойынша, әйелдің куәгерлік етуі мұраға құқықты орнату үшін де жеткілікті болады, себебі бала айқайлаған кезде тек әйелдер ғана болуы мүмкін еді. Содан осы дыбыс туралы әйелдердің куәгерлік етуі баланың тірі туылуы туралы куәгерлігімен бірдей; ал екінші жағдайда әйелдердің куәгерлігіне жол берілетіндіктен, онда оған бірінші жағдайда да жол беріледі.

Куәгерлердің шынайылығы және олардың «куәгерлік» сөзін қолдануы қажетті болып табылады. Барлық істерде, меншікті және басқа да істерде куәгерлердің шынайылығы және «шахадат» (куәгерлік) сөзін қолдануы керек, тіпті әйелдің босануы туралы куәгерлігі және т.б.; және бұл жалпы танылған, себебі шахадат куәгерлік болып табылады, себебі ол міндет қасиеттеріне ие, осыған байланысты ол сотқа жататын аймақпен шектеледі, ал куәгерлер де еркін және мұсылман болулары керек. Сол себепті, егер куәгер: «Мен білемін» немесе : «Мен шынымен білемін» деген сөздерді «шахадат» сөзін қолданбай айтса, онда оның куәгерлігі есептелмейді. Ал куәгерлердің шыншылдығына келетін болсақ, онда бұл нәрсе қажет, себебі Құранда: «Екі әділ адамдардың куәгерліктерін тында», - делінген. Куәгерлердің шыншылдығы ақиқаттың кепілдігі болады, ал куәгердегі шыншылдықтың жеткіліксіздігі (оның тыйым салынған амалдарды орындауымен орнатылатын) оның өтірік айтуы туралы ойлауға алып келеді және сәйкесінше жалған куәгерлік мүмкіндігін орнатады. Абу Жүсіптің ойын жеткізеді, ол бойынша әділетсіз адам егер ол кең пейілге ие болса ғана сенімге ие бола алады, себебі мұндай мінез куәгерді сатып алу мен оның жағынан жалған куәгерлік беруді мүмкін емес етеді. Алайда, бірінші пікір (әділетсіз адамның куәгерлігіне сенуден қорықу жоқ екендігі) жеткізуші көздермен көбірек келіседі. «Шахадат» сөзін қолдануға келетін болсақ, онда ол қажетті, себебі Құранның куәгерлік туралы барлық жерлерінде бұл сөз қолданылады және ол сақтандыру үшін қолданылуы керек, себебі сөз беру ретінде қолданылады және адамдар оны жеткілікті негізсіз қолданудан сақтанатын болады.

Куәгерлердің сияқты адалдығы жеткілікті, тек жазаға алып келетін істерден басқа кездерде. Абу ханифаның айтуы бойынша, сот мұсылманның сияқты адалдығына қанағаттануы керек және одан оның мінезі туралы сұрақтарды кері жаққа оны мазақ қылмау үшін қатты қоймауы керек; себебі Пайғамбар (Омар жеткізген хадис бойынша) былай деген: «Барлық мұсылмандар өсек айтқандары үшін жазаланғандардан басқалары куәгерлік ету жағынан шыншыл». Исламды уағыздаушы адамдар осы дінмен тыйым салынғандардың барлығынан бас тартуы мүмкін болып көрінеді; және осы жерде мүмкін деген сөзді шынайылыққа қол жеткізе алмағандықтан қолдануға тура келеді. Алайда, жазаға алып келетін істерде мүмкін деген жеткіліксіз болып табылады және сол себепті куәгерлерді тазалау керек, себебі жазаны жою үшін барлық мүмкін негіздерді іздеу керек; сол үшін куәгерлердің мінездері нақты зерттелуі керек. Тура сол күмәнмен жазаны ескертеді.

Егер, алайда, олардың шыншылдығы туралы сұрақ қозғалса, онда тазалау қажет. Егер сұрақ қоюшы куәгерлерді жаманатты етсе, онда қазы олардың мінезі туралы тексеру жүргізуі керек. Мұсылманның діні тыйым салғаннан тартынатыны мүмкін секілді, мұсылманның әділетсіз басқа адамды жаманатты етпейтіндігі де мүмкін; сол себепті екі мүмкіндіктің соқтығысуы орын алады және қазы үшін

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

мүмкіндіктердің қайсысы таңдауға лайықты екендігін анықтау үшін куәгерлердің мінезін тексеру қажеттілігі туындайды. Имам Жүсіп пен имам Мұхаммедтің ойларын жеткізеді, олар бойынша барлық жағдайда куәгерлер туралы ашық және жасырын тексерулер жүргізілуі керек. Себебі қазының шешімі дәлелдерге негізделген, ал дәлелдер куәгерлердің шыншылдығына негізделген. Куәгерлердің шыншылдығы туралы тексерулер қазының шешімін қорғау мақсатына ие, себебі егер ол куәгерлердің ықтимал мінезіне негізделе отырып шешім шығарса, ал одан кейін олар жалған айтқандығы анықталса, онда қабылданған шешім жарамсыз болар еді. Кейбіреулер Абу Ханифа мен екі шәкірттердің арасындағы келіспеушілік уақыт айырмашылығымен түсіндіріледі деп айтады. Алайда, біздің уақытта мұндай істер бойынша шешім қабылдау екі шәкірттің де пікірлеріне сай қабылданады.

Жасырын мәні. Жасырын тазалану қазы жеке түрде музкиге немесе тазалаушыға (яғни басқалардың мінезін зерттеумен айналысатын адамға) қатынас жазып, оған куәгерлердің отбасы мен жағдайларын, олардың мекен-жайын сипаттау кезінде болады; ал тазалаушы осындай жеке түрде шақымданушы мұны біліп, оны қорламауы үшін қазыға жауап жазады.

Және жария тазалану. Жария тазалану кезінде қазы тазалушыны да, куәгерлерді де шаықруы керек және өзі тексеруді тыңдауы керек. Пайғамбар мен оның жолдастары кезінде жария тазалану болатын; бірақ біздің заманымызда тазалаушылар мен куәгерлер арасында талас тудырмау үшін жасырын тазалану қабылданған, себебі имам Мұхаммедтің жария тазалану қарсылық пен таласқа алып келетіндігі туралы пікірін жеткізеді. Кейбіреулер тазалаушы тек куәгердің әділ адам екендігін ғана емес, сонымен қатар оның еркін екендігін анықтауы керек, себебі құл әділ болуы мүмкін, бірақ соған қарамастан оның куәгерлігі қабылданбайтындығын айтады. Басқаларының айтуы бойынша, оның куәгердің шынайлығы туралы жеткізуі жеткілікті, себебі оң еркіндігі мұсылман елінде тұруымен орнатылады. Бұл жалпы мойындалған.

Куәгерді жауап берушімен ақтау. Ескере кету керек, куәгердің қазымен тазалануы керектігі, олардың адалдығы жауап берушіні қорлай ма жоқ па, олардың жауап берушімен ақталуын қолдайтын оқу бойынша ешқандай мәнге ие емес; басқаша айтқанда, егер ол шағымданушының куәгерлерінің шыншыл адам екендігін жарияласа, оның арызына сенуге болмайды; және Абу Жүсіп пен имам Мұхаммедтен алынған «Захири-Риваята» оқуы да осындай. Олардың пікірі ретінде жеткізеді, куәгерлерді жауап берушімен ақтауы көз алдында болатындығы туралы шартпен (имам Мұхаммед бойынша) және оларды басқа адамның жағынан ақтауы негізді болып табылады, себебі ол бір адамның емес, екі адамның куәгерлігі қажет деп есептейді. Бұл пән бойынша «Захири-Риваята» оқу жауап берушінің шағымданушы мен оның куәгерлерінің көзінде өтірікші, ал оның шағымды теріске шығаруы - әділетсіз және негізсіз екендігіне негізделген; бірақ ол оған қарамастан теріске шығарудан бас тартпайды. Сол себепті ол жалпы көзқарас бойынша шыншыл адам болуы тиіс тазалушы ретінде келуі мүмкін емес. Бұл жауап беруші куәгерлерді шыншыл адамдар, бірақ куәгерлік ету кезінде олар қателесті немесе ұмытып қалды деп жариялауына негізделген. Егер, алайда, ол «олар шын айтты» немесе «олар шыншыл адамдар және шындықты айтуда» десе, онда бұл шағымданушының құқығын мойындауға тең және

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бұл жағдайда қазы оның куәгерлерді тазалауының негізінде емес, оның мойындауына негізделіп, оған қарсы шешім шығаруы керек.

Бір тазалаушы жеткілікті. Абу Ханифа мен Абу Жүсіптің пікірлері бойынша бір тазалаушының болуы жеткілікті. Имам Мұхаммедтің пікірі бойынша, тазалау жарамсыз, егер екі адаммен жүргізілмесе. Осындай келіспеушілік олардың арасында қазымен тазалаушыға жіберілген және куәгерліктерді түсіндіру үшін шақырылған адамға қатысты орын алған. Имам Мұхаммедтің дәлелдеуі бойынша, қазының шешім қабылдау туралы билігі куәгерлердің шынайылығына негізделгеніне және олардың адалдығы туралы дәлелі тазалауға негізделгендіктен, онда бұл жерден шығатын қорытынды – көпшілік, шыншылдық керек немесе жазаға алып келетін жағдайлардағы секілді куәгерлер ерлер болуы қажет. Абу Ханифа мен Абу Жүсіптің дәлелдеуі бойынша, тазалану дәлел болып табылмайды, осыған байланысты ол үшін қазылардың отырысы да, «шахадат» сөзін қолдану да басты шарт болып табылмайды. Сонымен қатар, куәгерлік ету кезінде көпшіліктің болуы тек діни іс, басқаша айтқанда, аналогияға қарсы Құранның сөздеріне негізделген, себебі әрбір сөздің шынайылығы ол сөзді бір шыншыл адамның айтуымен расталады, хадистерге негізделген жазбалар бір адаммен жеткізілгендігі осыған дәлел болып табылады. Көпшіліктің куәгерлік ету кезіндегі қажеттілігі аналогияға қарсы болғандықтан, бұл ережеден шығару жолымен тазалау үшін мұндай қажеттілікті орнату санаға қарсы болып келеді.

Құл жасырын тазалау кезінде тазалаушы бола алады. Куәгер үшін қажетті сипаттар тазалаушы үшін қажет болмағандықтан, құл жасырын тазалау кезінде тазалаушы бола алады. Алайда, жария тазалау кезінде барлық біздің ғалымдардың пікірі бойынша тазалаушы куәгерге қажетті сипаттарға ие болуы керек, Хасафтың айтуы бойынша: «Жария тазалау қазылардың отырысымен шектеледі». Заң мамандарының ескерулері бойынша, имам Мұхаммед бойынша зинақорлық куәгерлерін тазалау кезінде төрт тазалаушы керек.

Бөлім

Дәлелдер екі түрлі болады: өздерімен-өздері әсер ететін. Куәгермен жадыда сақталатын және олар куәлік етіп жатқан заттар екі түрлі болады. Біріншілері өздерімен-өздері әсер етеді, олар сауда, мойындау, заңсыз иемдену, кісі өлтіру және соттың үкімдері. Барлық осы жағдайларда әрекет олардың өздерінен шығады; және сол үшін кімде-кім осы істерге қатысты бір нәрсені көрсе немесе естісе, онда ол куәгерлік етуді талап етпей-ақ ол туралы куәгерлік ете алады. Ол өзінің куәгерлігін келесі жолмен беруі тиіс: «Мен мынадай кісі сатып алғаны туралы куәлік етемін және т.б.», былай емес: «Менен куәлік ету талап етілді және т.б.», себебі соңғы куәгерлік ету әдісі шындыққа жанаспайды. Егер, алайда, есіктің немесе перденің артында тұрып, іште тұрған адамның айтқанын естісе, онда ол бұл сөздер туралы куәлік етуге құқылы емес, ал егер ол оларды куәландырса, онда қазы бұл куәгерлікті қабылдамауы керек, себебі ол заңсыз, себебі дауыстар көбінесе бір-біріне ұқсай береді және оларды сенімді түрде ажыратуға болмайды. Бірақ егер үйге кірген кезде онда тек бір адамның бар екендігіне көзі жетсе, ал одан кейін шығып, есіктің аузына отырып, аталған адамның куәлік етуін естісе, онда ол бұл куәлікті куәландыра алады.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Және әрекеттері басқа дәлелдерге тәуелділер. Дәлелдер жататын заттардың екінші түріне өздерімен-өздері әсер етпейтіндер жатады, олар өзімен-өзі әсер етпейтін куәландыру, себебі ол тек арыз және өзінің шындығы немесе жалғандығы туралы болжамға жол береді; ал күмәнді заттар шешімді дәлелді құрамайды. Сол себепті ондайды естіген адам куәлік бергеннен кейін құқық дәлелденгенін сол уақытта білмейді, осыған байланысты, егер бір адам екінші адамның бір нәрсе туралы куәлік бергенін естісе, онда ол куәгердің талап етуінсіз ол туралы куәлік етуге құқылы емес, себебі куәлік өзімен-өзі әсер етпейді. Сонымен қатар, басқа адамның куәлік етуін куәландыру осы басқаға қатысты анық әрекет болып табылады, сол себепті соңғысы осы адамды алдын-ала осы әрекетке тағайындауы керек, ал қарастырылып жатқан жағдайда олай жасалмаған. Егер кімде-кім бір адам басқа адамға оның куәлігін куәландыруды тапсырып жатқанын естісе, онда ол өзі куәлікті куәландыруға құқылы, себебі бастапқы куәгер ол іске оны емес басқа адамды тағайындады.

Актінің астындағы қол қою егер куәгер оған қол қойғаны есінде болмаса куәландырылмауы керек. Егер кімде-кім сату және т.б. актінің астынан өзінің қолын көрсе, онда ол тек осыған негізделіп егер ол актіге қол қойғаны есінде болмаса өз қолын куәландырмауы керек, себебі қол қоюлар көбінесе бір-біріне ұқсас болады. Кейбіреулерінің айтуынша, Абу ханифаның оқуы осылай, бірақ екі шәкірті де басқа пікірде. Басқалары, керісінше, актінің астында болғаны үшін ғана қол қоюды куәландыру заңсыз; және келіспеушілік бар бір ғана жағдай қазыға қатысты деп айтады. Егер ол өзінің диванында немесе істерінде біреудің куәлігін немесе өзінің шешімін тауып алса, онда ол (екі шәкірттің де пікірі бойынша) табылғандарға негізделіп бұл жағдай туралы есінен шыққанына қарамастан шешім шығара алатын еді, себебі қазының хаттамалары оның баспасының сақталуына байланысты өзгерістерден сақталған және сәйкесінше, шынайы мәліметтер береді. Басқаша іс – сату және т.б. актілері; олар басқа да адамдарда сақталады және сол себепті өзгерістерден сақталмаған. Егер кімде-кім істің өзін есінде сақтамай, бурақ өзі куәлік берген жерді есінде сақтаса, онда өзінің қолын көріп, бірақ оны қойғаны есінде болмағанмен бірдей. Осы ереже ол сенген адамдар оған: «Сен және біз мынандай істі бірге куәландырғанбыз» деп айтқан кезде де қолданылады.

Куәгерлік тек бірнеше адамның қатысуымен өткен істерден басқа жағдайларда естуі бойынша беріле алмайды. Кімде-кімге шындығында көрмеген нәрсесі туралы куәлік беру заңсыз болып табылады, тек ол естуінің шынайылығына негізделіп заңды түрде куәлік ете алатын туу, өлім, неке, бірге тұру және қазыны тағайындау туралы істерде бұған жол беріледі. Бұл жағымды түсіндіруге негізделген. Аналогия бойынша бұл жағдайларда да ол куәлік етуге құқылы емес еді, себебі куәліктер білім көзі болып табылатын көруге негізделген; және сенімді білім көрусіз алына алмайтындығы себепті, онда бұл жерден куәгерлік сенімді егер көруге негізделмеген болса деген ой келеді. Бұл жағдайда жағымды түсіндіруге бұл оқиғалар табиғаты бойынша тек бірнеше адамның болуын ғана талап ететіндігі негіз бола алады. Осылай, мысалы, ауыртпалықтан босату тек кіндік шеше қатысатын оқиға болып табылады; қазының абыройы тек уәзір немесе басқалардың қатысуымен оны патшаның қызметке тағайындауына негізделген; неке қидыру немесе өлім жағдайларында да аз ғана адам болады, ал бірге тұру кезінде – ешкім. Алайда көптеген

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

маңызды зардаптарға алып келетін фактілер ғана. Сол себепті, егер де бұл фактілердің болуы есту бойынша куәлік етуге негізделіп мойындалмаса, онда көптеген адамдардың қатысуын алып тастамайтын сату мен т.б. жағдайларға қарама-қарсы көптеген ыңғайсыздықтар пайда болатын еді. Айта кету керек, бұл жағдайларда мәліметтер екі әділ еркектерден немесе бір әділ еркек пен екі әйелден алынуы керек. Кейбіреулердің айтуы бойынша, өлім жағдайларында бір еркектің немесе бір әйелдің білуі жеткілікті, себебі өлім кезінде көп адам қатыспайды, өйткені ол қорқыныш тудырады және оны көруден қашады.

Және ол да абсолютті берілуі керек. Егер жоғарыда келтірілген жағдайлардың бірінде кімде-кім сенімді естігені бойынша куәлік етсе, онда ол шартсыз, мысалы: «Мен А-ның Б-ның баласы екеніне куәлік етемін» деп айтып куәлік беруі керек, «Мен ол туралы естіген себепті куәлік етемін» деп емес. Соңғы жағдайда қазы куәлікті қабылдай алмайтын еді; осылай егер кімде-кім А. қолынан затты көріп қалып: «Бұл зат А тиесілі» деп айтса және оның куәлігі қабылданған секілді; бірақ егер ол «затты А иелігінде көргені себепті куәлік еткенін» айтса, онда қазы бұл куәлікті қабылдай алмайтын еді. Егер біреудің сотты отырғанын және шағымданушы мен жауап берушінің тартысын шешіп отырғанын көрсе, онда ол «мына адам қазы болды» деп куәлік ете алады; немесе егер кімде-кім бір үйде тұратын және бір-біріне әйелі мен күйеуі ретінде қарайтын әйел мен еркекті көрсе, онда ол бұл әйелі мен күйеуі деп куәлік ете алады; дәл осылай, басқа адамның қолынан қауын көрген адам қауынның осы адамға тиесілі екенін айтқан секілді.

Танымал адамның жерленуі туралы куәлік ету оның өлімі туралы куәлік етумен бірдей. Егер кімде-кім басқа біреудің жерлеуіне қатысқанын немесе оған жерлеу дұғасын оқығанын айтса, онда бұл өлім кезінде болумен бірдей; сол себепті егер қазыға өзінің куәлігінің негізін айтса, онда ол бәрібір де қабылданатын еді. Жоғарыда айтылған туу, өлім, неке, бірге тұру және қазыны тағайындаудан басқа, өзі көрмеген заттар туралы куәлік беруі Кудуриден алынған. Осы басқаларды алып тастағанда есту бойынша куәлік беру брлық басқа жағдайларда қабылданатындығын анықтауға болады, олар **виля**, қайырымдылық мақсатымен садақа беру және т.б. Абу Жүсіптің соңғы пікірі ретінде есту бойынша куәлік ету қандас туыстықпен бірдей **виля** жағдайында қабылданады, себебі Пайғамбар былай деген: «**Виля** қандас туыстың секілді байланыс». Сондай-ақ имам Мұхаммедтің пікірін жеткізеді, ол бойынша есту арқылы куәлік ету садақа беру кезінде қабылданады. Садақа ұзақ уақыт бойы әрекет етеді және оны реттеуші заңдар садақаны дәлелдеу үшін есту арқылы куәлік ету қаюылданса жойылатын еді. Алайда, біздің ғалымдардың дәлелдеуі бойынша, **виля** меншіктен бас тартуға негізделген; және ол туралы куәлік беру үшін шынайы көру қажет болғандықтан, онда бұл жерден шығатын қорытынды, соңғысы одан шығатын зат үшін де, ал нақтырақ айтқанда – **виля** үшін де керек. Ал қайырымдылық мақсатпен садақа беруге келетін болсақ, онда керісінше есту бойынша куәлік етуге рұқсат берілуі керек, себебі ол садақаның өзіне қатысты (куәгер айтса: «Бұл **вакф** екеніне куәлік етемін»); бірақ оған садақа берушімен қойылған қандай да бір шектеулерге қатысты жол берілмейді, себебі садақаның өзі мәлім болғанымен, садақа берушіні өзі талап еткен себепті айтуға болмайды).

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Меншік құқығы затты басқаның иелігінде көрген куәгермен куәландырыла алады. Егер кімде-кім бір затты (үлкен құл мен күңнен басқа) басқа біреудің қолынан көрсе, онда ол заңды түрде заттың басқа адамдікі екендігін куәландыра алады, себебі иемдену меншік құқығын дәлелдейді, өйткені барлық меншікті қатынатарда, сатып алу, сату және т.б. иемдену меншік құқығының бар екендігін болжауға алып барады. Мысалы, егер біреу затты сатса, онда оның иемденуі сатудың заңдылығын дәлелдейді; дәл осылай сатып алу кезінде меншік құқығы сатушының иемденуімен орнатылады, ал мұрагердің меншік құқығы – мұраны қалдырушының иемденуімен. Сол себепті меншік құқығы туралы куәлік ету үшін куәгердің затты басқа адамның иелігінде көргендігі жеткілікті. Абу Жүсіптің пікірін жеткізеді, ол бойынша куәгер затт басқа адамның иелігінде көріп қана қоймай, сонымен қатар заттың шынымен иесінің меншігі екеніне сенуі керек; егер ол мұны ойламаса, онда иенің меншік құқығын заңды түрде куәландыра алмайды. Кейбір біздің ғалымдардың ескеруі бойынша, бұл жағдай имам Мұхаммедтің неке, бала туу және бірге тұру оқиғаларын естуі бойынша куәландыруының заңдылығы утарыл пікіріне қолданылады, яғни әрбір адам бұл жағдайларды естуі бойынша куәландыра алады, егер олардың шынайылығына сенетін болса. Имам Шафиидің айтуы бойынша, иемдену бұйрықпен бірге меншік құқығын дәлелдейді (және ханафи ғалымдарының көбісі де осылай ойлайды). Иемдену екі түрлі, тәуелді және меншік құқығы негізінде болғандықтан, ол бұйрықпен бірікпесе меншік құқығын дәлелдемейді. Басқа жағынан ,біздің ғалымдардың дәлелдеуі бойынша, бұйрықтың өзі екі түрлі болады: біреулері - өндірісті құқық күшімен, басқалары – жеке билік күшімен; және сеол себепті бұйрықтың иемденумен бірігуі меншік құқығы туралы күмән тудырады. Бір сөзбен айтқанда, егер ықтималдылыққа негізделетін болсақ, онда иемдену жеткілікті, ал егер де сенімділікті талап ететін болсақ, онда иемденудің өзі бұйрықпен байланыста болса да жеткілікті болып табылмайды.

Ескере кету керек, қарастырылып жатқан жағдай төрт болжамға жол береді. I. Кімде-кім меншік иесін, меншікті де көрсе және екеуімен де, яғни меншік иесінің отбасы мен жағдайларымен және біріншінің иелігінде көріп, одан кейін дәл соны басқа адамның иелігінде көрген меншіктің шекарасымен таныс болса және бірінші меншік иесі шағым жасаса, мұндай жағдайда ол меншіктің бірінші адамның иелігі екендігіне куәлік ете алады, себебі оны оның иелігінде көрді. II. Ол иелік пен оның шекараларын көріп, бірақ меншік иесін көрмеген кезде. Бұл жерде ол меншік туралы куәлік ете алады (заңның жағымды түсіндіруі бойынш), себебі меншік иесі оның қандай да бір отбасыға жататындығы есту бойынша белгілі. III. Ол меншік иесін де, меншікті де көрмеген кезде. IV. Ол меншік иесін көріп, меншікті көрмеген кезде; екі жағдайда да меншік құқығы туралы куәлік етуге болмайды.

Құлға меншік құқығы да сол негізде куәландырыла алады. Егер кімде-кім құлды немесе күнді басқа біредуің иелігінде көрсе және оның құл екендігін білсе, онда ол заңды түрде құлдың иесінің меншігі екендігіне куәлік ете алады, себебі құл өзіне-өзі ие емес, барғысы келген жерге бара алмайды, сол себепті қол астында болған иесінің меншігі болып табылады. Егер ол басқа біреудің меншігіндегі адамның құл екендігін білмесе, және ол жас бола отырып, өзі бұл жағдайды түсіндіре алмаса, онда ол заңды түрде бұл адамның иесінің меншігі екендігін көрсете алады, себебі жас бала

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

өзіне-өзі қожайын емес. Бірақ егер мұндай адам ер жетсе, яғни өзінің жағдайы туралы түсіндіре алатын болса және басқа біреудің иелігіне алып бара жатқан адам оның құл немесе құл еместігін білмесе, онда ол бір иемдену фактісінің негізінде ол адамның иесінің меншігі екендігіне куәлік ете алмайды. Екінші жағдайда ер жеткен құлға қатысты алып тастаудың мәнісі осындай; және бұл ер жеткен адамдар өздеріне-өздері ие және сол себепті оған меншік құқығына нұсқайтын басқа біреудің иемденуі оны тек көруге негізделмеуі керек. Абу Ханифаның пікірін жеткізеді, ол бойынша бұл жағдайда меншік құқығы туралы куәлік ету заңды түрде берілуі мүмкін; бірақ жоғарыда көрсетілген оқу жеткізуші көздермен көбірек келіседі.

Бөлім II.

ДӘЛЕЛДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУДАН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ

Соқырдың куәлік етуіне жол берілмейді. Соқырдың куәлік етуіне жол берілмейді. Имам Зуфардың айтуы бойынша, соқырдың куәлік етуіне тек есту бойынша куәлік етуге рұқсат етілген істерде ғана жол беріледі (және осы мағынада бір хадис бойынша Абу Ханифа оқытқан); ал естуде соқыр адамның кемшілігі жоқ. Абу Жүсіп пен имам Шафии айтуы бойынша, бұл істерде соқырдың куәлігі заңды, егер ол ол айтып жатқан оқиғалар болған кезде оның көзі көрген болса, себебі бұл жолмен ол танымал білімге қол жеткізеді, оны көз жанарын жоғалтқанына қарамастан жеткізе алады, себебі ол тілді білуге байланысты, ол тілді соқыр да біледі; және ол өзі куәлік беріп жатқан адаммен таныстығын оның шыққан жері мен отбасы туралы айтумен орнату өзінің қолында. Басқа жағынан, біздің ғалымдардың дәлелдеуі бойынша, куәлік беру кезінде жақтап және қарсы куәлік беретін адамдарды ажырата алу керек; ал соқыр адам оларды тек дауысымен ғана ажырата алады, ал бұл күмән тудырады, оны жақ көзі көретін куәгерді алып келіп жоя алады. Имам Шафии мен Абу Жүсіптің «куәлік беріп жатқан адам туралы оның шыққан жері мен отбасын сипаттау арқылы таныстығын орнату өз қолында» туралы айтуына келетін болсақ, онда оған қарсылық білдіруге болады, бұл куәландырудың тәсілі қатысып отырған адамның емес жо адамға қатысты орнатылған. Бір сөзбен айтқанда, соқыр адамның куәлік беруіне жазаға алып келетін істерде жол берілмеген секілді, оған басқа да жағдайларда жол берілмейді.

Егер кімде-кім куәлік етіп болғаннан кейін көз жанарынан айырылса, онда осы куәліктің негізінде шешім қабылдана алмайды. Егер кімде-кім куәлік етіп болғаннан кейін шешім шыққанға дейін соқыр болып қалса, онда (Абу Ханифа мен имам Мұхаммед бойынша) қазы осы куәліктің негізінде шешім шығаруға құқығы жоқ, себебі шешім қабылдау кезінде куәгерлердің куәлік етуге қабілеттері қажетте шарт болып табылады, өйткені куәліктің шынайылығы оған дәлелдеуші күш береді; ал қарастырылып жатқан жағдайда куәлік ол уақытқа дейін жарамсыз болды. Бұл жердегі жағдай куәгер куәлік етіп, ақыл есінен айрылған, мылқау немесе әділетсіз адам болған кездегі секілді қазы осылай берілген куәлікке шешімді негіздей алмайды. Куәгерлер куәлік етіп болғаннан кейін жоқ болып кетсе немесе өліп қалса іс басқаша болады:

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қазы осы куәлікке негізделіп шешім шығара алады, себебі куәліктің дәлелдік күші жойылмайды, тек өліммен аяқталады, ал жоқ болу дәлелдік күшті жоймайды.

Құлдың куәлік етуіне жол берілмейді. Меншікті құрайтын адамның, яғни құл немес күннің куәгерлік куәліктеріне жол берілмейді, тіпті егер ол соңында өкінген болса да, себебі Аллаһ құранда айтқан: «Некемен қосылған адамдарды зинақорлыққа кінәлап, осы кінәға дәлел ретінде төрт куәгерді таппаған адамдарды он сегіз соққымен жазалаңдар және олардың куәліктерін ешқашан қабылдамаңдар, себебі олар нәтижесінде өкінгендерінен басқалары абыройсыз өсекшілер». Сонымен қатар, куәгер болу құқығынан айырылу жазаның бір бөлігін құраса, онда бұл жағдай өкінішке қарамастан жазаның алынбайтыны секілді өкінгеннен кейін де қалуы керек. Қандай да бір басқа іс үшін жазаланған адамның ісі басқаша: мұндай адамның куәгерлігіне оның өкінгенінен кейін жол беріледі, себебі куәлікті қабылдамау оның қылмысымен салынған даққа қатысты, ол дақ өкіну нәтижесінде жойылады. Имам Шафиидің пікірі бойынша, ғайбат үшін жазаланған адамның куәлігіне жол беріледі, егер ол нәтижесінде өкінген болса, себебі Аллаһ, мұндай адамдардың куәлігін қабылдамау керектігін айта отырып, өкінгендер үшін оған рұқсат берді. Басқа жағынан, біздің ғалымдардың дәлелдеуі бойынша, Аллаһтың сөзіндегі рұқсат етілген бөлігі оның ғайбатшылар абыроайсыз өсекшілер деп аталатын бөлігіне жатады, олардың куәлігін қабылдамау туралы міндетке жүктелген бөлігін емес. Сол себепті өкіну мұндай адамның сипатынан дақты алып тастайды, бірақ оның куәгер ретінде куәлік ету қабілетін қайта қалпына келтірмейді.

Дінсіз ғайбатшы дінді қабылдағаннан кейін қайтадан куәгер болу құқығына ие болады. Егер ғайбат үшін жазаланған дінсіз адам мұсылмандықты қабылдаса, онда оның куәлік етуіне жол беріледі. Ол өтеген жазасына байланысты бұрынғы ие болған қабілеті көлемінде куәгер болу құқығынан айрылыса да (оның діндестеріне қатысты барлық істерде), бірақ ол мұсылмандыққа өтуіне байланысты ол бұрын ие болмаған және бұрын болған жағдай әсер етпейтін куәгер болуға жаңа қабілет алады (нақы – мұсылмандарға қатысты істерде куәлік ету қабілеті). Ғайбат үшін жазаланып, одан кейін бостандық алған құлдың ісі басқаша болады: оның куәлік етуі ол бостандыққа шыққаннан кейін де қабылданбайды, себебі ол өзінің бұрынғы құлдық жағдайында куәгер болу қабілетіне мүлдем ие болмаған және сәйкесінше, жаза толық болмаған, себебі ол бұрын алған абыройсыздықтан жоғары дәрежеге ұшырату мүмкін емес еді. Сол себепті ол бостандық алумен ие болатын сенім одан орнталыған жазаны толықтыру үшін алынып тасталады.

Туыстықтың тура қатынасы бойынша туысқан үшін куәлік етуге жол берілмейді. Баласы немесе немересі үшін немесе әкесі немесе атасы үшін куәгерлік куәлік етуге жол берілмейді: Пайғамбар осылай бұйырған. Бұл дәрежелерде туысқандар арасында бірқатар жалпы пайдалар болады, осыдан, туысқандарға қатысты істерде куәлік ету өзі үшін куәлік берумен бірдей болып табылады және сол үшін күмән тудырады.

Күйеуі үшін де, әйелі үшін де, қожайыны немесе оның құлы, жалдаушысы немесе жалданған адамы үшін емес. Пайғамбар айтқан: «Біз әйелдің күйеуіне қатысты куәлігіне; немесе құлдың қожайынына қатысты; немесе қожайынның құлына қатысты; немесе жалдаушының жалданған адамға қатысты куәліктеріне сенбеуіміз

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

керек». «Хидои» авторы «жалдаушы» сөзінің орнына (заң танушылардың түсіндіруі бойынша) ұстызына айтылған қорлауды өзіне айтылған деп есептейтін таңдаулы шәкіртті білуіміз керектігін ескертеді. Басқалардың айтуы бойынша, бұл сөздің астарында айға немесе жылға бір нәрсе берген адам екендігін түсіндіреді. Куәлік ету кезінде ол басқа жалданған меншікпен қолданылғаны үшін жалдама алуға құқылы болғандықтан, ол соңғысын оның куәлігін алу үшін ғана өзінің фермері еткендігі туралы күмән туындайды. Бірінің екіншісі үшін әйелі мен күйеуінің куәлігіне келетін болсақ, онда имам Шафии оған жол беріледі деп бекітеді, себебі әркімнің жеке меншігі бар, осыған байланысты біреуді өлтіргені үшін екеуі де кінәлі болып табылады және кез-келгені екіншісінің қарызы үшін қамауға алына алады. Сонымен қатар, олардың әрқайсысының басқасының меншігінен алынатын пайда ешқандай мәнге ие емес, себебі мұндай пайданың болуы пассивті табиғатымен ерекшеленеді; кредит берушінің кедей қарыз алушысы үшін пайданың пассивті қасиетіне қарамастан жол берілуі секілді. Біздің ғалымдардың бұл жағдай бойынша дәлелдері екі түрлі болады. Біріншіден, жоғарыда келтірілген, жеткізулерде сақталған, Пайғамбардың хадистері. Екіншіден, әйелі мен күйеуі дәстүр бойынша әрқайсысының меншіктен алатын пайдасы және бірінің екіншісіне қатысты берген куәлігі өзі үшін пайдалы болып табылады және сол үшін күмін тудырады. Кредит берушінің кедей қарыз алушысына қатысты берген куәлігі юасқаша болып табылады: кредит беруші қарыз алушының меншігіне билігі жоқ, ал әйелі мен күйеуінің мұндай биліктері бар.

Қожайынның өзінің құлы үшін берген куәлігіне жол берілмейді. Қожайынның өзінің құлы үшін куәлік етуіне жоғарыда келтірілген хадис себебінен және де егер құлдың қарыздары бомаса, онда мұндай куәлік өзінің пайдасына куәлік болатындықтан жол берілмейді; немесе егер құлдың қарыздары болса, онда қожайынның куәлігі бәрібір өзінің пайдасына болып табылады, себебі іс шешілмей қалады. Егер қожайын қарыздарды төлеуге шешім қабылдаса, онда куәлік толығымен оның өзіне қатысты болады, бірақ егер құлды қарыздарды қанағаттандыру үшін сатса, куәлік мүлдем оған қатысты бомайды (қожайынға); ал қандай әрекет түрін таңдайтыны белгісіз болғандықтан, куәлік оның өзіне жататын болып табылады. Ескере кету керек, осында көрсетілген негіздерге байланысты қожайынның мукатабтың пайдасына берген куәлігіне жол берілмейді.

Бір бірге иемденушінің басқасына қатысты берген куәлігі секілді (олардың ортақ меншігіне қатысты). Бір бірге иемденушінің басқасына қатысты оларға ортақ меншік туралы берген куәлігіне жол берілмейді, себебі өзінің пайдасына берген куәлік болып табылады. Алайда, бір бірге иемденушінің басқасына қатысты ортақ меншікке қатысты емес істе куәлік етуіне жол беріледі, себебі мұнда күмәнға орын жоқ.

Ағайының немесе бауырының пайдасына куәлік беруге болады. Ағайының немесе бауырының пайдасына куәлік беруге болады, себебі туысқандардың бұл дәрежеде пайдалары мен меншіктері бөлек және біреуі екіншісінің меншігіне билік жүргізе алмайды.

Жұрт алдындағы жылаушылар мен әншілердің куәлік етуіне жол берілмейді. Жылайтын немесе ән айтатын әйелдердің куәлік етуіне жол берілмейді, себебі олар тыйым салынған амалдарды жасағаны үшін кінәлі, өйткені Пайғамбар бұл екі айқай

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

түріне тыйым салған. (Ескере кету керек, бұл жағдай өзінің қайғысына емес, басқаның қайғысына жылайтын және сол үшін жалданатын әйелдерге қатысты).

Дағдылы маскүнемдердің немесе құс аулаушылардың куәліктері де солай. Қарапайым мас адамның куәлігі қабылданбайды, себебі ол тыйым салынған амал жасаған. Кептерлер мен қырандар секілді құстармен көңіл көтеруші адамның да куәлігі қабылданбайды, себебі мұндай көңіл көтерушілік ұмытшақтыққа алып келеді: оған беріле отырып, ол басқа әйелдердің жалаңаш жерін көреді, өйткені ол құстарды ұшырып отырып, өзінің үйінің шатырында отырады. Кейбір тізімдерде тейюрмен немесе құстармен көңіл көтерудің орнына «тамбур» немесе музыкалық аспаптар деп жазылған, бұл жұрт алдындағы әншілерге қатысы бар; ал жұрт алдындағы әншінің куәгерлігіне жол берілмейді, себебі ол тыйым салынған амалды орындау үшін адамдардың жиналуына себепші болады.

Немесе қатыгез қылмыскерлердің. Жазаға алып келетін үлкен қылмыс жасаған адамның куәлік етуіне жол берілмейді, себебі осындай қылмыстың нәтижесінде ол ақталмаған.

Немесе ұятсыз адамдардың. Жалпы моншаға тыр жалаңаш баратын адамның куәлік етуіне жол берілмейді, себебі ол өзінің жалаңаш жерін көрсете отырып, тыйым салынған амал орындауда.

Немесе өсімқорлар мен ойыншылардың. Өсімнен пайда табатын адамның куәлік етуіне болмайды; сондай-ақ ұтыс тігумен сүйек немесе шахмат ойнайтын адамның да куәлігі қабылданбайды, себебі ойынның мұндай түрлері үлкен күнәларға жатқызылады. Сонымен қатар осы ойынға беріліп, намаз оқуды ұмытып кететін адамдардың да куәлік етуіне болмайды. Алайда, ескере кету керек, ұтыс тігусіз қарапайым шахмат ойнау сенімді жоғалтпайды; ол ышыншылдықтың жеткіліксіздігін куәландырмайды және сіздің барлық имамдарыңызның заңсыз еместігіне келісе бермейді, ал имам Малик пен Шафии оның заңды деп жариялаған. «Мабсутта» айтылған, өсімқордың куәлік етуіне жол берілмейді егер оның өсімқорлықпен айналысатындығы барлығына белгілі болса, себебі адамдар көбінесе заңды күші жоқ келісім-шарттар жасасады.

Немесе келіссіз әрекеттерге кінәлі адамдардың куәлік етуіне жол берілмейді. Келіссіз әрекеттер жасайтын адамдардың, мысалы, үлкен жода зәр шығару немесе тамақтану, куәлік етуіне жол берілмейді, себебі адамды мұндай әрекеттерден ұят сезімі ұстап тұра алмаса, онда ол өтірік айтудан да тайынбайтындығы туралы күмән туады.

Немесе еркін ойлаушылардың, олар өз ойларын ашық мойындаған кезде. Пайғамбар мен оның шәкірттерін ашық түрде ұялтап жатқан адамдардың куәлік етуіне жол берілмейді, ол адамда ышыншылдықтың нақты болмауы себепті. Алайда, оларға қатысты кімде-кім өз ойларын жасырғанда басқаша болады; бұл жағдайда ышыншылдықтың болмауы анық емес.

Гава сектасының және басқа да еретиктердің куәлік етуіне жол беріледі, бірақ хетабии тайпасының куәлік етуіне болмайды. Гава сектасының (яғни сунниттерге жатпайтын адамдардың) куәлік етуіне жол беріледі, тек хетабии тайпасына жататын адамдардың куәлігіне басқалары, оның себептері төменде айталытын болады. Имам Шафии айтуы бойынша, гава сектасына жататын қандай да бір тайпалардың куәлік

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

етуіне жол берілмейді, себебі олар алатын парадоксалды білімдер азғындықтың жоғары дәрежесін құрайды. Біздің ғалымдардың дәлелдеуі бойынша, олардың оқулары шынымен де жаман болса да, оны жақсы көру шыншылдықты болжайды, себебі олар олар бұл білімді өздерінің дұрыстығы туралы ойдан қабылдады, осы себепті әр дінмен рұқсат етілмейтін өтірік айтудан олар да тартынады деп ойлауға негіз бар. Сол себепті бұл жердегі жағдай кімде-кім забх ережесімен өлтірілмеген малдың етін бұл өзінің тиесілі сектасымен рұқсат етілген себепті тамаққа қосып жегенмен бірдей. Басқаша, егер жаманшылық ойдан емес, істен көрініс тапса. Хетабии сектасына келетін болсақ, онда ескере кету керек, бұл сектадағы адамдар жоғары дәрежедегі еретиктер; басқа адам сөз бергені негізінде жақтап куәлік ету заңды болып табылады. Кейбіреулердің айтуы бойынша, бұл сектаға жататын адамдар бірі екіншісінің пайдасына куәлік берулері тиіс, осы себепті олардың куәліктері күмән тудырады.

Зиммилер тек зиммилерге қатысты істерде ғана куәлік ете алады. Зиммилердің бір-біріне қатысты куәлік етулеріне жол беріледі, бірақ олар түрлі дінге жатқанына қарамастан. Имам Малик пен Шафиилердің айтуы бойынша, олардың куәлік етулеріне мүлдем жол берілмейді, себебі дінсіздер әділ емес, ал бұл жерден олардың сөзіне сенбеу керектігі шығады, себебі Аллаһ Құранда: «Әділетсіз адам сендерге бір нәрсе айтса, оларға бірден сене бермеңдер», - деп айтады. Осыған байланысты дінсіз адамның куәлігі мұсылмандардың ісінде қабылданбайды, сәйкесінше, дінсіз адам дінінен тайған адам секілді жағдайда болады. Бұған қатысты біздің ғалымдардың дәлелдері екі түрлі. Біріншіден, Пайғамбар кейбір христиандардың олардың сектасындағы басқаларға қатысты берген куәліктерін заңды деп есептегенін және рұқсат бергенін айтады. Екіншіден, дінсіз адам өзіне және өзінің жас балаларына билігі бар және сол себепті өзінің сектасына қатысты адамдарға куәлік ете алады; және оның дінінің негізіндегі азғындық бұл қабілетті жоймайды, себебі бұл адам өзінің дінімен тыйым салынған амалдардың барлығынан тартынады деп ойлауға болады, ал өтірік айту барлық дінмен тыйым салынады. Дінінен тайған адамның ісі басқаша: ол не өзіне, не басқаларға ешқандай билігі жүрмейді. Зиммилердің мұсылмандарға қатысты куәлік етулері де басқаша, себебі зиммидің мұсылманға билігі жүрмейді. Сонымен қатар, зимми мұсылмандардың олардан асып түсетіні себепті ызадан мұсылманға қарсы жалған куәлік етуінен де сақтану керек.

Қарсылық. Мұсылмандар мен зиммилердің арасындағы дұшпандылық болған секілді, еврейлер, христиандар және сиқыршылар секілді басқа діннің өкілдерінің арасында да дұшпандылық болады. Бұл жерден бір діннің өкілдерінің басқа дін өкілдеріне қатысты істерде куәліктеріне жол берілмеуі керек секілді ой пайда болатын еді, негізінде мұндай куәлік етуге рұқсат берілген.

Жауап. Бұл адамдардың діндері әртүрлі болғанымен, өзара жеккөрушілікті тудыруға басқасына бағынбағаны себепті юірінің екіншісіне қатысты жалған куәлік етуінен қорқудың керекгі жоқ.

Мұстами зиммиге қатысты істе куәлік ете алмайды, бірақ зимми мұстаминге қатысты істе куәлік ете алады. Дінсіз мұстаминнің зиммиге қатысты істе куәлік етуіне жол берілмейді, себебі ол зиммиге билігі жүрмейді, өйткені соңғысы мұсылман елінің тұрақты тұрғыны. Алайда, зиммидің дінсіз мұстаминге қатысты куәлік етуіне оларға қатысты мұсылманның куәлік етуі секілді рұқсат етілген.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Мустаминдер бір елден болса бір-біріне қатысты куәлік ете алады. Бір мустаминнің екінші мустаминге қатысты куәлік етуіне олар бір елден болса рұқсат етіледі. Егер де олар басқа елдерден болса, онда олардың бір-біріне қатысты уәлік етулеріне жол берілмейді, себебі бұл айырма бірінің-екіншісіне қатысты билігін алып тастайды, осыдан бір-бірінен мұра ала алмайды.

Үйді жалға беру келісімі үйдің жарамсыздығы анықталуына немесе тозығы жетуінің салдарына байланысты бұзылса, ал жерді жалға беруде ондағы су қорының таусылуы, ал диірменді жалға беруде ондағы бұлақ көздерінің сарқылуы себеп болады. Ал бірақ диірмен басқа бір істерге пайдаланылса, онда оның қоса қабат жұмыс атқаруына мүмкіндік туады. Жалға беру келісімі сол келісім жасаушы жақтың бірінің өліміне байланысты өз күшін жояды. Ол бір жағынан өз міндетінен бас тартуы бойынша жүзеге асады. Келісім қандай да бір істің бұзылуын көздеген келісімге негізделген жағдайда ғана өз күшін жоғалтады. Бәрі де жалға беру келісімін бұзатындай жағдайдың туындауына байланысты болады.

Бөлім. Әртүрлі жағдайлар

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Жерді жалға беруші немесе ссуда қабылдаушы орылған жердегі әртүрлі жағдайларға жауап бермейді. Қолөнерші еңбек ақының жарымын иемдену үшін басқамен бірлесуіне болады. Түйені жалдауда оның екі адамның жүгін жеткізу мүмкіндігі есептеледі. Теңделген түйеге бұрынғысына қарағанда басқа заттар молырақ артылады.

XXXII. КІТАП. МУКАТАБАХ ТУРАЛЫ

XXXIII. КІТАП. ВИЛЯ ТУРАЛЫ

Терминді анықтау. Виля екі көріністе болады. Құлдың вилясы оның иесінің құтқарушысы болады. Ол құлға тиесілі шығындарды өтеуге жауапты болады әрі оның кейінгі мұрагері болып саналады. Мұрагерліктен бас тарту дұрыс емес деп есептеледі. Бостандыққа шыққан құлдық сәулетті үйі оның иесінің меншігінде болады. Азат ету кезіндегі жүкті әйелдің құрсағындағы сәбиге тиесілі сәулетті үй эмансипаттарға тиесілі болады. Бірақ ол азат ету кезінде жүкті болған алты айдың ішінде шешілмесе, әлгі үй оның әкесінің азат етуіне өтуі мүмкін. Егер әкесі мен анасы еркіндікте болған жағдайда, балаларға тиесілі үй әкесінің отбасына тиесілі деп есептеледі. Еркіндікке шыққандар үйге мұрагер болу мүмкіндігіне ие болады. Еркіндікке шығуына байланысты балаларынан бұрын сол үйдің әйелі оның иесі болып есептеледі. Еркіндікке шыққандардың мүлкі азат етілген мұрагерінің меншігіне тікелей өтеді.

Бөлім. Мавалат немесе өзара достық жағдайындағы виля мәселесі туралы

Әркім өзге жақты қатыстыра отырып келісімді бұзуына болады. Мавалатқа басқа біреумен бірге кіре отырып төменгі жақ жоғары жақтың қатысуынсыз келісімді бұзуына мүмкіндігі бар. Бірақ олар өзге жақ өсімді төлеп қойған жағдайда да өз ойын жүзеге асыра алмайды. Өз еркіне жіберілгендер мавалат келісіміне кіре алмайды.

XXXIV. КІТАП. ИКРАХ НЕМЕСЕ МӘЖБҮР ЕТУШІЛІК ЖӨНІНДЕ

Келісім жасауға мәжбүр етуші кейіннен оны бұзуына болады. Мәжбүр ету арқылы мойындаушылық заңсыз боп саналады. Сатып алушы мәжбүр ету арқылы сатылған заттың иеленушісі деп есептеледі. Бірақ сатушы сатуға келісім бермеген жағдайда затты қайтарып алуына болады. Егер сатушы заттың бағасына келіссе мәжбүр ету арқылы сату дұрыс деп есептеледі. Бірақ сатушы мәжбүр болған жағдайда ғана ол дұрыс боп саналады. Сату кезінде сатушының мәжбүрлі күйде тікелей қатысы болғанымен затқа зиян келген жағдайда оған сатып алушы жақ жауапты боп саналады.

Бөлім

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Өмірге немесе денеге зиян келтірердей қауіп төнген шақта пайдалануға тыйым салынған затты ішу немесе жеу заңсыз боп саналмайды. Өмірге немесе денеге қауіп төнген жағдайда өзін заңсыздыққа немесе Құдайға мойынсұнбаушылыққа барды деп есептемеу керек. Мәжбүр ету арқылы басқаның затын бүлдірген адам емес, керісінше мәжбүр етуші жауапты болып саналады. Мәжбүр ету арқылы біреуді өлтірген адам заңды бұзушы деп есептелсе де жазаны өтеу мәжбүр етушінің мойнына түседі. Ажырасуға мәжбүр ету арқылы барушылық және басқа жағдайлардың бәрінде де ол шешімін тапқан болса оны бұзуға жатпайды. Мәжбүр ету арқылы сенімнен бас тарту, исламды мойындау, тағы басқа жағдайлар жазалануға лайықты.

XXXV. КІТАП. ХАДЖР НЕМЕСЕ ӘРЕКЕТТІ ШЕКТЕУШІЛІК ТУРАЛЫ

I. Тарау. Кіріспе

Жас балаларға, құлдарға және есі ауысқандарға жеңілдік жағдайы ескеріледі. Сату мен сатып алуда қамқоршы адамның келісімі керек. Шектеулі жағдайларда сөздің ықпалдығы басым болады. Жас балалар және есі ауысқандармен келісім дұрыс деп табылмайды; ажырасқандар мен еркіндікке шыққандар да осындай мүмкіндікте болады. Ажырасушылар мен еркіндікке шыққандар, жас балаларға қамқорлық жасаушылар заттың бүлінуіне бірдей жауапты болады. Құлдың өзі кінәсін мойындауына байланысты оның иесі емес, өзі кінәлі боп есептеледі, және де ол құлдың еркіндікке шығуымен күшіне енеді. Сөйтіп ол жазаға тартылады. Олардың ажырасуы жөнінде жүргізілген іс дұрыс деп есептеледі.

II. Тарау. Ақылы кемістер жайлы шектеулер жөнінде

Ысырап етуші жайлы шектеу бір лауазымды қызметкер арқылы атқарылса, оның күшін жою екінші біреу арқылы іске асырылады. 25-ке жетпеген бозбала ысырапшылдыққа жол берсе оның мүлкін алып қоюға тура келеді. Кәмелеттік жасқа жеткен жағдайда онымен сауда келісімін жүргізу шектеу салынған кезге дейін атқарылса дұрыс деп есептеледі. Сондай-ақ құлдан туған сәбиді алуды талап ете алады. Оның сондай-ақ үйленуіне болады, оның мүлік байлығын әке-шешесіне, балаларына үлестеп бөліп береді. Оған қажылықты атқаруға бөгет жасауға болмайды. Оның діни бағыттан бас тартуы өзіндік басымдыққа ие. Ісіне жеңіл қарайтын адам шектеулікке душар болуы мүмкін.

Бөлім. Жыныстық жағынан пісіп жетілу кезеңі туралы

Жыныстық жағынан пісіп жетілу ер адам үшін он сегіз жаста болса, ал әйелде ол он жеті жасқа сәйкес келеді. Олардың өзінің ер жеткендігі жөніндегі түсініктемесіне сенуге болады.

III. Тарау. Қарыздар болудағы шектеулер жөнінде

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Қарыздар адамға шектеу жоқ, оның мүлкі де жай заттар қатарына жатпайды. Бірақ ол қылмыскер қатарына жатуы мүмкін. Егер де ол сол иеліктің теңгесінің иеленушісі болса, оған қарыздар ретінде қазының төрелік етуімен төлеуші болып табылады, ал егер теңгесі басқа біреудікі болса онда өз төлемі үшін оны сатуына тура келеді. Қарыз иесінің сол қарызын өтегенше мойындауының қажеті жоқ. Қарыздар өз сақтаулы мүлкінен қажетін алуына болады. Кедейлікке ұшыраған қарыздар тұтқынға алынатын жағдайда кезігеді. Бостандыққа шыққаннан кейін несие берушілердің оны бақылауға алуына хақысы бар. Оны тұтқындау қажеттігі жөніндегі шешімді солар ғана шығара алады. Несие беруші ер кісі қарыз алушы адамды бақылауда ұстай алмайды.

XXXVI. КІТАП. МАЗУНДАР НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛДІКТІ ПАЙДАЛАНУШЫ ҚҰЛДАР ТУРАЛЫ

XXXVII. КІТАП. ГАСЬ, НЕМЕСЕ ЗАҢСЫЗ ИЕЛІК ЕТУШІЛЕР ТУРАЛЫ

Терминді анықтау. Затты заңсыз пайдалануды көздеген адам заң бұзушы болып саналады. Заңсыз иеленуші ауыстыруға болатын затты бұлдірген жағдайда оған жауапты болады. Егерде ол ауыстыруға болмайтындай зат болса, онда иеленуші оның бағасына жауапты болады. Көзбе көз зорлықпен алынған зат сол күйде сол жерде қайтарылуы тиіс. Егер олай болмаған жағдайда заңсыз иеленушіні қанағаттандыратарлықтай шешім болмайынша тұтқындалуы мүмкін. Әрекеттегі мүлікті заңсыз пайдаланғанда ғана ол заңсыздыққа жатады. Заңсыз иеленуші жиһаз заттарына жауапты болады. Жерді заңсыз иеленуші оны пайдалану кезінде оның құнының төмендеп кетуіне жауапты емес. Құлды заңсыз иеленуші оны жалға берген жағдайда оған зиян келсе жауапты болып табылады және де құл үшін алған жалақысын қайырымдылық іске беруіне тиіс болады. Егерде құл өліп қалса, алған жалақыны оған жұмсалатын шығынға төлеуі қажет. Зорлықпен алынған ақшаны иеленуші тапқан пайдасын қайырымдылық ісіне жұмсауы тиіс.

Бөлім. Заңсыз иеленушінің қисынсыз іс әрекеттері арқылы зорлықпен тартып алынған затты заңсыз иеленуі туралы

Зорлықпен алынған зат өзгеріске түссе, ол заңсыз иеленушінің меншігіне өтеді, сондай-ақ ол заттың алғашқы күйдегі бағасына жауап беруші ретінде саналады және де ақысын төлемей ол заттан түскен пайданы иеленушіне болмайды. Алтын мен күміске өзгеріс жасалған жағдайда олар оны меншіктене алмайды. Белдеу ағашын зорлықпен иемденіп үй құрылысын жүргізген жағдайда белдеу ағашы сол заңсыз иеленушінің меншігіне өтеді. Заңсыз иеленуші зорлықпен тартып алынған жануарды өлтірсе, оның иесі әлгі заңсыз иеленушіден сол жануардың құнын өндіріп алу арқылы келісім жасауына болады. Тартып алынған матаның аздап бүлінуі заңсыз иеленушінің оның меншіктенуіне мүмкіндік бермейді, алайда бірақ бүлінген жағдайда оның иесі оны қайтарып немесе сол заңсыз иеленушіден оның құнын өндіріп алуы мүмкін. Заңсыз иеленген жерді көгалдандырып құрылыс жүргізу немесе бидайды ұн етіп тартушыларға да жоғарыдағыдай шара көрсетіледі.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бөлім

Заңсыз иеленуші зорлықпен алынған затты бүлдірген болса, онда оның егесі заттың бағасын талап еткен жағдайда ол әлгі заңсыз иеленушінің меншігіне айналады. Меншіктенушінің айғақтауымен және заңсыз иеленуші ретіндегі арызы бойынша әлгі заттың көлемі қуәландырылады. Заттың бағасын иемденгеннен кейін оның иесі сол баға ойындағыдай болған жағдайда қайтадан талап қоюына болмайды. Зорлықпен құлды заңсыз иеленуші оның иесіне құнын төлегеннен кейін оны сата алады, бірақ еркіне жібере алмайды. Зорлықпен алынған мүліктің нәтижесінде ол заңсыз иеленушінің жүгіне айналады. Құлды заңсыз иеленуші оның жүкті болу салдарынан болған зияндылыққа жауапты емес, егерде сәбидің құны сол зияндылыққа сай келсе. Әйел күң заңсыз иеленушіден жүкті болса және де ол әйел толғақ үстінде сәбиді өмірге әкелгеннен кейін қайтыс болса, иеленуші оның құнына жауапты саналады. Зорлықпен алынған затқа жалдау ақысы тиесілі емес, бірақ заңсыз иеленуші заттың әрбір бүлінгендігі үшін жауапты болады.

Бөлім. Бағасы жоқ заттарды тартып алу жөнінде

Мұсылман ішімдіктің және шошқа зиммиясының бұзылуына жауапты және оның құнын төлеуге міндетті. Заңсыз иеленген затқа ешқандай төлемсіз өзгеріс жасаған кезде жеке иеленушілік құқығына ие бола алмайды; егер де еңбекке шығын жұмсалса, онда иеленушілік төлем ақысын төлеген болса, онда жеке иелену заңсыз иеленушіге міндеттеледі. Құнда затты араластырып жіберу арқылы ішімдікті сірке суына айналдыру жауапкершілікке жатады. Музыка аспабын құртып немесе сусын жасаған мұсылман жауапты болады. Бұл заттарды құртқан адам олардың құнына тең ақша төлейді. Мудаббарды заңсыз иеленуші оның бағасына жауапты, егер де ол иеленуші қарамағында өлсе, оның құнына ол жауапты болып саналады, бірақ заңсыз иеленуші мукатаб жауапты болмайды.

XXXIII. КІТАП. ШИФАТ ТУРАЛЫ

I. Тарау. Шифатты пайдаланушы адам туралы

Шифатты пайдалану ортақ меншіктес иесіне және сол меншіктестікке қатысушыға және оның көршісіне тән болады. Шифатты өз мүмкіндігін пайдаланудан бас тартпаған иесінен өзге ешкім талап ете алмайды, ондай болмаған жағдайда ол келесі біреуге өтеді. Мүліктің белгілі бір бөлігін иеленуші көршісіне қарағанда иелену жағынан едәуір артықшылықтарға ие болады. Барлық шафилиердің заттарының көлеміне қарамай пайдалану мүмкіндіктері бірдей болады. Егер де біреулер қатыспаса, онда шифат қатысушыларға теңдей жағдайда беріледі, ал бірақ әлгі қатыспағандар келген жағдайда олар өз үлестерін алады. Мүмкіндік зат сатылғаннан кейін беріледі. Шафиге жеке иеленушілік мүмкіндігі зат сатып алушыға өткеннен кейін немесе сот ұйғарымынан кейін беріледі.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

II. Тарау. Шифатты талап ету және оған қатысты даулы мәселелер туралы

Талап ету үш түрлі болады: тікелей, ұсынысты қабылдау және куәгер жалдау немесе іздену арқылы. Іздену мерзімі өтіп кеткенімен талап етушілікті жарамсыз деуге болмайды әсіресе ол соттың қатысуынсыз болған жағдайда. Шифатты талап етуде соттың ережесі арқылы қарсы жақтың өтінішін қанағаттандыруы тиіс. Сот жөніндегі ізденіс пен ол жайлы шешім. Бұл жөнінде негіз бола алады. Бірақ меншіктенуші өз иелігіндегі жерді оның бағасы белгіленгенге дейін ұстап тұра алады. Шифатты иелену төлем жөнінде кідіріс болғанда да өз күшін жоймайды. Үй оны иеленушінің меншігінде болған жағдайда оған талап қойылуы мүмкін. Сондай-ақ талап сатып алушыға да, сатушыға да қойылады. Айтыс тартыста жеңіске жеткен шафи жер меншігінен бас тарта алады.

Бөлім. Бағаға қатысты дау-дамай туралы

Бағаға қатысты дау-дамай бола қалған жағдайда сатып алушының дәлелдемелеріне қоса берілген арызына сенуге тура келеді, сондай-ақ көп ақша ұсынған жағдайда сатушының да арызын дұрыс деп санауға болады.

Бөлім. Шифатқа тиісті мүліктің орнына шафидің алуы мүмкін заттары туралы

Шафидің сатып алушымен арадағы бағаны кемітуге хақысы бар, бірақ сатылған барлық бағадан бас тарта алмайды. Сатылымнан кейін сатушы мен сатып алушының келісімімен бағаның өсуіне шафи жауапты емес. Егер де баға жылжымалы мүлік жөнінде болса, онда шафи заттардың бағасын төлей отырып, жер меншігін иеленуіне болады; ал баға ауыстыруға болатын заттардан болса, онда ол бірдей мөлшерде төленуі тиіс. Төлемнің мерзімі өтіп кеткен жағдайда шафи мерзімінің өтуін күтуі керек немесе жер меншігін өз бағасына сай алуы керек.

Бөлім

Шафи құрылысты сатып алушының көгерісті жерін алып қоюына немесе олардың ол жерден кетуін талап ете алады. Шафи басқалардың меншігіне айналған егілген ағаштар мен жүргізілген құрылысқа ақы төлеуіне болмайды, бірақ оны басқа жаққа көшіреді. Егер де жер меншігіне сатылғаннан кейін зиян келсе онда шафи оның толық бағасына сай емес дәрежедегі мүмкіндікке ие болады. Егер зиян сатып алушының есебінен болса, онда шафи шын бағасын төлей отырып жеміс ағаштары бар бір жерді алуына болады.

III. Тарау. Шифат иеленген заттар туралы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Шифаттың жылжымалы мүліктің бәріне де иелену құқығы бар, егер де олар өзі тұрған жерден бөлек сатылған болмаса. Шифатқа қатысты жағдайда мұсылман мен зиммилер арасында айырмашылықтар болмайды. Шифат ақы төленген затқа қолданылады. Шифат сыйға немесе жалға беру ретіндегі төлемге немесе ақы төлеп еркіндікке жібергенге қолданылмайды. Шифат сый ретінде берілген үй сатылған жағдайда қолданылады. Шифат иелену үшін әлемдік келісім шартқа сай белгілі баға төленген үйге қолданылмайды. Шифат қарсылық болған жағдайда да сатылған үйде орын ала алмайды, бірақ осындай жағдайдағы сатылған үйге қолданылады. Құқықты иелену мақсатын көздеген шафи араласқан кезде сатып алушының қарсылық білдіруі тоқтатылады. Сатылым жағдайында қарсылық білдіруші ретінде бұған құқығы бар көрші меншік иелігінің шафиі араласа алады. Расталмаған келісім шарт бойынша сатылған мүлікке шифат ие бола алмайды. Мүлік сатып алушыға өткенге дейін расталмаған келісім шарт бойынша оның сатушысы болып көрші меншік иесінің шафиі саналады. Шифат құқығын иелену ортақ жер меншігін бөлісуден туындамайды. Құқықтан бас тартқан жақ тарапынан кейін ондай жағдай қайталанбауы тиіс.

IV. Шифат құқығын жоятын жағдай жөнінде

Дәлелдеу кезінде шафидің өзіне айғақтамағаны салдарынан немесе әлемдік жасалымдар құқығын иелену келісімін мойынсынған кезде, немесе қазының төрелігі шыққанға дейін шафидің қайтыс болуы салдарынан шифат құқығы жойылады. Сондай-ақ шафи мүлкі сатылған жағдайда ол өз құқығын енгізсе, немесе сатушы ретінде іс әрекетке кіріссе шифат жойылады. Егер де ол баға немесе сатып алушы жөніндегі жалған деректен бас тартса немесе сатылған мүлік жөнінде өтірік ақпар түссе оның құқығы қайта қалпына келуі мүмкін.

Бөлім

Үйді бөліп – бөліп бір адам әртүрлі кезде сатып алса шифат құқығынан айырылады. Екі жақты келісім шартпен сатылған мүлік құнды заттармен төленсе, онда өз құқығын сақтап қалғысы келген шафи алғашқы бағасын төлеуі тиіс.

Бөлім. Түрлі оқиғалар

Шафи бірнеше сатып алушының біреуін алуына болады, бірақ бірнеше сатушы мен бір сатып алушы болған жағдайда ол үйді толығымен өзіне қаратуы немесе одан бас тартуы керек. Үйдің сатылуы кезінде және оның жарты бөлігі бөліске түссе шафи сатып алушыдан жарты үлесін ала алады. Егер бір иеленуші өз үлесін сатса, онда шафи келесі бөлікті құрта алады және иеленушіден бағаға сай өз үлесін ала алады. Қарызы бар құл мен оның қожайыны өз мүліктеріне шафи бола алады. Төменгі жастағы бала жөнінде әкесі немесе қамқоршысының әрекеті шифатқа лайық деп есептеледі.

XXIII. КІТАП

УӘКІЛДІК ТУРАЛЫ

I.Тарау. Кіріспе

II. Тарау. Сату мен сатып алудағы уәкілдік туралы

III.Тарау. Сот пен шешімдер қабылдаудағы уәкілдік туралы

IV. Уәкілдікті тоқтату туралы

I.Тарау

КІРІСПЕ

Заң келісім шарт жасауда контрагенттің орнына іс-әрекет жасау үшін уәкілді уәкіл етуге мүмкіндік береді. Өзінің атынан кез келген келісім шартты жасау үшін тұлға басқа біреуді уәкіл етіп тағайындауға құқылы, мәселен мыналарды: сату, неке және т.б. келісім шарттары, кейде түрлі жағдайлардың салдарынан (мәселен ауру жағынан) іс-әрекет етуге жағдайы болмаса сенім беруші мұқтаж болатын оның сенімін жүзеге асыра алмағандықтан уәкілді тағайындау қажеттілігі бойынша жіберуге тура келеді. Бұдан басқа, «Накли-Сахихта» мынадай аңыз бар, Пайғамбар өзінің уәкілдері ретінде мыналарды тағайындады: құрбандық шалу үшін түйені сатып алуда – Хаким Бин Хирамды және Пайғамбардың ұйғарымымен оның анасы мен олар арасында некеге тұру үшін Амир Бин Авманы.

Сондай-ақ, жазалау жайлы істі қоспағанда қылмыстық қудалау мен үкімді шешуге қатысу үшін.

Келтірілген ойлар бойынша қылмыстық қудалауға қатысу үшін бір тұлға басқа біреуді уәкіл етіп тағайындауға құқылы, сондай-ақ егер де кез келген тұлғаның осындай түрдегі істі жүргізуге қабілеті болмаса. Сондай-ақ, «Накли-Сахихтағы» аңыз сақталды, Али Акилды өзінің қылмыстық істеріне қатысу үшін уәкіл етіп тағайындады, ал Акил қартайған шағында Али оның босатып, орнына басқа біреуді Абдулу Бин Джафарды тағайындады. Бірдей негізде, заң жазалау жайлы істі қоспағанда, үкімді орындауға қатысу үшін уәкілді тағайындауға заң мүмкіндік береді. Соңғы жағдайда уәкілді тағайындау жарамсыз, немесе күмән тудыратындай жағдай болғанда жазалау жойылады, ал арызданушының қатыспауы күмән келтіреді, қудалаушы тарапынан кешірім мүмкін болады және бұл мақтан тұтарлық нәрсе және мадақтауға да әбден мүмкін.

Қарсылық. Сенім беруші қатысқан жағдайда уәкілді тағайындаудың қандай қажеттілігі бар?

Жауап. Тіпті бұл жағдайда да уәкілді тағайындау қажеттілігі туындайды: үкімді орындау әркімнің қолынан келе бермейді, және егер де қудалаушы ұсынушы алуға құқығы болмаса да, онда үкімді орындау да мүмкін емес болар еді.

Барлық жоғарыда келтірілгендер Абу Ханифа пікіріне сәйкес. Абу Юсуфтың мақұлдауынша, дене жазалауы¹ жайлы істерде уәкілеттілік заңсыз. Имам Мұхаммедтің

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

пікірі Абу Ханифаның пікіріне ұқсас келеді, кейбіреулері ол Абу Юсуфтың пікірімен келісетінін айтады. Басқалары, керісінше, бұл алауыздық ұсынушының қатысуы туралы мәселе емес, қатыспағаны жайлы мәселесі орын алады, ұсынушының қатысуымен айтылған уәкілдің сөзі толығымен соңғысына жатады. Осы пән бойынша Абу Юсуфтың дәлелі мынада, уәкілді орнатуда өкілдің көлеміне сәйкес күмәнға орын болады, осыдан шығатыны, үкімді орындауда осы істерге уәкілдің тағайындалуы бұл істе жарамсыз, және ол түсініктеме беруге жіберілмейтін қылмыстық қудалау кезінде де жарамсыз болады. Абу Ханифаның дәлелі, қылмыстық қудалау бұл үкімді орындаудың шарты ғана, немесе жазаның қажеттілігі қудалауға емес, куәгерлердің жауабы арқылы табылатын қылмысқа негізделеді, міне сондықтан уәкілеттілік басқа құқықтарға тиесілі істерге ғана жіберіледі. Мұндай алауыздық өзін қорғау үшін уәкілді уәкіл ететін болса дене жазасын алып келетін істерде тұлға айыпталған жағдайда пайда болады.

Қылмысты деп айыпталған тұлға өзін қорғау үшін уәкілді тағайындай алады. Келтірілген мысалда Абу Ханифаның ілімі басым болады, немесе уәкіл жауап бере отырып қарсылық көрсете алады, және осыған сәйкес уәкіл тарапынан күмән келтірмейді. Егер де уәкіл мойындау жасаса, онда сенім берушінің қатынасы бойынша күші жоқ, өйткені осындай күмән болғанда мойындау үшін уәкіл уәкіл ете алатын ба еді.

Қылмыстық қудалау кезінде уәкілеттілік ауру болған кезде немесе ұсынушы болмаған жағдайда ғана жіберіледі. Абу Ханифаның пікірі бойынша уәкілді заңды түрде тағайындау ұсынушының ауруы немесе оның орнынан үш немесе одан да көп қашықтықтан табылуы мүмкін уәкілді жіберуге қарсы жақтың келісімі мүмкін болып есептеледі. Екі оқушының мақұлдауынша, қарсы жақтың келісімінсіз мұндай уәкілеттілік заңды болады; имам Шафидің пікірі де дәл осындай. Бұл алауыздық уәкілеттіліктің заңына қатысты емес, қарсы жақтың міндеттері келісімді мәлімдегендіктен, оны жіберу үшін уәкіл жауапты болады. Абу Ханифа дәл сондай пікірде, ол жауап беруге міндетті емес, ал екінші оқушы басқа пікірде болады. Соңғылары былай деп дәлел келтіреді: уәкілді тағайындау оның құқығына тиесілі болатын жеке тұлғалардың іс-әрекеті болады, және сондықтан да қарызды төлеу жағдайында басқа біреудің келісімінен тәуелді болады. Басқа жағынан, Абу Ханифа былай тұжырымдайды, ұсынушының міндетіне қатысты жауапты жеке өзі беруі тиіс, және ол сот талаптары бойынша сотқа келуі тиіс, бірақ көбісі қылмыстық істі жүргізуге қабілетті емес, сондықтан егер де қарсы жақтың еркінен тәуелсіз өзінді алмастыруға болатын болғанда, онда бұл ол үшін қолайсыз болған болар еді. Осыдан уәкілдің тағайындалуы оның келісім шартынан тәуелді болуы керек.

¹ Басқаша сөзбен – қылмыстық қудалауда.

Бұл жерде дәл сондай қатынас құлдардың иесінің бірі оны мукатаб етіп жасаса, мұндай жағдайда қалған иемденушілер өз қарауы бойынша келісім шартты бекітетін болса немесе оны бұзған жағдайда ең болмағанда бірінші иемденушінің іс-әрекеті тек оның меншігіне қатысты болғанда дұрыс болар еді, бірақ келісім шартты орындау басқалардың құқығын бұзатын болса, онда оның ақиқаттылығы оның келісім

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

шартынан тәуелді болады. Дәл сондай жағдай қарастырылған. Басқа іс егер де сенім беруші ауру немесе қатыса алмаған жағдайда уәкіл тарапынан тағайындау қарсы жақтың келісімінсіз де жарамды болады.

Немесе ол жолға жиналған кезде. Осыған сәйкес Абу Ханифа уәкілді қатыспаған тұлға ретінде тағайындай отырып, оны жарамды деп есептейді.

Әйел адам барлық жағдайда да сот уәкілін тағайындай алады.

Қоғамдық өмір мен қазылардың мәжілісіне қатысуға үйренбеген әйел (Абу Бекру пікірінше) оның ісін жүргізу үшін уәкілді тағайындайды және қарсы жақ осындай тағайындауға келісуге міндетті болады. Бұл ілім біздің дәстүрлі заң мамандарымен қабылданады және шешімге қаулы етуде олармен басқарылады.

Уәкілдің ақиқаттылығы үшін ұсынушының құқық қабілеттілігі талап етіледі. Барлық істерде уәкілдің ақиқаттылығы екі шарттан тәуелді болады: біріншіден, сенім берушінің өзі басқа біреуді уәкіл ете отырып, іс әрекет жасауға қабілетті болуы тиіс немесе уәкілдің құқығы ұсынушының құқығынан шығады, осы құқықты басқа біреуге хабарламастан бұрын өзі құқыққа қабілетті болуы тиіс.

Уәкілдің ақыл есінің дұрыстығы. Екіншіден, уәкілдің өзі уәкіл етуі тиіс іс-әрекеттерді орындауға және түсінуге қабілетті болу үшін ақыл есінің дұрыс болғаны абзал. Сондықтан егер кімде – кім өзі уәкіл ретінде жас баланы немесе есі дұрыс емес тұлғаны тағайындайтын болса, онда бұл тағайындау жарамсыз болады. Керісінше егер кәмелетке толған есі дұрыс тұлға өзінің уәкілі ретінде дәл өзіндей¹ адамды тұлға етіп тағайындаса немесе түрлі жеңілдікпен пайдаланушы құл – дәл сондай құл болса онда мұндай тағайындау жарамды болады.

Раб-махджур¹²⁹ немесе кәмелетке толмағандар уәкіл бола алады.

Егер кімде – кім сату мен сатып алуда немесе махджурда түсінігі бар кәмелетке толмаған адамды уәкіл ететін болса, онда екі жағдайда да өкілдік жарамды болады. Бірақ келісім шарттар шығатын құқықтар оларға емес, олардың сенім берушілеріне беріледі. Тағайындаудың шынайы дәлелі мынада: кәмелетке толмаған адам түсініктеме беруге қабілетті, ал сондықтан да қамқоршының келісімімен жасалған оның іс-әрекеттері жарамды болып есептеледі, және құл өзінің іс-әрекетіне қабілетті және ерікті болады. Сондықтан да кәмелетке толмаған адамды немесе құлды тағайындау жарамды болып табылады.

Бірақ олар жасайтын міндеттемелер оларды емес, олардың сенім берушісін байланыстырады. Осындай уәкілдердің біреуінің де қабілеттері жоқ, бірақ келісім шарттан шығатын міндеттемелер мынаны орындайды: кәмелетке толмаған адамның – қабілетінің кемшілігі салдарынан, құл – мырзаның құқықтарымен қақтығысу салдарынан келісім шартты орындауды сенім берушіге тапсырады. Абу Юсуфтың пікірінше, егер кәмелетке толмаған адам немесе Раб-махджур сатуды жүргізсе, ал сатып алушы осы жайлы хабарлар болу салдарынан олардың жағдайын білмесе, немесе сол болжалды келісім шартты жасай отырып, оны орындауға құқық қабілеттілігі бар және оған қарсы екенін біле отырып, сатып алушы келісім шартты жою үшін құқық алады.

¹ Яғни бірдей қасиетке ие болатындар.

¹²⁹ Құқыққа қабілеттілігі жоқ.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Уәкілмен жасалған келісім шарт уәкілдің өз - өзіне жатқызылатын келісім шарттарға ұқсас. Уәкілмен жасалатын келісім шарт екі түрде болады. Біріншіден, мұндай келісім шарт уәкілдің өз-өзіне жатқызылатын келісім шарт болады және ұсынушыдан тәуелді болмайтын, сатып алу немесе жалдану жағдайында ұсынушыға емес, уәкілге тиесілі болады.

Имам Шафии былай деп мақұлдайды, келісім шарттың сатып алу құқықтары ұсынушыға жатады, олар тек келісім шарт мақсатының құралы, ал бұл мақсат – жекеменшік құқығын орнатуда – ұсынушыға тиесілі болады, сондықтан оған барлық қосымша құқықтар жатқызылады. Осыдан сатып алу келісім шарты уәкіл мен неке келісім шартындағы жіберілген уәкілдің арасында ешқандай өзгешелік жоқ. Біздің ғалымдарымыздың дәлелдері мынада, уәкіл келісім шарт жасаумен қатар, оны орындау кезінде келісуші жақпен, ал қорытындылауда – келісім шарт сөз жүзінде жасалады, ал уәкілдің сөзі жеке адамға тиесілі болады, орындау кезінде – уәкілдің құқық қабілеттілігі салдарынан келісім шарттан шығатын ұсынушының құқықтарын жатқызу кезінде ешбір қажеттілік болмайды, егер де ол тек жіберілген елші болатын болса, ұсынушыға деген құқығы келісім шарт арқылы шығатын қалдыру қажеттілігінің салдарынан туындамаған болар еді. Уәкілдің қасиеті осындай және осыдан келіп шығатыны құқық келісім шартынан шығатын қарым – қатынаста уәкіл басты тұлға ретінде қарастырылады, сондықтан оның кудури шығармасында былай делінген: «Уәкіл сату кезінде сатылған затты береді, оның бағасын алады және сату затынан байқаған әрбір кемшілігі үшін жауапкершілікке жатады», ал басқа жағынан алып қарасақ, «Сатып алу кезінде уәкіл сатып алған затты алады, оның бағасын төлейді, және сатып алған заттың әрбір кемшілігі үшін сатушының артынан қалмайды» немесе мұның барлығы сату келісім шартынан шығатын құқық болып есептеледі. Бәрінен тәуелсіз ұсынушы уәкілдің салдары арқылы сатып алынған заттың жекеменшігі болып табылады, яғни егер де құл сыйлық алса, немесе жабайы құс ауласа, немесе отын жинаса, мұндай жағдайда қожайын сыйлықтың, жабайы құстың, отынның жекеменшік иесі болып қалады, яғни жекеменшік құқығы құл арқылы берілмейді, сол үшін де ол тікелей пайда болады. Жекеменшік құқығын уәкілмен тікелей иемдену жөніндегі ілім барлығымен тікелей мақұлданады, Кархиге қарама-қарсы жекеменшік құқығын сатып алуда алдымен уәкіл арқылы жасалып, одан соң ұсынушыға өтеді.

Немесе өзінің сенім берушісіне. Екіншіден, мұндай орындауды уәкіл сенім берушіге жатқызса, және соңғысының тікелей қызығушылығы болса, құқық уәкіл үшін емес ұсынушы үшін пайда болар болса, қасақана өлтіру неке келісім шарты, хульа немесе вира пайда болады.

Сондықтан күйеуінің уәкілі жасауын талап етпеуі тиіс, ал әйелінің уәкілінен оның күйеуіне жасау берген кезде талап етілмейді, немесе мұндай жағдайда уәкіл тек жіберілген елші болып табылады, және ұсынушының шотына келісім шартты орындауды жатқызу міндетінен босатылмайды, егер де уәкіл неке келісім шартының орындалуын өзіне ғана апаратын болса, онда ол ұсынушының некесін емес, өзінің некесін жасаған болар еді.

Бұл жағдай мынамен түсіндіріледі, осы келісім шарттың біреуі өзінің мәні бойынша басты тұлға ретінде алғашқыда уәкіл арқылы орындалмауы мүмкін,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сондықтан да жіберілген елші ретінде әрекет жасай отырып ол орындауды ұсынушының өзіне апаруға мәжбүр болады. Сый ақы алу үшін еркіндікке жіберу, китабат келісім шарты мен әлемдік келісім шарт мойындалмағандықтан, келісім шарт екінші түріне тиесілі болады. Мойындамағаннан кейінгі келісім шартқа сәйкес сатудың келісім шарты табиғаты бойынша өзара ұқсас бірінші топқа жатады. Уәкіл сыйлық беру кезінде немесе құрбандық шалуда немесе жүктерді қайтару кезінде қарапайым хабаршы бола отырып, жіберілген елшінің ролін ойнайды. Заим немесе заклад бойынша қарызды жою уәкілге де тиесілі болады, және барлық келісім шарттардың салдарлары (әсіресе жекеменшік құқығы) сыйланған, құрбан еткен иемденген заттарды алу жолымен жасалады, бірақ бұл жағдайда зат ұсынушыға тиесілі болғандықтан, және одан иелікті ұсыну салдарынан сыйлаушыға өтетін болса, онда уәкілдің бөтен заттары келісім шарттың басты қатысушы ретінде қарастырылмайды, тек жіберілген елші немесе түсіндірушісі болып есептелуі тиіс. Басқа істерді сату кезінде немесе сату сөз жүзінде жасалады, ал сөздің авторы уәкіл болып табылады. Бірдей негізде қарсы жақтың уәкілі қарапайым жіберілген елші болып табылады. Дәл сондайды серіктестік немесе музарабат келісім шартында уәкіл жайлы айту қажет.

Қарыз алатын ақшаны алу үшін уәкілді тағайындаудың қажеті жоқ. Қарызға ақша алу үшін уәкілді тағайындау жарамсыз, сондықтан егер де осындай тағайындаудың күшінде ақша алатын болса, онда ол ұсынушы емес, оның жекеменшік иесі болып қала береді, және де керісінше жіберілген елшімен қарызға алған ақшаны алу заңды болып табылады.

Ұсынушыға қатынасы бойынша қабылданған қарыз талап етілмейді. Егер сенім беруші уәкіл арқылы мүлікті сата отырып сатып алушыдан мүлік бағасының төленуін талап етсе, онда соңғысы төлемнен бас тартуға құқылы, өйткені келісім шарттың қатынасы бойынша және одан шығатын құқықтарға ұсынушы бөтен тұлға болып табылады, немесе келісім шарттың құқықтары сол жақтағы қатысушыға тиесілі болады.

Бірақ егер де төлемді сенім беруші жүргізетін болса, онда ол жарамды. Егер сатып алушы сенім берушінің мүлкінің бағасын төлесе, онда төлем заңды және уәкіл одан мұндайды талап етпеуі тиіс немесе құқық бойынша тиесілі сенім беруші ақша төлеген болса, және уәкіл өз талабынан бас тартпаса, онда сатып алушы сенім берушіден ақшаны кері қайтарып алып оның уәкілге тапсырады, ал бұл соңғысы бірде – бір жақ жеңбейтін оны сенім берушіге береді.

Қарыздар болған кісі сенім берушінің қарыздарын төленетін ақшаның ішінен алып тастауға құқылы. Құқық сенім берушіге қатысты болғандықтан, егер де сенім беруші сатып алушыға қарыздар болса, онда сатып алынған заттың бағасынан оның үлесін алып тастауға сатып алушы құқылы болады. Егер сенім беруші де, уәкіл де сатып алушыға қарыздар болса, онда сатып алушы тек біріншінің ғана үлесін алып тастауға құқылы.

Немесе уәкілмен (егер тек өзі ғана қарыз болса). Егер басқа жағынан алып қарасақ бір уәкіл қарыздар болса, онда (Абу Ханифа мен Мұхамедтің пікіріне сәйкес) заттың бағасынан қарызын алуға еркі бар, немесе уәкілдің (олардың пікірінше) сатып алушыны мүлдем төлемнен босатудан соншалықты ыңғайлы болар болса. Бірақ екі

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жағдайда да (сатып алушы уәкілдің қарызын алады ма немесе уәкіл оны төлемінен босатады ма) уәкіл сенім берушінің алдында заттың бағасына жауап береді.

II. Тарау

САТУ МЕН САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕГІ УӘКІЛДІК ТУРАЛЫ

I. Бөлім. Сатып алу кезіндегі уәкілдік туралы

Уәкіл сатып алуға тиісті заттан тиісті негізде хабардар болуы қажет. Бір тұлға қандай-да бір затты сатып алу кезінде басқа біреуді өзінің өкілі етіп тағайындаса, онда ол заттың түрі мен сапасын немесе түрі мен оның бағасын көрсеткен жөн, сондай-ақ уәкіл кісі уәкіл болатын келісім шарттың қасиетін білгені дұрыс және оны жасауға мүмкіндігінің болғаны да дұрыс.

Жалпы сенімділікпен уәкіл еткен жағдайды қоспағанда. Егер біз оған мынаны айта отырып тұлға басқа тұлғаны шектеусіз уәкіл ретінде тағайындаса: «Не керегін қажет деп ойласаң маған сатып ал», мұндай жағдайда оның түрін белгілеу талап етілмейді, немесе сенім білдірген тұлға уәкілдің қарауына сүйене отырып оның қызығушылығы жайлы қамқорлықты жүктейді және ол не сатып алса да сенім берушінің еркіне сай сатып алынған болып есептеледі.

Шындығында уәкілдің мөлшеріндегі кейбір анық емес заңға қолайлы түсініктеме берудің еш мәні жоқ, немесе уәкіл еркін принциптерге негізделген.

Уәкілдік жарамсыз болады, егер де оның затына қатынасы бойынша анық емес едәуір кеңістікпен қалдырылса. Егер де уәкілді тағайындай келе сенім беруші жалпы түрде заттардың көбісінде қолданылатын сөздерді пайдаланатын болса, мәселен, айуан, немесе бірнеше түрлі түсінікпен айтылатын сөз болса, мәселен сыйлық¹, онда бұл жағдайда уәкілді тағайындау жарамсыз болып табылады. Ең болмағанда сенім беруші бағаны атай келе, әртүрлі заттардың бір бағада алынғаны белгілі болса, және де сенім берушінің заттың қандай түрін иемденгісі келетіні жайлы білу белгісіз. Сол үшін бұл жағдайда анық емес едәуір дәреже себебінен уәкілдіктің белгілі бір орны болмайды. Бірдей негізде егер де қолданылған сөз бірнеше түрде пайдаланылатын болса, онда уәкілдік жарамсыз, егер де сенім беруші бағаны белгілемесе немесе оның сапасы жақын арада белгіленбесе онда оның түрі анықталмайды. Егер де ол бағасын көрсетіп, сапасын анықтайтын босла, онда уәкілдік жарамды, өйткені бағаны белгілеуде оның түрін анықтауда уәкілдік болмысына кедергі болмайтын мағынасыз, анық болып есептелетін сапаның анық еместігін ғана көрсетеді. Осылайша егер де кімде – кім «еркек немесе әйел құлды» сатып алу кезінде өзінің уәкілі ретінде басқа біреуді тағайындайтын болса, онда уәкілдік жарамсыз, өйткені бұл айтылған сөздер түрдің толық массасында қолданылады. Егер де оның жеке түрлерін (мысалы, турка, абиссимка, индийца немесе аралас туыстықтары) атаған болса, онда мұндай тағайындау жарамды болады. Бірдей негізде тағайындау жарамды болады, егер де тек қана баға белгіленсе, немесе басқа жағдайда анық еместіктің мәнсіз дәрежесі қалып қойса. «Джами-ус-Сагирде» былай делінеді: егер де кімде - кім оған киім, жануар² немесе үй сатып алып бергенін қаласа, онда уәкілдік үлкен анық

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

еместіктің салдарынан жрамсыз, мәселен, «даба» сөзі жер бетінде қозғалып жүретін кез келген жануарды айтады, ал қарапайым мағынада ол ат, есек немесе қашырды білдіреді; бірдей негізде ең бағалы жібек матадан бастап сүйкімсіз қағаздармен аяқтай келе олардың түрлерінің көптігінде қолданылатын киім бұл тектік түсініктеме.

«Үй» сөзі құрылыс жұмыстарында пайдаланылады, бір-бірінен едәуір ерекше түрі бар түрлі себептердің салдарынан құқықтар мен жеңілдіктер санын көрсетеді.

Болашақта түсінік беру мәселесі жүйеленеді ме. Бірақ ол үй немесе киім мен жануарлардың түрін, бағасын белгілеу жағдайында жарамсыз болады.

Таам (тамақ) сатып алуда уәкілдік бидай немесе ұнды сатып алу құқығымен шектеледі. Егер бір тұлға басқа бір тұлғаға 100 дарагим және оған былай десе: «Осы дарагимге маған тамақ ал» онда бұл жағдайда тамақ дегенде ұн немесе бидай ұны деген қолайлы түсініктеме беруге болады.

¹ Бұл сөз үй, баған және көптеген басқа мағыналарды білдіреді.

² Арабша «даба».

Аналогия бойынша сөздің шынайы мағынасына сәйкес тамақтың әрбір түрін түсіну керек. Бұл жағдайда едәуір қолайлы түсініктеме берудің себебі мынада, «таам (тамақ)» сөзі сату-сатып алу келісімінде қолданылатын болса, онда (жалпы дәстүр бойынша) ол ұн немесе бидай ұны дегенді білдіреді; ал аналогия бойынша жалпы дәстүр жақсырақ болса онда сату-сатып алудың барлық жағдайларында да заң «таам» деген сөзге ұн немесе бидай ұны деген мағынаға мән береді. Кейбіреулер былай деп мақұлдайды, егер сенім беруші дарагимнің едәуір санын беретін болса (мысалы 10), онда «тамақ» сөзі бидай деген мағынаны білдіреді, егер де ол азғана берсе (мысалы 3) онда ол бидайдан жасалған нан деген сөзді білдіреді, ал егер орташа көлемде болса (мысалы 7) онда бидай ұны дегенді білдіреді.

Уәкіл сатып алушыға затты оның кемшілігі салдарынан қайтара алады. Егер уәкіл затты сатып алғаннан кейін сол затта қандай-да бір кемшілік байқаса, онда ол оны сатушыға қайтаруға құқығы бар, өйткені оның кемшілігі салдарынан сатып алу затынан бас тарту сатып алу келісімінің құқықтарының бірінен құралады, ал басқа тараппен уәделескен уәкіл келісім шартта шығатын барлық құқықтарға ие болады.

Өзінің сенім берушісіне бергендіктен емес. Бұл құқық уәкіл сенім берушіге мүлікті бергенге дейін болады, өйткені бәрінен соң ол мұндайды сенім берушінің рұқсатымен ғана сатушыға қайтара алады. Сатып алынған затты сенім берушіге бергеннен соң уәкілдік тоқтатылады, ал сондай-ақ егер де уәкілдің затты сатушыға қайтаруға құқығы болатын болса, онда сенім беруші арқылы иеленілген иелік жойылу мүмкін еді.

Ұйғарылған затты алушыға бергенге дейін сатылу құқығының артықшылығы алушының ұйғарымына сай болмауы мүмкін. (Келісім шарттан келіп шығатыны барлық құқық алушының мүлігін бергенге дейін уәкілге тиесілі болса және затты бергеннен соң тоқтатылатынан байқауымызға болады, осыдан шығатыны егер де кімде-кім уәкіл арқылы сатылып алынған үйдің оған тиесілі шифат¹ құқығын

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

іздесе, онда алушыға үйді бергенге дейін уәкілге талап құқығы бар болады, бірақ үйді бергеннен соң талап уәкілге ұсыныла алмайды).

Сарф немесе саям келісім шартындағы уәкілдік жарамды.

Егер де кімде-кім сарф немесе саям келісім шарт жасау үшін уәкіл сайлайтын болса, онда бұндай сайлау жарамды болып саналады, немесе осы келісім шартты жасауға құқығы бар уәкіл басқа тұлғалардың өзінің есебінен оларды жасауға уәкіл етеді. Бұл жерде келтірілген саям (немесе несие) сату үшін емес, сатып алу үшін қатысты екенін байқауға тура келеді, немесе егер де сатудың осы түрі уәкіл арқылы жасалған болса, онда осыдан шығатыны уәкілдің өзі алмаған заттың бағасына жауапты болады. Бірдей деңгейде егер де осы жағдайдың біреуінде (саям немесе сарф келісім шартында) уәкіл (сатып алушы болса) сатушымен бірге мүлікті бергенге дейін (саям жағдайында) немесе айырбас затын өзара бергенге дейін (сарф жағдайында)

¹ Көрші құқықтарының бірі: көршіге тиесілі артықшылығы бар сатып алу құқығы. .

айырылысатын болса, онда бұл келісім шарт жарамсыз екенін байқауға тура келеді, немесе уәкіл келісім шартындағы бір тарап екені белгілі, және де оның мүлікті бергенге дейін басқа біреумен айрылысуы екеуінің де келісім шартының жарамсыздығын көрсетеді.

Сондықтан да уәкіл келісім шартының бір жағы болғандықтан, мүлікті қабылдаудың немесе берудің өзара күші бар, бірақ келісім шарт бойынша құқық оған тиесілі бола алмайды (құлдың құқығындағы кәмелетке толмағандығы немесе шектелгендігі).

Саям немесе сарф келісім шартындағы жіберілген елшіге қатынасы бойынша айтылуы тиіс: «оның міндеттері иелікке емес, келісім шартқа тиесілі

болғандықтан оның иелігі жарамсыз немесе жіберілген елші басқа тұлғаға жіберілген сөздерді ғана жеткізеді, ал иелік мүлдем сөзбен бірге байланысты болмайды».

Бұдан басқа елші арқылы берілген сөз тікелей кепілге алушыға қатысты болады, сондықтан да елшінің келісім шартының жағы болмайды, және оның иелігі бөтен бір тұлғаның иелігі болатындықтан, жарамсыз болып саналады.

Мүлікке меншікті ақшасын төлеген уәкіл сенім берушіден осындайды талап етуге құқылы. Егер өз ақшасына затты сатып алуда уәкіл мүліктің бағасын төлесе және осындайды иелік үшін ғана алса, онда ол өзінің сенім берушісінен екі негізде төленгенін қайтаруды талап етуге құқылы. Біріншіден, ол сатушы болып табылады, ал сенім беруші сатып алушы болып табылады; немесе олардың арасында шынайы айырбас орын алады; және егер де олардың арасында бағаға қатысты дау-дамай туындайтын болса, онда екеуіне де мүлікті мүлікке айырбастаудың барлық жағдайында да ант беру ұсынылады, сенім беруші олардың кемшіліктері салдарынан уәкілге сатылып алынған затты қайтарып ала алады. Осыған сәйкес егер де сатылып алынған зат тиісті негізде оның уәкілі арқылы өкілге берілетін болса, онда соңғысы біріншіден, өзі төлеген бағаны алуға құқылы. Екіншіден, келісім шарт құқықтары уәкілге қатысты болғандықтан және бұл сенім берушіге белгілі болғандықтан осыдан шығатыны ол уәкіл арқылы өз ақшасы есебінен мүліктің бағасын төлеуге келісімін береді. Осыдан, егер де мүлік уәкілдің қолында өлетін болса, осы мүлікке қатысты өзінің талаптарын орындамағандықтан шығынды уәкіл етуші көтереді; және соңғысы

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

уәкіл алдында оның бағасына жауап береді, немесе сатып алынған мүлікке өзінің талаптарын қамтамасыз етпеген уәкілдің иелігі уәкілдің өзінің иелігіне ұқсас келеді.

Уәкіл сатылып алынған затты сенім беруші ақша төлегенге дейін ұстауға құқылы. Сенім берушінің есебінен сатып алынған барлық затты уәкілдің өз қолында ұстауына құқығы бар, соңғысы жоғарыда келтірілген уәкіл-сатушы, ал уәкіл етуші – сатып алушы деген жағдайға сай сатылып алынған заттың құнын төлемейді. Зуфар имам былай дейді, уәкілдің сатылып алынған затты ұстауға хақысы жоқ, өйткені сенім беруші иелікке кірген, не уәкілдің иелігіне кіру уәкіл етушінің иелікке кіруімен тең болады, сондықтан да істің жайы былай көрсетіледі, уәкіл шындығында да уәкіл етушіге иелікті бергендігі салдарынан мүлікті қамтамасыз етуге уәкілдің құқығы (сатылып алынған мүліктің бағасын төлеу тәртібі) тоқтатылады, мүлікті шынайы беру жағдайы секілді. Басқа жағынан алып қарасақ, біздің ғалымдар мынадай ой жүгіртеді, ұсынушыға мүлік беру (уәкілдің мүлік ұсынушының мүлкіне ұқсас принципке сәйкес) қажеттілік ісі бар уәкілдің өзінің бас тартуынан жасалмайды. Сондай-ақ уәкілдің иелігі ұсынушының шынайы иелігі емес, бұл иелік күтіп тұру жағдайында тұр. Сондықтан егер уәкіл сатылып алынған мүлікті ұстамаса, онда оның иелігі ұсынушының иелігіне ұқсас; егер де ұсталып қалса, онда оның иелігі өзінің атында болады.

Бірақ егер де сатылып алынған зат осындай қолда ұстау есебінен өлген болса, онда ол сол үшін жауапты болады. Егер белгілі бір жағдайда уәкіл сенім беру үшін сатылып алынған затты ұстаса, және ол оның қолында өлетін болса, онда салынған зат¹ ретінде Абу Юсуфқа сәйкес жауапты болады. Имам Мухаммедтің пікірінше ол сатушының зақымдаған, жоғалтқан сатылған немесе берілмеген затына жауапты болады, бұл жағдайда жауапкершілік заттың шынайы құнымен емес, заттың сатылу бағасымен шектеледі, яғни сатып алушы заттың бағасын төлеу міндеттемесінен босатылады. Абу Ханифаның ілімі де дәл осындай. Имам Зуфар керісінше ойлайды, бұл жердегі жауапкершілік меңгеру² жағдайындағыдай, өйткені ұстап тұру ешқандай құқықсыз болды. Абу Ханифа мен имам Мухаммед былай деп дәлелдейді, ұсынушының қатынасына орай уәкіл заттың сатушысы болып табылады, және сол зат үшін төлем алады, уәкілдің қолындағы затты бұзу немесе зақымдау жағдайында ұсынушы оның бағасының төлемінен босатылады.

Абу Юсуфтың пікірінше, уәкілдің қолындағы сатылып алынған зат алдымен жауапкершілік заты емес, бағасының төлемін қамтамасыз ету үшін ұстап тұру салдарынан болатын нәрсе, және де сатып алуға қарама қарсы закладтың қасиетімен аяқталды, өйткені сатып алынған зат үшін сатушы сатылған бағаны алу мақсатында оны ұстау салдарынан емес, әуел бастан сол затқа жауап береді.

Сату келісімі оның затын жою салдарынан тоқтатылады, бірақ қарастырылатын жағдайда уәкіл мен сатушы арасындағы алғашқы келісім шарт жойылмайды. Бірақ Абу Ханифа мен имам Мұхаммед былай деп мақұлдайды, сатып алудың алғашқы келісім шарты жойылмаса да, уәкіл мен сенім беруші арасындағы келісім шарт тоқтатылады, егер де сенім беруші оның кемшіліктерін аша отырып затты уәкілге қайтарса.

Сенім хатта көрсетілгендей заттың едәуір саны сенім хатқа сәйкес уәкіл арқылы сатып алу жағдайы. Егер кімде-кім 1 дирхам үшін еттің он ратлын сатып алу үшін басқа бір уәкілді тағайындайтын болса, ал уәкіл 1

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

¹ Яғни бағалау бойынша емес, заттың нағыз құны бойынша.

² Яғни толық құнның шарасы бойынша.

диргам үшін он ратл көлемінде сатылған дәл сондай бағада еттің дәл сол түрін жиырма ратлға сатып алса, онда сенім беруші жарты диргам үшін тек он ратл ғана төлеуі тиіс.

Екі оқушы былай деп мақұлдайды, ол жарты диргам үшін жиырма ратл қабылдауға міндетті дейді. «Кудури» дің кейбір тізімдерінде айтылғандай, имам Мұхаммедтің пікірі Абу Ханифаның пікірімен сәйкес келеді және оған «Мабсуттағы» ілімі қайшы келмейді, немесе онда былай делінген: «ұсынушы жарты диргам үшін он ратл алу қажет». Абу Юсуфтың дәлелі мынада сенім беруші ұсынушыға он ратл 1 диргам тұратынын жорамалдай келе етті сатып алу үшін оның диргамын жұмсауға бұйрық береді, сондықтан егер уәкіл сенім берушінің есебінен сатып алу салдарынан диргам үшін жиырма ратл сатып алса, онда соңғысы өзінің құнын 1000 диргамға сатуға басқа тұлғаға уәкіл ететін болса, барлық сатылып алынған заттарды алуға құқығы бар, ал уәкіл екі мың алатын болса, бұл жағдайда барлық алынған сомма сенім берушіге тиесілі болады.

Абу Ханифа былай деп дәлелдейді, сенім беруші он ратлды сатып алуға бұйрық берді, осыдан мынаны мойындауға тура келеді, шығындар уәкілдің өз есебінен сатылып алынды, және сәйкесінше сол жағдайға қарама – қарсы уәкіл құлды 1000 дарагимге сатуға уәкіл еткен кезде, оны 2000-ға сататын болса, онда осы шығын үшін ол төлеуге міндетті болады, немесе бұл жағдайда шығын ұсынушының жекеменшігіне айырбастау болады, міне сондықтан соған тиесілі болады. Егер, бір диргам үшін 20 ратл сатылғанда уәкіл бір диргам үшін еттің дәл сондай түрінің 20 ратлын сатып алса, онда (біздің барлық ғалымдарымыздың пікірінше) сатып алу уәкілдің есебінен жасалды, немесе сенім беруші майлы етті алуды қалағандықтан, мұндай ет болмады.

Сенім берушімен уәкіл етілген иемдену үшін уәкіл өзіне белгілі бір анық затты иемденуге құқығы жоқ. Егер де бір тұлға қандай-да бір белгілі затты сатып алу үшін басқа тұлғаны өзінің уәкілі етіп тағайындаса, онда уәкіл өзі үшін сол затты сатып алуға құқылы, немесе сенім берушімен көрсетілген сенімді бұзу болған болар еді, сондай-ақ бұл тек сенім берушінің қатысуымен болатын уәкілден бас тарту екендігі анық.

Сенім берушінің анық бағасынан зат айырбасына керемет нәрсе бере алады ма. Егер де сенім беруші заттың бағасын белгілейтін болса, ал уәкіл осы затты сатып алатын болса, айырбасқа сенім берушінің көрсетілген бағасынан да керемет зат берілетін болса, немесе егер де бағаны белгілемеуде уәкіл затты дарагим үшін емес, қандай-да бір мөлшері мен салмағы бойынша өлшенетін нәрсені иемденсе.

Немесе басқа уәкілдің салдары арқылы. Немесе егер де уәкіл басқа бір уәкілді тағайындайтын болса, және бұл бірінші уәкілдің қатысуынсыз затты сатып алатын болса, онда барлық жағдайда да сатып алушылық соңғының бұйрығынан бас тарту салдарынан сенім берушінің емес, уәкілдің өзінің есебінен жасалған болып есептеледі.

Егер басқа жағынан екінші уәкіл бірінші қатысушымен келіссөз жүргізетін болса, онда сенім берушінің есебінен жасалған болып саналады, өйткені бірінші

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

уәкілдің білімі шүбәсіз ұсынылады, міне сондықтан да бұл жерде сенім берушінің бұйрығынан бас тартуда шегініс жоқ.

Анық емес құлды сатып алудағы уәкілдің жағдайы. Егер қандай-да бір құлды сатып алуды бір тұлға басқа бір тұлғаға уәкіл етіп тағайындайтын болса, және соған сәйкес уәкіл оны сатып алатын болса, онда құл уәкілдің¹ өзіне тиесілі болады, егер де ол арыз жасамаған болса: «Өзімнің сенім берушім үшін сатып алуға ниеттенген едім» немесе егер ол сенім берушінің қаражатына сатып алмаған болса. «Хидои»-дің авторы бұл жағдай түрліше болуы мүмкіндігін байқайды.

Бұл жағдайдың төрт түрі бар:

Біріншіден, уәкіл сенім берушінің ақшасына келісім жасаған болса, мысалы, егер ол былай десе: «Осы 1000 дарагимға құл сатып алдым», қандай жағдайда құл сенім берушіге тиесілі болады. (Бұл дәл сол жағдай, жоғарыда пайдаланылған сөйлемдердің салдарынан болған «немесе егер ол сенім берушінің ақшасына сатып алмаса, немесе бұл 1000 дарагим үшін сатып алуды жасаудың қажетілігінің жоқтығы, сондай-ақ сенім беруші өз мүлкінен төлеуі тиіс» дегенді білдірмейді). Екіншіден, уәкіл өз ақшасына келісім шарт жасайтынын айтатын болса, және де сол келісім шартты жасаған болса, онда құл уәкілге тиесілі болады. Үшіншіден, сатып алу кезінде уәкілдің ниетіне қарай отырып, уәкіл келісім шартты ақшаға жасағандықтан мұндай жағдайда сатып алу өзі үшін де, сенім беруші үшін де жасалады. Немесе уәкіл үшін де, ұсынушы үшін де сатып алу еркін болып табылады. Егер уәкіл мен ұсынушы арасында дау-дамайлар пайда болатын болса (уәкіл өзі үшін сатып алуға ниеттенгенін хабарласа, ал ұсынушы сол үшін сатып алуға ниеттенгенін айтады), онда бағаның төлемі істі шешеді, яғни құлға төленген баға кімнің мүлкінен төленді сол кісіге беріледі. Егер де басқа жағынан екі жақтың да құлды сатып алу кезінде ешқандай белгіленген ниеттері болмаған болса, онда имам Мұхаммед уәделескеннің жағы болып табылатын құлды уәкілге беретін болса, сондай-ақ қазіргі жағдайда мүлдем болмаған қарсы жағы дәлелденбеген болса әркім өзі үшін іс-әрекет етеді. Абу Юсуфта дәл сондай пікірде, сатылып алынған мүліктің бағасын төлеу соған жекеменшік құқығын анықтау қажет немесе бұл төлем екі болжам жіберетін уәкілдің іс-әрекетінің өлшеушісі болып қызмет етеді, сондай-ақ өйткені егер де уәкіл сенім берушінің мүлкінен сол затқа ақша төлегенінен қарамастан уәкілдің есебінен жасалған сатып алу деп есептемесе, онда ол заңсыз және адал ниеті жоқ қожайын болған болар еді. Бірақ бұл Абу Юсуфтың қорытындысы (дәл осындай кезде уәкіл адал ниеті жоқ қожайын болса) өткеннен келіп шықпайтыны: керісінше оған қарауға болмайтындықтан екі жақ арасында сатып алу кезінде ниетіне сәйкес алауыздық пайда болар еді. Сондай-ақ мынаны байқауға да болады: осы жерде барлық келтірілген жағдайлар бірдей негізде саям келісім шартын жасауда уәкілге қолданылады.

¹ Яғни, уәкіл сатып алуды өз есебінен жасағаны болжанады, және сәйкесінше, құлдың бағасын өз ақшасынан төлеуі тиіс.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Уәкілмен сатып алынған құл соның қолында өлген кезде құлға тиесілі уәкіл мен ұсынушы арасындағы дауласулар жағдайы.

Егер де бір тұлға 1000 дарагим үшін оған құлды сатып алуға басқа біреуді уәкіл етсе және уәкіл сенім берушіні: «Ол тапсырмаға сәйкес 1000 дарагим үшін құлды сатып алып берсе, бірақ иелік уәкілдің қолында өлген болса», ал басқа жағынан сенім беруші былай деп мақұлдайды: «Ол жоғарыда айтылғандай құлды уәкіл үшін емес, өзі үшін алғанын» айтатын болса, бұл жағдайда антпен бекітілген ұсынушының арызына сенім беріледі. Бірақ бұл мынадай жағдайға алып келуі мүмкін: ұсынушы алдын ала уәкілге белгіленген 1000 дарагимді бермейді, егер де ол оны берген болса онда уәкілдің арызына сенуге тура келер еді, өйткені бірінші жағдайда уәкілдің оны орындауға мүмкіндігі жоқ (ол өлген құлды сатып ала алмайды) келісім шартты жасау жөнінде ескертеді және оның мақсаты - өз жағынан оның құқығын жоққа шығара отырып, уәкілден 1000 дарагим алады; ал жауапкердің түсінігіне талапкердің түсінігі алдында сенуге тура келеді. Екінші жағдайда уәкілдің қолында жүк түрінде мүліктің бағасы болған жағдайда ғана уәкіл сенімді тұлға болады, ал оның мақсаты – жүк бойынша міндетінен босатылғанда ғана, оның арызына сенім беріледі. Егер алауыздық кезінде құл шынында да тірі болып шықса, онда (Абу – Ханифа мен имам Мұхаммедтің ұйғарымына сәйкес) уәкілдің арызына сенім беріледі, сенім беруші ақшаны берді ма, жоқ бермеді ма, уәкіл сол уақытта орындау үшін (тірі құлды сатып алу оның билігінде) алып келетін келісім шартты жасау жөнінде ескертеді, сондықтан бұл ескерту күдікті болмайды. Және расында да Абу Ханифаға сәйкес егер де сенім беруші ақшаны бермеген болса, онда оның арызына сенуге тура келеді, алдымен уәкіл алғашқыда өз есебіне құлды сатып алуы мүмкін, ал одан кейін (кемшіліктерін байқаса) оны сенім беруші үшін сатып алғанын мақұлдайды. Басқаша іс, егер де ол сатып алу бағасын алып, оның сақтаушысы болған болса, және оның арызына сенген болса, жүк бойынша міндетінен босату мақсаты болады, басқа жағдайда оны сақтаушы деп есептеуге болмайды, өйткені сатып алу бағасы оның иелігінде болмайды.

Белгілі құлды сатып алуға сәйкес уәкіл мен ұсынушы арасында дау – дамай болған жағдайда, уәкілдің арызына сенуге тура келеді. Егер кімде-кім өз уәкіліне белгілі бір құлды оған сатып алуды тапсырса, ал одан кейін олар арасында құлдың өмір сүруінде дау-дамай пайда болса, және де сенім беруші бұл құлды уәкіл өзі үшін сатып алған деген сөзінен қайтпаса, ал уәкіл бұл құлды сенім беруші үшін сатып алғанын айтатын болса, онда бұл жағдайда сенім беруші ақшаны берген бермегенінен тәуелсіз уәкілдің арызына сенуіне тура келеді, өйткені уәкіл сол уақытта орындау үшін алып келетін келісім шартты жасау туралы мақұлдайды, және сондай-ақ оның арызы күдікті болмайды, немесе уәкіл (Абу Ханифаның жоғарыда айтылған іліміне сәйкес) белгісіз затты сатып алу жағдайына қарсы келтірілген себептер бойынша сенім беруші болмаған кезде өзі үшін бұл затты сатып ала алмайды.

Тапсырыс фактісін мойындаған уәкіл, егер де онымен көрсетілген сенім беруші тапсырыс фактісін жоққа шығармаған болса одан бас тарта алмайды.

Егер бір тұлға басқа тұлғаға былай десе: «Менің сенім берушім Омар есебінен бұл құлды маған сат» және осыған сәйкес құл сатылатын болса сосын уәкіл сатып алу үшін Омармен уәкіл етілгенін жоққа шығаратын болса, онда Омар көрсетілген уәкілге сол айтылған құлды өзіне сатып алып беруді тапсырғанын айтса, бұл жағдайда

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Омардың құлды алуға құқығы бар, өйткені уәкілдің өзі тапсырыс фактісін мойындады, ал мойындаудан кейін бас тартудың еш күші жоқ. Бірақ егер де осындай жағдайда сатып алушы құлды Омарға берсе, яғни екеулік беру жолымен таат түрінде Омар одан құлды сатып алғанына алғашқы сатып алушы жауапты екендігінен сату келісім шарты пайда болады – егер де бір тұлға ешбір тапсырыссыз басқа тұлғаға затты сатып алған болса, ал содан кейін оған осы затты берген болса. Бұл жағдайда сатып алынған затты беру таат түрінде немесе өзара беру жолымен төлемді белгілеу үшін жеткілікті, ең болмағанда, заттың бағасын беру мен алудың еш орны болмаса, бұдан басқа сату жақтарының өзара келісімімен жасалады. Осы түрдегі сату туралы жалпы қабылданған ілім осындай.

Уәкілдің өз тандауы бойынша белгілі екі құлдың біреуін өз қалауымен сатып алуға құқылы. Егер бір тұлға өз үшін басқа бір тұлғаға бағасын көрсетпей екі белгілі құлды сатып алуды тапсырса, ал уәкіл олардың біреуін ғана сатып алса, онда сатып алу жарамды, немесе уәкілдің тағайындауы шынайы және бір келісім шартпен екі құлды сатып алуды міндеттемейді, бұл әдетте мүмкін емес, немесе олардың жекеменшік иесі олардың екеуін де бір келісім шартпен тіркеуден бас тартуы мүмкін. Сондықтан уәкіл таза ниетпен іс-әрекет ететін болса, құлдардың біреуін сатып алуға құқығы болады, өйткені ол таза ниетті сатып алуға уәкіл еткен. Барлық заттар жайлы ілімдер жалпы қабылданған. Егер бір тұлға басқа бір тұлғаға бағаның белгілеуінсіз өзі үшін екі белгілі құлды сатып алуды тапсыратын болса, онда мұндай жағдайда сатып алу жарамды, өйткені уәкілдің уәкілдігі жалпы болып табылады (басқаша сөзбен айтқанда, бір келісім шарт екі құлды сатып алуды міндеттемейді) ; және екі құлды бір келісім шарт арқылы сатып алу өте сирек кездесетін жәйт.

Егер тек сатып алу анық қолайсыздықпен бірікпеген болса. Сондықтан уәкіл екі құлдың біреуін сатып алуға құқылы (егер тек мұндай сатып алу уәкілдің мақсатымен келісілмеген, анық қолайсыздықпен ұсынылмаса).

Және баға белгіленген мөлшерден аспаса, бірақ маңызды емес шегіністер жіберілетін жағдайда. Егер бір тұлға өзіне екі белгілі құлды басқа біреуге 1000 дарагим үшін (бірдей бағада) сатып алуды тапсыратын болса, және де уәкіл 500 дарагим үшін немесе арзанырақ бағада осы құлдардың біреуін сатып алатын болса, онда Абу Ханифаның пікірінше, ол құқық бойынша жасалуы тиіс. Егер ол 500 дарагимнен қымбат сатып алатын болса, онда келісім шарт сенім беруші үшін міндетті емес. Себебі мынада, сенім беруші екі құлды бірдей бағада сатып алу үшін 1000 дарагим тағайындай отырып, уәкіл әрбір құл үшін 500 дарагим төлегенін қалаған болар еді. Сондықтан 500 дарагим төлей отырып, уәкіл өзінің сенім берушісінің еркімен сәйкестендіріледі; және де төлем арзанырақ болса онда ол оның бұйрығынан шегінеді, яғни бұл шегініс сенім беруші үшін қолайлы болғандықтан, ол үшін келісім шарт міндетті болып табылады. Басқа жағынан құлды 500 дарагимге қымбат сатып ала отырып қандай-да бір шығын болмағанын қаласа онда ол сенім берушінің бұйрығынан шегініс жасауды кінәлі болады және егер де уәкіл алғашқы сатып алу бойынша сенім берушімен уәкіл арасындағы алауыздық пайда болғанға дейінгі соммасы 1000 дарагимге дейінгі ақшамен құлды сатып алмау арқылы рұқсат етілмейді.

Осы жерде келтірілгендердің барлығы заңды қолайлы түсініктемеге негізделеді. Аналогия бойынша келісім шарт бұл жағдайда сенім берушінің бұйрығынан шегініс

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жасау салдарынан сенім беруші үшін міндетті болмағаны жөн болар еді. Едәуір қолайлы түсініктеменің себебі мынада, 1000 дарагим үшін екі құлды сатып алу (сенім берушінің ниетін құрайды) мақсатына жетеді және қорытынды шығаруға негізделген әрбір 500 дарагим үшін бағаны белгілеу жай ғана болжамалы нәрсе ғана, бірақ дұрыс ниеттің болжам алдында артықшылығы бар. Екі оқушының мәлімдеуінше, егер қарастырылып отырған жағдайда уәкіл маңызды емес соммаға 500 дарагимнен қымбат тұратын құлдың біреуін сатып алса және қалған соммаға басқа құлды сатып алу үшін жеткілікті болады, онда келісім шарт міндетті болып есептеледі, өйткені уәкіл шектелмеген (яғни уәкіл әрбір құл үшін 500 дарагим төлеуге міндетті емес), ол яғни уәкілмен жасалған келісім шарт таза ниетті келісім шарт болып есептеледі, не оның қолайсыздығы маңызды және зиянды емес. Бірақ қалған сомма бір құлды сатып алу үшін сенім берушінің ниетін жүзеге асыру үшін (1000 дарагимге 2 құлды сатып алу) жеткілікті болады.

Белгілі бір затты сатып алуда уәкіл сенім берушіге өз қарызын қайтара алады. Егер бір тұлға басқа бір тұлғаға 1000 дарагим қарыз болса және сол 1000 дарагим белгілі құлды сатып алуды басқа біреуге тапсыратын болса және уәкіл осыны жасаса, онда оның іс-әрекеті заңды, өйткені сату затын белгілеу сатушының нұсқауына ұқсас келеді, ал сатушының нұсқауы заңды болып көрсетілген болса, онда затты белгілеу де заңды болып табылады.

Бірақ егер зат – белгісіз және сатып алғаннан соң уәкілдің қолында өлсе, онда қарыз өтелмеген болып есептеледі. Егер бір тұлғаға басқа бір тұлға 1000 дарагим қарыз болғандықтан сол 1000 дарагимге қандай-да бір құлды сатып алуды тапсыратын болса, және оны уәуіл сатып алатын болса, бірақ құлды сенім берушіге тапсырғанға дейін құл өліп қалса, онда ол уәкілдің жекеменшігі болып есептеледі. Егер басқа жағынан сенім берушіге бергеннен соң өлетін болса, онда ол соңғының меншігі болып есептеледі. Абу Ханифаның ілімі осындай. Екі оқушының мақұлдауынша, сенім берушінің жекеменшік құқығы құлды иемдену уәкілін иемдену кезінде пайда болады. Мұндай алауыздық несие беруші өзінің қарыз берушісіне саялам немесе сарф түрінде қажетті ақшаға құлды сатып алуды уәкіл ететін жағдайға қатысты болады. Екі оқушының да дәлелі мынадай, дарагим немесе динарлар, қолма-қол ақша немесе қарыз басқа затқа айырбасталатын белгілі заттан құралмайды (осының салдарынан келісім шарттың күші жойылмайды, егер кімде-кім бар болған және бар затты қарызға сатса және екі жақта келісетін болса, онда сатып алушының сатушыға ешқандай қарызы болмаса); сондықтан да олар анықталған ба, әлде жоқ¹ па ешқандай айырмашалығы жоқ, сәйкесінше уәкілдің келісімі сенім беруші үшін міндетті болады, өйткені біріншінің иелігі соңғының иелігіне ұқсас келеді.

Абу Ханифа былай дәлелдейді, дарагим мен динарлар уәкілдің келісім шартында (егер де бір тұлға өзінің өкілін 1000 дарагимге бірдеңе сатып алу құқығынан шектесе немесе қарыз және дарагимдер уәкілмен жойылса немесе қарыз тоқтатылса, онда уәкілдік те тоқтатылады) едәуір тура жасап шығарылған затты жібереді. Егер бұл осылай болса онда құлды сатып алуда немесе саялам келісім шартын жасауда уәкілдік кезінде қарыз басқа біреумен бір тұлғаға беріледі, ол оның қарыз берушісі, көрсетілген қарызды иемдену бойынша оның уәкілінің тағайындауынсыз заңсыз болып табылады, дәл мынадай жағдай егер бір тұлға сатушының емес, басқа тұлғаның қарызына

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

айырбас ретінде затты иемденсе (мысалы, сатушыға айтқан болса: «Мен сенен қарыз үшін осы затты айырбасқа сатып алдым, заттың бағасының орнына қандай қарыз ала алатын тұлға болса»), қарастырылған жағдайда сату жарамсыз болған болар еді. Басқа жағынан сарф келісім шартын жасау үшін уәкілді тағайындауда сенім беруші иелікке тұрмай жатып осындай заттарды басқаратын болса, бірақ бұл заттарды тек иелікке кіргеннен соң ғана пайдалануға және оның жекеменшік иесі құқығы бар, және сарф түрінде иелікке алғанға дейін сату кезіндегі осындай затты пайдалану жарамсыз болып есептеледі, егер кімде-кім былай десе: «Кімге бергің келсе, маған тиесілі нәрсені бер». Басқа істе егер сенім беруші сатушыны көрсетсе, немесе сатушы қарызды алуда оның уәкілі болса, сәйкесінше уәкілдіктің күшіне қарызды иемденуге кірсе және уәкілдіктің күшіне қарызды иемденген болса, онда ол содан кейін ғана оның жекеменшік иесі бола алады. Тағы да басқа жағдай несие беруші қарыз берушіге қайырымдылық істерге қажетті сомманы беруді тапсырады, бұл жерде несие беруші өз мүлкін Жаратқанға белгілі және анық жанға береді.

Барлық жағдайда уәкілдік (Абу Ханифаның пікірінше) жарамсыз екеніні байқауға тура келеді, нағыз сатып алушы болып табылады. Уәкіл үшін міндетті және күші бар. Сондықтан егер сату заты оның қолында зақымданса немесе өлсе сенім беруші иелікке ерте бастан кірмесе, шығынға ұшырауы мүмкін, немесе бұл жағдайда сату заты оның жекеменшігі болып табылады.

¹ Яғни, уәкіл сатып алу кезінде былай десе, «құл үшін төлеп жатқан 1000 дарагим, ол сенім берушіге қарыз дәл сол ақша», немесе айтпауы да мүмкін.

Егер уәкіл мен ұсынушы сатып алуға қатысты өзара келіспесе, онда оларға сатып алған заттың құнына қарай төрелік айтуға тура келеді. Егер бір тұлға басқа біреуге 1000 дарагим беріп, соған құл сатып алуды тапсыратын болса және осыған сәйкес уәкіл оны сатып алса, одан кейін айтыса бастаса және де сенім беруші сол үшін уәкілдің 500 дарагим бергенін мақұлдаса, ал уәкіл құлды сатып алу үшін 1000 дарагим бергенін айтса, онда уәкілдің арызына сенуге тура келеді, егер де тек құлдың өзі 1000 дарагимге бағаланса, немесе оның сөзі бойынша құлдың бағасы 1000 дарагим болса, осындай соммада ол сақтаушы болып табылады, бұл сақтау оны міндетінен босатуды талап етеді, басқа жағынан, уәкіл өзін міндетті деп мойындамаса, сенім беруші одан сый-ақыны талап етеді.

Егер де құл тек 500 дарагимге бағаланатын болса, онда сенімді сенім берушінің арызына беруге тура келеді, өйткені уәкіл құлды 500 дарагимге сатып ала отырып, өкілінен босатылады, сол кезде сенім беруші құлды 1000 дарагимге сатып алғысы келгендіктен ол жауапкершілікке жатады. (Басқа жағынан), жоғарыда келтірілген барлық жағдайдың болуында сенім беруші уәкілге 1000 дарагим бермеді деп ойлайық. Бұл жағдайда егер құлдың құны 500 дарагим болса, уәкілдің өз өкілеттілігінен бас тарту салдарынан ұсынушының арызына сенуге тура келеді; егер де құлдың құны 1000 дарагим болса, онда екі жақтан да ант беру талап етіледі (немесе сату келісім шарты баға жайлы дай-дамайда заң осындай болса, ал сенім беруші мен уәкіл «сатушыға сатып алушы» деген қатынастар арасында тұр), осыдан кейін сату келісім шарты (уәкіл мен сенім беруші арасында болжанады) бұзылады, ал құлдың жекеменшік құқығы уәкілге ұсынылады.

Немесе сатушының арызымен келісе отырып.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер бір тұлға басқа біреуге оның бағасын көрсетпей құлды сатып алуды тапсырса және уәкіл құлды сатып алатын болса, онда жақтар арасында бағаға қатысты келіспеушіліктер пайда болады. Әйткенмен уәкіл 1000 дарагим төлегенін растаса, ал сенім беруші 500 дарагим төлегенін айтатын босла, онда мұндай жағдайда егер де сатушы уәкілдің арызын мақұлдаса, онда ант берумен бекітілген осы арызға сенім беруге тура келеді. Кейбіреулердің мақұлдауынша, ант беру талап етілмейді, өйткені алауыздық салдарынан пайда болған күмән өткен жағдайға қарама-қарсы сатушының расталуымен жойылған, мұнда сатушы қатыспаған болып болжанады. Басқалар керісінше былай деп тұжырым жасайды, бұл жағдайда ант беру қажет. Имам Мұхаммедтің ойынша, бағаны алу кезінде сатушы уәкіл мен сенім берушінің қатынасына бөтен тұлға болып табылса, онда оның арызы уәкіл мен ұсынушы арасындағы алауыздықты шешудің еш мәні жоқ, міне сондықтан ант беру қажет. Абу Мансурдың пікірі дәл осындай және бұл ілім басымырақ болады.

II. Бөлім. Жеке тұлға ретінде өз есебінен сатып алу үшін құлдарды иеленуді тағайындау туралы¹

Құл өзінің бостандығы мен мырзаны сатып алу үшін уәкіл тағайындай алады. Егер құл біреуге былай десе: «1000 дарагимге² менің мырзамнан менің есебімнен мені сатып ал» (осы сомманы бере отырып) және бұл тұлға құлды соның есебінен мырзадан сатып алу үшін тапсырысымен келіседі және еркіндік алады, ал сәулетті үй құқығы мырзада қалады, өйткені құлға құлды жеке тұлға ретінде сату ауыспалы мағынада түсіндіріледі (яғни құлды босату мағынасында), немесе тікелей түсінік беруде (мүлікті мүлікке айырбастау мағынасында) пайдаланғысыз. Одан басқа істерде жекеменшік жеке тұлға ретінде құлды сатып алу кезінде мүлікке өз бостандығын айырбастауды қабылдау арқылы келісумен ұсынылады, және уәкіл қарапайым жіберілген елші болып табылады, келісім шарттан шығатын құқықтың біреуінде оған жатпайды. Мұнда дәл сондай жағдай, құл жеке тұлғасын сатып алған болса, ал құлды сатып алу оның иесі арқылы босатылатын болса, онда соңғысына сәулетті үй құқығы тиесілі болады. Егер уәкіл мырзаға өзінің жеке ақшасына құлды сатып алғанын айтпаса және хабарламаса, және де керісінше жай ғана былай десе: «Мен құлды сенің құлдарының ішінен сатып алдым», онда құл сатып алушының жекеменшігі болып қалады, өйткені бұл сөздер жекеменшікке жекеменшікті айырбастау кезінде қалдырылады, бұл осы жағдайда жарамды болады, міне сондықтан бір жағдайдың қарама-қарсылығына қарай болжам жасалады, бұл жерде сөздің дәл мағынасы қолданылатын болғандықтан (әсіресе мүлікті мүлікке айырбастау), онда сатып алушы құлдың жекеменшік иесі болып табылады, ал құлды сатып алуға арналған 1000 дарагим құлымен алу арқылы мырзаға тиесілі болады; сатып алушы құл үшін басқа 1000 дарагим төлеуі тиіс. Осы қарастырылып отырған жағдайда уәкіл істің жағдайын толық түсіндіреді, яғни құлды «соның есебінен сатып алынғанын» ол ерекше атап өтті, әйткенмен сатып алу құлға емес, соның атына жазылады. Немесе бос тұлға уәкіл ретінде белгілі бір құлды сатып

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алған жағдайда мұндай сатып алу кімнің есебінен жасалғанын ескертудің қажеті жоқ, өйткені сатып келісім шарты осындай ескертуден тәуелсіз пайда болды және одан тәуелсіз сатушы келісім шарттың бір жағы болғандықтан, уәкілден бағаның төлемін талап етеді. Керісінше, қарастырылып отырған жағдайда ескерту өтеу маңызды болғандықтан немесе егер ол жасалмаған болса, онда ол акт сатудың келісім шарты болады, егер де жасалған болса- сәулетті үй құқығын сақтау арқылы еркіндікке жіберумен, мұндай жағдайда уәкілдің келісуші жақ екеніне қарамастан уәкілден бағаның төлемі талап етілмейді. Бұдан басқа мүмкін мырза құлды еркіндікке жіберуге бейімделмеген, бірақ оны тек сату үшін ғана келіседі, мұндай жағдайда жоғарыда келтірілген ескерту қажет болып есептеледі.

¹ Босату мақсатында.

² Басқаша сөзбен – «менің бостандығымды 1000 дарагимге сатып ал».

Өзінің меншікті бостандығын сатып алуда сенімді басқа тұлға ретінде құл іс-әрекет ете алады. Егер кімде-кім құлға былай десе: «Өзіңнің мырзаңнан менің есебімнен өзіңнің жеке басыңды сатып ал», ал құл өзінің мырзасына былай дейді: «Мені мынанша дарагим үшін мынандай тұлға есебінен сат » және мырза осыған келісетін болса, онда құл сенім берушінің жекеменшігі болып қалады, өйткені құл өз-өзін сатып алуды уәкіл бола алады, оның жеке басына жасалған жекеменшік құқығына қатынасы бойынша өзге тұлға болып табылады. Ары қарай ол жекеменшік құқығының заты болғандықтан, соған тиесілі жасалған сату келісім шарты да жарамды болады, яғни сатушы (жекеменшік заты құлдың қолында болса) баға төлемін қамтамасыз етуде оны сатқаннан кейін ұстап тұруға құқығы жоқ.

Басқа жағынан, құлдың уәкіл ретінде келуге құқығы болса, онда егер осы қарастырылып отырған жағдайда келісім шартты сенім берушіге апаратын болса, онда мұндай жағдай оның бұйрығына сәйкес пайда болатын болады; бірақ егер сенім берушіге келісім шартты тіркеудің орнына, құл оны өзіне тапсырса, онда ол еркін болады, немесе бұл жағдайда келісім шарт мырзаның келісімімен еркіндікке жіберуде маңызы болады.

Қарсылық. Бұл жағдайда белгілі бір затты сатып алуда құл уәкіл болып табылады, бірақ мұндай уәкіл оны өзі үшін сатып алуға құқылы емес.

Жауап. Ең болмағанда құл белгілі бір затты сатып алуда уәкіл болып табылса, бірақ сатып алудан¹ өзінің табиғаты бойынша ерекшеленетін, шынында да акт жасалған болса, міне сондықтан да ол оны өз есебінен жасай алады.

III. Бөлім. Сату кезіндегі уәкілдік туралы

Сату кезіндегі уәкілдік затты әкесіне немесе атасына сата алмайды. Сату немесе сатып алу кезіндегі уәкіл Абу Ханифа пікірімен келісе отырып, жауабы (уәкілдің) мәселен әкесімен немесе атасымен бірге оның пайдасына қарай шешілмеген болса, онда сату немесе сатып алу кезіндегі келісім шартқа тұлғаның енуіне ешбір құқығы жоқ. Екі оқушының мақұлдауынша, егер уәкіл осындай қатынаста сату заты құнының эквивалентіне (оның құлын немесе мукатабты қоспағанда) онымен бірге болған тұлғаның біреуіне затты сатса, онда мұндай сатылым заңды болады, өйткені уәкілдік шектелмеген және уәкіл осындай сату салдарынан ешбір күдік тудырмайды, көрсетілген туыстары уәкілдің мүлкінен жекеменшік мүлікке ие болады, және

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жақтардың біреуіде басқаның есебінен байытылуына еш құқығы болмайды. Басқа істерде егер уәкіл затты жекеменшік құлына сатса, немесе шынында да бұл өз-өзіне сатумен тең болатын болса, онда құлдың қолындағы барына ие болып отырған мүлкі мырзаның меншігі болып қалады, оның құқығы мукатаб арқылы иемделумен жайылады, ол сатып алу төлеміне мукатабтың мүмкіншілігінің жоқтығынан оның жекеменшігі болып қала береді.

¹ Эмансипацияның өзін.

Абу Ханифаның бұл қатынастағы дәлелдері екі түрлі болып келеді.

Біріншіден, әрбір күмәнді келісім уәкілдіктен шығарылуы тиіс, ал жоғарыда айтылған тұлғалармен бірге уәкіл арқылы жасалған сатылым келісім шартқа күмін келтіреді, өйткені бұл тұлғалар оның пайдасына жауап беруден алынып тасталады.

Екіншіден, уәкіл мен осындай туған-туыстар² арасында пайдалану мен олжалы болудың өзара құқығы бар, өйткені олардың әрқайсысы басқаны мүлкінде олжаны пайдалануға құқығы болады. Сондықтан оларға зат сату өз-өзіне зат сату болып табылады. Осындай алауыздық ұқсас жағдайда жасалғандықтан бұл сарф немесе жалдану келісім шартына сәйкес пайда болады.

Ол өзіне тапсырылған сатуға арналған затты қандай-да бір қолайлы бағамен немесе қандай-да бір қолайлы эквивалентке сатуға құқылы. (Абу Ханифаның пікіріне сәйкес) қандай-да бір затты сатуда уәкіл болып кім тағайындалады, ол затты көп немесе аз бағаға сатуға және тек ақшаға ғана емес, басқа бір затқа айырбастауға құқылы. Екі оқушының мақұлдауынша, ол затты үлкен кемістікпен сатуға немесе басқа затқа айырбастауға ақшаға емес, келесі себептер бойынша сатуға құқылы емес. Біріншіден, уәкілдік шектелмеген болса да, адамның қарапайым дәстүрлерімен қамтамасыз етілген. Өйткені барлық келісім шарт (мәселен, сату мен сатып алу) тұтынушылықты қанағаттандыруға мақсаты босла, онда олар осы тұтынушының шамасымен шектелген (осыдан құрбандық шалу үшін арналған жануарды, мұзды немесе пешті сатып алуда уәкілдік осы заттарға мұқтаж болғандықтан уақытпен шектеледі), ал әдет – ғұрып бойынша адамдар затты тиісті бағада затқа емес, ақшаға сатады.

Екіншіден, үлкен кемістігі бар затты сату аздап сатумен, аздап сыйлаумен жасалады; бірдей негізде затты басқа затқа сату (Муаваз немесе айырбас деген атқа ие) біріншіден, сату арқылы, екіншіден сатып алу арқылы ұсынылады. Сондықтан да осы актілердің біреуіде абсолютті түрде сату деп аталмайды. Абу Ханифа былай деп дәлелдейді, уәкілдік шектелмеген, сондықтан уәкілдің шектеусіз әрекет етуі мүмкін, егер де оның іс-әрекеттері күмән келтірмейтін болса.

Шығын үшін затты сату ақшаға мұқтаж болған жағдайда қарапайым құбылыс болып табылады. Бірдей негізде егер де жекеменшік иесінің біреуі өз затын қадірлеуін тоқтатын болса, онда затты басқа бір затқа айырбастау арқылы сатады. Ал пешті, мұзды немесе құрбандық шалу үшін арналған жануардың мысалына келетін болсақ, мұндай мысалдар екі оқушының пікірлерімен келтіріледі, мұндай ілім Абу Ханифа пікірінше қабылданбайды, немесе оларға тиесілі зат жайлы олардың пікірлері қарама-қарсы болып келеді. Бұдан басқа анық шығынға ұшыраған затты сату үшін сату

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болады да, ал сыйға беруге мүлдем болмайды. Осыдан, егер де кімде-кім былай деп ант берсе:

² Әкесі мен атасы арасында

«Мен мұндай затты сатпаймын Құдаймен ант етемін», ал содан соң оның анық шығынмен бірге шеттетілсе, онда ол ант беруші қылмыскер болып табылады.

Қарсылық. Егер анық шығынға ұшыраған затты сату кезінде барлық көлемде стау болса, онда осыдан әкесі немесе өсиет алушысы кәмелетке толмағанның затын шығынға сата алады. Неліктен мұндай жағдайда екеуіне осыны жасауға рұқсат етілмеген?

Жауап. Себеп мынада, олардың билігі кәмелетке толмаған адамның мүддесі үшін қамқор болуға олардың тарапынан шамаланған болып толық негізделген, және де қарастырылып отырған келісім шарт осы қамқорлықтың кемшілігін дәлелдесе, онда оған тыйым салынады.

Затты айырбас затына сатуға қатысты келісім шарт немесе сату немесе сатып алу келісім шарты болып табылады. Немесе сату мен сатып алу келісім шартының барлық қасиетіне бірдей ие болғандықтан бір жағынан сату, бір жағынан сатып алу бола алмайды.

Уәкіл заттың құны азғана бағада асатын затты сатып ала алады.

Сатып алу бойынша уәкіл заттың құнына тең бағада, сондай-ақ, оның құнынан асатын бағада затты сатып алуға құқылы, егер де айырмашылығы едәуір үлкен болмаса, бірақ ол оның құнынан едәуір қымбат затты сатып алуға құқылы емес, өйткені бұл күмән келтіреді, мүмкін ол бұрын затты өзі үшін сатып алса, содан шығынына қарай отырып оын сенім берушіге тағайындаса. Егер бірақ уәкілге белгілі бір затты сатып алу тапсырылса және оның құнын едәуір асатын бағада сатып алса, онда заң маманының пікірінше келісім шарт сенім беруші үшін жасалады, белгілі бір затты сатып алу үшін уәкілдің өзі үшін осындай затты иемденуге құқығы болмағандықтан бұл еш күмән келтірмейді. Бірдей негізде егер неке келісім шартында уәкіл өзінің сенім берпушісі үшін әйел адаммен келісім шарт жасаса, және жоғарғы махр-мисляның жасауына немесе оның жасауының жекеменшігіне міндеттеме қабылданатын болса, онда Абу Ханифаның пікірінше келісім шарт жарамды болады, немесе уәкіл келісім шарты өзінің сенім берушісіне апарып берсе, онда ол ешқ күмән туғызбайды. Басқа істерде сатып алу келісім шартында уәкіл егер ол қаласа өзінің сенім берушісіне жалпы түрде келісім шарт жасай алады. Бұл жерде қолданылып жүрген «анық шығын» термині бағадан жоғары баға дегенді білдіреді, мәселен, затты бағалай отырып бірнеше тұлға дәл сол затқа анық төленген ақшаның бағасын сол затқа бермеген болса. Кейбіреулер былай дейді, бұл термин қолданылады: мүлікті айырбастауда, айырма оннан он жарымға жатқызылады; малды айырбастауда оннан он бірге жатқызылады, ал қозғалмайтын мүлікті айырбастауда оннан он екіге қарай жатқызылады. Осы пікірдің негіздемесі мынада, бірінші түрдегі сату қарапайым, екінші түрдегі сату қарапайым және сирек, үшінші түрдегі сату сирек, қолайсыздық келісім шарты сиректігіне қарай артады.

Құлды сату кезіндегі уәкіл оның белгілі бір бөлігін сатуға құқылы.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер құлды сатуға уәкіл етілген тұлға оның жартысын сатса, онда мұндай сату Абу Ханифа пікірінше жарамды болады, немесе бұл жағдай да уәкілдік шектелмеген және құл бір немесе бірнеше келісім шарт арқылы сатылуы мүмкін, және осындай сату жарамды болады, егер де құл толшығымен жарты бағаға сатылса, егер де жарты құлды жарты бағаға сатса, онда мұндай сату жарамды. Екі оқушының мәлімдеуінше жарты құлды сатуда әдет-ғұрыппен келіспегендіктен жарамсыз болады. Сондай-ақ ол жекеменшік құқығының бұзылуын болжайды. Сондықтан да сату жарамсыз болады, егер тек құлдың қалған бөлігін сату алауыздық тараптар арасында пайда болғанға дейін және қазыға жолыққанға дейін жасалмаған болса, мұндай жағдайда сату жарамды болады, өйткені құлдың жартысының біреуін сату басқа жартыны сатуда жеңілдік үшін қажет болар еді (егер мысалы, уәкіл бөлшектеп сатуға мәжбүр болғандықтан толық құлды сатып алуға алушының болмағаны). Егер ол бірінші сатудағы затты бергенге дейін қалған жартысын сатса, онда бірінші жарты барлық құлды сатып алуды жеңілдету үшін жасалған болуы мүмкін және сондықтан да бұл сатылым жарамды болады. Бірақ егер де керісінше, ол қалған бөлігін сатып алуда жеңілдік мақсаты болмаған болса, онда бұл сатылым жарамсыз болады. Екі оқушы арқылы жасалған мұндай айырмашылық заңды қолайлы түсініктемеге негізделеді.

Құлды сатып алу кезінде уәкіл оны бірден немесе бөлшектеп сатып алады.

Егер құлды сатып алуға уәкіл еткен тұлға, оның жартысын сатып алса, онда келісім шарт күту жағдайында қалады (яғни егер уәкіл басқа жартысын сатып алған жағдайда сенім беруші үшін ол міндетті), немесе бір бөлігін сатып алу толығымен сатып алудың құралы болуы мүмкін (мысалы, егер құл мұрагерлік жолымен бірнеше тұлғалардың меншігі болған болса, бұл жағдайда бір мұрагерден бір бөлігін, басқа мұрагерден басқа бөлігін сатып алу қажеттілігі туындаса), және егер уәкіл алғашқы сатып алудан сенім берушінің бас тартқанға дейін құлдың басқа бөлігін сатып алса, онда құлды толық сатып алуды жеңілдету мақсатында құлдың бір бөлігін ғана сатып алды, сондықтан да сату келісім шарты сенім беруші үшін міндетті болып табылады. Бұл жалпы қабылданған ілім. Абу Ханифаның пікірі бойынша, екі себептер бойынша осы және алдыңғы келтірілген мысалдар арасында айырмашылық бар. Біріншіден, құлдың жартысын сатып алуда күмән туындайды, өйткені уәкіл сатып алуды өз есебінен жасауы мүмкін, содан кейін жалпы жекеменшікке қатысудың ешбір пайдасының жоқтығын байқағандықтан оны сенім берушінің есебіне жатқызды; жартысын сату жағдайында болмауы тиіс күмән. Екіншіден, сенім берушінің жекеменшігіне қатысты қандай-да бір затты сату жайлы бұйрығы жарамды болып табылады; ал осындай жағдайда өкілдің шамасына назар аударуға тура келеді. Керісінше, сенім берушінің қандай-да бір затты сатып алу жайлы бұйрығы басқа біреудің меншігі болып табылады, және осыдан ол жарамсыз, міне сондықтан өкілдің шамасына назар аударудың еш қажеті жоқ.

Затты сатқанға дейін пайда болған кемшіліктің салдарынан қазының шешімі бойынша сатылған затты уәкілге қайтарған тұлға, затты қабылдауға міндетті болған сенім берушіге де осындай затты қайтара алады. Егер бір тұлға басқа бір тұлғаға құлды сатып алуды тапсыратын болса, және ол уәкіл арқылы орындалса, ал сатып алушы сатып алудан кейін пайда болмаған кемшіліктің салдарынан (мысалы, алты бармақты) куәгерлік жауапқа немесе ант беруден уәкілдің

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бас тартуына, немесе оның мойындауына негізделген қазының шешімі бойынша уәкілге құлды қайтаратын болса, онда уәкіл оны сенім берушіге тапсыра алады, өйткені осы келтірілген мысалда қазы сатушыны иелену кезінде пайда болған кемшілікті көрсетсе, осы негізде құлды қайтару туралы қаулыны да шығарды, сондықтан шындығында, бұл шешім жоғарыда келтірілген яғни куәгерлердің жауаптыр, ант беруден бас тарту немесе мойындау секілді жағдайлардың біреуіне де негізделмеген.

Қарсылық. Онда келтірілген дәлелдерді не үшін ұсынамыз және неліктен ол жайлы осы жағдайда айтылуы керек?

Жауап. Осы күмәнді жою үшін қазіргі шығарманың авторы мынаны байқайды, қазы жоғарыда келтірілген кемшілік бір айдың ішінде пайда болмағанын нақты біледі, бірақ сату қай уақытта жасалғанын білмегендіктен, осы кемшілік сатқанға дейін бе, жоқ әлде сатқаннан кейін пайда болды ма осыны анықтау үшін, ол сату уақытысын белгілеуде дәлелдерді талап етеді. Кемшілік дәл осындай түрде болуы мүмкін, бұл әйелдер немесе дәрігерлер арқылы куәлік етуді талап етеді, бірақ та әйелдердің немесе дәрігерлердің пікірлері дау-дамайды алдын алу үшін жеткілікті болғандықтан, ол қайтару жайлы шешім үшін жеткілікті негіз бола алмайды, сондықтан да егер қазының өзі сатуға куәлік келтірмесе және кемшілікті байқамаған болса онда жоғарыда келтірілген дәлелдерге қажеттілік ұсынылады, осындай жағдайда осы дәлелдердің ешқандай қажеттіліктер болмайды. Уәкілге затты қайтару шындығында оны сенім берушіге қайтарады, сондықтан уәкіл затты кері қабылдау жайлы сенім берушіге қарсы талапты бастауға міндетті емес.

Егер де қазының шешімі уәкілді мойындауға негізделмеген болса, затты сатқаннан кейінгі кемшіліктің пайда болуы жағдайында да бұл құқық болады. Сатып алушы зат сатылғаннан кейін пайда болған кемшіліктің салдарынан куәгерлік жауап пен ант беруден бас тартуға негізделгендіктен қазының шешімі бойынша құлды қайтарған кезде осы заңды қолданады, өйткені куәгерлік жауап беру бұл абсолютті дәлел болып табылады, ал уәкілге келетін болсақ, онда ол ант беруді кейінге қалдыруы тиіс, өйткені уәкіл арқылы тағайындалған соң, өз иелігінде құлдың тұрақты болмауы салдарынан затта пайда болған кемшілік белгісіз болып қалады. Сондықтан сатып алушы уәкілдің ант беруден бас тарту салдарынан құлды қайтарса, онда сату құлды қайта алуға міндетті сенім берушінің атына жазылады. Егер басқа жағынан, сатып алушы соңғының мойындауына негізделген шешім бойынша оны уәкілге қайтаратын болса, онда сату уәкілдің қолында қалады, мойындау әлсіз дәлел болғандықтан (тек мойындаумен тұлғаны ғана куәландырады), ал уәкілдің ант беруден бас тартуы немесе үндемеуінен тәуелді болса, осы жағдайда уәкіл қажеттілік бойынша іс-әрекет жасай алмайды.

Қандай жағдайда сенім беруші сот шешімінсіз затты кері қабылдауға міндетті емес. Сосын куәгерлік жауап немесе ант беруден сенім берушінің бас тартуы салдарынан құлды сот арқылы алу үшін сенім берушінің мәжбүрлеуге уәкілдің құқығы бар. Басқа істерде сатып алушы сотсыз жасалған мойындау салдарынан уәкілге құлды қайтарады, бұл жағдайда уәкіл құлды кері қабылдау жайлы сенім берушіге талап ұсынуда еш негіз жоқ, немесе бұлқайтару не сатушы, не сатып алушы болып табылмайтын үшінші тұлғаға қатынасы бойынша жаңа сатылым болады, және осы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

үшінші тұлға сенім беруші болуы тиіс, өйткені уәкіл сатушы ретінде ғана қарастырылуы мүмкін. Сондықтан құлды сатқан сатып алушыдан құлды кері қайтарып алуда оны кері қайтарудан сатып алғандай күйде болса, онда сенім берушігі оны қайтара алмайды, немесе соңғысына талап көрсете де алмайды. Керісінше, сатушының мойындауына негізделген қазы шешімінің күшіне сатылғна затты қайтару бұл кері сатылым емес, сату келісім шартын жою болып табылады, және мойындау бұл тек әлсіз дәлел болып қала береді. Сондықтан бұл жағдайда сату келісім шартын жою салдарынан уәкілдің құлды кері қабылдауы жайлы талабын сенім берушіге көрсетуге құқығы бар, бірақ оны мойындау жеткіліксіз дәлел болғандықтан сенім беруші куәгердің жауап¹ бермейінше құлды кері қабылдауға мәжбүр емес.

Егер кемшілік сатқанға дейін пайда болса, онда сенім беруші уәкілді мойындау немесе мойындамау салдарынан затты сатып алушы арқылы қайтаратын болса, онда содан тәуелсіз уәкілден затты сотсыз кері қабылдауға міндетті болады. Егер басқа жағынан, затты сатқаннан кейін сатып алушы құлды қайтару салдарынан кемшілік пайда болмаса, және яғни қазының шешіміне қаулысыз затты қайтару уәкілдің мойындау салдарынан болатын болса, онда тапсыруға сәйкес сенім беруші құлды сотсыз қабылдауға міндетті болады, мұндай қабылдау үшін себеп жеткілікті болса, онда тараптар қазының жазып бергенін өздері жасай береді. Бірақ, кейбір әңгімелерге сәйкес уәкілдің жоғарыда келтірілген себептерге байланысты, яғни «сатып алушы арқылы уәкілдің мойындауы салдарынан затты қайтару үшінші тұлғаға қатысты кері сатылым болып табылады, яғни бұл жерде үшінші тұлға тарап емес, сенім беруші болады» құлды қайта қабылдау жайлы сенім берушіге талап ұсынады. Бірінші әңгімеге қатысты, яғни жеткілікті себептердің болуынан затты қайтарудың сату орны болған болса, онда ол қабылданбаған, өйткені алғаш кезде сатып алушының құқығы мынада болады. Сату затты бүтін және зақымданбаған түрде болуы, бірнәрсенің жоқтығынан ол затты қайтару құқығын алады, ал содан кейін зиянға ұшырайтын шығындарға сый-ақыны талап ете алады. Сондықтан сату затын қайтару едәуір негізделген болып көрсетілмейді (уәкілдің мойындауымен).

Өкілдіктің шамасы туралы дау- дамайда сенім берушінің арызына сенім беріледі. Егер сенім беруші мен уәкіл арасында алауыздық пайда болса, және де біреуі «қолма-қол ақшаға оның құлын сату үшін басқа тұлғаға бұйрық берсе, ал ол құлды несиеге сатқан болса», басқасы «сенім беруші тек құлды сатуды ғана бұйырса басқа ештеңе де емес» екендігін мақұлдаса, онда бұл жағдайда сенім берушінің арызына беріледі,

¹ Кемшіліктің бар болуына дәлелдер ретінде.

өйткені бұл бұйрық беретін тұлға болғандықтан, осыны бұйрық деп ойлауға ешбір негіз жоқ, ал уәкіл өзінің табиғаты бойынша салыстырмалы және шектелген. Сондықтан, егер бір тұлға басқа біреуге былай: «Мен сені мүлкіме қатысты уәкіл етіп тағайындадым» десе, онда уәкіл оған өз қалауымен былай жасауға еш құқығы жоқ, бірақ олардың іс-әрекеттері заңды, тек сондықтан да мүлікті сақтау мақсатына ие болады. Егер, басқа жағынан осы басқарушы¹ мен қожайын арасында келтірілген қатысты дау-дамай туындаса онда басқарушының арызына сенім беруге тура келеді, немесе музарабат өзара табиғаты бойынша салыстырмалы және шектелмеген.

МҰСЫЛМАН ДҰНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Сондықтан егер бір тұлға басқа біреуге былай: «Мен сені өз мүлкіме қатысты уәкіл етіп тағайындадым» десе, онда уәкілдің сол мүлікке өз қалауымен әрекет жасауға құқығы жоқ, бірақ ол осы мүлікті қорғау мақсатында тағайындалғандықтан, оның іс - әрекеттері заңды болып саналады. Егер, басқа жағынан, басқарушы мен қожайын арасында осы келтірілген мысқа сәйкес дау-дамай туындаса, онд сенімді басқарушының арызына берген дұрыс, немесе музарабат табиғаты бойынша шектелмеген. Сондықтан, егер бір тұлға басқа тұлғаға былай: «Мен саған осы мүлікті музарабат арқылы бердім» десе немесе: «Осы мүлікті музарабат² жолымен ал» десе, онда басқасы осы мүлікке музарабаттың барлық актілерін жасауға құқылы. Сондықтан музарабат кезінде осындай негізсіз деп есептеуге негіз бар. Басқа істерде егер қожайын өзінің мүлкін музарабаттың белгілі бір түрлерінен біртіндеп түсу үшін оған мүлікті бергенін айтса, ал уәкіл музарабаттың түрінен құралған акт жасағанын айтса: онда бұл жағдайда артық көрушілік қожайынға беріледі, әйткенме екі ждақ музарабат абсолютті емес, шектелген дегенмен келіседі, музарабат шектеусіз болудан бас тартқандықтан қарапайым уәкіл болып табылады. Осы жерде бірдеңені сатып алудағы жалпы тапсырма Абу Ханифаның пікірінше, қолма-қол ақшаға сатып алуға, немесе несиеге ұзақ немесе қысқа мерзімге алуға қатысты болуы мүмкін екенін байқауға тура келеді. Екі оқушының байқағанындай, несиелік келісім шарт бойынша төлем мерзімі әдеттегі уақыттан аспауы тиіс. Бұл негізделген бастамалар түсіндірілді.

Уәкіл сату кезінде мұндай салдарларға жауап бермейді. Егер бір тұлға басқа бір тұлғаға оның құлын сатуды тапсырса, ал басқасы, осыны орындай отырып, баға төлемін қамтамасыз етуде залог алса, оның қолында қандай залог жұмсалады немесе жойылады немесе егер де ол сатып алушы арқылы қарыз төлеміне кепілге алушыны қабылдаса және екеуіде (кепілге алушы мен сатып алушы) жағдайы болмай өлсе немесе белгісіз жерге жасырынатын болса, онда уәкіл осы жағдайдың біреуіне де жауап бермейді, немесе ол сату келісім шарты бойынша уәкіл етілген тұлға болуы мүмкін, ал бағаны алу осы келісім шарттан шығатын құқықтардың біреуі, бірақ

¹ Арабша «музариб», сауда бойынша уәкілді білдіреді. Уәкілдіктің осы түрі музарабат туралы тарауда айтылған.

² Яғни өз қалауы бойынша сауда қызмететрін жасай алады.

кепілдікті қабылдау төлемді алуда едәуір сенім беру мақсатында болған еді, және осы мақсатты закладты алу көздесе, онда осыдан шығатыны уәкілдің осы іс-әрекеттерге құқығының болғандығы. Қарызды алу туралы уәкіл жайында айтуға тура келеді, немесе ол субституция бойынша әрекет етеді, яғни несиеші өзінің орнына оған қажетті ақшаны қабылдауды тапсырды, бірақ қарыздың орнына кепілдік немесе заклад қабылдауға уәкіл етпеді, сондай-ақ уәкіл сату келісім шартында келісім шарттағы тарап ретінде сатылған заттың бағасын алатын болса, міне сондықтан да сенім беруші осы айтылған актілерді оған жасауға кедергі бола алмайды.

IV.Бөлім. Түрлі оқиғалар

Бірнеше уәкілдер ортақ келісімінсіз жеке – жеке іс - әрекет ете алмайды. Егер кімде-кім екі уәкіл сайласа, онда олардың біреуі басқа біреудің келісімінсіз оларға

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тапсырылған істерге әрекет жасауға құқылы емес. Талқылау мен ойланғандықты талап ететін (сату, хульа және т.б.) барлық келісімдерге қатысты заң осындай, немесе осы келісім шарттарда сенім беруші екеуімен көрсетілген тұлғалармен істі бірігіп талқылауға тиісті болады, мүмкін әрқайсысының ақылына жеке-жеке сенбейтін шығар.

Қарсылық. Баға белгіленген кезде, оны талқылау мен ойланудың ешбір қажетті болмайды, міне сондықтан да осы жағдайда уәкілдің іс-әрекеттерінің біреуі жарамды болуы тиіс.

Жауап. Баға белгіленседе, сатып алушының таңдауына тиісті оны жоғарылатуда ересек талқылау бойынша жағдайлар да болуы мүмкін.

Сот істеріндегі уәкілдіктің жағдайын есептемегенде.

Кейбір ерекше жағдайларды қоспағанда басқа біреудің келісімінсіз уәкілдің іс-әрекеті жарамсыз. Сот ісінде егер кімде-кім өзінің уәкілі етіп екі адамды тағайындаса, онда олардың әрқайсысы басқа біреудің келісімінсіз іс-әрекет етуге құқылы, өйткені мәжілісі кезінде дау-дамай мен абыржу жағдайларын тудыратын, іс-әрекеттерді бірігіп жасау қолайсыз. Солар тарапынан сот мәжілісін ашқанға дейін істі талқылау талап етіледі, басқаша сөзбен олар алдын ала бір-бірімен кеңесіп алулары тиіс, содан кейін олардың біреуі жауап беру үшін және сұрақ қою үшін мәжіліс залына баруы керек. Бұл екеуге қарағанда бір тұлғамен жасалғаны әбден дұрыс, немесе соңғы жағдайда дау-дамай мен түсініспеушілік пайда болуы мүмкін.

Сый-ақысыз ажырасу, еркіндікке жіберу, жүкті немесе қарыз төлемін қайтару. Бірдей негізде екі уәкілдің біреуі басқа біреусіз іс-әрекет етуге құқылы, олар сый-ақысыз¹ ажырасуды, немесе еркіндікке құлды жіберуді, немесе жүкті оның меншікті иесіне қайтаруы немесе оларға қарыз ақшаның төлемі үшін олар біреулердің атынан осыларды жасау үшін уәкілдер тағайындайды. Бұл жағдайда кеңес пен талқылау кезінде ешбір қажеттіліктің жоқ екендігі жағдайды қрапайым баяндау жеткілікті,

¹ Хульаға немесе сый ақы үшін ажырасуға қарама-қарсы

ал бұл қатынаста бір тұлғаның сөзі екеуінің сөзіне тең болып келеді.

Сенім беруші екі уәкілге былай деген болса: «Әйелдерімнің біреуін менен ажыратындар, егер бұл қолайлы болса» немесе: «Сіздің қолыңызда менің әйелімнің ісі» немесе бұл жағдайда уәкілдің біреуі аталған әйелді ажыратуға құқығы жоқ, өйткені сенім беруші екеуінің талқылауынсыз және қарауынсыз ажырасуды қойды, міне сондықтан да ол осы мәселенің шешімін екі уәкілдің келісіміне қалдырды. Бұл жағдай аналогты, кімде-кім белгілі үйге екі тұлғаның келу фактісімен ажырасуды біріктірсе, бұл жағдайда ажырасу осы тұлғалардың осы үйге келуінен тәуелді болады. Сондай-ақ қарастырылатын жағдайда: ол екі уәкілдің келісімінен де тәуелді болады.

Уәкіл қайта сенім жасай алмайды. Уәкіл өзі уәкіл етіп отырған тапсырманы орындау үшін басқа тұлғаны тағайындауға құқылы емес, өйткені сенім беруші осы істі оған тапсыра отырып, оны осы тапсырманы орындау үшін уәкілді сайлауға уәкіл етпеді. Мұның себебі мынада, ұсынушының өз уәкіліне сенімі бар болғандықтан, оның басқа тұлғаға сенуге ешқандай негіз жоқ, өйткені адамдар арасында айырмашылық болады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер сенім беруші оған осы құқықты ұсынбаса немесе егер оның өкілеттігі абсолютті болмаса. Сондықтан да уәкілдің сенім берушінің келісімсіз басқа уәкіл тағайындауға құқылы емес, немесе егер соңғысы өзінің уәкіліне өзінің ойымен және қарауымен іс-әрекет етуді ұсынбаған болса, сондай-ақ бірінші жағдайда келісім оң түрде болса, ал екінші жағдайда сенім беруші өзінің ісін толығымен уәкілдің қарауына береді. Өйткені, осы жағдайларда екінші уәкілдің өкілеттігі жарамды болса, онда ол бірінші сенім берушінің уәкілі болып табылады, міне сондықтан бірінші уәкілдің оның өкілеттілігін жоюға еш құқығы жоқ, ол бірінші уәкілдің өлімінен кейін де тоқтатылмайды. Бірақ екі уәкілдің өкілеттілігі сенім берушінің қазасынан кейін ғана тоқтатылады. Бұл жағдай қазының міндеттерін қарастыру кезінде келтірілген айтылғандардың түсіндірмесі болып табылады.

Бірақ бірінші уәкілдің қатысуымен екінші уәкілмен жасалған келісім шарттар жарамды. Егер уәкіл өзінің сенім берушісінің келісімсіз уәкіл тағайындаса және екінші уәкіл бірінші уәкілдің қатысуымен сату келісім шартын жасайтын болса, онда бұл жағдайда келісім шарт жарамды, өйткені сенім берушінің ниетіне сәйкес келетіндіктен бірінші уәкілдің қарауымен жасалған келісім шарт. Бірақ келісім шарт құқығынан салыстырмалы түрде шығатын алауыздық пайда болды. Кейбіреулердің пікірінше, олар бірінші уәкілге тиесілі болады, өйткені сенім беруші келісім шартты біреумен жасауға рұқсат берген емес. Басқалары былай деп мәлімдейді, бұл құқықтар екінші уәкілге қатысты дейді, өйткені ол келісім шарттың нағыз себепкері болып табылады. Егер басқа жағынан екінші уәкіл бірінші уәкілдің қатысуынсыз келісім шарт жасаса, онда келісім шарт жарамсыз болады, өйткені ол бірінші уәкілдің қарауымен жасалмаған.

Ол келісімді жариялау салдарынан уәкілдің қатысуынсыз жасалған келісім шарттарға тең. Егер, бірінші уәкіл келісім шарт жайлы мәлімет ала отырып, соған қосылатынын айтса онда келісім шарт жарамды; бірдей негізде уәкілмен емес, басқа тұлғамен жасалған келісім шарт егер уәкіл осы келісім шарт жайлы білгенін яғни ол келісіммен куәландырылатынын айтса жарамды болып табылады.

Сондай-ақ (сату немесе сатып алу жағдайында) бірінші уәкіл алдын ала бағаны белгілеген болса. Егер де екінші уәкіл ұстап тұруы тиіс бағаға, бірінші уәкіл алдын ала бағаны белгілесе, және соңғысы сату немесе сатып алу келісім шартына енетін болса, онда мұндай келісім шарт жарамды, өйткені бірінші уәкілдің қарауы тек бағаны белгілеу үшін ғана қажет болған және ол орындалды да.

Бірнеше уәкілдер бірігіп іс-әрекет етулері тиіс, яғни сенім беруші бағаны өзі белгілеген болса. Басқа істе, сенім беруші екі уәкілді тағайындаса және өзі бағаны белгілейтін болса, немесе бұл жағдайда бағаны сенім беруші арқылы белгілегеніне қарамастан, бір уәкілмен белгіленген баға бойынша келісім шарт жасау жарамсыз болып табылады. Егер сенім беруші олармен белгіленген бағаға қарамастан екі уәкілді тағайындаса, онда мүмкін олардың ниеті мынада, бұл уәкілдер заттар санының көбеюі салдарынан немесе сатып алушының едәуір мақсатқа сай жалпы келісім арқылы іс-әрекет еткендері дұрыс болар еді. Керісінше, егер сенім беруші бағаны белгілемесе, бірақ келісім артты жасауды басқа тұлғаға тапсыратын болса (өзінің тікелей уәкіліне, өзінің ұсынушысының уәкіліне емес), онда оның ниеті мынада қарауға уәкілді ұсыну үшін келісім шарттың басты тармағы – бұл бағаны белгілеу.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Мукатаб, құл немесе зимий кәмелетке толмаған мұсылман қыздың уәкілі ретінде іс-әрекет ете алмайды. Егер мукатаб, құл немесе зимий кәмелетке толмаған қыздың еркін жағдайы мен мұсылмандық тәубе қылуда уәкіл арқылы неке келісім шартын жасаса, немесе оның атынан сату немесе сатып алу келісім шартын жасаса ондай мұндай келісім шарттар заңсыз (осындай балаларға қатысты жасалған барлық басқа да келісім шарттар секілді) немесе құл немесе діншіл емес адам олардың құлдығы мен діншілдігі салдарынан билікпен бөлістірілмесе. Құл қожайынның келісімсіз некеге тұруға құқығы жоқ, сондықтан да болар, бұл құқық басқаға қатысты болғанымен, оған бұл құқықтың мүлдем қатысы да болмауы мүмкін. Діншіл емес адамның мұсылмандар алдында ешқандай билігі жоқ, сондықтан оларға қатысты куәгер ретінде жауап беруге жіберілмейді. Бұдан басқа осы жағдайда билік (яғни кәмелетке толмаған адамның мүліктік істерде әрекет ету құқығы) кәмелетке толмаған адамның мүддесін қорғау үшін ұсынылады; сондықтан бұл құқық құқыққа қабілетті және кәмелетке толмаған адамға жақын орналасылған тұлғаға ұсынылуы тиіс; бірақ құлдық құқық қабілеттілікті жояды, ал діншіл емес адам мұсылмандыққа орналаса алмайды. Сондықтан осындай кәмелетке толмаған мүліктік істердегі уәкілдің құқығы құлға немесе діншіл емес адамға ұсынылмауы мүмкін.

Діннен безген немесе діншіл емес шетел адамына тең. Абу Ханифа, Абу Юсуф және имам Мұхамед дәл сондай пікірде жолынан жаңылған үшін өлім жазасына кесілген діннен безген адам, және кәмелетке толмаған мұсылман қызға қатысты діншіл емес шетел адамы зимиимен бірге бірдей жағдайда тұр (яғни олардың біреуіде сатып алу, сату немесе неке келісімі секілді оның мүлкіне қатысты актілерді жасауға құқықтары жоқ), сондықтан діншіл емес шетел адамының зиммиге қарағанда мұсылман адамдарына әлі де болса билігі бар. Ал діннен безгендікке қатысты айтар болсақ, оның (екі оқушының пікірінше) өзінің мүлкіне қатысты билігі бар, бірақ балалары немесе олардың мүліктері алдындағы билігі барлық ғалымдардың пікірінше сенімге оралу мен өкінуде арыз бергенге дейін жойылады, өйткені кәмелетке толмаған адамның мүлкіне қатысты актілерді жасау құқығы пайданы сақтауға негізделеді, ал діннен безген адамның өзінің мұсылман балаларының пайдасын сақтаудағы ықыластығы оның сенімге оралуынан толықтай тәуелді болады. Бірақ бұл жағдай күмәнді болып көрінеді: егер ол діннен безген адам ретінде сотталатын болса, онда мүмкін уәкіл етуге еш құқығы болмады және олар арқылы жасалған барлық актілер түкке тұрғысыз нашар; егер де ол сенімге қайта оралса, онда ол ешқашанда жолдан таймаған болып есептеледі, және сондықтан да жоғарыда айтылған барлық іс-әрекеттері жарамды болып табылады.

III. Тарау

СОТ УӘКІЛДІГІ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕРДІ ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ (ХУСУМАТ, НЕМЕСЕ АУЫР ІС БӘСЕКЕЛЕСЕТІН НЕМЕСЕ ДАУЛЫ ТӘРТІПШЕН ЕКІ ТҰЛҒА АРАСЫНДА ПАЙДА БОЛАТЫН ӘНГІМЕНІ БІЛДІРЕДІ)

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Сот уәкілдігі шешімдерді орындау кезіндегі уәкілдікті болжайды. Егер кімде-кім ауыр істе басқа бір тұлғаны тағайындаса, онда барлық ғалымдардың пікірінше, бұл уәкіл жазаға кесілгенді не ол зат немесе қарыз болса да мейлі алуға уәкіл етілген. Имам Зуфардың пікірінше, кесілгенді алуға уәкіл етілген деп есептеуге болмағанды, өйткені сенім беруші оны тек ауыр істерге уәкілдік етіп уәкіл етті. Сондай-ақ, ауыр іс пен кесілгенді алу арасында айырмашылық бар; сенім беруші оған ауыр істерге қатысуға тапсырыс берді, бірақ кесілген нәрсені алуға емес. Біздің ғалымдарымыздың дәлелдегеніндей, егер кімде-кім белгілі бір іске уәкіл еткен болса, онда ол қажеттілік бойынша осы істі орындауға уәкіл етілген, бірақ қандай-да бір зат жайлы ауыр істің мақсаты мен аяқталуы осы затты алуда болып тұр.

Бірақ қазіргі уақытта шешімдер қарама-қарсы бастамаға сәйкес қаулы етіледі. Қазіргі уақытта шешімдер имам Зуфардың пікіріне сәйкес біздің замандағы уәкілдіктің ақиқаттылығының жеткіліксіз салдарынан қаулы етіледі, сондай-ақ көбісі ауыр істерді жүргізу іскерлігінде сенімге лайық болады, бірақ оларға мүлікті алу ісінде сенім білдіруге болмайды. Ауыр істі жүргізетін уәкіл мен қарыз төлемін талап етудегі уәкілдің арасындағы аналогияны байқауға тура келеді, өйткені соңғысының қарзы төлемін талап ету құқығында жасалатын құқық жарамда болғандықтан ақшаны алуға құқылы болады. Бірақ жалпы қабылданған сөздің мағынасы мұндай емес, немесе таказ дегенде (сот бойынша талаптар) кесілгенді алу дегенді барлық жерде түсінбейді, ал жалпы қабылданған мағынасын сөздің кездейсоқ мәніне назар аударуға тура келеді. Сондықтан да қазіргі уақытта қаулы етілген шешімдерде ауыр істердегі уәкіл бірден шешімдерді орындаудағы уәкіл бола алмайды.

Егер істі жүргізу үшін екі уәкіл тағайындалса, онда олар дау-дамай затынан құралған затты бірге алуы тиіс, өйткені ұсынушы олардың бірдей іс-әрекет етуінде екеуіне де шынайылық сенімін білдірді, ал кесілгенді алуда екеуінің бірігіп жасаған іс-әрекеттері мүмкін болса, онда олар иелікке бірге кірулері тиіс. Немесе тек ауыр істерді жүргізуге уәкілдер жайлы айтуға тура келеді, өйткені олардың бірігіп іс-әрекет етуі қолайсыз.

Қарызды қабылдауға уәкіл етілген уәкіл, ауыр істі жүргізуге да уәкіл етілген. Қарыз ақшаны алу үшін кім басқа біреудің уәкілі болып табылады, онда Абу Ханифа пікіріне сәйкес несиешінің атынан ауыр істі жүргізуге де уәкіл етіледі. Сондықтан егер қарсы жақ сенім беруші қарызды алғанын куәгерлер арқылы дәлелдесе немесе сенім хат бергенін айтса, онда мұндай жауап Абу Ханифаның пікірінше жіберілуі тиіс. Екі оқушының мәлімдеуінше, белгіленген уәкіл ауыр істе уәкіл болып табылмайды (және дәл сондайды Абу Ханифа жайлы Хасан мәлімдесе), өйткені затты және ауырлықты алу бір нәрсе емес, және кімде-кім мүліктік қатынаста сенімге лайық болса, онда ол ауыр істерді жүргізуге шебер екендігін білдірмейді. Сондықтан затты алудағы уәкілдікке сенім берушінің келісімі ауыр істерді жүргізуге уәкіл ету керектігін білдірмейді. Абу Ханифаның дәлелдеуінше, қарызды алудағы уәкіл жекеменшік құқығын жүзеге асыру үшін уәкіл болып табылады (яғни несиешінің құқығынан құралған қарыздың құндылығын алу үшін, және бұл құндылық несиешінің жекеменшігі болуы үшін, немесе қарызды алу мүмкін емес болса, міне сондықтан да қарызды өтеу кезінде алатынның барлығы несиешінің жекеменшігі болады, және бұл сый-ақы немесе айырбас келісім шарты болып табылатындықтан, онда тиісінше уәкіл

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

айырбас келісім шартымен байланысты барлық құқықтарға қатынасы бойынша басты тұлға болып табылады). Істің осындай жағдайында уәкіл талапкер бола алады және артықшылығы бар сатып алу немесе сатып алудың келісім шартындағы құқығы жайлы дау-дамайға уәкіл ретінде істі жүргізуге құқығы бар. Ол артықшылығы бар сатып алу құқығы жайлы дау-дамайға уәкіл ретінде әбден лайық, немесе уәкілдің қарызды алуы үшін қарызды алғанға дейін талап ұсынады, өйткені артықшылығы бар сатып алу құқығы жайлы дау-дамайда уәкіл ретінде белгіленген құқықты жүзеге асырғанға дейін талапты бастайды, сондай-ақ сатып алу келісім шартындағы уәкіл сатып алу келісім шартын орындағанға дейін талапты бастай алмайды.

Белгілі бір затты қабылдауды тапсыру осы затты сот тәртібімен іздеу тапсырысынан тұрмайды. Белгілі бір затты¹ қабылдау үшін уәкіл барлық ғалымдардың пікіріне сәйкес істі жүргізу үшін уәкіл бола алмайды, өйткені ол қарапайым сенімді тұлға болып табылады, сондай-ақ белгілі бір

¹ Арабша «эн», жекеменшіктің дербес бар затын білдіретін (мысалы, ссудаға берілген зат), ақшалай қарызға немесе тұтынатын заттарға қарама-қарсы (мысалы бидай жіне т.б.).

затты алу айырбасқа келмейді, сондықтан осындай уәкіл қарапайым елші болып саналады. Осыдан егер бір тұлға басқа біреуге оның иелігіне құлды қабылдауды тапсырса, ал уәкілдің иелігінде тұрған тұлға куәгерлер арқылы оған құлды сенім берушінің сатқанын дәлелдесе, онда қазы уәкілдің өзі келгенге дейін сату фактісіне сәйкес шешім қаулы етіледі. Бұл заңды қолайлы түсіндіруге негізделген. Аналогия бойынша қарсы жақ болып табылмайтын тұлғаға қарсы көрсетілген дәлелдер салдарынан құл уәкілге қайтарылуы тиіс (яғни уәкіл бұл қарсы жақ емес), ол жіберілмеуі тиіс. Едәуір қолайлы түсіндірудің себебі мынада, куәгерлік жауаптар екі түрлі мақсатқа ие: біріншіден, сенім беруші арқылы құлдың сату фактісін дәлелдеу, және сәйкесінше оны жекеменшік құқығынан айыру; екіншіден, келтірілген уәкіл жоғарыда айтылған құлды өз иелігіне алуына құқығы жоқ. Ең болмағанда бірінші пункттегі жауаптар тиісті дұшпанға қарсы емес бағытталса, бірақ екінші пунктке сәйкес уәкіл тиісті жауапкер болатын болса, онда куәгерлік жауаптар бірінші пунктке емес, екінші пунктке сәйкес жіберіледі, сенім берушінің жеке өзінің келуі салдарынан құлды сату дәлеліне куәгерлерді қайта шақыртуға тура келеді. Нәтиже дәл сондай болар еді, егер де дәлел үшін осы куәгерлер қайта белгіленсе, жауаптары жіберілетін болса құлды қабылдауда уәкілге кедергі келтіру үшін қаншалықты қажет екенін түсінуіміз керек. Еркіндікке жіберу, ажырасу жағдайындағы салдарлар да дәл осындай. Егер бір тұлға басқа бір тұлғаға оның әйелін өзінің нағыз мекендеген жерінен жеткізуді немесе оның құлын немесе күнін жеткізуді тапсырса, ал уәкілдің сол мекендеген жеріне келген бойында әйелі куәгерлер арқылы күйеуінен ажырасқанын дәлелдейтін болса, ал құл немесе күң – еркіндікке жіберілгенін айтатын болса, онда мұндай жауап ажырасу немесе еркіндікке жіберу жайлы мәселені шешу үшін емес, сенім берушінің өзі келгенге дейін оларды алып кетуге кедергі болу үшін осындай жауаптың жіберілгені дұрыс.

Ауыр істерде уәкіл өзінің сенім берушісі атынан жеңілдік жасауға құқығы бар. Егер уәкіл ауыр істе сенім берушіге қатысты жағдайда қазы алдында мойындау

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жасаса, онда мұндай мойындау соңғысы үшін міндетті болып табылады. Егер бірақ та, ол мойындауды қазының емес, басқа біреудің қатысуымен жасаса онда бұл жарамсыз (Абу Ханифа мен имам Мұхаммедтің пікірлеріне сәйкес, заңның қолайлы түсіндірмесі арқасында) болады, онда уәкіл бөтен тұлға алдында жасаған мойындау салдарынан өкілеттігінен босатылады, сондықтан егер ол өзінің өкілеттілігіне сүйене отырып өзінің мойындауына куәгерлерді ұсынса, бірақ мұндай жағдай жіберілмеуі тиіс. Абу Юсуфтың мәлімдеуінше, қазының емес, бөтен тұлғаның алдында жасалған мойындау сенім берушіге қатынасы бойынша тең болады. Осы жерде айтылғанның барлығы заңды қолайлы түсіндіруге негізделген. Имамдар Зуфар мен Шафиидің мәлімдеуінше, мұндай келтірілген мойындау бірде-бір жағдайда жарамсыз (Абу Юсуфтың да алғашқы пікірі дәл осындай), бұл аналогия сәйкес келеді, немесе уәкілге ауырлықтың маңызды қасиетінен құралған бәсеке түсіндіріледі; бірақ мойындау бәсекеге тікелей қарама қарсы нәрсе, ал қандай-да бір актіні жасауды тапсыру қарама-қарсы актінің жасалуына таратуға болмайды. Осындай негізде (бәсеке ауыр істердің болуы үшін қажет) уәкіл ауыр істе жарастыру мен өшіру¹ іс-әрекеттеріне уәкіл ету болып табылмайды. Олардың пікірінше, уәкілге мойындау жасауға рұқсат етілмеген жағдайда уәкілдік жарамды болады, және егер мойындау құқығы ауырлық мәніне кірген болса, онда қарсылық² құқығының ерекшелігі секілді, мұндай ерекшелік жарамсыз болып табылады. Осындай алауыздық бір тұлға басқа тұлғаға сенім берушінің атынан жауап беруге уәкіл еткен жағдайдағы қатынаста бар; бұл уәкілдіктің түрі ауыр істерде жауап беру құқығымен шектеледі, немесе жалпы қабылданған тәжірибе осындай, сондықтан да жалпы уәкілдің жауап беруі шындығында, ауырлық істегі уәкіл болып табылады. Заңды едәуір қолайлы түсіндірудің себебі мынада, ауыр істер жүргізуде уәкілдік даусыз жарамды болады, және бұл жарамдылық сенім берушінің құқығы бар барлық іс-әрекеттерге таратылады, бірақ ауыр істегі соңғының соңғысы ауыр істе мойындамау немесе мойындауда абсолюттік құқыққа ие болады, өйткені оның билігі осы құқықтардың біреуімен шектелмеген. Сондықтан уәкілдің мойындаумен қатар, мойындамауға да құқығы бар. Сондай-ақ ауыспалы мағынада қарапайым ауырлық¹³⁰ қарсылық дегенді білдіреді, ал тікелей және ауыспалы мағына арасында әрдайым туыстық болғандықтан (ары қарай қалай көрсетілсе), онда қазіргі жағдайда бұл термин ауыспалы мағынада қабылдануы тиіс, өйткені уәкілдік даусыз жарамды болып табылады, немесе егер бұл терминді тікелей мағынада қабылдасақ (әсіресе сөз мағынасында), онда осыдан келіп шығатыны уәкілге дауласу мен ұрыс шығару тапсырылады, бірақ ұрыс шығару мен дауласуға тыйым салынған, ал уәкілдік тыйым салынғандықтан жіберілмейді. Сондықтан да термин ауыспалы мағынада (уәкілдік жарамды болғандықтан) мұсылманның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетіндіктен қабылдануы тиіс.

Мойындауды жасауға тыйым салумен уәкілдікті тағайындау жағдайы. Егер кімде-кім ауыр іске уәкілді тағайындаса және оған мойындау жасауға тыйым салса, онда Абу Юсуфтың пікірінше, мұндай тағайындау жарамсыз, өйткені мойындау

¹ Басқаша сөзбен, істің бейбіт түрде аяқталуымен және қарыздан бас тартуға.

² Яғни, егер де қарсылық пен белгілі жағдайларды мойындамауды ұсыну салдарынан уәкілдің құқығы дұрыс жойылған болса.

¹³⁰ Арабша «хусумат». Жоғарыда келтірілген түсініктемелер алғашқы мағынаға және осы терминді жалпы түсінуге толығымен қабылданған.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

құқығын алып тастағанда мойындауға бір құқығы қалады. Сенім берушіге мойындауға бір ғана құқығының болуы салдарынан ол уәкілді осы бір бір ғана құқықпен шектей алмайды. Басқа жағынан, аңыз бойынша имам Мұхаммедтің ойынша, мұндай тағайындау жарамды, немесе сенім беруші арқылы уәкілге мойындау жасауға тыйым салу мынаны көрсетеді, қарсы жақтың талаптарының әділетсіздігі салдарынан онда тек мойындауға құқығы ғана бар. Бірақ егерде ол жалпы мағынада ғана өкілеттілік берген болса, онда қарсылық жасауға оған құқықты ұсыну мағынасында түсіндіруге тура келеді, мұндай құқық барлық мұсылмандарға тән. Аңыз бойынша, имам Мұхаммед талапкер мен жауапкер арасында айырмашылық орнатады, байқай келе егер де жауапкер өзінің уәкіліне мойындау жасауға тыйым салдырса, онда бұл жарамсыз, сондықтан да жауапкер ант беруге жеткенен соң мойындау жасауға мәжбүр болады, сондықтан да мойындау үшін ол талапкерге зиян келтіретін уәкіл тағайындауы керек, сондықтан ол онымен ғана шектелмегені дұрыс. Керісінше, өз қарауымен мойындауға немесе мойындауға еркі бар, өйткені ол осы құқықтардың біреуін ғана жүзеге асыруға уәкілді тағайындауға құқылы. Абу Юсуфтың дәлелдеуінше, уәкіл өзінің сенім берушісін алмастырады, сенім берушінің мойындауы қазы мәжілісінің орнымен шектелмегендіктен, онда уәкілдің мойындауы олармен шектелмеуі тиіс. Басқа жағынан, Абу Ханифа мен имам Мұхаммедтің мақұлдауынша, ауыр істегі уәкілдік қарсылыққа қарай таратылады, ауырлықты тікелей немесе ауыспалы мағынада атауға болады. Бірақ қазының қатысуымен жасалған мойындау ауыспалы мағынада ауырлық деп аталады, сондықтан да басталып келе жатқан ауырлыққа ол қарама-қарсы қойылады, немесе өйткені ауырлық мойындаудың салдары болып табылады, сондықтан мойындауды жасау құқығы қазы мәжілісінің орнымен ғана шектеледі. Басқа жағынан егер уәкіл қазы мәжілісінен тыс жерде мойындау жасалғаны куәгерлер арқылы дәлелденсе, онда оның өкілеттіліктері тоқтатылады, егер де ол ерте мойындау жасауына сәйкес зат жайыл талап ұсынса және куәгерлерді талап дәлеліне қарай белгілесе, онда бұл талап қабылданбаған болар еді және оның заты оның жіберген қателіктері салдарынан оған ұсынылмайтын еді. Бұл жағдайда уәкіл қазының қатысуымен мойындауды жасайтын әкесіне немесе қсиет алған адамға ұқсаған болар еді, мұндай мойындау ешқандай іс-әрекет жасамайды, сондықтан егер де ол (әкесі немесе өсиет алған кісі) осы мойындаудың заты жайлы талап ұсынса және өзінің құқығының дәлеліне куәгерлерді белгілесе, онда талап қабылданбаған болар еді және дауласатын зат оған берілмеген болар еді.

Осы қарыз төлеміне тапсырушымен ұсынылған қарызды алу үшін уәкілдік жарамсыз. Егер несиеші осы қарыздың төлеміне қарыз берушіні қарызын алу үшін тапсырушыны уәкіл етіп тағайындаса, онда мұндай тағайындау екі себеп бойынша абсолютті түрде жарамсыз. Біріншіден, уәкілдің ісі - басқа біреу үшін қызмет ету, және егер де тапсырушының уәкілдігі жарамды болса, онда осыдан өзін жауапкершіліктен босату мақсатында өзі үшін уәкіл ретінде қызмет етіп жүргені белгілі, сондай-ақ, уәкілдің маңызды белгілері болмаған болар еді. Екіншіден, егер де уәкілдік жарамды болғанда, онда осыдан шығуы тиіс, егер уәкіл былай десе: «Ол қарызын алды», онда оның арызына сенім берілген болар еді (уәкіл сенімді өкіл болып табылады)¹, бірақ бұл қорытынды бұл жағдайда қабылданбауы керек, өйткені уәкілдің арызына сенуге болмайды, бұл арыз арқылы ол өзін жауапкершіліктен босатуға тырысады. Сондай-ақ,

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бұл жағдайда уәкілдік одан шығатын салдарлардың мүмкін еместігінен жарамсыз болып табылады.

¹ Арабша «амин» - сенімді тұлға; оның сөзіне сенуге болатын тұлға.

Осы қарастырылып отырған жағдайда уәкіл мазунның жекеменшігіне немесе қарызға батып кеткен түрлі жеңілдікпен пайдаланушы құлға ұқсап келеді. Басқаша сөзбен айтқанда, егер де болмаған мазунның иесі осы құлдың бағасына несиеші алдында жауапкершілікпен еркіндікке жіберген болса, және де несиешілер құлдан барлық қарыздардың төлемін қайтаруды талап еткен болса, және иесінен қарызды алу үшін уәкіл тағайындаса, онда мұндай тағайындау келтірілген екі себеп бойынша жарамсыз болар еді.

Сенім берушінің қатысуынсыз қарызды алу үшін уәкілдің талап ету жағдайы. Егер кімде – кім оған ақша қарыз болып бірақ уәкіл ретінде қатыспаған тұлғаны іздеген болса, ал қарыз беруші осы арызды растаса, онда бұл жағдайда ол уәкіл қарызының төлеміне ұйғарылуы керек, өйткені оның талапты растауы өзіне қарсы жасалған мойындау болып табылады, немесе уәкілдің талаптары қарыз берушінің жекеменшігінен құралар еді. Сондықтан егер қатыспаған тұлға кейін келер болса, және уәкілдің арызын растайтын болса немесе онда еш дау-дамай болмайды; олай болмаған күнде қарыз беруші қатыспағандықтан несиешіге (келген адамға) қарызын төлейді, алғашқы төлемді несиеші арқылы уәкілдің мойындамауы салдарынан оның күші жойылады, ал антпен бекітілген бұл мойындау назарға алынуы тиіс. Сондықтан уәкіл арқылы бірінші төлем жарамсыз және сәйкесінше қарыз беруші ол өзі төлеген ақшасын қайтарып алуға құқылы, егер ол ақша әлі де болса уәкілдің иелігінде болса, немесе төлем кезінде оның ниеті мынамен аяқталса, өзін жауапкершіліктен босату үшін оның ниеті жүзеге аспағандықтан бұл қарыз беруші төленген ақшасын қайтарып алуға құқылы. Егер, бірақ төленген ақша уәкілдің иелігінде болмаса және ол жойылса, онда бұл жағдайда қарыз беруші уәкілден бірнәрсе талап етуге құқығы жоқ, өйткені ол уәкілдің арызын растай келе, қарызды алуға оның құқығын мойындайды. Бұл жағдайда қарыз беруші өзінің жеңіл сенімі салдарынан шыдап бағады, және оның кінәсінен басқа біреуді шыдауға мәжбүрлеуге еш негіз болмайды, сондықтан да ол жойылған затты уәкілден талап етуге құқылы емес, егер төлем кезінде уәкілдік фактісінің қатыспаған тұлғасы арқылы мойындамау жағдайында төленетін болғандықтан, қайтару кезінде уәкілді тапсырушы ретінде алмаған болса, онда бұл жағдайда төленген зат үшін сый-ақы талап етуге құқылы. Өйткені тапсырушы ретінде уәкіл осыған жауапты болады.

Қарсылық. Осы жағдайда кепілдік жарамды болмауы керек, өйткені кепіл берушінің жарамдылығы маңызды, және кепіл болатын тұлға бірдеңе қарыз болады; бірақ бұл жағдайда ештеңе қарыз болмаған тұлға ретінде сенім беруші болып табылады.

Жауап. Кепілдік жарамды, сенім беруші қарыздың екіншілік төлемін алған кездегі уақытқа жатқызылады, осы жағдайда уәкілдің де қарыз берушінің пікірінше ол жауапты болады; сондықтан кепілдік осы жағдайда да басқа да жағдайлар да жарамды болады. Егер басқа жағынан, кімде-кім қарызды алу үшін уәкіл ретінде оған ақша қарыз жоқ тұлғаны іздеп жүрсе, ал қарыз беруші осы талапты жоққа шығармай және растамай үнсіздік танытса, сонда да қарызын төлесе, содан несиеші келіп қарыз

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

берушінің қарызын төлеуді талап етсе, онда соңғысы уәкілмен төленген ақшаны қайтаруды талап етуге құқылы, өйткені ол оның арызын растамады, сенім беруші оны құптайды деген ниетпен төлем жасаса, бірақ осы сенімді ақтамағандықтан оның уәкілден шығындар үшін сый-ақы талап етуіне құқығы бар. Дәл сондай жағдай осы кезде де қолданылады қарыз беруші уәкілге оның арызын мойындамағандықтан қарызын төлейді. Бірақ барлық осы жағдайларда (растау, мойындамау немесе үндемеу) қарыз беруші сенім беруші келгенге дейін уәкілге төленген ақшаны қайтаруды талап етуге құқығы жоқ, өйткені мүмкіндік күшіне қарай (уәкілдің арызын растаған жағдайда) немесе болжау күшіне (мойындамау немесе үндемеу) төленген ақша сенім берушіге тиісті болса, онда жасалған төлем үшін қатыспаған тұлға өз келісімін беруі мүмкін. Сондықтан мұнда несиеші осы төлемді төлейді деген сеніммен қарыз беруші өкілетті емес тұлғаға қашан төлегендігі жайлы көрсетілсе, және осы жағдайда өкілетті емес тұлғадан төленген ақшаны қайтаруды талап етпеу керек, өйткені несиеші төлемді мойындауы мүмкін, және сондықтан да жалпы ереже бойынша егер кімде-кім белгілі бір мақсатпен іс-әрекет жасаса, онда ол оның ниеті жүзеге аспағандығы байқалғанға дейін оны бұзуға болмайды.

Сенім берушінің қатысуынсыз жүктерді алудағы уәкілдіктің жағдайы. Егер ауырлық түсіруші жүкті алу үшін уәкіл екенін айтса, және жүк қабылдаушы осы арызды мақұлдаса, онда заң бойынша уәкілге жүктің заттарын бермеуі тиіс, өйткені (болған жағдайға қарсы – қарыздың талаптары) ол мойындауды басқа мүлікке қатысты жасайды. Егер, бірақ айтылған тұлға «әкесінің өлімінен кейін жүктер мұра арқылы маған өтті, басқа мұрагерлер жоқ» деп мәлімедесе, ал жүк қабылдаушы осыны растаса, онда ол осы тұлғаға жүктің затын беруі керек, өйткені бұл зат әкесінің қазасынан кейін оның жекеменшігі емес, ал жүк қабылдаушы мен осы айтылған тұлға бұл зат мұрагердің жекеменшігі екендігімен келіседі, сондықтан жүк қабылдаушы затты осы тұлғаға мұрагер ретінде тапсыруы тиіс.

Жүк затын алуға уәкілденген тұлға және дәл осындай сатып алғанын айтатын болса, онда ол жүк қабылдаушыдан оны алуға құқылы емес. Егер кімде-кім жүк затын оның жекеменшік иесінен алғанын айтса, ал жүк қабылдаушы осы арызды мақұлдаса, онда ол осы белгіленген затты оған беруге хақысы жоқ, өйткені жүк қабылдаушының растауы жүк қабылдаушының өмірінде басқа мүлікке қатысты мойындау болып табылады, ал сондықтан да оның арызы (яғни жүкі қабылдаушы мен талапкердің арызы) оның жекеменшік иесімен сатылған заттың дәлелі бола алмайды.

Қарызды алуға уәкілденген тұлға, дәл осындайды алуға құқылы, егер де қарыз беруші төлем жасалғанын айтса. Егер кімде-кім басқа тұлғаны қарыз алуға уәкіл етсе, ал қарыз беруші несиешіге төлегенін айтса, онда бәрібір де оның уәкілге төлеуге міндетті, өйткені бұл жағдайда уәкілдік күмән тудырмайды, бірақ қарыздың төлемі қарыз берушінің арызымен дәлелденбеген; сондықтан ол төлемді ұзартуға құқығы жоқ. Төлем жасай отырып, ол несиешіге талап құқығын алады, және одан ант беруді талап ете алады, бірақ мұндайды уәкілден талап етуге бомлайды, өйткені ол несиешінің орнын ғана алмастырушы тұлға.

Заттың сатушысы кемшілік болғанда сатып алушы ант бермеген кезде сатып алған заттың кемшілігі жайлы арыз бойынша сатып алушының уәкілінен осындай затты алуға мәжбүрлік жасай алмайды. Егер кімде – кім құлды сатып

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алатын болса, ал содан кейін оның кемшілігі жайлы айтса және осы іс бойынша ауыр істі сатушымен бірге жүргізуде уәкіл тағайындаса, ал өзі жасырынып қалса, ал уәкіл ауыр істі бастаса және сатушы сатып алушы құлды сатып ала отырып оның кемшілігі жайлы білгендігіне арызданатын болса, онда ол сатушыға қайтаруға келмейді, және іс сатып алушы келгенге дейін тоқтатылады, содан соң құлдың кемшілігі жайлы білмегендігі туралы ант талап етіледі. Немесе қарызды талап ету жағдайында болады (жоғарыда айтылғандай) немесе мұнда қарыз несиешіге қарызын төлеу жөнінде қарыз берушінің арызына қарамастан уәкілге төленуі тиіс, өйткені сенім берушіден қателігі үшін ант беруден бас тарту салдарынан алынған сомманы уәкілден қайтару белгілі болғанда шығында талап етумен сыйлауы мүмкін, осы қарастырылып отырған жағдайда егер де сату келісім шарты кемшілік салдарынан жойылған болса, онда сату қайта қалпына келтірілмейді, оны жою туралы шешім толық іс-әрекетті қамтымайды және өз күшін сақтайды, ең болмағанда арызданған кемшілікке тиісті қателік табылды. Абу Ханифаның ілімі осындай, сату келісім шартын жойғаннан кейін және оның затын қайтарған соң сатып алушыға ант беру ұсынылмайды, өйткені мұндай ант берудің еш мәні жоқ. Екі оқушының пікірінше, сату осындай жағдайда жойылуы тиіс, ал сатып алушының ант беруін күтпегендіктен, заты кері қайтарылуы керек, өйткені сый-ақы осы жағдайда да мүмкін, немесе сатып алушының ант беруден бас тарту салдарынан қазының шешімінде қателік табылса, онда шешім жойылады, ал сату заты сатып алушыға қайтарылады. Кейбіреулердің мақұлдауынша, Абу Юсуф бойынша, екі жағдайда да тоқтатылатын шешім бойынша ілім аса дұрыс, яғни қарызды талап ету жағдайында – осындайды төлеу, қарастырылатын жағдайда – сатылған затты сатып алушының уәкіліне қайтару; өйткені Абу Юсуф сатушының мүддесіне көңілін аударады (сондықтан, егер сатып алушы қайтып келсе, онда одан сатушының ешқандай өтінішінсіз ант беру талап етіледі). Сатып алушының уәкіліне сатылған заттың қайтарылуы салдарынан сатып алушы келгенге дейін және ант бергенге дейін тоқтатылады, бұл жерде сатушының құқығы жайлы қамқорлық көрсетіледі.

Белгілі пайдалану үшін ақша алған тұлға солардың орнына өз ақшасын төлей алады. Егер бір тұлға кепіл еткен отбасының өмір сүруіне он дарагим берсе, ал уәкіл сол он дарагимнің орнына өзінің жекеменшік ақшаларын берген болса, онда бұл сыйлау дегенді білдірмейді, керісінше ол өзі берген ақшасының орнына алған дарагималарды ұстап тұруға құқылы, өйткені оларды асырау үшін ақша алу уәкілдің сатып алуды жасауымен тең, әсіресе сатып алу келісім шартында уәкілдікте түсіндірілгендей заң дәл сондай.

IV.Тарау

УӘКІЛДІКТІ ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ

Басқа тұлғаның құқықтарына қатысты жағдайларды қоспағанда, сенім беруші уәкілді өз қалауымен боса алады. Сенім беруші өзінің уәкілін босатуға құқылы, өйткені уәкілдік оның құқығын құрайды, ал сәйкесінше, ол егер қаласа, оны жоя алады, осы құқықпен басқа тұлғаның құқығына байланысты болғандықтан, мәселен, ауыр істі жүргізу үшін уәкіл талапкердің талабы бойынша уәкіл тағайындалса, осы жағдайда сенім беруші (жауапкер бола тұра) талапкердің құқығы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

салдарынан уәкілді босата алмайды, немесе егер ол оны боастқан болса, онда ол талапкердің құқығын да жойған болар еді. Сондықтан осы жағдайда заклад келісім шартына байланысты уәкілдік уәкілдікке тән, заклад келісім шартын жасау кезінде заклад беруші закладты сату және заклад ұстаушыға ақша арқылы алынған қарызды төлеу үшін біреуді уәкіл етіп тағайындаса және сенім берушінің осы қарастырылып отырған жағдайда да уәкілді босатуға құқығы жоқ.

Өзінің босатылғаны туралы уәкіл тиісті мәліметтер алғанға дейін уәкілдік өзі күшінде болады. Егер сенім беруші өзінің уәкілін ешбір мәлімет алмайынша босататын босла, онда уәкілдік уәкіл босатылғанға дейін өз күшін сақтайды, ал ол уақытқа дейін оның іс-әрекеттері міндетті, өйткені босау оған зиян келтіреді, өйткені, іс-әрекет етуге құқығын жояды, және де сату мен сатып алу келісім шарттарынан шығатын құқықтар да оған тиесілі болады, соның салдарынан сатып алу кезінде уәкіл сенім берушінің мүлкінен сатып алынған заттың бағасын өзі төлейді, ал уәкіл сату кезінде сатып алушыға сатылған затты береді, сондықтан, егер де босау тез болса, және осы кезде ол сатып алған зат үшін төлесе және сатылған затты берсе онда ол жауапты болып қалар еді, және де ол оған әділ болмаған болар еді. Осыдан уәкіл үшін неке келісім шартында ерекшелік жасалмайтынын байқау керек. Уәкілді босату туралы ескертпе екі тұлғамен немесе сенімді бір тұлғамен жасалуы керек пе деген сауал туындады; бірақ осы зат жайлы заңның жағдайлары қазының міндеттерін талқылауда келтірілгендіктен (мұрагерлік жайлы істерде шешімдер жөнінде тарауларда) оны қайталаудың еш қажеті жоқ.

Сенім берушінің діннен безгендігі немесе есі ауысқандығымен мойындалатын, уәкілдік өліммен тоқтатылады. Егер сенім беруші өлсе, есі ауысса немесе діннен безіп, дауласатын елде қабылданатын болса, онда барлық осы жағдайларда уәкілдік тоқтатылады. Уәкілдік өзінің табиғаты бойынша абсолютті және өзгермейтін мекеме емес, немесе сенім беруші уәкілін босатуға құқылы, осыдан келіп шығатыны, уәкілдің өмір сүруі өзінің пайда болуымен міндетті болған уәкілге сенім беруші уәкілдіктің әр өмір сүру кезеңінде билікке ие болған болуы қажет, яғни уәкілдің өмір сүруі осы биліктен тәуелді болуы тиіс, ал бұл билік жоғарыда келтірілген оқиғалардың салдарынан тоқтатылады. Осы жерде келтірілген абсолютті ақыл-парасаттылық Кудуримен қамтамасыз етілген, өйткені оның едәуір дәрежесі ақылдың уақытша тұнжыраушылығы болар еді. Абу Юсуфпен келісе отырып, абсолютті ақыл-парасаттылықтың шекарасы бір ай мерзіммен анықталады, өйткені есі-ауысқандықтың жалғасуы салдарынан оразаны ұстау міндетті жойылады. Сондай-ақ Абу Юсуфтың пікірінше оның шекарасы бір түн мен бір күнге жайылмайды, осындай есі ауысқандықтың жалғасуы салдарынан есі ауысқан кісі өлген болып қарастырылатын болса, орнатылған бес дұғаларды сақтау міндетті жойылады. Имам Мұхаммед былай дейді, шекараны бір жылға дейін кеңейтуге тура келеді, өйткені бір жыл бойы жалғасатын есі-ауысқандық мұсылмандар арқылы жазылған барлық діни әлет-ғұрыптарды орындаудан босатылады, ал сондықтан да шекара белгіленген кезеңге дейіне кеңейтілуі тиіс. «Сенімнен безіп, дауласатын елде қабылданатын болса» деген сөйлемшеге тесілі заң мамандары Абу Ханифаның ілімі осындай екенін байқайды, немесе олардың пікірінше сенімнен жай ғана құлап түскен, тұлғаның барлық іс-әрекеттері белгісіз жағдайда қалады, сондықтан егер ол өкініп сенімге

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оралатын болса, онда оның іс-әрекеттері (сәйкесінше уәкілдің тағайындалуы) мақұлданады, бірақ егер ол діннен безгендігі себебінен жазаланса немесе сенімсіздерге қашатын болса, онда оның іс-әрекеттері күшін жояды, және уәкілді олар арқылы тағайындау жарамсыз болып табылады. Басқа жағынан, екі оқушының пікірінше діннен безген кісінің іс-әрекеттері жарамды, сондықтан олардың уәкілін тағайындау оның өлімін, жазасын немесе қазы үкімі бойынша қуып жіберу жағдайларын есептемегенде, өз күшін сақтайды.

Егер сенім беруші әйел болса, онда діннен безгендігімен емес. Егер сенім беруші ретінде діннен безген әйел болса, бірақ сонда да ол өлгенге дейін немесе оны өзге елге жіберуде уәкіл етіп тағайындау міндетті болып қалатын болса, және әйел адамның діннен безгендігі сату келісім шарты және т.б. секілді келісім шарттарға әсер етпейтіндігі қаулы етілді.

Мукатаб, мазун немесе бірге иемденушінің уәкілін тағайындау тағайындау жағдайы. Егер мукатаб уәкілді тағайындаса, содан кейін сатып алу төлеміне жағдайы болмаса, немесе егер түрлі жеңілдікпен пайдаланушы құл уәкіл тағайындап, содан соң шектеулерге түссе, немесе егер екі бірге иемденушінің біреуі уәкілді тағайындаса, содан соң бірге иемденушілер айырылысып серіктестікті тоқтатса, онда барлық осы жағдайларда уәкілдік сырттан қосылған жағдайларға байланысты мәлімет алуынан тәуелді өз күшін жояды, немесе осы келтірілген себептермен «уәкілдіктің өмір сүруі билікті жасаған биліктің өмір сүруінен тәуелді болуы керек», осындай билік келтірілген жағдайлардың біреуінің болуынан тоқтатылады. Бірақ бұл себеп екі жағдайда да мағынасы бар (осы жағдайлардың болатындығын уәкіл білді ме әлде білмеді ме содан тәуелсіз), сондықтан уәкілдік күшін жояды. Осы жағдайда уәкілдің босатылуы жағдайлардың және қажеттіліктің жиналуымен түсіндіріледі, сондықтан уәкілдің сана сезімінен тәуелді болмайды, мәселен, зат сенім берушінің өзімен сатылғандықтан сату келісім шартындағы уәкілдік тоқтатылу секілді, осы жағдайда уәкілдік қажеттілік бойынша заттың жоқтығынан тоқтатылады.

Уәкілдік уәкілдің өлімімен немесе есі-ауысқандығымен тоқтатылады. Егер уәкіл қаза тапса немесе есі ауысса, онда уәкілдік тоқтатылады, өйткені уәкілдікті жалғастыру оны бастапқы шарттары секілді дәл сол шарттардан тәуелді болады, ал уәкілдіктің пайда болуы үшін сенім берушінің тапсырысн орындауға қабілетті болуы керектігі уәкілден талап етілсе, онда осыдан шығатыны осы қабілеттіліктің жалғасуы уәкілдікті жалғастыру шарты болып табылады, және бұл қабілеттілік осы жағдайда өліммен немесе есі ауысқандығымен жойылады.

Оның діннен безгендігімен немесе дауласатын елге қашуымен. Бірдей негізде егер уәкіл діннен безіп, сенімсіздер еліне қашса, онды оның іс-әрекеттері міндетті емес, ол қайтадан мұсылман бола ма, және осыған қайтадан орала ма, осы жағдайда уәкілдің іс-әрекеттері қайта қалпына келтіріледі. Нағыз шығарманың авторы бұл ілім имам Мұхаммедтің ілімі екенін байқайды, бірақ Абу Юсуф бойынша уәкілдің өзі еліне және дінге оралуына қарамастан қайта қалпына келтірілмейді. Имам Мұхаммедтің дәлелінше, уәкілдік осы іс-әрекеттің берекесін кетіретін, сол кедергілерді жою салдары бар іс-әрекеттерге өкілеттілігі бар. Іс-әрекет етуге уәкілдің өкілеттілігі оның өзіне қатысты болғандықтан, белгілі бір қасиеттерінің әсіресе ақыл - есінің дұрыстығы, еркіндігі, кәмелетке жеткендігі ретінде негізделеді; өзінің

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

өкілеттілігіне қабілетсіз болғандығы ол сырттан келетін жағдайлардың (әсіресе – басқа елге қашуы) салдарынан болды. Сондықтан, егер осы қабілетсіздіктің себебі жойылса, ал өкілеттілік тартып алынбаса, онда ол қайтадан уәкіл бола алады. Абу Юсуфтың мақұлдауынша, уәкілдік актілер жасау билігімен біріктірілген тапсырыс болып табылады, басқаша сөзбен айтқанда, уәкіл тапсырыс күшіне басқала үшін міндетті актілер жасау билігін алады, әсіресе – сенім берушінің, яғни осы тапсырыс күшінде ол актілерді орындауға емес, жасауға құқылы. Бірақ актілерді жасау билігі, немесе басқаша сөзбен айтқанда, уәкілдік діннен безгендігімен немесе жауаласатын елге қашумен тоқтатылады, өйткені бұл фактілер мұсылманның өлімі ретінде қарастырылады, және осы билік уәкілдің мұсылмандыққа келуімен қайта қабылданбайды, және мұсылман еліне (осындай жағдайларда) умми-валяд немесе муддабарға жекеменшік құқығы қалпына келтірілмейді; басқаша сөзбен айтқанда егер иесі діннен безсе, және сенімсіздер еліне кетсе, онда оның мудаббарлары мен умми-валяд еркін болады, және жекеменшік құқығы сенімге және өзінің елге қайтару салдарынан қайта қалпына келтірілмейді.

Уәкілдік өкіну және діннен безген сенім берушінің қайта оралуымен қайта қалпына келтірілмейді. Егер сенім беруші мұсылман болса және мұсылман еліне діннен безіп, жауласқан елден кетіп қайта оралса, онда оның уәкілінің билігі өз күшін жойып, «Захири-Риваяту бойынша» қайта қалпына келтірілмейді. Имам Мұхаммед те дәл сондай пікірде, уәкілдік алдындағы уәкілдің діннен безуі жағдайындағыдай қайта қалпына келтіріледі. Айырмашылықтарды орнату себептері («Захири-Риваят бойынша») сенім берушінің діннен безгендігі мен уәкілдің арасындағы жағдайлар мынамен аяқталады, сенім берушіге уәкілді орнатудағы қатынас бойынша діннен безгендіктен құқық маңызсыз болып қалады; бірақ уәкіл тарапынан уәкілдікті орнату үшін уәкілден ақыл есінің дұрыстығы, еркіндігі, білімі мен кәмелетке толғандығы сенімнен безу салдарынан жойылмайтын жағдайлар талап етіледі.

Осы актіні сенім берушінің өзімен жасауда белгілі бір актіні жасау бойынша уәкілдік тоқтатылады. Егер бір тұлға белгілі бір мақсат үшін өзінің уәкілі ретінде басқа біреуді тағайындаса, а содан кейін осы мақсатты жүзеге асырса, онда уәкілдік өз күшін жояды. Мәселен, кімде-кім құлды еркіндікке жіберу үшін немесе оны мукатабқа айналдыру үшін уәкіл тағайындаса, ал содан соң құлды өзі еркіндікке жіберсе немесе одан мукатаб жасаса; немесе олардың және таныс әйел арасында неке келісім шартын жасау үшін уәкіл тағайындайтын болса, ал содан соң өзі келісім шартқа отырса, немесе белгілі бір затты сатып алу үшін уәкіл тағайындаса, ал сондан соң дәл осы затты өзі сатып алатын болса, немесе кімде-кім әйелімен ажырасу кезінде уәкіл тағайындап, содан соң өзі оны үш рет ажырастырса, немесе оның әйелімен хульа жасау үшін уәкіл тағайындаса, содан соң онымен бірге хульа жасайды. Осы барлық жағдайларда уәкілдік (уәкіл арқылы жасалған актілерді жасау үшін мұндайды жүзеге асыру мүмкін еместігі салдарынан) маңызсыз. Өйткені неке кезінде егер де сенім беруші әйеліне ажырасу берсе, онда уәкіл сенім берушінің атынан келісім шартқа отырмауы тиіс еді, өйткені уәкілдік тағайындаған сенім берушінің ниеті жүзеге асырылды, сондықтан уәкілдіктің бұл жерде еш қажеті жоқ. (Басқаша істе, бірақ уәкіл әйелмен неке келісім шартын жасаса, содан соң оны сенім берушінің атынан ажырастырса: бұдл жағдайда

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сенім берушінің уәкілдікті орнатудағы ниеті жүзеге асырылмайды, сәйкесінше, бәрібір де уәкілдіктің қажеттілігі әлі де болса бар).

Сенім берушінің қандай - да бір іс әрекетімен уәкілдік қайта қалпына келтірілмейді. Егер кімде-кім уәкілді құлды сату үшін тағайындаса, содан соң оны сатса, ал сатып алушы құлға тән кемшіліктер салдарынан ұсынылған дәлелдер негізінде қазы шешімі бойынша құлды қайтаратын болса, онда Абу Юсуфтың пікірінше уәкілдің оны сатуға құқығы жоқ, өйткені сенім беруші оны өзі сата отырып, уәкілдің босатылуына тең актілерді жасау үшін уәкілден өкілеттілікті тартып ала отырып, уәкілдің оны сатуға құқығы жоқ. Басқа жағынан, имам Мұхаммедтің мақұлдауынша, уәкіл құлды қайта сатуы мүмкін, өйткені оның пікірінше уәкілдік өмір сүруін жалғастыруда, немесе оның іс-әрекет етуіне рұқсат бар. Басқа істе, егер кімде-кім сыйлау жасау үшін уәкіл тағайындаса, ал содан соң өзі осындай жасап, сыйлықты қайта алады, немесе сыйлық жасалмас үшін оның тілегі жайлы куәландырылатын сенім берушіден өз ықыласымен бас тартса онда осы жағдайда уәкілдің сыйлық жасауға құқығы жоқ, қазы шешімі бойынша сатылған затты сенім берушіге қайтаруға қарсы сенім беруші сатып алынған затты қайта алу қажеттілігіне қойылған, сондықтан сатудың орны болуы үшін оның не қалайтындығы жайлы келісім жасауға негіз жоқ. Сондықтан сату заты сенім берушіге қайтарылғандықтан, оның толық жекеменшігі болып қалады, ал уәкіл оны қайта сатуға құқылы.

XXIV. КІТАП ДАВИИ, НЕМЕСЕ ТАЛАП ТУРАЛЫ

I.Тарау. Кіріспе

II.Тарау. Ант беру туралы

III.Тарау. Тағалиф, талапкер мен жауапкердің өзара ант беруі туралы

IV. Тарау. Екі тұлғамен іздеп табылатын заттар туралы

V. Тарау. Туған-туысқандық туралы талап жөнінде

I.Тарау

КІРІСПЕ

Талапкер мен жауапкердің айырмашылығы. Муддаи немесе талапкер өз екрімен өз талабынан бас тартса, қайтадан оны мәжбүрліктен қолдай алмайды. Муддаи – аллайх немесе жауапкер қиындықтан қашуды ойласа, онда солай етуге мәжбүр болғаны боп табылады. Жеке меншік құқығы жөнінде көпшілігі талапкер келешекте затты жеке иелену мүмкіндігінен айырылатын өз құқығына тек дәлелдеу арқылы ғана қол жеткізе алушы деп түсінсе, ал жауапкерді иеленуде өз құқығын заңды түрде дәлелдей алушы деп ойлайды. Имам Мұхаммед «Мабсут» кітабында жауапкерді теріске шығарады. Бұлай деу дұрыс бірақ әрдайым өзін талапкер ретінде танытқанымен шындығында ол жауапкер болып табылатын жағдай әрдайым кездесіп қалатындықтан ісбарысында теріске шығарушыны ажырата білерлің өнер және құқық жөнінде білімі болу керек. Жүк қабылдаушы жүкі өткізушіге «мен саған жүкті

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қайтардым» деп жүктің қайтарылғандығын айғақтағандығы жөнінде іздеуші болып көренід, шындығында ол өзінің жауапкершілігін теріске шығару арқылы жауапкер болып табылады, сол үшін де оның ант беру арқылы нақтыланған арызына сенуге тура келеді.

Талапкер іздеудегі затты дәл көрсете білуі тиіс. Заттың тегі мен саны жөнінде іздеушінің ұйғарымы болмайынша, бірде бір талап қабылданбайды, ал талаптың мақсаты дәлелдермен нақтыланған қазының шешімін ала білуге байланысты.

Кеңеске қатысуға тиісті (егер де жылжымалы мүлік мүлікке жатса) болған жағдайда. Егер де зат бар болса және де ол жауапкердің иелігінде болса онда талапкер оның жер аударылатынын сезетіндей болса, ол өз өтінішін қазының төрелігіне ұсынуы тиіс. Талапкер затты бірдей дәрежеде айғақ еткенде куәгердің дәлелдемесі немесе жауапкердің анты қажет, себебі мұндай жағдайда жоғары сенімділік пен білім талап етіледі, ал қазының төрелігіне ұсынылған бұл зат жылжымалы мүлік есебіне жатады сондай-ақ осындай түрде көшіру мүлікті толықтай куәландырған және айғақтаған болып шығады.

Жауапкер дұрыс қойылған талапқа жауап беру үшін келу керек. Егер талап дұрыс болса онда жауапкер қалайда келуі тиіс. Қазылардың ұйғарымымен бұл тәжірибе барлық кезде сақталған. Сонымен бірге жауапкер келген мақсатын дәлелдеу үшін әрі талапқа сай жауап ретінде өзінің келгендігін білдіруі керек.

Сонымен бірге талап етілген затты білдіруі керек. Сондай-ақ талап етілген затты көрсетуі керек. Жауапкер талапты мойындамаған жағдайда ант қабылдауы тиіс.

Немесе сол заттың бағасы белгіленуі тиіс. Егер талап етілген зат қолында болмаса, оның сапасы жөнінде ауызекі айту жеткіліксіз; затқа деген талап толық анықталуы үшін оның бағасын білу керек, сөйтіп мұндай заттың болмысы оның сапасымен емесе бағасына қарай анықталады. Себебі, көптеген бір қолдан шыққан заттардың сапалары да бірдей болуы мүмкін; мұндай жағдайда затты байқап көру мүмкін емес, тек бағасын белгілеу ғана оны көргеннің есебіне жатқызады.

Немесе (егер талап етуші затқа жерді жатқызғанда) ізденуші шекараны көрсетуі тиіс және өз талабын дәл қисындап келтіруі тиіс.

Егер талап жерге немесе басқа жылжымалы нәрсеге байланысты болса, онда талап етуші қалайда шекараны көрсетіп тұрып, былай деуі керек: Бұл жер жауапкердің иелігінде болғандықтан мен оны одан талап етемін. Мұндай жолмен иемденушілік дәл анықталмауынан оны қазының мәжілісіне жіберуге болмайды. Сондықтан мұндайда шекараны көрсетсе болғаны, тек осындай жолмен жылжымалы меншік айқындалуы мүмкін. Шекараны төрт жағынан көрсету керекжәне отбасымен бірге көршілес иеленушілерді олардың ата-тегін, тіпті болмағанда (Абу Ханифаның пікірінше) бабаларын көрсету отбасын толық анықтау үшін қажет. Егер иеленуші көршілес болса белгілі адам болғандықтан атын атаса болды. Белгілі ғалымдардың пікірінше (имам Зуфардың пікірін қоспағанда) шекараны тек үш жағынан көрсетсе толығымен иелену әрекетін жасайды. Бұдан басқа төрт шекара көрсетілсе және оның біреуі қате көрсетілсе: мұндай жағдайда талап дұрыс қойылмаған деп есептелінеді, ондай болмағанда олардың біреуіне дұрыс еместігі жөнінде айтылмаған болып шығады. (мынаны ескеру керек шекараны көрсеткенде талапта оның жылжымалы мүлік екендігі көрсетілуі тиіс, ол және куәгерлер жауап бергенде аса қажет). Ізденушінің

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

«бұл жер жауапкердің иелігінде» деген талап арызы өте қажет ондай болмағанда жауапкер жердің иеленушісі болса акт үшін жауапты болады. Алайда талапкердің арызы және оның жауапкер үшін растауы жағдайды анықтауға жеткіліксіз, мұндай жағдайда талапкер жауапкердің иелік ететіндігі жөнінде куәгерлердің көмегіне сүйенуі қажет немесе бұл жағдай қазының өзіне белгілі болуы керек. Талапкердің арызы және оны жауапкердің растауы күмән тудырады, бәлкім жер басқаның иелігінде болып ал айналасындағылар соттың шешіміне қол жеткізулері үшін жер жауапкердің иелігінде деген ортақ шешімге келуі мүмкін. Жылжымалы мүлік жөніндегі талап немесе иелену жөніндегі дәлелдеме көріп шығу арқылы анықталуы мүмкін. Мұндай жағдайда куәгердің дәлелінің қажеті жоқ. Талапкердің «мен оны жауапкерден талап етемін» деген сөзі қажет, себебі бұл талап оның құқығын білдіреді, сондай-ақ бәлкім жер кепілдік құқығы бойынша немесе сатылған мүлік бағасының орнына жүруі мүмкін. Заңгерлер жылжымалы мүлік жөнінде талап еткенде талапкер заттың жауапкер иелігінде болуы ызаңсыз екендігін білдіруі керек.

Қарызды талап етуде жай талап ету жеткілікті. Егер талап қарыз жөнінде болса, онда талапкерге «мен осы талап етемін» деу жеткілікті. Талапкер қоюы тиіс дәрежеде талап етілуі тиіс, бұл оның құқығы.

Ақшаның тегі мен сапасын көрсету. Қалайда білуі қажет нәрсе: қарыз дарагимі немесе динарада, алтын немесе күмісте ме? Мұндай анықтау қарызды айғақтайды.

Қазының міндеті. Айтылуы бойынша қойылған талаптың дұрыстығын растайды. Мынаны ескеру керек, талап дұрыс қойылса қазы жауапкерден былай деп сұрауы керек: «Талап тиянақты ма, жоқ па?». Егер ол оның тиянақтылығын растаса, іс-әрекетті туындататын әлгі мойындауға байланысты қазы шешім шығаруы тиіс; сол себепті қазы жауапкердің мойындауына байланысты оның мүлікке иелігін тоқтатуға бұйрық беріп, оны талапкерге беруі тиіс. Егер де жауапкерге керісінше талаптың негізсіздігін білдірсе онда қазы талапкердің дәлелдеуіне сүйену керек, себебі Пайғамбырымыз бірде жауапкер талапқа қарсылық білдіргенде, талапкерге былай деді: «Сенің дәлелің бар ма?», ал одан жоқ екендігін естігенде; сенің жауапкерден ант етуін талап етуің керек деді. Бұдан шығатыны жауапкерден ант талап ету үшін талапкердің дәлелі болуы керек; сол үшін одан алдымен дәлел талап ету қажет; егер де ол олай ете алмаймын десе, онда жауапкерден ант талап ету қажет. Егер талапкер өз талабының дұрыстығын дәлелдесе, онда қазы талаптың дұрыс екендігіне күмән болмауы үшін талапкердің пайдасына шешім шығаруы тиіс. Егер де ол дәлелдей алмаса, да жауапкерден ант талап етсе онда қазы оған ант қабылдатқаны жөн. Бірақ бұл үшін өз құқығын пайдалана білген талапкердің талабы қажет.

II. Тарау

АНТ БЕРУ ТУРАЛЫ

Жауап алу үшін талапкердің куәгерлерін шақыртқан жағдайда жауапкерден ант беруді талап етпеуі тиіс. Егер талапкер «оның куәгерлері қазы мәжілісінде емес, қалада екенін хабарласа» және осыдан жауапкерден ант беруді талап етпесе, онда бұл

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жағдайда (Абу Ханифа келісім бойынша) жауапкерге ант беру жүктелмеу керек. Абу Юсуф былай дейді, жауапкерден ант беруді талап ету керек, немесе жоғарыда келтірілген тарту арқылы көрсетілгендей ант беру талапкердің құқығы болып табылады, сондықтан да ол оны талап еткен жағдайда ұсынылуы мүмкін. Абу Ханифа былай ой жүгіртеді, тарту арқылы көрсетілгендей талапкерге жауапкерден ант беруді онда дәлелдердің жоқтығын жорамалдау негізінде талап ету құқығын ұсыну тиіс. Осыдан дәлелдерді ұсыну мүмкіндігі болмаған кезде, оның құқығы пайда бомайды, егер де куәгерлері қазы мәжілісінде болған болса. Имам Мұхамедтің пікірінше Абу Юсуфтың пікірімен сәйкес келеді, бірақ Тахавидтің баяндамасында ол Абу Ханифаның пікірімен келіскен.

Талапкерден ант беруді талап етпеу керек. Пайғамбар жайлы тартуларда келтірілгендей талапкерден ант беруді талап етуге болмайды., «дәлелдер ұсыну талап етушінің міндетіне жүктелген» ал «ант қабылдау – оралушының міндетіне» жүктеледі, осыдан анық болғандай талапкер ант беруге міндетті емес, әйтпесе бұл міндеттеме жауапкердің немесе қарсылық көрсеткен тұлғаға жатқызылуы мүмкін. (Имам Шафии бұл іліммен келіспейді).

Талапкермен ұсынылған дәлелдеріне қарағанда, жауапкермен ұсынылған дәлелдерді басқалардың алдында артық көруі. Егер шынайы қожайы мен талапкер толық жекеменшіктегі олардың құқығына растық ретінде дәлелдер көрсетсе, онда бұл жағдайда шынайы иемденушінің дәлелі қабыл алынбайды, ал талапкердің дәлелі жіберіледі. Имам Шафии былай деп мақұлдайды иемденушімен ұсынылған дәлелдердің жіберілуі керек және оның пайдасына шешім қаулы етілген, өйткені оның дәлелі иемденушінің фактісімен расталады, сәкесінше ол күмән келтіруге жатпайды және туылу, некеге тұру умми ваяд, немесе мудаббар болған немесе еркіндікке жіберілген құлдың талаптары жағдайында артығырақ көреді және де иемденушінің пайдасына да дәлел ретінде артық болу керек. Басқаша сөзбен айтқанда, егер екі тұлғаның әрқайсысы олардың иелігінде тұрған мұндай акт, оған тиесілі аттан болса, және екеуіде өз арызына қатысты растауға байланысты дәлелдерді ұсынса, онда артықтық иемденушінің дәлеліне беріледі, және бостандыққа жіберу, умми-ваяд немесе мудаббар жайлы дау-дамайшылардың біреуінің иелігінде болса, оған жекеменшік құқығы жайлы арызданатын тұлғалардың біреуінің иелігінде болады. Осы ойларға имам Шафии жауап бере отырып, біздің ғалымдар былай дәлелдейді, иемденушімен ұсынылған дәлелдер емес, жекеменшік құқығын растайды, өйткені иемдену фактісі жекеменшік құқығын көрсетеді және тиісінше дәлелдердің ескертуі арқылы қызмет етеді.

Жекеменшік құқығы орнатылатын, осы жекеменшікті иемденбейтін тұлға арқылы көрсетілген дәлелдер жайлы басқаша айту керек, бірақ иесі емес тарапынан ұсынылған дәлелдер жекеменшік құқығын¹ бекітеді, және олар дәлелдердің мақсаты белгілі жағдайдың дәлелдері болуының салдарынан жіберілуі тиіс, бірақ осы жағдайды орнататын дәлелдер артығырақ болулары керек. Осыдан байқайтынымыз, имам Шафиимен келтірілген жағдайда иемдену фактісі жекеменшік құқығын абсолютті түрде көрсетеді, сондықтан олардың арасында келтірілген және қарастырылатын жағдайлар дұрыс емес екенін байқауға болады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Қазыға ант беру кезінде жауапкердің ант беруден бас тартуынан оған қарсы бірден шешімді қаулы етуі тиіс. Егер жауапкер ант беруден бас тартса, ол бәріне міндетті болғандықтан қазы оған қарама қарсы шешімді қаулы етеді, және одан талапкердің пайдасына талаптың затын ұйғару қажет. Имам Шафии былай деп мақұлдайды, қазы жауапкердің ант беруінен бас

¹ Олар басқа қандай-да бір дәлелдермен ескертілмейлі, сондықтан жіберулері тиіс.

тартқаннан кейін шешімді бірден қаулы етпеу керек, ол алдымен ант беруге талапкерді алып келуі тиіс, содан кейін жауапкерге қарсы шешім қаулы етіледі, өйткені ант беруден бас тарту мынадай үш түсініктеме беріледі: 1) өтірік ант беруден бас тарту ниеті; 2) ант қабылдау ниетінің жоқтығы, 3) антпен расталатын дәл сондай пікірлердің салдарынан шындықты растауда ант беру оны берген тұлғаның абыройын қорлауы тиіс, сол жағдайдың шынайылығы немесе өтірігіне күмәндану.

Ант беруден бас тартудың себебі күмәнді болса, онда бұл бас тарту дәлел ретінде қызмет етпейді, осылайша талапкердің анты өз құқығын тапса, онда соған сүйенуге тура келеді. Басқа жағынан біздің ғалымдар былай дәлел келтіреді, жауапкердің ант беруден бас тартуы не талап затының жеңілдігі жайлы, не талаптың талаптарын негіздеу үшін мойындау жайындау куәлік береді, әйтпесе олай болмаған күнде одан құқықты қолдау тәуелді болғанда ант беруден бас тартуға еш негіз болмаған болар еді. Сондай-ақ талапкерге ант беруді ұсынуға ешбір негіз жоқ, өйткені жоғарыда келтірілген тапсыруларда ант беру міндеті тек жалғыз ғана жауапкер арқылы шектелгендіктен дұрыс белгіленеді.

Қазы жауапкерге үш жеке арыз жасауы тиіс. Қазы үш рет қайталай отырып үш жеке арызды жасауы тиіс: «Мен саған ант беруді ұсынамын: егер сен оны берсең, онда жақсы, егер бермесең онда мен талапкердің пайдасына қарай шешімді қаулы етемін». Бұл үш дәрежелі қайталауда анықтықтың болмау салдарынан ант беруден бас тартқан жағдайда қажет болады, өйткені осы бас тартуға негізделген шешімнің ақиқаттығына сәйкес дау-дамайлар бар.

(Қайталау қажеттілігі жайлы Хасаф ескерту шарасы мен жауапкерді қателікке сүйену мүмкіндігінен айыру құралы жайлы ескерту жасайды). Шындығында жалпы қабылданған ілім бойынша қазы тарапынан қаулы етілген шешім заңды болып табылады. Бірақ үш арыз жасау мақтан тұтарлық нәрсе. Ант беруден бас тартудың екі түрі бар: оң және болжанған. Ант беруден бас тартудың екі түрі бар: 1) оң (жауапкер оң түрде арыз бергенде: «Мен ант бергім келмейді») және 2) болжанған (ол үндемеген жағдайда).

Екіншінің салдарлары біріншіге ұқсас келеді, егер де жауапкер мылқау немесе кере болмаса. Бұл жалпы қабылданған ілім болып табылады.

Неке, ажырасу, йла, құлдық, сәулетті үй, жаза немесе леанаға қатысты істерде жауапкерден ант беру талап етілмейді. Егер еркек әйелінің онымен некеде тұрғандығы жайлы талап берсе, немесе әйелі таныс еркекке тұрмысқа шыққанын айтатын болса, және екі жағдайда да жауапкер осы талапты жоққа шығарса (Абу Ханифа ілімі бойынша) ант беруді талап етудің еш қажеті жоқ. Дәл сондай (Абу

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Ханифа бойынша) мүлікті қайтару ісінде (ажырасқаннан кейін) немесе йла кезінде бас тарту, немесе сәулетті үй, жаза және леана жағдайындағы талаптар сақаталады.

Егер ажырасу кезінде әйел идаттың уақыты біткен соң еріне қарсы немесе ері әйеліне қарсы мүлікті қайтару жайлы талап ұсынса, ал жауапкер екі жағдайда да талапты мойындамаса, немесе йла кезінде жақтың біреуі уәдені жоюды талап етсе, ал басқасы бұл талапқа қарсы болса, егер де бір тұлға басқа бір тұлғаға жағдайы белгісіз әрекеттенуді мәлімдесе, құлға немесе тұлғаның жағдайлары белгісіз ол басқа тұлғаның құлы екендігін мәлімдесе, ал жауапкер екі жағдайда да талапқа қарсы болатын болса, немесе егер де күң таныс тұлғаның умми-валяд екенін және басқа таныс тұлға одан туылғанын мәлімдесе, ал жауапкер осыны мойындамаса¹ немесе егер кімде-кім таныс емес пайда болған тұлғаны оның баласы екендігіне сендіретін болса немесе бұл тұлға оның әкесінен екенін айтса, жауапкер екі жағдайда да талаптан бас тартатын болады, немесе кімде-кім таныс тұлғаның жағдайында бостандыққа жіберілгенін айтса және сондықтан да оған сәулетті үй құқығы тиесілі болады немесе бұл тұлға басқа тұлғамен еркіндікке жіберілгеніне сендіретін болады, ал жауапкер екі жағдайда да талапты мойындамайды; немесе егер бір тұлға адасушылық іс жасағанын айтатын болса, ал басқа біреу мойындамаса, немесе егер әйелі ерінің жала жапқанына сендірген болса онда барлық жағдайда (Абу Ханифа ілімінше) жауапкерден ант беруді талап етпейді. Екі оқушының жорамалдауынша, жаза немесе леананы пайдалану жағдайларын қоспағанда барлық жағдайда жауапкерден антты талап ету қажет екендігін болжайды, олардың пікірінше ант беруден бас тарту мойындауға тең келеді, немесе мойындамаудың адал ниеті жоқтығынан расталады, ант беруден бас тарту ақиқатты мойындау немесе өзара салдарлар бойынша осымен теңеседі, ал мойындау жоғарыда келтірілген барлық жағдайларда жіберіледі. Бірақ мойындаудың бұл түрлері өзара табиғаты бойынша толық анықталмаған, өйткені мұнда ақиқатты мойындау жоқ, ал күмән болғанда жаза қолданылмайды. Леана өзара салдарлар бойынша жазаға тең болады, бұл жағдайда да жауапкерден ант беруді талап етуге болмайтынын жорамалдайды. Абу Ханифаның пікірінше ант беруден бас тарту талап затындағы талапкердің көнуіне тең болады, сондықтан мұндай бас тартудан кейін ант беруді талап ету қажет болмайды, талап мақсатына онсыз да жеткен (Ант беруден бас тартуға көну ретінде қарастыру мақтан тұтарлық, өйткені мұндай көзқараспен жауапкер тарапынан адал емес мойындау қажеттілігі жойылады).

Ант беруден бас тарту дау-дамай туғызатын затқа келісу ретінде қарастырылса онда мұндай бас тарту жоғарыда келтірілген жағдайларда еш мағынасы жоқ, өйткені осы талаптардың табиғаты бойынша жауапкер арқылы заттың келісуіне жіберілмейді. Сондықтан бұл жағдайда жауапкерден ант беру талап етілмейді: соңғысының талабы ант беруден бас тартқан жағдайда шешімді қаулы етуде қазы негіздеме береді, бірақ айтылған талаптарда мақсатына жете алмайды.

Қарсылық. Егер ант беруден бас тарту көнуге тең болса, онда мукатабтан немесе түрлі жеңілдікпен пайдаланушы құлдан бас тарту жіберілмеуі тиіс, өйткені олардың келісім жасауға құқықтары жоқ.

¹ Бірақ бұл ереже басқа келтірілген жағдайлардағыдай қолданылмайды, немесе егер осындай арыз ер адаммен жасалса, онда бұл мойындау ретінде қарастырылады, ал әйел тарапынан мойындамаудың ешқандай мағынасы жоқ.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Жауап. Ант беруден бас тартқан адам жамандықты жою үшін келісім ретінде қарастырылады, әсіресе дау-дамай; сондықтан мукатаб пен түрлі жеңілдікпен пайдаланушы құлдан бас тарту жіберіледі.

Қарсылық. Егер ант беруден бас тартқан тұлғаның келісімдері тең болса, онда оны қарыз жайлы талаптарға жібермеген дұрыс болар еді, өйткені сыйлау заты дербес түрде белгілі зат болуы тиіс, қарыз тек белгілі заттың сапасына ғана жасалады.

Жауап. Қарызды талап ету жағдайында осы түрдегі келісімнің ақиқаттығы талапкердің пікірлеріне негізделеді, немесе оның құқығы зат ретінде алынатын затты қарастырады. Бұдан басқа жағдайдағы келісім кедергіні жоюды білдіреді, яғни жауапкер өзінің меншігін талапкердің пайдалануына кедергі келтірмейді, және осыған сәйкес жекеменшікті алады, өйткені оны жеке адам ретінде қарауына мүмкіндік алады. Басқа істе осы келтірілген жағдайларда жеке тұлғалардың қарауына жіберілмейді: осы жағдайда келісім жасау мүмкін емес.

Ант беруден бас тартқан ұры ұрланған мүлік үшін жауапты. Ант беруден бас тартқан ұрыдан ант беру талап етілуі тиіс және егер де ол одан бас тартатын болса онда мүлік үшін жауапты болады, бірақ қолдан тартып алуға ұшырамайды, өйткені оның іс-әрекеті мынадай екі салдарлардан тұрады: мүліктік жауапкершілік пен қолдан жоғалту; ал ант беруден бас тартқан тұлға екінші салдарға емес алғашқы салдарға алып келеді, онда бұл жерде мынадай жағдай ұсынылады; егер де факт бір еркек пен екі әйелдің берген жауаптарына байланысты орнатылса, онда мүліктік жауапкершілік пайда болады, бірақ қолдан тартып алу жазасы қолданылмайды.

Некелік бірге тұру жасалғанда ажырасуға негізделген талапта егер де ері ант беруден бас тартатын болса, онда әйелінің өзінің жасауларының жартысына құқығы бар.

Егер әйелі некелік бірге тұру жасалғанға дейін ажырасқандығын мақұлдаса, онда еріне талап жасайды, онда ерінен ант беруді талап етуге тура келеді, егер ол ант беруден бас тартса, онда біздің барлық ғалымдарымыздың пікірінше жасауларының жартысына жауапты болады, өйткені (олардың пікірінше) ант беру ажырасуға қатысты істерде жіберіледі, әсіресе, талап заты мүліктен құралса. Теңдей негізде ант беру неке істерінде жіберіледі, әйелі ерінен өз жасауларын талап еткенде, және бұл талап мүлікке дейін қатысты болады, бұл құқық ант беруден бас тартумен дәлелденсе, онда неке мұнымен анықталмайды. Белгілі құқыққа қатысты туыстық жайлы талаптарға бірдей ант беру жіберіледі, мәселен, мұрагерлік құқығы немесе ұстаушыға құқық (қуатты емес ол оған қаражат беруге міндетті белгілі бір тұлғаның ағасы екенін мақұлдаса, ал тұлға бұл міндеттілікті мойындамаса). Сыйланған затты қайтару жайлы талап ету жағдайында (мәселен, талап ету кезінде сыйлаушы сыйлық берушінің ағасы екеніне арызданса және осындай туыстық салдарынан сыйлықты қайтаруды талап ету құқығы болмаса, ал сыйлаушы туыстықты мойындамаса) жауапкерге ант беру ұсынылады, өйткені талап ету заты айтылған құқықтардан құралған.

Туған-туыстық туралы талапта жауапкердің ант беруі қабылданады. Екі оқушының пікірлері бойынша жауап берушінің мойындауымен нақтыланбаған жағдайда босану кезіндегі болмашы нәрсеге бола берілген ант қабылданбайды. Мысалы, бір адам былай деп хабарласса: басқа біреу – яғни оның әкесі немесе ұлы болмаса әйелі өз әкесінің немесе басқа бір еркек болмаса әйелден сәулетті үй алу

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

құқығын иеленуді көздегенін растаса, немесе ері болмаса әйел белгілі адаммен некеге тұратынын хабарласа, сондай-ақ жауапкер босанғандықты, сәулетті үй немесе некені мойындаса онда бұл жағдай анықталған деп есептеледі және де жауап беруші ант беруден бас тартса (екі оқушының келісімі бойынша) онда оның мойындағаны болып табылады. Кейде мынадай жағдайда болады: әйел ұлын басқа біреуден деп нақтыласа, онда мұндайда босанудың мәселесі басқамен байланысты болып шығады, мұндайда жауапкердің мойындаудың және де ант беруден бас тартудың ешқандай мәні болмайды.

Жазалауды талап ету жағдайы. Егер де бір адам екінші біреуді жазалауға құқығы бар екенін білдірсе, ал бірақ жауапкер оны мойындамаса, онда (ғұламалардың пікірі бойынша) одан ант қабылдау жөнінде ұсыныс талап етілуі мүмкін. Егер ол одан бас тартса, ал жаза тарту құқығы денесінің бір бөлігіне қатысты болса, онда ол сол құқыққа бағынуы тиіс, егер іс оның өмірі жөнінде болса, онда қашан мойындағанша немесе ақтайтындай ант қабылдамайынша тұтқындалатын жағдайға душар болуы мүмкін. Абу Ханифаның ұйғарымы осындай. Екі оқушы екі жағдайда да айып салу керек деген пікірде болады себебі ант беруден бас тарту мойындағанмен бірдей, бірақ ол толық расталмаған боп шығады, сол себепті жазаға тарту құқығын иелене алмайды. Сондықтан жазалануға тиіс адамға жағдайға байланысты қиындық туғанда айып салынады; мысалы кек алушы әдейі істелген қастандық десе, ал жауапкер төтенше жағдайдан болған өлім дейді. Абу Ханифа дәлелінше, адамның дене бөлігі оның өз меншігі сондықтан оған жеке меншік ретінде қарау керектігін дәлелдеген, себебі егер де бір адам екінші біреуге; «менің қолымды шауып таста» дегенде ол солай етсе оған ешқандай ақы төленбейді, өзінен - өзі түсінікті яғни адамға біреудің қолын шабуға¹ рұқсат жоқ және одан ешқандай пайда да келмейді. Демек дененің бір бөлігін қиса да оны бүтіндей бүлдіруге болмайды, дененің бір бөлігіне зиян келтіру жазасы жөнінде ант бермеудің пайдалы жағы жоқ емес (оның мақсаты келіспеушілікті доғару), бұдан шығатын қорытынды шіріген жағдайда қолды кесудің немесе қатты ауырғанда тісті жұлудың пайдасы бар.

Талапкердің куәгерлері шақырылған жағдайда, жауапкер үш күн мерзім ішінде өзінің келгендігі жөнінде кепілдік беруі тиіс. Егер талапкер «оның куәгерлері қалада» екендігін дәлелдесе онда жауапкер қашып кетпей үш күн ішінде келетіндігі жөнінде кепілдік беруі тиіс. Мұндай жағдайда дұрыс талданған заңға сүйенген талапкердің арызынан кейін жауапкерден тез арада кепілдігін талап ету керек. Себебі бұл талап талапкерге тиімді болса, жауапкер материалдық тұрғыдан көп ысырап болмайды.

¹ Басқаша сөзбен- сыйлық немесе жеңілдікті қабылдау.

Талап етудің себебі жауапкер іздеу жарияланған кезден бастап сотқа келуі керек; кепілдік алу оған бар мүлкімен жасырын кетіп қалуға мүмкіндік жасауы мүмкін, мұндай алу заңмен рұқсат етілген. Жоғарыдағы үш күндік мерзім Абу Ханифаның айтуымен жалпы қабылданған. Кепілдік алуда белгілі және белгісіз адамдар арасында көп және аз ақшалар талап етуде айырмашылықтар болмайды.

Егер куәгерлер шақырылмаса, онда жауапкерден кепілдік талап етуге болмайды. Егер талапкер куәгерлердің қалада екендігін хабарласа, немесе «менің куәгерлерім жоқ» десе, онда жауапкерден кепілдік талап етудің қажеті жоқ, бәрібір ол

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

пайдасыз¹, себебі талапкер куәгерлері болмаса өз талабын дәлелдей алмайды. Сондықтан егер жауапкер мұндай жағдайда кепілдік беру жөніндегі ұсынысқа келіссе онда жақсы; қазы ізденушіге өз құқығын сақтау үшін жауапкерді аңдуы және бақылау қажеттігін ескертуі керек; әрине жауапкер саяхатшылық жасағанда немесе жолға дайындалған кезден басқа уақытта. Онда талапкер оны қазының алдында мәжілісте болған кезінде ғана бақылай алады, егер де ол мұндай жағдайда жауапкердің келуіне кепілдік берген болса, онда бұл қазының мәжілісі аяқталғанға дейін жүзеге асуы тиіс, себебі кепілдік беру немесе бақылау ұзаққа созылып кетсе ол жауапкерге шығын әкеледі және оның саяхатын жалғастыруына кедергі келтірмейді, мәжіліс уақытымен шектелген олар ыңғайсыздық әкелген болып есептелмейді. Жауапкерді бақылаудың ерекшелігі тыйым салған жағдайды баяндау кезінде айтылады.

Бөлім. Жауап беру әдістері мен ант беруді талап ету туралы

Ант Аллаһтың атынан берілуі тиіс. Ант егерде Аллаһтың атынан берілмесе сенімге сай келмейді, себебі Пайғамбарымыз айтқан: «Кім ант берсе Аллаһтың атынан берсін, ондай болмаған жағдайда ант бермей-ақ қойсын» және де «Кім де - кім антты Аллаһтың атымен емес, басқаша берсе ол сөзсіз тіліне тоқтау жоқ біреу».

Қазы да Аллаһтың сөзін айтуы керек. Қазы ант қабылдаушыға антты Аллаһтың тарапынан айтылғандармен тиянақтауға міндетті. Мәселен, ол оған былай деп айтуды ұсынады: «Бәрі де өзіне аян Аллаһтың, жалғыз да шыншыл Құдайдың атымен ант етемін, менде басқа да емес мен үшін Омарға ол бір бөлігін талап еткен ақша қарыздар емес». Қазы өз қалауы бойынша берілген антқа қосуы немесе оны қысқартуына болады, бірақ ол өзінің қамқорлығын антты қайталауға мәжбүрлейтіндей жағдайға апаратын болмауы тиіс. Себебі антты бір реттен артық қабылдауға ешқандай негіз жоқ. Егер біреу «Аллаһ, жарылқаушым, бәрін жарылқаушым» деп сиынса, онда бұл үш ант есебінде қабылданады, бірақ қалған соңғы екі бөлігі айтылмай қалса, онда бар ант қана қалады. Мынаған мән берген жөн: жауапкер Құдайды мойындауы үшін ант беруді күшейту немесе талап ету қазыға байланысты.

¹ Өйткені талапкердің куәгерлері болмаса талапты дәлелдей алмайды.

Кейбіреудің пікірінше өзінің қайырымды ісімен танылған адамдарға ант бергенде айрықша талап қоюдың қажеті жоқ, ал бірақ басқаларға күшейткен жөн. Енді біреулердің айтуынша үлкен бағадағы заттар жөнінде талапты күшейткен дұрыс дейді.

Ажырасқанға немесе еркіндікке шыққанға ант беруге болмайды. Жауапкердің ажырасумен немесе еркіндікке жіберумен ант беруіне болмайды (мысалы: «Егер маған қарсы ұсынылған талап дұрыс болса, онда менің әйелім ажырасқан болсын» немесе: «Менің құлым еркін болсын») жоғарыда келтірілген әңгімелерге байланысты. Кейбіреулер, былай мәлімдейді, егер талапкер талап етуді қайтпай сұрайтын болса, онда қазы жауапкердің ажырасумен немесе еркіндікке жіберумен ант беруге жібере алады, немесе біздің уақытымызда көбісі Құдайға ант беруді ойламайды, бірақ еркіндікке жіберумен немесе ажырасумен ант беруден жалтарады.

Евреилер Пятикнижиемен, ал христиандар – Евангелимен ант етулері керек.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Қазы еврейді оны айтуды мәжбүрлей отырып, ант беруге алып келуі тиіс: «Моисей Пятикнижиеге берген Құдайдың атымен ант етемін», ал христиандар сөзі: «Евангелии Иисусты жіберген құдайдың атымен ант етемін», өйткені Пайғамбар бір жағдайда еврейді оған былай дей келе, ант беруге алып келді: «Біздің кітабымыздағы адасушылыққа қатысты Моисей Пятикнижиеге берген заң осындай, сенің Құдайдың атымен ант бергенінді қалаймын», сондай-ақ еврейлер Моисейдің құдайшыл миссиясына сенеді, ал христиандар – Иисус Христостың құдайшыл миссиясына сенеді. Сондықтан оларды ант беруге алып келерде олардың пайғамбарлары арқылы алынған кітаптарға белгілеулерді күшейту қажет.

Пұтқа табынушылар Құдаймен ант берулері тиіс. Қазы маджуска былай дей келе, оны ант беруге алып келуі тиіс: «Отты жасаған құдайдың атымен ант етемін». Имам Мұхаммед «Мабсутта» осылай дейді, бірақ Абу Ханифа жайлы «Навадирда» былай делінген, ол ешқашан Құдайдың атымен ант беруге алып келмеген. Сондай-ақ, Хасаф Абу Ханифа христиандар мен еврейлерді қоспағанда ант беруге ешкімді алып келген емес деп айтады, әйтпесе, Құдайдың атымен, немесе Құдайдың атымен отты бірге салыстыруды Көне және Жаңа өсиеттерге қарама-қарсы лайық болмайтын құрмет көрсетіледі, өйткені бұл кітаптар Құдаймен берілгендіктен, олар құрметтеуге лайық. Бұл ілім кейбір біздің қазіргі ғалымдарымызбен қабылданған. Пұтқа табынушы Құдайдың атымен ант беруге келтірілуі мүмкін, өйткені барлық сенімсіздер Құранның келесі нақыл сөздерінен шығатындықтан Құдайға сенеді: «Егер сен олардан (сенімсіздерден) сендерді кім жаратты деп сұрасаң», онда олар еш күмәнсіз былай деп жауап береді: «Ұлы құдай».

Қазы оларға құрмет көрсетілетін жерлерге сенімсіздерді ант беруге ертіп келмеулері керек. Сенімсіздер оларға құрмет көрсетілетін жерлерге ант беруге алып келмеу тиіс, өйткені қазыға осы орындарға келуге тыйым салынған.

Мұсылмандардың ант беруі белгілі бір орындарға, белгілі бір уақытта оның берілу жолын күшейтуге мұқтаж емес. Мұсылмандарды белгілі бір орын мен уақытты таңдауды күшейтуде ант беруге алып келудің еш қажеті жоқ, өйткені, ант берудің мәні мынада, кімнің атынан беріледі соған құрмет көрсету, ал құрмет ол уақыттан да, орынан да тәуелді емес. Сондай-ақ егер де мұсылмандардың ант берулерін уақытпен және орынмен күшейту қажет болса, онда белгілі бір орынға және белгілі бір уақытта ант беруге келтіру үшін келуі тиіс қазы үшін қолайсыздықпен кездескен болар еді.

Жауапкердің ант беруі талап пен оның затының негіздемесіне тиесілі болуы тиіс жағдайлар. Бір тұлға басқа бір құлдан 1000 дарагимге сатып алғанын мақұлдаса, ал сатушы осыны мойындамаса, онда бұл жағдайда соңғысы былай деп ант беруі тиіс: «Құдайдың атымен ант етемін, мен затты сатпадым және т.б.» деп емес, былай деген дұрыс: «Мен және талапкер арасында ешбір сату келісім шарты қазіргі уақытта мүлдем жоқ Құдайдың атымен ант етемін», өйткені кейде сатылым жасалған болуы мүмкін, содан соң келісім шарттың жарамсыз екендігі белгілі болады. Заңсыз иелену жағдайында талапкердің қатысуымен жауапкердің былай деп ант беруі тиіс: «Мен оларды иемденбедім және т.б.» деп емес, былай деп: «Сенің айтуыңша сенен тартып алған заттың бірде - бір бөлігін саған беруге тиіс емеспін», өйткені кімде-кім иеленген зат кейде сыйлық ретінде немесе сату келісім шарты бойынша оның жекеменшік иесі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болып табылады. Неке істерінде «мен және талапкер арасында қазіргі уақытта неке жоқ деп» жауапкер ант беруі тиіс, өйткені неке хульа арқылы бұзылады. Ажырасу жағдайында ері былай деп ант беруі тиіс «бұл әйел қазіргі уақытта өзі айтып тұрғандай менімен толық ажыраспаған», және «ол онымен ажырасты» деген емес, толығымен ажырасқан соң әдетте жаңа неке жасалады. Сондай-ақ, барлық осы жағдайларда қазы талап затына қатысты жауапкерді ант беруге шақыруы тиіс, егер ант беру талап негіздемесіне қатысты болса, онда бұл жауапкерге зиян болар еді. Осы жерде келтірілгендер имам Мұхаммед пен Абу Ханифа пікірлерімен сәйкес келеді. Абу Юсуфта дәл сондай пікірде, барлық осы жағдайларда қазы жауапкерді талап негіздемесіне байланысты ант беруге алып келуі тиіс, өйткені, мысалы сату келісім шарттары кейде жасалады, содан соң жойылады; ажырасулар кейде жасалады, содан соң некеге қайта тұру жасалады, алынған зат әдетте алушыға сыйлық түрінде немесе сату келісім шарты бойынша жіберіледі; сондықтан талап негізіне сәйкес ант беруге алып келген жөн. Кейбіреулердің пікірінше қазы жауапкердің қарсылығымен басқарылуы тиіс, басқаша сөзбен айтқанда, егер жауапкер талап негіздемесіне қарсы шықса, онда ант беру негіздемеге жатсын, егер де ол талап затына қарсы шығатын болса, онда ант беру осы затқа қатысты болсын. Осыдан (имамдар Абу Ханифа мен Мұхаммедтің пікірлерінше) ант беру осындай түрдегі талап негіздемесінде әрдайым затқа қатысты болуы тиіс, бірақ ант беруде затқа қатысты жағдайларды қоспағанда бұл басқа негізбен алмастырылуы мүмкін, біз талапкердің заңды мүддесіне зақым келтіруіміз мүмкін, немесе осы жағдайларда ант беру (барлық ғалымдардың пікірінше) талап негіздемесіне жатқызылуы тиіс. Егер ажырасқан әйелі асырау жайлы ерінен талап көрсетсе, ал ері имам Шафии сектасындағы өзінің қолындағыларды беруге міндетті емеспін деп мойындамаса, немесе егер үйдің немесе жердің меншікті иесі артықшылығы бар сатып алу жайлы құқық туралы талапты шифат құқығы бойынша көршілес жекеменшіктің сатып алушысына ұсынса, ал сатып алушы имам Шафиидің сектасына қатысты болғандықтан, талапты мойындамаса, онда осы жағдайларда (барлық ғалымдарымыздың пікірінше) ант беру негіздемеге жатқызылуы тиіс, немесе ен болмағанда жауапкер ант беру кезінде істің жағдайын немесе негіздемесін мойындай алмаса, онда ол ант беруде оның затын мойындай алады, басқаша айтқанда, ол осы жағдайларға негізделген талаптың дұрыстығына қарсы шыға алады; сондықтан егер де ант беру затқа қатысты болса, онда ол талапкерге зақым келтіруі мүмкін. Басқа жағынан, егер талап негіздемесі өзінің табиғаты бойынша басқа негізбен жойылмаса, онда жауапкердің ант беруі (барлық ғалымдардың пікірінше) негіздемеге жатқызылуы тиіс. Егер құл мұсылман еркіндікке жіберілгенін айтса, ал оның иесі оны мойындамаса (заң бойынша мұсылман еркіндікке жәберілген болса, қайтадан құл бола алмайды), онда меншік иесінің ант беруі негіздемеге жатқызылады, басқаша сөзбен айтқанда «ол құлды жібердіме әлде жоқ па?» сол жайлы ант беруі тиіс. Әйтпесе құл – мұсылман қызға немесе діншіл емес құлға қатынасы бойынша сауал қойылады, өйткені екеуіде оларды еркіндікке жіберген соң қайтадан құл бола алады: құл – еркіндікке жіберілген соң сенімділік міндетін бұзса және жаулардың еліне қашып кеткен болса.

Мұрагерлік жағдайында жауапкердің ант беруі оның сана сезіміне қатысты болуы тиіс. Егер кімде-кім мұрагерлік бойынша құлға қатысты жекеменшік құқығына ие болса, ал басқасы сол құл жайында талапты ұсынатын болса, онда жауапкердің ант

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

беруі сана сезімге қатысты болуы тиіс, яғни ол оған сол жайында ант беруі керек, дау-дамай туғызушы құл талапкерге қатысты болуы керек, мұрагердің істерімен таныс болмаған, осы құл талапкердің жекеменшігі болмайтындықтан ант бере алмайды, сатып алу кезінде немесе сыйлық түрінде құлды иемдене отырып, ол өзінің жекеменшік құқығын ант берумен куәландыра алатын еді, өйткені сыйлық және сатып алу жекеменшік құқығын иемденудің негізі болып табылады.

Егер жауапкер талапкермен әлемдік келісім шарт жасаса, онда одан ант беруді талап етпеу қажет. Егер кімде-кім басқа тұлғаға талапты ұсынса және жауапкер осындайға қарсы шығатын болса, содан кейін ант беруден шегіну немесе сый - ақы түрінде талаптан бас тарту түрінде талапкерге он дарагим берсе, онда мұндай шегініс пен сый – ақы жарамды болады, Омардың әңгімесіне қатысты талапкердің жауапкерден ант беруді талап етпеуі керек, өйткені ол өзінің құқығын өзі жояды.

III.Тарау

ТАГАЛИФ, ТАЛАПКЕР МЕН ЖАУАПКЕРДІҢ ӨЗАРА АНТ БЕРУІ ЖӨНІНДЕ

Сатушы мен сатып алушы арасындағы алауыздық пен оларда дәлелдердің жоқ болуы жағдайында олардың екеуіде ант берулері тиіс.

Егер сатушы мен сатып алушы арасында алауыздық туындаса: сатып алушы сатып алынған зат 100 дарагим екенін айтса, ал сатушы – баға жоғары болды десе, және егер сатушы осыншамасын сатқанын мойындаса, ал сатып алушы одан көп сатып алғанын айтса, онда бұл жағдайда егер олардың біреуі өзінің арызына қатысты дәлелдер ұсынатын болса, онда қазы оның пайдасына қарай қаулы шығаруы тиіс, өйткені дәлелдер қарапайым арыздарға қарағанда күштірек. Егер олардың әрқайсысы өздерінің арыздарына қатысты дәлелдер ұсынатын болса, онда артықшылықты көп талап ететін жаққа беру керек, өйткені дәлелдің мақсаты белгілі бір жағдайды орнату болып табылады, бірақ куәгерлердің жауаптарында кемшілікке қатысты үйлеспеушіліктер жоқ. Егер сатушы мен сатып алушы бағаға, затқа қатысты келіспесе, онда артықшылық бағаға қатысты сатушыға және затқа қатысты сатып алушыға беріледі. Егер де, сатушының да, сатып алушының да дәлелдері болмаса онда қазы сатып алушыға былай деу керек: «Егер сен сатушымен талап етілген бағаны мойындасаң, онда жақсы, ал егер мойындамасаң, онда мен келісім шартты жарамсыз деп табамын», ал сатушыға былай десе: «Егер сен сатып алушымен көрсетілген заттың санына қарсы шықпасаң, онда жақсы, ал егер қарсы шықсаң, онда мен келісім шартты жарамсыз деп танымын», өйткені процестің мақсаты – дау-дамайды тоқтату, және де қазының мұндай хабарламасы бейбіт орнату, екі жақты келісім шарттың жойылуын қаламайтын шығар, сондықтан да осыны біле тұра келісімге келмесе, онда келісім

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

шарт жойылуы мүмкін, сондықтан да олар дау-дамайды өзара шешуі мүмкін. Егер бірақ олар сонда да келісімге келмесе, онда қазы оларды ант берумен талап етуі тиіс. Бұл өзара ант беру, сатылған затпен иемденуге енгенге дейін, аналогия бойынша түсіндірілуі мүмкін, өйткені, сатушы сатып алушы мойындамаған үлкен бағаны талап етеді, ал басқа жағынан сатып алушы сатушыдан өзі төлеген соммаға заттардың берілуін талап етеді, бірақ сатушы келіспейді. Сондықтан олардың әрқайсысы жауапкер болып табылады, ал осыдан ант беруде әрқайсысынан талап етілуі керек. Шындығында, сатып алушыға затты қайтарған соң, өзара ант беру аналогиямен де ақталмаған болар еді, өйткені сатып алушы сатып алғанды ала отырып ешқандай тілегі болмас еді, осы жағдайда сатушыға бағаның артықтығы жайлы бір ғана талап бар, сондықтан ант беру жауапкер болып табылатын бір ғана сатып алушымен берілуі мүмкін. Бұл жағдайда екеуінен ант беруді талап ету керек, өйткені Пайғамбар былай деді: «Сатушы мен сатып алушы арасында дау-дамай пайда болса және сату заты көз алдында болса, бұл жағдайда әрқайсысын ант беруге алып келу керек, содан кейін сатып алушы сатушыға сатып алған затын қайтару керек, ал сатушы сатып алушыға – осы бағаны қайтару тиіс». Осыдан байқағанымыздай, өзара ант беру жағдайында сатып алушы бірінші ант береді. Бұл ілім келесі екі оқушының пікірімен келіседі, сондай-ақ Абу Ханифаның пікірімен де, ол едәуір кең жайылған, өйткені сатып алушының қарсылығы ең маңызды мәнге ие болады, алдымен одан баға төлемі талап етіледі, сондай-ақ ант беруден бас тарту жағдайында оған сатып алған заттың бағасын төлеу міндеті жүктелді, егер де алдымен сатушы ант берген болса, онда бәрібір де осындай бағаны алғанға дейін затты беруге міндетті етуге мүмкіндік көрсетілмес еді. Егер тараптар арасында бір затты сатуда басқа затқа алмастыру кезінде дау-дамай туындаса (яғни айырбас келісім шарты кезінде) немесе сарф түрінде сату кезінде, онда қазы өзінің қарауынша алдымен ант беруге сатушыны немесе сатып алушыны алып келе алады, өйткені бұл жағдайда екеуінің де жағдайлары бірдей.

Сатушы мен сатып алушының ант беру формулалары. Сатушы мен сатып алушы арасындағы дау-дамай жағдайында ант берудің формулалары келесідей. Сатушы былай дейді: «Құдайдың атымен ант етемін, мен дауласатын затты 1000 дарагимге сатпадым», ал сатып алушы «Құдайдың атымен ант етемін мен ол затты 2000 дарагимге сатып алмадым» дейді. «Зиадатта» имам Мұхаммед былай дейді: «Сатушы Құдайдың атымен ант етсін: «Мен затты 1000 дарагимге емес, 2000 дарагимге саттым»» және сатып алушы да Құдайдың атымен ант беретін болсын: «Мен осы затты 2000 дарагимге емес, 1000 дарагимге сатып алдым» десін. Басқаша сөзбен айтқанда, мойындау мен мақұлдау әртүрлі түсініспеушіліктерден қашқақтау үшін біріктірулері тиіс. Бірақ, едәуір кең тараған ілім бойынша теріс ант беру жеткілікті, өйткені ант беру мойындамаудан шығады, Киссамитке¹ сәйкес әңгімеден келеді, мұнда былай делінген, Пайғамбар киссамит тайпасына Құдайдың атымен ант беруді ұсынды, «олар өлтіруді жасамады және өлтірудің не екенін білмеді».

Екі жақта ант берген кезде, сату келісім шарты қазының бұйрығы бойынша бұзылуы тиіс. Егер сатушы да, сатып алушы да дау - дамай кезінде ант берсе, онда қазы сату келісім шартын бұзады. Имам Мұхаммедтің шешімі осындай, өзара ант беру келісім шартты бұзу үшін жеткіліксіз, өйткені арыздарының дәлелденбеуінен бұл мәселе шешілмеген болып есептеледі. Сондықтан қазы дау-

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

дамайды тоқтату үшін келісім шартты бұзуы тиіс, өйткені сату бағасының орнатылмайынша, сату эквиваленттен айырылады, ал мұндай сатылым жарамсыз болғандықтан жойылуы керек, немесе барлық жарамсыз сатулар жойылулары тиіс.

Ант беруден бас тартқан сатушы немесе сатып алушы, істе жеңіліс табады. Егер дауласу кезінде сатушы мен сатып алушы арасында олардың біреуі ант беруден бас тартса, онда оған қарсы бағытталған басқа біреудің талаптары дәлелденген болып табылады, өйткені осындай бас тартумен бір жақ басқа дауласатын затты береді, оның арызы қарсы жақтың арызына

¹ Араб округінің немесе тайпалардың біреуінің аты, ол жерде Пайғамбардың оқушыларының бірі қаза болған болуы мүмкін.

берекесін қаштыру қабілеттілігін жоғалтады, осыдан соңғының арызына қосылуға тура келеді.

Тараптар олардың заты дауласуға қатысты болса, олармен маңызсыз келісім шарт жасау үшін ант беруге келмеулері тиіс. Егер тараптар баға төлеміне немесе затты таңдауға сәйкес немесе сатып алу бағасымен жасалған төлемге қатысты белгіленген мерзімге келіспесе, онда олардың біреуіде ант беруге міндетті емес, өйткені дауласу келісім шарттың маңызсыз керек жарақтарына тиесілі. Бұл дау-дамай бағаны төмендету немесе бағаны сыйлауға қатысты дау-дамаймен ұқсас, басқаша сөзбен айтқанда сатушы мен сатып алушы арасында барлық төлем мен бөліктерді біріктіруге сәйкес дау-дамай туындаса, онда олар ант беруге келтіріледі. Осы жерде айтылғандардың барлығы болашақта жойылған немесе шеттетілген жағдайларға қатысты дау-дамайлар түсіндіріледі. Басқа істе, төлем жасалуы тиіс дау-дамай монеталарға, немесе монеталардың түріне (дарагим немесе динарлар) қатысты болады, өйткені бұл дау-дамай бағалар жайлы дау-дамайға тең, осы жағдайда төленетін бағаларда монеталардың түрлерінің себебі бойынша ант берілген жағдайда олардың мәнінен ажыратылмайды, немесе қарыз сатып алушының бағасы болады, өйткені оның түрі жоқ, неліктен баға төлемнің уәде берген мерзімінің өтуінен өмір сүруін жалғастыруы тиіс.

Келісім шарттың маңызсыз шарттарына қатысты дау-дамайларда, қарсылық көрсеткен тұлғаның арызына сенім беру керек. Егер сатушы мен сатып алушы арасында таңдау мен төлем мерзіміне қатысты дау-дамай туындаса, онда антпен бекітілген сенімді қарсылық көрсеткен тұлғаның (арабша – «мункир») арызына беру керек, өйткені төлем мерзімін ұзарту мен таңдау құқығын ұсыну сату¹ келісім шартында кездейсоқ шарттар болып табылады, ал осындай шарттарға қатынасы бойынша қарсылық көрсеткен тұлғаның арызына артықшылық беруге тура келеді.

Тараптар ант беруге келтірілмейді, егер мүлік сатып алушының қолында өлсе. Егер сату затын сатып алушының қолында жойғаннан соң сатушы мен сатып алушы арасында баға жайлы дау-дамай туындаса, онда бұл жағдайда (Абу Ханифа мен Абу Юсуфтың пікірлері бойынша) тараптар ант беруге келтірілмейді, бірақ сатып алушының арызына сенім беріледі. Имам Мұхаммедтің мақұлдауынша екі жақта ант беруі тиіс, және содан соң сату жұмсалған мүліктің құнын қайтарумен бұзылады, яғни сатып алушы сатушыға мүлік құнының орнын толтыруы тиіс, сатушы сатып алушыға олармен алынған бағаларды қайтарады. Имам Шафиидің ілімі де осындай. Осындай алауыздық мынадай жағдайда болады, сату заты сыйлық беру салдарынан сатып

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алушымен алынған болса немесе егер ол осындай түрде болса, онда қандай-да бір кемшіліктің салдарынан оның сатушыға оралуының ешбір орны болмас еді. Имамдар Мұхаммед пен Шафиидің дәлелдері олардың пікірлерін растай отырып, мынамен аяқталады, әрбір жақ келісім шартқа сай келмейтіндігін, келісім шарттың пайда болуын, және де

¹ Яғни осының салдарынан келісім шартқа қосылғандар.

оның өмір сүруін қарсы жақ мәлімдейді, әрқайсысы басқаның арызынан бас тартады.

Қарсылық. Екі жақты да ант беруге алып келудің пайдасы мынада, сату келісім шарты бұзылады және сатылған зат сатып алушы арқылы сатушыға қайтарылады, ал оның бағасы – сатушы арқылы сатып алушыға қайтарылады. Бірақ бұл мақсат сату затын жойғаннан соң ол өзінің мақсатына жете алмайды, сондықтан имам Мұхаммедтің ілімі екі жақты да ант беруге алып келуі айтылған пайданы ұсынбайды.

Жауап. Пайда мынада болады, сатып алушы артық төлемнен мына жағдайда босатылады, егер де сатушы ант беруден бас тартса, сондай-ақ, егер де ол өзі ант беруден бас тартқан болса сатып алушы секілді осындай төлемге мәжбүр болады. Сондықтан екі жақта ант беруге келтіріледі, сатылған затты жойғаннан соң олардың арасында төлеуі тиіс (дарагимамен немесе динарлармен) монеталарға қатысты дау-дамай туындаса. Ант бергеннен соң сатып алушы сатушыға мүліктің құнын төлеуі тиіс, ал сатуш сатып алушыға оның бағасын төлеуі керек. Абу Ханифа мен Абу Юсуфтың дәлелдері екі түрлі затты жайлы олардың ілімін бекіту. Біріншіден, екі жақтың ант беруі сатылып алынған мүлікті бергеннен соң аналогиямен келіспейді, өйткені осы жағдайда сатып алушы талап еткенін барлығын алды. Сондай-ақ өзара ант беру заңмен тек мына жағдайларда ғана жазылады, сату заты – оның мақсаты бетпе - бет тұр, сату бұзылған болуы үшін, сатылған зат жойылса, онда бұған жету мүмкін емес болады. Сондықтан, мүлікті жойғаннан соң жақтардың ант беруі заң айтқандай өзара келісім емес. Екіншіден, қарастырылып отырған жағдайда сатудың мақсаты – мақсатына жеткен, мақсатқа жетуде қарауға сәйкес алауыздықтың (яғни сату келісім шартының) еш мәні жоқ. Сондай-ақ, имам Мұхаммедпен белгіленген пайда едәуір маңызды емес, немесе сату келісім шартынан шығатын пайдалар ғана маңызды болады, ал осы айтылған пайда осы келісім шарттан шықпайды. Осы келтірілгендер ақша қарызына жатқызылады. Егер қарыз белгілі бір заттан құралса, мысалы, киімді алайық, онда екі жақта барлық ғалымдардың пікірінше ант беруге келтіріледі, өйткені оны сату үшін заты бар (немесе баға белгілі бір заттардан құралған болса, сату заты ретінде қарастырылады). Екі жақпен ант беруді бергеннен соң, сату бұзылуы тиіс: сатушы сатып алушыға төленген бағаны қайтару керек, ал сатып алушы сатушыға сатып алған затын қайтаруы тиіс, егер тек қана зат сатып алынған болса, немесе басқаша айтқанда ол оның құнын төлеуі керек.

Екі құлдың бағасына сәйкес, олардың біреуі өлген кездегі дау-дамай жағдайы. Егер кімде-кім екі құлды бір келісім шартпен сататын болса, одан соң олардың біреуі өлсе, ал жақтар арасында баға жайлы дау-дамай туындаса, сондай-ақ сатушы олардың бағасы 2000 мың дарагим екенін мақұлдаса, ал сатып алушы – 1000 дарагимге сатып алғанын айтса, онда бұл жағдайда (Абу Ханифаға сәйкес) жақтардың ант беруге құқығы жоқ; керісінше, сенімді сатып алушының жауаптарына берген дұрыс, және болжай отырып, сатушы қалған құлдың бағасын алуға келіспейді және

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

өлген құлдың бағасынан да бас тартады. «Джами – ус - Сагирде» былай делінген, Абу Ханифаға сәйкес, сенім сатып алушының арызына беріледі, егер сатушы тірі қалған құлдың бағасын алуға келіспесе. Абу Юсуфтың мақұлдауынша, екі жақта тірі қалған құлға қатысты ант берулері тиіс, сату оған тиесілі болғандықтан бұзылады, өлген құлға қатысты сатып алушының арызына сенім беруге тура келеді, және сондықтан да сатып алушы өлген құлдың бағасына жауапты болады. Басқа жағынан, имам Мұхаммедтің мәлімдеуінше, екі жақта екі құлға қатысты ант берулері керек, және содан кейін сатып алушы тірі құлды және өлген құлдың бағасын қайтаруы тиіс, немесе толық заттың жойылуы екі жақтың да ант беруін ескертпейді, оның бөлігінің жойылуы оған ескерту бере алмайды. Абу Юсуфтың дәлелінше, екі жақтың ант беруіне кедергі келтіру сату затын жоюмен аяқталады, онда ол жойылу қандай шарада болғанына қатысты іс-әрекет ету керек. Абу Ханифа былай деп ойлайды, екі жақтың ант берулері аналогиямен келісіпейді, бірақ сату заты толық көлемде болған жағдайда заңмен бекітілген, бірақ оның бөлігі жойылғандықтан ол толық көлемде болмайды, өйткені, осындай пайда болу толық екендігін болжайды, ал толықтық барлық бөліктердің болуымен ғана өмір сүре алады. Егер де, басқа жағынан, екі жақта тірі қалған бір құлға қатысты ант берулері тиіс болса, онда мүмкін оның жеке құнына сүйену арқылы жетуге болар еді. Екі құлда ортақ бағаға сатылғандықтан, онда әрқайсысының жеке құндары болжамалы түрде көрсетілуі мүмкін, яғни осындай жағдайлардағы екі жақтың ант берулері белгісіз бір затқа тиесілі болар еді, ал бұл заңсыз болып табылады. Егер, сатушы өлген құл үшін өзінің құқығынан бас тартатын болса, және оған қандай да бір жансыз нәрсе деп қараса, онда екі жақта екі құлдың толық бағасына сәйкес басқаның талаптарына қарсы қарсылықты растауда ант берулері керек, өйткені барлық баға барлық мақсаттың орнына соңғысының қабылдауы арқылы сатушының келісімі мен өлген құлды келісім шарттан шығарылған деп есептеу салдарынан болғандықтан, баға тірі қалған құлға ғана беріледі. Осы жерде айтылғандардың барлығы көптеген қазіргі ғалымдардың пікірлерімен келіседі. Олардың түсіндірулерінше, «Джами-ус-Сагирдегі» нақыл сөздер мынаны білдіреді, сатушы өлген құл үшін бірдеңе алмауы керек, және олар екі жақтың да ант берулеріне тыйым салынғанына байланысты қорытынды жасады. Басқа біздің қазіргі түсінік берушілердің түсініктемелері бойынша, бұл нақыл сөздер мынаны білдіреді, сатушы бағаны өлген құл үшін деп оны қабылдауға келісу керек, тек сатып алушы осыны ғана мойындайды басқа ештеңені емес. Олардың пікірінше осы нақыл сөздер мынаны білдіреді: сатушы сатып алушы тарапынан ешбір ант берусіз тірі қалған құлды ала алады, егер ол сатып алушының мойындауы бойынша өлген құлдың бағасы қанша тұрды соны алуға келіскенде ғана.

Осы жағдайда жақтар арқылы ант берудегі тәсілдер. Жақтар арқылы ант берудегі тәсілдер осы жағдайда (имам Мұхаммедтің пікірінше) дәл сондай, сату затының болмағандағы жағдайы секілді. Сондықтан, егер екі жақ ант беруді қабылдаса, және түрлі жауаптар берсе, және де бір жақ немесе екеуіде келісім шарттың бұзылуын талап етсе, онда қазы оны бұзуы тиіс, және сатушыға тірі құлды және өлген құлдың құнын қайтаруға бұйрық беруі тиіс; сондай-ақ өлген құлдың құнын анықтауда сатушының жауаптарына сенім беріледі. Осы жағдайда жақтармен ант берудегі тәсілдер жайлы Абу Юсуфтың ілімі біздің қазіргі түсінік берушілерімізбен

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

талқылауда алауыздық пайда болады. Сатып алушы өте сирек «осы екі құлды сатушының талап еткен бағасына сатып алмағанына» ант береді, бірақ сатып алушының ант беруден бас тартуы салдарынан сатушының талаптары қанағаттандырылады. Бірақ егер де сатып алушы жоғарыда айтылғандай ант берсе, онда сатушыға «сатып алушымен көрсетілген бағаға осы екі құлды сатпағанына» ант беруге тура келеді, және егер де ол ант беруден бас тартса, онда сатып алушының талаптарын қанағаттандыруға тура келеді, бірақ егер ол ант берсе, онда сату (тірі қалған құлға қатысты) жойылуы тиіс, және сатып алушы тірі құлдың бағасына жауапты болады. Әр құлдың бағасын анықтауда сатып алушының иелікке ену уақытысының құнына назар аудару тиіс. Егер жақтар арасында құнға қатысты алауыздық туындаса, өлген құлды беру кезінде, онда сатып алушының арызының алдында сатушының қарапайым арызына артықшылық беру керек. Егер, жақтардың біреуі дәлелдер ұсынса, онда осындайлар қарсы жақтардың арыздары алдында салыстырмалы түрде қабылдануы тиіс, ал егер тек жақтар дәлелдер ұсынса, онда сатушының дәлелі қабылданады. Бұл аналогия сай келеді, және «Мабсуттағы» жағдайлардың біреуімен бекітілген, осыдан шығатыны егер бір келісім шартпен екі құлды сатып алған тұлға, олармен бірге иелікке кіретін болса, ал содан соң олардың біреуінің кемшілігі салдарынан қайтаратын болса, ал басқа құл қаза тапса, онда ол өлген құлдың бағасын төлеуі тиіс, бірақ қайтарылған құлдың бағасын төлеуден босатылады, құлдардың бағасын анықтауда сатып алушы арқылы осы құлдарды сатқан күні әрқайсысының құнына назар аудару керек. Егер жақтар өлген құлдың құнына байланысты келіспесе, онда сатушының арызына сенім беріледі, өйткені ол жауапкер немесе қарсылық көрсетуші жақ болып табылады, немесе екі жақта баға төленбегендігімен келіссе және сатып алушы өлген құлдың құнын төмен бағамен төлеу туралы арызға негізделсе, онда ол өлген құлдың құны жоғары болғанын сатушы мақұлдай отырып, ол тек көп емес сомманы ғана беруі тиіс. Егер екі жақ дәлелдер ұсынса, онда артықшылық сатушының дәлеліне беріледі, өйткені олар арқылы көп дәлелденеді, әсіресе, - өлген құлдың бағасының артықтығы. Осының себебі, ант беру кезінде шындыққа назар аударылады, немесе әр жақтың ант берулері басқа жақтың ант берулеріне қарама-қарсы, және әрбір жаққа заттардың шынайы жағдайы белгілі, ант берудің негізі осы жағдайдың шынайы жағдайына орнатылуы тиіс, сатушы шынайы жауапкер болғандықтан онда оның ант беруіне сенім берілуі тиіс. Керісінше, куәгерлік жауап беру кезінде, немесе заттың шынайы жағдайымен таныс болмауы салдарынан көру мүмкіншілігіне назар аударылады, онда осыдан өте маңызды жауаптарға сенім беру керек, онда сатушы мүмкін осы жағдайда талапкер болуы мүмкін, өйткені ол өлген құл үшін үлкен сомма талап етіп отыр. Сондықтан олармен келтірілген дәлелдерге артықшылық беру керек, өйткені олар сенімділіктің артық болуы салдарынан артықшылыққа ие бола алады. Келтірілгендерден мынаны шығаруға болады, Абу Юсуф өз ілімінің негізін жасаған «өлген құлға қатысты сатушының бағасына арыз беру керек және олардың келтірген дәлелдеріне егер де екі жақ ант бергеннен соң, өлген құлдың бағасы жайлы дау-дамайды жалғастыру жағдайында артықшылық беруге тура келеді».

Оның затын бергеннен соң, сату келісім шартын бұзудағы баға жайлы дау-дамайдың жағдайы. Егер кімде-кім құлды сатып алса және оның иелігіне қабылдаса,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

содан соң жақтар сату келісім шартын бұзуға келіссе, онда баға жайлы дауласатын болса, онда екі жақта ант берулері тиіс, онда кейін алғашқы сатылым қайта қалпына келтіріледі, ал оны бұзу жайлы келісім шарт жарамсыз болып табылады. Осыдан екі жақтың да ант берулері сатуды бұзу кезінде киелі кітаптарға негізделмегенін байқауға тура келеді, өйткені онда бар тапсырмалар пайда болған сатуларға қатысты болады, бірақ сату оны бұзғаннан соң өз қызметін тоқтатады, немесе бұл бұзылу жақтарға қатысты сатуды бұзу болып табылады. Сондықтан өзара ант беру аналогияға негізделген, ал әсіресе болжамдауға, сатушы оны бұзғаннан соң қайтадан затын алмайды, осы жағдайда өзара ант беру аналогияға қайшы келмейді, ол онымен келіседі. Бұл негіздеме аналогия тарапынан сатуды бергенге дейінгі жағдайда қолданылады, (мысалы, қожайын мен жалға беруші арасында олардың келісім шартына байланысты жалға беру мерзімі аяқталғанға дейін дау-дамай туындаса, осы жағдайда екі жақта сатып алушыға сатылған затты бергенге дейін сату салдарынан ант беріледі). Дәл осындай бастама оның жағдайы мен өзінің жағының жағдайы арасындағы аналогия салдарынан келіскен жақтың мұрагеріне пайдаланылады, (мысалы, сатып алушының мұрагері мен сатушының мұрагері арасында дау-дамай жағдайында сатушы мен сатып алушының ант берулеріндей, олардың екеуі де ант берулері тиіс). Осы негіздемеде біз мынаны орнатамыз, заттың құны сату затын жойғаннан соң оны сапасына тиесілі сатушының иелігінде болған, сатып алушының емес (мысалы кімде-кім сату затын¹ өлтірсе), үшінші тұлғаның кесірінен екендігін, және де сатушы арқылы сатып алушыға бергенге дейін қандай жағдайда өлтіруші сатылған заттың орнын алмастыратын оның құнын төлеуі тиіс. Осыдан егер сатушы мен сатып алушы баға жайында дауласатын болса, онда олардың екеуінде ант берулері тиіс, ал сатылым бұзылуы тиіс, және сатушыға егер де зат болған болса, сол затқа қанша төленді соның құнын беруге тура келеді. Осыдан, бірақ егер сатушы сатуды бұзғаннан соң затты алатын болса, содан соң олар мен сатып алушы арасында баға жайлы дау-дамай туындаса, онда Абу Ханифа мен Абу Юсуф бойынша олар ант берулері керек. Имам Мұхаммедтің мақұлдауынша осы жағдайда жақтарға тағалиф немесе өзара ант берулер ұсынылады, өйткені мұнда (олардың пікірінше) ант беру аналогияға сәйкес келеді.

Баға алдын-ала төленгендіктен және жақтар келісім шартты бұзуға келісетін болса, бірақ алдын-ала төленген соммаға дауласып жатса, онда сенімді сатушының мақұлдауына беруге тура келеді.

¹ Құл немесе жануардың сатылғанын болжай отырып.

Егер кімде-кім салым келісім шартымен тауықтарды¹ бидайды 10 дарагимге сатып латын болса, ал содан кейін осы келісім шартты жақтар бұзуға келісетін болса, онда баға жайлы дауласатын болады, онда алдын ала ақша алған сатушының арызына сенуге тура келеді, саям келісім шарты қайта қалпына келтірілмейді, және бұзу өз күшінде қалады, өйткені саям түрінде сату жағдайындағы осындай бұзушылық тек келісім шартты бұзу емес, сондай-ақ саям келісім шартының қайта қалпына келмеуі тарапынан (сатудың қарапайым келісім шартын бұзуға қарама-қарсы) оны жояды. Осыдан, егер алдын ала төленген баға алдын ала ақшасын алған зат пен тұлғадан құралса, олардың кемшілігі салдарынан осы заттарды сатып алушыға қайтаруды

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

төлейді, және қазы екі жақтың келісімімен шешімді қаулы етеді, егер заттар сатып алушыға қайтарлығынға дейін жойылса, онда саям келісім шарты қалпына келтірілмейді. Сатудың қарапайым келісім шарты осындай жағдайларда қайта қалпына келтірілген, және осы жағдай сату келісім шарты мен саям келісім шарты арасында айырмашылық бар екендігін дәлелдейді.

Жасаулар жайында ері мен әйелінің арасындағы дау-дамай жағдайы.

Егер күйеуі мен әйелі қалың малы жайлы немесе неке жабдықтары жайлы дауласатын болса, сондай-ақ күйеуі былай деп мақұлдаса, ол 1000 дарагим еді, ал әйелі – екі мың дарагим болды десе, онда дәлелдер көрсеткен жаққа сенім берілуі тиіс, немесе осы жақтың арызы анықталады, егер де екі жақ дәлелдер ұсынатын болса, немесе олармен осы жақтың арызы анықталады, егер де екі жақта дәлелдерін ұсынса, онда әйелінің дәлелдері қабылданады, өйткені олар арқылы көп дәлелденеді. Осы жағдайда әйелдің талап ететін махри-мислы. Егер бірде бір жақ дәлелдер ұсынбаса, онда (Абу Ханифаға сәйкес) олар ант берулері тиіс, бірақ келісім шарт бұзылмайды, өйткені ант берудің жалғыз салдары мынада, ол жасауға қатысты келісімі шартты жояды, егер де келісім шарт мүлдем болмағанда, онда ол некеге қатысты күмән туғызбайтын еді, ал бұл тек неке келісімі шартының екінші дәрежедегі керек жарақтары. Басқа істе, сату жағдайы, өйткені рнда бағағақатысты келісім шарттың жойылуы келісім шартты бұзатын болса, онда сату да оған сәйкес бұзылады. Қарастырылып отырған жағдайда, жақтардың әйелге ант бергеннен соң оларға шамалас жасаулар тағайындауы керек. Егер басқа жағынан, әйелдің шамалас қалың малы және күйеуі арқылы мойындалған соммасы тең болса немесе егер олардың шамалас жасауларын мойындап тұрғанның өзінде, қазы ерінің пайдасына қарай шешімді қаулы етуі тиіс, өйткені келтірілген дәлелдер оның жағында. Егер әйелдің шамалас жасаулары өзі талап еткенге тең болса, онда қазы оның пайдасына қарай шешімді қаулы етеді. Егер ері арқылы мойындалған және әйелінің талап етіп отырған шамалас жасауларына байланысты, қазы шамалас жасауларды әйеліне табыстауы керек, өйткені орташа өлшемнен құралған шамалас жасауларға қарағанда, екі жақта ант бергеннен соң үлкен де, кіші де

¹ 12 түйе жүктері.

соммалар анықталмаған. «Хидояның» авторы мынаны байқайды, жақтардың өзара ант берулері мен шамалас жасауларды табыстау жайлы келтірілген ілімі Кархидің ілімі болып табылады, және ол айтылған жасаулардың болуына негізделгенліктен, жекеменшік және шамалас жасауларға назар аударылмайды, ал жақтардың өзара ант берулері оның жоюдың құралы болып табылады, онда бұл ант беру барлық келтірілген жағдайларда шамалас жасаулар әйелдің талаптарына сай келеді ме, жоқ әлде ерінің талаптарына тең бе немесе одан аз ба, көп па содан тәуелсіз жақтар арқылы келтіріледі. Имамдар Абу Ханифа мен Мұхаммедтің пікірлерінше, тез табысқа жету үшін ерінің ант беруден бас тартуынан шыға отырып, ант беруге алдымен ерін алып келу керек, немесе оның ісін бірінші болып жасаулар ұсынатын болса, онда сатушы мен сатып алушы арасындағы дау-дамай кезінде бірінші болып сатып алушы ант бергендей, ол да бірінші болып ант беруі тиіс. Егер ері мен әйелі жасауларға байланысты дауласатын болса, сондай-ақ ері былай деп мәлімдесе, ол белгілі құлды беруге келісті, ал әйелі – белгілі бқұлды тағайындады, онда осы жағдайда ереже дәл

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сондай, яғни егер әйелдің жекеменшік жасаулары құлдың құнына тең болса, онда қазы шешімді ерінің пайдасына қарай шешеді, бірақ егер күннің құнынан тең немесе одан да көп болса онда әйелінің пайдасына шешіледі. Осы жағдай арасындағы жалғыз өзгешелік мынада, егер құлдың құны шамалас жасауларға тең болса, онда әйелі құлдың өзіне емес, құнға ғана құқығы бар, өйткені ол өзінің ерінің келісімінсіз құлды иелене алмайды, осы жағдайда болжағанымыздай оған берілмеген де.

Жалға беру төлемі немесе келісім шарттағы затты бергенге дейінгі жалға берудің мөлшері жайлы иесі мен жалға беруші арасындағы дау-дамайдың жағдайы. Егер келісім шарттағы затты бергенге дейін иесі мен жалға беруші арасында жалға беру төлемі мен жалға берудің көлемі жайлы дау-дамай туындаса, онда олардың екеуі де ант берулері тиіс, содан кейін келісім шарт бұзылады және екі жақта олар керектісін қайтарады. Бұл жердегі себеп мынау, мүлікті сатып алушыға бергенге дейін дау-дамай жағдайындағы сату келісім шартының өзара ант беруі жоғарыда түсіндіргеніміздей, аналогияға сай келеді, бірақ далға берілген мүлікті бергенге дейінгі жалға беру оның затын бергенге дейінгі сатуға тән (әсіресе қарастырылып отырған жағдай осындай). Сондықтан егер жақтар жалға беру төлемінің мөлшері дауласатын болса, онда алдымен ант беруге жалға беруші келтірілуі тиіс, өйткені ол рентаны төлеу міндетінен бас тартып отыр. Егер дау-дамай жалға беру затының көлемі жайлы болса, онда алдымен ант беруге оның иесі келуі керек. Егер олардың береуі ант беруден бас тартса, онда басқа біреудің арыздары дәлелденген болып есептеледі. Егер олардың біреуі дәлелдер ұсынса, онда оның талаптары орынталыған. Бірақ егер екеуіде дәлелдер ұсынатын болса, онда артықшылықты жалға беру төлемі жайлы дау-дамай кезінде иесінің дәлелдеріне беру керек, ал жалға берушінің дәлелдеріне – жалға беру мөлшері жайлы дау-дамай кезінде беріледі. Егер дау-дамай екі пунктке де қатысты болса, онда сенімді әрқайсысына беруге тура келеді, өйткені олармен жақтардың талап ету артықшылықтары расталады. Мысалы: иесінің мақұлдауынша, жалға беру келісім шарты он дарагим соммасында бір айға жасалған, ал жалға беруші – бес дарагимге екі айға жасалған; осы жағдайда қазы келісім шарт екі айда бес дарагимге жасалғанын мойындауы тиіс.

Келісім шарттағы затты бергеннен соң дәл сондай түрдегі жағдай. Егер иесі мен жалға беруші келісім шарттағы затты бергеннен соң дауласатын болса, онда олар ант беруге келтірілмейді, онда біздің ғалымдарымыздың пікірінше тек қана жалға берушінің жауабына сенім беріледі. Абу Ханифа мен Абу Юсуфтың пікірінше келісім шарттағы затты жою өзара ант беруге кедергі болатының болжайды. Имам Мұхаммедтің пікірінше, келісім шарттағы затты жою жайлы ілімі өзара ант беруге кедергі емес, ол тек сату затына ғана арналады, және сату заты баға ретінде қарастырылуға негізделген, және екі жақтың ант берулері баға тиесілі болады. Егер өзара ант беру туралы ереже осы қарастырылып отырған жағдайда жіберілген болса, және келісім шарт бұзылатын болса, онда осыдан жалға берілетін зат баға ретінде қарастырылмайды, өйткені жалға берудің заты пайдалану немесе табыс болады, бірақ табыс ол баға емес, және қарастыруға жатпайды, осы келісім шарттың қарастырып отырған жағдайында мүмкін жоқ та шығар. Осы жағдайда өзара ант беру мүмкін емес болса, онда жалға берушінің арызына сенім беруге тура келеді, немесе ол жауапкер де және қарсылық көрсетуші жақ болып табылады. Егер басқа жағынан, иесі мен жалға

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

беруші мүлікті жалға беру бөлігін бергенге дейін дауласатын болса, онда екеуіде ант беруге келтіріледі, және келісім шарт қалған уақытқа қатынасы бойынша бұзылады. Өткен уақытқа қатысты айтатын болсам, онда оған қатынас бойынша жалға берушінің арызына сенім беріледі, өйткені жалға беру бұл келісім шарт, ол пайдалану ұзақтығы бойынша әр минутта қайта қалпына келтіріледі. Сондай-ақ, пайдаланудың әрбір кезеңіне жаңа келісім шарт сай келеді. Әйтпесе сату жағдайында болады, сату келісім шарты оның бүтіндей затына сәйкес келеді, солардың салдарынан мүмкін емес болған сатылым толығымен жойылған болып есептеледі.

Сатып алу туралы дау-дамайдың жағдайы. Егер иесі мен оның мукатабы сатудың мөлшері жайлы дауласатын болса, онда Абу Ханифаның пікірінше, ант беруге келтірілмейді. Екі оқушының пікірінше, олар ант берулері тиіс, содан кейін китабата келісім шарты бұзылады, өйткені китабаттың келісім шарты айырбасқа негізделген, және бұзылуға жатады. Сондықтан қарастырылып отырған жағдай, сату жағдайына ұқсас келеді, өйткені иесі төленген сомманы артығын талап етеді, оны мукатаб мойындамайды, басқа жағынан, оның иесі таласу шарты бойынша, мукатаб оларды сатып алудағы төлемі бойынша оны еркін деп мойындауды талап етеді. Сондықтан олар сату жағдайындағыдай, бірнеше дәрежеге дейін талапкер мен жауапкер болып табылады, олардың екеуі осының салдарынан ант берулері тиіс, баға жайлы дауласудағы сатушы мен сатып алушының ант бергеніндей. Абу Ханифаның тұжырымдауынша, құлға тікелей қатысты іс-әрекет етуде, сатып алу кедергілерді жоюға қарсы қойылады, бірақ мукатаб оны шынығында төлемейінше, ол еркіндікке қарсы қойылмайды. Сондықтан тек сатып алудағы мөлшерге сәйкес алауыздық қалады, ал бұл қатынас бойынша иесі тек талапкер болып қалады, ал мукатаб – тек жауапкер болып есептеледі (немесе бұл жерде әрбір жақтан талап ету мен қарсылыққа сәкестік жоқ, кебір келтірілген жағдайларда); соның салдарынан жақтар ант беруге тиіс емес, олар ант берумен бекітілген, жауаптарын мукатабтың арызына беруге тура келеді.

Үй мүлкіне қатысты ері мен әйелі арасындағы дау-дамайда дауласу заты өзінің табиғаты бойынша оның тұтынушылығы қызмет ететін жаққа беріледі. Егер ері мен әйелі үй мүлкіндегі затқа қатысты дауласатын болса, сондай-ақ әрқайсысы оған деген өз құқықтарын мақұлдайтын болса, онда бұл жағдайда егер дауласу заты ердің пайдалануы үшін лайық болса, онда ол еріне тапсырылады, ал егер әйелінің пайдалануы үшін лайық болса онда ол әйеліне тапсырылады, өйткені бірінші жағдайда мүмкіндік ерінің қарамағында, ал екіншіден - әйелінің жағында болады. Егер бірақ заттар еріне де әйеліне қатысты болатын болса, (мәселен ыдыс-аяқ) онда ол еріне тапсырылады, өйткені әйелдің өзі және оған қатысты барлық заттар ерінің иелігінде тұр, ал талапта артықшылық иеленушінің арызына беріледі. Бұл ереже затқа қатысты қолданылады, арнайы әйелдерге пайдалануға лайықты, немесе ең болмағанда осы заттар ерінің иелігінде болса да, онда олардың жаратылысы бойынша әйелдің керек жарак мүмкіндігі иеліктен шығатын жағдайлардан күштірек болады, сондықтан да олардан биік болады. Осы жерде айтылғандардың барлығы некенің немесе жақтар арасындағы ажырасудың шынайы болуын болжайды, осындай жағдайда заң жалғыз.

Егер дау-дамай ерлі - зайыптылардың арасынан тірі қалған және өлген ерлі-зайыптылардың мұрагері арасында болса, онда затты басынан ауыр

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қайғыны өткізіп отырған ерлі-зайыптыға беру керек. Егер, жақтардың біреуі өлсе, және өлген адамның мұрагерлері мүлікке қатысты бастан ауыр қайғыны өткізген ерлі-зайыптымен дау-дамайға түсетін болса, онда дауласып отырған заттар факт басынан ауыр қайғыны өткізіп отырған ерлі-зайыптының иелігі күмән келтірмейтіндігінен тәуелсіз осы ерлі-зайыптыға беріледі. Абу Ханифаның ілімі осындай. Абу Юсуфтың мақұлдауынша жекеменшік әйелдің¹ мүлкіне тән, әрбір зат ол зат әйелге де, еркекке де пайдалану үшін лайықты болатын болса, онда ол әйеліне берілуі тиіс, ал қалғандары өзінің жекеменшігін ант берумен мақұлдағаннан соң еріне беріледі, немесе болжамдау салдарынан әрбір әйел өзімен бірге өзінің жеке мүлкін алып келер еді, бұл мүмкін нәрсе, көрсетілген заттар осы мүліктің қатарында болған, ал бұл мүмкіндік иеленуші ретінде ерінің қолайлы жағдайын бұзады, бірақ қалған отбасылық мүлікке сәйкес ерінің иеленуші ретіндегі талаптары орнатылған болып есептеледі, немесе ешкімде оның пайдасына қарай болжамды бұзбайды. Имам Мұхаммедтің пікірінше,

¹ Арабша «джахиз» күйеуінің үйіне қалыңдықпен әкелінген кез келген киім мен үй мүлкін білдіреді.

тек ердің пайдалану үшін лайық заттар еріне ғана берілуі керек, ал әйеліне қатысты заттар әйеліне ғана беріледі, ал еркек те, әйел де пайдаланатын заттар Абу Ханифаның көрсетілген себептеріне байланысты ері мен оның мұрагерлеріне табысталуы керек.

Егер жақтардың біреуі – құл болса, онда зат еркін болған жаққа берілуі керек. Егер қарастырылып отырған жағдайда жақтардың біреуі құл болса және екі жақтың да өмір сүрулерінде жекеменшік туралы дау-дамай туындаса онда зат еркін жақтың пайдасына қарай берілу керек, өйткені еркін тұлғаны иемдену үлкен күшке ие болады; бірақ бір жақтың өлуінен зат тірі қалған жаққа беріледі, өйткені өлген адамның иелігі жоқ, ал тірі қалған кісінің иелігіне ештеңе де қарсы қойылмайды. Бұл Абу Ханифаның пікірі. Екі оқушының мақұлдауынша, түрлі жеңілдікпен пайдаланушы құл мен мукатаб еркін тұлғалармен осы қатынаста салыстырылған, өйткені олардың иелігі дауласу жағдайында ақиқатты болады.

Бөлім. Талап бойынша жауап беруге міндетті емес тұлғалар туралы

Куәгерлік жауаптармен бекітілген, егер бұл тұлға жаман атаққа ие болмаса, жүк, заклад немесе меңгеру (дауласу затын) туралы қарсылыққа алып келетін талап бойынша тұлға жауап бермейді. Егер жауапкер «белгілі қатыспаған тұлға оған дауласу затын сақтауға бергеніне» немесе «закладқа», немесе «ол өзі қатыспаған тұлғаға қатысты осы затты меңгергеніне» қарсылық көрсетсе және өзінің қарсылығын растауға куәгерлер алып келсе, онда ол мен талапкер арасында дауласу мен бәсекеге түсуге орын жоқ, және де «белгілі қатыспаған тұлға оған жалға затын бергеніне» қарсылық көрсетуге байланысты дәлелдер ұсынады немесе осы жағдайда жауапкердің куәгерлерімен оның иелігіндегі зат дауласу заты емес екендігі нақты белгіленген болса, жауапкер оларды сенімді тұлға ретінде иеленеді. Ибн - Шабирманның мәлімдеуінше, жауапкер жүкті, закладты, меңгеру мен жалға алуды дәлелдеу салдарынан талап бойынша жауапкершіліктен босатылмайды, немесе қатыспаған тұлғаның меншікті құқығын дәлелдеу мүмкін емес, өйткені оның тарапынан процесте оған жақ болатын ешкім жоқ, ал жауапкерді жауапкершіліктен талап бойынша босату

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қатыспаған тұлғаның меншікті құқығын дәлелдеуден тәуелді болып отыр. Басқа жағынан, біздің ғалымдар былай деп дәлелдейді, осы жерде ұсынылған куәгерлік жауаптардың екі мақсаты бар: біріншіден, қатыспаған тұлғаның өзінің құқықтарын ұсыну үшін уәкілдің болмауынан меншікті құқығын орнату, сәйкесінше, дәлелденбейді; екіншіден, талапкердің талаптан ауытқуы, ал соңғысы тікелей дұшпан болып табылатындықтан, онда тиісінше осы ауытқу жетістікке жетуі мүмкін. Осы жағдайда талапкер күйеуі арқылы оның әйелін орналастыру тапсырылған тұлғаға ұқсайды, ал әйелі куәгерлері арқылы күйеуінің ажырасуға рұқсат бергенін дәлелдесе, онда олардың жауаптары жіберілуі тиіс, өйткені оның уәкілі арқылы ажырасуды дәлелдеу емес, орналастыруды ескерту үшін қажет. Дәл осылай қарастырылып отырған жағдайда. Осыдан байқайтынымыз, осы жағдайда жауапкер затты закладқа беруге, өзінің арызы бойынша жауапкердің дәлелдерін ұсынуға дейінгі қатыспаған тұлға арқылы сақтауға қарапайым ұмтылу негізінде талап бойынша жауапкершіліктен босатылмайтынын байқау керек, немесе жауапкер қарсы жақты¹ өзі ұсынуы мүмкін, өйткені талап затына ие және оған жоғарыда айтылған арыз бойынша жоюды ойластыратын талапкердің талаптарына қарсы болжам жасайды. Сондықтан оның арызы тек қана куәгерлік дәлелдерді дәлелдеу арқылы ғана жіберілуі мүмкін, егерде біреу өзінің несие берушісіне былай деген болса: «Мен өз қарызымды басқа біреуге аудардым», осындай жағдайда оның арызының мынадай жағдайда ғана күші болады, ол дәлелдермен бекітілген болса. Ибн-Аби-Лейлий де дәл сондай пікірде, жауапкер оның арызы негізінде жауапкершіліктен босатылады. Абу Юсуфтың ақырғы пікірі мынада, егер жауапкер шынайы тұлға және біреудің алдауына түспегне болса, онда жоғарыда келтірілген ереже қызмет етеді, егер де ол алдау іс- әрекеттеріне масқараланған болса, онда өзінің арызын растау үшін де дәлелдерін ұсынатын болса жауапкершіліктен босатылмайды, немесе осындай тұлға кейде заңсыз түрде иеленген затты қайтарады, мысалы, саяхатшыға, кугерлердің қатысуынша соңғы засим осы затты оған сенімді тұлға ретінде береді, және ол осыны оның мүлігінің шынайы меншікті иесінен айыру үшін осылай жасайды. Сондықтан, егер жауапкер алдауға түскен тұлға болса, онда қазы одан дәлелдер қабылдамауы тиіс.

Немесе оның куәгерлерінің жауаптары жеткіліксіз болып ұсынылады. Егер де жауапкердің куәгерлері мынаны көрсетсе: «Бізге таныс тұлға осы затты оған сенімді тұлға ретінде берді», онда жауапкер екі себеп бойынша жауапкершіліктен босатылмайды: біріншіден, талапкердің өзі белгісіз тұлға болу мүмкін; екіншіден, егер де куәгерлер осы тұлғаны көрсетсе, онда талапкер оларды аңдуы мүмкін, және оларға талап ұсынуы да мүмкін, бірақ олар оның нақты бейнесін көрсетпегендіктен, талапкер оларды аңду мүмкіндігінен айырылған, және егер де осындай жағдайларда жауапкер жауапкершіліктен босатылған болса, онда талапкерге залал келтірілген болар еді. Егер де ары қарай кугерлер мынаны көрсетсе: «Біз көрсетілген тұлғаны сырттай білеміз, бірақ оның атын да, тегін де білмейміз», онда имам Мұхаммед бойынша дәл сондай ереже қызмет етеді, екінші келтірілген себептер бойынша. Керісінше, Абу Ханифаның пікірінше, осы жағдайда жауапкер жауапкершіліктен босатылады, өйткені ол дауласатын зат үшінші тұлғаның атынан сенімді тұлға ретінде алынғанын дәлелдейді, немесе кугерлерге соңғының сыртқы бейнесі белгігі болуы салдарынан (алдыңғы жағдайға қарама-қарсы) онда жауапкердің иелігі даулы болып табылмайды. Имам

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Мұхамедтің жауабына қарсы мынаны байқауға болады, немесе талапкердің өзі жауапкердің кім екенін ұмыта отырып, заладың себепкері

¹ Бір қатынаста ол талапкер ретінде қарастырылуы мүмкін.

болуы мүмкін, немесе заладың себепкері жауапкердің куәгерлері болуы мүмкін, бірақ жауапкердің өзі емес. (Бұл жағдай сот ісі кітабы бойынша махамза немесе бестік деп аталады, өйткені ол осы жерде көрсетілгендей бес түрлі пікірлерге себеп берді .)

Ол жауапкершілікке жатады, егер жекеменшік құқығына сүйенумен қарсылық көрсетсе. Егер жауапкер белгілі қатыспаған тұлғадан дауласу затын сатып алғанын айтуға қарсылық көрсетсе, онда ол талап бойынша жауапты жақ болып табылады, немесе жекеменшік құқығының күшіндегі затты иемденетініне арыздана отырып, ол өзі талап бойынша өзін жауаптымын деп мойындайды.

Немесе егер талапкер сенімді тұлға ретінде иеліктің дәлелдерін ұсынғанда, оны ұры немесе заңсыз иемденуші деп іздесе. Егер де ауыр істе талапкер жауапкерге былай десе: «Сен осы затты менен қоршап алдың» немесе: «Сен осы затты менен ұрлап алдың» десе, онда жауапкер дауласу затына қатыспаған үшінші тұлға арқылы сенімді тұлға ретінде берілгенін дәлелдесе де жауапкершіліктен босатылмайды, немесе мұнда талапкер талап бойынша жауапты осы затты қоршап немесе ұрлап алған болса. Басқа істе талапкер осы затпен өзінің жекеменшік құқығын абсолютті түрде мақұлдаса, осы жағдайда жауапкер осы затты иелену фактісінің күшіне ғана жауапкершілікке қатысты болады, осының салдарынан белгілі затқа жекеменшік құқығы туралы абсолютті талап белгілі бір акт бойынша негізделген, басқа тұлғаларға қарсы бағытталуы мүмкін фактілі иеленушіге қарсы жіберілуі мүмкін.

Сондай-ақ, егер ұрыны көрсетпей, ұрланған затты іздеген болса. Егер ауыр істе талапкер дауласу затына ие жауапкерге былай десе: «Бұл зат сенің иелегінде болған, менің жекеменшігім және менен ұрланды», ал жауапкер осыған қарсы шықса: «Қазіргі уақытта қатыспаған тұлға осы затты сақтауға берген» және өзінің қарсы шығуының дәлелдерін ұсынады, бірақ сонда да жауапкершіліктен босатылмайды. Абу Ханифа мен Абу Юуфтың заңның қолайлы түсіндірілуіне негізделген пікірлері дәл осындай. Имам Мұхамедтің пікірінше жауапкер осы жағдайда жауапкершіліктен босатылады, өйткені талапкер заттың ұрланғанына қатысты арызды оған қарсы емес, белгісіз тұлғаға қарсы бағыттайды, сондықтан осындай айыптаудың еш мәні жоқ, бірақ осыдан актіге негізделген талап қолдау таппайды. Тек қана жекеменшік құқығы жайлы талап қалады, ал мұндай талап жойылатын болса, онда дауласатын зат оған сенімді тұлға ретінде берілгенін дәлелдейді, онда осы жердегі жағдай дәл сондай, талапкер зат одан тартып алынғанын айтады, бірақ тартып алған кісіні атамайды. Абу Ханифа мен Абу Юсуф былай деп дәлелдейді, актіге нұсқаулар көрсету уәкілге деген шағымнан тұрады, ал болжам болса иеленуші уәкілмен аяқталады, бірақ талапкер жақсы ниетімен оны жазадан құтқару үшін айтпаған болар. Сондықтан бұл жердегі жағдай дәл сондай, егер де талапкер былай айтқан болса: «Сен осы затты ұрладың». Басқа істе, егер талапкер тартып алуда жауапкерге кінә тағатын болса, немесе осы жағдайда осы кінә дұрыс айтылған болса, бірақ затты тартып алғанын дәлелдеуге ниеті бар болғанына қарамастан, бұл жаза қолданылмайды.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бірақ мына жағдайда емес, егер талап сату салдарынан иемденуге негізделген болса. Егер талапкер жауапкерге былай десе: «Мен осы затты белгілі тұлғадан сатып алдым», ал жауапкер қарсылық көрсетсе: «Бұл тұлға маған затты сенімді тұлға ретінде берді» десе, онда жауапкер жауапкершіліктен босатылады, өзінің қарсылығына дәлелдер келтіруге міндетті болмайды, өйткені талапкер де, жауапкер де алғашқы дауласып отырған зат үшінші тұлғаның жекеменшігі болғанымен келіседі, осы затты оның иесімен ұстап тұру олардың арасынадағы дауласатын зат емес. Егер, бірақ талапкер былай десе: «Менің иелігіме осы затты алу үшін, белгілі тұлға мені уәкіл етіп тағайындады» десе және соны растау үшін дәлелдер ұсынатын болса, онда ол нағыз иесі үшін қарсы талапты жалғастыруға құқылы, өйткені дауласу затын иелену үшін куәгерлер алдында өзінің артықшылық құқығын дәлелдейді.

IV.Тарау

ЕКІ ТҰЛҒАМЕН ІЗДЕЛЕТІН ЗАТТАР ТУРАЛЫ

Егер бөлісетін зат ізделінетін болса және екі жақтан да дәлелдер тең болса, онда ол теңдей бөлікте екі талапкерге де табысталуы керек. Егер екі тұлға әрқайсысы жеке-жеке басқа біреудің иелегінде тұрған затқа жекеменшік құқығын іздесе, және әрқайсысы өзінің талабын растау үшін дәлелдер ұсынатын болса, онда қазы теңдей бөлікте екеуінің жалпы жекеменшігіне затты табыстау керек. Имам Шафиидің бір пікірі бойынша көрсетілген дәлелдер салдарынан біреуі басқа екеудің талапкерлеріне талап етуден бас тартулары керек. Оның басқа пікірінше, қазы жекеменшік құқығы кімге тиесілі екендігін анықтау үшін зеребе тастау тиіс. Осы пікірлерге қатысты келтірілген дәлелдер мынаған саяды, екі тұлғаның жеке-жеке бір затқа жекеменшік құқығының болуы мүмкін емес болғандықтан, осыдан келіп шығатыны, жақтардың біреуінің дәлелдері өтірік болуы тиіс, бірақ шындықты анықтау үшін өлшем болмағандықтан, екі талаптан да бас тарту керек немесе зеребеге жүгіну қажет; осы жағдайда Пайғамбар зеребе тастауды ұсынды, және осы істі шешті. Біздің ғалымдарымыздың дәлелдері екі түрлі болды. Біріншіден, Тами-Бини-Тирфамен келтірілген әңгімелер мыналар жайында, Пайғамбар түйе жайлы бір ісінде екі жақта олардың жекеменшік құқығы туралы дәлелдер ұсынғандықтан, түйені екеуінің жалпы жекеменшігі етіп тағайындады. (Осы имам Шафиимен келтірілген әңгімелерге қатысты, ол кішкентайынан мұсылмандық сенімге қаулы етіліп одан кейін бас тартқан Пайғамбарымыздың шешіміне сай келеді). Екіншіден, екі жақтың да дәлелдері арасындағы қарама-қайшылықты татуластыру мүмкін, бір жақтың куәгерлері иеленушінің жекеменшік құқығы жайлы негіздеме туралы айтатын болса, ал басқа жақтың куәгерлері – иелену құқығы туралы айтса, және осындайда әрбір жақтың дәлелдерінің гипотезасы шындыққа жанаспаса, онда әрбір жаққа жекеменшіктің жарты құқығын табыстау қаншалықты мүмкін екендігін олармен бірге сәйкестендіруге тура келеді.

Егер талап әйеліне қатысты болса, онда құқық оның арызына сәйкес табысталуы керек. Егер екі еркек әрқайсысы жеке-жеке өзінің әйелдерімен некелері жайлы арыз берсе және әрқайсысы өзінің талабына сәйкес дәлелдер келтіретін болса,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

онда қазы осы дәлелдер негізінде шешімді қаулы етпеуі керек, өйткені талап заты бөлістірілмейді, ол әрқайсысына жартылай берілмейді. Сондықтан қазы әйліге сөйлеуі керек және ол кімнің талабын мақұлдаса, соның әйелі етіп мойындалуы керек.

Немесе (егер куәгерлер неке уақытысын белгілесе) кімнің құқығы ерте пайда болды соның пайдасына шешетін болса. Бұл куәгерлер неке уақытысын белгілемегенге жатады, немесе егер олар осыны жасаса, онда артықшылықты ерте мерзімге жасалған жауаптарға беру керек. Егер басқа жағынан, жақтардың біреуінен дәлелдер келтіргенге дейін әйел талапкердің біреуінің пайдасына мойындау жасаса, онда ол оның әйелі болып есептеледі; бірақ егер басқа жақ өзінің талабын растау үшін дәлелдер ұсынса, онда қазы екінші талапкердің әйелі екенін мойындауы тиіс, өйткені дәлелдер мойындаудан да күштірек болады.

Әйелді бір талапкерге табыстау шешімі келісі талапкердің пайдасына өзгертілмейді, өйткені куәгерлер оның құқығы ерте пайда болғанын дәлелдей алады ма. Егер бір тұлға өзінің әйелімен некесі туралы айтса, ал ол мойындамаса, ол некені растау үшін дәлелдер ұсынса және қазы осыған келісе отырып, оның пайдасына шешімді қаулы етсе, ал содан кейін басқа тұлға келіп, сол әйелмен некесі туралы айтатын болса, онда осы жағдайда қазы өзінің шешімінен бас тартпауы тиіс, немесе жеткілікті негізде қаулы етілгендіктен ол тең немесе аз күшпен негіздеме бойынша жойылмауы мүмкін. Егер екінші талапкердің куәгерлері оның некесі уақытынан ерте орын алғанын байқаса, бірінші талапкердің куәгерлерінің жауаптарымен көрсетілгендіктен, онда осыдан екінші талапкердің жауаптарын артық көруге тура келеді, өйткені олар арқылы бірінші куәгерлердің қателіктері байқалды. Ері мен әйелінің бірге өмір сүргеніндей заң да дәл сондай және олардың некесінің жалпы белгілі болуынан үшінші тұлға сол әйелмен некесі жайлы айтатын болса, және өзінің арызына қатысты дәлелдер ұсынатын болса, онда осы жағдайда оның дәлелдері қабылданбайды, өйткені талапкердің құқығы әйелі ерімен тұрған кездегі құқығы ерте пайда болғандығын анықтады.

Егер екі тұлға сату құқығы бойынша құлды іздесе, онда олар осы құлды оларға табыстағаннан кейін олардың әрқайсысы оның бағасының жартысын төлейді немесе өзінің бөлігінен бас тартады. Егер екі тұлға басқа біреудің иелігінде тұрған құлға қатысты жекеменшік құқығын жеке-жеке іздесе, (мысалы, егер әрқайсысы былай деп мақұлдаса, осы мен басқа тұлғадан құлды сатып алдым) және өзінің құқығына қатысты дәлелдер ұсынса, онда осы жағдайда (қазы олардың жалпы меншігіне табыстау керек) олардың әрқайсысы жарты құлды жарты бағаға қабылдауы тиіс немесе өзінің бөлігінен бас тартулары керек. Осы жерде екі өкілетті емес тұлға үшінші тұлғаға қатысты екі тұлғаға бірдей зат сатқан, және меншік иесі екі сатылымды да бекітті, осы жағдайда сатып алушының әрқайсысының жартылай бағаға жарты затты қабылдауға еркі бар немесе мүлдем бас тартуға құқы бар, және қайтадан ақшасын алуға да құқылы, немесе ол келісім шартқа мынадай болжам бойынша келіскен ол бүтіндей затқа жайылатынына, заттың жартысын иемденуге келіскендігін айтуға болмайды, сондықтан өз қарауымен келісім шартты қабылдауға немесе одан бас тартуға еркі бар. Егер, бірақ осы қарастырылып отырған жағдайда қазы арқылы әрқайсысына оның жартысын тағайындаған соң, жақтардың біреуі бас тартатын болса, онда басқа жақ бүтіндей затты ала алмайды, өйткені оның жартысы олардың

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

көрсетілген дәлелдері негізінде басқа біреумен табысталған болатын, және осы жақтың бас тартуынан кейін оның жарты бөлігі маңызсыз болып қалады. Егер де жақтардың біреуі қазының шешімі қаулы етілгенше осы заттың жартысынан бас тартатынын айтқан болса, немесе басқа жақ осы затты бүтіндей алуға құқығы болса, онда талап бүтін затқа жасалған, затты бүтіндей алу үшін кедергілерді жою салдарынан (әсіресе, басқа жақтың қарсылығынан) қазының шешімімен заттың қандай – да бір бөлігін сатуды шынымен жойғанға дейінгі талапкердің бас тартуымен, ал басқа жақ өзінің талабының бүтіндей затын алуға құқылы. (Бұған, екі шафидің біреуімен жасалған екеуінің пайдасына қазының шешіміне дейін салыстырмалы сатып алу құқығынан бас тарту тән. Бірінші жағдайға екеуінің пайдасына қазының шешімінен кейін салыстырмалы сатып алу құқығынан шафидің біреуінің бас тартуы тән болады).

Бірақ егер олармен сатып алу уақыты белгіленген болса, онда құл бірінші сатып алушыға берілуі тиіс.

Егер осы қарастырылып отырған жағдайда екі талапкерде дауласатын заттың сатып алу уақытын белгілесе, онда ол бірінші сатып алушыға берілуі тиіс, немесе мүмкін олар құқықтарын олардың қарсыластары болмаған кезде иемденген болар, және сондықтан басқа талапкердің алдыңғы талабының күші жоқ. Егер жақтардың біреуі сатып алу уақытын көрсетсе, онда шешім оның пайдасына қарай қаулы етілуі тиіс, немесе ол белгілі уақытпен өзінің талабының пайда болуын нақты анықтайды, ал уақыттың басқа жағы белгіленбеген болса, онда ол затқа қатысты уақытты басқа жақ белгілеген соң сатып алды ма соған күмән келтіреді, және қазы (осындай күмән салдарынан) оның пайдасына қарай шешімді қаулы ете алмайды. Егер жақтардың біреуі уақытын белгілімесе және олардың біреуі затқа ие болса, онда артықшылық иеленушінің талаптарына ие болады, немесе мүмкін, оның иелену құқығы ертеректегі сатып алуынан пайда болады, сондай-ақ, бірдей дәрежеде иелену фактісінің талаптарын орнату салдарынан күмән келтірмейтін, күмәнді жағдайлармен теңселуі мүмкін емес. Дәл сондай ереже талапкердің біреуі затқа ие болғанда қолданылады, ал басқа талапкердің куәгерлері осы затпен сатып алу уақытын орнатады. Бірақ егер де куәгерлер зат оның иеленушісінен бұрын алынғанын көрсетсе, онда ол оған берілуі тиіс, өйткені ерте сатып алудың оң дәлелі оң құқықты орнатады, сондай-ақ иелік тек болжамалы құқықты ғана орнатады.

Егер жақтардың біреуі сатып алу негізінде іздесе, ал басқасы – сыйлау мен иелену фактісі негізінде іздесе (құқықтың пайда болу уақытын орнатпайынша), онда зат сатып алушыға берілуі тиіс.

Егер екі тұлға белгілі затты іздесе, біреуі – сатып алу негізінде, екіншісі – иеліктің фактісі мен сыйлау негізінде іздесе, және әрқайсысы олардың құқықтарының пайда болу уақытын көрсетпейінше өзінің талабының дәлелін ұсынатын болса, онда бұл жағдайда артықшылықты сатып алудың дәлеліне беру керек, немесе сатып алу сыйлауға қарағанда, өте қатаң келісім шарт болып табылады, сондай-ақ, сатып алу жекеменшік құқығы болып табылады, сыйлаудан меншік құқығының пайда болуы арасында сыйлаған кісі тарапынан қабылдаудан тәуелді болады. Егер біреуінің талабы сатуға негізделсе, ал басқаның талабы – иеліктің фактісі мен құрбандық шалуға негізделсе, ал қалған жағдайлар жоғарыда келтірілгендей болса, онда жоғарыда келтірілгендей себеп бойынша да дәл сол ереже қолданылады. Егер де талаптың біреуі

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

иеліктің фактісі мен сыйлауға негізделген болса, ал басқаның талабы – құрбандық шалу мен иелікке негізделген болса, онда қазы олардың талаптары біркелкі және біреуінің де басқа біреуге артықшылығының жоқтығы салдарынан теңдей бөлікке екеуінің жалпы жекеменшігіне затты табыстауы тиіс.

Қарсылық. Артықшылық сыйлауға негізделген талап алдында құрбандық шалуға негізделген талапқа берілуі керек, өйткені сыйлау міндетті емес, немесе сыйлаушы сыйлықты кері айналдыруы мүмкін, құрбандық шалу міндетті және қайта алынуы мүмкін.

Жауап. Артықшылық тікелей іс-әрекет ететін және қолма-қол жағдайлардың салдарынан талапқа берілуі тиіс, бірақ сыйлықты айналдыру заңдылығы мен құрбандық шалуды айналдырудың заңсыздығы болашаққа жатқызылады, ал қазіргі де жағдайлар бірдей. Осыдан жалпы жекеменшікке затты табыстау туралы сыйлау мен құрбандық шалуға негізделген талаптардың теңдігі туралы ілім екенін байқауға болады, яғни дауласатын зат бөлістірілетін зат болып табылған жағдайда қатысты болады. Бөлістірілетін затқа қатысты түрлі алауыздықтар бар: кейбіреулері былай деп мақұлдайды, осы жағдайда да дәл сол заң қолданылады, басқа біреулердің пікірінше, осы жағдайда заң басқаша, өйткені заңсыз болып табылатын белгісіз жекеменшікке қатынасы бойынша сыйлауды жіберуге тура келер еді.

Сатып алу негізінде іздейтін, және неке келісім шарты негізінде іздейтін тұлға бірдей жағдайда тұр. Егер екі тұлға бір затты іздесе, біреуі сатып алу негізінде, ал басқасы (әйел) – оны иесі әйелге үйленсе және оның жасауына осы затты белгілесе, онда осы жағдайда екі талапкердің жағдайы бірдей, өйткені әрқайсысының талаптары бірдей, ал сатып алу келісім шарты, және де неке келісім шартында келісім шарттың мәні де екі түрлі, және екеуіде жекеменшік құқығының негізі болып табылады. Осылайша Абу Ханифа мен Абу Юсуф шешеді. Имам Мұхаммедтің пікірінше, артықшылықты сатып алуды келісім шарттан шығатын талапқа беру керек, ал еріне дауласатын заттың құнын әйелінің алдында оған жауапкершілік ретінде жүктеу қажет, осындай тәсілмен артықшылық сатып алуға негізделген талапқа беріледі, және екі талапкердің де талаптары қанағаттандырылады.

Заклад пен иелену келісім шартына негізделген талап, сыйлау мен иелену фактісіне негізделген талап алдындаға артықшылығы қанағаттандырылады. Егер екі талапкердің біреуі заклад пен иелену келісім шартына өзінің талабын негіздесе, ал басқасы – сыйлау мен иелікке негіздесе, және әрқайсысы өзінің талабының дәлелін ұсынатын болса, онда заклад келісім шартына негізделген артықшылық талапқа беріледі. Бұл заңды қолайлы түсіндіруге негізделген. Аналогия бойынша артықшылықты сыйлау келісім шартынан шығатын талапқа берген дұрыс болар еді, немесе сыйлау жекеменшік құқығын жасайды, ал заклад осындайды жасамайды. Өте қолайлы түсіндірудің себебі мынада, заклад келісім шартына негізделген иелену, сыйлау күшіне иелік ету үшін орын болмағандықтан жауапкершілік тудырады, бірақ жауапкершілік тудыратын келісім шарт онымен байланысты емес келісім шарттан да қаталдау болады. Басқа істе, егер сыйлық басқа затқа айырбастауға жасалған болады, осындай сыйлау ақырғы қорытындыда сату болып табылады, ал сату закладтан да қаталдау.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бірдей негізделген екі талапкерден ертерек пайда болған құқығынан шығатын жағдай қанағаттануға жатады.

Егер екі тұлға үшінші тұлғаның иелігінде тұрған бірдей затқа жекеменшіктің абсолютті құқығын іздеп жүрсе, және әрбір талапкер өзінің құқығының пайда болу уақытын белгілесе, онда дауласатын зат кімнің құқығы ерте пайда болды соған беріледі, немесе осы тұлғамен бір рет иемделген жекеменшік құқығы тек содан ғана басқа біреуге өтеді, ал басқа талапкер ол кезде одан жекеменшік құқығын иемденбейді.

Сол негізде сатып алу келісім шартынан шығатын және бір тұлғаға қарсы ұсынылған екі талапкер қанағаттандырылады. Егер екі тұлға үшінші тұлғаға қарсы өзінің иелігінде ешбір дауласатын заты болмайтын, сатып алу келісім шартына негізделген талапты ұсынатын болса, және әрбір талапкер сатып алудың дәлелін ұсынса, және иемдену уақытын көрсетсе, онда затты иемдену үшін ерте уақыт белгілеген тұлғаға беріледі, немесе оның қарсыласы болмаған кезде, оның құқығы ерте пайда болғанын дәлелдеген болар еді.

Егер талап екі тұлғаға қарсы жасалатын болса, онда зат теңдей бөлікте екі талапкерге де беріледі. Егер екі тұлға сатып алу келісім шартынан талапты ұсынатын болса, талапкердің біреуі Заидтан дауласатын затты сатып алғанын растау үшін дәлелдер ұсынса, ал басқасы – осындай затты Омардан сатып алғанын және оны растау үшін дәлелдер ұсынатын болса, және әрбір жақтың куәгерлері осындай сатып алу қашан орын алғанын анықтайтын болса, онда екі талапкердің жағдайы бірдей, өйткені әрқайсысы затты иемденген тұлғаның меншікті құқығын дәлелдейді, ал сондықтан да екі сатушы да бетпе - бет өздерінің құқықтарын іздейді. Сондықтан талапкердің әрқайсысы заттың жартысын жарты бағаға алуға құқылы, немесе жоғарыда келтірілгендей негіз бойынша заттан бас тартуға құқылы. Егер бір жақтың куәгерлері төлемнің белгілі мерзімін белгілесе, ал басқа жақтың куәгерлері оны көрсетпесе, онда қазы әрқайсысына жартысын табыстау керек, немесе несиенің жалғасуы сатып алу келісім шартын жасау уақытын белгілеуге негіздеме бермейді, мүмкін тіптен, басқа тұлғаның жекеменшік құқығы ерте пайда болған болса, онда осы жағдайды сатушы екі түрлі болжайды. (Басқа істе, егер тек бір ғана сатушы болса, онда осы жағдайда екі жақта жекеменшік құқығын бір сатушыдан жасайды).

Егер тек талапкердің біреуі затты иемдену уақытысына дәлел келтірмесе, осы жағдайда ол оған табысталады. Егер, бірақ талапкердің біреуі иемдену уақытысын дәлелдесе, басқасы дәлелдемесе, онда шешім біріншінің пайдасына қаулы етілуі тиіс.

Егер төрт талапкер төрт түрлі тұлғадан иемденген затқа жекеменшік құқығын іздеген болса, онда зат оларға бірдей бөлікте беріледі. Егер бір тұлға Заидтан алынғандай затты беруді талап етсе, басқасы Омармен сыйланған зат ретінде, үшіншісі - әкесінен мұра ретінде қалғанын, төртіншісі – белгілі тұлғамен құрбандық шалу арқылы заттың алынғанын айтса, және осы төрт талапкердің әрқайсысы өзінің талаптарына дәлелдер ұсынса, онда қазы оларға затты төрт теңдей бөлікке бөліп беру тиіс, өйткені олардың әрқайсысы өздерінің құқығын әртүрлі тұлғадан жасайды. Біз осы жерде дәл сондай жағдайға тап болып отырмыз, егер де төрт тұлға мәжіліске келсе, және әрқайсысы өздерінің абсолютті жекеменшік құқығын дәлелдеген болса.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Иеленушімен ұсынылған дәлелдер, талапкердің дәлелі алдында артығымен жіберілуі тиіс, бірінші дәлел ретінде құқықты ерте иелену кезеңі орнатылса. Егер талапкер белгілі уақытта затқа жекеменшік құқығын орнату үшін дәлелдер ұсынатын болса, ал заттың иеленушісі өзінің құқығының ерте пайда болуы кезеңін орнату үшін дәлелдер ұсынса, онда артықшылықты иеленушінің дәлеліне берген дұрыс. Абу Ханифа мен Абу Юсуфтың пікірлері осындай. (Бір аңыз негізінде), имам Мұхаммедтің пікірі де осындай. Бірақ басқаша аңыз бойынша имам Мұхаммед иеленушінің дәлеліне артықшылық беруге болмайды, (және ол осы пікірге сәйкес шешім қаулы етті) немесе әрбір жақ өзінің абсолютті жекеменшік құқығына қатысты дәлел ұсынған болатын, бірақ осы құқықтың негізін көрсетпейді, онда осы жағдайда құқықты иемдену уақыты мәнді емес. Абу Ханифа мен Абу Юсуф былай деп дәлел келтіреді, кімде-кім белгілі бір уақытта затқа жекеменшік құқығын орнатқан болса, осы затқа басқа тұлғаның жекеменшік құқығы тек бірінші тұлғадан иемделуі мүмкін, бірақ қарастырылып отырған жағдайда талапкер ол жекеменшік құқығын иеленушіден алғанын мақұлдамады, сондықтан артықшылық соңғының дәлеліне беріледі.

Егер талап абсолютті түрде берілсе, онда талапкердің дәлелдеріне артықшылық бар. Егер талапкер мен иеленуші олардың әрқайсысына абсолютті түрде жекеменшік құқығын растау үшін дәлелдер ұсынатын болса (иемдену тәсілі мен құқық негіздемесін белгілемесе де болады) және бір жақтың куәгерлері құқықты иемдену уақытын орнатса, ал басқа жақтың куәгерлері – орнатпаса, онда осы жағдайда (Абу Ханифа мен имам Мұхаммедпен келісе отырып) талапкердің дәлелін артық көрген дұрыс. Абу Юсуфтың мақұлдауынша, талапкердің дәлелін артық көруге тура келеді, егер олар арқылы уақыт (және дәл осындай бір аңыз бойынша Абу Ханифаның пікірінше) орнатылады, немесе құқықтың иемденуін дәлелдейтін талапкердің меншікті құқығы өткен кезде белгіленген, сондай-ақ, басқа жақтың құқығы секілді, куәгерлер уақыт жайлы ескертпесе, онда ол қазіргі кезде орнатылған, ал өткен күнгісі қазіргіге сай келсе, дәл осындай негізде егер де екі талапкердің біреуі сату келісім шартының негізінде олармен келісім шарт жасау уақытын дәлелдесе, ал басқасы дәлелдемесе, онда осындай жағдайда артықшылық біріншінің дәлелдеріне беріледі. Имамдар Абу Ханифа мен Мұхаммед былай ойлайды, дауласатын заттың иелерімен ұсынылған дәлелдер тек талапкердің талаптарының жалған екендігін ашып тастағанда ғана жіберіледі, немесе осы қарастырылып отырған жағдайда теленушінің талаптарының осындай қасиеті болмаса, немесе күмәнді болып табылса, талапкер иесінен осы затты иемдену мүлдем жоқ па, бірақ мүмкін егер де талапкердің куәгерлері иемдену уақытын белгілесе, онда осы иемдену өте ерте болар еді. Сондықтан артықшылық талапкердің дәлеліне беріледі.

Дәл сондай ереже дауласатын зат қозғалмайтын мүлік болған кезде қолданылады.

Дәл сондай алауыздық екі талапкердің иелігінде тұрған дауласатын үйге де қатысты болады, Абу Ханифа мен имам Мұхаммедтің пікірінше, үй олардың иелігінде қалу керек, және сол немесе басқа жақтан көрсетілген дәлелдерге мән берудің еш қажеті жоқ, сондай-ақ Абу Юсуфтың пікірінше, шешім иемдену уақытын белгілеген жаққа қарай қаулы етілуі тиіс. Егер де бірақ та осындай жағдайда үй үшінші тұлғаның қарамағында болса, онда осы жағдайда Абу Ханифа бойынша, екі талапкерде бірдей

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жағдайда тұр: ал Абу Юсуфтың пікірінше, артықшылықты сол талапкердің дәлеліне беру керек, иелену уақытысын белгілегенге. Басқа жағынан, имам Мұхаммед былай тұжырым жасайды, иемдену уақытын белгілемеген талапкердің дәлелін артық көрген дұрыс, егер де тұлға жекеменшікті абсолютті түрде іздеу себебінен едәуір жекеменшік құқығын іздеген болса, иемдену уақытысын белгілемей-ақ, өзінің талабын дәлелдесе, онда ол иемдену уақытын белгілейтін тұлғаға қарағанда құқығы көп болады, еңбек салдарынан иемдену үшін уақытты белгілеу жағдайындағыдай. Абу Юсуфтың дәлелінше, иемдену уақытын белгілеу белгілеген уақытта талапкердің жекеменшік құқығын куәландырады, сондай-ақ иемдену уақытын белгілемегенде екі жағдай болуы мүмкін, күмәнді болып қалуы, басқа біреудің құқығы ерте немесе содан кейін пайда болды ма, ал сенімділік әрдайым артықшылық беретіндіктен, онда иемдену уақытын белгілеген талапкердің талабы куәландырылады, сондай-ақ, егер де екі тұлға бір заттың алғандығын айтса, және олардың біреуі иемдену уақытын белгілесе, басқасы белгілемейді. Абу Ханифаның дәлелдері мынада, талапкердің біреуімен иемдену уақытын белгілеу құқықтың біріншілік немесе келесі пайда болуы жайлы болжамды жібереді, және басқаның абсолютті талабы мынадай екі болжам жібереді: екеуінің талаптары бірдей жағдайда тұр. Басқа істе, егер екі сатып алушыдан біреуі иемдену уақытын көрсетсе, ал басқасы көрсетпесе, немесе сатып алу болашақта кірмелі жағдай болатын болса, онда күмәнді жағдайларда жақын арадағы кезеңге жатады, сондықтан осы жағдайда артықшылық иемдену уақытын белгілеген тұлғаның жағында болады.

Приплод талабының жағдайы. Талапкер секілді иеленуші де өнімді куәландыруда дәлелдер ұсынатын болса, мысалы, егер әрқайсысы «сұраушының иелігінде болған және оны туған белгілі түйеден осындай түйе пайда болса» деген дәлелге куәгерлерді белгілесе, онда осы жағдайда иеленушінің талаптарын құрметтеуге тура келеді, немесе дәлелдер осындай жағдайды растау үшін ұсынылған болса, иелену фактісінің салдарынан мүмкін болатын болса онда осыдан талапкер мен иеленушінің жағдайы олардың арыздарына қатысты және дәлелдеріне ұқсас келеді, ал иеленуші дәлелінің засимі иелену фактісі салдарынан мүлікті ала алады, сондықтан қазы түйені оған беру керек. Бұл жалпы қабылданған ілім. Иса ибн Айям басқа пікірде: оның мақұлдауынша, екі жақтың да дәлелдері бір біріне қарсы келсе, онда олар оны қабыл алмайды, ал түйені нағыз иесінің қолына қалдыру керек, бірақ қазының шешімі бойынша соңғысына беруге болмайды.

Егер талапта зат ретінде ат болса, талапкердің мақұлдауынша ол оны Заидтан сатып алды және ол Заидтің бір атынан пайда болады, ал иеленуші былай деп мақұлдайды, ол оны Омардан сатып алды, және ол ат Омарға қатысты пайда болды, және әрқайсысы сол аттың пайда болуын растау үшін дәлелдер ұсынады, онда осы жердегі жағдай ат оның жеке иелігінде болған аттың жатырынан туылды. Егер басқа жағынан дауласушылардың біреуі өзінің жекеменшік құқығын растау үшін дәлелдер ұсынатын болса, ал басқасы – қарсы жаққа қарай дәлелдер ұсынса, онда артықшылық ол сол атқа ие ме, жоқ әлде ие емес пе, содан тәуелсіз аттың пайда болуын белгілейтін жақтардың дәлеліне беріледі, немесе оларға келтірілген дәлелдер әу бастан-ақ жекеменшік құқығын орнатуға бағытталған, онда осыдан бұл құқық бірінші меншік иесінен иемдену күшіне басқа біреуге засим болып тиесілі болуы мүмкін. Теңдей негізде егер де жақтардың біреуі атқа ие болмаса, және олардың біреуі атты тауып алу

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

кезінде ол анасының жанында туылғанын дәлелдесе, ал басқа жақ өзінің жекеменшік құқығын дәлелдесе, онда бірінші жақтың пайдасына шешім қаулы етіледі. Егер де қазы оның иелігінде тұрған бір аттың басқа аттан пайда болғанын дәлелдесе онда осы тұлғаның пайдасына шешім қаулы етіледі, содан кейін басқа тұлға ол оған тиесілі аттан пайда болғанын дәлелдесе, онда шешімді осы үшінші тұлғаның пайдасына қаулы ету керек, егер тек иесі аттың осы тұлғаға қарсы пайда болуына дәлелдер ұсынбаса.

Немесе біркелкі тууылу фактісімен бірге негізделген басқа жекеменшікпен. Дәл осы ереже киім үшін материалға қатысты қолданылады, ол тек қана бір өңдеуге тап болған кезде. Егер талапкер мен иеленуші былай деп мақұлдаса, «дауласатын иірілген жіп – оның жекеменшігі және ол өзі оны құрғатты», және әрқайсысы өзінің арызына қатысты дәлелдер ұсынатын болса, онда қазы осы талап жағдайындағыдай иеленушінің пайдасына шешімді қаулы етеді. Дәл осындайды өзінің негіздемесі бойынша қарапайым және күрделі емес жекеменшігіне қатысты әрбір жағдайға қатысты айту керек, мысалы, сүтті сауу, ірімшікті немесе киізді бөлшектеу, жүнді қырку, және т.б. Егер өзінің табиғаты бойынша жекеменшік құқығының негіздемесі күрделі болса, мысалы, көйлекті кию, ағаштарды отырғызу немесе бидай егу, және осы заттардың біреуіне талапкер мен иеленуші арасында дау-дамай туындаса, онда қазы иеленушінің емес, талапкердің пайдасына шешімді қаулы етуі тиіс, егер талапкер мен иеленуші осы құқықтың негіздемесен белгілемей, жекеменшіктің абсолютті құқығына дәлелдер келтірген болса. Егер негіздеме күмәнді болса (яғни, ол күрделі ме, әлде қарапайым ба белгісіз) онда білімді тұлғалардың қорытындысын талап етуге тура келеді, ал егер ол олар үшін күмәнді болса, онда қазы шешімді иелігі жоқ тұлғаның пайдасына қаулы етуі тиіс, немесе негізгі принцип бойынша шешім талапкердің куәгерлерінің жауаптарына сай қаулы етілуі керек; және өнім туралы талап жағдайында ерекшелік жіберілсе (Пайғамбар жайлы аңыздардың салдарынан, осындай бір жағдайда иеленушінің пайдасына шешкен), бірақ негіздеме күмәнді болса және сәйкесінше осы жағдай ерекшелікке сай келеді ме соған көз жеткізе алмайтындықтан заңның негізгі принципіне оралуы тиіс.

Осындайды талапкерден иемденуді дәлелдеген заттың иемденушісі, соңғының тілегін жояды. Егер талапкер дауласатын затқа жекеменшіктің абсолютті құқығына дәлелдер ұсынатын болса, ал иеленуші талапкерден осы затты иемдену дәлелін ұсынса, онда артықшылықты иеленушінің дәлеліне беруге тура келеді, өйткені, талапкер оның құқығы ерте пайда болғанын айтса, онда иеленуші осының салдарынан одан дауласу затын иемденгенін орнатты (біреуі басқаға мүлдем қайшы келмейді); өйткені осы жердегі жағдай иеленуші алдымен дауласу заты бұрын талапкерге тиесілі екенін мойындаса, содан кейін оны одан сатып алғанын айтты.

Егер әрбір жақ басқа жақтан зат сатып алғанын дәлелдесе (уақытын белгілеместен), онда шешім қаулы етілмейді. Егер талапкер иеленушіден дауласу затын сатып алғанын растау үшін дәлелдер ұсынатын болса, ал иеленуші өз тарапынан талапкерден осындай затты сатып алғанын растау үшін дәлелдер ұсынатын болса, және бірде –бір жақ иемдену уақытын белгілемесе, онда осы жағдайда екі жақтың дәлелдері түседі, және дауласу заты иеленушінің қолында қалады. «Хидояның» авторы Абу Ханифа мен Абу Юсуфтың пікірлері осындай екенін байқайды, ал бірақ имам

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Мұхаммедтің пікірінше, қазы екі жақтың да дәлелін жіберуі тиіс, және содан кейін зат талапкерге беріледі, өйткені екі жақтың да куәгерлерінің жауаптары татуласатындай, мүмкін иеленуші талапкерден затты сатып алып, оның иелігіне еніп, қайтадан талапкерге осы затты сатқан болар. Сондықтан осы түсініктемені жіберуге тура келеді, иелену фактісінен бірінші сатып алушы болып иеленуші болды, және осыған қарсы болжам, шынында да жіберілмейді, немесе осы зат жер жекеменшігін қоспағанда, сатушының иелігіне түскенге дейін сатылмайды. Абу Ханифа мен Абу Юсуфтың дәлелдеуінше, әрбір жақ басқа жақтан затты сатып алғанын айта отырып, шындығында басқа жақтың жекеменшік құқығын мойындайды, екеуінің дәлелдері басқа біреудің пайдасына әрбір жақпен мойындау жасалғандықтан, барлық ғалымдарымыздың пікірінше, осы қарастырылып отырған жағдайда дәл сол орындар жойылуы тиіс. Имам Мұхаммедтің пікіріне қарсы мынаны байқауға болады, екі жақтың дәлелдерінің татауласуы мүмкін емес, өйткені негіз сатып алу болғандықтан, салдарлардың пайда болуын дәлелдеу үшін қажет болғандықтан дәлелдің заты ұсынылады, әсіресе жекеменшік құқығы. Бірақ осы қарастырылып отырған жағдайда талапкердің жекеменшік құқығын алдын ала жіберместен, иеленушінің пайдасына шешімді қаулы етуге болмайды, сондықтан егер де қазы иеленушінің пайдасына шешімді қаулы етсе, онда бұл шешім тек сатып алудың негізі болар еді.

Сондай-ақ, әрбір жақ бағаның төлемін дәлелдесе. Егер қарастырылып отырған жағдайда әрбір жақтың куәгерлері бағаның төлемін растаса (мысалы, 1000 дарагим), онда (Абу Ханифа мен Абу Юсуф бойынша) мокасаның орны бар, немесе екі жақты бағаның өзара есебі, егер тек дереу төлеу немесе оның кейінге шегеру арасында үйлестік болса, немесе әрбір жақтың иелігі жауапкершілікте болса. Егер баға төлеміне қатысты дәлелдер келтірілмесе, онда осы жағдайда имам Мұхаммед бойынша есеп пайда болады, немесе әрбір жақ басқаға баға беру керек, егер тек әрбір жақтың куәгерлері сатуды куәландырса және сатылған заттың иелікке қабылдануын мойындаған болса. Осы жерде барлық ғалымдарымыздың пікірінше, екі жақты да дәлелі түседі, немесе имам Мұхаммед бойынша олардың татуласуы мүмкін емес, өйткені екі сатылымда иелікке кіргеннен соң жасалғандықтан жарамды, сондай-ақ екі жақтан да иемдену уақыты көрсетілмеген, сәйкесінше, екі жаққа да артықшылық жоқ, сондықтан жақтардың жағдайы бірдей, және олардың біреуінің де басқаларға өзгешелігі жоқ, ал тиісінше екеуінің де дәлелдерінің күші жоқ. Басқа істе, өткен жағдайда немесе жақтардың біреуімен иелік ету көрсетілмейді, немесе дәлелдердің өзара татуласуы мүмкін.

Жер туралы дау-дамайда соңғы сатып алушының пайдасына шешім қаулы етілуі тиіс. Егер дауласу заты ретінде жер болса, және екі жақтың куәгерлері бір жақты иелік туралы айтпастан, оның иемдену уақытысын белгілесе, онда осы жағдайда талапкердің сатып алуы, иеленушінің сатып алуынан алдын болғандықтан қазы (Абу Ханифа мен Абу Юсуф бойынша) иеленушінің пайдасына шешімді қаулы етуі керек, және дау-дамай мына түрде көрсетіледі, талапкер алдымен жерді сатып алды, содан кейін оның иесінің иелікке тұрғанға дейін сатып жібергені, олардың пікірінше заңды болып табылады. Басқа жағынан, имам Мұхаммед былай болжайды, қазы талапкердің пайдасына қарай шешімді қаулы етуі тиіс, өйткені жер иелікке өткенге дейін сату заңсыз, онда жер қажеттілік бойынша талапкердің жекеменшігінде

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қалады. Егер, ары қарай, екі жақты куәгерлері иелікке де қатысты болса, онда осы жағдайда қазы барлық ғалымдардың пікірінше иеленушінің пайдасына қарай шешімді қаулы етуі тиіс, немесе екі сатылым да даусыз жарамды болып табылады. Бірақ, талапкердің сатып алуы иеленушінің сатып алуынан алдын-ала болды деген болжамға негізделген, немесе қарсы жағдайда қазы куәгерлер иелікке енуді орнатты ма, әлде жоқ па одан тәуелсіз талапкердің пайдасына шешімді қаулы ету керек. Осы жағдайда іс былай қарастырылады, алдымен иеленуші затты талапкерден сатып алды, және онымен иелікке ене отырып, осының салдарынан оны талапкерге қайта сатты, оған затты берместен, немесе қазіргі уақытта затты бере отырып, бірақ қандай-да бір себептермен қайтарып алады.

Заңмен талап етілетін куәгерлердің едәуір санын ұсыну, шешімге ешбір әсері жоқ. Егер екі талапкердің біреуі екеуін ұсынса, ал басқа талапкер – төрт куәгер ұсынатын болса, онда бәрібір де олар бірдей жағдайда тұр, немесе төрт куәгердің екеуінің жауаптары шешімді қаулы ету үшін толық негіз береді, онда осыдан шығатыны, төрт куәгердің жауаптары тек екі негізге ғана тең, бірақ негіздеменің көптігі артықшылық бермейді, немесе осындай нәрсе негіздеменің санынан емес, күшінен тәуелді болады.

Зат ретінде үйі бар, екі тұлғаның талап жағдайы, талапкердің біреуі жарты үйді талап етсе, ал басқа талапкер бүкіл үйді талап етеді. Егер бір тұлғаның иелігінде тұрған үй басқа екі тұлғамен іздестірілетін болса, сондай-ақ олардың біреуі өзінің құқығын бүкіл үй алуға мақұлдайтын болса, ал басқасы жарты үйді алуды көздеген болса, онда әрбір талапкер өзінің талабының дәлелін ұсынады, онда осы жағдайда Абу Ханифаның пікірінше, қазы бүкіл үйді талап етіп отырған тұлғаға оның төрттен үш бөлігін және жарты үйді талап еткен тұлғаға төрттен бір бөлігін қаулы етуі тиіс, немесе дау-дамайдың қасиетіне көңіл аудару керек. Осы жағдайда бір жартыға сәйкес дау-дамай жоқ, және ол бүкіл үйді талап ететін тұлғаның пайдасына қарай жасалады, ал басқа тұлғаға қатысты дау-дамай туындап жатыр және дауласатындардың жағдайы олардың талаптары негізінде бірдей болады, және сондықтан осы жарты олардың арасында теңдей бөлікке бөлістіріледі. Екі оқушының пікірінше талапкерлер арасында үш теңдей бөлікке бөлістірілуі керек, олардың екеуі бүкіл үйді талап ететін тұлғаға беріледі, ал біреуі – жартысын талап еткен тұлғаға беріледі, өйткені олардың пікірінше, арифметикалық қатынастарға назар аудару керек; басқаша сөзбен айтқанда талапкердің талабы екі жартыға таратылғандықтан, екі бөлікті де алуға құқылы, ал жартыны, яғни тек жартысын ғана талап еткен талапкер бір бөлігін алуға құқылы, сондықтан үй олардың арасында үш бөлікке бөлінеді. Егер ары қарай дауласатын үй жақтардың иелігінде болса, онда бүкіл үй талапкерге беріледі, немесе ол талапкердің иелігінде жартысы тұрған оның жартысын алады, және қазы шешімінің күшіне (болашақ талапкер бола отырып оның иелігінде жоқ ол осы жартыны іздесе де оның пайдасына қандай шешім қаулы етілсе де, осы шешімнің салдарынан олардың ұсынған дәлелдеріне қарай шешім қаулы етілуі керек); және ол өзі ие болған басқа жартыны ұстап тұратын болса, онда басқа талапкердің талабы ол өзі ие болған жартыға тиесілі екенін болжау қажет, немесе егер де оның талабы басқа жартыға жатқызылатын болса, онда осыдан ол өзі жартысына ие болса, ол заңсыз негізде ұсталынатыны белгілі болды. Ал толығымен талапкердің қолында болған

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жартысына сәйкес талап жоқ, онда осы жарты соның артында қалады. Яғни бір сөзбен айтатын болсақ, бүкіл үй соның иелігінде.

Өнім жайлы талапта талапкермен белгіленген туылу уақытысына назар аударуға тура келеді.

Егер екі тұлға жануар іздесе және әрқайсысы оның пайда болуына байланысты дәлелдер ұсынатын болса, онда жануар куәгерлер анықтаған уақыттың талапкеріне берілуі тиіс, мүмкін жануардың жас шамасына қарай оның пайдасына мүмкіндік айтылса да, осының салдарынан ол артықшылық алады. Егер жануардың жасы күмәнді болса, және сол немесе басқа жақтың уақытымен туылу мүмкін емес белгіленген осындайдың сәйкес келуінен болса, онда туылу уақытысына белгілеу жойылуы тиіс және жануар екеуіне де бірдей бөлікте берілуі керек, яғни дау-дамай шешілуі керек, егер де туылу уақыты көрсетілмегенде. Егер басқа жағынан, екі көрсетілген сандар жануардың мүмкін болатын санына сай келмесе, онда екі жақтың дәлелдері маңызсыз, немесе сол немесе басқа жақтың жауаптарының қателігінен болуы мүмкін, сондықтан жануар соған ие болған тұлғада қалады.

Дауласатын затқа жауапкер сенімді тұлға ретінде сенімді екеніне арызданатын жақ болса, және жауапкер осы затты иемденіп алғандығына арызданатын жақтың екеуінің де жағдайлары бірдей болады. Егер екі тұлғаның әрқайсысы жеке-жеке құлды иеленіп отырған үшінші тұлғаға талап ұсынса, олардың біреуі «оған тиесілі ұлды иеленуші иемденіп алғанын» айтатын болса, ал басқасы «ол құлды жауапкерге сенімді тұлға ретінде тапсырғанын» айтса, онда осы жағдайда қазы әрқайсысына жарты құлдан табыстауы керек, өйткені олардың талаптары бірдей күшті.

Бөлім. Иелікке қатысты дау-дамай туралы

Жануарды иелену осы жануарды пайдалануды көрсететін түрлі актілермен куәландырылады. Егер екі тұлға жануарды иеленуде бір – біріне қарсы болса, олардың біреуі осы жануарға мініп отырса, ал басқасы оның жүгенінен ұстаса, онда осы жағдайда мініп отырғанның талабы күштірек, өйткені жануардың үстінде отыру жекеменшік құқығына негізделген акт болып табылады. Теңдей негізде егер осы тұлғалардың біреуі ерде отырса, ал басқа біреуі сегіз көзде отырса, онда біріншінің талабы артықшылыққа ие болады. Басқа істе егер олар жануарға ерсіз отыратын болса, немесе осы жағдайда жануарға деген жекеменшік құқығы олардың арасында бөлістіріледі, өйткені екі шабандоздың да жағдайлары бірдей. Егер екі тұлға түйе жайлы дауласатын болса, немесе олардың біреуінде оған тиесілі жүгі болса, ал басқасы оны басқаратын қолында тізгінді ұстап тұратын болса, онда артықшылық бірінші тұлғаға тиесілі, өйткені түйе оның жүгінде тұр оның мұқтаждығы үшін қолданылады.

Затты пайдаланып отырғанның құқығы осы затты ұстап тұрған тұлғаның құқығы алдында артығырақ. Егер екі тұлға рухани киім жайлы дауласатын болса, олардың біреуі осындай киіп жүретін болса, ал басқасы оның жеңін ғана ұстатрса, онда артықшылық біріншінің талабына беріледі, өйткені оның іс-әрекеті әбден мүмкін. Егер екі тұлға кілем жайлы дауласатын болса, олардың біреуі сол кілемде отыратын

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болса, ал басқасы оның қолымен ұстап тұрса, онда қазы олардың екеуінің біреуінде шешімді қаулы етпеуі керек. Егер екі тұлға киімге қатысты дауласатын болса, олардың біреуі оның үлкен бөлігін қолында ұстаса, ал басқа біреуі оның жартысын ұстаса, онда осы жағдайда киім олардың арасында теңдей бөлікке бөлістіріледі, өйткені талапкердің біреуінің үлкен бөлігін ұстау оның талабына артықшылық бермейді: бұл жағдай тек бір дәлел береді, немесе осы тұлғаның пайдасына қатысты дәлел береді.

Табылған баланы иелену құқығы оның меншікті мойындауымен анықталады. Егер бала кімде-кімнің иелігінде болса, және өзінің жағдайын түсіндіруге қабілетті болса, онда ол «ол ерікті» екендігін айтады, және осы арызға ол мырза болатынына сенуге тура келеді. Егер басқа жағынан, ол өзін иеленушінің емес, басқа біреудің құлымын деп жарияласа, онда ол иеленушіге беріледі, немесе өзін құл деп жариялай келсе, онда ол мырза емес. Егер бала өзінің туылуын түсіндіруге жағдайы болмаса, онда ол иеленушінің меншігіне беріледі, немесе өзіне мырза болмаса, ол киім және т.б. ретінде қарастырылады, және егер кәмелетке жеткен бойда ол өзі үшін еркіндікті талап ететін болса, онда оның талабы жіберіледі, немесе оның балалық шағының ішінде оның құлдығы табылады; бірақ анықталған нәрсенің барлығы қарсы жаққа дәлелдер ұсыну арқылы ғана жойылады.

Сарайдың бақшасы ауыр істер жасағандардарға беріледі. Егер бір тұлға сарайдың он бөлмесіне ие болса, ал басқа тұлға тек қана біреуіне ие болса, онда олардың арасында сарайдың бақшасына орай дау-дамай туындайды, онда екеуінің де талаптары мойындалады, өйткені екеуіде оның пайдалануына теңдей құқыққа ие болады.

Жер туралы талапта дәлелдер келтірмейінше шешімді қаулы етуге болмайды. Егер екі тұлға жер асты учаскесін іздесе, және ол «оның иелігінде» тұрғанын мәлімдейтін болса, онда қазы осы жағдайда дәлелдер келтірмейінше екеуіне де шешімді қаулы етпеуі керек, өйткені жерді иелену өзінің табиғаты бойынша, қазы арқылы қаралмауы мүмкін, өйткені жер мәжіліске ұсынылмауы мүмкін, сондай-ақ, қазыға белгілі емес нәрсені дәлелдеуге тура келеді. Сондықтан, егер бір жақ өзінің талабын растауға дәлелдер ұсынатын болса, онда жер оның иелігіне берілуі керек, өйткені оның құқығы дәлелдер арқылы анықталады, сондай-ақ өйткені иелік басқа құқықтар секілді тілек затынан құралған құқық болып табылады. Егер екі жақта өзінің талаптарына сай дәлелдер ұсынатын болса, онда жер екеуінің жалпы иелігіне беріледі. Егер жақтардың біреуі участка кірпіш қалаған болса, немесе онда құрылыс жасаған болса, немесе құдық немесе шұңқыр қазған болса, онда барлық осы жағдайларда иелік осы іс-әрекеттердің салдарынан оған берілуі тиіс.

V.Тарау

ТАЛАП ПЕН ТУҒАН-ТУЫСҚАНДЫҚ ЖӨНІНДЕ

Бала туралы құлдың сату талабы, сатқаннан соң онымен алты ай мерзім біткенге дейін қанағаттануға жатады. Егер кімде-кім құлды сатса, ал ол содан кейін босанса, және сатушы баланы талап ететін болса, онда осы жағдайда егер тек тууылу сатқаннан соң алты ай мерзім өткенге дейін орын алған болса, онда сәби сатушыға

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Жалдама төлем тек келісім шартпен немесе келісім шарттың іс-әрекетінің аяқталуымен талап етілуі мүмкін. Жалдама төлем келісім шартты жасаудың өзінде төлеуге келмейді, ал талап ету құқығы үш жағдайда пайда болады: оны алдын ала келісім шарт күшіне қарай алға талап етуге болады, осындай келісім шарттың тәуелсіз алдымен және жалданушымен келісім шарттың мақсатына жету салдарынан.

Имам Шафиидің мақұлдауынша, бұл төлем келісім шартты жасаудың өзінде жекеменшік болады, өйткені әлі келмеген пайдалану келісім шартқа ақиқаттылық беру қажеттілік салдарынан келген болып есептеледі; сәйкесінше келісім шарттың іс-әрекеті (жекеменшік құқығынан пайда болумен жасалады) пайдалануға қарсы қойылған затқа қатысты анықталады, әсіресе – оған деген сый-ақы немесе эквивалент. Біздің ғалымдардың дәлелдеуінше жалдану келісім шарты пайдалануды жалғастыру бойынша әр кезеңде қалпына келтіріледі. Бірақ қарастырылып отырылған келісім шарт оған деген іс-әрекет пен сый-ақыны талап етеді. Сондықтан пайдалануда қажетті ұзарту салдарынан осындай ұзарту пайдалану үшін сый-ақыға қатысты жіберілу тиіс, яғни жалдама төлем, бірақ пайдалануды жүзеге асыру бойынша теңдікті анықтау үшін жалдама төлем үшін жекеменшік құқығы пайда болады, бұл төлем алдын ала берілетіні айтылғанда немесе ол алдын ала берілгенде, немесе теңдік өз құқығынан бас тартатын жалдаушының мүддесі үшін талап етілді.

Жалға беруші оған үй берілгенде ғана жалдама ақысын төлеуге міндеттенеді. Жалға беруші үйге ие болуға кіргеннен бастап ол үйде тұрмаса да, рента төлеуі керек. Пайдалануды беру мүмкін емес болса, онда затты беру пайдалану анықталғанда жеткілікті, өйткені пайдалану мүмкіндігі беріледі.

Заңсыз иеленуге үй біреумен басып алғанға дейін. Егер кімде-кім үйді жалға берушімен берілген заңсыз иеленсе онда, онда соңғының жалдама ақы үшін жауапкершілігі тоқтатылады, өйткені үйді беру жалға берушіні үйді пайдалану мүмкіндігіне қойған пайдалануда берудің орнына жіберілуі мүмкі; бірақ үйді иелену тоқтатылғанда, пайдалану да тоқтатылады; ал засим, келісім шарт бұзылғандықтан онда жалдама ақшасын төлеудің ары қарай міндеті болмайды. Теңдей негізде, егер жалға беру мерзімі біткенге дейін қандай уақыт болмасын үй басып алынса, онда тиісті пропорцияда жалдама ақшаны төлеу міндеті тоқтатылады, өйткені келісім шарт сол пропорцияда жойылады.

Егер келісім шартта басқаша қойылмаса, онда пайдаланудың әр күні үшін жалдама төлемін талап ете алады. Егер кімде-кім жалға үй берсе, онда жалға берушіден пайдаланудың әр күні үшін жалға беру ақшасын талап ету тиіс, өйткені күндік пайдалану айтылған және бұд мақсат жетілдірілген. Сондықтан үйдің иесі күндік есептеуге құқылы, егер келісім шартта төлемді талап ететін уақыт көрсетілмесе сондай-ақ мысалы: «Осындай ай өткеннен соң» бұл қолма - қол ақша төлеу туралы шартқа тең келеді. Дәл сол ереже дәл сол себеппен жерді жалға беруге де қолданылады.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Немесе бір станциядан келесі станцияға дейін (саяхаттауда) жануар үшін жалдама ақы. Теңдей негізде, егер кімде-кім түйені жалдаса, мысалы Меккеге дейін, онда меншік иесі бір станциядан келесі станцияға дейін жалдама ақы талап етеді, өйткені жалдану кезінде бір станциядан келесі станцияға саяхаттау назарда еді. Осының салдарынан қабылданған Абу Ханифаның пікірі осындай. Алдымен ол дәл осындай пікірде болды, бірінші жағдайда төлем біткенге дейін жасалу керек, ал екінші жағдайда саяхат біткеннен соң жасалады (имам Зуфардың ілімі осындай), немесе келісілген жақтардың мақсаты белгілі бір уақыт немесе саяхат ішінде пайдалану жиынтығынан құралса, онда осыдан жалдама ақы пайдаланудың жеке бөліктеріне есептелмейді, егер келісім шарттың заты еңбек болса, мысалы кімде-кім тігіншіні көйлек тігу үшін жалдаса.

Абу Ханифаның соңғы пікірінің негізі мынамен жасалады, аналогия мынаны талап етеді, жалдама ақы теңдікке қол жеткізу үшін бір кезеңнен келесі кезеңге дейін төленді. Егер де талап әр кезеңде жіберілсе, онда жалға беруші немесе жалдаушы ылғи да төлемдермен айналысар еді, басқаға уақыттары да болмас еді, олар бұл мүлдем ыңғайсыз және зиянды болар еді. Осының салдарынан үй немесе жерді жалға беруде бір күнге және – жануарды жалдауда бір өткелге шекара анықталады.

Жұмысшы жұмыс уақыты біткенге дейін бір нәрсені талап етуге құқылы емес. Жұмысшы жұмыс уақыты біткенге дейін, егер төлем аванспен жасалмаса төлемді талап етуге құқылы емес, өйткені жұмыстың кейбір бөлігі берілмеген болып қалады, осының салдарынан жұмысшының еңбек ақыға құқығы жоқ. Дәл сол ереже қолданылады мынаған, жұмысшы жалдаушының үйінде жұмыс істесе, немесе осы жағдайда жұмыс біткенге дейін төлемді талап етуге құқығы жоқ, өйткені жұмыстың барлығы берілмеген. Осы зат туралы «Хидояда» айтылады және «Тижриде» кездеседі. «Магита» мен «Кудури» құрастырушылары теңдей негізде осы жөнінде айтады. Басқалары «Мабсутта» айтылады, бұл жерді қаулы етілген: «Еңбек өлшемі бойынша жалдама ақы беруге жатады». Сондай-ақ Тимур-Ташимен басқалары заңды осылай түсіндірді. Сондықтан «Джами-Рамузда» айтылғандай екі пікір бар. Егерде ақшаны алдын ала төлеуге қатысты келісім шарт болса, онда жұмысшы жұмыс уақыты біткенге дейін төлемді талап етуге құқылы, өйткені осындай түрдегі келісім шартжалдану келісімінде міндетті.

Нанды пісіру үшін наубайшыны жалдау жағдайы. Егер кімде-кім 1 диргам үшін бір кафизді есептеуден оның үйінде нанды пісіру үшін наубайшы жалдаса, онда наубайшы пештен, нанды алғанға дейін сый-ақы алуға құқығы жоқ, немесе бүкіл жұмыс аяқталған дейін. Және егер нан өртенсе немесе оның қолынан түсіп кетсе, және сондай-ақ бұзылса, онда оның сый-ақыға құқығы жоқ. Егер басқа жағынан ол пештен нанды алса, одан кейін өртенсе немесе наубайшының іс-әрекеті салдарынан емес бұзылса, онда соңғысы сый-ақы алуға құқылы, өйткені ол тиісті негізде нанды жалдаушыға оның үйінде берді. Теңдей негізде наубайшы жалдаушының шығындары үшін сый-ақы беруге міндетті емес, өйткені ол қандай-да бір құқық бұзушылыққа кінәлі емес. «Хидаяның» авторы мынаны байқайды осы жерде келтірілгендер ойдан шығатын Абу Ханифаның пікірімен келіседі, нан наубайшының қолында тек ұнның құны үшін сый-ақы талап етуге құқылы; ол наубайшыға келісілген жалдама ақысын

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

төлеуге міндетті емес, өйткені наубайшы нанның бүтіндігін қамтамасыз етеді, осының салдарынан жалдаушыға тиісті нанды бергенге дейін жауапкершіліктен босатылмайды, егер оған ыңғайлы болса, оның піскеніне ақша төлей отырып нанға сый-ақы талап ете алады.

Және аспазшыны. Егер кімде-кім тамақ дайындау үшін аспазшыны дайындаса, онда ол әдет бойынша үстелге тамақ беруге міндетті.

Және кірпіш қалаушыны. Егер бір тұлға кірпіштердің едәуір санын жасау үшін басқа біреуді жалдаса, онда кірпіш қалаушы кірпіштерді кептіру үшін шығарғаннан кейін сый-ақы алуға құқылы. Абу Ханифаның пікірі осындай. Екі оқушының болжауынша кірпіш қалаушы кірпіштерді жинап алғанша және одан пирамида құрастырғанша сый-ақы алуға құқылы емес, өйткені бұл істі бітіреді, ал ол уақытқа дейін кірпіштер бұзылуға ұшыраған. Сондықтан олардың жиыны пештен алынған нанға аналогты. Сондай-ақ осы жұмысқа жалдайтын тұлғалардың әдеті осындай, ал әдет барлық жағдайларда назарға алынады, олар үшін оң белгілеулер жоқ. Абу Ханифаның ойынша жұмыс келтіру үшін кірпішті шығарумен аяқталады, өйткені оларды жинау мен пирамида құрастыру ерекше жұмыстан құралады, осыған сәйкес кірпіштер олар кептірілетін жерде сол орыннан құрылыс үшін алынады, және ешкім де оларды пирамидаға жинақтауды күтпейді. Басқа іс – оларды кептіру үшін шығаруға дейін сол кезде балшығы әлі қатаймаған, дәл сондай нанмен өйткені оны пештен алғанға дейін пайдалануға болмайды.

Жұмысшы қанағат алғанға дейін ол жұмыс істеген заттың ұстауға құқылы. Кез келген қолөнерші, затта көрнекті өзгеріс жасайтын жұмысы (сырлаушы немесе киіз басушы) осындай затты осындай еңбегі үшін ақы алғанға дейін затты ұстап тұруға құқылы, егер де осы зат сату затын құраған болса. Басқаша сөзбен, сатушыға оның бағасын алғанға дейін сатылған затты ұстап тұруға рұқсат беріледі, дәл осы жұмысшыға қарастырылып отырған жағдайда.

Және ол осындай ұстанымды жалғастыру жағдайында іс-әрекеті үшін жауапты емес. Егер сырлаушы немесе киіз басушы жалдама ақы төлеу үшін көйлекті ұстап тұрса және осы көйлек оның қолында өлсе, Абу Ханифа бойынша ол жауапты емес, өйткені құқық бұзушылық жасамайды, немесе көйлек ұстаудан кейін оның қолында жүк болып қалады. Бірақ осы жағдайда жұмысы үшін ақы алуға құқығын жоғалтады, өйткені көйлек берілгенге дейін өлген. екі оқушының пікірінше, көйлек ұстағанға дейін және содан кейін жауапкершілік затын құрайды; бірақ меншік иесі көйлекті өңдегенге дейін құнына сый ақы алуға құқылы, осындай жағдайда жұмысшының еңбек ақы алуға құқығы жоқ, немесе көйлекті өңдеген соң соның құны үшін сый ақы алуға да құқығы жоқ, осындай жағдайда жұмысшы жалдама ақы алуға құқылы.

Егер жұмыс затта көрнекті өзгеріс жасамаса, онда осындай зат ұсталынбайды. Жұмысшының затқа ешқандай көрнекті өзгеріс жасамаса, (мысалы, қайықшы, жүк тасушы), жалдама ақы алу үшін оны ұстауға құқылы емес. Осы жағдайда келісім шарттың заты заттың өз мәнін өтпейтін еңбек болып табылады, және осы қатынаста көйлекті жуу және ағарту оны тасымалдаумен аналогты. Осы аналогиядан жуу мен ағартуға қатынасы бойынша мынаны жасауға болады, «киіз басушы» сөзі өткен мысалда крахмал материалды пайдаланатын тұлғаға қолданылады;

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бірақ осындай тұлға көйлекті тазалай отырып, нарықтық бағасы жоқ материалды пайдаланса, мысалы су және күн сәулесін пайдаланса, онда ұстап тұру құқығы жоқ, өйткені оның жұмысының іс-әрекеті болып табылатын ештеңеде қалмайды, немесе ағарту көйлектің табиғи қасиеті болып табылады. Кази Хан былай дейді, егер киіз басушы көйлек жуса және оның еңбегі онда өзгеріс жасайды, мысалы крахмал салдарынан болса, онда оның ұстап тұруға құқығы бар, бірақ егер ол көйлекті ағартса, онда осы жағдайға қатысты алауыздық туындайды. Жалпы қабылданған ілім мынамен жасалады, бірақ екі жағдайда да ұстап тұру құқығы бар, өйткені ағартқыш көйлекте жасырынған және оның еңбегімен сыртқа шығарылған сападан құралған. Бұл жағдай қашып бара жатқан құлды ұстау жағдайымен ерекшелінеді, немесе құлды ұстап алған тұлға оны сый-ақы алғанға дейін ұстауға құқылы, құлда жасалған көрнекті өзгерістердің болмауына қарамастан. Осы жердегі себеп мынада, құлдың толық жоғалу қауіпсіздігі төнді, осындай қауіпсіздік оны кері келтірген тұлғамен жойылды. Осыдан тұлға оның меншік иесіне құлды сату ретінде қарастырылады және сондықтан ұстап тұруға құқығы бар. Осы жерде келтірілгендер біз үш ғалымның пікірі болып табылады. Имам Зуфардың мақұлдауынша, жұмысшы қандай жағдайда да ұстау құқығына ие емес, яғни еңбек заттың өзінде көрнекті өзгеріс жасайды ма, әлде жоқпа, немесе егер ол жасаса, онда зат жалдаушыға берілген болып табылады, өйткені еңбек нәтижесі оның жекеменшігімен араласқан, бірақ ұстау құқығы бергеннен соң бірден тоқтатылады. Басқа жағынан, біздің ғалымдардың дәлелдеуінше өз еңбегінің нәтижесін жалдаушының жекеменшігімен араластыра отырып, тек қажеттілік бойынша әрекет етті, немесе осы жұмысты орындаудың еш мүмкіндігі болмас еді. Бұл жағдайды жұмысшының беруді жасау ниеті болғанын дәлелдемейді, сондықтан оған тиесілі ұстап тұру құқығы тоқтатылмайды, егер де сату кезінде сатып алушы сатушының келісімінсіз тауармен иелікке түссе, осындай жағдайда соңғының сатылған затты ұстап тұруға құқығы келісілген бағаны алғанға дейін тоқтатылмайды.

Жұмысшы егер келісім шарт оның жұмысымен шектелсе, онда жұмыс үшін басқа тұлғаларды пайдалануға құқылы емес. Егер жалдаушы жұмысшымен жұмыстың өзі орындағандығымен келісетін болса, онда жұмысшы жұмыс үшін басқа тұлғаны пайдалануға құқылы емес, өйткені келісім шарттың заты осы тұлғаның жұмысынан құралған, және сондықтан жалдаушының құқығы дәл соның жұмысымен байланысты, сондай-ақ тұлғаның орынды немесе затты жалдауға құқығы дәл сол орын мен затты пайдаланумен байланысты. Егер жұмысшы жұмысты өзі орындау керектігі айтылмаса (егер де кімде-кім тігіншіге былай десе: «Мына көйлекті дайында»), онда ол жұмысты орындау үшін басқа тұлғаны жалдауға құқылы, өйткені жалдаушының тігін жұмыстарына ғана құқығы бар, ол сол немесе басқа тігіншімен орындалуы мүмкін, яғни қарыз төлемі қарыз берушінің өзімен немесе басқа тұлғамен жасалуы мүмкін.

Бөлім

Келісім шарт толық орындалмауы мүмкін (шарасыз кездейсоқтық бойынша) жағдайлар. Егер бір тұлға Бассорға барып келуге және ол жақтан оның отбасын әкелу үшін жалдаса, осыған сәйкес, жалданған тұлға Бассорға барып келсе,

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

онда отбасы мүшелерінің бірі қаза болса, ал жіберілген кісі қалғандарын алып келсе, онда ол Бассорға барғаны үшін сый-ақыға құқық алады және отбасының келтірілген мүшелеріне пропорционалды түрде кері саяхат үшін сый-ақы алады. Ол келісім шартты толықтай емес, жартысын жасағандықтан онда ол жасағанға пропорционалды сый-ақыға құқығы бар және оның құқығы ол не жасамады соған пропорционалды құқығы жойылады. «Хидояның» авторы мынаны байқайды, толық сый-ақы отбасы мүшелерінің белгілі санын келтірумен шартталғанға негізделеді, немесе толық сый-ақына төлеуге тура келер еді. Бұдан басқа бұл ереже мына кезде қолданылады, отбасыны әкелу бойынша шығындар оның мүшелерінің біреуі қаза болғанда қысқартылады; егер осы себеппен шығындар азайтылмаса (мысалы, егер өлген кісі үлкен болса да, жаяу саяхат жасауға қабілетті еді), онда жіберілген толық сый-ақыға құқығы бар.

Егер кімде-кім басқа біреуді Бассорға хат апарып, жауабын алып келу үшін жалдаса, жіберілген елші Бассорға барса, ал онда хат кімге адрестелді сол мекен-жай бойынша тұратын тұлға қаза болса, онда жіберілген елшінің сый-ақыға құқығы жоқ. Екі оқушының пікірі осындай, имам Мұхаммед былай дейді, ол Бассорға барғаны үшін қарапайым жол ақысын алуға тиіс, немесе онда бара отырып келісім шарттың бір бөлігін орындады, әсіресе Бассорға бару міндетін орындады; сый-ақы хатты апарғаны үшін емес, еңбекпен бітірілген саяхат үшін тиесілі еді. екі оқушының дәлелдеуінше, шарт хатты жеткізу болатын, өйткені саяхат мақсаты осында (осының салдарынан мекен жайға жіберілген хаттың мазмұны) немесе өйткені хатты алып бару осы мақсатқа жетудің тек құралы болып табылады. Сондықтан сый-ақы алу үшін құқық хатты жіберуден тәуелді болады; бірақ жіберушімен хат қайтарылса келісім шарт бұзылады, сәйкесінше сый-ақы құқық тоқтатылады. Егер қарастырылып отырған жағдайда жіберілген елші хатты Бассорда қалдырып кетсе және қайта оралса, онда біздің ғалымдардың пікірінше Бассорға барғаны үшін сый-ақыға құқылы.

Егер бір тұлға басқа біреуді Бассорға бидайды апару үшін жалдаса, жалданған ол жерге бидай апарса, ал ол бидайда қабылдап алатын тұлға қаза болса, жіберілген елші оны кері әкеліп жалдаушыға қайтарып берсе, онда біздің барлық ғалымдардың пікірінше сый-ақыға құқылы емес, өйткені ол міндеттеген нәрсені орындамады. Әйтпесе (имам Мұхаммед бойынша) хатпен байланысты, немесе бұл жерде келісім шарт заты саяхат болып табылады.

III. Тарау

ЗАТТЫ ҚАЙТАРЫП БЕРУДЕГІ ЖАЛҒА БЕРУ ЗАҢСЫЗ, ЖӘНЕ ЖАЛДАНУ ТУРАЛЫ ДАУ-ДАМАЙЛАР ТУРАЛЫ

Үй немесе сәкі жалдану мақсатын оң түрде белгілемей-ақ жалға берілуі мүмкін. Үй немесе сәкіде тұру үшін оны жалға беру заңды, жалға беру мақсаты туралы айтылмаған болса. Жалға берудің мүмкін болатын мақсаты үйде тұру болса, онда жалға беру осы мақсат үшін болғанын болжауға тура келеді; өмір сүру әр түрлі болмайды. Сондықтан осындай келісім шарт жарамды және жалға беруші үйде қандайда бір қолайлы іспен айналысуға ерікті.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер жалдаушының пайдалануы ғимарат үшін зиянмен ілеспеген болса. Бірақ темір ұстасы, киіз басушы немесе диірменші үйде тұрмаулары керек, өйткені бұл қожайын үшін зиянды болуы мүмкін, немесе олардың қолөнермен айналысулары ғимаратты босаңсытады. Сондықтан осы жағдайда келісім шарт, бірақ әлі де пайдалану ғимарат үшін зиянмен ілеспеген болуы керек.

Жерді жалға беруде жалға беруші жол мен суды пайдалануға құқылы. Жерді өңдеу үшін оны жалға алу заңды, өйткені осы мақсат үшін жерді пайдаланады. Жалға алушы жерді пайдалануға құқылы. Осы жағдайда жалға алушы жалданған участка апаратын жолды және суды пайдалануға құқылы (яғни су құрылған), ол жайында келісім шартта айтылмаса, немесе жер оны пайдалану мақсатымен жалға берілсе, осындай мақсат жол мен суды пайдалану құқығынсыз орындалмайды. Сондықтан осы құқық былай болжайды, келісім шарт жасауда ол туралы айтылмаса; сату жағдайына қарама-қарсы, жол мен суды пайдалану құқығы ерекше айтылуы керек, өйткені сату мақсаты жекеменшікті иемденуден құралған, осының салдарынан есектің құлынын немесе селитра кендерін жалға беруге болмайды.

Бірақ жалға беру егер оның мақсаты көрсетілмесе, жарамсыз. Жерді жалға беру егер оның мақсаты көрсетілмесе жарамсыз, өйткені жер өңдеу үшін емес, басқа да мақсаттар үшін, мысалы, құрылыс үшін жалға беріледі. Сондай-ақ егістіктерде түрліше болуы мүмкін, өйткені кейбір өсімдіктер тез піседі, ал басқалары пісіп-жетілу үшін ұзақ уақытты талап етеді. Сондықтан келісім шарт заты жалға алушы мен қожайын арасында дай-дамай болдырмау үшін анықталуы керек немесе жердің қожайыны былай десе: «Мен жерді жалға беремін, себебі жалға алушы оған қалай ыңғайлы болса, солай пайдалануға», осындай жағдайда қожайын жалға алушының еркіне сол немесе басқа пайдалану тәсілін оң түрде ұсынады, сондықтан келісушілікке алып келетін анықталмағандық жойылады.

Арендалық мерзім біткеннен соң жер бастапқы түрде қайтарылуы тиіс. Егер кімде-кім құрылыс жұмыстары немесе ағаш отырғызу үшін бос орындарды жалға алса, онда бұл заңды, өйткені осы мақсатпен жер әдетте жалға алынады. Бірақ жалға алушы құрылыс пен ағаштарды бұзуға міндетті және қожайынға бастапқы түрде жерді қайтаруға міндетті, өйткені үй мен ағаштар өмір сүрудің ешбір анық емес шекараларына ие емес және егер де олар жерде қалдырса, онда бұл анық қожайынына зиян келтірер еді. Басқа іс жер егу үшін жалданса, және жалға беру мерзімі егілген нәрсе пісіп жетілген уақытынан ерте аяқталса. Осы жағдайда егін жерде пісіп жетілгенге дейін пропорциональды жалдама ақыны төлеумен қалдыруы керек; өйткені егістіктің пісіп жетілуі үшін қажет уақыт белгілі, онда екі жақтың мүддесін татуластыру әбден мүмкін. Керісінше, ағаштар отырғызу мен құрылыс жүргізу жағдайында екі жақтың мүддесін назарға алу мүмкін, емес және сондықтан жалға алушы өз ағаштары мен құрылысын бұзуға міндетті, егер жердің меншік иесі олардың құнын оған төлеуге келіспесе, осындай жағдайда жекеменшік құқығы жердің қожайынына өтеді (осындай өткел жер үшін құрылыс немесе ағаштарды бұзу залалмен кездескен жағдайды қоспағанда жер немесе ағаштардың меншік иесінің келісімінсіз орынға ие болмайды; соңғы жағдайда жер иесі сый-ақы төлеуге және жалға алушының келісімінсіз құрылыс немесе ағаштарды алуға құқылы). Егер жердің иесі жерде құрылыс немесе ағаштарды қалдыруға келіспесе, онда олар жалға алушының меншігі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болып қалады, ал жер-жер иеленушінің жекеменшігі болып қалады; өйткені құрылыс пен ағаштарды жою құқығы жер иеленушісіне тиесілі, онда ол осы құқықтан бас тартуға ерікті. «Джами-ус-Сагирде» былай делінеді, егер жалға беру мерзімі аяқталса, ал жер қабықты жемістермен және басқа бақша өсімдіктерімен бос болмаса, онда осылар жойылу керек. Өйткені олардың өмір сүру уақыты шектелмеген, онда бұл жағдай ағаштар отырғызу жағдайымен аналогты.

Жалдаушы шартсыз келісім шарт бойынша басқа тұлғаға жалданған затты пайдалануға беруге құқылы. Тасу немесе алып жүру үшін жануарды жалға алу заңды, өйткені жануар ауыр заттарды тасу мен атта салт жүру үшін қолданылады. Егер жануар атта салт жүру үшін жалдаса, онда жалдаушы әркімге атта салт жүруге рұқсат береді, өйткені аттың салт жүру тәсілі анықталмаған. Бірақ жалдаушы жануардыөзі алып жүрсе және атпен салт жүрсе немесе басқа біреуге осылай жүруге рұқсат етсе, онда ол жануарға тағы біреуді отырғызуға құқылы емес, немесе онда келісім шарттың нағыз заты анықталған болып көрсетіледі. Сондай-ақ әрқайсысы өз еркінше атпен салт жүреді, сондықтан жалданған жануардың алғашқы жүрісінде жүрудің түрі анықталады. Теңдей негізде егер кімде-кім шектеусіз кию үшін көйлекті жалға алса, онда ол оны өзі киюге немесе басқа тұлғаға беруге құқылы; бірақ оны өзі кисе және басқа тұлғаға киюге рұқсат етсе, онда ол көйлекті басқа біреуге беруге құқылы емес.

Бірақ шектелген келісім шартта пайдалану тәсіліне қатысты кез келген шегініс жалданған зат үшін жалдаушыны жауапты етеді. Егер кімде-кім жалға жануар берсе, ол жануарда белгілі тұлға жүру үшін берсе немесе киімді оны белгілі тұлға киіп жүру үшін жалға берсе, ал жалдаушы жануарға басқа біреуді отырғызса немесе киімді кию үшін басқа тұлғаға беерсе, және жануар немесе киім бұзылса, онда жалдаушы жауапты. Өйткені адамдар түрліше атпен салт жүреді және киім киеді, онда белгілі тұлғаның нұсқаулары жарамды, сәйкесінше жалдаушы осы нұсқаудан шегінуге құқылы емес. Дәл сол ереже барлық жағдайларда қолданылады, ол жерде пайдаланушының өзі бар; басқаша сөзбен айтқанда, егер жалға беруші тұлға пайдалану тәсілін шектесе, онда ол болуы керек; және егер жалдаушы шектеуден шегінсе, зат бұзылған жағдайда жауапты болады.

Заттың түрі осындай болады ма, ол шегінуден қасіретке ұшырамайды. Бірақ жер мен басқа да заттар онда пайдаланушының өзі көрсетілмейтін (шатыр немесе демалатын орын) белгілі тұлғаны ескертумен пайдалануда шектелмесе, сәйкесінше жалдаушы ойлағанды жіберуге оны пайдалануға құқылы, өйткені шектеу пайдаланудың түрлі нәтижелерін жою үшін, маңызға ие болады. Бірақ құрылысқа (мысалы, темір ұсталары) зиян келтіретін қолөнерші тұлғаларды пайдалану болжанбайды.

Немесе шегінудің өзі затқа зиянын тигізе алмайды. Егер кімде-кім ауыр затты алып жүру үшін жануарды жалдаса, ал жалға беруші тұлға оның түрі мен жүкті санын анықтаса, мысалы, егер ол былай десе: «Сен оған бидайдың бес кафизімен жүк артасың», онда жалдаушы заттың бірдей санымен жүк арта алады, бидай, арпа немесе шалқанның ұрықтарын тасымалдау үшін ыңғайлы, барлық осы заттардың түрлері келісім шарт бойынша берілген рұқсатқа енгізілген. Бірақ жалдаушы бидайға қарағанда (мысалы, тұз) тасымалдау үшін қолайлы емес заттарды жануарға артуға құқылы емес, немесе осыған жануар иесінің келісімі болмаған. Егер кімде-кім қағаз

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

иірімдерінің белгілі санын тасымалдау үшін жануар жалдаса, онда жануарға темірдің бірдей санын артуға құқылы емес, өйткені теміртасымалдау иірімдерді тасымалдауға қарағанда жануар үшін үлкен қолайсыздықпен кездестірілген, дәл сол себеппен темір жануардың арқасының бір жеріне қысым келтіреді, ал иірімдер арқаның барлық бөлігіне теңдей қысым келтіреді.

Пайдалану шараларын арттыру сол залалдан пайда болған жағдайда тиісті жауапқа бейімделеді. Егер кімде-кім бидайдың белгілі санын алып жүру үшін жануар жалдаса және оған көп санын жүктесе және жануар қаз болса, онда салмақты арттырғаны үшін жауапты. Мысалы, егер кімде-кім бидайдың кафизін алып жүру үшін жануар жалдаса, ал ол он бес кафиз жүк тиесе, жануар қаза болса, онда осындай жағдайда жануардың $1/3$ құнына жауапты. Бұл мынамен түсіндіріледі, жануар жалдаушымен рұқсат етілген және рұқсат етілмегендіктен қайтыс болады, сондықтан өнім себебі жүк болса, онда жауапкершілік екі жақ арасында пропорционалды түрде бөлістіреді; осыған сәйкес салмақтың рұқсат етілген бөлігіне тек рұқсат етілмегендерге ғана, яғни сый-ақы есептелмейді. Егер жалдаушы жануардың алып жүруге жағдайы бар шамадан тыс жүкті тиесе, онда ол барлық құны үшін жауапты; бірақ осылай іс-әрекет етуге құқылы емес.

Салт атты кісі жануарға екінші салт атты кісіні отырғызса, жануардың жарты құнына жауапты. Егер кімде-кім жануарды өзі жүру үшін жалдаса және жануарға артына басқа тұлғаны отырғызса және жануар қаза болса, онда ол құнның жартысына жауапты. Осыдан салт атты кісінің салмағына назар аударылмайды, өйткені атпен салт жүре алмайтын тұлға жануардың арқасын зақымдауы мүмкін, тұлғаның салмағы аз болса, сол уақытта тамаша салт атты кісі секілді салмағы көп болса да аттың арқасында оңай отырады. Бұдан басқа салмақпен өлшенетін адам зат емес, сондықтан оның салмағы қанағаттандырылмайды. Осының салдарынан құқық бұзушылар санына назар аударылатын тұлғаларға қарсы құқық бұзушылықпен қатар, салт атты кісілердің санына да назар аударуға тура келеді; басқаша сөзбен егер бір тұлға басқа біреуге кездейсоқ он жарақат келтірсе, ал басқа біреу-бір жарақат келтірсе және жарақат алушы қаза болса, онда екеуі де теңдей негізде қан үшін өсім төлеуге міндетті. Осы жерде келтірілгендер мынаны болжайды, жануардың екі салт атты кісіні алып жүруге жағдайы бар, немесе қарсы жағдайда жалдаушы бидай жағдайымен байланысты жануардың барлық құнына жауапты. Осыдан байқайтынымыз бұл ереже салт атпен жүруге қабілетті ересектермен қатар, жастарға да бірдей қолданылады; бірақ егер жалдаушы өз еркімен атпен жүруге қабілеті жоқ жас баланы артына отырғызса, онда бұл жердегі жағдай жануарға жүк тиеумен тең, және жалдаушы қосаалқы салмаққа пропорционалды түрде ғана жауапты.

Жалдаушы жануарға нашар қарау салдарынан пайда болған, жануардың өлімі үшін жауапты. Егер кімде-кім жануарды атпен салт жүру үшін жалдаса және ноқтасынан тартса және жануарды ұрса, осының салдарынан жануар қаза болса, онда Абу Ханифа бойынша жануардың бүкіл құнына жауапты. Екі оқұшының мақұлдауынша ол тек ноқтаны тартса немесе жануарды ұрса жауапты емес, немесе келісім-шарт жасауда барлық қарапайым істерге құқық болжанады, және сондықтан бұл жерде жағдай мынадай, егер ол оны меншік иесінің оң рұқсатымен жасалса, Абу Ханифаның дәлелдеуінше, меншік иесінің рұқсаты қауіпсіздік шартымен шектелген,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

өйткені жанауар ноқтаны тартпай-ақ және ұрмай-ақ басқарылуы мүмкін, осындайлар артық және мүмкін емес болып табылады. Сондықтан пайдалану үлкен жол бойынша саяхаттаумен қатар қауіпсіздік шартымен шектелген.

Жануарды жалға немесе саудаға беру кезінде белгілінген жолдан алыстау салдарынан жауапкершілік пайда болады. Егер кімде - кім жануарды белгілі орынға (мысалы, Мединеге) барып келу үшін жалдаса, одан кейін жолдан бұрылып, басқа орынға барып, Мединаға жануармен оралса және жануар қаза болса, онда сол үшін жауапты. Дәл сол ереже саудаға алынған жануарға қатысты қолданылады. Кейбіреулердің айтуынша осы жерде қарастырылып отырған жағдай мынаны болжайды, жануар тек Мединаға барып келу үшін жалданған(сол жерге барып қайтуға емес), осындай жағдайда жолдаушы меншік иесіне жануарды қайтаруға міндетті емес; бірақ ол саяхат үшін барып қайтуға жалданған болса, онда жалдаушы жүк қабылдаушы секілді жағдайда тұр, алдымен ол жүкті қабылдаумен байланысты міндеттерді бұзса, содан кейін солармен бірге сәйкестендірілсе, осындай жағдайда ол жүк үшін жауапты емес. Басқалары керісінше былай дейді, ереже шартсыз және сәйкесінше жауапкершілік сол немесе басқа жағдайда да пайда болады. Егер жалдаушы, заемщик пен жүк қабылдаушы арасында елеулі өзгеріс болса: соңғысына жүкті сақтау тапсырылады және жүк қабылдаушы бұзушылықты тоқтатса және меншік иесі уәкілі рөліне орала отырып өз міндеттеріне сәйкестікпен қараса онда бұл тапсырма өз күшінде қалады. Ал жалдаушы мен заемщикке затты пайдаланудан тәуелді затты сақтау тапсырылады, сәйкесінше пайдалануды тоқтату бойынша меншік иесінің уәкілі болуды тоқтатады, және Мединаға оралғаннан соң жауапкершіліктен босатылмайды. Бұл жалпы қабылданған ілім.

Бір ерді басқа сол түрдегі ерге айырбастау жауапкершілікке ұшырамайды.

Егер кімде-кім ері бар есекті жалдаса және оған сол үлгідегі басқа ерді кигізсе, әдетте есектерге кигізілетін, онда ол жауапты болады егер есек өлсе, өйткені ер жануарға бейімделген болса, онда оны пайдалануға меншік иесінің рұқсаты болатыны болжанады; шектеу егер ер келісім шартта көрсетілгеннен ауыр болғанда ғана пайдалы; осы жағдайда егер есек өлсе, онда жолаушы салмақтағы айырмашылығына шамалас жауапты.

Егер салмақта ешбір айырмашылық болмаса, қарсы жағдайда салмақтағы артықшылыққа пропорционалды жауапкершілік пайда болады. Егер керісінше жалдаушы дәл осындай үлгіде есекке ерді кигізсе, ол есектерге жүру үшін қолданылмайды, онда ол барлық құн үшін жауапты; осындай іс-әрекетке меншік иесінің келісімі болжанған болмайды және жалдаушы осылай істей отырып келісім шарттың шартына қарсы іс-әрекет етеді.

Егер ердің түрі түрліше болса, онда есектің барлық құны үшін жауапкершілік пайда болады. Егер кімде-кім есекті ерімен бірге жалдаса және жануарға осындай үлгіде теңдей жүк артылатын ерді кигізсе, осы мақсат үшін пайдаланылмаған, онда ол алдыңғы мысалда келтірілген себеппен жануардың бүкіл құнына жауапты; осы жағдайда оның жауапкершілігіне үлкен негіз ұсынылады, өйткені теңдей жүк артатын ер салт ермен бірдей түрге жатпайды. Теңдей негізде, егер ол есекке қарапайым түрде осы жануарға кигізілетін теңдей жүк артылатын ерді кигізсе, онда Абу Ханифа бойынша ол барлық құн үшін жауапты. Екі оқушының

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

мақұлдауынша, салт атқа теңдеп жүк артылатын есектің салмағын арттыру мөлшерінде ғана жауапты болады.

Теңдеп жүк артылатын ер осы жануарға кигізілетіндер қатарына жататын болса және теңдеп жүк артылатын есек пен салт аттының салмағы бірдей болса, ал меншік иесі біреуін басқаға аумастыруға келіссе, онда жалдаушы бірінші есектің екіншісіне мөлшерндегі артықшылығына пропорционалды түрде жауапты. Артықшылық жануарды жалға бере отырып жүк тиеуге жататын бидайдың санын анықтаса, ал жалдаушы үлкен санын тиесе, онда жалға беруші тұлға жағдаймен байланысты аналогияны көрсетеді. Абу Ханифаның дәлелдеуінше теңдеп жүкті артатын ер салт атпен бір түрге жатпайды, өйткені теңдеп жүк артатын ер-ауыр нәрселерді тасымалдау үшін, атпен салт жүру үшін қолданылады. Сондықтан жалдаушы есекке теңдеп жүк артатын ерді кигізсе, жануардың меншікті иесі бірге өзінің келісім-шартына қарсы әрекет етеді, яғни бидай тасымалдау мен оған темірді арту үшін жануар жалдайтын тұлға.

Жүк тасушы белгіленген жолдан ауытқу салдарынан жауапты болмайды. Егер кімде-кім белгіленген жол бойынша белгілі орынға бидайда апару үшін жүк тасушыны жалдаса, ал ол басқа жүргінші жолмен барса және бидайды жұмсаса, онда ол жауапты емес; ал егер ол бидайды белгіленген орынға бүтіндей жеткізсе, онда жалдама ақы алуға құқылы. Бұл жолдар едәуір айырылатыны болжанады, немесе осы жағдайда жолдың біреуін шектеу пайдасыз. Бірақ жолдар арасындағы айырмашылық үлкен және жүк тасушымен таңдалған жол қауіпті, қатпарлы немесе қиын өтетін жолмен, онда жүк тасушы бидайдың жұмсалғаны үшін жауапты, өйткені осы жағдайда шектеу пайдалы және сәйкесінше жарамды. Осыдан байқайтынымыз, имам Мұхаммед осындай өзгешелік жасамайды, бірақ жүк тасушы осындай жүкті басқа жолмен алып жүрсе жауапты емес, егер ол жалпы пайдалануды болса, немесе егер екі жол таптап тасталған болса, онда олар арасында еш айырмашылық жоқ. Егер керісінше, ол жүкті өте алмайтын жолмен өткізсе және жүк жұмсалса, онда ол оның құнына жауапты, өйткені жүк тасушы оған берілген нұсқауларға қарсы әрекет етті. Егер ол бидайды белгіленген жерге бүтіндей жеткізсе, онда жалдама ақы алуға құқылы, немесе бидайды жеткізсе отырып ол көрсетілген жолдан ауытқу салдарын жойды, демек мақсат орындалды.

Жалданған жердің белгіленген егістіктен ауытқу залалын біріктіру жалға алушыны пропорционалды жауапкершілікке ұшыратады. Егер кімде-кім бидай егу үшін жерді жалға алса, оның орнына жонышқа ексе онда ол топыраққа келтірілген зияны үшін пропорционалды түрде жауапты, өйткені дәндердің кейбір түрлерін егу топырақ үшін үлкен зиян келтіреді, бидайға қарағанда, өйткені олар едәуір дымқылды талап етеді және олардың тамырлары жерге жайылады. Сондықтан жалға алушы жердің иесіне қарсы әрекет етеді, өйткені ол топырақ үшін зиянды акт жасасты. Сондықтан сонғысы сый-ақы талап етеді, онда оның жалдама ақыға құқығы жоқ, өйткені жалға алушы осы жағдайда іс-әрекет келісімшартымен келіспеу салдарынан заңсыз иеленуші болып табылады.

Тігінші тапсырыс берушінің нұсқауынан ауытқыса, жауапты болады. Егер кімде-кім тігіншіге мауыт берсе, белгілі сый-ақы үшін далақтаған ұзын көйлекке тән одан пироган тігуді тапсырса, ал ол кабба немесе қысқа қамзолға тән етіп тіксе, онда

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тапсырушы өзінің мауыты үшін тігіншіден сый-ақы алуға құқылы немесе каббаны қабылдап, оған еңбегі үшін тиісті сый-ақы төлей отырып, алғашқы келісілген сый-ақыдан аспау керек. Бұл «Захири-Риваятқа» сәйкес. Кейбіреулер былай дейді, пираган - бұл кабба, немесе ілмелі қамзол. Басқалары керісінше мақұлддайды, пираган тек қана ілмелі кафтан емес, өйткені оны жылдың барлық уақытында киеді. Абу Ханифаның пікірін жеткізеді, мауыттың меншік иесі тігіншіден сый-ақы алуы тиіс және таңдау құқығы жоқ, өйткені кабба пираганнан керемет пішімі бойынша көйлек болып табылады, осының салдарынан тігінші заңсыз иеленуші жағдайында тұр. «Захири-Риваятта» келтірілген ілімнің негізі мынамен жаасалады, кабба бір қатынаста пираган болып табылады, өйткені соңғының орнына қолданылады, ал басқа қатынаста пираган емес. Сондай-ақ бұл жерде ұқсастықпен қатар, ұқсастық емес те көрсетіледі, сәйкесінше меншік иесі мауыт құны үшін сый-ақы алумен (осы жағдайда мауыт тігіншінің меншігіне өтеді) және тігіншіге тиісті сый-ақы төлеумен каббаны алу арасында таңдау құқығы бар; тек тиісті сый-ақы қажет; өйткені тігінші тігінші барлық бөліктерде тиісті міндетін орындамады, және ол барлық жалдану жарамсыздығы жағдайында қабылданған бастапқы шартталған сый-ақы мөлшерінен аспау керек. Егер кімде-кім тігіншіге бір киімді каббаға өзгертуге тапсырыс берсе, ал оны шалбарға айналдырса, кейбіреулердің пікірінше меншік иесі сый-ақы алуы тиіс, және көйлектің екі түрін түрлі пайдалану салдарынан құқығы болмайды. Сөзсіз, меншік иесі көйлектің құны үшін сый-ақы алумен және еңбегі үшін тиісті төлеммен шалбарды қабылдау арасында құқыққа ие болады, өйткені пайдалану әсіресе жалаңаш жерін жабу көйлектің екі түрі үшін де бірдей. Және бұл жерде жағдай сол, егер кімде-кім мысшыға былай десе: «Маған осы мыстан шынаяқ жасап бер», ал мысшы мыстан табақ жасайды.

IV. Тарау

ЖАРАМСЫЗ ЖАЛДАНУ ТУРАЛЫ

Жарамсыз шарт жалдану келісім шартының күшін жояды. Жалдану жарамсыз шартқа тәуелді қойылған болса жарамсыз болады, өйткені жалдану сатуды алмастырады және жалдану келісім шарты сату келісім шарты секілді бұзылуы мүмкін.

Бірақ осы жағдайда шартталған жалдама ақыдан жоғары емес еңбек үшін тиісті сый ақы төленеді. Шарттың жарамсыздығы салдарынан жалдану жарамсыз болса, шартталған төлемнен жоғары емес еңбек үшін тиісті сый ақы төленуі тиіс; басқаша сөзбен елісім шарт бойынша келісілген және тиісті еңбегі үшін сый ақы аз төленеді. Имам Зуфардың мақұлдауынша оның мөлшері қандай болмасын тиісті сый ақы төленеді, өйткені ол осы жағдаймен жарамсыз сатылым арасындағы аналогияны қарайды, заттың құны оның мөлшерінен тәуелсіз төленуі тиіс. Біздің ғалымдардың мақұлдауынша пайдалануды бағалау негізіне адам қажеттілігін қанағаттандыру үшін жасалған келісім шарт қойылады, осының салдарынан жарамды жалдануда пайдалану дәрежесі қажеттілікпен өлшенеді. Бірақ жарамсыз жалдану жарамды жалдану келісім шартымен түсінік бойынша талқыланса, онда оның жарамды келісім шартқа қатынасы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болады және сәйкесінше оған қатысты түсінікке жарамды жалдану кезінде төленетін яғни еңбекке пропорционалды сый ақы төленетіні қабылданады. Бірақ жақтар жарамсыз жалдану жағдайында беогілі жалдама ақыға келісті, осыдан төлем соммасын анықтай отырып соңғысы біріншісін арттырғанда осы соммамен пропорционалды сый ақы арасында айырмашылықты келтіруге келісті. Сондықтан төлемге келісілген сомма тиесілі. Егер бұл сомма пропорционалды сый ақы соммасынан жоғары болса, онда оның артықшылығы төлемге жатпайды, өйткені осы сомманы анықтау жарамсыз болады. Әйтпесе жарамсыз сатылым кезінде: сату заты өзара бағалануы мүмкін, бірақ оның құнын анықтау үшін келісім шартқа назар аударудың қажеттілігі жоқ. Бірақ осы құн басты зат болып табылады; өйткені егер бағаны анықтау жарамды болса, (сату жағдайындағыдай) онда жарамдылық айтылған бағаға хабарланады және керісінше бағаны анықтау жарамсыз болса (жарамсыз сатылым жағдайында), онда есепке шартталған баға емес, заттың жарамды бағасы қабылданады.

Іс- әрекет мерзімін белгілемей-ақ жасаған келісім шарт төлемнің алғашқы мерзімі бастала салысымен тоқтатылады. Егер кімде кім «ай сайын диргам төлеу» шартымен үйді жалдаса, онда осындай келісім шарт бір айға жарамды, бірақ келесі айларға жарамды емес, егер келісім шарт іс әрекет ететін айлардың күні анықталмаса. Осы жағдайдың дәлелдері араб тілі сөзінің мағынасына негізделген. Осыдан байқайтынымыз, қарастырылып отырған келісім шарт бір айға ғана жарамды, онда қожайын мен жолдаушы айдың соңына қарай келісім шартты бұза алады, немесе осы уақытқа дейін жарамды келісім шарт орындалған және аяқталған болып ұсынылады. Сондықтан егер жалға беруші бір ай өткен соң бір секундқа ғана үйінде қалатын болса, онда келісім шарт екінші айға өз күшінде қалады және қожайын осы айдың аяғына дейін оны шығаруға құқығы жоқ (дәл сол ереже әр айға қатысты қолданылады, алдында жалға алушы үйінде тұруды жалғастырады), өйткені жалға алушы келесі айда үйде тұруды жалғастырады, онда келісім шарт жақтардың келісім шарты бойынша қайта қалпына келтірілген болып есептеледі. Бұл аналогияға негізделген және біздің кейбір ғалымдарымызбен қабылданды. Захири - Риваят бойынша келісім шартты бұзу құқығы келесі айдың бірінші күні аяқталғанға дейін екі жақпен қалады, немесе егер есепке айдың бірінші кезеңін қабылдасақ, онда осының салдарынан уақыттың қысқа болуынан келісім шартты бұзу құқығын жүзеге асыру мүмкін емес.

Жылдық жалға беруге қатысты ереже. Егер кімді кім дарагим төлеммен бір жылға үйді жалдаса, онда бұл заңды, бірақ ір айға жеке жеке жалдама төлеу айтылмаған болса, жалға берудің бүкіл мерзімі анық болғандықтан, онда бұл жердегі жағдай бір айға жалдану секілді, осындай жалдану жарамды « әр күн үшін жалдама ақы туралы айтылмаған болса» осыдан байқайтынымыз, егер жылдық мерзімін бастапқы күні анықталған болса (мысалы, жалға алушы былай дейді « мен бұл үйді раджаб айының алғашқы күнінен бастап бір жылға аламын»). Онда жалға беру осы күннен басталады. Егер керісінше бастапқы мерзім белгіленбесе, онда жалға беру келісім шарт жасалған күннен бастап басталады, өйткені барлық келісім шарттар жалдануға қатысты тең және сондықтан осы қатынастағы жалға беру уәдеге сай келеді. Басқаша айтқанда, егер кімде кім бір ай ішінде мынадай тұлғамен сөйлеспейтіндігіне уәде берсе, онда уәдені орындау оны айтқан күннен бастап басталады, өйткені барлық мерзімдер уәдеге қатысты тең. Дәл осы қарастырылып

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

отырған жағдайда осыдан байқайтынымыз егер жалдану келісім шарты айдың алғашқы күнінен бастап жасалса, онда барлық жылдың келесі айлары жаңа айдан бастап есептеледі, өйткені бұл уақытты есептеудің алғашқы негізі болып табылады. Егер керісінше айдың басынан бастап бірнеше күн өткен соң келісім шарт жасалса, онда Абу Ханифа бойынша келісім шарт 360 күнге жасалған болып есептеледі, және осындай мағынада бір жағдайда деп Абу Юсуф пікір айтты. Имам Мұхаммед пен Абу Юсуфтың басқа пікірінше, алғашқы ай күн бойынша есептеледі және келесі айдан қосылады, ал айлар әрқайсысы жаңа айдан бастап басталады, өйткені күн бойынша есептеу тек қажеттілік салдарынан ғана жіберіледі, осындай тек бірінші ай үшін болады. Абу Ханифаның дәлелдеуінше бірінші айды қосқаннан соң екінші айдың белгілі күні болады және соңғысы күн бойынша есептелуі тиіс және жылдың басынан соңына дейін есептеледі, иддат қатынасы бойынша ; басқаша сөзбен егер ажырасу айдың ортасында болса, онда ай күн бойынша есептеледі. Дәл осы қарастырылып отырған жағдайда.

Сый ақы шаштаразшыларға да беріледі. Моншашылар мен шаштаразшылардың сый ақыға құқығы бар: біріншілері, өйткені барлық мұсылмандар арасында оларға сый ақы төлеудің өзгермейтін әдеті, және Пайғамбар былай дейді: «Мұсылмандар ортасында жақсылық не болып табылса, онда Жаратушы алдында да жақсылық болып табылады» соңғысы өйткені Пайғамбар оған тілме қою операциясын жасағаны үшін тұлғаға сый ақы төледі. Бұл белгілі қызмет үшін белгілі сый ақы болып табылады және бұл заңды болып көрсетіледі.

Бірақ биені қашырғаны үшін сый ақы жоқ. Жануарларды қашыртқаны үшін сый ақы ұсынылмайды, яғни еркек жануардың ұрғашы жануармен бірігуі үшін мәлімет бергені үшін өйткені Пайғамбар былай дейді: «Сиб-ти тыйым салынған заттардың қатарына жатады» ал сибти дегенде атты қашыртқаны үшін сый ақы ұсынылады.

Қандай - да бір діни міндетті орындамағаны үшін. Халықты дұға етуге немесе қажылық жасауға немесе имам міндеттерін орындауға немесе Құран немесе заңдарын үйретуге шақырғаны үшін сый ақы қабылдау заңсыз. Біздің ғалымдардың жалпы ережесі бар, діни міндеттер сонын орындағаны үшін сый ақы қабылдауға болмайды. Имам Шафии бойынша діни міндеттерді орындағаны үшін сый ақы алуға рұқсат етіледі, жолдаушыға тәңірдің ережесін жүктемейді, өйткені бұл белгілі қызмет үшін сый ақы қабылдау болып табылады, ал жоғарыда келтірілген актілер жолдаушыға жазылмағандықтан, онда сәйкесінше сол үшін сый ақы алуға болады. Біздің ғалымдардың дәлелдері осы зат бойынша екі түрлі. Біріншіден, Пайғамбар былай дейді: « Құранды оқы, бірақ ол үшін сый ақы алма»: Ол Осман бин Аббасқа түсіндіреді, егер ол муэzzин болып тағайындалса (дұғаға шақыратын тұлға), онда ол жалақы қабылдамау керек. Екіншіден тақуа акті жасалғанда онда ол қызмет ететін тұлғаның ниеті бойынша жасалады (осының салдарынан оның әрекет істеуге бейімділігіне назар аударылады), сәйкесінше ораза немесе дұға жағдайындағыдай басқадан сый ақы алуға құқылы емес. Сондай - ақ Құранның оқытушысы оқулықтағы қажетті сапалардың болуына ғана, әсіресе қабілеттік пен тыңдауға үйретуге қабілетті, сәйкесінше жарамсыз болып табылатын одан тәуелді болмайтын затты қарастырады. Біздің кейбір қазіргі ғалымдарымыз былай деп есептейді, қазіргі уақытта Құранды

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

үйреткені үшін сый ақы алу заңды, өйткені дінге деген немқұрайлық тарады, осының салдарынан егер киелі кітаптарды оқыту үшін төлеу рұқсат етілмесе, онда біздің уақытта осындай оқыту құлдырауға алып келер еді. Осы жағдайда шешім қаулы етіледі.

Ән салу мен жылау үшін емес. Ән салу мен жылау¹ үшін сый ақы заңсыз немесе осыған тән көпшілік көрермендер өйткені қылмыстық сипаттағы іс әрекет үшін сый ақы қабылдау болып табылады, осындайлар жазалау келісім шартының заты бола алмайды.

Белгісіз заттарды жалдау. Белгісіз заттарды жалдау жарамсыз Абу Ханифа бойынша егер жалдаушы ретінде бірге иемденуші болып табылмаса. Екі оқушының мақұлдауынша осындай келісім шарт жарамды, және осыған сәйкес шешімдер қаулы етіледі. (Бұл ереже ең бастысы мына жағдайға қолданылады, мысалы кімде кім өз үйінің жартысын басқа тұлғаға жалға берсе немесе үйдегі іс үлесін жалпы жеке меншіктен құралған бірге иемденушіге емес жалға беру). Екі оқушының дәлелдеуінше белгісіз бөлігі пайдалану затты болуға қабілетті (осының салдарынан пропорционалды жалдама ақы берілуі керек),және осындай беру мүмкін немесе меншік иесімен өз үйлесін жалға алушыға жеңілдік жолымен беру. Бұл жерде дәл сол жағдай, егер де ол өз үлесін бір немесе екі бірігіп иеленушіге жалға берсе, онда заңды болып табылады, сәйкесінше бұл жерде сату мен ұқсастық бар. Абу Ханифаның ойынша меншік иесі ол беруге жағдайы жоқ затты жалға береді, онда келісім шарт жарамсыз. Бұл мынамен түсіндірілді, бір нәрсенің белгісіз бөлігін беру түсініксіз, өйткені ол басқа жақтың меңгерусіз бір жақпен жасамайды; ал меңгеру белгілі затқа қатысты ғана орынға ие болады. Пайдалану жеңілдігіне қатысты ол беру ретінде қарастырылады, өйткені ұсынуға актіге тең келеді, осының салдарынан меңгеру мүмкіндігі жасалады. Басқа жағынан кезектесіп меңгеру жалдану келісім шартының салдары болып табылатын пайдалануға жеке меншік құқығының күшіне ғана орнатылуы мүмкін. Салдарлар себептермен қатарлас жүретін болғандықтан

¹ Өлген адамға жылау (қолөнер кәсібімен айналысатындар, жалдамалы жоқтаушы)

осыдан кезектесіп иелену жалдану келісім шартын орындауға тура келеді; бірақ беру мүмкіндігі келісім шартты болып табылады, ал шарт ескерту үшін болатындықтан, осыдан беру мүмкіндігі жалдану келісім шартынан бұрын болуы керек.

Бірақ біреудің артынан еретін зат бұрын болуы ретінде қарастырылмайды, осыдан кезектесіп иелену келісім шарттың артынан ере отырып беру ретінде қарастырылмайды. Керісінше жалға алушы бірігіп иеленуші болып табылады, онда бар затты пайдалану жалға алушының жеке меншігі болады, сәйкесінше ол иеленген заттың бір бөлігі де анықталмаған болып аталмайды. Теңдей негізде пайдалану табиғатындағы өзгешелік(мүліктің бір бөлігін ол меншік иесі ретінде пайдаланады, бөлігі арендалық келісім шарт күшіне) жалға алушы зиянын тигізбейді. Одан тәуелсіз бірігіп иеленуші де белгісіз затты жалдау заңсыз. Басқа іс сырттан қосылған белгісіздік жағдайында осындай дау дамайға себеп бола алмайды. (Сырттан қосылған белгісіздік болады, бір тұлға затты екі тұлғаға жалға берсе, және меншік иесінің біреуі өлсе, осындай жағдайда жалдану басқа біреудің үлесінде өз күшінде қалады және «

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Захири Риваят» бойынша берілу мүмкіндігі келісім шарттың болу салдарынан емес, беру міндетті салдарынан талап етілетін себеп бойынша жарамсыз болмайды; бұл міндет басында болады, неге беру мүмкіндігі келісім шарт күшін жалғастыру шартты болып табылмайды). Басқа іс, зат жалға екі тұлғаға берілгенде; осы жағдайда бүкіл затты беру анықталған әрбір жақтың жеке меншік құқығы ерекше болу салдарынан белгісіз бөлу пайда болады.

Сүт ананы жалдау. Белгілі сый ақы үшін баланы емізу үшін сүт ананы жалдау заңды, немесе Құранда Құдай былай деген: «Егер олар сенің балаларыңды емізетін болса, онда оларды сыйлады». Пайғамбар уақытындағы әдет ғұрып осындай, дейін және содан кейін. Кейбіреулер былай дейді, қарастырылып отырған жағдайында жалдану келісім шарты баланы қараудың келісім шарты болып табылады, осындай қараудың міндеттері(әсіресе қадағалау мен сүтпен емізу) көйлекті бояу келісім шартындағы түс секілді, келісім шарттың керек жағынан құралған. Басқалардың мақұлдауынша бұл жерде келісім шарт сүтпен емізу туралы келісім шарттан құралған, ал қадағалау келісім шарттың керек жарағын құрайды, яғни егер де баланы сүтпен емізу үшін ешкі жалға алынса, онда ешқандай сый ақы жоқ. Бірақ бірінші пікір заңмен сәкес келеді, өйткені жалдану келісім шарттары қолда бар қандай да бір затты тұтыну және жұмсау үшін емес жасалмайды, мысалы егер кімде кім оны сүтпен пайдалану үшін сиырды жалдаса, онда бұл заңсыз. Осы келтірілгендер салдарынан келісім шарт жарамды, егер жалдама ақы анықталса, сондай - ақ келісім шарт баланы қарау үшін тұлғаны жалдау ретінде қарастырылады. Тамақ пен көйлектің орнына Абу Ханифаның болжауынша бала үшін сүт ананы жалдау заңды. Егер оқушының мақұлдауынша бұл заңсыз; өйткені сый ақы анықталмаған және белгісіз болса, онда біз мынадай жағдайға ие боламыз, егер әйел тамақ пен киімнің орнына нан пісіру үшін жалданған болса. Абу Ханифаның дәлелдеуінше осы жағдайда белгісіздік дау дамай туғызбайды, өйткені балаға деген қамқорлық пен мейірімділікті қорғау үшін сүт ананы асырау молшылық. Бұл жағдай бүкіл уйіндіден бидайды сатуға келеді, ал мұндай сатылым заңды, сатушы бидайды үйіндінің қандай - да бір бөлігінен беруге құқылы, өйткені осы қатынастағы белгісіздік дау - дамай туғызбайды. Басқа іс нан пісіру үшін әйелді жалдау: бұл жерде белгісіздік керісушілікке алып келеді. « Джами ус Сатрде» айтылғандай егер сүт ана тамақ пен киім үшін жалданса, сондай ақ көйлектің түрі мен пішіміне қатысты және беру уақытына байланысты нұсқаулар берілсе, және азық түлік үшін дарагимдердің белгілі саны анықталса, содан кейін ақшаның орнына азық түліктер берілсе, онда бұл заңды болады. Немесе егер белгілі азық түлектер және олардың саны мен сапасы анықталса, дәл сондай себеппен бұл заңды және осы жағдайда азық түлектерді беру үшін белгілі уақыт талап етілмейді, өйткені салмақ пен сыйымдылық шамасымен өлшенетін заттар, олар анық болғанда өарыз заты болса, ал қарыз бірден төленсе, кейде ақшадан құралған баға секілді уақыттың белгілі мерзімі арқылы төленеді. Абу Ханифа бойынша азық түліктерді беру орнын көрсету керек, бұл берілу шығындармен кездескен болса. Екі оқушы керісінше былай мақұлдайды, сату туралы бөлімде түсіндірілгендей онда еш өажеттілік жоқ. Басқа іс көйлекке қатысты: тек орынның емес, беру мен олардың санының уақытын көрсету талап етіледі, өйткені көйлек саялам сату жағдайын қоспағанда қарыз заты болып есептелмейді. Осы жағдайда тез арада

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

төлем талап етіледі, өйткені көйлек үшін сүт ананы жалдау жағдайында оның саны, мен сапасына, берілуіне нұсқау талап етіледі.

Жалдаушы сүт ананың күйеуіне онымен жыныстық қатынас жасауға тыйым салуға құқығы жоқ, өйткені жолдаушы жоюға билігі жоқ күйеуінің құқығын құрайды; күйеуі егер келісім шарт жасау кезінде сол келісім шарт туралы хабардар болмаса, өз құқығын сақтау үшін осыны жоя алады. Бірақ жолдаушы сүт ананың күйеуіне өз уйінде жыныстық қатынас жасауға тыйым сала алады, өйткені оның билігі уйінде өзгеше. Теңдей негізде егер осындай қатынас салдарынан сүт ана жүкті болып қалса, онда баланың қамқоршылары келісім шартты бұзуға құқылы, егер тек ананың сүтінемгізуден балаға зиян келетіні анықталса, онда мүмкін және онда мүмкін дәл сондай себеппен сүт ана ауырып қалса да келісім шартты бұзуға құқылы. Сүт ана сондай ақ оның сүтіне зиянды әсерін тигізетін осындай тамақты пайдалану өз міндетін орындау үшін оны әбден шайнай отырып және қашқақтай отырып, бала тамағын дайындауға міндетті. Осындай түрдегі барлық істерде заңның он белгіленуі жоқ әдет нұрыпты назарға алу керек. Сондықтан қарапайым жұмыстың барлығын орындау (баланың кірін жуу, тамақ дайындау) әйелдің міндетіне жатады. Азық түліктер әкесі арқылы жеткізілуі керек. Имам Мұхаммедтің «сүт ана май мен игі заттарды жеткізуге міндетті» деген ескертуге қатысты, бұл кудж әдет ғұрпына сай келеді.

Егер сүт ана ны жалдану мерзімі ішінді баланы ешкінің сүтімен тамақтандырса, онда оның сый ақыға құқығы жоқ, өйткені баланы өз сүтімен емгізу міндеті орындалады, немесе ешкінің сүтімен тамақтандыру қарау емес, жай ғана сүтпен тамақтандыру болып табылады. Сондықтан ол міндеттеме келісім шарты бойынша қабылдағанды орындамағаны үшін сый ақы алуға құқығы жоқ.

Күннің заңсыз иеленушісі жүктілік салдарынан оған келтірілген залал үшін жауапты емес, егер сәбидің құны осы залалға сай келсе. Егер заңсыз иелікте тұрған күн, жүктілік кезінде залалға ұшыраса және сәбидің құны келтірілген залаға тең болса, онда заңсыз иеленушінің оны сыйлауға құқығы жоқ. Имамдар Шафии мен Зуфардың мақұлдауынша, сәбидің құны залал үшін сый ақы болмайды, немесе сәби күн қожайынының жекеменшігін құрайды, және сәйкесінше елікке қатысты жоғарыда келтірілген жағдайға байланысты, оған келтірілген залал үшін сый ақы ретінде қолданылмайды; яғни егер кімде-кім ұрғашы бұғыны киелі жерден алып шықса, ол дүниеге төлін алып келсе, және босану кезінде зиянға ұшыраса, төлінің құны зиянға сай келеді, онда заңсыз иеленуші киелі жерге тек бұғыны емес, оның төлін де қайтаруға міндетті, және зиян үшін сыйлауға міндетті болады. Дәл сол, егер сәби заңсыз иеленушімен анасы келгенге дейін қаза болса, немесе босану кезінде анасы қайтыс болса және сәбидің құны жоғалтқаны үшін сый ақы жеткілікті болса, немесе кімде-кім бөтен ешкінің жүнін қырқатын болса, немесе бөтен ағаштың жапырағын

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

үзетін болса, немесе құлды піштіретін болса немесе оны өнерге үйрететін болса, осының салдарынан кейбір қатынастарда ол пайдасыз¹ болып қала береді. Барлық осы жағдайда іс-әрекет ететін тұлға келтірілген зиян үшін жауапты. Заттың құны соның салдарынан көбейеді. Біздің ғалымдарымыздың дәлелдеуінше жетілдіру мен залалдың себебі осы қарастырылып отырған жағдайда біреу, өйткені оған қарсы жетілдіру орындалған. Сондықтан осындай түрдің зияны жауапкершілікке ұшырамайды, және осындай жағдай мынамен аналогты болады, егер кімде-кім толық құлды иеленетін болса, содан соң арықтап, толатын болса; немесе алдыңғы екі тісін жоғалтса, содан кейін екі жаңасын алса, немесе заңсыз иелікте тұрған кімде-кім тартып алынған күннің қолын және заңсыз иеленуші оған өсім алатын болса және осындайды күнмен бірге меншік иесіне берсе. Барлық осы жағдайда заңсыз иеленуші келтірілген зиян үшін сый ақы төлеуге міндетті емес.

Имамдар Зуфар мен Шафиидің келтірілген елікке қатысты мысалы, бұл жерде қолдануды мойындамайды. Ары қарай босану кезіндегі анасының өліміне қатысты екі пікір қалыптасады. Біріншісі, егер сәбидің құны зиян салдарынан сый ақы алу үшін жеткілікті болса, онда ол сый ақы ретінде қолданылады; ал екіншісі, (Захири-Риваят бойынша), сәбидің құны босанудан рұқсат алуды анасының өлімі себебі ретінде қарастыруға болмайды деген себеппен келтірілген зиян үшін сый ақы болып табылмайды,

¹ Яғни пайдасыз дегенде мына мағынада, мысалы өнерді зерттеу кезінде кездейсоқ немесе денсаулық салдарынан оны ұсынған қожайын үшін.

немесе босанулар әрдайым өліммен кездеспейді, көбінесе жақсы аяқталады. Басқа жағынан сәби анасы оралғанша қаза болса, онда зиян сыйланған болып есептелмейді, немесе басты затты (анасын) заңсыз меңгеру уақытында қалай еді сондай түрде қайтару қажеттілігі болады; ал ол (анасы) бала туу кезінде зиян шегетін болса, және нәресте қаза болғанда анасымен бірге қайтарылмайтындықтан, осыдан анасы меңгеру уақытында қандай болса сол күйде келе алмайды. Ал құлды піштіруге қатысты бұл жетілдіру емес, ол кейбір бұзылған адамдармен жасалады. Имамдар Зуфар мен Шафиидің басқа да келтірілген мысалдары жетілдіру мен зиян шегудің себебі бола алмайды, немесе ағаштар үшін зиянның себебі оның бұтақтарын тартып алу болып табылады, жетілдіру себебі ағаштардың өсімі; ешкі жағдайында зиянның себебі - ол жүнін қырқу, жетілдіру себебі жануардың өсуі, құл үшін зиян себебі – оны оқыту, ал жетілдіру себебі құлдың ақылы болып табылады.

Жүкті болып қалған күннің заңсыз иеленушісі, ол оралғаннан кейін босану кезінде қаза болса соның құны үшін жауапты. Егер кімде-кім күнді иеленсе, онымен жыныстық қатынасқа түсіп жүкті болса, оны сол күйінде меншік иесіне қайтарса, және ол босану кезінде қаза болса, онда заңсыз иеленуші ол жүкті болған күні оған құнын төлеу керек; бірақ егер ол еркін болса, Абу Ханифа бойынша ешқандай сый ақы талап етілмейді. Екі оқушының мақұлдауынша ол күн болған кездің өзінде де сый ақы берілмейді. Олардың дәлелдері мынамен жасалады, заңсыз иеленуші арқылы ол күннің меншікті иесіне қайтарылуы керек, егер бұл қайтару жарамды және толық болса, онда меншік иесі оны өз мүлкіне қабылдайды деп есептеледі, ал осының салдарынан ол меншік иесінің иелігінде болған кезде ол қайтыс

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болған жағдай сол кезде болды деп есептелсе, онда заңсыз иеленуші ол үшін жауапты емес, егер де ол заңсыз иелену кезінде болған күн ауырып қалса, мысалы безгекпен, заңсыз иеленуші осы жағдайда оны меншік иесіне қайтарса, және меншік иесінің иелігінде қаза болса, немесе заңсыз иелену кезінде тұрған күн біреуімен адасушылық жасап меншік иесіне қайтарылса, содан кейін адасушылық үшін жазаланса, және осының салдарынан өлсе; осы жағдайдың біреуінде де заңсыз иеленуші де, жүкті күнді сатқан сатушы да жауапты емес, одан кейін күн сатып алушының иелігінде босану кезінде қаза болады. Абу Ханифаның дәлелдеуінше заңсыз иеленуші күнді оның өлу себебі кезінде өзі болмағандықтан, тартып алынған және осы себеп жасырын болғандықтан және оны қандай күйде алған болса сол күйде емес, басқа күйде қайтарады, сәйкесінше қайтару толық және жарамды болмайды. Бұл жердегі жағдай мына жағдайға ұқсас келеді, тартып алынған күн заңсыз иеленушінің иелігінде қылмыс жасай отырып, одан кейін меншік иесінің иелігінде бола отырып, осы қылмысы үшін тұтқындалса, немесе кек алушыға өкпесі үшін берілген осының салдарынан қылмыс қасақана емес абайсызда жасалған болса, осындай жағдайда меншік иесі заңсыз иеленушіден оның бүкіл құнын алуға құқылы. Дәл осы қарастырылып отырған жағдайда да. Басқа іс тартып алынған әйел еркіті болса, немесе ерікті әйелді тартып алғаны үшін жауапкершілікте болмаса, сәйкесінше заңсыз иеленуші оны қайтарғаннан соң жауапты емес, бұл қайтарым жарамсыз болған болар еді. Жүкті күнді сатып алуға қатысты сатушы оны тартып алынғандығы үшін және қандай күйде тартып алса сол жағдайда заңсыз иеленуші жағдайында жарамды қайтарып беруге міндетті емес екендігін байқауға тура келеді, онда осыдан бұл жерде аналогия жоқ. Тартып алынған құлмен жасалған адасушылық жағдайына қатысты және адасушылық үшін жазалау салдарынан өлгенен соң, онда осындай адасушылық өлім емес, ауыртпашылық алып келетін тек дүре соғумен жазаланады, және сондықтан осындай жағдайда заңсыз иеленушіге иелігі уақытында пайда болған өлімнің ешқандай себебі жоқ екендігі анықталады.

Тартып алған затты пайдалану үшін жалдама ақы берілмейді, бірақ заңды иеленуші осы затқа келтірілген кез келген залал үшін жауапты болады. Заңсыз иеленуші тартып алынған затты¹ пайдаланғаны үшін жауапты емес, бірақ егер бұл затқа зиян келтірілсе, онда шығындар үшін жауапты болады. Имам Шафиидің мақұлдауынша заңсыз иеленуші тартып алынған затты пайдаланғаны үшін жауапты болады, және сәйкесінше шамалас арендалық немесе жалдама ақыны төлеуге міндетті болады. Осыдан байқайтынымыз, бұл жерде имам Шафии мен біздің ғалымдарымыздың ілімдері арасында еш айырмашылық жоқ, кімде-кім үйді иемденетін болса, және оны бос қалдырса немесе оны өзі алатын болса. Екі ілім бойынша заңсыз иеленуші үйді пайдалануға жауапты емес. Имам Мәліктің мақұлдауынша, егер заңсыз иеленуші үйді өзі алса, онда ол шамалас арендалық төлем үшін жауапты; бірақ үйді бос қалдырса жауапты емес. Имам Шафиидің дәлелдеуінше мүлікті пайдалану бағалауға жатады, және сәйкесінше заңсыз иелену кезінде жауапкершілік затын құрайды. Біздің ғалымдарымыздың дәлелдері осы қатынаста екі түрлі болады. Біріншіден, пайдалану заңсыз иеленушімен оның иелігі уақытысында орындалады, бұл пайдалану меншік иесінде болмайды, өйткені бұл созылмалы емес, уақытша құбылыс, ал егер солай болса, онда ол осыны пайдалануға құқығы бар, және

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сәйкесінше, оған жауапты емес, немесе ол құқығы бар нәрсеге жауапты емес. Екіншіден, пайдалану мен жекеменшік арасында дарагимдер мен динарлар арасындағыдай ұқсастық жоқ, немесе пайдалану бұл керек жарак, ал жекеменшік бұл зат болып табылады. Материалды заттарды пайдалану жауапкершілікке ұшырайды, өйткені сол үшін берілетін зат пен сый ақы арасында ұқсастық талап етіледі. Имам Шафиидің мақұлдауына қатысты «мүлікті пайдалану бағалауға жатады», онда ол қабылданбаған, өйткені пайдалану қажеттілік салдарынан жалдану келісім шартында ғана бағалауға тиесілі деп есептеледі, бірақ заңсыз иеленуші жағдайында ешқандай келісім шарт жоқ. Бірақ тартып алынған зат заңсыз иеленушінің иелігінде бола отырып, сол затты зақымдаса онда келтірілген шығындар үшін сый ақы беріледі.

¹ Яғни пайдаланған үшін жалдама ақыны төлеуге міндетті емес.

Бөлім. Құны жоқ заттарды тартып алу туралы

Шарап немесе зиммия шошқаны зақымдағаны үшін мұсылман кісі жауапты. Егер мұсылман кісі зиммияға тиесілі шарап немесе шошқаны бүлдірсе, онда ол олардың құны үшін сый ақы беру керек, егер ол мұсылманға тиесілі шарап немесе шошқаны зақымдаса онда ешқандай сый ақы берілмейді. Имам Шафиидің мақұлдауынша бірінші жағдайда да сый ақы берілмейді. Осындай алауыздық зиммиядан зиммиямен шошқаны немесе шарапты бұзған жағдайға қатысты болады, немесе бір зиммиямен басқа осы заттардың біреуін сату, немесе осындай сатылым имам Шафиидің пікіріне қарсы біздің ғалымдарымыздың пікірінше заңды болады. Имам Шафиидің дәлелдеуінше, мұсылман үшін шарап немесе шошқа зиммия үшін де құндылығы бар заттан құралмаған, немесе заңға қатысты соңғылары мұсылманға бағынады. Сондықтан осы заттың бұзылғаны үшін мүлікке сый ақы берілмейді. Біздің ғалымдарымыздың дәлелдеуінше, зиммия үшін шарап немесе шошқа құндылығы бар мүліктен тұрады, немесе олар үшін шарап мұсылман үшін сірке суы секілді, ал олар үшін шошқа – қой еті секілді болады, ал біздерге мұсылмандарға олардың дінінің тапсырмасына жүруді ұсыну тағайындалғанықтан, онда біз оларды біздің ережеге сай бағалауға еш құқықтары жоқ. Сондықтан шарап пен шошқа олар үшін құндылығы бар мүлік болса, онда осыдан оларға тиесілі заттарды кім жойса, онда сол қан немесе бағалы заттарды жояды, немесе осындайлар ешқандай дін бойынша мүлік болып есептелмейді.

Олар үшін олардың құнын төлеумен сый ақы беру керек. Осыдан белгілі, егер мұсылман кісі шарап немесе зиммия шошқасын бүлдірсе, онда ол шошқа немесе шараптың құны үшін олар алмастырылатын заттар қатарына жататындарына қарамастан, сый ақы беру керек, өйткені мұсылман кісі шарап үшін жекеменшік беруге құқылы емес, өйткені бұл шарапқа құрмет көрсету дегенді білдіреді. Басқа іс бір зиммии басқа біреуге шарапты сатса немесе зиммия шарабын бүлдірсе. Осындай жағдайда сатушы сатып алушыға шарап беруге міндетті, ал шарапты бүлдірген тұлға сый ақы түрінде меншік иесіне оның бірдей мөлшерін беру керек, өйткені жекеменшік құқығын шарапқа тасымалдау лихваға қарсы зиммиямен тыйым салынбаған, өйткені осындай зиммиймен келісім шарт алынып тасталған; немесе болашақта мұсылман

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болған зиммий құл болған жағдайына қатысты діннен безген адам болса, егер мұсылман кісі осы құлды өлтірсе, онда ол зиммий құлды бағалы мүлік деп есептегеніне қарамастан зиммий алдында жауапты емес, өйткені мұсылмандардың діннен безгендерге біздің жиіркенушілігімізді көрсету белгіленген. Басқа іс, жануарды өлтіру кезінде тасмииді әдейілеп жіберіп қою немесе дұға сөздері жағдайында, меншік иесі мысалы, имам Шафиидің сектасына жататын осындай жіберіп қою заңды деп есептеледі. Басқаша сөзбен, Абу Ханифаның мазхабына тиесілі тұлға имам Шафиидің сектасына тиесілі тұлғамен өлтірілген жануардың етін жойса, онда ханифит имам Шафиидің іліміне сәйкес өлтірілген жануарды бағалайтын мүлік деп есептейтіндеріне қарамастан, шафиит алдында жауапты емес, немесе ханифит шафииті оның тәжірибесі заңсыз екендігіне сендіру үшін авторитетпен үлестірілген, өйткені оған осындай заңсыздықты дәлелдер және ойлармен анықтауға рұқсат етіледі.

Заңсыз иелікте тұрған затты еңбек салдарынан жасалған өзгеріс шығындарымен кездеспейтін, жекеменшік құқығын алып жүрмейді; бірақ егер еңбек шығындармен кездесетін болса, онда жекеменшік құқығы сый ақы беруі тиіс заңсыз иеленушіге өтеді. Егер кімде-кім мұсылманға тиесілі шарапты тартып алса, және оны кезектесіп күнге және көлеңкеге қоя отырып, сірке суына айналдырса, немесе жемтіктің терісін тартып алса, және оны қандай-да бір заттың құндылығы бар салдарынан илесе және бөлістірсе, онда шараптың меншік иесі заңсыз иеленушіге ешнәрсе бермей сірке суын алуға құқылы, ал терінің меншікті иесі осындайды бөлістіру салдарынан оған жетілдіру құнын заңсыз иеленушіге төлеу бойынша алуға құқылы. Бірінші жағдайда, шараптың сірке суына айналуы мәуитті ағартқандай оны тек тазалау болып табылады; ал сондықтан сірке суына деген құқық меншік иесінде қалады, өйткені шарапты сірке суына айналдыру жаңа қасиетке ие емес, ал екінші жағдайда заңсыз иеленушіге қатысты заттың құндылығы бар теріге қосылады, ал сондықтан бұл жердегі жағдай киімді бояу жағдайына ұқсас келеді. Осыған сәйкес шараптың меншік иесі заңсыз иеленушіден сірке суын ешбір сый ақысыз алуға құқылы, ал басқа жағынан терінің меншікті иесі бөлу салдарынан жетілдіру үшін оған төлей отырып, заңсыз иеленушіден оны алуға құқылы. Осындай жетілдірудің жағдайы алдымен бөлістірілген терінің құнын есептеумен, содан кейін бөлістірілген құнды есептеу арқылы анықталады: айырмашылық заңсыз иеленушіге төленуі керек. Осы жағдайда заңсыз иеленуші қанағаттану алмайынша иемделген затты ұстап тұруға құқылы, сондай-ақ сатушы олардың бағасын төлеуді қамтамасыз етуде сатылған затты ұстап тұруға құқылы. Егер заңсыз иеленуші сірке суын немесе бөлістірілген теріні жойса, онда ол Абу Ханифаның пікірінше тері үшін емес, сірке суы үшін жауапты. Екі оқушының мақұлдауынша, ол жетілдіру үшін сый ақы алуға құқылы бола отырып, тері үшін жауапты болады. Сірке суы үшін жауапкершілікке негіздеме мынамен жасалады, ол шарап сол уақытта бағалы зат болатын қожайынның меншікті иесі болып қалады, онда осыдан заңсыз иеленуші оны жойғандығы үшін жауапты, ал сірке суы алмастырылатын заттар қатарына жататындықтан, онда сый ақының бірдей мөлшерін беру керек. Теріге қатысты оған деген жауапкершілік негіздемесі (екі оқушының пікірінше), екі түрлі. Біріншіден, ол меншік иесіне тиесілі болуды жалғастырады, өйткені ол оны заңсыз иеленушіден кері алуға құқылы; ал ол бағалы заттан құралғандықтан онда осыдан оны заңсыз иеленушіден жою салдарынан, оған бөлістіру

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

салдарынан құнды жетілдіруді төлей отырып, меншік иесі одан сый ақы алуға құқылы, сондай-ақ, егер кімде-кім бөтен мәуітті иемденіп, оны бояса, ал содан кейін жойса: осы жағдайда ол мәуітті бояу салдарынан пайда болған құнның айырмашылығын ала отырып, меншік иесі алдында мәуіт үшін жауапты болады. Екіншіден, заңсыз иеленуші бөлістірілген теріні қайтаруға міндетті, осының салдарынан оны жоюда ол сол үшін сый ақы беруге міндетті; әсіресе – оның құнын төлеуге міндетті, егер ссуданы қабылдаушы ссудаға алынған затты жойса, осы жағдайда ол оның құны үшін жауапты. Осыдан байқайтынымыз, егер тері заңсыз иеленушінің иелігінде жойылса, бірақ оның кінәсінен емес, онда барлық біздің ғалымдарымыздың пікірінше ол бөлістіру үшін бағалы затты немесе құны жоқ затты пайдаланады ма содан тәуелсіз жауапты болмайды. Екі оқушының пікіріне қатысты, «меншік иесі заңсыз иеленушіден бөлістірілген терінің құнын алу керек, оған бөлістіру салдарынан жетілдіру құнын төлейді», онда бұл мына болжамға негізделеді, терінің құны динарлардан, ал жұмыс – дарагимдерден тұрса, немесе егер сол және басқасы бір тиынмен белгіленсе, онда меншік иесі терінің құнынан жұмыс құнын есептеу керек және заңсыз иеленушімен оның айырмашылығын алу керек, онда одан барлық құнын алу пайдасыз болған жағдайда ғана, оның бөлігін қайтару керек. Абу Ханифаның дәлелдеуінше, аталған тері заңсыз иеленушінің еңбегі салдарынан құндылыққа ие болады, әсіресе – белгілі құндылықты көрсететін оны бөлістіруге ие болады, ол теріге бағалы мүлікті қосады (осыдан – бөлістіру үшін сый ақыны алғанға дейін бөлістірілген теріні ұстап тұру құқығы). Сондықтан еңбек оның құқығын құрайды, ал тері өзінің құндылығы қатынасында ұсынылады, еңбек керек жарактың басты заты болып табылады, ал заңсыз иеленуші басты зат үшін жауапты емес, әсіресе – еңбек үшін жауапты емес, онда ол керек жарак үшін де жауапты емес, яғни тері оның иелігі уақытысында оның кінәсі жоқтығынан жойылған болса, тері үшін де жауапты емес болады. Басқа іс, тері бетпе бет түрде болатын болса: осы жағдайда заңсыз иеленуші оны меншік иесіне қайтаруға міндетті, өйткені оны қайтару жекеменшік құқығы тарапынан болады және осы құқық қатынасында тері оны бөлістіру операциясының керек жарағы емес, немесе теріге жекеменшік құқығы оны бөлістіруден бұрын анықталса, сол уақытта ол құндылығы бар заттан болмаған болар еді. Бұл мәуіт немесе тапсырылған жораларды сақтаумен өлтірілген жануардың терісіне байланысты жағдайға қарсы меншік иесі заңсыз иеленушіден сый ақы алуға құқылы, өйткені осы екі зат оны бөлістіргенге немесе бояғанға дейін құндылыққа ие болатын және сәйкесінше өзінің құндылықтарында еңбек арқылы қатынастан тәуелді болмайды. Осыдан байқайтынымыз, қарастырылып отырған жағдайда (яғни заңсыз иеленуші бөлістіру үшін құндылығы бар затты пайдаланады, және тері оның иелігінде болады), егер меншік иесі теріні заңсыз иеленгенге дейін қалдыруға келісетін болса, және одан құны үшін сый ақы алатын болса, онда кейбіреулердің пікірінше бұл заңсыз, өйткені терінің ешқандай бағасы жоқ (әйтпесе – мәуітті бояу жағдайында, бояу бұл құнды зат б.т.). Басқалары керісінше, былай дейді, (Абу Ханифа бойынша) меншік иесіне бұл рұқсат етілмейді, бірақ екі оқушының пікірінше, оған рұқсат етіледі, өйткені меншік иесі бөлістірілген теріні кері алудан бас тартады және оны заңсыз иеленушіге қалдыра отырып, одан құны үшін сый ақы алады, онда заңсыз иеленуші теріні қайтаруға ерікті

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

емес. Бұл жердегі жағдай егер ол теріні жойған жағдайда ғана болған болса. Осыдан Абу Ханифа мен екі оқушының арасында алауыздық пайда болады.

Кейбіреулердің айтуынша, екі оқушының пікірінше, меншік иесі заңсыз иеленушіден бөлістірілетін терінің құнын алу керек және жою жағдайындапғыдай бөлістіру салдарынан пайда болатын оған жетілдіруді қайтару керек; сондай-ақ, басқалардың айтуынша меншік иесі жазылған жораларды сақтаумен өлтірілген жануардың бөлістірілмеген терісі құныны ғана құқығы болапды. Осы зат бойынша барлық келітірлегндер болжамға негізделген, заңсыз иеленуші бөлістіру үшін бағалы затты пайдаланады. Егер де ол бағасы жоқ затты пайдаланса, онда меншік иесі одан теріні сый ақысыз алуға құқылы, немесе осындай түрдегі бөлістіру киім жууға тең келеді. Теңдей негізде, егер заңсыз иеленуші теріні жойса, онда ол бөлістірілетін түрде оның құнына жауапты болады. Кейбіреулер керісінше, былай дейді, ол бөлістірілмеген түрде оның құны үшін жауапты, өйткені оның меншікті иемденуінен құралған бөлістіру оны жауапкершілікке душыр етпейді. Бірінші пікір көптеген қазіргі заң мамандарымен қабылданған, және оның негізі оның болашақ терінің керек жарағы болып табылатын одан бөлістірілмейтін бөлістіру жағдайы ретінде қызмет етеді; сәйкесінше, басты затқа (теріге) қатысты жауапкершілік пайда болғанда, онда ол керек жараққа, яғни біріктіру сапасына қатысты пайда болады.

Бағалы заттың қоспасы жолымен шарапты сірке суына айналдыру жағдайы. Егер заңсыз иеленуші шарапқа тұз сала отырып, шарапты сірке суына айналдырса, онда заң мамандарының айтуынша Абу Ханифа бойынша сірке суы заңсыз иеленушінің тарапынан ешбір сый ақысыз жекеменшік болып қалады, сондай-ақ, екі оқушының пікірінше, меншік иесі тұз қоспасы салдарынан (яғни тұздың мөлшеріне тең, сірке суының мөлшеріне беру керек), затқа жетілдіру үшін сый ақыны заңсыз иеленушіге бере отырып, сірке суын алуға құқылы. Егер, керісінше меншік иесі сірке суын заңсыз иеленушіге қалдыруды қаласа және оның құны үшін сый ақы алса, онда осы жағдайға қатысты теріні бөлістіру жағдайына қатысты келтірілген екі пікір бар. Теңдей негізде, егер заңсыз иеленуші шарапты жойса, онда теріні бөлістіру жағдайын қарастырғанда түсіндірілгендей Абу Ханифа бойынша екі оқушының пікіріне қарсы жауапты емес. Егер заңды иеленуші шарапқа сірке суын құя отырып, оны сірке суына айналдырса, онда осы жағдайға қатысты имам Мұхаммедтің пікірін береді; егер шарап сірке суын құйған уақыт өткенге дейін сірке суына айналса, онда осындай сый ақы беруге міндетті емес, заңсыз иеленушіге тиесілі болады, өйткені сірке суын құю шарапты жоюға тең келеді, ал шарап бағасы бағалы зат емес. Егер басқа жағынан, шарапқа сірке суының аздаған мөлшерін құйса ал сірке суына ұзақ уақыт өткен соң айналса, онда осыдан шамалас бойынша заңсыз иеленуші мен меншік иесі арасында бөлістіруге тура келеді, яғни заңсыз иеленуші құйылған сірке суының мөлшеріне сәйкес бөлікке құқылы, ал меншік иесі шараптың тиісті мөлшерінің бөлігіне құқылы болады, өйткені заңсыз иеленуші меншік иесінің сірке суымен өз сірке суын араластырады; ал бұл (имам Мұхаммедтің пікірінше), жойылу емес. Бірақ Абу Ханифа пікірінше, екі жағдайда да сірке суы заңсыз иеленушінің жекеменшігі болып қалады, өйткені шарапқа сірке суын құюдың актісі (оның пікірінше) шарапты жою болып табылады; ал бұл жою ешқандай жағдайда жауапкершілікке ұшырамайды. Егер осыған шарапты жою ретінде қарасақ, онда бұл бағасы жоқ затты жою болып табылады, егер

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

де осыны сірке суын жою деп есептесе, онда бұл меншікті мүлікті жою болып табылады, өйткені сірке суы заңды иеленушінің жекеменшігі болып қалады. Имам Мұхаммед бойынша, заңсыз иеленуші оған басқа сірке суын құйғаннан соң бір сағат ішінде сірке суына айналғаннан соң сұйықтықты жойған кезде жауапты емес. Осы жағдайда ол жекеменшік құқығын иемденеді, сондай-ақ, егер ол ұзақ уақыттан соң сірке суына айналған сұйықтықты жойса, онда ол сол үшін жауапты болады, өйткені бөтен мүлікті жояды. Кудуриде айтылғанға қатысты онда кейбір біздің қазіргі заң мамандарымыздың айтуынша ол жалпы мағынаға ие болады, яғни шараптың сірке суына айналу жағдайында меншік иесі заңсыз иеленушінің ешбір сый ақысынсыз оны алуға құқылы. Заңсыз иеленушімен шарапқа араластырылатын заттың ешқандай бағасы жоқ, өйткені ол өзі шарап бола алады, ал шараптың бағасы жоқ. Осы затқа қатысты бірнеше пікірлер бар, олар мына «Кафайят» және «Мунтиги» шығармаларында авторымен келтірілген.

Мұсылманның музыкалық құралын немесе дайындаған сусынын жою жауапкершілік туғызбайды. Егер кімде-кім мұсылманның лютнясын, сыбызғысын, немесе цимбаласын сындырса немесе оның сиккерін¹ немесе мониссафын² төксе, онда ол жауапты болады, өйткені Абу Ханифа бойынша осы заттарды сату заңды болып табылады. Екі оқушының мақұлдауынша, ол жауапты емес, өйткені бұл заттар сату заты бола алмайды. Кейбіреулердің айтуынша, бұл алауыздық тек ермек үшін қолданылған музыкалық құралға қатысты; бірақ егер, кімде-кім соғыс кезінде қолданылатын барабанды немесе цимбаланы сындырса, онда ол біздің ғалымдарымыздың пікірінше жауапты. Кейбіреулер былай дейді, жауапкершілік туралы анықтама екі оқушының пікіріне сәйкес қаулы етіледі. Ақырын қайнататын базик³ деп аталатын сұйыққа қатысты Абу Ханифаның пікірін береді: біріншісі, барлық осы сұйықтық сату заты мен жауапкершіліктен құралады, ал екіншісі, осында ол зат болып табылмайды. Екі оқушының дәлелдеуінше біріншіден, барлық осы заттар заңды бұзатын мақсатпен жасалады, сондықтан бағалы мүлік болып табылмайды; екіншіден, аталған тұлғаның іс-әрекеті қиянат етуді жоймайды; ал бізге олар қайда болмасын қиянатты жою тапсырылғандықтан, сәйкесінше егер осыны соттың бұйрығымен жасаған болса онда ол осы іс-әрекеті үшін жауапты емес. Абу Ханифа былай деп түсінік береді, аталған заттар жекеменшіктен құралған, өйткені олар заңды табыс әкелуге қабілетті, ең болмағанда оларды пайдалану заңсыз болған болса да, олардың әншімен ұқсастығы болады, осының салдарынан құндылығы бар мүлік деп есептеуге еш негіз жоқ. Осы заттар (Абу Ханифа бойынша) құндылықты ұсынатын болса, және оны жоятын тұлға

¹ Сиккер дегенде піспеген хұрманың шырынын айтады, ол қайнатпасыз бекіністі иемденеді және онда жүруге рұқсат етеді.

² Мониссаф дегенде жартылай қайнатылған піспеген жүзімнің шырынын айтады.

³ Хұрма шарабының түрі.

оларға сый ақы беру керек болады, және егер кімде-кім оларды сататын болса онда сатылым заңды, немесе сый ақы міндеттемесі және сату заңдылығы бойынша мүлік заттан құралған ба және ол бағалауға жатады ма осы аталған заттарға қатысты бар болған жағдайлардан тәуелді болады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Сондай-ақ, сотпен сеніп тапсырылған қиянатты жою; осы мақсатты жүзеге асыру үшін олардың қызметінің қасиеті бойынша мүмкіндікке ие; бірақ ол егер ауызша ұқтыру мен кеңес беру кезінде ерекше айтылмаған болса, онда басқа тұлғаларға сеніп тапсырылмайды.

Және осы заттарды жойған тұлға оның ішкі құнына тең сомманы төлеу керек. Абу Ханифаның іліміне ере отырып, аталған заттарды жойған тұлға олар бізге көңіл күй сыйлаудан тәуелсіз өзара құны бар затқа сол құн үшін жауапты екенін мойындау керек.

Осылайша, мысалы егер әншіге зиян келтірілсе, онда оны күн ретінде бағалауға тура келеді; және дәл сондай күшті қой немесе қоразға немесе күн-әтекке қатысты айтуға болады. Басқаша сөзбен айтқанда, егер осы заттың біреуі жойылса, онда ол бағалануы керек, егер де ол оны қарапайым түрде пайдаланған жеңіл ойлы және оны нашар пайдалануға қабілеті болмаса; және дәл сондайды сыбызғы, тамбурин және басқа да музыкалық аспаптарға қатысты айтуға болады. Осыдан байқайтынымыз, сиккер немесе мониссафты төккен тұлға, оның бірдей мөлшеріне емес, төгілген құнға жауапты болады, өйткені мұсылманға осындай заттардың иесі болу әдепсіз. Егер керісінше, кімде-кім христианға тиесілі крестіні жойса, онда ол оның құны үшін жауапты, немесе христианға олардың дінінің жораларын орындау ұсынылады.

Заңсыз иеленуші мударбарлар оның құны үшін жауапты, егер ол оның иелігінде өлсе, бірақ мукатабтың заңсыз иеленушісі жауапты емес. Егер кімде – кім бөтен мударбарды заңсыз иеленсе және ол оның иелігінде қаза болса, онда ол оның құны үшін жауапты болады; сондай-ақ егер кімде – кім оның иелігінде өлген умми-валядты иемденетін болса, онда ол жауапты емес. Абу Ханифаның пікірі осындай. Екі оқушының мақұлдауынша, заңсыз иеленуші екі жағдайда да оның құны үшін жауапты. Осы алауыздықтың себебі мынада мударбар бағалы мүлік болып барлығымен мойындалады, ал умми-валяд Абу Ханифа бойынша бағалауға жатпайды, ал екі оқушының пікірінше ол жатады.

XXXVIII. КІТАП

ШИФАТ ТУРАЛЫ

Терминді анықтау. Заң тілінде шифат сатылған жерге сатып алушы сатып алған бағада ол кері сатуға келіспеген болса да жекеменшікті иемденуді білдіреді. Бұл сөздің

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

тамыры байланыс дегенді білдіреді, және сатылған жерлер шафи жерімен немесе артықшылығы бар сатып алу құқығын талап ететін тұлғамен байланысты болады.

I. Тарау. Шифат құқығына тиесілі тұлғалар туралы.

II. Тарау. Шифат талаптары және оған қатысты дау-дамайлар туралы.

III. Тарау. Шифат қолданылатын заттар туралы.

IV. Тарау. Шифат құқығын бұзатын жағдайлар жөнінде.

I. Тарау

ШИФАТ ҚҰҚЫҒЫНА ТИЕСІЛІ ТҰЛҒАЛАР ТУРАЛЫ

Шифат құқығы мынаған тиесілі болады: жалпы меншіктегі бірігіп қатысушыға, көршісімен меншікке қатысу. Шифат құқығы мынаған тиесілі болады: сатылған меншікке бірігіп қатысуға; көршісімен меншіктің керек жарақтарына қатысуға (осындай су мен жолды пайдалану құқығы). Бірігіп қатысушыға тиесілі шифат құқығы Пайғамбардың әміріне негізделген, және ол былай дейді: «Шифат құқығы өз бөлігін алмаған және одан бөлістірілмеген бірігіп қатысушыға тиесілі». Көрші үшін осы құқықты анықтау Пайғамбардың нақыл сөзіне негізделген:

1). «Үй көршісінің осы үйге артық құқығы бар, ал меншік бойынша көршілердің осы меншікке артық құқығы болады; және егер ол болмаған болса, онда сатушы оның келгенін күту керек, егер тек олар екеуі бір жолға ғана қатысатын болса» және 2). «Көрші оның иелігін өоршаған жерге деген құқыққа бөтен тұлға алдында артықшылығы болады». Имам Шафииде сол пікірде, көрші шафи¹ емес, өйткені Пайғамбар былай деді: «Шифат жалпы жекеменшікте тұрған және бөлістірілмеген затқа тиесілі», сондықтан егер мүлік бөліске ұшыраса және әрбір бірігіп қатысушының шекаралары белгіленетін болса, және олардың әрқайсысына ерекше жол тағайындалса, онда шифат болмайды. Сондай-ақ, осы құқықтың болуы аналогияға қарсы келеді, өйткені меншік иесінің келісімінсіз бөтен мүлікке кіруді болжайды; сондықтан бұл құқық заңмен арнайы ұсынылған тұлғалардың ортасымен шектелген. Бұл құқық арнайы бірігіп қатысушыға ұсынылған; бірақ көрші бірігіп қатысушы болып есептелмейді, немесе осы құқықты бірігіп сыйлай отырып бұл заң бөлісудің ыңғайсыздығын ескерту үшін ғана болады.

¹ Басқаша сөзбен, шифат құқығына ие емес, өйткені «шафи» сөзінде осындай құқық тиесілі болатын тұлға түсіндіріледі.

Егер де бірігіп қатысушы шифат құқығынан құралған бөлікті алмаған болса, онда жаңа сатып алушы бөлісу үшін дегенін істетеді, және сондай-ақ бірігіп қатысушыға аз емес артық машақат тигізер еді. Бірақ бұл түсініктемелер көршіге қолданылмайтындықтан оның шифатқа құқығы болмайды. Біз¹ керісінше, былай деп мақұлдаймыз, жоғарыда келтірілген Пайғамбардың әмірі көршінің пайдасына шифат құқығын анықтау үшін жеткілікті. Сонда-ақ, бір қатысушы үшін осы құқықты анықтау негіздемесі мынамен жасалады, оның жекеменшігі тұрақты болар еді, және бөтен тұлғаның жекеменшігінен бірігіп бөлістірілмейді (әсіресе – сатып алушы), бұл ол үшін бөтен тұлға сипатының түрлілігі салдарынан ыңғайсыздық туғызар еді, бірақ бөтен

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сатып алушыға қарағанда бірігіп қатысушыға көп назар аударуға тура келеді, бұған еш күмән жоқ, өйткені ол әдеттенген орынға оны мәжбүрлеп қалдыру салдарынан бірігіп қатысушы үшін қысым, еш күмәнсіз сатып алушы ұшыраған қысымнан үлкен болар еді. Ол сондай-ақ, өзінің ықыласына қарсы сатып алынған мүлікке иеліктен айырылуы мүмкін, бірақ сонда да қысым бұл жерде маңызсыз, өйткені иеліктен айырыла отырып, ол тиісті сый ақы алады; ал бұл барлық ойлар көршіге бірдей қолданылатын болса, онда ол бірігіп қатысушы секілді шифатқа айрықша құқық береді. Сондай-ақ, имам Шафиидің бірігіп қатысушының құқығын негіздейтін түсініктері мен бірігіп қатысушы мен көрші арасында жасайтын айырмашылықтары ешбір жағдайда да қабылданбайды, өйткені мүлікті бөлістірудегі ыңғайсыздықтар заңмен орындалған және соншалықты маңызды емес, оның келісімінсіз біреуді мүліктен айыру әділетсіздігі олармен ақталады. Шифат құқығына ие болған тұлғаларды орналастыру тәртібі Пайғамбардың әміріне негізделген және ол былай дейді: «Заттың өзіндегі бірігіп қатысушы оның керек-жарақтарындағы бірігіп қатысушы алдында артық құқыққа ие, ал керек-жарақтағы бірігіп қатысушы көршісінен алдын болады». Мүліктің өзінде бірігіп қатысушымен пайда болған байланыс өте күшті, және оның артынан керек-жараққа бірігіп қатысушымен пайда болған байланыс бірге жүреді (немесе бұл жерде жақтар мүліктің пайдасына қатысады, көршіге қатысты белгілі орынға ие болады); ал құқықтағы артықшылық кез келген жағдайда оның негізгі күшінен немесе негізгі принципінен тәуелді болады. Осыдан тәуелсіз бөлісу кезінде пайда болған қысым мен ыңғайсыздық қосымша түсінік болып қабылданады, басқа біреуге келтірілген зиянды ақтау үшін олар маңызды болмайды.

Оны ешкім де талап ете алмайды, артық құқығы бар тұлға болған кезде. Жолды немесе суды пайдалану құқығындағы бірігіп қатысушы немесе көршісі шифат құқығына ие емес, жекеменшіктің өзінде бірігіп қатысушының өзі бар болса, немесе бұл соңғысы артықшылығы бар құқыққа ие болады.

Егер бұл тұлға өз құқығынан бас тартпаса, осындай жағдайда ол тәртіп бойынша келесіге өтеді. Егер жалпы меншіктегі бірігіп қатысушы өзінің шифат құқығынан бас тартса, онда ол жолды пайдалану құқығына ие

¹ Яғни ханифистер – имам Шафиидің шәкіртеріне қарама-қарсы.

қатысушыға өтеді, ал егер ол да өз құқығынан бас тартса, онда ол шифат құқығы затынан құралған және басқа жолмен кіруге мүмкіндігі болса, үйдің артында тұрған тұлғаға өтеді.

Абу Юсуфта сол пікірде, бірігіп қатысушы меншікте болса, ол өз құқығынан бас тартады ма, әлде жоқ па, басқа ешкімнің шифатқа құқығы жоқ, немесе оның бар болуында басқалары алынып тасталады, және алып тастаушы қалған кезде, алынып тасталғанның мұрагерлік кезіндегідей құқығына ие бола алмайды. «Захири-Риваят» сүйенетін негіздеме мына арқылы жасалады, шифатты ұсыну құқығы жоғары да аталған тұлғалардың әрқайсысына қатысы бар болады. Бірігіп қатысушы артықшылығы бар құқыққа ие болады. Сондықтан оның осындайдан бас тартуы тұлғаның тәртібі бойынша келесіге өтеді, ауру кезінде пайда болған олардың қарыздарымен соқтығысқанда қарыз берушінің дені сау болған кезде пайда болған қарыздарға қатысты болады, яғни алғашқылары алдымен қанағаттандырылады; бірақ егер несиеші осындай ұзақ мерзімді тәртіп бойынша өзінің құқығынан бас тартатын

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болса, онда ол өлген кісінің мүлкі ауру кезінде пайда болған қарызды қанағаттандыру үшін барады.

Тек мүліктің бөлігіне қатысты бірігіп қатысушы болатын тұлға көршінің құқығы алдында артықшылыққа ие болады. Сатылған мүліктің бөлігіне қатысты бірігіп қатысушы болатын тұлға (мысалы, белгілі бөлмедегі немесе үйдің қабырғасындағы бірігіп қатысушы) осы анық бөліктегі көршісінің құқығы алдында артықшылығы бар құқыққа ие болады және көршінің үйдің қалған бөлігіне қатысты да артық құқыққа ие болады. Абу Юсуфтың жалпы қабылданған ілімі осындай: байланыс күшті болады, егер тұлға үйдің бөлігіне бірігіп қатысушы болып табылса, бірақ ол тек көрші болып табылады. Жол немесе бұлақты жалпы пайдалану шифат құқығын беретіндіктен жеке болуы керек. Жеке жол дегенде бір жағынан, қоршалған жолды айтамыз, ал жеке бұлақ дегенде қайықтар түсе алмайтын немесе қайықтар көтеріле алмайтын бұлақты түсінеміз, әйтпесе, бұл жалпы өзен болар еді. Имамдар Абу Ханифа мен Мұхаммедтің пікірлері осындай. Абу Юсуфтың пікірін береді, жеке бұлақ жердің тек екі немесе үш учаскесін ғана суарады, ал егер ол участоктың үлкен мөлшерін суландырса, онда бұл қоғамдық бұлақ болып табылады.

Мүлікке салыстырмалы жағдай құқықты анықтайды, егер осындай көршілерге негізделетін болса. Егер үлкен емес шолақ көшеде тұрған, бір жағынан, ғана қоршалған және басқа шолақ көшемен қатынасы болса, сондай-ақ, басқа жағынан қоршалған бірақ өте ұзақ көшемен байланысы бар үй сатылса, онда кіші шолақ көшенің тұрғындарының біреулері шифатқа құқығы бар, егер де ұзын шолақ көшеде орналасқан үй сатылса, онда шифат құқығы екі шолақ көшенің тұрғындарына да тиесілі болар еді. Бұл мынаған негізделеді, кіші шолақ көшеге кіру және ол көшеден шығу құқығы олардың меншікті тұрғындарына ғана тиесілі болады, ал ұзын шолақ көшеге қатысты бұл құқық екі көшенің де тұрғындарына тиесілі болады. Дәл сол ереже басқа бұлақтан ағатын кіші бұлаққа қатысты қолданылады. Үйдің қабырғасына балкаларды қалау бірігіп қатысушы бойынша емес, көршілер бойынша шифат құқығын береді, өйткені осы актімен үйге деген жекеменшік құқығына қатысу жасалмайды. Теңдей негізде, үйдің қабырғасына салынған балкаға бірігіп қатысу болып табылмайтын тұлға тек көрші болып есептеледі.

Барлық шафиилердің құқығы (құқық негіздеріне ұқсас) олардың мүлкінің мөлшерінен тәуелсіз бірдей болады. Шифат құқығына бірнеше тұлға тиесілі болса, онда олардың барлық құқықтары бірдей, ал олардың мүлкіне назар аударылмайды. Имам Шафиидің мақұлдауынша, осы жағдайда шифат құқығы олардың мүлкіне қатысты жақтарға тиесілі болады, өйткені шифат олардың мүлкінің табыстарының бірі болып табылады және сондықтан саудадан табысқа, жерді өңдеуден, құлдардың ұрпағынан, олардың жалпы меншігіндегі үлестеріне тән бөлістіріліуі керек. Біздің ғалымдарымыздың дәлелдеуінше, шифат құқығы негізделген (әсіресе, сатылған жермен байланысты) принцип қатынасына тең тараптар құқықтың өзіне қатысты тең болады; сондықтан егер де көзінше тек қана бір бірігіп қатысушы болатын болса, онда оның үлесі қаншалықты кіші болмасын, оның шифаттың жиынтығына құқығы болар еді. Сондай-ақ, имам Шафиидің дәлелдеуіне назар аударуға тура келеді, мүлікті иелену еркіне қарсы басқа біреудің айырмашылығы мүлікте еш пайдасы жоқ, және ол мүліктің өзін тікелей жасаудан құралған сауда табысынан, ағаштардың жемісінен және

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

т.б. ерекшеленеді. Егер тараптардың біреуі өздерінің құқығынан бас тартса, онда осындай басқа біреуге өтеді және олар арасында теңдей бөлістіріледі. Олардың құқықтарының негіздемесі барлық шифатты анықтаса, бірақ толық құқықты пайдалануға басқа тұлғаның құқығы кедергі келтірсе, онда оның бас тартуынан кедергілер жойылар еді.

Егер кейбіреулер – қатыспаса, онда шифат қатысқандар арасында теңдей бөлікке үлестіріледі; бірақ қатыспаған тұлғалар дәл қазір келетін болса онда олар өз үлестерін алады. Егер бірігіп қатысушылардың кейбіреулері – қатыспаған болса, онда барлық шифат барлық қатысушылар арасында теңдей бөлікке бөлістіріледі; қатыспағандар өз құқығын талап етуге ықыластары бар ма белгісіз; қатысушылардың құқығы осы белгісіздіктен азап шекпеуі керек. Егер де қазы барлық шифатты қатысқан тұлғаларға берсе, ал содан кейін қатыспаған кісі келіп өз құқығын талап етсе, онда қазы оған жартысын беру керек; және теңдей негізде егер үшіншісі келсе, онда басқа екеуге берілгеннен қазы оған 1/3 бөлігін беру керек, осылайша олардың арасында теңдік орнатады. Егер қатысушы оған қазымен берілген соң, шифаттан бас тартса, ал содан кейін қатыспаған тұлға келсе, онда ол тек жартысын талап етуге құқылы, өйткені басқаға барлық шифатты берген қазының анықтамасы қатыспаған тұлғаның құқығының жартысын жояды. Әйтпесе, егер де қатысушы қазы анықтаманы қаулы еткенге дейін өз құқығынан бас тартса, ал содан кейін қатыспаған тұлға келсе, осы жағдайда соңғысының шифаттың барлығына құқығы бар болады.

Құқық мүлкті сатқаннан соң ғана жүзеге асырылады. Шифаттың айрықша құқығы сатқаннан соң анықталады; ол анықталғанша оның белгілі орны жоқ, ал меншік иесі өз үйін ұзақ сақтауға ықыласы жоқ; ал бұл тек үйді сатқаннан соң ғана анықталады. Сондықтан сатушы сатуды мойындау үшін сатудың дәлелі мен шифаттың айрықша құқығын анықтау үшін жеткілікті, ал сатып алушы ретінде көрсетілген тұлға осындайды мойындамайды.

Және сол талапқа тиісті арыздан кейін. Шифат құқығы анықталмайды, ол жайында куәгерлердің қатысуымен тиісті негізде арыз берілмейді. Арыз сатылым белгілі болғаннан соң мүмкіндік бойынша жасалуы керек, өйткені шифат құқығы әлсіз құқық, немесе қауіптенетін ыңғайсыздықты ескерту мақсатында ғана басқа тұлғаны мүлкінен айырумен жасалады. Сондықтан шафи арыз жолымен өз ниетін тез анықтау қажет, ол куәгердің қатысуымен болу керек, әйтпесе оны қазы алдында дәлелдеу мүмкін емес.

Жекеменшік құқығы оны сатып алушымен бергеннен соң немесе соттың қаулысынан соң ғана шафиге өтеді. Талап куәгерлердің қатысуымен тиісті негізде айтылған болса, сатып алушы оған оны бермейінше шафи сол үйдің меншікті иесі бола алмайды, немесе сол анықтамны сот қаулы еткенге дейін, өйткені сатып алушының жекеменшігі толық болар еді және шафи келісімімен немесе қазының анықтамасымен берілуі мүмкін; сондай-ақ, сыйлау өзгерісі жағдайында сыйланғанның меншік иесі, сыйлау жолымен анықталған, соттың анықтамасынсыз немесе сыйланғанның тарапынан берусіз сыйлаушыға өткізілмейді. Осы заңның пайдасы шафи өз талабын куәгерлер алдында айтқан кезде анықталады, ол шифат құқығын жасаған үйді сатса немесе сатып алушы тарапынан бергеннен соң қаза болса немесе сот қаулы еткенге дейін, немесе шифат құқығына тиесілі үй сатылатын болса. Осы жағдайдың біреуінде

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

үй мұрагерлік массаның бөлігінен құралмайды, өйткені ол ооның мүлкінен құралмаған: екіншіден, шифат құқығы жоқ, өйткені осы құқықтың негізгі принципі үйдің оның жекеменшігіне өткенге дейін жойылды; үшінші жағдайда сатылған үйге қатысты жекеменшік құқығы жоқ, өйткені осы құқықты жасайтын үй оның жекеменшігін құраймады.

II. Тарау

ШИФАТ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАТЫСТЫ ДАУ-ДАМАЙЛАР ТУРАЛЫ

Талаптың үш түрі бар.

I. Тікелей талап (дәл қазір орындалуы керек, онсыз шафи өз құқығын жояды). Шифатты талап етудің үш түрі бар. Біріншісі таяби мувазаябет немесе тікелей талап деп аталады, шафи сол уақытта сату қорытындысы туралы білген кезде өз талабын айтады. Егер ол арызды ұзартса, онда оның құқығы жарамсыз болады, өйткені шифат құқығы байқалғандай, өз табиғаты бойынша әлсіз, және Пайғамбар былай дейді: «Шифат құқығы кім өз талабын кешеуілдетпей айтқанда ғана анықталады». Егер шафи хат алса, ол үшін шифаттың ашылғандығы туралы басында немесе ортасында ескертілсе және ол хатты аяғына дейін оқыса, онда оның құқығы күшін жояды. Біздің қазіргі ғалымдарымыздың көбісі осымен келіспейді. Бір орында бұл пікір имам Мұхаммедтің ілімі ретінде келтіріледі. Бірақ басқа орындарда оның пікірін береді, егер кімде-кім ол хабар алған кезде олармен бірге отырған тұлғаның қатысуымен өз шифатын талап етсе, онда ол шафи, және оның құқығы еш күшін жоғалтпайды, егер ол компания тарағанға дейін ол туралы айтуды жібермеген болса. Осы екі пікір «Навадирде» айтылады, ал Кархи келтірген пікірлерден соңғысына сәйкес анықтаманы қаулы етеді. Өйткені шифатты қабылдау немесе одан бас тарту билігі анықталса, күйеуі әйеліне ажырасу беруге немесе бермеуге еркек ұсынғандай әйеліне мерзім беріледі, онда ойлау үшін де қысқа мерзім берілуі керек. Егер шафи сату туралы ести отырып, былай айқайлап жіберсе: «Құдайға шүкір», немесе «Құдайдағыдай билік те, күш те жоқ», немесе «Құдай таза», онда оның шифат құқығы күшін жоғалтпайды, егер дәл қазір осы сөздерді айтқанда ол еш кідіртусіз өзінің шифаты туралы айтса, онда ол оны алады. Алғашқы сөздер ол сатушының көршісінен босатылғандықтан алғыс ретінде қарастырылады; екінші (таңқалу жүзінен тұрады) ол үшін затты табыссыз жасау сатушының ниетіне таңқалудан пайда болу арқылы болжанады; ал соңғысы ары қарай сөйлемнен бұрын болуға лепті үн ретінде қарастырылады. Осы айтылған сөйлемнің біреуі де шифат құқығынан бас тарту немесе ауытқу туралы куәлік келтірмейді. Теңдей негізде, егер сату туралы хабарлама алу кезінде ол былай деп сұраса: «Сатушы кім және бағасы қандай», онда бұл оны шифат құқығынан айырмайды, өйткені бұл сөздер бас тарту мағынасына қарастырылмайды; керісінше олардың мынадай қорытынды жасауға болады, егер баға қолайлы болса, осының салдарынан өз шифат құқығын талап ететін болады. Арыз қандай сөзбен жасалғаны маңызды емес; ол өзіне талап жасаса жеткілікті. Егер кімде-кім былай деген болса: «Мен өз шифаттымды талап еттім», немесе: «Мен өз шифаттымды бұйырамын»,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

немесе «Мен өз шифатымды талап етемін», барлық осы сөйлемшелер жақсы, немесе бұл жерде назар сөйлем тәсіліне емес, мағынасына аударылады. Сату туралы хабарлама шафиге алып келгендіктен, онда Абу Ханифа бойынша куәгерлер алдында шифатты талап ету ниетін білдірудің еш қажеті жоқ, егер хабарлама оған екі еркекпен, немесе бір ерке, екі әйелмен немесе бір дұрыс ойлайтын еркекпен берілмеген болса. Екі оқушының мақұлдауынша, ол куәгерлер алдында өз ниеті туралы хабарлау қажет, жақын арада хабарлама оған бір тұлғамен ерікті немесе құлшмен, әйемен немесе баламен жеткізілетін болса, егер олардың пікірінше бұл тұлға шындықты айтса. Әйтпесе, әйелі оның күйеуі ажырасу туралы билікті ұсынғаны туралы хабарлама алса; осы жағдайда еш мағынасы жоқ, бұл хабарламаларды кім әкелді және оның сипаты қандай. Егер шафиді хабардар ететін тұлғаның өзі сатып алушы болып табылса (онда Абу Ханифа бойынша; ол дұрыс ойлатын кісі болудың еш қажеті жоқ, өйткені ол қарсы жақ болып табылады, ал осындай тұлға үшін дұрыс ойлау талап етілмейді.

II. Куәгерлікке алу мен бекіту салдарынан талап ету (ол алғашқылардың талап етуінен кейін үмкіндігінше жақын арада мәлімдере беру керек). Шифатты талап етудің екінші тәсілі таяби тақрир ва-шихад немесе куәгерлікке алу және бекіту салдарынан талап ету деп аталады. Бұл талап қажет, өйткені дәлел сотты көндіру үшін талап етіледі, және талап етуші таяби – мувазят куәгерлеріне ие бола алмауы мүмкін, өйткені осындай сату туралы хабарлама алу бойынша тез арада айтылады. Сондықтан осының салдарынан біреуді куәгерлікке алатын немесе сатушыға қарсы шафимен істелетін таяби тақрир ва-шихад жасайды, егер сатылған жер немесе дауласу заты болған жерге қатысты немесе сатып алушыға қарсы оның иелігінде болады. Шафиидің біреуді куәгерлікке алуы оның шифат құқығы толық анықталған және расталған болып табылады. Бұл сатушы секілді, сатып алушы да оларға шифатты талап ету қатынасында шафидің қарсы жақтары болып табылады, өйткені олардың біреуі-иемденуші, ал басқасы – жердің меншікті иесі; ал жердің өзіне қатысты куәгерлерге сүйену жарамды, немесе оларға құқығы жатқызылады. Егер сатушы жерді сатып алушыға берсе, онда оған қарсы куәгерлер алу жеткілікті, өйткені ол қарсы жақ болып табылмайды, немесе не иелігі, не жекеменшігі болмаса, ол бөтен тұлға болып табылады. Талап етуші былай деген кезде куәгерлікке алу және бекіту салдарынан талап ету болады: «Мынадай тұлға мен шафи болып табылатын мынадай үйді сатты; мен өзіме тиесілі шифат құқығын талап еттім және оны қайтадан талап етемін; сондықтан осыған куәгер бол». (Абу Юсуфтың пікірін береді, сатылған қозғалмайтын мүліктің аты мен шекарасын көрсету талап етіледі, өйткені талап ету жарамсыз, егер талап етілетін зат нақты анықталмаса).

III. Талап салдары арқылы талап ету. Шифат талап етушінің үшінші тәсілі таяби-хусумат деп аталады немесе талап салдарынан талап ету, шафи қазыны сатып алушыға оған жерді беруді бұйыруды сұрайды. Осындай талап етуді ұсыну тәсілі төменде нақты түсіндіріледі.

Талапты ұсынуды ұзарту талап етуді жарамсыз етпейді. Егер шафи талап салдарынан талап етуді ұсынуды баяулатса, онда Абу Ханифа бойынша, оның құқығы өз күшін жоғалтады. Жалпы қабылданған пікір осындай және осыған сәйкес анықтама қаулы етіледі. Сол мағынада Абу Юсуфтан шығатын пікірді де береді. Имам Мұхаммедтің мақұлдауынша, егер шифат куәгерлерді алғаннан соң бір ай ішінде

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

талапты ұсынбаса, оның құқығы жоғалады. Имам Зуфардың пікірі осындай; Абу Юсуфтың пікірін береді; шафи құқығы жойылады, егер талап қазы мәжілісі аяқталғанға дейін ұсынылмаса, немесе егер шафи қазының бірінші мәжілісінде талапты ұсынуды ешбір дәлелді себептерсіз және өз еркімен жіберсе, онда бұл өз құқығынан бас тарту үшін жеткілікті дәлел болып табылады. Имам Мұхаммед өз пікірін мынамен негіздейді, егер де шафи құқығы оның талабын ұсынуды кешіктіру салдарынан ешқашан жоғалмаса, онда бұл сатып алушы үшін өте ауыр болар еді, өйткені бұл шафи талабы бойынша айырылу қорқынышынан өз мүлкін пайдалануға кедергі келтірер еді. «Сондықтан, мен имам Мұхаммед былай деймін мерзімді бір айға шектедім, ары қарай кешіктіру мүлдем жіберілмейді». Абу Ханифа пікірін растауға шафи құқығы куәгерлерді алумен қатаң анықталғаны келтіріледі, онда ол құқықтың барлық жағдайында ашық айтылған, оның меншікті бас тартуымен жойылмайды. Имам Мұхаммед сатып алушы үшін ұзартуды ауырлату туралы пікіріне қатысты бұл түсініктің еш салмағы жоқ, немесе шафи қатыспаған жағдайда оның құқығы талапты кешеуілдету салдарынан жоғалмайды, ал ол шафидің көзінше болады ма, әлде ол мүлдем қатыспайды ма сатып алушы үшін ауырлық бірдей болады.

Әсіресе, ұзарту соттың қатыспауымен қамтамасыз етілген. Егер қазының қалада болмағаны анықталса, және сондықтан талапты ұсыну ұзартылса, онда жоғарыда келтірілген үш ғалымның пікірінше құқық жойылмайды; талап тек қазымен ұсынылуы мүмкін, және сондықтан ұзарту кешірімді.

Шифатты талап етуге соттың сақтауы керек ережелері. Егер шафи қазыға келсе, және «осындай тұлға шифатқа құқығы бар үйді сатқанын» мақұлдай отырып өз құқығын талап етсе, онда қазы алдымен сатып алушыдан (істегі жауапкерден) шафи өз шифат құқығынан негізделетіндіктен мүлікке қатысты сұрауы керек. Егер ол бұл құқықты мойындаса, онда қазының анықтаманы қаулы етуге жеткілікті негіздемесі бар; бірақ егер ол бұл құқықты мойындамаса, онда қазы өзінің жекеменшік құқығын дәлелдеу үшін куәгерлерді жетілдіруге шафиді тағайындау керек, өйткені мүмкін болатын иелік жекеменшік құқығынан басқа, басқа да негіздемеге ие болады, ал осындай күмәнді құқық басқа біреуге зиян келтіретіндей дәлел ретінде жіберілмейді. Кудуридін мақұлдауынша қазы жауапкершілікке бармас бұрын, талапкерден үйдің шекарасы мен жағдайы туралы біліп алу керек; немесе жекеменшікке үй іздеп жүрген тұлға оның шекарасы мен жағдайын көрсету керек; сондықтан ол шифат құқығын талап ете отырып, соны істеу қажет. Содан кейін қазы одан шифат құқығы туралы сұрағаннан кейін, немесе шифат негіздемесі түрлі және мүмкін болуы, яғни ол негіздемеден тұрмайтын онымен ойластырылған негіздемені шығаратын болса. Егер ол былай деп жауап берсе: «ол шафи, өйткені оның үйі дауласу затын құрайтын үйдің жанында орналасқан», онда оның талабы (Хасафтың байқауынша), негізделген. «Фатовиде» былай деп айтылған, ол өзі шифат құқығын жасайтын үйдің шекарасын белгілеу керек.

Және оған тараптардың сұрастыру тәртібі белгіленген. Егер шафи куәгерлерді ұсынуға жағдайы болмаса, сатып алушы ант бергенін талап ететін болса, онда осындай тек сатып алушының санасына қатысты болуы керек (яғни ол былай деу керек екендігін талап етуге тура келеді: «Құдайдың атымен ант етемін, талапкер - өз шифат құқығын негіздейтін үйдің меншікті иесі екендігін білмеймін»), өйткені арыз

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бөтен қолда тұрған затқа қатысты. Ол оң фактіге емес, үй шынында да талапкердің жекеменшігін құрайды ма, немесе олай емес пе, өз санасына қатысты ант бере алады. Егер сатып алушы ант беруден бас тартса немесе шафи куәгерді ұсынатын болса, онда шифат құқығын жасайтын үйге деген оның жекеменшік құқығы талап затынан құралған үйдің осы үймен көршілес болуымен анықталған. Ары қарай қазы сатып алушыдан сұрау керек, ол үйді сатып алды ма, әлде жоқ па; және егер ол теріс жауап беретін болса, онда қазы сатып алу куәгерлерін жеткізу үшін шафиге тағайындау керек, өйткені куәгерлік жауап жолымен жасалуы керек сату дәлелденбегендіктен шифат анықталмайды. Егер шафи куәгерлерді ұсына алмаса, онда қазы сатып алушыға «ол үйді сатып алмады» немесе «талапкер ол оны талап ететін түрде шифатқа құқығы жоқ» дегенге ант беруді ұсыну керек, немесе бұл жерде ол оның өзімен жасалған актіге қатысты ант береді, және оның иелігінде тұрған затқа қатысты; ал сондықтан ант беру оң болуы және фактінің дұрыстығына қатысты болуы қажет.

онда барлық үйлерді жеке бөлісуге емес, жалпы бөлісу үшін біріктіруге тура келеді. Сондықтан барлық үйлер түрлі ғимараттан тұратын бір үй болып қарастырылуы керек, және әрбір бірігіп қатысушының үлесі сәйкесінше, ол толығымен оған тиесілі болу үшін үйлердің біреуіне топтастырылуы керек. Дәл сол алауыздық жалпы жекеменшіктен құралған және түрлі орындарда орналасқан жерге қатысты болады. Екі оқушының дәлелінше, бір жағынан, барлық үйлер атауға, сыртқы түріне және алғашқы тағайындауына қатысты бір түрге жатады, басқа жағынан, олар тұрып жатқан орнынан тәуелді оларда тұру үшін олардың ерекше қасиеті мен қолайлылығына қатысты түрлі текке жатады. Сондықтан бір үйдің басқаға артықтығы бар дәрежесін анықтауды қазыға ұсынуға тура келеді. Абу Ханифаның дәлелдеуінше, назарды шындығында олардың сапасы бойынша ұсынылатындықтан соған аудару керек, ал бұл сапалар, қалалар, көшелер, немесе көршілер немесе жақындары, немесе су және мешіттен қашық болудан тәуелді түрлі болуы мүмкін; сондықтан бөлісу кезінде теңдікті сақтаудың еш мүмкіндігі жоқ. Дәл сол себеппен жалпы мағынада үйді сатып алу үшін уәкіл тағайындауға болмайды; және теңдей негізде егер кімде-кім некеге тұруда оның жасауы ретінде «үйді» (жалпы мағынада) ұсынатын болса, онда бұл ұсыныс жарамсыз, егер ол жасау ретінде «мәуітті» ұсынса немесе «мәуітті» сатып алу үшін уәкіл тағайындаған болса.

Басқа іс – жалпы иелікте тұрған үй және түрлі бөлмелерден тұратын болса: әр бөлмені бірігіп қатысушылармен бөлісу бәріне зиян келтірер еді, онда бүкіл үйді бірден бөлуге тура келеді. Жалпы жекеменшіктен құралған екі үй түрлі қалаларда болса, онда Абу Ханифа мен Абу Юсуфтың пікірінше, екі үйдің әрқайсысы жеке - жеке бөлісуге жатады.

Имам Мұхаммед керісінше, бөлісу бір қалада орналасқан үйді бөлістіру секілді жиынтық болуы керек. Бөлмелер олар бір участокте немесе әртүрлі участокта бар ма, жиынтық бөлісуге тиесілі ме, немесе олардың арасындағы айырмашылық азғантай ғана. Маназил – муласық (яғни аралас кісі тұратын ғимараттар немесе осындайлар бір-бірімен шектесуінен бір үйде болады) бөлмелер ретінде қарастырылады, сондай-ақ, маназил – мутабаин (біріншіге қарама-қарсы аралас емес ғимараттар) үй ретінде қарастырылады, немесе манзил, немесе кісі тұратын ғимарат үй мен бөлме арасында ортақ бір термин бар, және сол немесе басқамен жалпы белгілерге ие болады. Егер жалпы жекеменшік екі түрдегі қозғалмайтын меншіктен жасалса, мысалы үй немесе жер учаскесінде, немесе үй немесе сәкіде, онда қазы әрқайсысын жеке-жеке бөлу қажет, немесе бұл мүлік әртекті болады.

III. Тарау

БӨЛІСУДІ ЖАСАУ ТӘСІЛІ ТУРАЛЫ

Бөлісуді жасайтын тұлға, жоспар құру қажет және бөлісуді өлшем немесе бағалау бойынша біркелкі жасау керек. Бөлісуді жасайтын тұлға бөлісуге тиесілі осындай оның есінде қалу үшін қағазға заттың жоспарын құру керек, затты тиісті пропорцияда бөлістіру қажет. Әңгімеден шығатыны, ол әрбір үлесті оның көлемі

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

белгілі болу үшін бөліп, оны өлшеу тиіс. Ол затты бағалау керек, өткені болашақ операциялар үшін заттың құндылығы анықталуы керек.

Үйлерді бөлістіру қалай жасалады. Егер тұжырымдауымызша, бөлісуге үй жататын болса, онда белгілі үлес кезінде ол үйге тиесілі жол мен каналдарды бөлістіру керек, егер мүмкін болса әрбір үлестің басқамен байланысы болмас еді, өйткені дау-дамайға кез келген сылтауды жойып, бөлісу мақсатына толық жету үшін. Осылай жасай отырып, ол бір үлесті айту керек - бірінші, аралас үлесті – екінші, келесі – үшінші үлесті және т.б.

Содан кейін ол бірігіп қатысушылардың атын жазу керек, және осы аттарды зербеге тән алып шығу керек; және кімнің аты бірінші шықса бірінші үлесті алады; кімнің аты екінші шықса – екінші үлесті алады және соңына дейін. Сондай-ақ, зат бірігіп қатысушылардың біреуінің қатысуымен аз үлеске тең бөлікке бөлістірілуі керек, яғни егер аз бөлігі $1/6$ тең болса, бөлісу тиянақты жасалуы үшін үй алты бөлікке бөлістірілуі тиіс. Сондай-ақ, егер мүлік екі мұрагер – ие етушінің ұлы және қызы арасында бөлістірілсе, онда ол бірінші, екінші, үшінші деп аталатын үш бөлікке бөлістірілуі керек. Ары қарай бөлісуді жасайтын тұлға аттарын билеттерге жазу тиіс, және зербе тәрізді шығарып алуға мәжбүрлеу керек; егер алдымен ұлының аты шықса, онда ол бірінші үлесті және біріншісінен кейін келесі үлесті алады, ал үшіншісі қызына қалады; немесе алдымен қызының аты шықса, онда ол бірінші үлесті алады, ал қалған екі үлесті ұлы алады. Зеребені алу тараптарды қанағаттандыру үшін және бөлісуді жасайтын тұлғаның құмарлығына кеюді ескерту үшін анықталады. Бірақ зербені алуда елеулі қажеттілік жоқ; және егер бөлісуді жасайтын тұлға әрқайсысына тиісті үлесті тағайындауды қаласа, немесе бөлісуді жасау сот актісі болып табылады; және сондықтан бөлісуді жасайтын тұлғаның беделін күшйту үшін қажет болады.

Жер жекеменшігін бөлістіру кезінде мүліктегі үлесті ақшалай сый ақымен алуды алмастыру жіберілмейді. Жердің жекеменшігін бөлістіруді жасайтын тұлға тараптардың келісімінсіз дарагималар немесе динарларда сый ақыны жібермеуі керек; яғни егер осы тұлға мүлікті тең емес үлестерге бөлсе және сый ақы түрінде дарагималардың белгілі соммасын аз үлеске біріктірсе, онда бұл жарамсыз, егер тараптардың келісімі болмаса, немесе жалпы мүлік дарагималардан тұрмаса, ал бөлісу жалпы жекеменшікпен байланысты құқықтан тұрады. Егер бөлісуге дарагималарады жіберсе, онда бөлісу теңдігі бұзылады, немесе бірігіп қатысушылардың біреуі мүлікті алады және дарагималарды төлеу міндетін қабылдайды, бірақ мүмкін ол оларды ешқашан төлемейді, осының салдарынан басқасы құқық бойынша оған тиесілі нәрсенің бәрінен айырылады.

Жердің участогымен бірге үйді бөлісу. Егер жалпы меншік екі заттан үй және жер участогынан тұрса, онда әрқайсысы Абу Юсуф бойынша өзінің құнына сай бөлісуге жеке – жеке тиесілі болады; әр заттың құнын анықтау жолымен бөлісу кезінде теңдікке жетеді. Абу Юсуф пікірін жеткізеді, жер оның алған алаңына сай бөлістірілуі мүмкін, ал содан кейін үй кімнің участогінде тұрса және кімнің үлесі пайдалырақ болса, онда теңдікті орындау үшін дарагималардың белгілі соммасын төлеу керек; және сондықтан дарагималарды бөлістіру кезінде қажеттілік талап етілгенде қосымша қаражаттар ролін ойнайды. Имам Мұхаммедтің мақұлдауынша, тұлға оның участка тұрған үйі басқа бірігіп қатысушыға үйдің құнына тең жердің кеңістігін беру керек.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Егер бірақ оның үлесі өте бағалы болса және үйдің құнын жабу үшін жеткілікті жердің болмауынан теңдікке жетуге жағдайы жоқ болса, онда жетіспеген дарагималарды толықтыра алады, немесе қажеттілік тек осы көлемде ғана болса, онда өлшеу салдарынан бөлісудің негізгі ережесі, мұқтаждықтан жоғары бұзылмауы тиіс. Бұл «Мабсутта» келтірілген пікірмен сай келеді.

Жол немесе ор өтетін жерді бөлістіру. Бөлісуді жасайтын тұлға мүлікті мынадай негізде бөлсе, жол немесе ор жалпы иеленушінің бір участогынан басқаның участогына өтсе, және осы жағдайға қатысты ештеңе де қаулы етілмесе, осы жағдай екі түрлі шешілуі мүмкін.

1. Ол жол немесе орды басқа бірігіп қатысушының участогынан өтпес үшін басқа бағыт бойынша жүргізуі мүмкін, осындай жағдайда бөлу жарамды, немесе ол бірігіп қатысушылардың біреуінің жолы немесе оры басқа біреудің участогынан өтпегенін жібермеу керек. Керісінше, жеке бірігіп қатысушылар олар өз участогын «оларға тиесілі барлық құқықтармен және пайдамен» пайдаланатындығы туралы өзара келісімге тұрғанына қарамастан, оларға басқа бағыт беруге міндетті, өйткені бөлісу мақсаты әрбір бірігіп қатысушының үлесін бөлістіру мен анықтаудан тұрады. Ал бұл немесе басқа тарап үшін зиянсыз мүмкін болғандықтан, онда осындай негізбен бөлісуді жасау керек. Басқа-іс «олар керек-жаракпен сатылған» деген шартпен сатылған жерге қатысты, мұнда байланыс немесе тәуелділікке қарамастан, басқа тұлғаның жерлері мен олардың арасында болады, жекеменшік құқығын алып жүрумен жасалатын сатудың мақсаты толық орындалады.

2. Жол немесе орға олар бөтен участоктан өтпес үшін басқа бағыт беру мүмкін емес болып ұсынылады; және бұл екі түрлі жағдаймен пайда болуы мүмкін. Біріншіден, тараптар пайдалану үшін бір - бірі үшін айтпайды, осындай жағдайда, бөлісу пайдасыз өтетін мүліктерді араластыру мен байланыс салдарынан жойылуы мүмкін, өйткені оның мақсаты (бөлістіру мен анықтау) толық орындалмаған; сондықтан бөлісу осындай негізбен әрқайсысының жолы және оры бөлістірілуі үшін қайта жасалады. (Басқа іс, сатылған жерге қатысты; сату мақсаты жекеменшік құқығын алып барудан тұрады, ол толығымен сатып алушыға өтеді, ол сатып алынған мүлікті толық пайдалана алмаса да, сондай-ақ, бөлісу мақсаты мынадан тұрады, мүлікті пайдалануды мүмкін ету үшін, ол жеке жолды құрудан ғана орындалады). Екіншіден, барлық тараптар оларға тиесілі участокты барлық құқықтармен және пайдалармен пайдаланатындығына шарт жасасады, осындай жағдайда бөлісу жарамды; жол мен ор оларға енген, өйткені бөлісу мақсаты мынадан тұрады, әрқайсысы өз мүлікн пайдалана алатын, ал толық көлемдегі пайдалану жол мен каналсыз мүмкін емес. Сондықтан жол мен канал бөлісуге кіреді, егер тек тараптар өз участогын барлық құқықпен пайдаланатынын бір - бірі үшін айтқан болса: бірақ бөлісу мақсаты жеке участоктардың кез келген байланысын толық бөлістіруді талап етеді, онда жол мен ор осылай келісім болмаса бөлісуге жатпайды. Басқа іс, жерді жалға алуға қатысты; өйткені жалға алу мақсаты жерден пайданы пайдаланудан тұрады, оған жол және каналсыз жетуге болмайды, осыдан егер осы заттар туралы айтылмаса олар ең болмағанда жалға беру келісім шартына кірген болып есептеледі.

Жолға қатысты дау-дамай жағдайында ол бөлісуге жатады. Егер тараптар арасында жолға қатысты алауыздық пайда болса және қалған мүлікті бөлістіру үшін ол

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жалпы иелікті сол түрде қалғанына тілек білдірсе, ал басқалары осыған қарсы қарсылық білдіреді, бірақ егер бұл мүмкін болса, сот жолды бөлістіру керек, және иеліктің әрбір жеке үлесі үшін оның бөлігін анықтау керек; егер бұл мүмкін болса, онда ол жолды бөлуден тыс қалдыру керек, ол сондай-ақ тараптар жолды қоспағанда барлық өзінің мүлігін пайдаланудың толық мүмкіндігін алу үшін жасалуы керек.

Тараптар жолға қатысты келісімге кіре алады. Егер екі бірігіп қатысушылар жолды бөлістіру кезінде біреуі $2/3$, ал басқасы тек $1/3$ бөлігін иемденгеніне келісетін болса, онда осындай бөлісу жарамды, үй оларға теңдей бөлікте тиесілі болғандықтан, немесе бөлісу кезінде бірігіп қатысушылардың біреуіне көп немесе аз бөлікте, тараптардың екеуіде осыған келісетін болса беру заңды.

Түрлі үйлер мен кісі тұратын ғимараттарды күрделі бөлісу. Егер екі бірігіп қатысушы үйге ие болса, оның жоғарғы қабаты басқа тұлғаға тиесілі болса, немесе мүлдем жоғарғы қабаты болмаса, немесе егер олар басқа үйді иемденсе, төменгі қабаты басқа тұлғаға тиесілі болса, немесе егер олар екі қабатты үйді иемденсе, онда қазы әр үйді жеке-жеке бағалау керек және осыған сәйкес бөлісуді жасау тиіс. Абу Юсуф пен Абу Ханифа да сол пікірде, ол бөлісуді өлшеу жолымен жасау керек. Имам Мұхаммедтің дәлелдеуінше, төменгі қабаты жоғарғы қабатында жоқ мынадай қолайлылық пен пайдаларға яғни құдықтар, дәретхана, атқора және т.б. ие болады, және сондықтан бөлісу кезінде теңдік тек бағалау жолымен орындалуы мүмкін. Басқа жағынан, екі оқушының мақұлдауынша бөлісу егер мүмкін болса, өлшеу жолымен жасалуы керек, жалпы пікір осы заттардың құнына емес, өлшеуге тиесілі заттардан тұрады. Осының салдарынан олар өлшеу тәсілі туралы мәселеде айырылысады. Абу Ханифаның мақұлдауынша, төменгі қабаттың $1/5$ жоғарғы қабатының екі қарысына тең келеді, ал Абу Юсуф бойынша біреуінің бір қарысы басқаның бір қарысына тең келеді. Кейбіреулер былай ойлайды, осы ғалымдардың пікірлеріне карама-қайшылық олардың өмір сүру орнының түрлілігімен түсіндіріледі, немесе Абу Ханифа уақытында Куфаның (оның тұрғылықты жері) тұрғындары жоғарыға қарағанда төменгі қабатты қалады; сондай-ақ осының салдарынан Абу Юсуф уақытында, Бағдаттың (ол тұрған жер) тұрғындары жоғарғы және төменгі қабаттарды бірдей бағалады; және имам Мұхаммедтің байқауынша, адамдардың талғамы әртүрлі, біреулері жоғарғы қабатты қаласа, басқалары – төменгі қабатты қалады, ал кейбіреулері оларды бірдей бағалады. Басқалары, керісінше, үш ғалымның пікірін олар тұрған әдет-ғұрып пен орын және уақыт пікірін тағайындамайынша, осы заң негізінде түрлілікке пайда болған алауыздықты тапсыруға бейім. Абу Ханифа ілімін нығайту келтіріледі, төменгі қабаттың ыңғайлылығы жоғарғы қабаттың ыңғайына қарағанда екі есе көп, немесе төменгі қабаттың ыңғайлылығы жоғарғы қабатты жойғаннан соң қалады, сондай-ақ, жоғарғы қабаттың ыңғайлылығы төменгі қабатты жойғаннан соң қалмайды. Сондай-ақ, төменгі қабатта тек пәтер - үйдің пайдалылығы жасалмайды, сондай-ақ, үйдің іргетасының да пайдасы жасалады немесе төменгі қабаттың меншікті иесі егер оларға ыңғайлы болса, құрылыс жасай алады; бірақ жоғарғы қабаттың меншікті иесі тұрғын үйдің ыңғайлылығын пайдалана алады, өйткені ол төменгі қабаттың меншікті иесінің келісімінсіз құрылыс жасауға құқылы емес. Осы түсінік бойынша жоғарғы қабаттың екі қарысына тең төменгі қабаттың бір қарысын мойындауға тура келеді. Басқа жағынан, Абу Юсуфтың пікірін келтіреді, екі қабаттың негізгі мақсаты пәтер-үйге қызмет ету

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

мен осы тағайындауға екі қабатта бірдей сай келеді, осының салдарынан сол немесе басқа қабаттың меншікті иесі басқаға зиян келтірмейтін құрылыс тұрғыза алады. Имам Мұхаммедтің пікірін растауда мынаны көрсетеді, жоғарғы қабаттың және төменгі қабаттың ыңғайлылығы үй тұрған жылдың уақытынан, желдің күштілігінен, ауа температурасынан және ауа райы мен елдің түрлілігінен тәуелді болады, осының салдарынан әділетті бөлісу тек бағалау жолымен мүмкін болады. Біздің уақыттарда заң түсінік пен талдауға мұқтаж емес, имам Мұхаммедтің пікіріне сай қолданылады. Абу Ханифаның ілімінше, қарастырылып отырған жағдайда, бөлісу тәсілі келесідей. Бөлісуді жасаған тұлға алдымен үйдің жоғарғы қабатына қарсы қою керек (біздің байқауымызша 100 қарыстан тұрады) бүкіл үйдің бөлігі $33 \frac{1}{3}$ қарысқа тең, немесе жоғарғы қабат төменгі қабаттан басқа 2 есе аз бағаланады; сәйкесінше, бүкіл үйдің төменгі қабатының $33 \frac{1}{3}$ қарысы басқа үйдің жоғарғы қабатының $66 \frac{2}{3}$ қарысына тең. Және осы $66 \frac{2}{3}$ төменгі қабаттың $33 \frac{1}{3}$ қарысымен бүкіл үйді құрайтындықтан, онда бүтіні жоғарғы қабатымен бірге үйдің 100 қарысына тең. Сондай-ақ, бөлісуді жасаған тұлға басқа үйдің төменгі қабатына бүкіл үйдің $66 \frac{2}{3}$ қарысын қарсы қою керек, (осылардың көлемін 100 қарысқа болжай отырып), немесе бүкіл үйдің жоғарғы қабаты басқа үйдің төменгі қабатынан екі есе аз бағаланады, және бүкіл үйдің екі қабатының $66 \frac{2}{3}$ қарысы басқа үйдің төменгі қабатының 1000 қарысына тең. Абу Юсуф бойынша бөлістіру жасау тәсілі келесідей. Бірінші үйдің жоғарғы қабатының 100 қарысы бүкіл үйдің 50 қарысына қарсы қойылады, немесе екінші үйдің төменгі қабатының 100 қарысы бүкіл үйдің 50 қарысына қарсы қойылады, немесе оның пікірінше, жоғарғы және төменгі қабаттар бірдей бағалануы керек, осының салдарынан өзіне төменгі қабаттың 50 қарысы мен жоғарғы қабаттың 50 қарысынан тұратын бүкіл үйдің 50 қарысы 100 қарысқа тең келуі керек.

Бөлісуден кейінгі дау-дамайда оны жасаған екі тұлғаның жауаптары назарға алынуы керек. Егер бірігіп қатысушылар арасында бөлісуден кейін дау-дамай туындаса, және олардың біреуі былай десе: «өз үлесінің бәрін алмады және оның бөлігі басқа біреудің иелігінде қалды», басқасы осы жағдайды мойындамаса, және бөлісуді жасаған екі тұлға немесе басқа екі тұлға, «олар бөлісу жасағанын» көрсетсе, онда олардың жауаптары екі оқушының пікірінше жіберілуі керек. Имам Мұхаммедтің пікірінше, ол жіберілмейді, өйткені олармен берілген жауап жекеменшік іс-әрекетіне жатады және сәйкесінше, өзінің іс-әрекеті туралы тұлғаның жауабы жіберілмейді, осының салдарынан кімде-кім өз күнін еркіндікке жіберуді кейінге қалдырады. Екі оқушының дәлелдеуінше, шындығында куәгерлер өздерінің меншікті іс-әрекеттері туралы емес, бөтен іс-әрекет туралы (әсіресе меңгеру мен жалғастырылған иелік фактісі туралы), жауап береді, өйткені олардың іс-әрекеттерін анықтау үшін дәлелдер келтірудің еш қажеті жоқ, олар анықтау мен бөлісуден ғана жасалады. Сондықтан олардың жауаптары жіберіледі. Тахавидің байқауынша, бөлісуді жасаған тұлға өз еңбегі үшін төлем алса, онда жалпы мойындау бойынша олардың жауаптары жіберілмейді. Біздің мазхабтың кейбір ғалымдары сол пікірде, олардың мақұлдауынша олардың жауаптары еңбек жасап, сол еңбек үшін сый ақы алғандығын анықтауға бейімделеді, онда бұл жауапкершіліктің меншікті пайдасына қарай куәлік ету сипатына ие болады. Бірақ, «Хидояның» авторы бұл пікірмен келіспейді. Оның байқауынша бөлісуді жасаған тұлға, өз жауаптарында меншікті мүддесін басқара

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алмайды, өйткені бірігіп қатысушылар өз еңбектері үшін сый ақы алған және еңбекті орындағандығымен толықтай келіседі, және дау-дамай туғызатын мәселе, меңгеру мен жалғасатын иелік туралы болып отыр, осының салдарынан олар жауап берген кезде өтірік айтуда оларға күмән келтірілмейді.

Бірақ бөлісуді жасаған бір тұлғаның жауабы емес. Егер жауапты бөлісуді жасаған бір тұлға берген болса, онда ол назарға алынбайды, немесе бір тұлғаның басқа тұлғаға қарсы жауабы жеткіліксіз болады.

IV. Тарау

БӨЛІСУГЕ ҚАТЫСТЫ БӨЛІСУ МЕН ТАЛАП КЕЗІНДЕГІ ҚАТЕЛІКТЕР ЖӨНІНДЕ ҚАРСЫЛЫҚТАР

Тарап өз үлесін алғанын мойындағанда қателік жөніндегі қарсылық жіберілмейді, егер бұл қарсылық дәлелдермен бекітілмесе. Бірігіп қатысушылардың біреуі бөлісу кезінде жіберілген қателікке шағымданса, және оның үлесіндегі бөлік басқаның иелігінде болса, егер ол бұрын өз бөлігін алуды мойындаса, оның шағымы егер тек дәлелдермен бекіткен болса ғана жіберіледі, немесе шағым оны жүзеге асырғаннан соң бөлісуді өзгертуге бейімделеді, және мынаны болжауға болады, қате жоқ және шағым негізсіз. Егер шағым беруші өз шағымын қуәгерлік жауаптармен бекітпесе, онда басқаларға оны ант берумен жалғандығын ашып тастауды ұсынуға тура келеді; егер олар ант беруден бас тартса, онда осындай бас тарту шағым берушінің пайдасына дәлел болып есептелуі керек және қазы әрқайсысының үлесіне қатысты мүліктің жаңа бөлісуін тағайындауы керек. Осылай жасай отырып, қазы олардың меншікті сенімсіздігіне ғана сәйкестендіріледі. Осы шығарманың авторы мынаны болжайды, жоғарыда келтірілген жағдайда шағым берушінің талабы, өз-өзіне қарама-қайшылық салдарынан мүлдем қабылданбауы керек.

Келесі тартып алуға шағым заңсыз меңгеруге шағым берумен ұсынылады. Егер шағым беруші барлық өз мүлкін алғандығы туралы айтса, бірақ содан кейін басқа біреу оның үлесін тартып алса, онда антпен бекітілген басқа біреудің мойындамауына сенім беру керек, өйткені шындығында біздің заңсыз меңгеруге шағымымыз бар.

Тапсырмауға шағым беру жағдайында екі тарапта ант берулері керек, және бөлісу жарамсыз болып мойындалады және қайта жасалады. Егер ол «осындай ауыл оған бөлісуден қалды, бірақ басқа біреу оны маған тапсырмады» деп мақұлдаса, сондай-ақ, ол бұрын үлесін алғандығын мойындамаса, ал басқасы оған қарсы келсе, онда екеуі де ант берулері керек, немесе дау-дамай бөлісу бойынша шағым берушімен алынған мөлшеріне тиесілі болса және сатылған заттың мөлшеріне қатысты дау-дамайға тән болса, осындай жағдайда тараптарға өзара ант беру ұсынылады. Дәл осы қарастырылып отырған жағдайда .

Қателік туралы қарсылық жіберілмейді, егер бөлісу тараптармен жасалған болса. Егер тараптардың біреуі бөлісу кезінде қателік жіберілгеніне шағымданатын болса, онда бұл шағым қабыл алынбайды, немесе екі тараптардың өздеріне қатысты болады. Егер бөлісу қазы бұйрығымен жасалса, және өрескел өтірік туралы айтса, онда шағым жіберіледі, өйткені қазы беделінің тұрақтылығы әділ сотқа негізделеді.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Бөлісуден кейін үйдегі белгілі бөлмені талап ету жағдайы. Егер үй екі бірігіп қатысушылардың арасында әрқайсысы өз бөлігін алу үшін бөлістірілсе және содан кейін «бұл бөлісу салдарынан маған берілуі тиіс заттардың бірі» екенін мақұлдай отырып, олардың біреуі басқалардың иелігінде тұрған бөлмені талап етсе, ал басқасы осыны мойындамаса, онда талапкер заңсыз иеленуге шағымданады, ол дәлелдер ұсынуды талап етеді, және егер екеуі дәлелдер ұсынатын болса, онда иелікке ие емес тұлға тарапынан дәлелдерді артығымен жәберуге тура келеді; заңды ереже бар, иелігі жоқ тұлға тарапынан ұсынылған дәлелдер иеленушінің дәлелдері алдында артықшылыққа ие болады. Егер жоғарыда келтірілген шағым талапкерге дауласу затын иемдену тиесілі болғанын мойындауға себепші болса, онда екі тарапқа да ант беру ұсынылады және бөлісу жарамсыз болып мойындалады, және қайта жасалады. Теңдей негізде, егер екі тарап өз шекарасына қатысты дауаласатын болса, сондай-ақ, олардың біреуі мынаны мақұласа, «белгілі шекара оған тиесілі, бірақ басқаның иелігіне түсті», ал басқасы былай деп мақұлдаса, «дәл сондай шекараға қатысты» және екеуіде дәлелдер ұсынатын болса, онда қазы әрқайсысына басқа тараптың иелігінде тұрған шекараны беру керек. Егер тек бір тарап дәлелдер ұсынатын болса, онда қазы тек соның пайдасына шешімді қаулы етеді; бірақ егер, біреуіде дәлелдер ұсынбайтын болса, онда екеуіне де сату жағдайындағыдай ант беру ұсынылуы керек.

Бөлім. Талаптарға¹ қолданылатын заңдар туралы

Бөлісуден кейін белгілі бөліктің талабы жағдайында осындай жарамсыз болып мойындалуы және қайта жасалуы керек. Егер мысалы, жалпы иелікте тұрған үй бөлістірілсе, содан кейін оның белгілі бөлігі (жартысы немесе 1/3) басқаға тиесілі болса, онда бөлісу біздің барлық ғалымдарымыздың пікірінше маңызсыз және қайта жасалуы керек.

Егер бөлісуден кейін белгілі бөлікті іздесе, онда ол басқа бірігіп қатысушылардың үлесінен толтырылуы керек немесе бөлісу жарамсыз болып, қайта жасалуы керек. Егер белгілі және анық бөлігі бөлісу бойынша бірігіп қатысушылардың біреуіне берілсе, ол басқа тұлғаға тиесілі болып қалса, онда бөлісу біздің ғалымдарымыздың пікірінше жарамды және талапкерге тиесілі бөлістіру кезінде барлық ғалымдарымыздың пікірінше, жарамды және талапкерге тиесілі бөлістіруде жойылмайды, бірақ тарап олардың үлесінен талапты қанағаттандырса, бөлісу құқығына ие және жойылуын талап етеді (осымен мүлікті бөлісуге дейін қандай жағдайда болды, сол күйде қайтара отырпы) және жаңаны жасау; немесе егер қаласа бөлісуде сый ақыны талап етеді, ол үшінші тұлғаның талабы салдарынан айырылған.

Сондай-ақ, егер белгілісі іздестірілсе, бірақ дәл анық емес бөлігі. Егер бөлісуден кейін бірігіп қатысушылардың үлесінің анық емес бөлігі іздестірілсе (мысалы жартысы) және осындай талапкерге тиесілі болса, онда бөлісу қалған мүлік қатынасында жарамды және имамдар Абу Ханифа мен Мұхаммедтің пікірінше, жойыламайды; бірақ бірігіп қатысушының үлесіне қатысты болатын талап, бөлісуді жоюға құқылы (мүлікті алғашқы күйде қандай болса, сол күйде қайтара отырып) және жаңа бөлісуді талап етеді; немесе егер қаласа бөлісуді өзі күшінде қалдырады; және басқа бірігіп қатысушыдан осы бірігіп қатысушылардың $\frac{1}{4}$ бөлігіне тең олардың

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бөлігінің жартысына жұмсалған сый ақыны талап етеді. Абу Юсуфтың пікірінше, осы жағдайдағы бөлісу маңызсыз, немесе алдыңғы бірігіп иеленушінің үлесінің біреуінің бөлігіне талапкердің құқығын мойындаумен үшінші бірігіп иеленуші құралады, осындай бөлісуге қатыспау салдарынан жарамсыз болып ұсынылады, егер бүтін заттың белгілі бөлігі басқаға тиесілі екендігі анықталса. Бұл олардың үлесінің белгілі бөлігінің біреуі басқаға тиесілі екендігі анықталса, онда бөлісуді тағайындаудың біреуі (әсіресе – бөлістіру) орындаламайды, осындай тәсілмен бірігіп қатысушының біреуінің үлесі жалпы жекеменшіктің заты болып қалады; және ол талапкердің пайдасына қарай айырылған бөлікке тең басқа біреудің үлесін қанағаттандыруға бару керектігіне негізделген. Басқа іс - өткен жағдайда, олардың үлесінің біреуінің анық бөлігі ерекше іздестірілген, осындай талапкерге қатысты мойындалса, немесе бөлісу мақсаты (бөлістіру) қалған мүлікке қатысты жүзеге

¹ «Истикак» арабша осы келісім шартқа немесе келісімге қатыспайтын, келісімге немесе келісім шартқа кірген тұлғамен бірге тұлғаға ұсынылатын талапты білдіреді.

асырылады. Имамдар Абу Ханифа мен Мұхаммедтің дәлелдеуінше, бөлісудің мақсаты белгіліні мойындау салдарынан бұзылмайды, бірақ басқа тұлғаға тиесілі бұрынғы бірігіп қатысушылардың біреуінің үлесінің анық болмайды. Сондықтан алдыңғы жасалған бөлісу жарамды. Мысалы, үйдің бірінші жартысы және Калед атты үшінші тұлғаның, Заид пен Омардың екі бірігіп қатысушылардың жалпы иелігінде болса, сондай-ақ, бұл меншік жартылай Каледке, ал қалған бөлігі Заид пен Омарға тиесілі болса, үйдің екінші жартысы Заид пен Омарға бірлесіп тиесілі болады, Каледтің онда ешқандай бөлігі жоқ. Осы жағдайда Заид пен Омар өзара бөлісуді заңды түрде жасай алады, Заид үйдің бірінші жартысында олардың барлық бөлігін алса, және $\frac{1}{4}$ бөлігін екінші жартысында алады, ал Омар екінші жартысының $\frac{3}{4}$ бөлігін алады, осындай негізде бөлісу жарамды болып қалады, және бұл жағдай олардың үлестерінің біреуінің анық бөлігі басқаға тиесілі екендігі анықталуына тән келеді. Басқа іс, өзіне екі үлесті жатқызатын бүкіл үйдің анық емес бөлігі басқаға тиесілі болып анықталады. Бөлісу жарамды екенін болжай отырып, үшінші тұлғаның құқық бөлісуінен кейін анықталса, зиянға ұшыраған болса, онда ол өз бөлігін жинақтап емес, бұрынғы бірігіп қатысушылардың әрқайсысының үлесінен жекеленген түрде қабылдау керек, сондай-ақ, бірінші жағдайда (үлестердің біреуі анық емес, басқаға тиесілі екендігі анықталса), ол зиянға ұшырамайды. Сондай-ақ, екі жағдай арасында мүмкін болатын айырмашылық бар. Бір сөзбен қарастырылып отырған жағдайдың табиғаты мынадай, екі бірігіп қатысушының біреуі үйдің $\frac{1}{3}$ бөлігін, ал басқасы $\frac{2}{3}$ бөлігін алады, немесе $\frac{1}{3}$ құны басқа $\frac{2}{3}$ құнына тең болады, ал содан кейін $\frac{1}{3}$ жартысы басқа тұлғаға тиесілі болады, осындай жағдайда (имамдар Абу Ханифа мен Мұхаммед бойынша) бірінші бірігіп қатысушының бөлісуді жоюға құқығы бар, немесе егер осындай жарамды болып қалса, онда оның үлесі жекеленген болып анықталады; оның бөлігі үйдің $\frac{1}{3}$ бөлігінен және қалған $\frac{2}{3}$ бөліктен тұратын болады. Егер ол қаласа, екі бірігіп қатысушылардың $\frac{1}{4}$ бөлігін ала алады, немесе егер оның (бірінші бірігіп қатысушы) барлық үлесі үшінші тұлғаға тиесілі болса, онда екінші бірігіп қатысушылардың үлесінің жартысын алуға құқығы бар, осының салдарынан (бүтіннен бөлікке қорытынды жасай отырып) оның үлесінің жартысы үшінші тұлғаға тиесілі екендігі анықталса, онда ол $\frac{1}{4}$ бөлікке тең келетін екінші бірігіп қатысушылардың

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

үлесінің жартысынан алуға құқылы. Егер бірігіп қатысушының үлесіне бірінші жартысы түскен болса, оның жартысын сатса, ал содан кейін басқа жартысы басқаға тиесілі болса, онда ол жоғарыда келтірілген себеп бойынша басқа бір қатысушының иелігенде тұрған жартысының $\frac{1}{4}$ бөлігіне құқығы бар; және оның құқығы бөлісуді талап етуде өз үлесінің бөлігін сату салдарынан тоқтатылады. Имамдар Абу Ханифа мен Мұхаммедтің пікірлері осындай. Абу Юсуфтың мақұлдауынша, бірігіп қатысушылардың иелігінде тұрған екінші жартысы, олардың арасында теңдей бөлінуі керек және бірінші бірігіп қатысушы екіншісіне өз үлесінің бөлігін сатқан бағаның жартысын төлеу керек, немесе алғашқы бөлісу жарамсыз. Және жарамсыз келісім шарт біреудің иелігіне түсетін зат оның жекеменшігі болып қалса, онда ол осындайды заңды түрде сата алады; бірақ ол оның құны үшін жауапты, ал сондықтан бірінші бірігіп қатысушы олармен сатылған заттың құнының жартысына жауапты, өйткені осы жартысы басқаға тиесілі.

Мүлікте жататын қарызды дәлелдеу жағдайында, мұрагерлер арасындағы осындай бөлісу маңызсыз. Егер өлген кісінің мүлігі мұрагерлер арасында бөлістірілсе, ал содан кейін оның барлық құнына тең қарыз анықталса, онда бөлісу жойылуы керек, өйткені қарыз мүліктің мұрагерлерінің жекеменшігіне өтуіне кедергі келтіреді. Дәл сол ереже қолданылады, қарыз мүлік құнына тең болмаса, немесе несиешілер құқығы өлген кісінің барлық мүлігімен байланысты болса. Сондықтан бөлісу жойылуы керек, егер оны жасаған соң қарызды төлеу үшін жеткілікті сомма қалмаған болса, осындай жағдайда ол жойылмайды, өйткені қарызды төлеу үшін ешқандай қажеттілік жоқ.

Егер несиеші өз талабынан бас тартпаса немесе мұрагерлер оны қанағаттандырмаса. Егер несиеші бөлісуден кейін өз талабынан бас тартса және егер мұрагерлердің меншікті мүлкінен қарызын төлесе, онда бөлісу қарыз мүлік құнына тең бе, немесе оны арттырады ма содан тәуелсіз өз күшінде қалады, осы тәсілмен бөлісудің ақиқаттылығына кедергілер жойылады.

Мұрагер бөлісуден кейінгі мүлікке талапты ұсына алады. Егер мұрагерлердің біреуі мұраға алған мүліктен соң, өлген кісіге қарсы қарыз туралы талап қабылдауға ұсыныс жасаса, онда оның талабы қабылдауға жатады. Осы жағдайда қарама-қайшылық жоқ, өйткені оның қарызы мұраға алған мүлікке емес, құнға жатады. Ал бөлісу осы мүліктің мәніне қатысты орынға ие болады.

Мұрагер бөлісуден кейін анық заттың талабын ұсына алмайды. Егер мұрагерлердің бір бөлігі бөлісуден кейін қандай-да бір негізбен, мүліктің құрамына кіретін анық зат жөнінде талап ұсынатын болса, онда ол мүмкін болатын қарама-қайшылық салдарынан қабылдауға жатпайды, өйткені бөлісуге мұрагерлерді біріктіру мойындауды болжайды, сол бөлістірілген анық зат жалпы мұраға алынған мүліктің бөлігінен тұрады.

V. Tapaу

МАҒАЙАТҚА ДЕЙІН ТИЕСІЛІ БОЛАТЫН ҚАУЛЫЛАР

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Магайат узуфруктіні бөлісу болып табылады. Магайат заң тілінде узуфруктіні бөлісуді білдіреді. Осындай бөлісу жіберіледі, немесе жалпы иелікте тұрған барлық бірігіп иеленушіге затты бір уақытта және бірігіп пайдалану мүмкін емес. Магайаттың жекеменшікті бөлісуімен ұқсастығы бар (осының салдарынан қазы осындай бөлісуді жасауды тағайындай алады), бірақ жекеменшікті бөлістіруде барлық бірігіп қатысушылар өз үлестерін бір уақытта пайдаланады, сондай-ақ, узуфруктіні бөлістіруде оған кезек жеткенде ғана жалпы иелікте тұрған затты әрқайсысы пайдалана алады. Узуфруктіні бөлістіруге қарағанда жекеменшікті бөлістіру өте радикалды, осының салдарынан егер бір бірігіп қатысушы жекеменшікті бөлісуід талап етсе, ал басқасы – узуфруктіні бөлісуде қазы біріншілердің талабын қанағаттандыру керек; және егер затқа қатысты узуфруктіні бөлістіру орнына ие болса, жекеменшік құқығы бөлісуге жататын (мысалы, үй немесе жер учаскесі), ал содан кейін бірігіп қатысушылардың біреуі жекеменшіктің бөлісуін жібереді және узуфруктіні бөлісуді жояды.

Және тараптардың өлімі салдарынан жойылмайды. Узуфруктіні бөлістіру бірігіп қатысушылардың біреуімен және екеуінің өлімі салдарынан да жойылмайды. Егер де ол жойылған болса, онда (мүмкіндігінше) қалпына келтірілген болар еді, (өйткені өлген кісінің мұрагерлері узуфруктіні бөлуді талап етуге құқығы бар) және сондықтан оны жоюдың еш мағынасы жоқ.

Бірігіп қатысушылар жалпы құқықтың белгілі бөлігін пайдалануды бір-біріне көрсете отырып, осындай бөлісуді жасай алады. Егер екі бірігіп қатысушы жалпы келісім бойынша олардың біреуі үйдің бір бөлігінде, ал басқасы – басқа бөлігінде үйге қатысты узуфруктіні бөлісуді жасаса, немесе біреуі жоғарғы қабатта, ал басқасы төменгі қабатта тұрса, онда осындай келісім шарт жарамды; өйткені осындай негізбен, жасалған жекеменшікті бөлісу жарамды; онда узуфруктіні бөлістіруде жарамды. Осыдан байқайтынымыз, осындай негізбен жасалған узуфруктіні бөлісу шындығында бөлістіруді ұсынады, яғни бір қатысушыдан басқа бірігіп қатысушының үлесінен узуфруктінің барлық үлесін бөлісумен және екеуінің бір орынға шоғырлануымен; онда осы келісім шарт өзіне айырбас жасамайды; осының салдарынан оның мерзімімен шектелгені талап етілмейді, өйткені осы жағдайда ол оны жалға беру болып ұсынылады.

Осындай жағдайда әрқайсысы өз үлесін жалға беруге құқылы. Әрбір бірігіп қатысушы бөлігін жалға беруге құқылы, және ол өзіне узуфруктіні бөлісу кезінде ол жайында келісімде қаулы етілді ме, әлде жоқ па содан тәуелсіз өзіне жалдама ақыны иемдене алады, немесе осы бөліктен табыс (узуфруктіні бөлісу салдарынан) бірігіп қатысушылардың жекеменшігі болып қалады, ал жалдама ақы оның үлесімен пайдалану орнына берілген оны сый ақы ретінде алады.

Немесе бір-бірі үшін пайдаланудың ауыспалы құқығын айта отырып. Егер екі бірігіп қатысушы құлдың үстінен узуфруктіні бөлісу туралы келісім шартқа кірсе, яғни бір күні ол біреуге, ал келісі күні – басқа біреуге қызмет ететін болса, онда бұл заңды (бұл шағын бөлмеге қатысты келісімге тән кірген кездегі жағдайға тән), немесе узуфруктіні бөлісу кейде уақытты бөлісумен, ал кейде орынды бөлістірумен жасалады, қарастырылып отырған жағдайда ол уақытты бөлістіру арқылы жасалады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Тараптар арасындағы дау-дамай қазының араласуымен шешілуі керек. Егер екі бірігіп қатысушы олардың арасында бөлісу келісім шарты болған сөйлемге қатысты дауласатын болса, біреуі ол уақытқа, ал басқасы орынға жатқызылғанын мақұлдаса, онда қазы бөлісудің сол немесе басқа тәсіліне қатысты келісуге оларға міндет жүктеу керек. Бұл орынға қатысты узуфруктіні бөлісу өте әділ екендігіне негізделеді, немесе осы тәсілмен әрбір бірігіп қатысушы басқамен бір уақытта пайдаланылады; бірақ басқа жағынан уақытқа қатысты узуфруктіні бөлісу толық пайдалануды жеткізеді, өйткені әрбір бірігіп қатысушы барлық затты пайдаланады. Өйткені осы бөлісу тәсілінің әрқайсысы өзі үшін белгілі негіздерге ие, онда бірігіп қатысушылар олардың біреуіне қатысты келісім шартқа кіргенін талап етеді. Және егер олар уақытқа қатысты бөлісуді таңдаған болса, онда қазы құмарлыққа кеюден құтылу үшін пайдалану кезегін анықтау үшін зеребе алып шығу керек.

Екі құлмен пайдалануды бөлісу жағдайы. Егер екі бірігіп қатысушы (Заид пен Омар деп атаймыз) екі құлға қатысты узуфруктіні бөлісуді жасаған болса, олардың біреуі Заидқа, ал басқасы Омарға қызмет етсе, онда бұл келісім шарт екі оқушының пікірінше жарамды. Өйткені, құлға қатысты жеткілікті бөлісу осындай қазының бұйрығымен немесе тараптардың келісімімен жасалды ма содан тәуелсіз жарамды болады, осыдан құлдарға қатысты узуфруктіні бөлісу де жарамды болады. Кейбіреулер (Абу Ханифаның іліміне сүйене отырып), мақұлдауынша, қазы құлдарға қатысты узуфруктіні бөлісуді тағайындамау керек (және Хассафтың пікірі осындай). Құлдың үстіне жекеменшікті бөлісуге қатысты мәжбүрлеу Абу Ханифа бойынша қабыл алынбайды, және мүмкін, қазы осындай жағдайда узуфруктіні бөлісуді тағайындаса, онда Абу Ханифаның пікірінше, заңды; бірақ егер ол жекеменшікті бөлісуді тағайындған болса, бұл заңсыз болар еді, өйткені құлдардың қызметінде үлкен айырмашылық жоқ, ал құлдың өзі бір-бірінен едәуір ерекшеленеді. Егер айтылған екі құлға қатысты узуфруктіні бөлу осындай негізбен жасалады, яғни біреуді ұстауда оның қызметін Заид пайдаланса, соңғысының міндетіне жатқызылса, ал басқаны ұстау, Омар пайдалатын қызметі соңғысына берілсе, онда заңның қолайлы түсініктемесі бойынша жарамды. Аанлогия бойынша осындай келісімді жарамсыз деп мойындауға тура келеді, өйткені әрбір құлды асырау екі қожайынның міндетінде жатыр; бірақ құлдың біреуін асырау бір қожайынның міндетінде жатқаны, ал екіншіні асырау – басқаның міндетінде жатақандығы шартталған болса, онда бұл айырбас ретінде қарастырылуы мүмкін; ал сый ақы (осы жерде айырбас екенін болжай отырып) анықталмаған, онда келісім шарт жарамсыз. Едәуір қолайлы түсініктемеге негіздеме мынамен жасалады, құлдарды асырау туралы шарт ерекше дәлдікті талап етпейді. Басқа іс, егер әрбір бірігіп қатысушы өз құлын киіндіруге міндеттенсе, онда осындай шартта дәлдік талап етіледі.

Не екі үйлермен. Егер екі бірігіп қатысушы екі үйге қатысты узуфруктіні бөлісуді жасаса, олардың біреуі бір үйде, басқасы басқа үйде тұрса, онда бұл жарамды, және қазы екі оқушының пікірінше, осындай бөлісуді тағайында алады. «Захири-Риваятта» келтірілген Абу Ханифаның пікірі осындай. Бұл екі оқушының пікірінше, осындай негізде жасалған жекеменшікті бөлісуге негізделгеннен де жарамды, онда узуфруктіні бөлісу де жарамды. Кейбіреулердің айтуынша, Абу Ханифа бойынша узуфруктіні осындай бөлісу тараптардың өзара келісімімен жасалғандықтан жарамды,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бірақ ол қазымен тағайындалмайтындықтан немесе жекеменшікті бөлістірудің осындай түрі тараптардың келісімі бойынша жарамды болса, қазы оны тағайындай алмайды. Сондай-ақ, бізге жеткен Абу Ханифаның басқа пікірі де бар, жоғарғы тәсілмен узуфруктіні бөлісу жарамсыз, ол қазымен тағайындалды ма, әлде өзара келісім бойынша жасалды ма, немесе бұл басқа үйде тұрудағы бір үйде тұрумен сату болып ұсынылар еді, бұл заңсыз, жалдану туралы ілімде айтылған кезде көрсетілгендей. Басқа іс, екі үйдің үстінен жекеменшікті бөлісу, немесе бір үйдің бөлігін басқа үйдің бөлігінен сату заңды. «Захири-Риватта» келтірілген пікірлердің пайдасына келтірілген дәлелдер мынадан тұрады, бір және басқа үйдің үстінен узуфрукті арасындағы айырмашылық азғантай, онда жоғарыда келтірілген бөлісу бөлістірілген болып көрсетіледі, сондықтан заңды, егер тараптардың өзара келісімімен жасалған болса, онда қазымен тағайындалуы мүмкін. Керісінше, үйлердің болуындағы айырмашылық үлкен болуы мүмкін және сондықтан оларға жоғарыда келтірілген тәсілмен жекеменшікті бөлісу айырбас болып ұсынылады және сәйкесінше, қазымен тағайындалады, бірақ тараптардың келісімімен жасалады.

Немесе екі төрт аяқты жануарлармен. Егер екі төрт аяқты жануарларға қатысты узуфруктіні бөлістіру жасалса, бірігіп қатысушылардың біреуі бір жануарда салт атпен жүрсе, басқасы –басқа жануарда, онда Абу Ханифа бойынша келісім шарт жарамсыз. Екі оқушының пікірінше, ол жарамды, өйткені осындай негізде жасалған жекеменшікті бөлістіру жарамды, ал узуфруктіні бөлістіру жекеменшікті бөлістірудің бір түрі ғана. Абу Ханифаның дәлелдері мынаған жасалады, пайдалануда және салт аттылар арасында айырмашылық салдарынан бір немесе басқа жануарда жүру кезінде де айырмашылық бар, өйткені кейбіреулер атпен жүруде шебер, ал басқалары шебер емес. Дәл сол алауыздық құлмен байланысты жағдайға қарама-қарсы кезектесіп пайдалану туралы келісу жолымен бір жануарға узуфруктіні бөлістіруге қатысты болады, немесе құл меншікті санаға ие және ол көтеруге жағдайы бар үлкен ауырлығы бар жүкті тиеуді жібермейді, сондай-ақ, жануар ретінде бағалануы керек.

Үйді пайдалануды бөлісу оны әрбір тарапқа жалға кезектесіп беру жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. егер үйдің табысын бөлісу жасаса, бір бірігіп қатысушы оны бер немесе екі айға жалға берсе, және жалдама ақыны пайдаланса, және содан кейін басқа біреуге қатысушы осындай негізбен үйді жалға берсе, және жалдама ақыны пайдаланса, онда осындай бөлісу «Захири-Риваят» бойынша жарамды, бірақ құлға қатысты немесе жауанрға қатысты осындай келісім шарт жарамсыз. Осындай айырмашылықтың негізі құл немесе жануар жағдайында қажетті шарттан құралған жеке үлестердің теңдігі жоғалады, ал үйге қатысты ол сақталады, немесе құлдар мен жануарлар өзгереді және ауыр жұмыс пен уақыт салдарынан зиянға ұшырайды, және мүмкін екінші кезекте олар үшін жалдама ақы біріншіге қарағанда аздау; сондай-ақ, үйге қатысты ол екінші кезекте біріншісіне қандай болса, солай қалады және жалдама ақы бірдей болатынын болжауға болады.

Жалдама ақының кездейсоқ артықшылығы олардың арасында теңдей бөлікке бөлістіруге жатады. Егер үй үшін жалдама ақы бір бірігіп қатысушының басқа біреудің кезегімен салыстырғанда кезегіне үлкенірек болса, онда жалдама ақы арасындағы артықтық пен айырмашылық олардың арасында толық теңдей болуы үшін екеуінің арасында бөлісуге жатады. Егер ол үйді пайдалануды бөлістірсе, және ол

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

содан кейін басқаға қарағанда бір кезекте үлкен табыс әкелсе, онда теңдік сақталған, ол бөлісу затын құрайды (әсіресе пайдалануда), және табыстың артықшылығы, пайдаланудың орнына алынған ешқандай мағынаға ие емес, өйткені екі зат бірдей, ал біреуімен келтірілген табыс, басқамен келтірілген табыстан көп.

Екі үйден табысты бөлістіру жағдайында бірде бір тарап онымен алынған абыстың артықтығын толтыруға міндетті емес. Екі үйден табысты бөлістіру «Захири-Риваят» бойынша бір үйден табысты бөлістіру негіздеме бойынша заңды. Егер бір үй басқаға қарағанда үлкен табыс алып келсе, артықтық екі бірігіп қатысушыға жатпайды. Осындай айырмашылықтың негіздемесі мынамен жасалады, екі үйден табыс бөлістірілсе, онда негізгі принцип бөлістіру болып табылады. Өйткені әрбір бірігіп қатысушы өзінің жеке үйінен біртіндеп табыспен пайдаланылады, онда осыдан әрқайсысы басқа бірігіп қатысушылардың үлесіне ештеңе қалдырмайды, оған тиесілі құқықтың жиынтығын алады; сондай-ақ, бір үйге узуфруктіні бөлістіруде бірігіп қатысушылар табысты кезекпен пайдаланады, яғни біреуі бір айдың ішінде, ал басқасы – басқаның ішінде табыс алады және сондықтан олар бір-біріне өз табыстың өз үлесін кезектесіп ссудалайды; екінші айда табысты пайдаланатын бірігіп қатысушы бірінші айда өз үлесін немесе бір айдың ішінде үйден түскен табыстың жартысын ссудалайды және керісінше. Сондай-ақ, айтуға болады, әрқайсысы пайдалану уақытында басқаның үлесін ала отырып уәкіл ретінде қызмет етеді және басқа біреу арқылы екінші айдың табысынан өз үлесін алуда артықтық анықталса, онда осындай олар арасында бөлінеді; бірақ егер керісінше, екінші айдың табысынан (бір айдың табысынан төмен болған) өз ссудасының бүкіл мөлшерін жабуға жағдайы болмайды, бірақ бірігіп қатысушылардың жағында болған, бір айдың ішінде пайдаланылған артықтық толық теңдік орындалуы үшін олардың арасында бөлісуге жатады.

Екі құлдан табысты бөлістіру жағдайы. Екі оқушының пікірінше, екі құл үшін жалдама ақыны бөлісу, жоғарыда көрсетілгендей екі құлды пайдалану мен қызметін бөлісу секілді заңды. Абу Ханифаның мақұлдауынша осындай бөлісу жарамсыз, немесе екі құл арасындағы айырмашылық әртүрлі уақытта бір және сол құл арасындағы айырмашылықтан анағұрлым. Өйткені кезектесіп талап етілетін құлдың айлығын бөлісу жарамсыз, онда осыдан екі құлмен иемделген айлықты бөлісу де жарамсыз. Сондай-ақ, қызметтерді бөлісу мен құлдарды пайдалану қажеттілік бойынша жіберіледі, өйткені құлдың өзі бөлістірілмейді; бірақ құлды жалдау жағдайында еш қажеттілік жоқ, өйткені жалдама ақы бөлістіріледі. Сондай-ақ, қызметтерге қатысты нақты анықтама талап етілмейді, жалдау жағдайындағыдай (ақша келісім шартын ұсынатын) дәлдік талап етіледі. Осылайша, екі жағдай арасында аналогия жоқ.

Екі төрт аяқты жануарлардан табысты бөлістіру. Екі төрт аяқты жануарларға жалдама ақыға қатысты узуфруктіні бөлістіру Абу Ханифа бойынша екі оқушының пікіріне қарсы жарамсыз. Екі тараптан келтірілген дәлелдер дәл сондай, бір төрт аяқты жануардың қызметіне немесе пайдалануды бөлісуге қатысты көрсетіледі.

Ұрықтарға қатысты узуфруктіні бөлістіру еш орынға ие емес. Егер екі бірігіп қатысушы хұрма плантациясына немесе жеміс бағына қатысты әрқайсысы өз бөлігін алса, оны өңдесе, және оны жасауды пайдаланатындай узуфруктіні бөлісуді жасаса; немесе егер бір қора ешкіге қатысты әрқайсысы олардың белгілі санын алып,

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жем беріп, оның сүтін пайдаланатындай узуфруктіні бөлісуді жасаса, онда осындай узуфруктіні бөлістірудің біреуі де жарамсыз. Пайдалануға қатысты сондай-ақ, қызметтерге қатысты узуфруктіні бөлістіру жағдайы қажеттілік бойынша заттай емес, бөлісуді айырбастау және сондықтан бөлістірілмеген қатынасқа қатысты ғана жіберіледі; бірақ қарастырылып отырған жағдайда, бір кездері өндірілген жемістер мен сүттер бөлістіріледі, өйткені материалды түрде бар, және сондықтан бұл жерде қажеттілік жоқ. Осындай тыйым салуды аралап шығу мынадай негізде мүмкін, бірігіп қатысушының біреуі өз үлесін басқаға сату үшін, алдымен ол жеміс пен сүтті пайдаланады, содан кейін кезек келгенде, бірінші қайтадан бүтінді сатып алса, және өз кезегінде жеміс пен сүтті пайдаланады. Немесе біреуі ссуда түрінде басқаның үлесін жасауды пайдалана алады және осындайдың санын куәландырады, немесе белгісіз заттың ссудасы заңды болып ұсынылады.

XL. КІТАП

МУЗАРИИ, НЕМЕСЕ ӨНДЕУ КЕЛІСІМ ШАРТЫ ТУРАЛЫ

Терминді анықтау. Заң тілінде музариин жердің меншікті иесі мен оны өңдеушілер арасында келісім шартты білдіреді, жердің барлық өңдеушілер күшіне келісім шартта көрсетілген пропорцияда екеуіне де тиесілі болуы керек.

Өңдеу келісім шарттарына қатысты пікірлердің түрлілігі. Абу Ханифа бойынша өңдеу келісім шарты жарамсыз. Екі оқушының мақұлдауынша ол жарамды. Пайғамбар осындай келісім шарт Хибира тұрғындарымен бірге кіргендігі туралы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

әңгіме сақталды, олар бау бақша мен Хибира жерін өңдеу үшін және жеміс пен нанның жартысын пайдалануға, ал басқа жартысын оған беруге қаулы етті. Сондай-ақ, өңдеу келісім шарты капитал мен еңбекке қатысты серіктестіктің келісім шарты болып ұсынылады, өйткені жерді өндіру екі тарап арасында бөлістіріледі, олардың біреуі жердің меншікті иесі, ал басқасы оның өңдеушісі болып табылады. Бұл келісім шарт аналогия салдарынан музарабат келісім шартымен жарамды. Музарабаттың келісім шарттары олардың ыңғайлылығы салдарынан жарамды. Мүлікті иеленетін адамдар саудамен жұмыс жасауға қабілетті емес, және керісінше, оған қабілеті бар адамдар мүлікке ие емес, сондықтан олардың арасында музараб келісім шартының жасалғандығы қолайлы болып ұсынылады, осының салдарынан сол немесе басқалардың армандары қанғаттандырылады. Дәл сол негіздер өңдеу келісім шартына қатысты бар болса, онда олар музарабат келісім шарты секілді жарамды. Басқа іс, бір тұлға басқа біреуге осыларға қарау үшін ешкіні, асыранды құстар немесе жібек құрттарды беретін болса, онда қараушы олардың жартысын, ал басқасы – қалған жартысын алады. Бұл мақұлданбайды. Өйткені қараушылардың қамқорлығы мен еңбегі өндіруді жасамайды, онда серіктестік жеткілікті түрде анықталмаған. Абу Ханифаның дәлелдері оның пікірін бекітуде – үш түрлі. Біріншіден, Пайғамбар Мухаберже дұрыс тыю салды, ол медина атында музариин дегенді білдіреді, яғни - өңдеу келісім шарты. Екіншіден, өңдеу келісім шартын жасау, оның еңбегін өндіруден құралған, заттың бөлігі үшін жұмысшыны жалдау; сондықтан келісім шарт кафиз-тахинмен ұсынылады және бұл заңсыз. (Тахин бидайды түймен айналысатын диірменді білдіреді, ал кафиз сусымалы денелердің шарасы дегенді білдіреді, сондықтан кафиз-тахин ұнның бөлігіне жалдама ақы түрінде ұсынылған ұнға бидайды түйю үшін тұлғаны жалдау болып табылады). Үшіншіден, жалдама ақы мөлшері анықталмаған, қандай-да бір түсім болса, және түсім анықталмаған кезде ол мүлдем болмаса, екінші жағдайда да жалдану жарамсыз. Пайғамбар мен Хибира тұрғындары арасындағы келісім шартқа қатысты айтар болсақ, бұл өңдеу келісім шарты емес, ал бұл келісім шарт оның төлемі шафқат істеу немесе әлемдік келісім шарт бойынша жұмсартылған, алым-салық сипатына ие болады. Өйткені өңдеу келісім шарты Абу Ханифа бойынша жарамсыз болып есептеледі, онда осыдан жұмысшы жерге егін өндіріп, жерді баптап, суландырса, және ол құнарсыз болса, онда ол еңбегі үшін әдеттегі сый ақыға құқығы бар, немесе өңдеу келісім шарты жарамсыз жалдану болып ұсынылады. Бұл сол жағдайда егілген дән жердің меншікті иесімен қайтарылса; егер дән өңдеушімен жеткізілсе, онда ол жер үшін әдеттегі мөлшерде жалдану ақысын төлеуге міндетті, және егер екі жағдайда да түсім алынса, онда ол дәнді жеткізген тұлғаға тиесілі, өйткені оның мүлкіне жетілдіру деген нәрседен тұрады; ал басқасы, егер бұл өңдеуші тиісті еңбегі үшін жалдама ақыға құқық беретін болса, ал егер бұл жердің меншікті иесі болса, жер үшін тиісті жалдама ақыға құқығы болады. Бірақ біздің уақытымызда сотта екі оқушының іліміне ереді: өйткені өңдеу келісім шарттары қолайлы, өйткені олар жалпы пайдалануға кіреді.

Бұл келісім шарт жер өңдеу үшін жарамды болғанын талап етеді. Келесі шарттар өңдеу келісім шартының жарамдылығы үшін маңызды. I. Жер өңдеу үшін жарамды болуы керек, немесе келісім шарттың мақсаты жүзеге асырылмайды.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Тараптар тиісті құқық қабілеттіліке ие болулары керек. II. Жердің меншікті иесі мен өңдеуші осындай келісім шарт жасауға құқық қабілеттілігі болуы керек, яғни екеуінің де ақыл есінің дұрыстығы, тиісті жас шамасы және осындай келісім шарттарда тәжірибенің болғаны абзал. Осы шарттарсыз бірде бір келісім шарт жарамды болып мойындалмайды.

Келісім шарттың іс-әрекет мерзімі айтылуы үшін. III. Іс-әрекет уақыты немесе мерзімі көрсетілуі үшін, немесе осындай келісім шарт сипатына немесе жерді пайдалануға қатысты ие болады (өңдеуші дәнді жеткізген кезде), немесе еңбекпен пайдалануға қатысты (дән жердің меншікті иесімен жеткізілсе), бірақ сол немесе басқамен айқын пайдалану келісім шарты іс-әрекеттің уақытын көрсету жолымен анықталуы мүмкін.

Дәнді жеткізуге міндетті тарап белгіленуі үшін. IV. Дән кіммен жеткізілуі керек, келісім шарт негіздемесін анықтау үшін дұрыс көрсетілуі керек; басқаша сөзбен, ол өз негіздемесінде жерді пайдалану мен дау-дамайға ешбір сылтау болмас үшін белгілі болуы керек.

Басқа тараптардың үлесі көрсетілуі үшін. V. Дәнді жеткізбейтін тараптардың үлесі көрсетілуі үшін, немесе келісім шарт салдарынан белгілі үлеске құқық болады; және оның мөлшерін анықтау үшін талап етіледі, өйткені белгісіз заттың келісім шарты анықталмайды, онда жалпы мағынада қатысушылардың үлесі айтылмаған болар еді.

Жер өңдеушіге берілу үшін. VI. Жердің меншікті иесі өңдеу үшін оны өңдеушіге беру үшін және оны пайдалану мен басқарудан өзін-өзі тоқтатады; егер өңдеу келісім шарты ол жерді басқару үшін айтылған, онда келісім шарт осындай шарттың жарамсыздығы салдарынан маңызсыз.

Жерді өндіруге екі тараптың қатысуы үшін. VII. Екі тарап ору мерзімі аяқталған соң жерді өндіру бөлігіне ие болу үшін, немесе ақырғы нәтижесінде өңдеу келісім шартына серіктестіктің келісім шарты болып ұсынылады, осының салдарынан серіктестікпен келіспеген кез келген шарт келісім шарт күшін жояды (мысалы, егер өндірудің белгілі мөлшері бір тараптардың пайдасына қарай айтылса, онда келісім шарт жарамсыз, өйткені өндірудің осындай мөлшері болады ма белгісіз болғандықтан, серіктестік бұзылады).

Және дәннің түрі айтылуы үшін. VIII. Дәннің түрі айтылуы үшін, мысалы бидай, арпа және т.б. өңдеушінің жалдама ақысы қандай дәнмен төленуі керек сол белгілі болуы үшін.

Өңдеу келісім шартының төрт түрі жарамды. Өңдеушінің келісім шарты (екі оқушының ілімінше) төрт түрлі болады.

I. Жер мен дән бір тұлғамен, ал мал мен еңбек – басқа тұлғамен жеткізілгенде. Мал еңбек құралы ретінде қарастырылады, және сондықтан бұл жағдай мынаған тән, кімде-кім оған өз инесімен киім тігіп беру үшін тігінші жалдаса.

II. Жер берумен, ал еңбек, дән мен мал басқамен жеткізілгенде. Осы жағдайда өндіруші жерді өндірудің белгілі бөлігі үшін жалдаса, және сондықтан келісім шарт жарамды болады, егер де ол жерде дарагималардың белгілі мөлшері үшін жалдаған болса.

МҰСЫЛМАН ДҰНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

III. Жер, дән мен мал бір тұлғамен, ал еңбек басқа тұлғамен жеткізілгенде. Осы жағдайда жердің меншікті иесі жұмысшыларды жұмысқа оның құралдарымен жалдайды сәйкесінше, бұл жағдай аналогты, егер кімде-кім тігіншіні оның инесімен киім тігуге жалдаса, немесе кімде-кім жұмысшыны оның орнын темір күрекпен қазуға жалдаса.

IV. Жер мен мал бір тараппен, ал дән мен еңбек басқа тараппен жеткізілгенде. «Захири-Риваят» бойынша бұл жарамсыз, бірақ Абу Юсуф сақталған пікірі бойынша жарамды. Егер де мал мен дән жердің меншікті иесімен жетсе, онда бұл жарамды болады, немесе бұл дәл сондай нәрсе егер мал өңдеушімен жеткізілген болса. «Захири-Риваят» келтірілген пікірге негізделген дәлелдер малды пайдалану жерді пайдаланудан ерекшеленеді. Жерді пайдалану өсімдік өндіретін топыраққа тән негізделеді, сондай-ақ, малды пайдалану оның еңбекке қабілеттілігіне негізделген, және осы екі негіздеме біркелкі емес, онда малды пайдалануды жерді пайдаланудың керек жарағы деп есептеуге болмайды.

Басқа іс, мал өңдеушімен жеткізілсе, немесе мал мен еңбекті өңдеушімен пайдалану біркелкі болады, өйткені жерді өндіру екеуінің еңбегінің нәтижесі болып табылады.

Және осы келісім шарттың екі түрі жарамсыз болса. Осы жерде байқайтынымыз, өңдеушінің келісім шарты аталып өткен төрт түрінен басқа, осы келісім шарттың тағы да екі түрі бар, бірақ олар жарамсыз.

I. Дән бір тараппен, ал жер, еңбек, мал басқа тараппен жеткізілгенде шартталғанда, осындай шарт өңдеудің келісім шарты жарамдылық шартынан жоғарыда келтірілген алтыншының жоқ болуы салдарынан жарамсыз.

II. Дән мен мал бір тараппен жеткізілетіндігі, ал жер мен еңбек басқа тараппен жеткізілетіндігімен шартталған болса, теңдей негізде, сол түсінік бойынша жарамсыз.

Осы екі жағдайда да бір пікірмен¹ жерді өндіру сол принциппен дәнді жеткізген тұлғаға тиесілі, олар оған өңдеудің жарамсыз келісім шартының барлық жағдайында тиесілі борлады. Бірақ басқа пікір² бойынша жерді өндіру оның меншікті иесіне тиесілі және сондықтан ол дәннің қарапайым заемщигі болып табылады, ол оның иелігіне жерін егу жолымен түсті.

Осы келісім шарттың іс-әрекет уақыттары белгілі болуы керек, және өндіру белгілі пропорцияда тараптар арасында бөлістірілуі керек. Өңдеу келісім шарты жарамсыз, егер олардың іс-әрекет ұзақтығы белгісіз болса, және егер жерді өндіру белгілі пропорцияда ($1/3$ және $1/4$ және т.б.) тараптар арасында бөлістірілмесе, олардың арасында серіктестік анықталуы үшін. Сондықтан егер әрбір тарап жерді өндіруден дәннің белгілі мөлшерін алғандығымен шартталса, онда келісім шарт маңызсыз, өйткені серіктестік бұзылған (басқаша сөзбен анықталмаған), немесе мүмкін бір тараптың үлесіне келетін келісім шарт бйойынша жерді өндіретін болса. Бұл жағдай мынаған тән, екі тұлға музарабат келісім шартын жасаса, ол келісім шартта бір тарап дарагималардың белгілі мөлшерін алатындығы айтылған.

Өңдеу келісім шарты жарамсыз, дәнді жеткізген тұлға жерді өндіруден дәннің белгілі мөлшерін алумен шартталған және қалған дән тараптар арасында бөлістірілуі керек. Егер жерді өндіру жағдайында егістіктің мөлшерін арттырса, онда осындай

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

түрдегі шарт осы дәннің мөлшеріне қатысты серіктестікті бұзады; егер де жерді өндіру егістіктің мөлшерін арттырмаса, онда серіктестік бүтініне қатысты бұзылады. Осы түрдегі шарт мынаған тең, тараптар өндіру қалдығы оброктың төленуін есептеуден бөлістірілетін оброк төленетін жерге қатысты келіседі. Басқа іс, екі тұлға өндірудің 1/10 бөлігі тараптардың біреуіне және қалғаны екеуінің арасында бөлістірілетініне келісетін болса, осы түрдің шарты серіктестікті бұзбайды, өйткені 9/10 бөлігі тараптар арасында бөлісуге жататынын жалғастырады, осының салдарынан осындай келісім десятинаға тиесілі жерге қатысты шартқа тән, десятинаны есептеуден кейін қалдық тараптардың арасында бөлістірілген болуы керек. Өндеу келісім шарты жарамсыз, белгілі орында өсіп жетілгеннің барлығы (мысалы өзен жағасында) тараптардың біреуіне тиесілі болуымен шартталған, және барлық жерді өндіруден қалған қалдық екеуінің арасында бөлістірілуі керек. Осындай келісім шарт серіктестікті бұзады, өйткені белгіленген орында ештеңе де өспеуі мүмкін. Теңдей негізде, келісім шарт жарамсыз, жердің бір участогын өндіру бір тарапқа, ал басқа участокты өндіру басқаға тиесілі екендігімен шартталған. Өндеу келісім шарты сондай-ақ жарамсыз болады, тараптардың біреуі – сабанды, ал басқасы – дәнді алумен айтылған болса, немесе сабаннан басқа ештеңе өспеуі мүмкін. Келісім шарт бірдей жарамсыз, егер сабан олардың жалпы жекеменшігі болғандығымен шартталса, ал дән олардың біреуіне тиесілі болса, немесе осы жерде өндеудің басты мақсатын құрайтын дәнге қатысты серіктестік анықталмаған болар еді.

¹ Абу Ханифаның жоғарыда келтірілген пікіріне сәйкес.

² Екі оқушының пікірінше.

Бір дән айтылса, онда сабан оның тұқымын жеткізген тұлғаға беріледі. Егер өндеу келісім шартында дән тараптар арасында теңдей бөлікке бөлістірілетіні шартталса, ал сабан туралы айтылмаған болса, онда келісім шарт жарамды, өйткені серіктестік өндеудің басты мақсатынан тұратын затқа қатысты анықталады; және осы жағдайда сабан тұқымды жеткізген тұлғаға тиесілі, өйткені сабан оның өндіруін құрайды. (Балхскийдің шейхтары сол пікірде, сабан да тараптар арасында теңдей бөлікке бөлістіруге тиесілі болады: сабан туралы айтылмаса, әдет-ғұрып осындай, және сабан дәннен тәуелді болғандықтан, онда жалпы жекеменшікті құруы тиіс дәнге тән болады).

Және сабан оған қалуы үшін шартталуы мүмкін. Егер дән теңдей бөлістіріліп, сабан тұқымды жеткізген тұлғаға қалуы үшін шартталған болса, онда бұл жарамды; немесе бұл өндеу келісім шарттың рухымен келіседі.

Бірақ ол басқаға қалуы үшін шартталмауы мүмкән. Егер, керісінше сабан тұқымды жеткізбеген тұлғада қалса, онда бұл жарамсыз, немесе осындай шарт бойынша, егер ол жерде сабаннан басқа ештеңе өспейтін болса, серіктестік бұзылады. Осы екі жағдай арасындағы айырмашылық, тұқымды жеткізбеген тұлғаға келісім шарт ұсынылғаннан басқа сабанға құқығы жоқ; сондай-ақ, тұқымды жеткізген тұлға оның тұқымын өндіру болып табылатын және соған негізделгендіктен сабанға құқығы бар. Ол сабанға деген құқықты алды ма немесе алмады ма, оның құқығы бірдей күшті.

Жерді өндіру шартқа сай бөлістіріледі, және егер ештеңе өсіп өнбесе, онда өндеуші ештеңені талап етуге құқылы емес. Өндеу келісім шарты жарамды болса,

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

онда жерді өндіру келісім шарты анықталған мысалы, жарты 1/3 және т.б. пропорцияда тараптардың жалпы жекеменшігін құрайды. Егер керісінше, ештеңе өсіп өнбесе, онда өңдеушінің бірдеңеге құқығы жоқ. Басқа іс, өңдеу келісім шарты жарамсыз, осы жағдайда тиісті жалдама ақыны төлеу міндеті (тараптардың біреуінің) жерді өндіруге емес, жеке басына түседі, ал тұлға өнімнің жоқ болуы салдарынан міндетінен босатылмайды.

Өңдеу келісім шарты жарамсыз болса, онда жерді өңдеу тұқымды жеткізген тарапқа қалады. Өңдеу келісім шарты жарамсыз болса, онда өнім тұқымды жеткізген тұлғаға тиесілі болады. Басқаның өнімег құқығы жоқ, егер ол туралы келісім шарт дұрыс қаулы етілмесе, ал соңғысы жарамсыз болса, осыдан бүкіл өнім тұқымды жеткізген тұлғаға тиесілі болады.

Басқа тарап, егер ол өңдеуші болса, келісім шарт болғанда құқығы бар, мөлшері сый ақыны арттырмаған болса айлық алады. Тұқымдар жердің меншікті иесімен жеткізілсе, өңдеуші еңбегі үшін келісім шарт бойынша алуға тиесіліні арттырмаса, тиісті жалдама ақыға құқығы бар, немесе осындай келісім шартқа кіре отырып, ол артықшылығы үшін өз құқығынан бас тартуға келіседі. Екі үлкендердің баяндауындағы заң осындай. Имам Мұхаммедтің мақұлдауында, қандай мөлшерде болмасын тиісті жалдама ақыға құқығы бар. Өйткені жердің меншікті иесі жарамсыз келісім шарт негізінде оның қызметін пайдаланады, онда ол сәйкесінше, алмастырылған заттар қатарына жатпайтын осы қызметтің құнына жауапты.

Немесе егер тиісті жалдама ақы үшін жердің меншікті иесі болса. Егер тұқымдар өңдеушімен жеткізілсе, онда жердің меншікті иесі қандай-да бір өнім болды ма, әлде жоқ па содан тәуелсіз тиісті жалдама ақы алады. Бұл жарамсыз келісім шарт негізінде өңдеуші жерді пайдалануға алғандығымен негізделеді, онда ол пайдаланудың өзін қайтару керек. Бірақ бұл мүмкін емес, және пайдалану оған тиесілі затпен алмастырылмайды, сәйкесінше, ол келісім шарт бойынша басқасы алған мөлшерден арттыратын мөлшерде құнды төлеу түрінде сый ақы жасауға міндетті. Екі үлкеннің ілімі осындай. Имам Мұхаммед сол пікірде, ол қандай мөлшерде болмасын эквивалент төлеу керек.

Мал үшін тиісті жалдама ақыны, егер осындай онымен жеткізілсе. Егер мал жердің меншікті иесімен жеткізілсе, онда («Захири-Риваят» бойынша) келісім шарт жарамсыз болады, өңдеуші мал үшін де, жер үшін де тиісті төлемді төлеуге міндетті, және бұл, әрине әділ, өйткені малда жалдану келісім шартына енгізілген (және өңдеу келісім шарты жалдану келісімі шарты болып ұсынылады); ал малды пайдалану мен жерді пайдалану түрлі тектес пайдаланудың мәні болып табылады.

Егер өнім осындай тәсілмен меншік иесінде қалса, онда ол бүкіл өнімді ала алады; егер де өңдеушіде қалған болса, онда ол артығын қайырымды істерге пайдалануы керек. Жердің меншікті тұқымды жеткізу салдарынан өнімге құқық берсе, онда ол егер келісім шарт жарамды болып анықталса, барлық өнімді заңды түрде пайдалана алады. Егер керісінше, өңдеуші тұқымды жеткізу салдарынан өнімге құқық беретін болса, онда ол жеткізілген тұқымға тең мөлшерді сондай-ақ, жер иеленушінің жалдама ақысына тең мөлшерді ұстай алады, ал қалған өнімді қайырымды істерге пайдалануы керек. Жерді өндіру тұқымнан шығады, бірақ жерден өсіп жетіледі, осының салдарынан жерді пайдалану құқығы жарамсыз, ал пайдалану

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

құқығына қатысты жарамсыздық өндіруге қатысты құқыққа ақау жасаса, онда осындан ол сый ақы ретінде ұстаған нәрсе заңды, ал қалғаны садақаға пайдаланылуы үшін беріледі.

Тұқымды жеткізуге келіскен тарап, егістіктен бас тартуы мүмкін. Екі тұлға өңдеу келісім шартына кірсе, және тұқымды жеткізетін тұлға осының салдарынан егістікке дейін бас тартса, онда қазыны келісім шартты орындауға мәжбүр етпеуі керек, өйткені ол оның тұқымының егістігі салдарынан тікелей зиянға ұшырамастан оны орындай алмайды. Егер керісінше, тұқымды жеткізуге міндетті емес тарап бас тартса, онда қазы келісім шартты орындау үшін оны мәжбүрлейді, немесе осындай жасай отырып, ол залалға ұшырамайды, ал өңдеу келісім шарты жалдану келісім шартына тән міндетті болады, жалдану келісім шарты бұзу үшін жеткілікті, қарсылық келтірмеген болса; онда осы жағдайда өңдеу келісім шартында бұзылады.

Және егер жердің меншікті иесі осындай негізде бас тартса, онда өңдеушінің бірденеңе құқығы жоқ. Егер жердің меншікті иесі болашақта тұқымды жеткізуге міндетті, өңдеуші жерді өңдегеннен кейін бас тартса, онда соңғысы орындаған жұмысы үшін сый ақы алуға құқығы жоқ. Кейбіреулер сол пікірде, заң көзқарасынан өңдеушінің сый ақыға құқығы болмаса жердің меншікті иесі ар-ұяты бойынша өңдеушінің орындаған жұмысы үшін сый ақы беруге міндетті, өйткені ол адасушылыққа ұшыраған.

Келісім шарт тарапардың біреуінің өлімімен тоқтатылады. Тараптардың біреуі қаза болса, онда жалдану келісім шартына тән өңдеу келісім шарты тоқтатылады.

Егер егілген жер анықталса, жердің меншікті иесі қаза болса, онда келісім шарт жылдың соңына қарай тоқтатылады. Егер кімде-кім жер учаскесін 3 жылға берсе, ал содан кейін (егілген жер бірінші жылы өсіп жетілсе, бірақ ору үшін әлі пісіп жетілмеген) өлсе, онда жер өңдеу келісім шартының қолдануылуында қалады, ал егілген өнімді ору үшін пісіп жетілмеген болса, өнім келісім шартқа сәйкес бөлістіріледі, ал алдағы екі жылға қатысты келісім шарт тоқтатылады. Аналогия бойынша, оның бірінші жылы тоқтатылған дұрыс, өйткені келісім шарт ұзақтығы тараптардың өміріне тәуелді; бірақ оның іс-әрекеті бір жыл ішінде екі тараптың яғни өңдеуші мен жер иеленушінің мұрагері, құқығын қорғау үшін жалғасады немесе егер де келісім шарт тоқтатылса, онда өңдеуші шығынға ұшырар еді. Басқа іс, екінші және үшінші жылдарға қатысты: осы үш жылға келісім шартты тоқтату іс-әрекеті аналогияға сай тоқтатылады.

Бірақ егер ол ерте қаза болса, келісім шарт бірден тоқтатылады. Егер жердің меншік иесі өңдеуші жерді қазып, оны суландыру үшін ор жүргізгеннен кейін қаза болса, бірақ пісіп жетілгеннің басына дейін келісім шарт тоқтатылады, өйткені оның тоқтатылуы өңдеушінің меншігіне зиян келтірмейді. Басқа іс, егілген жер шөп түрінде өсіп жетіле бастағаннан кейін жердің меншікті иесі қаза болса, осы жағдайда келісім шарт тоқтатылады, өйткені өңдеуші өз мүлігінде зиянға ұшырар еді. Өңдеуші өз еңбегі үшін сый ақы алуға құқығы жоқ, өйткені жеке қызметтерді пайдалану тек келісім шарт бойынша бағаланбайды; ал келісім шарт тоқтатылған кезде, онда қызметтерді бағалау да қалмайды.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Жердің меншікті иесі өз қарызының төлемі үшін жерді сату мақатында келісім шартты бұза алады. Жердің меншікті иесі келісім шартты бұза алады, егер оған онда жатқан едәуір қарыздардың төлемі үшін жерді сату жағдайы келген болса, бұл заңды сылтауды құрайды, ол оны жалдану кезіндегідей пайдалана алады және осы жағдайда өңдеушінің жерді өңдеу мен суландыру бойынша шығындардан, одан сый ақыны талап етуге құқығы жоқ, өйткені қызметтер тек келісім шарт бойынша бағалауға жатады: ал қызметтер бағасы оруды алу үшін болжамға негізделген болса; онда осыдан осы болжамның жүзеге аспауы салдарынан өңдеушінің сый ақыға құқығы жоқ.

Бірақ егер егілген өнім өсе бастаса, онда ору үшін егістік піспейінше сату ұзартылуы керек. Егер егілген өнім өсе бастаса, бірақ әлі піспеген, онда жер ору үшін пісіп жетілмеген дән меншік иесінің қарызын төлеу үшін сатуға жатпайды. Егер де жер осындай жағдайда сатылған болса, онда бұл өңдеушілердің құқығына зиян келтірер еді, сондай-ақ, оруға дейін сатуды ұзарту екі жамандықтың азын құрайтын меншікті иесінің қарызын төлеуде азғантай кешіктіру ғана келтіреді. Осы жағдайда қазы меншік иесін босату керек, егер ол қарыз үшін қорытынды жасауға ұшыраса; дәл қазір жерді сату заңсыз болғандықтан, онда меншік иесі қарыздың төлемін ұзарта отырып, әділ емес істерде кінәлі емес, ал еркіндігінен айырылу әділ еместік үшін жазалаудан тұрады.

Жағдайға қатысты ереже, келісімшарт егістік пісіп жетілгенге дейін тоқтатылса. Егер өңдеу келісім шартының мерзімі ору уақытына дейін басталса, онда өңдеуші жердің меншікті иесіне егістік пісіп жетілгенге дейін оның өңдеушінің жерінің бір бөлігі үшін жалдама ақы төлеу керек; және сол уақытта барлық жұмыс өнімді алуда әрқайсысының қатысу үлесіне пропорционалды екі тараппен жасалуы керек. Бұл келісім шарт іс-әрекетінің ұзақтығы және келісім шарттың іс-әрекеті жалғасу үшін қажет жалдау төлемі екі тараптың мүддесінде орынға ие болуға негізделген; сондай-ақ, екі тарап еңбек пен шығындардың өз үлесіне пропорционалды түрде қатысу үшін қажет; өйткені олар енген келісім шарттың мерзімі басталып және егістік олардың жалпы жекеменшігі болып қалады; ал жалпы жекеменшік жағдайында еңбек екі тарап үшін де, жалпы күнді асырау үшін де міндетті болады. (Басқа іс, жердің меншікті иесі егістік әлі жасыл бойынша қаза болса, осы жағдайда өңдеуші барлық қажетті жұмысты орындауға міндетті, өйткені келісім шарттың іс-әрекеті мерзім аяқталғанға дейін жалғасады және келісім шарт өңдеушіні өзіне еңбектің барлық ауыртпалағын қабылдауға міндеттейді; сондай-ақ келісім шарт мерзімі біткен жағдайда, ол міндетті емес, және сондықтан өңдеуші жалғыз өзі жұмысты орындауға міндетті емес). Егер тараптардың біреуі басқа тараппен келіспей немесе қазының тағайындауынсыз мерзімі басталысымен қандай-да бір шығын жасаған болса, онда ол өзі осы шығынды алып жүру керек, өйткені басқа тарапқа қандай-да бір шығынды салуға құқық болмайды. Егер жоғарыда келтірілген мысалда, жердің меншікті иесі келісім шарт мерзімі басталғаннан кейін егістікті (әлі жасыл) алуды қаласа, онда оған рұқсат етпеу керек, өйткені ол өңдеушіге зиян келтірер еді. Егер керісінше, осындай жағдайда өңдеуші жасыл егістікті қабылдауды қаласа, онда жердің меншікті иесі үш зат арасында таңдау құқығына ие: ол не егістікті алады және өңдеушіге оның үлесіне тиісті сый ақы береді, немесе егістікке ол пісіп жетілгенше қамқор болады: осы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жағдайда ол өндеушінің үлесінен онымен келтірілген шығындарды алып тастауы мүмкін. Егер де өндеуші келісім шарт мерзімі басталғанда жұмыстан бас тартуды қаласа, онда оны мәжбүрлеуге болмайды, өйткені келісім шарттың іс-әрекеті ол өзі бас тартатын оның табысы үшін жалғасқан, ал жердің меншікті иесіне ешқандай зиян келтірмейді, өйткені ол үш тәсіл арасында таңдау құқығына ие, олардың әрқайсысымен залал жойылады.

Егер өндеуші қаза болса, онда оның мұрагерлері өндеуді жалғастыра алады, бірақ сый ақыға құқығы болмайды. Егер өндеуші егістік өсе бастағанда қаза болса, және оның мұрагерлері егістік пісіп жетілгенше өндеуді жалғастыруды ұсынса, ал жердің меншікті иесі келіспеген болса, онда олар өндеуді жасауға құқылы емес, өйткені жердің меншікті иесі ешқандай зиянға ұшырамайды, бірақ егер жалдама ақымен айлыққа құқығы болмаса, келісім шарт олардың пайдасы үшін жалғасады. Егер керісінше, мұрагерлер өндеуді жалғастырмай егістікі алып тастауды қаласа, онда олар өндеуді жалғастыруға мәжбүр болмайды, бірақ жердің меншікті иесі үш жоғарыда көрсетілген тәсіл арасында таңдау құқығына ие.

Кездейсоқ шығындар олардың қатысу үлесін пропорционалды тараптарға жатады. Өнімді алып тастау оларды маяларға үйіп қою, дәнді сабаннан тазалау мен жармалау бойынша шығындар олардың қатысу үлесіне пропорционалды екі тарапқа жатқызылады. Егер де келісім шартта шығындар тек бір тарапқа түскені шартталса, онда келісім шарт жарамсыз болар еді. Бір сөзбен, барлық жоғарыда келтіріліген шығындар олардың біреуіне емес, екі тараптардың қатысу үлестеріне пропорционалды түсу керек. Егілген өнім пісіп жетілген босла, онда келісім шарт мақсатына жету салдарынан келісім шарт өзі тоқтатылады, және өнім тараптардың жалпы жекеменшігі болып қалса, онда осындай барлық шығындар олардың жалпы жекеменшігіне қатысты қажет болуы мүмкін екі тарапқа түседі. Егер тараптар осы шығындар тек олардың біреуіне түскеніне шартталса, онда осындай келісім шарт рухымен келіспейді, өйткені басқаны зияны бір тараптың пайдасына бейімделеді; ал барлық осындай түрдегі шарттар өндеуші дәнді тасымаладуға және оны ұнға жармалауға міндеттенетін шарт секілді, келісім шарт өзін әлсіретеді. Абу Юсуф сол пікірде, егер тараптар жоғарыда келтірілген операцияларды өндеушіге түскендігімен келісетін босла, онда бұл заңды. Балхскийдің ғалымдары осы пікірмен келіседі, ал Шамсуь-Аимма мынаны байқайды, бұл ілім қайнар көздерге сәйкес және онымен оның елінде ілесуге тура келеді.

Өндеу келісім шартындағы жалпы ережелер. Бір сөзбен, егістіктің пісіп жетілуіне себепші болатын жерді суландыру, егістікті қорғау кез келген өндеушіге жатса, ал кез келген келесі операция бөлісуге дейін (өнімді алып тастау) теңдей бөлікте екі тарапқа жатады; бөлісуден (тасымалдау, қорғау және т.б.) кейін қажет кез келген операция, оның үлесіне қатысты әрбір тарапқа жеке-жеке түседі.

Және бау шаруашылығы. Өткен ереже мусакат жағдайына немесе бау шаруашылығының келісім шартына қолданылады, яғни жемістер піскенге (суландыру, ағаштарды қорғау мен ұластыру) дейінгі барлық операциялар бақташының міндетіне жатады, ал барлық келесі операциялар (жемістерді жинау мен оларды бөлістіруге дейін қорғау) – екі тараптың міндетіне жатады. Сондықтан егер тараптар шартталса, жемістерді жинау еңбегі бақташыға түседі, онда бұл біздің

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ғалымдардың пікірінше, әдет-ғұрыппен келіспеген секілді мақұлданбайды; және бөлісуден кейінгі барлық операциялар өз бөлігіне қатысты тараптардың әрқайсысымен жасалуы керек. Егер өңдеу келісім шартында тараптар әлі де піспеген егістікті жинауды қалса, немесе бау шаруашылығының келісім шартында әлі қышқыл және шикі хұрмаларды жұлу болатын болса, онда осы операция бойынша еңбек екі тарапқа да түседі, өйткені осы операцияларды жасау ықыласы мен ниеті егер де егістік немесе хұрмалар пісіп жетілгендегідей негізді келісім шартты тоқтатқан болса.

XLI. КІТАП

МУСАКАТ НЕМЕСЕ БАҒБАНШЫЛЫҚ¹ ЖӨНІНДЕГІ
КЕЛІСІМ

Бағбаншылық жөніндегі келісімнің мәні. Мускат заң жүзінде бір адамның екінші біреуге жеміс ағашын беруі және оған оның күтім жасауы, одан алған өнімді бірдей бөлісуі жөніндегі келісілген келісім дегенді білдіреді. Абу Ханифаның айтуынша өнімді белгілі бір үлес бойынша яғни теңдей немесе үштен бірі және т.б. деп бөлісу жөніндегі келісім дұрыс емес делінген. Мәселен ортақ тұжырым бойынша егер осы келісімде әрекет мерзімі көрсетілсе ғана ол дұрыс деп саналады; және бұл ортақ шешімге сай келеді. Мұнда мынаны ескеру қажет – бағбаншылық жөніндегі келісім мусакатпен бірдей көбіне муамилет деп аталып оларға да осы келісім бойынша жасалғандай ереже сай келеді.

Бұл жайлы имам Шафиидің ілімі. Имам Шафиидің пікірі бойынша бағбаншылық және өңдеп өсіру жөніндегі келісімде соңғысы алғашқысына байланысты болған жағдайда ғана дұрыс деп есептеуге болады дейді; Мысалы жеміс ағаштары өнім беретіндей суландырылған жерде өссе және иеленуші оны өңдеушіге осы жерге отырғызып, кейін алынған өнімнің бір бөлігін өзі алу үшін келісім беретін болуы керек. Өз пікірінде ол өңдеу жөніндегі келісімге қарағанда музарабат пен бағбаншылық келісімдеріндегі ұқсастыққа сүйенеді. Бағбаншылықтағы ортақ келісімде ең бастысы зат (ағаш) емес, одан алынатын өнім болып саналса, ал музарабаттағы ортақ келісімде зат немесе капитал емес, алынған өнім мен пайда ең негізгісі болып есептеледі; сондай-ақ өңдеу жөніндегі келісімде ортақ тас болу басты затқа дәні емес өндіруге тиісті болса, былайша айтқанда екі жақтың келісімі бойынша дәнді жеткізуші егін орағында бидайдан теңдей өнім алып, қалғаны екі жаққа тиісті болатындай жағдайдағы келісім дұрыс болмайды. Бағбаншылық жөніндегі келісімнің өңдеуге қарағанда музарабатпен көп ұқсастығы болуына байланысты ол басты зат боп табылады және өңдеу жайында айтар болсақ ол оған тиесілі келісімдермен ғана заңды; мәселен сатылатын жерге қатыссыз түрде сол жерден суды көсіп алу немесе жылжымалы зат ретінде мысалы (үй жиһазы) жеке жеткізіле алмайтын, бірақ өзі тұрған² үймен немесе жермен апаруға болатыны сияқты.

Ұқсастық мерзімі анықтауды қажет етеді, бірақ ол мардымсыз. Жер өңдеудегідей бағбаншылық жөніндегі келісімде де мерзімді анықтау қажеттілігі туындайды, ондай болмағанда ол жалға беру келісінде айналады. Негізінде шешім қабылдауда мерзімі анықталмасада бағбаншылық жөніндегі келісім дұрыс деп есептеледі. Егерде екі адамның бірі екіншісіне, хұрма ағашын беріп, оны ол жеміс бергенше суарып, қоректендіріп тұруы

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

¹ Осы келісім шарттар негізінен хұрма және басқа да жеміс ағаштарына қамқор болу мен егу заты бола алады.

² Бұл имам Шафиидің пікірі, заттарды түсіндіру үшін келтірілген, өйткені ол басқа пікірлерге қарам-қарсы емес, және тәжірибеде оны оқыту Әлидің ізбасарларымен сирек қолданылады.

жөнінде келісімге келісімге келгенмен мерзімі көрсетілмесе де дұрыс деп саналады және ол алғашқы өнім бергенге дейін сақталады бұл жағдайда оның өнім беру мерзімі белгілі болуы мүмкін. Теңдей негізде – екі жақ келісімге келіп онда бірі екіншісіне жерге отырғызылатын¹ бұтақтар беріп, ал екіншісі, ол жеміс бергенше күтіп баптау жұмыстарын жүргізіп кейін өзара бөліске салса да мерзімі белгіленбейді, соған қарамай келісім өз күшін сақтайды және де сол күшін алғашқы дән алынғанға дейін жаймайды. Дән де жеміс тектес, және олардың пісіп-жетілуі белгілі болғанмен мерзімін айқындаудың қажеті жоқ. Керісінше әрекет мерзімі көрсетілмесе өңдеу жөніндегі келісім дұрыс болмайды, себебі дән себу мерзімі әртүрлі (дән себу күзде, қыста, көктемде); дән себудағы әртүрлі мерзім жағдайында өңдеу жөніндегі келісім мерзімі белгісіз болады, ал бірақ соңғы нәтиже істің басталуына байланысты.

Ағаштарды жаңа ғана отырғызу жағдайын қоспағанда. Кейбір жағдайда мәселен бағбаншылық келісінде бір адам екінші біреуге жақында өзінің отырғызылған жас көшеттерін береді. Бұл жағдайда келісім мерзімі көрсетілмегендіктен дұрыс емес, себебі ол белгісіз біреулер арқылы жүзеге асқан болуы мүмкін.

Ағаштардың бар екендігіне байланысты келісім мерзімінің созылуы және басқалар. Тағы бір жағдай – бір адам екінші бір адамға құрма ағашы бағын немесе бұтақты өсімдіктерін олардың құрамауына немесе тамыры жұлынбас үшін күтіп жасауға береді және бұтақты ағаштарға тиісті келісім мерзімі көрсетілмесе онда бұл жағдайда бұтақ тамыры топырақта болғандықтан өсе берсе де әрекет уақыты көрсетілмегендіктен келісім дұрыс деп есептелмейді.

Өте қысқа мерзімді көрсеткішке негізделген келісім жарамсыз деп танылады. Екі жақ бойынша ағаштар жеміс беріп, үлгермейтіндей қысқа мерзімді болса онда ол жарамсыз саналады, себебі онда ағаштардан өнім алудағы келісімге сай ортақтастық мақсаты бұзылады.

Ағаштар белгілі бір мерзімде өнім беретіндігі жөнінде мүмкін деп есептелмесе де. Егер екі жақ ағаштардың жемісі кеш пісетін болсада белгілі бір уақытта өнім береді деген ұйғарыммен ортақ келісімге келсе ол дұрыс деп есептеледі, себебі бұл жағдайда келісім шартты бұзылды деп толық сеніммен айтуға болмайды. Егерде ағаштар белгіленген мерзімде жеміс берсе ол келісімге сәйкес екі жағынада тиесілі; егер ағаштар келісім мерзімі біткенше жеміс бермесе онда бағбаншы еткен еңбегі үшін еңбекақы талап етуіне болады, себебі ағаштардың жеміс беруін күткен уақыттың мерзімі қысқа болғандықтан ол өнім алу кешіктірілуі себепті келісім күшін жояды. Одан басқа кейде ағаштар бұдан кейін де жеміс бермейді. Мұндай жағдайда басты себеп мерзімнің қысқалығында емес, ерте болуынан болып табылады сөйтіп келісім дұрыс болмай шығады, ал екі жақ басқа нәрсе талап етпеген жағдайда ғана келісім өз күшін сақтап қала алады.

Жеміс ағаштары, жүзімдіктер, өсімдіктер және тамырларына қатысты келісімнің дұрыстығы. Бағбаншылық келісімінің заңдылығы

¹ Жыл сайын тұқым беретін болашақта отырғызылған өсімдіктерді білдіреді.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

хұрма ағаштарына, жүзімдіктерге және өсімдіктер мен жеміс тамырларына да тиесілі. Имам Шафиидің айтуынша келісімнің дұрыстығы құрма ағаштары мен жүзімдіктерге ғана тиісті. Себебі мұндағы келісімдердің дұрыстығы аталған өсімдіктерге байланысты Пайғамбарымыздың айтқан өсиеттеріне тікелей қатысты.

Біздің ғалымдардың дәлелдеуінше мұндағы келісімдердің дұрыс болуы аталған өсімдіктердің пайдалылығында ол және басқа да өсімдіктерге тән. Имам Шафиидің пікіріне келсек айта кететін нәрсе бұл жайлы құранда айтылғандардың сол елдің тұрғындары барлық жеміс ағаштарын өндеп өсіруіне байланысты тым шектеулі түрде айтылмауы тиіс.

Белгілі себептерсіз екі жақтың біреуінің келісімді бұзуына болмайды. Іс әрекетке байланысты белгілі себеп болмаса жүзімдікті иеленуші келісімді бұза алмайды: мысалы оның несие алушыларының осындай талап қоюы. Өндеу жұмыстарында: мұнда дән әкелуші себу жұмыстарына дейін келісімді бұзуына болады.

Өнім піскенде емес әлі көк кезінде келісім жасалған жағдайда. Егер екі адам бағбаншылық жөнінде келісімге келіп мынандай шешім шығарса, яғни біреуі екіншісіне өнімі енді ғана көріне бастаған бірақ аз, алайда ол суару және басқа күтім жасау кезінде пісуі мүмкін болса онда келісім дұрыс деп есептеледі; сондай-ақ егер өнім толық пісіп, одан артық өнім алу мүмкіндігі болмаса онда келісім дұрыс болмаған болар еді. Егер тең жағдайда екі адам өндеу жұмыстарында келісімге келіп әлі жас жинауға келмейтін болса да кейін өнім алғанда үлес бөлісетіні болып ұйғарса онда келісім дұрыс деп саналады; Сондай-ақ өнім жинауға дайын болған кездегі келісім дұрыс емес деп есептеледі. Бұл қызметкердің өз еткен еңбегіне іске аспайтындай жағдайдағы келісім болған болса онда еңбектер ешқандай іс атқармай-ақ үлес талап еткен болар еді, бірақ заңға сәйкес оған жол берілмейді.

Егер келісім дұрыс болмаса, онда бағбаншының шағым жасауға хақысы бар. Егер бағбаншылық келісімі дұрыс болмаса, онда бағбаншының шағым жасауына хақысы бар, себебі дұрыс болмаған келісім жалдану келісімінің дұрыс еместігімен тең сондықтан да дұрыс жасалмаған жөніндегі келісім сияқты болады.

Екі жақтың бірінің өліміне байланысты келісім тоқталады. Иеленуші өліміне байланысты ереже. Егер бағбаншылық жөніндегі келісімде екеуінің өлсе келісімі тоқтатылып, ол жалға беру келісіміне айналады.

Егер жеміс ағашы бауының иеленушісі өліп, ал күтіміндегі ағаштардың жемісі әлі көк болса, онда бағбан мұрагердің келісімінсіз өз ісін жалғастыра беруіне болады. (Бұл өзара дұрыс талқылаудың нәтижесіне негізделген болуы тиіс, әйтпесе бұрынғы келісім бойынша әрекет жасала берсе, ол бағбанға шығын әкеліп, мұрагер ешқандай зиян көрмеуі мүмкін). Бірақ, егерде бағбаншы шығын болатын мүмкіндікке немесе, онда мұрагерлер үш түрлі әрекеттің бірін таңдауына болады. Олар: мүмкін әлі көк жемісті теңдей етіп үлес алатындай келісуіне, немесе барлық көк жемістерді өздері иеленіп бағбанға өз үлес бағасын төлеуіне, немесе жемістің әлі піспеуіне байланысты, өнімге қамқорлық жасап, оған ақша жұмсауды ойластыру, сөйтіп бағбанның үлесінде есептеп шығару.

Бағбан өлімге ұшыраған жағдайда. Егер бағбан өлсе, онда оның мұрагері істі жалғастыруына болады, алайда бұл пайданың екіге бөлінетіндігіне алып келетіндіктен

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

иеленуші көк күйінде жинауға ұйғарса, онда баудың иеленушісі, жоғарғы үш әдістің бірі бойынша әрекет етуіне болады.

Екі жақтан да адам өлімі болған жағдайда. Егер екі жақтан да өлім болса бағбаншы мұрагерлері істі әрі қарай жалғастыруына болар еді; бұл жерде ескеретін нәрсе, оның мұрагерлері келешек оның орын басушы болып, жоғарыдағыдай құқыққа ие болады. Егерде олар одан бас тартса онда иеленушінің мұрагерлері жоғарыдағы үш тәсілдің бірін тандай алады.

Жеміс піскенге дейін келісім мерзімінің бітуі жағдайында. Егер келісім мерзімінің бітуі жеміс әлі піспеген көк кезіне сәйкес келсе, онда бағбаншы жеміс піскенге дейін ісін жалғастыра беруіне болады, және бұл жағдайда ол жалға төлеуі заңсыз болғандықтан жалға алған ағаштары төлем беруге міндетті емес. Екінші бір жағдай өңдеу жөніндегі келісімге байланысты. Егер жеміс піспесе де келісім мерзімі біткен болса, онда өңдеуші өз ісін әрі қарай жалғастыра беруіне болады. Бірақ ол жерге деген аренда ақысын төлеуі тиіс.

Егер келісім мерзімінің бітуі жеміс әлі бітпеген кезге сәйкес келсе, онда бағбаншылардың бірі қалған жұмыстарды аяқтауы тиіс. Егер өңдеу жұмыстарындағы келісім мерзімінің бітуі жемістер әлі көк кезіне сәйкес келсе, онда екі жақ та жеміс пісіп жетілгенше жұмысты жалғастыруы тиіс. Бұл айырмашылық, мынаған негізделген: өңдеу жұмыстарындағы келісімде көрсетілгеніндей өңдеуші келісім мерзімі біткен соң аренда ақысын төлеуі тиіс болғандықтан оған істі әрі қарай жалғастыруды жүктеу дұрыс болмаған болар еді; сондай-ақ бағбаншылық келісінде бағбаншы аренда ақысын төлемейтін болғандықтан ол сол белгіленген келісім мерзімінің ішінде бір өзі істі аяқтауы тиіс.

Белгілі бір себептерге сай келісім бұзылуы мүмкін. Бағбаншылық келісімі белгілі бір себептерге байланысты келісім бұзылуы мүмкін; мысалы, бағбаншы ұры сонымен бірге ол ауруына да байланысты жұмыстан шеттетілген.

Мұнда сұрақ туындауы мүмкін: бағбаншы өз қалауына сай жұмыстан босауына бола ма? Осы мәселеге байланысты екі түрлі пікір айтуға болады: бірінші – ол заңда, екінші – ол заңсыз, ал келіскен жағдайда алғашқы пікірге сай бағбаншы өз қолымен жұмыс істеуіне болар еді, бірақ ол ауруына байланысты іс атқара алмауы мүмкін.

Ағаш егу үшін бос жерді жалға беріп одан алған өнімнен еңбекақы төлеуді көздеушілік дұрыс деп саналмайды. Егер бір адам екінші адамға бос жердің бір телімін мерзімді біруақытқа дейін ағаш егу үшін беріп сол берілген жер мен ағаштың ортақ болып тендей бөлісіп отыруды ұйғарса, ол келісім екі себептен дұрыс болмайды: біріншіден олар бағбаншының еңбегінсіз-ақ бұрыннан бар жерге серіптестік құрды; екіншіден кафис-тахина сай келмейтін әлгі келісімге қарсы келіспеушілік туындайды немесе бау иесі бағбаншы жалдайды сөйтіп соның еңбегімен дайындалған өнімнің бір бөлігін яғни ағаштардың жартысын аяныштылық білдірген күйде белгілейді. Мұндай жағдайда өнім мен ағаштар жер иесіне тиесілі болады, ол бағбаншының өз ағаштарының құнын иелену және өз еңбегіне сай тиесілі еңбекақы алуына болады, себебі оған сол жердегі ағаштарды беруге болмайды, ондай жағдайда ол жалға лайық төлемақы құнын кемденеді; және бұл ақы ағаштар үшін төленетін сомма есебіне кірмейді яғни атқарылған еңбекті бағалауға сай екі сомма да әрқайсысы жеке төленуі тиіс.

XLII. КІТАП

БАУЫЗДАУ, НЕМЕСЕ ЕТ ҮШІН МАЛДЫ СОҒЫМҒА СОЮ ТУРАЛЫ¹

Етке арналып өлтірілген балық пен обыр шегірткелерден басқасы бауыздалу тәсілімен өлтірілмесе онда ол заңсыз деп саналады. Ал егер бауыздау әдісімен өлтірілсе ол заңды болып табылады себебі осы тәсілмен залалды қаннан таза етті ажыратуға болады. Еті жеуге жарамсыз деп саналатын жануарлар (егеуқұйрықтар, иттер және мысықтар) бауыздап сойылуы арқылы (шошқа мен адамнан басқасы) тазаға² жатады, себебі олардың еттерін жеуге болмаса да дәрі жасауға пайдалануы мүмкін.

Бауыздау екі түрлі болады: Таңдау арқылы және қажеттілікпен. Бауыздаудың екі түрі бар: 1) ықтияры бойынша: ол малды бауыздау болса 2) изтиар немесе қажеттілік жағдайында жануарды өлтіру оның кез келген жерінен ұрып зақымдау болып табылады. Бұл соңғы әдіс бауыздауға мүмкіндік болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

Ол мұсылман немесе китаби арқылы орындалғаны жөн. Бауыздау ережесі бойынша оны атқаруыша мұсылман немесе китаби болуы тиіс. Егер ол Алланың атынан жүзеге асса малды мұсылманның бауыздауы китабидікіндей деп есептеледі, немесе Құранда келесі сөздер келтірілген: «Китабидің дайындап алған ішім жемдері сіздер үшін заңды».

Егер олар үндеудің формасымен таныс болса, оны орындаушы мейлі еркек не әйел болсын, жас немесе ақыл есі кемісі болсын бәрі бірдей болып саналады. Мал бауыздау заңды деп саналады, егерде оны жүзеге асырушы тасми түрімен таныс болса немесе Алланы еске ала отырып бауыздаса, бауыздау табиғатымен немесе малдың қанын шығару тәсілімен; сондай-ақ, бауыздауды еркек немесе әйел адам, жас бала немесе ақыл есі кем адам жасайды ма парықсыз.

¹ Араб заң мамандары түсіндіреді, «забх» сөзі сөзбе-сөз мағынада бауыздау әктісі дегенді білдіреді. Заң тілінде ол ұйғарылған жораларды сақтаумен, яғни осы жораларсыз мал жеуге жарамды болмайды, малды сою әктісін білдіреді.

² Яғни олардың еті дәрілік қоспаларға қолданылуы мүмкін, бірақ ол қарапайы тамақ бола алмайды.

Ол сиқырмен орындалмауы тиіс. Сиқыршы қолымен өлтірілген мал заңсыз деп есептеледі, немесе Пайғамбар былай деген: «Сендер олармен китаби секілді жасай аласыңдар, бірақ сендер олардың әйелдерімен некеге тұра алмайсыңдар және олармен өлтірілген малды жей алмайсыңдар»; сондай-ақ, өйткені сиқыр – пұтқа табынушылар және Құдай бірлігін мойындамайды.

Сенімсіздік білдірушілер. Дінге сенбеушілер бауыздаған мал заңсыз болып табылады себебі, олардың өзі сенген нәрсесіне рұхсат етілмейді және олар жазалануы тиіс. Ал китабилар өз сенімінен айрылса, онда өзі таңдаған дінде қалуына болады. Заң бойынша мал бауыздауды ол өзі таңдаған діннің тәртібімен істеген болып табылады.

Немесе құлдықта болушы. Құлдықта болушының мал бауыздауы заңсыз, себебі ол Пайғамбарларға сенбейді.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Мохриммен¹ немесе қажылық міндетіндегі адамның және қасиетті жерде жүрген кімнің болса да аң-құс өлтіруі заңсыз деп саналады. Қасиетті жерде болмаса да қажылықтағы адамның аң-құс өлтіруі заңсыз деп саналады және кімнің болса да қасиетті жерде² аң-құс өлтіруіне болмайды. Қажылықтағы немесе басқа кімнің болса да аң-құсты басқа жануарларда қасиетті жерде немесе кез-келген орында өлтіруі заңсыз болмайды, себебі қасиетті жерде ешкілерді ұстап отыруға орын жоқ, ал ешкілерді қажылықтағы адамның өлтіруге хақысы жоқ.

Тасмиге қатысты ереже немесе сиыну. Егер өлтірілген мал тасмиді өткізіп алса немесе “Аллаға сиыну” арқылы болмаса сиынуды жіберіп алса, онда жануар³ өлексе және таммаққа қолданылмауы тиіс. Егер, бірақ ол сиыну естен шығып кеткен жағдайда болса, жануарды пайдалану заңды деп есептеледі. Имам Шафии бұл жағдайларды дұрыс десе, имам Мәлік керісінше екі жағдайды да заңсыз деп ұйғарады және сиында мұсылман мен китабилер арасында айырмашылықтар жоқ. Сондай-ақ, аң аулауда итті немесе сұңқарды шақыруды және садақ атудағы дауыстарға адамдардың қатысы жайлы біздің ғалымдардың да әртүрлі көзқарастары бар. Бұл тұрғыда имам Шафиидің пікірі біздің ғалымдардікіне қарама-қайшы келеді, бұрын жануар қасақана өлтірілсе ол заңсыз саналған, ал жаңылысып өлтірілген жағдайда ғана әртүрлі пікір туындаған. Абдулла-Ибн-Омардың жақтастары жаңылысқаннан өлтірілген жануарды заңсыз десе, ал Али мен Ибн-Аббастың пікірлестері керісінше бұндай өлтірілген жануарды заңды деп тауып, ал қателікпен өлтірілсе оны дұрыс деп есептемеген. Ал, Абу Юсуф және басқа ханифиттік ғалымдар қасақана мақсатпен өлтірілген жануарды заңсыз санап, басқа ғалымдардың ұйғарымына қайшы келетіндіктен қазы ондай жануардың етін сатуға рұхсат етпеуі тиіс. Бұл тұрғыда имам Шафиидің дәлелдері екі қилы. Біріншіден, Пайғамбар: малды әрбір мұсылман Алланың атынан

¹ Меккеге келу уақытысында қажылық жасаушыға берілетін атау. Ол қажылықты қабылдауға шешім еткен әрбір тұлғаға қолданылады, өзіне белгілі шектеулерді салады.

² Арабша «арзул-харам» - Меккені айнала қоршаған жер, ол жерде ешқашан жабайы құстарды өлтірмейді.

³ Арабша «забиха» - сөзбе-сөз «өлтірілген тірі жәндік» дегенді білдіреді.

немесе оның атын атай отырып, болмаса үнсіз күйде ұрып-соғуына болады. Екіншіден жануарды пайдалану заңды түрде болса, онда оған салғырт қарай аңғармай қалғандықтан болды деп айтуға болмайды. Егерде пайдалану дұрыс деп есептелгенде, салақтық болған жағдайда ол мұсылмандық сенім бойынша сол қалпында қалады. Біздің ғаламдардың дәлелдері үш түрлі. Біріншіден Алла Тағала қасиетті Құранда былай дейді: “Алланың аты аталмаған нәрсені тамаққа пайдаланбаңдар”. Екіншіден бұл – жалпы ұйғарылған пікір. Үшіншіден, Пайғамбарымыз Гатиманың ұлы Аддиге: “Егер сен итті Алланың атын атай отырып, аңға жіберсең, онда сол аңның етін жеуіңе болады; ал егерде басқа ит аңды өлтіруде сенің итіңе көмектесе, онда оны жеуге болмайды, себебі, өз өз итіңді шақыруда Алланың есімін қайталадың; демек Алланың есімін атамай аңның етін жеуге болмайды. Имам Мәліктің дәлелі жоғарыда Құранда айтылған мазмұнға сүйенеді. Яғни онда әйелі жасалған салақтың заңсыз, ол жаңылысып істелсе заңсыз деп көрсетілмеген. Бірақ, біз аталған жәйт жануарға байланысты әдейі жіберілген қателіктен болған дегенге келіспейміз, бұл жерде нақты мағынаның келтірілген текстен айырмашылығы бар екенін байқаймыз әйтпесе мағына

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

үлесіп жатуы керек еді де Пайғамбардың достары сөз жоқ бұл тексте өз пікірін білдірген болар еді сөйтіп, олардың араларында келіспеушілік болмас еді. Имам Шафиидің жауабы бойынша ұйғарымда салақтық пен жаңылысудан болған салақтықтағы үйлесімділік дұрыс емес, себебі кім ұмытса қажеттіліктің себебінен әрекет етеді, мұсылмандық сенім бойынша ол жөн деп саналады; сондай-ақ әдейі жасалған салақтық қажеттіліктен туындайды. Пайғамбардың даналық сөзіне орай, имам Шафиидің пікірлері бойынша салақтық жаңылысудан болған жағдайда дұрыс екендігін растайды.

Біріншіден бауыздау жануарлардың тамағын кесу кезінде жүзеге асады; екіншіден садақ атқанда, итті немесе сұңқарды аңға пайдаланғанда. Мал бауыздау соғымға байланысты жағдайда ықтияр бойынша жүзеге асырылғаны жөн, сондай-ақ изтирар бауыздау кезінде (аң аулауда жүргенде) дауыс қосу итті немесе сұңқарды болмаса садақ атқанда болуы керек. Мұндағы айырмашылық бірінші жағдайда үкімет адамды соғым актісіне сүйенсе, екіншіде ол итті, сұңқарды, садақты пайдаланумен шектеледі, ұйғарым үкіметтен келген адамның қолындағы актіге қол қою кезінде болуы керек. Бұнда, егер біреу ешкіні шаншып өлтіру үшін жықса соңынан босатса, ал енді ұйғарым жасамай басқасын жықса ол дұрыс болмайды және оның етін жеу дұрыс емес; егер біреу жануарды өлтіруге ұйғарым жасап садақпен атса, ал садақ оғы ол көздеген жануардан басқаға тисе онда бұл заңды; ал ит немесе сұңқарды жібергенде де осындай жағдай.

Егер, біреу ұйғарым жасап жануарды жығып пышағын тастаса және басқасын алып сонымен малда шаншыса ол заңды, ол егер ұйғарым жасап садақты қолға алса, содан соң басқасын алса сөйтіп сонымен аңды өлтірсе ұйғарым жасағаннан басқасын алып пайдаланғаны үшін ол заңсыз болады.

Малды бауыздау кезінде Алланың атына басқа сөзді қолдану әдепсіздік болады, мәселен біреу былай десе: “Құдайым, мұны менен қабылда!” деген сияқты. Бұл әртүрлі үш түрлі жағдайда болуы мүмкін. Біріншіден, ол Алланың атынан басқа сөздерді тоқтаусыз қолданса және “и” әрпін пайдаланбаса; немесе ол “Алла атынан, Мұхаммед оның Пайғамбары” десе әдепсіздік болар еді, бірақ оның етін пайдалану заңсыз болмас еді. Екіншіден, ол Алланың атынан басқа сөздерді тоқтаусыз және тұжырымды түрде қолданса; мәселен ол “Алланың атынан және басқаның атынан” немесе “Алланың атынан және басқаның” десе онда жануардың еті заңсыз болады. Үшіншіден ол Алланың атынан басқа нәрселерді жеке және арнайы айтса ұйғарым жасағанға дейін және кейін тасталған жануарға мән берілмесе және еті заңсыз деп танылмаса. Пайғамбар мал бауыздаудан соң қалайда дұға жасаған.

Ұйғарым жасағаннан басқа ешнәрсе айтуға болмайды. Мал бауыздау кезінде ұйғарымнан басқа ешнәрске айтуға болмайды. Сонымен бірге дұғамен басқа сөздерді қолдануға болмайды. Егер біреу мал бауыздау кезінде “Алланың атымен” деген сөздің орына “Алла, кешір мені” десе онда сойылған мал заңсыз болады, себебі бұл дұға қылу немесе жалбарыну болып табылады. Егер біреу “Алланың атымен” дегеннің орына “Аллаға мадақ” немесе “Алла ең таза” деп ұйғарым жасаса соның өзі жеткілікті. Бірақ мал бауыздау кезінде түшкірсе және “Аллаға мадақ” деп айқайласа бұл жеткіліксіз болады (Сахих Ғұяттар) себебі, лепті түрде дауыстау құрметтеу болады. Негізі мал

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бауыздау кезінде қолданылатын, Ибн-Аббаст алынған сөз “Алланың атымен, Алла бәрінен жоғары” деп жиі қайталанатын сөзді пайдалануға болады.

Малды соғымға әзірлеу әдістері. Малды бауыздайтын жерлері тамағы мен кеуде сүйегінің ортасында болады. Бауыздалып сойылған малдың қаны еркін ағады, сөйтіп өз тәртібіне сай сойылған мал заңды болады.

Мал бауыздағанда төрт қан тамыры кесілуі тиіс: демалатын тамағы, жұтқыншағы және тамақ тамырлары. Бұл пайғамбардың даналық сөздеріне негізделген. Имам Шафиидің айтуынша тыныс алатын тамағы мен жұтқыншағын кесу жеткілікті. Ал Имам Мәліктің пікірінше үш қан тамырын ғана кесу жеткіліксіз: төрт тамырды да кесу керек. Абу Ханифаның айтуынша қандай жағдайда да аталған қан тамырларының үшеуін кесу жеткілікті. Абу Юсуф алғашында осындай пікірде болса, кейін тыныс алатын тамағы, жұтқыншағы және қан тамырларының бірін кесу керектігін айтқан. Аққан қан қан тамырларының не себепті кесілетіндігін айқындаса және олардың бірі екіншісін алмастыра алады; бірақ жұтқыншақ және тыныс алу тамағы әртүрлі екі бөлек саналады (тағам ішу және демалу), сол үшін де екеуі де келісуі керек, өйтпесе бірі екіншісін ауыстыра алмайды. Абу Ханифаның дәлелі бойынша заңның қарары бойынша толықтай таныстырылады; ал төрт қан тамырдың үшеуі кесілсе онда көпшілігі кесілген болып табылады және мақсаты орындалған болады (қанның тез тоқтауы және өмірдің аяқталуы) тамырлары кесілгеннен кейін жануар өмір сүре алмайды. Көп қиналмауы үшін үш қан тамыр кесілсе, артық кесу болмағандықтан өлген мал заңға қайшы келеді. Имам Мұхаммедте осы пікірді растайды яғни, төрт қан тамырының көбі кесілуі тиіс олардың басқаларынан бөлек әрбір жеке орган болып есептелуі тиіс. “Джами-ус-Сагирдің” дәлелдеуі бойынша егер тыныс алу тамағының жартысы және әрбір қан тамырларының жартысы кесілген болса онда жануар заңсыз; ол егер тыныс алу тамағының және қан тамырларының көбісі жануар өлгенге дейін кесілсе онда ол заңды.

Ол егерде тырнақпен, мүйізбен немесе тіспен асқан болса. Егер біреу жануарды тырнақпен, мүйізбен немесе тіспен өлтірген болса, онда оны тамаққа пайдалануға болады, онда да егер тырнақ, мүйіз немесе тістері өсіп шыққан жерден бөлек болса. Себебі оны пайдалануда адам денесінің қатысы бар боп саналады, сөйтіп жануарға көп қиындық әкеледі, ал бізде жануарды бауыздауды ең кемі қиналсада өлтіруге рұқсат етілген. Имам Шафиидің айтуынша жануарды жоғарыда айтылғандай өлтіру заңсыз болып табылады себебі ол өлексеге жатады, Пайғамбар айтқан: “Қанды ағызуға жарайтын қандай қару жұмсалса да, бауыздалған мал заңды немесе қан тамырларын кесуге абиссинцилердің¹ қаруын құрайтын, тырнақ және тісті пайдаланбаса да. Керісінше, біз Пайғамбардың “Қандай қарумен болса да қанды ағыз” дегеніне сүйенеміз, және сондай-ақ ол: “Қан тамырларын нені қаласаң сонымен кес” деген.

Имам Шафиимен келтірілген нақыл сөздеріне қатысты, ол олардың табиғи орнына бекітілген тырнақ пен тіске қатысты болады, өйткені абиссинцилердің малды сол әдіспен өлтіргенін айтқан. Бауыздау мақсатында тырнақ, кесетін қару, қолданылса ол темір не тастан болсын бәрібір болып есептеледі. Олар бар болған жағдайда малды күшпен не салмақпен өлтіру оны қылқындырып өлтіргенге жатады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Немесе қандай-да бір өткір қарумен. Тырнақ пен тістен басқа өткір садақпен, таспен яғни қан тамырларын кесетін және қанын ағызуға жарайтын кез келген затпен соғым үшін өлтірілген мал жарамды деп саналады.

Бауыздаушы адамның сақтық жасауы. Бауыздаушы адам пышағын қайрап барып іске кіріссе жақсы; бұл жайлы Пайғамбар былай дейді “Алла бәріне рақымшыл болуды бұйырады; жануарды бауыздағанда оны барынша қиналмайтындай етіп атқарыңыз және бауыздау кезінде қасыңыздағы біреу пышақты қайрап тұрсын”.

Алдымен малды жығып, сосын пышақты қайрау әдепсіздікке жатады. Пайғамбар бірде осындай жасап жатқан адамды көріп, оған былай дейді: “Сен бұл жануардың қанше рет өлгенін қалайсың? Неге сен бұл малды жықпай тұрып пышағыңды қайрап алмадың?”.

Пышақпен арқасындағы жұлынға тию немесе малдың басын кесу әдепсіздікке жатады. Дегенмен бұл екі жағдайда да еті жарамды. Бірінші жағдайдағы әдепсіздік болып саналатын себебі оған Пайғамбар тыйым салған; Екіншіден пышақпен жұлынға тию арқылы малдың еш себепсіз қиналуын туындатамыз, бұл заң бойынша тийым салынған. Сонымен мал бауыздауда ешқандай себепсіз малды қинау әдепсіздікке жатады.

¹ Мұсылмандар абиссин халқының азаматтарына үлкен сескенушілікпен қарайды.

Малды ұстап алып аяғынан сүйреп соғымға соятын жерге дейін апару әдепсіздік.

Өліммен алысып жатқан малдың жұлынын сындыру әдепсіздік; қарсыласу аяқталып жұлынды үзу және теріні сыпыруды әдепсіздік жоқ себебі ол кезде мал ауырғанды сезбейді.

Мал тамағы кесілгенше жарақатты болса да жарамды. Егер біреу әуелі малды жарақаттап сосын өлтірсе, бірақ жануардың тірі кезінде оның тамырларын кескен болса оның еті жарамды, себебі ол бауыздап өлтірілген болады; алайда бұлай ету ешқандай мәжбүрсіз азаптап өлтірілген есебіне жататындықтан әдепсіздікке жатады. Егер мал қан тамырлары кесілгенше өліп кетсе оның еті жарамсыз, себебі ол бауыздалмай өлген болып табылады.

Қолда ұсталған малдың бәрі тамағынан бауыздау арқылы, ал жабайы аңдар аңшылыққа байланысты атып өлтірілуі тиіс. Барлық қолда ұсталған малдар қан тамырлар кесіліп, бауыздап өлтіріледі; ал жабайы аңдар аңшылық кезінде жарақаттану арқылы өлтіріледі, онда ықтиярлы бауыздау қолданылады немесе қажеттіліктен болған деп ұйғарылады; ал ондай шешім қоңдылығы төмен малдар үшін қолданылады. Егер бауыздаудың басқа түрі қолданылмаса, құдыққа құлаған мал үшін изтирар – бауыздау заңды деп саналады. Имам Мәліктің тұжырымдауынша екі жағдайда да малдың етін пайдалану жарамсыз, бұнда әңгіме жабайы аң туралы және құдыққа құлаған малға байланысты себебі бұндай жағдай сирек кездеседі. Біздің тұжырымдауымызша, ықтиярша бауыздау екі жағдай да қатысты, бұдан шығатын қорытынды, қосымша бауыздау яғни изтирар – бауыздау пайдаланылған болуы мүмкін; оған түсініктеме қажеті жоқ себебі ол жиі кездеседі кудурде малды иртизар – бауыздауды жабайы аңның бәріне қолдану заңды деп саналады; сондай-ақ Имам Мұхаммедтің пікірінше егер ешкі далада тағыланып кетсе онда оны изтирар –

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бауыздау заңды деп есептеледі; егер ол қалада ұстап алып ықтияр бауыздау пайдалану мүмкін. Алайда сиыр не түйеге олар не қалада не далада болсын оларға осылай деп баға беруге болмайды, себебі олар ұстап алуға әрекет жасаушыларға қарсылық көрсетуі мүмкін, сондықтан оларды қалада болғанның өзіне тағыланып кесте де ұстап алу қиын: сол себепті оларға бауыздау – ықтияр қолдану қиын. Егер ол жануарлар адамға шабуыл жасаса онда тағы боп кеткен деп есептейді, егер оларды адамға шабуыл жасайтындықтан оны бауыздау мақсатында өлтірсе онда оның етін тамаққа пайдалануға болады.

Түйелерді бауыздау алдында нар тәсілімен өлтіру. Түйелерді нар жолымен яғни төс сүйегіне жақын жердегі тамағына дәрігерлік ине шаншу арқылы өлтіруге болады, себебі бұл суннаға сай келеді. Оны бауыздау тәсілімен өлтіруге болады, бірақ бұл суннаға сәйкес емес. Ешкі мен бұқаны бауыздау әдісімен өлтіруге болады әрі ол суннаға сай деп есептеледі ал ешкінің қан тамырлары тамақтың жоғары жағына жалғасқан, бірақ олар түйе сияқты шаншып өлтірілуі мүмкін, бірақ бұл әдіс суннаға сай келмейді.

Өлген малдың жатырдағы өнімі заңсыз. Егер біреу түйені немесе сиырды өлтіріп жатырында өлі ұрықтың бар екенін көрсе, оның денесінің шашпен жабылғанына қарамастан ол жарамсыз деп есептеледі. Абу Ханифа осындай пікірде және ол имам Зуфар және Хасан-бин-Зиядпен расталған. Екі шәкіртте, егер жатырдағы ұрық дамыған болса ол заңды (Имам Шафии де олардың пікірімен келіседі) себебі Пайғамбардың нақтылауынша анасының бауыздалғаны жатырдағы ұрықтың бауыздалғаны болады. Сонымен бірге жатырдағы ұрық негізінде анасының басты бөлігі саналады, ол сонымен бірігіп кеткен пышақпен не қайшымен кесіп тасталған болмаса, ол соның ішкен тамағымен қоректенеді, соның дем алуындай дем алады, ол заңда көрсетілгендей деп есептеледі. Жатырдағы ұрық, анасының негізгі құрамы бола отырып, кейін анасы бауыздалғаннан кейін соның өзімен бірдей болып саналады, сондай-ақ аң аулау кезіндегі алған жарақат бауыздалғанмен бірдей деп есептеледі. Абу Ханифаның пікірінше өмірге байланысты алғанда жатырдағы ұрық жетілген болса онда ол бөлек тіршілік иесі болып саналады, анасы өлген жағдайда өзінше өмір сүре алады демек ол тірі болса онда ол бөлек бауыздалады, сондай-ақ, егер біреу ұрықты жайса, онда мүліктік жауапкершілікке ие болады; және иеленуші бір ұрыққа бостандық әперген болып табылады. Сонымен бірге бауыздалғанда еттен қан ағуы керек, ол ұрықтың анасының бауыздалғанымен нақтыланады. Енді бір мәселе аң-құстың жаралануы: бұл жағдайда аз да болса қан еттен ағады, басқа тәсіл болмағандықтан бұл бауыздалған болып шығады. Сондай-ақ ұрық сатылым үшін анасымен бірдей келісімге түседі, өтпеген жағдайда сатылым заңсыз болар еді; теңдік жағдайда алғанда еркіндікке жіберілген анасымен бірге ол да тәуелсіз болады. Еркіндік алған анадан туылған сәби құл болмауы тиіс.

Бөлім. Тағамға пайдалануға болатын заңды және пайдалануға болмайтын заңсыз заттар туралы

Барлық жыртқыш аңдар мен құстар заңсыз. Барлық өз олжасын ұстауға тісін пайдаланатын аңдар мен ұстауда тырнағын жұмасайтын құстар заңсыз оларды тағамға

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

пайдалануға Пайғамбардың өзі тыйым салған. Бұл тыйым салудың мәні мынада: адам айрықша қымбат, сондықтан олардың ішетін тағамына ол жануардың етін пайдалануға болмайды, себебі олардың зиянды қасиеттері адамға дарып олардың мінез-құлқына өзгеріс әкелуі мүмкін.

Қорқау және түлкілер жыртқыш аң ретінде жеуге жарамсыз. (Имам Шафии оларды заңды деп есептейді). Пілдер жыртқыш аңға¹ жатады, ал бірқазан мен кезқұйрықтар өлекселерді жегені үшін тағам ретінде пайдалану әдепсіздік болып табылады.

Дала қарғалары бәрібір болып саналады, бірақ өлексе мен қоректенгендерді заңсыз. Сауысқандар, қолтырауындар, кәмшәттар, барлық жәндіктер, естек және қашырлар заңсыз. Қарғалар бидай мен қоректенсе онда бәрібір, бірақ өлексемен қоректенетін жабайы қарғалар заңсыз. Абу Ханифаның ескертуінше сауысқанды пайдалану әдепсіздікке жатады², себебі олар көбінесе өлексемен қоректенеді. Қолтырауындар, кәмшәттарды, сондай-ақ аралар және басқа да барлық жәндіктерді пайдалану әдепсіздік. Естектер мен қашырлар: заңсыз себебі, Пайғамбарым оларды пайдалануға тыйым салған. Жылқының етін пайдалану имамдар Абу Ханифа мен Мәліктің айтуынша әдепсіздікке жатады. Ал екі оқушы мен имам Шафиидің ұйғаруынша ол бәрібір және де “Джаабирдің Хадисінде” айтылғанындай Пайғамбарым оны пайдалануға рұқсат еткен; кейбіреулердің пікірінше биенің сүтін пайдалану бәрібір.

Қояндар бәрібір. Абу Ханифаның айтуынша қояндар бәрібір, себебі Пайғамбарым оны жеген және жанындағыларға жеуге рұқсат еткен. Барлық заңсыз жануарлардың терісі мен етін бауыздау заңымен, яғни адамның және шошқаның етін қоспағанда, оларды сойғаннан соң таза болып қалады.

Балықтан басқа су жануарлары заңсыз. Суда жүзуші жануарлардың балықтан басқа бір де біреуі заңсыз. Имам Мәлік және басқа да көптеген ғалымдары су жануарларының бәрі де заңды деп саналады. Керісінше, басқалар атбалықтар мен теңіз шошқалары заңсыз деп есептейді.

Өлген балық заңсыз. Судың бетінде қалқып жүрген өлген балықты пайдалану әдепсіздікке жатады. Имамдар Шафии мен Мәлік үшін бәрібір. Біздің мазғаб мынадай ережені нұсқайды: Абайсызда өлтірілген балық заңды; керісіншесіз. Алайда балыққа байланысты оның аса ыстықтан немесе суықтан өлуіне қатысты әртүрлі қозғарастар бар. Бауыздау тәсілімен өлтірілген балықтар мен обыр шегірткелер заңды.

¹ Арабша «зу-наб», сөзбе-сөз «ит тістес тірі жәндікті» білдіреді. Піл (еш күмәнсіз, жыртқыш жануарлар қатарына жатпайтындықтан) өзінің азу тістерінен соларға жатады.

² Бұл жерде байқайтынымыз, мұсылман құқығы бойынша заңды және заңсыз арасында төрт дәреже бар. 1. Халал немесе оң түрде заңды. 2. Мубах, немесе парықсыз (не істеуге болады, немесе болмайды). 3. Макрух, немесе әдепсіз (мақұлданбайтын, бірақ заңды). 4. Харам, немесе заңсыз (яғни тыйым салынған).

XLII. КІТАП

УЗХИЯ, НЕМЕСЕ ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ

Құбан айт кезіндегі құрбан шалу. Әрбір балағатты жасқа жеткен еркін мұсылман егер саяхатта болмаса құрбан айт құрметіне құрбандық шалуы¹ тиіс. Имамдар Абу Ханифа, Мұхаммед, Зуфар және Хасан, Әбу Жүсіптер мұны дұрыс дейді; Имам Шафиидің пікірінше құрбандық шалу міндетті емес бірақ оны атқарған дұрыс. Абу Ханифаның пікірінше ол қалайда орындалуы тиіс; сондай-ақ екі шәкірт оны өте дұрыс деген.

Ол ер адамның өзі және төменгі жастағы балалары үшін атқарылуы тиіс. Абу Ханифа осындай пікір айтады. Тағы бірде ол былай дейді: (“Захари-Руяты”) өз баласы үшін адам құрбандық шалуға міндетті емес. Абу Ханифа және Әбу Жүсіптің пікірінше әкесі не қамқоршысы төменгі жастағы бала үшін құрбандық шалып, бір бөлігін өзіне қалдырып қалғанын сатуына болады. Имам Мұхаммед, Зуфар және Шафиидің айтуынша әкесі өз есебінен балалары үшін құрбандық шалуына болады.

Құрбандық шалуда бір адамға ешкі, ал жеті адам болса сиыр және түйені құрбандыққа шалу керек. Бекітілген тәртіпке сай бір адамға ешкі, ал адам жетеу болса сиыр не түйе құрбандыққа шалынады. Егер сиыр жетеуден кем емес адамдарға шалынса онда онда ол дұрыс, ал егер адам сегіз болса онда ол басқа мәселе. Егер құрбандыққа шалынған малдың еті жеті адамға бірдей бөлінсе ол дұрыс, ал ол тек бір адамға ғана берілсе ол дұрыс емес болып табылады.

Жалпы ортақ меншіктегі мал жиынтық есебінен құрбандыққа әкелінуі мүмкін. Егер ортақ меншікке жататын түйе екі адамның жеке есебінен келсе онда ол заңды, ондай жағдайда олар етті салмағына қарай болу керек. Егер олар оған қарама-қайшы жобалап баға қойып бөліссе ол дұрыс емес, себебі ол кезде олар өз үлесіне қарай басты да, желкесін де, дене буынын да бөлісуі керек болды.

Ал қалғандар бұл құрбандыққа шалынған малды сатып алушылар есебіне қатысады. Егер біреу сиырды өз есебінен сойып, ал қалған алты адам қатысушы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ретінде болса онда ол құрбандық заңды болады. Біздің барлық ғылымдардың пікірінше малды сатып алушылар бір-бірімен достық ықыласта болуы тиіс тек сонда ғана кейін әртүрлі түсінбестік жағдай болмайды. Абу Ханифаның пікірінше малды сатып алғаннан кейін басқаның кірісуіне жол бермеу керек, себебі ол кезде игілікті мақсат үшін сатып алынған малдың саудасы әдепсіздікке жатады.

Кедейлер мен жол сапардағылар үшін құрбандық шалу міндетті емес. Әбу Бәкір мен Омар сапар кезінде құрбандылық шалмаған. Алидің айтуынша: “Сапардағылар үшін жұмалық құлшылықтар, құрбандық шалу міндетті емес”.

¹ Бұл мейрам зигиджаның оныншы күніне қарай болады және оның қолында болған елестеу салдарынан өз ұлы Измаилды Құдайға ұсынған Авраамның еске алуына оранй анықталған.

Құрбандық шалу мезгілі. Құрбандық шалу айт күнгі таңертең атқарылғаны дұрыс. Қала тұрғындарына құрбандық шалу құлшылық мерзімі аяқталмағанша бастау дұрыс болмайды. Ауыл тұрғындары күн шығуына қарай бастай алады. Шындығында құрбандық жергілікті жерде анықталады. Егер құрбандық шалу ауылдық жерде болып, оны жүзеге асырушылар қала тұрғындары болса онда таң атқаннан бастауға болады; өйтпеген жағдайда құрбандықты құлшылық аяқталғанша күтуге тура келеді.

Егер малды мешітте құлшылық аяқталғаннан соң құрбандыққа шалу ұйғарылса, бірақ ол құлшылыққа дейін бауыздалып қайған болса ол заңды деп есептеледі.

Құрбандық шалу үш күн ішінде яғни айт күні және қалған екі күнде атқарылуы тиіс. Имам Шафий де осы үш күн ішінде атқарылғанын дұрыс санайды. Алайда ең дұрысы дәл айт күні шалынған құрбандық. Сондай-ақ құрбандықты келесі күндері түнде атқару да заңды болғанмен бірақ ол әдепсіздікке жатады. Бұл күндері құрбандық шалу оны жүзеге асырмағаннан гөрі өте дұрыс деп есептеледі, ал оның орнына кедейлерге ақша үйлестіруге де болады.

Егер құрбандық шалу мерзімі кейінге қалдырылып және оның уақыты өтіп кетсе онда ол мал қайырымдылық іске жұмсауы тиіс. Егер біреу құрбандықты белгіленген күннен өткізіп алса және оған дейін ешкі союды ұйғарса, сондай-ақ екінші бір кедей осындай мақсатпен ешкі сатып алса екі жағдайда да ол мал қайырымдылық іске жұмсалуды тиіс. Егер ол бай болса құрбандық үшін сатып алған, алмағанына қарамай қайырымдылық іске ешкінің ақшасын жұмсауы қажет.

Құрбандыққа кемістігі бар малды пайдалануға болмайды. Құрбандыққа кемістігі бар мәселен, әлсіз, ақсақ және өте арық, сондай-ақ құлағынын немесе құйрығының көп бөлігі кесілген малды пайдалануға болмайды. Бірақта құлағы не құйрығы кесілсе де көп бөлігі қалған болса, онда оны құрбандыққа шалуға болады. Осыған байланысты Абу Ханифа біраз пікір білдірген. Кейбір мал үшін ол үштен бірді, енді біреуіне үштен жоғарысын ал кейбіреуіне ширектік бөлігін бұйырған. Екі шәкірттің оынша егер жартысынан көбі қалса онда құрбандық шалу заңды; ғалым Әбу Лайс осы пікірді қолдайды.

Құрбандық шалуға болмашы кемістік кедергі бола алмайды. Егер малдың құйрығының немесе құлағының үштен бірі кесілген болса немесе көруінде кемістік болса онда оны құрбандыққа шалуға болады; ал егер кемістігі үштен бір бөлігінен көп болса онда құрбандыққа шалу заңсыз. Біздің ғалымдарымыздың ұйғарымы бойынша көру төмендігін анықтау әдісі мынандай: алдымен малды ашықтыру үшін екі-үш күн

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оған жем берілмейді. Сосын нашар көретін көзін жауып жемін белгілі қашықтықта біртіндеп жақындатады, қашан мал жемді байқап оған ұмтылғанша осылай етеді. Сол жерді белгілеп алады да нашар көретін көздің байлаған шүберегін алып тастайды, енді сау көзін байлап, алғашқыдай етіп қайталап отырып, малдың нашар көретін көзі қашан жейтін жемін байқамағанша қайталайды. Егер ол орын мен малдың тұрған орны арақашықтығын өлмесе онда бұл айырмашылықтар малдың көру дәрежесінің қаншалықты екенін анықтайды.

Мүйізінен айырылған, құтырған немесе піштірілген малды союға әкелінген жағдайда. Егер біреу союға мүйізсіз, немесе мүйізі сынған құтырған немесе піштірілген малды әкесе, онда бұл заңды. Алайда көпшілік адам союға херджинді (қасқыр мен ешкінің қосындысы) егер ол жирен болмаса әкелуді дұрыс емес деп есептейді. Ал тісінен айырылған мал туралы Әбу Жүсіптің пікірінше союға болады егер жем жеуге жараса немесе тістерінің үлкен сақтап қалынған болса. Алайда құлақсыз туылған малды союға әкелу жарамайды. Бұл айтылғанның бәрі мал саудаға түскенге дейінгі болатын жағдайлар. Егер мал сатылғанға дейін сау болып, ал сатып алғаннан кейін жарақат алып ол құрбандыққа шалуға жарамсыз деп есептелсе онда оның иесі бай болса басқа мал сатып алуы тиіс; егер иесі кедей болса онда сол малды союға әкелуіне болады. Негізінде құрбандық шалу бай адам үшін міндеттелген, бірақ оның кейіннен сатып алынған малының бұған ешқандай қатысы жоқ; ал кедей адам үшін құрбандық шалу міндетті емес, бірақ осы мақсатты көздеп арнайы мал сатып алған жағдайда ол осы ойын қалайда жүзеге асырғаны дұрыс. Біздің ғалымдардың ұйғаруы бойынша құрбандық үшін сатып алынған мал өліп қалса онда оның иесі бай болса басқасын сатып алуы тиіс, ал кедей үшін бұл міндетті емес сондай-ақ егер мал жоғалған немесе ұрланған жағдайда иесі басқасын сатып алуы тиіс бірақ сол кезде әлгі жоғалған мал табылған болса онда құрбандыққа бай адам екеуінде шалуы тиіс ал кедей үшін біреуін шалсада жетеді.

Құрбандыққа шалуға ұйғарылған мал жарақаттанып қалса, оны сою заңсыз деп санауға болмайды. Егер ешкіні өлтіруге шыққан кезде аяғын сындырып алса оны тез арада құрбандыққа шалып жіберсе ол заңды деп саналады. Егер осындай жағдайда жарақат алған мал қашса оны ұстап алып сою заңды. Имам Мұхаммед егер малды біраз уақыттардан кейін ұстап әкеліп құрбандыққа шалуға болатынын айтса, ал Әбу Юсуф оған қарсы пікір білдіреді.

Құрбандыққа тек ешкі, қой, сиыр және түйені шалуға болады. Құрбандық шалуға түйе, сиыр және ешкі мен қойдан басқа малды әкелуге болмайды, себебі Пайғамбарым және оның жолдастары малдарды союға пайдаланған емес. Алайда енекені (буйвол) сиыр тұқымдас болғандықтан союға болады. Сонымен бірге барлық шатыс малдар аналық тұқымға жатады.

Бір тұқымдас малдарды құрбандыққа шалу. Осындай тұқымдас¹ малды құрбандыққа шалу заңды бірақ ол әлі тісі шықпаған жас болғаны дұрыс. Біздің ғалымдардың пікірінше мал суниға сәйкес келетіндей ірі денелі болғаны жөн. Қойлар үшін жарамды деп санауға алты ай бітіп жетінші айдың бастапқы кезінен бастап жатады. Суна мерзімі қой мен ешкіге бір жас, сиыр үшін-екі, түйеге-бес жас.

Егер құрбандық шалушы жеті адамның біреуі қайтыс болса онда оның ұрпағының келісімі керек. Егер жеті адам бірлесіп құрбандық шалуға

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

¹ Қой мен ешкі бір тұқыымға жататын болып есептеледі.

мал әкеліп, сол кезде әлгі жетеудің біреуі қайтыс болып кетсе, онда қалған алтауы әлгі қайтыс болған адамның ұрпағының келісімімен сол алтауы үшін және өлген адам үшін де деп келісіп ортақ шешім жасаса онда ол заңды; ал егер олар әлгі өлген адамның ұрпағымен келіспей құрбандық шалса ол заңсыз. Егер христианин немесе басқа ұлт өкілі құрбандық үшін емес тек ет керек болып, әлгі алты адаммен бірлессе онда ондай жағдайда шалынған құрбандықтың сол адамдардың біреуінде сауабы тимейді.

Етті пайдалануға қатысты билік жасау ережесі. Құрбандық шалушы етті өзінің жеуіне қалдыруына болады, немесе қалаған біреуге ол бай не кедей болсын тарата алады; сондай-ақ өзі үшін сақтауға қалдыруы да мүмкін. Ең дұрысы үш бөліп қайырымдылық ңске жұмсағаны жөн. Сойылған малдың терісін қайырымдылық іске жұмсауына немесе одан елеуіш тағы басқа заттар жасауға болады. Немесе оны табыс әкелетін пайдаланылмаған затқа ауыстырған дұрыс, бірақ оны пайдаланылған затқа мысалы сіркесу және тағы басқа заттарға ауыстырған жөн емес. Бұл тұрғыда етпен терінің ең сенімді табыс көзі ретінде айырмашылығы жоқ. Егер сойылған малдың етімен терісі табыс көзі ретінде ақшаға немесе басқа бір затқа айырбас ретінде сатылса онда одан түскен ақшаны сатушы кедейлерге үлестіргені жөн сонда ғана сауда адал болды деп айтуға болады. Сойылған мал етінің бір бөлігін қасапқа ақысы ретінде беруге болмайды. Сатылатын малдың жүнін оны сойғанға дейін қырқып алып сату әдепсіздікке жатады; ал кейіннен болса бір басқа. Сондай-ақ сойылатын малдың сүтін сауып алып сатуға да болмайды.

Малды оның иесі сойғаны немесе соның қатысуымен атқарылғаны дұрыс. Малды союды оның иесі жүзеге асыра алса өзі атқарғаны дұрыс; ал егер союды білмесе, оны басқа біреуге тапсырып, өзі басы-қасында болуы тиіс. Малды союды сиқыршыға емес китабиге тапсырған дұрыс. Мал союды китабиге тапсыру әдепсіздікке жатады. Ал егер біреу бұйырса онда ол заңды. Ал енді малды союды сиқыршыға немесе отқа табынушыға тапсыруға рұхсат жоқ.

Егер екі адам қателесіп бірі екіншісінің малын сойса, онда олар бірі-біріне құрметпен қарау керек. Егер екі адам қателесіп бірі-бірінің малын сойса ол заңды ал егер қателесіп сойылған малдың етін жеп қойса, ал кейін кінәлісі өзінің сол қателігін байқаса және екіншісі болған сол қателікке кешіріммен қараса, онда шалынған құрбандық дұрыс деп есептеледі. Керісінше олар келіспей дауласатындай жағдайға келсе онда бірі екіншісінен еті үшін ақы алуы тиіс және оны құрбандыққа шалынған мал болғандықтан қайырымдылыққа жұмсағаны жөн болады. Сондай-ақ союға әкелген біреудің малын екінші біреу бүлдірсе де осындай шараға баруы керек.

Басқыншылық жолмен келген малды сою. Егер біреу зорлықпен әкелінген ешкіні союға әкелсе онда ол оның ақысы ретінде төлен төлеуі тиіс сонда ғана оның сойған малы адалға жатады, себебі ақы төлегеннен кейін ешкі соның меншігіне жатады. Ал енді біреу екінші біреудің сақтауға берген ешкісін сойған болса онда ол дұрыс болмайды, ондай жағдайда сойған адам сол ешкінің ақысын беруі керек және ол сойылғаннан кейін барып оның иелігіне өтеді.

XLIV. КІТАП

КАРАХИЯТ, НЕМЕСЕ ӘДЕПСІЗ ІС-ӘРЕКЕТТЕР ТУРАЛЫ

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

“Макрух” термині жөнінде әртүрлі көзқарас. «Хидоя» авторының байқауынша, біздің ғалымдар «макрух»¹ термині жөнінде өзара келіспеушілік білдіреді. Имам Мұхаммед барлық Макрух заңсыз деген; бірақ ол қасиетті кітаптан өз пікірін нақтылайтын дәлелдер келтіре алмаған енді бірде ол белгілі бір заттарды заңсыз деп айтудан бас тартып оларды Макрухтың ерекше түріне жатқызған сондай-ақ Абу Ханифа мен Әбу Юсуфтың пікірлерінше “Макрух” өзіне лайық бәріне тиісті деп есептеген, алайда мұндай болу шындыққа үйлеспейді ол зат бірнеше тарамдарға бөлінуі мүмкін.

I бөлім. Тағам және сусындар туралы

Есектің етін жеу және сүтін ішу немесе түйенің дәрігердің рұхсатынсыз түйенің несесін пайдалану әдепсіздікке жатады. Абу Ханифа осылай дейді. Әбу Юсуфтың пікірінше түйенің несесі ем ретінде пайдалануы мүмкін; ал есектің сүтіне келсек ол қаннан бөлінеді, сондықтан еті пайдаланылған малдың етімен сүті пайда зияндылығы жағынан бірдей деп есептеледі.

Алтын немесе күмістен жасалған ыдысты пайдалану. Ер адамғада, әйелгеде тамақ жегенде, сусын ішкенде, хош иісті пайдаланғанда алтын не күмістен жасалған ыдысты қолдануына болмайды. Пайғамбарым алтын не күміс ыдысты ішіп жеуге пайдаланған адам жайлы “Тозақтың оты оның ішіне кіреді” деген. Бірде Әбу Харирге күміс ыдысқа құйып су әкелгенде Пайғамбарым ондай ыдыстан су ішуге тиым салғанын айтып, әлгі сусынды ішпеген. Осындай ережені маселді және соған ұқсас заттарды пайдалану кезінде есте ұстаған жөн. Алтын және күміс қасықты пайдаланбаған дұрыс. Сондай-ақ алтын не күмістен жасалған шашты бұйралайтын шпилканы, сүрмені сақтайтын қобдишаны және сол сияқты заттарды қолданбау керек.

Қорғасыннан, шыныдан, кристалдан, асылтастан жасалған ыдыстарды пайдалануға болады. Имам Шафии ондай ыдыстар алтын мен күміске ұқсап жалтырап тұратындықтан пайдалану әдепсіздікке жатады деп тұжырымдайды.

Алтын не күміспен әшекейленген ыдыстан сусын ішуге, ерге отыруға, орындыққа не диванға отыруға болады. Абу Ханифа күміспен әшекейленген ағаш ыдыстан сусын ішуге болады бірақ оның ерінге тиетін жері әшекейленбеген болғаны жөн деп есептейді. Атқа салынған ердің отыратын жері тегіс әшекейсіз болуы тиіс. Бұл ереже төсектің орынға және диванға да қатысты. Әбу Юсуфтың ұйғаруынша бұл

¹ «Макрух» «курита» етістігінің ырықсыз есімшесі болып табылады – «жек көрушілік», бұл сөз өте ұяң мағынада қолданылады және барлық әдепсіздерді білдіреді.

әдепсіздікке жатады. Бұған қатысты имам Мұхаммедтен қалған екі өсиет бар. Біреуі Абу Ханифаның пікірімен сәйкес келсе, екіншісі Әбу Юсуфтікімен тура келеді. Осындай әртүрлі көзқарас олардың арасында алтын және күміспен әшекейленген ыдыстармен орындықтарға, қылыштар, мешіттер, айналы терезелер және кітаптарға сондай-ақ үзенгілерге, әбзелдерге қатысты алайда мұндай әртүрлі көзқарас алтын мен күмісті белгілі бір заттан ажыратып алуы оңай болған жаңдайға ғана тән, ал оларды ажыратып алу оңайға соқпайтын кезде пайдаланылуға рұхсат етеді. Екі оқушының дәлелдеуі бойынша ыдыстың бір бөлігін пайдалану сол затты түгелдей іске асырған

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

есебіне кіреді, сонымен бірге мұндай кезде алтын мен күміс жалатылған затты іске қосу әдепсіздікке жатады деп есептеген. Сондай-ақ Абу Ханифа алтын не күміспен әшекейленген зат мәселен киілетін көйлек немесе көзіне алтын бөлшегі қойылған жүзік былайынша айтылғанымен пайдаланылғанда жұрт онша назар салмайтындай болса, оған рұхсат етілген.

Белгілі тағамды пайдаланудың заңды екендігіне куәлік берілген жағдайда оған сенім білдіруге болады. Егер біреу өзінің қызметкерін немесе жалданушысын ет сатып әкелуге жұмаса және ол иесінің айтқанындай етіп ет сатып алса, оны еврейден, христианиннен немесе мұсылманнан алғандығын сөзбен айғақтаса иесі оған сеніп етті тағамға пайдалануына болады. Бірақ әлгі қызметкердің ауызша айтқанына сене салға да болмайды. Алайда бұл жерде оның ақылдылығы мен діни көзқарас тұрғысынан алғанда алдауға болмайтындығына көп байланысты. Сондай-ақ аз ғана уақыт болса да өзара жиі қарым қатынас арқылы оның алдамайтындығына көз жеткізуге болады. Егер қызметкері керісінше иесіне етті қасиетті кітаптан хабары жоқ дінге сенбейтін адамнан алғандығын және сатып алынған ет мұсылман емес және қасиетті кітапқа сенбейтін адам өлтірген малдікі екендігін айтса онда иесіне әлгі етті жеуге болмайды. Сондай-ақ дінсіздің сөзінен еттің заңды не заңсыз жолмен келгендігіне айғақтайтын жайларды біоуге болады, және де оның еттің заңсыз екендігін айтқандығынан оның шын айтып тұрғанына көз жеткізу қиын емес.

Сыйлық құлдың немес төменгі жастағы жасөспірімнің қолынан қабылданылуы мүмкін. Егер құл немесе құл әйел, немесе жасөспірім танымал адамға бір затты әкеліп тұрып: “Бір кісі мына сыйлықты сізге беріп жіберді” десе, онда сыйлық иесі әкеліп берушінің сөзіне сенуі әбден мүмкін себебі сыйлықтар әрдейым осындай әкеп берушілер арқылы қолға тиіп жатады. Сонымен бірге егер осындай хабардың бірін жеткізуші құлға беріп, оған иесінің сауда жүргізуіне рұхсат бергенін ескертсе онда құл оған сенуі мүмкін немесе әлгі хабарды жеткізушінің сөзінің айғақтығына көз жеткізілмеген жағдайда істе кедергілер туындап, адамдардың өзара қарым-қатынасында қажетсіз қиындықтар көлденең тұруы мүмкін. “Джами-ус-Сагирде” айтылғанындай егер құлдықтағы қыз біреуге: “Мені иеленуші сізге сыйлық ретінде жіберді” десе онда әлгі адамның оны қабылдауға құқығы бар.

Сенуге болатын жанның сөзін уақытша қарым-қатынас кезінде қабыл алуға болады, бірақ оның рухани іске қатысы жоқ. Барлық уақытша қатынаста сенімді жанның сөзі қабыл алынуы мүмкін, бірақ рухани істе тек құрметті жанның сөзі құпталады. Бұл айырмашылықтың мәні мынада: уақытынша істей қарым қатынас барлық мазғаптағы адамдар арасында кездеседі; егер олардың арақатынастағы істерінде ақылды әрекеттенде жоғары (мысалы әділдік) онда бұл істе ығыстырып шығару сияқты жағдайлар туындауы мүмкін. Оны шеттету үшін бір адамның мейлі ол мейірімді немесе азғын, мұсылман немес дінсіз, ер немесе әйел адам болсын сөзіне сенуге болады. Керісінше рухани кейіптегі адам жиі кездеспейді ол үшін аса сақтық көзқарас керек рухани істе тек құрметті мұсылманның ғана сөзінің мәні бар деп есептеледі себебі шындықты айтпаған адам жалған сөзі үшін шүбә туғызады; заңға сенімсіздік танытушы сол заңға сүйенбей тұрып оны басқаға міндеттеуіне болмайды. Уақытша істе заңға сенбеушіге мұсылман жерінде атқарар ісіне орай уақытша болуға

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ғана рұхсат етілуі сондай-ақ оның ісінің қажеттілігіне ғана байланысты сөзін қабыл алуға болады.

Мінезі екі ұшты адам сияқты болған жағдайда. Мінезі белгісіз адам сенімсіз деп танылып іске байланысты сөздері қабылданбайды. Алайда “Захири-Риуаятында” күмән келтірумен дүдәмал оайлар бір затқа байланысты туындаған сұрақтарға сүйенуі тиіс. Басқаша айтқанда түспалданған жағдайлар болуы ықтима іспен үйлесім тауып жатуы мүмкін. Абу Ханифаның пікірінше мінезі дүдәмал адамның рухани істерге қатысты сөзіне сенуге болады.

Құрметті және еркін адамның, құлдың рухани істегі сөзі қабыл алынуы мүмкін. Еркін адамның және құлдың мейлі ол ер немесе әйел болсын егер олардың шындыққа деген өз көзқарастары болса онда сөздері қабыл алынады; себебі олар үмітті ақтай алады. Мынаны ескеру қажет жоғарыда айтылғанындай құлға сауда жүргізуге болатындығы жайлы иесі тұрғысынан рұхсат етілуі сыйлықтармен жолдаулар тағы басқа уақытша істерге тан нарселер деп есептеледі. Керісінше мысалы судың таза еместігі жайлы дерек руханилыққа тән жайтты аңғартады. Егер дерек жеткізуші құрметті мұсылман болса онда дерек алушы адам тазалау кезінде суды құммен ауыстыруына болады. Бірақ тазалауды сумен атқаруына болмайды. Алайда керісінше хабар жеткізуші мінезі күмәнді, дүдәмал адам болса онда хабар алушы істі талқыға салып алуы керек; егер ол хабар жеткізушінің шындықты көздеуші екендігіне сенім білдірсе онда дәрет алудың орнына таяммум жасауына болады. Егер ол хабар жалған болуы мүмкін деген тұжырымға келген болса онда сумен дәрет алуы керек. Шариғат тәртібінде солай; сондай-ақ өз тұжырымының тек болжамға негізделгені себепті сақтық үшін діреттен соң таяммум жасауы керек сонымен бірге заңды заңсыз деу нақты ұғым болмағандықтан әркімнің жеке көзқарасына ықпал ете алмайды керісінше құрметті адамның хабарлауы өзгенің жеке мүлкіне зиян тигізетіндей мағынада болса онда ол мәнсіз болып саналады; мысалы құрметті кісі белгілі біреу өзінің туған қарындасына үйленді деп хабарласа, бірақ оның күйеуінің мүлкіне шығын келетініне байланысты ол хабарға ешкім сенбеген жағдайда барібір ол өзі үйленбек болған қалыңдығының мүлкінен айрылуы мүмкін; немесе біреу құлдықтағы қызды сатып алған екінші біреуге ол өзінің туған қарындасы екендігін және ол еркіндіктегі әйел деп хабарлауы да жоғарыдағыға ұқсас жағдай.

Тойда болған кейбір жүгенсіздіктерді айтпағанда оған шақырту алу құрмет. Егер біреу үйлену тойы салтанатына шақыру алып, соған барса, сол тойда өзінен басқасының бәрі ән шырқап, би билесе ал ол тек соны қызықтап қана қайтса да оның сол тойға шақырту алғанының өзі мақтаныш. Мұндай шақыруды қабыл алу діни көзқараста дұрыс деп есептеледі. Себебі Пайғамбарымының өзі “кім шақырудан бас тартса, ол көрер көзге маған бағынбаған болып табылады” ол жерлеу рәсіміне қатыспай қала алмайтынындай ол тойды тастап кетпеуі тиіс. Егер ол сол тойдағы жүгенсіз қылықтарға тиым сала алатындай мүмкіндігі болса, оны жүзеге асырғаны дұрыс, ал егер ондай болмаса тыныш отырғаны жөн. Ал бұл тойда басқа біреу ардақты адам муктада¹ болса, және әлгі жүгенсіз, қылықтарды тиюға оның да шамасы жетпесе, онда оның тойдан кетіп қалғаны дұрыс, себебі мұндай жерде оның болуы оған деген өзгенің құрметін кемітеді. Ал егер жүгенсіздік қылықтар тамақтану кезінде болса онда да әлгі қадірменді адам сияқты өзгелердің де кетіп қалғаны жөн, себебі Алла Қасиетті

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Құранда бізді қаскүнем, жауыз адамдардың ортасында отырмауды бұйырады. Мұның бәрі тақырылған жанның ең бастысы тойға қатысуының дұрыс екендігін айғақтайтын жағдайлар.

Егер жүгенсіздік іс әрекет жайлы алдын-ала мәлім болмаған жағдайда. Егер жүгенсіздік іс-әрекеттер жайлы бұрын мәлім болса, онда тойға шақыруды доғарған жөн болар еді.

II Бөлім. Киім жөнінде

Әйелдерге жібек матадан тігілген киім киінуіне болғанмен, ал еркектерге лайық емес. Пайғамбарымның кейбір достары, соның ішінде Әлидің айтуынша бір күні Пайғамбарым келіп бір қолында жібек матаның бір бөлігі, екінші қолында бір кесек алтынды көрсетіп тұрып: “Осы екі затты менің ұрпақтарымның ішінде ер адамға пайдалануға болмайды, ал әйелдерге рұқсат” деген.

Жібекпен әшекейлерге рұқсат етіледі. Жібектің шамалы бөлігін мәселен көлемі үш немесе төрт саусақтың көлеміндей болса көйлектің бүрмешесіне пайдалануға болады. Пайғамбарым көйлекке тігілген үш немесе төрт саусақтың көлеміндей жолақтан басқа жібекті пайдалануға тиым салған. Пайғамбарымның өзі жібекпен әдіптелген киім киінген.

Жібек жастықты жастануға рұқсат. Абу Ханифаның айтуынша жастықты жібектен тігуге және оны жастанып ұйықтауға болады. Екі шәкірт бұл әдепсіздік деп тұжырымдайды; бұндай әртүрлі көзқарас есіктің жібек пердесіне де тән. Екі шәкірттің бұл зат жайлы екі мағына білдірген біріншіден жібекті пайдалануға Пайғамбарым тарапынан тиым салынған. Екіншіден жібек жастық пен пердені пайдалану тәкәппар жанға ғана

¹ Сөзбе-сөз – мінезінің киелілігімен ерекшеленетін өнегелі тұлға

айтуынша Пайғамбарым жібек жастықтың үстіне шығып отырған және ондай жастық Абдулла-Ибн-Аббастың диванында жататын еді деді.

Жібектен тігілген киім әскери адамға лайық. Екі шәкірттің пікірінше соғыс кезінде жауынгерге жібектен және атластан тігілген киім киюге рұқсат етіледі. Шаабидің айтуынша Пайғамбарым соғыс кезінде жібек киімді пайдалануды дұрыс деген. Ондай киіну кейбір жағдайда қажет, себебі ол қарсы шабуылдау кезінде қарсы жаққа күшті қысым көрсету мүмкіндігін тудырып, жаудың үрейін ұшырауға себепші болған. Абу Ханифа мұны әдепсіздік деп есептеп шелктен тігілген киімді киюдің ешқандай мезгілге немесе немесе оқиғаға қатысы жоқтығын айтқан. Жібектен және басқа тиым салынған заттарды тігілген бұйымдарды тек қажеттілік жағдайда ғана пайдалануға рұқсат етіледі; Шаабидің ескертуінше оған махлутпен тігілген киімдер ғана жатады.

Немесе жартылай шұғадан тігілген киім. Шұғадан және жібектен тігілген, сондай-ақ басқа да мәселен жүннен дайындалған киімдерді соғыс кезінде қажеттіліктен киюге болады; бірақ олар басқа кезде, яғни мәжбүрліктен болмаған жағдайда кию әдепсіздікке жатады; бұл ереже жібекке негізделген басқа киімдерге жатады.

III Бөлім. Әшекейлер жөнінде

Ерлерге мөр басылған сақина және қылыштардан басқа алтын және күмістен әшекейленген заттарды пайдалануға болмайды. Алтын мен әшекейленген жүзік тағы басқа заттарды Пайғамбарымның ескертуі бойынша пайдалануға тиым салынған. Алтынмен тең деп саналаып күміспен әшекейленген затты да қолдану дұрыс емес. Алайда алтынмен әшекейленген мөр басылған жүзікті, қылышты пайдалануға болатыны сияқты, күмісті де осы заттарды әшекейлеуге рұхсат етіледі. “Джами-ус-Сагирде” айтылғандай тек күмістен жасалған жүзікті ғана пайдалануға болады, ал тастан, Темірден және мыстан жасалса оған тиым салынған. Пайғамбарым бірде бір адамның қолынан мыс жүзікті байқап қалып оған “Мен суреттің иесін сезіп тұрмын” деген сондай-ақ темірден жасалған жүзік таққан екінші біреуді көрген Пайғамбарым: “Мен сенің саусағыңнан тозақтағы адамдарды көріп тұрмын” деген. Бұл айтылған жүзіктің көзіне қойылғаны емес, айналадыра әшекейленген затқа тиісті айтылған. Бұл сондай-ақ жүзік көзіне қойылған асыл тасқа тиісті. Алайда, жүзік тағушы ерлер көз салынған жүзіктің алақанда болғанына назар аударған ал әйелдер керісінше, себебі олар үшін жүзік әшекейлі затқа жатады. Үкіметтегілер мен соттардың жүзікті жағатын себебі олардың мөр басатын кездері болады. Ал басқа адамдардың тақпай-ақ қойғандары дұрыс себебі олардың жүзік тағуында ешқандай мақсаты жоқ.

Жүзік көзі алтыннан болған жағдайда. Егер алтынның шамалы бөлігі жүзікке салынса оған рұхсат себебі алтын жүзікке ғана тән нәрсе.

Күмісті пайдалануға болатын жағдайда алтынды қолдану дұрыс емес. Абу Ханифаның пікірінше тісті¹ алтын жіппен орауға тиым салынған.

¹ Бұл жоғалған тістің орнына жаңа тісті қою үшін жатқызылады.

Имам Мұхаммед бұл тәжірибеге қарсылық білдірмеген. Абу Юсуф бұл жайлы екі ұдай пікірде болған бірі Абу Ханифаның айтқанын қолдаса, ал екінші пікір бойынша Имам Мұхаммадты дұрыс деп тапқан. Екі оқушы өз пікірінің дұрыстығына көз жеткізу үшін Ассада ұлы Арифаның басынан өткен жағдайға сүйенген. Гүлабада болған соғыста жараланып мұрнынан айырылған, сойтіп оған күмістен жасалған жасанды мұрын салынған. Бірақ бұл мұрыннан жағымсыз иіс шығып тұрған, сондықтан Пайғамбарым Арифжеге алтыннан мұрын жасатып алуға бұйырған. Абу Ханифа алтынды пайдалану заңсыз оны тек мәжбүрлік жағдайда ғана қолдануға болады деген; алтынды күміспен ауыстыруға болатындықтан оны пайдалануға тиым салынған күйде қалады. Жоғарыда келтірілген мысалдан күмістен жағымсыз иіс тарайтындықтан, кейбір жағдайларда алтынды пайдалануға тура келеді.

Балалар сәнді киім киюге үйір болмауы тиіс. Кімге болсада өз балаларына алтынмен әшекейленген киім кигізу әдепсіздікке жатады. Бірақ көпшілігі егер дәстүрімізге сай қажетті кезде сәнді киіну әдепсіздікке жатпайды деп пайымдайды. Бұл жалпы ұғым болғанымен, алайда оны жұртқа мақтангершілік үшін көрсетсе және иегіне дейін аяғын көтеретін екі қолынан¹ құшып отырса ол әдепсіздікті білдіреді.

Саусақты жіппен орауға немесе басқа адамға тиісті іске байланысты жүзік тағуға рұхсат етіледі.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

IV. Бөлім. Жыныстық қатынас пен қозқарастар және адамдармен қарым-қатынас туралы

Ерлер басқа әйелдерге сондай-ақ оның жүзіне, қолына немесе аяғына көз салмауы тиіс. Әйелдің ерлермен бәрге жұмыс істеуі, бір-біріне алып-беру сияқты қарым қатынаста болуы әдеттегі жәйт; сондай-ақ дене мүшелеріндегі жасырын жерлері олардың ыңғайсыздық күйде болуға әдеттендірсе де, кей жағдайларда сол ұятты жерлерін жасыра алмай қалатын кездер де болады. Абу Ханифаның пікірінше кейбір жағдайларға байланысты әйелдердің аяғына қарауға болады. Сондай-ақ Абу Юсуфтың айтуынша әйелдің иығы кейбір жағдайларда дәстүрге байланысты ашық болған кезде оған қарауға рұхсат етіледі. Егер ер адам нәпсіқұмарлықтың жетегінде жүрген болса, кейбір мәжбүрлік жағдайларда болмаса әйелдің бетіне де қарауына болмайды.

Ер адам (егер жас босла) бөтен әйелге қол тигізуіне болмайды. Ер адамға тіпті ол қаншалықты нәпсіқұмар болса да бөтен әйелге қол тигізуіне болмайды, себебі Пайғамбарым айтқан: “Кімде кім бөтен әйелге қол тигізетін болса, есеп беретін күні оның қолы отпен күйдірілетін болады”. Бұл әсіресе әйел жас болған жағдайда; егер әйел егде тартқан болса ол нәпсіқұмарлыққа бой алдыра қоймайтындықтан сәлемдесу кезінде қол ұсынуына болады;

¹ Яғни кімде-кім осындай негізді көрсетілім үшін отырған болса, онда бұл әдепсіз; бірақ демалу үшін осылай отыруға рұхсат етіледі.

немесе ер адам әйелді желіктіретіндей қуаты жоқ қарт кісі болса оған әйелге қол беріп амандасуға болады.

Әйел жынысты сәбиге қол тигізуге және қарауға болады. Жыныстық сезімі оянбаған жас қызға қол тигізуге әрі қарауға болады, себебі олардың бойында сезімді оятарлықтай қауіп жоқ.

Өзінің сот немесе куәгер ретіндегі міндетін атқару кезіндегі әйелге қатысты соттың сақтай білу ережесі. Бейтаныс әйелге істеген әрекетіне сай үкім шығарар кезде қазы нәпсіқұмарлық желігінің қауіпсіздігіне қарамай әділдік танытуы қажет; оның шығарған үкімі басқа адамдардың хұқығына зияны тимейтіндей болуы керек. Куәгерлер өз айғағын айту кезінде талқыға салатын істің, әділ шешілуін күтеді; сол үшін оларға байланыс әйелге қатысты мәселені талқылау кезінде оның жүзіне қарауға рұхсат етіледі. Алайда нәпсіқұмарлық желігіне бой алдыруы мүмкін деген қауіп бола тұрып әйелді көруге бола айғақ беруге келіскен ер адамға рұхсат беруге болмайды; бәлкім мұндай желікпеліктен оулақ куәгерлер табылып қалуы да мүмкін. Айғақтар шындыққа сай келгендегі тұжырымнан әділі жоқ.

Әйелге үйлену жөніндегі ұйғарымға келгенде ғана оған қарауға болады. Қаншалықты құштарлығын арттыра түссе де оған үйленетіндей болған жағдайда ғана ер адам әйелге көз салуына болады.

Дәрігер әйелді емдеу кезіндегі сақтауға тиісті ереже. Дәрігер бөгде әйелді емдеу кезінде оның ауырған жеріне қарауына болады. Егер ол бөгде әйелге дәріні қалай қолдану жөнінде ұсыныс жасаса немесе бір жынысты жандар бір-біріне қараса оның ешқандай сөкеттігі жоқ. Егер ол ем қолдану үшін лайық әйел таппаса, онда

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

емделуші әйелдің ауырған жерінен басқа барлық денесін жауып қою керек, сөйтіп ауырған жерді емдеу үшін оны көруіне болады.

Ер адам басқа еркектің денесінің кез-келген жеріне (жалаңаш кезінен басқа) қарауға болады. Ер адам басқа еркектің дене мүшесінің кез-келген (кіндіктен тізеге дейінгі жерін қоспағанда) қарауына болады, себебі Пайғамбарым былай деген: “Жалаңаш еркек кіндіктен тізеге дейін сүртінеді”. Ал басқа бір өсиетінде айтқанындай: “Кіндіктен төмен” дегеннен кіндік ұятты жерге жатпайды, ал тізе жатады. Алайда бұдан шығатын тұжырым бойынша: тізені көрсету, санды көрсетудің қасында маңызды емес, ал санды көрсету жалаңаш денені көрсетуден маңызды емес. Егер тізесін көрсетсе адам жеңіл шараға, ал санын жалаңаштаса қатаңдау шараға, жалаңаш денесін көрсетсе қатаң жазаға лайық боп табылады.

Ер адамның денесіне басқа еркектің қарауына, тіпті қол тигізуіге болады.

Әйел де ер адам денесінің жалаңаш кезін қоспағанда кез келген мүшесіне қарауына болады (егер ол нәпсіқұмарлықтан аулақ болса). Әйел ер адамның (кіндігімен тізесінің арасын қоспағанда) денесіне қарауына болады егер өздері нәпсіқұмарлықтан аулақ болса, әйтпесе ер мен әйел ұятсыз әрекеттен қашпайтын жандардың қатарына қосылады. (“Майсутт” басқа ерекше қараған әйел, өз туысқанына көз салған еркекке назар аударғандай болып табылады; қандай жағдайда да ер адамның өз құмарлығын арттырмау үшін оның арқасында немесе ішіне қарауына болмайды, делінген). Алайда ер адамның тартымдылығы өзіне баурап ұстамдылығынан айырар құштарлыққа беріліп кетердей болса ондай сәтте әйелдің көзін жұмып, бөгде ер адамға назар аударудан қашқақтағаны жөн. Сондай сәттерде әйелдің бойын нәпсіқұмарлық билеп алуы мүмкін және де ондай кез оған зор әсер етуі ықтимал; сондай-ақ мұндай жағдай ер адамда да туындаса онда бұл екі адамның бір мақсатты көздеуіне барып ұласуы мүмкін; бірақ соңғы нәтижесінде осы көзқарастың себебінен екі жақтың да әрекеті заңсыздыққа ұшыратпасына кім кепіл?! Сондай-ақ кей жағдайда құштарлыққа ер емес әйел адам ғана берілсе онда ол кездегі әрекетті заңсыз деуге келмейді себебі ондайда бір адамның ғана құштарлық жетегіне кеткендігі болып табылады.

Бөгде әйел денесінің белгілі бір бөлігіне көз салу. Әйелге бөгде әйел денесінің кіндігінен тізесіне дайінгі тұстарынан басқа кез келген бөлігіне қарауға болады. Бұл Әбу Ханифа айтқан пікірге сәйкес келеді; алайда келесі бір пікірінше бәр әйелдің екінші бір әйелге қарауы, ер адамның өз туысына көз тастағанына тең, ондай кезде әйелге басқаның арқасына және ішіне қарауға рұхсат етілмейді. Осы екі пікірдің алғашқысы көңілге қонымды деп есептеуге болады.

Ер адам өзі әйелі және құлының кез-келген дене мүшесіне қарауына болады. Ер адам өз туысынан басқа өзінің қарамағындағы құлдықтағы қыздыуң кез келген мүшесіне қарауына болады; сондай-ақ қаласа өз әйелінің кез-келген мүшесіне көз салуына болады, себебі Пайғамбарымыз айтқан: “Өз әйеліңнен және құлыңнан басқа бәрінің алдында көзінді жұм”. Егер ері не әйелі денесінің ұятты жеріне қарамаса ол өте дұрыс. Пайғамбарым айтады: әйелмен ыныстық қатынас кезінде көзіне көбірек түспеуге тырысу керек, ол кезде жалағаш болмау керек, себебі ол есектің әрекетіне тән болып кетеді.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Ер адам өз туысына қарауына болады. Ер адам өз туысының жүзіне, иығына және аяғына қарауына болады. Әдет ғұрып бойынша туыстар бір-біріне ескертусіз және ұялмай-ақ қыдырыстай алады және әйелдер үйінде жұмысқа ыңғайлы киімдерін киіп қарапайым түрде жүре береді, өйтпеген жағдайда дененің көзге түсетін жерлерінен қысылып, олар: қатты ұялуға мәжбүр болар еді. (Мынаны байқау керек “туысқан” деген сөзге бәрі де кіреді, алайда барлық жағдайда да қандас туысқа үйленуге болмайды).

Туысқан ер мен әйел бір-бірінің қолынан ұстауына болады (егерде құштарлығын тудыратындай қауіп болмаса). Туысқан адам денесінің кез келген жеріне көз салуға және қол тигізуге болады егерде құштарлық тудыратындай қауіп болмаса әйтпесе қарау, қол тигізу дұрыс деп саналмайды.

Оңаша бірге отыру немесе қыдыру. Ер адам өз туысымен оңаша бірге отырса немесе қыдырса ешқандай сөкеттігі жоқ, Пайғамбарым былай деген “Бірде бір әйел егер өз күйеуі немесе туысы болмас, үш күн не үш түннен артық қыдыруына болмайды; егерде бұл жағдайда әйелге атқа отыруға немесе түсуге тура келсе онда ер адам оған көмектесу кезінде арқасынан және ішінен ұстауына болады, сондайда ер адам өз сезіміне берілмеуі тиіс; әйтпесе ол қол тигізуге сақ болғаны жөн”.

Ер адам басқа құлға өз туысына қарағандай қарауға болады. Өз туысының дене мүшесінің қарауға болатын бөлігіне көз салғандай ер адам бөгде құлға мейлі ол толықтай құлдықтағы әйел, мудаббара, мукатаба, немесе умми-валяд болсын қарауына болады. Құлдықтағы әйел есебінде ол өзі қожайынның жұмысын атқару үшін әрі оған келген қонақтарға қызмет көрсету тұрғысында орамал тартып жүруге мәжбүр, үйден тыс жерде ол өзін бөгде адам ретінде ұстаса және де үйден тысқара жерде осы үй иесінің туыстарындай ерікті сезінеді. Бір өзі жеке болғанда немесе өзге құлмен қыдырғанда көптің айтуынша мұндай жағдайда туысқанына рұхсат етілгендей мүмкіндік беріледі. Базбіреулер мұны қажеттіліктен болған жағдай болмағандықтан орынсыз деп санайды. Имам Мұхаммад “Мабсутта” айтқанындай әйел атқа отырарда немесе одан түсерде көмектесу егер ол соны қажет етсе ғана рұхсат.

Және әйелді сатып алғысы келгенде ғана оған қол тигізуге болады. Ер адам құл әйелді сатып алғысы келгенде нәпсіқұмарлығының артқанын аңғара тұрса да оған қол тигізе алады. “Кудурдің” қысқартылған нұсқасында осылай дейді. Имам Мұхаммад “Джами-ус-Сагирде” нәпсіқұмарлықты арттыруы мүмкіндігіне қарамай осы пікірді қоштаған. Екі шәкірт нәпсіқұмарлықты арттыруы мүмкін екендігіне қарамай қажеттілікке сай сатып алу кезінде құлдықтағы қызға көз салу керек бірақ құштарлығын оятып, немесе қоздырғыштығын арттыруы мүмкін деген қауіппен тигізуге әрі көз салып қарауға болады.

Құлдықтағы ересек әйел әдептілікке тән көйлек киюі керек. Құлдықтағы әйел ересек шаққа жеткеде бір киіммен қалдыруға болмайды; керісінше дене мүшесінің құпия бөлігі болып саналатын арқасы мен ішін жауып жататын екі жамылғышы болуы керек. Сонымен бірге Имам Мұхаммадтің айтуынша құл әйел ересек жасқа, жеткенде жалғыз іш көйлекпен жүріп ешкімге көрінуніе болмайды, себебі ол өзінің нәпсіқұмарлығын арттыруы мүмкін.

Бұл ережеге байланысты қызтеке мен еркек адамның арасында айырмашылық болмайды. Еркектігі жоқ ер адам еркек сияқты деп есептеледі оғанда

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ер адамға тиым салынғаны сияқты тиым салынады бәлкім ол жыныстық қатынасқа жарамды болуы да мүмкін. Еркектігі жоқ ер адамға да осылай деуге болады бәлкім ол да еркектігі жарамды жан болуы мүмкін.

Құл өзі бағынышты әйелдің мырза әйелдің бетіне және қолына қарауына болады. Құл басқа әйелге көз салғандай өзі бағынышты мырза әйелдің бетіне және қолына қарауына болады. Имам Мәліктің пікірінше тиым салынған кездерде құлға өз қожайының туыстарындай мүмкіндік берілуі (Имам Шафии де осындай пікірде) себебі мырза әйел оны өз мырзасының туысындай әрі өз еріндей қатынаста бола алмайды; сондықтан кейде өз иесіне құштарлық сезімде болуыда мүмкін тіпті араларына ерлі-зайыптылық жағдай туындап (егер құл еркіндікте жүрсе) құл үйден тыс жерде жұмыс істейтіндіктен өз иесінің рұхсатынсыз-ақ емін-еркін кездесе алады.

Ер адам өз қол астындағы құлдықтағы әйелмен кез кезген кезде байланысып құштарлық сезімін қанағаттандыра алады. Ер адам өз қаласындағы құлдықтағы әйелмен оның келісімінсіз-ақ байланыса алады, бірақ мұндай жағдайда өз әйелімен екеуінің арасында болса оның келісімін алуы керек. Мұның себебі Пайғамбарым ерікті әйелмен оның келісімінсіз байланыста болмауы керектігін ескертсе, ал құлдықтағы әйелмен емін-еркін байланыста бола алатынын жөн көрген. Сондай-ақ ерікті әйелге ер адаммен байланыс жасау өз құштарлық сезімін басу әрі ұрпақ көру үшін болса (ері жарамсыз және қабілетсіз болуы да мүмкін) ал құлдықтағы әйел ондай мүмкіндікте бола алмайды. Ер адам өз әйелімен арадағы хұқығын бұзуға хақысы жоқ ал құлдықтағы әйелмен шектеусіз байланыса алады. Егер ер адам құлдықтағы бөгде әйелмен некеге тұрса, онда ол сол әйелдің қожайының келісімінсіз байланыста бола алмайды.

V Бөлім. Истибр немесе әйелдің тазалануын күту

Сатып алған құлдықтағы әйелдің тазалану кезеңі біткенше ер адамның онымен байланыста болмағаны абзал. Ер адам әйелді құлдыққа сатып алғаннан кейін келесі біреуді сатып алғанша онымен байланыста болуға немесе қол тигізуге сүюге немесе ұятты жерлеріне қарауға болмайды. Пайғамбарымыз жүкті әйелмен алғашқы менструациясы келгенше байланыста болмауы бұйырған. Бұл өз меншігіндегі жанның басты міндеті болса, иеленушіге де бұл басты нәрсе. Бұндай тиым салудағы мақсат әйелдің жүкті болып қалмағандығына көз жеткізу.

Алайда бұл міндет сатушыға емес сатып алушыға тән. Тазалануға дейін ұстамды болу сатушы үшін емес сатып алушыға міндет. Бұл міндеттің басты себебі сол сатып алудан туындайтын; сатушы емес әрдайым сатып алушы өз ойын жүзеге асыруды көздейді, сондықтан бұл міндетте соған жүктеледі. Егер оның көңіл қалауы ішкі жан дүниесімен байланысты болса, онда ол ойдың іске асуы оның анық-қанықтығына көз жеткізуімен жүзеге асады. Алайда қалаған айдың іске асуы оның көңіл қалауына айғақ. Ал мұндағы мүмкіндіктер жекеменшіктілік пен иеленушілік салдарынан туындайды ендеше ұстамды болудың жағдайы солармен тікелей байланысты. Сондай-ақ негізгі міндет жеке меншік иесіне жатады. Мейлі ол сату сыйлау, мұрагерлік, келісім жолымен болсын оның жыныстық байланыста болуға тыйым салынады. Және осының салдарынан бұл қарсылық құлды жас баладан сатып

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алған тұлғаға жазылған, немесе әйел немесе құлды сатуға¹ рұқсат етілген немесе онымен жыныстық қатынасқа түсуге заңмен тыйым салынған тұлғаға. Мұндай тыйым салу сатып алынған құлдық бойжеткен болған жағдайда басты міндет болып саналады.

¹ Сатуға рұқсат етілген құлдың күнмен жыныстық қатынас жасауға құқығы жоқ екендігі болжанады, өйткені ол сататын немесе сатып алатын мүлік оның мырзасының жекеменшігі болып есептеледі.

Құлдыққа сатып алынған әйел тазалану жағдайында болса онда сатып алушы оның келесі тазалану сәті аяқталғанша күтуі керек. Егер біреу құлықтағы әйелді менструация кезінде сатып алса онда бұл кездегі тазару оның ұстамды болуына қатысы жоқ. Құлдықтағы әйелдің біреудің меншігіне көшуі мен жеке меншіктік міндеттің тууы кезіндегі менструацияның ешқандай ол істерге қатысы жоқ. Жеке меншіктік міндетпен иеленушілік тазалануға қатысты талаптан туындайды және бұл міндетті сақтау жеке меншіктілік пен иемдену кезінде басты мәселе болып саналады ал бір жағдайлар бола қалған жағдайда ол тергеу арқылы анықталады. Құлдың сатылуына рұқсат болмаған жағдайда ол тергеу арқылы анықталады. Құлдың сатылуына рұқсат болмаған жағдайға қарамай, оған сатып алушы иелік етсе және ол кезде құл тазалану сәтінде болса оның мәселесі де жоғарыдағыдай тәртіппен қаралады. Сатып алу келісімі заңсыз болған жағдайда қарамай құлды иеленушілік орын алса сондай-ақ құлды заңды келісіммен сатып алғанға дейін тазарту сәтті туындаса да белгілі тәртіпке бағынуға тура келеді. Бұл екі жағдайда да менструацияны тоқтатуға болмайды.

Құлды ортақтасып иеленушілердің бірі өз үлесін иелену үшін оны сатып алса онда оның келесі тазалануын күту керек. Егер құлды ортақтасып иеленушілердің бірі өз үлесін иелену үшін оны сатып алса, онда одан ұстанымды болып талап етіледі.

Құлға байланысты сақтауға тиісті құлды сатып алса немесе сыйлық, ретінде қабылдаса сонда кейін құлдықтағы әйел оның иелігіне өткеннен кейін менструация күйі кшсе, ал одан кейін мұсылмандықты қабылдаса немесе біреу құлды сатып алып одан мукатабай жасаса, ал құлдықтағы әйел иеленушісінің қарамағына өткеннен кейін және менструациядан кейін өтем ақысын төлей алмаса онда сол менструация тазалану жөніндегі талаптың орындалғандығына айғақ болады.

Қуң қашып кетіп, қайтадан иесіне қайтарылса немесе біреу оны жалға берсе немесе кепіл төлем ретінде берілсе, содан кейін сатып алса онда ұстамдылық талап етілмейді.

Бірлескен әрекет заңсыз болғанда сезім еркіне берілуге тиым салынады. Қандай жағдайда болмасын ұстамды болуға ұйғарылған және бірлескен әрекетте тиым салынған кезде әсерленуге және сезімталдыққа берілуге, сүюге және құшақтауға болмайды, себебі ол заңсыз әрекетке барған болып табылады. Оған қоса өзге меншіктегіні иелену мүмкіндігіне ие ете алатын әрекетке баруға болатын да жағдай бар. Әрине ол құл әлі сәбилік шақта болса және сатушының оған деген дәмөгейлік ниет білдірсе. (Имам Мұхаммедтің пікірінше құлдықтағы қызды аймалауға болады).

Жүкті әйелдер ауыртпалықтан рұқсатпен ғана тазарады, ал бой жетпеген қыздар – бір айдың өтуімен тазарады. Кәмелеттік жастан асқан бір ай болған

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

қыздарды қоспағанда, жүкті әйелдер ауыртпалықтан құтылу үшін тазаланады, құлдықтағы әйелдің тазалануы ауыртпалықтан құтылу үшін естілсе, ол ай өтседе менструациясы келмеген қыздардікі уақыт күтуге келгенде иддат¹ кезеңіндегі әйелдің жағдайындай. Егерде айлық мерзімі біткенше менструациясы келсе онда айлық мерзімі бітуіне байланысты тазалану бір істі жүзеге асырудағы негізгі мақсат уақытының келуі жағдайын өзгерте адмайды.

Меструациясы келмейтін кемелденген шақтағы әйелдің міндеті. Егер жасы кемелденуіне байланысты менструациясы келмеген құлдықтағы әйелмен оның жүкті емес екендігі анықталғанға дейін жыныстық қатынасты тоқтата тұру керек, ол одан кейін барып онымен байланыс жасау заңды болып табылады. (Бұл пікір Абу Ханифаның Захир – Руаятында келтірген).

Ұстамдылықты сақтай білудің әдістері. Ұстамдылыққа бейімделу жөніндегі Абу Юсуфтың пікіріне Имам Мұхаммед қарсы ой айтқан. Өз пікірлерін дәлелдеу жөніндегі кітапта айтылған. Сатылудан бұрынғы құлдықтағы әйелмен оның иесі менструациядан кейін ешқандай байланыста болмаған жағдайда Абу Юсуфтың пікірі қазылардың үкімімен расталған және оны Имам Мұхаммедтің қарсы пікірімен салыстыра отырып шешкен. Бұл жағдайлар сатып алушы бұрын басы бос әйелге үйленбеген болса және де иеленуші құлдықтағы әйелге үйленіп кейін оны сатып алған жағдайларға байланысты шешімін тапқан. Егер ол басы бос² басқа әйелге үйленбеген жағдайда, сатушы құлды сатқанға дейін немесе сатып алушы оны иеленгенге дейін басқа біреуге тұрмыс құруға шешім қабылдаса (егер онымен байланысты болмай онымен ажырасуға барса); содан соң әлгі адам бірінші жағдайда құлды сатып алса³ немесе екіншіден ері онымен ажырасуға келісімін берген құлды иеленуге кіріссе. Ұстамды болудың сәті туғанда (яғни ол жеке меншіктік және иеленушілікке алғаш рет ие болғанда сатып алушыға құлмен байланыста болуға тыйым салынады), алайда құл өзінің заңды меншігінде болғанда ұстамды болудың қажеті жоқ; дегенмен бір себептің туындауына себепші болған уақыт пен жағдайға көңіл аударуға тура келеді; иддат кезеңіндегі құлды сатып алып оған иелік етушіге белгілі бір себептің туындауына байланысты құлды меншіктенуі заңсыз болса да иддат мерзімі біткеннен кейін ұстамды болу талап етілмейді.

Зихаралық дәрежедегі адамның күнәсі толық өтелгенше өз әйелімен байланыста болуға хақысы жоқ. Өз айыбын өтегенше кінәлі адамның өз әйеліне әдепсіз сөз айтуға, оның дене мүшелеріне ынталана қарауға жыныстық қатынас жасауға немесе сүйуге не қол тигізуге хақысы жоқ. Оның құлдықтағы әйелмен өтелімі біткенге дейін байланыста болуға құқығы жоқ, сондай-ақ оны аймалауға да болмайды; сол сияқты итикаф¹³¹

¹Бұл жерде текстіде аз ғана дәл еместік келтірілген, өйткені күң үшін иддат уақытында етеккірге ұшырамаған жарты айға тең келеді.

²Бұл шарт осы жерге қойылады, өйткені мұсылман үшін күнге үйлену заңсыз, ол алдында азат етілген әйелге үйленген болса.

³Бұл жерде неке ұстамды болу міндетінен босатады.

⁴Итикаф рамазан айының соңғы он күнінде едәуір тақуалы мұсылмандармен жаттыққан діни әдет ғұрып болып табылады: олар осы уақыт аралығында оны табиғаттың тұтынуын қанағаттандыру үшін ғана қалдыра отыра және осы уақытта кез келген ғанибеттен бас тарта отырып мешіттерде қалады.

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

және ихрам кезінде немесе ері басқа әйелмен жыныстық қатынас жасаған кезде әйелі иддатты сақтау керек ол кезде ері онымен байланыста болмауы тиіс және сол ерінің нәпсіқұмарлыққа апаратын жағдайлардан аулақ болуы керек.

Тағы бір жағдай менструация кезінде байланыста болуға тиым салынсада аймалау дұрыс деп саналады, себебі менструация өмірдің біраз бөлігін әкетумен бірге жиі әрі ұзақ уақыт болады. Егерде бұл кездерде аймалауға тиым салынса онда адамдардың рахаттану сәттеріне оның ықпалы тиер еді.

Апалы-сіңлілі екі құлдықтағы әйелдердің бірін аймалау сәтінде және онымен байланыста болар алдына екіншісінен қастарында болмауын талап ету керек. Егер құштарлыққа берілген біреу екі апалы-сіңлілі құлдықтағы әйелдермен өбіскенмен оның біреуімен жыныстық қатынаста болды және өбісіп әрі қолын тигізуі үшін екіншісінен қол үзуі тиіс, яғни оны басқа біреудің меншігіне өткізуі тиіс немесе бостандыққа жіберуі керек. Өйтпеген жағдайда екеуімен бірдеу жыныстық қатынаста болуға аймалауға болмайды. Екеуінің біреуі заңсыз деп есептелсе, оның басқа біреумен заңды болуына рұхсат етіледі. (Бұл жағдайда құлдықтағылардың бір бөлігін басқаға табыстау арқылы басқа барлық құлдарды оны¹ иеленудегі заңсыздығына қатысты анықталады яғни олардың бостандығы немесе мукатаб жағдайына келтірілуіне сәйкес келеді). Керісінше егер ол екеуінің біреуін жалға немесе кепілдікке берсе, болмаса одан муддабар жасаса, онда екіншісі оған заңсыз болып саналады яғни бұнысымен оған меншіктік хұқығы берілмейді. Егер ол екеуінің біреуін жалған келісіммен басқаға қалыңдыққа берсе, онда мұнысымен екіншісін иелену құқығынан айырылады, себебі құлдықтағы әйел иддатты болып есептеледі ал бұл заңды некеге жататындай жағдай егер оның бұрынғы иеленуші мырзасының оны иелену заңсыз болған кезде ғана туындайды. Егер ол екеуінің бірімен жыныстық қатынаста болса, онда онысын әрі қарай жалғастыруына болады; бірақ ол енді екіншісімен байланыста бола алмайды, өйтпеген жағдайда оның екеуімен де байланыста болу заңсыз болар еді, бірақ оның біреумен байланыста болуы еркінен айыра алмайды.

Сөйтіп бір-бірімен осындай туыстық дәрежедегі екі әйел апалы-сіңлілі болғандықтан бір адаммен некелес бола алмайды, оған жоғарыда келтірілген мысалдар дәлел.

Ер адамдардың бір-бірімен сүйісуге не құшақтасуына болмайды. Ер адамның басқа біреудің бетін, қолын және басқа жерін сүю әдепсіздікке жатады; құшақтасуда әдепсіздікке саналады. Имамдар Абу Ханифа мен Мұхаммедтің пікірлері осындай Абу Юсуф адам бір-бірін сүюі және құшақтауы әдепсіздікке жатпайды деп есептейді себебі Джаффар Абиссиниден келгенде Пайғамбарым оны құшақтап екі көзінің арасынан сүйген. Имам Абу Ханифа мен Мұхаммед өз пікірлерінің дұрыстығын

¹ Яғни сіңлілердің біреуі ол үшін бірдей заңсыз болады (немесе тыйым салынған) (сәйкесінше, басқа сіңлісімен байланысы заңды болады) сату немесе жекеменшік құқығы беру жолымен бөлшектеп және жекеменшікті толық беру жолымен.

нақтылау үшін Пайғамбарым сүюге және құшақтауға тыйым салғанын айтқан. Ал Абу Юсуфтың айтқан дәлеліне келсек Пайғамбарым оны тыйым салғанға дейін болған жағдай екенімен дәлелдейді, заңгерлердің пікірінше ғалымдардың арасындағы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

құшақтау жөніндегі тұжырымдар ер адамның дұрыс киінбеуінен туындайды; барлық ғалымдар пікірінше ішкі және сыртқы киімдерді киіне білу дұрыс пікір қалыптасуының бірден-бір кепілі.

Бірақ олар қолалысып амандаса алады. Қол алысып амандасуға болады; бұл турасында Пайғамбарым былай деген: “Кімде кім өзінің мұсылман ағасымен қолалысуда қолын сілкілеп амандасса оның күнәсі кешіріледі”.

VI Бөлім. Сатылым кезінде сақтауға тиіс ережелер туралы

Қиды сатуға болады, бірақ адамдікін емес. Қиды сату өте ыңғайсыз саудаға жатса да ал адамдікін сату әдепсіздікке жатады. Имам Шафиидің пікірінше қиды сату әдепсіздікке жатады себебі ол адамдікімен ұқсас немесе өлген малдың терісінен бөлінбегені тәріздес болғаны себеп. Ханифиттердің дәлелдеуінше қидан пайда келтіруге болады, ол жердің құнарлығын арттыратын бірден бір қорек. Қи пайда келтіретін бірден бір сатылымға лайық зат.

Егер ол топырақпен араласпаса. Қи топырақпен араласпаса пайда әкелмейді, Имам Мұхаммедтің айтуынша бұл жағдайда сауда заңды¹ болады.

Сатушының куәләндіруіне сүйене отырып құлды сатып алуға және онымен қатынасты болуға болады. Егер біреу басқа біреудің құл сататынын және ол құлдың үшінші біреудің иелігінде екенін білсе, ал бірақ сатушы “оның өз иелігінде екенін сондықтан оны сата алатынына” куәлік берсе онда құлды сатып алуына және онымен жыныстық қатынаста болуына болады. Сондай жағдай сияқты егер сатушы құлды басқа біреуден сыйлық ретінде алғанын немесе сатып алғанын айғақтаса, ондай кезде сатушының беделді және сенімді болуы немесе сенімді болмағанда оның шын айтып тұрғанына сатып алушы сенсе онда алуына болады ал егер сенбесе сатып алуға хақысы жоқ. Осыған ұқсас жағдай егер сатып алғанын естісе. Екінші бір жағдай егер сатып алушы құлдықтағы әйелдің басқа біреудің иелігінде екенін білсе, бірақ сатушы ол туралы және құлға қандай жолмен иелік еткені жайлы айтпаса онда мәселе анықталғанша құлды сатып алуына болмайды өйтпеген жағдайда басқа біреудің иелігіндегі құл сол адамның меншігіндегі болып есептеледі. Егер керісінше сатып алушы құлдың басқа біреудің меншігінде екенін білмесе оны сатып алуына болады, алайда сатушы жалған іс әрекетпен ұятсыздыққа барса сөйтіп құлды өзінің иелігінде етіп көрсету арқылы саудаласса онда барлық күмән келтіру немесе солай болуы мүмкін деген тұжырым қашан заңды дәлелдемелер болғанша өз күшін жояды. Алайда сатушының құлдың иесі емес екендігі анықталған жағдайда, ақылға сала

¹ Өйткені осы жағдайда топырақ, немесе тыңайту құралдары сатылады, ал нәжісі тек оның керек жарағы болып табылады. отырып алу жүзеге асқан жағдайда, оның заңды негізде болуын көздеу керек, себебі ол заңды дәлелдемелермен ғана дұрыс болады.

Егер сатушы құл болса, онда сақтық шаралары пайдалана отырып шешім жасау керек. Егер құлды сатушының өзі құл немесе құлдықтағы әйел болса, оны қабыл алмауға болмайды, бірақ жағдайды анықтамай саудаласуға асықпау керек өйткені біреудің меншігі меншік иесі бола алмайды сондай-ақ құл да басқа біреудің иелігіне жатады. Алайда сатушы “өзінің иесінің сатуға рұхсат бергенін” мәлімдемесе онда оның айтқанын қабыл алуға болады егер ол құрмет иесі және сенуге тұрарлықтай

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жан болса; ондай болмағанда сатып алушы болуы мүмкін деген ықтималдыққа сенім артады; ал егер оның сатушы жөнінде толық мәліметі болмаса онда сатып алушы құлды сатып алмауы керек және сатушының құл жөніндегі хабарламасын қабылдамауы тиіс.

Әйел өзінің жесір екендігі және ажырасқандығы жөнінде сенімді мағұлматқа ие болғаннан кейін (иддатты сақтай отырып) некеге тұруына болады. Егер құрметті және сенімге ие болған біреу әйелге күйеуінің өлгенін немесе үш рет ажырасуға ниет білдіргенін хабарласа, немесе күйеуінен одан ажырасатындығы жөнінде хат әкеліп тапсырса, ал әйелі хатты күйеуі жазған-жазбағанын білмесе де сенсе, онда әйел иддатты болуы керек және содан соң некеге тұрса болады өйткені мұндай кезде бұрынғы некені бұзатын жағдай туындайды және бұл жағдайдың растығына ешкім күмән келтіре алмайды. Сондай-ақ егер әйел өзі тұрмысқа шығатын еркекке күйеуінің ажырасу жөнінде ұсыныс жасағанын айтса және содан бергі кезеңдегі ерлі-зайыпты мерзімі бітті деп есептесе онда оған басқа еркекпен үйленуіне болады. Сонымен бірге егер әйел өзіне үш рет ажырасу жөнінде ұсыныс жасаған күйеуіне “иддатты біткеннен кейін басқа біреуге тұрмысқа шыққанын және онымен жыныстық қатынаста болғанын одан кейін әлгі күйеуімен ажырасқанын сөйтіп өзінің қайтадан иддатты болғанын” хабарласа онда алғашқы күйеуі оған қайта үйленуіне болады. Әйел біреуге біркездері өзінің құлдықта болғанын ал енлі еріккендікте екенін хабарласа жоғарыдағыдай заң қолданылады.

Некені жоюға бейімделгендігі жөнінде арыз берушінің егер куәгерлер болмаса мәні болмайды. Егер біреу әйелге оның некесінің о бастан түкке тұрғысыз болғанын ал ерінің некелесу кезінде діннен безген адам немесе жақын ағасы болғанын хабарласа және оны екі ер адам немесе бір ер адам, екі әйел расталмаса сенуге болмайды. Егер біреу екінші біреуге оның әйелінің некелесу кезінде діннен безген адам екенін немесе ел оның жақын әпкесі болғанын хабарласа онда ол әлгі хабарламаның растығын айғақтайтын екі қадірменді ер адамдардың куәгерлігі болмай әлгі әйелдің әпкесі үйленуіне болмайды, өйткені бұл жерде некеге байланысты заңсыз жағдайлар болғаны әлгі үйленушіге түсіндіріледі.

Ер адамның өзінің еркіндікте екенін білдірген хабарламасына бола құлдықтағы әйелге үйленуге хақысы жоқ. Егер өте жас қыз өзі жайлы дерек жарияламастан ер адамның иелігінде болса және өзін оның меншігіндемін сендіруге тырысса сонан соң бойжеткен шаққа жеткенде басқа қалада өзін бұрыннан білетін ер адамды жалықтырса және оған “мен еркіндіктегі әйелмін” десе, онда оның сол сөзіне сеніп әлгі ер адамның оған үйленуі дұрыс емес, себебі шындық дәйектемелер оның сөзін жоққа шығарады.

Мұсылман адам өзінің қарызын шарап сату арқылы өтеуіне рұхсат етілмейді ал христианиндер осындай жолмен қарызын өтей алады. Егер мұсылман адам біреудің алдында қарыздар болып одан құтылу үшін шарап сатса, онда қарыз беруінің сол шараптан түскен ақшаны қабылдауы әдепсіздікке жатады; ал егер қарыздар-христианин болса онда әлгідей табыстан түскен ақшаны қабылдауға болады. Мұның мәнісі бірінші жағдайда сатылымнан түскен ақша адал деп есептелмейді себебі, шарап мұсылман үшін айналым заты бола алмайды, сондықтан оның бағасы сатушының меншігіне түскенмен заңды төлемге лайық болмайды. Ал христиандар

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

үшін сатылым заңды деп есептеліп шарап христиан айналымын толықтыра алады; сондай-ақ шараптан түскен пайда сатушының меншігіне айналып сол арқылы оның қарызын өтеуі заңды деп саналады.

Күнделікті қажетті түлікті монополизациялау немесе сатып алу әдепсіздік. Күнделікті қажетті азық-түлікті және қаладағы мал ұстайтындар үшін жемді монополизациялау¹ әдепсіздікке жатады. Осындай сияқты қайта сатып алу мысалы бір кездері қаланы тастап шығып содан соң керуеннен тауар сатып алып оны жүк қоймасына сақтауға қоймақ болса әдепсіздікке жатады. Бұл әрекеттің біреуге зияны болмаса ешқандай мәні жоқ. Бұған Пайғамбарымның: “Ізгі ниеттіге алғыс, сараңға қарғыс” дегені дәлел. Тағы бір дәлелге жататыны бидайға байланысты әркімнің үлесі бола тұрып оны саудадан алып тастау жеке мүддеге қол сұғу болады және ол әркімнің күнделікті мұқтажын шектеуге жатады. Кейде монополизациялау шағын қалада да болады. Алайда мұндай үлкен қалада болғанда тұрғындарға ешқандай зиян келтіре алмайды. Қайта сатып алушылық болғанда белгілі шара қолданылады. Ғалымдардың байқауынша бұл өзі мына жағдайда мысалы: Сатып алушылар көпестен нарықтық бағаны жасырмауға және баға жөнінде оларды адастырмауға байланысты. Егер олар осылай етсе товарды қайта сатып алу халыққа пайда не зиян келтіретініне қарамастан әдепсіздікке жатады. Күнделікті тұрмыстық қажеттілік пен мал азығына қатысты “истикар” терминін шектеуде Абу Ханифаның пікіріне сүйенушілік бар. Абу Юсуфтің хабарлауынша не нәрсенің де жинақталып қалуы мәселен ол алтын не күміс болсын айналымғазиян әкеледі. Керісінше имам Мұхаммедтің пікірінше платяны назардан тыс қалдыру монополизациялауға жатпайды. Бұдан анықталатыны Абу Юсуфтың айтуынша монополизацияны анықтау үшін оның не себепті әдепсіздікке жататындығы белгілі болады; сондай-ақ Абу Ханифаның пікірінше зияндылықтың ерекше түрінің бар екені назар аудартады. Шешім соңғы пікір бойынша бекітіледі. Мынаған назар аудару

² Арабша «истикар». Сөзбе-сөз мағынада бұл сөз бірденені үйіп қою, ал заң тілінде – бидайды сатып алу немесе басқа өмірге қажетті ішім-жемдерді немесе басқа өмірлік қорларды сақтау және бағаларын арттыру мақсатында.

керек, егер айналымнан алып тастау уақыты қысқа болса онда ол монополизацияға жатпайды себебі ол зияндық әкелмейді. Керісінше егер алып тастау уақыты созылып кетсе онда ол монополизацияға жатады себебі оның соңы зияндылыққа ұласыды. Кейбіреулердің пікірінше созылмалы кезең деп ең кемі қырық күндік мерзім ішін айтады. Пайғамбарымның айтуынша “Шындығында кімде кім қырық күндік азықтық қор жинаса Аллаға қарсы келген болады, ал Алла оған қарсы”. Енді біреулердің айтуынша бір ай созылмалы уақытқа жатады, ал бір айдан кем уақыт қысқа мерзімге жатады, бұл кезде күнә халықтың кемтарлық көруінің және аштық әкелген монополизация салдарының деңгейіндей дәрежеде өседі. Үшінші біреулердің айтуынша монополизацияның салдарынын болған кемшіліктер оның аз уақыт ішінде болғанына қарамастан қылмысқа жатады. Бір сөзбен айтқанда бидаймен және соған жататын тауармен сауда жасау¹ жақсы емес.

Алайда монополизатор арқылы алыстан әкелінген өз жеріндегі өнім мен тауарды монополизацияға рұхсат етіледі. Егер біреу өз жерінен жиналған немесе басқа қаладан әкелген бидайдан қор жинаса онда ол монополизация тұрғысынан әдепсіздікке жатпайды. Біріншіден бұл бидай өзге тұрғындарға қатысы жоқ ол оның өз

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

меншігі;оның сеппеугеде, өнімді сатпауға да хақысы бар. Мұнда монополизацияның қатысы жоқ,екіншіден Абу Ханифаның айтуынша тұрғындардыңоған қарсылық білдіруі тек ол өнім қоғамға тиісті болған жағдайда ғана болса. Керісінше Абу Юсуф мұндай әрекетті әдепсіздікке жатқызады, себебі бұл тұрғыдағы әңгіме шындық. Имам Мұхаммедтің пікірінше белгілі бір қалаға жиі бидай әкелінетін әрбір жер сол қаланың серіктестігіне жатады және сол жерден әкелу тұрғысында монополизациялық жасауға тиым салынады себебі онымен тұрғындардың құқығына байланысты. Одан басқа егер тауар бұрын әкелініп жүрмеген алыс жақтан жеткізілсе; мұндай жағдайда жатақхана құқығына ешкім қол сұға алмайды.

Ел билеушілер баға қоюына болмайды. Тұрғындарға төлем үшін ел билеушілері баға қоюға міндетті емес. Пайғамбарым ондайға тиым сала отырып былай деген: “Баға қоймандар, ол Алла арқылы реттелуді”. Бағаны қою көпестің міндеті және оны реттеу де оның еркінде; ел билеушілерінің оған араласуға хақысы жоқ.

Қажетті жағдайларда ғана болмаса. Тек қоғам иелігіне тікелей қауіп төнген жағдайда ғана сондай мүмкіндікке баруға болады.

Монополизаторға артық қорларды сатуға ұйғарым етіледі. Егер біреу монополизация жөнінде кінәлі болса сөйтіп қазыға келсе онда қазы оның өзіне және отбасына жетерліктен басқа артықтаудың бәрін сатуға ұйғарым жасап, алдағы кезде ондай әрекетке бармауға тиым салуы керек; егер әлгі адам қайтадан монополизация жасаса, онда оған қандай үкім шығару қазының еркінде.

Егер ереуіл байқалса, онда сот үкім шығару керек. Егерде азық-

¹ «Сауда жасау» сөзінде тек қана қарапайым сату мен сатып алу емес, сондай-ақ көпестердің тауарды сақтау әдеті түсіндіріледі, яғни қолайлы жағдай туындаған кезде оны қымбат бағамен сату үшін.

түлік өнімдерімен сауда жасаушылар халыққа қажеттілікті пайдаланып бағаны шектен тыс асырып жіберсе және де бұл тұрғыда қазы халықтың мүддесін қарауда шарасыздық танытса онда ол бағаны реттеу үшін тәжірибелі және саналы адамдардың көмегіне сүйенуі тиіс. Соған қарамастан олар бидайды жоғары бағамен сатуды тоқтатпаса онда қазы бағаны өзі белгілеп бекіту керек және үкімет оған қарсылық білдірмеуі тиіс. Бұлай (Абу Ханифа бойынша) болу себебі бағаны реттеуде жеке адамның мәжбүрлеуі дұрыс емес. Бұл екі шәкірттің де пікірімен сәйкес келеді, егер мәжбүрлеу белгілі бір адамға байланысты болмаса әйтпесе дүдәмәл күйдегі тиым салуға жол берілмеуі тиіс.

Қазының монополизатордың бидайын оның өзінің келісімінсіз сатуына бола ма? Кейбіреулер мұндай кезде борыштар адамның мүлкін сату жөніндегі мәселеге ұқсастық жағдай туындайды; енді біреулер бұл біздің барлық ғалымдардың пікірінше дұрыс деп есептейді. Әбу Ханифаның пікірінше дұрысы қоғамдық қасіреттен сақтандыру үшін жеке ерікті адамға шектеу қою керек.

Көтерілісшілерге қару сатуға болмайды. Көтерілісшілер көтеріліс кезінде біле тұра қару сату әдепсіздікке жатады, бұның өзі қасірет алып келудің басты себебі. Алайда сатушы сатып алушының көтеріліске қатысы бар екенін білмесе онда ол қаруды сатуына болады.

Дымқыл жеміс шырыны шарап жасау үшін сатылуы мүмкін. Хұрманың немесе жүзімнің шырынын одан шарап жасайтынын біле тұра белгілі сатушыға сатудан әдепсіздік жоқ, өйткені нағыз бәле шырында емес, одан өңделіп алынған

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сұйық затта. Тағы бір іс-көтеріліс кезінде қару сату: бұл жағдайда жамандық сол қарудан келеді, себебі қару ереуілмен көтерілістегі басты зат.

Үй қаладан тыс жерде шіркеу үшін жалға берілуі мүмкін. Егер біреу деревнядағы немесе соған жақын жердегі үйін христиан шіркеуін салу үшін немесе шарап сатуға жалға берсе Абу Ханифаның пікірінше оның ешқандай мәні жоқ. Екі шәкірт бұл күнәға жататындықтан әдепсіздік деп санайды. Абу Ханифаның дәлелдеуінше келісім сол үйден түсім болу үшін жасалады, ал үйге бергеннен кейінгі жағдай соны иемденушінің әрекетіне байланысты; ал ол ерікті адам болғаннан кейін оның күнәсі жалға берушінің мойнына жүктелмейді. Селолық немесе қалалық жерге көрші орынға шектеу болуының себебі қаладан үйді жоғарыдағыдай мақсатпен жалға беру заңсыз деп саналады, өйткені онда басқа жерде болмайтындай мұсылман діні сәуле шашып тұруы мүмкін. Алайда, ғалымдардың айтуынша бұл тек Куфа аймағына ғана тән, өйткені онда дінге сенбеушілер көп; ал бірақ дін тараған көптеген басқа жерлерде бұл заңсыз. Бұл соңғы пікір деректемелерге анағұрлым жақын келеді.

Мұсылман дінге сенбеушіге шарап апарып беріп және сол үшін сыйақы алады. Егер дінге сенбеуші мұсылманды шарап алып келу үшін жалдаса заңды. Екі шәкірт бұл әдепсіздік болады деп санайды, себебі ол күнәға жатады. Пайғамбарым (“Захири – Риваяты” бойынша) күнәкәр ретінде ондаған адамға оның ішінде кейбіреулер одан арыла алмай жүргендігіне қарай лағнет білдірген. Абу Ханифаның дәлелдеуінше тек шарапты ішкені үшін күнәлі болады, шарапты пайдаланушының еркін әрекеті, шарапты әкеп берушілік оның ішілуімен ешқандай байланысы жоқ және де жеткізушінің мақсаты басқалардың шарап ішкеніне емес өзінің еңбегіне сыйақы алу; ол жоғарыда келтірген мысалдар шарапты күнәға батыру үшін әкелінген кездегі жағдайлар.

Меккедегі жер мен үйге қатысты мәселе. Меккедегі үйді сатудан артық әдепсіздік жоқ, үй орналасқан жерді сату да әдепсіздік. Абу Ханифаның пікірі осындай. Екі шәкірт Меккедегі жерді сатуға болады дейді; сондай-ақ Әбу Ханифа да осы пікірмен келіседі. Алайда Абу Ханифаның шын пікірі бойынша бұл әдепсіздікке жатады деп есептейді. Өйткені Пайғамбарым айтқан: “Мекке қасиетті сондықтан ондағы үйді сатуға, өсиет бойынша басқаға беруге болмайды”. Мекке қағбаға тән болу себепті және ол бар жерде аңшылық жасау, сонда өсетін шөпті жұлу (егер ол солып, қурап) немесе ағаш жапырағы сілкуге болмайды.

Меккеде жерді жалға беру әдепсіздік, себебі Пайғамбарым айтқан: “кімде-кім Меккедегі жерді жалға берсе, онда ол әдепсіздік; егер біреу Меккеден жерді иелену мүмкіндігіне ие болса онда ол сонда тұра берсін, ол енді біреудің үлкен аумақты жері болса, онда артық жерін басқа біреуге ұйғарсын”.

Жасырын әрекет әдепсіздік. Егер біреу көпестен өз қажетін алып және оған белгілі мөлшерде дарагим қалдырса онда ол әдепсіздігі үшін кінәлі себебі ол қажетін алып несиеден (көпесте қалдырылған дарагимнен) пайда табады, ал Пайғамбарым несиеден пайда табуға тиым салған: Ол алдымен көпеске дарагим беріп содан соң өз қажетін алуы керек себебі ақшадан несие емес жүк құралдарды, сондықтан көпес жоғалтқаны үшін сыйақы беруге тиіс емес.

VII Бөлім. Әртүрлі оқиғалар

Құран белгілермен нүктесіз жазуылу керек. Құран өсиеттерін бөлу немесе оған нүктелер немесе қысқа дауыстылар енгізу әдепсіздік болып табылады. Бірақ қазіргі оқымыстылардың айтуынша Құран шетелдіктердің оқуы үшін арналса онда әлгі белгілерді пайдалануға болады.

Дінге сенбеушілер қасиетті мешітке кіре алады. Егер көпқұдайшыл¹ бұл әдепсіздікке жатады десе, ал Имам Мәліктің айтуынша көпқұдайшылға мешітке кіру² әдепсіздік деп есептейді. Имам Шафий Құрандағы Алланың: “Көпқұдайшылдар таза емес, сол үшін оларға қасиетті мешітке кіруге рұхсат етілмейді” деген сөзіне сүйенеді.

Дінге сенбеуші ешуақытта таза емес, себебі ол тазалануға бірден-бір

¹Арабша «мушрик» құдайшылықтың бірлігін мойындамайтындарды айтады, сәйкесінше, пұтқа табынушылармен қатар христиандар да

² Бұл Меккедегі мешіт, өйткені Пайғамбар сонда жиі дұға еткен.

себепші дәрет алмайды; ал тазаланбаған адамға мешітке кіруге ол оны барлық мешітке таратады. Бұл мәселе жөнінде біздің ғалымдар өз дәлелдемелерін келтіргенде Пайғамбарым дінге сенбейтін Сакиф тайпасының әртүрлі адамдарды өз мешітіне кіргізуіне сүйенеді. Сонымен бірге дінге сенбеушінің таза еместігі оның сол сенбеушілігінде болса, бірақ ол мешітке кіруі күштеу арқылы немесе түсінбеушіліктен болғандықтың бір айғағы.

Евнухтарды пайдалану әдепсіздік. Евнухтарды қызметте пайдалану мұсылмандар үшін әдепсіздікке жатады, Қасиетті кітапта¹ тыйым салынғандай олардан талап ету адамдарды өзіне ұқсас жағдайға әкелетіндей сезім тудырады.

Малды піштіруге рұхсат етіледі. Малды піштіру әдепсіздікке жатпайды ал жылқыны естекпен бұдандастыру ол адамдардың пайдасы үшін қажет. Сондай-ақ “Накли Сахихта” айтылғандай Пайғамбарым қашырға мініп жүрген егер мұндай аралас тұқымнан тараған хайуанды пайдалануға тиым салынса онда ойтпеген болар еді.

Еврей немесе христианин ауырса көңілін сұрауға болады. Еврей немесе христианин ауырып қалса көңілін сұраудың айыбы жоқ бұл олардың көңілін тыныштандырады сондықтан заң осындай жолмен ауырғанның көңілін көтеруге тыйым салмайды.

Дұға жасауды ықыластыз орындауға болмайды. Аллаға дұға жасағанда: “Сенің тағыңның жарқылы мен деу әдепсіздік”. Бұлай деп айту Әлемнің ұлы әміршісі өзінің даңқын аспаннан жеткізіп тұр; бұл арада аспан жоғалып кеткенде де Алла мәңгі әрі өзгермейді. Алайда Абу Юсуфтың пікрінше мұнда тұрған ешқандай әдепсіздік жоқ (Әбу Лаис те осындай пікір білдіреді) себебі сақталып қалған аңыздар бойынша Пайғамбарымының өзі Аллаға осындай дұғалармен сиынған. Екінші жағынан біздің ғалымдарымыздың бұған қарсылық білдіре отырып бұл аңыздың анық еместігіне және одан тартыну керектігін айтқан.

Дұға жасау кезінде “Жалынамын Саған Аллаһ соның атынан (белгілі адамды атай отырып)” олардың ешқайсысының да жаратушыға қатысты құқығы жоқ.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Ойынға рұқсат етілмейді. Шахмат ойнау, сүйек және басқа ойындар әдепсіздікке жатады, өйткені егер бәс тігіп ойнаса онда ол Құранда тиым салынғандай тартысты ойынға жатады, егер бәс тігілмесе онда ол пайдасыз және бос ойын саналады. Пайғамбар мұсылман үшін атпен жүрі, садақ ату, өз әйелімен көңіл көтеру сияқты осы үшеуінен басқа ермектің бәрі бос әурешілік екенін ескерткен. Көптеген ғалымдар алайда шахмат ойнауды ойлау қабілетін арттыратындықтан рұқсат етілген деп санайды, сөйтіп олар бұл жөнінде Имам Шафиидің пікіріне сүйенеді. Біздің ғалымдар бұл тұрғыда Пайғамбарымызның айтқандарын негізге алған: “Кім шахмет немесе сүйек ойнаса өзінің қолын доңыздың қанына салғанмен тең”. Бұл ойын түрлері адамдарды Алланың тарапынан атқарылуға тиісті дұға мен сиынуды өз

¹ Яғни Құранда.

уақытысында орындауға кедергі жасайды; және де Пайғамбарымыз айтқан: “Аллаға қатысты міндеттерді орындауға адамдардың ұмтылысын әлсірететін әрекеттің бәрі ойынға тең деп есептеледі”. Сондай-ақ мән беріп қарасақ егер біреу шахматты бәс тігіп ойнаса бұл оның мінезіндегі жақсы қасиеттерді жоғалтып рны пасық немесе жағымсыз етеді; егер ол бәс тікпей ойнаса одан оның мінезі зиян шекпейді. Абу Юсуф және Имам Мұхаммед ойын үстіндегі адамға тағзым ету әдепсіздік: бұл ойынға жиеркенішпен қарағанды аңғартады; алайда Абу Ханифа ойыншының көңілін ойыннан басқа жаққа аударуындағы үшін мұны дұрыс деп санайды.

Саудамен айналысатын құлдан алынған сыйлықтар (көйлек пен ақшаны қоспағанда) сыйлауын қабыл алуға болады. Саудамен айналысатын құл тарапынан сыйлықтарға ие болып сый құрметіне бөленумен бірге, экипаж алуды айыптаудың қажеті жоқ. Бірақ одан сыйлыққа көйлек пен ақша алу әдепсіздікке жатады. Бұл айтылғандар заңның құнды деректеріне сүйеніп жазылған. Талдау бойынша алғанда көйлек пен ақшадан құралған сыйлықтар мен құрметтеудің айырмашылығы жоқ; басқаша айтқанда бұлардың бәрін жүзеге асыруға құл хақылы емес. Алайда заңның құны деректері бойынша Пайғамбарымыз Солиманнан оның құл кезінде сыйлықтар алған, ал Барирадан ол мукатаб болғанда да сөйткен. Сондай-ақ Пайғамбарымызның достарының көбі Абу Руссайдың құл кезінде одан шақырулар алған. Саудамен айналысатын құл осындай дәстүрден хабардар болудың мәнін жете түсінген. Мәселен егер біреу-міреу оның дүкеніне тауар сатып алуға немесе бір нәрсе ішуге келсе ол сараң адамның кейпін көрсетіп, тауып бермесе, онда келушілер азайып оның саудасы кері кетеді. Ал құлға сауда жасауда мүмкіндік берілсе ол сауда тәртібінің барлық тәртібін бүтіндей өз қолына ала алады. Бірақ оған адамдары киіндіріп, ақша бөлісуге рұқсат берілмейді.

Төменгі жастағы жетімдер мен асырап алғандарға қатысты ортақ ереже. Егер беделді адам біреудің қамқорлығындағы жетімге мейірімділік таныста, онда сол қамқорлық жасалған кісі осы сыйлықты әлгі беделді адамнан қабылдап алдым деп білуі керек. Бұл жерде мынаны айта кету керек, төменгі жастағы жетімге қатысты іс әрекет үш жақты болды. I. Қамқорлық әктісі, онда көрсетілгеніндей кәмелетке толмағанға қатысты некелік келісім қорытындысы бойынша оған тиісті мүлікті сату немесе сатып алу тек қамқоршыға ғана тиісті болады. II. Акт бойынша жасы толмағанға (қажет жағдайда) сай мүлікті сату және сатып алу немесе асыраушысы ретінде жалдану т.с.с. оның тәрбиелеу иесіне яғни ағасы, ағайыны немесе анасы егер

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

оны тәрбиелесе тиісті болады. Бұл адамдардың бәрі әлгі актіге иелік ете алады және ол табиғи қамқоршысы деп танылады. III акт бойынша жасы толмағанның өзі де (егер ал өзі шешім жасай алса) және оған жанашырлық жасаушының әрбірі ие бола алады. Мулбакыт (баланы көтерген адам) тастанды жолға беруге хақысы жоқ себебі бұл ағайыны өз қамқорлығындағы жиенін басқаға жалға беруге болмайтыны сияқты. Алайда ана еңбегінен пайда көру үшін өз сәбиінің қызметін пайдалануға хақысы бас ар қамқоршы болған адам немесе ағайыны бұл мүмкіндікті иелене алмайды. Егер жасы толмаған жалдануды өз міндетіне алған болса ол дұрыс емес, себебі ол оған тиімді болмауы мүмкін. Алайда осы міндетті орындауға кіріскен ал оны жүзеге асырса онда ол дұрыс деп есептеледі.

Иесі құлдың мойнына темір қарғыбау тағуына болмайды. Құлдың мойнына ол басын қимылдата алмайтындай ғып темір қарғыбау тағуға болмайды. Жазаның мұндай түрі айыпкерді қаралаумен тең сондай-ақ отқа күйдіру де заңсыз.

Бірақ ал оны тұтқындауға мәжбүр ету мүмкін. Мұсылман өз құлын тұтқындауға мәжбүр ете алады. Мұсылмандар арасында ессіздікке берілушілер немесе көтеріліс жасаушыларды тұтқындауға мәжбүр етушілік олардың қашып кетпеуі және жеке мүлкін сақтауы үшін ескерту ретінде жасалған әрекет болып табылады.

Қажеттілік жағдайда клистирлер рұқсат етіледі. Қажеттілік жағдайда клистир қою әдепсіздікке жатпайды өйткені дәрігерлерлік емді қолдану біздің барлық ғалымдардың және Пайғамбарымызның айтқандары арқылы мақұлданған. Бұл дәріні ер және әйел үшін қолдану тәсілі бірдей. Алайда тиым салынған нәрселерді пайдалануға рұқсат етілмейді мәселен шарап және тағы басқалары өйткені денсаулық үшін заңсыз нәрсені пайдаланып заңсыз әрекетке бармау керек.

Қазыға сыйақы қоғамдық қазынадан берілуі керек. Қазыға қоғамдық қазынадан сыйақы беру ешқандай әдепсіздікке жатпайды, өйткені Пайғамбарымыз Атаб-Бин-Османды Мекке қаласының қазысы етіп сайлап оған берілетін сыйақыны қоғамдық қазынадан бөлген. Сондай-ақ әліні иемен қазысы етіп сайлап, сыйақыны **сондағы** қазынадан ажыратқан. Қазы өз қызметі бойынша мұсылманның құқын қорғауы керек және бұл оның жеке міндетіне жатады (ал қоғамдық қазына мұсылмандар қауымының меншігі болып табылады) өйткені белгілі қызметпен айналысып, арнайы жүктелген міндетті атқарған адамға сақтау хақы беріледі. Алайда айта кететін нәрсе қазы сыйақыны қоғамдық қазынадан ешқандай жағдайлар туындамаған кезде ғана ала алады. Егер ол мемлекет тарапынан белгілі сыйақы тағайындалмай-ақ қызметін қабылдаудан бас тартса бұл заңсыз болған болар еді, өйткені сыйақы қазыға өз міндетін адал атқарғаны үшін беріледі. Мынаны ескеру қажет егер қазы кедей болса, онда ол қоғамдық қазынадан көмек алуға міндетті өйтпеген жағдайда материалдық тұрғыдан қиындық көріп өз қызметін абыройлы атқаруға қабілетін жоғалтып алуы мүмкін. Керісінше егер ол бай болса кейбіреулер оның қоғамдық қазынадан сыйақы алмағаны дұрыс деп есептейді. Осы соңғы пікір анағұрлым үйлесімдірек, әйтпесе қызметі қорлыққа саналып, жеккөрінішті көрінуі мүмкін; егер бай қазының қабылдауында кедей адам болса онда ол шағымына жауап алуы қиындау соғуы мүмкін.

Қазының үстінен түсуіне орай оның қызметінен кету жағдайы. Егер қазы шағымға байланысты бір жыл қызметінен кетуі керек болса осы жағдайға байланысты

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

біздің ғалымдардың көзқарасы әртүрлі. Негізгі дәйектілеуі ол артылған нәрсені қайтаруы керек.

Құлдықтағы әйел туысының жәрдемінсіз-ақ саяхатқа шыға алады. Туысының жәрдемінсіз-ақ құлдық немесе умми-валядтың саяхатқа шығуының ешқандай әбестігі жоқ, өйткені басқа біреу болса құл жөнінде басқа пиғылда болуы мүмкін, ал умми-валядта құл оның да жеке меншігі бар бірақ оны сатуға болмайды.

XLV. Кітап

ИГЕРУСІЗ ЖЕРЛЕРДІ ӨНДЕУ ТУРАЛЫ

Маватты анықтау. Мават судың жетімсіздігінен өнім бере алмайтын, суға батып кеткен және басқа себептерден жерді өндеуге бөгет жасайтын жер учаскесі саналады. Міне бұл өліге ұқсас ешқандай пайда келтірмейтін жер.

Осы терминмен аталатын жерді бейнелеп айтқанда. Ешкімнің иелігінде болмай көптен бас жатқан немесе бұрын мұсылманның меншігінде болған (есімі ұмыт қалған) және біреудің айқайлаған дауысы естілмейтіндей селодан белгілі бір қашықтықтағы жер мават деп аталады. “Хидояның” авторы терминге мұндай түсінікті Кудури бергенін ескертеді. Имам Мұхаммедтің пікірінше айтқанда жер мұсылманға да, **зиммиге** де тән емес және де ол ешқандай пайда әкелмейтінін ескерткен; мұндай жағдайда ол дұрыс мават деп есептеледі; ал егер ол мұсылман не зиммидің меншігінде болса онда мават емес. Егер меншік иесі белгісіз болса онда жер сол кезде мұсылман қауымына тиесілі; ал егер иесі белгісіз болса онда жер соған қайтарылуы тиіс және де өзінің кінәсінен келтірілген зияндылыққа жауапты боп саналады. Кудуридін айтуынша және Абу Юсуфтың пікірінше селодан учаскінің қашықтығы бұл қажетті жағдай себебі егер учаске селоға іргелес жатса онда ол жергілікті тұрғындарға пайдасыз деп атауға болмайды. Имам Мұхаммедтің пікірінше селолық учаскені пайдаланбаса да оның селоға іргелес жатқан-жатпағанына қарамастан соның өзі жеткілікті деп есептеледі. Имам Хагир – Задой да осындай пікірде, бірақ Шамсул-Аимма Абу Юсуфтың пікірін қуаттайды.

Бос жатқан жерді өндеу өндеушіге оны өзінің меншігіне айналдыруға құқық береді. Кімде-кім бастығының рұхсатымен бас жатқан жерді өндесе оны өзінің меншігі етіп алуға хақысы бар; егер кімде-кім рұхсатсыз өндесе онда ол Абу Ханифаның айтуынша меншік бола алмайды. Екі шәкірттің пікірінше мұндай жағдайда ол меншіктену хұқына ие бола алатындығын Пайғамбарымның “кімде-кім бос жерді өндесе ол меншік бола алады” дегеніне сүйеніп айтқан сондай-ақ бос жер ортақ меншікке айналып және алғашқы иемденуші ретінде өндеуші меншік иесі бола алады. Бұл жайлы Абу Ханифаның дәлелдеуінше Пайғамбарымның “Адам үшін имамның рұхсатынсыз істелінгеннің бәрі заңсыз” дегені бар. Екеуінің келтірілген пікіріне орай айтқанда оны соттың рұхсатына қарай шешкен жөн (өйткені Пайғамбарымның өзі Имам болған), сөйтіп бірде ол “кімде-кім дінге сенбейді өлтірсе, оның қарулануға құқығы барен. Сондай-ақ мұсылман меншік иесі атануды жеңіп алса ғана барлық бос жерлер оның олжасы болып табылады. Сол себепті ешкім де иамның рұқатынсыз оны және олжаның, басқа түрлерін өз меншігіне айналдыра алмайды.

Жердің салыққа жататын бөлігі сумен құнарландырмаса өңделген жерге ондық мөлшерде ғана төленеді. Егер біреу бос жатқан жерді өндесе, онда одан төлемге ондық мөлшер ғана талап етіледі, өйткені мұсылманды әуелден салықпен әуреге салмау керек; бірақ жер салыққа жатқан жағдайда сумен құнарландырса онда одан өндіріп алу заңды өйткені ол судың есебінен төленеді. Егер біреу бос жерді

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

өңдеп, кейін оны тастап кетсе, одан кейін басқа біреу ол жерді өңдеуді қолға алса, онда өзгелердің пікірінше екінші өңдеуші оны иеленуші құқығына ие бола алады өйткені бірінші өңдеуші жердің емес түсімнің иемденушісі ғана деп ұйғарылады сол үшін қалдырылған жерге байланысты екінші одан талап ету құқына ие бола алады. Алайда бірінші өңдеуші екінші адамнан жерді қайтып ала алады өйткені ол жерді өңдерлік қалыпқа келтірілді (Пайғамбарымның бұдан бұрынғы айтқан пікірінше) және сол қалған жерді кейіннен меншіктену құқын жоғалта алмайды.

Бұл жерге іргелес учаскелерді өңдегенде жол қалдырылуы керек.

Егер біреу бос жерді өңдесе, сонымен қатар көршілес учаскеден төрт адам өңдеу жұмыстарын жүргізсе және оның меншігіне өтетін жерді қаршап тастаса онда оған имам Мұхаммедтің пікірінше өңдеуді соңынан бастаған адамның учаскесінен жол қалдырылуы керек. Оның учаскесімен үш жағынан шекаралас учаскелердің жерлері өңделсе төртінші жағы учаскеге шығып-кіру үшін қалдырылуы тиіс; сондықтан сол тұстағы өңдеуші оның құқын бұзуға ұмтылады.

Зимми (сол мемлекеттің азаматтығын алған адам) мұсылман сияқты өзі өңдеген жердің меншік иесі құқын иемдене алмайды. Егер зимми бос жерді өңдесе мұсылман тәрізді меншік иесі атанады, өйткені өңдеу ісі оның меншік иесі атануына құқық береді. (Алайда Абу Ханифа Имамның келісімі керек деп ұйғарым жасайды) сөйтіп зимми мен мұсылманның арасында ешқандай айырмашылық жоқ.

Егер жер бөлігін алынған үш жыл ішінде өңделсе онда ол имамның ұйғарымы бойынша басқа адамға берілуі тиіс. Егер біреу жер учаскесін белгілеп алып және оған үш жыл бойы өңдеу жұмыстарын жүргізбесе онда имам оны қайтарып алып басқа адамға бере алады өйткені жер бірінші адамға мұсылман оның пайдалысын деп берілсе, ал ол оны елеусіз қалдырса онда имам жерді іс жүргіз алатын басқа біреуге беруі тиіс. Учаскеге тас және басқа заттар қойып белгі жасағанмен ол жерді өңдегендей меншік иесі бола алмайды, өйткені жерді өңдеу одан өнім алуға болатынын білдірсе, ал оны тас қойып белгі жасау тек шекараны көрсету үшін жасалған әрекет деп есептеледі. Уақытты анықтау жайына келсек (үш жыл) ол туралы Омардың мынадай пікірі бар: “Басқыншының үш жылдың мермімнің бітуін күтуге ешқандай құқығы жоқ”. Бұл жерді иеленуші үшін уақыттың үш кезеңін пайдалану принципіне негізделген: біріншіден белгі қою жөнінде қаулы шыққаннан кейін үйге қайту үшін, екіншіден өз ісінде үй тұрғызу үшін және үшіншіден учаскеге қайтып оралу; әрбір бұл кезеңдер жылмен анықталады себебі аз уақыт аралықтар мәселен сағат, күн немесе ай негізгі мақсатқа жетуге жеткіліксіз. Егер үш жыл ішінде учаскені басып алушы оған қайтып оралмаса онда ол тастап кеткен болуы мүмкін. Заңгерлердің ескертуінше бұл жерде әділдік принципі негізге алынады, бірақ заңның тәртібінше егер біреудің белгілеп кеткен жеріне белгілі бір уақыт кезеңіне дейін екінші біреу келіп өңдеу жұмысын жүргізе онда ол жерді өңдеуші ретінде меншік иесі атанады.

Бос жерді межелеу тәсілі. Бұл жерде мынаны ескерту керек, бос жерлер тастап басқа да әртүрлі тәсілімен мәжеленеді мәселен учаскені ағаш бұтақтарымен қоршауға болады, учаскеде өсіп тұрған бұталар және шағын орманды өртеу, немесе аз мөлшердегі ертіндіні жердің шет-шетіне себу немесе үштен алты футтың кеңістікте шұңқыр қазу.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Өңдеу жұмыстарының топырақты суландыруда пайдасы мол. Имам Мұхаммадтің пікірінше егер біреу бос жерді айдап, суландырса онда ол оның өңдеушісі болып табылады; егер кімде-кім жерді тек айдаса немесе суарса онда ол межелеген ғана болып саналады. Егер біреу жерді суландырмай ор немесе жыра қазса онда ол тек межелеуші ғана болады; егер ол ор қазғаннан кейін суландырса бұл өңдеу болып табылады.

Бұтадан жасалған қоршау немесе егіс егу. Егер біреу бұтадан су тоқтайтындай өте биік қоршау жасаса онда ол жерді өңдеген болады; егер егіс егу жұмысын жүргізсе де солай.

Өңделген жердің шекарасында өңдеу жүргізілмеуі керек. Бабталған күздегі жермен шекаралас бос учаскеге өңдеу жұмыстарын жүргізуге рұхсат етілмейді; алқапты басқа меншік иесінің малын өзгерту үшін қалдыру қажет, сондай-ақ оның құрал-сайманын сақтайтын қоймаға айналдыруға болады, өзен және үлкен жолы бар жер бас жатқан алқапқа жатпайды. Біздің ғалымдардың айтуынша мұсылманның пайдалануына арналған затты мәселен тұрғындар ішетін су алатын құдықты, тұзды кен орнын Имамның басқа біреуге хақысы жоқ.

Бос алқапта қазылған құдыққа байланысты жердің белгілі аймағы бөліп алынады. Біреу бос алқаптан құдық қазса ол соның маңындағы жерді иеленуге хақы бар. Егер құдық түйелерді суаруға арналса оған 120 фут учаске қосымша беріледі. Бұл жайлы аңыздарда айтылады. Көптеген біздің ғалымдар 120 фут бүкіл учаскенің жоғары бөлігін құрайды. Алайда құдықтың әрбір тұсы бойынша әрқайсысына 120 футтан жер бөліп беру дұрысырақ деп есептеледі. Егер жер қыртысы жұмсақ және ылғалды болса онда мынадай жағдай ұшырасуы мүмкін яғни егер басқа біреу біріншіге қарағанда 120 футқа жақын қашықтыққа құдық қазса онда су жерге сіңіп кетіп басқаның суына қосылып кетуі мүмкін. Егер құдық одан түйенің немесе басқа жануардың күшімен су шығару үшін қазылса онда екі шәкірттің пікірінше оған 180 фут учаске қосылады. Абу Ханифа ондай жағдайда 120 фут қосылайды дейді. Екі шәкірттің бұл жайлы пікірі – екі мағына береді. Біріншіден Пайғамбарымызның айтуынша; “Қайнар көзінің төңірегі 1500 футқа тең, түйелер су ішетін құдық 120 фут және су шығарылатын құдық – 180 фут”. Екіншіден жүйелерді белгілі қашықтыққа алып кету жағдайы туындағанда осындай құдыққа жалғасқан белгілі жер мөлшері болу керек, өйткені су тартатын жіп біршама ұзын болып келеді; егер құдықтағы суды қолмен-ақ тартып алуға болатын жағдайда оған көлемде мөлшердегі жер бөліп қажеті жоқ; сондықтан құдықтың екі түрін де ажырата білу керек. Абу Ханифа 120 фут жайлы келтірген пікірінде екі түрлі құдықты бөліп қарамайды. Сонымен бірге түйелдерді жіптерімен құдық төңірегінде құмай-ақ жүруге мәжбүрленуге болатын жағдайда екі шәкірттің бұл жайлы пікірін қуаттауға болмайды.

Егер құдықтан су көзі жүргізілсе онда оған сый ретінде 1500 фут алқап жер қосылады, себебі ол маңға көлемді алқап қажет. Су көзі топырақты ылғалдандыруға қажет болса, су көзін жүргізуге, су құбырын құруға, топырақты суландыруға арнайы құбырлар арқылы су жүргізуге орын керек болады. 1500 фут келетін шағын алқап қажет; анағұрлым тұжырымды пікірге сүйенсек су көзінің әр тұсына 1500 футтан келеді. () Кейбіреулердің айтуынша су көзіне жалғанған 1500 футтың аймаққа жалғанған жер топырағы қатты тек Аравияда ғана бар; ал топырағы жұмсақ біздің елде

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

үлкен учаске керек әйтпесе, су бір су көзін бұзып өтіп топырақ арасынан басқа су көзіне барып қосылып кетуі мүмкін.

Белгілі мөлшерден артық ешкімнің қазу жұмысын жүргізуге хақы жоқ. Егер біреу басқа құдық иесінің меншігіндегі жерден құдық қазбақ болса онда оған сол жер иесі қарсылық білдіруі керек өйткені құдық орналасқан жер оның меншігі болып табылады және оған өзгенің қол сұғуға хақы жоқ. Егер біреу басқаның меншігіндегі жерден құдық қазып қойған болса онда сол меншік иесі әлгі қазылған қайта көміп тастауы керек немесе оны көмуді сол қазылған құдық иесінен талап етуші керек. Кейбіреулердің пікірінше келген шығынға құн талап етіп, сосын барып құдықты көміу керек; Егер құдықты өзі көметін болса онда меншік иесіне кім құн төлегісі келеді дейсіз. Қазының міндеті жайлы Хассафтың трактатында екінші құдық қазылғанға дейінгі және қазылғаннан кейінгі шығындар бірінші құдық бағасымен салыстыра отырып шығарылатыны баяндалған.

Егер біреулер осылай етсе онда ол осындай кездейсоқтықтан туындайтын күрделі жағдайларға жауапты. Жеке меншік иесі ретінде құдық қазу арқылы ешқандай құқық бұзбаған боп саналатын бірінші қадамға ешқандай жауапкершілік жүктелмейді. Абу Ханифаның пікірінше егер құдық Имамның келісімімен қазылған болса бұл анық деп есептеледі; ал екі шәкірттің пікірінше құдықтың қазылуына Имамның келіскен келіспегендігінің ешқандай қатысы жоқ. Абу Ханифа бойынша құдықтың қазуына меже айқындау үшін қажет болғанда ол Имамның ұйғарымымен басталуы керек. Егер екінші құдық жайлы айтсақ басқа жерден құдық қазып заңсыз әрекеткен барғаны үшін құн төлеуі қажет. Екінші жағынан алғанда құдық шекарасынан өтпесе және алғашқы құдықтағы су төмендеп кетсе онда бірінші құдықты қазушы өз құдығының тек үш жағындағы жерге ғана иелік ете алады, ал бірінші құдық тұсындағы жер өз иесінің меншігіне жатады.

Белгілі жер алқабы су құбырларына бөліп беріледі. Суды басқа жаққа бұру үшін кімде-кім арна¹ қазса оның мұқтажы үшін сол арнаға кеп қосылатын жер алқабына иелік етуіне болады. Бұл тұрғыда имам Мұхаммедтің пікірінше су құбырына кеп қосылатын жер алқабына қатысты су құбырымен құдық арасында еш айырмашылық жоқ. Кейбіреулердің

¹ Карыз. Осы терминмен жер асты су құбырын түсінеміз.

айтуынша екі шәкірттің пікірі осындай болса бірақ Абу Ханифаның пікірінше су жердің бетінде көрінуін қоспағанда ешқандай жерге қарыз берілмейді. Су құбыры бұлақ көзіндей деп есептеліп жоғарыдай ережеге сай келеді. Кейбір ғалымдардың айтуынша су құбырынан су сыртқа аққанда ал су көзі деп есептеліп, оған 1500 футтық жер алқабы қосылады.

Немесе бос жатқан жерге егілген ағаш. Егер біреу бос жатқан жерге ағаш отырғызса ол ағаш иесі тұрғысында шағын жер алқабын иеленуіне хұқылы; сөйтіп бұл алқап бірінші ағаш отырғызушының меншігіне жеміс жинау үшін керек деп есептеліп, басқа адамға бұл алқапта ағаш егуге рұхсат етілмейді. Егілген ағаш үшін 15 футтық жер бөлінеді.

Қалдырылған өзен арнасы өңдеуге жатқызылмайды. Бұрын Ефрат, Тигр немесе сондай боп аққан өзендер өңдеуге жатқызылмайды егер сол өзендерді бұрынға арнасына келтіру мүмкіндігі туындаса олардың ағысына іргелес өзен

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

жағалауларындағы жер бетінің бұл өзендердің бұрынғы арнасына келтірілуіне бөгет болмауы жағы қарастырылады. Егер өзеннің бұрынғы арнасына қайтарылуы мүмкін болмаса, онда олардан қалған арналар жерді өңдеуге келмейтін болып шығады. Мұндай жерлер ешкімнің меншігіне жатпайды, өйткені суды пайдалану құқығы басқасының бәрінің мүмкіндігінен айырады; бірақ жерді қалай суландыру мүмкіндігі туындады дегенше ол имамның иелігіне өтеді.

Басқа жермен аққан арыққа егер дәлелдемесі болмаса жер бөліп берілмейді. Басқа жермен аққан арыққа иелік егер дәлелдемесі болмаса іргелес жер алқабына (Абу Ханифаның айтуынша) ешқандай хұқы жоқ. Екі шәкірт керісінше меншіктік хұқына орай халық өтіп жатқан және арық қазуда ойылған жердегі жағаға хұқы бар. Кейбіреулердің пікірінше Имамның рұхсатымен біреу бас жатқан жерге арық қазғанда әртүрлі көзқарас туындайды; Абу Ханифаның пікірінше ол кез-келген жерден арық қазуға хұқы жоқ; ал екі шәкірттің тұжырымдауынша егер сол өзіне бөлінген жер учаскесі үдесінен шықпаса арықты пайдасына жарата алмайды, өйткені жоғалуда жүріп каналдың бітеліп қалған жерлерін, судың ағысын тежейтін нәрселерді тазалап отыруына байланысты жерді иеленуге хұқы бар. Сонымен бірге ол арықты топырақпен және лаймен бөгеп отыруға мәжбүр және ол материалдарды алсытан тасып жеткізетін болғандықтан шығын жасалатыны анық, сол үшін де әрі құдық қазғанына байланысты ол жер учаскесін иеленуге хұқы бар. Абу Ханифаның дәлелінше жерді бөліп беру үйлесімділікке қайшы келеді, ал бұндай шешім құдық қазу жөнінде бұрын жасалған ұйғарымға негізделген жерден құдық қазу, қажеттілігі арық жүргізуден гөрі табандылықты қажет етеді, өйткені арықты пайдалану жерді қажет те етпейді, ал құдықта ондай емес себебі одан суды жіп арқылы тартып шығару керек, және қажет болған жағдайда біраз жер аумағы керек. Бұдан шығатын қорытынды құдық пен арықтың едәуір айырмашылығы бар екеніне, өзара ешқандай ұтастығы жоқ екеніне көз жеткізу болып табылады. Жоғарыдан қаралған жағдай мен құдық қазу мәселесіндегі басты нәрсе арықтың меншік иесі жердің белгілі учаскесін алуға хұқылы; ал егер екі арада талас болса онда иеленушінің дәлеліне сүйенуге тура келеді; сонымен бірге егер ол белгілі жер аумағына хұқылы болмаса, онда ол иеленуші қатарына жатпайды сол себепті жағдай жердің меншік иесінің пайдасына шешіледі. Егер болған мәселені жеке қарап оны алғашқы жағдайға негізделмесе онда екі шәкірттің пікірінше әлгі айтылған жер кеңістігі арық иесінің қолында боп есептеледі, өйткені ол меншігіндегіні пайдалана отырып судың ағысын сақтайды. Абу Ханифаның дәлелдеуінше тиесілі жер басқа меншік иесінің жеріне көрінісі жағынан да, мәне жағынан да ұқсас келеді; көрінісі жағынан ол бір деңгейде әрі іргелес; ал мәні жағынан жер қыртысы айырмашылығы жоқ, ағаштарды және өсімдіктерді суаруда қолайлылығы бірдей; ал жағдай бойынша кім жердің ыңғайына қарай ыңғайлы затты пайдалана білсе соның ісі жемісті болмақ; Екі шәкірттің дәлелдеріне сүйенсек әртүрлі пікірлер суды сақтай білу үшін ғана емес ағаш өңдеу және басқа мәселелерге де кеп тіреледі. Болжам бойынша арықтың меншік иесі іргелес жер алқабын пайдалана отырып қана суды сақтай алады десек, оған қарсы жердің меншік иесі де жер алқабын ұқыпты пайдалану арқылы оны сақтай алады деуге болады. Егер жердің меншік иесі арық жағасын қазуға хақысы жоқ дейтін болсақ оның мәнісі ол арық иесінің меншігі болғандықтан емес тек жерді аман сақтап қалу үшін ғана; егер біреу белес жасап, ал

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

екінші біреудің оған жақын жерде белесі болып бірінші белесі иесінің келісімімен екі ортаға бөрене қойса онда осы екінші меншік иесі өз белесін қазуға хақысы жоқ себебі бұл әрекетімен ол басқа адамның хұқын бұзғанболар еді.

Арыққа қатысты келіспеушіліктер. “Джами-ус-Сагирде” айтылғандай егер біреудің иелігіндегі арық жағалауы екінші біреудің жерімен іргелес болса және де жағалаулар біреуге тиісті болмаса яғни ағаш, тас сияқты меншік иесі білдіретін белгілер қойылмаса онда бұл жағалаулар Абу Ханифаның пікірінше жердің меншік иесіне тиесілі деп есептейді, ал екі шәкірттің ұйғарымынша сол арық иесінің меншігіне жатады деп есептейді. Керісінше егер оларға біреудің тарапынан белгілер қойылса онда бәрінің келісімі бойынша сол белгіні қойған адам оның меншік иесі болып есептеледі. Алайда кейбір жағдайлар бойынша жағалауға ағаш егіліп, бірақ оны кім отырғызғаны белгісіз болса онда келіспеушілік туындайды. Абу Ханифаның пікірінше ағаш отырғызу жердің меншік иесіне тән деп есептесе, ал екі шәкірт бұл арықтың меншік иесінің жұмысы деп ұйғарым жасайды. Абу Ханифаның пікірінше жағалауларда қыдырыстауға рұхсат етілмейді; ал енді басқалар бұған тиым салуға болмайды, өйткені қажеттілік осыдан туындайды деген пікір айтады. Ғалым Абу Джаффардың айтуынша ол Абу Ханифаның ағаш отырғызу жөніндегі пікірімен келіседі, ал екі шәкірттің жерге үйінді жасау туралы ұйғарымды құптайды. Абу Ханифаның пікірінше арыққа жалғасқан жер алқабының ені арықтың енінің жартысына теңеседі десе, ал имам Мұхаммед ол соның бүкіл енімен ең дейді, және де бұл пікір дұрыстау деген тұжырымға сай келеді.

I. Бөлім. Сулар туралы.

Әркім де құдықтан, арықтан немесе су қоймасына су ішуге, сондай-ақ малын суаруға құқылы. Егер біреу арық, құдық немесе су қоймасының меншік иесі болса онда ол басқа адамдардың одан су ішуге немесе малын суаруға тиым салмауы керек. Бұл жерде судың төрт түрлі болатынын ескеру қажет.

I. Теңіз суынан әркім су ішуіне немесе жерін суландыруына болады. Егер біреу арық қазып өз жеріне теңізден су тартпақ болса оған ешкімнің тиым салуға хақысы жоқ, өйткені теңіз суы күн және ай жарығы немесе ауа сияқты ортақ пайдалануға арналған.

II. Оксус, Евфрат немесе Тигр сияқты үлкен өзендерден әркім де су ішуге және жерін суландыруға хақысы бар. Егер біреу бос жатқан жерді өндемек болса, оған арық қазып су тартуына болады бірақ оның өзге тұрғындарға зиянды тимеуі керек; егер ол зиян келтірсе жер-жерді, ауылды су алып кетуі мүмкін ондай жағдайда жерді суландыру үшін арық қазуға болмайды. Соған ұқсас жағдай өзен жағасына орналасқан диірменге де тән.

III. Ортақ меншіктегі суды бәрі де пайдалануына болады, өйткені бізге жеткен аңыздарға үш нәрсе ортақ деген, олар: су, шөп және от. Сонымен бірге құдықтар тағы басқалар су сақтау үшін қазылмайды, ондағы су бір адамның ғана меншігі болып

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

табылмайды, оны пайдалануға әркімнің мүмкіндігі бар егер ол бөлек сақталып қорғау иелігіне шығару керек, әйтпесе әркім-ақ оны пайдалану мүмкіндігіне ие бола алмауы суды ала алмай, үлкен кедергі жасалып, суды еркін пайдалануға тиым салынатын жағдайлар да кездесетін болады. Егер біреудің иелігіндегі жердегі өзеннен не арықтан су алып, өз жерін суландыруды көздесе онда меншік иесі қарсылық су жөніндегі хұқы бұзылмауы мүмкін.

IV. Қорғаудағы немесе ыдыста сақталған су. Бұндай күйдегі су жеке меншік иесіне жататындықтан біреудің қамауындағы жабайы аң сияқты одан пайдалануға ешкімнің хұқығы жоқ. Соған қарамастан жоғарыдағы аңыздарда айтылғандай мұндай суды жалпы көпшіліктің пайдалануына болатын шығар деген күмәнді пікірлерде туындап жатуы мүмкін. Егер біреу су жетімсіздігінен тапшылық көріп одан белгілі мөлшерде ұрлап алса, ол әрине ұрлықшы деген дәлелге жатады, бірақ сол үшін оның қолын кесуге¹ болмайды.

Ит жабайы құсты анди отырып, оның бір бөлігін жеп қою жағдайы. Егер ит жабайы құсты тістерімен ұстап, оның бір бөлігін жеп қойса, ал содан соң осы жабайы құсты ұстап, басқа бөлігін жеместен оны өлтірсе, онда жабайы құс заңсыз: осының салдарынан ит жабайы құстың бір бөлігін жеп қойды, яғни ол үйретілмеген болып табылады. Егер керісінше, ол тістеген бөлігін қалдырса, және жабайы құсты ұстай отырып, оны өлтіріп, қожайынға ештеңе жеместен алып келсе, ал содан соң оның тістелген бөлігін таба отырып, оны жеп қойса, онда жабайы құс заңды; егер де ит қожайынның қолында тұрған жабайы құстың бөлігін жеп қойған болса, онда осының еш мәні жоқ, және ит жабайы құстан бөлінген бөлікті және қожайын тамаққа қолдана алмайтын бөлігін жегендіктен де оның да еш мәні жоқ. Басқа іс – бірінші жағдайда, немесе ит аң аулау кезінде жабайы құстың бір бөлігін жеп қойса, ал сондай-ақ, өйткені тіспен етті жұлып алу екі түсінікті жібереді. Біріншіден, бұл жұлып алғанды жеу ниетімен жасалған болуы мүмкін. Екіншіден, бұл жануарды оңай ұстау үшін оны әлсірету үшін жалған болуы мүмкін; бірақ жануарды ұстағанға дейін жұлып алынған тілімін жеу, бірінші болжамның дұрыстығын дәлелдейді, сондай-ақ, осы тілімді жануарды ұстаған соң жеу және осындайды қожайынға беру екінші болжамды айтады, осының салдарынан иттің үйретілмегендігі туралы қорытынды жасауға болмайды.

Жабайы құсты тірі ұстаса, забх жолымен өлтірілуі тиіс. Егер аңшы оның итімен жарақат алған тірі жабайы құсты ұстаса, онда ол тағайындалған форма

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

бойынша (забх) оны сою керек, және егер ол осыны жабайы құс өленше істеуді баяулатса, онда ол жемтік болып қалады және тамаққа қолданыла алмайды. Дәл сол ереже сұңқармен, немесе садақ атумен ұсталған жабайы құсқа да қатысты болады. Бұл мынаған негізделеді, аңшының негізгі жораларды осындай алмастыратын забх изтирари қажеттілігі басталғанға дейін забх изтирари жасауға мүмкіндігі бар, және сондықтан осы соңғының жарамдылығы жойылған. Заң аңшыда забх жасау қабілетін тұжырымдайды. Бірақ ол тірі жабайы құсты ұстап алса, және забх жасауға қабілеті болмаса, ал жануарда енді ғана тамағы кесілген жануармен салыстырғанда әлі де өмірі қалса, онда осындай жабайы құс (Захири-Риваят бойынша) заңсыз. Сондай-ақ Абу Ханифа мен Абу Юсуфтың пікірлерін береді, осындай жабайы құс (және осы пікірі имам Шафиимен қабылданған) заңды; немесе аңшы негізгі жораларды жасауға қабілетті емес, сондықтан ол су түрінде болған болса да, судың орнына топырақ алуға мәжбүрленген адамның жағдайында тұр. «Захири-Риваятта» келтірілген дәлел мынамен жасалады, жануармен жабайы құсты тірі ұстау, забх жасау үшін мүмкіндікпен тең, өйткені ол үшін жануардың тамағына қолымен жанасуға мүмкіндігі бар. Және ол кейбір негізде оны менсінбегеннен гөрі, өз билігінде забх жасайды. Басқа іс, жануарда тамақты кескеннен соң қанша өмір қалса, сонша өмір қалады: онда ол өлі, осының салдарынан егер осындай жағдайда ол суға құлап кетсе, онда заңсыз болмайды, егер де ол суға өлі күйде құлаған болса, немесе өлі жануар забх заты бола алмайды. Кейбір ғалымдар осы жағдайды мақұлдай отырып, тиянақты қарастырды, егер забх жасау мүмкінсіздігі құралдардың жетіспеушілігінен босла, онда осы жабайы құсты ждеуге рұқсат етілмейді, және егер мүмкінсіздік уақттың жетіспеуінен пайда болса, онда осы жағдайда жабайы құсты жеуге болмайды, яғни біздің ғалымдардың имам Шафиидің пікіріне қарсы пікірлері. Біздің ғалымдардың дәлелдеуінше, жануар тірі күйде ұсталған болса, онда ол жабайы құс емес, немесе осы термин тек жабайы және ерікті дегендерге қолданылады; және сондықтан забх изтирари ешқандай іс-әрекет жасамайды. Осы жерде айтылғандар болжамға негізделеді, жануар тірі күйде ұсталған және оның өмір сүруін жалғастыруына мүмкіндік бар, немесе егер оған дейін мүмкіндік ұсынылмаса (мысалы, қарны жарылған болса және одан ішкі бөліктері шыққан болса), онда жануар тамаққа забх жасамастан қолданылады, өйткені онда қалған өмір жануардың қарсылығына тең, тамағы кесілген, осындай қарсыласудың еш мәні жоқ.

Егер тек ол осы жораларды орындау үшін едәуір уақыт өмір сүрсе. Егер аңшы тірі жабайы құс тауып алса, және ол өлгенше иттен тартып алмаса, забх жасау үшін жеткілікті уақыт болса, онда ол осы жабайы құсты тамаққа қолдана алмайды; бұл оны жасау мүмкіндігі кезінде забхты жіберіп алуға тең. Керісінше, егер ол осындай уақытта тірі жабайы құсты тапқан болса, яғни забх жасауға мүмкіндік болмаса, онда жабайы құс заңды. Имам Мәліктің айтуынша, осы жабайы құс заңсыз, немесе ит оған айтақтамаудан оны ұстап алса, ал аңшы итті басқа құсқа айтақтаған болса. Біздің ғалымдардың дәлелдеуінше, аңшы тек жабайы құсты иемденуге ғана мақсаты бар,және ол үшін кез келген жабайы құс жақсы. Белгілі жабайы құсты көрсету пайдасыз, өйткені итті белгілі жануарды ғана ұстауға үйрету мүмкін емес.

Қабыланды жабайы құсқа жіберу кезіндегі ережелер. Егер кімде-кім жабайы құсқа қабыланды¹ жіберсе, ол кейбір уақыт торуылда қалып қойса, содан соң ұстап

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

алып жабайы құсты өлтірсе, онда осындайды тамаққа пайдалану заңды. Өйткені торуылда қабыланның іздеп табуы жабайы құсты ұста болды, онда осы жағдай қабыланды жіберу актісін аяқтамайды. Дәл сол ереже қабыланға ұқсас үйретілген итке де қолданылады.

Бір шақырумен итпен ұсталған кез келген жабайы құс заңды. Итке қатысты қолданылатын ереже. Егер ит жабайы құс жіберілсе, оны ұстап алып, өлтірсе, ал содан соң басқа жануарды ұстап алып, өлтірсе, онда сол немесе басқа жабайы құстар заңды, өйткені жіберу актісі аяқталмады, ол екінші жабайы құсты ұстағанға дейін іс-әрекетін жалғастырады. Осы жағдайды мынаған тән, егер кімде-кім жануарға садақ атып тек осы жануарды емес, басқасын да өлтірген болса. Егер, керісінше, бірінші жабайы құсты өлтіре отырып, жерге жатып қалса, және ұзақ уақыт қимылсыз жатса, қашып бара жатқан жабайы құсты байқаса, орын атып тұрып оны өлтірсе, онда соңғысы тамаққа қолданылмайды, немесе ит жатып алып, демалса, онда жіберу актісін аяқтайды.

Және сұңқарларды. Егер сұңқар болашақта жабайы құсқа жіберілсе, алдымен бірденеге отырса, содан кейін жабайы құсты іздеуге шықса, оны ұстап алып өлтірсе, онда ол тамаққа қолданылады. Бірақ, бұл мынаны болжайды, сұңқар демалу үшін емес кешеуілдетсе, ал тек аз ғана уақытқа және жабайы құсты ұстап алу үшін.

Жабайы құс заңсыз егер, ол аңшының іс-әрекетінен тәуелсіз ұсталған (сұңқармен және т.б.) болса. Егер үйретілген сұңқар жабайы құсты ұстап алып, оны өлтірсе және оны біреу осы жабайы құсқа жібереді ма белгісізі, онда осыны жеу заңсыз, немесе осы жағдайда жіберуге қатысты күдік бар, ал жабайы құс егер оны ұстап алған жануар оған жіберілген болса ғана заңды.

Оның заңдылығы үшін, егер ол өлі ұсталса, онда одан қанның аққаны талап етіледі. Егер жабайы құс итпен өлтірілген болса, және жарақат алмаса, онда оны жеу заңсыз, өйткені оны жарақаттау «Захири-Риваят» бойынша оның заңдылығының шартын құрайды, ал осыдан егер жабайы құстың кейбір мүшелері итпен сынған болса, онда осындай жабайы құсты тамаққа пайдалануға болмайды.

Жабайы құс оны ұстап алу кезінде заңсыздықтың қандай-да бір себептерінің кіруі салдарынан заңсыз болады. Егер үйретілген итке жабайы құсты өлтіруде үйретілмеген ит көмектесетін болса, немесе мағаға

тиесілі ит, немесе жіберу кезінде әдейілеп шақырту жіберілсе, онда жабайы

¹ Аң аулау үшін қолданылатын қабылан, әдетте байлаулы көздермен қалады және ерекше арбада бір орыннан басқа орынға апарылады. Аңшылар жабайы құсқа жақындаған кезде, қабыланның көзі мен шынжырын шешеді, және ол бірден өз олжасына бірден шап береді, егер оған қол жеткізсе, немесе оған секіруге жақындау үшін көптеген айлаларды қолданады.

құс заңсыз, немесе осы жерде екі негіз біріктірілген – заңды және заңсыз, ал қауіптіліктен - заңсыздықтың негіздемесіне шешуші назар аударуға тура келеді.

Забх жасауға құқығы жоқ тұлғамен алынған жабайы құс заңсыз. Забх жасауға құқығы жоқ тұлға (діннен безген, мохр немесе әдейілеп шақыруды жіберген тұлға), жануарды аңшы тұқымынан жіберген кезде мағ ретінде қарастырылады. Егер ит, болашақта жіберілмесе, өзі жабайы құсты аңдитын болса, ал мұсылман кісі шақырса, ал содан соң итті айқайлап шақырса, және оны тез қашуға айдап салса, және ит жабайы құсты ұстаса, онда осындайды тамаққа қолдануға болады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Екінші рет ұстап алу кезінде (сол итпен немесе басқамен) жабайы құс өлтірілсе, онда заңды. Егер мұсылман кісі шақыра отырып, итті жабайы құсқа жіберсе, ал ит жабайы құсты ұстап алып, оны әлсіретіп, жіберсе, ал засим қайтадан оны ұстап алып, өлтірсе, онда осындай жабайы құс тамаққа қолданылады; ал мұсылман кісі екі итті жіберсе, олардың біреуі әлсіресе, ал басқасы жабайы құсты өлтіргенге тең; немесе екі тұлға өз иттерін жіберсе (яғни олардың әрқайсысы бір иттен) және бір ит жабайы құсты нашарлатса, ал басқасы оны өлтірсе. Бірақ, соңғы жағдайда жабайы құс кімнің итті оны әлсіретті соның жекеменшігін құраса, онда ол сол үшін қашуды мүмкін емес ете отырып, оның жабайы қасиетін жойды.

II. Бөлім. Садақтан¹ жабайы құсты ату туралы

Тәуекелге, шуылға, аңшымен өлтірілген жабайы құс заңды, егер тек шуыл жабайы құстан шыққан болса. Егер кімде-кім шуылды естісе, және ол жабайы құстан шыққанын болжа отырып, садағын лақтырып жіберсе немесе итті жіберсе немесе сұңқарды жіберетін болса, және жабайы құс өлтірілсе, ал содан соң шуыл шынында да жабайы құстан шыққаны анықталса, онда садақпен, итпен немесе сұңқармен өлтірілген жабайы құс тамаққа қолданыла алады, дегенмен де шуыл болған болса және дәл осы құстан емес, өйткені аңшының мақсаты қандай болмасын тек жабайы құсты ұстаудан тұрды. Бұл – «Захири-Риваят» бойынша. Абу Юсуфтың пікірін береді, доңызды қоспағанда; басқаша сөзбен, егер салдарынан шуыл доңыздан шыққандығы анықталса, онда садақпен, итпен немесе сұңқармен өлтірілген жабайы құс заңсыз, немесе доңыз жоғары дәрежеде таза емес, осының салдарынан оның бірде бір бөлігі аңшының салдарынан заңды болмайды, басқа төрт аяқтыларға қарсы, немесе олардың терісі егер олар аңшылықта өлтірілсе, заңды болып табылады. Имам Зуфар сондай-ақ мына жануарларды қоспағанды жөн көрді, яғни олардың еттері тамаққа қолданыла алмайтындықтан.

Басқа жануарға бағытталған садақпен өлтірілген жабайы құс заңды. Егер садақ торғайға бағттылап, бірақ жабайы құсты өлтірсе, ал торғай

¹ Бұл бөлімше араб текстінде жай ғана «рама» деп аталған, осы сөзбен кез келген металды снарядты пайдалануды көрсетеді.

ұшып кетсе және ол жабайы немесе қолды болды белгісіз болса, онда жабайы құс заңды, өйткені мүмкін торғай жабайы болған шығар. Керісінше, егер садақ түйеге бағытталған болса, және жабайы құсқа тиген болса, ал түйе қашып кетсе, және ол жабайы болды ма, әлде жоқ па белгісіз боған болса, онда жабайы құс заңды, немесе түйенің табиғи жағдайы қолға үйретілгендігі. Егер басқа жағынан, садақ балыққа немесе шегірткеге бағытталған болса, ал ол жабайы құсқа тисе, онда жабайы құс бір аңызға сәйкес Абу Юсуфтың пікірінше, заңды; бірақ, басқа аңызға сәйкес ол заңсыз, өйткені аң аулау забх жасауға тең, ол балық пен шегірткеге қатысты талап етілмейді.

Егер кімде-кім шуылды ести отырып, және былай болжаса, ол адамнан шықты, садақты тастап жабайы құсты өлтірсе, ал содан соң шуыл жабайы құстан шыққандығы анықталса, онда осындай негізде өлтірілген жабайы құс заңды, немесе шындығында жабайы құс екендігі анықталса, онда атқан тұлғаның болжамы мағынаға ие емес.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Шақыру садақты жіберген кезде жасалуы тиіс, бірақ егер жануар тірі ұсталса, онда ол забх жолымен сойылуы керек. Егер аңшы, садақты жібере отырып, шақыру жасаса, және садақ жарақаттап жабайы құсты өлтірсе, онда бұл заңды, немесе садақтың жіберілуі және жануардың жарақат алуы забх жасауға тең. Сондай-ақ егер жануар тірі алынса, онда оны забх жолымен сою тиіс.

Садақты жіберген тұлғамен жарақат алған жабайы құс, табылған соң өлген болса, онда бұл заңды. Егер садақ жабайы құсқа тиген болса, ол сонымен бірге ұшып кетіп, жоқ болса, ал аңшы оны іздеуге шықса, және оны өлі күйде тауып алса, онда ол оны тамаққа пайдалана алады. Керісінше, егер ол артынан іздеуге бармаса, және салдарынан оның өлі тауып алған болса, онда жабайы құс заңсыз, немесе Пайғамбарым аңшының көз алдынан кеткен жабайы құсты жеу әдепсіз деп есептеді; сондай-ақ ол басқа себептермен өлтірілген болуы мүмкін.

Егер ол онда басқа жарақат тауып алмаса. Егер жоғарыда аталған жануар жабайы құста садақпен келтірілгеннен басқа, жарақат тауып алса, онда осындай жабайы құсты жеу заңсыз, дегенмен, аңшы оны тапқанға дейін іздеуін тоқтатпады. Осы жағдайда екі негіздеме біріктірілген: заңсыз (басқа жарақат) және заңды (садақтан жарақат); ал анықталған әдет бойынша, есепке заңсыздықтың негіздемесі қабылданады. Барлық аталғандар садақты лақтыруға жатқызылады, бірақ ол итті жіберуге бірдей қолданылады.

Егер жабайы құс болашақта өлтіріліп, суға, қандай-да бір құрылысқа құлап кетсе, және жерге жеткен бойда, ол заңсыз. Егер кімде-кім садақты жабайы құсқа бағыттап, оған тисе, және ол суға немесе үйдің төбесіне немесе қандай-да бір биіктікке құласа, ал содан соң жерге құласа, онда бұл заңсыз, немесе жануар осы жағдайда мутарадиді құрайды, оны тамаққа пайдалану Құранда тыйым салынған, ал сондай-ақ өлім жарақаттан емес, судан немесе биіктен құлау салдарынан болуы мүмкін.

Теңіз немесе көлдегі торғайларға қатысты ережелер. Егер теңіз немесе көл жағасындағы торғай жарақаттанып, және торғайдың жарақаттанған бөлігі ол судың астында емес болса онда заңды, ал егер ол судың астында болса онда бұл дала торғайы секілді яғни жарақаттанып суға құлағандай заңсыз.

Соққымен өлтірілген, бірақ жарақат алмаған жабайы құс заңсыз. Өтпес садақпен өлтірілген жабайы құс заңсыз: солай аңыздарда айтылған. Сондай-ақ, жабайы құсты жарақаттануы оның заңдылығының шарты екендігін байқауға болады, немесе забх изтирари жоғарыда аталғандай¹ анықталмайды.

Өз садағының оғымен өлтірілген жабайы құс заңсыз, өйткені ол жарақат алмайды және өтпес садаққа тән келеді. Дәл сол туралы тасқа айтуға болады, өйткені онымен жарақат жасалады. Теңдей негізде, жабайы құс заңсыз, егер ол үлкен ауыр, өткір таспен өлтірілсе, өйткені осы жерде тастың өткірлігі емес, ауырлығы себеп болуы мүмкін. Егер де тас өткір және жеңіл болса, онда онымен өлтірілген жабайы құс заңды, немесе өлім тастан келтірілген жарақат салдарынан болғандығы анық.

Кішкене жұмыр таспен өлтірілген жабайы құс, онымен жабайы құстың бірде бір бөлігі алынбаған болса, онда заңсыз, немесе осы жағдайда жабайы құс ұрып тасталған, бірақ жарақат алмаған. Теңдей негізде, егер жабайы құс таяқпен немесе ағаштың бір тілімімен өлтірілсе, онда бұл заңсыз, немесе өлім таяқтың немесе ағаштың ауырлығынан болды; бірақ егер таяқ немесе ағаштың өткір ұштары болса, ол жарақат

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

келтірсе, онда жабайы құсты тамаққа пайдалануға болады, немесе таяқ немесе ағаш семсерге тең. Бір сөзбен, жалпы ереже мынамен жасалады, егер өлім жарақаттан болғаны анық белгілі болса, онда жабайы құс тамаққа заңды түрде қолданыла алады, бірақ жабайы құс заңсыз, егер оның өлімі жарақаттан емес, соққыдан болғаны анық белгілі болса; егер де күдік бар болса (яғни өлім соққыдан немесе жарақаттан болғаны белгілі болмаса, онда жабайы құс қауіпсіздік үшін заңсыз).

Егер кімде-кім жабайы құсқа семсер немесе пышақ лақтырса, және ол семсердің сабымен немесе пышақты өткір жағымен зақым алса, онда бұл заңсыз, егер де ол өткір нәрсемене жарақат алса, онда заңды.

Жануардың басын сою жағдайы. Егер кімде-кім ешкінің басын сойса, онда ол тамаққа қолданылады, өйткені мойын желілері кесілген; бірақ бұл әдепсіз. Егер, бірақ осы тұлға омыртқа жағынан кесуді бастаса және жануардың өлімі мойын желілерін кескенге дейін болса, онда ол тамаққа қолданылмайды, бірақ ол заңды, егер өлім мойын желілерін кескенге дейін болмаса.

Дуагер, діннен безген, немесе пұтқа табынушы жабайы құсты өлтіре алмайды. Дуагермен, діннен безген кісімен, немесе кескіндемені қадірлеушімен өлтірілген жабайы құс заңсыз, өйткені оларға забх жасауға рұқсат етілмейді, ол жабайы құстың заңды шартын құрайды. Басқа іс- христиан немесе еврей; оларға забх изтирари жасауға рұқсат етіледі, онда осыдан олармен забх изтирари жасау заңды.

¹ Осыдан және көптеген басқа сөйлемдерден анық, жабайы құс заңды болуы үшін қанын шығару керек.

Жабайы құсты бір тұлғамен жарақаттау және басқа тұлғамен өлтіру жағдайы. Егер кімде-кім жабайы құсқа садақ жіберіп, оны соншалықты яғни қашуға мүмкіндігі болмастай әлсіреткен болса, және осы жағдайда ол басқа біреудің садағымен өлтірілген болса, онда жабайы құс екінші аңшыға тиесілі, өйткені ол оны ұстады, ал Пайғамбарым былай деді: «Жабайы құс кім оны ұстаса соған тиесілі болады». Егер, керісінше, бірінші аңшы оны қаша алмастай әлсіретсе, ал басқа аңшы оны өлтірген болса, онда ол бірінші аңшыға тиесілі. Сондай-ақ ол оны тамаққа пайдалана алмайды, өйткені оның өлімі екінші жарақаттан болуы мүмкін; ал бірінші жарақаттан қаша алмағандықтан, онда оны забх изтирари жолымен сою керек еді, бірінші жағдайға қарсы забх изтирариге назар аудармастан. Бірақ бұл жабайы құсты жеуге тыйым салу мынаны болжайды, ол өзінің өмір сүруін жалғастыруға мүмкіндігі бар екендігіне бізге сенім ұялататын жағдайда тұр, немесе осындай жағдайда оның өлімі екінші жарақатқа жазылады; бірақ егер бірінші жарақат оның өмір сүруін мүмкін емес етсе (жабайы құстың аз өмірі қалса, яғни мойыны кесілген жануардікі секілді), онда жабайы құс тамаққа қолданылады, өйткені оның өлімі екінші жарақатқа жатқызылмайды, немесе оны алу кезінде жабайы құс өлімге жақын күйде тұр. Егер, бірақ бірінші жарақат мынадай болса, ол оның өмір сүруін мүмкін емес етсе, және жабайы құста мойны кесілген жануарға қарағанда өмір сүруі көп болса (мысалы, егер ол бір күн өмір сүре алса), онда Абу Юсуф бойынша ол екінші жарақат салдарынан заңсыз болмайды, немесе өмірдің осындай дәрежесінің еш мәні жоқ; онда имам Мұхаммед бойынша ол заңсыз, өйткені өмірдің осындай дәрежесі мағынаға ие.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Алдыңғы жағдайда екінші аңшы біріншінің алдында құны үшін жауапты, яғни бірінші жарақаттан соң ие болған, немесе ол (екінші аңшы) бірінші аңшының (оның қашу үшін мүмкіндігінен айырған, жабайы құсты жарақаттау салдарынан меншікті иеі болған) жекеменшігін құрайтын жабайы құсты бүлдірді; және жабайы құс осындай жарақат салдарынан бүлінген болып табылады; ал барлық жағдайларда мүлікті бұзғандығы үшін бүлдіру уақыты да есепке алынады. «Хидоя» авторының байқауынша, осы жағдайда айырмашылық жасауға тура келеді; басқаша сөзбен, жабайы құстың өлімі екінші жарақаттан болғаны белгілі болса, жауапкершілік сол кезде пайда болады; сәйкесінше, екінші аңшы жабайы құсты жарақат алу мен бүліну күйінде болсын сол үшін жауапты, керісінше емес, егер де бөтен ауру құлды өлтірген болса. Егер жабайы құстың өлімі бірінші жарақаттан болғаны белгілі болса, немесе өлім қандай жарақаттан болғаны белгісіз болса, онда имам Мұхаммедтің пікірінше, «Зиадатта» келтірілгендей, екінші аңшы біріншіден, екінші жарақаттан келтірілген зиян үшін сый ақы беруі тиіс; екіншіден, жабайы құс екі жарақат алғанға дейін құнның жартысын төлеу керек, және үшіншіден, еттің жарты құнына сый ақы төлеуге міндетті. Бірінші сый ақыға негіздеме, екінші аңшы басқа тұлғаға тиесілі жабайы құсқа зиян келтіре отырып осы зиян үшін оны сыйлау керек. Екінші сый ақыны беруі тиіс, өйткені жануар екі жарақаттан өлгендіктен, онда өлім себебі екінші жарақат болуы тиіс; ал сол кезде ол басқа біреудің меншігі болғандықтан, онда жануар екі жарақат алғанға дейін қандай құнға ие болса сол құнның жартысын төлеуі керек, немесе бірінші жарақат онымен келтірілмеген. (Екінші жарақатқа келтірілген зиянға байланысты, оған ерте сый ақы бере отырып, ол оны екінші рет сыйлауға міндетті емес). Үшінші сый ақыға негіздеме, жабайы құс бірінші жарақат алған соң заң изтирари көмегімен заңды бола алатын күйде болған болса, егер де ол екінші жарақат алмағанда, онда осыдан, екінші аңшы екінші жарақат келтіре отырып, бірінші аңшы үшін жарты етті заңсыз етеді. Одан ет құнының жартысын төлеу талап етіледі, өйткені ол басқа жартысын ерте төлеп қойды.

Жабайы құсты жарақаттау, содан соң оны бір тұлғамен өлтіру жағдайы. Егер екі тұлғаны нормина бір тұлға жабайы құсқа екі рет атса, онда жабайы құстың заңсыздығына қатысты ереже, екі тұлғамен екі рет жарақат келтірген жағдайға қатысты. Осы жағдай кімде –кім жабайық құсты атып, оны әлсертесе ол қандай-да бір биіктікке құласа, оны екінші рет тағы да атса салдарынан ол жерге құласа, осындай жағдайда жабайы құс заңсыз, сондай-ақ, заңсыздықтың себебі екінші жарақат болып табылатын жағдайға тән. Дәл осы қарастырылып отырған жағдайда да.

Барлық жануарларға аң аулауға болады. Кез келген түрдегі жануарға аң аулау заңды, оның еті жеуге жарамды ма, әлде жоқ па содан тәуелсіз, немесе аң аулаудың заңдылығы осындайды жануарлармен шектеместен, еттері жеуге жарамсыз, Құранда абсолютті түрде анықталған. Басқа негіздеме мынадан тұрады, етті жарамсыз жануарларға аң аулау олардың терісін, қауырсынын алу мақсатында, немесе оларды зиянды және қауіпті деп жою мақсатында болған болса, бұл мақтауға тұрарлық.

XLVIII. КІТАП

РАГАН НЕМЕСЕ КЕПІЛ ТУРАЛЫ

I. Тарау. Кіріспе.

II. Тарау. Кепіл заты болуға қабілетті заттар туралы және кепілге беруге болатын заттар туралы.

III. Үшінші тұлғаның қолына орналастырылған кепіл туралы.

IV. Салынған заттарға билік туралы және осы заттарға қатысты құқық бұзушылық туралы.

I. Тарау

КІРІСПЕ

Раганды анықтау. Раган сөзбе – сөз қандай негізде болмасын затты ұстап тұру дегенді білдіреді. Заң тілінде талапты қамтамасыз етуде осы затпен қанағаттандырыла алатын мысалы, қарыз жағдайында, затты ұстау дегенді түсіндіреді. Осы келісім шарт заңды және тағайындалған, немесе Құрандағы Құдайдың сөзі былай дейді: «Кепілді ал және бер»; сондай-ақ, Пайғамбарым евреймен дән туралы келісім шарт жасаған кезде, төлемді қамтамасыз ету үшін кепілге сауытын берді. Барлық ғалымдар кепілдің заңдылығына қатысты келіседі.

Кепіл ұсынумен және қабылдаумен анықталады, және салынған затты алумен мақұлданады. Кепілдің келісім шарттары осындайды ұсыну мен қабылдау арқылы анықталады, және иелікке салынған затты алумен аяқталады. Кейбір ғалымдардың айтуынша, келісім шарт ұсыныстан соң жасалған болып есептеледі. Бұл таза ерікті келісім шарт болғандықтан, онда ол қатысушының ерікті актісі болып

МҮСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

табылады, яғни сыйлау мен құрбандық шалу жағдайы секілді. Келісім шарттың жарамдылығы үшін өз орнында көрсетілетіндей салынған затты иемдену талап етлуі қажет. Имам Мәліктің айтуынша, кепілдің келісім шарты тараптардың келісімінен соң жарамды және міндетті болады, өйткені ол екеуінің де жекеменшігіне қатысты болады, және сәйкесінше сатуға тән. Біздің ғалымдардың дәлелдерінің біреуі Құранның жоғарыда келтірілген текстісіне сүйенуден жасалады; басқа дәлел мынадан тұрады, кепіл таза ерікті акт болып табылатындықтан (осының салдарынан кепілге беруші осы актіні жасауға мәжбүрленбейді), онда ол шынында да бас тарту жағдайы секілді жасалуы тиіс; ал кепіл келісім шарты тек меңгеру жолымен жарамды негізде жасалуы мүмкін, яғни бас тарту секілді жасалған бас тартудан шегініс жасамастан өсиет айтушының салдарынан жасалған болып есептеледі. Осыдан байқайтынымыз, егер кепілге беруші затты кепілген қабылдаушыға қалдырса, нода осы іс-әрекет қабылдауға тең; басқаша сөзбен, оның тарапынан кепілге қабылдаушының иелікке кіру үшін кедергілердің болмауы кепілге қабылдаушыға иелікті шынында да алып жүруге тең, және осындай алып жүрудің жеткілікті дәлелі болып табылады. Осылай «Захири-Риваятта» жазылған, және бұл салынған затты меңгеру тараптардың келісімімен рұқсат етілетіндігіне негізделеді, онда ол сатылған затты меңгеруге тән келеді. Абу Юсуфтың пікірін жеткізеді, кепілді меңгеру кепілге беруші тарапынан оны қалдырумен емес, жоғарыда аталғандай оның қолына салынуымен немесе оны орналастырумен жасалады, немесе кепілді меңгеру заңсыз меңгеру секілді жауапкершілікке сылтау болып табылады. Бірінші пікір, едәуір негізді.

Кепілге қабылдаушы затпен иелікке кіргеннен соң келісім шарт міндетті болып табылады. Әлекіммен кепілге нақты затты алғаннан соң (яғни кепілге берушінің мүлігінен бөлістірілген және байланыспаған), оны қабылдауға сенімді болу салдарынан оның келісім шарты жасалған және міндетті болып есептеледі. (Бірақ, шындығында меңгеру жасалмаса, кепілге беруші келісім шартта қалуға ерікті немесе одан бас тартуға да ерікті, өйткені оның жарамдылығы меңгеруден тәуелді болады, яғни кепілдің мақсаты осынсыз орындала алмайды).

Және ол (кепілге қабылдаушы) салынған зат үшін жауапты. Сондықтан кепілге қабылдаушыға салынған затты бергеннен соң және оның онымен бірге иелікке кіруі оны иелену кезінде бұзғаны үшін жауапты болып қалады. Имам Шафиидің мақұлдауынша, кепіл кепілге қабылдаушының қолында салынған затты құрайды, және егер де ол оны иелену кезінде бүлінген болса, онда өз талабын жоғалтпайды. Аңыздарда былай делінген, «ешқандай кепіл қарыз үшін тұтқындауға жатпайды, және кепілге беруші барлық кездейсоқтықтар үшін жауап беруі керек», яғни (имам Шафиидің пікірінше

Егер кепіл жоғалып кетсе, онда қарыз кепілдің жоғалуы салдарынан жауапкершілік салдарынан жоғалмайды; және кепіл тек дәлел ретінде қызмет ететіндіктен, онда оның жоғалуы қарызды жоймайды, немесе қарыз оның жазбаша актісін куәландыратын жоғалтқаннан соң да бар болуын жалғастырады. Осындай дәлелдерді анықтау әдеті қарызға үлкен қамтамасыз етілгендік берудің мақсаты болып табылады, және сондықтан егер де кепілді бұзған немесе бүлдірген жағдайда қарыз жойылған болуы керек онда бұл келісім шарттың рухына қарсы болар еді, өйткені қорғау мен қамтамасыз ету ниетіне қайшы келер еді. Осы зат бойынша біздің

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

ғалымдардың дәлелдері екі түрлі. Біріншіден, Пайғамбар туралы аңызда, кепілде несиешіде болған (шындығында көптеген ғалымдар осындай аңызды түсіндіруде шешім аттың құны куәландырыла алмаған уақытты қаулы етілген болса) аттың өлімінен салдарынан қарызды жойылған деп хабарлады. Екіншіден, Пайғамбардың барлық серіктестері мен оның ізбасарлары былай хабарлады, кепіл жауапкершілік затын құрайды, яғни егер кепіл кепілге қабылдаушының иелігінде қаза болса, онда шығын соған түседі. Имам Шафиидің пікіріне қатысты, «кепіл жүк болып табылады», онда осындай Пайғамбардың барлық серіктестерімен жоғарыда келтірілген пікірлерге қарсы келген деп қабылдайынбайды. Теңдей негізде, олармен келтірілген аңыздың ақиқатты мағынапсы «ол оның ұзақ мерзімді талабының орнына кепілге қабылдаушының толық жекеменшігі болуы үшін кепіл толық меңгерудің заты бола алмайды», - бұл түсінік бізге Кархимен берілген. Өйткені кепілге қабылдаушы оның талабын қамтамасыз ету ретінде салынған затты иелікке алуға құқылы және оны ұстап тұру үшін (немесе раған сөзбе сөз мағынада ұстап тұру), осыдан кепіл жүк емес екендігі анық болады.

Оған қарызды төлегенге дейін ол ұстап тұруға құқылы. Бір сөзбен, біздің ғалымдардың пікірінше, кепіл келісім шартында, салынған зат үнемі кепілге қабылдаушының қолында ұзақ мерзімді соммамен бірге болғаны талап етіледі, өйткені ол оның талабын қамтамасыз ету ретінде қызмет етеді; сондай-ақ, имам Шафиидің пікірінше, кепілге қабылдаушының талабы осы талапты қанағаттандыру секілді салынған заттың боулымен байланысты, өйткені ол оны сата алады және осындай негізде өз талабын жоя алады; ал оны сатқанға дейін зат жүктен және жүк берішінің жекеменшігінен тұрады. Осы өзгешеліктерге сәйкес, көптеген жағдайларда, пікірлерде біздің оқушылар мен имам Шафии арасында алауыздықтар анықталады.

Осы затты пайдалануға кепілге берушіні жібермеу керек. Мысалы, егер кепілге беруші қысқа мерзімге салынған затты кері алуды қаласа, оны пайдалану үшін (мысалы, сиырды сауу үшін және т.б.) онда ол, біздің ғалымдардың пікірінше, осы кепілге қабылдаушының келісімімен жасауға құқылы, өйткені осы тәсілмен кепіл келісім шартының заты (әсіресе – тұрақты иемдену) бұзылған болса, сондай-ақ имам Шафии бойынша кепілге беруші осы затты уақытша пайдалану үшін мәжбүрлікпен алуы мүмкін, және осыдан ұсталынбауы мүмкін, өйткені осы зат келісім шарттың табиғатына сай сатылуы мүмкін; және осы затты пайдалылықпен пайдалану үшін кері алу осы келісім шартқа қарсы болмайды.

Кепілмен қамтамасыз етілген қарыз шынында да бар болуы керек. Кепіл келісім шарты жарамсыз, егер олармен бірдей уақытта бар қарыз қамтамасыз етілмесе, немесе осы келісім шарттың мақсаты төлемді қамтамасыз ету үшін анықталған иелік болып табылады; бірақ төлемді алу ұзақ мерзімді міндеттемені құрайды.

Салынған зат үшін жауапкершілік кепілге қабылдаушының¹ талабына тең келетін соммаға дейін жайылады. Салынған зат кепілге қабылдаушымен иелікке оның талабына сай соммаға дейін немесе оны беру кезінде заттың құнына дейін қамтамасыз етілген, осы соммалардың қайсысы төмен соған қарай отырып. Егер салынған зат оның құны ұзақ мерзімді соммаға тең босла, кепілге қабылдаушының иелігінде қаза болса, онда оның талабы жойылады, ол толық қанағаттану алады. Егер, керісінше, салынған заттың құны ұзақ мерзімді арттырса, онда артықшылық жүк

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

болып есептеледі және барлық қарыз кепілдің осы қарызының соммасына тең бөлігін жою салдарынан болып табылады; ал қалдығы үшін, жүк үшін секілді жауапкершілік жоқ, сәйкесінше, оны жоюдан түскен шығынға кепілге беруші жауапты. Егер басқа жағынан, салынған заттың құны ұзақ мерзімді соммадан аздау болса, онда кепілге қабылдаушы кепіл құнына тең өз талабының бір

¹ Басқаша сөзбен – «кепілге қабылдаушы сол үшін жауапты».

бөлігін ғана жоғалтады, ал қалған бөлігі кепілге берушімен төленуі керек. Имам Зуфардың мақұлдауынша, салынған зат үшін жауапкершілік оның құнына дейін жайылады, осының салдарынан егер осындай зат кепілге қабылдаушыға берген кезде 1500 дарагим болса, ол қаза болса, ал қарыз 1000 дарагимге тең болса, онда кепілге беруші кепілге қабылдаушыдан айырмашылықты яғни 500 дарагимді талап етуге құқылы. Осы зат бойынша ол екі түрлі дәлел келтіреді. Біріншіден, Әлидің нақыл сөзі: «Кепілге беруші мен кепілге қабылдаушы бір-біріне артықшылықты өзара қайтарулары керек, ол кепілге берушінің немесе кепілге қабылдаушының жағында болады ма». Екіншіден, қарыз алдында зат құнының артықшылығы кепілге бірдей берілген, онда артықшылық жауапкершілік заты болып табылады, яғни қарыз соммасына тең бөлігі секілді. Сондықтан, қарыз жойылғна бюолса, зат құнының артықшылығы қайтарымға жатады. Біздің ғалымдардың пікірі осы зат бойынша Омар Фарухпен және Абдулла Ибн Массаудпен қабылданған. Сондай-ақ, олардың дәлелдеуінше, кепіл төлемді қамтамасыз ету кезінде ретінде алынған болса, онда ол онда қарызды қанағаттануға жататын бөлікте ғана жауапкершілік затын құрайды; артықшылық кепілге тек қажеттілік бойынша берілді (кепілге тек қарыздың нақты соммасын құрайтын затты беру мүмкін емес болды), сондықтан ол қайтарымға жатпайды. Әлидің нақыл сөзіне қатысты (имам Зуфарпен келтірілген), онда ол тараптар сату жағдайында (яғни кепілге беруші кепілді сатса) артықшылықты өзара қайтарулары керек, немесе басқа орында артықшылық кепілге қабылдаушының қолында жүктен тұрғанын хабарлады.

Кепілге қабылдаушы қарыз төлемін талап етуі мүмкін және кепілге беру төлемнен ауытқыған жағдайда үкім жасауға дүшар етуі мүмкін. Кепіл алушысы өз қарызын талап етуге құқылы және кепілге берушіні осындайды төлеуден бас тартқан жағдайда үкім шығаруға дүшар етуге құқылы, өйткені талап бар болуын жалғастырады және кепілді алғанан соң ол қанағат емес, қарызды қамтамасыз ету болып есептеледі. Сондықтан кепілге қабылдаушы қарыз төлемін талап етуге құқылы емес, және егер қарыз берушінің төлемнен ауытқуы қазыға жеткізілген болса, онда ол оны қамауға алуға дүшар етеді.

Төлемге дейін кепілге қабылдаушы салынған затты ұсынуы тиіс. Кепілге қабылдаушы қарыз төлемін талап етсе, қазы оған алдымен салынған затты ұсынуды тағайындауы керек. Өйткені ол төлемді алу үшін оны иемденіп отыр, онда ол қарыз алуға құқылы емес, және кепілді ұстауға да құқығы жоқ, немесе егер де салынған зат оның қолында қаза болған болса, онда екеулік төлем жасалуы тиіс, ал бұл мүмкін емес. Кепілге қабылдаушымен затты ұсынылғанан соң, қазы кепілге берушіге алдымен кепілге қабылдаушының құқығын анықтау үшін, сондай-ақ екеуін теңгеру үшін

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

кепілге берушінің құқығы анықталғандай қарызын төлеуге тағайындау керек; яғни сатушы затты ұсынса, ал сатып алушы оның бағасын ұсынған жағдай секілді.

Бірақ егер ол төлемді алыс бір жерде талап етсе, онда егер бұл шығындармен соқтығысатын болса, кепілді ұсынуға міндетті емес. Егер кепілге қабылдаушы төлемді кепіл келісім шарты жасалған қалада талап етпесе, және салынған зат тасымалдау бойынша шығындарды талап етпесе, онда басқа жағдайлар секілді ережелер қолданылады. Кепілдің осындай түрін беру орны маңызсыз, онда біздің ғалымдар оларға қатысты ерекше ереже мен шарттар анықтамады. Егер, керісінше, осындай түрде салынған зат тасымалдау бойынша шығындарды талап етсе, онда кепілге қабылдаушы оны ұсынуға міндетті емес, немесе ол оны бір орыннан басқа орынға тасымалдауға қажеттілікке қойылған болар еді. Ол кепілге берушіге кепіл ұсынуға мәіндетті және оған оны кері алуға рұқсат етуге де міндетті, бірақ ол затты біро орыннан басқа орынға алып жүруге міндетті емес, өйткені ол оған залал келтірер еді, ол оны келісім шарт бойынша өзіне қабылдамады.

Салынған зат кепілге берушінің ықыласы бойынша сатылуы мүмкін, және содан соң кепілге қабылдаушыдан оны ұсынуды талап етуге болмайды. Егер кепілге беруші сенімді тұлғаны салынған затты сатуға уәкіл етсе, және затты қолма-қол ақшаға немесе несиеге сата отырып осыны орындаса, онда бұл заңды, немесе кепілге берушінің билігі затты сатуда рұқсат етілмейді. Сондықтан, егер кепілге қабылдаушы салдарынан қарызды төлеуді талап етсе, онда ол салынған затты жеткізуге міндетті емес, өйткені ол оның билігінде емес. Дәл сол ереже кепілге қабылдаушы сатуда кепілге берушімен затты оның бағасын иемденбеген кезде қолданылады, немесе қазы кепілге берушіні кепілге қабылдаушымен затты ұсынуды талап етпестен, өз қарызын төлеуді мәжбүр етуі мүмкін, ол болашақта кепілге берушінің ықыласымен сатылған, қарызға айналған, осының салдарынан кепілге беруші сатып алу бағасын салған болар еді. Егер, керісінше, кепілге қабылдаушы сатып алу бағасын иемденсе, онда ол қарыз төлемін талап ете отырып, оны ұсынуы керек, немесе салынған зат осы заттың алмасуы болып табылатын ақшаға айналған болар еді. Осыдан байқайтынымыз, кепілге қабылдаушы сатып алу бағасын иеленуге құқылы, немесе ол өзі сату жасаған болса, және сәйкесінше, осы келісім шарттан шығатын құқық тек соған ғана тиесілі.

Ол жеке төлемді алу кезінде, толық төлем жағдайы секілді затты ұсынуы керек. Толық төлемді алуда кепілге қабылдаушы салынған затты ұсынуға міндетті, осылайша ол жекелеп төлемді алуда оны ұсынуы тиіс, егер тек аталған мерзім аяқталған болса, өйткені осындай ұсыныс оған залал келтіре алмайды және сол уақытта кепілге берушіде заттың толықтығына күмән пайда болуы мүмкін. Бірақ зат толық төлемнен бұрын қайтарылады. Теңдей негізде, егер салынған зат кепілге қабылдаушымен сатылған болса, және ол сол үшін алынған бағаны ұстап тұрса, онда қарыз төлемін немесе оның бір бөлігін талап ете отырып, ол осы ақшаларды ұсынуы тиіс, егер де сол зат көз алдында болған болса, өйткені оның бағасы оны алмастыру болып табылады.

Егер кімде-кім сәтсіз кездейсоқтықтан кепілге алынған құлды өлтіріп қойса, және сот өлтірген тұлғаның акилалары үш жыл ішінде құлдың құнын төлеу туралы қаулы етсе, онда кепілге берішу кепілге қабылдаушыға өз қарызын төлеуге міндетті

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

емес, яғни соңғысы құлдың толық құнын төлегенге дейін, немесе осы жағдайда құн салынған құлдың алмастырылуын құрайды, сәйкесінше, кепілге қабылдаушы салынған заттың барлық құнын төлеу секілді, құлдың да толық құнын төлеуге міндетті. Сондай-ақ, бұл зат кепілге беруші тарапынан қандай-да бір акт салдарынан емес өз құнымен алмастырылған, алғашқы жағдайда (әсіресе – кепілге қабылдаушы салынған затты кепілге берушінің ықыласымен сатқан болса) осы зат кепілге берушінің актісімен қарызға айналдырылған, өйткені ол кепілге қабылдаушының затын билеуге уәкіл еткен. Сәйкесінше, осы екі жағдай арасында маңызды айырмашылық бар, осының салдарынан осы жағдайда кепілге қабылдаушы құлдың құнын ұсынуға міндетті, өйткені алдыңғы жағдайда ол салынған затты ұсынғанын талап етуге болмайды.

Салынған затты ұсынуды талап етпейтін жағдайлар. Егер кепілге беруші салынған затты кепілге қабылдаушыға бермеген болса, оны сақтау үшін басқа біреуге берсе, онда кепілге қабылдаушы өз қарызын төлеуді талап етуде затты ұсынуға міндетті емес, немесе осы зат оған емес, басқа тұлғаға сеніп тапсырылғаны мүмкін емес. Теңдей негізде, егер сенімді тұлға салынған затты өз туыстарының біреуіне бере отырып, жоқ болып кетсе, ал затты берген тұлға «ол осы затты шынында да сақтау үшін алғанын, бірақ оның шын қожайыны кім екенін білмегенін» мойындаса, онда кепілге беруші кепілге қабылдаушының затты ұсынбастан қарыз төлемін төлеуге мәжбүрленуі мүмкін, өйткені ол оны ешқашан алмаған (дәл сол ереже сенімді тұлға затты тартып алып қайда жасырынғаны белгісіз болғна кезде қолданылады). Егер, керісінеше, сенімді тұлға оған сеніп тапсырылған зат кепіл құрайтынын мойындамаса, «ол зат оған тиесілі екендігін» мақұлдаса, онда кепілге қабылдаушы кепілге берушіден бірдеңе ала алмайды, яғни қарсы жағы дәлелденбеген болса, немесе сенімді тұлғаның мойындамауы салынған затты бұзуға тең; ал салынған зат бұзылса, онда кепілге қабылдаушы қарыз төлемін алған болып есептеледі, содан соң ол оны талап етуге құқылы емес.

Кепілге беруші салынған затты оны сату үшін және қарызын төлеу үшін оны қайтаруды талап ете алмайды. Егер кепілге беруші салынған затты сату үшін және қарызды төлеу үшін қайтаруды талап етсе, кепілге қабылдаушы кепілді қайтаруға міндетті емес, өйткені кепіл келісім шарты зат үнемі қарызды төлегенге дейін кепілге қабылдаушының қолында болғаны талап етіледі. Теңдей негізде, егер кепілге беруші қарызды бөлшектеп төлесе, онда кепілге қабылдаушы толық төлемге дейін затты ұстай алмайды; бірақ толық төлем төленген со, кепілге қабылдаушы кепілге берушіге затты қайтаруға міндетті, өйткені оған деген кедергі несиешімен қанағаттануды алған бойда жойылады.

Кепілге қабылдаушы қарызды төлеу үшін онымен алынғанды қайтару керек, егер салынған зат оның қолында қаза болса. Егер қарызды қанағат ету бойынша салынған зат кепілге қабылдаушының қолында қаза болса, онда ол төлемге алынған ақшаны қайтару керек. Зат өлгенен соң кепілге қабылдаушы оны затын иелену салдарынан қанағат алған болып есептеледі, онда ол екеулік төлем алуы мүмкін, сәйкесінше, алған нәрсесін қайтаруы тиіс. Теңдей негізде, егер тараптар өзара келісіммен кепіл келісім шартын тоқтатса, кепілге қабылдаушы салынған затты қарыз төлемін алғанға дейін немесе кепілге берушінің осындайдан босатқанға дейін ұстай алады.

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

Келісім шарт тоқтатылған болып есептелмейді, салынған зат қайтарылмайынша. Кепіл келісім шарты өз күшін жоғалтпайды, егер кепілге қабылдаушы кепілге берушіге тоқтатудың анықталған тәсілі бойынша салынған затты қайтармайынша.

Салынған затты жоғалтумен қарыз тоқтатылады. Егер салынған зат келісім шартты тараптармен бұзу туралы келісімнен соң кепілге қабылдаушының қолында қаза болса, онда қарыз жойылған болып есептеледі, егер тек заттың құны оған тең болса, сондай-ақ, келісім шарт өз күшінде қалады.

Кепілге қабылдаушы салынған затты пайдалануға құқылы емес. Кепілге қабылдаушы қандай да негізде болмасын салынған затты пайдалануға құқылы емес. Сондықтан егер құл салынса, кепілге қабылдаушы оның қызмететрін пайдалануға құқылы емес, егер үй салынса, ол онда тұрмауы тиіс, егер киім салынса оны кимеуі керек, немесе кепілге қабылдаушыға пайдалану құқығы емес, иелену құқығы тиесілі болады. Кепілге қабылдаушы кепілге берушінің келісімінсіз затты сатуға құқылы емес.

Немесе оны ссудаға немесе жалға беруге. Кепілге қабылдаушыға затты жалға немесе ссудаға беруге рұқсат етілмейді. Оның өзіне оны пайдалануға тыйым салынғандықтан, сәйкесінше, ол пайдалану құқығын басқаға беруге құқылы емес. Сондықтан, егер ол осылай жасаса, бұл құқық бұзушылық болып саналады, бірақ құқық бұзушылық келісім шарттың тоқтатылуына алып келмейді.

Ол олардың бақылау үшін өз отбасысының біреуіне тапсыра алады. Кепілге қабылдаушы салынған затты не өзі қорғай алады, немесе ол туралы қамқорлықты өз әйеліне, балаларына, немесе қызметшісіне тапсыра алады, егер олар оның отбасысына тиесілі болса. Егер, керісінше, ол зат туралы қамқорлықты тапсырса немесе оны сақтауға оның отбасысына тиесілі емес тұлғаға берсе, онда ол тапсырушы болып табылады, ал затты тапсырған тұлға – екінші тапсырушы болып табылады. Осы қатынаста, Абу Ханифа мен екі оқушының арасында алауыздық бар; біріншісі осы тұлғаны екінші тапсырушы етіп есептемейді; соңғылары кепілге беруші сол немесе басқаны екінші тапсырушы деп есептей алады.

Егер ол салынған затқа қатысты құқық бұзушылық жасаған болса, онда оның барлық құны үшін жауапты. Егер кепілге қабылдаушы қандай - да бір құқық бұзушылық¹ жасаса онда ол заңсыз иелену жағдайы секілді оған құнын төлеуі тиіс, немесе заттың құны ұзақ мерзімді қарызды арттыратын болса, жүкті құрайды; ал жүкке қатысты құқық бұзушылықты тұлға жасаған болса, осындай жасаған толық көлемде жауапты болады.

¹ Мысалы, оны пайдаланса (тыйым салынған).

Затты пайдалану оны кепілге берушімен пайдалану немесе алып жүру тәсіліне анықталады. Егер кімде – кім жүзікті салса және кепілге қабылдаушы оны кіші саусағына тақса, содан соң жүзік жоғалса, немесе сынса, онда ол жауапты, өйткені ол оны сақтау үшін пайдаланды. Осы жағдайда ол сол немесе оң қолға киілді ме ол маңызсыз, немесе осы жүзікті осы қолдардың біреуіне ғана тағу деген әдет жоқ. Егер кепілге қабылдаушы жүзікті кіші саусағында емес, басқа саусағында тағып жүрсе, онда ол оны пайдаланған болып есептелмейді, ол тек сақтау тәсілі болып табылады, өйткені бұл жүзікті тағудың қарапайым тәсілімен келіспейді. Теңдей

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

негізде, кепілге қабылдаушы оның тағайындауына сәйкес ақ жайманы пайдаланады, сол үшін жауапты; сондай-ақ, егер ол оны иығына жапса, онда жауапты емес.

Егер кімде-кім кепілге екі немесе үш семсер берсе және кепілге қабылдаушы оны иығына қойса, онда ол жауапты, егер тек семсер екеу болса, оларды құны жоғалған жағдайда ол жауапты емес егер олар үшеу болған болса. Айырмашылық мынада, әскерлер арасында ұрысқа барарда иығына екі семсер тастау әдет, бірақ ешқашан – үш семсер емес. Егер кімде-кім кепілге екі жүзік берсе және кепілге қабылдаушы оны екі кіші саусағына тағып қойса, содан соң ол өзін осылай әдемілегені анықталса, онда ол оны жоғалтқан жағдайда сый ақы төлеуге міндетті, қарсы жағдайда ол кез келген жауапкершіліктен босатылады.

Кепілге берілген затты сақтау бойынша шығындар кепілге қабылдаушының жауапкершілігінде, ал шығындарды ұстап тұру бойынша – кепілге берушінің жауапкершілігінде жатыр. Кепілді сақтау үшін ғимарат жалдау бойынша шығындар кепілге қабылдаушының жауапкершілігінде; бірақ егер кепілге жануар берілсе ол қадағалау мен оны асырауды талап етеді, онда осы бойынша шығындар кепілге берушінің жауапкершілігінде болады. Осыдан байқайтынымыз, салынған зат туралы қамқорлықтың екі түрі бар: біріншісі, оны қолдау және оның бар болуын жалғастыру бойынша және екіншісі, оны бүтіндей немесе бөлшектеп сақтау бойынша. Бірақ салынған затқа толық құны кепілге берушіге тиесілі болса, онда бірінші түрдегі шығындар оның міндетіне жатады; оған салынған заттың узуфруктісіне жекеменшік құқығы тиесілі болмайды және сәйкесінше, оны қолдау мен оның бар болуының жалғасуы оның жекеменшік құқығына байланысты, шығындардан тұратын оның міндетіне жатады. Осыған жататындар: салынған затты тамақпен және сумен қамсыздандыру, оған бақташының айлығын қоса отырып, құлды киіммен қамсыздандыру, салынған құлды балау үшін сүт ананың жалақысы, бақшаны суландыру, ағаштарды ұлау, жемістерді жина және т.б. Екінші топтың шығындары кепілге қабылдаушының міндетіне жатады, өйткені ол салынған затты ұстап тұрады; және осы затты сақтау оның міндетін құрайтындықтан, онда ол оны сақтау бойынша да шығындарды алып жүруге міндетті. Екінші топқа тиесілі: затты сақтау үшін жалдау, үй үшін осы үйде сақталатын зат үшін жалдама ақы, ол кепіл құнын сақтау бойынша қарызды арттырады ма, әлде жоқ па содан тәуелсіз. Осы жерде келтірілгендердің барлығы «Захири-Риваятқа» негізделеді. Сондай-ақ, Абу Юсуфтың пікірін жеткізеді, үйді жалдау үшін төлем затты ұстап тұру бойынша шығындар секілді кепілге берушінің міндетінде жатыр, немесе оның міндетіне салынған заттың боулын қамтамасыз етуде барлық мүмкін болатын шараларды қабылдау жатыр; ал қашқын құлды ұстағаны үшін сый ақы екінші топқа жатады, өйткені кепілге қабылдаушы құлды иеленуді қалпына келтіру үшін барлық мүмкін болатын тәсілдерді қолдануға міндетті, және сәйкесінше оны ұстағаны үшін сый ақы кепілді сақтаумен байланысты. Бұл осындай кепілге қатысты орны бар, оның құны ұзақ мерзімді сомманы арттырмайды. Егер салынған заттың құны қарыз соммасын арттыса, онда кепілге қабылдаушы затты сақтау бойынша барлық шығындарды алып жүрмейді, ал тек кепіл құнына пропорционалды бөлігін ғана алады; қалған бөлігі артықшылыққа пропорционалды кепілге берушіге жатады, немесе артықшылық кепілге қабылдаушының кепілінде емес, жүк ретінде тұрған, сәйкесінше, құлды осы

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

артықшылық негізінде қайтару меншік иесінің өзімен жасалған, сондықтан артықшылық соған жатады.

Бірақ аурумен немесе құқық бұзушылықпен келтірілген шығындар екеуіне де қатысты болады. Жарақатты емдеу немесе ауру бойынша шығындар және кепілде тұрған тұлғалармен жасалған қылмыс үшін сый ақылар кепілге қабылдаушы мен кепілге берушіге қарыз соммасына пропорционалды және қарыз алдында кепіл құнының артықшылығында жатыр.

Салықтар кепілге берушімен төленеді. Салынған затқа салықтар кепілге берушімен төленеді, өйткені олар оның меншігін қолдау үшін қажет.

Салынған жерден десятина кепілге қабылдаушының талабы алдында артықшылықпен қанағаттандырылады. Салынған жердің табысынан десятина кепілге қабылдаушының құқығы алдында артықшылыққа ие, немесе ол жерге деген жекеменшік құқығымен бірге оның бар болуымен байланысты, сондай-ақ кепілге қабылдаушының құқығы секілді жердің болуымен емес, оның жекеменшігімен ғана байланысты болады. Бірақ кепіл келісім шарты десятинанан төлеуден қалған соммаға қатысты өз күшін жоймайды, өйткені десятина құқығы жерге деген кепілге берушінің жекеменшік құқығын бұзбайды. Басқа іс, кепілдің белгілі бөлігі басқа біреудің меншігі болса: осы жағдайда келісім шарт қалған бөлікке қатысты жойылмайды, өйткені осымен кепіл кепілге берушіге толығымен тиесілі болмағаны дәлелденеді.

Егер тараптардың біреуі басқа тараптың міндетінде жатқанды өз еркімне төлесе, онда ол ол басқа тарапқа қатысты талап құқығына негіздеме алмайды. Егер тараптардың біреуі басқа тарапқа тиесілі шығындарды төлесе, онда бұл өз еркімен төлемсіз акті болып есептеледі. Егер, керісінше, олардың біреуі қазы бұйрығымен басқа тараптың міндетін орындаса, онда ол осы тарапқа талап құқығына ие, егер де соңғысының сендіруімен іс-әрекет еткен болса, немесе қазы бұйрығы барлығы үшін міндетті. Абу Ханифаның пікірін жеткізеді, басқа тарапқа қазы бұйрығымен шығындардың жабылғанына қарамастан, талап ұсынылмайды, егер тек сол уақытта ол болмаған болса. Абу Юсуф керісінше, былай дейді, талап, яғни басқа тараптың қатысуымен немесе қатыспауымен болады ма, екі жағдайда да жарамды болады.

II. Тарау

КЕПІЛ ЗАТЫ БОЛУҒА ҚАБІЛЕТТІ ЗАТТАР ТУРАЛЫ ЖӘНЕ КЕПІЛ БЕРУГЕ БОЛАТЫН ЗАТТАР ТУРАЛЫ

Заттың белгісіз бөлігі кепіл бола алады. Бірдененің белгісіз бөлігін кепілге салу заңсыз. Имам Шафиидің мақұлдауынша, бұл заңды. Біздің ғалымдар екі дәлел келтіреді. Біріншіден, бұл алауыздық кепіл затына түрлі көзқарастар арқылы пайда болады. Біздің пікірімізше, кепіл қарыз төлемін алу мақсатында ұстап тұру үшін беріледі, бірақ бұл жүзеге асырылмайды, кепілге мүліктің белгісіз бөлігі ұсынылса, немесе осындай түрдегі зат иелену заты бола алмайды, өйткені шынайы меңгеру жеке және белгілі заттарға қатысты мүмкін болады, сондай-ақ, имам Шафии бойынша, кепілдің мақсаты мынада, кепілге қабылдаушы өз талабын қанағаттандыру үшін затты

МҰСЫЛМАН ДҮНИЕСІ ШАРИҒАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТКІШІ

сата алғандығы; ал бұл мақсат аталған заттың түріне қатысты орындалуы мүмкін. Екіншіден, кепіл келісім шартының маңызды шарты салынған зат оны кепілге берушімен сатып алғанға дейін үнемі кепілге қабылдаушының қолында боғланы айтылады, осындай шарт жоғарыда келтірілген кепіл түрлеріне қатысты жүзеге асырылмайды, осы жағдайда кепілге қабылдаушы мен кепілге беруші затты кезектесіп иеленгені талап етіледі, егер де кепілге беруші кепілге қабылдаушыға былай деген болса: «Мен оны саған бір күннен кейін беремін». Және осы жағдайды тұрақты ұстап тұру мүмкін емес болса, онда осыдан, заттың белгісіз бөлігін кепілге беру, ол бөлінетін немесе бөлінбейтін болған болса заңсыз.

Егер кепілге қабылдаушыдан заттың бірігіп иеленушісі болған болса. Кепілге жалпы мүліктен бірігіп иеленушінің өзіне заттың белгісіз бөлігін кепілге беру заңсыз. Осындай кепілді ұстап тұру мүмкін емес болуы салдарынан тәуелсіз, алушылар затты жекеменшік құқығының күшіне қарай бір күнде иеленді, ал басқа күні – кепіл келісім шарты негізінде; және осындай негізде бір күн ол оның қолында кепілде болады, ал басқа күні – болмайды.

